



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ











ОКСФОРД ЭКОНОМИКА СӨЗДІГІ

ДЖОН БЛАК
НИГАР ХАШИМЗАДЕ
ГАРЕТ МАЙЛЗ



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ





АДІСТОНАЛАР
ОҒАННОМАС

(Oxford Online Journals)

2011 жыл



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»
жобасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –
Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік
бағдарламасы аясында
іске асырылды

A DICTIONARY OF ECONOMICS

(Oxford Quick Reference)

Fifth Edition

JOHN BLACK
NIGAR HASHIMZADE
GARETH MYLES



OXFORD
UNIVERSITY PRESS

2017

ОКСФОРД ЭКОНОМИКА СӨЗДІГІ

ДЖОН БЛАК
НИГАР ХАШИМЗАДЕ
ГАРЕТ МАЙЛЗ

ҰЛТТЫҚ
АУДАРМА
БЮРОСЫ
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ
Нұр-Сұлтан
2019



Редакция алқасы:

Редакциялық алқаның төрағасы – *Тәжсин М.М.*
Төрағаның орынбасары – *Сағадиев Е.К.*
Жауапты хатшы – *Кенжеханұлы Р.*
Алтаев Ж.А.
Алишанов Р.А.
Жаманбалаева Ш.Е.
Жолдасбеков М.Ж.
Қасқабасов С.А.
Қарин Е.Т.
Құрманбайұлы Ш.
Масалимова Ә.Р.
Мұтанов Ғ.М.
Нұрышева Г.Ж.
Нысанбаев Ә.Н.
Өмірзақов С.Ы.
Саңғылбаев О.С.
Сыдықов Е.Б.

Кітапты баспаға әзірлеген:
Ұлттық аударма бюросы

Жоба жетекшісі – *Кенжеханұлы Р.*
Аудармашылар – *Арғынғазиев А.*
Күшебаев Ж.
Өмірғай А.

Жалпы редакциясын
басқарған және

әдеби редакторы – *Қожабек Н.*

Ғылыми редактор – *Қалиева Ә.,*
экономика бойынша
философия докторы (PhD)

Редакторлар – *Алейдарова О.*
Исаева Р.
Исламбекова А.
Оспанбаева А.

Пікір жазғандар – *Күренкеева Г.Т.,*
экономика ғылымдарының
кандидаты, доцент
Садыханова Г.А.,
экономика ғылымдарының
кандидаты, доцент

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
экономика кафедрасында талқылаудан өтті.

All rights reserved. No part of this publication may be reproduced, stored in a retrieval system, or transmitted, in any form or by any means, without the prior permission in writing of Oxford University Press, or as expressly permitted by law, by licence or under terms agreed with the appropriate reprographics rights organization. You must not circulate this work in any other form and you must impose this same condition on any acquirer.

097 **Блак Джон, Хашимзаде Нигар, Майлз Гарет**
Оксфорд экономика сөздігі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 608 бет.

ISBN 978-601-7943-75-2

Оксфорд экономика сөздігінде дүниежүзіндегі экономика жағдайы, экономикалық белсенділік, адамдар арасындағы, ел ішіндегі, елдер арасындағы экономикалық қатынас негіздері, банк ісі, әлеуметтік қамсыздандыру теориясы, жұмыспен қамту және жұмыссыздық, ақша, несие және басқа да негізгі тұжырымдар бойынша түсініктермен қатар, ойын теориясы және эконометрика тұжырымдары да қамтылған.

Сөздік экономика, гуманитарлық, техникалық және жаратылыстану мамандықтары бойынша білім алып жатқан студенттерге, экономика тақырыбында жазатын медиа мамандарына, зерттеушілерге және көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК 80/81
ББК 81-4

ISBN 978-601-7943-75-2

© Oxford University Press 1997, 2002, 2009, 2012, 2017
© «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2019



...Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз.

Жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады...

Қазақстан Республикасының Президенті

Н.Ә. Назарбаевтың

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінен

А

«А» санатындағы қарапайым акциялар (A-share) Компанияның *қарапайым акциясы басқа қарапайым акциялар сияқты дивиденд берсе де, иесіне дауыс беру құқығын бермейді. «А» санаттағы акциялар компанияны бақылайтын топты *бақылаудан айырмай, сырттан капитал тарту үшін шығарылады. «А» санаттағы акцияларды ұстаушылар бақылауға жатпайтындықтан, бұл акциялар әдетте сол компаниядағы дауыс беру құқығы бар жай акцияларға қарағанда төмен бағамен саудаланады.

ААКА (SARP) Артықшылығы анықталған күшті аксиома. WARP-ты *қараңыз*.

абсолют артықшылық (absolute advantage) Басқа өндірушілерге қарағанда аз ресурс пайдалана отырып өнім өндіру қабілеті. Төмен шығынды ресурстары бар өндіруші ресурстың тек жұмыс уақыты секілді бір түрімен абсолют артықшылық алады. Өндіріс факторы көп болғанда абсолют артықшылық бір өндіруші үшін *өндіріс жиынтығы басқа өндірістерден тыс барлық жерде орналасуын білдіреді. Абсолют артықшылық ресурстарды *салыстырмалы артықшылығы ең оңтайлы болып келетін жағдайға сәйкес үлестіруге қатысты нұсқаулық бермейді.

абстиненция (abstinence) Тұтынудан бас тарту немесе, кем дегенде, дереу орындалуы қажет тұтынуды кейінге қалдыру. Ағымдағы табыстан жұмсалмаған қаражат қоры пайда болса, онда

абстиненция *жинақтау дегенді білдіруі мүмкін. Сонымен қатар бұл терминге бұрынғы жиналған ақшаны жаратудан немесе күтпеген пайданы жұмсаудан бас тарту да жатады.

абырой саясаты (reputational policy) Саясаткерлердің уәдесіне сенетін басқа адамдарға сүйенетін саясат. Мысалы, инфляцияны ақша массасын тез арада азайтып немесе оны келешек кезеңде үнемі азайтуға уәде беру арқылы бақылауға талпыныс жасалуы мүмкін. Ақша массасын біртіндеп азайтуға уәде беру саясаты адамдар болашақта шын мәнінде азайту жасалатынына сенгенде ғана жұмыс істей алады, яғни биліктің уәдесі сенімді болуға тиіс. Олардың өткен шақтағы әрекеті адамдарды ресми уәде пайдасыз деп санауға мәжбүр етсе, абырой саясатына қол жеткізе алмайды және инфляцияны мүмкін болса тікелей ақша массасын дереу азайту арқылы ғана елеулі жұмыссыздық шығынымен бақылауға болады. Абырой саясаты тіпті өз сөзін бұзып тікелей жапа шегуден құтылу мүмкін болған жағдайдың өзінде, адам уәдесіне берік болғанда ғана мүмкін болады. Сондай-ақ **СЕНІМДІЛІКТІ қараңыз**.

аванстар (advances) Банктің өз клиенттеріне беретін несиелері. Бұл *кепілсіз несиелер болуы мүмкін, бірақ оларға көбінесе несие алушыға тиесілі банктегі акциялар және облигациялар немесе *өмірді сақтандыру полисі кепіл болады.

Аверч-Джонсон әсері (Averch-Johnson effect) Компания пайдасының капиталға қатынасы реттелсе, ол капиталға шамадан тыс инвестициялауға ынтасы бар деген бақылау. Бұл капиталдың тиімсіз жоғары деңгейде жинақталуына әкеліп соқтырады.

автаркия (autarchy) Сауданың болмауы. Кез келген экономикада автаркия ішкі сауда жоғынан туындайды. Ашық экономикада автаркия сыртқы сауда жоғын білдіреді. Бұл термин сондай-ақ сыртқы саудаға толық тыйым салынуы мүмкін болмаса да, *тарифтер мен *квоталар арқылы елдің сыртқы саудаға тәуелділігін төмендетуге бағытталған саясатты айқындайды.

автоковариация (autocovariance) Уақыт қатарындағы кездейсоқ айнымалы мен оның артта қалған мәні арасындағы ковариация. Ол негізгі айнымалының өлшем бірлігіне байланысты болғандықтан, оны вариацияға бөліп, оның орнына *автокорреляция коэффициентін қолданған ыңғайлы.

автоковариация функциясы (autocovariance function) *Ковариацияның тұрақты уақыт қатарларының автоковариация тізбегінің лаг ұзындығына байланысты реті.

автокорреляция (autocorrelation) *Уақыт қатарындағы кез келген элементтің мәні және оның алдындағы немесе одан кейінгі мәндері арасындағы сызықтық байланыс өлшемі. Бірінші ретті автокорреляция әр элементтің алдыңғы немесе кейінгі элементтермен тікелей байланысына қатысты. Оң автокорреляция орташа мәндегі ауытқу әдетте кезеңнен кезеңге дейін сақталуын; ал теріс автокорреляция орташа мәндегі ауытқудың кері қайтуын білдіреді. *Жұмыссыздық немесе инфляция

деңгейі секілді көптеген макроэкономикалық уақыт қатары оң автокорреляцияны көрсетеді. Сондай-ақ КЕҢІСТІКТЕГІ АВТОКОРРЕЛЯЦИЯНЫ *қараңыз*.

автокорреляция коэффициенті (autocorrelation coefficient) Уақыт қатарындағы кездейсоқ айнымалы мен оның артта қалған мәні арасындағы корреляция коэффициенті.

автокорреляция функциясы (autocorrelation function) *Ковариацияның тұрақты уақыт қатарының *автокорреляция коэффициенттері тізбегі лагның ұзындығы функциясы ретінде жұмыс істеуі.

автоматтандыру (automation) Адамдардың тікелей араласуынсыз машиналар көмегімен өндіру.

автоматтандырылған эконометрия (automated econometrics) Модельді бағалау және таңдау – алдын ала бағдарламаланған шешім қабылдау ережелеріне сәйкес компьютерленген алгоритм көмегімен жүзеге асырылатын эмпирикалық эконометриядағы тәсіл. Бұл алгоритм едәуір дәрежеде эконометриялық модельдеудің жалпыдан жалқыға тәсілін имитациялайды. Мұнда бағалаудың әр раундында статистикалық елеусіз айнымалылар тек маңызды айнымалы қалғанға дейін алып тасталады.

автоматты тұрақтандырғыштар (automatic stabilizers) КІРІКТІРМЕ ТҰРАҚТАНДЫРҒЫШТАРДЫ *қараңыз*.

автоном зейнетақы қорлары (autonomous pension funds) Қызметкерлердің нақты топтарына зейнетақы төлеу үшін жұмыс берушілер немесе жұмыс берушілер мен қызметкерлер бірлесіп құратын қорлар. Автоном зейнетақы қоры провайдерден заңды түрде бөлінген.

Бұл – дербес заңды тұлға немесе қор мүшелері атынан басқарылатын шот.

авторегрессия процесі (autoregressive process) Уақыт қатары моделі өзінің алдыңғы мәндерінің және *кездейсоқ қатенің функциясы ретінде. АВТОРЕГРЕССИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН СЫРҒЫМА ОРТАША МОДЕЛІ; АВТОРЕГРЕССИЯЛЫҚ СЫРҒЫМА ОРТАША МОДЕЛІН *де қараңыз.*

авторегрессиялық интеграцияланған сырғыма орташа (ARIMA (p, d, q)) моделі (autoregressive integrated moving average (ARIMA (p, d, q)) model) Бірөлшемдік уақыт қатарлары моделі, жалпы түрі былайша берілген:

$$\Delta^d y_t = \mu + \gamma_1 \Delta^d y_{t-1} + \dots + \gamma_p \Delta^d y_{t-p} + \varepsilon_t - \theta_1 \varepsilon_{t-1} - \dots - \theta_q \varepsilon_{t-q}$$

мұндағы $\Delta^d y_t - y_t$ -ның d -айырмасы. Бұл – авторегрессиялық интеграцияланған сырғыма орташа моделінің жалпылануы (ARIMA (p, d, q)), ол d есе айырмадан кейін стационар болған стационар емес процесті сипаттауға қолданылады. d бөлшек бөлік болғанда, бұл процесті кейде авторегрессиялық бөлшекті интеграцияланған сырғыма орташаның немесе ARFIMA процесі деп атайды.

авторегрессиялық сырғыма орташа (ARMA (p, q)) моделі (autoregressive moving average (ARMA (p, q)) model) Бірөлшемді уақыт қатары моделі, бұл модель авторегрессия және сырғыма орташа моделін қамтиды. Жалпы түрі былайша берілген:

$$y_t = \mu + \gamma_1 y_{t-1} + \dots + \gamma_p y_{t-p} + \varepsilon_t - \theta_1 \varepsilon_{t-1} - \dots - \theta_q \varepsilon_{t-q}$$

авторегрессиялық шартты гетероскедастикалық модель (autoregressive conditional heteroscedasticity) Кездейсоқ кате оның алдыңғы жүзеге асуына қатысты шартты түрде гетероскедастикалық болып

келетін уақыт қатарлары моделі. Бұл модель құбылмалылықты кластерлеуді сипаттау үшін қолданылады, яғни бұл модель үлкен және кіші ауытқу кластерлерде көрініс табатын көптеген қаржы деректерінде байқалады. ARCH (1) қарапайым формасы:

$$y_t = \beta x_t + \varepsilon_t$$

мұнда $\varepsilon_t = u_t \sqrt{\alpha_0 + \alpha_1 \varepsilon_{t-1}^2}$ және u_t -дің стандарт калыпты үлестірімі бар.

авторлық құқық (copyright) Көркем, драмалық, әдеби немесе музыкалық туындыны қайта қолдануға немесе оны басқа адамдардың пайдалануына рұқсат беретін айрықша құқық. Авторлық құқық автор қайтыс болғаннан кейін белгілі бір кезең ішінде сақталады; оны сатуға немесе мұраға алуға болады. Ол сондай-ақ фильмдерге және телебағдарламаларға да қатысты қолданылады және *зияткерлік меншік құқығының негізгі формаларының бірі.

агенттік (құзырет беру) теориясы (agency theory) Принципал мен агент арасындағы контракт қатынастары теориясы. Агенттік теориясы принципал агентке тапсырма бергенде туындайтын қиындықтарды талдайды, бірақ онда *асимметриялық ақпарат және *шала шарт болады. Талдау принципал мен агенттің мақсаттары әртүрлі болуына сүйенеді. Мысалы, фирманың иесі (принципал) пайдасын барынша арттыруды қалауы мүмкін, бірақ фирманың менеджері (агент) табысты көбейтетін, бірақ жұмсалатын күш-жігерді азайтатын пайдалылық функциясын арттыруды көздейді. Алғашқы ең үздік контракт марапатты күш-жігер функциясы етеді, әр жағдайда жұмыстың атқарылуы үшін белгілі бір күш деңгейін жұмсауға итермелейді. Агент проблемасы принципал менеджер жұмсаған

күш-жігер деңгейін бақылай алмағанда, сәйкесінше, оған контракт жасай алмағанда, яғни асимметриялық ақпарат пайда болғанда туындайды. Оның орнына контракт пайда көлемі секілді байқалатын және тексерілетін көлемге байланысты болуға тиіс. Бұл контрактінің әрқашан күш-жігердің тиімді деңгейін қамтамасыз етуіне кедергі келтіреді. Контракт жобасы ынталандырушы әсерлерді және қатердің принципал мен агент арасында бөлінуін ескеруі қажет. Көбінесе принципал *қатерге бейтарап, ал агент *қатерден қашады деп болжанады. Бұл жағдайда түрткі әсерлерді бір тарапқа қоя отырып, өтемділіктің барлық айнымалылығы принципалға түсуге тиіс. Мұндай контракт агентке ынталандырушы болмайды, сондықтан бұл қатерді бөлісу және ынталандыру балансына әкеледі. Агентке ынталандырушы болу қажеті принципалдың күткен пайдасын асимметриялық ақпаратты қолданбайтын алғашқы ең үздік контрактіден түсетін пайдадан төмен етеді. Бұл – асимметриялық ақпарат болған жағдайда екінші үздік контрактіні іске асырудың агенттік шығыны. Агенттік (күзырет беру) теориясы экономикада көп қолданылады. Екі көрнекі мысал: акционерлер мен менеджерлер арасында бақылауды бөлудің салдары және салық салу мен федерация шеңберінде мемлекеттерге *қоғамдық игілікті қамтамасыз етуге өкілеттік беру.

агенттік модельдеу (agent-based modeling) Экономикалық ортада жекелеген агенттердің өзара әрекеттесуі мен шешімдеріне симуляция жасау үшін есептеу модельдерін пайдалану. Әдетте агент – *пайдалылық пен *пайданы барынша арттыратын тұтынушылар мен фирма. Белгілі бір кезеңде қабылданған жеке шешімдер әр агенттің осы кезеңдегі өзін-өзі ақтауын, яғни өтемділігін айқындайды және келесі кезеңде

қабылданатын шешімдер ортасын білдіреді. Бұл модельдер уақыт бойынша жүйенің эволюциясын қадағалауымен және негізгі параметрлердегі өзгерістер осы эволюцияға қалай әсер ететінін зерттеуімен танымал.

агенттік проблемасы (agency problem)

Принципал агентке тапсырма бергенде туындайтын қиындықтар. Агенттік проблемасы принципал мен агенттің мақсаты әртүрлі болғанда туындайды және онда *асимметриялық ақпарат пен *шала шарт болады. Асимметриялық ақпарат принципалдың агентті толық бақылауына кедергі болады, ал шала шарт барлық ықтимал күтпеген жағдайда не болатынын анықтауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан принципал өзі таңдағысы келетін әрекетті агент те әрқашан таңдайтынына кепілдік бере алмайды. *Агенттік теориясы осы мәселелердің салдарын барынша жұмсарту үшін келісімшарттарды қалай құруға болатынын көрсетеді.

агенттік шығыны (agency cost) АГЕНТТІК (ҚҰЗЫРЕТ БЕРУ) ТЕОРИЯСЫН қараңыз.

агломерациялық үнемдеу (agglomeration economies) Бір жерге халықтың және экономикалық белсенділіктің көп шоғырлануынан жеке тұлғалардың немесе фирмалардың *ауқымнан сыртқы үнемдеуі. Бұл ірі нарықтардың көбірек таңдау және арнайы қызметтердің кең ауқымын ұсынуынан пайда болады. Көп елдегі халық санының өсуіне агломерацияның әсерін агломерациялық үнемдеу түсіндіріп бере алады.

агрегация проблемасы (aggregation problem) 1. Жеке мәндерді көрсету үшін жиынтық мәнді пайдаланғанда туындайтын концептуалдық қиындықтар. Әрқайсы өнім өндіру үшін капитал

және еңбек ресурстарын пайдаланатын көп фирмасы бар экономиканы қарастырайық. Агрегация проблемасының екі түрі болуы мүмкін. Біріншіден, капиталдың жиынтық көлемін есептеу үшін жекелеген фирмалар пайдаланатын капитал көлемін біріктіруде қиындық туады. Оған себеп – капитал түрлерінің көп болуы. Мысалы, автокөлік өндірушісі пайдаланатын металл өңдеу престоерін бағдарламалық жасақтама әзірлеуші пайдаланатын компьютерлер санына қосуға болмайды. Екіншіден, барлық фирма капиталдың бірдей түрін пайдаланса да, әдетте капиталдың жиынтық қорын пайдалана отырып, фирмаларды бір өкіл фирмаға біріктіру мүмкін емес. Бұл мүмкін болуы үшін жиынтық капиталдың бір қосымша бірлігі жеке фирма капиталының бір қосымша бірлігі сияқты қосымша өнім өндіретін жағдай орындалуға тиіс. Бұл барлық фирма ауқымды өндіріс технологиясында бірдей *ауқымнан тұрақты қайтарымға қол жеткізгенде ғана дұрыс саналады.

2. Жиынтық деңгейдегі екі айнымалы арасындағы байланысқа қатысты қате интерпретация жеке деңгейде де кездеседі. Бұл *экологиялық қате ретінде де белгілі.

агроэкожүйе (ауыл шаруашылығының экожүйесі) (agroecosystem) Функциясы және кеңістік бойынша үйлестірілген ауыл шаруашылығы бірлігі. Агроэкожүйелерді талдауда дәстүрлі кірім және шығым ресурстарын қоса алғанда агроэкожүйе іс-әрекетінің барлық түрі қарастырылады. Сондай-ақ оның қоршаған орта жүйесіне әсері де ескеріледі.

ағылшын аукционы (English auction) Аукционшы бастапқыда төмен бағаны жариялайды және неғұрлым жоғары мөлшерлеме келіп түспейінше

ықтимал сатып алушылардан өтінім қабылдайды. Содан кейін тауар ең жоғары баға ұсынған адамға сатылады. Сондай-ақ АУКЦИОНДЫ қараңыз.

ағымдағы (банктері) шот (current (bank) account) Ұлыбританияда және басқа да көптеген елдерде банк шоты қаражатты алу туралы ескертуді талап етпейді. Кейбір банктер ағымдағы шоттар бойынша мүлдем пайыз төлемейді; ал кейбіреулері *депозит шотына қарағанда төмен пайыз төлейді. АҚШ-та ағымдағы шот *ағымдағы есеп шоты деп аталады.

ағымдағы активтер (current assets) Бизнес барысында жиі айналымға түсетін активтер. Оларға қолма-қол ақша, клиенттердің борышы (үмітсіз борыштардан өзгесі) және акциялар жатады. Ағымдағы активтер негізгі активтерден ерекшеленеді. Негізгі активтерді пайдалану бірнеше жылға созылады және олар тозады.

ағымдағы баға (current prices) Белгілі бір уақыттағы бағаны пайдалана отырып экономика ауқымын өлшеу. Мысалы, 2008 жылғы *жалпы ішкі өнімді 2008 жылғы бағамен өлшеу. Бұл белгілі бір күнге қолданылатын, мысалы, 1 сәуірде немесе жыл бойы байқалатын орташа бағаны білдіреді. Жоғары инфляция жылдары олар айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Ағымдағы баға бойынша экономиканың айнымалыларын өлшеу тұрақты бағамен өлшеуден ерекшеленеді. Ағымдағы баға бойынша салыстыру нақты айырмашылықтарды емес, номинал айырмашылықтарды, ал тұрақты баға бойынша салыстыру нақты өзгерістерді көрсетеді.

Ағымдағы бизнеске шолу (Survey of Current Business) АҚШ-тағы және халықаралық деңгейдегі экономикалық

белсенділік жөнінде ақпарат беретін *Экономикалық талдау бюросының ай сайынғы басылымы. www.bea.gov/scb – Ағымдағы бизнеске шолу сайтының бас беті.

ағымдағы дисконтталған құн (present discounted value) Келешекте төленетін төлемнің дисконтталған құны. Егер A сомасының төлемі болашақта t кезеңінде орын алса және пропорционал пайыздық мөлшерлеме кезең ішінде r тұрақты деңгейде болса, ағымдағы дисконтталған құн $V = A/(1+r)^t = A(1+r)^{-t}$ ретінде анықталады. Уақыт бойынша бөлінген табыс ағынының дисконтталған құны – ағымның әртүрлі бөліктерінің дисконтталған мәндерінің қосындысы. Сондай-ақ ДИСКОНТТАЛҒАН АҚША АҒЫНЫН қараңыз.

ағымдағы есеп шоты (checking account) АҚШ коммерциялық банкіндегі алдын ала ескертусіз қаржыны қолмақол ақшамен немесе чекпен алуға болатын шот. Бүгінгі күнге дейін мұндай шоттар ешқандай пайыз төлемеді. Ұлыбританияда бұл *ағымдағы шот деп аталады.

ағымдағы өлшенген индекс немесе Пааше индексі (current-weighted index Paasche index) Бағаның немесе көлемнің орташа өлшенген мәні. Мұнда өлшенген мән ең соңғы кезеңдегі баға мен көлемге пропорционал болады. Мұнда p_{ij} және $q_{ij} - j$ кезеңі ішіндегі $i = 1, 2, \dots, N$ тауарының көлемі мен бағасы, 0 – базалық кезең және t – соңғы кезең. Осыған сәйкес, ағымдағы өлшенген немесе Пааше баға индексі былай беріледі:

$$P_c = \sum_i p_{it} q_{it} / \sum_i p_{i0} q_{it}$$

және ағымдағы өлшенген немесе Пааше бойынша көлем индексі келесідей беріледі:

$$Q_c = \sum_i p_{it} q_{it} / \sum_i p_{i0} q_{i0}$$

ағымдағы пайда (running yield) Портфельдің ағымдағы нарықтағы құнының портфель бойынша пайызбен есептелетін табысы. Мысалы, портфель жылына 800£ табыс алып келсе, ал оның қазіргі құны 8 000£ болса, оның ағымдағы пайдасы $800/8\ 000 = 10$ пайыз болады.

ағымдағы шот (current account) Төлем алушы үшін табыс саналатын транзакциялар жазбасы. Ағымдағы шот бойынша елдің төлем балансы тауарлар немесе көрінетін тауарлар саудасын; қызметтер немесе көрінбейтін тауарлар саудасын; шетелдік мигранттардың дивидендтерін, пайыздарын және ақша аударымдарын қоса алғандағы факторлық табыс төлемін және сыйлық секілді халықаралық аударымдарын қамтиды. Сондай-ақ КАПИТАЛ ЕСЕБІ; ҚАРЖЫ ЕСЕБІН қараңыз.

ағымдағы шот дефициті (current account deficit) Елдің төлем балансындағы ағымдағы шотта шығын пайдадан артық болуы.

ағымдағы шот профициті (current account surplus) Елдің төлем балансындағы ағымдағы шотта пайда шығыннан артық болуы.

ағын (flow) Уақыт өлшемі бар экономикалық айнымалы. Ағын айнымалылары үшін олар өлшенетін уақыт бірлігін көрсету өте маңызды, мысалы, бір сағат жұмыстың өнімділігі немесе бір аптаға төленетін жалақы. Кірістер, шығындар және экспорт – ағын айнымалыларына мысал. Уақыттың белгілі бір кезеңінде бар мөлшер ретінде анықталатын *қор айнымалысынан ерекшеленеді. Қорларға капитал, еңбек күші және борыштар жатады.

ағысқа қарсы (upstream) КЕРІ ИНТЕГРАЦИЯНЫ қараңыз.

Адамзат дамуы индексі (АДИ) (Human Development Index) (HDI) *Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының Адамзат дамуы туралы есебінде ұсынылған мемлекеттің дамуының кешенді көрсеткіші; Оларға денсаулық индикаторларының жиынтығы (туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы), білім беру (25 жастан асқан ересектерге арналған орта білім беру мерзімі және мектеп жасындағы балалардың күтілетін білім беру мерзімі) және өмір сүру деңгейі (*сатып алу қабілеті тепе-теңдігімен түзетілген жан басына шаққандағы *жалпы ұлттық өнім) кіреді. Құрылымы бойынша адамзат дамуы индексі 0-ден 1-ге дейінгі мәндерді қабылдайды; 2014 жылы Норвегия ең жоғары (0,944), ал Нигер 188 елден ең төмен (0,348) АДИ көрсетті. www.hdr.undp.org/en/statistics/ – бұл веб-сайттан Адамзат дамуы индексі және оған қатысты деректерге қол жеткізе аласыз.

адамзаттың ортақ мұрасы (global commons) Ресми түрде бұл мұхиттар, озон қабаты және Антарктика сияқты ұлттық юрисдикциядан тыс орналасқан табиғи активтерді білдіреді. Бейресми түрде бұл термин экологиялық ресурстардың алуан түрлеріне байланысты қолданылады. **ОРТАҚ РЕСУРСТАР ТРАГЕДИЯСЫН да қараңыз.**

адами капитал (human capital) Жеке тұлғаның еңбек өнімділігін анықтайтын білім, дағды және қабілеттер қоры. Адами капиталға білім беру және оқыту арқылы инвестиция салу қорды ұлғайтуға мүмкіндік береді және мұндай инвестициялар *экономикалық өсу көздерінің бірі. Сондай-ақ **ЗАТТАЙ КАПИТАЛДЫ қараңыз.**

адвалорлық салық (ad valorem tax) Салық салынатын нысанның бағасына пропорционал салық. Мысал ретінде, Еуропалық одақтағы *қосымша құн салығын (ҚҚС) келтіруге болады. Керісінше, мысалы, *акциз салық сияқты кейбір *арнайы салық бағаға тәуелсіз, әр бірліктен бекітілген пайыз көлемінде алынады. Адвалорлық салықтың нақты құнының *инфляцияға желінбейтін артықшылықты сипаты бар.

адекваттық өлшемі (goodness of fit measures) Регрессия моделін бағалаудың адекваттық өлшемі. Жиі қолданылатын шараларға мысалдар: *детерминация коэффициенті және *ақпарат критерийінің балама нұсқалары.

ажыратушы тепе-теңдік (separating equilibrium) Түрлі сипаты бар агенттер түрлі әрекеттерді таңдайтын тепе-теңдік. Мысалы, сақтандыру нарығында кәтері жоғары және төмен агенттер ажыратушы тепе-теңдікте түрлі сақтандыру шарттарын таңдайды. Сондай-ақ **БІРІКТІРУШІ ТЕПЕ-ТЕНДІКТІ қараңыз.**

аз қаржыландырылатын зейнетақы жүйесі (under-funded pension scheme) Төленетін зейнетақы бойынша күтілетін актуарлық шығынды жабу үшін жеткілікті жинақталған қаражаты жоқ зейнетақы жүйесі. Қаржыландырудың барабарлығы пайымдау мәселесіне жатады, өйткені ол зейнеткерлер өміріне қатысты демографиялық болжамдарға да, қор активтерінің күтілетін табыстылығына қатысты қаржылық болжамдарға да байланысты.

Азия дағдарысы (Asian crisis) 1997 жылдың жазында басталған және бірқатар елде экономика дамуының тоқырауына алып келген Оңтүстік-Шығыс Азия экономикасындағы ауыр экономикалық тұрақсыздық кезеңі. Дағдарыс Тайланд

пен Кореяның қаржы нарықтарында олардың валютасы мен қор нарықтарынан қаражат шығаруға алып келген спекуляция салдарынан пайда болды. Ол 1998 жылы дүниежүзілік экономиканың өсу қарқыны бәсеңдеуіне алып келді. Дағдарыстың басталуына Оңтүстік-Шығыс Азияның бірнеше елі өз валютасының АҚШ долларына қатысты айырбас бағамын бейресми бекітуі себеп болды. 1995 жылдан бастап АҚШ доллары бағамының көтерілуі осы валюта бағамының артуына және экспорт нарықтарындағы бәсекеге қабілеттің төмендеуіне алып келді. Бұл бірқатар елдің ағымдағы операциялар шотындағы дефицитті қаржыландыруда қиындыққа тап болуына соқтырды. Тайланд валютасы бат 1997 жылғы шілдеде шетел валютасы нарығындағы спекуляциядан кейін құнсызданды. Содан кейін жаңа спекуляциялық шабуылдар жалғасып, Малайзия, Корея, Филиппин, Индонезия, Тайвань және Сингапур елдері де девальвациялануға мәжбүр болды. Қаржы дағдарысының мемлекет қаражатына тигізген әсері Халықаралық валюта қорының Таиланд, Корея және Индонезияға жалпы сомасы 112 млрд доллар болатын құтқару шараларын жасауын қажет етті. Дегенмен пайыздық мөлшерлеме өсіп, ол корпоративтік дәрменсіздік пен экономикалық белсенділік деңгейінің құлдырауына әкелді. Дағдарыс 1998 жылдың ортасында қайта жанданды және Жапониядан бастап көптеген елге тарады. Азия дағдарысының бүкіл әлемде сауданың және *тікелей шетелдік инвестицияның баяулауы секілді елеулі салдары болды. Дағдарыс халықаралық қаржы жүйесінің құрылымы және *жүйедегі қатер дәрежесі туралы мәселе тудырды. Болашақта осындай дағдарысты болдырмауға бағытталған саяси ұсыныстар банк ережесінің жаһандық стандарттарын белгілеу,

экономикалық статистиканың сапасын арттыру және қалыптасып келе жатқан нарықтарда инвесторлар үшін ақпаратқа қол жеткізуді жақсартуды қамтыды.

Азия инфрақұрылымды дамыту банкі (Asian Infrastructure Development Bank)

Көптарапты даму банкі. Оны құру туралы ұсынысты алғаш рет Қытай 2013 жылы жасаған. Бұл банкке 57 ел мүше. Ұлыбритания – құрылтайшысы әрі мүшесі. Банктің мақсаты – Азиядағы инфрақұрылым мен басқа да өндірістік секторларды дамытуға, сондай-ақ өңірдегі ынтымақтастықты қолдауға ықпал ететін жобаларға тәуелсіз және тәуелсіз емес қаржыландыру ұсыну. Банк жұмысын 2015 жылғы желтоқсанда бастады. Штаб-пәтері Пекинде. www.aiib.org – АИДБ банкінің ресми сайты.

Азия-Тынық мұхит аймағындағы экономикалық ынтымақтастық (АТАЭЫ) (Asia-Pacific Economic Cooperation) (АПЕС)

Тынық мұхит еркін сауда аймағын құру мақсатында құрылған Тынық мұхит аймағы мемлекеттері қауымдастығы. АТЭЫ 1989 жылы құрылды; оның құрамына Австралия, Канада, Чили, Қытай, Индонезия, Жапония, Малайзия, Мексика, Жаңа Зеландия, Сингапур, АҚШ және Тынық мұхит аймағындағы бірқатар шағын мемлекеттер кіреді.

Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ААШҰ) (Food and Agriculture Organization) (FAO)

Біріккен Ұлттар Ұйымының ауыл шаруашылығы өндірісі мен азық-түлік мәселелеріне жауап беретін мекемесі. Ол зерттеулер жүргізеді, кеңес береді, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және балық шаруашылығының өнімдерін таратуда және азық-түлік стандарттарында өндірістік әдістерге үйретеді әрі оқытады.

азық-түлік қауіпсіздігі (food security) Адамның тамақтану және денсаулық қажетін өтеу үшін жеткілікті азық-түлікке тұрақты қол жеткізу кепілдігі.

азық-түлік субсидиясы (food subsidies) Азық-түлік тауарлары сатылымына берілетін субсидия. Бұл тұтынушы төлейтін баға сатушы алатын сомадан төмен болуына мүмкіндік береді. Азық-түлік субсидиясы түрлі мемлекеттерде қолданылады. Олар фермерлердің табысын арттырады және өз табысының көп бөлігін азық-түлікке жұмсайтын қоғамның кедей мүшелерінің өмір сүру құнын төмендетеді.

азық-түлік талондары (food stamps) Тамақтану бойынша қосымша көмек бағдарламасы аясында АҚШ-тағы кедей отбасыларға тегін немесе арзан азық-түлік алуға құқық беретін құжаттар. Бұл – бекітілген мақсаттарға мемлекеттік көмекті пайдалану тәсілі – *ваучерлерді қолданудың мысалы. Бұл жағдайда кез келген мақсатта пайдаланылуы мүмкін қолма-қол ақшамен көмек көрсетудің орнына адамдар негізгі азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етіледі.

айқын емес саясат шаралары (opaque policy measures) Олардың не екенін, олар үшін кім шешім қабылдайтынын және олардың құны қандай екенін анықтау қиын саясат шаралары. Аталған мәселелер салыстырмалы түрде айқын болатын *айқын саясат шараларынан ерекшеленеді.

айқын саясат шаралары (transparent policy measures) Қызметі қоғамдық бақылау үшін ашық саясат шаралары. Айқындық кім шешім қабылдайтынын, қандай шаралар қабылданатынын, олардан қалай пайда түсетінін және олар үшін кім төлейтінін түсін-

діруді қамтиды. Ұлыбритания ақшанесие саясаты комитетінің ресми пайыздық мөлшерлеме белгілеуі айқын саясат: отырыстардың хаттамалары мен дауыс беру үлгісі көпшілік алдында жарияланады.

аймақтық көмек (regional aid) Орталық үкіметтің жан басына шаққандағы табысы төмен немесе жұмыссыздық деңгейі жоғары өңірлерге көмегі. Бұл *инфрақұрылымға инвестиция, субсидия немесе салық жеңілдіктері үшін жеке фирмаларды депрессиялы аймақтарға инвестиция жасауға итермелейтін мемлекеттік құралдар формасында болуы мүмкін немесе көмекті қажет ететін облыстарды инвесторлар үшін неғұрлым тартымды етуге арналған техникалық білім беру сияқты жобадағы арнайы көмек. Еуропалық одақ, сондай-ақ Аймақтық дамудың еуропалық қоры және Еуропалық әлеуметтік қор арқылы мүше-мемлекеттердегі күйзеліске ұшыраған аймақтарға аймақтық көмекпен қамтамасыз етеді. Аймақтық көмектің едәуір көлеміне қарамастан, халықтың жан басына шаққандағы табысындағы кейбір өңірлік айырмашылықтар тұрақты сақталуда.

аймақтық сауда келісімдері (АСК) (regional trade agreements) (RTAs) Жалпы дүниежүзімен салыстырғанда бір-бірімен еркін сауда жасау туралы елдер топтары арасындағы келісімдер. Көптеген АСК бар және олардың бір немесе бірнешеуі дүниежүзілік саудаға ықпал етеді. АСК өзінің тиімділігі бойынша айтарлықтай ерекшеленеді. Олардың кейбіреуінің, атап айтқанда, Еуропалық одақтың және Канада, Мексика мен АҚШ-ты қамтитын *Солтүстік Америка еркін сауда келісімі ортақ нарығының ауыр зардаптары бар. Көптеген АСК дамушы елдерді біріктіреді, мысалы, *Оңтүстік Америка

елдерінің ортақ нарығы, оның мүшелері Аргентина, Бразилия, Парагвай және Уругвай. Дүниежүзілік келісімге қол жеткізудің аса күрделілігіне байланысты аймақтық келісімдердің толық жан-жақты ырықтандыруға қарағанда артықшылығы бар деп есептеледі; олар шетел нарығына кең қол жеткізуді жақсарту ықпалы және төлем балансы үшін біржақты ырықтандырудың салдары бойынша алаңдауына байланысты сауданы біржақты ырықтандыруды артығырақ көреді. АСК неғұрлым кең дүниежүзілік еркін сауда жолындағы қадам немесе оған қол жеткізу жолындағы кедергі екені түсініксіз.

аймақтық саясат (regional policy) Елдің түрлі географиялық аймақтары немесе Еуропалық одақтағыдай мемлекеттер тобы арасындағы табыс пен жұмыспен қамтудың таралуына қатысты саясат. Аймақтық саясат әдетте халықтың жан басына шаққандағы табысы өте төмен өңірлерді ұлттық орташа деңгейге жақындатуға және жұмыссыздық деңгейі жоғары өңірлерде жұмыссыздық деңгейін төмендетуге бағытталған. Олар сондай-ақ әлеуметтік мәселелерді шешумен және неғұрлым тығыз қоныстанған аудандардағы қызметтің шамадан тыс шоғырлануына себептінен туындаған кептелістерді жоюмен айналыса алады. Аймақтық саясат жеке және мемлекеттік сектордағы инвестицияны неғұрлым күйзеліске ұшыраған өңірлерге бағыттауға арналған. Бұл мемлекеттік қаражатты тікелей пайдалану есебінен де, сондай-ақ шеткі аймақтарға жеке инвестицияларды ынталандыру үшін салық жеңілдіктерін бағыттау есебінен де жасалуы мүмкін.

айналым (turnover) Кез келген ұйымның берілген кезең ішінде тауарлар мен қызметтерді сатуының жалпы құны немесе осы нарықтағы транзакциялардың

жалпы құны. Сондай-ақ ЕҢБЕК КҮШІ ТҰРАҚТАМАУЫН қараңыз.

айналым жылдамдығы (velocity of circulation) Транзакциялардың кейбір жиынтығының, мысалы, *жалпы ішкі өнімнің, *ақша массасының кейбір шама-сына қатынасы, мысалы: М1. Сондай-ақ САНДЫҚ ТЕҢЕСТІРУ; АҚШАНЫҢ САНДЫҚ ТЕОРИЯСЫН қараңыз.

айналым капиталы (working capital) Бизнес капиталының жерге, ғимараттарға немесе стационар жабдыққа байланысты емес маңызды бөлігі. Айналым капиталы өтімді қалдықтарды сақтау, еңбекақы мен материалдарды төлеу үшін, сондай-ақ клиенттерге несие беру үшін пайдаланылады.

айналымға салынатын салық (turnover tax) Фирманың айналымына пропорционал салық. Бұл *сатылы интеграция үшін ынталандыру береді, өйткені салық фирманың ішіндегі аралық өнімді сыртқы жеткізуші тиімді өндірген ұқсас шикізатты сатып алуға қарағанда арзандата алады. *Қосылған құн салығы айналым салығына қарағанда, артықшылық ретінде өте кең таралған, өйткені ол осы сатылы интеграцияға жасанды ынталандыру бермейді.

айналымдағы кіріс ағынына ақша құю (injections to the circular flow of income) Ағымдағы кіріспен байланысты емес ақша жұмсау түрлері. Бұл – шетелдік фирмалардың инвестиция шығыны, мемлекеттің қаражат жұмсауы және шетелге экспорттық сату. Ақша құю дөңгелек *ағыннан ағып кетсе, табыс деңгейі артады.

айналымдағы кіріс ағынының жылыстауы (leakages from the circular flow of income) Кірісті әрі қарай тұйықтауға әкелмейтін пайдалануды сипаттайтын

*кейнстік экономика термині. Жеке тұлғалардың немесе фирмалардың салымдары, үкіметке салық төлеу және шетелдіктерден импорттау осындай қолданысқа жатады. Жылыстау айналымдағы *салымдардан көп болса, кіріс кемиді.

айналымдағы кіріс жылдамдығы (income velocity of circulation) Ұлттық табыстың ақша қорына, анықтамасы бойынша ақша массасына қатынасы. Бұл айналымның нақты жылдамдығынан айтарлықтай азырақ, өйткені қазіргі заманғы экономикада операциялардың жалпы көлемінің табысқа қатынасы жоғары: фирмалар нарықтардың бір жиынтығына фактор кірімін сатып алады және басқа өнімдерді сатады, ал аралық өнімдер саудасының көлемі үлкен. Қалай болғанда да *капитал шотындағы транзакция көлемі кіріс шотына қарағанда айтарлықтай жоғары.

айнымалы (variable) Өзгеруі мүмкін көлем. Экономикалық айнымалылар баға, пайыздық мөлшерлеме, кіріс деңгейі, тауар саны және т.б. шамаларды өлшейді. Экзоген айнымалы – осы модель шеңберінен тыс себептермен өзгертін айнымалы; эндоген айнымалы модель ішінде анықталады. Сондай-ақ КЕЗДЕЙСОҚ АЙНЫМАЛЫНЫ қараңыз.

айнымалы пайыздық мөлшерлемесі бар банкнот (вексель) (variable rate note) Базалық мөлшерлеме бойынша (мысалы, *Лондонда банкаралық ұсынылатын мөлшерлеме) тіркелген спред ретінде көрсетілуі мүмкін айнымалы пайыздық мөлшерлеменен борыштық кепіл немесе берешектің болжамды кәтеріне сәйкес кезең-кезеңімен (әдетте әр 3 ай сайын) түзету.

айнымалы фактор пропорциясы (variable factor proportions) Өндірістің

бір факторын екіншісіне ауыстыруға мүмкіндік беретін өндіріс процесі. Факторлар пропорциясы кейбір өндіріс процестері үшін айнымалы емес. Мысалы, өндіріс процесінде әр капитал бірлігіне екі еңбек бірлігі қажет болса, онда факторлар пропорциясы 2:1 қатынасына тең болады. Факторлар пропорциясы айнымалы болған жағдайларда кіріс арасындағы *техникалық алмастыру икемділігі жоғары болса, фактор бағасындағы салыстырмалы аз өзгеріс шығынын барынша азайтатын фирманың салыстырмалы түрде арзан факторлар пайдалануын қатты ығыстырады. Факторлар пропорциясы оңай өзгермейтін болса, техникалық алмастыру икемділігі төмен болады және факторлардың салыстырмалы бағасы өзгертіндіктен, фирмалар өзінің салыстырмалы пайдалануын өте аз өзгертеді.

айнымалы шығын (variable cost) Өнім шығару деңгейіне байланысты өзгертін шығындардың бір бөлігі. Сондай-ақ ТҰРАҚТЫ ШЫҒЫНДЫ қараңыз.

айнымалылардың есепке алынбауы (omitted variable bias) Регрессияда камтылған айнымалы түсіндірме айнымалы мәндерімен байланысты болған жағдайда регрессиядағы тиісті айнымалының түсірілуінен туындаған *сызықтық регрессиядағы коэффициенттердің *қарапайым ең кіші квадраттар бағасының *ығысуы.

айуандық түйсік (animal spirits) Бұл терминді Джон Мейнард Кейнс (1883–1946) ірі инвестициялық жобалар әдетте күтілетін пайданы мұқият есептеуге емес, *кәсіпкерлердің «түйсігіне» сүйеніп жүзеге асырылатыны туралы идеяны сипаттау үшін қолданды, яғни ол түйсік кәсіпкерді белгісіздік жағдайында көкейге қонымды, сақ шешім қабылдау

орнына батылдық танытып, мүмкіндікті пайдалануға итермелейді.

айырбас (exchange) 1. Бір тауарды немесе активті баскасына айырбастау. Айырбас – экономикалық қызметтің ең негізгі түрі. Бұл екі тарап арасындағы *қалаудың сәйкес келуін талап етеді: әрқайсы баскасында бар нәрсені қажет етеді. Айырбас процесі *Эджуорт диаграммасында бейнеленген. Сондай-ақ ЕРИКТИ АЙЫРБАСТЫ *қараңыз.*

2. Сауда жүзеге асырылатын орын: акциялар – қор биржасында, жүгері жүгері биржасында сатылады; ал жұмысшылар еңбек биржасында жалданады. Қазіргі кезде көбінесе сауданың басым бөлігі электрондық түрде жүзеге асырылады, сондықтан қазір қор биржасы сауда жасайтын жалғыз орын емес, жай институт қана. Сондай-ақ ШИКІЗАТ ӨНІМДЕР НАРЫҒЫН *қараңыз.*

айырбас (exchange) Сауда жасаудан әрқайсы бас тарта алатын екі тарап арасындағы айырбас. Мұндай жағдайда айырбастан екі тарап та ұтады немесе, кем дегенде, ұтылмайды: *нарықтық экономиканы қолдау осыған сүйенеді. Ал екі тарап арасында *асимметриялық ақпарат болса, дәлел қолданылмайды.

айырбас ақша (token money) Банкноттардың немесе монеталардың номинал құны олар шығарылған материалдың құнына байланысты емес ақша. Қазір негізінен символдық болып отырған айырбас ақшаның заттай түрі болса да, тек кітаптар немесе компьютерлік жазбалардан тұрады.

айырбас бағамы (exchange rate) Бір валютаның басқа валюта бірлігіндегі бағасы. Тепе-тең бағам – үкіметтер арасында келісілген немесе *Халықаралық валюта қоры сияқты орталық органда

тіркелген бағам. Нарықтағы айырбас бағамы – шетел валютасы нарығындағы нақты баға. Шетел валютасының нарықтағы бағасы тұрақты айырбас бағамы орнатылған жүйеде сәл ғана ауытқиды, ал құбылмалы немесе икемді бағам жүйесінде анағұрлым көп ауытқиды. Валютаны бақылау орнатылған елдерде *бірнеше валюта бағамы болуы мүмкін: орталық банктің мәліметінше, шетел валютасының бағасы сатып алушының оны пайдалану мақсатына қарай өзгереді. *Айырбасталатын валютасы бар елдерде кез келген уақытта, кез келген шетел валютасына бір ғана айырбас бағамы бекітіледі. Валютаны сатып алушылар және сатушылардың шағын тобымен жұмыс істеу кезінде транзакция шығындары мен монополияның кейбір элементі көрініс табады, сондықтан банктер шетел валютасын өзі сатып алатын бағадан жоғары бағаға сатады. Әсіресе бұл банкнот саны аз және құны төмен болғанда орын алады. Банктер мен ірі коммерциялық ұйымдар жұмыс істейтін нарықтарда баға диапазоны әлдеқайда төмен болады. Осылардың барлығы номинал айырбас бағамына жатады: олар түрлі елдер өнімдерінің бағасын деңгейлес салыстыратын нақты айырбас бағамымен салыстырылады. Елдің нақты айырбас бағамы өз номинал айырбас бағамын өзгерту арқылы немесе ішкі инфляция мөлшерлемесі арқылы сауда серіктестіктеріне қарағанда тезірек немесе баяу өзгереді. Сондай-ақ АЙЫРБАС БАҒАМЫНЫҢ СЫРҒЫМАЛЫ БАЙЛАМЫ; ТИІМДІ АЙЫРБАС БАҒАМЫ; ТҰРАҚТЫ АЙЫРБАС БАҒАМЫ; ҚҰБЫЛМАЛЫ АЙЫРБАС БАҒАМЫ; АЙЫРБАС БАҒАМЫНЫҢ СӘЙКЕССІЗДІГІ; БІРНЕШЕ АЙЫРБАС БАҒАМЫ; ВАЛЮТА БАҒАМЫНЫҢ ӨЗГЕРІСІН *қараңыз.*

айырбас бағамы режимі (exchange rate regime) Түрлі валюталар арасындағы айырбас бағамы анықталатын жүйе.

Бұл жүйелердің алуан түрі бар: барлық елдер тұрақты айырбас бағамын ұстап тұруға тырысатын *«алтын стандарты», айырбас бағам толығымен нарықтағы жағдайға байланысты анықталатын және оны тұрақтандыруға ешқандай күш жұмсалмайтын еркін айналым жүйесі. Алтын стандартына сәйкес әр ел өз валютасын тіркелген баға бойынша алтынға айырбастайды немесе орталық банк сатып алу және сату бағасын басқарады, олардың арасындағы пайыздық айырмашылық өте аз және алтын саудасы бақыланбайды. Алтын стандарты бойынша екі валюта арасындағы айырбас бағамы номинал құннан алыстай алмайды, өйткені бұл *арбитражға алтынды бір орталық банктен сатып алып, оны басқаға сату да тиімді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 1971 жылға дейін қолданыста болған *Бреттон-Вудс жүйесі аясында елдер өз валютасының номинал құнын *Халықаралық валюта қорында тіркеді және нарықтағы айырбас бағамының ауытқуын осы мөлшерлемеден алытатпай сақтауға міндеттелді. Мұның алтын стандартынан айырмашылығы – елдер «тепе-тендік түбегейлі бұзылғанда» олардың номинал мөлшерлемесін өзгерту құқығын сақтап қалды. Бірақ бұл жағдай қай кезде орын алатыны беймәлім. «Реттелетін белгіленген (бағамы)» жүйе бойынша үкіметтің қолда бар номинал мөлшерлемеге адалдығына сенім жоғалады, сондықтан алыпсатарлар валютасы әлсіз елдерді девальвация жасауға мәжбүрлейді. 1973 жылдан бастап дүниежүзінде валюта бағамдарының икемді жүйесі жұмыс істейді. Үкімет алыпсатарлықтың валюта бағамының тұрақсыздығына әсер ететініне аландайды, құбылмалы бағам әдетте «ашық» немесе «таза» емес, олар «басқарылатын» немесе «әділетсіз» болып келеді. Сондықтан орталық банктен айырбас бағамының ауытқуын

шектеу үшін айтарлықтай шаралар жүзеге асырады, бірақ олар әрқашан табысты бола бермейді. Тұрақты айырбас бағамдарының жалпыға бірдей қабылданған жүйесіне сәйкес, әр елдің оған қосылу немесе икемді бағамдарды таңдау құқығы бар. Құбылмалы бағам жүйесінде бірде-бір елдің мұндай таңдауы болмайды: барлық басқа валюталар бір-біріне қарсы өзгерсе, бір ел айырбас бағамын өзі көбірек сауда жасасатын ірі елдің валютасына қатысты белгілеп (байлап) қоюды таңдай алады. Кейбір шағын елдер валютасын АҚШ долларына байлап қояды, бірақ олардың өзге валютаға айырбас бағамы бұрынғысынша құбылмалы болып қала береді. Сонымен қатар олар өз валютасын басқа валюта қоржынына қатысты белгілей алады, бірақ нақты валютадағы бағам бұрынғыдай құбылмалы болады. Бірқатар елдер *Еуропа валюта жүйесінің *валюта бағамы механизмі сияқты өз валютасын бекітуге шешім қабылдай алады. Бұл бұрынғысынша АҚШ доллары сияқты мүше емес елдердің валютасына қатысты құбылмалы болып қала береді. Мемлекет өзінің айырбас бағамын басқаруға шешім қабылдаса, бұл орталық банктің дискрет әрекеті арқылы немесе орындалатын процедура туралы ережелерді белгілеу арқылы жүзеге асады. Мысалы, *«сырғымалы байлам» жүйесі белгіленген мақсатқа жетуге тырыспай, тек өзгерістерді баяулатуға тырысады.

айырбас бағамының «сырғымалы байламы» (crawling peg exchange rates) Тіркелген айырбас бағамының бір түрі. Мұнда айырбас бағамын белгілі бір мәнге бекітпей, айырбас бағамындағы өзгеріс көрсеткіштеріне шектеулер қойылады. «Сырғымалы байламның» бірнеше түрі бар: билік бірдей бағыттағы шағын тұрақты өзгерістерге сүйеніп, номинал валюта бағамдарының

өзгеріс көрсеткіші туралы, мысалы, айына 0,5%, алдын ала хабарлай алады. Олар кез келген бағытта номинал мөлшерлемені төмен шегіне, мысалы, айына 1 пайызға дейін өзгерте алады. Сонымен қатар олар номинал мөлшерлеме өткен жылдың белгілі бір кезеңіндегі, мысалы, бір жыл, орташа нарық мөлшерлемесіне тең болуы үшін үздіксіз түзетілетінін хабарлай алады. Барлық жағдайда нарықтағы мөлшерлеме нарыққа араласу арқылы номинал мөлшерлеме айналасында белгіленген шектерде ұсталады деп болжанады.

айырбас бағамының сәйкессіздігі (misaligned exchange rate) Қанағаттанарлық *төлем балансына сәйкес келмейтін валюта бағамы. Егер ел валютасының бағасы өте жоғары болса, импорт тартымдылығын арттырады, ал экспорт тауарларын сату қиындайды, ол *ағымдағы шот дефицитіне түрткі болады. Сол сияқты валютаның құнсыздануы байқалса, ол экономиканы ынталандыру үшін тым үлкен *ағымдағы шот профицитіне соқтырады.

айырбас векселі (bill of exchange) Сыртқы сауданы қаржыландыру үшін шығарылған қыскамерзімді бағалы қағаз. Тұтынушы экспорттаушымен қолма-қол ақшамен емес, әдетте үш немесе алты ай ішінде төленетін вексельмен есеп айырысуы. Бұл жеткізушіні дереу қолма-қол ақшамен қамтамасыз ету үшін жеңілдік нарығында сатылуы мүмкін. Клиент жақсы таныс болмаса, вексельді *қабылдаушыға тартымды ету үшін оны шығаратын банк клиент дефолтқа ұшыраған жағдайда өзі төлем жасауға кепілдік береді.

айырбас құралы (medium of exchange) Тауар мен қызметке айырбасталатын кез келген зат. *Қағаз ақша дамыған елдердегі айырбас құралы саналады,

бірақ экономика тарихында осы рөлді көптеген басқа элемент атқарды. Ең көрнектілерінің бірі – *алтын және Бенгалияда теңіз айқұлақтары бірден-бір айырбас құралы болғанына дәлел бар. Темекі түрмелердегі бейресми экономикада айырбас құралы саналады. Өнім айырбас құралына айналуы үшін оны өндіру шығыны болуы және кеңінен қолданылуы ғана шарт. Қағаз ақша шығару құны өте төмен болуы мүмкін, бірақ мемлекет монополияны сақтайды және монополияны қорғау үшін қауіпсіздік шараларын жасайды, сөйтіп, мемлекеттік емес тараптар үшін өндіріс құнын арттырады. Айырбас құралының болуы *калаудың сәйкес келуіне қарамай-ақ сауда жасауға мүмкіндік береді: айырбас құралы болмағанда сатып алынатын тауарға сатылатын тауарды *бартер жасауға ниетті адам табу қажет. Айырбас құралдары экономикалық операцияларды жеңілдетеді.

айырбас, своп (swap) Екі контрагент бір ақша ағынын басқа ақша ағынына айырбастауға келісетін туынды қаржы құралы. Пайыздық мөлшерлеме, свопта бекітілген пайыздық мөлшерлемелі төлемдер ағыны ауыспалы пайыздық мөлшерлемелі ағынға айырбасталады. Валюталық своп екі түрлі валютамен берілген негізгі соманың бастапқы айырбасын, своптың жарамды мерзімі ішінде валюта түрінде алынған пайыздарды төлеуді және негізгі соманың түпкілікті қайта айырбасын қамтиды. Сондай-ақ ДЕРИВАТИВТІ қараңыз.

айырбасталатын валюта (convertible currency) АЙЫРБАСТАЛЫМДЫЛЫҚТЫ қараңыз.

айырбасталатын дебентура (convertible debenture) Компанияның *дебентура саналатын акциясының бір түрі, оны ұстаушыларға тұрақты дивидендтер

төленеді, бірақ олардың дауыс беруге құқығы болмайды. Айырбасталатын дебентурасы бар ұстаушы болашақта оны алдын ала келісілген шарттармен *қарапайым акцияларға айырбастауға құқылы. Бұл ұстаушыларға венчурдің алғашқы жылдары салыстырмалы қауіпсіздік береді, компания табысты болса, олардың ұзақмерзімді пайдадан үлес алуға мүмкіндігі бар.

айырбасталмайтын валюта (soft currency)

Басқа валюталарға айырбасталмайтын немесе басқа валюталар тұрғысынан қарағанда құны құлдырайды деп күтілетін валюта. Сондай-ақ АЙЫРБАСТАЛАТЫН ВАЛЮТАНЫ *қараңыз*.

айырбасталымдылық (convertibility)

Ақшаны шетел валютасына ауыстыру құқығы. Валюта ұстаушылар оны биліктің рұқсатынсыз шетел валютасына айырбастай алса, онда валюта еркін айырбасталатын болып саналады. Еркін айырбасталатын валютаны валюта ұстаушы кез келген мақсатта айырбастай алады. Валюта резидент емес ұстаушылар үшін айырбасталатын, ал резидент ұстаушылар үшін айырбасталмайтын болуы мүмкін. Ағымдағы шоттың еркін айырбасталатынына сәйкес ұстаушылар сауда немесе шетелдік сапарлар секілді ағымдағы шоттың кез келген мақсаттары үшін өз валютасын айырбастауға құқылы, бірақ несиені беру немесе шетелде актив сатып алу сияқты капитал қозғалысы есебінің мақсаттары үшін айырбастай алмайды. Ағымдағы шоттың еркін айырбасталатыны биліктің қаражат пайдаланылуын бақылай алуын талап етеді, алайда мұның толық еркін айырбасталымдылық кезінде қажеті жоқ.

айырмашылықтардағы айырмашылық (difference in differences) *Панельдік деректерді пайдалану арқылы

емдеудің әсерін немесе саяси араласуды бағалау әдісінің бір түрі. Бағалау пайыз айнымалыларының уақыт ішіндегі орташа өзгерістері арасындағы айырмашылықты есептеуге немесе ем алғандар және оны алмағандардың, яғни осы екі үлгінің емдеу нәтижесіне сүйенеді. Егер емдеу үлгіге катысты экзоген болса, онда емдеудің әсері анықталады.

акселератор (accelerator) *Инвестицияның *өндіріс өзгерісіне катынасын қарастыратын модель. Акселератор моделі – фирмалар өндіріс көлемі артқанда көп инвестициялайды, ал кемінде инвестицияны азайтады деген тұжырым. Бұл тұжырымды дәлелдейтін негізгі аргумент – *сұраныстың өсуі кейбір фирмаларды өндірісті арттыруға және өзі мен басқа фирмаларда сұраныс әлі өсетініне сендіретіні. Өндіріс көлемінің өсуі *қауқар мен өндіріс көлемінің катынасын арттырады және сұраныстың одан әрі өсуі туралы жорамал фирмаларды көп өндіріс жабдығын алған тиімді болар еді деп пайымдауға мәжбүр етеді. Акселератор типіндегі модельдер *негізгі капиталға құйылған инвестиция мен *акцияларға және аяқталмаған өндіріске құйылған инвестициядағы құбылуды эмпирикалық әдіспен түсіндіруге көмектеседі.

аксиома (axiom) Дәлелдеуді қажет етпейтін ой, пікір немесе тұжырым, бірақ басқа қорытынды шығару үшін негіз ретінде пайдаланылады. Аксиома экономикада бастапқы болжам ретінде қолданылады. Одан қисынды түрде басқа мәлімдемелер туындайды. Бұл жағдайда аксиома өздігінен айқын шындық болуы міндетті емес, оның орнына кейінгі тұжырым жасауға қолданылатын ресми мәлімдеме болады.

активтер (assets) Нақты және қаржылай құндылықты иелену. Нақты активтерге жер, ғимарат немесе техника жатады. Қаржылай активтерге ақша қаражаты және *бағалы қағаздар, сондай-ақ клиенттерге берілген несие жатады. Компанияның *баланс есебіне нақты да, қаржылай да активтер кіреді. Актив-менеджмент (немесе активтерді басқару) – басқа тұлғалардың нақты немесе қаржылай активтер портфелін сыйақы үшін басқару. *Активтерді тазарту – компанияның активтерін сату. Сондай-ақ активтер ұғымы метафора және шын мәнінде иеленуге келмейтін нәрсені сипаттау үшін қолайлы мағынада пайдаланылады. «Компанияның үздік активі – оның қызметкерлерінің шеберлігі мен адалдығы» деген сөз осыған дәлел. Сондай-ақ АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР; МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР; ӨТІМДІ АКТИВТЕР; ТАБИҒИ АКТИВТЕР; ПОРТФОЛИО; ҚАТЕРСІЗ АКТИВТЕР; ҚАТЕРМЕН ӨЛШЕНГЕН АКТИВТЕР; МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕРДІ қараңыз.

активтер бағасы (asset prices) Жер және ғимараттар, өндірістік жабдықтар мен *бағалы қағаздар сынды активтердің бағасы. Активтер сатылуы мүмкін болатындықтан олардың ағымдағы бағасына болашақ бағасы туралы *болжам және болашақ құны дисконтталатын пайыздық мөлшерлеме қатты әсер етеді. Актив қоры қандай да бір кезеңде жаңа актив құруға қарағанда үлкен болғандықтан, актив бағасы байлануы тауар бағасы өндіріс шығынына байланғанынан гөрі сенімсіздеу. Әдетте актив бағасы өте қысқа уақыт кезеңінде қатты өзгеріп отырады; бір жыл ішінде хабарланатын жеке-леген акциялардың ең жоғары және ең төмен бағасы арасындағы үлкен айырмашылық типтік бақылауға жатады.

активтер жұмсалыуы (wasting asset) Уақыт өте келе азаятын актив. Бұл залал кен

қорының игеру нәтижесінде сарқылуы секілді пайдалану нәтижесінде біртіндеп азаюдан туындауы мүмкін. Сонымен қатар бұл уақыт ағымымен байланысты болуы мүмкін, мысалы, *патенттің қолданылу мерзімі уақыт өткен сайын жақындап, қандай да бір болашақтағы уақытта аяқталатыны сияқты.

активтер кепіл болатын бағалы қағаз (asset-backed security) Бағалы қағазда көрсетілген негізгі активтер *кепіл болатын қорғаныс. Бағалы қағаздар мен табыс төлемі де негізгі активтерден алынады. *Секьюритизация негізгі активтерге инвестициялау қатерін әртараптандыруға мүмкіндік береді және инвесторларға сатуға болатын активтер кепіл болатын бағалы қағаздарды қалыптастырады. Негізгі активтерге ипотека, автонесие және әуе кемелерін жалға беруден түсетін ақша ағындары жатады. Активтер кепіл болатын бағалы қағаздар нарығы 1990 жылдардың басынан бастап өте қарқынды өсті. Активтер кепіл болатын бағалы қағаздардың уәде етілген төлемді қамтамасыз етуге қабілетсіздігі 2007 жылғы *қаржы дағдарысына себеп болды.

активтерді тазарту (құны төмен активтерден құтылу) (asset-stripping) Активтерді бірге санағандағы құны оларды жеке-жеке қосқандағы жиынтық құнынан аз болғанда активтерді бөліп тарату процесін сипаттайтын кемсіту мәндегі түсінік. Мысалға пайдаланылмайтын немесе толық пайдаланылмайтын жер немесе ғимаратты сату жатады. Немесе салық жеңілдіктеріне сүйеніп ірі пайда тапқан басқа компанияларға қолдана алмайтын ірі инвестициядан туындаған салыққа жеңілдік әрекеттерін сатуды атауға болады. Активтерді тазарту әрекетіне неғұрлым қолайлы сипаттама – корпоративтік қайта құрылымдау. Корпоративтік қайта құрылымдауды

жақтаушылар активтерді тазарту ең алдымен олар тиімсіз пайдаланылғандықтан немесе еленбегендіктен ғана тиімді деп санайды.

Активтерді іске асыру траст корпорациясы (AIATK) (Resolution Trust Corporation) (RTC)

*Жинақтар банкротын жою үшін 1989 жылы құрылған АҚШ федералдық агенттігі. RTC-ді федералдық үкімет қаржыландырады және *Федералдық салымдарды сақтандыру корпорациясы (ФССК) бақылайды. 1995 жылы оның міндеттері Қауымдастықтың жинақтарын сақтандыру қорына, қазіргі кезде Салымдарды сақтандыру қорына, ССК-ға берілді.

активті қайта бағалау (mark-to-market)

Ағымдағы нарыққа қатысты деректерді пайдалана отырып, саудадағы қаржылық сауда позициясын бағалау. Мысалы, инвестор қысқамерзімді сатылым жасағанда, брокер әр сауда күнінің соңында мәміленің позициясын есептейді. Нарықтағы баға бойынша қайта бағалау процесі позициядағы нашарлауды анықтаса, брокер ықтимал залалдарды өтеу үшін қосымша *маржа сұрауы мүмкін. Сондай-ақ ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ САТУДЫ қараңыз.

актуарий (actuary) Болашақ оқиғалардың ықтималдығын болжау үшін статистика жазбаларына жүгінетін сарапшы. Актуарий белгілі бір жастағы өлім немесе өрт, ұрлық және жол-көлік апаты секілді оқиғалар туындауы туралы жазбаларды пайдаланып, болашақта осындай оқиғалар қаншалықты жиі туындауы мүмкін екенін болжайды. Бұл болжамдар денсаулық сақтау немесе қылмыс саласында байқалған үрдістерді, сондай-ақ өткен фактілерді ескереді. Сактық сараптаманың көмегімен *сақтандыру компаниялары пайда әкелетініне толық сенімді болмаса да,

пайда әкеледі деп болжанған полистер жасай алады.

акцепт үйі (accepting house) *Айырбас вексельдерін қабылдауға дайын, вексельдердің белгіленген мерзімде төленуіне кепілдік беретін қаржы фирмасы. Акцепт үйі өзінің қаржыға қатысты репутациясын пайдалана отырып, вексельдерді қабылдағаны үшін комиссия алып пайда табады. Сондай-ақ ол өзінің арнайы білімін пайдалана отырып қатері өте жоғары вексельдерді қабылдап, оларға *кепіл болудың алдын алады. Лондон басты акцепт үйлері Акцепт үйлері комитетін құрайды.

акциз алымы, акциз (excise duty) Белгілі бір тауарларды тұтынудан алынатын салық. Акциз мемлекеттік кірісті ұлғайту үшін алынуы мүмкін, бірақ олардың мөлшерлемелері халықтың денсаулығына, қоғамдық тәртіпке немесе қоршаған ортаға теріс әсер ететін тауарларға көбінесе жоғары қойылады. Алкогольді сусындарға, темекіге және бензинге қойылатын акциздер екі мақсатты көздейді.

акционер (shareholder) Компания акцияларына иелік ететін жеке тұлға не компания. Компанияны бақылау жөніндегі түпкілікті шешім қабылдау компания жиналысында дауыс беру жолымен немесе *жұтылу ұсынысын қабылдау арқылы басқаруды өзгерте алатын акционерлердің қолында. Мажоритар акционер – қолында ең көп дауыс беретін акция ұстайтын; ал миноритар акционер – акциялардың жартысынан кемін иеленетін тұлға. Сондай-ақ ИНСТИТУТТЫҚ АКЦИОНЕР; МАЖОРИТАР АКЦИОНЕР; МИНОРИТАР АКЦИОНЕРДІ қараңыз.

акционерлік банк (joint-stock bank) Акционерлік қоғам басқаратын банк. Жеке тұлғаға, отбасына немесе

серіктестікке тиесілі жеке банктен айырмашылығы бар. Ұлыбританияның ірі коммерциялық банктері немесе «басты көше» банктері акционерлік банк санатына жатады.

акционерлік капитал (equity capital)

Меншік үлесіне айырбасталған компанияның қаржы жинағы. Меншік иелену құқығын беретін акция пакеттері формасында болуы мүмкін немесе басқа қаржы инструменттерін акцияға аудару құқығы жатады.

акционерлік капитал (share capital)

Құрылтай шартында белгіленген компания акцияларының жарғылық не номинал құны. Компания жария болған кездері құрылтай құжаттарында ол шығара алатын акциялар саны мен әр акцияның номинал бағасы көрсетіледі. Шығарылған акционерлік капитал – фирма нарыққа сатқан акционерлік капиталдың бір бөлігі.

акционерлік қоғам (joint-stock company)

Инвесторлар кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін өз қаражатын біріктіретін заңды келісімшарт. Инвесторлар қосқан қаражатына сәйкес акция иеленеді және акционерлер бизнесті басқару үшін директорлар кеңесін сайлайды. Акционерлер кез келген бөлінген табыстан өзіне тиесілі акция санына пропорционал дивиденд алады. Акционерлік қоғамдарда әдетте өз акционерлері үшін *шектеулі жауапкершілік бар.

акция (share) *Компания меншігінің бір бөлігі. Акциялар жеке тұлғаларға немесе басқа компанияларға тиесілі болуы мүмкін. Корпоративтік (компанияларды реттеу) заң компанияларды таратқанда, актив немесе дивиденд бөлу де барлық түрдегі акционерлерге бірдей қарауды талап етеді. *Қарапайым

акциялардың әдетте дауыс құқығы бар, кейде кейбір акциялардың дауыс құқығы болмауы да мүмкін. Кейбір елдерде кез келген акционердің жалпы дауыс беруіне шектеу қойылуы мүмкін. *Артықшылығы бар акциялар қарапайым акцияларға қарағанда алда тұрғанымен, дауыс беру құқығы жоқ және дивиденд алуға арналған *борыштық міндеттемелер артықшылығы бар акциялар мен қарапайым акциялар арасында сараланады. Борыштық міндеттемелердің тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар, бірақ олар төленбесе, оны ұстаушылар компанияны бақылауға алуға құқылы. Акциялар тізілімі – акционерлердің аты-жөні мен мекенжайының ресми тізімі, акция сертификаты – меншік құқығын растайтын құжат. Ұлыбританиядан басқа кейбір елдерде компанияларда акциялардың ортақ тізілімі жоқ ұсынушыға арналған акциялар болуы мүмкін және акция сертификатының иесі акциялардың да иесі болады. Сондай-ақ АКЦИЯ; МЕРЗІМІ ҰЗАРТЫЛҒАН АКЦИЯ; ДАУЫС БЕРМЕЙТІН АКЦИЯЛАР; ДАУЫС БЕРЕТІН АКЦИЯЛАРДЫ қараңыз.

акциялар (ordinary share)

Ұлыбританияда компания капиталындағы үлесті білдіретін термин. Ол АҚШ-та қолданылатын *ортақ акция терминіне сәйкес келеді. Қарапайым акцияның иесі өзіне тиесілі акция санының пропорциясына сай келетін дивидендтер бөлінісіне қатыса алады. Қарапайым акцияларды ұстаушылар әдетте компаниялардың жиналыстарында дауыс беруге құқылы. Алайда бұл әрдайым бола бермейді. Қарапайым акциялар *дебентура және *артықшылықты акциялардан ерекшеленеді. Дебентура ұстаушылардың әдетте пайыздарға тіркелген құқығы бар, алайда төленетін пайыз және басқа да шарттарға қатысты

жағдайларға әсер етуге дауыс беру құқығы жоқ. Артықшылықты акция ұстаушылардың дауыс беру құқығы жоқ. Алайда оларға дивиденд қарапайым акционерлерден бірінші үлестіріледі. Компания жойылған жағдайда қарапайым акция ұстаушылар компанияның активтерін алуда соңғы кезекте болады, бірақ басқаларына қарыздар өтелгеннен кейін қалған активтердің барлығына ие болады.

акция бағасы (share price) Акция сатылуы мүмкін болатын баға. Бұл жалғыз сома емес: тіпті кең сатылатын акциялар үшін ұсынылатын баға, маркет-мейкерлер сатып алғысы келетін баға олар сатқысы келетін бағадан жоғары. Олардың орташасы – *нарықтағы орташа баға қаржы баспасөзінде жиі айтылады. Аз саудаланатын акциялар жағдайында көрсетілген баға қандай да бір мәміле тіркелген соңғы баға ғана болуы мүмкін және ол акциялардың сатылуы мүмкін шарттарына қатысты аз нұсқау беруі мүмкін.

акция бағасы индексі (share price index) Белгілі бір түрдегі акция бағасы индексі. Акцияларға баға индексі қор биржалары бар елдердің бәрінде жарияланады. Олар қамтылған салалар мен акциялары қамтылған компаниялар санына қарай ерекшеленеді. АҚШ АКЦИЯЛАРЫНА *ДОУ-ДЖОНС ИНДЕКСІ; ҰЛЫБРИТАНИЯ ҮШІН *FINANCIAL TIMES ҚОР БИРЖАСЫ ИНДЕКСТЕРІ; ЖАПОНИЯ ҮШІН *НИККЭЙ ИНДЕКСТЕРІ; ГОНКОНГ ҮШІН *ХАНГ СЕНГ ИНДЕКСТЕРІН қараңыз.

акция тізілімдері (share register) Акционерлердің аты-жөні мен мекенжайын және акциялардың түрі мен санын тіркейтін жауапкершілігі шектеулі акционерлік қоғамдар тізілімі. Тізілімге енгізу меншік құқығын растау саналады: акция сертификаттары жоғалған не жойылған

акционерлер жеке басын куәландыратын құжатты көрсету арқылы шығарылымды ауыстыра алады.

акция шығару (flotation) Инвестициялауға дайын қоғамға компания акцияларын сатуды мүмкін ету процесі. Акция шығарудың жеке компанияны жария компанияға айналдыратын әсері бар. Акция шығару компанияның жаңа қызметін қаржыландыру үшін ақша тарта алады немесе нарықта бар жеке компаниялардың иелеріне өз активтерін сатуға мүмкіндік береді. Бұл термин мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіруге қатысты қолданылады.

акция шығару құқығы (rights issue) Компанияның жаңа акциялар шығаруы, бұл акциялар әуелі акционерлерге оларда бар меншіктерге пропорционал ұсынылады: акционерлердің құқығы бар, бірақ олар оны қолдануға міндетті емес. Эмиссия құны акциялардың нарықтағы бағасынан төмен болса, онда құқықты сатуға мүмкіндік бар. Құқық қолданылмайтын болса, акциялар нарықта сатылады және акциялар бастапқы шыққан кездегі бағасынан қымбатқа сатылған жағдайда акционерлер артығын алады. Акция шығару құқығының капитал тарту құралы ретіндегі артықшылығы акционерлер реестрі компанияға қызығушылық танытқан адамдардың дайын тізімін беруінен тұрады.

акцияға байланысты кепілдік (equity-linked assurance) Алынатын пайда акция бағасы индексі деңгейіне байланысты болатын өмірді сақтандыру жүйесі. Алынатын пайданың кейбір кепілді минимумы болуы мүмкін, ал оның жоғары болуы саясат жетілген кездегі акциялар бағасының мінез-құлқын көрсетеді.

акцияға опцион (share option) Компания директорларына немесе қызметкерлеріне алдын ала келісілген бағамен акция сатып алуға ынталандыру ретінде берілетін опцион. Опцион бағасы сол кездегі нарықтағы бағадан төмен болғанда ғана акцияға опциондар жүзеге асырылады. Олар ынталандыру ретінде пайдаланылады: компания неғұрлым жақсы жұмыс орындаса, соғұрлым оның акция бағасы жоғары болады және соғұрлым акциядағы опцион ұстаушылар оның жүзеге асуынан пайда табады.

акциядан дивиденд (stock dividend) Акционерлер өз дивиденді есебінде қолма-қол ақша, компанияның жаңа акцияларын алатын жағдай. Бұл жаңа капиталдың аз мөлшерін талап етсе, қор биржасында жаңа акцияларды сатудың шығарылым ұйымдастыруға қарағанда ең арзан тәсілі.

акциялар (equities) Компаниялардың қарапайым (Ұлыбритания) және ортақ (АҚШ) акциялары. Осы акциялардың иелері компанияда кредиторлардың, дебетура ұстаушылардың және артықшылығы бар акционерлердің барлық талаптары өтелгеннен кейін қалған пайданы алуға құқылы. Сәйкесінше, мұндай акцияларда басқа акцияларға қарағанда күтілетін қайтарым вариациясы жоғары болады. Бұл әсер компанияның *гирингімен қатар өседі. Сондай-ақ КОРПОРАЦИЯНЫҢ АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛЫ; БОРЫШТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРҒА АУЫСТЫРУДЫ қараңыз.

акцияларға және аяқталмаған өндіріске құйылған инвестиция (investment in stocks and work in progress) Қорлардағы және дайын өнімдердегі нақты өзгерістердің құны және кез келген кезеңде жұмыс істеуі.

акцияларға опцион (stock option) АКЦИЯҒА ОПЦИОНДЫ қараңыз.

акцияларды кері сатып алу (share buy-backs) Өз акцияларының бір бөлігін сатып алу арқылы өз акционерлеріне капитал қайтаратын компаниялар практикасы. Акцияларды кері сатып алу акционерлерге олардың пайда салығы есебін азайту арқылы пайда алып келеді. Акцияларды кері сатып алу қалған акциялардың бағасын арттырады, ал сол соманы дивидендтерге бөлу әдетте оны азайтады. Бұл директорларға және акциядағы опциондарға иелік ететін басқа қызметкерлерге олардың сыйақысының бір бөлігі ретінде пайда алып келуі мүмкін. Теория жүзінде кері сатып алуға түрткі – салық салуға дейінгі пайдадан пайыздық төлемдерді алып тастау мүмкіндігі қарапайым акцияларды қаржыландыруға қарағанда, борыштық қаржыландыруға артықшылық беруге алып келуінде. Фирмаға өзінің өтелмеген акцияларын азайту және қарыз қаражаты есебінен жаңа инвестицияларды қаржыландыру тиімді болуы мүмкін.

акциялардың баланс құнының және жұмыс істеп жатқан жұмыс көлемінің артуы (increase in the book value of stocks and work in progress) Белгілі бір мерзім ішінде акциялар мен аяқталмаған жұмыстар құнын фирмалар шоттарында көрсетілгендей арттыру. Ол екі бөлікке бөлінуі мүмкін: қорлардың және аяқталмаған өндірістің нақты өсуінің ағымдағы бағамен көрсетілген құны, сондай-ақ акциялар құнының өсуі, яғни бағаның өсуіне байланысты акциялардың бастапқы деңгейі құнының өзгеруі. Қорлардың нақты өзгеруі – *жалпы ішкі өнімнің бөлігі; ал акциялардың құны өсуі бөлігі емес.

акциялары қор биржасында тіркелген компания (quoted company) Акция-

лары *қор биржасында сатылымға қабылданған компания. Бұл капитал тартуды жеңілдетеді, себебі ұйымдасқан биржадағы акциялар шығарылғаннан кейін олардың белгіленімі (котировкасы) арқасында нарықта сұранысқа ие болады.

акцияны бөлшектеу (stock split) БОНУС АКЦИЯ ЭМИССИЯСЫН қараңыз.

акцияның бақылаушы пакетін сатып алу (buy-out) Компанияны бұрынғы акционерлерінен жаңа иелердің сатып алуы нәтижесінде компанияны *бақылау өзгеруі. Олар фирмамен де байланысты болуы мүмкін: *компанияны менеджменттің сатып алуы кезінде фирманы ағымдағы менеджерлер сатып алады. Акцияның бақылаушы пакетін сатып алуды бөгде тұлғалар да жүзеге асыра алады. Қаржыландыру сатып алушылардың меншік ресурстары есебінен немесе қарыздар есебінен жүзеге асырылуы мүмкін; *несие есебінен акциялардың бақылаушы пакетін сатып алу кезінде құнның бір бөлігі тіркелген пайызы бар несие алу арқылы жиналады.

ақ кітапша (white paper) Ұлыбритания үкіметінің жарияланамы; әдетте заңнамаға кіріспе ретінде қарастырылады. Қабылданатын заңнама кей жағынан ақ кітапшадағы ұсыныстардан ерекшеленуі мүмкін. Ақ кітапша Ұлыбритания үкіметінің мәселені қоғамдық талқылауды ынталандыруға бағытталған, сондай-ақ заң шығармай-ақ немесе кез келген заңнаманы қолдануға болатын басылымы – *жасыл кітапшамен салыстырылады.

«ақ рыцарь» (white knight) Компанияны жағымсыз басқа сатып алушының *жұтып алуынан құтқарғысы келетін сатып алушысы. Жұтылу қаупі бар компания «ақ рыцарьдың» конкурстық

өтінімін сауда-саттыққа бірінші қатысушы ұсынған шарттарды жақсарту құралы ретінде, ақыр соңында, балама өтінім қабылданатынына қарамастан құптай алады.

ақ шу (white noise) Нөлдік *орташа, тұрақты *вариациясы және нөлдік *автокорреляциясы бар *стохастикалық процесс.

АҚӘА (WARP) Анықталған қалаудың әлсіз аксиомасы. Мысалы, тұтынушының қатаң дөңес қалауы бар, сондықтан оңтайлы таңдау әр баға жиынтығы үшін бірегей деп ұйғарайық. X және Y әртүрлі екі тұтыну пакеті болсын және тұтынушы екеуіне де қол жеткізе алса, X -ті Y -тен жақсырақ деп анықтасақ, Y -ке қарағанда X -ті таңдайды деп есептеледі. WARP мәліметі бойынша, бұл жағдайда Y ешқашан X -ке қарағанда жақсырақ деп танылмайды. Егер *анықталған қалау WARP-ті бұзса, оны тұтынушының *пайдалылық функциясы арқылы сипаттау мүмкін емес, яғни ашылмаған қалауы бар дегенді білдіреді. Анықталған қалаудың қатаң аксиомасы (SARP) бұл қасиетті таңдау тізбегіне дейін кеңейтеді. $\{X_1, \dots, X_n\}$ тұтынушылар тұтынатын әртүрлі пакеттер болсын және X_1 X_2 -ден ашық түрде анықталған ұнамдырақ болсын, X_2 X_3 -ке қарағанда ашық түрде анықталған ұнамдырақ болсын, сонда X_{n-1} X_n -ге қарағанда ашық анықталған қалаулы болсын, сонда X_1 X_n -ге қарағанда қолайлы дегенді білдіреді. SARP мәлімдеуінше, X және Y әртүрлі болғанда және X Y -ке қарағанда анық қалаулы болса, онда Y X -ке қарағанда анық қалаулы бола алмайды. Анықталған қалаудың жалпыланған аксиомасы (GARP) бұдан әрі бұл сипатты бір данадан артық тұтынудың пайдалылығын осы баға жиынтығына барынша арттырған жағдайға дейін кеңейтеді. X және Y – тұтынудың екі түрлі пакеті

болсын және тұтынушы $pX > pY$ болғанда p баға жинағын ескере отырып, тұтынушы Y -ті емес X -ті таңдайды, бұл жағдайда X Y -тен анық қалаулы екенін білдіреді. GARP тұжырымына сәйкес X Y -ке қарағанда тікелей немесе жанама түрде қалаулы деп анықталғанда, Y -ке қарағанда қатаң түрде X -тен қалаулы деп ашылмайды. Онтайландыратын тұтынушының толық және өтпелі қалауы бар болса, GARP ешқашан бұзылмайды.

ақиқатқа жақындық қатынасы сынағы (likelihood ratio test) θ *ақиқатқа барынша жақындықты бағалауға сүйенетін белгісіз параметр немесе θ параметр векторларына шектеулердің үш тестінің бірі (*Лаграндж көбейткіші тесті мен *Вальд сынағы). Тест статистикасы – θ максимал ақиқатқа жақындық, $\hat{\theta}^R$ және $\hat{\theta}^U$ жағдайында бағаланған, $\lambda = L(\hat{\theta}^R)/L(\hat{\theta}^U)$ шектеуінің есебінсіз *ақиқатқа жақындық функциясына қатынас. Белгілі тұрақтылық жағдайында және нөлдік гипотезада $-2\ln(\lambda)$ шамасының шектеулер санына тең асимптотикалық еркіндік дәрежесі бар *чи-квадрат таралуы бар.

ақиқатқа жақындық функциясы (likelihood function) Іріктемедегі шартты θ функция түрінде өрнектелген $f(x_1, \dots, x_n|\theta)$ бірлескен үлестірімді ескере отырып, (x_1, \dots, x_n) іріктеме конфигурациясының пайда болу ықтималдығы немесе ықтималдық тығыздығы:

$$L(\theta|x_1, \dots, x_n) = f(x_1, \dots, x_n|\theta),$$

мұндағы θ – үлестірім параметрі немесе векторлар параметрі. Көптеген қосымшада ақиқатқа жақындықтың $\ell(\theta) \equiv \ln(L(\theta))$ логарифмдік функциясы колданылады.

ақпарат (information) 1. Экономикалық шешім қабылдау кезінде жеке тұлғалар,

фирмалар немесе үкіметтер қол жеткізе алатын деректер. Бұл мағынада ақпарат экономикалық деректерге, сондай-ақ осы деректерді жинауға, пайдалануға және интерпретациялауға қатысты.

2. Экономикалық агенттердің білімі. Экономика тұтынушыларының артықшылықтары мен қабілетін, фирмалардың технологияларын, сондай-ақ оның өнімдерінің бағасы мен сипатын анықтайды. Онда тұтынушылар, бизнес және үкімет әрекет етеді. Экономикалық тиімділікке жету үшін экономиканың жалпы сипаттарының қандай бөліктерін білетіні маңызды. Экономикада агенттердің бәрі бірдей хабардар болса немесе тиісті фактілерді бірдей білсе, ақпарат – симметриялы. Экономикалық ортадағы өзгерістерге қандай ақпарат сәйкес? *Бәсекелі экономикада тұтынушылар сауда жасау үшін тек өз қалауын, өнімнің сипаты мен бағасын ғана білуі керек. Басқа тұтынушылар немесе фирмалардың қалауы туралы ақпарат маңызды емес. Ақпарат симметриялы болса, бәсекедегі тепе-теңдік *Парето тиімділігі болады. Кейбір агенттерде өзгелерге қарағанда маңызды ақпарат болса, *ақпарат асимметриясы бар деген сөз. Мысалы, ұсталған автокөлігін сататын тұтынушы оның сапасын ықтимал сатып алушыға қарағанда жақсырақ білуі мүмкін. Асимметриялық ақпарат *нарықтағы сәтсіздікке әкеледі. Келісімшарт теориясы жалпыға жария ақпарат пен жеке ақпарат арасындағы айырмашылықты пайдалы деп санайды. Жария ақпарат тексеріліп, расталуы мүмкін, сондықтан ол ақы төлегенде маңызды фактор бола алады. Жеке ақпарат анықталмайды, бірақ әрекеттен байқалады. *Ынталандыру келісімшартын жеке ақпаратпен басқаруға болмайды. Ойын теориясында толық ақпараты бар ойыншылар арасында айырмашылық жасалады, барлық ойыншылар

ойынның барлық құрылымын біледі және *шала ақпараты бар ойыншыларға ойын туралы бар ақпарат белгілі емес. БАҒАҒА ӘСЕР ЕТЕТІН АҚПАРАТТЫ да қараңыз.

ақпарат асимметриясы (information asymmetry) АСИММЕТРИЯЛЫҚ АҚПАРАТТЫ қараңыз.

ақпарат критерийі (information criterion) Модельді таңдау критерийі ретінде пайдаланылатын статистикаға сүйенетін *ақиқатқа жақындық функциясы. Маңызды мысалдар: Akaike және Bayes–Schwarz ақпарат критерийлері; екеуінде де бірдей сәйкестік критерийі бар, бірақ соңғысы алғашқысымен салыстырғанда, модельдің көп параметрлері бойынша қатаң жаза енгізеді және, демек, экономикалық модельдерге көбірек сәйкес келеді. Сондай-ақ СӘЙКЕС ӨЛШЕМДЕР ЖАҚСЫ БОЛУЫН қараңыз.

ақпараттық келісім (information agreement) Бірқатар фирмалардың өзіндегі баға, жеңілдіктер және сату шарттары туралы ақпарат беру келісімі. Бұл ақпаратты әдетте *сауда қауымдастығы өзгеріс енгізілгенге дейін немесе одан кейін береді. Мұндай ақпарат алмасу өзі шектеулі практика болмаса да, ол келіспеушілікке нақты ықпал етуі мүмкін. Ұлыбританияда мұндай келісімдерді *Бәсеке және нарық басқармасына аударуға болады.

АҚШ сауда өкілі (US Trade Representative) АҚШ Сауда саясатын әзірлеу және сауда келіссөзін жүргізу үшін құрылған кеңсе. АҚШ-тың Сауда өкілі Президент әкімшілігінің құрамына кіреді. www.ustr.gov – АҚШ Сауда өкілінің ресми сайты.

ақша (money) 1. *Айырбас құралы және құндылық сақтау құралы. Оған

физикалық заттар, яғни монеталар мен банкноттар, кітап немесе компьютер жазбалары жатады. Бастапқыда банкноттар мен монеталар айналымға енгенге дейін өзіндік бағаланған *алтын немесе күміс сияқты физикалық зат болды. Монеталар мен банкноттар – белгі, олардың өзіндік құны номинал құнынан төмен болады.

2. «Ақша-несие саясатының» ауызекі қысқаша атауы. Осылайша *арзан ақша несиенің арзан әрі оңай берілетінін; шектеулі несие немесе *қымбат ақша несие қымбатқа түсіп, қиындық тудыратынын білдіреді.

3. Жалпы байлықты сипаттауға арналған ұғым.

ақша агрегаты (M0) Ақша қорының толық емес анықтамасы. Оған айналымдағы банкноттар мен монеталар, сондай-ақ банктердің ақшалай қаражаты мен орталық банктегі шоттардағы қалдықтар кіреді.

ақша агрегаты (M1) Ақша қорының біршама кең ауқымды анықтамасы. Ұлыбританияда M1 құрамына айналымдағы банкноттар мен монеталар, жеке сектордың ағымдағы шоттары мен чекке айырбасталатын депозит шоттары кіреді. АҚШ-та бұл агрегат Қазына мен Федералдық резерв банктерінің бөлек ақша қаражат қорымен қоса, коммерциялық банктердің талап етілетін депозиттерін және басқа да тексерілген депозиттерді қамтиды.

ақша айналымы (monetary overhang) Адамдар жұмсай алмағандықтан қолында ұстап отыратын ақша массасы. *Басылған инфляция бар экономикада адамдар шынымен де көбірек ақша жұмсайды, өйткені нақты тауарлар мен қызметтер жетіспеуінен ақшасын өзі қалағандай жұмсай алмайды. Инфляцияны ұстап тұратын басқару

құралдары алып тасталса, ақша айналымы ашық инфляцияға соққы болады.

ақша базасы (базалық ақша) (monetary base) (base money) Банк жүйесіндегі резерв ретінде қарастыруға болатын ақша массасының бөлігі. Кейбір ақша теоретиктерінің пікірінше, ақша-несие саясатын басқарушы билік негізгі ақша сомасын бақылауға алса, *ақша массасының қалған бөлігі автоматты түрде түзетіледі. Шын мәнінде, бұл қаншалықты нақты екені тұрақты банк резервтеріне және базалық ақша банк жүйесінен тыс орналасқанына, мысалы, жалпы айналымдағы банкноттар мен монеталар түріне байланысты.

ақша жинауға себеп (asset motive) Ақшаны *жинақ құралы ретінде сақтауға ынталандыру. Баға тұрақты болғанның өзінде, ақша – нашар жинақтау құралы, өйткені одан қайтарым аз не мүлде жоқ. Ал *инфляция бола қалса, ақша тіпті нашар жинақтау құралына айналады. Алайда баға құлдыраса, ақша тартымды актив болады және баға құлдырауы ықтималдығы анықталса, бұл ақшаны актив ретінде ұстап қалуға түрткі болуы мүмкін. *Кейнстік экономиканың *IS-LM моделіне сәйкес тұтынушылар өз жинағын ақша немесе облигациялар түрінде сақтай алады. Ақша – қауіпсіз, ал облигациялар қатері жоғары актив саналады. Жинақтардағы екі активтің салыстырмалы үлесі тұтынушының қатерден қашу дәрежесіне байланысты. Қатерден қашатын тұтынушы жинағының үлкен бөлігін ақшалай сақтайды.

ақша жүйесі, ақша-несие жүйесі (monetary system) Экономиканы ақшамен қамтамасыз ететін жүйе. Шағын ел басқа мемлекеттің ақшасын пайдалана алады, бірақ көп ел өз ақшасын ұстауды қалайды. Бұған ішінара ұлттық бедел

себепкер, ішінара үкіметтер *ақша беруден сенъораж алады; арагідік жергілікті наразылықтарға бейімдеу немесе экономиканы сыртқы сілкініс салдарынан оқшаулау үшін *ақша-несие саясатын пайдалану арқылы экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуге деген сенімге байланысты. Тәуелсіз ақша жүйесінде монета шығару үшін *монета үйі, ал негізгі ақша шығару үшін орталық банк болуы керек. Бұл әдетте коммерциялық банктердің несие және төлем құралдарын беру жүйесін қамтиды. Одан кейін банктің банкротқа ұшырауы ықтималдығын жою үшін банктерді бақылайтын орган қажет, банктердің жүйелі күйреуге ұласатын банкротының алдын алу үшін *түпкілікті қарыз беруші қажет. Бұл қадағалаушы және соңғы шара функцияларын Ұлыбританиядағыдай бір *орталық банкке біріктіруге болады немесе АҚШ-тағы секілді жеке органдар шешеді.

ақша иллюзиясы (money illusion) Номинал өзгерістерді шын ретінде қабылдау адамдар жалақысы көтерілуін, сатқан тауарлары мен қызметтерінің бағасын немесе иелігіндегі активтерді баға мен жалақы инфляциясының бір бөлігі емес, нақты пайда ретінде қабылдауы. Ақша елесі жалақы мен баға тұрақтылығы бар қоғамда туындауы мүмкін. Инфляция ұзаққа созылғанда адамдар жалақы мен баға өскенде жағдай жақсармайтынына көз жеткізеді, себебі жалақымен бірге баға да, басқа төлемдер де өседі.

ақша массасы (money supply) Экономикадағы ақша мөлшері. Бұл елдің орталық банкі ұсынған өз ақшасы (валютасы) болуы мүмкін немесе жергілікті ақшаның орнына қолданылатын шетел валютасы болуы мүмкін. Ақша туралы жалпы қабылданған бірде-бір түсінік

жок: бірақ банкноттар мен монеталар *заңды төлем құралы және кез келген анықтамаға қосылуы керек, талап бойынша өтеуге жататын банктік салымдар алынып тасталмайды. Банктік емес қаржы делдалдарында әртүрлі тәсілдермен қосылуы немесе шығарылуы мүмкін тұрғын үй құрылыс жинақтары және жоғары өтімді бағалы қағаздардың әртүрлі формалары сияқты депозит түрлері бар. Ұлыбританияда қолданылатын түрлі анықтамаларды оқу үшін *M0 – *M5 қараңыз.

ақша массасы (quantity of money) Елдегі айналымдағы ақшалай қаражат жиынтығы. Ақша түсінігінің бірнеше анықтамасы бар. Толығырақ ақпарат үшін M0; M1; M2; M3, M4 және M5 қараңыз.

ақша мультипликаторы (money multiplier) Ақша массасының өсуі ұлттық кіріс деңгейін өзгертетін мөлшерлеме. *IS-LM үлгісінде ақша массасының өсуі LM қисығын ауытқытып, ұлттық кірісті арттырады. Басқа экономикалық модельдерде ақша массасының өсуі өндірісте уақытша әсер етеді және баға деңгейіне тұрақты әсер етеді.

ақша нарығы (money market) Өте қысқа мерзімді несиелер нарығы. Өте қысқа мерзімде, мысалы, тұнара несиелендіру кезінде транзакция шығыны пайыздық мөлшерлеменен салыстырғанда өте жоғары, сондықтан ақша нарығындағы операциялар әдетте үлкен мөлшерде жасалады; ал қатысушылардың басым бөлігі, негізінен, банктер және басқа ірі қаржы институттары, *дисконт-хаус, мысалы, ірі фирмалар және кейбір өте бай адамдар.

ақша реформасы (currency reform) Валютаны жаңа валютаға ауыстыру. Инфляция ескі валюта бірлігінің құнын ыңғайсыз деңгейге

дейін құнсыздандырғанда қолданыс қолайлылығы үшін жасалуы мүмкін. Мысалы, 2005 жылы жаңа түрік лирасы ескі түрік лирасын алмастырды. Сол кезде 1 жаңа түрік лирасы 1 000 000 ескі түрік лирасына тең еді. Сондай-ақ валюта ұстаушылар өз активтерінің мөлшерін салық органдарының немесе полицияның назарына жеткізбеуді қалағанда, валюта реформасы ақшаны айналымнан шығару үшін қолданылады. Бұл кез келген тұлға алуы мүмкін жаңа ақша сомасына шектеу енгізумен жүзеге асырылады.

ақшаға сұраныс (demand for money) Тұтынушылар мен фирмалар ұстағысы келетін ақша сомасы немесе ұстауға қажет ақша сомасын анықтайтын функция. *Кейнстік экономикада басқа байлық формалары емес, ақша ұстаудың негізгі себептеріне операция себебі (күнделікті қажетті өтеу), алыпсатарлық себеп (активтер бағасының төмендеуін болжау) және сақтық себебі (болашақ күтпеген шығындарды өтеу) жатады. Жалпылай айтқанда, ақшаға сұранысқа әсер ететін негізгі факторларға баға, пайыздық мөлшерлемелер, табыс, алмастырушылар болуы және инфляцияны күту жатады.

ақшаға сұраныстың пайызға икемділігі (interest-elasticity of the demand for money) Сұратылған ақша сомасының пропорционал өзгеруінің пайыздық мөлшерлемедегі пропорционал өзгеріске қатынасы. Бұл ақшаға сұраныстың пайыздық мөлшерлемедегі өзгерістерге реакциясының өлшемі. Минус белгісі анықтамаға әдетте икемділікке оң сан беру үшін енгізіледі. Икемділікті ε десек, мынаны аламыз:

$$\varepsilon = -\left(\frac{dM}{M}\right) / \left(\frac{di}{i}\right) = -\left(\frac{i}{M}\right) \left(\frac{dM}{di}\right)$$

мұнда M - ақшаға сұраныс, i – пайыздық мөлшерлеме.

ақшадан қашу (flight from money) Кем дегенде адамдар өз елінде жоғары инфляцияның әсерінен ақшаны қолданудан бас тарту тенденциясы. *Гиперинфляция жағдайында адамдар ақшаны қабылдаудан бас тартады және қабылдаған ақшаны мүмкіндігінше тезірек жұмсауға тырысады. *Айырбас құралы ретіндегі ақшаның орнын темекі секілді тауарлар басып, адамдар бартерге қайта оралуы мүмкін. Ел ішінде шетелдік валютаға қол жеткізу мүмкін болса, ол да қолданылады.

ақшалай емес жұмыс сипаттамалары (non-monetary job characteristics) Қаржылай марапаттардан басқа жұмыс сипаттамасы. Оларға сағаттар мен жұмыс жағдайы, демалыс саны, оқу шарттары, көтермелеу мүмкіндіктері, жұмыс орнында орналасуы, сондай-ақ менеджерлер мен еңбек әріптестерінің жеке тұлғалары жатады. Олар таза қаржы шарттарымен, төлемдер мен сыйақылардан, зейнетақы құқығынан, тегін немесе субсидияланған медициналық сақтандырудан айырмашылығы бар және үй сатып алуға көмектеседі. Кейбір жұмыс сипаттарының айқын түрде өлшеуге болатын қаржылай мәні бар, мысалы, қызметкердің жұмысқа қабілетін арттыратын жұмысқа немесе оқытуға арналған икемді кесте.

ақшалай жалақы (money wages) Жалақы мөлшерлемесінің ақшалай бағалануы. **НАҚТЫ ЖАЛАҚЫНЫ ҚАРАҢЫЗ.**

ақша-несие саясаты (monetary policy) Үкімет немесе орталық банктің экономикаға әсер ету үшін пайыздық мөлшерлемелерді немесе ақша массасын бақылауды қолдануы. Ақша-несие

саясатының мақсаты – айырбас бағамының немесе төлем балансының, баға деңгейінің, нақты белсенділіктің өсу қарқынын немесе қажет деңгейін қамтамасыз ету болуы мүмкін. Ақша-несие саясатының әдістері орталық банктер алатын пайыздық мөлшерлеме орнатылуын, ақша массасын бақылау үшін бағалы қағаздарды сату немесе сатып алуды, сондай-ақ банктердің және басқа қаржы институттарының міндетті жарғы қорларындағы өзгерістерді қамтиды. Орталық банк басқа пайыздық мөлшерлемелерге былай әсер ете алады: банктерге несиелеудің өз пайыздық мөлшерлемелері бойынша несие алу қажеті туындауы мүмкін ықтималдығына әсер ету үшін *ашық нарықтардағы операциялар арқылы немесе нарық пен биліктің болжамдары мен мақсаттарының мәлімдемесі ретінде қабылданатын орталық банктің несиелендірудің минимал мөлшеріне өзгерістері туралы *хабарландыру әсері арқылы. Ақша-несие саясаты нақты белсенділікке несиенің құны мен оларға қол жеткізу мүмкіндігіне әсер ету арқылы жұмыс істейді, бұл инфляцияға және халықаралық капитал қозғалысына, сәйкесінше, айырбас бағамына әсер етеді. Орталық банк пен үкіметтің ақша-несие және басқа да экономикалық мәселелер бойынша мәлімдемелері ақша-несие саясаты практикасын күшейтуде тиімді болуы мүмкін, бірақ олардың орнын баса алмайды.

Ақша-несие саясаты комитеті (АНСК) (Monetary Policy Committee) (MPC) Англия банкіне 1997 жылы егемендік берілгенде ақша-несие саясаты мәселелері және пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі жөнінде кеңес беру үшін комитет құрылды. Комитет құрамына банк басқарушысы және сегіз басқа мүше кіреді, олардың жартысы банктің өз қызметкерлерінен, ал жартысы сырттан

алынады. Ақша-несие саясаты комитеті ай сайын жиналады және оның хаттамалары сәл кешіктіріп жарияланады. www.bankofengland.co.uk/moneypolicy/overview.htm – Англия банкінің Ақша-несие саясаты комитетінің веб-парақшасы.

ақша-несие саясатын бақылау (monetary control) АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫН ҚАРАҢЫЗ.

ақшаны жылыстату, ақшаның ізін суыту (money laundering) Ақша қорларының соңғы көзін жасыру үшін күрделі транзакциялар сериясын ұдайы пайдалану. Ол заңсыз есірткі айналымы, *сыбайлас жемқорлық, алаяқтық және *салықтан заңсыз жалтару сияқты заңсыз қызметтен түскен табысты бүркемелеуде кеңінен қолданылады.

ақшаның 100 пайыз алтынмен қамтамасыз етілуі (100 per cent gold backing) Валюта шығаратын банктен шығарылған ақша бағасына тең болатын алтын қорын ұстауды талап ететін резервтеу ережесі. Бұл валюта мен тұрақты алтын валютасы арасындағы жалғыз айырмашылық – алтынды өңдеумен байланысты операциялық шығындардан үнемдеуге болатыны. Ережелердің бұл түрі әдетте алтын монеталарды пайдалану сияқты себептер бойынша қолайсыз.

ақшаның бейтараптығы (neutrality of money) Экономикадағы ақша көлемін өзгерту концепті тек қана бірліктердің өзгеруі ретінде номинал айнымалыларға әсер етеді және ұтымды экономикалық агенттердің мінез-құлқымен байланысты емес. Ақшаның бейтараптығын XVIII ғасырда алғаш рет Дэвид Хьюм (1711–1776) анықтаған, кейінірек *ақшаның сандық теориясына айналды. Хьюм болжамы бойынша, ұзақмерзімді

перспективада ақша массасына парапар номинал бағаның өсуі әртүрлі елдердегі деректер көмегімен – эмпирикалық жолмен расталды. «Бейтараптық теоремалары» бұл нәтижені *жалпы тепе-теңдік динамикалық теориясына сүйеніп жасайды. Қысқамерзімді перспективада ақшаның бейтараптығы және ақша-несие саясатының әлеуеті, әсіресе монетарлық экспансия, нақты экономикалық белсенділікті ынталандыру үшін 1930 жылдардағы депрессиядан кейінгі *кейінгістік экономиканың басты бағыты болды. 1970 жылдары күтілетін және күтілмеген ақшалай дегбір әсері мен *рационал болжалдардың ролі арасындағы айырмашылық уақытша сериялар мен елдік деректерге бөлінді. Ақша массасының өсу қарқынының күтілетін өзгерістері жұмыспен қамту мен өндірістің өзгеруіне байланысты емес, тек инфляцияға әсер етеді. Басқа жағынан, күтпеген ақша кеңеюі экономикалық буммен және депрессиялармен байланысты болды.

ақшаның сандық теориясы (quantity theory of money) *Баға деңгейі *ақша массасына пропорционал екені туралы теория. Бұл $MV = PT$ *сандық теңдеумен көрсетіледі, мұнда M – ақша массасы, V – *айналым жылдамдығы, P – баға деңгейі, ал T – транзакциялар көлемі. Сандық теория бойынша T нақты шығарылым деңгейін анықтайтын ұсыныс күштерімен және жиынтық транзакциялардың шығарылымға қатынасын айқындайтын институттық факторлармен анықталады; ал V қаржы жүйесінің құқықтық мәртебесі мен операциялық дағдыларымен анықталады. Бұл жорамалдар T және V -ді тұрақты шама ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Сандық теңдеуден P M -ге пропорционал деп пайымдауға болады. Бұл пайымдау Милтон Фридманның

(1912–2006) «инфляция акша массасының ұлғаюынан туындайды» деген тұжырымын дәлелдейді. *T* және *V* тұрақты шама деп есептелмесе, онда акша мен баға арасындағы тікелей байланыс жоғалады және талдауда экономикалық пайымдардың кең спектрі қарастырылады.

ақшаның шекті пайдалылығы (marginal utility of money) Акша бірлігіне шаққанда біршама қосымша ақшалай қаражат бергенде жеке тұлғаның пайдалылығы артатын сома қосымша ақшалай қаражат пайдалылықты екі тәсілмен көбейте алады. Біріншіден, тұтынушы тұтынуға жұмсай алатын байлыққа қосымша болады. Ақшаның шекті пайдалылығы ол қаржыландыратын қосымша тұтыну арқылы қалыптасады. Екіншіден, ақшаға сұраныстың кейбір модельдері тұтынушылар ақшаны сақтаудан (қорда ұстаудан) пайда көреді деп тұжырымдайды. Содан кейін сақталатын ақша сомасы пайдалылық функциясының дәлелі ретінде енгізіледі және ақшаның шекті пайдалылығы осы дәлелдің ұлғаюынан туындайды.

АҚШ-тағы дефицит (US deficit) Америка Құрама Штаттарындағы *бюджет дефициті. 1980 жылдары бұл процесс айтарлықтай өсті және оны тоқтатуға бірнеше рет саяси уәде берілуіне және оны *Грэм-Рудман-Холлингс заңының көмегімен жасауға талпынысына қарамастан, 1990 жылға дейін жалғасты. АҚШ экономикасының өсуіне байланысты 1990 жылдардың соңында дефицит жоғалды, бірақ 2004 жылы рекорд дефицит орнады. Ол 2008 жылға дейін тұрақтанды, содан кейін күрт өсе бастады. «Дефицит» ағымдағы шот бойынша АҚШ төлем балансы дефициті сияқты емес, алайда бюджет дефициті сыртқы тапшылықтың негізгі себебі болған.

ақы төленбейтін еңбек (unpaid labour) Материалдық өтемақы алмайтын, тауарлар мен қызметтерді өндіруге жұмсалатын еңбек шығыны. Бұл *үй шаруашылығындағы өндірісті, сондай-ақ нарықтағы ақы төленбейтін тауарлар өндірісі мен табиғи өндірісті қамтиды.

ақылдың сыртқа кетуі (brain drain) Кедей елдердегі талантты адамдардың бай елдерде жұмысқа орналасуға ұмтылу үрдісі. Кейде бұл миграцияға кедей және бай елдердің екеуі де ұқсас дағдыларға мұқтаж болуы, ал бай елдер жұмысшыларына жоғары өмір сүру деңгейін ұсынуы әсер етеді. Ақылдың сыртқа кетуіне кедей елдердегі экономикалық және технологиялық жағдай жұмысқа орналасу мүмкіндігін шектеуі немесе жоқ етуі себеп болады. Сондай-ақ кедей елдерде жақсы жұмыс орындары отбасылық байланыс, саяси ықпал және сыбайлас жемқорлыққа сүйеніп иемденеді, ал орта деңгейдегі бай мемлекеттерде бұлардың кейбірі бар болғанымен, жұмыс орындары меритократияға сүйеніп үлестіріледі. Осындай тенденциялар да ақылдың сыртқа кетуіне түрткі болуы мүмкін.

ақысы төленген капитал (paid-up capital) Акционерлердің іс жүзінде ақысы төленген акционерлік капиталының бір бөлігі. Барлық жарияланған акциялар шығарылмағандықтан немесе шығарылған акциялар ішінара өтелгендігіне байланысты айырмашылық туындауы мүмкін.

алғашқы жолсалушының артықшылығы (first-mover advantage) Бірінші әрекет жасағанның стратегиялық артықшылығы бар деп тұжырымдалады. Мысалы, біртектес тауарлары бар *Штакельберг дуополиясында өнім таңдаудағы алғашқы жолсалушы фирма *Курно

бәсекесіндегі сияқты бірдей кадам жа-сағанға караганда, салыстырмалы түр-де жоғары пайдаға кенеледі. Барлық ойындар алғашқы жолсалушының ар-тықшылығымен сипатталмайды (рет-тік кадамдары бар «қағаз, тас, кайшы» ойынын карастырыңыз).

алғашқы үздік бөлініс (first-best allocations) Экономикалық саясатты калып-тастыратын тұлғаға технологиялар мен ресурстар ғана шектеу болганда үлестірім топтамасына кол жеткізіледі. Мысалы, екі тұтынушысы бар бир-жалық экономикада алғашқы үздік бө-лініс *Парето тиімділігі бөлінісінің *келісімшарт кисығына сәйкес келе-ді. Алғашқы үздік бөлініс экономика-лық тиімді, бірақ ол әділ болуға тиісті емес. Егер саясатты калыптастырушы тұлға технологиялық және ресурстык шектеулерге косымша тағы да шектеу-лерге тап болса, екінші үздік бөлініске кол жеткізуге болады. Косымша шек-теулерге ресурстардың мүмкін болатын қайта бөлу дәрежесін шектейтін акпа-раттық шектеулер жатады.

алдын ала (ex ante) Латын тілінен сөз-бе-сөз аудармасы: «бұрынғы» дегенді білдіреді. Термин табиғи жағдайы мә-лім болғанға дейін қолданылатын әре-кеттерді (мысалы, әрекеттер, шешім-дер, болжамдарды калыптастыру) си-паттайды. Мысалы, фирма келер жыл-ға инвестицияларды *алдын ала* жоспар-лай алады, бірақ жоспарлы жыл кел-генде нарықтағы жағдайлар нашар бо-луы мүмкін (табиғи жағдайы іске асы-рылганда) және фирмада инвестиция-ларды жүзеге асыруға ынта болмауы мүмкін. *Ex ante* – оқиғадан кейін қа-растыруды білдіретін **ex post* түсінігі-не қайшы ұғым.

алдын ала мөлшерленген жалақы (reservation wage) Жұмысшы жана жұмыс

орнын іздеп жүргенде алуға дайын ең төмен жалақы мөлшері. Ұсынылған жалақы алдын ала мөлшерленген жа-лақыдан төмен болса, жұмысшы ұсы-нысты қабылдамайды. Алдын ала мөл-шерленген жалақы ағымдағы жалақы-мен (қызметкер жұмыспен камтылған болса), жәрдемақы деңгейімен (қыз-меткер қазір жұмыссыз болса) және бо-лашақта жалақы жөнінде қандай бас-қа ұсыныстарға кол жеткізуге болаты-нымен анықталады. Сондай-ак ІЗДІ-УДІ *қараңыз*.

алдын ала міндеттеме (pre-commitment) МІНДЕТТЕМЕНІ *қараңыз*.

алдын ала сақтау бағасы (reservation price) Сатып алушы тауарға төлеуге дайын ең жоғары баға немесе сатушы қабылдай-тын ең төмен баға.

алдын ала сақтау пайдалылығы (reservation utility) Пайдалылықтың ең төмен деңгейі, ол агентке тартымды болуы үшін *келісімшартпен кепілдендірілу-ге тиіс. Сондай-ак ПРИНЦИПАЛ-АГЕНТ ПРОБЛЕМАСЫН *қараңыз*.

алдыңғы (prior) Бастапқы мән немесе ықтималдық таралуы *Байес эконо-метрикасы параметріне байланысты. БАЙЕС КОРЫТЫНДЫСЫН *қараңыз*.

алдыңғы қатарлы экономикалар (advanced economies) *Халықаралық ва-люта қоры жіктемесінде бұл елдер жан басына шаққандағы жоғары та-бысымен, әртараптанған экспорты-мен және жаһандық қаржы жүйесіне тығыз интеграциялануымен сипатта-лады. Алдыңғы қатарлы 39 экономи-каға *Үлкен жеті ел мен *еуро айма-ғының барлық елі кіреді. ХВК мәлі-меттері бойынша, 2015 жылы бұл топ-тағы елдерге дүниежүзілік ЖІӨ-нің 42.4 пайызы тиесілі, алайда олар

әлемдегі барлық халықтың тек 14,6 пайыз үлесін құрады.

Алле парадоксі (Allais paradox) Белгісіздік жағдайында таңдау жасауға бір мысал. Онда эксперимент субъектілерінің көпшілігі үшін нәтиже *күтілетін пайдалылық теориясының аксиомаларын бұзады. Бірінші экспериментте сынақтан өтушілерге 1 млн £ алу немесе құмар ойындар ойнап ақша ұтып алуын біреуін таңдау ұсынылады. Құмар ойыннан 1 млн £ ұтып алу ықтималдығы – 0,89, 5 млн £ ұтып алу ықтималдығы – 0,1 және ештеңе ұтпау ықтималдығы – 0,01. Сынақтан өтушілердің көбі 1 млн фунт стерлингі таңдайды. Екінші экспериментте екі түрлі құмар ойын арасында таңдау жасау ұсынылады. Бірінші құмар ойында жүлде ұтпаудың ықтималдығы – 0,89, ал 1 млн £ ұтып алу ықтималдығы – 0,11 болды. Екінші құмар ойында ұтыссыз қалу ықтималдығы – 0,9 және 5 млн £ ұту ықтималдығы – 0,1 болды. Сынақтан өтушілердің көбі екінші құмар ойынды таңдады. Бұл типтік таңдаулар күтілетін пайдалылық теориясының тәуелсіздік аксиомаларын бұзады: бірінші экспериментте бірінші нұсқа таңдалса, онда екінші экспериментте де бірінші нұсқаны таңдау қажет. Алле парадоксі және басқа да осындай мысалдар күтілетін пайдалылық теориясына балама іздеуге итермелейді. АНОМАЛИЯЛАР: МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ; ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ТЕОРИЯСЫ; ПЕРСПЕКТИВАЛАР ТЕОРИЯСЫН *да қараңыз.*

алмастыру (substitute) Бейресми деңгейде бір тауар немесе қызмет сол немесе кем дегенде соған ұқсайтын қажетті өтеу үшін пайдалануға болатын басқа тауар не қызметке алмастырылуы. Бір тауардың бағасы өсуі пайдалылық деңгейін тұрақты сақтай отырып, басқасына сұранысты арттырса, ресми

түрде тауарлар жұбы бірін-бірі алмастырушы болып есептеледі. Демек, *алмастыру әсері теріс. (*Дөнес қалаулы екі тауар ғана болса, онда олар алмастырғыш болуы керек, сондықтан жоғарыда келтірілген анықтаманың үш не одан көп тауар болғанда ғана мәні бар). Бұл екі тауар арасындағы қатынас пайдалылықтың тұрақты деңгейін сақтай отырып, бір тауар бағасының артуы басқа тауарға сұранысты арттыратын бірін-бірі толықтырушы тауарлар арасындағы қатынастан ерекшеленеді. Бұл алмастырудың он әсері. Сондай-ақ МІНСІЗ АЛМАСТЫРУДЫ *қараңыз.*

алмастыру (substitution) Баға қатынасындағы өзгерістерге жауап ретінде бір тауар немесе қызметті тұтынуды екіншісіне ауыстыру. Тұрақты пайдалылықты сақтай отырып, екі тауар немесе қызмет арасындағы *алмастыру икемділігі – сәйкес тұтыну мөлшерінің пропорционал өзгеруінің салыстырмалы бағадағы пропорционал өзгеріске қатынасы. Бір тауардың бағасы өзгеріп, өзге тауарлардың бағасы тұрақты өзгеріссіз қалса, онда сұраныстың өзгеруін *алмастыру әсері мен *табыс әсеріне бөлуге болады. Алмастыру әсері – пайдалылықтың тұрақты деңгейін сақтап отыратын тұтыну өзгерісі, ол тұтынушылар баға өзгерісі үшін өтемақы алғанда тұтыну қалай өзгертетінін көрсетеді. Сондай-ақ АЛМАСТЫРУ ИКЕМДІЛІГІ; ИМПОРТТЫ АЛМАСТЫРУ; АЛМАСТЫРУДЫҢ ШЕКТІ НОРМАСЫ; АЛМАСТЫРУ ӘСЕРІН *де қараңыз.*

алмастыру әсері (substitution effect) Тұтынушы сол пайдалылық деңгейінде қалу үшін жеткілікті өтемақы алғанда i тауарына сұраныстың j тауары бағасының өсуіне әсері. Алмастыру әсері талғамсыздық қисығы бойымен қозғалуымен анықталады. Демек, қандай да бір алмастыру ықтималдығы болса,

тауар бағасының өсуі нәтижесінде пайда болатын алмастыру әсері әркез оң емес және үнемі қатаң теріс болады. Сондай-ақ СЛУЦКИЙ ТЕНДЕУІН қараңыз.

алмастыру икемділігі (elasticity of substitution) Сұранысқа түскен екі тауардың салыстырмалы көлеміндегі пропорционал өзгерістің олардың салыстырмалы бағасындағы пропорционал өзгеріске қатынасы. p_x және p_y , X және Y тауарларының бағасы делік. Ал q_x және q_y оларға сұраныстың көлемі делік. σ алмастыру икемділігі былай анықталады:

$$\sigma = - \left(\frac{d(q_x / q_y)}{q_x / q_y} \right) / \left(\frac{d(p_x / p_y)}{p_x / p_y} \right) = - \frac{d \ln(q_x / q_y)}{d \ln(p_x / p_y)}$$

Бұл жердегі минус белгісін σ оң етеді. Екі тауар үздік алмастырушы болған сайын, олардың арасындағы σ көрсеткіші жоғары болады. Мінсіз алмастырушылар үшін σ көрсеткіші шексіз болады. Егер $\sigma > 1$ болса, тауар салыстырмалы түрде арзан болады және ол жалпы шығынның қомақты бөлігін қамтиды. Егер $\sigma < 1$ болса, тауар салыстырмалы түрде арзан болады және ол жалпы шығынның аз бөлігін ғана қамтиды. Егер $\sigma = 1$ болса, екі тауар бір-бірінің салыстырмалы бағасына қарамастан, шығынның тұрақты бөлігін қамтиды. Алмастыру икемділігі $p_x p_y = U_x U_y$ қатынасын қолдану арқылы шекті пайдалылық терминімен жазылуы мүмкін.

алмастырудың тұрақты икемділігі (constant elasticity of substitution) Өндірістің немесе пайдалылық функциясының сипаты, мысалы, салыстырмалы бағалағы пропорционал өзгерістер және салыстырмалы мөлшердегі пропорционал өзгерістер арасындағы қатынас әрқашан бірдей болады. Алмастырудың тұрақты икемділігі былай беріледі:

$$y = k \left[\delta (x_1)^{\rho} + [1 - \delta] (x_2)^{\rho} \right]^{1/\rho}$$

мұнда y – шығым (өндіріс) көлемі немесе пайдалылық, ал x_1 және x_2 – кірім (ресурстар), k – тұрақты шама. Салыстырмалы мөлшердегі пропорционал өзгерістердің салыстырмалы бағалағы пропорционал өзгерістерге қатынасы алмастыру икемділігі болып келеді, $\sigma = 1/(1 - \rho)$; егер $1 > \rho > 0$ болса, онда $\sigma > 1$ және тауарлар – жақсы алмастырушы; ал $\rho < 0$ болса, онда $\sigma < 1$ және тауарлар – нашар алмастырушы. Егер $\rho = 1$ (алмастырудың «шексіз үлкен» икемділігі) болса, онда тауарлар мінсіз алмастырушы. *Кобб-Дуглас функциясы $\rho = 0$ сәйкес келетін шекті жағдай. Бұл жағдайда $\sigma = 1$ болады.

алмастырудың шекті нормасы (marginal rate of substitution) Тауарлардың бір түрінің бірліктері азаюына байланысты тұтынушыға оның орнын толтыру үшін ұсынылатын басқа тауардың қосымша мөлшері. Белгілі бір тұтыну деңгейінде алмастырудың шекті нормасы *талғамсыздық қисығы градиентінің теріс мәнімен анықталады. Бұл екі өнімге арналған шекті пайдалылықтың арақатынасы, сондықтан дифференциалды пайдалылық функциясы үшін x және y тауарлары арасында алмастырудың шекті нормасы мынадай болады:

$$MRS_{xy} = \frac{\partial U}{\partial x} / \frac{\partial U}{\partial y}$$

Алмон үлестірім лагы (Almon distributed lag) Лаг коэффициенттері көпмүшелі функциялар болып параметрленетін шектелген лаг моделінің бір нұсқасы. Бұл модель тәуелді айнымалыларға лаг айнымалылардың арта қалған немесе біркелкі емес әсерін көрсетеді. Ол, негізінен, ұзақ

лағтары бар қысқамерзімді серияларға қатысты қолданылады. Шектелген функционал формаларға ортақ негізгі кемшілік – оның индукцияланған *автокорреляциясы.

алтын (gold) Ақша формасы, зергерлік бұйымдар мен басқа да мақсаттар үшін кеңінен қолданылатын бағалы металл. Алтын ақша ретінде қолданыла бастағанға және одан монеталар жасалғанға дейін басқа да мақсаттарда пайдаланылатын. Алтын монеталар бір кездері жалпы айналымда болды, бірақ алтынды енді ақшалай пайдалану тек қана оны орталық банктердің *шетел валютасы резервтерінің бір бөлігі ретінде алтын құйма түрінде сақтаумен шектеледі. Кейбір адамдар әлі күнге дейін өзінің байлығын алтын түрінде сақтайды. Өйткені олар мемлекеттің инфляцияға ұшырауы мүмкін валютасына сенбейді. Алтын өндіру нақты ресурстарды талап етеді, сондықтан оның қағаз ақшадан айырмашылығы – алтынның құны инфляция арқылы жойылуы мүмкін емес. АЛТЫН СТАНДАРТЫН *да қараңыз.*

алтын ереже (golden rule) 1. (Экономикалық теорияда) *Қиылысатын буын моделінде еңбектің капиталмен жарактану коэффициенті k және жан басына шаққандағы тұтынуды арттыратын халықтың өсу көрсеткіші n арасындағы байланысы: $f(k) = n$, мұнда f еңбектің капиталмен жабдықталу коэффициенті ретінде әр еңбекке шаққандағы өндіріс көлемін білдіреді және, сәйкесінше, $f(k)$ – капиталдың шекті өнімі. r бәсекелі экономикада пайыздық мөлшерлемеге тең, сәйкесінше, алтын ереженің балама тұжырымы $r = n$ болады.

2. (Британия саясатында) Бұл ережені 1997 жылы Гордон Браун басқарған *Ұлыбритания Қаржы министрлігі енгізді. Ол ережеде үкімет инвестиция

үшін ғана несие ала алады және ағымдағы бюджет экономикалық цикл кезінде теңдестірілуге тиіс деп тұжырымдайды. 2005 жылдың экономикалық қиындықтары алтын ереже бұзылатынын білдірді. Сондықтан үкімет циклдің басталу күнін 1999 жылдан 1997 жылға өзгертті. 2008 жылы циклдің аяқталу күні сол себепке байланысты өзгертілді. Бұл өзгерістер ережеге деген *сенімділікке саясатты әзірлеу процесінде ендігері мән бермейтіндей нұқсан келтірді.

алтын және шетелдік валюта резервтері (gold and foreign exchange reserves) ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТА ҚОРЫН *қараңыз.*

алтын жиекті бағалы қағаздар (gilt-edged security) (gilts) Ұлыбритания үкіметі шығарған тіркелген пайызы бар бағалы қағаз. Алтын жиекті бағалы қағаздарға өтеу мерзімі 15 немесе одан да көп жылды құрайтын ұзақмерзімді және өтеу мерзімі 5–15 жылды құрайтын ортамерзімді немесе өтеу мерзімі 5 жылға дейінгі уақытты қамтитын қайта сатып алынбайтын консольдер жатады. Алтын жиекті бағалы қағаздар дефолт қатерінен өте қауіпсіз деп есептеледі, бірақ ол бағада ағымдағы пайыздық мөлшерлемесіне кері пропорционал ауытқиды. Осыған байланысты ұзақмерзімді бағалы қағаздар қатерге көп ұшырайды. Инфляция қатерін төмендететін индекстелген алтын жиекті бағалы қағаздар да бар.

алтын нүктелер (gold points) Алтынды бір елден екіншісіне тасымалдау тиімді болған алтын стандарты бойынша валюта бағамдарының мәні. Мысалы, егер доллар фунт стерлингке қатысты өссе, фунт стерлингте ұстайтын, бірақ төлемдері доллармен болған фирма Англияның банкінен алтын сатып алып, оны Нью-Йоркке жіберіп, Федералдық

резерв банкіне сатып, доллар сатып ала алады. Алтын нүктелер доллар сатып алушыларға ең арзан баға ретінде тиімді болды және долларлардың ең жоғарғы бағасы болып Нью-Йорктен Лондонға алтын тасымалдаушыларға тиімді болды. Қазіргі бейбіт заманда заманауи көлік құралдары алтын тасымалын барынша арзандата түсті, бұл алтын нүктелерді бір-біріне өте жақын етті: осылайша нарықтағы бағам мен айырбас бағамының ықтимал ауытқуы өте аз болады.

алтын паритеті (gold parity) Алтын стандартына сәйкес мемлекет валютасының құрамындағы алтынның ресми номинал құны.

алтын стандарты (gold standard) Орталық банктің немесе әр ел үкіметінің *айырбас бағамдарын тіркеу жүйесі. Ол ел валютасының тіркелген баға бойынша алтынға еркін айырбасталуын қамтамасыз етеді. Осы жүйе аясында айырбас бағамдарының номинал құны белгілі бір алтын үшін алуға болатын әр валюта сомасымен белгіленеді. Осылайша түрлі мемлекеттер арасындағы алтын жеткізудің операциялық шығыны орнататын шектеулерге карағанда, айырбас бағамдары әдетте паритеттен қатты алшақ кетпейді. Егер алтын әр мемлекет ішінде айналымға түссе және ол еркін түрде импортталса немесе экспортталса, жоғарыда айтылған ереже қолданылады.

алтын-валюта стандарты (gold exchange standard) АЛТЫН СТАНДАРТТЫҢ қараңыз.

алыпсатар (speculator) Күтілетін пайда үшін *кәтерді қабылдайтын жеке тұлға немесе фирма. Алыпсатарлардың бұған дайын болуына себеп – олар өзінде нарықтың басқа қатысушыларына

карағанда жақсы (толығырақ) ақпарат және келешек бағаны болжау қабілеті бар деп есептейді немесе олар *кәтерге бейтарап немесе кәтерді басқаға беру үшін төлеуге дайын нарықтың басқа қатысушыларына карағанда *кәтерден қашады. *Алыпсатарлық экономика тұрақсыздығының себебі ретінде қарастырылады. Мұны ықтимал кемшіліктерді алыпсатарлар басқа адамдардың активтер *өтімділігін қамтамасыз етеді деген пікірге қарсы қойса болады, олардың әрекеттері орташа алғанда бағаның өсуіне карағанда ауытқуын теңестіреді және көптеген инновацияларды қаржыландыру алыпсатарларсыз мүмкін болмас еді.

алыпсатарлық (speculation) Тауарлар, активтер немесе валюталардың бағасының күтілетін өзгерісінен пайда алуға бағытталған экономикалық әрекет. Белгісіздік әлемінде мәмілелердің көпшілігін алыпсатарлықпен түсіндіруге болады, бірақ алыпсатарлық термині күтілетін *капитал өсімін қамтамасыз етуге негізгі түрткі болатын мәмілеге арналған. Алыпсатарлар өзіне керек емес, бірақ олардың бағасы өседі деп күтілетін тауарларды не активтерді немесе опциондар секілді активтерді сатып алуы мүмкін. Олар активтерді сатып алуға төлейтін қаражаты жоқ келісімшарт жасай алады. Алыпсатарлар шын мәнінде айырылғысы келмейтін, бірақ бағасы төмендеуі ықтимал деп күтілетін тауарларды, активтерді немесе валюталарды сатуы мүмкін, осылайша алыпсатарлар оларды қайта арзанға сатып алады немесе олар бұл активтерге *пут-опциондарды (сату опциондарын) сатып алуы мүмкін. Сондай-ақ іс жүзінде иелік етпейтін активтерді сатуға контракт жасауға болады. Жана *туынды қаржы құралдарын енгізу алыпсатарлық үшін мүмкіндіктерді кеңейтті.

алыпсатарлық көпіршік (speculative bubble) КӨПІРШКІТІ қараңыз.

алыпсатарлық уәж (speculative motive) Күтілетін пайыздық мөлшерлеме өзгерісінен пайда алу мақсатында *ақшаға туындайтын сұраныс компоненті. Кейінгі ақша теориясында мұндай болжалдар маңызды. Егер пайыздық мөлшерлемелер өсуі мүмкін, сәйкесінше, облигациялардың бағасы құлдырайды деп есептесек, бұл облигацияларды тартымсыз, ал ақшаны анағұрлым тартымды етеді. Бұл облигацияларды сатуға және ақшаны сақтауға немесе облигацияларды сатып алуға кейінге қалдыру мен облигацияларға салған жағдайда пайыздардан табыс табуға мүмкін болатын ақшаны сақтауға ынталандырады. Осыған ұқсас, егер пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуі мен облигацияларға бағаның өсуі күтілсе, бұл облигацияларды ақшаға карағанда тартымды етеді, сөйтіп ақша жинақтарын қысқарту мен облигацияларды сатып алуға ынталандырады.

альтруизм (altruism) Өзгелерге риясыз қамқорлық. Стандарт экономикалық талдауда шешім қабылдайтын тұлғалар алдымен өз мүддесін бірінші орынға қояды деп ұйғарылады. Бұл жорамал донорға ешқандай тікелей пайда әкелмейтін қайырымдылық қорларына берілген жарна секілді көптеген экономикалық таңдауға қайшы келеді. Осындай экономикалық таңдауды альтруизм тұжырымдамасы түсіндіреді. Альтруизмді экономикалық құрылымға қосу – даулы мәселе. Өйткені альтруизм әрекетінен тиімділік өссе, онда әрекет риясыз болмауы мүмкін.

«альфа» акциялары (alpha stocks) *Қор биржасының автоматтандырылған баға белгілеу жүйесінде белсенді сатылатын бағалы қағаздар. Лондон қор

биржасының ресми пайдалануында болғанда 100-ге жуық бағалы қағаз осы санатқа кірді. Бұл айналымы үлкен және *нарықтағы капиталдануы жоғары компаниялардың акциялары болатын. Альфа акцияларының көптеген *маркет-мейкері болды және олар бойынша транзакцияларды дереу жариялау сұралды. Олар санаттау (категориялау) жүйесінің бір бөлігі болды. Санаттарға бета, гамма және дельта акциялары да кірді. Бұл акциялар ұсақ және саудаласу қарқыны төмен компаниялардың акциялары еді.

Америка еңбек федерациясы және өнеркәсіп ұйымдарының конгресі (American Federation of Labor and Congress of Industrial Organizations) АҚШ-тағы негізгі еңбек федерациясы. Атауы 1955 жылы екі ассоциация бірігуінен туындады: AFL, негізінен, қолөнершілердің кәсіподақ ұйымы, ал CIO өнеркәсіп кәсіподағы болды. AFL-CIO, негізінен, саяси деңгейде жұмыс істейді: жалақы және басқа да өнеркәсіптік келіссөзді оған мүше кәсіподақтар жүзеге асырады. Бұл Британиядағы *Сауда кәсіподақтары конгресінің АҚШ-тағы баламасы.

Америка халқына арналған Боливар альянсы (Bolivarian Alliance for the Peoples of Our America) Латын Америкасы мен Кариб бассейні елдерінің сауда келісімі. АЛБА ұйымы 2004 жылы Солтүстік және Оңтүстік Американы қамтитын АҚШ ұсынған Еркін сауда келісіміне балама ретінде құрылды. 2016 жылы АЛБА ұйымына келесі 11 мүше ел кірді: Венесуэла, Куба, Боливия, Никарагуа, Доминика, Эквадор, Антигуа және Барбуда, Сент-Винсент және Гренадина, Сент-Люсия, Гренада, Сент-Китс және Невис Федерациясы. АЛБА ұйымының *сукре аталатын ішкі валютасы бар. Ол валюта 2010

жылдан бастап мүше-мемлекеттер арасында сауда транзакцияларына қолданылып келеді. www.alba-tcp.org/en – АЛБА ұйымының ресми веб-сайты (испан тілінде).

Америка экономика қауымдастығы (American Economic Association) Америка экономика қауымдастығы алғаш рет 1885 жылы ұйымдастырылып, 1923 жылы тіркелген. Қауымдастықтың негізгі мақсаттары – экономикалық зерттеулерді ынталандыру, экономика тақырыбында жарияланым шығару, сондай-ақ экономистер үшін америкалық еңбек нарығын ұйымдастыру. www.vanderbilt.edu/AEA – АЭҚ бас беті, онда мүшелік туралы мәліметтер және жарияланымдарға сілтемелер бар.

амортизация (amortization) Өндірістік активтің пайдалы қызмет ету мерзімінің соңында оны ауыстыру немесе несиені өтеу үшін белгілі бір кезең ішінде қор құру. Несиені өтеу жағдайында амортизацияға қажет сома жинақтаушы қордың пайыздық мөлшерлемесіне байланысты жиналады. Заттай активтерді алмастыру жағдайында қажет сома пайыздық мөлшерлемеге ғана емес, сондай-ақ активтің жарамдылық мерзіміне де тәуелді. Сонымен қатар ол алмастырудан күтілетін шығынға әсер ететін инфляция мөлшерлемесіне де тәуелді.

амортизация (валюта) (depreciation) (currency) ВАЛЮТА ҚҰНСЫЗДАНУЫН *қараңыз.*

амортизация (капитал) (depreciation) (capital) Капитал тауарлардың тоздан, *ескіруден құнын жоғалтуы. Экономикалық амортизация капитал тауарлардың нарықтағы құнының өзгеруінде көрінеді: тауар ескірген сайын оның нарықтағы бағасы төмендейді. Бухгалтерлік есепте капитал тауардың

құны жыл сайын экономикалық амортизацияға шамалас болу үшін жүйелі түрде азаяды деп болжанады. Тауар құнын экономикалық амортизацияға шамалас етуге басты себеп – капитал тауарлардың *босан нарықтары нарықтағы құнды бақылауды қиындатады. Баланс кестесіндегі актив құнының төмендеген сомасы балама жолдармен де анықталады. Амортизацияның сызықтық әдісі актив күтіліп отырған қызмет мерзімі ішінде жыл сайын өз құнының тең сомасын жоғалтады және есептен шығаруға қажет жыл мөлшері активтің түріне байланысты болады деп болжайды. Ал азайған қалдық әдісімен есептелетін амортизация актив толық есептен шығарылмайынша, алдыңғы жылдардағы есептен шығаруды есептегеннен қалған құнның тұрақты пайызын актив жоғалтады деп болжайды. **ЖЕДЕЛДЕТІЛГЕН АМОТИЗАЦИЯ; БАЛАНС АМОТИЗАЦИЯСЫНЫҢ АЗАЮЫ; АМОТИЗАЦИЯНЫҢ СЫЗЫҚТЫҚ ӘДІСІН *де қараңыз.***

Англия банкі (Bank of Englan) Ұлыбританияның *орталық банкі. Бастапқыда 1694 жылы үкіметке несие беру және *мемлекеттің қарызын басқару үшін жеке банк ретінде құрылған, XIX ғасырға қарай ол орталық банкке айналды. 1844 жылы банк жарғысы оның мәртебесін ресми түрде бекітті. Оның негізгі функциялары эмиссия департаменті арқылы *ақша ұсынысын бақылау және банк департаменті арқылы үкімет пен басқа банктер үшін банкир функцияларын орындау болды. Банк 1946 жылы ресми түрде мемлекет меншігіне өтті. Банк төрағасы мен директорларын қазір де үкімет тағайындайды. Англия банкі *валюта айырбасын бақылауды 1979 жылға, яғни оның күші жойылғанға дейін жүргізді. Сонымен қатар үкіметке 1997 жылға дейін *ақша-несие саясаты жөнінде

кеңес берді. Ол ұлттық *шетел валютасы қорларын валюта бағамдарын теңестіру шотында сақтайды және ұлттық қарызды басқарады. Ол сондай-ақ банк жүйесін қадағалауға жауап береді және қаржы дағдарысы жағдайында *түпкілікті кредитор ретінде әрекет етеді.

Англия банкіндегі шоттар (balances with the Bank of England) Ұлыбритания коммерциялық банктерінің *Англия банкінде сақталған ақшалай салымдары. Чек арқылы төленетін төлемдердің көбі түрлі банк клиенттерінің қатысуымен өтеді: клиентті төлем жасайтын банк ақшаны клиент алатын банкке аударуға тиіс. Бұл процесс банктің *клиринг есеп айырысу жүйесі арқылы жүзеге асады. Осы төлемдердің көбі өзара есепке алынады, бірақ әр банкке немесе күнделікті клирингті жабу сәтінде әр банктен тиесілі төлемнің аздаған қалдығы Англия банкіне аударылады.

аннуитет (annuity) *Сақтандыру компаниясы сияқты қаржы ұйымдары иеленуші өмірінің қалған бөлігіне тұрақты табыс беруді қамтамасыз етуге келісетін келісімшарттар. Аннуитет атауы жыл сайынғы төлемдерден туындайды, бірақ төлемдер кез келген келісілген өтеу мерзіміне берілуі мүмкін. Төлемді алушы контрактіде көрсетілген тұлға болады. Сондай-ақ көрсетілген тұлға қайтыс болған жағдайда оның жұбайына немесе басқа асырауындағы адамдарға өмір бойы жәрдемақыны толық немесе қысқартылған түрде төлеу туралы контракт жасауға болады. Төлемдер ақшалай түрде бекітілген немесе *индекске байланған болуы мүмкін. Аннуитет алушыларына өзінің капиталы мен табысын өмірінің соңына дейін таусылып қалады деп еш қорықпай жұмсай беруіне мүмкіндік береді.

аннуитет коэффициенті (annuity factor) Көрсетілген уақыт кезеңінде төленетін біржолғы соманы бірнеше төлемге түрлендіретін коэффициент. Кері шамаға *аннуитет мөлшерлемесі жатады. Ол бір кезеңдегі құн бірлігінің төлемдер жиынтығының ағымдағы құнын анықтайды. Күнделікті пайдалану аннуитет мөлшерлемесіне жатады, негізінде, ол аннуитет коэффициентіне байланысты. АННУИТЕТТІ қараңыз.

аннуитет мөлшерлемесі (annuity rate) Көрсетілген уақыт кезеңіне төленетін бір кезеңдегі құн бірлігінің төлемдер жиынтығының ағымдағы құны. Кері шамаға *аннуитет коэффициенті жатады. Ол біржолғы соманы уақыт кезеңінде төленуге тиіс төлемге түрлендіреді. Күнделікті пайдалану аннуитет мөлшерлемесіне жатады, негізінде, ол аннуитет коэффициентіне байланысты. АННУИТЕТТІ қараңыз.

аноним тапсырыстар нарығы (order-driven market) Делдалдардың рөлі сатып алу мен сатуға арналған тапсырыстарға сәйкес болатын активтер нарығы. Мұндай нарықта белгіленген не одан төмен баға бойынша тапсырыстарды сатып алу немесе белгіленген не одан жоғары баға бойынша сату тапсырыстары белгілі бір уақытқа дейін, мысалы, күнде түске дейін жинақталады. Одан кейін *нарықтағы клиринг баға анықталады және осы бағаға сәйкес келетін тапсырыстар орындалады. Бұл *белгіленім бойынша сату нарығынан ерекшеленеді. Белгіленім бойынша сату нарығында делдалдар *маркет-мейкер ретінде әрекет етеді, яғни олар мәлімделген бағамен белгілі бір сандық шекке дейін сатуды және сатып алуды ұсынады, транзакциялар нарық ашық болғанда кез келген уақытта орын алуы мүмкін.

антитраст, монополияға қарсы (antitrust) Монополияны шектеуге және бәсеке-ні ынталандыруға бағытталған саясатты білдіретін АҚШ термині. АҚШ Әділет министрлігінің Монополияға қарсы басқармасы және *Федералдық сауда комиссиясы – монополияға қарсы саясат жөніндегі негізгі агенттіктер. Бұл термин АҚШ-та бірлескен ірі компанияларды сипаттайтын траст деген терминді қолданудан туындаған. АҚШ-тағы монополияға қарсы шаралар, түрлі әрекеттер, мысалы, *баға дискриминациясын заңсыз ету арқылы жұмыс істейді. Атауының өзі монополияға қарсы позицияны бейнелейді. Бұл терминге Ұлыбритания терминологиясында басқаша анықтама беріледі. Онда *Монополия және бірігу жөніндегі комиссия, қазір *Бәсеке мен нарық басқармасы деп аталатын органның қандай да бір монополия немесе бірігу зиянды екенін анықтауға құқығы бар. **МОНОПОЛИЯ САЯСАТЫН қараңыз.**

анықталған қалау (revealed preference) Экономикалық таңдаумен анықталған қалау туралы ақпарат. Баға мен табыс өзгеруіне қарай тұтынушы басқа таңдау жасайды. Бақыланатын таңдауды тұтынушы үшін, қалау тәртібін жасау үшін пайдалануға болады. Тауардың үш топ түрін қарастырайық: *A*, *B* және *C*. Жеке *B* тобына қолайлы нәрсе беруді (мысалы, барлық тауардың көп саны бар баламаны) *A* таңдайды: осылайша *A* *B*-ға қарағанда қатаң түрде қалаулырақ. Тұтынушы *A*-ны таңдап, бірақ өзіне *C* мүмкіндік бере алмаса, кей жағдайда *A* *C*-ге қарағанда қалаулырақ көрінуі мүмкін. Бұл *C* артығырақ бір нәрсе ұсынылуы мүмкін болғанда, *B* таңдалғанда орын алады: *B* *C*-ге қарағанда артық. Транзитив қалаумен *A* *B*-ге және *B* *C*-ге қарағанда қалаулы болса, онда *C*-дің артықшылығы анықталып, тіпті тұтынушы *A* мен *C* арасында тікелей

салыстыру жасайды деп бақыланбаса да *A* орнатылады. **WARP-ты да қараңыз.**

анықталған қалаулы баға белгілеу (revealed preference pricing) Нарықта сатылмайтын тауарлар мен қызметтердің ақшалай құнын алу әдістері тобы. Әдістер *гедонистік баға белгілеуді жалақы сыйақысы және төлем жасауға дайын төменгі шегі ретінде іссапар шығынын пайдалануды қамтиды. Олар таза ауа немесе биологиялық алуантүрлілік сияқты қоршаған орта игіліктерін бағалау үшін, сондай-ақ адамдар өмірдің бағасын білуі үшін пайдаланылуы мүмкін.

апатты залал (catastrophic loss) Төтенше салдарға әкелетін шығын немесе байланысты шығын тізбегі. Бизнес контекстінде корпорациялардың немесе жеке-леген тұлғалардың банкроттығы немесе активтердің толық шығындалуы төтенше салдарға жатады. Жалпы алғанда, бұл инфрақұрылымға елеулі залал келуін немесе кісі өлімін білдіреді.

априори (a priori) Латын тілінен сөзбесөз «бұрын болған нәрседен» деп аударылады. Экономикалық әдебиетте ол тұжырым дұрыс екені эмпирикалық дәлелдермен емес, ерте кездегі пайымдарға сүйеніп көрсету үшін пайдаланылады.

аралас стратегия (mixed strategy) Ойынға кездейсоқ стратегияларды қолдану. Нақты бір жағдайда екі немесе одан да көп стратегияны таңдау сүйек тасын немесе тиын лақтыру сияқты кездейсоқ анықтау құрылғысын пайдалануға байланысты. Аралас стратегияны қолданатын агент өз іс-әрекеттерін қандай да бір нақты жағдайда кездейсоқ таңдайтын құрылғылар қолданылғанша білмейді, бірақ ол әртүрлі іс-әрекеттер ықтималдығы қандай болатынын

біледі. Аралас стратегияны қолданудың артықшылығы – кез келген қарсылас ойыншының психологиясын қаншалықты түсінетініне қарамастан, ойыншының әрекеттерін сенімді болжай алмайды.

аралас экономика (mixed economy)

Мемлекеттік және жеке кәсіпорындардың қоспасы бар экономика. Кейбір қызметті жеке тұлғалар немесе нарыктармен үйлескен тәуелсіз экономикалық шешім қабылдаушы фирмалар, сондай-ақ белгілі бір дәрежеде орталықтан шешім қабылдау арқылы мемлекеттік және бақылаудағы ұйымдар жүзеге асырады. Көптеген нақты экономикалар экономикалық ұйымдардың екі түрінің маңызды элементтеріне ие бола отырып, араласады.

араласпау, қол сұқпау (laissez-faire) Тура мағынасында – жұмыс жүруі үшін араласпау. Үкімет экономиканы нарықтың ыркына қалдыра отырып, экономикаға толық араласпау саясаты. *Нарықтағы сәтсіздік болмаса, экономикаға араласпау *экономикалық тиімділікке алып келеді. Бұл қандай бір қажет ерекшелігі бар әл-ауқат бөлінуін қамтамасыз етуі міндетті емес. Үкімет тиімділікті арттыру мақсатында экономикаға араласу үшін нарықтағы сәтсіздікті пайдаланады. *теңдік орнатуға ұмтылыс үкіметті қайта бөлу тиімділігін арттыруға ынталандырады. Араласудың кез келген формасы экономикаға араласпаудан алыстатады. Сондай-ақ МИНИМАЛ ЖАҒДАЙДЫ қараңыз.

аралық дивиденд (interim dividend)

Компанияның қаржы жылының бір бөлігі үшін аралық пайда көрсеткіштеріне сүйеніп дивиденд төлеу. Аралық дивиденд төлеу әдетте дивидендті кейіннен төлеуді көздейді, бірақ кепілдік бермейді.

аралық есеп (interim report) Кез келген компанияның жылдық есепті қоспағандағы есептемесі. Аралық есеп көбінесе жарты жылда бір шығарылады. Аралық есептерге енгізілген айналым, пайда мен шығын көрсеткіштері әдетте тексерілмеген болады.

аралық тауар (intermediate good) Тұтыну тауары немесе түпкілікті өнім емес, бірақ өндіріс үшін шикізат ретінде пайдаланылатын өнім. Кейбір өнімдерді компьютерлер, жанармай және жасанды материалдар сияқты түпкілікті немесе аралық тауар ретінде пайдалануға болады.

аралық, шашу, өзгеріс шегі (range)

Айнымалының мүмкін немесе бақыланатын ең кіші және ең үлкен мәндері арасындағы айырмашылық. Іріктеме аралығы әдетте дисперсияның жақсы көрсеткіші емес, себебі ол тек екі бақылауды ғана пайдаланады, олардың әрқайсы *аутлайер болуы мүмкін.

арбитраж (arbitrage) Тауарды немесе активті бір нарықта сатып алу және бір мезгілде бағасы жоғары басқа нарықта сату. Бұл пайда (екі баға арасындағы айырмашылықтан) әкеледі, бірақ қандай да бір *кәтерді ұйғармайды. Қаржы нарығында арбитраж бір активтің немесе портфельдің қысқа уақытта сатылуын және қаражаттың басқа активті немесе портфельді сатып алуға жұмсалуды қамтиды. Активтердің (немесе портфельдердің) қайтарым мен кәтер сипаты бірдей болса, онда олар кәтерсіз деп аталады. Арбитраж түрлі нарықтарда бір тауардың немесе активтің бағасы транзакция шығынына тең маржадан артық өсуіне кедергі етеді. Пайыздық арбитраж – төмен пайыздық мөлшерлемелері бар нарықта қарыз алу және сол мезгілде жоғары пайыздық мөлшерлемелері бар нарықта

қарыз беру. АРБИТРАЖ ЖОҒЫН (БОЛМАУЫН) қараңыз.

арбитраж баға белгілеу теориясы (arbitrage pricing theory) *Арбитраж тепе-теңдікті қамтамасыз етеді және активтердің бағасы негізгі факторлар жиынтығымен түсіндіріледі деп топшылайтын активтерге баға белгілеу теориясы. Арбитраж баға белгілеу теориясының басты жорамалы инвесторлар нарықта тепе-теңдік орнату үшін артық қайтарымды шығарып тастайды (жояды) деп тұжырымдайды. Бұл барлық активтердің күтілетін табыстылығы әртүрлі активтердің қайтарымы корреляциялайтын фундаменталдық факторлармен сызықты түрде байланысты екеніне кепілдік береді. Сызықтық тәуелділік коэффициенттері факторлық жүктемелер немесе активтің факторларға сезімталдығы деп аталады; олар активтердің әр фактор бойынша қатерге ұшырау дәрежесін көрсетеді. Бұл қатер факторлары *Капитал активтер құнын анықтау моделіндегі *бета-коэффициентін жалпылайды (жиынтықтайды).

арбитраж жоғы (no arbitrage) Инвестициясыз қатердің болмауымен пайда табу мүмкін еместігі. *Арбитраждың негізгі идеясы – бір нарықта тауарларды сатып алу және оларды басқа нарықта жоғары бағамен сату. Егер сатып алу және сату бағасы белгілі болса, онда пайда қатерсіз болады. Арбитраж жоғы нарықтардың баланстылығын қамтамасыз етеді. Арбитраж тұжырымдамасы қаржы нарықтарына таралды. Қаржы нарығында арбитраж портфель кейбір активтердің қысқа позицияларын және басқалардағы ұзын позицияларды қамтиды, ал портфельдің таза ағымдағы құны бар, бірақ он жағынан күтілетін қайтарымы да бар. Арбитраж жоғы осындай портфель құру мүмкін емес дегенді білдіреді, демек, активтің бағасы тепе-теңдікте болады.

арбитражер, арбитраждық операцияларға қатысатын тұлға (arbitrageur) Баға бір мезгілде екі нарықта да белгілі болғанда, бір нарықтан сатып алып, басқа нарыққа сатуға байланысты бірқатар транзакциялар жасайтын тұлға немесе компания. Осылайша баға өзгеше болған жағдайда арбитражер пайда табады және өте аз *қатерге бел буады. Арбитражер термині сондай-ақ компанияны немесе компаниялардың бір бөлігін алдын ала келісілген бағамен сатып алатындарды және сататындарды сипаттау үшін қолданылады. Бұл жағдайда да олар қайтадан аз қатерге бел буады. Арбитражер ұғымы бағасы бір мезгілде белгілі емес нарықтарда сатып алатын және сататын алыпсатар ұғымына қайшы. Өйткені *алыпсатар бәрін алдын ала білмегендіктен, сатып алу мен сатудың арасында тәуекелге барады.

арзан ақша (cheap money) Инвестицияларды ынталандыру үшін *рецессия кезеңінде төмен пайыздық мөлшерлеме ұстану. Бұл саясат 1930 және 1940 жылдары Ұлыбританияда қолданылды және тұрғын үйге инвестициялауды есептемегенде, 1930 жылдары инвестицияны ынталандыруда өте табысты болған жоқ. Арзан ақша экономиканы қалпына келтіруге қажет болғанымен, жеткіліксіз болды. Ол сол кезде ақша-несие саясатының шектелуін және орталық банктердің дәрменсіздігін білдірді. Соғыстан кейінгі артық сұраныс кеңінен тараған кезеңде де арзан ақша бұл мәселелерді тек қиындата түсті. Бұл мәселелер *мөлшерлеу және *бағаны бақылау арқылы шешілуге тиіс еді.

арзанқол облигациялар (junk bonds) Сатып алу кезіндегі рейтингі инвестициялық деңгейден төмен облигация (облигациялар үшін *Moody

рейтингі бойынша BBB деңгейінен төмен, *Standard and Poor's рейтингі бойынша Ваа деңгейінен төмен). Оларды шығаратын фирманың қаржы жағдайы мүлде сенімсіз саналады, яғни пайыз және сатып алу бойынша уәде етілген төлемдер нақты төленетініне күмән бар. Осылайша арзанқол (қатері жоғары) облигация иеленуге қауіпті және кредиторлар айтарлықтай дефолт ықтималдығы жоғары екенін ескере отырып, күтілетін қайтарым жоғары болып, қолайлы күтілетін табыстылық қамтамасыз етілуі үшін ғана осы облигацияларды ұстайды.

арнайы депозиттер (special deposits)

*Орталық банкке басқа банктер енгізуі міндетті қосымша депозиттер. Олар төмен пайызды немесе пайызсыз болуы және кез келген қарапайым ең төмен *міндетті қор нормасы қатынастарында есептелмеуі мүмкін. Арнайы депозиттер банктердің пайдасын азайтады және олардың несие беру қабілетін төмендетеді.

арнайы қарыз алу құқығы (АҚҚ) (special drawing rights) (SDRs)

*Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) құрған және әртүрлі *айырбасталатын валютаның орташа өлшенген мәні ретінде айқындалған халықаралық ақша формасы. ХВҚ ресми шоттары есеп айырысу бірлігі тұрғысынан АҚҚ (SDR) түрінде жүргізіледі. Мүше елдерде АҚҚ қоры бар. Олар ХВҚ мүшелерінің кез келген бес жылдық кезең ішінде сақталуға тиіс орташа соманы басқаратын ережелер сақталған кездері олардың арасындағы төлем балансы тапшылығын реттеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Арнайы өтімділік тәсімі (Special Liquidity Scheme)

*Қаржы дағдарысынан зақымданған банк жүйесінің *өтімділігін жақсарту мақсатында 2008 жылы

*Англия банкі енгізген тәсім (кесте). Осы тәсімге (кестеге) сәйкес банк және құрылыс қоғамдарына өзінің жоғары сапалы ипотекалық және басқа да бағалы қағаздарын Ұлыбританияның *қазынашылық міндеттемелеріне үш жыл мерзімге дейін айырбастауға рұқсат етілді. Своптар іс жүзінде салық төлеушілердің Англия банкі өтімділікті арттыру жолымен ақша нарығын қайта іске қосады деп күткен активтерінің қарызы болатын. Кесте 2012 жылы кесте бойынша барлық сызбалар төленген кездері жабылды. Сондай-ақ САНДЫҚ ЖҰМСАРТУДЫ қараңыз.

арнайы салық (specific tax)

Салық салынатын тауардың оның бағасына тәуелсіз әр физикалық бірлігінен тіркелген сомада алынатын салық. Бұл салық тауар бағасына пропорционал болатын *адвалорлық салықтан ерекшеленеді. Сандық өлшеуде қарапайым кезде автокөліктерді немесе теледидарларды лицензиялау сынды арнайы салықтың әкімшілік артықшылықтары бар. Арнайы салықтардың кемшілігі – олардың нақты пайдалылығының инфляцияға ұшырауы.

артта қалушы елдер (under-developed countries)

НАШАР ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДІ қараңыз.

артық ауыртпалық (excess burden)

ОРНЫ ТОЛМАЙТЫН ЗАЛАЛДЫ қараңыз.

артық қауқар (excess capacity)

Фирма өнімді өзінің өндіруге қабілетті максимумынан аз өндіретін жағдай. Фирма сұраныстың кездейсоқ ауытқуларын қанағаттандыру үшін артық қауқар иеленуі мүмкін. Балама ретінде фирма қазіргіге қарағанда бұрын сұраныстың жоғары деңгейін қанағаттандыру үшін негізгі капиталға салынған инвестицияларды айтуға болады. Өндірістік

артық қауқар стратегиялық таңдау ретінде қолданылуы мүмкін: инвестицияны қауқарды аттыруға құятын компания нарыққа кіруге дәмеленген ықтимал бәсекелестерге өзінің сенімділігін көрсету үшін пайдаланады. Бұл – *кіруді стратегиялық тежеудің мысалы.

артық қауқармен жұмыс істеу (over-capacity working) Фирмадағы немесе индустриядағы өндірістің қалыпты деп танылған *қауқарынан асып түсетін өндіріс көлемі. Қауқарды жұмыс жағдайларының стандарт жиынтығына қатысты дәстүрлі негізде есептейтіндіктен, мұндай жағдай мүмкін болады. Төтенше жағдайларда өндіріс көлемін уақытша қалыпты қауқар деңгейінен асыруға болады. Ол үшін қалыпты жұмыс уақытынан артық жұмыс істеу, қызметкерлердің демалысын кейінге шегеру, құрал-жабдықтарды дұрыс қолдануды үйрету және оларға техникалық қызмет көрсету, қауқардың бөлігі саналмайтын ескі жабдықтарды қолдану керек.

артық құндылық (surplus value) Жұмысшылар тұтынуға қажет мөлшерден артық өндіруі. Карл Маркс (1818–1883) атап өткендей, артық құндылық экономика өзіне инвестиция немесе тұтынудың маңызды бөлігі емес тауарлар мен қызметтер өндіретін «өнімсіз» жұмысшылар болуын қамтамасыз ету үшін қажет. Саяси экономистер, ішінде Маркс те бар, артық құндылық қоғамның түрлі мүшелері арасында қалай бөлінетініне алаңдайды. Маркс оны капиталистер иеленеді деп есептеді. Қазіргі заманғы экономикада артық құндылық қоғамның көптеген таптары арасында бөлінеді, сөйтіп, жұмысшылар ең аз қажеттіліктерінен артық тұтынады.

артық сұраныс (excess demand) Сұраныс пен ұсыныс арасындағы айырма.

Тауарларға сұраныс он болса, ұсынылған көлем сұратылған көлемнен артық болады; ал артық сұраныс теріс болса, керісінше жағдай орын алады. Егер артық сұраныс болмаса, экономика тепе-теңдікте болады. Артық сұраныс болған жағдайда тепе-теңдікке қол жеткізу үшін бағаларға түзету енгізілуі тиіс. *Вальрас заңы бойынша экономикадағы барлық тауарларға жиынтық артық сұраныстың жалпы құны нөлге тең. Зонненштейн теоремасы Вальрас заңын қанағаттандыратын кез келген функция үшін артық сұраныс функциясы болатын экономика бар екенін көрсетеді.

артық, профицит, артылып қалу (surplus) БЮДЖЕТ ПРОФИЦИТІ; ТҰТЫНУШЫ ҰТЫСЫ; АҒЫМДАҒЫ ШОТ ПРОФИЦИТІ; ЭКСПОРТ ПРОФИЦИТІ; ӨНДІРУШІ АРТЫҒЫН қараңыз.

артықшылық (advantage) АБСОЛЮТ АРТЫҚШЫЛЫҚ; САЛЫСТЫРМАЛЫ АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ қараңыз.

артықшылықты акция (preference share) Дауыс беруге құқығы жоқ, бірақ *қарапайым акцияларға қарағанда дивиденд төленетін компания акциясы.

артылу (glut) Тауардың нарықта ерекше үлкен ұсынысы бар жағдай. Егер ол тауарларды сақтау мүмкін емес болса немесе қойма бөлмелері толтырылған болса, онда ол тауарлар бағасының айтарлықтай төмендеуіне әкеледі.

асимметрия коэффициенті (skewness) Кездейсоқ шаманың таралуының асимметрия дәрежесінің өлшемі; үшінші стандартталған *таралу кезеңі былай аныкталады:

$$\gamma = E \left[(X - \mu)^3 \right] / \sigma^3$$

мұнда μ – *орташа мән, ал σ – *стандарт ауытқу. Симметриялық таралу үшін $\gamma = 0$ және таралу *медианасы оның орташа мәніне тең. Оң асимметриялық таралуда – медиана орташадан төмен, ал теріс асимметрияда жоғары болады. Мысалы, дамыған және дамушы мемлекеттерде халық арасында табыстың эмпирикалық таралуы оң асимметрия көрсетеді: табыстың едәуір үлесі халықтың аз бөлігіне тиесілі.

асимметриялық ақпарат (asymmetric information) Экономикалық транзакцияның бір қатысушылары басқа қатысушыларға қарағанда үлкен немесе жақсы, сәйкес *ақпаратқа қол жеткізе алатын жағдай. Мысалы, сақтандыру компаниясы жүргізуші жақсы немесе жаман екенін білмейді, алайда жүргізуші өзі шаршағанда немесе алкоголь ішкеннен кейін қаншалықты жиі көлік жүргізетінін біледі. Бұл жағдайда сақтандыру шартына қатысты ақпарат сақтандыру компаниясына қарағанда жүргізушіде көбірек. *Бәсекелік тепе-теңдіктің *Парето тиімділігі көрінісі симметриялық ақпарат болуын көздейді. Экономикалық агенттер толық хабардар болмауына болады, бірақ олар бірдей дәрежеде хабардар болуы (немесе бірдей дәрежеде хабардар болмауы) керек. Мысалы, ешбір агентте басым ақпарат болмаса әрі активтердің болашақ табыстылығына қатысты белгісіздік болғанда бәсекедегі тепе-теңдік тиімді болады. Асимметриялық ақпарат *нарықтағы сәтсіздікке себеп болады. Басым ақпараты бар агенттер ол ақпараттан пайда алуға тырысады және нәтижесінде тиімсіздік туындайды. Сондай-ақ **ЖАҒЫМСЫЗ ІРІКТЕУ; АГЕНТ ТЕОРИЯСЫ; МОРАЛЬДЫҚ ҚАТЕР; ПРИНЦИПАЛ-АГЕНТ ПРОБЛЕМАСЫН қараңыз.**

асимметриялық шоктар (asymmetric shocks) Экономиканың әртүрлі

аймақтарында біркелкі емес ұсыныс немесе сұраныс *шоктары. Мысалы, бір аймақта сұраныс шогі оң, ал екіншісінде теріс болуы мүмкін. Аймақтарға *кеден одағына мүше-мемлекеттер немесе сауда қатынастарымен байланысқан түрлі елдердің жеке бөліктері жағуы мүмкін. Асимметриялық шоктар жиі болса, онда аймақтар бойынша ортақ саясат ұстану өте қиын. **ОҢТАЙЛЫ ВАЛЮТА АЙМАҒЫН да қараңыз.**

асимптотик үлестіру (asymptotic distribution) *Кездейсоқ айнымалының шынайы түпкі іріктеме таралуын шамамен жақындату үшін қолданылатын үлестіру.

асимптотика теориясы (asymptotic theory) Бағалаушылардың және олардың функциясының, олардың бөлінісі және үлгі өлшемі шексіздікке жақындағандағы сәттерінің шекті мінез-құлық теориясы. Асимптотика теориясының нәтижелері соңғы үлгінің шынайы қасиеттері белгісіз болғанда соңғы үлгіге шамалас ету үшін қолданылады.

асыра бағаланған валюта (over-valued currency) Төлем балансындағы тұрақты тепе-теңдік үшін *айырбас бағамы өте жоғары болып келетін валюта. Егер валютаның айырбас бағамы теңдестірілген ағымдағы шотты құруда өте жоғары болса, онда капитал қозғалысы жоқ болғанда валюта бағамы көтеріңкі болып келеді. Ал валютаның айырбас бағамы ішкі капитал қозғалысының тұрақты ағынымен қаржыландырылатын ағымдағы шот дефицитін құруда өте жоғары болса, онда дербес капитал қозғалысы бар валюта бағамы көтеріңкі валюта болып келеді. Қысқамерзімді капитал ағынын ынталандыру мақсатында жоғары пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану арқылы валюта бағамын белгілі бір уақыт аралығында

көтеріңкі ұстауға болады. Алайда бұл сыртқы қарыздың тұрақсыз мөшерлемеді өсуіне себеп болады. Асыра бағаланған валютаны қолдауға қажет жоғары пайыздық мөлшерлеме экономикадағы ішкі баланспен сәйкес келуі екіталай.

Асырауында балалары бар отбасыларға көмек (Aid to Families with Dependent Children) АҚШ-тағы 1935 жылғы құрылған әлеуметтік қамсыздандырудың федералдық бағдарламасы. Штаттарға кедей балаларға қаржылай қолдау көрсету үшін федералдық гранттарды пайдалануға мүмкіндік берді. Асырауында балалары бар отбасыларға көмек бағдарламасының орнын 1996 жылы *Мұқтаж отбасыларға уақытша көмек бағдарламасы басты.

атауы (name) (at Lloyd's) *Lloyd бір немесе бірнеше сақтандыру компаниясы синдикатының мүшесі. Синдикатқа қосылу кезінде «атау» (қатысушы) шектеулі ақша қаражатын салады және міндеттемелері үшін *шексіз жауапкершілік алады. Қатысушылар синдикаттардың пайдасы мен залалын өзі қосқан үлесіне қатысты бөліседі, бірақ басқа қатысушылар төлем жасай алмаса, барлық залал үшін жауапкершілік алады. Дәстүр бойынша адамдар үлкен сомадан айырылуға басын тіксе, онда Lloyd «атауына» ие болады деген болжам жасалды. 1980 және 1990 жылдардағы кейбір синдикаттардың үлкен залалы «атаудан» қолма-қол ақша талап етуді тудырды. Бұл талаптар (өтініштер) төлем жасаған «атаудың» арасында кең таралған қиындықтарға әкелді, сондай-ақ төлем жасаудан бас тартқан «атаудың» кеңінен сотқа тартылуына алып келді.

АТИ (CES) АЛМАСТЫРУДЫҢ ТҰРАҚТЫ ИКЕМДІЛІГІН *қараңыз.*

Аткинсон индексі (Atkinson index) *Табыс теңсіздігі өлшемі. Барлық үй шаруашылықтарына берілетін табыс деңгейі ағымдағы табыс бөлінісі секілді *әлеуметтік қамсыздандырудың бірдей деңгейін жасаса, ол бірдей бөлінген M_{EDE} эквивалент табыс деп аталады. Табыс теңсіздігінде табыстың шекті пайдалылығы табыспен бірге құласа, онда M_{EDE} μ табыстың орташа деңгейінен аз болады. Аткинсон индексі

$$A = 1 - \frac{M_{EDE}}{\mu}$$

деп анықталады. А-ның жоғары мәні үлкен теңсіздікті білдіреді. ДЖИНИ КОЭФФИЦИЕНТІ МЕН ЛОРЕНЦ ҚИСЫҒЫН *да қараңыз.*

атқарушы директор (chief executive)

*Директорлар кеңесінің ережелер туралы шешімдері күнделікті қызметте іс жүзінде орындалуын қамтамасыз етуге жауапты компаниядағы немесе басқа ұйымдағы лауазымды тұлға. Атқарушы директор сондай-ақ компания президенті немесе компанияның төрағасы болып келеді; бұл кеңселердің бөлінуі немесе бірігуінің қайсы жақсырақ екеніне қатысты пікірлер әр алуан. Бұл терминнің АҚШ-тағы баламасы – Бас атқарушы директор.

атқарушы емес директор (non-executive director) Толық уақытта компанияның атқарушы қызметкері болмайтын компания директоры. Атқарушы емес директорлар әдетте компания қызметіне қатысты салаларда тәжірибесі үшін таңдалады, себебі олардың атакты есімі немесе олар қатысатын органдарға құрметпен қарауға болатын басқа лауазымы бар. Олар басқа компанияның жетекшісі болуы мүмкін.

атом (nucleolus) Бұл әр ықтимал коалицияның барынша қанағаттанбауын азайтатын *кооперативтік ойындағы шығын функциясы немесе төлем

теңшелімі. Шағымдар «шамадан тыс» өлшенеді, бұл – коалиция ықтимал төлемі мен ұсынылған бөлу үшін осы коалиция мүшелеріне жеке төлем мөлшері арасындағы айырма.

аудит (audit) *Есептерді тексеру процесі. Аудиторлар компанияның, жеке трейдердің немесе қауымдастықтың есебі толық және дәйекті екенін тексереді. Сондай-ақ аудиторлар есептердің сатып алу, сату және түгендеу туралы басқа жазбаларға, заңнама талаптарына және кәсіби стандарттарға сәйкес келетінін тексереді. Заңнамаға сәйкес *компаниялар өз есептеріне сыртқы аудит жүргізуге және басқа да көптеген органдар мұны өз жарғысына сәйкес жасауға міндетті. Көптеген компания мен басқа да ұйымдар ішкі бухгалтерияның дәлдігі мен толықтығын тексеру үшін ішкі аудиторларды жалдайды. Аудит бухгалтерлік есепте болатын алаяқтықтан, біліксіздіктен қорғауды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ **ТИМДІЛІК АУДИТІН қараңыз.**

аудитор (auditor) Компанияның, жеке трейдердің немесе қауымдастықтың *есептерін тексеру үшін жалданған тұлға немесе бухгалтерлік фирма. Аудиторлар есеп толық және дәйекті екенін және сатып алу, сату және түгендеу туралы басқа жазбаларға сәйкес келетінін тексереді. Аудиторлар есептер компанияның қаржысы туралы «дұрыс әрі әділ» көрініс беретінін немесе олардың жалған екенін көрсетіп куәлік етеді. Британ компанияларының аудиторлары компания акционерлерінің *жыл сайынғы жалпы жиналысында сайланады және олар кәсіби білікті бухгалтер болуға тиіс. Қайырымдылық ұйымдары сияқты басқа ұйымдар өз есептерін тексеру жүргізуге міндетті, алайда оларды тексерушілер көбінесе ақы алмайды. Көптеген компания мен басқа

да ұйымдар фирмалардың ішкі бухгалтерлік есебінің дәлдігі мен толықтығын тексеру үшін, сондай-ақ алаяқтықтан, бухгалтерлік есепте шатасудан қорғану ретінде ішкі аудиторларды жалдайды.

аукцион (auction) Бұл сауда түрінде аукционшы бағаны ұсыну арқылы белгілейді. Ол аукционға қатысуға шақырады, аукционға шығарылған затқа ең жоғары баға берген тұлға сатып алу құқығына ие болады. *Ағылшын аукционында ең жоғары баға ұсынысы әр кезеңде жарияланады, ал басқа тараптар неғұрлым жоғары баға ұсыну мүмкіндігіне ие болады. Жабық аукцион түрінде баға ұсынысы жарияланбайды: әр баға ұсынысы шектеулі уақыт ішінде жабық түрде беріледі және аукционшы баға ұсыныстарын қарап, аукционға басқа ұсыныс қабылдамай, жоғары баға ұсынған тарапқа затты сатады. *Голланд аукционында аукционшы төмендейтін баға сериясын жариялайды және аукционға түскен зат бірінші баға ұсынған тұлғаға сатылады. Осы аукцион түрлерінің кез келгенінде сатушы қабылдайтын ең төмен баға ұсынысы болатын резерв болуы не болмауы; ол жариялануы немесе жарияланбауы мүмкін. Аукционшы әдетте сатушыдан және кей жағдайда сатып алушыдан сатылған бағадан пайызбен есептелген төлем (комиссия) алуы мүмкін. Сондай-ақ **БІРІНШІ БАҒА БОЙЫНША АУКЦИОН; ЕКІНШІ БАҒА БОЙЫНША АУКЦИОНДЫ қараңыз.**

аукционшы (auctioneer) 1. Іс жүзінде аукционшы *аукционда баға ұсыну процесін басқарады.

2. Теория жүзінде аукционшы – бірде-бір фирма немесе тұтынушы баға белгілей алмайтын *бәсекелі экономикадағы тепе-тең баға анықталуын түсіндіретін жалған құрылғы.

ауқымға кемімелі қайтарым (diminishing returns to scale) Белгілі бір фактор көп қолданылып, оның шекті өнімі төмендегенде, басқа факторлардың мөлшері тұрақты болып қалады. Бұл *ауқымға қайтарымның азаюымен ерекшеленеді. Ауқымға қайтарымның азаюы өндірістің барлық факторларын пайдалануды бір мезгілде ұлғайтуды қамтиды.

ауқымға қайтарым (returns to scale) Өндіріс процесінде барлық кірім ресурстардың тең пропорционал өзгерісі мен нәтижелік шығымның пропорционал өзгерісі арасындағы қатынас. Барлық кірімдегі λ -дің пропорционал өсуі шығымдағы λ -дің пропорционал өсуіне алып келсе, онда ауқымға тұрақты қайтарым болады. Шығым кірімнен үлкен дережеде өссе, онда ауқымға қайтарым артады. Шығым кірімнен аз болса, ауқымға қайтарым азаяды (бұл *ауқымға кемімелі қайтарымнан ерекшеленеді).

ауқымға қайтарымның азаюы (decreasing returns to scale) Бір немесе бірнеше айнымалы функцияның сипаты, яғни барлық айнымалы мәндер бірдей фактормен өзгерсе, функцияның мәні пропорционал түрден азырақ өзгереді. Мысалы, екі есе көп капитал және еңбек күші жұмсалған өндірісте өндіріс көлемі оған салынған ресурстардан екі есе аз болса, капитал және еңбек күші жұмылдырылған өндіріс функциясының ауқымға қайтарымы төмен болады. $f(x_1, \dots, x_n)$ функциясын қарастырайық. Функция ауқымға қайтарым төмен болады деген болжамды құптаса, онда $f(\lambda x_1, \dots, \lambda x_n) < \lambda f(x_1, \dots, x_n)$ кез келген λ үшін $\lambda > 1$.

ауқымға өспелі қайтарым (increasing returns to scale) Өндіріс процесі барысында өндірістің (шығымның) өсуі орташа өнімділікті жоғарылатады. Бұл

барлық кірімдердің бірдей пропорцияда ұлғаюы өндірістің пропорционал ұлғаюына қарағанда көбірек ұлғаюға алып келеді дегенді білдіреді. Ресми түрде $f(x_1, \dots, x_n)$ функциясын қарастырамыз. Егер функция ауқымға өспелі қайтарым болжамын қанағаттандырса, онда

$$f(\lambda x_1, \dots, \lambda x_n) > \lambda f(x_1, \dots, x_n)$$

кез келген $\lambda > 1$ үшін.

ауқымға тұрақты қайтарым (constant returns to scale) Бір немесе бірнеше айнымалы функциясының қасиеті, яғни оның барлық аргументтерінің салыстырмалы түрде өзгеруі мәндерінің де салыстырмалы түрде өзгеруіне әкеледі, сондай-ақ сызықтық біртектілік деп аталады. Мысалы, *Кобб-Дуглас өндіріс функциясы барлық ресурстардың икемділігі өндіріс көлеміне қатысты бірге тең болса, онда өндіріс функциясы ауқымға тұрақты қайтарымды көрсетеді. $F(x_1, \dots, x_n)$ функциясын қарастырайық. Функция ауқымға тұрақты қайтарым болжамын қанағаттандырса, онда

$$f(\lambda x_1, \dots, \lambda x_n) = \lambda f(x_1, \dots, x_n)$$

әр $\lambda \geq 0$ үшін.

ауқымды капиталды талап ететін техникалық прогресс (capital-augmenting technical progress) ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІ қараңыз.

ауқымнан сыртқы залал (external diseconomies of scale) Жаңа фирмалардың жаңа индустрияға кіруі индустриядағы барлық фирмалардың ең аз орташа жиынтық шығынының өсуіне себеп болғанда орын алады; арнайы ресурстарға сұраныстың өсуінен ресурс бағасы өскенде пайда болады. Осы механизм

арқылы индустрияны (жеке фирмаларды емес) кеңейту индустриядағы барлық фирманың ең аз орташа жиынтық шығынын арттыруға себеп болады. Индустрияның ұзақмерзімді перспективадағы ұсыныс қисығы, сәйкесінше, жоғары көлбейді.

ауқымнан сыртқы үнемдеу (external economies of scale) Жаңа фирманың жаңа индустрияға кіруі осы индустриядағы барлық фирмалардың ең аз орташа жиынтық шығынының төмендеуіне себеп болғанда орын алады. Ресурс жабдықтаушылар өнімдеріне сұраныс артқандықтан, ауқымнан үнемдеуді қолданады. Сондықтан ресурс бағасы төмендейді. Осы механизм арқылы индустрияның кеңеюі (жеке фирманың кеңеюі емес) индустриядағы барлық фирмалардың орташа жиынтық шығынының төмендеуіне себеп болады. Осылайша индустрияның ұзақмерзімді ұсыныс қисығы төмен көлбейді.

ауқымнан туындайтын теріс әсер (diseconomies of scale) Фирма ұзақмерзімді орташа шығын қисығының ең төменгі нүктесінен асып түсетін өнім өндіретін болғанда теріс әсер көрініс табады. Бұл өндірістің әр бірлігінің бағасы өсуіне себеп болады. Зауыт жағдайында, теріс әсер шоғырланудан, яғни бір жерде көп адам немесе машина бір-біріне кедергі келтіргеннен туындайды. Ал көп зауытты бар фирма жағдайында, ауқымнан туындайтын теріс әсер қалай көрініс табатынын көру өте қиын. Мотивация және ақпарат берудің қиындығын арттыру үшін өте үлкен ұйымдар менеджменттің көп деңгейін талап етеді.

ауқымнан үнемдеу (economies of scale) Ірі ұйымдар мен елдерге, шағын елдер мен ұйымдарға қарағанда тауарлар немесе қызметтерді арзан жасауға мүмкіндік

беретін факторлар. Ауқымнан үнемдеуге *бөлінбеушілік және *енбек бөлінісі әсер етеді. Арнайы (өндірістік) жабдықтар шағын көлемді бірліктермен жеткізілсе, өндірістің ауқымды көлемінде үнемді болады. Қызметкер саны көп болған жағдайда әр жеке қызметкер орындайтын міндеттер шеңбері еңбек бөлінісі арқылы белгіленеді. Сонымен қатар ірі фирмаларда нақты бір жабдықтың істен шығуы немесе жұмысшының жұмысқа шықпай қалуы өндіріс процесінде іркіліс тудырмайды. Өндірістің ауқымнан үнемдеу көздеріне үлкен ұйымдардағы адамдарды ынталандыру мен үйлестіру қиындығы ұлғаюы қосылады. Ауқымнан үнемдеу экономикадан асып түскенге дейін фирманың қаншалықты ірі бола алатыны әр салада әртүрлі болады. Ұлттық деңгейде жұмыс істейтін фирмалардың ауқымнан үнемдеуі ұқсас. Үлкен экономикаларда шағын экономикаларға қарағанда маманданған қызметтерді көбейтуге мүмкіндік көп.

аутлайер (outlier) Статистикалық деректердегі мән. Ол деректер жиынтығының қалған бөлігіндегі мәндерден алыста орналасады. Аутлайер болуы одан әрі тексеруді талап ететін екі ықтималдық бар екенін білдіреді. Оның біріншісі – шынымен ерекше бірдене орын алды. Мұндай ерекше нәрсе сілкініс тудырады. Ал екінші ықтималдыққа аутлайер пайда болуына деректерді өңдеуде немесе жазуда кеткен қателіктер себеп болады. Сондай-ақ БҰРМАЛАНҒАН ӨЛШЕМДІ *қараңыз.*

аутсорсинг (outsourcing) Тауарлар мен қызметтерді фирма ішінде өндірудің орнына, сыртқы жеткізушілерден сатып алу дағдысы. Бұл жеке фирмалар арасында да, мемлекеттік мекемелер арасында да кеңінен таралған. Маманданған сыртқы

жабдықтаушылардың кәсіби қабілеті жоғары болғандықтан және ауқымнан үнемдеуден немесе фирманың өзінде арзанға жасай алатын дағды болмауы себебінен компаниялар аутсорсингке жүгінеді. Өндіріс көлемін сұранысқа сәйкес өзгерту және ресурс сапасын басқару секілді операцияларды сыртқы жабдықтаушылармен контрактілер жасау арқылы жүргізу кәсіподаққа біріккен ішкі еңбек күшімен жүргізуге қарағанда оңайға түседі.

ауыл шаруашылығын қорғау (agricultural protection) Ауылшаруашылық өнімдеріне арналған *тарифтер мен сауда шектеулерін қолдану арқылы елде ауылшаруашылық өнімдерінің бағасын жоғарылату және осылайша фермерлердің табысын арттыру. Бұл табыс және жұмыспен қамтудың жалпы көлеміндегі ауыл шаруашылығы үлесін төмендету үрдісінің бәсеңдеуіне ықпал етуі мүмкін. Ол сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік мүддесінде өзін-өзі азық-түлікпен және ауыл шаруашылығы шикізатымен қамтамасыз етуді арттыруға бағытталуы мүмкін. Индустриялы елдердің көбінде, әсіресе Еуропалық одақта, Жапония мен АҚШ-та ауыл шаруашылығы қорғалған. Экономикасы жоғары деңгейде дамыған елдердегі ауыл шаруашылығын қорғау саясат экономикасы *нашар дамыған елдер, әсіресе ауылшаруашылық өнімдерін таза экспорттаушы мемлекеттер экономикасының дамуына кедергі келтіреді.

Ауылдық жерлерде халықты жұмыспен қамтуға кепілдік беретін ұлттық акт (National Rural Employment Guarantee Act) Махатма Гандидің 2005 жылғы Ауылдық жерлерде халықты жұмыспен қамтуға кепілдік беретін акті немесе ресми түрде MGNREGA деп аталады. Үндістан парламентінің бұл акті маманданбаған еңбекпен айналысатын

ересек қызметкерлері бар үй шаруашылықтары үшін «әр қаржы жылында кем дегенге жүз күнге кепілі жалақы берілуін» көздейді. www.nrega.nic.in – Үндістан үкіметінің ауылды дамыту министрлігінің ресми сайты.

ауыртпалық (burden) БОРЫШ АУЫРТПАЛЫҒЫ; САЛЫҚ АУЫРТПАЛЫҒЫН *қараңыз*.

ауысымды жұмыс (shift work) Құрал жабдықты күніне бір жұмысшылар тобы ғана емес, әдетте артық сағаттарға өтемақы ала отырып, басқа да жұмысшылар кез келген уақытта пайдалана алатындай етіп жұмысты ұйымдастыру. Бұл жүйе ұзақ уақыт тоқтап тұруы тым қымбатқа түсетін, жабдыктары өте қымбат, капитал қарқыны жоғары салаларға керек. Ауысымды жұмыс сондай-ақ үздіксіз процестерді қолданатын кейбір өнеркәсіп салаларында және тәулік бойы қорғанысты қамтамасыз ететін полиция, өрт және жедел жәрдем қызметтері сияқты ұйымдарда қажет.

ауытқу (anomalies) *Қалау аксиомаларына сүйенетін стандарт таңдау теориясын қолдану арқылы түсіндіруге келмейтін экономикалық таңдау. Ауытқу эмпирикалық мәліметтер мен бақыланатын эксперименттерде анықталған. Ауытқу мысалдарына зейнетке шығу үшін жинақ мөлшерінің аз болуы және теріс қайтарым болатынын біле тұра лотерея билеттерін сатып алу жатады. Ауытқуды анықтау *мінез-құлық экономикасының және *күтілетін тиімділік теориясының дамуына әкелді. АЛЛЕ ПАРАДОКСІ; ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЭКОНОМИКА; ПЕРСПЕКТИВАЛАР ТЕОРИЯСЫН *қараңыз*.

ауытқу (home bias) Тұтынушылар қаржысын өз елінің өнімдеріне жұмсау үрдісі дүниежүзі бойынша орташа

көрсеткіштен жоғары болған, басқа елдер өнімдерін сатып алу салыстырмалы түрде аз болатын жағдай. Бұл ішінара талғамдағы халықаралық айырмашылықтармен, ішінара саудадағы *тарифтерге және *тарифтік емес кедергілерге қатысты үкіметтің саясатымен, ал ішінара қандай шетелдік тауарларға қол жеткізуге болатыны туралы толық және сенімді ақпарат алудың шығыны мен қиындықтарымен түсіндіріледі. Осыған ұқсас нәтиже бағалы қағаздар портфеліндегі халықаралық айырмашылықтарда байқалады. Инвесторлар әдетте дүниежүзі бойынша орта есеппен салыстырғанда өз елінің облигациялары мен акцияларын көбірек, ал шетелдік облигациялар мен акцияларды салыстармалы түрде аз иеленеді.

ауытқу аймағы (rejection region) ҚАБЫЛДАУ АЙМАҒЫ; АУЫТҚУ ЕРЕЖЕСІН қараңыз.

ауытқу ережесі (rejection rule) *Нөлдік гипотезаны балама гипотезаға қарай ауытқытуға шешім қабылдау ережесі. Ауытқу ережесі тест статистикасының мәндер диапазонына немесе * p мәніне сүйенуі мүмкін. Тест статистикаға сүйенгенде ауытқу ережесі нөлдік гипотезаны балама гипотеза пайдасына ауытқытудан тұрады, іріктемеден алынған тест статистикасының мәні нөлдік гипотезада осы статистиканың таралуынан алынатын төмен ықтималдығы бар ауытқу аймағы деп аталатын мәндер аймағына түседі. Бұдан басқа ауытқу ережесі p мәні алдын ала *маңыздылық деңгейінен аз болса, нөлдік гипотезаны балама гипотеза пайдасына ауытқытпауда болады.

ауытқу индикаторы (divergence indicator) Еуропа қаржы жүйесінің *валюта бағамы механизмдеріне мүше елдердің валюталарының айырбас бағамдары

олардың Еуропаның *бірыңғай валютасындағы келіскен валюта паритетінен қаншалықты ауытқығанын өлшейді.

ашық нарықтағы операциялар (open market operations) Ақша ұсынысын және пайыздық мөлшерлемені өзгерту құралы ретінде орталық банктің бағалы қағаздарды сатып алуы немесе сатуы. Бұл – *ақша-несие саясатының негізгі құралдарының бірі. Егер орталық банк бағалы қағаздарды сатып алса, олардың бағасы өседі, пайыздық мөлшерлемелер түседі, ақша ұсынысы ұлғаяды. Ал орталық банк бағалы қағаздарды сатса, олардың бағасы төмендейді, пайыздық мөлшерлемелер өседі, ал ақша массасы азаяды.

ашық пай қоры (open-ended fund) Қор шығаратын акциялар санына шектеу қойылмайтын *өзара қор формалары. Инвесторлар тарапынан сұраныс болғанда қор жаңа акциялар шығаруын жалғастыра береді.

ашық позиция (open position) Бағалы қағаздар, тауарлар немесе валюта трейдеріне (сатушысы) нарықтағы бағаның өсуі немесе құлдырауынан қатер төнуі мүмкін жағдай. Бұған сатып алу келісімшарты әлі жасалмаған немесе контракт бойынша сатып алынуы хеджирленбеген болашақта жеткізілетін тауарды сату жатады. Нарықтағы баға өссе, онда трейдер немесе сатушы шығынға ұшырайды. Нарық бағасы төмендесе, трейдер бұл жағдайда да шығынға ұшырайды. Ашық позиция контрактілер теңдестірілетін және трейдер бағаның өзгеруіне байланысты шығын қатеріне ұшырамайтын өтелген арбитраж ұғымына қайшы келеді.

ашық циклді тепе-теңдік (open-loop equilibrium) Көп деңгейлі ойындағы

тепе-теңдік. Бұл ойында ойыншылар қарсыластың алдыңғы шешімдер кезеңіндегі стратегиялық таңдауын бақыламайды. Ашық циклді тепе-теңдікте ақпарат құрылымы ойын барысында стратегияның дамуына жол бермейді. Оның орнына ойыншыларға ойын алдында стратегиясын таңдауға мүмкіндік беріп, стратегияны қайта қарауға рұқсат етпей ойынды қайта модельдеуге болады. Саяси ойындарда бұл көбінесе міндеттеме деп аталады. Бұл *тұйық циклді тепе-теңдікке қайшы. Тұйық циклді тепе-теңдікте басқа ойыншылардың алдыңғы таңдауы *жалпыға мәлім ақпарат болады.

ашық экономика (open economy) Әлемнің барлық мемлекеттерімен транзакция жасайтын экономика. Бұларға тауарлар мен қызметтерді сату, капитал қозғалысы, ақпарат беру мен техникалық ноу-хау және еңбек көші-қоны кіреді. Көп ел осы байланыс формаларының кем дегенде жартысын жүргізеді. Сондай-ақ АВТАРКИЯ; ЖАБЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ қараңыз.

ашылу бағасы (opening prices) Қор биржасы немесе тауар нарықтарының жұмыс күні басталған кездегі ұсынылған баға.

аю (bear) Баға құлдырауын күтетін трейдер. Акция немесе тауар бағасы өскеннен гөрі түседі деп есептегенде, қор немесе шикізат өнімдер нарығындағы трейдерлер өз қолындағы кез келген акция немесе тауарды сатады. Сонымен қатар бұл трейдерлер баға құлдырағанда оларды өте арзанға қайта сатып алудан үміттенеді. Төтенше жағдайларда аюлар өзінде жоқ форвард акцияларын немесе тауарларды сатып, оларды жеткізу уақыты келгенге дейін арзанға қайта сатып аламын деген үмітпен алыпсатарлық жасайды. Сондай-ақ БҰҚА; АЛЫПСАТАРЛЫҚТЫ қараңыз.

аю нарығы (bear market) Бағаның төмендеуі күтілетін қор нарығы. Жақын болашақта баға құлдырауы мүмкіндігі инвесторларды акцияларын сатуға немесе сатып алуды кейінге қалдыруға мәжбүр етеді деген кең таралған пікір бар. Сондай-ақ БҰҚА НАРЫҒЫН қараңыз.

аяқталмаған жұмыс (work in progress) АКЦИЯҒА ИНВЕСТИЦИЯ ЖӘНЕ АЯҚТАЛМАҒАН ЖҰМЫСТЫ қараңыз.

Ә

әдеттің тұрақтылығы (habit persistence)

Қалау туралы болжамдарда, уақыттың пайдалылығы – t , u_t – ағымдағы тұтыну, c_t – көлем және өткен мерзімдегі тұтыну c_{t-1} арасындағы белгілі бір салмақпен өзгерген $u_t = u(c_t - \gamma c_{t-1})$ айырмашылық функциясы. γ параметрі әдетті қалыптасу қарқыны ретінде түсіндіріледі. Әдетті сақтай отырып ағымдағы тұтынуды арттыру ағымдағы тұтынудың шекті пайдалылығын төмендетеді және келесі кезеңдегі тұтынудың шекті пайдалылығын арттырады.

әділ мүмкіндік (fair odds) Кездейсоқ оқиғаға бәс тігетін адамды нөлдік ұтыспен ұтылысқа жетелейтін мүмкіндік. Егер кездейсоқ оқиғаның болу ықтималдығы p болса, әділ мүмкіндік $(1 - p)$ -ден p -ге дейін болады. Мысалы, егер $p = 1/3$ болса, әділ мүмкіндік $(1 - 1/3)$ -ден $1/3$ -ге дейін немесе 2-ден 1-ге дейін болады. Керісінше, кездейсоқ оқиғаның әділ ықтималдығы a -дан b -ға дейін болса, ұтыс ықтималдығы $b/(a + b)$ болады.

әділ ойын (fair gamble) Күтілетін ұтыс нөлге тең болатын құмар ойын. Мысалы, $1/3$ ықтималдығы бар 2£ ұтысты және $2/3$ ықтималдығы бар 1£ ұтылысты камтитын құмар ойынды қарастырайық. Күтілетін жеңіс $(1/3)2 - (2/3)1 = 0$. Әділ ойынның актуарийлік әділ коэффициенттері бар деп есептеледі. *Қатерден қашатын адам әділ ойынды қабылдамайды.

әділ сауда (fair trade) Өндірушілерден өнімдерді тікелей сатып алу және ол өнімдерді таңбалау арқылы тұтынушыларға бөлшектеп сату. Әділ сауда өнімдері фермерлерден нарықтағы бағадан жоғары бағамен сатып алынады. Бұл ірі мультиұлттық корпорациялардың нарықтағы билікті пайдалануын болдырмауды және өндірісті экологиялық орнықты етуді көздейді. Өнімдер түпкілікті тұтынушыларға әділ емес сауда өнімдерінен гөрі жоғары бағамен сатылады.

әділдік (fairness) Бөлініс барлық экономикалық агенттерге әділ қарайды деген түсінік. Әділдікті тексерудің бір әдісі – қызғанбау критерийі. Басқа агенттердің ресурс бөлуін өзінің ресурс бөлуінен артық санайтын экономикалық агенттер болмаса, ол бөлініс қызғаныш тудырмайды; мұның түрлі балама критерийлері бар. Әділдік *теңдікке ұқсас, бірақ одан ерекшеленеді.

әдіс таңдау (choice of technique) Бірнеше өндіріс әдісі болуы мүмкін өндірісте лайық әдісті таңдау. Әдіс – белгілі бір шығымды немесе шығым жиынтығын өндіруге қабілетті кірім жиынтығы. Бірнеше кірім жиынтығы шығымды камтамасыз ете алса, онда әдісті таңдау керек. Пайдасын барынша арттыруға ұмтылатын фирма аз шығынды кірімді қолданатын әдісті таңдайды.

әкімшілік (administration) Қаржылай қиындыққа тап болған *компанияның

істері сот шешімі бойынша администратор қолына берілген жағдай. Әкімшіліктің мақсаты – компанияны жұмыс істеп тұрған кәсіпорын ретінде сақтап қалу немесе, бұл мүмкін болмаса, өз активтері үшін ең жақсы баға алуға тырысу. Ол баға компанияны *деру таратудан түсетін бағадан жақсырақ болуы қажет.

Әкімшілік және бюджет басқармасы (ӘББ) (Office of Management and Budget) (OMB)

Конгреске ұсынылатын жыл сайынғы федералдық бюджетті дайындауға жауапты АҚШ Президенті басқармасы. Бюджет қабылданғаннан кейін, Әкімшілік және бюджет басқармасы бюджеттің орындалуын бақылауды жүзеге асырады және федералдық қаржының нақты орындалуы туралы деректерді ұсынады. www.whitehouse.gov/omb/ – Әкімшілік және бюджет басқармасының ресми веб-сайты. Бұл сайтта бюджетті талдау шолуларына сілтемелер берілген.

әл-ауқат (welfare) 1. Жеке тұлғаның немесе қоғамның әл-ауқатының жай-күйі. Әл-ауқат деңгейі жеке тұлғаның немесе қоғамның қанағаттану дәрежесін өлшейді. Жеке тұлға үшін бұл *пайдалылық функциясы, ал қоғам үшін – *әлеуметтік қамсыздандыру функциясы.

2. АҚШ терминологиясында табысты қолдау бағдарламасы.

әл-ауқат критерийі (welfare criterion)

Экономикаға өзгеріс енгізудің орындылығы туралы шешім қабылдау әдісі. Парето өлшемінде өзгеріс ешкім ұтылмаған жағдайда емес, біреу ұтқан жағдайда жасалуы керек. Бұл күмәнсіз. Алайда ұтқандар мен ұтылғандарға өзгеріс енгізу қажеті жөніндегі ауқымды сұраққа жауап бермейді. Хикс-Калдор критерийі бойынша ұтқандар ұтылғандарға өтемақы төлеуге мүмкіндігі

болса, өзгеріс енгізу қажет деп саналады. Мұндай өтемақы іс жүзінде төленсе, онда критерий Парето критерийіне ұқсас болады. Скитовский критерийі бойынша өзгерістен кейін ұтылғандардың өзгеруі үшін пайдасын өтеуге мүмкіндігі болмаса, өзгеріс орнауы қажет екенін көрсетеді. Өзгеріс салыстырмалы бағаның өзгеруіне әкелсе, Хикс-Калдор мен Скитовский критерийлері арасында айырмашылық туындайды. Хикс-Калдор критерийі табыстың нақты өзгеруіне дейінгі статус-кво ретінде бөлуді қарастырады, Скитовский критерийі өзгерістен кейін таратуға сүйенеді. Бір таратуды өзгесінен басым көруге жалпы артық себеп жоқ. Өтемақыға сүйенетін әлауқат критерийін қолданғанда бірқатар қиындық анықталды, сондықтан Парето критерийі ғана қолданылады. Сондай-ақ ПАРЕТО ТИІМДІЛІГІН қараңыз.

әл-ауқат экономикасы (welfare economics)

Экономикалық белсенділіктің әл-ауқатқа әсерімен байланысты экономиканың бір бөлігі. Бұған жеке тұлғаның немесе үй шаруашылығы мінез-құлқындағы *пайдалылық функциясы; *тиімділік өлшемдері, оның ішінде *Парето тиімділігі және *екінші үздік теориясы; экономикадағы өзгерістердің тиімділігін бағалау өлшемдері; табыс бөлінуі *әлеуметтік қамсыздандыруға қалай әсер ететіні және *шығын-пайданы талдауды модельдеу кіреді. Әл-ауқат экономикасының позитив және норматив компоненттері бар.

Әл-ауқат экономикасының негізгі теоремалары (Fundamental Theorems of Welfare Economics)

Бәсекедегі тепе-теңдік тиімділігінің қасиеттерін сипаттайтын екі теорема. Әл-ауқат экономикасының Бірінші негізгі теоремасы (қандай да бір *нарықтың құлдырауы болмаған жағдайда) бәсекедегі тепе-теңдікті

*Парето тиімділігі деп тұжырымдайды. Әл-ауқат экономикасының Екінші негізгі теоремасы бойынша әр тұтынушыда *дөнес қалау болса және әр фирманың дөнес *өндіріс жиынтықтары болса, онда кез келген Парето тиімділігі бөлінісі бәсекелік тепе-теңдік ретінде орталықтан басқарылмауы мүмкін деп топшылайды.

әлем жағдайы (states of the world) Белгісіздік жағдайындағы экономика үшін келешектегі ықтимал нәтижелер. Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда ертеңгі (немесе келешектегі кез келген уақыттағы) экономикалық жағдай белгісіз болуы. Әлемнің жағдайы – ертеңгі бір ықтимал экономикалық жағдайдың толық түйіндемесі. Әлем жағдайларының толық жиынтығы келешектегі кез келген ықтимал жағдайды қамтиды. Әдетте жеке экономикалық агент ықтимал жиынтық жағдайларды білгенімен, олардың қайсы туындайтынын білмейді деп ұйғарылады.

әлеуметтік жоспарлаушы (social planner) *Әлеуметтік қамсыздандыру функциясын көбейту үшін немесе *Парето тиімділігін бөлуге қол жеткізу үшін экономикалық саясатты таңдайтын, шешім қабылдайтын тілектес тұлға.

әлеуметтік көмек бағдарламасы (entitlement program) АҚШ-тағы үкіметтік бағдарлама. Бағдарламаның ережелері көмек алушыларға әлеуметтік қамсыздандыру және Medicare секілді жәрдемақы алуға заңды құқық береді. Бұл көмекті алушыларға үкіметтің белгілеген нақты талаптары жоқ және берілетін көмектің сомасы еш шектелмеген. Конгресс заңды өзгертпейінше, соманы шектеуге болмайды.

әлеуметтік көрсеткіштер (social indicators) Азаматтардың әл-ауқаты мен

экономикалық даму деңгейі туралы статистикалық ақпарат жинағы. Ең жиі қолданылатын әлеуметтік көрсеткіштерге ересектердің сауаты, білім беруге жұмсалған шығын, туу коэффициенті, үй шаруашылықтарының табысы мен уақытын пайдалану, нәресте өлімі көрсеткіші, күтілетін өмір сүру ұзақтығы, қоғамға қарсы мінез-құлық пен қылмыстық құқық бұзу, табыс теңсіздігі, кедейлік деңгейі, қала мен ауыл халқының үлесі, әлеуметтік қамсыздандыру шығындары, жұмыссыздық, сайлаушылардың сайлауға қатысуы және су мен ауа сапасы жатады. Сондай-ақ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІ қараңыз.

әлеуметтік қамсыздандыру жарналары (social security contributions) Әлеуметтік қамсыздандыру жәрдемақысына жұмсалатын шығынды өтеу үшін жеке тұлғалардан не олардың жұмыс берушілерінен алынатын алым. Салық жүйесі арқылы әлеуметтік қамсыздандыру үшін жай төлеу ғана емес, осы мақсат үшін ерекше алымдар болуына дәлел – мұндай алымдар салыққа қарағанда аз наразылық тудырады деген үміт және сақтандыру жүйесінің жәрдемақы бағдарламасы деп аталатын жәрдемақы қабылданған белгіні алып тастау және «салықты» көтермей қосымша пайда алу нәтижесінде саяси еркіндікке жету. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйелері әдетте сақтандырудың нақты жобасы емес, мысалы, Ұлыбританияда *Ұлттық сақтандыру жарналары Ұлттық сақтандыру жүйесін іс жүзінде төлеуге қабілетті ету үшін жеткілікті емес.

әлеуметтік қамсыздандыру жәрдемақысы (social security benefits) Мемлекеттің барлық тұрғындарын ең төмен өмір сүру деңгейімен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік төлемдер. Бұл жәрдемақы әдетте зейнет жасынан

асқандарға және мүгедектік, ауру немесе жұмыс таба алу қабілеті жоғынан өзін қолдауға мүмкіндігі жоқ адамдарға беріледі. Жәрдемақы алушыға және біреудің асырауындағы адамдарға, әсіресе балаларға төленеді. Әлеуметтік жәрдемақы жұмысшылардың немесе жұмыс берушілердің жарнасы немесе жалпы салық есебінен төленуі мүмкін. Ұлыбританиядағы сияқты ұлттық сақтандыру жүйесінің әдетте шынайы төлеу қабілеті жоқ және жалпы салық салу есебінен субсидиялануға тиіс. Әлеуметтік қамсыздандыру жәрдемақысын алатын адамды қаражаты бар жоғына тексеру мүмкін. Сондай-ақ ҚАРАЖАТ ТЕКСЕРІП БЕРІЛЕТІН ЖӘРДЕМАҚЫНЫ қараңыз.

Әлеуметтік қамсыздандыру туралы заң (Social Security Act) 1935 жылғы федералдық әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін орнатқан АҚШ заңы. Заң қабылданғанға дейін жәрдемақы мемлекеттік немесе одан да төмен деңгейде ұйымдастырылды. Заң еңбек етушілер үшін жасына қарай жәрдемақы, өндірістегі жазатайым оқиғалардан зардап шеккендерге жәрдемақы, жұмыссыздық бойынша сақтандыруды, ана мен балаға, зағип және мүгедек жандарға көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

әлеуметтік қамсыздандыру функциясы (social welfare function) 1. Экономикалық айнымалылардың функциясы ретінде көрінетін экономикадағы немесе қоғамдағы әл-ауқат деңгейі. Бұл Бергсон-Самуэльсон функциясының мағынасы. Әлеуметтік қамсыздандыру $X_i, i=1, \dots, n$ тауарларын жиынтық тұтыну деңгейінің $W(X_1, \dots, X_n)$ функциясы ретінде көрінуі мүмкін. Балама түрде әлеуметтік қамсыздандырудың *индивидуалистік* функциясы – пайдалылықтың жеке деңгейінің функциясы. Экономикада H тұтынушы болса, онда

әлеуметтік қамсыздандырудың жеке функциясы $W(U^1, \dots, U^H)$ ретінде жазылады, мұндағы $U^h - h$ -тың пайдалылығы. Екі арнайы жағдай: $W = \min\{U^h\} -$ *Роулздың әлеуметтік қамсыздандыру функциясы және $W = \sum U^h -$ функциясы. Бұл функциялар таралудағы *әділдік қажетіне қатысты түрлі тұжырымдамаларды қамтиды.

2. Жеке қалауды қоғамның қалауына біріктіру процесі – Эрроу теоремасының мәні. *Эрроудың мүмкін еместік теоремасы кез келген жағдайда жұмыс істейтін қолайлы біріктіру процесін іздеу қиындықтарының шешімін табуға арналады.

әлеуметтік қауіпсіздік желісі (social safety net) Халықтың табысын қабылданған ең төмен әлеуметтік деңгейден төмен түсуден ұстап тұратын қолда бар қолма-қол немесе заттай төлем жүйесі. Бұл қарттықты, ауруды және мүгедектікті, сондай-ақ жұмыссыздықты қамтуы қажет. Ол ерекше талаптары бар адамдарға арналған *заттай жәрдемақыны қамтуы мүмкін, мысалы, медициналық қызмет көрсету және жеке тұрғын үй құзыреті немесе қаражаты жоқ тұлғаларды әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету.

әлеуметтік қызметтер (social services) Қолма-қол ақша төлеуді емес, жеке қатынасты талап ететін әлеуметтік қамсыздандыру бөлігі. Халықтың ең аз тұтыну қажеттіліктері жеткілікті табысы, зейнетақысы және де басқа да жәрдемақысы жоқ тұлғаларға төленетін ақша төлемдері арқылы өтеледі. Алайда кейбір азаматтар өз өмірін басқаруда жеке, сондай-ақ ақшалай көмекті қажет етеді. Жеке әлеуметтік қызметтер мүгедектерге үй шаруасы бойынша көмектесу, шартты түрде сотталғандарға кенес беру және қадағалау, балалар мен ересектердің мінез-құлық мәселелерін

шешуге көмектесу және кеңес беру, сондай-ақ балаларына зиян келтіруі мүмкін деп саналатын ата-аналарды қадағалау сияқты мәселелерді қамтиды.

әлеуметтік мақсаттағы компания (social purpose company) Әлеуметтік мақсаттағы компания немесе АҚШ-тағы корпорация – пайданы барынша арттырумен қатар әлеуметтік немесе қоршаған ортаны қорғау мақсатын да көздейтін коммерциялық емес компания формасы.

әлеуметтік маңызды тауарлар (merit goods) Жеке тұлғалар өз қалауымен тұтынуға қарағанда, тұтас қоғамға көбірек пайда әкеледі деп саналатын тауарлар мен қызметтер. Тауар оң *сыртқы салдарға әкелсе, әлеуметтік маңызы бар деп санауға болады. Мысалы, білім беру. Мемлекет араласпаған жағдайда адамдардың жеке таңдауына байланысты кейбір заттар аз тұтынылады, бұл оң сыртқы салдарға әкеп соқтырады. Сондықтан мұндай пайдалы тауарлар кейде субсидияланады немесе үкімет тікелей қамтамасыз етеді. Сонымен қатар тауар *патернализм арқылы әлеуметтік маңызды тауар ретінде жіктелуі мүмкін: мемлекет тұтынушыларға қарағанда ол туралы жақсы хабардармыз деп ұғады да, тұтынуды қамтамасыз ету үшін *тұтынушы егемендігін аяққа таптайды. Оған мысал: көп елде міндетті бастауыш білім беру және балаларға міндетті түрде екпе жасау.

әлеуметтік нарықтық экономика (social market economy) Едәуір мемлекеттік реттеу, әлеуметтік қызметтерді молынын көрсету мен *социализмді қамтамасыз ететін *нарықтық экономиканың жекеменшік пен кәсіпкерлікті біріктіруге ұмтылатын формасы. Бұл көп жағдайда Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Батыс Еуропа елдерінің

көбіндегі экономика моделі ретінде қарастырылды.

әлеуметтік оптимум (social optimum)

*Әлеуметтік қамсыздандыруды барынша көбейтетін *пайдалылықтың мүмкін шегіндегі нүкте. Әлеуметтік оптимум – ресурспен ғана шектелген тілектес *әлеуметтік жоспарлаушы таңдаған үлестіру. Әлеуметтік жоспарлаудың саяси құралдарына қатысты шектеулер болғанда, жалпы алғанда, әлеуметтік оптимумға қол жеткізу мүмкін емес.

әлеуметтік өзара әрекеттесу (social interaction)

Референт топтың әрекеттері жеке тұлғаның қалауына, шектеулеріне және күтуіне әсер ететін сыртқы әсердің нақты формалары. Сондай-ақ ол баға тетігі арқылы реттелмейтінін айқындау үшін «нарықтан тыс өзара әрекеттесу» деп аталады. Жалпы алғанда, мұндай әсер жеке тұлғалар арасындағы қалау, шектеу, күтудің тікелей коммуникациясы нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Референт топтың сәйкестігі контекстке байланысты және жеке тұлғаның отбасы, көршілері, әріптестері немесе тіпті бүкіл халық болуы мүмкін. Әлеуметтік өзара әрекеттесу ұқсас түбегейлі бір экономикалар арасындағы нәтижелердің үлкен айырмашылықтарын түсіндіре алады. Мысалы, Италияда Ұлыбританияға қарағанда салық төлеуден жалтару факті көбірек. Мұны Ұлыбританияда адал салық төлеу *қоғамдық әдет-ғұрпы бар, ал Италияда жоқ екенімен түсіндіруге болады. Сондай-ақ ЭНДОГЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАР: ЖЕЛІЛЕРДІ қараңыз.

әлеуметтік салаға жұмсалған капитал (social overhead capital) Әр адам қол жеткізе алатын (демек, әлеуметтік) және өндірістің қандай да бір нақты бөлігімен тығыз байланысты емес (демек,

үстеме шығын) негізгі капитал. Олар не технологиялық, не институттық себептермен иелену мүмкін болмағандықтан, көбінесе үкімет тарапынан қамтамасыз етіледі. Әлеуметтік салаға жұмсалған капиталға мысал: жолдар, көпірлер және кәріз жүйелері. Кеңірек анықтамасына ауа және су секілді табиғи капитал да кіреді. Бұл концепцияны 1970 жылдары Хирофуми Узава енгізді.

Әлеуметтік тарау (Social Chapter) 1993 жылғы *Маастрих шартының *жұмыспен қамтуды қорғау мен *енбек жөніндегі кеңесті қамтитын, негізінен, әлеуметтік мәселелерге арналған тарауы. Бастапқыда Ұлыбритания үкіметі осы бөлімнен бас тартпақ болған, бірақ кейіннен оны қабылдады.

әлеуметтік төлемдер (entitlements) Көмек алушылардың заңды құқығы бар жәрдемақылар. Мұндай жәрдемақылар үкіметтің міндетті шығындарының бір бөлігі саналады. Бұл донор уәкілетті бірақ төлеуге міндетті емес дискрециялық жәрдемақылардан ерекшеленеді.

әлеуметтік төлемдер (social charges) Жұмыс берушілерден немесе қызметкерлерден алынатын жұмыспен қамтуға салынатын салық. Әлеуметтік алымдар көп мемлекетте зейнетақы және жұмыссыздық бойынша сақтандыру сынды түрлі әлеуметтік жәрдемақы төлеу үшін алынады. Ұлыбританияда әлеуметтік алымдар *Ұлттық сақтандыру жарналары формасында болады. Әлеуметтік төлемдер жұмыс берушілер үшін енбектің құнын олардың қызметкерлерінің табысынан жоғары етеді.

әлеуметтік-экономикалық тап (ҰЖ-ӘЭТ) (socio-economic class) (NS-SEC) Ұлыбританиядағы Ұлттық статистика бюросының ұқсас әлеуметтік-

экономикалық мәртебесі бар адамдар тобын біріктіретін жіктелімі. Көптеген талдау үшін қолданылатын нұсқада бірінші жіктелуден мынадай 8 санат бар: 1. Жоғары менеджерлік және кәсіби мамандықтар: 1.1) Ірі жұмыс берушілер және жоғары менеджерлік мамандықтар; 1.2) жоғары кәсіптік мамандықтар; 2. Біршама төменгі менеджерлік және кәсіби қызмет; 3. Аралық кәсіп; 4. Шағын жұмыс берушілер және өз бетімен жұмыс істейтіндер; 5. Төменгі менеджерлік және техникалық мамандықтар; 6. Жартылай тәртіпті кәсіп; 7. Күнделікті тәртіпті кәсіп; 8. Ешқашан жұмыс істемегендер мен ұзақ мерзімді жұмыссыздар және білігі жок қызметкерлер. Бұл жіктеме бұрын қолданылған әлеуметтік-экономикалық санаттар жіктелімін әлеуметтік тап жіктелімімен қатар алмастырды.

әлсіз конвергенция (weak convergence) ТАРАТУДАҒЫ КОНВЕРГЕНЦИЯНЫ *қараңыз.*

әлсіз стационарлық (weak stationarity) КОВАРИАНТ СТАЦИОНАР ПРОЦЕСТЕРДІ *қараңыз.*

әміршіл экономика (command economy) *Орталықтан жоспарлау арқылы басқарылатын экономика.

әр акцияға шаққандағы табыс (earnings per share) Компанияның шығарған әр қарапайым акциядан табатын табыс мөлшері. Бұл табыс дивидендтерге, салық төлеуге немесе бизнесті кеңейтуге жұмсалады. Әр акцияға шаққандағы табыс акция бағасын анықтайтын негізгі фактор.

әртараптанған фирма (multi-plant firm) Екі немесе одан да көп зауытты басқаратын фирма. Бұл филиалдар немесе еншілес ұйымдар болуы мүмкін.

эртараптану, эртараптандыру (diversification) 1. Фирманың немесе елдің қызметін әртүрлі өнім немесе әртүрлі нарықтар арасында кеңейту. Шын мәнінде бір өнімді фирма ерекше және барлық фирмалар белгілі бір дәрежеде эртараптанған. Эртараптанған нарықтардың артықшылығы – фирма немесе ел аз қатерге ұшырайды, өйткені оның барлық нарықтары бір мезгілде құлдырауы екіталай.

2. Инвестициялық портфельді түрлі қаржылай активтер арасында бөлу. Портфельдегі активтер дұрыс таңдалса, онда эртараптандыру қатерді төмендетуі мүмкін.

эртараптандудан үнемдеу (economies of scope) Ұқсас қызметпен айналысудың артықшылықтары. Бұл ауқымнан үнемдеуге ұқсас, бірақ ауқымнан үнемдеуде бір қызметті көбірек жасаудан үнемделеді, ал эртараптану есебінен үнемдеуде ұқсас қызмет түрлеріне маманданудан үнемделеді. Бір қызмет түрінде қолданылатын маманданған жұмыс күшін, жабдықтарды және идеяны ұқсас қызметтерде де тиімді пайдалануға

болады. Әртүрлі өнім өндіретін фирмалар ауқымнан үнемдеу емес, эртараптану есебінен туындайтын үнемдеуден пайда көреді.

эртектілік (lumpiness) БӨЛІНБЕУШЛІКТИ қараңыз.

эртүрлілік (variety) 1. Басқа ұқсас тауарлардан ерекшелікпен немесе *фирмалық атауымен (бренд) ерекшеленетін нақты тауар.

2. 1-мағынасында сұрыптама саны көп болуы.

әскери-өнеркәсіп кешені (military-industrial complex) Елдің қарулы күштері мен оның әскери бөліктерінің комбинациясын әскери мақсаттағы заттармен сипаттау үшін қолданылған өрнек. Термин көбінесе ірі державалардағы әскери-өнеркәсіп кешенін халықаралық шиеленістің дамуына ықпал ететін және соның салдарынан қару-жарақ немесе тіпті соғыстарға әкеліп соқтыратын саясатқа ықпалын тигізу мүддесіне сүйенеді деген айыптаумен байланысты.

Б

баға (price) Өнім немесе қызмет бірлігіне төленетін ақша сомасы. Қазір көптеген өнімдер мен қызметтерді көруге болады: кез келген қарапайым дүкенде сатып алушылар өзі қалағандай көптеген тауар бірлігін сатып ала алатын бағаны таба алады. Дегенмен кейбір өнімдер мен қызметтердің бағасын бақылау оңай емес. Ерекше шарттар, үлкен тапсырыстар, қайталама тапсырыстарға тек белгілі бір тұтынушы түрлері қол жеткізе алуы мүмкін. Кейбір нарықтарда сатып алушылар мен сатушылар әр тармақтың бағасына келіседі. Ұқсас өнімдердің бағасы уақыт пен орынға байланысты өзгереді, сол атаудағы өнімдер сапасына қарай ерекшеленеді. Баға индексі – белгілі бір санаттағы тауарлар, мысалы, тұтыну тауарлары, шикізат немесе экспорт бағасының жиынтық өлшемі. Көтерме баға – көтерме сауда жасайтын баға. Зауыт қақпасы алдындағы баға – өндірушілердің бағасы. Баға белгілеу тетігі экономикадағы тауарлар мен қызметтерді өндіру мен бөлуді ұйымдастырудағы бағаның рөліне жүгінеді: әртүрлі тауарлар мен қызметтерге баға белгілеу туралы ақпаратты беруді қалайтын баға және жеткізушілер бағасы туралы ақпарат оларды өндіруге жұмсалған күш пен ресурстарды бағалайды. Сондай-ақ БЕЛГІЛЕНГЕН БАҒА; САТУ БАҒАСЫ; ЖАБУ БАҒАСЫ; АҒЫМДАҒЫ БАҒА; БҰРМАЛАНҒАН БАҒА; ОРЫНДАУ БАҒАСЫ; ШЫҒЫМ БАҒАСЫ; ФАКТОР БАҒАЛАР; ИКЕМДІ БАҒА; ЕҢ ТӨМЕН БАҒА; ФОРВАРД БАҒА; БІР БАҒА ЗАҢЫ; НАРЫҚТАҒЫ БАҒА;

НАРЫҚТАҒЫ ОРТАША БАҒА; АШУ БАҒАСЫ; САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒА; КӨЛЕҢКЕЛІ БАҒА; ЖАБУ БАҒАСЫ; СПОТ БАҒАСЫ; ЖАБЫҚ БАҒАНЫ *қараңыз.*

баға әсері (price effect) Тұтыну теориясында тұтыну бағасының өзгеруі тауар бағасының өзгеруіне байланысты болады. Тұтынудағы баға өзгеруінің әсері *табыс әсері мен *алмастыру әсеріне айналуы мүмкін.

баға бекіту (price fixing) Екі немесе одан көп фирма арасында баға жөніндегі келісім. Бұл бәсекеге қарсы және көптеген елдің заңдарында тыйым салынған әрекет саналады.

баға белгілеу (pricing) ОРТАША ШЫҒЫНҒА БАҒА БЕЛГІЛЕУ; ШЫҒЫН ҚОСЫП БАҒА БЕЛГІЛЕУ; ТОЛЫҚ ШЫҒЫНҒА БАҒА БЕЛГІЛЕУ; ШЕКТЕУЛІ БАҒА БЕЛГІЛЕУ; ШЕКТІ ШЫҒЫНҒА БАҒА БЕЛГІЛЕУ; ЖОҒАРЫ НҮКТЕГЕ БАҒА БЕЛГІЛЕУ; ТРАНСФЕР БАҒА БЕЛГІЛЕУДІ *қараңыз.*

баға белгілеуші (price-setter) Өнім немесе құнды қағаздар бағасын белгілейтін фирма. Тек *монополиялық билігі бар фирма баға белгілеуші бола алады. Баға белгілеуші бәсекелес фирма немесе нарық бағасын нақты көрсетуге тиіс адам болып табылатын *баға қабылдаушыға қарсы тұрады.

баға деңгейі (price level) Экономикадағы жалпы баға деңгейі. Бұл тұтыну бағасына қолданылуы мүмкін, бұл

жағдайда олар *бөлшек сауда бағасы индексі немесе барлық инвестиция, мемлекеттік сатып алу, сондай-ақ тұтыну тауарларын қоса алғанда өндірілген барлық тауарлармен және *ЖІӨ дефляторымен өлшенеді.

баға дискриминациясы (price discrimination) Бірдей өнім немесе қызмет үшін түрлі тұтынушыларға түрлі баға белгілеу. Өнім жеткізушінің монополиялық күші болса, тұтынушыларды саралап жіктей алса және сатып алушы тауарды қайта сата алмайтын болса, баға дискриминациясы монополистерге пайдалы, сондықтан нарықтағы баға біркелкі болмағанда ғана түрлі нарықтардағы шекті пайда бірдей. *Бірінші деңгейдегі баға дискриминациясы сатып алушы төлейтін ең үлкен бағамен әр тауар бірлігін сатуды білдіреді, сондықтан тұтынушы ұтысы жоқ және өндіруші өнімнен барынша ықтимал пайда алады. Бірінші деңгейдегі баға дискриминациясы өндірушілер шығаратын өнімдердің жоғарғы шегін айқындайды, бірақ өндірушілер әдетте осындай дискриминацияға қажет ақпаратты таба алмайды. *Екінші деңгейдегі баға дискриминациясы өндірушілер қандай тұтынушылар тобына жататынын білмейтін, сондықтан тұтынушылардың өзін өзгелермен сәйкестендіруіне көмектесетін балама келісімшарттар ұсынатын кезде туындайды. *Үшінші деңгейдегі баға дискриминациясы сатушылар түрлі сатып алушылар топтарын анықтап, әр топқа түрлі баға ұсынғанда туындайды.

баға жасаушы (price-maker) БАҒА БЕЛГІЛЕУШІНІ қараңыз.

баға және табыс саясаты (prices and incomes policy) Үкімет мәжбүрлеу немесе заң көмегімен баға мен табысты тікелей бақылауға тырысуы. Мұндай саясат фискалдық және монетарлық

саясат арқылы баға мен жалақыға әсер етуден немесе белгілі бір нарықтарда сатып алушы немесе сатушы ретінде әрекет ете отырып баға белгілеуден ерекшеленеді. Әкімшілік шығындар болуы баға және табыс саясатының кейбір маңызды бағаны белгілеп, енді біреуін нарықта қалдыруына немесе бағаны өсіруге шектеу қоюына алып келеді. Кез келген балама салыстырмалы баға құрылымында бұрмалану тудырады және оны уақыт өте келе қолдану қиынға соғады.

баға жетекшісі (price leader) Бағаны өзгертетін және нарықтағы басқа сатушылар соңынан ілесетін фирмалар. Бұл көптеген елдегі монополияға қарсы заңнамада заңсыз саналатын келісім немесе бәсекеге қарсы, бірақ алдын-алу қиын деп саналатын сөз байласу бойынша болуы мүмкін. Баға жетекшісі айрықша ірі немесе әсіре агрессив басқаруды ұстанатын фирма болуы мүмкін.

баға индексі (price index) Белгілі бір санаттағы тауарлар бағасының санмен немесе жиынтық өлшенген индексі. i тауарын қарастырайық. 0 – базалық кезең, t – ағымдағы кезеңі және $p_{it} - \tau$ кезеңіндегі баға. I тауары бағасының индексі p_{it}/p_{i0} ретінде анықталады. Бұл қатынас ретіндегі индексті береді және оның мәні базалық кезеңде 1 -ге тең болады. Ол көбінесе базалық кезеңде 100 мәнін алу үшін 100 -ге көбейтіледі. Егер $i = 1, 2, \dots, N$ тауар бағасы туралы айтсақ, баға индексі олардың бағасының орташа салмақталған құнына қатынасы болады. Салмақ – белгілі бір кезең ішінде сатып алынған тауарлардың құны. Егер $q_{it} - t$ кезеңіндегі i тауардың саны болса, онда t уақытындағы *базалық өлшенген немесе Ласпейрес баға индексі былай анықталады:

$$P_B = \frac{\sum_{i=1}^N \rho_{it} q_{it}}{\sum_{i=1}^N \rho_{i0} q_{i0}}$$

және t уақытындағы *ағымдағы өлшенген немесе Пааше баға индексі былай анықталады:

$$P_C = \frac{\sum_{i=1}^N \rho_{it} q_{it}}{\sum_{i=1}^N \rho_{i0} q_{i0}}$$

Олар тағы да қатынас түрінде болады, бірақ 100-ге көбейтілуі мүмкін. Сондай-ақ бағалы қағаздар бағасына немесе тарифтерге баға индекстерін табуға болады. Сондай-ақ ТҰТЫНУ БАҒАСЫ ИНДЕКСІ; БӨЛШЕК САУДА БАҒАСЫ ИНДЕКСІН қараңыз.

баға қабылдаушы (price-taker) Өз мәмілелері нарықтағы бағаға ықпал ететініне сенбейтін нарықтағы жеке немесе фирманың сауда-саттығы. Нәтижесінде баға қабылдаушылар бағаның экзоген болуына байланысты шешім қабылдайды.

баға құбылмалығы (price volatility) Бағаның өзгеруі дәрежесі. Тербелістер кез келген уақыт ауқымында, жылдан-жылға минутына дейін өлшенуі мүмкін. T кезеңіндегі баға құбылмалылығының сандық көрсеткіші t және $t-1$ (қайтарым логарифмі) кезеңіндегі баға қатынасының табиғи логарифмінің стандарт ауытқуы ретінде анықталады. Баға құбылмалылығы сұраныс, ұсыныс немесе екеуі де үлкен кездейсоқ шоктарға байланысты болғанда және сұраныс пен ұсыныс икемділігі төмен болғанда жоғары болады. Шикізат тауарларға қарағанда тауар бағасы, қорлар мен айырбас бағамдары бойынша баға құбылмалылығы жоғары.

баға механизмі (price mechanism) *Нарықтық экономикадағы бағаның ақпарат тарату, ынталандыру, ресурс

таңдау және бөлуді анықтаудағы рөліне қатысты өрнек. «Нарық механизмі» – бірдей түсіндірмедегі балама сөз тіркесі. Адамдар тауарлар мен қызметтерге ақы төлеуге дайын болған баға оларды қаншаға бағалайтыны туралы, ал өндірушілер қойған баға олардың ресурстарды қалай бағалағаны туралы ақпаратты жібереді. Баға механизмі олардың құны ең жоғары болатын және ең арзан кездегі қажетін өтеу үшін ресурс бөлуді ынталандырады.

баға реформасы (price reform) Орталықтан жоспарлаудан *нарықтық экономикаға көшу кезінде бағаны бақылайтын жүйеден бағада ықтимал балама шығын көрініс табатын жүйеге өту. *Бағаны бақылау жүйелері кей бағаны балама шығыннан тым төмен белгілеп, сұраныстың артуына әкеп соқтырса, баға реформасы өтпелі кезеңде бұрынғы Кеңес Одағында және басқа елдерде болғандай, көбінесе шұғыл *инфляция есебінен тапшылықты жоюға көмектеседі. Баға реформасы өндіріс тиімділігін арттыруға, сондай-ақ кезек салдарынан туындайтын тапшылық пен шығындарды жоюға мүмкіндік береді.

баға соғысы (price war) Бәсекелестердің пайдасына зиян келтіру үшін бағаны төмендету. Баға соғысында бір немесе бірнеше фирма бәсекелестерге зиян келтіре алу үшін өз пайдасын барынша арттыратын бағадан да төмен баға белгілейді. Баға соғысы бәсекелестерді *картель келісімін бұзғаны үшін олардың қаржысын әлсіретіп, оларды сатып алу туралы өтінімді қабылдауға мәжбүрлеуге немесе оларды толықтай алып тастауға бағыттауы мүмкін.

баға тұрақтылығы (price stability) Ұзақмерзімді *инфляция мен *дефляцияны болдырмауға бағытталған

*экономикалық саясаттың мақсаты. Бұл кумулятивтік баға индексінің өсу немесе азаю жылдамдығын, әдетте *тұтыну бағасы индексіні қолайлы шектерде сақтауды білдіреді. Мысалы, *Еуропа орталық банкі ортамерзімді перспективада баға тұрақтылығын анықтайды, себебі «еуроаймақта үйлесімді тұтыну бағасы индексінің жыл сайынғы өсуі 2 пайыздан төмен».

баға ұсынысы (bid) ДҮШПАНДЫҚ (ЖҰТУ) ҰСЫНЫС; ЖҰТЫЛУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТЫ қараңыз.

бағаға әсер ететін ақпарат (price-sensitive information) Компания туралы ақпарат. Ол жарияланса, акциялар бағасына әсер етуі мүмкін. Бұған табыс, жұмыспен қамту, айналымдар, инновациялар, пайдалы қазбалар, жоғары басшылықтағы өзгерістер немесе сатып алу туралы ұсыныстар кіреді. Бағаға әсер ететін ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі – инсайдерлерді «инсайдер ететін» нәрсе. ІШКІ КЕЛІСІМДІ қараңыз.

бағаға икемділік (price elasticity) Сұратылған не ұсынылған көлемнің пропорционал өзгеруінің бағадағы пропорционал өзгеріске қатынасы. Ұсыныстың бағаға икемділігі $\epsilon_s = (p/q)(dq/dp)$, мұндағы p – баға және q – көлем. Сұраныстың бағаға икемділігі көбінесе $\epsilon_d = - (p/q)(dq/dp)$ ретінде анықталады, сондықтан бұл оң, бірақ минус белгісі әрдайым қолданыла бермейді.

бағаға қолдау (price support) Өнімнің бағасын белгілі бір минимал деңгейден жоғары сақтауға арналған мемлекеттік саясат. Бұл, негізінен, өндірушілердің табысын арттыру мақсатында ауылшаруашылық өнімдеріне қолданылады. Бағаға қолдау көрсету нарықтағы бағаның құлдырауын болдырмау үшін өнімді сатып алу арқылы немесе

өндірушіге қолдау бағасынан төмен кез келген нарықтағы бағаны төмендету үшін субсидия төлеуге арналған.

бағаға тоғыспалы икемділік (cross-price elasticity) СҰРАНЫСТЫҢ БАҒАҒА ТОҒЫСПАЛЫ ИКЕМДІЛІГІН қараңыз.

баға-жалақы спиралі (price-wage spiral) ЖАЛАҚЫ-БАҒА СПИРАЛІН қараңыз.

бағалау (estimate) Эконометрикада модельдің белгісіз параметрінің мәнін алу үшін деректер іріктемесіне *бағалау функциясы қолданылады.

бағалау пікірлері (субъектив бағалау) (value judgement) Экономиканың екі немесе одан да көп жағдайының, жай-күйінің салыстырмалы артықшылықтары туралы қисынды дәлелге емес, моральға немесе эстетикаға сүйенетін пікір. Мысалға *A* және *B* адамдарына қатысты өзгерістерді қарастырайық. Олардың әрқайсы өзгерісті іске асыру пайдасына қарай Парето жақсартуы тұжырымдамасына сүйенетін логикалық дәлел алсын. Оның орнына өзгерістер *A*-ға пайдалы, *B*-ға зиян делік. Ол жасалуға тиіс екеніне қарамастан *B* үшін зиянмен салыстырғанда қоғам *A* үшін пайданы қалай бағалауы керек екені туралы бағалау пайымдауы түсіндіріледі. Бағалау пікірлері болуы *норматив экономиканың айқындаушы белгісі, олардың сипатты болмауы *позитив экономикаға тән.

бағалау, құнды анықтау (valuation) Активтің ағымдағы құнын анықтау. Бағаланатын актив бизнес секілді нақты актив немесе *облигация немесе *опцион сияқты *қаржылай актив болуы мүмкін. Бағалаудың ең қарапайым әдісі ұқсас активтерге қатысты сауда бағасын сақтау. Мұндай активтер жоқ болса, ұқсас активтер портфелін құрып,

дәлелді арбитражсыз қолдануға болады. Бұл *биномдық баға белгілеудің және қаржы саласында қолданылатын *Блэк-Шоулз тендеуінің негізі. Басқа баламаларға дисконтталған ақша ағындарын бағалау және сарапшылар қорытындысы жатады.

бағалаудағы ығысу (bias of an estimator)

Баға мен бағаланатын параметрдің шынайы мәні арасындағы айырмашылықтың күтілетін мәні.

бағалаушы (estimator) Біріктірілген параметрдің бақыланбайтын мәнін есептеу үшін бақыланатын іріктемелік деректерді пайдалану ережесі. Мысалы, айнымалылардың үлгілік орташа мәні – айнымалылардың орташа жиынтық мәнін бағалау функциясы. Бағалау функциясының кішкентай іріктеме үлгісіндегі біржақтылық, үйлесім және дәлдік секілді статистикалық сипаттары әртүрлі бағалау функциясының арасынан бірдей параметрге сәйкесін таңдау үшін қолданылады. Сондай-ақ БАҒАЛАУДЫ *қараңыз*.

бағалаушы (эксперт) (valuer) Тауар сатылғаннан кейін әкелетін пайдасын бағалайтын кәсіби маман. Дүкеннің немесе фирманың қоры бір меншік иесінен екіншісіне «бағалау барысында», яғни бағалаушы белгілеген сомаға беріледі.

бағалы қағаз (security) Төлем жүргізілетін шарттар мен жағдайлар баяндалатын келісімшартта сипатталатын қаржы активтері. Бағалы қағаздар мемлекеттік қысқа және ұзақмерзімді қарыздарды, компанияның акциялары мен компанияның қарызын қамтиды. Меншік құқығы әдетте банк жүргізетін тізілімдегі жазбаға байланысты болса және қағаз тек меншік құқығының дәлелі болса, бағалы қағаздар тіркелуі мүмкін немесе құжатты иелену

арқылы берілетін ұсынушы формасында болуы мүмкін. Сондай-ақ ҰСЫНУШЫҒА АРНАЛҒАН ОБЛИГАЦИЯ; КӨГІЛДІР ФИШКА; КЕПІЛЗАТ; БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДЫҢ ТІРКЕЛГЕН ПАЙЫЗЫ; АЛТЫН ЖИЕКТІ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР; МЕРЗІМСІЗ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР; ҰЗАҚМЕРЗІМДІ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР; БИРЖАДА АЙНАЛЫМҒА ТҮСЕТІН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР; ӨТЕЛЕТІН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР; ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР; ӨТЕЛЕТІН МЕРЗІМІ ЖОҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ *қараңыз*.

Бағалы қағаздар және биржалар комиссиясы (БҚБК) (Securities and Exchange Commission) (SEC) АҚШ-тағы бағалы қағаздар саудасы мен жұтылуды қадағалауға жауапты басты мемлекеттік орган. www.sec.gov – Бағалы қағаздар және биржалар комиссиясы сайтының бас беті.

Бағалы қағаздар және инвестиция басқармасы (БҚИБ) (Securities and Investment Board) (SIB) Ұлыбританияның қаржы нарығына бақылау жүргізу үшін құрылған реттеуші орган. Оның мақсаты – алаяқтық пен *инсайдерлік мәміленің алдын алу. ҚРББ әр қаржы секторы жүйесі арқылы жұмыс істеді, мысалы, ҚРББ-ға есеп беретін өзін-өзі реттейтін ұйымы бар қор биржасы. ҚРББ инвестициялық институттарды тануға және мойындау үшін алынатын алымдар есебінен өзін қаржыландыруға уәкілетті болды. 1997 жылы ҚРББ функциялары *Қаржы қызметтері жөніндегі басқармаға берілді. Сондай-ақ ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУДІ *қараңыз*.

бағалы қағаздар нарығы (securities market) ҚОР БИРЖАСЫН *қараңыз*.

бағалы қағаздар шығару (capital issues) Жана *акциялар пайда болуының негізгі жолы. Жаңа пайда болған компанияны қаржыландыруға немесе бар

компанияны кеңейтуге қажет қаржыны қоғамға жаңадан эмиссияланған акцияларды сату арқылы тарту. Жаңадан шығарылатын акция эмиссиясын қор биржасы реттейді. Атап айтқанда, фирмалар ықтимал инвесторларға бизнестің бұрынғы нәтижелері және оның болашақ *перспектива болжамы туралы ақпарат беруге міндетті. Сондай-ақ БАСТАПҚЫ ЖАРИЯ ОРНАЛАСТЫРУДЫ қараңыз.

бағалы қағаздар шығарылымы (tap issue) Ұлыбританияның *қазынашылық вексельдерін басқа мемлекеттік ведомстволарға шығару. Ол белгіленген баға бойынша жасалады және нарық арқылы өтпейді, ол – мемлекеттің ішкі есеп-қисабының бөлігі. Қазынашылық вексельдер мемлекеттік емес сатып алушыларға бәсекеге қабілетті анықталған бағамен сатылатын *гендерлік шығарылым қарсы қойылады.

бағаны бақылау (price control) Заңға сәйкес ең жоғары немесе ең төмен баға белгілеу. Бұл белгілі бір, мысалы, ішкі жалға алу нарықтарына әсер етуі мүмкін немесе, тұтастай алғанда, экономикаға қолданылады.

бағаны көтеру (mark-up) Өнімді сату бағасы оны өндіру шығынынан немесе сатып алу құнынан асып кетуі. Кез келген өнімге қосымша ақы *үстеме шығынды жабуды, сондай-ақ пайда алуды қамтамасыз етуге тиіс.

бағаны қысу (price squeeze) Көтерме сауда деңгейіндегі компания *монополиялық билікпен көтерме сатыдағы компания бәсекелестерді бөлшек сауда деңгейінен алшақтатып, бөлшек сауда нарығына монополиялық ықпалын кеңейтіп, бағаның ұзаққа созылуына әкелетін бәсекеге қарсы практика.

бағаны өзгерту шығыны (menu costs) Фирманың бағаны қайта қарау шығыны. Термин прайс-лист пен кез келген басқа жарнама материалдарды жаңарту шығынынан туды. Қазір ол компания бағаны өзгерткенде кезігетін кез келген транзакция шығынына сілтеме жасау үшін қолданылады. Бағаны өзгерту шығыны фирмалардың экономикалық ортадағы шамалы тербелістерге жауап ретінде бағаны өзгертуге құлықсыздығын түсіндіре алады.

бағаның жабысқақтығы (price stickiness) Бағаның экономикалық ортадағы өзгерістерге жауап ретінде қарсыласуы немесе бірден өзгеріп кете алмауы. Баға жабысқақтығының ықтимал себептері *монополистік бәсеке және *бағаны өзгерту шығыны, *ақша елесі, шала ақпарат пен бағаның өзгеруіне қатысты *әділдік және капитал мәселесі. ЖЕТІЛМЕГЕН БӘСЕКЕНІ *де қараңыз.*

баға-пайда қатынасы (Б/П қатынасы) (price-earnings ratio) (P/E ratio) Компанияның *қарапайым акцияларының ағымдағы нарықтағы бағасының оның соңғы жарияланған акцияға шаққандағы пайдасына қатынасы. Салыстырмалы түрде жоғары баға-пайда қатынасы табыс жылдам өсетінін немесе ол салыстырмалы қауіпсіз екенін көрсетеді. Төмен баға-пайда қатынасы пайданың баяу өсуі немесе құлдырауы күтілетінін немесе компанияға салыстырмалы түрде қатер төніп тұр деп саналатынын көрсетеді.

бағасыз бәсеке (non-price competition) Бағаны төмендетуден басқа нарықтағы үлесті пайдалану әдісі. Оларға өнімнің сапасы, жарнаманың сапасы, ақпарат пен нұсқаулар, жеткізілім уақытының сенімділігі және пайдаланудан кейінгі қызмет көрсету сенімділігі жатады. Бағаның төмендеуі заңды

және картельдік шектеулер болғанда және баға тұтынушыларға сапа белгісі ретінде қолданылғанда бағасыз бәсеке айрықша маңызды және арзан өнімдердің сапасы төмен болуға тиіс деп болжайды.

баж салығы (duty/ies) ДЕМПИНГКЕ ҚАРСЫ БАЖ САЛЫҒЫ; ӨТЕМАҚЫ БАЖ САЛЫҒЫ; КЕДЕНДІК БАЖ САЛЫҒЫ; МИРАС САЛЫҒЫ; МҮЛІК САЛЫҒЫ; АКЦИЗ САЛЫҒЫ; ЕЛТАҢБАЛЫҚ АЛЫМДЫ *да қараңыз.*

базалық инфляция (core inflation) Белгілі бір тауарлардың бағасын есепке алмағандағы тұтыну бағасы инфляциясының өлшемі. Оған есепке алынбайтын тауарлар бағасы, маусымдық тербелістерге ұшырайтын азық-түлік, *Мұнай экспорттаушы елдер ұйымының іс-қимылдары нәтижесінде бағасы үлкен тербеліске ұшырайтын жанармай және бағасы уақытша үлкен өзгеріске ұшырауы мүмкін басқа да маусымдық тауарлар жатады. Базалық инфляция көрсеткішін пайдалану ұзақмерзімді инфляцияға нақтырақ болжам жасауға ықпал етуі мүмкін. 2000 жылдан бастап базалық инфляция Федералдық резерв жүйесі белгілейтін АҚШ-тағы инфляция көрсеткіші саналады; басқа елдердің көпшілігі *тұтыну бағасы индексі айқындайтын инфляция көрсеткішін пайдаланады.

базалық кезең (base period) *Индекс санын құру үшін деректері 100 (кейде 1) индексімен танылатын кезең. АҚШ-та, мысалы, 2016 жылы базалық кезең деп *Экономикалық талдау бюросының 2009 жылғы жалпыұлттық кіріс туралы деректері пайдаланылады. *Базалық өлшенген немесе Ласпейрес индекстері салмағын базалық кезең деректерінен алады, ал *ағымдағы өлшенген немесе Пааше индексі ала алмайды.

базалық мөлшерлеме (base rate) 1.

*Коммерциялық банктер несие алу үшін негіз ретінде пайдаланатын пайыздық мөлшерлеме. Қарыз алушылардың көпшілігі базалық мөлшерлемеден жоғары сыйақы төлейді, оның мөлшері несие қатері қаншалықты жоғары екеніне және қарыз алушылар қандай *кепілзат ұсына алатынына байланысты.

2. Англия банкі *Есеп-қисап үйіне несиеге беретін қаржы мөлшерлемесінің бейресми термині (бұл 1981 жылы жойылған *ең төмен несие мөлшерлемесіне сәйкес келеді). Англия банкі несие беретін және банк жүйесінің басқа бөліктеріндегі пайыздық мөлшерлемелерді реттеу үшін пайдаланатын мөлшерлемесі.

базалық мөлшерлеме (basic rate) Барлық салық салынатын табысқа қолданылатын табыс салығы мөлшерлемесі. Төменгі шектен жоғары, жоғары шектен төмен табыс салық салынатын табысқа жатады. Базалық мөлшерлеме Ұлыбританиядағы көптеген табыс түріне салынады. 2011–2012 жылдары ол 20% болды. Бұрын бұл стандарт мөлшерлеме деп аталған.

базалық өлшенген индекс (base-weighted index) Бағаның немесе санның орташа өлшенген мәні. Мұнда өлшенген мән базалық кезеңдегі баға немесе көлемді білдіреді. p_{ij} және q_{ij} j кезеңіндегі N $i = 1, 2, \dots, N$, тауарларының бағасы және көлемі болсын делік. Егер t соңғы кезең, ал 0 базалық кезең болса, онда базалық өлшенген индекс немесе Ласпейрес баға индексі былайша беріледі:

$$P_B = \left(\sum_i p_{it} q_{i0} \right) / \sum_i p_{i0} q_{i0}$$

Ал базалық өлшенген индекс немесе Ласпейрес көлемдік индексі былай беріледі:

$$Q_B = (\sum_i \rho_{io} q_{it}) / \sum_i \rho_{io} q_{io}$$

Базель II (Basel II) Екінші Базель келісімі. Базель II *капитал жеткіліктілігінің халықаралық стандартын құру мақсатында 2004 жылғы маусымда жарияланды. www.bis.org/publ/bcbsca.htm – Базель II құжаттамасын осы веб-сайттан көруге болады.

Базель келісімі (Basel Agreement) 1988 жылғы Базель келісімі оған қол қойған елдерде әрекет ететін банктер үшін халықаралық қатерге бағытталған капитал жеткіліктілігі стандарттарын белгіледі. Келісім халықаралық банк қызметінде бәсекеге тең жағдай жасау мақсатында халықаралық банк практикасының стандарттарын белгіледі. Осы келісімдерге сәйкес банктер өз активтерін қатердің бес санаты бойынша жіктеуге тиіс, осылайша олар өзінің қатері өлшенген активтерінің (RWA) жалпы мәнін есептей алады. *Меншік капитал RWA-ның ең аз үлесінен асып түсуі талап етіледі. Сондай-ақ КАПИТАЛ ҚАТЫНАСЫН қараңыз.

базистік нүкте (basis point) Әдетте пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістерді немесе айырмашылықтарды өлшеу бірлігі ретінде қолданылады. Ол 1 пайыздық нүктенің 1 пайызы ретінде анықталады, сәйкесінше, *пайыздық мөлшерлеменің 50 базистік нүктеге артуы оның 0,5 пайыздық нүктеге көтерілуін білдіреді.

Байес теоремасы (Bayes theorem) Кездейсоқ оқиғалардың шартты және шекті ықтималдығы арасындағы байланыс. $P[A]$ A -ның шекті ықтималдығын білдіреді және $P[A|B]$ A -ның B -ға шартты ықтималдығын білдіреді делік, онда Байес теоремасы $P[A|B]=P[B|A] \times P[A]/P[B]$ дейді, мұнда $P[B]>0$.

Байес түйіні (Bayesian inference) *Гипотезаны сынау тәсілі. Бұл тәсіл екі гипотезаның, яғни нөлдік гипотеза (H_0) және балама гипотезаның (H_1) қайсы дұрыс болуы ықтималдығы жоғары екенін анықтайды. Біріншіден, әр гипотезаның $P(H_0)$ және $P(H_1)$ қайсы дұрыс екенінің априор ықтималдығы анықталады, содан кейін априор коэффициент көрсеткіштері $P(H_0)/P(H_1)$ құрылады. Содан кейін әр гипотезадағы апостериор тығыздық функцияларына және ақиқатқа жақындық функциясы деректеріне сүйене отырып, априор коэффициент көрсеткіштері апостериор коэффициент көрсеткіштеріне түрленеді. Бұл әдістің классикалық әдістен айырмашылығы – мұнда әр гипотезаны қабылдау немесе қабылдамау міндетті емес. Қажет болса қабылдау немесе қабылдамау туралы шешім дұрыс емес шешім қабылдаудан туындайтын болжалды шығынды барынша азайту арқылы жасалады. Ол үшін арнайы шығын функциялары қолданылады. Ол болжамдар әр гипотезаның апостериор ықтималдығын ескере отырып есептеледі.

Байес эконометрикасы (Bayesian econometrics) *Эконометрикадағы белгісіз параметрдің мәніне қатысты белгісіздік ықтималдығы таралуы тұрғысынан көрсететін бағалау және қорытынды шығару әдісі. Бұл параметрлері қайталанатын тандамаларға тіркелетін классикалық тәсілге қайшы келеді. Байес құрылымында деректер параметрлерді бөлу туралы талдаушының алдыңғы сенімдерін жаңарту кезінде пайдаланылатын қосымша ақпараттың тіркелген жиынтығы ретінде қарастырылады. Қайта қаралған сенімдер немесе параметрлердің апостериор таралуы *Байес теоремасын қолдануға сүйеніп априор таралуынан алынады. Сәйкесінше, параметрлердің априор

таралуы және деректердің *ақиқатқа жақындық функциясын бағалау кезінде толық көрсетілуге тиіс.

байқалмаған экономика (non-observed economy) ЖАСЫРЫН ЭКОНОМИКАНЫ қараңыз.

байқау тендері (competitive tendering) Ұсыныс немесе «тендер» жариялау және түскен ұсыныстар ішінен өнім жеткізушіні таңдау жолымен тауар немесе қызмет сатып алу жүйесі. Өнімнің барлық сипаты тең болған жағдайда, ең арзан баға ұсынған тендер таңдалады. Бірақ сатып алушылар тауар мен қызмет жеткізілімі сенімді болуы үшін қатысушылардың техникалық және қаржы мүмкіндіктерін ескереді. Байқау тендері *франшиза немесе мемлекеттік қызмет көрсетуге *сыртқы мердігермен келісімшарт жасасу барысында да қолданылады.

байлық (wealth) Тұлғаның таза активтерінің жиынтық құны. Байлық түрлі формада: ақша, компания акциялары, борыштық құралдар, жер, ғимараттар, зияткерлік меншік сияқты *патенттер мен *авторлық құқық және өнер туындылары сияқты құндылық түрінде сақталуы мүмкін. Осыдан барлық қарыздар шегеріледі. Бұл активтерді бағалау белгісіздік пен тербеліске ұшырайды, өйткені активтердің көбі нарықта сатыла бермейді, ал сатылатындардың нарықтағы бағасы құбылмалы болуы мүмкін. Байлық ықтимал активтерді қамтуға тиіс деген мәселе даулы: зейнетақы құқығының актуарлық құнын есептеуге болады, бірақ зейнеткерлер қанша алатыны іс жүзінде олар қаншалықты ұзақ өмір сүретініне байланысты болмақ. Сондай-ақ болуы мүмкін мұраның нақты байлықпен салыстырмалы ынталандырушы әсері бар, бірақ іс жүзінде мұрагерлер не

алынатыны мұра берушілер қанша уақыт өмір сүретініне, олардың активтерінің өзгерісіне және мұрагерлікке қатысты ойы өзгеру-өзгермеуіне байланысты болады. Сондай-ақ ТАЗА АКТИВТЕРДІ қараңыз.

байлық әсері (wealth effect) Адамның жалпы байлығы ұлғаюының шығын деңгейіне әсері. Әдетте таза активтерінің құны жоғары адам ағымдағы табысының көп бөлігін жұмсайды және табыс мөлшері тура сондай, бірақ құны төмен таза активтер иеленетін адамға қарағанда азырақ үнемдейді деп күтіледі. Сондай-ақ таза активтерінің құны жоғары адамның табысына қатысты қаражат қалдығы құны төмен таза активтері бар адамға қарағанда көбірек болады деген болжам бар.

байлықтың шекті пайдалылығы (marginal utility of wealth) Жеке тұлғалардың бір бірлікке шаққандағы жалпы байлығының кішігірім артуы нәтижесінде олардың жеке пайдалылығының ұлғаюы. Адам *қатерден қашатын болса, байлықтың шекті пайдалылығы байлықтың кемімелі функциясы болады. Байлықтың шекті пайдалылығы *қатерге бейтарап адам үшін тұрақты және *қатерге бейім адам үшін артады. Сондай-ақ ТАБЫСТЫҢ ШЕКТІ ПАЙДАЛЫЛЫҒЫН қараңыз.

бақылау (компанияны) (control) (of a company) Компаниялардың жалпы жиналыстарында дауысты жеңіп алу мүмкіндігі. Дауыс құқығын беретін қарапайым акциялардың 50 пайыздан астамын иеленетін кез келген тұлға немесе топ бақылауды жүзеге асыра алады; іс жүзінде басқа акционерлер біріге алмайтын жағдайда, әдетте дауыс құқығын беретін акциялардың 50 пайыздан азы болғанда да бақылау мүмкін болады.

бақылау тобы (control group) Саясатқа араласу тиімділігін сынау барысында салыстыру стандарты ретінде пайдаланылатын топ. Саясатты өзгертуге ұшыраған субъектілерді «емдеу» тобы деп атайды. Сондай-ақ ДАЛАДАҒЫ ЭКСПЕРИМЕНТ; ТАБИҒИ ЭКСПЕРИМЕНТТІ қараңыз.

бақыт индексі (happiness index) Қоғамдағы бақыт немесе қанағаттану деңгейін өлшейтін индекс. Іс жүзінде бақыт индексі субъектив қанағаттану деңгейімен үйлеседі. Субъектив қанағаттану деңгейі балалар өлімі және күтілетін өмір сүру ұзақтығы сияқты бірқатар объектив көрсеткіштерді қамтитын сауалнамалар көмегімен өлшенеді. Бақыт индексін қолдануды ынталандыратын бірден-бір себеп – ақшалай көрсеткіштер, мысалы, жан басына шаққандағы *жалпы ішкі өнім, *элеуметтік қамсыздандыру деңгейіне әсер ететін ерекшеліктерді толық қамту аясы тым тар болады. Бақыт индексі Дүниежүзілік құндылықтарды зерттеу жобасы арқылы жасалады және жарияланады. www.worldvaluessurvey.org – Дүниежүзілік құндылықтарды зерттеу жобасының веб-сайты.

Бала салық жеңілдігі (Child Tax Credit) Ұлыбританиядағы *салық шегерімі. Бұл жеңілдік 16 жасқа толмаған бір немесе бірнеше балаға жауапты отбасыларға беріледі. Сондай-ақ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІНДЕРГЕ САЛЫҚ ШЕГЕРІМІН қараңыз.

балаларға арналған индустрия (infant industry) Бастапқы кезеңде көбінесе нарықтың беделі мен шағын ауқымына байланысты шетелдік өндірушілермен бәсекелесе алмайтын жаңа сала. Үкімет кейде тікелей субсидия, қорғаныс *тарифтері немесе басқа сауданы бақылау механизмдерімен жаңа өндірістердің дамуына қолдау көрсетеді.

балама есе қайтару (tit for tat) Өтеу қағидатына сүйенетін *қайталама ойын стратегиясы. Қайталама *тұтқындар дилеммасы ойынында балама есе қайтару стратегиясы қарсылас ойнаған {Мойындамау} кезеңдері ойнау {Мойындамау}, бірақ қарсылас ойнап болғаннан {Мойындау} кейін де ойнаудан {Мойындау} тұрады. Қарсылас {Мойындамауға} қайта ауысса, онда келесі ойында балама есе қайтару стратегиясы болады. Стратегия өте қарапайым, бірақ әртүрлі стратегиялар арасындағы жарыстарда өте сәтті болды. Сондай-ақ ЖАЗАЛАУ СТРАТЕГИЯСЫН қараңыз.

балама шығын (opportunity cost) Қапыда кеткен мүмкіндіктер нәтижесінде орын алатын шығын. Балама шығын үздік балама мүмкіндікті таңдағанда алуға мүмкін болатын пайдамен анықталатын мүмкіндіктер құны. Мысалы, фермер үшін бидай өсірудің балама шығынын анықтау үшін арпаны үздік балама деп тапқан фермер арпа өсіргенде табатын пайдасын есептеу арқылы анықтайды. Сондай-ақ АЙҚЫН ЕМЕС ШЫҒЫНДЫ қараңыз.

баланс (balance) СЫРТҚЫ БАЛАНС; ІШКІ БАЛАНС; КӨРІНБЕЙТІН БАЛАНСТЫ қараңыз.

баланс амортизациясының азаюы (decreasing balance depreciation) Активтердің амортизациясын есептеу жүйесі. Ол активтер толықтай жұмсалғанға дейін жыл сайын қалған құнынан тіркелген пайызын жоғалтады деп жорамалдайды. Бұл амортизациялық аударымдар ағынының азаюына әкеледі.

баланс кестесі (balance sheet) Фирманың немесе кез келген басқа ұйымның белгілі бір мезгілде, әсіресе *қаржы жылының соңында *активтері мен *қарыз міндеттемесінің ақшалай құны

туралы мәлімдемесі. Активтерге ақша, бағалы қағаздар, жер, ғимараттар және басқа да күрделі жабдықтар, қорлар мен аяқталмаған өндіріс, сондай-ақ борышкерлерден алынуға тиіс сомалар жатады. Ал қарыз міндеттемелеріне кепілдік берілген және кепілдік берілмеген борыштар жатады. Активтер қарыз міндеттемелерінен (пассивтерден) артық болуы сол фирманың *таза құнын көрсетеді; төлеу қабілеті бар фирма үшін бұл оң көрініс және фирманың акционерлері алдындағы міндеттемесі ретінде қарастырылады, яғни баланс теңгерілген болады. Қарыз міндеттемелері активтерінен асып кеткен кез келген фирманың төлеу қабілеті төмен болады. Баланс кестесінің барлық баптары бірдей сенімді емес екенін атап өткен жөн. Қолма-қол қаражаттың құны мен борышкерлерден алынуға тиіс сомалар нақты болып келеді, ал оңай сатылатын бағалы қағаздар мен тауарлардың құны тез өзгеруі мүмкін болса да анық белгілі болады. Бірақ жер, ғимараттар мен жабдықтар сияқты нақты активтердің құнын және оңай сатылмайтын бағалы қағаздардың құнын бағалау қиынға түседі. Істің қазіргі жағдайын көрсететін баланс кестесі белгілі бір кезеңдегі, мысалы, фирманың бір қаржы жылындағы *пайда мен шығын есебі көрсеткішімен салыстырылады.

баланстан тыс қаржыландыру (off-balance-sheet finance) Өз меншігіндегі ғимараттар мен жабдықтардың орнына жалға алынған ғимараттар мен жабдықтарды пайдалану. Бұл бизнес жүргізуге қажет капитал көлемін азайтады және жабдықтардың техникалық *тозуына байланысты шығын қатерін азайтады. Жалға алынған жабдықтың иесі осы қатерді мойнына алғандықтан, баланстан тыс заттарды жалға алу оларды иеленудегі пайыздық және амортизация шығынынан асып кетуі

мүмкін. Сондықтан баланстан тыс қаржыландыруды қолдану ағымдағы пайданы төмендетеді.

баланстық құн (book value) Фирманың *шоттарындағы активтер құны. Бұл бастапқы сатып алу бағасы немесе мерзімді ревальвацияға сүйеніп қайта қаралған баға болуы мүмкін. Бұл активтерді ағымдағы нарықтағы бағасына қарап бағалауға қайшы келеді. Баланстық құн көбінесе активтер сатылмағанда қолданылады, сәйкесінше, ревальвация қымбатқа түседі және сенімділігі төмен болады. Немесе баланстық құн активтер сатылып, алайда олардың бағасы құбылмалы болғанда қолданылады, сәйкесінше, *нарық бағасымен қайта бағалау өзгермелі баға тудырады. Баланстық құнды қолданатын *баланс есебі үлкен жасырын резервтерді немесе фирманың жарияланбаған шығынын жасыра алады.

Балтық еркін сауда келісімі (Baltic Free Trade Agreement) Эстония, Латвия және Литва арасындағы еркін сауда келісімі 1993 жылы жасалды және бұл келісім үш ел 2004 жылы Еуропалық одаққа қосылғанға дейін әрекет етті.

банк (bank) Қаржы мекемесі, негізгі қызмет түрі – қарыз алу және қарыз беру. Банктер тұрғындардан немесе басқа да қаржы мекемелерінен *депозит қабылдай отырып қарыз алады. Банк несиелері – фирмалар, тұтынушылар және мемлекет үшін қаржыландырудың маңызды көзі. *Коммерциялық банктер әмбебап немесе маманданған болуы мүмкін. Инвестициялық банктер фирмаларға несие беруге; сауда банктері капитал және халықаралық сауда нарықтарында транзакцияларды қаржыландыруға; жинақ банктері көптеген, негізінен, ұсақ салымшылар жинақтарын

жинауға және несие беруге маманданған. *орталық банктер банк жүйесін және *акша массасын бақылайды. АҚШ-та – Федералдық резерв жүйесі, ал Францияда – Франция банкі, Ұлыбританияда Англия банкі орталық банк қызметін атқарады. Сонымен қатар халықаралық банктер де кездеседі. Дүниежүзілік банк немесе *Халықаралық қайта құру және даму банкі – халықаралық деңгейдегі инвестициялық банктер. Орталық банктің ең жақын халықаралық баламасы – *Халықаралық валюта қоры. *Еуропалық орталық банк *еуро аймағында ақша-несие саясатын жүргізеді. *Еуропалық қайта құру және даму банкі – еуропалық деңгейдегі дүниежүзілік банкке ұқсас Еуропа инвестициялық банкі. Сондай-ақ КЛИРИНГ БАНК; ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАНК; АКЦИОНЕРЛІК БАНК; МҮШЕ БАНК; САУДА БАНКІ; ШЕТЕЛДІК БАНКТІ қараңыз.

банк жүйесі (banking system) Банк қызметтерін көрсететін мекемелер желісі. Ол үш бөліктен тұрады. Біріншісі, халыққа қызмет көрсететін нақты банктер; банк бизнесінің нақты түрлерімен айналысатын әмбебап банктер немесе маманданған мекемелер. Бұл банктер тізбегіне «басты көшелерде» орналасқан, бірнеше филиалы бар, көптеген шағын тұтынушымен жұмыс істейтін банктер және сыртқы саудаға немесе нарықтағы капитал транзакциясына маманданған сауда банктері кіреді. Екіншісі, жұртшылықпен тікелей байланыспайтын жоғары деңгейдегі қаржы институттары. Бұл – басқа банктер мен үкімет үшін банкир ретінде әрекет ететін және ақша-несие саясаты мен ақша-несие жүйесіндегі макроэкономикалық басқаруға жауап беретін *орталық банктер; бұл банк басқа банктерді қадағалайды, олардың адалдығын, *өтімділігін, төлеу қабілетін

тексереді. Бұл жоғары деңгейлі функциялар *Англия банкі секілді бір институтта ғана болуы мүмкін немесе Германия банкі секілді бірнеше институтқа берілуі мүмкін. Үшіншіден, несие берумен айналысатын *көлеңкелі банктер бар, бірақ олар реттеуді болдырмау үшін банк ретінде тіркелмейді.

банк қарым-қатынасы (relationship banking) Банк пен клиент арасында тұрақты қатынас барына сүйенетін банк ісі. Банк клиент қиындыққа тап болғанда кеңес пен қолдау көрсете отырып, клиенттің бизнесіне қызығушылық танытады деп болжанады. Бұған банк клиенттің есеп шоттарын ғана басқаруы керек және клиент әртүрлі операция түрін оны ең арзан өңдейтін кез келген банктен алуға тиіс деген көзқарасты қарсы қойса болады.

банк мөлшерлемесі (bank rate) 1972 жылға дейін бұл пайыздық мөлшерлемені *Англия банкі өз клиенттері үшін бірінші санатты шоттарды *қайта есептеу үшін пайдаланды. Бұл жүйе әрекет еткен кезде басқа да көптеген пайыздық мөлшерлеме банк мөлшерлемесінен жоғары болды. Нарыққа Англия банкінен қаражат алу қажет болғанда ғана банктік мөлшерлеме басқа пайыздық мөлшерлемелерге тікелей әсер етті. Бірақ банк мөлшерлемесіндегі өзгерістер Англия банкінің коммерциялық пайыздық мөлшерлемелері қандай болуы керегі жайындағы пікірлері туралы *City-ді хабардар ету құралы ретінде жарияланды.

банк несиесі (bank loan) Банктің жеке тұлғаға немесе фирмаға беретін несиесі. Ірі сомаларға немесе коммерциялық мақсаттарға арналған банк аванстары әдетте *бағалы қағаздар түрінде беріледі. Мысал ретінде, ғимаратқа меншік құқығын белгілейтін құжаттар немесе

өмірді сақтандыру полистері жатады. Клиенттің қатер деңгейі жоғары болса, оған берілетін шағын сомадағы жеке несиелер және банктік овердрафттар кепілдендірілмейді.

банк ісі (banking) Жеке тұлғаларға, фирмаларға және үкіметке төлем құралдарын, несиелер және капитал ұсыну. Банктің бөлшек қызмет көрсетуі – шағын бизнес клиенттерінің немесе жеке тұлғалардың үлкен көлеміне аздаған мөлшерде төлем, жинақ, несие қызметін ұсыну. Инвестициялық банк қызметі – салыстырмалы ірі кәсіпорындарға көп мөлшерде несие және капитал беру. Әмбебап банк қызметі жоғарыда аталған банк қызметтерінің барлығын қамтиды. Мұндай банктер Германия секілді Еуропа мемлекеттерінде кездеседі. АҚШ пен Ұлыбританияда банк функциялары айтарлықтай дәрежеде бөлінген. АҚШ-та банк функцияларының бөлінуіне 1933 жылы қабылданған *Гласс-Стиголл заңы, ал Ұлыбританияда банктердің ерікті таңдауы әсер етті. Әмбебап банк қызметін көрсетуге қарсы аргумент – қате инвестициялар төлем жүйесіне жауапты банктердің төлеу қабілетін нашарлатуы мүмкін. Қазіргі банк ісі дәстүрлі қызметтері қатарына *портфельді басқару, ипотекалық қаржыландыру және сақтандыру сынды қосымша функцияларды қосты. Сондай-ақ ФИЛИАЛДЫҚ БАНК ҚЫЗМЕТІН; БӨЛШЕК РЕЗЕРВ БАНК ҚЫЗМЕТІ; ҚАТЫНАСТАР БАНКІ; БӨЛШЕК БАНК ҚЫЗМЕТІ; КӨЛЕŦКЕЛІ БАНК; КӨТЕРМЕ БАНК ҚЫЗМЕТІН қараңыз.

Банкирлердің автоматтандырылған несие жүйесі (Bankers Automated Credit System) Салымшылар өз банктеріндегі шоттарына төлем жасауда чекті қолданбай, банкке нұсқаулық беретін жүйе. Банкирлердің автоматтандырылған несие жүйесі дивиденд және жалақы төлеу үшін кеңінен қолданылады.

банкнот (bank note) Банк шығарған қағаз ақша. Көптеген елде банкнот шығару толық шектелген немесе *орталық банктің қатаң бақылауында. Банкноттар бастапқыда монетаны сұраныс бойынша төлеу жөніндегі уәде болатын; бұл дәстүр Ұлыбританиядағы Англия банкінің банкноттарында қолданылған сөздер түрінде сақталған.

банкрот (bankruptcy) Қарызын өтеуге қабілетсіз тұлғалардың ісімен айналысатын заңды келісім. Банкрот рәсімі төлемге қабілетсіз борышкер немесе төленбеген несиелер себебінен туындайды. Сот банкрот деп таныған тұлғаның активтері ресми алушыға өтеді және сатылады, ал ақша қаражаты мүмкіндігіне қарай кредиторлардың алдындағы қарызды өтеу үшін пайдаланылады. Банкротқа ұшырағандар кредиторларға өзінің төлеуге қабілетсіз банкрот екенін ескертпей, несие ала алмайды, сондай-ақ оның болашақтағы қызметіне түрлі шектеулер қойылады, мысалы, Ұлыбританияда олар компания директоры немесе Парламент мүшесі бола алмайды. Сондай-ақ БАНКРОТ КОДЕКСІНІŦ 11-ТАРАУЫН қараңыз.

Банкрот кодексінің 11-тарауы (Chapter 11 bankruptcy) АҚШ-тың банкрот туралы Заңындағы тарау. Бұл тарауға сәйкес фирма қарыздарын қайтаруға қабілетті болуы үшін қайта құрылғанға дейін барлық несие берушілерден қорғану мақсатында сотқа жүгінуіне болады. Әдетте борышкер ондай қайта құрылу жоспарын ұсынуға тиіс. Ол кредиторлар үшін жалпы жақсырақ нәтиже береді. Ал бір кредитордың фирманы *таратуға мәжбүрлеуі пайдасыз болуы мүмкін.

Банкрот кодексінің 12, 13-тараулары (Chapters 12, 13) Отбасылық фермерлер мен балықшыларға және жеке

тұлғаларға қолданылатын банкрот туралы АҚШ Заңының тараулары. Бұл тараулар компанияларға реабилитация мақсатында банкрот сотының қадағалауымен қайта ұйымдасуға рұқсат береді. Бұл тарау 7-тарауға қайшы. 7-тарауда *тарату қарастырылады.

банктегі депозит (bank deposit) ДЕПОЗИТТИ қараңыз.

банктегі шот (bank account) Банктегі жеке тұлғаға, фирмаға немесе мемлекетке тиесілі шот. Банкте шот ұстаушылар оларды өз транзакцияларын жүргізу үшін не қажет болған жағдайда қолма-қол ақша беру немесе чектер, тікелей дебеттер немесе электрондық аударымдар арқылы басқа адамдарға ақша аудару мақсатында қолданады. Шоттағы ақша ағымдағы шоттағы (Ұлыбритания) немесе есеп шотындағы (АҚШ) сияқты бірден алынатын болуы немесе депозит шотынан (Ұлыбритания) не уақытша шоттан (АҚШ) қаражат алу үшін хабарлама қажет болуы мүмкін. Банк клиентке қарыз болғанда шот кредитте болуы, ал клиент банкке қарыз болғанда оның банктегі шоты овердрафт болуы мүмкін. Ағымдағы шоттардың әдетте пайызы аз немесе мүлдем болмайды және оларға салық салынуы мүмкін; депозит шоттарындағы пайыздық мөлшерлемелер біршама жоғары болады және *овердрафтқа жоғары пайыздық мөлшерлеме қолданылады. Бұл, өз кезегінде, қосымша жинақтарға алып келуі мүмкін.

банктен қашу (bank run) Банк клиенттері банкке сенуден қалатын және жаппай ақшасын шығарып алуға тырысатын жағдай. Банктің клиенттеріне сұратуы бойынша өз ақшасын бере алмауы ыңғайсыздық туғызады және басқа банктерге тез тарап, дүрбелен туғызып,

көбінесе теріс әсер етеді. Осы қауіпті болдырмау үшін көп елде банктерді бақылайтын мемлекеттік органдар, *орталық банктер бар. Олар банктерді қиындыққа тап болудан қорғайды, банктердің басына іс түскенде оларды құтқарады. Сондай-ақ ҚАРЖЫ ДАҒДАРЫСЫН қараңыз.

банктік реттеу (bank regulation) Мемлекеттік реттеу деңгейі банктерде басқа кәсіпорындарға қарағанда қатал болады. Өйткені банктегі сәтсіздік бүкіл экономиканы бұзуы мүмкін, ал басқа кәсіпорындардың сәтсіздігі осындай салдар тудырмайды. Банктер қазіргі экономикада пайдаланылатын *ақшаның көп бөлігін ұсынады және үлкен көлемде несие береді. Банкті басқаруда жауапкершілік болмаса, менеджмент шамадан тыс қатерге бәс тігіп, тым аз резерв ұстаса және оның клиенттері банкті өтімсіз немесе төлем жасауға қабілетсіз деп сезсе, оның салдарынан клиенттер *банктен қашуы мүмкін. Бір банк өз міндеттемелерін орындамаса, бұл басқа банктерге немесе қаржы мекемелеріне нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан көптеген ел өзінің *орталық банкіне немесе қандай да бір басқа мемлекеттік мекемеге несие беру және резерв сақтау ережелерін белгілей отырып және осы ережелердің сақталуын тексеру үшін банктердегі шоттарды бақылап, қадағалауды жүзеге асыруға уәкілеттік береді. Көп елде орталық банк өтімсіз банктердің дефолтқа ұшырауын болдырмау үшін *түпкі қарыз беруші ретінде әрекет етеді. Банктердің *өтімділігінен гөрі *несиені өтеу қабілетін қорғау өте маңызды. Несиені өтеу қабілеті бар банк қажет болғанда өтімді активтер ала алады, бірақ банк төлемге қабілетсіз деп танылса, ешқандай да өтімді активтер банкті құтқара алмайды. Бұрын банкті реттеуші органдар

банктердің монополиялық билікті пайдалануын шектеумен де айналысты. Сондай-ақ БАЗЕЛЬ КЕЛІСІМІН қараңыз.

банктік тратта (banker's draft) Банктің шығарған және клиентке сатқан чегі. Кез келген банк картасымен төлеуге тым үлкен сомаға клиент чегін қабылдамайтын үшінші тарапқа қолайлы болуы мүмкін. Банктің несиесі тұтынушының берген несиесінен жақсырақ және банктік тратта тоқтамайды. АҚШ-та банктік траттаға балама ретінде куәландырылған чектер қолданылады.

бартер (barter) Ақшаны пайдаланбай, тауар не қызметтің бір түрін екіншісіне айырбастау. Бұл қоғамға *енбек бөлінісі артықшылықтарын алуға және *маманданудан пайда табуға мүмкіндік береді. Алайда көп жағдайда бартер ыңғайсыз: бір түрдегі тауары бар және басқа тауарды қалайтын адам қарсы айырбас жасауды қалайтын өзге адамды табу керек. Айырбас жасайтын адам жеке пайдалану үшін (қажеттіліктер сәйкес келуі) немесе кәсіби делдал ретінде айырбас жасайды. Бағалы металдарды айырбас құралы ретінде пайдалану және одан кейінгі *ақшаның дамуы бұл қолайсыздықты жойды. Осы күнге дейін бартер валюта жүйесі бұзылғанда ғана азаматтық тәртіпсіздікке немесе *гиперинфляцияға ұшыраған елдерде немесе жеткіліксіз шетел валюта қоры бар елдерде халықаралық транзакция жүргізу үшін пайдаланылды. Қазір бартерді қолдану ортақ сәйкес қажеттіліктері бар тараптарды байланыстыратын веб-сайттар есебінен артуда.

бартерлік экономика (barter economy) Тауарлар *айырбас құралдарын пайдаланбай басқа тауарларға тікелей айырбасталатын экономика.

баршаға ортақ әл-ауқатты мемлекет (welfare state) Мемлекет барлық азаматтарға кем дегенде ең төмен өмір сүру деңгейін, соның ішінде тұрғын үй, білім беру және медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге міндеттеледі. Әл-ауқат баршаға ортақ мемлекет экономикаға сәйкес әркімкі болады. Солтүстік Еуропа елдерінің экономикасында Оңтүстік Еуропа, Солтүстік Америка мен Азияға қарағанда әлеуметтік қамсыздандыру кең жүйесі қалыптасқан. Баршаға ортақ әл-ауқатты мемлекет жалпыға бірдей жан-жақты қолдауды қамтамасыз ететін мемлекеттің идеалы іспеттес. Бұл терминді әлеуметтік жәрдемақыға шамадан тыс тәуелділік пен жеке тұлғалардың бастамасын басып тастау сынды кемсіту мағынасында да қолдануға болады.

БАС (CAP) БІРЫҢҒАЙ АУЫЛШАРУАШАЛЫҚ САЯСАТЫН қараңыз.

бас тарту, орындамау (reneging) Уәдеге, шартқа немесе мәмілеге қайта келу. Мұны *оппортунизммен түсіндіруге болады: басқа тарап кері қайтарылмайтын іс-қимыл жасаса, ол тиімді болған жағдайда одан бас тарту мүддесі туындайды. Бас тарту керек пе деген мәселені шешу кезінде ұзақмерзімді залалдарды (кек алу, жазалау немесе абыройынан айырылу) және қысқамерзімді пайдамен салыстырып өлшеу қажет. Бас тартудың жалпыға бірдей еркіндігі экономикалық жағынан тиімді келісімшарттардың, мысалы, несие мен карьераға қатысты мәселелерді шешу мүмкіндігінен айырады. Құқықтық жүйе функцияларының бірі құқық бұзу дәрежесін төмендетеді. Құқықтық жүйе келісімшарт талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ зардап шеккен тарапқа олардың құқығы бұзылып тексерілген жағдайларда

өтемақы төлеуді қамтамасыз етуге бағытталған.

басқару есебін жүргізу (management accounting) Бухгалтерлік есептің бір бөлігі – ұйымды басқарушыларға пайдалы ақпарат беруге арналған. Бұл компания *аудиторларын және оның салық инспекторын қанағаттандыруға тиіс ресми есеп әзірлеу процесіне қайшы келеді. Басқару есебін жүргізу – компанияны іс жүзінде басқаруға көмектесетін ақпаратты жинау мен өңдеуді қамтиды. Бұған қоса олар саркылуды болдырмау үшін жеткілікті мөлшерде қорларды тексеруді, бірақ мерзіміне байланысты заттар қажет болғанға дейінгі уақытта нашарлауы өте үлкен пайыздық шығынға ұшырамайтынына және қызметкерлер оларды ұрламайтынына кепілдік беруді қамтиды. Басқару есебін жүргізу өнім жеткізуде қолданылатын операциялардың немесе процестердің тиімділігін растайтын зерттеу жұмысы элементтерін қамтиды. Сондай-ақ қандай операцияларды жүзеге асырған тиімді және қайсының шығыны табыстан қымбат болатынын анықтауға бағытталған шығын есебін жүргізеді.

басқарылатын құбылу (dirty floating) РЕТТЕЛЕТІН ҚҰБЫЛМАЛЫ АЙЫРБАС БАҒАМЫН қараңыз.

бастапқы алым (front-end charge) Инвестициялық немесе пай қоры немесе өмірді сақтандыру полисінен менеджмент алатын бастапқы жарна. Оның көлемі бастапқы құйған соманың пайызымен өлшенеді, ол жыл сайын төленетін кез келген менеджменттік төлемнен ерекшеленеді.

бастапқы жария орналастыру (initial public offering) (IPO) Жеке компаниялардың акцияларды алғаш рет халыққа сатуы.

IPO жекеменшіктен мемлекеттік саудаға көшуді көрсетеді. Жария орналастыру фирманың қызметі мен перспективасын сипаттайтын проспектімен бірге жүреді және оған әдетте инвестициялық банктер қол қояды.

бастапқы жүктеме (bootstrap) Статистиканың іріктеме үлестірімін алу үшін деректерді қайта іріктеме жасаудың компьютерлік қарқынды әдістемесі. Бастапқы іріктеме – іріктеме қайталама әрі кездейсоқ алынатын жиынтық. Бұл бастапқы жүктемелік іріктеме статистиканы есептеу үшін қолданылады. Осыдан шығатын статистиканың эмпирикалық үлестірімі шынайы іріктеме үлестіріміне жақын үлгі ретінде қарастырылады.

бастапқы құны (historical cost) Фирманың негізгі құралдары құнын оларды алғаш сатып алған кезден бастап немесе салынған уақытынан бастап бағалау ақылы фирманың активтерін бағалауды және амортизациялық аударымдарды жүргізетін бухгалтерлік есеп жүйесі. Бұл жүйенің артықшылығы оның нақты нарықтағы мәмілелерге сүйенетін бағаны пайдаланатыны; активтерді есепке алудың кез келген басқа әдісі нарықтағы мәмілелерге сүйенбейтін бағаны пайдалануды ұсынады. Тарихи шығындар есебінің бір кемшілігі бар, ол тұрақты инфляция кезеңінде активтерді жүйелі түрде толық бағаламайды және амортизациялық аударымдар күрделі тауарларға қалпына келтіру шығындарынан айтарлықтай төмен болады, сондықтан пайда жүйелі түрде артады.

бастапқы нарық (primary market) Жаңа қаржылық *бағалы қағаздар бірінші рет сатылатын нарық.

бастапқы төлем (down payment) Бөліп төлеуге сатылған тауар бағасының

немесе берілген несиенің дереу төлеуге тиіс бір бөлігі. Бөліп төлеуге сатып алуды бақылау Ұлыбританияның ақша-несие саясатының бір бөлігін құрағанда, талап етілетін ең төменгі бастапқы төлемнің өзгерісі белгілі бір тауарларға сұранысқа әсер ету үшін пайдаланылды.

бастапқы шарттар (initial conditions)

Динамикалық экономикалық жүйе бастау алатын ұстаным. Сондай-ақ ХАОС ТЕОРИЯСЫН қараңыз.

бастапқы шикізат тауар (primary commodity) ШИКІЗАТ ТАУАРДЫ қараңыз.

басылған инфляция (repressed inflation)

Баға мен жалақының өсуі ресми бақылаумен тежелетін жағдай. Артық сұранысты жою саясаты қабылданбаса, бақылаудың әлсіреуі инфляцияның өсуіне алып келуі мүмкін.

басым акционер (majority shareholder)

Компанияның дауыс құқығы бар акцияларының басым көпшілігін иеленетін акционер. Компания директорларын тағайындауға және компания саясатындағы соңғы шешімге дауыс беретін басқарма мүшесі.

Баумоль заңы (Baumol's law) Уақыт өте келе мемлекеттік сектордың көлемі экономика пропорциясына шаққанда өсетіні жөніндегі мәлімдеме. Осы нәтиженің орындалуына себеп болған негізгі гипотезалар: (i) мемлекеттік сектор жеке сектормен салыстырғанда еңбек-қарқын қатынасы жоғары болуы және (ii) капиталды еңбекпен алмастыру есебінен өнімділікті арттыра алмайтыны жатады. Мысалы, ауруханаларда бір пациентке дәрігерлердің ең аз саны қажет. Еңбек нарығы мемлекеттік және жеке секторлардағы жалақыны байланыстырады, сондықтан

жеке сектордағы жалақының артуы мемлекеттік сектордағы жалақының ұлғаюына әкеледі. Мемлекеттік және жеке секторлардың үлесі бірдей болса, онда мемлекеттік сектордың шығыны жиынтық шығын көлеміне шаққанда ұлғаюы тиіс.

бәсеке (competition) 1. Сатып алуға немесе сатуға тілек білдірген кез келген агенттің ықтимал жеткізуші немесе клиентті таңдау мүмкіндігі болуы. Сондай-ақ ҚАТАҢ БӘСЕКЕ; ЫҚТИМАЛ БӘСЕКЕ; ЖОСЫҚСЫЗ БӘСЕКЕНІ қараңыз.

2. Экономикалық модельдеуде әр агент *баға қабылдаушы ретінде әрекет етеді деген ресми тұжырым. Сондай-ақ ЖЕТІЛГЕН БӘСЕКЕНІ қараңыз.

3. Стратегиялық өзара іс-қимылға қатысатын және жеке пайданы көздейтін екі немесе одан да көп экономикалық агенттер ұғымы. Сондай-ақ БЕРТРАН БӘСЕКЕСІ; КУРНО БӘСЕКЕСІ; ЖЕТІЛМЕГЕН БӘСЕКЕ; МОНОПОЛИСТІК БӘСЕКЕ; БАҒАСЫЗ БӘСЕКЕНІ қараңыз.

Бәсеке еркіндігін шектеу практикасы бойынша сот (БЕШПС) (Restrictive Practices Court) (RPC) Сауданы шектеу практикасы туралы заңдарға сәйкес құрылған Ұлыбритания соты. Шектеу сауда-саттық келісімдерінің қоғамдық мүддеге сәйкестігі жөнінде шешім қабылдайды. БЕШПС 1998 жылы таратылды, оның функциялары қазір *Бәсеке және нарық басқармасы аталатын бәсеке жөніндегі комиссияға берілді.

Бәсеке және нарық басқармасы (Competition and Markets Authority) 2014 жылы Ұлыбританияда құрылған мекеме. Ол Бәсеке комиссиясы мен *Монополияға қарсы қызмет басқармасының орнын басты. Оның мақсаты монополияны бақылау және бәсекені ынталандыру болды. Бәсеке және нарық басқармасы ағымдағы фирма немесе бірлесіп

жұмыс істейтін фирмалар тобы нарықтың 40 немесе одан да көп пайызына ие болғанда және бірігуге ұсынылып отырған фирма нарықтың 25 пайыздан астамына ие болғанда нарықтағы үстемдік жағдайын тергеуге уәкілетті. Ол сондай-ақ шектеу практикасын немесе заңсыз сөз байласуды тергей алады, қылмыстық іс қозғайды және бәсеке туралы заңнаманы бұзушыларға қатысты тұтынушы құқығын қорғау туралы бірқатар заңның сақталуын қамтамасыз ете алады.

бәсеке жиегі (competitive fringe) Жетілмеген бәсеке индустриясында *үстем фирмамен немесе үстем фирмалардың аздаған санымен қатар өмір сүретін шағын фирмалар. Бәсеке жиегінде фирмалардың *нарықта билігі болмайды, сондықтан олар нарықта берілген бағаны қабылдайды. Үстем фирма нарықта билік жүргізеді және баға белгілеу кезінде бәсеке жиегінің мінез-құлқын ескереді.

бәсеке саясаты (competition policy) Бәсекені ынталандыратын мемлекеттік саясат. Бұл индустрия құрылымына немесе индустрия ішіндегі фирмалардың мінез-құлқына қатысты болуы мүмкін. Индустрия құрылымына қатысты үкімет кейде монополияларды, мысалы, Ұлыбритания пошта қызметі немесе телефон, телевизия, қоғамдық көлік сияқты реттелетін салаларға қолдау көрсетеді және оларды кейде монополиялық заңнама және Ұлыбритания *Монополиялар және бірігу комиссиясы, қазір *Бәсеке және нарық басқармасы деп аталатын органдар құру арқылы шектейді. Фирмалардың қызметіне қатысты үкімет бөлшек бағаны ұстап тұруды, эксклюзив мәмілелерді және жеткізуден бас тартуды қоса алғанда, бәсекеге тосқауыл қоятын практика түрлеріне тыйым салатын заңдар

қабылдады. Ұлыбританияда бәсеке және нарық басқармасы тұтынушы құқығын бәсекеге қарсы практикадан қорғауға жауапты. Екінші жағынан, үкімет кейде өз индустрияларындағы фирмалар арасындағы бәсекеге және индустрияға кіретін компанияларға қарсы әрекет ететін өзін-өзі реттейтін мекемелерге қолдау көрсетеді. Сондай-ақ АНТИТРАСТТЫ *қараңыз*.

бәсекеге қабілет (competitiveness)

Тауарлар немесе қызметтер нарығында бәсекесу қабілеті. Бәсеке баға мен сапаға сүйенеді. Сапа мен қалыптасқан абырой тең болған жағдайда жабдықтаушылар бәсекеге қабілетті болуы үшін олардың тауарларының бағасы бақталастары қойған бағадан төмен болуы керек. Қалыптасқан абыройы жоқ жаңа жеткізуші бәсекеге қабілетті болуы үшін бәсекелестерінен төмен баға ұсынуы керек. Компания тауарының сапасы бәсекелесінікінен төмен болса, онда компания бәсекелесіне қарағанда төмен баға ұсынғанның өзінде де бәсекеге қабілетті болмайды. Ал тауарының сапасы жоғары деген репутациясы бар компания тауарына жоғары баға белгілесе де, бәсекеге қабілетті болады. Осындай тұжырымдар мемлекеттің экспортына да қатысты қолданылады.

бәсекеге қабілетсіз (uncompetitive)

Ықтимал пайданы сату мүмкіндігі жоғы. Тауарлар немесе қызметтер бәсекеге қабілетсіз болуы мүмкін, өйткені олардың бағасы балама жеткізушілерге қатысты тым жоғары немесе басқа жеткізушілер неғұрлым сапалы өнім ұсынғанда сападағы ақаудан сатуға жарамсыз болуы мүмкін. Бәсекеге қабілетсіздік фирмаға, аймаққа немесе елге қатысты болады. Жоғары шығын жұмыс күшінің немесе материалдардың қымбат болуымен немесе сапасыз

өніммен, ескірген жабдықпен және нашар менеджментпен байланысты болуы мүмкін. Өнім нашар дизайннан, сенімсіздіктен, жеткізудің уәде етілген мерзімдерін сақтамаудан немесе ықтимал нарықтарда еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтамаудан кез келген бағамен сатуға жарамсыз болуы мүмкін.

бәсекеге қарсы әрекет (anti-competitive practice) Нарықтағы бәсеке деңгейін төмендететін кез келген әрекет. Бәсекеге қарсы әрекетке *бағаны бекіту, *демпинг, реттеу және монополиялау жатады. Оған үкімет те, фирмалар да жауапты болуы мүмкін.

бәсекедегі тепе-теңдік (competitive equilibrium) Бәсекелі нарықтары бар экономикадағы тепе-теңдік. Ол баға жиынтығымен және шикізат тауарлары бөлінісімен сипатталады. Ресурстар мен технологиядағы шектеулер және нарық тепе-теңдігі болса, онда әр агент өз мақсатын арттыра алады. Сондай-ақ ТЕПЕ-ТЕНДІКТІҢ БАР БОЛУЫН *қараңыз.*

бәсекелі нарық (contestable market)
*Кіруге тосқауыл өте төмен болатын нарық; жетілген бәсекелі нарыққа кіру жән одан шығу шығынсыз болады. Мұндай нарықтағы ықтимал және нақты бәсекеде ағымдағы өндірушілерге қандай баға қоя алатынына шектеу бар. Осылайша тіпті нарықта бір сатушы болса да, бәсекелік баға сақталады. Жоғары бәсекелі нарық мысалдарына лоукостерлер, интернет-провайдерлер, электр энергиясы мен газ жеткізушілер жатады. Іс жүзінде қандай да бір *өтемсіз шығын болуы ешбір нарық толық мінсіз бәсекелі нарық бола алмайтынын білдіреді.

бәсекелі экономика (competitive economy)
Экономикалық агенттердің барлығы

экономикалық шешім қабылдау кезінде бағаны дерек ретінде қарастыратын экономика. Бәсекелі экономиканы талдау – қазіргі заманғы экономика қалай жұмыс істейтінін түсінудің іргетасы. Сондай-ақ ЭРРОУ-ДЕБРЕ ЭКОНОМИКАСЫ; БӘСЕКЕ; ӘЛ-АУҚАТ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕОРЕМАСЫН *қараңыз.*

бәсекелік артықшылық (competitive advantage) Фирманың бәсекелестерінен артықшылығы. Бәсекелік артықшылыққа жетудің бірнеше жолы бар. Мысалы, өндірістің тиімді әдістері, бренд имидж, тұтынушылардың адалдығы және орналасқан жері. Бәсекелік артықшылық иелену фирмаға оның бәсекелестеріне қарағанда пайданың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге тиіс.

бәсекелік девальвация (competitive devaluation) Екі немесе одан да көп елдің өз валютасын девальвациялау арқылы өзгелерге қатысты өзінің бәсеке позициясын жақсартуға талпынуы. Әр ел үшін *девальвация кем дегенде уақытша баға артықшылығын береді, бұл отандық фирмалардың бәсекеге қабілетін арттырады. Олар ұлттық валюта бағамын қолдап, шетел валютасының бағамын төмендетеді немесе ұлттық валюта бағамын арттырып және түскен кірісті өз өнімінің сапасын арттыру үшін жұмсайды. Әр ел өз артықшылығын келесі бәсекелес құнсызданғанға дейін сақтай алады.

Беверидж баяндамасы (Beveridge Report)
Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Сэр Уильям Беверидж дайындаған әлеуметтік қамсыздандыру туралы баяндама. Ол «*Еркін қоғамда толық жұмыспен қамту*» деген атпен 1944 жылы жарияланған. Бұл Ұлыбританияда соғыстан кейінгі *баршаға ортақ әл-ауқатты мемлекет құрудың негізі ретінде кеңінен танылды.

Беверидж қисығы (Beveridge curve)

Жұмыссыздық пен *бос жұмыс орындары көрсеткіші арасындағы өзара байланысты көрсететін график. Бос жұмыс орны көрсеткіші вертикаль осьте, ал жұмыссыздық горизонталь осьте бейнеленсе, онда қисық төмен көлбейді. Өйткені жұмыссыздықтың жоғары көрсеткіші бос жұмыс орны көрсеткіші төмен болғанда көрініс табады. Графиктегі ішкі қозғалыстар еңбек нарығындағы тиімділік артқанын білдіреді. Себебі бос жұмыс орны көрсеткішінің төмен болуы жұмыссыздықтың кез келген көрсеткішіне әсер етеді.

бейбітшілік дивиденді (peace dividend)

Халықаралық шиеленісті төмендету кезінде қорғаныс шығынын азайтқан жағдайда басқа мақсаттарға арналған ресурстар. Бұл тұрғыда «бейбітшілік» басқа елдерге қатысты агрессив ниетті және/немесе олардың тарапынан жасалған ресми келісімдерден гөрі, агрессив мінез-құлықтан қорқуды білдіреді.

бейресми экономика (informal economy)

ЖАСЫРЫН ЭКОНОМИКАНЫ қараңыз.

бейресми экономика (unofficial economy)

ЖАСЫРЫН ЭКОНОМИКАНЫ қараңыз.

бейтарап салық (neutral taxes)

Рентабельдік құрылымын бұрмалайтын тиімсіздік тудырмайтын салық. Бейтараптық көбінесе салық жүйесінің негізін қалаушы сипаты ретінде ұсынылады. *Сайлау салығы және *біржолғы салық бейтарап, бірақ басқа мысалдарды табу қиын. *Тікелей салық кәсіптер арасында дискриминацияға жол бермеуі мүмкін, бірақ олар ақылы жұмыс пен *жасырын экономикаға ауысу үшін емес, бос уақытты және өзін-өзі жұмыспен камтуды ынталандыруға болады. *Қосылған құн салығы түрлі тауарлар мен қызметтер

арасындағы таңдауды бұрмалаудан аулақ бола алады, тіпті ол жалпақ мөлшерде қолданылып, демалыс пен тұтыну арасындағы таңдауды бұрмалайса да.

бейімделетін болжалдар (adaptive expectations)

Экономикалық айнымалының болашақ құны алдыңғы болжамдарға сүйене есептелетін принцип. Сонымен қатар алдыңғы болжам мен нәтиже арасындағы айырмашылықтың кейбір үлесі ескеріледі. Сәйкесінше, t , p_t^e -нің бол-

жамды мәні
$$p_t^e = p_{t-1}^e + \theta [p_{t-1} - p_{t-1}^e]$$

тең. Мұндағы p_{t-1}^e -ге болжал, ал p_{t-1} $t-1$ -дің нәтижесі және θ - оң тұрақты. Бейімделетін болжал жасалғанда адамдар көрінеу өз тәжірибесінен сабақ алады. Мысалы, ағымдағы инфляция деңгейі күтілгеннен жоғары болса, адамдар инфляция деңгейінің болашақта көтерілуіне қатысты болжамын арттырады.

бейімделу (adaptation) *Климат өзгеруінің қолайсыз салдарын болдырмау немесе азайту жөніндегі саясат және іс-әрекеттер. Бейімделу саясатына мысалға су тасқынынан қорғау құрылыстарын салу және экологияға зиянсыз егіншілікті дамыту жатады. Бейімделу стратегияларын әзірлеу мен іске асыруда Еуропалық одаққа мүше елдер арасындағы үйлесімді жеңілдету үшін *Еуропалық комиссия 2013 жылы ЕО Бейімделу жоспарын қабылдады. ЖҰМСАРТУДЫ да қараңыз.

бейімделуші ақша-несие саясаты (accommodatory monetary policy)

Сұранысты ескере отырып, ақша массасын өсіру саясаты. Экономиканың тұрақты нақты дамуына байланысты *ақшаға сұраныс артса, онда бейімделуші ақша-несие саясаты қажет, ал

аталған нарықта *ақша ұсынысы артпаса, ол нақты дамуға кедергі келтіреді. Алайда ақшаға сұраныс артуының себебі – нақты әрекеттің уақытша, тұрақсыз өсуі, баға мен жалақыдағы *инфляция немесе екеуі де болса, онда бейімделуші ақша-несие саясаты артық сұраныстың тым ұзақ созылуына мүмкіндік береді. Айқын *артық сұраныс немесе жоғары инфляция, сайып келгенде, неғұрлым шектеулі ақша-несие саясатына көшуге мәжбүрлейді және ауыр *рецессияға әкелуі мүмкін.

бейімдік бағасын салыстыру (propensity score matching) Сауығу немесе бақылау деректеріне саяси араласудың себепсалдарын бағалау әдістемесі. Әдіс екі үлгі бойынша нәтижелерді салыстыруға сүйенеді: емделгендер және емделмегендер, басқа жағынан салыстырмалы немесе бақыланатын сипаттамалар жиынтығына сәйкес келетіндер. Толық рандомдалған экспериментті эксперименттік емес жағдайға жақындату.

бекітілген баға (fixprice) Баға қысқамерзімді перспективада белгіленетін, ал мөлшер бағадан тезірек түзетілетін экономикалық модель. Бекітілген баға туралы тұжырым *кейінгі экономикалар үшін негізгі, ал *жаңа кейінгі экономикада оның теориялық негіздемесі бар. Ал *икемді баға моделінде бәрі керісінше: мөлшер қысқамерзімді перспективада белгіленеді және баға мөлшерден тезірек түзетіледі.

бекітілген пайызы бар бағалы қағаз (fixed-interest security) Қандай да бір өтеу күніне дейін немесе белгісіз мерзімге қайтарымы белгіленген бағалы қағаз. Нақты сома ақша түрінде көрсетіледі немесе баға деңгейіне байланысты индекстелуі мүмкін. Тұрақты пайызы бар бағалы қағаздың құны пайыздық мөлшерлемеге байланысты өзгереді.

Тұрақты түсімдердің ағымдағы дисконтталған құнын анықтау үшін пайдаланылатын пайыздық мөлшерлеме төмендеген кезде, оның бағасы өседі. Пайыздық мөлшерлеменің өзгерісіне тәуелділік бағалы қағазды өтеу мерзіміне қарай ұлғая береді.

белгі беру (signalling) Тікелей нәтиже үшін емес, ықтимал клиенттер мен жұмыс берушілерді хабардар ету үшін қолданылатын іс-әрекеттер. Мысалы, студенттер қандай да бір пәнге қызығушылығы болмаса да және бұл оларға жұмысты нақты орындауда еш пайдасы болмайтынын жақсы білсе де, ресми емтихан арқылы белгілі бір білік алуға тырысады. Бұл – орынды мінез-құлық. Себебі олар ықтимал жұмыс берушілер емтихандағы жетістігін белгі беру қабілеті ретінде қарастырады деп есептейді, сондықтан мұндай жетістіктер жақсы жұмыс алуға көмектеседі деп ойлайды. Белгі беру *асимметриялық ақпарат салдары және ақпаратты ашуға белсенді тырысатын хабардар тарапты қамтиды. Белгі беруді тарату қымбат болған жағдайда және оның құны жеке тұлғалар арасында ерекшеленсе, онда мұндай белгі беру шынайы (рас) деп саналады. Сондықтан тепе-теңдік жағдайында белгі беру кейбір түрлер үшін тиімді, бірақ басқа түрлер үшін оңтайлы емес. Мысалы, білім алу білігі жайында белгі беру білім алу қымбат және оған тек қабілеті жоғары жеке тұлғалар қол жеткізе алса ғана белгі беру құрылғы ретінде жұмыс істейді.

белгіленген жарна (defined contribution) Зейнетақы қорына жарнаны жұмыс беруші де, қызметкер де аударуын талап ететін зейнетақы жүйесі. Осы аударылған жарналардан төленетін зейнетақы жәрдемақысының көлемі анықталады. БЕЛГІЛЕНГЕН ЖӘРДЕМАҚЫНЫ *да қараңыз.*

белгіленген жәрдемақы (defined benefit)

Зейнеткер алуға тиіс жәрдемақы зейнетақы қорының қаржылай көрсеткіштеріне байланысты болмайтын зейнетақы жүйесі. Мысалы, жәрдемақы бірнеше соңғы жалақыны құрайтын бірреттік төлем ретінде немесе соңғы жалақының бір бөлігі ретінде берілетін жылдық зейнетақы түрінде беріледі. Белгіленген жәрдемақы жүйесіне сәйкес зейнетақы қорының төмен қаржы қайтарымы қатерін жүйені басқарып отырған жұмыс беруші немесе сақтандыру компаниясы көтереді. Сондай-ақ басқарушы компания төлемге қабілеті болғанға дейін қатер зейнеткерге әсер етпейді. БЕЛГІЛЕНГЕН ЖАРНАНЫ *да қараңыз.*

белгіленген лимит аясында валюта курсының өзгеруі (snake in the tunnel)

Әдетте рұқсат етілген максимум ауытқуға қарағанда өз валютасын бір-біріне жақын ұстау үшін икемді валюта бағамы жүйесінің шетел валютасы нарығына араласу шеңберіндегі мемлекеттер тобының келісімін білдіруі. Жалпы шегі – туннель, жақын шегі – жылан. Бұл жүйе 1979 жылы *Еуропалық валюта жүйесі қабылданғанға дейін, Еуропаның кейбір мемлекеттерінде пайдаланылған.

белгіленім бойынша сату нарығы (quote-driven market)

*Маркет-мейкерлер бағалы қағаздарды сатып алу немесе кейбір сандық шегіне дейін сату бағасын белгілейтін бағалы қағаздар нарығы. Бағаны маркет-мейкерлер түзетеді, олардың қоры жетпесе, бағаны көтереді немесе артық қор жинай бастаса, бағаны түсіреді. Бұл *ордер арқылы басқарылатын нарыққа қарсы қойылады. Ордер арқылы басқарылатын нарықта берілген немесе одан төмен бағамен сатып алуға, сондай-ақ берілген немесе одан жоғары бағамен сатуға арналған

ордер белгілі бір уақыт аралығында, мысалы, күн сайын клирингтің нарықтағы бағасы табылғанша және осы бағаға сәйкес келетін сатып алу мен сатуға арналған ордер орындалғанға дейін жинақталады.

белгіленім/котировка (quotation)

*Қор биржасында сату үшін компания акцияларын қабылдау. Әдетте бұл инвесторларға ақпараттың оңтайлы көлемін ұсынумен байланысты. Маркет-мейкерлер мұндай акцияларды сатып алу немесе сату бағасын, тіпті кейбір сандық шегіне дейін көрсетуіне рұқсат беріледі, бірақ бұл міндетті емес.

белгісіздік (uncertainty)

Нақты фактілер немесе болашақ мүмкіндіктер туралы шектеулі білім. *Қатер мен белгісіздік арасында формалық айырмашылық бар: ықтималдық болашақ нәтижелердің орындалу ықтималдығына қатысты болғанда қатер, ал ықтималдықтарды белгілеу мүмкін болмағанда белгісіздік туралы айтылады. Осы мағынада қолданылатын қатерге бара отырып шешім қабылдау *күтілетін пайдалылықты қолдануға мүмкіндік береді. Керісінше, күтілетін пайдалылық белгісіздік жағдайында қолданылмайды, сондықтан таңдаудың жалпы теориясы құрылуға тиіс. Көбінесе қатер мен белгісіздік бірінің орнына бірі жүреді.

Бенилюкс (Benelux)

1948 жылы құрылған Бельгия, Нидерланды және Люксембург елдері арасындағы кеден одағы. Бенилюкс кеден одағы *Еуропа экономика қауымдастығының құрылуына үлес қосты, ол 1957 жылы құрылғанда үш мемлекет те ұйымға мүше болған.

Бергсон-Самуэльсон әлеуметтік қамсыздандыру функциясы (Bergson-Samuelson)

social welfare function) ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМ-СЫЗДАНДЫРУ ФУНКЦИЯСЫН *қараңыз.*

берешек (arrears) Қаржы контракті бойынша бір немесе бірнеше қажет төлем жасаудағы сәтсіз әрекеттен кейін мерзімі өткен жалпы құн. «Берешек» міндеттеме орындауда артта қалу жағдайын білдіреді. Бұл термин несие мен ипотека, жалға алу ақысы мен алимент сынды мерзімді төлемдері бар контрактілерге қатысты қолданылады.

Бертран бәсекесі (Bertrand competition) Индустриядағы екі немесе одан көп фирманың өнім бағасы бойынша *бәсекесі. Бұл жерде өнімнің бағасы стратегиялық айнымалы болып келеді. Бұл бәсекенің бір түрі ретінде бағаны төмендету формасын қолдануға ынталандырады. Фирмалардың өндірген өнімдері *мінсіз алмастырушы болса, онда *Нэш тепе-теңдігіндегі баға белгілеу ойынында баға *шекті шығынға тең болады. Осылайша бәсекелес фирмалардың саны шектеулі екеніне қарамастан, нарықтағы тепе-теңдік тиімді болады. Бертран дуополиясы деп бағамен бәсекелесетін екі сатушысы бар нарық кейсін айтамыз.

бесжылдық жоспар(лар) (five-year plan(s)) 1928 жылы Кеңес Одағында пайда болған экономикалық дамудың жалпыұлттық орталықтандырылған бастамаларының сериясы. Оны кейіннен экономиканы *орталықтан жоспарлау дәрежесі жоғары басқа да көптеген ел қабылдады. Мысалы, нацистік Германия, Үндістан, Қытай және Шығыс Еуропаның социалистік елдері. Шектеулі уақыт кезеңіне интеграцияланған экономикалық мақсаттарды қоюдың ұқсас әдістері нарықтық экономикаға бейімделген кейбір капиталистік мемлекеттерде де қолданылды.

бета акциялар (beta stocks) *Қор биржасындағы сауда-саттық жиілігі бойынша екінші деңгейдегі акциялар. 1991 жылы жүйе Қалыпты нарық көлемімен алмастырылардан бұрын, Лондон қор биржасында 100-ге жуық *альфа акция және 500-ге жуық бета акция, 3 мыңнан астам гамма және дельта акция болды. Бета және альфа акциялары ең көп сатылатын, ал гамма және дельта акциялары ең аз сатылатын акция санаттары.

бета-коэффициент (beta coefficient) Нақты акция кірістілігі вариациясы нарық индексі кірістілігінің вариациясымен корреляциялану өлшемі. Бета-коэффициент актив қатерінің жалпылама мәнін анықтау үшін қолданылады. Егер r_{it} дегеніміз – i активінің $t - 1$ уақытынан t уақытына дейінгі кірістілігі және r_{It} дегеніміз нарық индексінің кірістілігі болса, онда β_i есептеу үшін келесі функцияның үздік үйлесімін табу керек.

$$r_{it} = \alpha + \beta_i r_{It} + \varepsilon_{it}$$

осыған сәйкес i активінің бета-коэффициенті $\beta_i = \frac{\sigma_{iI}}{\sigma_I^2}$ арқылы анықталады. Мұндағы σ_{iI}^2 нарықты көрсететін индекстің қайтарым *дисперсиясын сипаттайды. Ал σ_{iI} – i активінің кірістілігі мен индекстің кірістілігі арасындағы *ковариация. *Капитал активтердің бағасын белгілеу моделінің арнайы кейсінде I индексі нарықтағы портфельді білдіреді. Бета қатер өлшемі ретінде қолданылады, өйткені i активінің қайтарым дисперсиясы мынаған тең: $\sigma_i^2 = \beta_i^2 \sigma_I^2 + \sigma_{\varepsilon_i}^2$, мұндағы $\sigma_{\varepsilon_i}^2$ – индекспен түсіндірілмейтін дисперсия бөлшегі. $\beta_i < 0$ дегеніміз r_i орташа мәнде нарыққа қарсы қозғалатынын білдіреді. Ал β_i -дің нөлдік немесе төмен

мәні активтің нарықтың жалпы қозғалысына тәуелді емес *идиосинкреттік (жүйесіз) қатері бар екенін білдіреді; β_i -дің оң мәні r_i нарықпен бірге қозғалатынын білдіреді.

беті қайтқан жұмысшы (discouraged worker) Жұмыссыздық кезеңінен кейін еңбек нарығынан шығып қалған адам. Бұл олардың білік талаптарына сәйкес келетін немесе кей жағдайда мүлдем қандай да бір жұмыс таппағанынан болады. Жұмысшының беті қайтуына бірнеше фактор әсер етеді. Мысалы, қолданбау – олардың дағдылары мен қабілетінің әлсіреуіне әкелуі немесе жұмыс істегеннен жұмыссыз жүргенді артық көруі.

Биг Мак индексі (Big Mac index) Екі ел арасындағы Биг Мак сэндвичтерінің бағасын нақты айырбас бағамына теңестіретін айырбас бағамы қатынасы. Бұл индексті 1986 жылы *The Economist* журналы енгізді. Бұл индекс *сатып алу қабілеті паритетінің теориясына сүйенеді. Тауар және қызмет көрсету орнына, мысалы, Биг Мак сэндвичтері қолданылады.

бизнес (business) 1. Өнеркәсіптік және коммерциялық пайда табу қызметінің барлық түрлері. Бизнес-цикл экономикалық белсенділіктің жиынтық деңгейіндегі тербелістерге байланысты және бизнес-лобби бизнес атынан үкіметпен өзара іс-қимыл жасайды.

2. Осы қызметтерді жүзеге асыратын фирмалар.

3. Фирмалардың меншік/менеджмент тарабы; бұл топ көбінесе бизнес-қауымдастық деп аталады.

Бизнес, инновация және дағдылар департаменті (БИД) (Department for Business, Innovation and Skills) (BIS) БИЗНЕС, ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК СТРАТЕГИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ қараңыз.

Бизнес, кәсіпкерлік және нормативтік-құқықтық реформалар департаменті (БКНР) (Department for Business, Enterprise and Regulatory Reform) (BERR) Негізгі мақсаты – Ұлыбританиядағы бизнестердің табысқа жетуіне көмектесу. Бұл департамент 2007 жылдың маусым айында сауда және өнеркәсіп департаменті таратылғанда құрылды. Бірақ ол 2009 жылы *Бизнес, инновация және дағдылар департаменті құрылғанда ыдырады.

Бизнес, энергетика және өнеркәсіптік стратегия департаменті (Department for Business, Energy and Industrial Strategy) Ұлыбританияның бизнес, өнеркәсіптік стратегия, ғылым, инновация, энергетика және климаттың өзгеруіне жауапты үкімет департамент. 2016 жылы ол бизнес, инновация және дағдылар мәселелері жөніндегі департаменті (BIS) мен Энергетика және климаттың өзгеруі департаментінің орнын басты. www.gov.uk/government/organisations/departments-for-business-energy-and-industrial-strategy – Бизнес, энергетика және өнеркәсіптік стратегия департаментінің ресми веб-сайты.

бизнес-тариф (business rate) Ұлыбританияда жергілікті билік органдарын қаржыландыру үшін коммерциялық орындардан немесе үй-жайлардан алынатын салық түрі. Жергілікті үкімет бизнес-тариф мөлшерін өзі белгілейтін, бірақ қазір ол жалпыға бірдей ұлттық деңгейде белгіленетін *бірыңғай бизнес-тариф деп аталады. Бизнес-тариф мөлшерін анықтауда коммерциялық орындарды бағалауды аймақтық бағалаушы жүргізеді.

Бизнесті кеңейту бағдарламасы (Business Expansion Scheme) Салық жеңілдіктерін ұсына отырып жаңа кәсіпорындарға *венчур капитал инвестициясын күйоға ынталандыратын Ұлыбритания

салық құрылғысы. Бұл бағдарлама 1981–1994 жылдар аралығында жұмыс істеді, одан кейін оның орнын *Инвестицияны ынталандыру бағдарламасы басты.

бизнесті тарату (liquidation) Бизнесі жабу және оның активтерін жою процесі. Бұл жұмыс істеп тұрған компания ретінде жаңа меншік иесіне сату арқылы немесе әртүрлі активтерді бөлек-бөлек сату арқылы жүзеге асырылады. Бизнесі таратудың мақсаты – бизнес қарыздарын өтеу үшін мейлінше көп сома шығару, сондай-ақ одан артылған соманы бизнес иелері мен акционерлер өзара теңдей бөлісе алады.

бизнес-цикл (business cycle) Ұзақ-мерзімді өсу жолында экономикалық белсенділіктің ауытқуы. Цикл өндіріс көлемінің трендтік өсімнен жоғары деңгейде өсу кезеңін (калпына келу және өркендеу) және трендтен төмен стагнация немесе құлдырау кезеңін (рецессия) қамтиды. Ұзақтығы әртүрлі циклдер анықталған болатын. Ең қысқа цикл – Китчин тауар циклі (3–5 жыл). Бұдан кейін Жюглярдың негізгі капиталға инвестиция циклі (7–11 жыл) келеді. Бұл – стандарт экономикалық цикл. Ал Кузнецтің инфрақұрылымға инвестиция циклі одан да ұзақ (15–25 жыл). Ең ұзақ цикл Кондратьев толқындары деп аталады (45–60 жыл). ЭНДОГЕН БИЗНЕС-ЦИКЛ; САЯСИ БИЗНЕС-ЦИКЛ; НАҚТЫ БИЗНЕС-ЦИКЛДІ *де қараңыз.*

бизнес-этика (business ethics) Заңға қайшы келмеу үшін бизнес кәсіпорындар өз әрекетінде қандай стандарттарды ұстануы керегін зерттейді. Бұл еңбек күшіне, клиенттеріне, жеткізушілеріне және бәсекелестеріне әділ қарым-қатынас, сондай-ақ олардың қызметінің қоршаған ортаға, халықтың

денсаулығы мен жануарлардың тіршілігіне әсері сияқты мәселелерді қамтиды. Жақсы абырой-бедел бизнесті ұстап тұруға көмектессе, этикалық мінез-құлық пайдаға зиян келтірмеуі керек. Бірақ кей жағдайда компания өзіне зиян тигізетін этикаға жат мінез-құлық көрсетеді. Әдетте іскерлік этиканың күрделі мәселелері мультиұлттық фирмаларда пайда болады, онда бір елде бизнес жүргізу үшін лауазымды тұлғаларға сыйлық беру тәжірибесі маңызды болса, басқа елдерде ол қылмыстық әрекет саналады. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ *де қараңыз.*

билік (power) Басқа фирмалармен немесе адамдармен байланыс жағдайларын анықтаудағы күш. Сондай-ақ КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗУШІ БИЛІК; ТЕҢГЕРУШІ КҮШ; МОНОПОЛИЯЛЫҚ БИЛІКТІ *қараңыз.*

бимодаль таралу (bimodal distribution) Екі нақты шың және сол екеуінің құлау арасындағы таралу. Мысалы, адамдар арасындағы өлім-жітім көрсеткішінің эмпирикалық таралуы. Өлім-жітім көрсеткіші нәресте және үлкен адамдар арасында көп таралған. Ал осы жас санатының ортасындағы топтарда салыстырмалы түрде аз кездеседі.

бинарлы таңдау моделі (binary choice models) ДИСКРЕТ ТАҢДАУ МОДЕЛІН *қараңыз.*

биномдық баға белгілеу (binomial pricing) Активтер бағасының *биномдық үлестірімі бар деген жорамалға сүйенетін *бағалау әдісі. Мысалы, биномдық баға белгілеу *опционды бағалайды. Ол бағалау кезінде уақыт ішіндегі әр дискрет интервалдағы негізгі активтің S бағасы dS немесе uS -ке өзгереді деп болжайды, мұнда $u > R > d$, ал R – *қатерсіз пайыздық мөлшерлеме. Опционмен бірдей төлемдері бар

негізгі актив және қатерсіз актив портфелі қалыптасады. *Арбитраж мүмкіндігін болдырмау арқылы опцион бағасын анықтауға болады.

биномдық үлестірім (binomial distribution) Кездейсоқ оқиға болу мөлшерінің таралуы. Бұл әр кезде орын алатын белгілі және тұрақты ықтималдығы бар тәуелсіз жеребе жасау нәтижесінде пайда болады. Әр кездегі оқиғаның болу ықтималдығы p болса (мысалы, монета лақтырғанда реверс түсуі немесе кубик лақтырғанда «б» түсуі) және болмау ықтималдығы $(1 - p)$ болса, онда биномдық үлестірім n -нің тәуелсіз талпынысында r көрініс табуы ықтималдығын көрсетеді. Мұнда r $0 \leq r \leq n$ -ды білдіреді. Бұл ықтималдық былайша беріледі:

$$p^r (1 - p)^{n-r} {}_n C_r$$

мұнда ${}_n C_r$ биномдық коэффициент деп аталады. Және n -нен r формасын таңдау жолдарын көрсетеді.

$${}_n C_r = n! / [r! (n - r)!]$$

мұнда $r!$ дегеніміз $0! = 1$ және $r > 0$ деп анықталатын « r факториалды» білдіреді:

$$r! = r(r - 1)(r - 2) \dots (2)(1).$$

биоалуантүрлілік индексі (biodiversity index) Алуантүрлілік деңгейі туралы жалпы мәлімет беру үшін қоғамдағы биоалуантүрлілік, мысалы, түрлердің саны, әр түрдің жалпы сандағы пропорциясы, көрсеткіштер жиынтығын біріктіретін статистика.

Биологиялық алуантүрлілік туралы конвенция (Convention on Biological Diversity) Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы бастама-

шылық еткен биологиялық алуантүрлілікті сақтау және тұрақты пайдалану туралы халықаралық келісім. Биологиялық алуантүрлілік туралы конвенцияға 168 ел қол қойып, 1993 жылы күшіне енді. Конвенцияның негізгі үш мақсаты – биологиялық алуантүрлілікті сақтау; биологиялық алуантүрлілік компоненттерін тұрақты пайдалану және генетикалық ресурстарды пайдаланудан алынатын пайданы әділ және тең құқықты бөлу. www.cbd.int – Биологиялық алуантүрлілік туралы конвенция сайтының бас беті.

биологиялық пайыздық мөлшерлеме (biological interest rate) Пайыздық мөлшерлеме халықтың өсу көрсеткішіне тең. Капитал және сақтаған қоры жоқ *ұрпақтар тоғысындағы экономикада ұрпақтар арасындағы оңтайлы тұтынуды үлестіру пайыздық мөлшерлеме халықтың өсу деңгейіне сәйкес келгенде болады («биологиялық» аталуы да осыған байланысты). Халықтың өсу көрсеткіші мен пайыздық мөлшерлемелер теңдігі *алтын ереже деп аталады.

биржа брокері (stockbroker) Тек өзгелердің агенті ретінде әрекет ететін бағалы қағаздар дилері. Биржа брокері акциялар мен үлестерді түпкілікті сатушы қол жеткізе алатын ең жоғары бағамен сатады және түпкілікті тұтынушылар қол жеткізе алатын ең төмен бағамен сатып алады. Биржа брокері клиентке кеңес береді немесе кеңес бермей-ақ, ордерлерді қарапайым басқаруға сүйеніп жұмыс істей алады. Брокерлер бағалы қағаздарды өз есебінен сатып және сатып алатын *джобберлерге немесе *маркет-мейкерлерге қарсы қойылады.

Биржа дилерлері ұлттық ассоциациясының автоматты котировка жүйесі (БДҰААКЖ) (National Association of

Securities Dealers Automated Quotation System) (NASDAQ) АҚШ-тың бағалы қағаздар нарығы, бастапқыда биржадан тыс қор биржасында бағаланбаған биржалық бағалы қағаздар. Қазір бұл маркет-мейкерлер жүйесі мен компьютерге сүйенетін нарық және ол *Нью-Йорк қор биржасы үшін күшті бәсекелес.

биржадағы алыпсатар, спекулянт (stag) Бірден пайдамен сату үмітімен жаңа акциялар шығарылымына жазылу. Биржалық алыпсатар – осылайша әрекет ететін инвестор.

биржадағы еркін сауда-саттық (open outcry) Трейдерлердің бірлесе отырып өздері ұсынатын мәмілелерді қабылдау арқылы тауарларды, бағалы қағаздарды немесе валюталарды сату жүйесі. Биржадағы еркін сауда-саттық – нарықтағы барлық қатысушылар толық ақпаратқа тең негізде қол жеткізе алуын қамтамасыз етуге арналған жүйе. Осыған ұқсас функция көптеген қазіргі заманғы нарықтарда орындалады. Онда ұсыныстар мен мәмілелер компьютерлік желідегі экранда үнемі хабарланып отырады.

биржадан тыс нарық (over-the-counter market) Биржадағы операциялармен реттелмеген бағалы қағаздар нарығы.

Блэк-Шоулз теңдеуі (Black-Scholes equation) Қаржылай *опциондарды бағалауда қолданылатын теңдеу. Блэк-Шоулз теңдеуі үздіксіз саудасы бар қаржы нарықтарындағы тепе-теңдік моделіне сүйенеді, яғни актив бағасы кез келген уақытта өзгеруі мүмкін. Модель қатерсіз актив бар екенін және барлық артық табыс *арбитраж арқылы жойылады деп болжайды. Блэк-Шоулз әдісі әр опционның бағасы өтелуге тиіс ішінара туындылары бар дифференциал теңдеу

әзірлейді. Бұл теңдеуде опционның V мәні мынаны қанағаттандыруға тиіс:

$$\frac{\partial V}{\partial t} + \frac{1}{2} \sigma^2 S^2 \frac{\partial^2 V}{\partial S^2} + rS \frac{\partial V}{\partial S} - rV = 0$$

мұнда S – басты активтің уақыттық t мәні, ал r – қайтарымның қатерсіздік көрсеткіші және σ – басты актив қайтарымы дисперсиясы. Белгілі бір опционның құны опционның сипаты мен шарттарын қолданып, ішінара туындылары бар дифференциал теңдеуді шешу арқылы анықталады.

Блэр-хаус келісімі (Blair House Agreement) *Еуропа қоғамдастығы (ЕҚ) мен АҚШ арасында 1992 жылғы қарашада жасалған ауыл шаруашылығы өнімдерінің халықаралық саудасын ырықтандыру жөніндегі келісім. Ол субсидияланатын азық-түлік экспорты көлемін азайтуды қамтыды.

бойкот (boycott) Бойкот жарияланған адаммен, компаниямен немесе мемлекетпен сауда жасаудан бас тарту. Бұл терминнің атауы XIX ғасырда өмір сүрген ирландиялық жер агентіне қатысты туындады. Бойкот біреуден тауар мен қызмет сатып алудан немесе оларды сатудан бас тартуды қамтуы мүмкін. Қайталама бойкот бастапқы бойкотқа қосылмаған барлық тарапқа қатысты болады. Бойкотты толық тиімді жасау өте қиын. Өйткені сауда әдетте жасырын немесе жанама түрде жүргізілуі мүмкін. Бойкот сондай-ақ кідіріс, шығын мен қолайсыздық әкеледі. Осылайша бойкот – мінез-құлқы немесе пікірлері кеңінен мақұлданбайтын жеке тұлғаларға, фирмаларға немесе елдерге қысым жасаудың тиімді формасы.

Бокс-Дженкинс тәсілі (Box-Jenkins approach) *Авторегрессиялық

интеграцияланған сырғыма орташа (ARIMA (p, d, q)) моделін бағалау, диагностикалық тексеру және сәйкестендіру әдісі. Біріншіден, *автокорреляция коэффициенттері және *жартылай автокорреляция коэффициенттерінің таңдаулы үлгілері сыналатын ARIMA моделін анықтау үшін қолданылады. Осыдан кейін сыналатын модельдің параметрлері бағаланады. Соңында диагностикалық тестілер, мысалы, қалдықтарды талдау арқылы орындалады. Модель қабылданбаса, жаңа сәйкестендіру көрсетілсе, процесс қайталанады.

Бокс-Кокс түрленуі (трансформациясы) (Box-Cox transformation) Уақыт қатарындағы дерек формасының түрленуі:

$$x_t = \frac{y_t^\lambda - 1}{\lambda}$$

мұнда x_t – түрленген қатарлар, y_t – бастапқы қатарлар, ал λ – 0-ден 1-ге дейінгі сан. Бұл көбінесе уақыт қатарлары дисперсиясын тұрақтандыру үшін қолданылады. $\lambda = 0$ логарифмдік түрлендіруге сәйкес келеді. Ал $\lambda = 1$ – орташа төмендеу көрсеткіші. Оңтайлы λ -ны деректермен де, y_t -дің уақыт қатары моделінде толық көрсетілген басқа параметрлерімен де бағалауға болады.

болашақ кірісті дисконттау (discounting the future) Болашақ кірістерге төмен құн орнату. Болашақ кірісті дисконттаудың негізгі себебі – шыдамсыздық, яғни дереу тұтыну кейінге қалдырылған тұтынудан артық деп санау. Бұл – таза уақыт қалауы. Адамдар да, қоғам да осы мағынада шыдамсыз келеді. Болашақ кірісті дисконттаудың басқа да себептеріне төлем жасалмауы мүмкін деген қатер, төлем алуға құқығы бар адам оның қызығын көрер кезде тірі болмауы ықтималдығы, төлем жасалатын уақытқа дейін төлемді қабылдаушының

байлығы артуы мүмкіндігі және, сәйкесінше, осы жағдайлардан туындайтын шекті пайдалылықтың төмендеуі жатады. ГИПЕРБОЛАЛЫҚ ДИСКОНТТАУДЫ *да қараңыз.*

болжалдар (expectations) Экономикалық айнымалылардың болашақ құны бойынша экономикалық агенттердің болжамы немесе пікірлері. Болжалдар экономикалық мінез-құлықты талдау кезінде өте маңызды, өйткені олар экономикалық агенттерді таңдауға әсер етеді. Бұл таңдау болжалы экономиканың уақытша траекториясына әсер етеді, ал уақытша траектория агенттердің болжалына әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ БЕЙІМДЕЛЕТІН БОЛЖАЛДАР; ЭКЗОГЕН БОЛЖАЛДАР; ЭКСТРАПОЛЯРЛЫҚ БОЛЖАЛДАР; РАЦИОНАЛ БОЛЖАЛДАР; ӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУ БОЛЖАЛДАРЫН *қараңыз.*

болжам (forecast) Нүктелік болжам (немесе жорамал) – экзоген және алдын ала анықталған айнымалылардың берілген мәндеріне сүйенетін, қажет айнымалы немесе тәуелді айнымалының күтілетін мәні. Нүктелік болжамды анықтауда болжамды интервал сенімді интервал болмақ. Кешіктірілген тәуелді айнымалысы бар динамикалық модельде динамикалық және статикалық болжамдарды ажырата білу қажет. Алдағы бірнеше кезең үшін динамикалық болжам әр қадамда тәуелді айнымалы мәннің бұрын болжанған мәндерін пайдалана отырып есептеледі, ал алдағы бірнеше кезең үшін статикалық болжам бір қадамға арналған болжамдар сериясын әрқашан кешеуілдеуге тәуелді айнымалының нақты мәндерін пайдалана отырып анықтайды. Сондықтан статикалық болжам болжанған үлгідегі әр нүкте үшін экзоген және кешеуілдеуге тәуелді айнымалылар туралы деректерді әрдайым бақылауды талап етеді.

болжалдарды ескеретін Филлипс қисығы (expectations-augmented Phillips curve) Жалақының көтерілуін күтілетін инфляция әсерінен туындаған сұраныс қысымымен байланыстыратын *Филлипс қисығының нұсқасы. Баға өсуі күтілсе, Филлипс қисығы жалақының өсуін жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі немесе сұраныс қысымының артуы ретінде көрсетеді. Жалақының өсуі бағаның өсуіне түрткі болады, сондықтан нақты инфляция сұраныс қысымының өсіп келе жатқан функциясы саналады. Инфляцияның күтілетін деңгейі орындалмаса және Филлипс қисығы бір кезеңнен екінші кезеңге дейін өзгеріссіз қалса, монетарлық немесе фискалдық шаралар арқылы сұранысты ұлғайтуға болады. Бұл инфляцияның неғұрлым жоғары деңгейін пайдаланып, жұмыспен қамту көрсеткішінің тұрақты жоғары деңгейін ұстап тұруға мүмкіндік береді. Болжамдарды ескеретін Филлипс қисығы бойынша нақты инфляция өссе, күтілетін инфляция да өседі, жұмыспен қамтудың әр деңгейінде жалақы деңгейінің бірдей өсуін қамтамасыз ету үшін Филлипс қисығы жоғары жылжиды. Осы модельге сәйкес жұмыссыздық пен инфляция арасында ұзақмерзімді келісім жоқ. Жұмыссыздық деңгейі *инфляцияны үдетпейтін жұмыссыздық деңгейінен төмен болуы үшін инфляция деңгейі үнемі өсіп отыруы қажет деп ұйғарылады. Бұл – қолайсыз өзгеріс, өйткені инфляцияның қалыпты деңгейінің салыстырмалы түрде зияны аз, бірақ *гиперинфляция ақшаның экономикалық функцияларын нашарлата отырып, нақты экономиканың тиімді жұмыс істеуіне әжептәуір кедергі келтіреді.

болжамды құбылмалылық (implied volatility) Бағалы қағаздардың *опцион келісімшарттың нарықтағы бағасымен болжанған құбылмалылығы.

Опционның нарықтағы бағасы бақыланады және опционға баға белгілеу формуласы (мысалы, *Блэк-Школс теңдеуін шешуден алынған формула) негізгі бағалы қағаздардың қолданылатын модельдегі бағаға сәйкес келетін құбылмалылығын анықтау үшін пайдаланылады.

болжамды өзгеріс (conjectural variation)

*Олигополияның бір моделі. Бұл модельде әр фирма өз бәсекелестерінің реакциясына болжам жасайды. Курно, Бертран және Штакельберг олигополиялары сияқты түрлі стандарт модельдер және пайданы бірлесе отырып барынша арттыру параметрлердің белгілі бір мәндері үшін болжамды өзгеріс моделінің пайдасын максималдаудың бірінші ретті шарттарының белгілі бір кейстері ретінде туындайды.

Бомбей қор биржасы (Bombay Stock Exchange) 1875 жылы «Негізгі акциялар және биржа брокерлері қауымдастығы» атауымен құрылған Азиядағы алғашқы қор биржасы. Биржа акцияларды, оның ішінде шағын және орта бизнес акцияларын, борыш құралдарын, деривативтерді және пайлық инвестиция қорларын сатуға арналған нарықтарды ұсынады. 2015 жылғы қыркүйекте Бомбей қор биржасындағы компаниялардың жалпы нарықтағы капиталдануы 1,64 трлн доллар болды. www.bseindia.com – Бомбей қор биржасының ресми веб-сайты.

бонус (bonus) Компания қызметкерлерінің қалыпты жалақысына қосымша төлем. Бонустар компанияның жалпы немесе бір арнайы бөлімінің немесе қызметкердің өнімділігіне байланысты төленеді. Бонустар қызметкерлердің күш-жігерін басқа жақсы жұмыс іздеуге емес, фирмаға жұмсауға *ынталандырады. Бонустар қалыпты жалақыдан

ерекшеленеді, өйткені оларды үнемі қайталау міндет емес және олардан зейнетақы жарнасы алынбайды. Оларға әдетте салық салынуы мүмкін.

бонус акция шығару (bonus issue)

Компанияның акционерлеріне олардың қолындағы *акцияларына пропорционал түрде қосымша акциялар шығару. Мұның *бар акционерлерге акция шығарып, бірінші соларға сатудан ерекшелігі – жеңілдетілген бағамен сатылуы. Бірақ акционерлер оларды тек ақша төлесе ғана сатып ала алады. Бонус акция шығару компанияларға ешқандай ақшалай қаражат әкелмейді, сенім мен *дивиденд өсуінің белгісі ғана.

Борда әдісі (Borda count) Әр дауыс беруші үміткерлерді бағалайтын сайлау жүйесі. Сайлауда n үміткер бар деп есептелік. Әр дауыс беруші әр үміткерді өзінің қалауына қарай ретімен орналастырады. Әр дауыс берушінің бірінші таңдауына n ұпай беріледі. Ал екінші таңдауына $n - 1$ ұпай беріледі және осылай жалғаса береді. Дауыс берушінің тізіміне енген үміткерлерге 0 ұпай беріледі. Әр үміткерге берілген ұпай есептеліп, ең көп ұпайы бар үміткер сайланады. Борда сайлау әдісінде әрқашан жеңімпаз үміткер таңдалады. Алайда әу бастан ұта алмайтын үміткерлердің сайлауға қатысуы сайлау нәтижесіне қатты әсер етеді. Сондай-ақ **ҰЖЫМДЫҚ ТАҢДАУ; КӨПШІЛІК ДАУЫСТЫ қараңыз.**

борыш ауыртпалығы (debt burden)

Борышқа қызмет көрсету құны. Бұл – жеке немесе заңды тұлғаның пайыздық және өтем төлемдерін төлеу міндеттемесі. Мемлекеттік борыш сыртта ұсталса, онда бейрезиденттерге төлемдер резиденттер үшін шынайы ауыртпалық болады. Сыртқы қарызды қайтару қажеті елдің *сауда жағдайын

нашарлатса, мемлекетке түсетін ауыртпалық одан сайын артады. Тіпті мемлекеттің борышы ел ішіндегі резиденттерге тиесілі болған күннің өзінде де мемлекет салыққа жүгінбей қарызды қайтаруы екіталай. Ал салық, өз кезегінде, экономиканы ынталандырмайды, салық төлеушілердің нақты әл-ауқатын мемлекет алатын сомадан едәуір төмендетеді. Тіпті борыш елдің резиденттеріне тиесілі болса да, мемлекеттік борыштың болуы *орны толмайтын залал тудырады.

борыш бейтараптығы (debt neutrality)

РИКАРДО ЭКВИВАЛЕНТТІГІН *қараңыз.*

борыш портфелі (loan portfolio) Қаржы институттарының активтері ретінде қарыздарды жинау. Мұндай ұйымдардың несиелік портфелін ұстауының екі себебі бар: біріншіден, олардың жиынтық активтері тек бір қарыз алушыға несиелік беру үшін өте көп болуы мүмкін; екіншіден, берілетін несиелер саны жалғыз несиелік қарағанда сенімді болып келеді, әсіресе қарыз алушылар орналасуы немесе саласы бойынша әртүрлі болса, қауіпсіз болады. Кейбір қарыз алушылар дефолт жарияласа да, дефолт жарияламаған борышкерлердің арқасында портфель, жалпы алғанда, пайда әкеледі.

борыш, қарыз (debt) Бір адамның немесе ұйымның басқаға қарыз ақшасы. Борыш туралы келісімде қарыз алушы қандай пайызбен қайтару керегі және қандай кепілзат беру керегі жайында қарыз алушының шарттары қарастырылады. Борыштық келісімшарттарда төлемді төлеу қажет валюта көрсетіледі. Шетелдік валютадағы қарыз дегеніміз – пайыз бен өтем бойынша төлемдер қарыз алушының валютасынан басқа валютамен жүргізілуі. Борыштың баға индексіне байланысқан пайыздық

немесе өтелетін төлемдері болуы мүмкін. ҮМІТСІЗ БОРЫШ; ОРНЫ ТОЛМАЙТЫН БОРЫШ; МЕМЛЕКЕТТІК БОРЫШ; ҰЛТТЫҚ БОРЫШ; НАРЫҚТЫҚ ЕМЕС БОРЫШ; ЖАРАМСЫЗ БОРЫШ; МЕМЛЕКЕТТІК БОРЫШТЫ да қараңыз.

борышты басқару (debt management) Компанияның немесе үкіметтің борышын басқару, оның күтілетін құнын төмендету және қажет болған қаражатқа әрқашан қол жеткізу мүмкіндігі болуын қамтамасыз ету. Бұл таза қарыз алу қажет болғанда болжауды, шығарылатын немесе төленетін бағалы қағаздардың түрін таңдауды және борышты қаржыландыруда қиындық тудыруы мүмкін белгілі бір күндері төленуге тиіс төлемдерді шамадан тыс шоғырлануын болдырмау үшін өтелмеген берешектің өтеу мерзімдерін анықтауды қамтиды.

борышты өндіріп алу агенттігі (debt-collection agency) Басқа фирмалар атынан борыштарды өндіріп алуға маманданған фирма. Мұндай фирмалар борышкерлердің мекенжайын қадағалау, олардың жасырын активтерін анықтау және төлеу қабілеті бар борышкерлерге қысым көрсету арқылы төлем жүргізе алу дағдыларын қажет етеді. Бұл сот талқылауына немесе жариялыққа әкеп соғуы мүмкін, сәйкесінше, ол борышын өтемегендердің басқа кредиторлардан несие алуы да қиындайды.

борышты өтеу мерзімін қайта қарастыру (reschedule debt) Пайыздық немесе өтеу бойынша төлемдер алғашқы келісілген мерзімнен кейінге қалдырылған жағдайда қарыз келісімін қайта қарау. Бұл қиын жағдайдағы компанияның жеке қарыздарына және *мемлекеттің қарызына, әсіресе *нашар дамыған елдердің қарыздарына қатысты

қолданылады. Қайта қарастыруды кредиторлар қабылдайды, себебі борыш бойынша *дефолт тікелей балама болуы мүмкін (келісімді орындамау) және бұдан оны өз шоттарынан шығару талабы туындайды.

борыштық міндеттемелерді бағалы қағаздарға ауыстыру (debt for equity) Фирмалар немесе шамадан тыс қарызы бар елдер өз борыштық міндеттемелерінің бір бөлігін бұрынғы кредиторларға тиесілі акцияларға айырбастайтын процесс. Бұл борышкерлерге да, кредиторларға да тиімді болуы мүмкін. *Жекеменшіктегі (gearing) төмендеуден борышкерлер пайда табады. Фирмалардың пайдасы немесе елдердің экспорт түсімдері төмен болса, қарызды қайтаруға олардың аз бөлігі жұмсалуга тиіс. Борышкерді қалпына келтіру перспективалары белгісіз болған жағдайда да кредиторлар пайда табуы мүмкін. Борышкерлер үшін іс нашарласа және олар дефолтқа ұшыраса, онда борышты ұстаушылар ұтылады, ал жақсы болса, онда кредиторлар пайданы бөліспейді. Іс нашарлағанда борышкерлер дефолтқа ұшырағанда акция ұстаушылар аз пайда табады, бірақ жағдай жақсы болғанда олар пайданы бөліседі.

борыштың меншікті капиталға қатынасы, левередж (leverage) Компания борышының меншікті капиталға, яғни оның акционерлеріне тиесілі жиынтық капиталдың бөлігіне қатынасы. Қарыз капиталын қолданудың жоғары деңгейі қарыз алу арқылы қаржыландыруға тым тәуелділікті білдіреді. Компанияның қарыз және жеке қаражаты арасындағы қатынас неғұрлым жоғары болса, оның жалпы пайдасы борыш бойынша пайыздарды өтеуге жұмсалып, акционерлер үшін таза табыс неғұрлым өзгермелі болып келеді.

Ұлыбританияда бұл термин gearing деп аталады.

бос жұмыс орны (job vacancy) ВАКАНСИЯНЫ қараңыз.

бос жұмыс орны көрсеткіші (vacancy rate)
*Еңбек күшінің үлесі ретінде көрсетілген, толтырылмаған жұмыс орындарының саны. Сондай-ақ БЕВЕРИДЖ ҚИСЫҚТАРЫН қараңыз.

бос қызмет орны (vacancy) Лайық кандидат табылса, жұмыс беруші толтырғысы келетін лауазым. Қазіргі уақытта экономикадағы бос жұмыс орындарының жалпы санын өлшеу қиын, өйткені бірыңғай стандарт жарнама және жұмыс орындарын толықтырудың бірыңғай түрі жоқ. Бос жұмыс орны туралы ақпаратты ресми және жеке рекрутинг агенттіктері ағымдағы және бұрынғы қызметкерлер арасында жарнама арқылы және ауызша таратады.

бос уақыт (leisure) Жұмысқа жұмсалмаған уақыт. Экономикалық модельдердің көбінде бос уақыт пайда әкелетін тұтыну тауары ретінде қарастырылады. Бос уақытты өлшеу жұмыстағы адамның жұмысқа, жұмыссыз адамның жұмыс іздеуге жұмсаған уақытын есептеу қажеттігі мәселесін қозғайды. Мәдени шаралар, спорт пен көңіл көтеру сияқты уақыт өткізу шаралары – қазіргі заманғы экономиканың негізгі секторларының бірі.

босалқылар (inventories) Кәсіпорындардағы тауар қоры. Олар жанармай, материалдар немесе өндірісте қолданылуын күтіп тұрған құрамдас бөліктер, өндіріс процесіндегі аяқталмаған тауарлар, мысалы, құрастыру желілеріндегі автомобильдер немесе дистрибьюторларға немесе түпкілікті пайдаланушыларға сатуды күтетін дайын өнім қорлары болуы мүмкін.

босаң нарық (thin market) Бірнеше сатушы мен сатып алушы бар нарық. Босаң нарықтар әдетте бағаның жоғары құбылмалылығы, операциялардың төмен көлемімен және саудаланатын тауарлардың төмен *өтімділігімен сипатталады.

бөгде төлем (side-payment) Келісімге қосылуға итермелейтін келісімдегі бір немесе бірнеше тараптың өзге тараптарға жасаған төлемі. Мысалы, әр фирмалар тобында табысты зауыт бар деп болжамдаймыз. Олардың есептеуінше, бір зауыт жабылып, оның өндірісі басқа зауыттарға ауыстырылса, топ үшін жалпы шығын төмен болар еді, осылайша жалпы пайда өседі. Әр фирма өз табысын тек өз зауытының өнімдерін сату есебінен ғана алса, онда келісімге қол жеткізілмейді, өйткені зауыты жабылған фирма пайдасынан айырылады. Осылайша зауыттары ашық болып қалатын фирмалар өзінің ұлғайтылған пайдасының бір бөлігін зауыты жабылатын фирмаға өтемақы ретінде пайдаланады және фирмалардың жанама төлемдерді қамтитын жоспарға келісуіне түрткі болуы мүмкін.

бөлу, тарату, үлестірім (distribution)

1. Қоғамдастықтың әртүрлі бөлімдері алған табыс үлесі. Табыстың функционал бөлінісі дегеніміз – еңбек, жер және капиталдан алынған табыс бөлінісі. Ал жеке табыс бөлінісі әртүрлі көлемдегі жеке табысты білдіреді.

2. Көтерме және бөлшек дүкендер желісі арқылы тауарлар мен қызметтерді өндірушілерден түпкілікті тұтынушыларға жеткізу процесі.

3. ҮКТИМАЛДЫҚ ТАРАЛУЫН қараңыз.

бөлшек баға индексі (ББИ) (retail price index) (RPI) Ұлыбританиядағы *күнкөріс минимумы индексінің ресми атауы. ББИ Ұлыбританиядағы ай сайынғы

тұтыну тауарлары мен қызметтері бағасына шолуға сүйенеді және *индекстелген мемлекеттік бағалы қағаздар, сондай-ақ зейнетақы мен жәрдемақы төлемдеріне негіз ретінде пайдаланылады. ББИ – шын мәнінде жаңылыстыратын сипаттама, өйткені ол жалға алу ақысы, ипотекалық несиелер бойынша пайыздар және сауда нүктелері арқылы өтпейтін коммуналдық төлемдер сияқты тұтыну шығынының көптеген формасын қамтиды. ББИ бағаны *қосылған құн салығы және басқа да *жанама салықты да ескеріп өлшейді, демек, жанама салық салудағы өзгерістер нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Көп елде ұқсас индекс *тұтыну бағасы индексі деп аталады. Сондай-ақ RPIX-ті қараңыз.

бөлшек банк қызметтері (retail banking) Кең жұртшылықтың қатысуымен жүретін банк операциялары. Бөлшек банктер жеке тұлғалар мен шағын бизнес субъектілерінен депозиттер жинап, оларға несие береді. Екі жағдайда да тиісті сомалар аз болуы мүмкін. Бөлшек банк қызметін көрсету басқа қаржы институттары мен ірі операциялар шоғырланатын көтерме банк қызметін көрсетуден ерекшеленеді.

бөлшек сауда (retail sales) Сауда нүктелері, яғни дүкендер арқылы өтетін жалпы тұтыну шығынының бір бөлігі. Бұған тұтыну шығынының көп бөлігін, мысалы, жалға алу, ипотекалық несие бойынша пайыздар, коммуналдық төлемдер және сақтандыру кірмейді.

бөлімшелері бар банк қызметі (branch banking) *Банктерге бөлімше ашуына рұқсат беретін банк жүйесі. Банктердің *монополиялық билігін шектеу мақсатында бөлімшелері бар банк қызметі кейбір елдерде, АҚШ-та да біраз шектеуге ұшыраған.

бөлінбеген пайда (retained earnings)

Салық немесе дивиденд ретінде төленбейтін, бизнеске қайта инвестицияланатын компания пайдасының бір бөлігі. Бөлінбеген пайда негізгі капиталға инвестициялауды қаржыландыру, басқа фирмалардың жұту, клиенттерге несие беру, несиелерді өтеу немесе өтімді активтерді ұлғайту үшін пайдаланылуы мүмкін. Табысты сақтап қалу – қарыз алудың немесе жаңа инвестицияларды қаржыландыру үшін акция шығару арқылы акционерлік капитал тартуға балама.

бөлінбеген пайда (undistributed profits)

Кәсіпорынның салық түрінде және акционерлерге немесе иеленушілерге төленбейтін пайдасы. Бөлінбеген пайда бизнеске қайтарылады. Олар ақша балансы немесе бағалы қағаздар түрінде сақталуы мүмкін болса да, әдетте жеке жабдық сатып алу, басқа компанияларды сатып алу немесе клиенттерге *сауда несиесін беруге инвестицияланады. Олар экономикада жаңа инвестицияларды қаржыландырудың негізгі көзі.

бөлінбеушілік (indivisibility) 1. Өндіріс процесінде кез келген техника жұмыс істей алатын минимал масштаб бар. Бұл барлық өндіріс әдістеріне қатысты. Кейбір жағдайларда минимал масштаб кішкентай болатыны сонша оның экономикалық әсері жоқ болады, бірақ басқа жағдайларда ол шағын фирмалардың әдісті пайдалана алуын мүмкін емес ету үшін жеткілікті үлкен болады. Әдістемедегі бөлінбеу – *ауқымнан үнемдеудің және *әртараптандырудан үнемдеудің негізгі көзі.

2. Тауардың немесе бағалы қағаздардың бөліну мүмкіндігіне қатысты шектеулер. Мысалы, АҚШ-тың казынашылық вексельдері 1 000 доллар

қадаммен сатылады. Бөлінбеушілік тұтыну жоспары немесе портфелі оңтайлы таңдауға сәйкес келетін дәрежені шектейді. Нарық кейбір бөлінбеушіліктердің шешімдерін ұсынады: *жанама инвестиция – бағалы қағаздардың бөлінбеушілігін жеңу әдісі.

бөлінген қаржы (ассигнация) есебі (appropriation account) Компания немесе басқа ұйым қол жеткізе алатын, жалпы қаражат қалай жұмсалғанын көрсететін *есеп. Бұл жалпы соманың салық төлемдері, нақты инвестиция, сыртқы қарыз, бағалы қағаздарды сатып алу, ақша қаражаты қалдықтарын ұстап қалу және акционерлерге тарату арасындағы бөлінісін көрсетеді.

бөлініс салмағы (distributional weight) *Әлеуметтік қамсыздандыруды бағалау кезінде қоғамның әртүрлі мүшелеріне берілген салыстырмалы маңыздылық. Мысал ретінде, h – тұтынушының пайдалылық деңгейін U^h деп белгілейік және *әлеуметтік қамсыздандыру функциясын былай анықтайық:

$$W = \sum_{h=1}^H \alpha^h U^h$$

A^h мәні – h тұтынушыға берілген бөлініс салмағы. Басқа тұтынушылардың мәніне қатысты α^h шамасының мәні жоғары болған сайын, әлеуметтік қамсыздандыруды есептеу кезінде h -тың пайдалылығының маңыздылығы артады. Утилитарлы әлеуметтік қамсыздандыру функциясы үшін барлық бөлініс салмақтары тең болады және олар 1-ге теңестіріледі. Роулстық әлеуметтік қамсыздандыру функциясы үшін бөлініс салмақтары салмағы 1-ге тең ең төмен пайдалылық деңгейі бар тұтынушылардан өзге барлық тұтынушылар үшін 0-ге тең.

бөліністергі әділдік (distributive justice) АКЦИЯНЫ қараңыз.

бөліністік акциялар (distributional equity) АКЦИЯНЫ қараңыз.

бөліністік шешім (distributive judgement) АКЦИЯНЫ қараңыз.

бөліп төлеуге сатып алу (БТСА) (hire purchase) (HP) Сатып алушы тауарды пайдалануға кез келген уақытта ала алатын, бірақ тауар құны бөлініп төленетін жүйе. Бөліп төлеуге сатып алу бойынша сатушы алғашқы жарналық төлемді талап етуі мүмкін немесе талап етпеуі де мүмкін; төлемдер келісілген мерзімде жасалуы керек және соңғы жарна жасалмайынша, тауар сатушының меншігі болып есептеледі. Төлемдер уақытында жасалмаса, сатушы тауарды қайтаруды талап ете алады. Бөліп төлеуге сатып алынған тауарлар заңды түрде сатылмайды немесе басқа қолға берілмейді. Іс жүзінде шарттың қолданылу мерзімі ішінде жалға алушы және шарттың соңында сатып алу опционы. Бөліп төлеуге сатып алу сатып алынған тауардың құны әдетте қолма-қол есеп айырысу бағасынан асып түседі. Бөліп төлеуге сатып алу автомобиль, жиһаз және тұрмыстық техника сияқты ұзақ уақыт пайдаланылатын тауарларды сатып алу кезінде кеңінен қолданылады. Бөліп төлеуге сатып алуды басқару элементтері бір уақытта Ұлыбританияда жиынтық сұранысты бақылау бойынша мемлекеттік саясаттың бір бөлігі ретінде қолданылды.

Брандт баяндамасы (Brandt Report) Бұрынғы Германия канцлері Вилли Бранд төрағалық еткен халықаралық даму мәселелері бойынша тәуелсіз комиссияның баяндамасы. Солтүстік-Оңтүстік ынтымақтастығын дамыту

жөніндегі шаралар туралы баяндама 1980 жылы *Солтүстік-Оңтүстік деп жарияланды: Күнкөріске арналған бағдарлама*. Ол Солтүстік протекционизмді азайтуға үндеуді қамтыды.

Брейди жоспары (Brady Plan) Мексиканың сыртқы берешегін қайта құрылымдау жөніндегі 1989 жылғы келісім. Бұл жоспарды АҚШ Қаржы министрі ұсынды және соның құрметіне аталды. Бұл жоспар қарызды азайту мен қатерін кемітпеуді таңдаған несие берушілерден несие ретінде «жаңа қаржы» алуды қамтыды.

Брейтунг сынағы (Breitung test) Панельдік деректер жиынтығындағы *бірлік түбірге немесе *стационарлыққа тексерілетін тест. Брейтунг сынағы теңгерілген панельді қарастырады. Сонымен қатар Брейтунг тестінің панельдің бірлік түбірі бар деген нөлдік гипотезасы болады. *Дики-Фуллер тестіндегідей, бұл тест статистикасы дегеніміз – осы айнымалының бірінші лагындағы пайыздық айнымалының бірінші айырмашылығының біріккен регрессиядағы t -коэффициенті. Нөлдік гипотезада тестілік статистика стандарт қалыпты кездейсоқ айнымалы үлестіріміне бірыңғайланады. Өйткені іріктеме мөлшері кросс-секция және уақыт өлшемдері бойынша шексіздікке дейін өседі.

бренд (brand) Өнімді жасаушыны немесе дистрибьюторды анықтау үшін пайдаланылатын атау. Бренд алғаш рет малдың иесін анықтау үшін салынған ен немесе сотталған қылмыскердің мінезін қоғамға ескерту үшін қылмыскерге салынған белгі ретінде қолданылды. Кейбір жағдайларда фирманы құрушы жұмысын тоқтатып, оны басқа иемденуші қолына алғанда фирманың бастапқы бренд атауын сақтап қалады.

Бренд атауы өндірушілер мен дистрибьюторларға пайда әкеледі, өйткені олар *жарнамаға әсер етеді және өнімнің немесе өнім түрлерінің беделін арттырады. Нақты сатып алу алдында тексеру арқылы тауар сапасын анықтау қиын немесе мүмкін емес болғанда, брендинг тұтынушыларға пайдалы болуы мүмкін. Өндірушіні анықтау оңай болса, онда қолдану барысында көңілден шықпаған тауар қайтадан сатып алынбайды. Өндірушілер мен дистрибьюторлар мұны жақсы біледі және ол сапаны сақтауға қаты ынталандырады және тауар сәтсіз болған жағдайда түзетулер енгізеді; бұл бренд атауы жоқ тауарларды ынталандырмайды. Өйткені олар жауапкершілік алмайды.

бренд танымалдығы (brand recognition) *Брендтің атауы тұтынушыларға таныс болуы және өнім туралы пайдалы ақпарат беруі.

брендке адалдық (brand loyalty) Тұтынушылардың танымал *бренд атауы бар тауарларды сатып алу тенденциясы. Тұтынушылар бренд атауы жоқ немесе таныс емес тауардың орнына көбінесе өзі бұрын қолданған немесе жарнамадан көп көрген брендтерді сатып алады. Брендке адалдық – *канағат мінез-құлық формасы: бұрын қанағаттанарлық нәтижелерге әкелген іс-әрекеттер бір мәселе туғанға дейін қайталана береді. Бұл жаңа жеткізушілердің тіпті олардың өнімі іс жүзінде жақсы және нарықта нық орныққан бренд өнімдерінен арзанырақ болса да нарыққа кіруін қиындатады. Жаңа брендтерге немесе бренд емес өнімдерге қатысты сәтсіз тәжірибенің шығыны азайғанға дейін брендке адалдық тұтынушыларға тиімді. Сатушы өнімін жарнамалауға ақшасын шығындап жатыр деген аргументпен

тұтынушы көп жарнама жасап жатқан сатушының өнімін тұтынуы тиімді болуы мүмкін.

Бреттон-Вудс (Bretton Woods) 1. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасатын жаңа халықаралық валюта жүйесін талқылау үшін 1944 жылы өткен конференцияның орны. Бұл конференция *Халықаралық валюта қорын және *Халықаралық қайта құру және даму банкін (немесе Дүниежүзілік банкті) құруға әкелді.

2. Конференция қорытындысы бойынша *халықаралық валюта жүйесінің стенографиясы. Бұл фундаментал теңгерімсіздік жағдайында ғана өзгеруге тиіс тиянақталған валюта бағамын қамтыды. Бреттон-Вудс жүйесі 1971 жылға дейін әрекет етті, одан кейін *құбылмалы валюта бағамы жүйесі пайда болды.

БРИКС (BRICS) Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай және Оңтүстік Африка елдерін қамтитын аббревиатура. Бұл бес ел өзінің салыстырмалы түрде үлкен жер аумағымен, жылдам өсу қарқынымен, аймақтық және жаһандық істердегі маңызымен сипатталады. БРИКС елдері 2009 жылдан бастап жыл сайын ресми кездесулер өткізеді. Олар *Дүниежүзілік банк пен *Халықаралық валюта қорына балама ретінде *Жаңа даму банкін құрды және оған қолдау көрсетеді.

Британ отбасылары арасындағы панельдік сауалнама (British Household Panel Survey) 1991 және 2009 жылдар аралығындағы Ұлыбританияда жүргізілген сауалнама. Оған жеке тұлғалар мен үй шаруашылықтарының репрезентатив өкілдерінен іріктелген топ қатысты. Сауалнамаға тұрғын үй жағдайы, білім беру және оқыту, денсаулық, табыс және әлеуметтік-экономикалық

құндылықтар секілді демографиялық, экономикалық және әлеуметтік айнымалылар кіреді, сондай-ақ қатысушылардың өмір тарихы туралы сұрақтар болады. www.iser.essex.ac.uk/bhps – бұл веб-сайтта сауалнама туралы ақпарат пен деректерге сілтеме беріледі.

Британ өнеркәсіптік фирмалар конфедерациясы (Confederation of British Industry) Негізінен, өнеркәсіптік сектордан құралған Британ компаниялары федерациясы. Британ өнеркәсіптік фирмалар конфедерациясы 1965 жылы құрылды; ол мүшелерінен ақпарат жинайды және экономикалық саясат, салық ережелері, еңбек заңнамасы, бәсеке саясаты және өнеркәсіптік стандарттар сияқты мәселелер бойынша олардың атынан үкіметке лобби жасайды. www.cbi.org.uk – осы сайттан Британ өнеркәсіптік фирмалар конфедерациясы және жарияланымдар мен есептер бойынша ақпарат алуға болады.

Бройш-Паган тесті (Breusch-Pagan test) Сызықтық регрессия моделінде балама гипотезаға қарсы болатын *гомоскедастикалықтың нөлдік гипотеза тесті. Мұнда i бақылау дисперсиясының $\sigma_i^2 = h(z_i' \alpha)$ формасы бар, мұнда h – барлық i, z_i үшін ортақ функция, ал i – бірінші элементі 1-ге тең $(S \times 1)$ стохастикалық емес вектор және α – белгісіз коэффициенттердің $(S \times 1)$ векторы. Тестіні жүзеге асыру қарапайым ең кіші квадраттарды есептеу және квадратталған *қарапайым ең кіші квадраттар қалдықтарын $Z = (z_1, \dots, z_N)$ регрессиялау арқылы жүзеге асады. Тест статистикасы $\eta = NR^2$ -ге тең болады. Бұл жерде N – іріктеме мөлшері, ал R^2 – екінші регрессиядан туындайтын детерминация коэффициенті. Нөлдік гипотезаға сәйкес η шамасының асимптотикалық $(S-1)$ еркіндік дәрежесі бар *чи-квадрат таралуы болады.

Бұл нәтиже h функциясына тәуелді болмайды.

брокер (broker) Принципал ретінде сауда жасамайтын тұлға немесе компания, бірақ ол сатып алушылар мен сатушыларды бір-бірімен байланыстырады. Биржа брокерлері акцияларды, тауар брокерлері тауарды, сақтандыру брокерлері сақтандыру полистерін, ал көлік брокерлері чартер тасымалдау қызметін сатқанда брокерлік операцияға жүгінеді. Брокерлер нарықтағы маманданған біліміне байланысты өз қызметі үшін *комиссия алады.

брокер комиссиясы (brokerage) Сатып алушы мен сатушыны бір-бірімен байланыстырғаны үшін брокер алатын төлем. Бұл әдетте құнның кішкене пайызын құрайды.

Броун қозғалысы (Brownian motion) Тәуелсіз қиылыспайтын үстелімдері бар *Гаусс процесі. 1827 жылы алғаш рет микроскоппен суда жүзетін тозаң немесе шаң бөлшектерінің кездейсоқ қозғалысын байқаған ботаник Роберт Броунның (1773–1858) құрметіне аталған. Бұл атау осы құбылыс үшін де, оны сипаттайтын математикалық модель үшін де қолданылады; соңғысы Винер процесі ретінде де белгілі.

БСТ (СЕТ) БІРЫҢҒАЙ СЫРТҚЫ ТАРИФТІ қараңыз.

Бундесбанк (Bundesbank) Германияның *орталық банкі. Штаб-пәтері Майндағы Франкфурт қаласында орналасқан неміс Бундесбанкiнiң 2002 жылға дейiн неміс маркасының құндылығын қорғауға конституциялық міндеті болды. Ол банк қаржыға сақтығы мен ақша-несие саясатындағы тұрақтылығы үшін үлкен беделге ие болды. Еуро валютасы енгізілген сәттен

бастап Бундесбанк *Еуропа орталық банктері жүйесіне қатысушы болды.

буфер қор (buffer stock) Тауар бағасын тұрақтандыру мақсатында сақталатын тауар құны. Баға сұраныстағы, ұсыныстағы немесе екеуіндегі өзгерістер себебінен тербеліске ұшыраса, онда буфер қор операторлары қорларды сату арқылы баға өсуін шектей алады және қорларды сатып алу арқылы бағаның төмендеуін тоқтата алады. Бұл шаралар буфер қор менеджерінің қалауымен немесе алдын ала жарияланған ең жоғары сату бағасына және ең төмен сатып алу бағасына сәйкес жасалады. Белгіленген баға ұзақмерзімді нарық жағдайына сәйкес келсе, онда баға тек осы шекте сақталуы керек. Ең төмен баға тым жоғары болса, қор әдетте шексіз жиналады. Бұл процесс буфер қордағы қаражат таусылғанға дейін жалғасады. Ең жоғары баға тым төмен болса, онда қор жоғары баға кезеңінде сарқылады. Сәтті тұрақтандыру буфер қор жоғары сұраныс кезеңдеріне жеткілікті қамтамасыз етілуін талап етеді. Сонымен қатар баға төмендеген кезеңдерде қор таусылып қалмауға тиіс. Сату бағасы сатып алу бағасынан жоғары болғанда, буфер қор саудадан пайда әкелуге тиіс. Сонымен қатар ол сақтау, пайыз және әкімшілік шығындарын өтеуге тиіс. Оның тіпті осы шығынды өтегеннен кейін де залалсыздығы сатып алу мен сату бағалары арасында жеткілікті маржа болуына байланысты және нарықтағы бағаның қандай өзгерістері тұрақтандыруға тиіс қысқамерзімді ауытқуларды, тербелістерді дұрыс анықтауға байланысты болады.

бухгалтерлік (есептік) пайда (accounting profit) Есепке алудың стандарт қағидаттарын қолдана отырып есептелетін пайда денгейі. Бухгалтерлік пайда фирманың амортизация, пайыздар

мен салық сынды айқын операциялық шығынын шегергендегі сатудан түскен табысқа тең. Оған кері *экономикалық пайданы есептеуде шығын бірлігіне қатысты қалыпты қайтарым ескеріледі.

бұғаттау, локаут (lock-out) Жұмысшылар жұмыстан босатылады, айлық төленбейді, бірақ жұмыстан шығарылмайтын *жұмыс берушілердің ұжымдық наразылығының формасы.

бұқа (bull) Баға көтерілуін күтетін трейдер. Баға төмендегеннен гөрі, көтеріледі деп санайтын қор немесе шикізат өнімдер нарығында трейдер акциялар сатып алады. Олар сатып алған акциясын баға көтерілгенде қайта сатып пайда табуды көздейді. Баға көтерілгенде есеп айырысуға қажет қаражатты қарызға аламын деген үмітпен төтенше жағдайларда «бұқалар» өзі төлей алмайтын форвард акцияларды немесе тауарларды сатып алу жөнінде келісімшарт жасау арқылы алыпсатарлыққа барады. Бұқа нарығы – бұқалар билік ететін нарық, оған кейбір уақыт аралығында бағаның тұрақты көтерілу үрдісі тән. АЮ; АЛЫПСАТАРЛЫҚТЫ *да қараңыз.*

«бұқа» нарығы (bull market) Бағаның көтерілуі күтілетін қор нарығы. Жақын болашақта баға төмендегеннен гөрі жылдам көтеріледі деген кең таралған пікір инвесторларды акцияларды сатып алуға немесе сатуды кейінге қалдыруға мәжбүр етеді.

бұрмаланбаған баға (unbiased estimator) Нөлге тең *ығысумен бағалау.

бұрмаланбаған өлшем (inlier) Үлестіру ішіндегі, бірақ бұрмаланбаған дерек жинағындағы бақылау. Мысалы, бақылау еуромен көрсетілуі мүмкін, ал басқа бақылау доллармен өлшенеді. *Бұрмаланған өлшемдер – анық

деректер жиынтығы. Керісінше, бұрмаланбаған өлшемді анықтау қиын.

бұрмаланған баға (distorted prices) Тауар мен қызметті жабдықтаудың шынайы қоғамның шекті шығынын көрсетпейтін тауар мен қызмет бағасы. Сатушылар тарапынан болған монополия, заңдық реттеулер, белгілі бір тауардың өндірген сыртқы шығыны мен пайдасын есептей алмау бағаны бұрмалауға әкеледі.

бүлінген тауар (lemon) Сатып алар алдында сапасы тексеруге де жарамайтын сапасыз тауар. Тіпті кейбір біртекті тауарлар жарамды болғанымен, олардың нарықтағы бағасы сатып алушылардың бүлінген тауарды алу қаупіне байланысты төмендейді. Тұтынушылар *кәтерден қашатын болса, баға қәтер сыйақысы есебінен төмендейді. Ұсталған автокөліктер нарығы – бүлінген тауар нарығына айқын мысал.

бүркемелі жұмыссыздық (disguised unemployment) Қызметкерлер төменгі деңгейлі жұмыстарға қамтылуын, өздерінің дағдыларын толық пайдаланбауын немесе қалағанынан аз жұмыс істеуін білдіретін жағдай. Бұл жағдайда қызметкерлер жұмысты басқа жерден іздейді. Бұл рецессия кезінде көрініс табады.

біліксіз жұмыс (unskilled work) Ресми білікті немесе үлкен тәжірибені талап етпейтін жұмыс. Мұндай жұмысқа әдетте нашар төленеді.

білікті жұмыс (skilled work) Тиісті техникалық машығы, тәжірибесі не екеуі де бар адам ғана қанағаттанарлық деңгейде орындай алатын жұмыс. Білікті қызметкерге әдетте білігі жоқ қызметкерлерге қарағанда көбірек ақы төленеді

және олардың жұмыс орындары қауіпсіз, себебі олардың орнын алмастыру қиын, сондықтан жұмыс берушілер сұраныстың уақытша құлдырауы алдында оларды жұмыстан шығармайды.

білім берудің әлеуметтік қайтарымы (social returns to education) Жеке тұлғалардың білімінен қалыптасатын *сыртқы салдар немесе *адам капиталы сыртқы салдары. Білім берудің жалпы деңгейін арттыру білімді қызметкерлердің жалақысында толық көлемде көрініс таппаса да, қоғамға пайда алып келуі мүмкін. Атап айтқанда, жиынтық өнімділік адам капиталын қайта бөлу есебінен жеке еңбек өнімділігіне тікелей білім беру әсеріне қарағанда едәуір артуы мүмкін. Бұдан бөлек, білім беру деңгейін арттыру білімді жеке тұлғалар мен олардың балаларының денсаулығын жақсартуға, қылмыстық әрекетке қатысуды азайтуға және сайлаушылардың саяси мінез-құлқын жақсартуға алып келуі мүмкін.

білім экономикасы (knowledge economy) Білімді өндіру және басқару жалпы өндірістің маңызды бөлшегі саналатын экономика.

білімге инвестиция құю (investment in knowledge) *Зерттеу және дамыту, жоғары білім және бағдарламалық жасақтама шығыны. Бұл қызмет техникалық прогресс есебінен *экономикалық өсуді қамтамасыз етудің кілті ретінде қарастырылады, сондықтан өсім перспективалары индикаторы ретінде *жалпы ішкі өнімнің бөлігі ретінде білімге инвестициялау қолданылады.

бір баға заңы (law of one price) Бір тауар немесе капитал әртүрлі *нарықтарда сатылса, бағада айырмашылық болмайды деген тұжырым. Бағада айырмашылық болса, *арбитраждық операциялар

арқылы, яғни арзан нарықтан сатып алып, қымбат нарықта сату жолымен пайда табуға болады. Бұл екі баға туралы ақпарат ашық екенін, ал тауарлар немесе капитал нарықтар арасында еркін айналымға түсетінін білдіреді. Осылайша тауарлар немесе капитал трансферіне қаражат қажет болса, баға трансферге қажет шығыннан жоғары болмайтынын көрсететін бір баға заңын қабылдауға болады; бағалар трансферге кеткен шығындардан кем шамада ерекшеленуі мүмкін. Осы заңның тауар нарықтарына қолданылуы тауарлардың нарықтар арасындағы қозғалысы уақыт пен қаражатты талап ету фактімен шектеледі.

бір жұмыс сағатына шаққандағы өндіріс көлемі (output per hour worked) Бір жұмыс бірлігіне шаққандағы өндіріс көлемін өлшеу әдісі. Бұл жерде өндіріс көлемі физикалық шамалармен немесе құн мәндерімен өлшенуі мүмкін. Бір жұмыс сағатына шаққандағы өндіріс көлемі әртүрлі зауыттардың, фирмалардың немесе елдердің өнімділігін салыстыру үшін қолданылады. Еңбек күшінің тәжірибесі мен біліктілігі, күш салу дәрежесі, негізгі жабдықтардың саны мен жарамдылығы және де басқарушылық білік пен техникалық білім деңгейіне байланысты айырмашылықтар туындайды.

бір мезгілдегі корреляция (contemporaneous correlation) Уақыт қатарындағы екі айнымалының жүзеге асуы арасындағы бір уақыт кезеңіндегі корреляция.

бір мезетте әрекет ететін сызықтық теңдеулер (simultaneous equations model) Теңдеулер жүйесі ретінде құрастырылған екі немесе одан да көп *эндоген айнымалылар мен *экзоген немесе *алдын ала анықталған айнымалылар жиынтығы арасындағы қатынастың эконометрикалық моделі. Мысал

ретінде, баға мен көлем тепе-теңдікте эндоген анықталатын сұраныс пен ұсыныс теңдігі жүйесін айтуға болады. Сондай-ақ ЖАНАМА ЕҢ КІШІ КВАДРАТТАР; КЕЛТІРІЛГЕН ФОРМА; ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТЕНДЕУДІ қараңыз.

бірауыздан мақұлдау ережесі (unanimity rule) Балама таңдау үшін бірауыздан мақұлдау талап етілетін дауыс беру ережесі. Бірауыздан мақұлдау ережесі келіспеу болмаған жағдайда қолданылады. Мысалға кейбір сот істері бойынша алкабилердің бірауыздан мақұлдауы және жеке клубтарға жаңа мүше қабылдау талаптарын атауға болады. Сондай-ақ ҰЖЫМДЫҚ ТАҢДАУ; КӨПШІЛІК ДАУЫСТЫ қараңыз.

біре-бір икемділік (unit elasticity) Бір айнмалының пропорционал өзгеруі екіншісінің тең пропорционал өзгерісін туындататын жағдай. Сұраныстың бірлік бағасына икемділігі жағдайында бағаның пропорционал өсуі сұратылған көлемнің пропорционал кемуіне әкеледі: осылайша жиынтық табыс – тұрақты, ал шекті табыс нөлге тең. *Сұраныстың табысқа икемділігі жағдайында біре-бір икемділік кез келген берілген баға кезінде тауарға жұмсалған табыс үлесі табыс өзгеруіне қарай тұрақты қалатынын білдіреді.

бірегей тепе-теңдік (unique equilibrium) Экономикалық модель немесе стратегиялық ойынның бірыңғай тепе-теңдігі болған жағдай. Бұл – экономикалық аналитик үшін тиімді жағдай, өйткені ол қандай тепе-теңдік туындайтыны туралы дауларды болдырмайды (бірнеше тепе-теңдік болғанда күрделі мәселе) және *салыстырмалы статика әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Көптеген экономикалық модель үшін тепе-теңдікті қамтамасыз етуге қажет шарт.

біржақты тест (one-tailed test) Статистикалық гипотеза тесті. Бұл тестіде гипотеза тест статистикасының тек жеткілікті үлкен мәндері үшін немесе жеткілікті кіші мәндері үшін ғана жоққа шығарылады. Тест сыналатын нәтиже бағыты априори белгілі болғанда ғана қолданылады. Сондай-ақ ЕКІЖАҚТЫ ТЕСТІНІ қараңыз.

біркелкі үлестіру (uniform distribution) Дискрет біркелкі үлестіру $p[X = x_i] = 1/N$ ықтималдық функциясымен сипатталады, мұндағы X кездейсоқ шамасы $X_1 \dots x_N$ аралығындағы мәндерді қабылдай алады. Үздіксіз біркелкі үлестіру $f_X(x) = 1/(b - a)$ ықтималдық тығыздығының функциясымен сипатталады, мұндағы X кездейсоқ шамасы $x \in [a, b]$ мәндерін қабылдай алады

және $t \neq 0$ үшін $M(t) = \frac{\exp(bt) - \exp(at)}{t(b-a)}$

моментін генерациялау функциясымен сипатталады. Үздіксіз біркелкі үлестірудің орташа мәні $(b-a)/2$ -ге, ал дисперсия $(b-a)^2/12$ -ге тең.

біркүндік несие (day-to-day money) Табыс әкелетін ең қысқа мерзімге, яғни бір жұмыс күніне берілетін несие. Ол овернайт ақша деп те аталады.

біркүндік несие немесе овернайт ақша (overnight money) БІРКҮНДІК НЕСИЕНІ қараңыз.

бірлескен венчур (joint venture) Қатер капиталы екі немесе одан көп фирма арасында бөлінетін бизнес түрі. Бір фирманың жекелей орындауы үшін тым көлемді немесе қатері тым жоғары жобалар үшін қолданылатын ұйымдастыру әдісі. Мұндай кәсіпорынға қатысушы фирмалар білгір білімнің түрлі формасын ұсына алады, мысалы, шетелге инвестициялайтын

компаниялар жергілікті серіктес іздейді. Шетелдік фирмалар техникалық сараптама ұсынуы мүмкін, алайда жергілікті тұрғындардың жергілікті жер жағдайымен және іскерлік практикамен таныстыруда, маркетингте, үкіметпен және еңбек күшімен арақатынаста басымдығы бар.

Бірлескен өндіріс (joint production)

Процестер өзара байланысқан әртүрлі тауар шығаруға мүмкіндік беретін өндіріс. Өзара байланысты тауарларды жекелей өндіру шығынның ұлғаюына алып келеді. Бір тауар бұрынғыша өндіріске экономикалық тұрғыдан тиімді болса, тіпті екіншісін шығаратын нарық болмаған немесе қымбат бағамен кәдеге жарату қажет болған жағдайда екінші тауар *қосалқы өнім болады. Бірлескен өндіріс табиғи құбылыстар салдарынан пайда болуы немесе фирмалар қымбат жабдықтарды барынша толық көлемде пайдаланып, *ауқымнан үнемдеуі үшін қолданылуы мүмкін.

Бірлескен ұсыныс (joint supply) Өнімді бірлесе өндіру кезіндегі ұсыныс шарттары. Екі немесе одан көп тауар мүлде икемсіз үлесте бір процесс арқылы өндірілсе, онда тауарлардың жекелеген түрі үшін ұсыныс қисығы жоқ, бекітілген тауар құрамы үшін ғана ұсыныс қисығы құрылады. Үлес өзгермелі болса, онда әр тауар үшін сұраныс қисығы осы тауарды көбірек өндіруге жұмсалған өндіріс процестерінің өзгерісімен байланысты қосымша шығынға тәуелді болады.

Бірлік түбірлі процесс (unit root process)

Уақыт қатарларында стационар емес процесс, бірінші айырмашылығы тұрақты болатын, сондай-ақ бірінші тәртіптің интеграцияланған процесі немесе $I(1)$ процесс деп аталады. Бірлік түбірлі процеске мысал – *кездейсоқ кезу.

«Бірлік түбір» атауы авторегрессиялық процестің кешігуші (лагы бар) полиномиал көрінісінен алынған полиномиал теңдеудің түбірімен байланысты: $A(L)y_t = \varepsilon_t$. Егер $A(z) = 0$ теңдеуінің барлық түбірі абсолют шамасы бойынша 1-ден көп болса, онда y_t процесі тұрақты және ең болмағанда бір түбір абсолют шамасы бойынша 1-ден аз болса немесе тең болса, тұрақты емес; соңғысы бірлік түбір деп аталады. Жалпы жағдайда n бірлік түбірі бар процесс n қатарына бірігеді.

Бірнеше валюта бағамы (multiple exchange rates)

Ел валютасының бірнеше шетел валютасына айрыбасталуы. Кез келген транзакцияға қолданылатын мөлшерлеме валютаның иесіне немесе оның пайдаланылуына байланысты болуы мүмкін. Көптеген валюта бағамы резиденттер мен шетел валютасын ұстаушылар арасында белгілі бір тауарлардың экспорты мен импорты, ағымдағы және капитал шоттары арасындағы айырмашылықты айқындауы мүмкін.

Біртекті (гомоген) өнім (homogeneous good)

Біртекті қасиеттері бар тауар: тауардың барлық бірліктері бірдей. Техникалық сипаттамаларда немесе сапада ерекшеленетін немесе тұтынушыға ақпарат беретін әртүрлі *бренд атаулары бар өнімдер біртекті емес. Ақшалай бірліктер немесе бірдей типтегі бағалы қағаздар толығымен біртекті. Кейбір бастапқы өнімдер мен негізгі материалдар олардың физикалық орналасуын қоспағанда толық дерлік біртекті, бірақ басқа да көптеген бастапқы өнімдер мен өндірілетін өнімдердің көпшілігі біртекті емес. Экономикалық агрегаттар біртекті сияқты көрінуі мүмкін, себебі әрқашан тауарларды қайта өңдеумен байланысты, бірақ шын мәнінде бұл олай емес.

біртұтас бюджет (unified budget)

Ұлыбритания парламенті бірге қаралатын мемлекеттік шығын мен салық жоспарларын қамтитын *бюджет ұсынатын жүйе. 1993 жылы ол бұрынғы жүйенің орнын басты, соған сәйкес үкіметтің салық жоспарлары Парламентке көктемде ұсынылған, ал оның шығын жоспары күзде қаралған.

біртұтас салық салу (unitary taxation)

Бірнеше елде жұмыс істейтін фирмаларға елдің жалпы қызметіндегі үлесіне сүйеніп салық салу жүйесі. Елде жұмыс істейтін *мультиұлттық фирмаға салық салу оның осы елде алынған пайдасына ғана сүйенсе, салықтан бухгалтерлік рәсімдер көмегімен құтылуға болады. Көрінетін пайданы елден тысқары жылжыту өлшемдері *трансфер баға белгіледі, яғни фирма филиалдарының оның өзге елдердегі филиалдарынан сатып алуын арттыру немесе оларға сатуын азайтуды қамтиды. Біртұтас салық салуда мультиұлттық фирмаға оның елде жүзеге асырылатын операцияларының белгілі бір үлесінің өлшеміне көбейтілген жалпы дүниежүзілік пайдасына қарай салық салынады; мұндай өлшем жұмыспен қамту немесе қызметкер тұрақтамауы болуы мүмкін. Бірыңғай салық салуды қабылдау *қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімге өзгеріс енгізуді талап етеді.

біртіндеп зейнетке шығу (phased retirement)

Зейнет жасына жеткенде еңбек күші қатарынан толық шығарып тастаудың орнына қысқамерзімді келісімшарт, маусымдық жұмыспен қамту және т.б. арқылы зейнетке біртіндеп шығару тәсілі. Біртіндеп зейнетке шығару *зейнетақы дағдарысын жеңілдетудің бір жолы болып саналады.

Бірыңғай ауылшаруашылық саясаты (Common Agricultural Policy) *Еуропалық

одақтың (ЕО) ауыл шаруашылығына қатысты саясаты. Бұл шамадан тыс өндіріске алып келуі мүмкін *бағаға қолдау көрсету схемасын қамтиды. Қолдау көрсетілетін бағалар әдетте дүниежүзілік нарық деңгейінен жоғары болғандықтан, сыртқы тариф және экспортқа субсидия артық өнімді экспорттау үшін пайдаланылады. Сондай-ақ фермерлерге түрлі гранттар да беріледі. ЕО шығындарының үштен екісі Бірыңғай ауылшаруашылық саясатына жұмсалады. Сонымен қатар ол ЕО тұтынушылары үшін өмір сүру құнын арттырады, ЕО мүшесі емес фермерлерге зиян келтіреді және дүниежүзілік сауда келіссөзінің *Уругвай раунды барысында келісімге қол жеткізуде үлкен қиындық туғызды. 2013 жылы бірыңғай ауылшаруашылық саясатын реформалау туралы саяси келісімге қол жеткізілді, ол 2014–2020 жылдары іске асырылуға тиіс.

Бірыңғай әлеуметтік жәрдемақы (Universal Credit)

Ұлыбританияда табысы төмен адамдарға немесе жұмыссыздарға төленетін әлеуметтік жәрдемақы. Ол 2013 жылы мына жәрдемақы түрлерінің орнын басу үшін ай сайынғы бірыңғай төлем ретінде енгізілді: *бала салық жеңілдігі, жұмыспен қамтуды қолдау және жұмыссыздық жәрдемақысы, *тұрғын үй жәрдемақысы, *табысты қолдау жәрдемақысы, *жұмыс іздеуші жәрдемақысы және *жұмыс істейтіндерге салық шегерімі.

бірыңғай бизнес-тариф (uniform business rate)

Ұлыбританиядағы 1990 жылдан бастап әрекет ететін коммерциялық ұй-жайларға мүлік салығын салу жүйесі. Бұл түрлі деңгейде жекелеген жергілікті билік органдары белгілеген *мөлшерлемелерді алмастырды. Қазіргі уақытта *коммерциялық жылжымайтын мүлікке салынатын жергілікті салық бүкіл

Англия аумағында бірыңғай пайыздық мөлшерлеме бойынша алынады, сондықтан жергілікті ауытқу жергілікті салық саясатындағы айырмашылықтарды емес, мүлікті бағалаудағы айырмашылықтарды көрсетеді; Шотландия мен Уэльсте жеке мөлшерлеме бар. 2005 жылғы 1 сәуірден бастап шағын кәсіпорындар үшін неғұрлым төмен мөлшерлеме және ірі кәсіпорындар үшін стандарт мөлшерлеме қолданылады.

бірыңғай валюта (single currency) Екі не одан көп мемлекетте қолданылатын валюта. Валюта қандай сомада шығарылатыны туралы шешім екі не одан да көп ұлттық орталық банк арасындағы келісім немесе ұлттық органдардан жоғары мекеменің валюта шығару тапсырмасы бойынша қабылдануы мүмкін. Бірыңғай валютаны қандай да бір келісімсіз тәуелсіз бір ұлттық орган шығарса, онда валютаның шамадан тыс мөлшері шығарылуы мүмкін. Бұл валютаның қосымша мөлшерінің бастапқы пайдасы оны шығаратын мемлекетте жинақталады да, мөлшерден тыс шығарылған валюта эмиссиясынан кейінгі инфляция нәтижесіндегі шығын ол валютаны қолданатын барлық елдерге таралауымен байланысты. ОҢТАЙЛЫ ВАЛЮТА АЙМАҒЫН *да қараңыз.*

бірыңғай еуропалық акт (Single European Act) *Еуропалық қауымдастықтың мінез-құлқын басқаратын *Рим келісіміне 1986 жылы енгізілген түзету. Бұл *ішкі нарықты аяқтайтын* Кокфилд есебінен (1985) туындайтын көптеген бірнеше өзгеріс енгізді. Бұл көпшілік дауыспен шешім қабылдауды, Еуропарламент өкілеттігін ұзартуды және *Еуропалық валюта жүйесін мойындауды қамтиды.

Бірыңғай еуропалық нарық (European Single Market) *Еуропа

қоғамдастығы мүшелерінің, қазіргі уақытта *Еуропалық одақ мүшелерінің экономикаларын толық интеграциялау мақсаты. 1986 жылғы Бірыңғай еуропалық заң бұл процестің 1992 жылы аяқталғанын қамтамасыз етті. Бірыңғай нарық мүше-мемлекеттер арасындағы тауар, жұмысшылар және капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз етеді, сондай-ақ мемлекеттік келісімшарттар, транспорт және сақтандыру шарттарын жасасу кезінде алалауға жол бермейді.

бірыңғай қалау (single-peaked preferences) Баламалардың сызықтық реттелген жиынтығы бойынша бір максимумы бар қалау. Бірөлшемді осьтің бойымен орналастыруға болған жағдайда балама жиынтық сызықтық түрде реттелуі мүмкін. Мысалы, дүкендердің бір көшенің бойында орналасуы сызықтық түрде реттелген. Ось бойында ерекше ең қолайлы нүкте болса, ал басқа баламаларды бағалау кез келген бағытта ең қолайлы нүктеден бірсарынды төмендесе, ол бір шыңның артықшылығы болады, яғни таңдау немесе дауыс беру сұралатын кез келген жеке тұлға әрқашан кез келген басқа таңдауға қарағанда, ең құнды деңгейді таңдайды және сол жақтағы кез келген екі баламадан ең қолайлы мәнге жақын көрсеткішке дауыс береді.

бірыңғай нарық (single market) Еуропадағы бірыңғай нарық 1992 жылы *Бірыңғай еуропалық акт шешімімен құрылды. Бұған *Еуропа қауымдастығына мүше-мемлекеттер арасындағы тауар, еңбек күші мен капитал қозғалысы жолындағы барлық тосқауылдарды жою арқылы қол жеткізілді.

бірыңғай сыртқы тариф (common external tariff) Бұл тариф *Кеден одағы немесе *ортақ нарыққа мүше емес елдермен сауда жасау кезінде алынады. Бас

әріппен жазылған Бірыңғай сыртқы тариф әдетте *Еуропалық одақтың сыртқы тарифіне жатады.

бірігу (amalgamation) БІРІГУДІ қараңыз.

бірігу (merger) Екі немесе одан да көп фирманың бір жаңа фирмаға қосылуы. Ол бірігетін фирмалардың барлық активтері мен міндеттемелерін қабылдайды; жаңа фирманың акциялары бастапқы фирмалардың акционерлері арасында келісіммен бөлінеді. Ұлыбританиядағы бірігу процедуралары сатып алу мен бірігу жөніндегі *Қала кодексі арқылы реттеледі. Бірігу фирмалар арасында ауқымнан үнемдеуге мүмкіндік береді, бұл тиімділікті арттырады. Сонымен қатар Ұлыбританиядағы бірігуді *Бәсеке және нарық басқармасына ауыстыру бәсекені төмендетуі мүмкін. Сондай-ақ ШОҒЫРЛАНА БІРІГУ; КОНГЛОМЕРАТ БІРІГУ; ДЕҢГЕЙЛЕС БІРІГУ; САТЫЛЫ БІРІГУДІ қараңыз.

бірігу тепе-теңдігі (pooling equilibrium) Әртүрлі сипаты бар агенттер бірдей әрекетті таңдағандағы тепе-теңдік. Мысалы, сақтандыру нарығында бірігу тепе-теңдігі бірдей сақтандыру келісімшартын таңдайтын қатері төмен және қатері жоғары агенттерді қамтиды. БӨЛІНУ ТЕПЕ-ТЕНДІГІН де қараңыз.

Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы (БҰҰДБ) (United Nations Development Programme) (UNDP) Біріккен Ұлттар Ұйымының *нашар дамыған елдерге техникалық көмек көрсету және *жеңілдікті несие беру үшін құрылған органы. www.undp.org – БҰҰДБ сайтының бас беті.

Біріккен Ұлттар Ұйымының сауда және даму жөніндегі конференциясы (ЮНКТАД) (United Nations Conference on Trade and Development) (UNCTAD) 1964 жылы

құрылған, ол *нашар дамыған елдерге (НДЕ) өкілдік етуге арналған және НДЕ үшін неғұрлым қолайлы *көмекпен сауда және инвестициялардың халықаралық режимін арттыру үшін қысым тобы ретінде әрекет етеді. *Жаңа халықаралық экономикалық тәртіп туралы ұсыныстар (ЖХЭТ) ЮНКТАДтан келіп түсті. www.unctad.org – ЮНКТАД сайтының бас беті.

біріктірілген ең кіші квадраттар (pooled least squares) Деректердің ықтимал топтық құрылымын елемейтін ең кіші квадраттарды регрессиялық талдау. Мысалы, *панельдік деректер контекстінде бұл бақылауды қорытындылау, яғни коварианттың матрицасы диагональ және барлық регрессиялық коэффициенттер көлденең киманың барлық бірліктері мен уақыттың барлық кезеңдері үшін бірдей деп болжайды.

бірін-бірі толықтырушы (complementarity) Бір тауар бағасының өсуі басқа тауарға сұраныстың кемуіне әкелетін екі тауар немесе қызмет арасындағы байланыс. Өйткені бұл тауарлар көбінесе бірге сатып алынады және/немесе бірге пайдаланылады, мысалы: автокөлік шиналары мен бензин. Сондай-ақ АЛМАСТЫРУШЫНЫ қараңыз.

бірін-бірі толықтырушы тауарлар (complementary goods) БІРІН-БІРІ ТОЛЫҚТЫРУШЫНЫ қараңыз.

бірінші айырмашылық (first difference) Y_t уақыт қатарлары үшін екіреттік кезең арасындағы өсім қатарлары: $Y_t - Y_{t-1}$.

бірінші баға аукционы (first-price auction) *Аукцион түрінде жасырын өтінімдер беріледі және тауар ең жоғары баға ұсынған қатысушыға сол ұсынған баға бойынша сатылады. ЕКІНШІ БАҒА АУКЦИОНЫН да қараңыз.

бірінші болып келді, бірінші болып қызмет көрсетілді (БКБҚК) (first-in, first-out) (FIFO) Фирма материалдарды пайдаланған, ең алдымен, дүкенге кіретін алғашқы қорлар бірінші орынға шығуы үшін ол қорда ең көп сақтағандарын пайдаланады деп есептейтін бухгалтерлік келісім. БКБҚК – *соңынан келіп, бірінші шығу (LIFO) келісіміне қарама-қарсы келісім, LIFO-ға сәйкес пайдаланылатын алғашқы қорлар жақында сатып алынған қорларға жатады.

бірінші дәрежелі баға дискриминациясы (first-degree price discrimination) Тұтынушылардан тауардың әр бірлігі үшін төлеуге дайын ең жоғары соманы алатын баға дискриминациясы түрі. Бұл дегеніміз өндіруші қолда бар тауардан барлық пайданы алады және тұтыну артығы болмайды дегенді білдіреді. Әдетте өндірушілер өз тұтынушылары туралы жеткілікті ақпарат болмауы себебінен бірінші дәрежелі баға дискриминациясын қолдана алмайды. Бұдан бөлек, тұтынушыларға түрлі келісімшарттар ұсынылатын *екінші дәрежелі баға дискриминациясы және тұтынушылардың түрлі класстарына түрлі баға қойылатын *үшінші дәрежелі баға дискриминациясы бар.

бірінші сектор (primary sector) Табиғи ресурстарды тікелей пайдаланатын экономикалық сектор. Оған ауыл шаруашылығы, орман және балық аулау, таукен, мұнай және газ өнеркәсібі кіреді. Бұл өндірістік және басқа өңделген тауарлар шығаратын екінші сектордан және қызмет көрсететін үшінші сектордан ерекшеленеді. Бірінші сектор әдетте *нашар дамыған елдерде маңызды, ал әдетте индустриялы елдерде маңызды емес.

бюджет (budget) Үкіметтің қандай да бір болашақ кезеңге әдетте бір жылға

жоспарлаған түсімдері мен қаражат жұмсауының есебі. Әдетте бюджетке өткен кезеңдегі нақты түсім мен қаражат жұмсалуды туралы мәлімдеме тіркеледі. Ұлыбританиядағы жыл сайынғы бюджет мәлімдемесі – қаржы министрі парламентте жасаған үкіметтің қаржы жоспарлары туралы мәлімдемесі. Бюджет сөзі бастапқыда «пакет ішіндегі» дегенді білдірді. Үкіметтің барлық салық және шығын жоспарларын біріктіргендіктен, бюджет деп аталады. Бюджет профициті – жалпы мемлекеттік түсімнің жалпы жұмсалған қаражаттан артық болуы; бюджет дефициті – түсімнен артық қаражат жұмсалуды; ал теңгерілген бюджет – түсім мен жұмсалған қаражаттың тең болуы. Бюджет профициті мен дефицитіне қатысты барлық есептер қолданылатын анықтамаларға байланысты. Кейбір анықтамаларға сәйкес, бюджеттің бір бөлігі ретінде қаралуы мүмкін дүниелер іс жүзінде ескерілмейді. Мысалы, басқа мекемелерден алынған үкімет кепілдендірген қарыз бюджеттен тыс дүниелерге жатады. **ТЕҢГЕРІЛГЕН БЮДЖЕТ; БЮДЖЕТТІК ШЕКТЕУ; ЖИЫНТЫҚ БЮДЖЕТТІ қараңыз.**

бюджет болжамы (Estimates) Ұлыбритания үкіметінің жылдық бюджетіне енген алдағы қаржы жылына арналған шығындар бойынша ұсыныстар. Оларды Қауымдастық палатасы мақұлдауға тиіс. Бюджеттік болжам жасайтын арнайы комитет дегеніміз – барлық мәселені егжей-тегжейлі зерделеу үшін тағайындалған тұтас партиядан құралған парламенттік комитет.

бюджет дефициті (budget deficit) Үкіметтің жалпы жұмсаған қаражаты оның табысынан асып кетуі. Бұл мемлекеттің қарызын көбейтетін қарыз алу арқылы өтелуге тиіс. Бюджет дефицитін үкіметтің кез келген деңгейі

орталық, жергілікті, Германия немесе АҚШ сияқты федеративтік елдердегі штаттар немесе барлық осы деңгейлерді біріктіретін жалпы үкімет есептейді. Бюджет дефициті есептелетінін анықтау өте маңызды. Оның ішіне мемлекеттік борышқа жұмсалатын номинал немесе нақты пайыздар кіреді. Бюджет дефицитін өлшеудің дәстүрлі әдісінде номинал пайыз қолданылады, ал *инфляцияға қарай түзетілген бюджет дефициті тек нақты пайыздарды қолданады. *Циклге қарай түзетілген бюджет дефициті ағымдағы салық және шығын ережелері сақталып, бірақ ұлттық кіріс өзінің қалыпты деңгейіне өскенде немесе төмендегенде бюджет дефициті қандай болатынын айтады.

бюджет профициті (budget surplus)

Үкіметтің жалпы табысы оның жұмсаған қаражатынан артық болуы. Оны мемлекеттік борышты өтеу үшін пайдалануға болады. Бюджет профицитін үкіметтің кез келген деңгейі орталық, жергілікті, Германия немесе АҚШ сияқты федеративтік елдердегі штаттар немесе барлық осы деңгейлерді біріктіретін жалпы үкімет есептейді. БЮДЖЕТ ДЕФИЦИТІН *қараңыз.*

бюджет сызығы (budget line) Жұмсауға нақты бір сомасы бар тұтынушы екі тауар мөлшерінің қандай комбинациясына қол жеткізе алатынын көрсететін кесте. Әр тауар әр бірлігі үшін белгілі бір нақты бағамен кез келген мөлшерде қол жеткізілетін болса, онда бюджет сызығы екі тауардың салыстырмалы бағасына тең келетін көлбеуі бар тік сызық болады.

бюджет шығынын жабу жолдары мен құралдары (Ways and Means Advances) Үкіметке орталық банк жасаған аванстар. Олар мемлекет шығыны салық

түсімінен және халықтан алынған қарыздан асып кеткенде қажет болады. Олардың *ақша массасын арттыру әсері бар.

Бюджеттік жауапкершілік басқармасы (БЖБ) (Office for Budget Responsibility) (OBR)

Ұлыбританияның мемлекеттік қаржысына тәуелсіз және нақты талдау жүргізу мақсатында 2010 жылы Ұлыбритания үкіметі құрған агенттік. Бұл ұйым экономика және мемлекеттік қаржы үшін болжам жасайды; Ұлыбританияның үкіметтік фискалдық мақсаттық көрсеткіштеріне және мемлекеттік қаржының ұзақмерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша прогрестің бағалануын қамтамасыз етеді; Ұлыбритания *Қаржы министрлігі жасаған бюджет шараларының құнын мұқият талдайды. Бюджеттік жауапкершілік басқармасы жұмысының нәтижесі қаржылай тұрақтылық және болжамдарды бағалаудың жылдық есебінде, сондай-ақ экономика және салық перспективалары жөніндегі жартыжылдық есепте жарияланады. Сонымен қатар БЖБ өзінің болжамдары бойынша парламент сұрақтарына жауап береді және парламент комитеттеріне түсінік береді. www.budgetresponsibility.independent.gov.uk/ – Бюджеттік жауапкершілік басқармасы сайтының басты веб-парақшасы. Бұл парақша ұйымның рөлі және қызметтері туралы ақпарат береді. Сонымен қатар сайттан басқарманың басты жарияланымдарына және мемлекеттік қаржы туралы деректерге қол жеткізуге болады.

бюджеттік жыл (budget year) АҚШ федералдық үкіметі қолданатын қаржы жылы. Ол 1 қазаннан бастап келер жылдың 30 қыркүйегіне дейін жалғасады. Бұл Ұлыбританияның қаржы жылы тұжырымдамасына сәйкес келеді. Алайда Ұлыбританияның қаржы

жылы 6 сәуірден басталып, келер жылдың 5 сәуіріне дейін жалғасады.

бюджеттік шектеу (budget constraint)

Қаражат жұмсауға қойылған шектеу. Кез келген экономикалық агент үшін ол жеке тұлға, фирма немесе үкімет болсын, олардың қаражат жұмсауы қаржыландыруға қабілетті шекте болуға тиіс. Бір кезеңді жағдайда қарыз алу немесе қарыз беру болмайды, сондықтан жұмсалатын қаражат бастапқы капитал мен кезең ішінде тапқан кіріс сомасынан аспауға тиіс. Бірнеше кезеңді жағдайда бюджеттік шектеулер агенттің бастапқы капиталды қарыз алу және қарыз беру кезеңдері арасында өткізу қабілетін ескеруге тиіс. Мінсіз капитал нарығында алынған қарыздың

пайыздық мөлшерлемесі берілген қарыздың пайыздық мөлшерлемесіне тең болады. Сәйкесінше, әр агент қалауынша көбірек қарыз береді немесе алады. Бұл жағдайда бюджеттік шектеу жұмсалатын қаражаттың *дисконтталған ағымдағы құны бастапқы капиталдың дисконтталған ағымдағы құнынан және болашақ кірістен асып кетпеуін талап етеді. Егер капитал нарығы жетілмеген болса, берілген қарыздың пайыздық мөлшерлемесі алынған қарыздың пайыздық мөлшерлемесінен асып түседі және осыдан кредиттік шектеулер туындауы мүмкін. Мұндай жағдайларда бюджеттік шектеу формасын жетілмеген несие нарығының нақты жиынтықтары айқындайды. ҚАТАҢ БЮДЖЕТТІК ШЕКТЕУ; БЮДЖЕТТІ УАҚЫТ АРАЛЫ-

В

Вагнер акті (Wagner Act) 1935 жылғы Еңбек қатынастары туралы ұлттық заң Вагнер акті ретінде белгілі, бұл АҚШ-та жұмысшыларға кәсіподақ құруға және ұжымдық *саудаласу жүргізуге құқық берді. Сонымен қатар заңға сәйкес кәсіподақтарды сертификаттауды бақылау және заң бұзуды тергеу үшін Еңбек қатынастары жөніндегі ұлттық кеңес құрылған.

Вагнер заңы (Wagner's law) XIX ғасырда Адольф Вагнердің (1835–1917) зерттеуі (бақылау) *жалпы ішкі өнімдегі мемлекеттік сектордың үлесі уақыт өткен сайын артып келе жатқанын көрсетті және бұл үрдіс жалғасады деген тұжырымдар бар. Заң үш талапқа сүйенеді: экономикалық өсу үнемі жаңа ереже енгізуді және құқықтық құрылымды дамытуды талап ете отырып күрделенуге алып келеді; урбанизация араласуды талап ететін шамадан тыс кептеліс пен қылмыс сияқты теріс *сыртқы салдарды күшейтеді және мемлекеттік сектор жеткізетін тауарларға сұраныстың табысқа икемділігі жоғары болады. Сұраныстың икемділігі бірден асса, онда мемлекеттік сектордың шығыны тиісінше табыс үлесі ретінде өседі. Бұл – назарға бәрінен көп ілінген үшінші мәлімдеме, алайда эмпирикалық деректер сұраныс икемділігі бірден жоғары екенін айқын көрсете алмады. Вагнер заңының кейбір өтімді ерекшеліктері бар, бірақ ол тек мемлекеттік сектор

қызметтеріне сұранысқа көңіл бөліп, ұсыныс және жабдықтау саясатын елемейді.

Вальд сынағы (Вальд критерийі) (Wald test) Белгісіз параметр немесе θ -нің *ең жоғары ақиқатқа жақын бағалаушыға сүйенетін θ белгісіз параметрлері векторы бойынша шектеудің үш сынағының бірі (*Лагранж көбейткіші тесті және *ақиқатқа жақындық коэффициенті сынағы). Сынақ статистикасы – шектеу векторын және $\hat{\theta}^U$ кезінде θ ең жоғары ақиқатқа жақын бағалаушымен бағаланған параметр векторының ковариациялық матрицасын қамтитын квадрат формасы. Нөлдік гипотеза бойынша онда шектеу санына тең еркіндік дәрежесі бар асимптоталық чи-квадрат таралуы бар.

Вальрас заңы (Walras's law) Заң артық сұраныс шамасы нөлге тең екенін айтады. i тауарына z_i – артық сұраныс, x_i сұранысы мен y_i – фирмалардың ұсынысы және ω_i бастапқы жарна сомасы арасындағы айырманы білдіреді; сондықтан $z_i = x_i - y_i - \omega_i$. Сұраныс пен ұсыныс баға функциясы екенін ескере отырып, Вальрас заңы n тауары бар экономика үшін былайша анықталады:

$$\sum_{i=1}^n p_i z_i = \sum_{i=1}^n p_i (x_i - y_i - \omega_i) = 0$$

кез келген баға үшін $i = 1, \dots, n$. Заң n нарықты экономикада сұраныс пен

ұсыныстың тек $n - 1$ тәуелсіз теңдеулері ғана болатынын білдіреді. Демек, n тауары бар экономика үшін жалпы тепе-теңдікті зерделеу кезінде тек $n - 1$ нарықты талдау қажет. Осы $n - 1$ нарықтарын тепе-теңдікке келтіретін баға жинағын табу мүмкін болса, онда n -ші нарық тепе-теңдікте тұрғанына баға кепіл болады.

валюта (currency) Ақшаның басқаша атауы. Әдетте ол халықаралық сауда контекстінде қолданылады. Сондай-ақ АЙЫРБАСТАЛЫМДЫЛЫҚ; ҚАТАҢ ВАЛЮТА; БАҒАМЫ КӨТЕРІҢКІ ВАЛЮТА; ЖҰМСАҚ ВАЛЮТА; НЕГІЗГІ ВАЛЮТА; БАҒАМЫ ТӨМЕН ВАЛЮТАНЫ *қараңыз*.

валюта айырбастау бағамы (rate of exchange) ВАЛЮТА БАҒАМЫН *қараңыз*.

валюта айырбасын шектеу (exchange restrictions) ВАЛЮТА АЙЫРБАСЫН БАҚЫЛАУДЫ *қараңыз*.

Валюта бағамы механизмі (ВБМ) (Exchange Rate Mechanism) (ERM) *Еуропа валюта жүйесінің (EMS) сипаты, оған сәйкес Еуропа валюта жүйесінің мүшелері валюталарының салыстырмалы бағасын шектеуде ұстауға келісті. Бұл әр мемлекет валютасының құнын келісілген номинал құн паритетінен *Еуропалық валюта бірлігінен, (Ecu) 2 пайыздық ауытқу деңгейінде ұстау арқылы жүзеге асырылды. Кейбір валюталарға, атап айтқанда, фунт стерлингке валюта бағамын кең дәлізде – 6 пайызда ұстауға рұқсат етілді. Бұл бағамдар өзара келісім арқылы ғана қайта реттелуі мүмкін. Валюта бағамдарын реттеу механизмі 1979 жылы құрылды және алғашқы бірнеше жылда паритет бірнеше рет қайта реттелді. Ұлыбритания валюта бағамдарын реттеу механизміне 1990 жылы қосылды, бірақ 1992 жылы фунтқа қатысты алыпсатарлыққа

байланысты одан шығып кетуге мәжбүр болды. 1999 жылы *еуроның қабылдануы валюта бағамдарын реттеу механизмінің орнын басты.

валюта бағамы нығаюы (currency appreciation) Ел валюта бағамының шетел валютасына шаққандағы өсуі. Бұл шетел тауарларын жергілікті тауарлардан салыстырмалы түрде арзан етіп, сәйкесінше, импортты арттырады. Сондай-ақ ол жергілікті тауарларды сыртқы нарықта қымбат етіп, экспорт көлемін азайтуға әсер етеді. Осылайша валюта бағамының нығаюы әдетте елдің *сауда балансына нашар әсер етеді. Алайда төмен импорт бағасы *инфляцияны төмендетуі мүмкін.

валюта бағамын шамадан тыс арттыру (exchange rate overshooting) Шетел валютасы нарығының өзгеруіне байланысты айырбас бағамын тез арада түзету. Активтер нарығын тазарту үшін, мысалы, тауар бағасын реттеу жылдамдығы шектеулі болғанда алғашқы секіріс валюта бағамын жаңа тепе-теңдік деңгейінен асырып жібереді. Мұндай жағдайда тауар бағасы жаңа ортаға бейімделе бастағаннан кейін айырбас бағамы жаңа тепе-теңдік деңгейіне ауысады.

валюта бағамының өзгерісі (realignment of exchange rates) Мүдделі елдер арасындағы уағдаластық бойынша келісілген валюта бағамы өзгерістері пакеті. *Еуропа валюта жүйесі шеңберінде 1979 жылдан бастап бірқатар өзгерістер болды. Олар инфляция деңгейі төмен және төлем балансы профициті бар елдер валютасының салыстырмалы номинал құнын арттырды, сондай-ақ инфляция деңгейі жоғары және төлем балансында қиындықтары бар елдердің салыстырмалы паритетін төмендетті.

валюта қатері (currency risk) Валюта бағамын өзгерту қатерлі іс-әрекет жасалған уақыт пен іс-әрекет жасалып жатқан уақыт арасындағы кез келген әрекеттің пайдалылығына әсер етеді. Бұл сыртқы саудаға, сыртқы несие беруге және тікелей шетелдік инвестицияларға әсер етеді. Міндеттемелерден келісімшарттар туындауы мүмкін. Мысалы, экспорт сатылымы немесе шетел валютасындағы несие немесе тікелей шетелдік инвестиция жағдайында өтемсіз шығынның төленбеуі немесе экспортты шетелге тарату жүйелерін құру секілді инвестиция жүйелерін құрудан туындауы мүмкін. Валюта қатерін форвард валюта нарықтарының көмегімен, шығындар бойынша, бірақ тек салыстырмалы қысқа мерзімде төмендетуге болады.

валюта нарықтарына араласу (intervention in foreign exchange markets) Валюта бағамына әсер ету үшін орталық банктердің немесе басқа да монетарлық биліктің әрекеттері. Валюта бағасының өзге валюталарға қатысты төменірек болуын сақтау үшін сатылады немесе өз бағасын сақтау үшін сатып алынады. Валюта нарығына араласу «зарарсызданбаған» болуы мүмкін, бұл шетел валютасын сатып алу кезінде ұлғаятын және шетел валютасы сатылғанда азаятын ішкі ақша массасын өзгертуге рұқсат берілетінін білдіреді. Бұл «зарарсызданған» интервенциядан ерекшеленеді, онда орталық банк тұрақты ішкі ақша массасын қолдау үшін шетел валютасын сатып алғанда, бағалы қағаздарды сатады. Сондай-ақ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУДЫ қараңыз.

валюта тербелісі дәлізі, валюта дәлізі (exchange rate bands) Валюта бағамының ауытқуына шектеу қою. Бұл жағдайда мемлекет өзінің валютасы мен шетел валюталары арасындағы айырбас

бағамын шектеулі дәлізде ұстайды. Валюта дәліздері кең немесе тар болады, мысалы, *Валюта бағамы механизмі шеңберінде *Еуропа валюта жүйесінің мүшелері өз валютасының бағамын *Еуропалық валюта бірлігі паритетінен 2 пайыздық ауытқу көрсеткішінде ұстауға келісті. Ал Ұлыбритания мен Италия валюта бағамының тербеліс дәлізі кең, яғни паритеттен 6 пайыздық ауытқу деңгейінде ұстауға тырысты.

Валюталарды теңестіру шоты (Exchange Equalization Account) Елдің алтын валюта резервтері, сондай-ақ Халықаралық валюта қорының *Арнайы қарыз алу құқығы сақталатын *Англия банкіндегі Ұлыбритания үкіметінің шоты. Бұл шот шетел валютасы нарығына араласу үшін пайдаланылады.

валюталық одақ (monetary union) Бір валютаны қолданатын екі немесе одан да көп мемлекет. Әуелде дербес валюта жүйесі болған елдер бірыңғай валютаны қабылдауға немесе жеке валюталарды ұстауға бірігеді, бірақ олар валюталар арасындағы тұрақты айырбас бағамын ұстап тұруға арналған тұрақты және сенімді келісімге қол жеткізеді. Валюталық одаққа мүше елдердің орталық банктері арасында бір *орталық банк болуы немесе орталық банктер арасында саясат тиімді үйлестірілуі талап етіледі. *Еуроаймақта іс жүзінде екеуі де бар.

валюталық своп (currency swap) СВОПТЫ қараңыз.

валютаны байлау (currency peg) Валютаның айырбас бағамы басқа валютаға, валюта себетіне немесе алтын сияқты тауардың бағасына бекітілуі немесе «байлануы». Валютаны байлау айырбас бағамы саясатына сенімділік

беру арқылы инфляцияны бақылауға көмектеседі. Егер валюта елеулі сауда серіктесінің валютасына байланса, онда ол экспорттаушылар мен импорттаушыларға тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін де қолданылады. Сондай-ақ АЙЫРБАС БАҒАМЫНЫҢ СЫРҒЫМАЛЫ БАЙЛАМЫ; ТҰРАҚТЫ АЙЫРБАС БАҒАМЫН қараңыз.

валютаны нығайту (strengthening of a currency) Бір валюта бағасының басқа валюта бағасына қатысты өсуі. Бұл оны ұстауға сұраныстың артуы себебінен туындайды, бұл елдің ағымдағы шоты жақсаруымен не капитал шоты бойынша басқа валюталардан осы валютаға ауытқуымен байланысты болуы мүмкін. Сондай-ақ ВАЛЮТА БАҒАМЫНЫҢ ӨСУІН қараңыз.

валютаның әлсіреуі (weakening of a currency) Валюта бағамының басқа валютаға шаққанда төмендеуі. Бұл елдің *ағымдағы шоты нашарлауынан немесе *капитал қозғалысы шоты бойынша өзге валютаға ауысуымен байланысты оны ұстап қалуға сұраныстың төмендеуінен туындауы мүмкін. Сондай-ақ ВАЛЮТАНЫҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫН қараңыз.

валютаның құнсыздануы (currency depreciation) Елдегі валюта құнының шетел валютасына шаққанда төмендеуі.

вариация (өзгеріс) (variation) ВАРИАЦИЯ КОЭФФИЦИЕНТІ; ӨТЕМДІК ВАРИАЦИЯ; БАЛАМА ВАРИАЦИЯНЫ қараңыз.

вариация (variance) *Ықтималдық таралу дисперсиясының өлшемі. X кездейсоқ шаманың теориялық дисперсиясы $var(X) = E[(X - E[X])^2]$, мұндағы e *күтілетін мәнді білдіреді. N бақылау жиынтығынан іріктеме дисперсиясы $\{x_i\}$, $i = 1, 2, \dots, N$ былай анықталады:

$$V = \frac{1}{N} \sum_{i=1}^N (x_i - \mu)^2$$

мұндағы μ – іріктеме бойынша орташа мән. Сондай-ақ КОВАРИАЦИЯЛЫҚ МАТРИЦАНЫ қараңыз.

вариацияны талдау (analysis of variance)

Популяцияның (халық санының) кейбір сипаттарының жалпы *дисперсиясының басқа сипаттармен түзетілген бөліктерге және *қалдық вариацияға ыдырауына сүйенетін статистикалық әдіс. Атап айтқанда, вариацияны талдау популяцияның (халық санының) топтары қандай да бір сипаттары бойынша ерекшеленетінін тексеру үшін пайдаланылады. Мысалы, $y_i - i$ жеке тұлғаның жеке табысы болса, онда вариацияны талдау орташа табыста елеулі аймақтық айырмашылықтар бар-жоғын тексеру үшін қолданылады. Халық санының жалпы дисперсиясы аймақтардағы айырмашылықтарға байланысты бөліктерге ыдырайды, ал бөліктер аймақтардағы орташа көрсеткіштің айырмашылықтарына байланысты ыдырайды. Жалпы дисперсияның үлесі топтар арасындағы орташа көрсеткіштер айырмашылықтары себебінен неғұрлым көп болса, онда топтардың жүйелі түрде ерекшелену ықтималдығы жоғары. Ал жалпы дисперсия үлесі топ ішіндегі дисперсия себебінен көп болса, онда топтар арасындағы орташа көрсеткіш айырмашылықтары іріктеу қателігінен туындауы мүмкін.

вариация-ковариация матрицасы (variance-covariance matrix) КОВАРИАЦИЯЛЫҚ МАТРИЦАНЫ қараңыз.

вариация коэффициенті (coefficient of variation) Кездейсоқ айнымалының оның *орташа мәнінен пайыздық мөлшерде *стандарт ауытқуы.

Вашингтон консенсусы (Washington consensus) *Халықаралық валюта қоры, *Дүниежүзілік банк және АҚШ үкіметінен *дамушы елдердің экономикалық реформасын ілгерілетуге арналған он саяси құралдан құралатын негізгі ұсыныстардың жиынтық құжаты. Тізім 1989 жылғы Халықаралық экономика институтының конференциясы үшін Джон Уильямс дайындаған құжатқа сүйеніп жасалған және мына реформаларды қамтиды: салық салу тәртібі; мемлекеттік шығын басымдықтарын өзгерту; салық реформасы; пайыздық мөлшерлемелерді ырықтандыру; бәсекеге қабілетті айырбас бағамы; сауданы ырықтандыру; тікелей шетелдік инвестицияны ырықтандыру; жекешелендіру; қайта реттеу және меншік құқығының сақталуын қамтамасыз ету.

ВБМ валюта ауытқуының таяз диапазоны (narrow-band ERM) Еуропа валюта жүйесінің *валюта бағамы механизмі мүшелері арасындағы қарым-қатынас, олардың валютасының басқа мүшелердің валютасына қатысты ауытқуын 2 пайызға дейін шектеуге келісуі. Бұл басқа мүшелердің, атап айтқанда, Ұлыбританияның және Италияның позициясына қайшы болды, олар ВБМ мүшесі болғанда оларға 6 пайыздық ауытқу маржасы рұқсат етілген.

вексель (bill) Өтеу мерзімі бір жылға дейін уақытты қамтитын қысқа мерзімді бағалы қағаз. *Қазынашылық вексельді Ұлыбритания үкіметі шығарады. Сауда вексельдерін фирмалар қысқа мерзімде қаржы алу үшін шығарады. Ол банктен қарыз алғаннан әлдеқайда арзанға түседі. *Айырбас векселін жеке фирмалар сыртқы сауданы қаржыландыру үшін шығарады. Вексельде *өтеу мерзімі, мысалы,

шығарылған күннен бастап 91 күн ішінде және өтелетін валюта түрі көрсетіледі. Вексельдің анық көрсетілген пайызы болмайды; вексель пайызын оны шығарушы өтеу құнына *жеңілдетіп бекітеді. Өтеу мерзімі келгенге дейін вексельдерді сатуға болады. Оның нарықтағы бағасы пайыздық мөлшерлемесіне қатысты өзгереді. Ерте өтеу мерзімі барда вексель бағасын өзгерту үшін үлкен пайыздық өзгерістер қажет. Мысалы, алты апта ішінде өтеу мерзімі бар вексельдің қысқамерзімді пайыздық мөлшерлемесін жылына 5-тен 10 пайызға дейін арттыру есебінен вексель бағасын 0,58 пайызға төмендетуге болады. Осылайша вексельдер *өтімді активтер ретінде қарастырылады.

векторлық авторегрессиялық модель (VAR) (vector autoregressive (VAR) model)

*Авторегрессиялық процестің бірөлшемді моделін көпөлшемді уақыт қатарларын сипаттайтын тендеулер жүйесіне жалпылау. Онда барлық айнымалы бірдей *эндоген айнымалылар ретінде қарастырылады, ал әр айнымалы эволюциясы өз лагтарының және басқа да барлық айнымалы мен олардың лагтарының сызықтық функциясы ретінде модельденеді.

венчур капитал (venture capital) Иесі одан айрылып қалу қатері жоғары бола тұра жаңа немесе шағын бизнеске инвестициялауға дайын капитал. Венчур капитал жеткілікті меншік капиталы жоқ адамдар үшін жаңа бизнес бастауға қажет.

виджет (widget) Экономикалық мәтіндерде «виджет» термині өндірілетін тауарларға жалпылама сөз ретінде қолданылады.

гамма акциялар (gamma stocks) *Лондон қор биржасында сирек сауда жасайтын шағын компаниялардың акциялары. Бұл қазіргі уақытта ауыстырылған акцияларды жіктеу жүйесінің бөлігі болды.

гамма үлестірімі (gamma distribution) Көру тығыздығының функциясы бар үздіксіз үлестірім:

$$f(x|\alpha, \beta) = \frac{1}{\Gamma(\alpha)\beta^\alpha} x^{\alpha-1} e^{-x/\beta}$$

мұнда $0 \leq x < \infty$ және $\alpha, \beta > 0$ және сәт тудырушы функция $M(t) = (1 - \beta t)^{-\alpha}$ үшін $t < 1/\beta$. Гамма үлестірімінің $\alpha\beta$ орташа мәні және $\alpha\beta^2$ вариациясы бар. Маңызды ерекше жағдайларға *экспоненциал (көрмелік) үлестіру ($\alpha = 1$) және *чи-квадрат таралуы ($\alpha = n/2, \beta = 2$) жатады. Гамма үлестірімі Пуассон үлестірімімен тығыз байланысты: егер X – гамма бүтін α саны бар (α, β) кездейсоқ ауыспалы шама, ал Y – Пуассон кездейсоқ шамасы (x/β) болса, онда $P[X \leq x] = P[Y \geq \alpha]$.

гармониялық орта мән (harmonic mean) n сандарының (x_1, \dots, x_n) гармониялық орта мәні H келесі формула арқылы анықталады:

$$\frac{1}{H} = \frac{1}{n} \sum_{i=1}^n \frac{1}{x_i}$$

Гармониялық орта мән әрқашан арифметикалық *мәннен және *геометриялық орта мәннен төмен және оған үлкен ауытқулар әлсіз әсер етеді.

Гаусс процесі (Gaussian process) Стационарлық қалыпты бөлінген *стохастикалық процесс.

Гаусс-Марков теоремасы (Gauss–Markov theorem) Кейбір болжамдарда *қарапайым ең кіші квадраттар жорамалы сызықтық регрессиялық коэффициенттердің ең жақсы сызықты бейтарап бағалануы (BLUE) екенін білдіретін теорема, онда ең жақсысы ең төмен дисперсия жағдайында анықталады. Тұрақты (стохастикалық емес) түсіндірме айнымалысы бар регрессияға қатысты болжамдар сызықтық регрессияның дұрыс функциясын және гомоскедастикалық әрі сериялық түрде корреляцияланбаған қателіктерді қамтиды. Стохастикалық түсіндірме айнымалылар үшін теорема және оның жорамалдары шартты құралдар мен дисперсиялар бойынша тұжырымдалған.

гедонистік баға белгілеу (hedonic pricing) Тауарды құрайтын жекелеген *сипаттар құнын бағалау жолымен тауар бағасын белгілеу әдісі. Мысалы, үй бірнеше бөлмеден, бақшадан және орналасқан жерінен тұрады. Сипаттар мәні тауар бағасын есептеу үшін жинақталады.

геометриялық лаг (кешігу) моделі (geometric lag model) Лагтың айнымалы коэффициенттерінің геометриялық түрде төмендеуі болжанып отырған шексіз саны бар шектелген лаг моделінің нұсқасы. Ол, мысалы, *бейімделген болжал моделін жасау үшін

қолданылады. КОЙК ТРАНСФОРМАЦИЯ-СЫН қараңыз.

геометриялық орта мән (geometric mean) n сандарының (x_1, \dots, x_n) G геометриялық орта мән келесі формула арқылы анықталады:

$$G = (x_1 x_2 \dots x_n)^{1/n}.$$

Геометриялық орта мән әрқашан *гармониялық орта мәннен көп, бірақ *мән арифметикалық өлшемнен аз. Геометриялық орта мән орта өсу қарқынын есептеу үшін қолданылады. Мысалы, бірінші жылы экономика жылына 5 пайызға, ал екінші жылы 3 пайызға өссе, онда орташа геометриялық өсу қарқыны тең болады: $G = (1,05 \times 1,03)^{1/2} = 1,039952$.

геометриялық үлестірім (geometric distribution) Пішіннің ықтималдық функциясы бар дискрет үлестірім:

$$P[X = x|p] = p(1 - p)^{x-1}$$

$x = 1, 2, \dots$ және $0 \leq p \leq 1$. Геометриялық үлестірімнің орташа мәні $1/p$ және дисперсиясы $(1-p)/p^2$ бар.

Герман экономикалық және валюта одағы (German Economic and Monetary Union) (GEMU) 1990 жылы Шығыс және Батыс Германияның қайта бірігуі. Бірігуден кейін Шығыс Германияның Остмарк, яғни шығыс маркасының орнын неміс маркасы басты. Айырбас бағамы бірге бір болды. Сонымен қатар бұл Шығыс Германияның мемлекеттік фирмаларын оңтайландыру және жекешелендіру мақсатында **Treuhandanstalt* ұйымын құруды да білдіреді.

гетероскедастикалық (heteroscedasticity) Әртүрлі дисперсияның болуы. Егер *кездейсоқ кате дисперсиясы түрлі

бақылау үшін әртүрлі болса, бақылау жиынтығы немесе векторы – гетероскедастикалық. Тоғыспалы деректерді талдауда байқалатын гетероскедастикалық әдетте масштабтың әсерімен байланысты: көбінесе тоғыспалы деректерді талдаудың үлкен бірліктері кездейсоқ компоненттердің үлкен мәндеріне айналады. Бұл уақыт қатарлары деректері дисперсияда тізбекті корреляция формасында (*авто-регрессиялық шартты гетероскедастикалық модель) болуы мүмкін. Ол сондай-ақ белгісіздік моделімен енгізілуі мүмкін. Гетероскедастикалық болғанда коэффициенттерді *қарапайым ең кіші квадраттармен бағалау әдетте бірқалыпты, бірақ тиімсіз болады. Стандарт қателерді бағалауда қайшылықтар бар, демек, бағаланған стандарт қателерге сүйенетін стандарт қорытынды жарамсыз болады. Гетероскедастикалық тестілер арасында танымалдары: *Бройша-Пагана тесті, *Глейзер тесті және *Уайт тесті. Гетероскедастикалық деректерді қолдана бағалаудың екі тәсілі бар: *жалпыланған ең кіші квадраттар әдісі (коэффициенттер де, стандарт қателер де қайта бағаланады) және гетероскедастикалық-дәйекті стандарт қателер (тек бағаланған стандарт қателер түзетіледі).

гиперболалық дисконттау (hyperbolic discounting) Қазіргі сыйақыларға қатысты ауытқуды көрсететін *уақытша қалау жылдамдығы туралы болжам. Стандарт экспоненциал дисконттауда кез келген екі кезең арасындағы дисконттау коэффициенті тұрақты болады. Керісінше, гиперболалық дисконттауда кез келген екі кезеңнің арасындағы дисконттау мөлшерлемесі уақытша көкжиектің ұлғаюына қарай төмендейді, сондықтан *уақытаралық алмастыру икемділігі уақытаралық бағаның өзгеру

уақытына байланысты. Гиперболалық дисконттауда жиі қолданылатын оңайлату түрі – квази-гиперболалық дисконттау. Онда тұтынудан өмірлік пайдалылық $U_t = u(c_t) + \beta \sum_{i=1}^{\infty} \delta^i u(c_{t+i})$

ретінде берілген. Мұнда $0 < \delta < 1$ және $0 < \beta \leq 1$. Олар сондай-ақ бета-дельта артықшылығы ретінде белгілі. Мұнда β – ағымдық айырмашылықты анықтайтын өзін-өзі бақылау дәрежесі, ал δ – мезгіларалық дисконт коэффициенті; $\beta = 1$ – экспоненциал дисконттаудың жеке жағдайы. МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЭКОНОМИКАСЫН да қараңыз.

гиперинфляция (hyperinflation) Өте қарқынды инфляция, кейде баға өсімі айна 50 пайыздан асқан кезде пайда болады деп есептеледі. Мұндай қарқынды инфляция ақшаны құн сақтау құралы ретінде пайдасыз етіп қана қоймай, сондай-ақ оның *айырбас құралы ретінде пайдаланылуына айтарлықтай әсер етеді және өндірістік экономикалық белсенділікті айтарлықтай төмендетеді.

гипотезаларды тексеру (hypothesis testing) Статистикалық қорытындының бөлігі әдетте теориямен ұсынылатын, қызығушылық тудыратын мәселені шешу алгоритмі. Әдеттегі тексеру рәсімі *нөлдік гипотеза мен балама гипотезаны (яғни қарапайым мәлімдеме түрінде сұрақ қою және сол мәлімдемені жоққа шығару), сондай-ақ маңыздылық деңгейін (*I типті қате ықтималдығын) құрудан; сәйкес тестілік статистика түрін таңдаудан (саны, таратылуы шынайы болуына байланысты); нөлдік гипотеза дұрыс деген болжаммен тестілеудің таралуын белгілеу; деректер бойынша статистика мәнін есептеу және нөлдік гипотезаны қабылдау немесе қабылдамауға шешім қабылдаудан тұрады,

әдетте бұл тест статистикасының мәнін нөлдік гипотеза бойынша бөлудің *сыни мәнімен салыстыру арқылы жүзеге асады. Балама ретінде тест статистикасының *p-мәні нөлдік гипотезаны қабылдамай, қатенің ықтималдығын анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін.

гистерезис (hysteresis) Экономикада динамикалық жүйенің есте сақтау немесе алдыңғы оқиғалардың тәртібі келесі оқиғалардың тәртібіне әсер етуін кешіктіретін қасиеті. Егер гистерезис жүйесі бастапқыда тепе-теңдікте болып, кейін соққыға ұшыраса, онда оның жаңа тепе-теңдік күйі динамикалық реттеу (*бастапқы таңдалған жолға тәуелділік қасиеті) процесінде не болып жатқанына байланысты. *Мінезқұлық экономикасында жоғалтудың пайдасыздығы тең пайда алудың артықшылығынан артық болады, сатып алу және жоғалту циклі арқылы өтетін адамның пайдалылығы гистерезисті көрсетеді. Келесі пайда болған сатып алу және жоғалту оқиғаларынан кейін олар ешқашан бастапқы пайданы алмағаннан гөрі нашар жағдайда болады.

гистограмма (histogram) Көрсетілген бірнеше санаттың әрқайсына келетін бақылау жиілігін немесе пропорциясын көрсететін кестенің графикалық көрінісі әдетте бақыланатын мәндер ауқымының кіші интервалдары (биннарлары). Бұл қарастырылып отырған айнымалы – популяция бөлінуін ең қарапайым параметрлік емес бағалау.

Гиффен тауары (Giffen good) Тауардың бағасы төмендегенде оның сұратылған көлемі де азаятын тауарлар. Теориялық тұрғыда бұл үшін Гиффен тауары шектеулі баламасы бар, сапасы төмен тауар болуы керек. Тауар бағасының төмендеуі нақты сатып алу қабілетін арттырады: тауардың сапасы

төмен болса, онда нақты кірістегі өсімнің *табыс әсері теріс болады. Баға құлдырауынан *алмастыру әсері теріс болуы мүмкін емес, бірақ ол аз болады. Егер алмастыру әсері теріс табыс әсерінен кішкентай болса, онда баға төмендеуінің жалпы әсері – тұтынудың төмендеуі.

Гласс-Стигол заңы (Glass-Steagall Act)

1933 жылы АҚШ-та қабылдаған заң. Ол заң банктерге компанияларға несие беруші және инвесторлар ретінде әрекет етуге тыйым салды. Бұл заң АҚШ-та әмбебап банк қызметіне тыйым салады. Ал мұндай банктер Германия секілді басқа мемлекеттерде көп кездеседі. Бұл заң әмбебап банк қызметі банктерге төнетін қатерді шамадан тыс арттырады деген сенімге байланысты қабылданды. Сонымен қатар әмбебап банк қызметі Ұлы депрессия кезінде АҚШ банк жүйесінің күйреуіне ықпал етті. Бұл заңның күшін жартылай жою 2008 жылғы қаржы дағдарысына себеп болды.

Глейзер тесті (Glejser test) Бір немесе бірнеше экзоген айнымалының өзгерістеріне пропорционал кездейсоқ қатенің мөлшерін арттыру түріндегі гетероскедастикалық тест. Тест осы айнымалылар үшін негізгі регрессиялық теңдеуден *қарапайым ең кіші квадраттардың қалдықтарын қалпына келтіру арқылы орындалады. Гомоскедастикалық нөлдік гипотезада NR^2 тест статистикасы асимптотикалық h еркіндік деңгейімен *чи-квадрат таралуына ие, мұнда h – қарастырылатын айнымалы мәндер саны, N – үлгі өлшемі, ал R^2 – тест регрессиясынан анықтау коэффициенті. Глейзер тесті кездейсоқ қате симметриялы бөлінген жағдайда ғана жарамды; бұрмаланған кателер үшін бірқатар модификациялар бар.

Голдфелд—Квандт тесті (Goldfeld-Quandt test)

Байқауды төмендетілмейтін дисперсияға байланысты реттеуге болатын кезде қолданылатын гетероскедастикалық тест. Тест r орталық бақылауларды өткізу және бірінші және соңғы $(N-r)/2$ бақылауларда *қарапайым ең кіші квадраттардың екі жекелеген әдеттегі регрессиясын орындау жолымен жүргізіледі. Гомоскедастикалық нөлдік гипотезаға сәйкес $GQ = S_2 / S_1$ тест статистикасы $p=q=(N-r)/2-K$ еркіндік дәрежесімен * F -таралуына ие. Мұнда S_1 және S_2 – бірінші және екінші сынақ регрессияларының квадрат қалдықтары, N – үлгі өлшемі, ал K – негізгі регрессиядағы түсіндірме айнымалылар саны. r -дың оңтайлы мәні белгісіз; жиі $r \approx N/3$ мәнде қолданылады.

Голланд аукционы (Dutch auction) Бұл аукцион түрі жоғары бағамен басталады, содан кейін аукцион сатып алушы бағаны қабылдағанға дейін немесе баға ең төменгі шекке жеткенге дейін жалғасады. Сондай-ақ АУКЦИОНДЫ қараңыз.

Голланд ауруы (Dutch disease) Экспорттың бір түрі ғана өсуі. Ол елдің айырбас бағамын арттырады, нәтижесінде ол басқа экспорттың сатылымын қиындатып, отандық тауарлардың импортпен бәсекелесу қабілетін шектейді. Бұл атау Нидерландыда табылған табиғи газдың Нидерланды экономикасына болжалды әсерінен туындаған. Голланд ауруын ресурстың соры деп те атайды. Өйткені көп жағдайда табиғи ресурстар – ресурстарға бай елдің жалғыз ең үлкен экспорт тауары.

гомоскедастикалық (homoscedasticity)

Байқау мәндерінің біркелкі дисперсиясы. Егер *кездейсоқ қате дисперсиясы бақылаулар үшін бірдей болса, бақылау жиынтығы немесе векторы

гомоскедастикалық болады. Бұл – *Гаусс-Марков теоремасы сүйенетін сызықтық регрессияның классикалық болжамдарының бірі. Бұл болжамның бұзылуы *гетероскедастикалық деп аталады.

Гонконг қор биржасы (Hong Kong Stock Exchange) Гонконгта 1891 жылы құрылған бағалы қағаздар және фьючерстер биржасы. 2016 жылғы ақпанда компанияның нарықтағы капиталдануы 2,7 трлн доллар болды. www.hkex.com.hk – Гонконг қор биржасының бас беті.

гравитациялық модель (gravity model) Өртүрлі нүктелер арасындағы байланыс тура гравитацияны басқаратындай кері квадрат заңымен басқарылатыны туралы теория. Тұтынушының әдет-ғұрыптары, мысалы, ықтимал сауда орталықтары арасында $1/x_i^2$ пропорционал түрде бөлінеді, мұнда x_i – i орталыққа дейінгі қашықтық. Бұл модель елдер арасындағы халықаралық сауда үлгілерін түсіндіру үшін де қолданылды.

градуализм (gradualism) Экономикалық саясатқа бір үлкен өзгеріс жасағаннан гөрі бірқатар шағын өзгерістер енгізген жөн деп тұжырымдайтын сенім.

Грейнджер себеп-салдары (Granger causality) Егер өткен және қазіргі x_t туралы ақпарат z_t болжамын жақсартуға көмектесе, Грейнджер себеп-салдары анықтамасы бойынша z_t айнымалы жиынтығы x_t деп аталады. Грейнджер себеп-салдарының мағынасы немесе Грейнджер себеп-салдары шынайы себеп-салдарға таргеттелмеген: біріншісі болжамдылық ұғымына жатады және статистикалық құралдардың көмегімен тексерілуі мүмкін; соңғысы себеп-салдар ұғымына қатысты және

бұл көбінесе экономикалық теорияда тұспалданады немесе түсіндіріледі.

Грешем заңы (Gresham's law) «Жақсы ақшаны жаман ақша ығыстырады» деп тұжырымдайтын бақылау. Жаман ақша бастапқыда құнсызданған монеталар ретінде түсіндірілген және бұл заң тұтынушылар жаман ақшаны жұмсауды және жақсы ақшаны сақтауды қалайды деген тұжырымға сүйенеді. *Қағаз ақшаның қазіргі үстемдігі Грешем Заңына дәлел ретінде келтірілген.

Грэм-Рудман-Холлингс (Gramm-Rudman-Hollings) 1985 жылы АҚШ-тағы бюджет дефицитін төмендетуге тырысқан, ақыр соңында, нөлдік межеге жеткізіп, заңдық максатқа жеткен, АҚШ-тың бюджетті теңгерімдеу және шұғыл басқару жөніндегі заңның авторлары.

гудвил, фирманың беделі (goodwill) Бизнес әрекет етуші кәсіпорын ретінде оның материалдық активтерінен құндырақ деген фактіні білдіретін материалдық емес актив. Әдетте бұл компания қызметкерлерінің жинақталған ноу-хауына және сауда байланыстарына байланысты. Гудвил немесе фирманың беделі әдетте баланс кестелерінде актив ретінде есептелмейді, бірақ компания өзінің материалдық активтерінің құнынан асатын сомаға басқа бизнесті өзіне сатып алса, онда ол баланс кестелерінде көрсетіледі. Содан кейін ол белгілі бір кезең ішінде есептен шығарылуға тиіс.

Гудхарт заңы (Goodhart's law) Экономист С. Гудхарттың (1936 жылы туған) эмпирикалық тұрақтылық экономикалық саясаттың негізі ретінде пайдаланыла бастағанда ол жойылып кетуі мүмкін екені жайындағы байқауы. Бұл – *Лукас сынының қолдануының бірі. Заңға сәйкес, экономикалық жүйелерде

байқалатын мінез-құлық ағымдағы экономикалық саясатқа байланысты. Саяси режим өзгерген жағдайда экономиканың мінез-құлқы өзгеруі мүмкін, соның нәтижесінде бұрынғы саяси

режимде қолданылатын эконометриялық модельдер жаңа саясаттың әсерін болжау үшін негіз ретінде сенімсіз болуы мүмкін.

Д

даму (development) ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫ *қараңыз.*

Даму мақсаттарына ресми көмек (ДМПК) (Official Development Assistance) (ODA)

*Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы белгілеген және құрастырған дамушы мұқтаж мемлекеттер мен көпжақты даму институттарына көрсетілетін көмек өлшемі. Ол көбінесе көмек көрсету мақсатында және көмек нәтижелілігін бағалау кезінде қолданылады. Мысалы, 1970 жылы халықаралық көмекке қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымы мақсатты көрсеткішті белгіледі. Осыған сәйкес, мемлекеттер ДМПК ретінде өзінің *жалпы ұлттық өнімінің 0,7 пайызын жұмсауға ұмтылуға тиіс.

даму экономикасы (development economics) Экономикалық даму процесін түсіндіретін экономика саласы. Даму мәселелері бойынша экономистер *нашар дамыған елдерде өмір сүру деңгейін арттыру саясатына ерекше алаңдаулы.

дамуға көмек (development aid) КӨМЕКТІ *қараңыз.*

дамушы мемлекеттер (developing countries) НАШАР ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДІ *қараңыз.*

даунстрим (downstream) ІЛГЕРІ ИНТЕГРАЦИЯНЫ *қараңыз.*

дауыс (voice) Шешім қабылдау процесіне қатысу арқылы қалауын білдіру.

Қатысу формасы дауыс беру, мүддеге қолдау көрсету, шағым беру немесе сотта талқылау рәсімдерін пайдалану болуы мүмкін. Бұл нашар жағдайды өзгертуге тырыспастан, одан шығуды (арылуды) білдіретін «шығуға» қарсы болуы мүмкін.

дауыс бермейтін акция (non-voting share)

*Қарапайым акция сияқты дивиденд алуға құқық беретін, бірақ компания мәжілістерінде дауыс беруге құқығы жоқ акция. Дауыс бермейтін акциялар компанияға бақылауды босатпай, акционерлік капитал тартуға мүмкіндік беру үшін шығарылады. Әдетте бағасы дауыс беретін акциялардікінен төмен.

дауыс беру (voting) Топ болып шешім қабылдау әдісі. Дауыс берудің көптеген механизмі бар. Олар дауыс беру механизмінің әр қатысушысы беретін дауыс санына және шешім қабылдау үшін берілген дауыстар қалай топтастырылатынына қарай ерекшеленеді. Мысалы, *көпшілік дауыс беру механизмі әр қатысушыға бір дауыстан бөледі және ең көп дауыс жинаған балама таңдалады. Сондай-ақ БОРДА САНАҒЫ; ҰЖЫМДЫҚ ТАҢДАУ; ДАУЫС БЕРУ ПАРАДОКСІН *қараңыз.*

дауыс беру құқығы бар акция (voting share) Компанияның жалпы жиналыстарында меншік иесіне дауыс беру құқығын беретін *қарапайым акция. Бұл иеленушіге компания туралы ақпарат және дивиденд алуға тең құқық

беретін, бірақ дауыс беру құқығы жоқ акциядан ерекшеленеді. Кей елдерде компаниялар өзіне тиесілі акция санына қарамастан, бір акционер бере алатын ең көп дауыс санын белгілей алады.

дауыс беру парадоксі (paradox of voting) Сайлаушылардың қатысу деңгейі дауыс беру қажет пе, жоқ па деген рационал шешіміне сай емесін байқау. Дауыс беру акінде сайлаушыға да пайда мен шығын бар. Сайлаушы сайлау нәтижесін қалаған адамға қарай өзгерткен жағдайда пайдалылығы жүзеге асты деуге болады (осындай жағдайда дауыс беруші маңызды саналады). Көп сайлаушы бар болса, мұның ықтималдығы өте төмен, сондықтан күтілетін пайда да аз. Дауыс беру шығыны уақыт пен жол шығынынан тұрады. Есептеулерге сүйенсек, шығын әдетте күтілетін пайдадан әлдеқайда артық екенін көреміз. Сондықтан рационал ойлайтын сайлаушы дауыс бермеуі керек. Сайлаушылардың қатысуы салыстырмалы түрде жоғары болуы – парадокс. Мұны иррационалды, *қоғамдағы әдет-ғұрып пен әлеуметтік жауапкершілікпен түсіндіруге болады. Сондай-ақ **ҰЖЫМДЫҚ ТАҢДАУ; КӨПШІЛІК ДАУЫСТЫ ҚАРАҢЫЗ.**

дәл түзету (fine tuning) Фискалдық және монетарлық саясат көмегімен қызмет деңгейіне дәл түзету енгізуге бағытталған күш-жігер. Дәл түзетулер енгізуге бағытталған жұмыстарға саясатқа сүйенетін деректерге қатысты кідірістер мен кемшіліктер, сондай-ақ саясаттың экономикаға әсер ететін тетіктерін толық түсінбеу тосқауыл болады.

дәнекерлеу (piecework) Қызметкердің жалақысы өндіріс көлеміне пропорционал болатын жалақы жүйесі. Бұл жүйе қызметкерлердің өнімділігін

сенімді өлшеуге болатын кезде ғана қолайлы және ауытқулар, мысалы, материалдарды кеш жеткізу қызметкер бақылау жасайтын факторларға байланысты пайда болмайды. Мұны ақы тек жұмыс істеген сағаттарға байланысты төленетін уақытша тарифпен салыстыруға болады.

дәрменсіздік (insolvency) Жеке тұлғаның немесе компанияның өтеу мерзімі ішінде берешекті өтеуге қабілетсіздігі. Бұл жеке тұлғаның банкрот болуына немесе компанияның жойылуына әкелуі мүмкін. Қайткенде де қолда бар активтерді сатып, мүмкіндігінше қарызды қайтару үшін сот банкроттық туралы істегі қамқоршы немесе ликвидаторды тағайындайды. Жеке немесе заңды тұлға қарыздарын өтей алмауына активтердің адекват еместігі емес, *өтімділік жоғы себеп болады, шын мәнінде активтер жеткілікті болса, несие берушілер, ақыр соңында, толық төлем жасай алуы мүмкін. Кредиторларды оған сендіру мүмкін болса, дәрменсіздіктен ескі қарыздардың мерзімін ұзарту немесе жаңа қарыз алып өтеу арқылы құтылуға болады. Дәрменсіздік жағдайында саудамен айналысу қылмыс саналады.

дебентура (debenture) Компанияның алған кепілдендірілген несиесі. Әдетте оның тұрақты пайызы мен кейде тұрақты өтем мерзімі болады. Дебентура ұстаушылардың пайызы төленсе және несиенің барлық шарттары сақталса, онда олар компанияға ешқандай бақылау жасамайды. Ал дебентура ұстаушылардың пайызы төленбесе немесе несие шарттары орындалмаса, онда олар компанияға бақылау жүргізеді және компания жабылған жағдайда олардың құқығы басқа акционерлерден жоғары тұрады. Айырбасталатын дебентура дегеніміз – болашақта акцияға айырбастауға болатын дебентура.

дебиторлар (debtors) Фирма алдындағы борышты көрсететін баланс кестесіндегі активтер бөлігі. Келесі есепті кезеңде төленуге тиіс берешекті кейінірек төленуге тиіс берешектен ажырата білуі керек.

дебиторлық берешек (accounts receivable) Фирма *активтерінің бір бөлігі, оның *баланс кестесінде көрсетілгендей, клиенттерге жолданған, төлем алынуға тиіс, бірақ әлі іс жүзінде алынбаған шоттардан құралады.

девальвация (devaluation) Айырбас бағамының сырғымалы байламы бар мемлекеттер үшін девальвация – ресми түрде отандық валюта құнының шетел валютасына шаққандағы төмендетілуі. Бұл уақытша төлем балансы дефицитін түзетуге мүмкіндік береді. Девальвация мен *валютаның құнсыздануы өте ұқсас: девальвация саясаттан туындайтын айырбас бағамын дискрет өзгерту үшін қолданылады, ал валютаның құнсыздануы шетел валютасы нарығының салдарынан ақырын қалыптасады. Девальвация шетел валютасында шетелге сатылатын экспортты арзандатады және елге келетін импортты жергілікті валютада қымбат етеді. Бұл, сәйкесінше, импорт тауарлардың бағасын көтеру арқылы сауда балансын жақсартады. БӘСЕКЕЛІК ДЕВАЛЬВАЦИЯНЫ *да қараңыз.*

деинвестиция (disinvestment) Акционерлік капиталдың көлемін азайту процесі. Негізгі капиталға қатысты, олар ескіргенде жаңа капиталға ауыстырылмауын білдіреді. Қорлар мен аяқталмаған өндіріс те қысқартылуы мүмкін.

деиндустриализация (deindustrialization) *Жалпы ішкі өнімдегі және жұмыспен қамтудағы өнеркәсіп секторының үлесін қысқарту. Дамыған елдерде ХХ

ғасырда өнеркәсіпте еңбек өнімділігінің едәуір артуы нақты табыстың өсуіне алып келді. Тұтынушылар мен үкіметтер артқан табысын, негізінен, білім беру, медициналық қызмет көрсету, банк ісі және сақтандыру, ойын-сауық және туризм секілді қызметтерге жұмсайды. Осылайша дамыған елдердегі экономикалық белсенділіктің үлкен үлесі қызметтерге тиесілі.

деинтеллектуалдау (deintellectualization)

Білім берудегі және жалпы қоғамдағы «қарапайымдандыру» процесі. Бұл процесс экономика департаменттерінің орнын бизнес мектептері, ал сандық дәрежелі пәндердің орнын сапалық дәрежелі пәндер басуымен сипатталады. Деинтеллектуалдауда сүйенетін аргументтің орнына «менеджмент сөйлейді» (өзінің қызметкерлеріне жаргондармен, нақты түсініксіз, жалпылама хабарлама беру) әдісі көп қолданылады.

делдалсыздандыру (disintermediation)

Қаржы делдалдарына жүгінбеу, яғни капиталды қолданушы мен жабдықтаушы арасында тікелей байланыс орнату. Мысалы, делдалсыздандыру ақшаны банктерге немесе индустрияға несие беретін банктерге сақтағаннан гөрі, қаржыны тікелей индустриялық фирмаларға беруді білдіреді.

Делор баяндамасы (Delors Report)

*Еуропалық қоғамдастық (ЕО) үшін бірыңғай валюта мен ортақ ақша-несие саясатын ұсынған баяндама. Еуропалық қоғамдастықтағы *Экономикалық және валюталық одақ туралы баяндама* 1989 жылы жарияланды. Оны ЕО президенті Жак Делордың төрағалық етуімен өткен комитет дайындады. Олар *Орталық банктердің еуропалық жүйесін және ортақ еуропалық валюта құру арқылы ақша-несие саясатына конвергенция жасап жүзеге асыруды ұсынды.

демаркация (demarcation) Арнайы дағдылары бар қызметкерлер үшін нақты міндеттерді резервтеу. Демаркация туралы дау – кәсіподақтың өз мүшелеріне арналған жұмысты басқа жұмысшылардың орындауына қарсы наразылығы.

демографиялық жұмыссыздық (demographic unemployment) Еңбек күшінің құрамындағы өзгерістерден туындайтын жұмыссыздық. Табиғи өсім немесе ішкі көші-қон нәтижесінде еңбек күшіне қосылатын жаңа қызметкерлердің саны зейнетке шығу немесе көшіп кету нәтижесінде еңбек күші қатарынан шығып кететіндердің санынан асып кетсе, онда демографиялық жұмыссыздық пайда болады.

демографиялық транзит (demographic transition) Экономикалық даму процесі барысында халықтың жан басына шаққандағы табысы мен экономикадағы халықтың өсуі арасындағы қатынастың оң көрсеткіштен теріс көрсеткішке өзгерісі. Бұл бірінші кезекте бала туу мен өлім-жітімнің төмендеуі және техникалық прогрестің жеделдеуі есебінен болады.

демонетизация (demonetization) Монетаны ақша формасы ретінде валюта немесе бағалы метал ретінде қолданыстан шығару. 1971 жылы *Үлкен жетілік елдері алтынды халықаралық валюта ретінде қолдануды тоқтатты.

демпинг (dumping) Шетелдік елде тауарларды жергілікті өндірушілер әділетсіз төмен деп санайтын баға бойынша сату. Бұл өнімді орташа ұзақмерзімді өзіндік құнынан және қосылған көлік шығындарынан төмен бағамен сатуды, өнімді экспортқа шығарғанда оны жергілікті нарықтардағы ұқсас өнімдерге қарағанда төмен бағамен сатуды

немесе өнімді импорттайтын мемлекетте бәсекелес компаниялар бәсекелесе алмайтын бағамен сатуды білдіреді. Болжамды демпингке жауап ретінде *демпингке қарсы баж салығы қолданылады.

демпингке қарсы баж (anti-dumping duty) Отандық тауар өндірушілерді импорт *демпингінен келетін бәсекеден қорғау үшін енгізілген *тариф. Мұндай баж отандық өндірушілердің шағымдары тексерілгеннен кейін ғана салынады. Демпингті анықтау қиын және оған қатысты шешім қабылдаудың халықаралық келісілген тәртібі жоқ, демпингке қарсы баж қауіпі – халықаралық сауданы кеңейту жолындағы жалпы кедергі.

демпингке қарсы шаралар (anti-dumping action) *Демпингке шағымдану және демпингке қарсы баж енгізу жөніндегі істерді қарау рәсімі. Демпингке қарсы шараларды көбінесе импорттаушы елдер ұсынады. Тариф комиссиясы немесе ұқсас орган демпинг болған-болмағанын және оның жергілікті өнеркәсіпке келтірген залалын тексереді. Демпингтің келісілген анықтамасы жоғын және жергілікті шағымданушылар мен шетелдік жеткізушілер арасындағы жанжал кезінде ұлттық соттарда бейтараптық жоғын ескере отырып, демпингке қарсы шаралардың қауіпқатері барлық жағынан протекционистік әсерге ие деп топшылауға болады.

демутуализация (demutualization) Компания мүшелеріне тиесілі қаржы немесе басқа мекемелердің акционерлік компанияға айналуы. Ұлыбританияның көптеген құрылыс қоғамдары мен сақтандыру компаниялары осы процестен өтті.

денсаулығына байланысты жәрдемақы (sickness benefit) Дертіне байланысты

уақытша жұмыс істей алмайтын жұмысшыларға төленетін жәрдемақы.

Денсаулық сақтау бағдарламасы (Medicare) АҚШ үкіметі 65 жастан асқан адамдарға емделу үшін ақы төлеу тәсімі.

денсаулық сақтау экономикасы (health economics) Медициналық көмек көрсету мен басқарудың экономикалық аспектілерін зерттейтін экономика саласы.

деңгейлес бірігу (horizontal merger) Өндірістің бір кезеңінде фирмалар арасындағы бірігу. Бұл фирмаларға бірлесіп жұмыс істеу кезінде шығындарды үнемдеу үшін қажет болуы мүмкін немесе ірі фирма өз клиенттеріне қарсы *монополиялық билігін қолдану үшін немесе өз жеткізушілері мен қызметкерлеріне қарсы *монопсониялық билігін қолдану үшін қажет болуы мүмкін. Фирма жеткізушімен немесе клиентпен біріккен кезде деңгейлес бірігу *сатылы бірігуге қарсы келеді.

деңгейлес интеграция (horizontal integration) Жеткізу тізбегіндегі бірдей нүктеде компания өнімінің ауқымын кеңейту. Мысалы, супермаркеттерді азық-түлікке жатпайтын тауарларға кеңейту – деңгейлес интеграция. Деңгейлес интеграцияға қолданыстағы бизнес аясында сатып алу немесе бірігу арқылы қол жеткізуге болады. Кез келген іске қосылған процестерде *ауқымнан үнемдеу қолданылса, бұл шығынның үнемделуін қамтамасыз етеді және тұтынушы санын көбейтуге мүмкіндік береді. Деңгейлес интеграция кәсіпорындар өндірістің кезекті кезеңдерінде біріктірілетін *сатылы интеграцияға қайшы келеді.

деңгейлес теңдік (horizontal equity) Бұл жағдайлары ұқсас болған

адамдарға бірдей қарау керек деген пікір. Мысалы, деңгейлес теңдік тұжырымдамасын салық жүйесіне қолдансақ, онда қызметі бірдей екі қызметкерге бірдей мөлшерде салық салынуға тиіс. Деңгейлес теңдік, табыс салығы бойынша қайта бөлу арқылы табыстың неғұрлым үлкен айырмашылықтарын азайту керегі сияқты мәселелермен байланысты *сатылы теңдіктен ерекшеленеді.

депозит (deposit) Банктегі немесе басқа қаржы мекемесіндегі шот, мысалы, Ұлыбританиядағы құрылыс қоғамы. Депозиттер ағымдағы шотта (Ұлыбританияда *current account* немесе АҚШ-та *checking account*) болуы мүмкін және Ұлыбританияда олардың салыстырмалы төмен пайыздық мөлшерлемелері бар және олар депозит шоттарынан сұраныс бойынша алынады. Ал АҚШ-та депозиттердің жоғары пайыздық мөлшерлемесі бар, алайда онда депозиттегі ақшаны шығарып алу кезінде алдын ала ескерту қажет. ИМПОРТТЫҚ ДЕПОЗИТ; АРНАЙЫ ДЕПОЗИТ; ЖЫЛДАМ ДЕПОЗИТТЕРДІ *де қараңыз*.

Депозит институттарын қайта реттеу және ақша-несие саясатын бақылау туралы заң (ДМҚРАСБТЗ) (Depository Institutions Deregulation and Monetary Control Act) (DIDMCA) АҚШ-тың коммерциялық банктеріне, жинақ банктеріне, өзара жинақ банктеріне, жинақ және несие қауымдастықтарына бірыңғай резерв талаптарын енгізген 1980 жылғы АҚШ заңы. Бұл заң Федералдық резерв жүйесіне қосымша резервтер сұрауға өкілеттік берді және пайыздық мөлшерлемелердің кейбір шектеулерін алып тастады. Заң АҚШ-тың банк саласындағы бәсекені арттыруға бағытталды.

депозит шоты (deposit account) Белгілі бір мерзімге сақталатын немесе ақша

шығару туралы хабарламаны талап ететін және пайыздары төленетін банктегі депозит. Бұл – Ұлыбритания термині. АҚШ-та бұл *мерзімді депозит деп аталады. Бұл ұғым талап бойынша өтеуге жататын және салыстырмалы төмен немесе нөлдік пайызы бар ағымдағы шот ұғымынан ерекшеленеді.

депозиттерді сақтандыру (deposit insurance) Банктердің немесе өзге де қаржы делдалдарының салымшыларын банк дефолтынан сақтандыру. Әдетте бұл барлық банктерден, орталық банк немесе үкімет қаржыландыратын сыйақы есебінен төленеді.

депорт (backwardation) Тауардың фьючерс бағасы (немесе форвард бағасы) *спот бағасынан төмен болатын жағдай. Сондай-ақ КОНТАНГО; ФОРВАРД ПЕН ФЬЮЧЕРСТІ қараңыз.

депрессиялық аймақ (depressed area) Тұрақты жоғары жұмыссыздық деңгейі бар және басқа аймақтарға қарағанда халықтың жан басына шаққандағы табысы неғұрлым төмен болатын аймақ. Ұлттық үкіметтер мен Еуропалық одақ инвестициялар ағынын ұлғайту және жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін арттыру арқылы депрессиялық аймақтарға түрлі формада көмек көрсете отырып, олардың жағдайын жақсартуға әрекет жасауда.

дербес инвестиция (autonomous investment) Өнім өндіру көлемі деңгейінің өзгеруімен түсіндіруге келмейтін *инвестиция бөлігі. Бұған мемлекеттік саясат анықтайтын мемлекеттік қызметтерге, жаңа техникалық білімді немесе географиялық жаңалықтарды игеруге құйылатын инвестиция, сондай-ақ қолданыстағы капиталдың тозуына байланысты едәуір көлемін алмастыру жатады.

дербес тұтыну (autonomous consumption) Ағымдағы табысқа тәуелсіз *тұтыну бөлігі. Жиынтық тұтыну – C , ал $C = a + b Y_d$ арқылы беріліп, мұнда Y_d *таза табыс болса, онда a -ны дербес тұтыну ретінде қарастыруға болады. $a > 0$, өйткені табысы жоқ адамдар өмір сүру үшін тұтынуға тиіс және активтерді азайту немесе қарыз алу арқылы шығынын қаржыландыра алады. a деңгейіне қолда бар активтердің жалпы көлемі, күтілетін болашақ табыс немесе мұра арқылы активтерді сатып алу және ең төмен қолайлы өмір сүру деңгейі туралы әлеуметтік келісімдер әсер етеді.

деректерді өңдеу (data mining) Үлкен деректер жиынтығынан пайдалы ақпарат алу. Деректерді өңдеу деректерді талдаудан өзгеше. Деректерді талдау қолданыстағы модельді бағалауға бағытталса, деректерді өңдеу заңдылықтарды табатын «автоматтандырылған» бағдарламалық жасақтама әдістерін қолдану арқылы анық емес ақпаратты алуға тырысады. Ол кейде жаңа «білім көзін ашу» деп те аталады. АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЭКОНОМЕТРИКАНЫ да қараңыз.

деректерді тегістеу (data smoothing) Маңызды заңдылықтарды анықтау мақсатында деректерден шағын масштабты ауытқуларды немесе *шуды жою. Түрлі тегістеу әдістері белгілі бір ауданда кейбір салмақ функцияларын қолдану арқылы деректер нүктелерін орташалауды қамтиды. *Қозғалмалы орташа, *экспоненциалдық тегістеу және *параметрлік емес регрессия ең жиі қолданылатын тегістеу әдістеріне жатады.

дескриптив статистика (descriptive statistics) Деректер жиынтығының әртүрлі сипаттамаларын сипаттайтын

жиынтық көрсеткіштер. Орталық тенденцияны сипаттайтын шамаларға *орташа мән, *медиана және *мода жатады. Ал дисперсия өлшемдеріне *интервал, *стандарт ауытқу және *дисперсия жатады. Екі немесе одан көп айнымалы арасындағы байланысты *ковариация және *корреляция коэффициенті сипаттайды.

детерминация коэффициенті (coefficient of determination) Сызықтық регрессия моделінде, тәуелді айнымалының бұл регрессиямен түсіндірілетін таңдамалы ауытқу пропорциясы. Ол R^2 деп белгіленеді және ол тәуелді айнымалының бақыланған мәні мен есептелген регрессия теңдеуімен болжанған мәндер арасындағы *корреляция коэффициентінің екі еселенуіне тең. Регрессия «кідірту» мағынасында болса, онда сол жағдайда ғана детерминация коэффициентінің мәні болады.

детрендинг (detrrending) ТРЕНДТІ қараңыз.

дефицит, тапшылық (deficit) БЮДЖЕТ ДЕФИЦИТІ; АҒЫМДАҒЫ ШОТ ДЕФИЦИТІ; САУДАДАҒЫ ДЕФИЦИТТІ қараңыз.

дефицитті қаржыландыру саясатымен ынталандыру (pump priming) Үкімет экономикадағы сатып алу қабілетіне уақытша қаражат құю арқылы рецессиядан кейін тұрақты қалпына келтіруге қол жеткізе алады дейтін теория. Бұған уәж – кіріс төмен болса, болашаққа сенімсіздік инвестицияға кедергі келтірсе, салықты емес, қарыз алу арқылы қаржыландырылатын мемлекеттік шығынның уақытша көбеюі инвестицияны қалпына келтіретін әсерлерін көбейту арқылы кірісті арттыра алады. Күшті қалпына келтіру процесі басталғаннан кейін, қосымша мемлекеттік шығынды алып тастауға болады. Үкімет тіпті, ақыр соңында,

мемлекеттік борышты бастапқы деңгейіне дейін қалпына келтіру үшін жеткілікті қосымша салық түсімін ала алады.

дефлятор (deflator) ШЫҒЫН ДЕФЛЯТОРЫ; ЖІӨ ДЕФЛЯТОРЫН қараңыз.

дефляция (deflation) 1. Баға деңгейінің прогрессив төмендеуі. Бұл нақты пайыздық мөлшерлемелер номинал пайыздық мөлшерлемелерден асып түсуіне әкелуі мүмкін. Ал ол нақты инвестициялар пайдалы болуы үшін номинал пайыздық мөлшерлемелерді төмендетуді мүмкін емес етеді. Ол *өтімділік тұзағы ретінде де танымал.

2. Төлей алатын сұраныстың болмауына байланысты белсенділіктің төмендеуі. Дефляцияны инфляциялық қысымды төмендету мақсатында ақша-несие саясатын жүргізетін органдар әдейі жасауы немесе билік алдын ала алмаған сенімнің күйреуінен орын алуы мүмкін. ҚАРЫЗ ДЕФЛЯЦИЯСЫН да қараңыз.

дефляциялық алшақтық (deflationary gap) Кез келген уақытта экономикалық белсенділіктің қалыпты деңгейі үшін қажет төлей алатын сұраныс деңгейі мен рецессия кезіндегі нақты деңгей арасындағы айырманы бағалау. Осылайша дефляциялық алшақтық белсенділіктің қалыпты деңгейін қалпына келтіру үшін төлей алатын сұраныс қаншаға өсуі керектігін көрсетеді.

дефолт (default) Пайыздық төлемдер немесе борыш бойынша өтемдік төлемдерді мерзімінде төлей алмау. Дефолт жартылай немесе толық болуы мүмкін. Жартылай дефолтта борышкер төлем жасаудағы кешігуге кешірім сұрап, жақын арада төлем жасалатынына уәде береді. Ал толық дефолт жағдайында төлем жасаудан бас тартады. Кредиторлар борышкерлерге

қарызды қайтару уақытын соzdыру арқылы дефолтты болдырмауға тырысады. Өйткені ол өз шоттарында үмітсіз борыштарды болдырмайды. Жеке және заңды тұлғалар үшін дефолт болуға негізгі тежеуші фактор – банкроттық немесе төлеуге қабілетсіздігі салдарынан сауда жүргізудің қиындауы. Мемлекеттік борышкер ретінде банкрот жариялай алмайтын мемлекеттер үшін дефолт болуға негізгі тежеуші фактор – болашақ қарыз алудың қиын болуы.

дециль (decile) Ол 10-перцентиль немесе 0,1-квантиль секілді.

Джини коэффициенті (Gini coefficient) Теңсіздіктің статистикалық өлшемі. μ орташа кірісі бар N жеке тұлғалар популяциясы үшін Джини коэффициенті G былайша өлшенеді:

$$G = 1 - \frac{1}{N^2 \mu} \sum_{i=1}^N \sum_{j=1}^N \min \{ M^i, M^j \}$$

мұнда M^h дегеніміз – N жеке тұлғалардың кірісі. Джини коэффициентінің мәні 0-ге тең болса – толық теңдікті, ал 1-ге тең болса – толық теңсіздікті, яғни барлық кіріс тек қана бір жеке тұлғаның меншігінде дегенді білдіреді. *Лоренц қисығын қолдану арқылы Джини коэффициентін, Лоренц қисығы мен Лоренц қисығының шетінде тұзу сызықтың астындағы жалпы көлемге байланыстыратын тұзу сызық арасындағы көлемнің қатынасы ретінде де анықтайды.

Джинни Мэй (Ginnie Mae) ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ИПОТЕКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТЫ қараңыз.

джоббер, делдал, алыпсатар (jobber) Активтің акцияларын иеленіп, принципал ретінде сатумен айналысатын акция немесе тауар дилері. Джобберлер бір нарықта қызмет атқаратын *бро-

керлерден ерекшеленеді, өзі үшін сауда жасамайды, бірақ сатып алғысы және сатқысы келетін адамдарды байланыстырады. Джобберлердің қазіргі заманғы атауы – *маркет-мейкер.

дзайбатсу (Жапониядағы ірі холдингтер, өнеркәсіп және қаржы монополиялары) (zaibatsu) Жапонияда Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін әрекет еткен өнеркәсіптік және қаржы бизнесінің сатылы интеграцияланған отбасылық басқару картелі. Дзайбатсу ресми түрде 1946 жылы таратылғанмен, олардың құрамындағы үлкен үштік – Mitsui, Mitsubishi және Sumitomo сәйкес кәсіпорындар топтарын құрды. Бұл топтар белгілі бір дәрежеде экономикалық қызметтегі бақылауды сақтап қалды және соғыстан кейінгі Жапонияның экономикалық өсуіне ықпал етті.

диапазон аясындағы интервенция (валюта нарықтарында) (intra-marginal intervention) (in foreign exchange markets) Айырбас бағамы ауытқуды шектеу қажет болатын шегіне жеткенде валюта нарығындағы орталық банктің немесе басқа да монетарлық органдардың араласуы. Бұл әрі қарай қозғалысқа жол бермеу үшін жылдамдық шегіне жеткен кездегі араласуға қарама-қарсы.

дивестиция немесе капиталды айналыстан шығару (divestment) Фирманың өз іс-әрекеттерінің бір бөлігінен құтылуы. Кейде бұл белгілі бір іс-әрекет тәуелсіз жұмыс істесе немесе басқа фирма арқылы басқарылса пайдалырақ болады деген коммерциялық тұжырымға сүйенеді. Басқа жағдайларда фирманың монополистік қуатын азайту мақсатында монополияға қарсы мекемелер дивестиция жасауды талап етеді.

дивиденд (dividend) Компанияның акционерлеріне өз пайдасынан үлес

беруі. Компания заңды түрде бөлуге болатын кез келген соманы оның акционерлері арасында оларға тиесілі акциялар санына пропорционал бөлуге міндетті болуына байланысты, ол дивиденд (ағылшынша «divide» бөлу дегенді білдіреді) деп аталды. Төленетін дивиденд сомасын Директорлар кенесі анықтайды. Көп компания уақыт өте келе біртіндеп дивидендтерді ұлғайтуды қалайды, өйткені дивидендтердің төмендеуі қаржы нарықтарында нашар белгі ретінде қарастырылады. Кооперативтік қоғамның дивидендтері – мүше клиенттерге төленетін төлемдер, дивидендтердің жалпы сомасы клиенттер арасында олардың сатып алған акция құнына пропорционал бөлінеді. ДИВИДЕНДТІ ҚОСҚАНДА; ЭКС-ДИВИДЕНД; АКЦИЯ БОЙЫНША ДИВИДЕНДТІ *де қараңыз.*

дивидендті қосқанда (cum dividend) Акция сатылымы. Онда сатып алушының жарияланған, бірақ әлі төленбеген дивиденд алу құқығы қамтылған. Сондай-ақ ДИВИДЕНДТЕН ТЫСТЫ *қараңыз.*

дивидендті өтеу (dividend cover) Дивидендтер төленетін компанияның меншік капиталына жалпы табыстың қатынасы. Бұл әдетте 1-ден жоғары болады, өйткені кейбір пайда сақталады. Алайда ағымдағы пайдадан дивидендтің орнын толтыру 1-ден төмен болса немесе теріс болса, онда алдыңғы пайдасынан қор құрған компания кезеңдерге дивидендтер төлей алады.

дивидендті реттеу (dividend control) Фирмалардың дивиденд бөлінісін шектеуі. Олар *баға және табыс саясаты аясында енгізілуі мүмкін; әдетте олар дивиденд өсуін болдырмау немесе шектеуге ұмтылады. Жалақы реттелсе, онда саяси пайымдау теңдестірілген

түрде табысты шектеуді талап етуі мүмкін. Пайданың өзін бақылау өте қиын. Дивидендті реттеу жалақыны реттеумен толық параллель емес, өйткені фирмалар бөлінбеген пайданы сақтап, оны реттеу саясаты әлсірегеннен кейін қайта бөлініске шығарады.

Дики-Фуллер (Dickey-Fuller) Нөлдік гипотезаны сынаудың бір түрі. Бұл сынақта ықтимал немесе стохастикалық процесс – *кездейсоқ кезу, ал оның баламасы стационар немесе тұрақты. Бұл жағдайда модельдегі кездейсоқ ауытқулар – *ақ шуыл. Ауытқулардағы реттік корреляцияның кейбір формаларын ескеретін кеңейту кеңейтілген Дики-Фуллер тесті болып келеді. Нөлдік жағдайдағы тест статистикасының бейстандарт бөліністері болады және олардың критикалық мәндері компьютерлік модельдеуді қолдану арқылы беріледі.

Диллон раунды (Dillon Round) ДҮНИЕ-ЖҮЗЛІК САУДА ҰЙЫМЫН *қараңыз.*

дилюция (dilution) Жеке акциялардың, қатысу үлесінің, дауыс санының, компаниялардың қосымша қарапайым акциялар шығарудан туындаған әр акциядан келетін табыс құнының төмендеуі. Қарапайым акцияларды *акция шығару құқығы, *қайталама нарық ұсынысы акцияларға опциондар беру арқылы немесе *айырбасталатын дебентураларды, *артықшылығы бар акцияларды, *сендірме немесе варранттарды акцияға ауыстыру арқылы қосымша акцияларға қол жеткізуге болады.

динамика (dynamics) Экономиканың уақыт жолын зерттейді. Жекелеген адамдар, фирмалар мен үкімет байқалатын экономикалық нәтижелер мен өзгермелі болжалдарға жауап беретін себептен уақыт жолы экзоген және эндоген

факторлардың үйлесімімен анықталады. Динамика *салыстырмалы статикадан ерекшеленеді. Салыстырмалы статика экзоген факторлардағы немесе мінез-құлық болжамдарындағы өзгерістер тепе-теңдікті қалай өзгертетінін анықтайды. Ал динамика жаңа тепе-теңдікке қол жеткізу үшін экономика қаншалықты жылдам әрі қалай әрекет етуі керек деген сұрақтарға жауап іздейді.

динамикалық бағдарламалау (dynamic programming) Уақытаралық оңтайландыру мәселелерін шешу әдісі. Динамикалық бағдарламалау кез келген уақытта шешім қабылдайтын тұлғаға ең жоғары төлем ағымдағы төлем сомасының және болашақ төлемдердің дисконтталған құнының ең жоғары құны ретінде жазылуы мүмкін деген фактіні қолданады. ОҢТАЙЛАНДЫРУДЫ *да қараңыз.*

динамикалық стохастикалық жалпы тепе-теңдік (ДСЖТ) моделі (dynamic stochastic general equilibrium) (DSGE) model) Ашық немесе жабық экономикадағы макроэкономикалық айнымалылардың параллель қозғалысын сипаттайтын теориялық модельдер класы. DSGE-дің типтік моделі пайдалылықты барынша арттыратын тұтынушылары бар микроэкономикалық негіздерге, пайда арттыруды көздеген фирмаларға және нарықта тепе-теңдікті қамтамасыз ететін баға механизміне сүйенеді. Бұл нарық құрылымы көбінесе *монополистік бәсеке ретінде модельденеді. DSGE моделі экономикалық *негіздер модель айнымалысында қысқамерзімді ауытқуларға әкелетін кездейсоқ шоктарға ұшырайды деп топшылайды. Модельдер үшін тұтыну әдетін сақтау және икемсіз номинал баға мен жалақы секілді түрлі нақты және номинал икемсіздіктерді қамту заңды. Саяси шешім

қабылдаушыларды ақша-несиені бақылайтын мекеме мамандары құрайды. Олар кейбір *монетарлық ережелерге сәйкес пайыздық мөлшерлемелерді белгілейді әдетте ол *инфляция мөлшерлемесіндегі және *өндірістегі алшақтықтағы ауытқуға жауап ретінде жасалады. Сонымен қатар салық немесе борыштар арқылы қаржыландырылатын мемлекеттік шығынды жұмсау көлемін қазынашылық мекемелер анықтайды. *Жаңа кейнстік экономикада DSGE моделі – ең көп қолданылатын талдау құралы. Ол саяси талдау мен болжам жасауда көп қолданылады.

динамикалық тепе-теңдік (dynamic equilibrium) Уақытаралық жағдайдағы тепе-теңдік, яғни ол экономикада бір уақыт кезеңінен артық кезең болғанда орын алады. Динамикалық тепе-теңдік сипаттамасы нақты модельдің орналасуына тәуелді болады. Мысалы, пайдалылық функциясымен және уақыт дисконттау коэффициентімен сипатталатын шексіз өмір сүретін тұтынушысы бар экономикада қысқамерзімді өндіріс технологиясы және әр кезең үшін бастапқы қайырымдылықтың шектеулі реттілігі – Уальрас тепе-теңдігі шектеулі өндіріс жолымен және шектеулі баға реттілігімен сипатталады. Мұнда тұтыну жолы әр кезеңде болуы мүмкін және ол бірыңғай жиынтық бюджеттік шектеулер жағдайында дисконтталған пайдалылық ағынын барынша арттыра алады, ал өндіріс жолы қысқамерзімді пайданы арттырады. Бұл жағдайда бірыңғай бюджеттік шектеулер *толық нарық болжамын білдіреді, яғни нөлдік уақытта әр күндегі әр тауар үшін форвард нарық бар екенін немесе уақыт өте келе сатып алу қабілетін трансферлеу үшін активті (мысалы, ақша) пайдалануға болатынын көрсетеді. ТЕҢЕСТІРІЛГЕН ӨСУ ЖОЛЫН *да қараңыз.*

динамикалық тиімсіздік (dynamic inefficiency) Уақытаралық экономиканың тепе-теңдігі ресурстарды қайта бөлу мүмкін болғанда және Парето бойынша жақсартуға қол жеткізгенде динамикалық тұрғыдан тиімсіз. Тиімді болу үшін тепе-теңдік әр уақыт мезгілінде тауарларды тиімді бөлуге және уақыт бойынша тұтынуды тиімді бөлуге қабілетті болуы керек. Динамикалық тиімсіздік экономикасында шектен тыс жинақ шектен тыс капиталдың жинақталуына және тұтынудың уақыт бойынша дұрыс емес бөлінуіне әкеледі. Динамикалық тиімділік *алтын ережемен сипатталады. ҰРПАҚТАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАНЫ *да қараңыз.*

динамикалық үйлесім жоғы (dynamic inconsistency) Белгілі бір уақытта шешім қабылдаған тұлғаның оңтайлы жоспары уақыт өте келе оңтайлы болмайтын жағдай. Бұл ойын теориясында ойыншы ойын кезінде таңдалған стратегияны өзгерткісі келгенде орын алуы мүмкін. Мысалы, үкімет қызметкерлерді жалақының аз көлемде өсуіне келісуге шақыру үшін қатаң ақша-несие саясатын жариялауды оңтайлы шешім деп табуы мүмкін. Жалақы деңгейін аз көлемде өсіруді қабылдағаннан кейін үкімет өндірісті ынталандыру үшін еркін ақша-несие саясатын жүргізуді қолайлы деп есептеуі мүмкін. Динамикалық үйлесім жоғы *мінез-құлық экономикасында да көрініс табады. Мінез-құлық экономикасында ол «мезгілдік қайшылық» деп аталады. Уақытқа үйлеспейтін шешім қабылдаушы тұлға көптеген әртүрлі «меннен» құралған деп есептеледі. Әр «мен» белгілі бір уақытта шешім қабылдайтын тұлғаны білдіреді. Түрлі «мендер» жасаған таңдау тізбегі бастапқы «мен» жоспарлаған таңдаудан өзгеше болғанда мезгілдік қайшылық пайда болады.

директор (director) ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ; КОМПАНИЯ ДИРЕКТОРЫ; АТҚАРУШЫ ЕМЕС ДИРЕКТОРДЫ *қараңыз.*

директорлар кеңесі (board of directors) Компанияның лауазымды тұлғаларын тағайындайтын компанияның басшылық органы. *Компания директорларының көпшілігін компанияның жалпы жиналысында акционерлер сайлайды, бірақ кейде директорлар кеңесі сайлаусыз өзі директор тағайындауға өкілетті болады. Директорлар кеңесінің құрамына компанияда толық жұмыс істейтін немесе жұмыс уақытының көп бөлігін сонда жұмсайтын атқарушы директорлар, сондай-ақ атқарушы емес директорлар кіреді. Олар әдетте қажет коммерциялық тәжірибесі болғандықтан немесе компанияны беделді көрсететін атағы болғандықтан сайланады. Директорларға әдетте олардың компанияға көрсеткен қызметі үшін жалақы төленеді.

дирижизм (dirigisme) Мемлекеттің экономикаға не жүйелі түрде, не бірреттік арнайы негізде араласуға әзірлігі. Дирижизм *еркіндік, яғни экономикаға араласпау саясатына қайшы келеді.

дисконт мөлшерлемесі (discount rate) Болашақ түсімдер немесе төлемдердің ағымдағы құнын анықтау үшін олардың дисконтталған пайыздық мөлшерлемесі. Егер дисконт мөлшерлемесі жылына 100% пайыз болса, онда T уақыт аралығында төленуге тиіс A төлемінің *ағымдағы дисконтталған құны $V = A/(1 + r)^T$ -ге тең болады. ДИСКОНТ МӨЛШЕРЛЕМЕНІ ТЕСТІЛЕУДІ *да қараңыз.*

дисконт терезе (discount window) АҚШ депозит институттарын аймақтық Федералдық резерв банктерінің несиелеуі. Федералдық резерв жүйесі енгізілгенде дисконт терезе орталық

банктердің операциялары үшін негізгі құрал болуға тиіс еді. Бұл функцияны қазір *ашық нарықтағы операциялар атқарады. Алайда дисконт терезе бұрынғысынша банк жүйесіндегі өтімділік кернеуін жеңілдету тәсілі ретінде ақша-несие саясатында қолданылады.

дисконт, жеңілдік (discount) Бағаның төмендеуі. Кэш-дисконт немесе жылдам төлем жасағаны үшін жеңілдік дегеніміз – тауар құнын жылдам немесе қолма-қол ақшамен төлеген клиенттерге бағаның рұқсат етілген төмендеуі. Бағалы қағаздың ағымдағы нарықтағы бағасы оның өтелуге тиіс бағасынан төмен болса, онда бағалы қағазға дисконт беріледі. Болашақта алынатын төлемдердің *ағымдағы дисконтталған құны төлемдер кешіктірілген әр кезеңге пайызбен кеміту арқылы анықталады. Дисконтталған вексельдер дегеніміз төлемдерді уақытылы алу құқығын төмендетілген бағамен сатып алуы білдіреді. КЭШ-ДИСКОНТ; КӨЛЕМНЕН ЖЕҢІЛДІКТІ *қараңыз.*

дисконт мөлшерлеме тесті (test discount rate) Ұлыбритания үкіметінің *шығын мен пайданы талдауда қолданылатын пайданың нақты нормасы. Стандарт мөлшерлеме жылына 3,5 пайызды құрайды, бірақ келешекте 30 жылдан астам уақыт ішінде пайда болуы мүмкін шығындарды жабу мен пайданы алуға қатысты төмен мөлшерлеме қолданылады.

дисконтталған ақша ағыны (discounted cash flow) Әртүрлі болашақ күндердегі барлық таза ақша ағындарының *ағымдағы дисконтталған құнын қосу жолымен төлемдер ағынының таза ағымдағы құнын есептеу әдісі. T уақытындағы таза (шығынды есептегендегі) кіріс R_t , ал пайыздық мөлшерлеме $100r$ пайыз болсын делік. t уақытындағы таза

табыстың ағымдағы дисконтталған құны $R_t/(1+r)^t$ -ге тең болады. Ал дисконтталған ақша ағыны осы мәндердің болашақтағы қосындысын білдіреді. Ол былай беріледі:

$$F = \sum_{t=1}^{\infty} R_t / (1+r)^t$$

Төлемдер ағыны шексіз жалғасуы немесе $t > t^*$, $R_t = 0$ болады деп күтілуі мүмкін. R_t шамасының кейбіреуі теріс болуы ықтимал. Мысалы, төлемдер инвестициялық жобадан алынса немесе құрылысқа уақыт талап етілсе және жоба пайда әкеледі деп күтілгенге дейін сынау кезеңі бар болса, онда шама теріс болуы мүмкін. Сонымен қатар жобаның аяғында жобаны қолданыстан шығару шығыны да болуы мүмкін.

дисконт-хаус (discount house) Вексельдерді дисконттауға маманданған *Ситидегі институт.

дискрет айнымалы (discrete variable) Тек белгілі бір мәндерді, мысалы, бүгін сандарды қабылдай алатын айнымалы. Ол кейбір интервал ішінде кез келген мәнді қабылдай алатын үздіксіз айнымалы ұғымына қайшы келеді.

дискрет кездейсоқ айнымалы (discrete random variable) Кездейсоқ айнымалының ықтимал мәндерінің жиынтығы шектеулі немесе шектеусіз саналатын болса, онда кездейсоқ айнымалы дискрет немесе дискрет үлестірімі бар деп есептеледі. Дискрет кездейсоқ айнымалының *кумулятивтік таралу функциясы – сатылы функция. **ҮЗДІКСІЗ КЕЗДЕЙСОҚ АЙНЫМАЛЫНЫ *да қараңыз.***

дискрет таңдау моделі (discrete choice models) Тәуелді айнымалы *категориялық айнымалы болатын регрессиялық модельдер класы. Бұған мысал ретінде, *логит моделін және *пробит моделін

келтіруге болады. Екі модель де экономикада қолданылады.

дискрет уақыт (discrete time) Динамикалық экономикалық модельде уақытты $t = 0, 1, 2, 3, \dots$ уақыт кезеңдері бар дискрет айнымалы ретінде көрсету. T кезеңінен $t + 1$ кезеңіне дейінгі жүйенің эволюциясын анықтайтын айырымдық теңдеулермен сипатталатын дискрет уақыттағы процестер. Бұл ұғым процестер айырымдық теңдеулермен сипатталатын уақытты үздіксіз айнымалы деп қарастыратын ұғымнан ерекшеленеді. **ҮЗДІКСІЗ УАҚЫТТЫ да қараңыз.**

дискрет үлестірім (discrete distribution) ДИСКРЕТ КЕЗДЕЙСОҚ АЙНЫМАЛЫНЫ **қараңыз.**

дискреттік (discretion) Саясаттың уақыт өткен сайын жаңа ақпаратқа жауап ретінде баяу өзгеруі. Бұл саясат ережесі басында белгіленетін және қайта қаралуы мүмкін емес болатын *алдын ала міндеттемеден ерекшеленеді. «Ереже мен дискреттік» қарсылығына қатысты әдебиетте саясаттың осы формаларының қайсы артық екенін зерттеледі. Саяси ойындарда дискреттік *тұйық циклді тепе-теңдікке байланысты болады.

дискрециялық саясат (discretionary policy) Дискрециялық саясат жағдайында саяси шараларды таңдау, олардың ауқымы мен мерзім саясатты айқындайтын тұлғаның шешіміне байланысты болады. Бұған балама ретінде *ережелерге сүйенетін саясат қолданылады. Онда саясаткер алдын ала жарияланған ереже немесе әрқашан нақты анықталған прецедент бойынша жүреді. Ережелерді дискрециядан артық көруге билік өз қалауы немесе дискрециясы бойынша әрекет етсе, олар

ұзақмерзімді шығын есебінен қысқамерзімді пайда алуға тырысуы мүмкін деген аргумент келтіруге болады. Мысалы, инфляцияның ұзақмерзімді өсуі есебінен өндіріс көлемінің жедел өсуін қамтамасыз ету мақсатында ақша-несие саясатын бақылайтын мекеме қысқамерзімді *Филлипс қисығын қолдануы мүмкін. Ережелерге ерекше тәуелді болғанша дискрециялық саясатты қолдануға басты аргумент ол ережелер алдын ала ойластырылған ауытқу түрлерін ғана басқара алады деген ойға сүйенеді. Жаңа немесе күтпеген нәрсе пайда болса, ол жағдайда аталған ережелерді қолдану мүмкін емес. **МІНДЕТТЕМЕ ДИСКРЕЦИЯНЫ да қараңыз.**

дискрециялық шығын (discretionary spending) Мемлекеттік орган жүргізуге уәкілетті, бірақ заң бойынша жүзеге асыруға міндетті емес шығын. Бұл мемлекеттік жобалар және жеке тұлғаларға немесе ұйымдарға гранттар секілді нақты тауарлар мен қызметтерге арналған шығынды қамтуы мүмкін. Дискрециялық шығын белгілі бір шығын формасы зейнетақы немесе мүгедектік бойынша жәрдемақы сияқты жүйелерді реттейтін, заң талап ететін *міндетті шығын бағдарламасынан ерекшеленеді.

дискриминанттық талдау (discriminatory analysis) Топтан алынатын жеке тұлғалар іріктемесін ескере отырып, халықтың дұрыс тобына жеке тұлғаларды бөлу әдісі. Дискриминанттық талдаудың негізіне дұрыс емес жіктеу ықтималдығы өте аз болатын жеке тұлғаларды дұрыс топқа бөлу ережесі жатады. *M* сызықтық дискриминанттық талдауда сызықтық дискриминанттық функциялар *m* санаты үшін ғана анықталады. Әр функция – айнымалылардың сызықтық комбинациясы немесе

бақылау арасындағы айырмашылықты анықтау үшін қолданылатын атрибут. Әр функция үшін коэффициенттер оқу жиынтығы деп аталатын алдыңғы бақылаулар мысалына сүйеніп есептеледі. Осы категориялардың біреуіне жаңа бақылауды белгілеу үшін m дискриминанттық функцияның әр мәні бағаланады. Сондай-ақ дискриминанттық функциялар мәндері жоғары болғандарға категория таңдалады.

дискриминация, кемсіту (discrimination) 1.

Еңбек қатынастарында – жеке тұлғаларға бірдей емес қатынас көрсету. Ол еңбекке орналастыру немесе жұмысқа қабылдау кезіндегі түрлі талаптар болуына байланысты туындайды. Ол талаптар жұмысшыларды жұмысқа алу барысында нәсілін, жынысын, дінін, жасын, отбасылық мәртебесін немесе кәсіподақ мүшелігіне қатысты бірнеше жеке сипатын ескереді. Көп елде мұндай тәжірибе заңсыз саналады.

2. Халықаралық саудада – импортты шыққан еліне қарай түрлі негізде қарастыру. Еркін сауда аймағында, кедендік одақта немесе ортақ нарықта мүше емес елдерден әкелінетін тауарларға тариф салынады, ал мүше-мемлекеттерден импортталатын тауарларға салық салынбайды. Тіпті еркін сауда аймақтары мен ортақ нарықтарды бірыңғай сауда-саттық аймақтары ретінде қарастырғанның өзінде де әртүрлі мүше емес мемлекеттер арасында дискриминация жасалуы ықтимал. Ондай мысалдарға белгілі бір елдердің тауарларына арналған тарифтеріне берілген артықшылықтар немесе импорттың нақты бір көздеріне қолданылатын арнайы квоталық келісімдер жатады. Ал *ең қолайлы мемлекет принципі барлық мемлекеттің тауарлары ең қолайлы шарттармен ғана алынады деп тұжырымдайды. *Дүниежүзілік сауда ұйымы елдерді дискриминация жасамауға

міндеттесе де, дүниежүзілік сауданың басым бөлігі іс жүзінде түрлі дискриминацияға ұшырайды.

дискриминациялық монополия (discriminating monopoly) Монополистің түрлі тауарларды түрлі бағамен сатуы. *Баға дискриминациясының әртүрлі дәрежесі бар. Мысалы, үшінші дәрежелі баға дискриминациясы кезінде әр нарықтан әртүрлі баға алынады. Ең жоғары пайда алу үшін монополист бағаны әр нарықтағы шекті пайда шекті шығынға тең болатындай етіп белгілейді. Сұраныс икемділігі түрлі нарықтарда әртүрлі болса, сұраныс икемділігі төмен нарықтарда пайданы арттыратын баға жоғары, ал сұраныс икемділігі жоғары нарықтарда төмен болады. Монополист әр клиент қай нарыққа жататынын және нарықтар арасында қайта сату қымбат немесе мүмкін емес екенін білген жағдайда ғана дискриминациялық монополияны жүзеге асыруға болады.

дисперсия (dispersion) Деректер нүктелерінің таңдамалы орта айналасында таралуы. Дисперсиялық өлшемнің ең көп таралған түрлеріне *стандарт ауытқу және *вариация коэффициенті жатады. Вариация коэффициенті таңдамалы ортаға қатысты стандарт ауытқудың коэффициенті болып анықталады. Соңғысының артықшылығына оның өлшем бірліктеріне тәуелді еместігі жатады.

дифференциал ойын (differential game)

Екі ойыншы стратегиясымен анықталатын айнымалы жағдайындағы өзгеріспен ұзақ уақытта орнатылатын ойын түрі. Уақытты t , ал t уақытындағы жүйенің жағдайын $x(t)$ деп белгілейік. Онда екі ойыншы бар деп топшылайық. 1-ойыншы $u(t)$ стратегиясын, ал 2-ойыншы $v(t)$ стратегиясын таңдаса,

онда $\dot{x}(t)$ жағдайындағы өзгеріс $\dot{x}(t) = f(x(t), u(t), v(t))$ дифференциал тендеуімен анықталады. Екі ойыншыға төлемдер жүйенің жағдайымен анықталады. ОҚТАЙЛЫ БАСҚАРУДЫ да қараңыз.

доғалық икемділік (arc elasticity) Соңғы диапазондағы екі нүкте арасында өлшенген бір айнымалыдағы пропорционал өзгерістің басқа айнымалыдағы пропорционал өзгеріске қатынасы. Доғалық икемділік *нүктелік икемділіктен ерекшеленеді. Нүктелік икемділік – екі нүкте жақындағанда доғаның икемділігіне жақындайтын шек.

доллар (dollar) (\$) Бірнеше ел өз ұлттық валютасының атауы ретінде «доллар» сөзін пайдаланады. Бұл елдерге Австралия, Канада, Фиджи, Гонконг, Ямайка, Жаңа Зеландия, Сингапур және АҚШ жатады. Ешбір анықтама-сыз айтылған «доллар» атауы АҚШ долларын білдіреді. Ал доллар жергілікті валютасы болып табылатын елдерде «доллар» сөзі жергілікті валютаны білдіреді.

доллар стандарты (dollar standard) Басқа мемлекеттер өз валюта бағамын АҚШ долларына байлайтын айырбас бағамын басқару жүйесі. Сонымен қатар бұл мемлекеттердің өзінің *шетел валютасы резервтерін АҚШ долларымен ұстауы. 1950 және 1960 жылдары қолданылған *Бреттон-Вудс айырбас бағамы жүйесі іс жүзінде доллар стандарты болды. Соңғы уақытта АҚШ-тың дүниежүзілік экономикадағы доминант позициясының әлсіреуі элементінің доллар стандартын қабылдау деңгейін төмендетті.

долларландыру (dollarization) Мемлекеттің шетел валютасын (жиі долларды) ұлттық валютамен қатар немесе оған балама ретінде пайдалануы.

домино әсері (domino effect) Бір мемлекеттің бір ұйымға қосылуы немесе жаңа саясат қабылдауы басқа елдерді олардың мысалын ұстануға итермелейтін тенденция. Сауда блоктарына қосылуға қатысты негізгі себеп блок аутсайдерлер есебінен мүшелерге пайда әкелуі болуы мүмкін. Ал саясат жағдайына келсек, егер бір мемлекет шетелдік инвестицияларды тарту үшін салықтық жеңілдіктер немесе субсидиялар берсе, бұл басқа елдерден инвесторлар тартуға әсер етуі мүмкін. Сәйкесінше, ол басқа елдерді ұқсас жеңілдіктер жа-сауға итермелейді.

домино әсері (knock-on effect) Бір іс-әрекет не оқиғаның қосалқы немесе жа-нама әсері бар екенін білдіретін идея. Экономикада домино әсері экономика-ның жүйе ретінде қызмет атқаратынын еске салады, онда кез келген әрекеттің қосалқы әсері тек жаңа *тепе-теңдікке қол жеткен жағдайда тоқтайды.

дотациялық аймақ (Assisted Area) *Жұмыссыздық деңгейі тұрақты түрде жоғары болуына байланысты инвестицияны ынталандыру үшін *Еуропалық комиссияның мемлекеттік көмек ережелеріне сәйкес арнайы мемлекеттік көмек алуға құқылы Ұлыбритания аймағы. Дотациялық аймақтар аралық аймақтарға қарағанда көп көмек алуға құқылы. Осы аймақтар үшін субсидия Еуропалық одақтың Еуропадағы өңірлерді дамыту қоры арқылы береді. 1930 жылдан бастап түрлі бағдарламалар шеңберінде дотациялық аймақтарға арнайы көмек көрсетілетініне қарамастан, өңірлер арасында жұмыссыздық деңгейіндегі айырмашылықтар сақталып келеді.

дотком немесе интернет компания (dot-com company) Интернетпен жабдықтайтын және интернет арқылы сауда

жүргізу секілді түрлі қызметтерді ұсынатын компаниялардың жалпы атауы. Мұндай фирмалар 1990 жылдардың аяғындағы доткомдардың көпіршігі кезінде көп мөлшерде пайда болды. Ол көпіршік 2001 жылы жарылды. Қазірде доткомдар – бизнес ортаның қалыптасқан сипаты және бұл термин тарихи термин болды.

Доу-Джонс (Доу-Джонс өнеркәсіп индексі) (Dow Jones) (Dow Jones Industrial Average) АҚШ қор нарығындағы жетекші баға индексі. Бұл АҚШ-тың ең көп сатылатын 30 өнеркәсіп акцияларының индексі. Доу-Джонс басылымдары сондай-ақ көлік және коммуналдық қорлардың көрсеткіштерін және құрамды индексті қамтиды, бұл барлық үшеудің орташа мәні.

дөңес қалау (convex preferences) Екі бірдей құнды нәтиженің үйлесімі кем дегенде жеке нәтижелердің кез келгені сияқты жақсы екенін көрсететін *қалау. Қалау қатты дөңес болса, онда үйлесім оңтайлығы өте жоғары. X -тің нәтижесі u -тің нәтижесіне қатысты құны тең бағаланған деп ұйғарайық және z үйлесімін $z = \lambda x + (1 - \lambda)u$ ретінде анықтандық делік. Кез келген λ , яғни $0 \leq \lambda \leq 1$ үшін z кем дегенде x секілді жақсы болса, онда қалау дөңес болады. Кез келген λ , яғни $0 < \lambda < 1$ үшін x -ке қарағанда z көбірек қалаулы болса, онда қалау қатты дөңес болады.

Дробиш баға индексі (Drobisch price index)

*Базалық өлшенген немесе Ласпейрес индекстері және *ағымдағы өлшенген индекстердің (Пааше индексі) арифметикалық ортасы ретінде анықталатын баға индексі.

дуополия (duopoly) Нарықта тек екі фирма ғана бар болатын *олигополияның ерекше жағдайы. БЕРТРАН БӘСЕКЕСІ;

КУРНО БӘСЕКЕСІ; ШТАКЕЛЬБЕРГ ДУОПОЛИЯСЫН *да қараңыз.*

дуопсония (duopsony) Нарықта тек екі сатып алушы болатын жағдай. Бұл сұраныс бойынша нарықта тек екі сатушы ғана бар болатын *дуополияға паралель болып келеді.

Дурбин тесті (Durbin's test) *Дурбин-Уотсон тесті жарамсыз болғанда, кешеуілдеген тәуелді айнымалы бар кездегі қатедегі бірінші реттегі реттік корреляция үшін тест. Бұл тест статистикасы негізгі регрессиядағы *қарапайым ең кіші квадраттар қалдықтарына сүйенеді және оның реттік корреляция емес нөлдік гипотезада асимптотикалық стандарт қалыпты бөлінісі болады.

Дурбин-Уотсон тесті (Durbin-Watson test)

Сызықтық регрессиядағы қателердің бірінші кезектегі реттік корреляцияның баламасына қайшы, нөлдік гипотезада реттік корреляцияның жоқтығын тексеретін тест. Бұл тест статистикасы *қарапайым ең кіші квадраттардың қалдықтарына сүйенеді және оның нөлдік гипотезада түсіндірме айнымалылардың мәніне тәуелді бей-стандарт бөлінісі болады. Түсіндірме айнымалылардың мәніне тәуелді емес тек қана регрессорлардың өлшемі мен санына тәуелді сыни мәндердің жоғарғы шегі мен төменгі шегі Монте-Карло симуляциясын қолдану арқылы кестеге түсіріледі. Дурбин-Уотсон тесті сыни мәндерді емес осы шектерді қолданады. Егер регрессияның түсіндірме айнымалылар арасында кешеуілдеген тәуелді айнымалы болса, онда бұл тест жарамсыз болып саналады. Ол жоғары кезекті реттік корреляцияларды тестілеу үшін де қолданылмайды. Егер тест статистикасының мәні сыни мәндердің жоғары және төменгі шектерінде болса, онда шектер тесті нәтиже

бермейді. Сондай-ақ МОНТЕ-КАРЛО ӘДСІН қараңыз.

дұшпандық ниеттегі ұсыныс (hostile bid)

Компанияның директорлары қарсылық білдіретін *жұтылу ұсынысы. Директорлар компания өзіне жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, тәуелсіз болуы керек деп санағандықтан немесе олар қазіргі не бәсекелес сауда-саттық қатысушыларынан бұдан да жоғары ұсыныс алуға үміттенгендіктен ұсыныс қабылданбауы мүмкін.

дұшпаннан қорғану (shark repellent)

Болуы мүмкін жұтуға қатысушылар үшін компанияны ұнамсыз ету мақсатында жасалатын келісімшарттар. Директорлармен арада жасалуы мүмкін, лауазымынан айырылған жағдайда ірі төлемге құқық беретін немесе компанияның маңызды актив бөліктерін не компания акцияларын арзандатылған бағамен сатып алуға мүмкіндік беретін келісімшарттар.

Дүниежүзілік банк (World Bank)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІН қараңыз.

Дүниежүзілік даму көрсеткіштері (World Development Indicators)

1960 жылдан бастап уақыт қатарлары мен

өзгермелі даму деңгейін көрсететін, *Дүниежүзілік банк жыл сайын ұлттық, өңірлік және жаһандық дереккөздерінен жинайтын деректер. 2016 жылы аталған деректер 214 ел көрсеткіштерін және білім беру, қоршаған ортаны қорғау, экономикалық саясат пен борыш, қаржы секторы, денсаулық сақтау, инфрақұрылым, әлеуметтік қорғау мен еңбек, кедейлік, жеке сектор және сауда, сондай-ақ мемлекеттік секторға байланысты айналыстарды қамтыған.

Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) (World Trade Organization) (WTO)

Халықаралық сауданы қадағалау және жетілдіру жөніндегі халықаралық ұйым. Халықаралық сауда ұйымын құру туралы ұсыныс 1944 жылы *Бреттон-Вуд конференциясында ұсынылғанмен, жүзеге аспаған; оның орнына *Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім (ГАТТ) жұмысын бастады. ГАТТ Уругвай раундында сауда келіссөзін ұйымдастырып, 1994 жылы тауарлар мен қызметтердің көптарапты саудасын жетілдіру мен жеңілдету жөніндегі функцияларды мойнына алған ДСҰ құрылуымен аяқталған болатын. www.wto.org – ДСҰ ресми сайтында сауда, сауда жөніндегі келіссөз және сауда статистикасы туралы ақпарат алуға болады.

Е

Евробарометр (Eurobarometer)

*Еуропалық комиссияның коммуникация қызметі ЕО елдерінде жүргізетін *Еуропалық одақ мәселелеріне қатысты зерттеулер кешені. Стандарт Евробарометр – ЕО-ның әр елінде мың адамнан тұрақты түрде сауалнама жүргізу. Арнайы Евробарометр ЕО-ның әртүрлі мекемелері мен ЕО институттары үшін нақты тақырыптарға назар аударады, ал Флэш-Евробарометрлер нақты мақсатты топтарға бағытталған. Жақында осы зерттеулер «қоғамның пікірі» атты жалпы бір бөлімге біріктірілді. ec.europa.eu/COMMFrontOffice/PublicOpinion/ – Еуропалық одақтың қоғамдық пікір сайтының бас беті.

екі алшақтықты модель (two-gap model)

*Нашар дамыған елдердің дамуы екі алшақтықпен шектеледі деген болжам бар: шарықтау үшін талап етілетін ішкі жинақ пен инвестициялар арасындағы және даму үшін қажет экспорт пен импорттан түсетін табыстардың алшақтығы. *Ұлттық кірісті есепке алу теориясы бұл аралықтар тәуелсіз деген болжам жасайды.

екі деңгейлі басқару (two-tier board)

Екі *директорлар кеңесі бар компанияны ұйымдастыру жүйесі. Жалпы саясат қызметкерлерден де, сондай-ақ акционерлерден де тұратын бақылау кеңесімен айқындалады, ал күн сайынғы негізде қабылданатын шешімдер басқармамен қабылданады. Бұл бөлімнің

мақсаты – басқарма арқылы саясатты тиімді жүзеге асыру жолымен басшыларға қажет өкілеттікті сақтай отырып, бақылау кеңесіне қызметкерлердің өкілдерін қосу жолымен олардың арасында ақпаратты ілгерілету және ықыласына бөлену. Бұл жүйе салыстырмалы түрде Германияда кеңінен таралған.

екі тараптың тарифі (two-part tariff)

Клиенттер келешектегі сатып алуда бірлікке арзандатылған бағамен төлем жасау үшін кейбір берілген бір көлемге дейін сатып алуда бірлікке артық төлейтін баға белгілеу жүйесі. Мұндай жүйе клиент сәйкестендірілуі мүмкін болғанда, ал қайта сату қиындатылғанда ғана мүмкін болады. Екі тараптың тарифі пайдаланына дәлел – бірінші *n* сатып алынған бірліктің неғұрлым жоғары бағасы нақты клиентке жеткізуге арналған *үстеме шығынды көрсетеді, мысалы, олар қандай мөлшерде көп немесе аз сатып алғанына қарамастан, газ, электр энергиясы және су жеткізушілері желіге қосылу шығынын көтереді. Ең қарапайым екі тараптың тарифі тұтыну бірлігіне тұрақты төлем артынан жүретін бекітілген төлемді қамтиды. *Клуб контексінде тұрақты сома мүшелік жарна ретінде қарастырылуы мүмкін. Екі тараптың тарифтері – *тұтынушы профицитінің бір бөлігін алуға бағытталған *екінші дәрежелі баға дискриминациясының ерекше жағдайы.

екіжақты бухгалтерия (double entry book-keeping) Әр операция бір мезгілде әрі дебет, әрі кредит ретінде есептеле-тін есептеу жүйесі. Бұл операцияның нақтылығын тексеруге мүмкіндік береді. Осылайша сатылым оны өндірген бөлім үшін кредит, ал оны сатып алған тұтынушы үшін дебет болады. Сонымен қатар сатылым оны өндірген бөлім үшін дебет, ал оны сатып алған тұтынушы үшін кредит бола алады. Кредит үшін бағандар, ал дебет үшін қатарлар қолданылса, онда екіжақты бухгалтерияны бір кестеде көрсетуге болады. Екіжақты бухгалтерияда шоттарды тексергенде әр дебетке сәйкес келетін кредиті болуы керек және барлық кредит пен дебет есебінің жалпы қосындысы тең болуға тиіс.

екіжақты монополия (bilateral monopoly) Нарықта жалғыз сатушы (монополист) мен жалғыз сатып алушы (монопсонист) болуы. Бұл жалғыз жеткізуші фирма жалғыз мемлекеттік сатып алушыға, мысалы, Қорғаныс министрлігіне тап болған жағдайларда немесе жалғыз кәсіподақ жалғыз жұмыс берушіге, мысалы, мемлекет меншігіне өткен өнеркәсіпке тап болған жағдайда орын алуы мүмкін. Екіжақты монополия жағдайында баға мен көлем екі тарап арасындағы саудаласу барысында айқындалады.

екіжақты сауда (bilateral trade) Кез келген екі ел арасындағы сауда балансы сақталуы немесе кез келген теңгерімсіздік екі ел арасында берілетін несиелер есебінен қаржыландырылуға тиіс жағдай. Бұл сауданың *көпжақты саудадан ерекшелігі – көпжақты саудада басқа барлық мемлекеттер жүргізген сауда теңгерілуі немесе басқа мемлекеттерден алынатын жалпы несиелер есебінен қаржыландырылуға тиіс. Екіжақты сауданың ұлттық деңгейдегі *бартер

кемшілігі бар. Кейбір сауда серіктестерімен арадағы профицитті, енді біреуімен арадағы дефицитті басқару, сондай-ақ жалпы профицит пен дефицитті басқа мемлекеттерге қарыз беріп немесе қарыз алып қаржыландыру өте тиімді. *Айырбасталатын валютасы бар ел үшін екіжақты саудада ағымдағы немесе капитал шот профициті мен дефицитінің еш маңызы жоқ. Тек жалпы немесе көпжақты баланс маңызды.

екіжақты тест (two-tailed test) Егер тест статистикасы жеткілікті деңгейде өте үлкен немесе жеткілікті деңгейде аз болса, бұл гипотеза – ауытқитын статистикалық гипотезаны тексеру. Тексерілетін әсер бағыты априори белгілі болмағанда қолданылады. Сондай-ақ БІРЖАҚТЫ ТЕСТІНІ қараңыз.

екіжақтылық (duality) Бір мәселені қараудың бірнеше жолы бар екенін білдіретін идея. Оңтайландыру теориясында қолданылатын екіжақтылық әр максималдау мәселесінің екі минималдау мәселесі барын және керісінше екенін білдіреді. Шектеулер мен мақсаттарды өзгерту арқылы кез келген мәселені екіжақты етуге болады. Тұтынушы теориясында бюджеттік шектеулерге қатысты пайдалылықты барынша арттыру мәселесі пайдалылықтың белгілі бір деңгейіне қол жеткізуге қатысты шығынды барынша азайтуға екіжақты болып келеді. Екіжақтылықты пайдалану шешімді көрсетудің балама жолдарын қамтамасыз етеді. Мысалы, *шығын функциясы және *жанама пайдалылық функциясы – тұтынушы мінез-құлқының эквивалент көрінісі.

екінші дәрежелі баға дискриминациясы (second-degree price discrimination) Өнімнің түрлі бірліктері түрлі бағамен сатылатын *баға дискриминациясы формасы. Ірі көлемдегі сатып

алуда берілетін жеңілдік екінші дәрежелі баға дискриминациясына мысал бола алады. Тауарларды топастыру – екінші дәрежелі баға дискриминациясының тағы бір түрі. Екі өнім (мысалы, компьютер мен операциялық жүйе) жеке-жеке немесе жиынтықта сатылуы мүмкін. Жиынтықта сату бағасы екі өнім бағасынан төмен болуы – екінші дәрежелі баға дискриминациясы. Сатушы үшін жиынтық сатудың пайдасы – өнімдерді жеке-жеке сатып алмайтын қосымша тұтынушыларды тарту. Сондай-ақ БІРІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ БАҒА ДИСКРИМИНАЦИЯСЫ; ҮШІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ БАҒА ДИСКРИМИНАЦИЯСЫН қараңыз.

екінші ретті аппроксимация (second-order approximation) Жоғары дәрежелі мүшелерді шамалы деп болжап, тек сызықтық және квадрат мүшелерді ғана сақтай отырып, Тейлор қатарына кездейсоқ функцияны аппроксимация арқылы кеңейту. Ол, мысалы, белгісіздік жағдайында тәуекел етпеуді көрсету үшін жеке таңдау модельдерінде және табыс бөлу эсерін көрсетудегі әл-ауқат моделінде қолданылады. Сондай-ақ СЫЗЫҚТЫҚ АППРОКСИМАЦИЯНЫ қараңыз.

екінші ретті баға аукционы (second-price auction) Жабық ұсыныстар берілетін және тауар үлкендігі жағынан екінші ретті ұсынылған бағаға сатылатын *аукцион. БІРІНШІ РЕТТІ БАҒА АУКЦИОНЫН да қараңыз.

екінші ретті нарық (secondary market) Акцияларды қайта сату нарығы. Бұл жаңа шығарылған акциялар нарығынан ерекшеленеді: акциялар бойынша жасалатын мәмілелердің басым көпшілігі екінші ретті нарықта жүзеге асады. Акциялардың өтімді екінші ретті нарығы болуы – оларды жаңа шығарылым ретінде сатуға қабілетті ететін

маңызды фактор. Жақында шығарылған акцияларды сатып алғысы келетін адам оларды оңай сата алмайтынын, бірақ ұстап тұруы керек екенін білсе, олар бірінші кезекте сатып алуға тәуекел етпеген болар еді.

екінші үздік (second-best) Саясатты айқындайтын тұлғаның технология мен қабілет шектеулерінен қосымша бір немесе бірнеше шектеуге ұшырайтын жағдай. Саясаткер тек технология және қабілетпен ғана шектелгенде экономиканың тиімділігі үшін қажет шарттар жиынтығына толық сай келетін *ең жақсы нәтижеге қол жеткізуі мүмкін. *Асимметриялық ақпарат немесе сөзсіз *монополиялық билік сияқты қосымша шектеулер болса, жағдай екінші үздік болғаны. Липси-Ланкастердің екінші үздік теориясы осы жағдайларда оңтайлы саясатты қалай таңдауға болатынын көрсетеді. Теорияның негізгі нәтижесі тиімділіктің ең болмағанда орындалмайтын бір шарты болса, тиімділік шарттарының ешқайсына сай келмейтін оңтайлы үлестіруді таңдауға болады. Басқаша айтқанда, бір нарықта тиімділіктен ауытқу байқалса, онда басқа нарықтардағы бұрмалануды өтеу жолымен оған қарсы әрекет жасау тиімді болуы мүмкін. Саясат мағынасы – тиімділік шарттарына ішінара сай болу әдетте оңтайлы саясат емес.

екіүштылық (ambiguity) Шешім қабылдайтын тұлға болуы мүмкін болашақ оқиғаларды білетін, бірақ әр оқиғаға қандай ықтималдық тағайындау мүмкіндігін білмейтін жағдай. Оны шешім қабылдайтын тұлға оқиғаларға қатысты қандай ықтималдық таралуы мүмкін екенін біледі және әр таралуға ықтималдық тағайындайды деп болжай отырып модельдеуге болады. Екіүштылық мысалына мыналар

жатады: болашақта болуы мүмкін оқиғалар жоғары инфляция немесе төмен инфляция деп есептейік. Шешім қабылдаушы екі ықтималдық таралуы мүмкін екенін біледі. Олар: 60 пайыз ықтималдығы бар жоғары инфляция (және 40 пайыз ықтималдығы бар төмен инфляция) немесе 30 пайыз ықтималдығы бар жоғары инфляция (және 70 пайыз ықтималдығы бар төмен инфляция) және осы таралудың әрқайсына 50 пайыз ықтималдық тағайындайды. Екіұштылық құлықсыздық (ықтималдық таралуы мүмкін) пен қатердің (бірегей ықтималдық таралуы бар) арасында жатады. МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЭКОНОМИКАСЫН *қараңыз*.

екіұштылық ережесі (ambiguity rule)

АҚШ құқық ережесі. Бұл ереже бойынша соттар сақтандыру келісімшартындағы екіұштылықты сақтандырылушы пайдасына, яғни сақтандырушыға қарсы интерпретациялауы керек. Сақтандыру бойынша келіспеушіліктерді жену үшін сақтандырылушы тарап келісімшарттың екіұштылығын дәлелдеуде келісімшартты өзінің түсіндіруі дұрыс (жүйелі) екенін көрсетуі керек.

Ел ішіндегі табыс (Inland Revenue)

ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ ТАБЫС ЖӘНЕ КЕДЕН БАСҚАРМАСЫН *қараңыз*.

елтаңба бажы (stamp duty), елтаңба салығы (stamp tax)

Құжаттардың заңды күші болуы үшін ресми мөрдін болуын талап етуден алынатын операциялар салығы. Бір кездері Ұлыбританияда чектерге шағын елтаңба бажы болған, қазіргі уақытта ол кейбір мүлікті сату және акцияларды беруден алынады.

еншілес компания, еншілес ұйым (subsidiary) Басқа фирмаға тиесілі немесе бақылауындағы фирма. Еншілес

фирмаларға инвестициялық жобалар және сол топ фирмаларымен немесе өзгелер арасындағы сауда-саттық таңдау секілді орталықсыздандырылған шешім қабылдауға рұқсат етілген дәрежеде үлкен айырмашылықтар бар.

ең жоғары ақиқатқа жақын бағалаушы (maximum likelihood estimator)

Іріктеменің *ақиқатқа жақындық функциясын барынша арттыру арқылы алынған белгісіз үлестірім параметрлерін бағалау.

ең жоғары жүктеме (peak-load pricing)

Өсу кезеңінде жеткізілетін бірліктердің бағасы басқа кезде жеткізілген бірліктерден артық болатын баға құрылымы. Жүктемені арттыруға дәлел – қуатқа, көлікке немесе телефон жүйесіне қажет *қауқар, ол қамтамасыз ететін ең жоғарғы шығыммен анықталады. Сұраныс күнделікті немесе маусымдық түрде өзгерсе, шыңына жеткендегі бағаның жоғары болуы тарифтерді тұтынушыларға шекті кезеңдерде енгізудің қосымша қауқар шығынын көрсетеді. Ол сондай-ақ тұтынушыларға ең төмен баға бойынша экономикалық белсенділіктің шыңы кезеңінен аулақ бола алатын ынталандыруды ұсынады.

ең кіші квадраттар әдісі (least squares)

Эконометрикалық (немесе статистикалық) модельдің белгісіз параметрлерін қажет шаманың бақыланатын мәні мен модель арқылы болжанатын осы шаманың мәні арасындағы айырымдар квадратының қосындысын минималдау жолымен бағалау әдісі. ГАУСС-МАРКОВ ТЕОРЕМАСЫ; ЕҢ КІШІ КВАДРАТТАРДЫҢ ЖИЫНТЫҚ ӘДІСІ; ЖАНАМА ЕҢ КІШІ КВАДРАТТАР; ҚАРАПАЙЫМ ЕҢ КІШІ КВАДРАТТАР; БІРІККЕН ЕҢ КІШІ КВАДРАТТАР; ЕКІ САТЫЛЫ ЕҢ КІШІ КВАДРАТТАР; ӨЛШЕНГЕН ЕҢ КІШІ КВАДРАТТАРДЫ БАҒАЛАУШЫ ТЕРМИНДЕРІН *қараңыз*.

ең кіші квадраттар әдісі бойынша өсу қарқыны (least-squares growth rate) Айнымалы фактордың өсу коэффициентін бағалау, әдеттегі регрессиядан шығатын тұрақты айнымалы коэффициенттен *қарапайым ең кіші квадраттар әдісімен және сызықтық уақыт трендімен алынады. Бұл әдіс тұрақты экспоненциал өсу қарқыны туралы болжамға сүйенеді.

ең кіші квадраттарды жалпылама әдіспен бағалау (ЕККЖӘБ) (feasible generalized least squares estimator) (FGLS) ЕҢ КІШІ КВАДРАТТАРДЫ ЖАЛПЫЛАМА БАҒАЛАУДЫ қараңыз.

ең кіші квадраттардың екі деңгейлі әдісі (инструментал айнымалыны бағалау) (two-stage least squares) (instrumental variable (IV) estimation) Эндогендігі бар сызықтық регрессияның *қарапайым ең кіші квадраттарды (ҚЕКК) бағалауды кеңейту, яғни *қалдық мүшені тәуелсіз айнымалылармен корреляциялауды орнату. Бірінші кезеңде эндоген тәуелсіз айнымалы ҚЕКК пайдалана отырып, сәйкесінше, таңдалған *инструментал айнымалылармен регрессияланады. Екінші кезеңде бастапқы регрессия ҚЕКК пайдалану арқылы бағаланады, бұл ретте эндоген тәуелсіз айнымалылар бірінші кезеңнен бастап таңдалған сәйкес мән-дермен ауыстырылады. Белгілі бір жағдайларда ЕКК2ДӘ (немесе IV) бағалауы *қиынды және *тиімді. Сондай-ақ ХАУСМАН ТЕСТІН қараңыз.

ең кіші тиімді ауқым (minimum efficient scale) Ауқымнан үнемдеудің барлық белгілі әсері таусылған кездегі кез келген қызметтің ең төмен деңгейі. Кей жағдайда шығынның үнемделуін тоқтататын өндірістің соңғы деңгейі болмайды, мысалы, шекті шығын тұрақты болғанда тұрақты шығын өндірістің бүкіл ауқымына тарауы мүмкін.

ең қолайлы мемлекет (most favoured nation) Сауда келісімі бойынша тең дәрежеде өтініш беруге құқығы бар ел. ЕҚМ тармағы серіктес елден әкелінетін тауарларды кез келген басқа елден келетін ұқсас тауарлардың импортына қарағанда кем емес деп қарастырады. *Тарифтер жағдайында бұл ешбір басқа шетелдік өнім серіктес елдерден төмен тарифке тап болмайды дегенді білдіреді. Сауда *квоталары шектеулі болғанда ЕҚМ мәні түсініксіз.

ең төмен баға (price floor) Нақты өнім немесе қызмет үшін үкімет белгілеген ең төмен баға.

ең төмен жалақы (subsistence wages) Қызметкерлерге өмір сүруге мүмкіндік беретін ең төмен жалақы деңгейі.

ең төмен күнкөріс деңгейі (subsistence level) Адамдар өмір сүре алатын тұтыну-дың ең төмен деңгейі.

ең төмен мемлекет (minimal state) Ұйымдасқан экономикалық қызметті қолдауда мемлекеттің экономикаға араласуы жеткілікті болатын үкімет. Ең төмен мемлекеттің міндеті – полицияны, сот жүйесі мен халықты қорғауды қамтамасыз ету. Бұл шаралар *меншік құқығын қорғау, келісімшарт заңдарын орындау және сауда артықшылықтарын қорғау үшін қажет.

ең төмен несие мөлшерлемесі (ETNM) (minimum lending rate) (MLR) *Банк мөлшерлемесінің мирасқоры. ETNM 1971 жылдан 1981 жылға дейін Англия банкі Ұлыбритания *дисконт-хаусқа беретін несиенің ең төменгі деңгейі болды; Ол басқа пайыздық мөлшерлемелер бойынша нұсқаулық ретінде пайдаланылды. ETNM 1981 жылы *базалық мөлшерлеме бойынша ауыстырылды.

ең төменгі жалақы (minimum wage)

Жалақының ең төменгі деңгейі заңда жалпы немесе белгілі бір түрдегі жұмысшылар үшін белгіленген. Ең төменгі жалақының мақсаты – төмен ақы алатын адамдарға күнкөріс деңгейін қамтамасыз ету және пайдалануға жол бермеу. Көптеген ел, соның ішінде Ұлыбритания мен АҚШ ең төменгі жалақы туралы заңнаманы қолданады.

еңбек (labour) Адам *өндіріс факторы ретінде болуы. Экономикаға қажет жұмыс күшінің көлемі өзін-өзі жұмыспен қамтушыларды, жұмыссыздар және жұмысы бар азаматтарды қоса алғанда еңбек етуге құлықты және еңбекке жарамды тұлғалардан тұрады. Ұйымдасқан жұмыс күшіне жалақы, еңбек уақыты мен шарттары, тәртіптік шаралар және жұмыстан қысқарту, сондай-ақ еңбек мүддесін саяси деңгейде көтеру жөніндегі *кәсіподақтардың рөлі жатады. Сондай-ақ НАҚТЫ ЕҢБЕК; ЕҢБЕК БӨЛІНІСІ; ЕҢБЕК ҰСЫНЫСЫ; ҰЙЫМДАСҚАН ЕҢБЕК КҮШІ; ҚАРА ЖҰМЫСТЫ қараңыз.

еңбек әбестігінің әртектілігі (lump of labour fallacy)

Экономикадағы жұмыс орындарының саны бекітілген деген сенім. Егер бұл ақиқат болса, шектеулі жұмыс сағатын бекіту көбірек жұмыс орындарын құрады, ал егде жастағы адамдардың ертерек зейнетке шығуы жастарға жаңа жұмыс орындарын береді деген тұжырым дұрыс болар еді. Жиі көшіп-қонудың жұмыссыздыққа әкелетіні туралы дәйек қате, себебі «тастап кететіндей жеткілікті жұмыс орындары жоқ». Бұл көзқарас еңбекке деген сұраныстың жалақы мөлшерлемесі мен жұмыс берушілер жұмысының құны арасындағы байланысқа қатысты болуы мүмкін екенін ескермейді. Мұны ескере отырып, жұмыс берушілерге ең тәжірибелі қызметкерлерді жалдауға

немесе аптасына ұзағырақ уақытқа жұмысқа қабылдауға тыйым салу жұмыс берушілер өздері ұсынатын жалақыға жұмсалатын жұмыс көлемін төмендетеді алады. *Сэй заңы бұл неліктен қате екенін көрсетеді: қосымша еңбек қосымша сұраныс тудырады және экономика жұмыспен қамтудың жоғары деңгейіне бейімделеді.

еңбек бөлінісі (division of labour) Кез келген қоғамның әртүрлі мүшелері түрлі жұмыс түрлерін орындайтын жүйе. Бұл жүйенің екі артықшылығы бар: бұл адамдарға *салыстырмалы артықшылығы бар жұмыс түрлеріне мамандануға және оқыту, сондай-ақ жұмыс тәжірибесі арқылы үйрену жолымен тиімді жұмыс істеу және қателіктен аулақ болуға мүмкіндік береді.

еңбек ету жағдайлары (working conditions)

Қызметкерлердің жұмыс істеуіне қажет жағдайлар. Бұл рұқсат етілген үзілістер, жылыту жағдайы, жұмыс орындарын жарықтандыру және желдету, машиналардың, көлік құралдарының және басқа да жабдықтардың қауіпсіздігі мен жайлылығы, тиісті жұмысшылармен жасақталған деңгей мен жұмыстағы қалыптасқан тәртіп рәсімдері сияқты мәселелерді қамтиды. Бұл жағдайларға заңнаманың ықпалы үлкен, мысалы, *Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі туралы заң жұмыс берушілер мен қызметкерлердің атынан өкілдік ететін кәсіподақтар арасындағы *ұжымдық саудаласу жүргізуге, ол, өз кезегінде, еңбек жағдайларын жақсартуға, персоналдың моральдық рухы мен адалдығын арттыруға, сондай-ақ еңбек өнімділігі тұрғысынан да өзін-өзі ақтайды.

еңбек кеңесі (works council) Басшылық және мекеме не фирма қызметкерлерінің өкілдері ортақ мүддеге қатысты

мәселелерді талқылау мақсатында бас қосатын ұжымдық ұйым. Көп жағдайда кеңестің күн тәртібіне жалақы мәселесі шығарылмайды, *еңбек жағдайы, денсаулық пен қауіпсіздік, сондай-ақ жеке немесе топтық шағымдар жайы сөз болады. Менеджерлердің көбі жұмыс кеңестерін *өнеркәсіптік дау туындағанға дейінгі мәселелердің алдын алу үшін пайдалы санайды. Бұл сондай-ақ қызметкерлерге фирманың болашағы мен пайдасы туралы ақпаратты хабарлау үшін қолайлы жағдай ретінде пайдаланылуы мүмкін. Әдетте жұмыс кеңестері атқарушылық шешім қабылдауға өкілетті емес, алайда басшылық олардың жұмысына лайық назар аудармаса, талқылау нәтижесінде шара жасалмаса, мәселе жақсарудың орнына қиындап кетуі мүмкін. Кейбір елдерде және *Маастрихт шартының *қоғамдық тарауына сәйкес, еңбек кеңестері ірі фирмалар үшін міндетті.

еңбек күші (labour force) Жұмыс істейтін немесе ақы төленетін жұмысқа жарамды адамдар жұмыс күші немесе адам ресурстары деп аталады. *Халықаралық Еңбек Ұйымының ресми анықтамасына сәйкес, еңбек күшіне жұмысы бар, жұмыссыз және жұмыс іздеу үстіндегі жасы 15-ке толған және одан жоғары тұрғындар кіреді. Еңбек күшінің көлемі әртүрлі факторларға байланысты. Еңбекке қабілетті тұрғындардың жасы мектеп бітіру жасымен, қосымша және жоғары білім алу деңгейімен, сондай-ақ зейнет жасы мен зейнетақы жүйесі арқылы анықталады. Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындардың *экономикаға атсалысу деңгейіне әлеуметтік қорғау жүйесі ықпал етеді. Мүмкіндігі шектеулі тұрғындарға денсаулық сақтау стандарттары ықпал етеді, ал балалар мен қарттарға күтім жасау үшін еңбек нарығынан қанша адамның тыс қалатынына отбасы

құрылымы ықпал етеді. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемесі ата-аналардың толық емес жұмыс істеуіне ықпал етеді, ал толық емес жұмыс күнінің болуы жалпы жұмыс істеу қабілетіне әсер етеді. *Жұмыссыздық деңгейі еңбек күші қатарынан шығып қалған *беті қайтқан жұмысшылар санына әсер етеді. Еңбек күшіне елдің иммиграциялық саясаты да әсер етеді.

еңбек күшін зерттеу сауалнамасы (Labour Force Survey) Ұлыбританияда жеке мекемелерде тұратын отбасы іріктеме-сіне тоқсан сайын жүргізілетін сауалнама. *Ұлттық статистика қызметі сауалнама жүргізіп, Ұлыбританияның еңбек нарығы туралы ақпарат береді. www.ukdataservice.ac.uk/get-data/key-data/uk-survey-series – осы және Ұлыбританиядағы өзге сауалнамалар туралы мағлұмат беретін Ұлыбритания дерек қызметінің веб-сайты.

еңбек күшін ұстап отыру (labour hoarding) Бизнесінің дағдарыс кезінде өндірістің ағымдағы деңгейін қамтамасыз етуге қажет мөлшерден де артық жұмысшыларды сақтап қалуы. Бұл өндіріс көлемі қалыпқа келіп, жуық арада артық қызметкерлер қайта қажет болуы мүмкін деген үміттен туындайды. Жұмысшыларды штаттан қысқарту шығындары жоғары болатын бірнеше айдан кейін оларды алмастыру үшін жаңадан қызметкер тарту мен оқыту шығындарына қарағанда бұрынғы жұмысшыларды сақтап қалу тиімді болуы мүмкін. Әйтсе де еңбек күшін ұстап отыру ұйымдастырудағы *іріліктің бір түрі болуы да ықтимал. Менеджерлер жұмыстан қысқарту ұтымды шешім емес және моральдық жай-күйге кері әсер ететінін біледі, сондықтан фирманың акционерлері немесе мемлекеттік компанияның салық төлеушілері шығындарды өз мойнына

алуды тоқтатқанша, қажет емес еңбек күшін сақтап қалуға мүдделі болады.

еңбек күшінің тұрақтамауы (labour turnover) Кәсіпорынға еңбек күшінің келуі мен кетуі. Ішінара бұл әр кездегі жалпы жұмыспен қамтудың маусымдық, сондай-ақ циклдік жұмыспен қамту өзгерісіне байланысты. Кадр тұрақтамауы қызметтегі, әсіресе құрылыс секторындағы географиялық мобильдікпен байланысты. Кейбір нәтижелер еңбек күшінің қартаюына байланысты: егде жастағы жұмысшылар зейнетке шығып, орнына жастар жұмысқа келеді. Сондай-ақ адамдар жұмыс орындарын алмастырғанды құп көргендіктен, жұмыс күші тұрақтамайды.

еңбек қауіпсіздігі (жұмыс орнындағы қауіпсіздік) (safety at work) ЖҰМЫС ОРНЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЗАҢЫН *қараңыз.*

еңбек мобильдігі (mobility of labour) Жұмысшылардың жұмыс орындарын өзгерту мүмкіндігі. Бұл түрлі фирмалар, түрлі кәсіптер, түрлі мекендер немесе түрлі елдер арасында болуы мүмкін. Мобильдікке қатысты бірқатар кедергі болуы мүмкін. Жұмыс берушісін ауыстыру жұмысшылардың еңбек өтіліне, еңбекақысына, еңбек демалысына және қысқарту құқығына қауіп төндіреді, сондай-ақ зейнетақы құқығына да зардабы тиюі мүмкін. Кәсібін ауыстыратын жұмысшылар жоғары бағаланатын тәжірибесі мен кәсіби біліктілігіне деген сенімнен айырылады. Ал қонысын ауыстырған жұмысшылар тұрғын үй мәселесімен бетпе-бет келеді. Халықаралық еңбек мобильдігіне иммигранттардың білігін бақылау, тілдік кедергілерді тану сияқты иммиграциялық бақылау мәселелері тұсау болады. Үкімет және дүниежүзілік ұйымдар, мысалы, *Еуропалық одақ

экономикалық тиімділік мүддесі үшін еңбек мобильдігін жақсартуға тырысады, бірақ мінсіз еңбек мобильдігін орнату мүмкін емес. Сондай-ақ ӨНДІРІС ФАКТОРЛАРЫНЫҢ МОБИЛЬДІГІН *қараңыз.*

еңбек нарығы (labour market) Еңбек ұсынысы жалақыға алмастырылатын орын. Еңбек нарығы географиялық жағдай (жергілікті, өңірлік, ұлттық, халықаралық), өнеркәсіп, білім беру, лицензиялау немесе сертификаттау және мамандық секілді факторлардың байланысы арқылы танылады. Жалпы алғанда, еңбек нарығы жұмысшылар мен жұмыс берушілер өзара байланыс орнататын, сондай-ақ еңбекақы мен еңбек жағдайы анықталатын процеске жатады. Олардың кейбірі ресми мекемелермен байланысты: жұмыс берушілер мен жұмысшылардың байланыстары мемлекеттік және жекеменшік биржалармен немесе еңбекпен қамту агенттіктері арқылы орнатылады.

еңбек нарығындағы белсенді саясат (active labour market policies) Жұмыссыздарға жұмыс табуға көмек көрсету үшін үкіметтің еңбек нарығына мемлекеттің араласуы. Мысал ретінде, жұмыс іздеуге көмектесетін жұмысқа орналасыру орталықтары мен еңбек биржаларын, кәсіби дағды алу үшін кәсіби дайындық бағдарламалары мен жұмыс орындарын құру үшін берілетін субсидияларды келтіруге болады. Көп үкімет еңбек нарығында белсенді саясатты ұстанады. Мысалы, жұмыссыздықты азайту үшін Ұлыбритания Жұмыс бағдарламасын және АҚШ Жұмыспен қамту бағдарламасын пайдаланады.

еңбек стандарттары (labour standards) Импортқа арналған нарық жалақы мен еңбек жағдайлары кейбір минимал стандарттарға сай еңбекке құрылған нарықпен шектелетін ұсыныс.

Аталған ұсыныс *нашар дамыған елдерде (НДЕ) еңбек шарттарын жетілдіруге ықпал етеді. Мұның пайданы бақылау қызметтеріне кері әсері болуы мүмкін, себебі бай мемлекеттерде еңбек нормалары протекционизмді, сондай-ақ жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін жоғалтуды ақтаушы айғақ болғандықтан, нашар дамыған елдерде қызметкерлерге залалын тигізеді.

еңбек сыйымдылығы (labour intensity)

Өндірістік процеске жұмсалатын жалпы шығындағы еңбектің үлес салмағы. Басқа өндірістік процестермен салыстырғанда, еңбектің өзге шығындарға қатынасы артық болатын процесс еңбек сыйымдылығы деп аталады. Өндірістік процесс ресурстарды өзара алмастырғанда, еңбек сыйымдылығы нақты жалақы мен басқа ресурстарды пайдалану шығынының арақатынасының өзгеруіне байланысты әртүрлі болады.

еңбек ұсынысы (labour supply) Жұмыс күшінің қоры. Бұл жеке тұлғаның еңбек ұсынысына немесе экономикадағы жұмыс күшінің жиынтық ұсынысына қатысты. Көптеген фактор еңбек ұсынысына әсер етеді. *Экономикаға атсалысу деңгейі немесе жұмыс істемеген кездегі табыс деңгейін айқындайтын төлем мөлшерлемесі, жұмыс орындары мен әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінің болуы әсер етеді. Ұлттық еңбек күшінің көлеміне иммиграциялық саясат та әсер етеді. Жұмысшыларды жұмыстың нақты түріне қажет арнаулы дағдылар мен біліктілікпен қамтамасыз етуге елдегі білім беру мен кәсіби даярлау жүйесі, сондай-ақ кейбір мамандықтар бойынша жұмыс істеуге өткен кезеңдегі шектеулер ықпал етеді. Ықтимал еңбек күшінің көлемі бір аптада жұмыс істеген күндер немесе бір жылда жұмыс істеген апталар санын

ескере отырып, ұсынылған *жалақыға тәуелді болады. Неғұрлым жоғары жалақы сол кәсіптегі адамдардың ұзақ еңбектенуіне, басқа кәсіптегі адамдардың келуіне себеп болады. Егер төлем немесе жұмыстың қолайлы орналасуы уақыт өткен сайын өзгеріске ұшыраса, еңбек ресурстары жоғары сұраныс болған кезеңде *уақытша алмастыру арқылы ұлғаяды: адамдар жұмыс жақсы жүргенде кейірінірек демалыс алу мақсатында көп жұмыс істейді.

еңбек шарты (contract of employment)

Жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы жұмыстың сипаты, еңбекақы мен шарттары көрсетілетін контракт. Контракт ережелері қалыпты жұмыс сағаттарын, үстеме жұмыс шарттарын, демалыс құқығын, тәртіптік рәсімдер мен шағымдарды қарау рәсімдерін, екі тараптан хабарлау кезеңін және жалақыны заңда белгіленген жағдайлардан тыс азайтуға қатысты кез келген шараларды қамтуы мүмкін.

еңбек экономикасы (labour economics)

Еңбекке сұраныс және еңбек ұсынысын қарастыратын экономика саласы. Бұған қатысу деңгейі, жалақы көлемі жөніндегі келіссөз, ұйымдасқан еңбек күші, тренингтер, жұмыс уақыты мен жағдайы, жұмысқа алу тәжірибесі, кадр тұрақтамауы мен жұмыстан қысқарту, жұмыс ауыстыру мен зейнет жасына әсер ететін факторлар жатады.

еңбекақы (salary) Еңбек қызметін көрсеткені үшін тұрақты төленетін белгіленген өтемақы. Еңбекақы әдетте бір жылға тағайындалады және ай сайын немесе айына екі рет төлем кезеңінде белгілі мөлшерде төленеді. Жалақыдағы қызметкерлер төмен жалақыдағы қызметкерлерді қоспағанда, келісімшартта көрсетілген сағаттан

көп тыс жұмыс істеп, ол үшін төлем ала алмайды. *ЖАЛАҚЫНЫ қараңыз.*

еңбекке жарамсыз (unemployable) Жұмыс істеуге қиналатын не істей алмайтын адамдар. Бұл мағынада адам қабілетіне, қарым-қатынасына немесе мінез-құлқына байланысты еңбекке жарамсыз болуы мүмкін. Еңбекке жарамсыздық тұрақты немесе өзгермейтін сипатта болмайды, ішінара адамның бақылауында болады және еңбек нарығындағы жағдайлардың нақты жиынтығына, жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне байланысты.

еңбекпен келген табыс (earned income) Адамның жұмыс істеп тапқан табысы. Бұл еңбексіз келген табыстан ерекшеленеді. Еңбексіз келген табысқа рента, дивидендтер, пайыздар секілді мүлктен түскен табыс жатады.

еңбексіз келген табыс (unearned income) Жұмыстан басқа көздерден алынатын жеке табыс. Осылайша ол жалдау төлемінен, дивидендтерден, пайыздардан және трансфер төлемдерден тұрады. Сондай-ақ **МЕНШІК ТАБЫСЫН қараңыз.**

еңбексіз келген табыс (non-labour income) Еңбек қорынан басқа кез келген көзден түсетін табыс. Еңбексіз келген табысқа *капитал өсімі, *дивиденд, *пайыздар, *трансфер төлемдер, сыйлықтар мен марапаттар жатады.

ережелер пакеті (package of policies) Бір мезгілде енгізілген бірнеше *ереже құралы. Үкімет ережелер пакетін екі себеппен: жанама әсерлерді азайту және нақты саясат шараларының әсерінің белгісіздігі үшін пайдаланады. Кез келген экономикалық саясаттың, мысалы, пайыздық мөлшерлемені өзгертудің қажетсіз және осы ереженің қабылдауына себеп болған теріс салдары бар.

Қандай да бір ереже шарасын қолдану ол қатаң түрде қолданылуға тиіс екенін білдіреді. Бұл елеулі жағымсыз әсерлерге әкеп соғуы мүмкін, мысалы, пайыздық мөлшерлемелердің күрт өзгеруі кейбір қаржы делдалдарын тұрақсыздандыруы мүмкін. Бірнеше шара жасалса және олардың әрқайсы қалыпты деңгейде болса, жанама әсерлер ақырындап азаюы мүмкін. Бұдан басқа, белгілі бір саяси өлшемнің ықпалы мен көлемі туралы белгісіздік байқалады. Оларды аралас пайдалану кем дегенде кейбіреуінің жылдам ықпал ету ықтималдығын арттырады.

ережелерге сүйенетін саясат (rules-based policy) Уақыт өте келе немесе экономикалық ортадағы өзгерістерге жауап ретінде өзгермеуге тиіс белгілі бір ережелер жиынтығы ретінде тұжырымдалған саяси режим. Ақша-несие саясатының ережелеріне сүйенетін саясатқа мысал: ақша массасының міндетті тұрақты өсуі. Сондай-ақ **ДИСКРЕЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ қараңыз.**

ережені ұстану шығыны (compliance costs) Фирманың сауда жасайтын нарықтарына ықпал ететін заңдар мен ережелерді ұстану шығындары. Бұған қосымша есепке алуды, департаменттер арасында *Қытай қорғаны қағидатын ұстану үшін қосымша қызметкерлер жалдау және штаттағы қызметкерлердің мінез-құлқын бақылау үшін бақылау қызметкерлерін пайдалануды қамтуы мүмкін. Салық органдарының талаптарын сақтау көптеген кәсіпорынға айтарлықтай шығын әкеледі.

ереуіл (strike) Қызметкерлер тобының әдетте *кәсіподақ мүшелерінің жұмыс істеуден бас тартуы. Кәсіподақ мойындайтын немесе белгілейтін ереуіл – ресми ереуіл; бейресми ереуіл кәсіподақтың рұқсатынсыз басталады.

Сондай-ақ ЕРЕУІЛДЕН БАС ТАРТУ КЕЛІСІМІН қараңыз.

ереуіл әрекеті (industrial action) Кәсіподақтар немесе жұмысшылардың бейресми топтарының *еңбек даулары келіссөз немесе арбитраж арқылы шешілмегенде жұмыс берушілерге қысым көрсету үшін жасалатын шаралар. Қызметкерлердің осындай әрекеттеріне баяу жұмыс істеу, «ереже бойынша жұмыс істеу», жұмыс уақытынан тыс уақытта жұмыс істеуден бас тарту немесе ереуілдер жатады. Жұмыс берушілер тарапынан ереуіл әрекеттері жұмыстан босату немесе локауттарды қамтуы мүмкін.

ереуіл өткізуге дауыс беру (strike ballot)

*Кәсіподақ мүшелері ереуіл әрекетіне жүгіну қажетін дауысқа салуы. Бұл ереуіл алдында не кәсіподақтың өз ережелері немесе заң бойынша талап етілуі мүмкін.

ереуілге қатыспау туралы келісім (no-strike agreement)

Келіссөз арқылы шешілмейтін келіспеу туындаған жағдайда екі тарап да төрелік талқылау нәтижелерін қабылдайды және ереуілге қарсы әрекет етпейтінін мәлімдейтін фирма мен кәсіподақ мүшелері арасындағы келісім.

еркін валюта бағамы (free exchange rate) ҚҰБЫЛМАЛЫ АЙЫРБАС БАҒАМЫН қараңыз.

еркін кәсіпкерлік аймақтар (enterprise zone) Инвестициялар мен жұмыспен қамтуды қолдау мақсатында үкімет арнайы жеңілдіктер қолданатын аймақ. Арнайы жеңілдіктерге мемлекеттік гранттар, жоспарлау ережелерін жеңілдету немесе салық салуды төмендету жатады. Бұл Ұлыбритания мен АҚШ-та қираған қала аудандарын

қалпына келтіруді ынталандыру үшін қолданылды.

еркін кәсіпорын (free enterprise) Саяси астары бар термин, бұл өндіріс пен тұтыну туралы шешім қабылдау жөніндегі бастама жеке тұлғалар мен компанияларға тиесілі, ал мемлекеттік реттеу шектелген экономиканы сипаттау үшін пайдаланылады. Сондай-ақ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ қараңыз.

еркін кіру (free entry) Нарықтың жаңа қатысушылары үшін нарыққа кірудің қандай да бір кедергілерінің болмауы. Еркін кіру барысында басқа фирманың нарыққа кіруіне және кем дегенде *қалыпты пайда табу мүмкіндігі болғанға дейін фирмалар жаңа нарыққа кіреді. Еркін кіру фирмалар арасында бәсекеге сүйеніп жүзеге асады деп болжанады, бірақ екі тұжырым да логикалық тұрғыдан басқашалау: еркін кіру монополиялық бәсекеде де көрініс табады. Сондай-ақ КІРУГЕ ТОСҚАУЫЛДЫ қараңыз.

еркін нарық (free market) Адамдар заң мәжбүрлеуінсіз еркін формада тауарларды сатуы және сатып алуы. Үшінші тарап сатылатын тауардың көлемі мен бағасын еш бақыламайды. Алайда бұл мұндай нарықтар құқықтық реттеусіз жұмыс істейді дегенді білдірмейді: нарық қатысушылары денсаулық пен қауіпсіздікке, салмақ пен өлшемдерге, таңбалауға қойылатын талаптарға және т.б. қатысты заңдарды сақтауға тиіс. Бұл ережелердің маңызды тұсы – олар меншік құқығы мен келісімшарттық құқықтың негізін қалайды. Сауда-саттықты жүргізудің нақты бастамасы әлі де нарыққа қатысушылардың қолында.

еркін нарықтық экономика (free-market economy) Экономикалық әрекет еркін

нарықтар арқылы ұйымдастырылған экономикада тараптар сатылатын тауарлардың көлемі мен бағасын бір орталықтан емес, өздері белгілейді. Бұл орталықтан жоспарланатын экономикадан ерекшеленеді. Орталықтан басқарылатын экономикада адамдар мен фирмалар не сатуы немесе сатып алуы керегі және баға қандай болуы керегі орталықтан бекітіледі. Таза еркін нарықтық экономиканы немесе таза орталықтан жоспарланған экономиканы кездестіру өте қиын. Көп экономикада екеуінің де элементтері кездеседі.

еркін өнеркәсіп (footloose industry) Кез келген нақты бір жерде аз ғана артықшылығы бар өнеркәсіп түрі. Сондықтан құндағы сәл айырмашылық орналасу орнына үлкен өзгерістер әкелуі мүмкін.

еркін порт (free port) Ұлттық *тарифтер алынбайтын теңіз порты немесе әуежай. Бұл *жүкті ауыстырып тиеу орындарында сауданы ынталандыру үшін жасалған. Бұл жерде ешбір төлемсіз тауар қабылданады немесе жөнелтіледі, ешбір әкімшілік шығынды төлеудің қажеті жоқ. Тарифтер тауарларды еркін порттан елдің басқа аумағына жөнелту кезінде төленеді.

еркін сауда (free trade) *Тарифтер немесе импортқа немесе экспортқа арналған субсидия және *квоталар немесе басқа да сауда шектеулері жоқ сыртқы сауда саясаты. Еркін сауда режимі тауарлардың басым көпшілігіне қатысты қолданылады, бірақ ауыл шаруашылығы тауарлары немесе әскери техника секілді тауарларда шектеу болуы мүмкін. Әдетте бұл қызмет көрсетуде емес, тек қана тауар саудасына ғана қолданылады деп түсіндіріледі, алайда ұқсас саясат қызмет көрсету саудасына да қолданылуы мүмкін. Еркін сауда саясаты

біржақты тәртіппен немесе еркін сауда аймағына қосылу жолымен көпжақты негізде қабылданады. Бұл топқа кіретін елдер бір-бірімен сауда жүргізу барысында ешбір тарифтер немесе саудаға қатысты ешбір шектеу қолданбайды, ал еркін сауда аймағына кірмейтін елдермен саудасын қалай жүргізуді өздері шешеді. Тағы да бұл тауарлардың барлық түрлеріне емес, көпшілігіне ғана қатысты.

еркін сауда аймағы (free-trade area) Өзара еркін сауда жүргізетін, алайда аймаққа мүше емес мемлекеттермен тәуелсіз сауда жүйесін ұстанатын мемлекеттер тобы. *Еуропадағы еркін сауда қауымдастығы мен *Солтүстік Америка еркін сауда келісімі аймақтарын қоса алғанда, бірнеше еркін сауда аймағы бар. Еркін сауда келісімдері сауданың едәуір бөлігіне қолданылуға тиіс, бірақ ауыл шаруашылығы өнімдері немесе қорғаныс жабдықтары сияқты кейбір секторларға еркін сауда ережелері жүрмейді. Импорт тауарларға ең төмен сыртқы тарифі бар мүше-мемлекеттер арқылы басқа мүше елдердің нарығына шығудың алдын алу үшін еркін сауда аймағы мүше-мемлекеттерде жасалған тауарларды ғана қолданады. Еркін сауда аймағы кедендік одақтан ерекшеленеді. *Кедендік одақ мүше-мемлекеттер арасында еркін сауда әрі *бірыңғай сыртқы тариф қолданады.

еркін сауда аумағы (free-trade zone) Елдің ұлттық тарифтері қолданылмайтын аймағы. Бұл едәуір деңгейде импортталатын ресурстардың үлкен көлемін пайдалана отырып, экспортқа тауар өндіруге тәуелді индустрияларды ынталандыруға арналған. Баж салығы салынбайтын ресурстардың болуы пайыздық шығындардан үнемдеуге және экспортқа тарифтік жеңілдіктер талап

етуге байланысты әкімшілік шығындарды болдырмауға мүмкіндік береді. Ұлттық тарифтер еркін сауда аймағынан ұлттық экономиканың басқа бөлігіне жеткізілетін тауарлар үшін төленуге тиіс.

еркін сауда туралы келісім (free-trade agreement) *Еркін сауда аймағын құру туралы елдер тобы арасындағы келісімшарт. Мұндай келісімшарттарда кейбір тауарлар үшін ерекшеліктер қарастырылған. Сонымен қатар келісімшарттың бастапқы жылдарында уақытша ережелер де кездеседі.

еркін шығу (free exit) Нарықтан шығып кетуге тосқауыл болмау. Еркін шығу жағдайында фирма нарықта *қалыпты пайда таппаса, ондай нарықтарда ешқандай фирма қалмайды. ШЫҒУҒА ТОСҚАУЫЛДЫ да қараңыз.

еркіндік дәрежесі (degrees of freedom) Белгілі бір уақытта жүйенің жағдайын толық көрсету үшін қажет тәуелсіз сипаттамалардың немесе айнымалылардың ең аз саны. Егер осы айнымалыларға, басқаша айтқанда, айнымалылардың арасындағы қатынастарға шектеу немесе шектеулер жиынтығы қойылса, онда әр осындай шектеу еркіндік дәрежелерінің санын азайтады. Осылайша еркіндік дәрежелерінің саны жүйені толықтай анықтайтын айнымалылардан осы айнымалыларға салынған шектеулер санын азайтқандағы айнымалылар санына тең. Мысалы, K параметрі бар сызықтық регрессия моделіндегі ең кіші квадраттар қалдықтарының еркіндік дәрежесінің саны $(N - K)$ шамасына тең N бақылауының іріктемесінен есептеледі. Өйткені K квадрат қалдықтарының қосындысын минималдағанда, N деректер нүктелеріне бірінші кезекті шарттар қойылады.

ерлі-зайыптыларға тәуелсіз салық салу (independent taxation of spouses) Жеке тұлғалардың өздерінің отбасылық мәртебесіне және жұбайының табысына қарамастан, жеке тұлғаларға жеке табысы мен капиталдың өсімінен бөлек салық салынатын салық салу жүйесі. Ерлі-зайыптыларға тәуелсіз салық салу Ұлыбританияда 1990 жылы енгізілді; 2005 жылғы желтоқсаннан бастап ол Азаматтық әріптестік туралы Заңға сәйкес тіркелген біржынысты жұптарға таратылды.

ершік нүкте (saddle point) Кей бағыттағы қозғалыс үшін бірнеше айнымалының функциясы максимум, қалған бағыттағы қозғалыс үшін минимум болатын нүкте. Мысалы, $g(x) \geq 0$ шартымен $f(x)$ функциясы максимал болу керек; мұндағы $x = (x_1, \dots, x_n)$. Ол кезде максимум Лагранж функциясының $L=f(x) + \lambda g(x)$ ершік нүктесінде пайда болады, сонымен бірге L әр x_i үшін максимал және λ үшін минимал болып келеді.

еріксіз жұмыссыздық (involuntary unemployment) Жұмысқа орналасқысы келетіндер мен еңбек ұсынатын жұмыс берушілер арасында еңбек нарығында кемел салыстырудан туындаған жұмыссыздық. Басқаша айтқанда, тұрақты жалақы алғысы келетін адам еңбек нарығында құрылымдық проблемалар немесе тербеліс туындағандықтан, оны дереу жасай алмайды.

ерікті жұмыссыздық (voluntary unemployment) Жұмыссыз адам саналы түрде таңдаған жұмыссыздық жағдайы. Жұмыссыздар жұмысқа орналасу туралы өтініш берген жағдайда орналасуы мүмкін жұмысқа орналасудан бас тартуы немесе жұмыс беруші олардың жұмысқа орналасу туралы ұсынысынан бас тартатындай етіп өтініш жасауы. Өйткені олар қазір мүлдем

жұмыс істегісі келмейді не жұмыс істеуге ұмтылады, бірақ ең жақсы жұмыс іздейді.

есе қайтары (retaliation) Басқа фирманы немесе елді оның әрекеті үшін жазалау мақсатында саясатты өзгерту. Мысалы, *сауда соғысы кезінде *A* елі *B* еліне өз экспортына салынған *квотаға жауап ретінде *B* елінің тауарларына квота енгізеді. Іс жүзінде *A* елінің жағдайы нашарлауына тек жауап болып табылатын саясаттағы өзгеріс және алдын ала қасақана жасалған шаралар арасындағы айырмашылықты ажырату қиын. Егер *B* еліне экспортты азайту *A* елінің төлем балансын нашарлатса, онда *A* елі төлем балансы себебінен импортты шектей алады, сол екі арада оның экспортын азайту *B* еліне зиян келтіру *A* елі саясатының мақсаты емес, жанама әсер болады.

есеп айырысу бірлігі (unit of account) Тауарлар мен қызметтердің құнын өлшеуге арналған стандарт ақша бірлігі. Контрактілер көрсетілетін және фирмалардың жеке табыстары мен пайдасы өлшенетін бірлік – *ақшаның бір қызметі. Инфляцияның жоғары және құбылмалы қарқыны есеп айырысу бірлігі ретінде ақшаның қызметіне кедергі келтіреді, бұл экономиканы тиімді және әділ басқаруға кері әсер етеді деп есептеледі.

есеп функциясы (score function) Тарату параметрлеріне қатысты логарифмдік ақиқатқа жақын жеке туынды функциялардың (*ақиқатқа жақындық функциясының натурал логарифмі) градиенті немесе векторы.

есеп(тер) (account(s)) Көрсетілген кезеңдегі іс-әрекеттер есебі. Есеп беруде мынадай мәлімдеме жасалуы міндетті: компания директорлары

өз акционерлеріне есеп береді, ал Ұлыбританияда министрлер Парламентке өз департаменттерінің іс-әрекеттері туралы есеп береді. Шоттардың түрлі формасы бар:

1. Екі тарап арасындағы қатынас туралы мәлімдеме: *банк шоты клиенттің депозиттерін, қарызын және алған қаражатын қамтиды. Фирмалар клиенттерге ұсынылатын тауарлар мен қызметтер есебін жүргізеді: есепшот бойынша ұсынылған тауарлар несиеге беріледі, ал ұсынылған шот жеткізілген тауарлар мен қызметтер үшін төлем талабы.

2. Белгілі бір кезең әдетте бір жыл ішінде кәсіпорын іс-әрекетінің қаражаты туралы жүйелі мәлімет. Осындай шоттардағы екі негізгі мәлімдемеге *пайда мен шығын есебі және *баланс кестесі (бухгалтерлік баланс) жатады. Пайда мен шығын есебінде түсімдер мен төлемдер және есептік кезеңдегі пайда немесе шығын көрсетіледі. Есептік кезеңнің басында және аяғында баланс кестесінде (бухгалтерлік баланс) фирманың *активтері мен *міндеттемелері көрсетіледі. Бухгалтерлер шоттарды есептеуші және *аудиторлар болып бөлінеді: бухгалтерлерден көбінесе кәсіби білік талап етіледі, өйткені шоттар кредиторлар, соттар мен салық органдары күмән келтірмейтіндей болуға тиіс. Фирмалардың шоттарына кәсіби аудиторлар нақты деген кәсіби куәлік етуге тиіс.

3. Мемлекеттің кіріс және шығын шоттарында елдің экономикалық белсенділігі қайта қаралады. Онда тауарлар мен қызметтер өндірісі, инвесторлар, тұтынушылар мен үкіметтің кіріс пен шығын бөлінісі талданады. Сонымен қатар мемлекеттің есебінде шетелдермен арада жасалған транзакциялар да қамтылады. *Ағымдағы шот тауарлар мен қызметтерді сату мен сатып алуды, мүліктен түскен табыс пен

трансферді есепке алса, *капитал шотында активтерді, яғни нақты *тікелей шетелдік инвестициялар, ішкі және сыртқы және қаржылай транзакцияларды сату мен сатып алу, бағалы қағаздарды шетелдерде сату мен сатып алу және халықаралық кредиттерді ресімдеу мен өтеу есепке алынады. Сондай-ақ ҚАРЖЫ БӨЛУ ШОТЫ; БАНК ШОТЫ; КАПИТАЛ ШОТЫ; ЕСЕП ШОТЫ; АҒЫМДАҒЫ ШОТ; АҒЫМДАҒЫ (БАНК) ШОТ; ДЕПОЗИТ ШОТЫ; ТАУАР ШОТЫ; ПАЙДА ЖӘНЕ ШЫҒЫН ШОТЫ; ЕСЕП АЙЫРЫСУ БІРЛІГІН қараңыз.

есепке алу (accounting) ШЫҒЫН ЕСЕБІ; КРЕАТИВ ЕСЕП; ИНФЛЯЦИЯ ЕСЕБІ; МЕНЕДЖМЕНТ ЕСЕБІН қараңыз.

есепке алу кезеңі (accounting period) Компанияның шоттар жинағы есепке алынатын кезең. Әдетте бір жыл.

есептелетін жалпы тепе-теңдік моделі (computable general equilibrium model) Экономиканың *жалпы тепе-теңдік моделі барлық теңдеулерді аналитикалық немесе сандық түрде шешуге болатынын көрсетеді. Есептелетін жалпы тепе-теңдік моделі нақты параметрлердегі немесе саясаттағы өзгерістің жалпы экономикалық салдарын талдауда қолданылады.

есептен шығару (write-down) Компания немесе банк транзакция уәде етілген нәтижені орындамайды деп есептеген жағдайда активтер құнын азайту. Бұл – өте оптимистік болжамға сүйеніп шешім қабылдауды болдырмауға бағытталған сақтық шарасы.

есептеу нүктесі (reference point) ПЕРСПЕКТИВА ТЕОРИЯСЫН қараңыз.

есептік жыл (fiscal year) Үкімет бухгалтерлік есеп мақсаттары үшін пайдала-

натын жыл. Мысалы, Ұлыбританияда 6 сәуір мен 5 сәуір аралығы – есептік жыл. АҚШ-та есептік жыл 1 қазаннан 30 қыркүйекке дейін созылады.

есесін толтыру (catch-up) Экономикалық өсу контексінде дамыған елдерден дамушы елдерге білім мен технология тарату нәтижесінде елдер арасында жан басына шаққандағы табыстың конвергенциясы (ұқсас болуы).

ескіру, тозу (obsolescence) Актив құнының жоғалуы. Сондай-ақ ҚАЛЫПТАН ТЫС ТОЗУ, ҚАЛЫПТЫ ТОЗУДЫ қараңыз.

еуро (euro) 1999 жылы *Еуропа валюта одағы аясында Еуропалық одақтың он бір мүшесі: Австрия, Бельгия, Финляндия, Франция, Германия, Италия, Ирландия, Люксембург, Нидерланды, Португалия және Испания Қабылдаған бірыңғай валюта бірлігі. Еуроньң әр елдің ұлттық валютасына қайта есептегенде тіркелген құны бар, мысалы, шамамен 1,6 неміс маркасына немесе 200 португал эскудосына тең. Бастапқыда еуро айырбастау құралы емес, жалпы есеп айырысу бірлігі ғана болды; 2002 жылы ол Грекия мен тағы он бір елдің ішкі валютасын алмастырды. Словения *еуроаймақ құрамына 2007 жылы қосылды, 2008 жылы Кипр мен Мальта, 2009 жылы Словакия, 2011 жылы Эстония, 2014 жылы Латвия және 2015 жылы Литва кірді. Еуро банкноттары мен монеталары барлық он тоғыз елде айналымға енгізілген. Андорра, Монако, Сан-Марино және Ватикан ЕО келісімі арқылы еуроны пайдаланады. Косово мен Черногорияда еуро пайдаланады, бірақ ЕО-мен ешқандай заңды келісім жасамады. Сондай-ақ еуро Азор аралдарында, Канар аралдарында, Француз Гвианасында, Гваделупе, Мадейре, Мартиника, Майотта,

Реюньоне, Сен-Бартельми, Сен-Пьер және Микелонда қолданылады.

еуроаймақ (eurozone) Өздерінің ұлттық валюталарын алып тастаған және еуро қабылдаған елдер. 2016 жылы олардың саны он тоғыз болды: Австрия, Бельгия, Кипр, Эстония, Финляндия, Франция, Германия, Грекия, Ирландия, Италия, Латвия, Литва, Люксембург, Мальта, Нидерланды, Португалия, Словакия, Словения және Испания. Андорра, Монако, Сан-Марино және Ватикан ЕО келісімі арқылы еуроны пайдаланады. Косово мен Черногорияда еуро пайдаланады, бірақ ЕО-мен ешқандай заңды келісім жасамады. Сондай-ақ еуро Азор аралдарында, Канар аралдарында, Француз Гвианасында, Гваделупе, Мадейре, Мартиника, Майотта, Реюньоне, Сен-Бартельми және Сен-Пьер-Микелонда қолданылады.

еуроаймақ, еуролэнд (euroland) Еуроны қабылдаған елдерден тұратын географиялық аймаққа катысты кемсіту айтылатын термин. Ресми термині *еуроаймақ.

евровалюта (eurocurrency) Шығарылған елден басқа Еуропа елдерінде сақталған валюта. Мұндай валюталардың міндетті түрде еуропалық болуға тиіс емес, мысалы, еуродоллар мен еуроенадағы ірі депозиттер бар. Бұл нарық қысқамерзімді және ортамерзімді халықаралық қарыз алу үшін, негізінен, банктер мен ірі компаниялар үшін, сондай-ақ халықаралық сауда мен инвестицияларды қаржыландыру үшін пайдалы. Евровалюталық баланстар ұлттық салықтар мен ережелерден аулақ болғысы келетіндер үшін тартымды.

евродоллар (eurodollars) ЕУРОВАЛЮТАНЫ қараңыз.

Еурожүйе (Eurosistem) *Еуроаймақтың қаржы билігі. Еурожүйе *Еуропа орталық банкінен және *еурооны қабылдаған Еуропалық одаққа мүше елдердің орталық банктерінен тұрады.

еуронарық (euromarket) Еурооблигациялар мен еуровалюта, яғни өз шыққан елінен басқа Еуропа елдерінде орналасқан бағалы қағаздар мен валюталар сатылатын нарық. Бірнеше орталықта, соның ішінде Брюссель, Франкфурт, Лондон және Парижде ірі еуронарықтар бар.

еурооблигация (eurobond) Шыққан елінен тыс елде орналасқан, яғни еуропалық валюта – еуромен шығарылған облигация. Еурооблигациялар ұсынбалы формада шығарылады, ал пайыздық төлемдерге салық салынбайды. Осылайша олар жасырын болып қалғысы келетін инвесторларға салық төлеуден жалтару үшін немесе басқа да себептер бойынша қажет. Олардың өтеу мерзімі әртүрлі болады, *Лондон банкаралық ұсыныс мөлшерлемесіне байланған өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі немесе тұрақты мөлшерлемесі болуы мүмкін.

Еуропа бекінісі (fortress Europe) Еуропадағы оқшаулануға қатысты алаңдау. Неғұрлым тығыз ықпалдасу Еуропадағы капитал мен жұмыс күшінің саудасы мен мобилдігі үшін кедергілерді азайтуға ғана емес, сонымен қатар басқа әлеммен сауда және өндіріс факторларының мобилдігі үшін шектеулерді күшейтуге алып келеді деген қауіп болды. Қазіргі уақытта шектеулердің күшейіп жатқанына ешқандай дәлел жоқ.

Еуропа валюта жүйесі (ЕВЖ) (European Monetary System) (EMS) 1979 жылы Еуропадағы ақша-несие саясаты мен

айырбас бағамдарын үйлестіру үшін құрылған еуропалық ұйым. Оның негізгі қызмет бағыты – *Валюта бағамы механизмін басқару және *Еуропа валюта одағын жоспарлау болды.

Еуропа валюта институты (European Monetary Institute) *Еуропа орталық банкінің проблемаларын зерттеу үшін құрылған еуропалық ұйым.

Еуропа валюта одағы (ЕВО) (European Monetary Union) (EMU) Еуропа үшін жалпы валюта жүйесі. Бұл ақша-несие саясатын үйлестіруді, *Еуропа орталық банкін құруды және бірыңғай еуропалық валютаны қабылдауды қамтиды.

Еуропа келісімі (Europe agreements) *Еуропалық одақ пен мүше болуға үміткер елдер арасындағы келісімдер. Бұл келісімдер мүше болуға үміткер елдер одаққа қосыла алуы үшін қажет институттық және құқықтық механизм өзгерістері мен сауда-саттықты да көздейді.

Еуропа көмір және болат бірлестігі (ЕКББ) (European Coal and Steel Community) (ЕССC) 1952 жылы құрылған, құрамына Франция, Батыс Германия, Италия және Бенилюкс елдері (Бельгия, Люксембург және Нидерланды) мүше еуропалық орган. Бұл орган көмір мен болаттың *ортақ нарығын құрды, оның мүшелері арасында осы тауарлар саудасына тарифтер мен сандық шектеулерді алып тастады. Сондай-ақ ол бірігу мен шектеу практикасын реттеуді, оларды қолдану үшін ережелер мен соттарды белгілеу мақсатында Парламент құруды көздейді. ЕССC 1958 жылы *Еуропа экономика қоғамдастығымен бірікті, кейін осы принциптер барлық өнеркәсіптік тауарларға қатысты болды.

Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) (European Bank for Reconstruction and Development) (EBRD) 1990 жылы Орталық және Шығыс Еуропа елдерін және бұрынғы КСРО елдерін нарықтық экономикаға айналдыруға көмек көрсету үшін құрылған халықаралық банк. ЕҚДБ жеке және мемлекеттік сектордың қарыз алушыларына несие беруге уәкілетті. Оған Батыс пен Шығыс Еуропа елдерінің көпшілігі мүше. www.ebrd.com – Еуропа қайта құру және даму банкі сайтының бас беті.

Еуропа қоғамдастығы (ЕҚ) (European Community) (EC) 1967 жылы Атом энергиясы жөніндегі Еуропа қоғамдастығынан, Еуропа көмір және болат бірлестігінен және *Еуропа экономикалық қоғамдастығынан құрылған Еуропадағы біртұтастықтың негізгі институты. 1993 жылы оның атауы Еуропалық одақ деп өзгертілді. Оның алты құрылтайшысы – Бельгия, Франция, (Батыс) Германия, Италия, Люксембург және Нидерланды болды. Дания, Ирландия және Ұлыбритания 1973 жылы, Грекия 1979 жылы, Португалия мен Испания 1986 жылы қосылды.

Еуропа орталық банкі (ЕОБ) (European Central Bank) (ECB) *Еуропа валюта одағының (EMU) орталық мекемесі. ЕОБ 1998 жылы құрылды, 1999 жылдан бастап ол пайыздық мөлшерлемелерді бақылады, ал 2002 жылдан бастап еуро монеталары мен банкноттарын басып шығарды. ЕОБ кеңселері Франкфуртте орналасқан. Оның құрамына Еуропа валюта одағына мүше алты елден тұратын Атқарушы кеңес және олардың ішінен Бақылаушы кеңес, сондай-ақ Еуропа валюта одағының он тоғыз мүшесінен тұратын орталық банктер кіреді. www.ecb.int – Еуропа орталық банкі сайтының бас беті.

Еуропа экономикалық қоғамдастығы (ЕЭҚ) (European Economic Community) (ЕЕС) 1958 жылы Еуропа көмір және болат бірлестігінің алғашқы алты мүшесі құрған Еуропадағы ортақ нарық. Бұл Бельгия, Франция, (Батыс) Германия, Италия, Люксембург және Нидерланды елдері болды. 1967 жылы *Еуропа қоғамдастығын қалыптастыру үшін ЕЭҚ Еуропа атом энергиясы жөніндегі Еуропа қауымдастығымен біріктірілді. ЕЭҚ мақсаты: мүше елдер арасындағы сауда тарифтері мен квоталық шектеулерді жою, мүше емес елдермен саудаға қатысты бірыңғай тарифті қабылдау, мүшелер арасындағы қызметкерлер мен капиталдың толық мобильдігін қамтамасыз ету, әлеуметтік және экономикалық, заңнамалық және *Бірыңғай ауылшаруашылық саясатын үйлестіру.

Еуропадағы әлеуметтік сауалнама (European Social Survey) 2001 жылдан бастап екі жыл сайын Еуропаның 34 елінде көзқарас пен құндылықтарға салыстырмалы зерттеу жүргізеді. Әр толқын көлденең қиманың жаңа үлгісін пайдаланады. www.europeansocialsurvey.org – Еуропадағы әлеуметтік сауалнаманың ресми веб-сайты.

Еуропадағы валюта бірлігі (ЕВБ) (European Currency Unit) (ЕКУ) 1979 жылы *Еуропа валюта жүйесін қалыптастыру кезінде *Еуропа экономикалық қоғамдастығы енгізген есеп айырысу бірлігі. ЕКУ түрлі ресми Еуропадағы органдар бухгалтерлік есептерінде пайдаланатын халықаралық ақша формасы болды, бірақ басқа қаржы нарықтары оны өте аз қолданды. Оның құны бірнеше мүше ел валютасының орташа өлшенген құнына тең болды. ЕКУ 1999 жылы еуро қабылданғанда еуроға ауыстырылды.

Еуропадағы еркін сауда қауымдастығы (ЕЕСҚ) (European Free Trade Association) (ЕФТА) 1959 жылы құрылған Еуропа елдері арасындағы еркін сауда қауымдастығы. Алғашқы мүшелері Австрия, Дания, Норвегия, Португалия, Швеция, Швейцария және Ұлыбритания болды. Финляндия мен Исландия кейінірек қосылды; Дания мен Ұлыбритания 1973 жылы *Еуропа экономикалық қауымдастығына қосылғанда мүшеліктен кетті, сонымен қатар 1986 жылы Португалия мен Австрия, Финляндия мен Швеция 1995 жылы мүшеліктен шықты. ЕЕСҚ-да қалған мүшелер – Исландия, Лихтенштейн, Норвегия және Финляндия. ЕЕСҚ – *Кедендік одақ емес, *еркін сауда аймағы, еркін сауда туралы ережелер мүше елдерден шығарылатын тауарлармен шектеледі. ЕЕСҚ-ның Еуропалық одақпен еркін сауда туралы өнеркәсіптік келісімі бар.

Еуропадағы қаржылай тұрақтылық қоры (ЕҚТҚ) (European Financial Stability Facility) (ЕФСФ) ЕФСФ 2010 жылы *еуроаймаққа мүше-мемлекеттер дағдарыстың уақытша шешілу механизмі ретінде еуроаймақ елдеріне несие беру арқылы еуроаймақтың қаржылай тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін құрылды. Бұл несиеге арналған қаражат Еуропалық комиссиядан, Еуропадағы қаржылай тұрақтылық механизмі арқылы *Халықаралық валюта қорынан және капитал нарығында облигация шығарудан түседі. ЕФСФ ашық нарықта несиелерді ақылға қонымды мөлшерлемеде ала алмайтын еуроаймақтағы мүше елден өтінім алғанда ғана әрекет ете алады. 2011 жылы ЕФСФ Ирландияға және Португалияға несие берді, ал 2015 жылдың маусым айында Грекияға көмек көрсетудің соңғы бағдарламасы аяқталды. Оның 2012 жылы орнын Еуропадағы тұрақтылық механизмі басты.

Еуропадағы тұрақтылық механизмі (ETM) (European Stability Mechanism) (ESM)

*Еуроаймақтың қаржылай қиындықтарға тап болған немесе алда қаржылай қиындықтар күтіп тұрған елдеріне қаржылай қолдау көрсететін ЕО мекемесі. ESM 2010 жылдан бастап уақытша жұмыс істеп келе жәқан Еуропадағы қаржылай тұрақтылық қорының орнына тұрақты механизм ретінде 2012 жылы құрылды. ESM *Халықаралық валюта қорымен тығыз байланыста жұмыс істейді және ESM қорларынан қаржылай көмек сұраған кез келген елден ХВҚ-ға да тура осындай өтініш жіберуін талап етеді. www.esm.europa.eu – Еуропадағы тұрақтылық механизмінің ресми веб-парақшасы.

Еуропадағы экономикалық интеграция (European economic integration)

Еуропаның әртүрлі елдері, әсіресе сауда және қаржы салаларында тығыз байланысты болатын процесс. Ішінара бұл табиғи экономикалық дамудың нәтижесі: сауда, негізінен, бір-біріне жақын орналасқан, дамыған индустриялы елдерде неғұрлым маңызды саналатын ішкі салалық сауданың өсуіне байланысты ұлғайды. Қаржылық байланыстарды нығайтуға валюталық бақылау мен қаржыны қайта реттеуді алып тастаудың жалпы үрдісі ықпал етті. Интеграцияға мақсатты саясат та ықпал етті, бұған көптеген еуропалық институттардың құрылуы дәлел, олардың негізгілері *Еуропа қоғамдастығы, қазіргі уақытта *Еуропалық одақ, *Еуропадағы еркін сауда қауымдастығы және ортақ еуропалық валюта *еуросымен *Еуропа валюта одағы.

Еуропалық комиссия (European Commission) *Еуропалық одақтың (ЕО) атқарушы органы. 28 мүше елдің әрқайсы бір комиссия уәкілін тағайындайды. Комиссия ЕО-дағы

бастамашылық іс-әрекеттерге жауапты: ол ортақ жауапкершілікті мойнына алады және шешім көпшілік дауыспен қабылданады. www.ec.europa.eu/index_en.htm – Еуропалық комиссияның ресми веб-сайты.

Еуропалық одақ (ЕО) (European Union)

(EU) Бұрынғы *Еуропа қоғамдастығының 1993 жылдан бергі жаңа атауы. ЕО он екі мүше елдің қатысуымен құрылды: Бельгия, Дания, Франция, Германия, Грекия, Ирландия, Италия, Люксембург, Нидерланды, Португалия, Испания және Ұлыбритания. Австрия, Финляндия және Швеция 1995 жылы қосылды. 2004 жылы оған тағы он ел қосылды: Кипр, Чех Республикасы, Эстония, Венгрия, Латвия, Литва, Мальта, Польша, Словакия және Словения. Болгария мен Румыния 2007 жылы, ал Хорватия 2013 жылы қосылды. Албания, Македония, бұрынғы Югославия Республикасы, Сербия, Түркия және Черногория қазіргі уақытта мүшелікке ресми үміткер елдер санатында. Сонымен қатар Батыс Балқан елдері – Босния, Герцеговина және Косово ресми түрде болашақ үміткерлер ретінде есептеледі. 2016 жылғы маусымда өткен жалпыұлттық референдумда Ұлыбритания ЕО-дан кету туралы шешім қабылдады, бұл кем дегенде екі жыл уақыт алатын және ЕО үшін елеулі күйзеліс тудыратын процесс.

Еуропалық одақтың директивасы (directive of the European Union) ЕО мүше-мемлекеттерден белгілі бір нәтижеге қол жеткізуді талап ететін, бірақ нәтижеге қол жеткізу әдісін анық көрсетпейтін Еуропалық одақтың заңнамалық акті.

Еуропалық одақтың шығарындылар саудасы жүйесі (ЕО ШАКСЖ) (EU Emissions Trading Scheme) (EU ETS) 2005 жылы

Еуропалық одақтың (ЕО) климат саясатының аясында құрылған, *шығарындыға рұқсат саудасы жүйесі. Жүйе ЕО 25 елінде және Исландия, Лихтенштейн мен Норвегияда жұмыс істейді. Бірінші кезең 2005 жылдан 2007 жылға дейін созылды, екінші кезең 2012 жылы аяқталды, ал қазіргі үшінші кезең 2020 жылға дейін жалғасады; 2021–30 жылдарға жоспарланған төртінші кезең бойынша заңнамалық ұсынысты *Еуропалық комиссия 2015 жылғы маусымда ұсынды. Жүйе қазіргі уақытта энергетика және өнеркәсіп секторларындағы 11 мыңнан астам қондырғыны қамтиды, ал осы елдерде авиациялық қызметті жүзеге

асыратын әуе кемелерін пайдаланушылар ЕО-дағы *парник газдарының жалпы шығарындыларының 45 пайызға жуығы үшін ұжымдық жауапкершілікті алды. Еуроодақтағы ірі көмірқышқыл газын шығарушылар шығарындыларды бақылап, шығарындылар туралы жылдық есебін ұсынып, СО₂ шығарындыларының жыл сайынғы қорына барабар шығарындыларға рұқсат көлемін қайтаруы керек. Қондырғыларды орнатуға рұқсаттарды бастапқы бөлуді ұлттық үкімет жүзеге асырады. Бұл рұқсаттарды кейін сатуға болады. Аталған жүйе шығарындыларға баға белгілейді және оны азайту үшін қаржылай ынталандыруды қамтамасыз етеді.

Ж

«жабайы» (рұқсат етілмеген) ереуіл (wildcat strike) Қызметкерлер тобының кәсіподақтың қолдауынсыз немесе ұйымдастыруынсыз басталған ереуілі.

жабу (өтеу) қатынасының коэффициенті (times covered) Қарапайым акция иелері үшін олардың дивидендтерінің компания табысына әділ қатынасы. Жоғары *дивиденд өтейтін компания кеңеюге инвестиция үшін өз пайдасының көп бөлігін сақтап қала алуы мүмкін, бұл дивидендтердің келешекте өсуіне әкеледі немесе ол бизнес жүргізу шарттарының табысы аз болса, өзінің дивидендтерді қолдау қабілетіне кепілдік беру үшін қаржы резервтерін арттыра алады немесе берешекті төлейді. Дивидендтері төмен немесе теріс өтейтін компания нашар өсу перспективасына немесе құлдырау кәтеріне тап болуы мүмкін.

жабық кәсіпорын (closed shop) Белгілі бір бизнестегі немесе мекемедегі белгілі бір санаттағы барлық қызметкерлер *кәсіподаққа мүше болуы керегі туралы талап.

жабық компания (close company) Өте аз мүшесі бар компания. Ұлыбританияда жабық компанияға бес не одан аз қатысушысы немесе директоры бар компания жатады немесе компанияны *таратқанда оның 50 пайыздан астам активін бес не одан аз қатысушы немесе директорлары құқығында болатын компания жатады.

жабық экономика (closed economy)
*Автаркияның бір түрі. Сауда және капитал мен еңбек қозғалысы әлемнің басқа бөлігімен байланыспайтын экономика. Өз тарихының белгілі бір кезеңінде автаркия ретінде болған экономика мысалына 1600 және 1850 жылдар аралығындағы Жапонияны, 1940 және 1950 жылдар аралығындағы Испанияны, 1970 жылдардың соңы мен 1980 жылдардың ортасына дейінгі Албанияны және қазіргі уақыттағы Солтүстік Кореяны жатқызуға болады. Алайда осы елдердің бәрі өзінің кейбір көршілес мемлекеттерімен саудасаттық жүргізді. Сыртқы сауданы енгізу сондай-ақ капитал мен жұмыс күшінің қозғалысы негізгі қаралатын мәселені қозғамай талдауды қиындатуы мүмкін кезде жабық экономика моделі теориялық қосымшаның көбінде абстракция ретінде қолданылады.

жабылардағы баға (shut-down price) Баға соншалықты төмен болған жағдайда осы не бұдан басқа да төмен баға бойынша фирма өндірісті жалғастырғысы келмей зауытты жабуды қалайды. Жабылу бағасынан сәл жоғары бағамен фирма әдетте шығындалғанымен, бірақ нарық қалпына келеді деп күтілсе, фирма саланы тастап кетуді жоспарламайды. Бұл толық жабылған жағдайда қатысатын жұмысшылар, клиенттерді қамтитын байланысты жоғалтқаннан гөрі жөн. Осылайша жабылардағы баға әдетте орташа айнымалы шығыннан төмен.

жабылу бағасы (closing prices) Қор немесе тауар биржасындағы сауда күнінің соңындағы баға.

жағымсыз іріктеу (adverse selection)

Эмитент үшін пайдасы бәрінен аз болатын агент түрлерін тартуға *контракт жасау тенденциясы. Мысалы, сақтандырушы қандай да бір медициналық тексерусіз *медициналық сақтандыру ұсынса, денсаулығы нашар адамдар оны қабылдайды деп күтіледі, ал таңдауы жоғары, сақтандырушыдан үздік шарттар алуға мүмкіндігі бар денсаулығы жақсы адамдар шартсыз контрактілерден бас тартады. Таңдаусыз болуға ұмтылғанда, жағымсыз іріктеу бәрінен нашар таңдау жасау қатерін тудырады. Жағымсыз іріктеу – *асимметриялық ақпарат салдары: агенттер өз типтерін біледі (жеке ақпарат); бірақ бұл қадағаланбайтын (жария емес) ақпарат. Агент типтері қадағаланатын болғанда, ұсынылуы мүмкін контрактілер агент типтері қадағаланбайтын болғанда ұсынылмайды, сондықтан жағымсыз іріктеу *нарықтағы сәтсіздікке әкелуі мүмкін.

жазалау стратегиясы (punishment strategy)

Бір ойынға арналған *Нэш тепе-теңдігі емес нәтижені қамтамасыз ету үшін *қайталанған ойында қолданылатын стратегия. *Тұтқындар дилеммасын қарастыралық. {Мойындамау, Мойындамау} нәтижесі – ойын бір рет ойналса, Нэш тепе-теңдігіне жатпайды. Ойын шексіз рет қайталанса, онда стратегия {алдыңғы ойында қарсылас Мойындамауды ұстанса, Мойындамауды ойнау, ал қарсылас бір рет болса да Мойындауды таңдаса, ары қарай үнемі Мойындауды ойнау} бұл екі ойыншы ойнамаса, балансты қамтамасыз ететін жазалау стратегиясының тепе-теңдігі {Мойындамау, Мойындамау} болады. Стратегия соған

ұқсас әрекет ете отырып және жоғары қайтарымды қамтамасыз ете отырып жақсы мінез-құлықты ({Мойындамау} ойнау) марапаттайды, қайтарымды Нэш тепе-теңдігіне оралта отырып жаман мінез-құлықты (ойын: {Мойындау}) жазалайды.

жазалау стратегиясы (trigger strategy)

Ойыншы қарсылас ынтымақтаспай отырғанын байқағанға дейін бірге ынтымақтасатын *қайталанатын ойындағы кооперативтік емес стратегия. Ынтымақтастықтан бас тартуды байқау қарсыласты жазалауға көшуді тудырады. Мысалы, қайталанатын *тұтқындар дилеммасында жазалау стратегиясы қарсылас ойнаса (мойындамау) ойнауды (мойындамау) қамтамасыз етуден, содан кейін әр келесі раундта егер қарсылас бір кездері мойындаса ойнай (мойындай) отырып, жазалаудан тұрады. Сондай-ақ БАЛАМА ЕСЕ ҚАЙТАРУДЫ қараңыз.

жазылым бойынша (under-subscription)

Ұсыныс санына сәйкес болу үшін жаңа шығарылған акцияларға өтінімнен бас тарту. Бұл кейбір акцияларды андеррайтерлер сатпайтынын немесе сатып алатынын білдіреді, яғни нарықты ашу кезінде жаңа шығарылған акциялар шығару бағасына қатысты жеңілдікпен сатылуы мүмкін. Сондай-ақ АНДЕРРАЙТИНГТІ қараңыз.

жалақы деңгейін бекіту (wage freeze)

*Баға және табыс саясаты аясында *жалақыны өзгертуге тыйым салу. Уақытша шара ретінде жалақы деңгейін бекіту инфляцияны төмендетуге ықпал етуі мүмкін. Бұл тәжірибелік тұрғыдан ұзақмерзімді саясат болуы екіталай: осы саясатты қолға алғанда *жалақы мөлшерлемесі құрылымы жұмыс күші нарығын аз уақытқа болса да теңестіру қабілеті шамалы

және мүмкіндігі уақыт өте келе азаяды. Жалақы деңгейін бекітуді қамтамасыз ету қиын, өйткені лауазымдық нұсқаулықтар өзгеруі мүмкін және ол жалақының статистикалық мөлшерлемесі бойынша қызметкерлер арасында және жалақының прогрессив шамасы бойынша басқа да тұлғалар арасында әркелкі әрекет етеді.

жалақы дрейфі (wage drift) Нақты төленетін жалақының орташа деңгейіне ұмтылу тенденциясы *жалақы мөлшерлемесіне қарағанда жылдам өседі. Бұл *үстеме жұмыстың ұлғаюына арнайы үстемеақының жоғарылауы, жалақының жас шамасына қарай есептелуі немесе лауазым сипатының жаңаруына байланысты болуы мүмкін. Жалақы дрейфі әсіресе еңбек күші салыстырмалы түрде аз болғанда және фирмалар жалтаруға тырысатын жалақыны реттеу кезеңдеріндегі *серпіліс жағдайында болу ықтималдығы жоғары.

жалақы жөніндегі кеңес (инспекция) (wages council) Заңға сәйкес белгілі бір жұмыс түрінің ең төмен жалақысын айқындау үшін құрылған орган. Ұлыбританияда жалақы жөніндегі кеңестер 1911 жылдан 1994 жылға дейін түрлі, мысалы, қоғамдық тамақтану және ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеді. Жалақы жөніндегі кеңестер әдетте жалақысы төмен және *ұжымдық саудаласу әлсіз немесе мүлдем болмаған салаларда құрылған. Бұл жұмыспен қамтуды ұйымдастыру қажеттігі мен қызметкерлердің білім-білігі төмен болуына байланысты болуы мүмкін.

жалақы икемділігі (wage flexibility) ИКЕМДІ ЖАЛАҚЫНЫ *қараңыз.*

жалақы қарсылығы (wage resistance) Жалақының төмендеуіне байланысты

қиындықтар. *Нақты жалақы қарсылығына нақты жалақының азаюы, ал номинал жалақы қарсылығына ақшалай жалақының азаюы жатады.

жалақы қатаңдығы (өзгеріссіздігі) (wage rigidity) Жалақы мөлшерлемесін арттыру үрдісі қысқамерзімді болашақта нарықты тазарту үшін түзетілудің орнына «жабысқақ» болады. Ұзақмерзімді келісімшарттарға байланысты жалақы қатаң болуы мүмкін. Балама ретінде жалақы мөлшерлемесі *ұжымдық саудаласу арқылы анықталса, тараптардың ешқайсы үлкен күш-жігер талап ететін келісімді бұзуға мүдделі бола алмайды.

жалақы мөлшерлемесі (wage rate) Жұмыс түрінің бір сағатына төленетін мөлшерлеме. Бұл уақыт мөлшерлемесі қолданылатын жағдайларда пайдаланады; жұмыстың кейбір түріне ақы келісімді мөлшерлеме бойынша төленеді. Жалақы мөлшерлемесі қалыпты жұмыс уақытына қабылданады: әдетте арнайы мөлшерлеме анағұрлым жоғары және үстеме жұмысқа немесе түнгі, демалыс, мереке күндері немесе басқа да бейресми уақытта жұмыс істеуге қатысты қолданылады. Жалақы мөлшерлемесі заңмен белгіленуі, *ұжымдық саудаласу немесе жеке келісім арқылы анықталуы мүмкін. Жалақы мөлшерлемесі бонустар немесе үстемеақыны қоспай, сондай-ақ *табыс салығы, *зейнетақы немесе *әлеуметтік қамсыздандыру жарналары шегерілгенге дейінгі көлемде көрсетіледі.

жалақы өсуінен туындаған инфляция (wage-push inflation) ШЫҒЫН ИНФЛЯЦИЯСЫН *қараңыз.*

жалақы раунды (wage round) Қызметкерлер кәсіподақтарға біріккендегі жалақы туралы тұрақты келіссөз кезені.

жалақы салығы (payroll tax) Жалақы төлеу бойынша салық. Мысалы, Ұлыбританияның Ұлттық сақтандыру жарналары жалақы салығына жатады. Көптеген басқа елде жұмыспен қамтудың үлкен шығыны мен жалақы арасындағы *салық сынасын құрайтын осыған ұқсас салық түрлері бар. Жалақы салығы әдетте жұмысқа кедергі келтіреді, капитал құнына қатысты еңбек құнын көтереді.

жалақы(лар) (wage(s)) *Қызметкер ретінде жұмыс істегені үшін төленетін ақы әдетте нақты жұмыс істеген сағат саны сағаттық нормаға көбейтіп есептеледі және апта сайын немесе жиірек төленеді. Жалақы келісімшартына сәйкес қызметкерлер шартта көзделген уақыттан көбірек жұмыс істеген нақты сағаттары үшін үстемеақы алуға құқығы бар. Өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың тәуелсіз мердігер ретінде атқарған жұмысының өтеуі жалақыға жатпайды. ЕҢБЕКАҚЫНЫ *қараңыз.*

жалақы-баға спиралі (wage-price spiral) Инфляция кезіндегі жалақы өсуі баға көтерілуіне, ал баға көтерілуі жалақының өсуіне әкеледі, осылайша *инфляциялық спираль туындайды. Жалақы өсуі өз саласында өндіріс шығынының, ал басқа салаларда сұраныстың артуы есебінен бағаны көтереді. Өмір сүру құнының артуынан және жұмыс берушінің неғұрлым жоғары жалақы төлеу мүмкіндігі есебінен бағаның көтерілуі жалақының өсуіне алып келеді. Бұл *шығын инфляциясына әкеледі, мұны басталғаннан кейін тоқтату қиын.

жалақыдағы айырмашылық (wage differential) Жұмысшылардың екі түрінің жалақы мөлшерлемесіндегі айырма. Жалақыдағы айырмашылық әртүрлі *машықтар деңгейіне байланысты немесе *кәсіподақтарға біріккен және

кәсіподаққа мүше емес фирмалар арасындағы формальды біліктілікке байланысты немесе жасы, жынысы немесе этностық тобы жағынан алуан түрлі жұмысшылары арасында болуы мүмкін. Ұлыбританияда жалақыдағы жас айырмашылығына байланысты айырмашылық заңды, ал жынысы немесе этностық тобына байланысты айырмашылық заңсыз.

жалақыдағы айырмашылықты теңестіру (equalizing wage differential) Жұмыстың моральдық кемшіліктерін өтеу мақсатында төленетін жалақыдағы айырмашылық. Мұндай кемшіліктерге қауіпті, лас, ыңғайсыз жұмыс орны және төмен әлеуметтік мәртебе немесе жұмыстан тыс уақыттағы жұмыс жатады.

жалақыдағы өтемақы айырмасы (compensating wage differential) Ерекше материалдық емес аспектілерде жұмыс істейтін қызметкерлер жалақысындағы айырмашылықты өтеу. Мысал ретінде, қауіпті заттармен жұмыс істейтін немесе жұмыстан тыс уақытта жұмыс істейтін қызметкерлерге қосымша ақы төлеу жатады. Жалақыдағы өтемақы айырмасы жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болу мүмкіндігі бар жұмысқа қабылдау кезінде өмірдің құндылығын анықтау үшін пайдаланылады.

жалақыны шектеу (жалақының өсуін шектеу) (wage restraint) *Сауда кәсіподақтары жалақыны көтеру талабы жеңілдету немесе жұмсарту үшін қабылдайтын шешім. Инфляцияны ұстап тұруға тырысатын үкіметтер көбінесе кәсіподақтарды жалақыны шектеп ұстап тұруға шақырады.

жалға алу ақысы, рента (rent) 1. Жерді немесе ғимараттарды пайдалану үшін төленетін ақы. Жер өзінің табиғи қасиеттеріне немесе орналасқан жеріне

байланысты ғана өнімді болса, онда жалға алу ақысы өнімділікті құрас-тыруға еш үлес қоспаған нысан иесі үшін таза ұтыс болады. Мысалы, ғимарат немесе дренаж есебінен жақсартылған жер үшін жалға алу ақысы көбінесе *квази-рента деп аталады, өйткені ол – ішінара жалға алу ақысы және ішінара ғимаратқа инвестицияланған капитал немесе жақсарту төлемі. Ұзақ пайдаланылатын тұтыну тауарларын немесе өндіріс жабдықтарын жалға алу ақысы ренталық төлем деп аталады. Қабілетті жалға алу – сыйақысы басқа мамандықта жұмыс істегеніне қарағанда асып түсетін, алайда өз мамандығы үшін қажет арнайы дайындық құны қалыпты мөлшерлемесінен табысы әлдеқайда көп суретшілер немесе футболшылар сияқты ерекше және сирек талантпен жұмыс істейтін адамдарға төленетін төлем.

2. *Балама шығыннан асатын төлемнің жалпы мерзімі. Рентаны монополиялық билік, заңнама немесе *желілік сыртқы салдар қалыптастыруы мүмкін. Сондай-ақ ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕНТАНЫ қараңыз.

жалға алу ақысын бақылау, рентаны бақылау (rent control) Үйлер мен пәтерлерді жалға алудағы мемлекеттік бақылау. Бұл жалға алу ақысының деңгейін белгілеу немесе өсуін шектеуді қамтуы мүмкін. Ол, негізінен, табыс таралуын ынталандыру үшін кең таралған, сондай-ақ жалға берушілер жалға алушыларға қарағанда, бай-қуатты деген болжамға сүйене отырып, жалға алуды бақылауда нақты табыстың тең таралуын қамтамасыз етеді. Инфляция кезеңдерінде түзетудегі кідіріс әдетте бақыланыатын жалға алу ақысы нарықтағы тепе-теңдік деңгейінен төмен түсуіне әкеледі: бұл артық сұраныс тудырады және тұрғындардың иелену кепілдігін

қорғауды талап етеді. Ұзақмерзімді перспективада жалға алуды бақылау жалға берілетін тұрғын үйге тартылатын инвестицияларға, сондай-ақ жалға берілетін тұрғын үйге жөндеу жұмысын жүргізуге кедергі келтіреді, соның нәтижесінде оның сапасы нашарлайды. Тұрғын үйге артық сұраныстың жалпы жағдайы жұмыс күшінің мобильдігін төмендетеді, себебі жалға алушы тұрғындар жиі көше алмайды немесе көшкісі келмейді.

жалға алу құқығы (leasehold) Жалға алушының жер учаскесі немесе ғимаратты жалға алуға құқығы болатын меншік формасы.

жалға алынған тұрғын үй (rented housing) Тұрғын үй жалға алушыға емес, басқа біреуге тиесілі және оны жалға алу үшін рента төленеді. Жалға алынған тұрғын үй жергілікті билік органдары немесе *тұрғын үй қауымдастықтары сияқты мемлекеттік органдарға, жеке тұлғаларға, компанияларға тиесілі болуы мүмкін. Сондай-ақ МЕНШІК ТҰРҒЫН ҮЙДІ қараңыз.

жалға беру (lease) Жалға берушіге ақы төлеу арқылы жерді немесе ғимаратты белгілі бір мерзімге пайдалану құқығын беретін келісім. Жалға беру құны алдын ала бекітіледі, кейде белгілі бір мерзімде қайта қаралуы мүмкін. Кез келген мерзімге жалға алуға болады, сондай-ақ жалға алушы шарт қойылады, атап айтқанда, ғимараттарды күтіп ұстау және қолдану бойынша міндеттер жүктеледі.

жалға беруші, рантье (rentier) Негізгі табысы әдетте *айрықша сенімді активтер бойынша пайыздардан құралатын тұлға. Бұл кәсіпкерлік қызметке байланысты мүлік табысы формасымен реттеледі.

жалған айнымалы (dummy variable)
КАТЕГОРИЯЛЫҚ АЙНЫМАЛЫНЫ қараңыз.

жалған компания (shell company)
Сауда жасамайтын, бірақ заңды болмысы және саудасыз активтері бар компания. Оларда несие рейтингі мен салық салу мақсатында шығын аудару құқығы болуы мүмкін. Сауда жүргізу үшін компания қажет болғандарға жалған компанияға иелік ету жаңа компанияны тіркеуге қарағанда арзан және жылдам болуы мүмкін.

жалған корреляция (spurious correlation)
Екі кездейсоқ айнымалылар арасындағы статистикалық маңызды бағаланған корреляция, бұл айнымалылар арасындағы шынайы корреляция нөлге тең болған кездегі іріктемеде байқалады. Екі корреляцияланбаған және мүмкін тәуелсіз уақыт қатары арасындағы жалған корреляцияның кең тараған себебі – екеуінде де *тренд болуы.

жалдау (hiring) Жаңа қызметкерлерді жұмысқа алу. Бұл фирманы басқарудың маңызды функциясы. Жаңадан қабылданған қызметкерлер саны туралы айтсақ, жалдау, жұмыстан босатуға қарағанда реттеуге бейімі төмендеу. Алайда жаңа қызметкерлерді таңдауға қатысты түрлі құқықтық шектеулер бар, мысалы, нәсіліне немесе жынысына қарай кемсіту заңсыз саналса, азаматтық белгісі бойынша кемсіту міндетті болуы мүмкін.

жалпы (gross) Алынуы керек заттың алынбағанын білдіреді. Бұл сөз экономикада түрлі контексттерде қолданылады. Жалпы инвестициялар дегеніміз – таза инвестицияны алу үшін *капиталды тұтырудан алым алудың алдындағы жалпы инвестициялық шығындар. Дәл осындай секілді, *жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) дегеніміз – капиталды

тұтыну үшін шегерілгенге дейінгі тұтыну, инвестициялар және мемлекеттік пайдалану және жалпы тұтыну өндірісі; ал таза ішкі өнім дегеніміз – ЖІӨ-ден шегерілген капиталды тұтыну. Жалпы активтер – міндеттемелерді есепке алмай ұсталатын жиынтық активтер; ал таза активтер – міндеттемелерді шегергендегі жалпы активтер. Өнімнің жалпы салмағы қаптаманың да салмағына кіреді; таза немесе нетто салмақ дегеніміз жалпы салмақтан шегерілген қаптама салмағын білдіреді.

жалпы адами капитал (general human capital) Көптеген кәсіп түрінде құндылығы жоғары дағдылар мен біліктер. Бұған сауаттылық пен санай білу секілді жалпы дағдылар жатады. Жалпы адами капитал тек белгілі бір мамандықтарда құндылығы бар медициналық, заңдық немесе техникалық дағдылар немесе біліктілікті қамтитын арнайы адами капиталдан ерекшеленеді. Жалпы адами капитал адамдардың сыртқы кірістерін арттыруға мүмкіндігін көбейтеді, сәйкесінше, жұмыс берушілер адами капиталды арттыруға ынтасы төмен болады.

жалпы жылдық өсу қарқыны (annualized growth rate) Алдыңғы тоқсандағы немесе айдағы өсу қарқыны жыл бойы сақталса, онда ол жылдық өсу қарқынын көрсетеді. Жылдық өсу қарқынын есептеу үшін тоқсандық немесе айлық өсу қарқынын қосу керек. Тоқсандық өсу қарқынын төртке (немесе айлық қарқынды он екіге) көбейту жылдық өсу қарқынына жуық ақпарат береді. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІ қараңыз.

жалпы инвестиция (gross investment)
*Капитал тұтыруды есептеу алдында жаңа капитал тауарлар жасауға кеткен шығындар. Жалпы инвестициялар негізгі капиталға жалпы инвестициялар және аяқталмаған өндіріске және

акцияға таза инвестициялардан тұрады. Жалпы инвестициялар капитал тұтыну-ды есептегеннен кейінгі негізгі капи-талдағы өзгерісті есептейтін таза ин-вестициялардан ерекшеленеді. Жалпы инвестициялар, негізінен, бақылана-тын нарықтық мәмілелерге, ал негізгі капиталдың амортизациясы, керісінше, күрделі тауарлардың тозу қарқынының немесе ескіруінің есебіне сүйенеді. Бұл есептеулер нарықтағы мәмілелерге сү-йенбейді: олар бойынша және олар сүйенетін таза инвестициялық пайда жалпы инвестициялық көрсеткіштер-ге қарағанда сенімді емес.

Жалпы өмір салтын зерттеу сауална-масы (General Lifestyle Survey) (GLF)

Ұлыбританиядағы іріктемелік сауална-ма түрі. Бұл сауалнама бұрындары ең-бек күші және тұрмыстық шығындар туралы ақпаратты қамтитын Жалпы үй шаруашылығы сауалнамасы деген ат-пен белгілі болды. Бұл сауалнама 1971 жылдан бері үздіксіз жүргізіліп келе жатыр. Алайда ол 1997–1998 және 1999–2000 жылдары сауалнаманы қай-та әзірлеуге байланысты тоқтап қалған болатын. 2000 жылдан 2011 жылға дейін Жалпы өмір салтын зерттеу сауал-намасы екі компоненттен – үздіксіз сауалнама және қосымша модульдер-ден тұрды. Ұлыбритания мен ЕО ке-дейлік көрсеткіштерін сәйкестендіру қажеттілігін ескере отырып, *Ұлттық статистика қызметі 2012 жылғы қаң-тар айынан бастап Жалпы өмір салтын зерттеу сауалнамасын пікірлерге сү-йенген жаңа сауалнама түрімен ауыс-тырды. Ал Еуропа заңы талап ететін кіріс және өмір сүру жағдайы туралы Жалпы өмір салтын зерттеу сауалнама-сының сұрақтары Отбасы ресурстары сауалнамасында қолданылады. www.ukdataservice.ac.uk/get-data/key-data/uk-survey-series – Ұлыбританиядағы осы және басқа да сауалнамалар тура-

лы ақпараты бар Ұлыбритания дерек-тер қызметінің веб-сайты.

жалпы пайда (gross profit) Амортиза-циялық төлемдер мен салықты шегер-генге дейінгі және қарыздар бойынша пайыздарды шегергеннен кейінгі ком-панияның пайдасы.

жалпы сауда пайдасы (gross trading profit) Амортизациялық төлемдер салық не-месе қарыздар бойынша пайыздарды шегергенге дейінгі компанияның пай-дасы. Бұл – компанияның сауда қыз-метінен түскен пайда. Жалпы пайда-ны алу үшін жалпы сауда пайдасынан қарыздар бойынша пайыздарды шеге-ру керек. Жоғары *жеке меншігі және жоғары пайыздық векселі бар компа-ния тіпті оның жалпы сауда пайдасы позитив болғанның өзінде де жалпы-лай алғанда шығынға ұшырауы мүмкін.

жалпы сызықтық гипотеза (general linear hypothesis) Сызықтық регрессия моделі коэффициенттерінің сызықтық теңдік шектеулері жиынтығы. Мұндай шек-теулер нақты параметр бойынша ақпа-раттан немесе базалық экономикалық модельдегі параметрлердің сызықтық комбинациясы немесе алдыңғы эмпи-рикалық жұмыстардан пайда болуы мүмкін.

жалпы сызықтық модель (general linear model) Сызықтық статистика моделінің $Y = XB + U$ түрі, мұнда Y және X – кө-пөлшемді бақылаулардың матрицала-ры, B – бағаланатын параметрлер мат-рицасы, ал U – кездейсоқ қателер мат-рицасы, ол әдетте көпөлшемді қалып-ты үлестірумен болжанады.

жалпы табыс салығы, біржолғы салық (lump-sum tax) Салық төлеушінің іс-ә-рекеті салық сомасына әсер етпейтін салық. Табыс салығы барлық салық

төлеушілер үшін бірдей болса, бұл сайлау салығы деп аталады. Табыс салығы тұтынушыларға байланысты әртүрлі болуы мүмкін және табыс салығы кейбір тұтынушылар үшін теріс болуы мүмкін. Теріс біржолғы салық біржолғы субсидия деп аталады. Салық төлеушілердің біржолғы салықтарын бөлу қайта бөлуге әкеледі. Біртіндеп төленетін салық салық салу теориясында кірістің артуы мен бөлу мақсаттарына жетудің тиімділігіне байланысты маңызды рөл атқарады. Салық төлеушілер мінез-құлқының өзгеруіне байланысты біржолғы салық деңгейіне әсер ете алмайды, таңдауда еш бұрмалану жоқ. Сондықтан біржолғы салық енгізу *орны толмайтын залалдың төмендеуіне итермелемейді. Бұл кірісті ұлғайтуға және қайта бөліске шығымсыз тиімді қол жеткізуге мүмкіндік береді және осылайша *алғашқы үздік бөліністегі *орталықсыздандыруға рұқсат береді. Өкінішке қарай, салық төлеушілердің біржолғы салығын саралау кейбір тұрақты сипаттарға сүйеніп салық жинауды талап етеді. Екеуі де ашық түрде тексерілетін және қайта бөлу үшін маңызды, осы жіктеуді практикада қолдануды қиындататын бірнеше сипаттама бар. Сондай-ақ ОҢТАЙЛЫ САЛЫҚ САЛУДЫ қараңыз.

жалпы тепе-теңдік (general equilibrium) Экономиканың барлық нарықтарында бір мезгілдегі *тепе-теңдікті талдау экономикалық тәсілі. Жалпы тепе-теңдік үшін барлық нарықтар тепе-тең болуға тиіс және қандайда бір нарықтағы әрекеттердің өзгеруі ешбір агентке сыйақы бермеуге тиіс. Жалпы тепе-теңдік басқа нарықтарда не болып жатқанын назарға ала отырып, экономиканың кейбір бөлігі қарастырылатын *ішінара тепе-теңдік тәсіліне қайшы келеді. Сондай-ақ ЭРРОУ-ДЕБРЕ МОДЕЛІН қараңыз.

жалпы төлем сомасын есептеу (grossing up) Нақты төленген табыс салығын шегергеннен кейінгі кез келген табыстың жалпы сомасын есептеу. Бұл салық төлеушінің жалпы табысын есептеуге мүмкіндік береді. Мысалы, егер Ұлыбританиядағы салық төлеушісі салық салынғаннан кейін 78 фунт алса және салық мөлшерлемесі 22 пайызды құраса, онда оның жалпы кірісі 100 фунт құрайды. Содан кейін салық салынатын табысты және төленуге жататын салықты табу үшін кез келген жеңілдіктер алынады. Салық төлеушінің жалпы сомасы дереккөзден алынып тасталған салықпен салыстырылады: егер салық тым аз шегерілсе, салық төлеуші қалдықты талап ете алады, ал егер салық тым көп шегерілсе, салық төлеуші өтемақы ала алады.

жалпы тұрақты инвестиция (gross fixed investment) Негізгі капиталдың амортизациясына қандай да бір шегерімдерді енгізгенге дейінгі негізгі капиталға инвестицияларға жұмсалған жалпы сома. Бағаланған *капиталды тұтыну шегерілгенде негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы сомасы саналады, негізгі капиталға салынған таза инвестицияға қайшы келеді. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың көрсеткіштері салыстырмалы түрде сенімді, өйткені олар, негізінен, бақыланатын нарықтағы мәмілелер арқылы жүзеге асырылады. Ал капиталды тұтыну және негізгі капиталға таза инвестициялар бақыланатын нарықтағы операцияларға сүйенбейтін бағалау көрсеткіштері болады.

жалпы үй шаруашылығы сауалнамасы (General Household Survey) ЖАЛПЫ ӨМІР САЛТЫН ЗЕРТТЕУ САУАЛНАМАСЫН қараңыз.

жалпы ішкі капиталдың жинақталуы (gross domestic capital formation) Инвестициялардың жалпы көлемінің өлшемі. «Жалпы» дегеніміз *капиталды тұтынуынан ешқандай төлемдерді шегермей есептелуін білдіреді. «Ішкі» деп бұл меншік нысанына қарамастан, елдегі барлық инвестицияларға қатысты айтылады. Осылайша ол резидент емес компаниялардың инвестицияларын қамтиды және резиденттер компаниялары шетелге шығарған инвестицияларын өзіне қоспайды.

жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) (gross domestic product) (GDP) Экономикалық қызметтің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Елдің жалпы ішкі өнімі – белгілі бір уақыт кезеңінде (әдетте бір күнтізбелік жыл) елде өндірілген барлық түпкі тауарлар мен қызметтердің нарықтағы жиынтық құны. «Жалпы» *капитал тұтынуды шегермей есептелгенін, «ішкі» елде орналасқан қызметті олардың меншігіне қарамастан есептеуді білдіреді. Осылайша ол ел ішінде шетелдік компаниялар жүзеге асыратын қызметті қамтиды және резиденттерге тиесілі, бірақ шетелде жүзеге асырылатын фирмалардың қызметін есепке алмайды. «Өнім» резиденттер тұтынатын өндіріс көлемін емес, нақты жалпы өндіріс көлемін өлшейді дегенді білдіреді. ЖІӨ ағымдағы және тұрақты бағамен көрсетіледі.

жалпы ішкі тұрақты капиталдың жинақталуы (gross domestic fixed capital formation) Қорлар мен аяқталмаған өндірістен емес, ұзақ пайдаланылатын тауарлардан тұратын жалпы ішкі инвестициялардың бір бөлігі. «Негізгі» капитал «айнымалы» капиталға қайшы қойылады және географиялық орналасуға байланысты болмайды; осылайша көлік құралдары, кемелер мен ұшақтар осы жиынтыққа қосылады.

жалпы ішкі шығындар (total domestic expenditure) Жиынтық тұтыну шығындары, мемлекеттік басқару органдарының түпкілікті тұтынуы және жалпы ішкі капиталдың жалпы жинақталуы. Бұл не импортты, не *капитал тұтынылуын шегерусіз есептеледі.

жалпыға бірдей жәрдемақы (universal benefit) Табысына қарамастан елдің барлық азаматы ала алатын жәрдемақы. Жалпыға бірдей жәрдемақы зейнет жасы немесе мүгедектік сияқты басқа да критерийлерге байланысты болуы мүмкін. Жәрдемақыны *мұқтаждыққа қарай емес, жалпыға бірдей ету аргументі – қаражатты тексеру қымбат әрі теріс пайдалану үшін ашық, оның үстіне жеке өмірге қол сұғу саналады. Жәрдемақыны жалпыға бірдей етуге қарсылық өте қымбатқа түсуі және ақшаның көп бөлігі аса мұқтаж емес адамдарға берілуі мүмкін екенін айту. Балама – қолда бар қаражатты неғұрлым мұқтаж жандар мүддесінде мақсатты пайдалану үшін тестілеу құралдарын қолдану. Еңбек күшінің негізгі бөлігі кәсіби зейнетақы алатын елдерде олардың мұқтаждығы бар-жоғы тексерілген болса, мемлекеттік зейнетақы көп болуы мүмкін еді. Дегенмен бұл зейнет жасқа дейінгі ақша жинауға, сондай-ақ одан кейін жұмысты жалғастыруға *кедергі келтіреді, жалпыға бірдей зейнетақыда осы жанама әсердің бірде-бірі жоқ. Сондай-ақ ТАРГЕТИНГТІ қараңыз.

жалпыға мәлім ақпарат (common knowledge) Әркім ақпараттың бір бөлігін білуі және бұл ақпаратты бәрі білетінін бәрі білуі және т.с.с. Бұл анықтаманың мазмұнын оны ортақ өзара біліммен салыстыра отырып бағалауға болады: әркім қандай да бір ақпаратты біледі, бірақ оны басқа біреу білетінін анықтау оған міндетті емес. Жалпыға мәлім

акпарат туралы болжам *ойын теориясында жиі қолданылады.

жалпыға ортақ ресурс (common access resource) Ықтимал тұтынушылар оны пайдалануын болдырмау қымбатқа түсетін және шамадан тыс пайдалануға осал ресурс немесе тауар. Бұл көп жағдайда *квазиқоғамдық игілік болып келеді. Мысал ретінде, кез келген балықшы пайдаланатын көл немесе кез келген фермер мал жаятын өрісті атауға болады. *Ортақ жер трагедиясы шамадан тыс пайдалану нәтижесінде пайдаланылатын тиімсіз тепе-теңдікті сипаттайды. Сондай-ақ **БАРШАҒА ОРТАҚ ИГІЛІКТІ қараңыз.**

жалпылама моменттер әдісі (GMM) (generalized method of moments (GMM) estimator) Момент шарттарының саны бағалауға жататын параметрлердің санынан асып кеткен кезде қолданылатын жиынтық *сәттік бағалау әдісі. Параметрлерді бағалау толтыру сәті мен іріктеу сәті арасындағы айырмашылық квадраттарының сомасын азайту арқылы есептеледі.

жалпыланған ең кіші квадраттар әдісі (GLS) (generalized least squares (GLS) estimator) Қате ковариация матрицасының дәл нысаны, яғни қате мерзімінде гетероскедастикалық және/немесе дәйекті корреляция белгілі болғанда қолданылатын *қарапайым ең кіші квадраттарды бағалау әдісін жалпылау. Белгісіз коварианттардың матрицасының орнына қате коварианттардың матрицасын (қаралатын үлгі үшін қолайлы шектеу құрылымы) бағалауды қолданатын GLS нұсқасы ықтимал GLS (FGLS) деп аталады.

жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) (gross national product) (GNP) Ұлттық экономикалық қызметтің басты өлшемдерінің бірі.

Елдің жалпы ұлттық өнімі – белгілі бір уақыт кезеңінде (әдетте бір күнтізбелік жыл) осы елдің резиденттері өндірген барлық түпкілікті тауарлар мен қызметтердің жиынтық нарықтық құны. «Жалпы» оның *капитал тұтынуды шегермей есептелгенін, «ұлттық» оған резиденттердің шетелде де, отанында да жүзеге асыратын экономикалық қызметтен түсетін кірістері есептелетінін, ал отанда өндірілген, алайда резидент емес азаматтарға тиесілі кірістер есептелмейтінін; ал «өнім» резиденттер тұтынатын нақты өндіріс көлемін емес, жалпы өндіріс көлемін өлшейді дегенді білдіреді. ЖҰӨ ағымдағы және тұрақты бағамен көрсетіледі.

«жаман ақша жақсы ақшаны айналыстан ығыстырады» ('bad money drives out good') ГРЕШЕМ ЗАҢЫН *қараңыз.*

жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ (per capita real GDP) Жан басына шаққандағы нақты *жалпы ішкі өнім. Бұл халықтың жиынтық санымен ересек адамдарға немесе түрлі жастағы балалардың ересектерге шаққандағы үлес салмағын пайдалана отырып, «ересектер эквивалентімен» есептелуі мүмкін. Жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ табыс табатын таза сыртқы активтері бар елдегі жан басына шаққандағы табыс инвестициялары төмен және көбінесе отандық болып келетін елдегі жан басына шаққандағы табыстан жоғары болып келеді.

жан басына шаққандағы табыс (per capita income) Халық санына бөлінген елдің немесе аймақтың ұлттық табысы. Жан басына шаққандағы табысты бәрін қосқандағы адам санымен бір ересек адамға немесе ересек адам «эквивалентіне» түрлі жастағы балалардың үлес салмағын қоса отырып есептеуге болады. Балалар үлесі жоғары елдер

немесе өңірлерде жан басына шаққандағы табысқа қарағанда балаларға салмақ түсетін индикаторды пайдаланып, жан басына шаққандағы кірісті салыстыру кезінде төмен болады.

жанама әсер (spillover) Экономиканың әртүрлі бөліктері арасындағы байланыс. Жанама әсер материалдық немесе материалдық емес болуы мүмкін. Мысалы, бір саладағы өзгерістердің әсері басқа саланың факторларының жеткізілуіне әсер етуі кезінде материалдық жанама әсер туындауы мүмкін: жаңа фабрика біліктігі жоқ мамандардың жалақысын арттыруды ұсынса, жергілікті адамдар тазалаушылармен бағбандардың жұмысы қымбатдеуі мүмкін, бұл – материалдық жанама әсер. Материалдық жанама әсерлердің туындауы нарықтар арқылы көрінеді. Материалдық емес жанама әсерлер бір өндіруші не тұтынушы басқаға *сыртқы салдар келтіргенде орын алады: әдетте оларға мұндай әрекетті іске асырмау үшін төлем жасауға болатын нарық жоқ. Материалдық емес жанама әсерлер реттеу немесе салық салу арқылы үкіметтің араласуына жеткілікті дәлелдерді қамтамасыз етуге негіз болады, ал материалдық жанама әсерлер пайданы бөлу жағдайы негіз болатын кездерден басқа мұны қамтамасыз етпейді.

жанама әсерлер (side-effects) Саясаттың тосын нәтижелері. Олар көбінесе жағымсыз, мысалы, кедей адамдардың бірінші қажет заттарға төмен бағамен қол жеткізуіне мүмкіндік беруге тырысқан үкімет өнімнің өзіндік құнынан төмен максимал баға орната отырып, тауарларға қол жеткізуді қиындатынын анықтады. Жанама әсер кейде пайдалы болуы мүмкін, мысалы, жергілікті кеңес ақша үнемдеу үшін жол жиектеріндегі арамшөпті

жоятын тозаңдатуды азайту арқылы жабайы гүлдердің қайта жандануын ынталандырды.

жанама ең кіші квадраттар (indirect least squares) *Симуляциялық теңдеулер моделіндегі бір теңдеудің құрылымдық параметрлерін бағалау әдісі. Ол *қарапайым ең кіші квадраттар көмегімен *қысқартылған пішіндегі жүйелік параметрлерді бағалауды және қысқартылған формалардың параметрлері бойынша құрылымдық параметрлерін шешуді қамтиды. Бұл процедура құрылымдық параметрлерді артық немесе жеткіліксіз сәйкестендіруге әкелуі мүмкін.

жанама инвестиция (indirect investment) Басқа бағалы қағаздарға қойылатын талаптарды білдіретін бағалы қағаздарды сатып алу. Жанама инвестиция инвестициялық компания акцияларын сатып алу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Инвестициялық компания бағалы қағаздар портфелін сатып алуға қаражат жинау үшін өз акцияларын сатады. Жанама инвестицияға мотивация – біріктіру құралы *операциялық шығындарда әртараптандыру мен үнемдеу артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік беретінінде. Инвестициялық компаниялардың көбі, мысалы, сатып алынатын бағалы қағаздардың түрлеріне және қорды басқару сипатына қатысты саясаттың мақсатына сәйкес жұмыс істейді. *ӨЗАРА ҚОРДЫ да қараңыз.*

жанама пайдалылық функциясы (indirect utility function) Тұтынушы баға және кірістің функциясы ретінде көрсетілген қол жеткізе алатын ең жоғарғы пайдалылық деңгейі. Бюджет шектеулерін ескере отырып, пайдалылықты барынша арттыру үшін екі өнімнің x_1 және x_2 шамаларын таңдаған тұтынушыны қарастырайық. Пайдалылықты барынша арттыру мәселесі

$\max_{\{x_1, x_2\}} U(x_1, x_2)$ шарттарында

$$M = p_1 x_1 + p_2 x_2.$$

Шешім *Маршал сұранысының екі функциясымен сипатталады: $x_1 = d_1(p_1, p_2, M)$ және $x_2 = d_2(p_1, p_2, M)$. Ең оңтайлы таңдауды пайдалылық функциясына қайтарады, ол ең жоғары функциялық деңгейді береді:

$$V(p_1, p_2, M) \equiv U(d_1(p_1, p_2, M), d_2(p_1, p_2, M)).$$

$V(p_1, p_2, M)$ функциясы – жанама пайдалылық функциясы. Кірістің шекті пайдалылығын α деп белгілеңіз. $\partial V / \partial p_i = -\alpha x_i$ Рой барабарлығы – баға өзгеруінің әл-ауқатқа әсерінің салдарын есептеу үшін пайдалы нәтиже көрсеткіші. Сондай-ақ ШЫҒЫН ФУНКЦИЯСЫН қараңыз.

жанама салық (indirect tax) Салыққа ресми түрде жауапты экономикалық агенттен (мысалы, клиент) делдал (мысалы, жеткізуші) алатын салық. *Қосылған құн салығы немесе алкоголь мен темекіге салынатын акциздер сияқты тауарларға немесе қызметтерге салынатын салық жанама деп есептеледі. Бұл салық жанама аталуына себеп – салық тауарларды сататын фирманың қызметіне салынады, бірақ тұтынушыдан алынады. Салық ауыртпалығы жеткізуші мен тұтынушы арасында бөлінуі деңгейі (экономикалық жағдай) сұраныс пен ұсыныстың икемділігіне байланысты. САЛЫҚ САЛУ ДЕНГЕЙІ; САЛЫҚ АУЫРТПАЛЫҒЫН ЖҮКТЕУДІ де қараңыз.

жанаушы қисық (envelope curve) Бірнеше қисықтың сыртқы жанаушысы. Мысалы, ұзақмерзімді шығын функциясы дегеніміз – қысқамерзімді шығын функцияларының жиынтықтарының төменгі жанаушысы.

жанаушы теоремасы (envelope theorem) Параметрдегі дифференциал өзгерістің максималдау мәселесінің нәтижесіне әсерін анықтайтын теорема. $f(x; a)$ функциясын максимизациялау үшін x -ті таңдау мәселесін қарастырайық, мұндағы a параметр. Мұны максималдау шешімі $x(a)$ арқылы белгілейік және функцияның шекті немесе максимум мәнін $V(a)$ былай анықтаймыз:

$$V(a) = \max_{\{x\}} f(x; a) = f(x(a); a).$$

Жанаушы теорема мынаны білдіреді:

$$\frac{dV(a)}{da} = \left. \frac{\partial f(x(a); a)}{\partial a} \right|_{x=x(a)}$$

демек, мән функциясының туындысы – оңтайландыруды шешу кезінде бағаланған мақсаттың жартылай туындысы.

Жаңа бағыт (New Deal) АҚШ-тағы 1930 жылдарда Президент Франклин Рузвельт (1882–1945) қабылдаған, Ұлы депрессиядан кейін экономиканы қалпына келтіруге көмектесетін саясат пакеті. Бұған ұлттық қайта қалпына келтіру органы арқылы бағаны тұрақтандыру кірді, *Вагнер заңы арқылы ұжымдық саудаласуды кеңейту, *бағалы қағаздар мен биржалар комиссиясын құру арқылы қаржылай тұрақтылықты ынталандыру және *Федералдық салымдарды сақтандыру корпорациясы, әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде *балалары бар отбасыларға көмек көрсету және *Теннеси алқабы әкімшілігін құруды қоса алғанда қоғамдық жұмыстарға арналған бағдарлама.

Жаңа даму банкі (New Development Bank) (бұрынғы БРИКС даму банкі) (Formerly the BRICS Development Bank) Көптарапты

даму банкі 2014 жылы құрылған. *БРИКС елдерінде және *дамушы елдерде экономикалық жобаларды дамыту үшін ресурс жұмылдыру мақсатында жұмыс істейді және оны БРИКС елдері (Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай және Оңтүстік Африка) басқарады. Банктің штаб-пәтері Шанхайда орналасқан. indbbriics.org – NDB БРИКС сайтының тің бас беті.

жаңа индустрияланған елдер (ЖИЕ) (newly industrialized countries) (NICs) Бұған дейін нашар дамыған, бірақ жақында ұлттық кіріс пен саудадағы, өнеркәсіптегі, экспорттағы өнеркәсіп өнімдері үлесін арттырған елдер. Жаңа индустрияланған елдер ХХ ғасырдың соңғы ширегінде жаһандық экономиканың ең жылдам өсетін бөлігі болды. Жаңа индустрияланған елдердің стандарт тізімі жоқ: олар «Шығыс Азия жолбарыстары» (Гонконг, Оңтүстік Корея, Сингапур және Тайвань), сондай-ақ Бразилия, Қытай, Үндістан, Малайзия, Мексика, Оңтүстік Африка және Таиланд сияқты басқа елдерден тұрады, олардың саны өсіп келеді.

Жаңа кейнстік экономика (New Keynesian economics) Экономикалық теория макроэкономикалық құбылыстарды түсіндіру үшін микроэкономикалық теорияны дамытуға бағытталған *кейнстік экономиканың идеяларына сүйенеді, бұл – үнемі еріксіз жұмыссыздық және *классикалық экономика қанағаттанарлық түрде түсіндіре алмайтын бизнес-цикліндегі ауытқулар. Жаңа кейнстік теорияның негізгі компоненттері капитал нарығының кемшіліктері, несие берушілер мен қарыз алушылар арасындағы ақпарат асимметриясын және баға қатаңдығын тудырады. Осы теорияда ұсынылған қатаң бағаның бір түсініктемесі мынада: барлық фирмалар бір мезгілде экономикалық

жағдайдың өзгеруіне байланысты өзіндегі бағаларды реттемейді; бағытталған баға модельдеріне мысал – *Калво шарты және *Тейлер келісімшарты. Басқа фирмаларға әсер ететін кез келген нақты фирманың баға белгілеу мінез-құлқы бірнеше тепе-теңдіктің болуына әкеледі және, атап айтқанда, *үйлестіру іркілісі рецессияға әкелуі мүмкін. Еңбекақы мөлшерінің бір бөлігі ретінде түсіндірілген *жалақы тиімділігі-жалақы деңгейін нарық деңгейіне келтіруге мүмкіндік бермейді және жұмыссыздыққа әкеледі, ал пайыздық мөлшерлемелердің қатаңдығы несиені қалыптандыруға әкеледі. Фирмалардың айналым капиталына әсер ететін қолайсыз сыртқы соққы және олардың банкротқа ұшырау кәтері өндіріс көлемін азайтады және айналымдағы капиталды қалпына келтіруге уақыт жұмсалады, бұл бизнес-циклдің өзгеруіне әкеледі. Осылайша кредиторлардың фирмаларға қарыз беру шешіміне әсер ететін *ақша-несие саясатының нақты экономикалық тиімділігі болуы мүмкін. Бұл экономикаға белсенді саяси араласудың негізін ұсынады. Жаңа кейнстік экономикалық құрылымның математикалық тұжырымдамасы, негізінен, *динамикалық стохастикалық жалпы тепе-теңдік моделінде (DSGE) ұсынылған.

жаңа классикалық экономика (new classical economics) Барлық экономикалық агенттер *рационал болжамға сүйенеді және барлық нарықтарға еркіндік беріледі дейтін экономика мектебі. Жаңа классикалық модельдер сондай-ақ тұтынушылар үшін тиімділікті барынша арттыру және фирмалар үшін пайдасын барынша арттыруды ұсынады. Осы жорамалдардың салдары – жұмыссыздық мемлекет тарапынан қатал ынталандыруды қамтамасыз ету арқылы, негізінен, өз еркімен қалыптасқан

деген сенім және бұл үкіметтің дискрециялық саясатын тұрақсыздандырады. Бұл *араласпау саясатын алға жылжытуға және инфляцияны нақты ақша-несие саясатымен нөлдік нақты шығындармен бақылауға болатынына сенімділік береді.

жаңа құрылыс (greenfield development)

Бұрын құрылыс жүргізілмеген жерге салынған зауыт. Ол ағымдағы зауытты кеңейту дегенге қайшы. Жаңадан салынған жоба фирмаларға көптеген ескі объектілердің айналасындағы аудандардың шамадан тыс жүктелуі мен ластануы проблемаларын болдырмауға мүмкіндік береді. Бұл сондай-ақ ескі зауытты алмастыратын жаңа зауыт салынып жатқан кезде, ескі зауытты пайдалануға мүмкіндік береді. Жаңадан салынған жобаның кемшілігі – жаңа жер телімдерін электр энергиясымен, көлікпен және басқа да объектілермен қамтамасыз етуге инвестициялар қажет болуы мүмкін.

жаңа протекционизм (new protectionism)

Кейбір жаңа аргументтерді қолдау арқылы *протекционизмді жандандыру. Олар, негізінен, стратегиялық ойды енгізуге сүйенетін және ішінара өнеркәсіпте *ауқымға қайтарым көбеюінің пайда болу ықпалын қарастыру. Протекционизмге стратегиялық дәлел – бір ел өз өнеркәсібін қорғай отырып, басқа елдерді онымен бәсекелесуден сақтайды. Қайтарымның көбеюі және жетілмеген бәсеке нәтижесінде пайда болған елдің ішкі нарығын қорғау өз өндірісінде шығымды ұлғайтады, осылайша орташа шығынын азайтады және оның халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетін арттырады. Протекционизм сондай-ақ бәсекелестердің өнімділігін төмендетеді, осылайша олардың орташа шығынын арттырады және бәсекеге қабілетін

төмендетеді. Осы аргументтердің ешқайсы протекционизм көрші елдерді кедейлендіру саясаты екеніне қарсы дәлел бола алмайды, сондықтан елдердің бәрі одан бас тартудан тек ұтар еді.

жаңа тәртіп (new orders) Тауарлар алдымен емес, тапсырыспен жасалатын, содан кейін сөрелерден сатылатын салалардағы фирмалар алған тауарларға тапсырыс құны. Бұл, негізінен, құрылыс индустриясы және өңдеуші өнеркәсіп өнімдерін сататын өңдеуші өнеркәсіптің бөліктері. Жаңа құжаттардағы өзгерістер экономикалық белсенділіктің өзгеру индикаторы.

Жаңа халықаралық экономикалық тәртіп (New International Economic Order)

*Нашар дамыған елдердің (НДЕ) жағдайын жақсарту жөніндегі бірқатар ұсыныстарды олардың дамуы мен дамыған елдерден қарыз алу тетіктерін ауыстыру арқылы өзгерту. Олар 1974 жылы құрылды және *Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және даму жөніндегі конференциясында таныстырылды. Бұл ұсыныстар шикізат экспорттаушылары үшін тауар айналымының шарттарын жақсарту шаралары, НДЕ өндірушілерінің дамыған елдердегі өнеркәсіптік экспорт нарықтарына қол жеткізу мүмкіндігін жақсарту шаралары, сондай-ақ халықаралық борыштың ауыртпалығын, әсіресе берешегі аз дамыған елдер үшін азайтылды. Бұл ұсыныстардың дамыған елдерге қатысы жоқ.

жаңа шығарылған акциялар (new issues)

Ашық акционерлік қоғамдарда жаңа шығарылған акцияларды сату құны. Бұл – компаниялар үшін қаржыландырудың негізгі көздерінің бірі. Жаңа шығарылған акциялар *бастапқы орналастыру кезінде сатылады.

жаңа экономика (new economy) Қызметтер мен қаржы қызметіне сүйенетін экономика. Бұл атау 1990 жылдары АҚШ экономикасы өндірістік базадан ауысып кеткеннен пайда болды. 1990 жылдардың соңындағы бум доткомдары жаңа экономиканы көшіру процесінің бөлігі ретінде қарастырылады.

жаңартылатын ресурстар (renewable resources) Табиғи немесе антропогендік ресурстар, олар тұтынылғанда немесе шығындалғанда қайта толықтырылады немесе кем дегенде жылдам қалпына келеді. Күн немесе құймалы энергияға қарағанда, тұщы су немесе ағаш сияқты табиғи ресурстар табиғи процестермен толтырылуына қарағанда жылдамырақ тұтынылған жағдайда жаңартылмауы мүмкін. Антропогендік жаңартылатын ресурстарға азық-түлік, қағаз және былғары кіреді. Сондай-ақ **САРҚЫЛАТЫН РЕСУРСТАРДЫ ҚАРАҢЫЗ.**

жаңартылатын несие (revolving loan) Ресми түрде қысқа мерзімге берілетін, бірақ әдетте жаңартылатын несие. Мұндай несиені банк, мысалы, акцияларды несиеге қаржыландыратын сатушыға беруі мүмкін: акцияны сату несиені жабуға мүмкіндік береді, бірақ тараптардың біреуі акцияны тағы сатып алу үшін жаңадан несие алуы, ал екінші тараптың оны сол мақсат үшін беруі екі тарапқа да тиімді. Мұндай несиені жаңартылған несиеден ажырату оңай емес, себебі қарыз алушы оны қайтара алмайды.

жаңартылатын энергия (renewable energy) *Сарқылатын ресурстарды пайдалануды талап етпейтін әдістермен алынатын энергия. Бұл – күн, геотермалды, жел, толқынды, гидроэлектрлік және құймалы энергия, сондай-ақ биомассадан алынатын энергия. Ядролық синтезден немесе бөліну нәтижесінен

алынатын энергия жаңартылатын энергия болып саналмайды.

жаппай өндіріс (mass production) Стандартталған өнім өндіру үшін механикаландырылған әдістерді қолдану арқылы мол көлемде өндіру. Бұл бейстандарт бұйымдар шығаратын қолөнер индустриясына қайшы келеді.

жарамды жиынтық (feasible set) Экономикалық модельдің барлық шектеулеріне сәйкес жиынтық. Тұтынушы үшін, мысалы, жарамды жиынтық – бюджеттік шектеуге сай барлық тұтыну жоспарлары. Ал айырбас экономикасы үшін *Эджуорт диаграммасы жарамды жиынтықты есептейді.

жарғы капиталы (authorized capital) Компания шығаруға уәкілетті *акциялардың номинал құны. Компаниялар көбіне жаңа акция шығарар алдында өзінің жарғы капиталын арттырады. Бұл фирмаға жаңа капитал қажеттігі мен капитал нарығының жағдайы тұрғысынан капитал шығару мерзімін белгілеуге, сондай-ақ *акцияларға опциондар шығаруға мүмкіндік береді.

жарна (instalment) Біржолғы төлемнің орнына нақты уақыт кезеңі үшін белгілі бір уақыт аралығында төленген әдеттегі сома. Кезекті төлемдер несие келісімінде қолданылады.

жарнама (advertising) Өнімді сату жолындағы іс-әрекеттер. Ол ықтимал тұтынушылардың назарын аударуға ұмтылады, өнімнің нарықта бар екені және атрибуттары туралы хабарлайды, тұтынушыларды өнімді сатып ала бастауға немесе сатып ала беруге үгіттейді. Ол медиа: газет, журнал, теледидар немесе интернет, дүкендегі дисплей, плакаттар көмегімен немесе поштамен тарату, өнім дизайны мен қаптамасы

арқылы жұмыс істейді. Ақпаратқа толы және сендіретін жарнама арасында логикалық айырмашылық бар болса да, психологиялық тұрғыда оларды ажырату өте қиын. Саяси, қайырымдылық және діни ұйымдар, сондай-ақ үкімет те коммерциялық ұйымдар сияқты жарнаманы қолданады.

жарнасыз зейнетақы жүйесі (non-contributory pension scheme) Жұмыс беруші толық қамтылған зейнетақыны төлеуге міндетті емес зейнетақы жүйесі. Бұл *жарналы зейнетақы жүйесіне қайшы келеді, оған қатысушылар шығынның кем дегенде бір бөлігін жабуға үлес қосуы керек. БЕЛГІЛЕНГЕН ЖАРНАНЫ да қараңыз.

жасқа қарай масылдық коэффициенті (age-dependency ratio) Мемлекеттің асырауындағы адамдар санының экономикалық белсенді халық санына қатынасымен өлшенетін шама. Коэффициент неғұрлым жоғары болуы жұмыс істемейтін халық қоғамда жұмыс істейтін халық өндіретін тауарлар мен қызметтерге едәуір тәуелді екенін көрсетеді. Мәселен, N_o – 65 жастан асқан тұрғындар саны, ал N_y – 15 жастан асқан тұрғындар саны, N_a 15 64 жастағы экономикалық белсенді халықтың саны болсын. Онда жасқа қарай масылдық коэффициенті N_o/N_a , ал жас жасқа масылдық коэффициенті N_y/N_a және жалпы масылдық коэффициенті $(N_y + N_o)/N_a$ шамасына тең болады. Жасқа қарай масылдық коэффициенті көп елде өсіп келеді және ол – *зейнетақы дағдарысының маңызды факторы.

жасқа қарай өмір сапасы (ЖҚӨС) (quality-adjusted life years) (QALYs) Медициналық араласудың пайдасын өлшеуде қолданылатын тәсіл. Медициналық араласу нәтижесіндегі әр қосымша өмір жылы сол жылдағы

өмір сапасын айқындайтын мәнге ие болады. Денсаулықтың мінсіз жағдайында өмір жылына 1 мәні, ал кез келген сырқат болған жылдарға төмен мән, қажет болса ең төмен 0 мәні беріледі. Осылайша жеңіл жайсыздықпен өмір сүрген жыл 0,75-ке бағалануы, ал қиын аурумен өткен жыл 0,25-ке бағалануы мүмкін. Медициналық араласудан болған пайда жасқа қарай өмір сапасымен өлшенеді. Ол құндылығы бойынша өлшенген өмірдің қосымша жылдарының жиынтығы ретінде анықталады. *Шығын мен пайданы талдаудағы ем қабылдаудың пайдасы өмір жылының қаржылай бағасына көбейтілген ЖӨӨС мәніне тең (Ұлыбритания Денсаулық сақтау мен күтім саласындағы білікті арттыру Ұлттық институты шамамен 30 000£ көрсеткішін қолданады). Қабылданған емнің экономикалық тиімділігін анықтау үшін алынған пайданы (ЖӨӨС) емдеуге жұмсалған шығынмен салыстыруға болады.

жас-табыс қатынасы (профилі) (age-earnings profile) Жұмысшылардың жасы мен сол жастағы орташа табысы арасындағы қатынас. Мұндай қатынасты барлық жұмысшыларға немесе белгілі бір жұмысшы топтарына жұмыс түріне немесе әлеуметтік-демографиялық сипаттарын ескеріп, мысалы, қол еңбегімен айналысатын жұмысшыларға, кәсіби қызметкерлерге, жоғары оқу орнын тәмамдаған қызметкерлерге, әйел жұмысшыларға және т.б. қатысты жасауға болады.

жасыл жеңді жұмысшы (green sleeves worker) Экологиялық таза және тұрақты индустриядағы қызметкер.

жасыл ЖІӨ (green GDP) Қоршаған ортаның бұзылуын ескеретін *жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) көрсеткіші. Жасыл ЖІӨ-ні ЖІӨ-нің стандарт мәнінен

экономикалық қызметтің ресурстық және экологиялық шығындарын шегеру жолымен алады.

жасыл кітап (green paper) Мәселелерді қоғамдық талқылауға ұсынатын Ұлыбритания үкіметі жариялайтын құжат. Бұл құжат ақ кітаптан ерекшеленеді. Ақ кітап дегеніміз – қабылданайын деп жатқан заңнамаға кіріспе ретінде және оның мүмкін болатын нысаны туралы ақпарат беретін Ұлыбритания үкіметі жариялайтын құжат.

жасыл революция (green revolution) Өсімдік сорттарын жақсартудың және тыңайтқыштар мен пестицидтерді кеңінен пайдаланудың арқасында соңғы онжылдықта *нашар дамыған елдерде ауыл шаруашылығы өнімділігінің айтарлықтай артуы. Бұл көптеген елде өмір сүру деңгейін арттырды және халық өсімінің тұрақты жоғары қарқынының нәтижесінде пайда болуы мүмкін мальтузиан дағдарысының алдын алды.

жасыл салық (green taxes) Фирмалар қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға ынталандыруға арналған *салық жеңілдігін қамтитын салық немесе басқа да фискалдық саясат түрі. Ұлыбританияда оларға климаттың өзгеруіне салынатын салық, көміртегі шығарындыларын азайту бойынша энергия тиімділігі схемасы, шығарындылар саудасының схемасы, энергия үнемдейтін заттарға арналған капиталға салынатын жеңілдіктер, үйіндіге салынатын салық және жиынтық салық жатады.

жасыл фунт (green pound) Еуропа қоғамдастығының *бірыңғай ауыл шаруашылығы саясаты (CAP) аясында пайдаланылатын шартты валюта бірлігі. 1970 жылдардың басында икемді

айырбас бағамдарына көшу бірыңғай ауыл шаруашылығы саясаты аясында тіркелген ауылшаруашылық өнімдерінің бағасы нарықтағы айырбас бағамдары бойынша британ фунтына ауыстырғанда тұрақсыз болғанда жасыл фунт эзірленді.

жасырын жол (backdoor) Көпшілік қол жеткізе алмайтын арналар арқылы ақша-несие саясатын жүргізу.

жасырын жұмыссыздық (hidden unemployment) Жұмыссыздықтың ресми статистикасында көрсетілмеген ықтимал қызметкерлердің жұмыссыздығы. Көп елде жұмыс істемейтін және белсенді түрде жұмыс іздейтін адамдарды ғана жұмыссыз деп есептейді. Жұмыс іздеуден бас тартып, жұмыссыздыққа балама ретінде зейнетке мерзімінен бұрын шыққан немесе медициналық көрсеткіштер бойынша жұмыссыз ретінде тіркелу туралы шешім қабылдаған ықтимал қызметкерлер ресми түрде жұмыссыз болып саналмайды.

жасырын келісім (implicit contract) Тараптар арасында қандай да бір ресми келісімге жатпайтын мінез-құлықтың қолайлы формаларын түсіну. Жасырын келісім көптеген әлеуметтік жағдайда туындайды және еңбек нарығының институттарын түсіндіру ретінде ұсынылады. Жасырын келісім әдетте уақыт өте келе дамып, тараптар арасындағы сенімді көрсетеді. Мысалы, Coca-Cola тұтынушылары мен компания арасында стандарт өнім кола рецепті өзгертпеу туралы жасырын келісім бар деп шамаланады.

жасырын көрсеткіш, жасырын айнымалы (latent variable) Мәні бақыланатын немесе өлшеуге келетін көрсеткіштер қатарынан шығарылатын, бақыланбайтын немесе тікелей өлшеуге болмайтын

айнымалы, мысалы, бақыт немесе сенімділік дәрежесі, өмір сапасы, т.с.с. Мысалы, бақыланатын айнымалылар дисперсиясын түсіндіретін жалпы факторды анықтау үшін факторлық талдауды қолдану барысында туындайтын жасырын айнымалы. Сондай-ақ ЖАНАМА АЙНЫМАЛЫНЫ қараңыз.

жасырын шығын (implicit cost) Қолма-қол ақшамен тікелей байланысты емес әрекеттің балама шығыны. Әрекетті таңдаудың тікелей шығыны бар, ол үшін төлем жасалады, оған қоса таңдалуы мүмкін болған әрекеттің алынбаған пайдасының жанама шығыны да бар. Мысалға, фирма өз капиталын пайдалана отырып өнім өндіргенде, жасырын шығын – сол капиталды басқа фирмаға жалға беру арқылы ала алатын табысы. *Экономикалық пайданы анықтағанда жанама шығынды ескеру керек.

жасырын экономика (hidden economy) Ресми статистикаға енгізілмеген экономикалық қызмет. Көлеңкелі экономиканың неғұрлым кең анықтамасы. Бақылаудан әдейі жасырылған заңды экономикалық қызметті, заңсыз экономикалық қызметті (контрабанда, есірткі саудасы мен жезөкшелікті қоса алғанда) және *үй шаруашылығы өндірісін (табиғи шаруашылықты қоса алғанда) қамтиды. Жасырын экономика сондай-ақ көлеңкелі экономика, қара экономика, бейресми экономика және жерасты экономика ретінде белгілі. Жасырын экономиканың сипаты оның мөлшерін есептеуді қиындатады. Есептеулер бойынша ол әдеттегі дамыған экономикадағы өлшенген *жалпы ішкі өнімнің 10 пайызын және кейбір дамушы елдер үшін жалпы ішкі өнімнің 70 пайызын құрайды. Сондай-ақ САЛЫҚТАН ЗАҢСЫЗ ЖАЛТАРУДЫ қараңыз.

жауапкершілігі шектеулі серіктестік (limited company) Қарапайым акция ұстаушыларға *шектеулі жауапкершілік жүктелген компания.

жауапкершілік (liability) 1. Төлем жасауға қатысты заңды міндеттеме. Жұмыста жарақат алған жұмысшыларға өтемақы, ал қауіпті автокөлік секілді бүлінген тауардан зардап шеккен клиенттерге сақтандыру төлемін немесе басқа біреудің қарызына кепілдік берген тарапты борышын өтеуге міндеттейді. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕ; ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ МІНДЕТТЕМЕСІ; ӨНІМГЕ ҚАТЫСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ де қараңыз.

2. Борышты төлеуге қатысты заңдық міндеттеме. *Шектелмеген жауапкершілік тиісті тұлға немесе компанияның активтері мүмкіндік берген жағдайда төлем жасау міндетті екенін білдіреді, кері жағдайда олар банкрот ретінде танылып, тіпті жойылуы мүмкін. Шектелмеген жауапкершілік әдетте жеке кәсіпкер немесе серіктестік түрінде саудамен айналысатын жеке тұлғалар мен фирмаларға қатысты қолданылады. Тек компанияларға қатысты қолданылатын *шектеулі жауапкершілік олардың акционерлері бизнеске жұмсалған бастапқы шығын көлеміне және иеленген акциялардың номинал құнының төленбеген кез келген бөлігіне қарай компанияға барынша жауапкершілік жүктелетінін білдіреді.

жаһандану (globalization) Жалпы алғанда, экономикалық, мәдени, саяси, діни және әлеуметтік жүйелердің дүниежүзілік интеграциясы. Экономикалық жаһандану – бүкіл әлем біртұтас нарыққа айналатын процесс. Бұл тауарлар мен қызметтер, капитал мен жұмыс күші дүниежүзі бойынша сатылады, ал ақпарат пен зерттеу нәтижелері елдер арасында оңай беріледі дегенді білдіреді.

жаһандық жылыну (global warming) Жер бетіндегі ауаның және мұхиттардың орташа температурасының артуы. Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған орта жөніндегі бағдарламасының сипаттамасына сәйкес *климат өзгеруіне байланысты болатын экономикалық шығындарға ауа райы жағдайларынан туындаған фермерлер мен тұтынушылар (олардың көпшілігі сақтандырылмаған), сондай-ақ сақтандырушылар, қайта сақтандырушылар мен банктер ұшыраған қатер жатады. Қатерге ұшырауға мүмкін экономика секторларының қатарына ауыл шаруашылығы мен көлік жатады. *Нашар дамыған елдерде дамыған мемлекеттерге қарағанда экономикалық қатер жоғары. Әлбетте, бұл құбылыс адамның қызметімен байланысты екеніне сенімді дәлелдер бар, алайда ол – климаттың табиғи өзгеруінің бір бөлігі. Қазіргі уақытта дүниежүзінде болашақ жаһандық жылыну немесе оның күтілетін салдарына бейімделу үшін қандай шаралар жасау керегіне қатысты саяси және қоғамдық пікірталастар жалғасуда. Ұлттық үкіметтердің көбі *парник газдары шығарындыларын азайтуға бағытталған 1997 жылғы *Киото хаттамасына қол қойды. БЕЙІМДЕЛУ; ХОККЕЙ ТАЯҚШАСЫ; ЖҰМСАРТУДЫ *да қараңыз.*

Жаһандық қаржылай тұрақтылық есебі (Global Financial Stability Report)

*Халықаралық валюта қоры әзірлейтін жаһандық қаржы нарықтарының жартыжылдық есебі. Баяндаманы www.imf.org/external/pubs/ft/gfsr/index.htm веб-сайтынан көруге болады.

жаһандық қоғамдық игілік (global public good) Дүниежүзілік ауқымда сарқылмайтын және бәсекелессіз артықшылықпен қамтамасыз ететін *қоғамдық игілік. Жаһандық қоғамдық

игіліктердің мысалдарына білім мен жаһандық қоршаған орта жатады. АДАМЗАТТЫҢ ОРТАҚ МҰРАСЫ; ЖАҒАНДЫҚ ЖЫЛЫНУДЫ *да қараңыз.*

жәрдемақы (benefit(s)) АНЫҚТАЛҒАН ЖӘРДЕМАҚЫ; ҚОСЫМША ЖӘРДЕМАҚЫ; ҮЙГЕ ЖӘРДЕМАҚЫ; ШЕКТІ ЖӘРДЕМАҚЫ; ТҰРМЫСЫ ТӨМЕН АЗАМАТТАРҒА ЖӘРДЕМАҚЫ; АУРУ БОЙЫНША ЖӘРДЕМАҚЫ; ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ЖӘРДЕМАҚЫСЫ; ҚОСЫМША ЖӘРДЕМАҚЫ; ЖҰМЫССЫЗДЫҚ БОЙЫНША ЖӘРДЕМАҚЫ; ӘМБЕБАП ЖӘРДЕМАҚЫНЫ *қараңыз.*

жәрдемақы жүйесі (benefits system) Елдің резиденттері арасында ең төмен өмір сүру деңгейін қолдау (қамтамасыз ету) үшін жеткілікті ақшалай қаражатпен және жеткілікті табыспен және қызметтермен қамтамасыз ету жүйесі. Бұл жүйе өзін қамтамасыз ете алмайтын адамдарға қолдау көрсетуі керек, өйткені олардың жұмыс істеуге жасы өте үлкен немесе кіші, мүгедек немесе ауру не жұмысқа орналасқысы келмейді. Мұндай жүйе міндетті түрде қымбатқа түседі. Мемлекет әрқашан екі нұсқаның, яғни ақшалай көмек және *заттай жәрдемақы ұсынудың арасында; *әмбебап жәрдемақы мен *тұрмысы төмен азаматтарға жәрдемақы арасында; шартсыз жәрдемақы мен білім алуға немесе жұмыс істеуге жәрдемақы арасында және заң бойынша негізі бар жәрдемақы мен шенеуніктердің қалауы бойынша жәрдемақы беру арасында таңдауға тиіс.

жеделдетілген амортизация (accelerated depreciation) Салық салу мақсатында өндіріс құралдарын олар әдетте амортизацияланатын мөлшерлемеден бұрынырақ *есептен шығару құқығы. Бұл *инвестицияны ынталандыруды көздейді, себебі бұл компанияға инвестициялау кезінде салық төлеуді кейінге қалдыруға

мүмкіндік береді. Жеделдетілген амортизация кезінде фирманың *амортизацияны есептемегендегі пайдасы және оның салық міндеттемелері қалыпты амортизация кезіндегіден төмен болады. Өндіріс құралдары есептен шығарылғаннан кейін амортизацияны есептемегендегі пайда қалыпты амортизацияға қарағанда жоғары болады және салық мөлшері қайтадан артады.

жеке алынатын табыс (personal disposable income) Табыс салығы мен әлеуметтік төлемдерден кейінгі жеке табыс. Бұл – жеке тұтыну мен үнемдеу арасындағы бөлуге болатын сома.

жеке желі (private network) Желіні иеленетін ұйым мүшелері ғана қол жеткізе алатын *желі. Жеке желі жеке компания немесе мемлекеттік органға тиесілі болуы мүмкін.

Жеке жинақ шоты (ЖЖШ) (Individual Savings Account) (ISA) Жеке тұлғаларға жыл сайын табыс салығы немесе капитал өсіміне салық салынбайтын активтерге шектеулі соманы инвестициялауға мүмкіндік бере отырып, жинақтарды ынталандыруға арналған Ұлыбритания схемасы. Бұл 1999 жылы жеке капитал жоспары схемасының орнын басты. Рұқсат етілетін шектеулер жыл сайын өзгеруі мүмкін; 2016–2017 жылдар аралығындағы кезеңде олар теңдестірілген несие беру платформаларын қолдана отырып, инвестицияларды қамтитын ЖЖШ, қолма-қол ЖЖШ немесе ЖЖШ инновациялық қаржыландыру акцияларының кез келген үлестірілуімен 15 240 фунт стерлингті құрады. 18 жасқа толмаған балаларға арналған, жасөспірімдерге арналған ЖЖШ-ның шегі қолма-қол ақша, қорлар және акциялар арасында кез келген бөлінумен 4 800 фунт стерлингті құрады.

Жеке зейнетақы шоты (ЖЗШ) (Individual Retirement Account) (IRA) АҚШ-тағы зейнетақы жоспары, ол зейнетке шығу үшін жинақтаудың салық артықшылықтарын қамтамасыз етеді. ЖЗШ зейнетақы жоспары жоқ қызметкерлерге салық шегерімінен үнемдеуге мүмкіндік беру үшін 1974 жылы енгізілді. ЖЗШ-ға қатысу мүмкіндігі 1981 жылғы *Экономикалық қайта қалпына келтіру мақсатындағы салық туралы актімен кеңейтілді, бұл барлық жұмыс істейтін салық төлеушілердің үлес қосуына мүмкіндік берді және ЖЗШ шектеулері ұлғайды. Бұл ЖЗШ-дағы жинақтардың едәуір өсуіне әкелді. 1986 жылғы *Салық реформасы туралы акті жұмыс беруші ұсынатын жоғары табыстан шыққан зейнетақысы бар салық төлеушілерді алып тастай отырып, жағдайды өзгертті.

жеке игілік (private good) Бәсеке нысаны (оны бір жеке немесе заңды тұлға пайдаланса, басқалар қол жеткізе алмаса) және айрықша (иесі басқа адамдарға немесе компанияларға оларды тегін иеленуге кедергі жасай алады) болатын кез келген өнім немесе қызмет. Кәдімгі тұтыну және капитал тауарларының көбі – жеке игілік. ҚОҒАМДЫҚ ИГІЛІКТІ *де қараңыз.*

Жеке инвестиция басқармасы (ЖИБ) (Personal Investment Authority) (PIA) *Бағалы қағаздар мен инвестициялар жөніндегі кеңеске сүйенетін Британдық өзін-өзі реттейтін ұйым. Негізінен, жеке инвесторлармен айналысатын инвестициялық бизнес секторларын реттеуге жауапты. Жеке инвестициялар басқармасы 1994 жылы Қаржы делдалдары, басқарушылар және брокерлерді реттеу қауымдас­тығы мен Өмірді сақтандыру және сенімгерлік ұйымын біріктіру арқылы құрылды. ЖИБ функциялары *Қаржы

қызметтері органына 2001 жылғы желтоқсанда берілді.

жеке капитал жоспары (ЖКЖ) (personal equity plan) (PEP) 1986 жылы құрылған британдық жүйе, соның арқасында жыл сайын қаржы делдалдығы арқылы жеке тұлғаларға акцияға шектеулі сома салуға болады. ЖКЖ-ға құйылған инвестиция ең аз меншік мерзімі болған жағдайда табыс салығы мен капиталдың өсімінен босатылды. Қаржы делдалдары өздері басқару панелінің қызметтерін төлейді. ЖКЖ үнемдеуді және компания секторына жеке қатысуды ынталандыру үшін енгізілді. Олардың орнын 1999 жылы *жеке жинақ шоттары басты.

жеке кәсіпкер, меншіктің жеке иесі (sole proprietor) Бизнесі серіктессіз және ешкіммен бірікпей жүргізетін тұлға. Жеке кәсіпкерліктің артықшылығы – бақылау даралығы, өйткені иелену мен басқару бір қолда. Жеке кәсіпкерліктің кемшілігі – көптеген өнеркәсіп саласында *ауқымнан үнемдеу бизнестің ең төменгі тиімді ауқымы бір адамның бизнес қызметін басқару мен жеткілікті капиталмен қамтамасыз ету мүмкіндіктерінен әлдеқайда асып түсетінінде.

жеке кәсіпорын (private enterprise) Экономикалық әрекетті тәуелсіз тұлғалар немесе фирмалар жүзеге асыратын және орталық бақылаудан тыс жүйе. Жеке кәсіпкерлік тұжырымдамасының таза экономикалық құндылықтардан тыс саяси коннотациясы бар. Саяси салада жеке кәсіпкерлікке қолдау көрсету әдетте пайдалы емес, себебі ол жеке, бірақ ол – орталықтан бақыланып отырған фирмалардан гөрі тиімділікке және техникалық жетілдірулерге үлес қосатын белсенділік.

жеке компания (private company) Ұлыбританиядағы *жауапкершілігі

шектеулі серіктестік, ағымдағы және бұрынғы қызметкерлерді қоспағанда, 2-ден 50-ге дейін акционері болуы мүмкін. Акционерлер өз акцияларын басқа қатысушылардың келісімінсіз өзгелерге бере алмайды, ал акциялар жалпыға ұсынылмайды.

жеке қалау (personal preferences) Жеке тұлғаны мен жұмысқа қатысты жеке талғам. Жеке қалау адамның *талғамсыздық қисығын анықтайды, ал адамдардың қалауындағы айырмашылықтар олардың талғамсыздық қисықтарындағы айырмашылықтарда көрінеді. Жеке қалау таңдауды анықтау үшін *бюджеттік шектеумен біріктіріледі.

Жеке қаржы бастамасы (Private Finance Initiative) МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕМЕНШІК СЕРІКТЕСТІКТІ қараңыз.

жекеменшік (gearing) Компанияның қарызы мен меншік капиталының арақатынасы. Жоғары жекеменшік қарызды қаржыландыруға жоғары сенімділікті білдіреді. Бұл акционерлер үшін қауіпті, өйткені борыш қызметі әдеттегі жылы пайданың үлкен үлесін сіңіреді, ал компания үшін сәтсіз жылдары борышқа қызмет көрсету құны жалпы пайдадан асып кетуі мүмкін. Бұл дивидендтердің қысқаруына немесе басқаға берілуіне және несие берушілер немесе қарыз міндеттемелерін ұстаушыларға компанияны бақылауды жоғалтуына әкеп соғуы мүмкін. АҚШ-та жекеменшік терминінің орнына «леверидж» сөзі қолданылады.

жекеменшік (private property) Заңға сәйкес жеке адамдарға немесе ұйымдарға ғана қатысты нәрселер. Бұл жалпыға ортақ жолдар, мысалы, авторлық құқық мерзімі өтіп кеткен авторлардың шығармалары сияқты, үкіметке тиесілі нәрселерге қайшы келеді. Жекеменшікке

жататын объектілер заңды түрде тек меншік иесінің келісімімен немесе заң талаптарына сәйкес алынады, мысалы, *қоғамдық жұмыс жүргізуге қажет жерді міндетті түрде сатып алуға болады. Жекелеген жағдайларда жеке адамдарға қауіп төндіремеу немесе басқа адамдарға ыңғайсыздық туғызбау үшін шектеулер бар, мысалы, жекеменшіктегі құрылысқа *құрылыс рұқсаты қажет.

жеке несие (personal loan) Әдетте банктен ол үшін қандай да бір ерекше қауіпсіздікті қамтамасыз етуге міндетті емес адамға берілетін несие. Жеке несие автомобиль және жиһаз сияқты қымбат заттарды сатып алуды қаржыландыру үшін кеңінен пайдаланылады және әдетте оларды *бөліп төлеуге сатып алуға қарағанда қаржыландырудың арзан жолы. Өтеу әдетте бірнеше ай мен жыл бойынша келісілген бағамен жүзеге асырылады. Жеке несие *ипотека сияқты *кепілді несиеге қарағанда кредиторлар үшін аса қатерлі және әдетте оларға жоғары пайыздық мөлшерлеме қойылады.

жеке пайда (private benefit) Бір адамның шаруашылық қызметтен пайдасы. Жеке пайдасын барынша арттыру – экономикалық шешім қабылдаудың негізгі қағидасы. Барлық экономикалық агенттер осы қағиданы ұстанғанда, *нарықтағы сәтсіздік болмаса, нарықтағы тепе-теңдік *Парето тиімділігі болады. Сыртқы салдар болса, жеке пайда *қоғамның пайдасына тең емес, бұл тиімсіздікке әкелуі мүмкін.

жеке сатушы (агент) (sole trader) ЖЕКЕ КӘСІПкерді қараңыз.

жеке сектор (personal sector) Экономиканың бір бөлігі үй шаруашылықтарынан, тәуелсіз корпорациялардан, өмірді сақтандыру қорынан және

зейнетақы қорларынан, сондай-ақ қайырымдылық сияқты адамдарға қызмет көрсететін коммерциялық емес жеке ұйымдардан тұрады. Бұл компаниялардың, қаржы институттарының және мемлекеттік корпорациялардың, сондай-ақ мемлекеттік сектордан тұратын корпоративтік сектордан ерекшеленеді.

жеке сектор (private sector) Мемлекет бақыламайтын экономика бөлімі. Бұған үй шаруашылықтары, жеке кәсіпкерлер мен әріптестік қатынастар, компаниялар мен коммерциялық емес ұйымдар кіреді.

жеке сектор балансы (private sector balance) Инвестициялық шығынның жеке сектордан асып кетуі. Бұл – жекеменшік сектор балансы, мемлекеттік сектор балансы және экономикадағы ағымдағы шоттың дефициті нөлге тең болуға тиіс ұлттық кіріс есебі. Осылайша кез келген мемлекеттік баланс үшін жеке сектор балансын ұлғайту ағымдағы шоттың дефицитін азайтуы керек.

жеке табысты үлестіру (personal income distribution) Жеке тұлғалардың табысын үлестіру. Оны *тікелей салықтар мен табыстың шегеруге дейін немесе кейін өлшеуге болады. Жеке табысты үлестіру түрлі өндіріс факторларының меншік иелері арасында жалпы табысты бөлуге байланысты *функционал табысты үлестіруден ерекшеленеді.

жеке шығын (private cost) Тауарларды немесе қызметтерді ұсынатын адамға немесе компанияның өзгелерден алатын тауар не қызметке жұмсайтын шығыны. Бұған кез келген фактор қызметтері немесе жеткізуші жұмсаған шығындар жатады. Жеке шығын жеткізуші оны төлеуге міндетті болмаса, шу немесе ластану сияқты өзге адамдарға

немесе қоршаған ортаға келтірілген зиянды қамтымайды. ҚОҒАМНЫҢ ШЫҒЫНЫН *да қараңыз.*

жекеменшік тұрғын үй (owner-occupied housing) Үй немесе пәтер оның тұрғындарына тиесілі болатын жүйе. Мұның *жалға алынған тұрғын үйден айырмашылығы – үй иесі мен жалға алушы әртүрлі адамдар. Жекеменшік тұрғын үй – Ұлыбританияда және басқа да дамыған елдерде тұрғын үйді иеленудің ең ірі формасы.

жекешелендіру (privatization) Жекеменшікке және *қоғамдық меншікке немесе кәсіпорындарына бақылау жасау. Жекешелендірілген активтер Ұлыбританияның кеңестік үйлері немесе мемлекеттік корпорациялар сияқты жергілікті үкіметтерге тікелей тиесілі немесе тиесілі емес болуы мүмкін. Жекешелендіру активтерді жекеменшікте тиімді пайдалану, орталық үкіметтің өкілеттігін азайту, мемлекеттік кірісті көбейту немесе қоғамдағы мүлкті кеңінен таратуға тырысу деп санауға болады.

желпуіш диаграмма (fan chart) Айнымалының өткен тарихы уақытқа қарсы бейнеленген, бірақ оның болашағы болжамды мәндердің диапазоны ретінде көрсетілген диаграмма түрі. Осы шақ уақыт осімен берілгеннен кейін, диаграмма жайылады, атауы да осыдан шыққан. Желпуіш диаграмма – экономикалық болжамдардағы белгісіздікті түйіндеудің пайдалы тәсілі.

желі (network) 1. Тұтынушыларға арналған тауарларды немесе қызметтерді тұтынудың пайдасы нәтижесінде сатып алынатын тауардың немесе қызмет көрсетудің пайдасына тұтынушылар ғана қол жеткізе алады. Желілер пайда болғанда осы тауарлар

немесе қызметтер құнсыз немесе құны жеке емес, бірақ олар көп тұтынушы бірдей тауарлар мен қызметтерді пайдаланғанда көп құнды етеді. Осындай қасиеттермен сипатталатын нарық желінің сыртқы эффектілері деп аталатын тұтынудың сыртқы салдары бар желілік нарық деп аталады. Желілік нарықтың типтік мысалы – телекоммуникация.

2. Тұтынушылар немесе фирмалар тобы ішіндегі өзара байланыс моделі. Желі қандай тұтынушылар немесе фирмалар қосылғанын анықтайтын байланыстар жиынтығымен сипатталады. Байланыс мысалдары ретінде, олар тұтынушылардың бірін-бірі білетінін немесе тұтынушылардың компанияның тұтынушылары болатынын сипаттай алады. Желілер адамның өзара әрекеттесу құрылымы бар кез келген экономикалық немесе әлеуметтік жағдайды сипаттау үшін пайдаланылуы мүмкін. **ЖЕКЕ ЖЕЛІ; ҚОҒАМДЫҚ ЖЕЛІНІ *де қараңыз.***

жеңіл ақша-несие саясаты (easy monetary policy) Нақты экономикалық белсенділікті ынталандыру үшін төмен пайыздық мөлшерлемелер мен кредиттерге жеңіл қол жеткізілетін саясат. Мұндай саясат инвестициялар мен жұмыспен қамту нормадан төмен болған депрессия кезінде қабылданады. Жеңіл ақша-несие саясаты қауіп кәсіпкерлерді жеңіл несие өте төмен пайыздық мөлшерлемелермен ғана өмір сүруге қабілетті бизнесті бастауға құштар етеді. Ал экономика қалпына келгенде бұл бизнестен түсетін пайда қалпына келтірілген қалыпты пайыздық мөлшерлемелерді төлеуге жетпейді. Сондай-ақ **САНДЫҚ ЖҰМСАРТУДЫ *қараңыз.***

жеңіл несие (soft loan) Нарықтағы мөлшерлемеге қарағанда ауыртпалығы аз шартпен берілетін несие. Бұл түрлі

формада болуы мүмкін. Несиеге төмен пайыздық мөлшерлеме белгіленуі, пайыз бойынша төлем бастамасы кейінге шегерілуі, өтеу ерекше ұзақ кезеңге бөлінуі мүмкін. Бұл пайыз бойынша және өтеу төлемдерін кейінге қалдыруды оңай ұйымдастыруға немесе борышкерге пайыздарды не сатып алу төлемдерін айырбасталмайтын валютамен өтеуге мүмкіндік беруі ықтимал. *Қатаң несие берілгенде пайыздық мөлшерлеме нарықтағы деңгейде болады, ал пайыз бойынша төлемдер және өтемдер тез арада айырбасталатын валютамен жасалуға тиіс.

жеңіл фискалдық саясат (easy fiscal policy) Салықты қысқарту, мемлекеттік шығынды ұлғайту және бюджет дефицитін қабылдау мен мемлекеттік борышты арттыру саясаты. Мұндай саясатты экономика депрессияға түскен кезде қолданады, бірақ ол мемлекеттік борыштың қайтарылуы және оған қызмет көрсету қажет болғанда экономикаға шығын әкелуі мүмкін.

жеңілдету (relief) БОРЫШ АУЫРТПАЛЫҒЫН ЖЕҢІЛДЕТУ; ҚАРЫЗ КӨЗІНЕН ИПОТЕКАЛЫҚ ПАЙЫЗДАРДЫ ЖЕҢІЛДЕТУДІ қараңыз.

жеңілдік немесе артық төлеуді қайтару (rebate) Төленген соманың бір бөлігін қайтару немесе төленетін сомадан ұстап қалу. Тұтыну тауарларын сатып алудағы жеңілдіктер маркетингтік зерттеулерде *сұраныс икемділігін бағалау үшін қолданылады. Салық жеңілдіктері – дұрыс салық міндеттемесінен артық төленген салықты қайтару. ЕО жеңілдігі – *Еуропалық одақ (ЕО) бюджетінен ЕО-ға кейбір мүше елдеріне, қазіргі уақытта Австрия, Германия, Нидерланды, Швеция және Ұлыбритания секілді елдердің ЕО бюджетіне енгізген жарналары мен

бюджеттен алатын көмек көлемі арасындағы айырмашылыққа сүйенетін қайтару.

жеңімпаздарды іріктеу (picking winners) Үкімет қаржылай және техникалық қолдау үшін нақты жобаларды таңдау арқылы экономикалық дамуды ынталандыруы мүмкін идея. Индустриялық стратегияның бұл түрі экономиканың өсуіне үкімет тек жеке инвесторларға қарағанда табысты бола алатын жобаларды таңдаған жағдайда ғана ықпал етеді. Стратегияда екі қауіп бар: үкімет кез келген жағдайда қабылданатын жобаларды қолдай алады, сондықтан оның қолдауы оларды тиімдірек етеді немесе ол тым көп сәтсіз жобаларды таңдай алады. Үкіметтер ұсынатын балама – білікті еңбек өнімділігі үшін жалпы техникалық білім беруге бағытталған, сондай-ақ капиталды қамтамасыз ету үшін тиімді қаржы нарықтарына жәрдемдесу және жеке бизнесте даму үшін бәрінша нақты жобаларды таңдау мүмкіндігін беру.

«жеңімпаздың соры» (winner's curse)

*Контракт жеңімпазы түптің түбінде шығынға батады дейтін қауіп. Контракт *конкурстық байқау (тендер) түрінде болса, әдетте ең төмен баға ұсынатын фирма жеңімпаз болады. Шығынды (табысты да) бағалау қате болуы және нәтижесінде шынайы құнды (немесе жоғары пайданы) дұрыс бағаламаған кәсіпорын контракт бойынша жеңімпаз болып, сөйтіп, контракт бойынша шығынға батуы қатері күшейеді. Мұндай жағдай *аукциондарда да қолданылады, яғни жеңімпаз болу бәрінен артық төлеуді қажет етеді.

жер (land) *Өндіріс факторы ретінде қолданылатын табиғи ресурс. Шаруашылықта жер бірнеше мақсатта

пайдаланылады: ауылшаруашылық дақылдарын өсіру; мал бағу; пайдалы қазбаларды өндіру; ғимараттар, көліктер және демалыс орындарына жер телімін беру. Табиғатта жер адам қызметінің салдарынан өзгеріп, ауылшаруашылық жайылымдары тыңайтқыштар немесе қуаңшылық салдарынан шұрайы кемиді, эрозия салдарынан бұзылады. Сондай-ақ ҚҰНАРСЫЗ ЖЕРДІ қараңыз.

жер иесі (landlord) Жер немесе ғимарат иесі оларды пайдалануға немесе пайдаланғаны үшін басқалардан *жалға беру ақысын алуға құқылы. Алынған жалға беру ақысы – нақты экономикалық рента, сондай-ақ жер жағдайын жақсарту немесе ғимарат құрылысы үшін қолданылатын капитал қайтарымы. Жалға беруші мен жалға алушының қарым-қатынасы төлем ақысы мен иеліктің қауіпсіздігіне әсер ететін келісімдермен және құқықтық бақылау жолымен реттеледі. Жер иесі – жалға алушыларға жалға беруді ұйымдастырушы, жалға беру ақысын белгілейтін және жалға алу шартын тағайындайтын тұлға.

жерасты экономика (underground economy) ЖАСЫРЫН ЭКОНОМИКАНЫ қараңыз.

жергілікті билік органы берген тұрғын үй (local authority housing) Ұлыбританияда жергілікті билік органдары арқылы жалға берілетін мемлекеттік тұрғын үй. Бұл көп жыл бойы Ұлыбританиядағы ең үлкен екінші санаттағы тұрғын үй болды, ол меншік иелерінің жұмыспен қамтылу деңгейінен төмен, бірақ жеке жалдамалы тұрғын үй деңгейінен жоғары. Мұндай үйлер қажетіне қарай беріледі, ал жалға алу ақысы нарықтағы бағадан төмен болады.

жергілікті билік, үкімет (local government) Тәуелсіз билікті талап етпейтін

мемлекеттік орган. Германия немесе АҚШ сияқты федералдық елдердің штаттары – жергілікті билік органы емес, ал Францияның *уездік бөлімдері* мен Ұлыбританияның графстволары жергілікті билікке жатады. Жергілікті үкіметтің өкілеттігі жоғарыдан беріледі. Олардың қаржысын орталық үкімет қаржыландыруы мүмкін, кейде олар салықты өзі жинауға өкілетті. Олар өз қалауынша белгілі бір саясатты қолдана алады немесе орталықтан саясат жүргізуді талап етуі мүмкін. Жергілікті биліктің бірнеше деңгейі болуы мүмкін, тіпті бір-бірінің функцияларын қайталауы да ғажап емес. Сондай-ақ ФИСКАЛДЫҚ ФЕДЕРАЛИЗМДІ де қараңыз.

жергілікті қоғамдық игілік (local public good) *Қоғамдық игілікке белгілі бір географиялық аумақ жұрты ғана қол жеткізе алуы. Мысалы, таратқыштан белгілі бір қашықтықта ғана сигнал қабылдайтын радио немесе белгілі бір аумақты ғана қамтитын мектеп. Жергілікті қоғамдық игіліктер *фискалдық федерализм экономикасын түсіну үшін маңызды. Жергілікті қоғамдық игіліктің басты ерекшелігі – тұтынушылар өздері тұратын аймақтағы құзыретті органды таңдағанда өз қалауын ашып айтады. *Тибаут гипотезасы бойынша құзыретті органдардың арасында бәсеке тудыруы мүмкін, сөйтіп, экономикалық тиімділікке қол жеткізе алады. Сондай-ақ КЛУБТЫ қараңыз.

жергілікті өнім (local content) Ресурстардың елден жеткізілетін өнімге қатынасы. Тауарды *еркін сауда аймағына баж салығынсыз тасымалдау немесе салықтан жеңілдік алу мақсатында тікелей шетелдік инвестиция тарту үшін жергілікті өнімнің минимал деңгейі талап етіледі.

жергілікті тариф (domestic rates) Үй шаруашылықтарына салық салатын Ұлыбританияның жергілікті салық жүйесі. *Ортақ салыққа ауыстырылғанға дейін, ұлттық тариф Англияда 1990 жылға дейін (Шотландияда 1989 жылға дейін) жұмыс істеді. Ұлттық тариф бойынша салынатын салық тұрғындардың үйінің құнына сәйкес пропорционал салынды. Ал үйдің құнын аймақтық бағалаушылар есептейді. Бағаланған құнның әр фунтынан алынатын тарифті орталық үкімет белгілеген ең жоғары шектеулерге сүйеніп жергілікті билік анықтады.

жетекші индикатор, жетекші көрсеткіш (leading indicator) Қызығушылық тудыратын айнымалыларға қарағанда ертерек өсетін не кемитін экономикалық уақыт қатары. Қатар өлшенетін белсенділік экономиканың басқа бөлігіне қарағанда бұрынырақ өзгеретіні немесе ол бойынша статистика жиі және тез жинақталып, өңделіп, жарияланатыны себепті озық индикатор болуы мүмкін. Жетекші индикаторлар экономикалық болжауда тиімді.

жеткен (captured-by) тозу (wear and tear) Тұрақты пайдалану нәтижесінде жабдыққа келтірілген жиынтық залал. Қалыпты тозу әдетте сақтандыра алатын кездейсоқ залалға қарағанда сақтандырылмаған, қарапайым тозу. Оның әсері өндірушінің кепілдігінен алып тасталады. Тозу – *капиталды тұтынуының негізгі себептерінің бірі, басқа да себептер: келеңсіз жағдайлар мен *қалыптан тыс ескіру.

жеткізуден бас тарту (refusal to supply) Өндірушілердің өз тауарларын барлық өтініш берушілерге сатудан бас тартуы. Бұл дистрибьюторлар арасындағы бәсекеге кедергі келтіреді деп саналады. Фирмалар өзінің сауда нүктелерін

шектеуді қалауы мүмкін, өйткені олар кейбір дистрибьюторлар тиісті қойма нысандарынсыз, клиенттермен кеңес жүргізбей және қызметтерді орнатусыз сатады, ал кейбір жағдайларда жай ғана лас нысандарда сауда жасап, олардың беделіне нұқсан келтіреді деп санайды. Сондай-ақ өндіруші өнімін бәсекелес тауарлар жоқ сауда нүктелері арқылы сатуды қалайтын жағдайда жеткізуден бас тартуы мүмкін. Әдеттегі шарттармен сауда несиеден беруден бас тарту дистрибьютордың төлеу қабілетіне күмән келтірумен байланысты болуы мүмкін.

жеткіліксіз капиталданған (under-capitalized) Жүзеге асырылатын немесе жоспарланған бизнеске қатысты тым аз капитал болуы. Бизнесің капиталы жеткіліксіз болса, ол клиенттер тарапынан төлемді кідірту сияқты оның қызметі үшін әдеттегі қатер алдында төлеуге қабілетсіз болуы мүмкін. Жеткілікті капиталданбаған бизнеске қарыз беру немесе несие беру қатерлі, ал сыйақы мөлшерлемелерін алу немесе несиеден бас тарту оның пайдасына кері әсер етеді. Көп бизнес үшін жеткіліксіз капиталдану – табыссыз болу ғана деген сөз емес. Бірақ банктер мен басқа да қаржы мекемелеріне қатысты жағдайда жалпы қаржылық үрейден бір мекеменің төлеуге қабілетсіздігін болдырмау үшін *капитал жеткіліктілігін мемлекеттік реттеу бар.

жеткіліксіз сұраныс салдарынан болатын жұмыссыздық (demand-deficiency unemployment) КЕЙНСТІК ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ қараңыз.

жетілген бәсеке (perfect competition) Нарықтың барлық қатысушыларына барлық ақпарат белгілі болатын, сатып алушылар да, сатушылар да көп, олардың әрқайсы нарықтағы баға

қабылдаушыға әсер етпестен кез келген қажет көлемді сатып алуға немесе сатуға қабілетті нарықтағы жағдай. Бір кездері бұл *бәсекеге қабілетті экономиканы сипаттау үшін қажет жорамалдар болды деп есептелді. Бұл жағдайға тән емес. Нарықтағы қатысушылардың бәрінде симметриялы ақпарат (толық болуы шарт емес) және олар баға қабылдаушы сияқты әрекет етсе, бәсекеде тепе-теңдік пайда болады.

жетілген болжам (perfect foresight)

Болашақ оқиғаларды дұрыс болжау. Белгісіздік болмаса, агенттің қолында барлық қажет ақпарат пен болжау үшін қолданылатын дұрыс үлгі бар болса, жақсы болжам жасай алады. Белгісіздік болғанда жетілген болжам жасау мүмкін емес. Оның орнына тиісті ұғым – *рационал болжал, сондықтан болжалды ақпарат қолда барынша дәл болуы мүмкін.

жетілген нарық (perfect market) *Жетілген бәсекеге жағдай жасалған және біртекті тауарлар сатылатын нарық.

жетілмеген бәсеке (imperfect competition)

Нарықтың кейбір қатысушылары өз өнімдерінің тепе-тең бағасына әсер ете алатынына сенетін нарықтағы жағдай. *Монополия – бір сатушы бар нарық, *монополия – бір сатып алушы бар нарық. *Олигополия бірнеше сатушы болғанда пайда болады. *Монополистік бәсеке фирмалар дифференттелген өнімдер шығаратын нарықты сипаттайды, бірақ еркін кіріс тепе-теңдік пайдасын нөлге дейін азайтады. Жетілмеген бәсеке – *нарықтағы сәтсіздікке мысал: жетілмеген бәсеке бар экономиканың тепе-теңдігі әдетте *Парето тиімділігіне сай емес. БЕРТРАН БӘСЕКЕСІ; КУРНО БӘСЕКЕСІН қараңыз.

жинақ (ақша жинау) (saving(s)) Жинақ – ағымдағы кезеңде *табыстың *тұтыну-дан артық болу шамасы. Жинақталған қаражаттан қор қалыптасады және қолда бар (қолда қалатын) *активтер мөлшерін білдіреді. Жинақ қоры бірнеше кезеңдегі жинақ (үнемдеу) ағымынан жинақталады. Жинақтауға орташа бейімдік – жинақтың табысқа қатынасы, жинақтауға шекті бейімдік – жинақталған табысқа қосылған кез келген табыс үлесі. Жинақтың пайыздық мөлшерлемеге икемділігі жинақтың пайыздық мөлшерлеме өзгерісіне қатысты пропорционал реакциясын өлшейді. Сондай-ақ КЕЛІСІМШАРТТЫҚ ЖИНАҚ; ЖОСПАРЛЫ ЖИНАҚ; ЖИНАҚТАУҒА БЕЙІМДІКТІ қараңыз.

жинақ ассоциациясы (thrifts) Халықтан жинақ жинайтын және ипотекалық несиелерді қаржыландыратын АҚШ-тағы банктік емес қаржы мекемелері. Жинақ ассоциациясымен *жинақ және несие қауымдастығы атаулары бірінің орнына бірі қолданыла береді. Британдық *құрылыс қоғамының АҚШ-тағы жақын баламасы. Көптеген жинақ ассоциациясы 1980 жылдары күрделі қаржы мәселелеріне тап болды және оларды АҚШ үкіметінің ақшасы есебінен құтқаруға тура келді.

жинақ коэффициенті (үнемдеу коэффициенті) (saving ratio) Үй шаруашылығының *жинағы үй шаруашылығының жалпы *қолда бар табысының бір бөлігі ретінде көрініс табады.

жинақ мөлшерлемесі (accrual rate) Бұл өлшем *түпкі жалақы рәсімінде зейнетақы құқығының өсу мөлшерлемесін сипаттау үшін қолданылады. Алпыс және сексен пайыздық мөлшерлемелер бәрінен жиі кездеседі. Мысалы, алпыс пайыздық рәсімде бір жылғы түпкілікті жалақының жинақ мөлшері 1/60

қатынасына тең. Сәйкесінше, 30 жыл қызметтен кейін зейнетақы ретінде түпкілікті жалақының жартысы (30/60) төленетін болады.

жинақ-қарыз қауымдастығы (ЖҚҚ) (savings and loan association) (S&L) Тұрғын үй құрылысын қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін қоғамнан қарыз алатын америкалық институт (мекеме). ЖҚҚ – Ұлыбританияның *құрылыс қоғамына жақын америкалық баламасы. Соңғы жылдары ЖҚҚ құны нарықтағы пайыз мөлшерлемесі өзгерісіне тез жауап беретін қысқамерзімді депозитпен тіркелген пайыздық ипотекаларды қаржыландыру арқылы елеулі қаржы мәселелеріне кезігіп отыр.

жинақтау (bundling) Байланысты тауарларды бірыңғай тауар ретінде жарнамалау. Жинақтаманың бағасы жеке тауар бағасының жалпы сомасынан арзанырақ болады. Мысалы, компьютер әдетте бағдарламалық жасақтамасымен бірге жеткізіледі. Жинақтау – екінші дәрежелі баға *дискриминациясына мысал және ол қосымша *тұтынушы артығын алып тастау арқылы пайданы арттыру үшін қолданылады.

жинақтауға бейімдік (propensity to save) Адамдар тұтынуға жұмсағысы келмейтін бірреттік кіріс үлесі. Жинақтауға орташа бейімдік тұтас жинақты қолда бар жиынтық табыстың бір бөлігі ретінде береді; жинақтауға шекті бейімдік – жеке тұлға сақтап қалғысы келетін қосымша табыстың бір бөлігі. Шекті немесе орташа болса да, жинақтауға бейімдік пен тұтынуға бейімдіктің қосындысы әрдайым 1-ге тең. Жинақтауға орташа және шекті бейімдік мөлшеріне адамның жалпы активтері, өтімділігі және инфляцияны күтуі сияқты факторлар әсер етуі мүмкін.

жинақтауға шекті бейімдік (marginal propensity to save) ЖИНАҚТАУҒА БЕЙІМДІК-ТІ қараңыз.

жинақтаушы зейнетақы жүйесі (contributory pension scheme) Бұл зейнетақы жүйесінің мүшелері қорларға жарна енгізуге міндетті. Әдетте ол жалақыдан белгілі бір пайызын аудару арқылы жүзеге асырылады. Әдетте мұндай жүйеде жұмыс беруші шығынның бір бөлігін көтереді. Ал жарнасыз зейнетақы жүйесінде жұмыс беруші барлық шығынды өзі көтереді.

жиынтық (aggregation) Жалпы құнға жекелеген құндарды қосу процесі. *Жиынтық сұраныс – жекелеген экономикалық агенттер тарапынан болған барлық сұраныс көлемі, ал жиынтық капитал – жеке фирмаларға тиесілі бүкіл капитал көлемі.

жиынтық деректер (aggregate data) Жеке деңгейдегі деректерді біріктіру (немесе «агрегаттау») арқылы алынған жоғары деңгейлі (жалпыланған) деректер. Мысалы, саладағы өндірістің жалпы көлемі осы салада фирмалар өндіретін жекелеген өнім түрлерінің жалпы жиынтығынан құралады.

жиынтық өндіріс функциясы (aggregate production function) ӨНДІРІС ФУНКЦИЯСЫН қараңыз.

жиынтық сұраныс (aggregate demand) Елде жасалған *түпкілікті тауарлар мен қызметтерге жалпы сұраныс. *Жабық экономика елдерінде жиынтық сұраныс тұтыну, инвестиция және тауарлар мен қызметтерге жұмсалған мемлекеттік шығыннан құралады. Ал *ашық экономика елдерінде осы тізімге экспортқа сұраныс қосылады. Импорт жиынтық сұраныс компоненті емес. Жиынтық сұраныстың өсуі – өндірістің

нақты көлемін ұлғайтудың қажет шарты. Дегенмен экономикада сұраныстағы тауарлар мен қызметтерді өндіре алатын қосымша (резерв) *қауқар болмаса, онда бұл шарт жеткіліксіз. Сұратылған тауарларға тек импорт түрінде қол жеткізуге болса, онда импорт өседі; ал қосымша тауарлар мүлде болмаса, онда инфляциялық қысым қалыптасады.

жиынтық сұраныс кестесі (aggregate demand schedule) *Ұлттық табыстың әр деңгейі үшін экономикадағы жиынтық сұраныстың жалпы деңгейін көрсететін диаграмма. Экономикадағы *ішкі баланс жиынтық сұраныс ұлттық табысқа тең болуын талап етеді.

жиынтық табыс (total revenue) ТАБЫСТЫ қараңыз.

жиынтық ұсыныс (aggregate supply) Экономикадағы кәсіпорындар бағаның жалақыға кез келген қатынасында ұсынуға дайын нақты тауарлар мен қызметтердің жиынтық көлемі. Жиынтық ұсыныс өндіріс жабдығы көлемінің ұлғаюы немесе техникалық білімді немесе еңбек күшінің сапасын жақсарту арқылы еңбек *өнімділігін арттыру есебінен артуы мүмкін. Өндірістің нақты көлемінің жиынтық ұсынысқа теңдігі екі жағдайға байланысты. Біріншіден, ұсынысқа сәйкес болу үшін жеткілікті жиынтық сұраныс болуға тиіс, олай болмаса өндіріс сұраныспен шектеледі. Екіншіден, фирмалардың жұмыс күшіне сұранысын өтеу үшін жеткілікті жұмыс күші болуға тиіс: *нақты жалақы төмен болса, фирмалардың жиынтық ұсынысы осы жалақыға келетін жұмыс күші ұсынысына қарағанда көбірек жұмысшы талап етеді және бұл жағдайда жұмыс күшінің тапшылығы өндірісті тежейді. Фирмалар арасында бәсеке жоқ экономикада жиынтық ұсыныс тұжырымдамасы қолданылмайды:

*жетілмеген бәсеке нарықтарындағы фирмаларда ұсыныс қисығы болмайды. СҰРАНЫСҚА ҚАРАЙ ӨНДІРІС КӨЛЕМІН қараңыз.

жиынтық шығын (total cost) ШЫҒЫНДАРДЫ қараңыз.

жиілік кестесі (frequency table) Әр айнымалы мәнінің қаншалықты жиі байқалатынын немесе жиі байқалатын мәндердің әрбірі алдын ала анықталған топқа немесе интервалға кіретінін көрсететін деректер жинағы. ГИСТОГРАММАНЫ да қараңыз.

жиілік саласын талдау (frequency domain analysis) *Стохастикалық процестің спектрлік тығыздығы оның сипаттарын талдау және бағалау үшін пайдаланылатын уақыт қатары эконометрикасы ұстанымы.

жиілік үлестірімі (frequency distribution) ЫҚТИМАЛДЫҚ ТАРАЛУЫН қараңыз.

жоғарғы шек (ceiling) Сауда айналымдары теориясында бұл – толық жұмыспен қамтуға сәйкес келетін даму кезеңінде экономика қол жеткізе алатын жиынтық нақты өндіріс көлемінің ең жоғарғы деңгейі. Сондай-ақ ТӨМЕНГІ ШЕКТИ қараңыз.

жоғары қуатты ақша (high-powered money) Коммерциялық банктің резервтік активі ретінде қолдануға арналған ақшалай нысандар. Мұндай ақша «жоғары қуатты» деп есептеледі, өйткені егер коммерциялық банк жүйесі *a* резервтік коэффициентін ұстанса, қосымша 1 млн £ жоғары қуатты ақша депозиттердің жалпы көлемін фунт ($1/a$) миллионға ұлғайтуға мүмкіндік береді. Монетаристердің пікірінше, орталық банк «базалық» немесе жоғары қуатты ақшаны бақылайтын болса,

ақша массасының қалған бөлігі автоматты түрде бейімделеді.

жоғары өтімді қаражат (near money)

Ақшаны ауыстыруға өте жақын бағалы қағаздар. Нарықта сатылатын немесе үкіметтің қысқа мерзім ішінде сатып алатын мемлекеттік кепілдігі бар қысқамерзімді бағалы қағаздар осындай алмастырғыш болады. Олар өздері ақшамен емес, бірақ ақшаға айналғандықтан, олардың өмір сүруі ақшаны дұрыс сақтау қажеттілігін азайтады.

жоғары шекті баға (ceiling price)

Әдетте негізгі тауарларға табыс деңгейі төмен тұтынушылар қол жеткізе алуы үшін тауар немесе қызметтің заңда рұқсат етілген ең жоғары бағасы. Бағаны бақылаудың балама саясатына *буфер қорды пайдалана отырып нарыққа араласу жатады.

Жойылып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда жөніндегі конвенция (СИТЕС) (Convention on International Trade in Endangered Species) (CITES) Үкіметтер арасындағы 1975 жылы күшіне енген Халықаралық келісім, оның мақсаты – жабайы жануарлар мен өсімдік түрлерінің халықаралық саудасы олардың өмір сүруіне қауіп төндірмеуін қамтамасыз ету. www.cites.org – CITES сайтының бас беті.

жоқ нарық (missing market) Тауарды саудалауға болатын нарықтың жоғы. Болашақ *өнімнің толық спектрін сату мүмкін емес, көптеген сыртқы салдар үшін шартты тауарлар мен нарықтар жоқ. Жоқ нарық – *нарықтағы сәтсіздік көзі, бәсекелі экономикада тепе-теңдік болмаса, *Парето тиімділігі болмайды. Заңда адамдар құлға айналып кетуі мүмкін болатындай болашақ еңбек келісім-шартына тыйым салынатындықтан,

кейбір болашақ тауарлар сатыла алмайды. Көптеген болашақ тауарлар сатылмауына бір себеп – оларды саудалауды қалайтын адамдар әлі тумағаны. Өнімнің толық спектріне арналған көп нарық өмір сүре алмайды, өйткені тосын жағдайлардың нақты болуы объектив түрде расталмайтын жеке ақпарат саналады. Ақырында, нарықтар жоқ болуының себебі – онда сауда жасағысы келетін адам аз болуы.

жолдың тәуелділігі (path dependence)

Экономикалық процестер бірегей алдын ала белгіленген тепе-теңдікке жетпей, белгілі бір жолда жүру процесіне байланысты көптеген тепе-теңдіктің біріне қол жеткізе алмайды. Бұл уақытша кездейсоқ шоктардың немесе кездейсоқ оқиғалардың ұзақмерзімді нәтижедегі әсерінің қайтымсыздығын білдіреді. ГИСТЕРЕЗДІ қараңыз.

жоспарланған жинақ (planned savings)

Адамдар, бизнес немесе үкіметтер үнемдеуді жоспарлаған сома. Жинақ жоспарлары екі негізгі себеп бойынша орындалмайды. Табыс күтілгеннен көп немесе аз болуы және күтпеген шығынға соқтыратын немесе шығын жоспарларын жүзеге асыруға кедергі келтіретін төтенше жағдайлар болуы мүмкін. Жоспарланған жинақ ақшалай төлемдер немесе сақтандыру сыйақылары сияқты *шарттық жинақтардан ерекшеленуі керек.

жоспарланған инвестициялар (planned investment)

Фирмалар, жеке тұлғалар немесе мемлекеттік органдар белгілі бір кезенді жасауға ниеттенетін инвестиция көлемі. Нақты инвестициялар әртүрлі себептер бойынша жоспарланған инвестицияларға сәйкес келмеуі мүмкін. Қажет инвестициялық тауарлар немесе қаржы алу мүмкін болмағандықтан, тіркелген

инвестициялармен жоспарлар орындалмауы мүмкін. Акцияларға құйылған инвестициялар сұраныстың күтпеген өсуіне байланысты жоспарланған деңгейлерге сәйкес келмеуі мүмкін немесе тауарларды сатуға болмайтындықтан, жоспарланған деңгейден асып кетуі мүмкін, сондықтан өндіріс көлемін азайтуға дейін қорлар жинақталады.

жоспарланған экономика (planned economy) Үкімет өндіріс пен тарату бойынша барлық негізгі шешімдерді қабылдайтын экономика. Бұрынғы Кеңес Одағы мен онымен байланысты елдері жоспарлы экономикаға ауқымды мысалдар ұсынды. Нәтижелер қанағаттандырмайды, негізінен, оған себеп екеу: өнімділікке жекелей ынталандырудың жеткіліксіздігі және шешімдер қабылдау және өнімділікті бақылау үшін жеткіліксіз (кейде бұрмаланған) ақпарат. Көптеген дүниежүзілік экономикада жоспарланған экономиканың элементтері бар, мысалы, Ұлыбританияда үкімет қорғаныс, жолдар, білім беру және денсаулық сақтау салаларын қоса алғанда, бірнеше негізгі секторды басқарады.

жоспарлау (жерді пайдалануды) (planning) (land-use) Жердің пайдаланылуын орталық немесе жергілікті билік органдарының бақылауы. Олар жерді пайдаланудан туындайтын *сыртқы салдардың маңыздылығына байланысты. Жерді пайдалану жоспары шу немесе визуал басып кіру сияқты теріс сыртқы салдарға әкелетін әрекеттер, әсіресе зиянды болып саналатын жерлерден алыс жерлерде болуын қамтамасыз етуге арналған. Жерді пайдаланудың бақылау құралдары әдетте қолданыстағы өзгерістер мен қолданысқа енгізілген өзгерістерге қатысты қолданыстағы әрекеттердің жалғасуына қарағанда қатаң әрекет етеді.

жосықсыз бәсеке (unfair competition) Фирмалар бәсекелесе алмайтын немесе қаламайтын бағаны ұсынатын немесе әдістерді қолданатын бәсекелестердің үстінен шағымданатын іскерлік практика. Мысалы, шетелдік бәсекелестер өз үкіметі бермейтін субсидия немесе арзан қарыз түрінде үкіметтен көмек алады немесе бәсекелестер бағынуға тиіс денсаулық сақтау және қауіпсіздік туралы заңдардың ауыртпалығын тартпайды деп айта алады.

жөргекпұл (child benefit) Балаларды күтіп-бағу шығынын өтеуге арналған мемлекеттік төлем. Ұлыбританияда бұл жәрдемақы ата-анаға немесе балаға қамқорлық көрсететін қамқоршысына не болмаса әкесі мен анасы да бар кезде анасына төленеді. Сома бала санына және ең табысты ата-анасының табысына қарай есептеледі.

Жугляр циклі (Juglar cycle) *БИЗНЕС-ЦИКЛДІ қараңыз.

жуықтау қатесі (rounding error) Есептеудің аралық кезеңдеріндегі сандарды жуықтау барысында туындауы мүмкін қате. Есептеу барысында нақты мәндер алынса, онда түпкілікті нәтиже өзгеше болады.

жұлмаланған облигация, купондары алып тасталған облигация (stripped bond) Купондық төлемнен басты төлем алу мен осы екі құрамды түрлі жеке инвесторларға сату жолымен қарапайым облигациялардан құралған *нөлдік купонды облигация.

жұмсақ бюджеттік шектеу (soft budget constraint) Бағынышты нысандар өз бюджет шығынын бұзуының салдары ауыр болмайды деп есептеу нәтижесінде болатын белгілі бір мемлекеттік органдар тарапынан шығынды

шектеу. Мысалы, мемлекеттік фирмалардың менеджерлері шығынға ұшыраса немесе оларға тапсырылғанға қарағанда аз пайда алса, мемлекет оларды жұмыстан босатпай, фирманың шығынын өтейді деп сенеді. Сондай-ақ ҚАТАҢ БЮДЖЕТТІК ШЕКТЕУДІ қараңыз.

«жұмсақ қону» (soft landing) Процесс барысында *күлдырау тудырмай, артық сұраныс пен инфляция кезеңінен кейін баға тұрақтылығын қалпына келтіретін сәтті тұрақтандыру бағдарламасы. Оған қол жеткізудегі мәселе мынада: шектеуші монетарлық немесе фискалдық саясат жеткілікті қатаң болмаса, экономика мүлдем қалпына келмейді және инфляция жалғаса береді, сондай-ақ саясат тым қатаң болса, сұраныс тұрақтылық қалпына келгенге дейін төмендейді.

жұмсарту (mitigation) *Жаһандық жылыну шкаласын шектеуге бағытталған саясат пен шаралар. Ең алдымен *парник газдары шығарындыларын азайтуға сүйенеді. Оларға көміртегі диоксиді шығарындыларын азайту, мысалы, қазба отыннан жел мен күн энергиясына көшу, көміртегі диоксидін атмосферадан шығаратын *көміртегін сіңіру технологиясын дамыту, қолданыстағы өндіріс процестерінің энергия пайдалану тиімділігін арттыру және тұтынушылардың мінез-құлқын өзгерту сияқты технологиялық өзгерістер кіреді. Сондай-ақ БЕЙІМДЕУДІ қараңыз.

жұмыс (job) Ақы төленетін *жұмыспен қамту. Жұмыс толық немесе жартылай, тұрақты және уақытша болуы мүмкін. Еңбек нарығы – жұмыс орындарымен қамтамасыз ету жүйесі. Бұл ресми (мысалы, *Америка экономика қауымдастығы немесе *Король экономика қоғамы секілді экономистер үшін

ұйымдастырылған нарықтар) немесе бейресми болуы мүмкін.

жұмыс (work) Физикалық және/немесе ақыл-ой күшін қамтитын қызмет. Бұл – көп бөлігі ақылы немесе экономикалық пайда алуға бағытталған жұмыс, ол сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтығандардан басқа да жұмыс түрлеріне қатысты. Бұл адамдардың өзгелер қаржыландыратын қайырымдылық ұйымдары немесе саяси партияларда ерікті жұмыс істеуін және өз отбасы игілігі үшін жұмыс істейтін үй шаруашылығын жүргізуді білдіретін термин ретінде де қабылданады. Сондай-ақ ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫ; ТОЛЫҚ ЕМЕС ЖҰМЫС КҮНІ; АУЫСЫМДЫ ЖҰМЫС; МАШЫҚТЫ ЖҰМЫС; МАШЫҚСЫЗ ЖҰМЫСТЫ қараңыз.

жұмыс барысын зерттеу (work study) Еңбек тиімділігін, қауіпсіздігін немесе жайлылығын арттыру мақсатында жұмыс барысын зерттеу. Бұл операциялар тәртібіндегі орын ауыстыру уақыт пен күш-жігерді үнемдей ме, сондай-ақ жабдықтар немесе жарықтандыру сияқты экологиялық ерекшеліктердегі өзгерістер қызметкерлердің жұмыс барысында шаршауын азайтып, өнімдердегі ақауды кеміте ме деген мәселелерді қарастырады.

жұмыс беруші (employer) Біреуге өзіне жұмыс істегені үшін жалақы төлейтін жеке тұлға, компания немесе мемлекеттік орган. Бұл өзін-өзі жұмыспен қамтушы адамды жұмыс істеуге жалдаудан ерекшеленеді.

жұмыс берушілер қауымдастығы (employers' association) Экономиканың кейбір секторларында жұмыс берушілердің атынан өкілдік ететін орган. Мұндай органдар кәсіподақтармен олардың мүшелерінің атынан жалақы, сағат және еңбек жағдайлары туралы ұжымдық

келіссөз жүргізе алады. Сондай-ақ олардың мүшелеріне қатысты заңдардағы өзгерістерге, мысалы, жұмыспен қамту қауіпсіздігіне немесе денсаулық пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі шараларға қатысты үкіметке талап қояды.

жұмыс берушінің жауапкершілігі (employer's liability) Жұмыс берушілердің өз қызметкерлеріне олардың берген жұмысынан туындаған жазатайым оқиғалар мен аурулары үшін өтемақы төлеуге байланысты заңды жауапкершілігі. Ұлыбританиядағы жұмыс берушілер осы үшін өздерін сақтандыруға мәжбүр. Жұмыс орындары жалақыны денсаулыққа залалы бойынша тағайындайды, ал қызметкерлер өздерін сақтандыру үшін жауапты деген негізде экономиканы жүргізуге болады. Жұмыс берушілер үшін жауапкершілікті енгізудің пайдасын көрсететін екі негізгі дәлел бар. Оның біріншісіне ауқымнан үнемдеу жатады: экономикада жұмыс берушілер қызметкерлерден аз, сәйкесінше, жұмыс берушінің сақтандыруды жүзеге асыру да, бақылау да арзанға түседі. Ал екінші аргументке ақпарат экономикасы жатады: жұмыс берушілер орта есеппен өз саласындағы кәсіби қауіп жағдайларына қанық және олар жұмыс барысына жауапты. Олар осы тәжірибелерін жұмыс қауіп мен сақтандыру шығынын төмендететін алатындай етіп ұйымдастыру алады.

жұмыс күші (workforce) ЕҢБЕК КҮШІН қараңыз.

жұмыс күшінің артық болуы (overmanning) Кез келген бизнесте еңбек күшін шамадан тыс пайдалану. Ол заңмен белгіленуі немесе ұжымдық келіссөздің немесе басқарушылық таңдаудың нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Басшылық білік жоғынан немесе жұмыс күшіне сұраныс болашақта өсуі

мүмкін деген сенімге сүйене отырып, жұмыс күшінің артық болуын қалауы мүмкін. Сонымен қатар артық қызметкерлерді жұмыстан босатып, болашақта жаңасын жалдап, оларды оқытқаннан гөрі қазір жұмыс күшін көбейту арзанға түседі деп сенеді.

жұмыс күшінің жетіспеушілігі (overfull employment) *Кейінгі экономикада бұл *жұмыссыздықтың қалыпты деңгейінен жоғары болып келетін жұмыс күші жетіспеуі деңгейі. Бос жұмыс орындарын толтырумен байланысты қиындықтар жалақыны өсіреді. Ал жұмыс күшінің аздығы тауарлар мен қызмет көрсетудің жетіспеуіне, ол, өз кезегінде, бағаның өсуіне әсер етеді. Сәйкесінше, жұмыс күші жетіспеуі *сұраныс инфляциясын тудырады және оны күшейтеді. Инфляция оны баяулатуға бағытталған саяси әрекеттерді іске асыруға мәжбүрлейді. Инфляцияның болжалға әсері артық сұраныстың нақты белсенділіктің жоғары деңгейін туғызу қабілетін төмендетеді. Осылайша жұмыс күші жетіспеу тұрақты құбылыс емес. *Уақытша жұмыссыздық және *құрылымдық жұмыссыздықтан туындайтын жұмыс күші тапшылығы нөлдік жұмыссыздықты білдірмейді. Жұмыс күші тапшылығы орын алатын сұраныс деңгейі – еңбек нарығын ұйымдастыру функциясы және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі, экономикадағы монополия дәрежесі және баға мен жалақыны белгілейтіндердің көзқарасы болып келеді.

жұмыс орнындағы тренинг (on-the-job training) Оқытуды тәжірибелі қызметкер өткізеді. Бұл оқыту курстары жұмыстан тыс уақытта жұмыс беруші немесе сыртқы орган ұйымдастыратын ресми оқытудан ерекшеленеді. Жұмыс берушілердің көбі осы оқыту әдісінің екеуін де қолданады.

Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы туралы заң (Health and Safety at Work Act) Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы стандарттарын белгілейтін және олардың сақталуын Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы Комиссиясы қамтамасыз ететін 1974 жылғы Ұлыбритания Парламенті қабылдаған заң. Заң жұмысшылардың да, тұрғындардың да денсаулығына түрлі себептермен, соның ішінде қорғалмаған жабдықтар, улы және жарылғыш заттар, шамадан тыс шу, ауаның лас тануы және үй-жайларды жылыту мен жарықтандырудан болатын қауіп-қатерден қорғауға бағытталған. Ол жұмыс берушілерге қауіпсіздік техникасы бойынша білім беруді, қауіпсіздік техникасын қамтамасыз етуді және қызметкерлердің оны пайдалануын қамтамасыз етуді жүктейді.

жұмыс практикасы (working practices)

Кәсіпорында негізгі еңбек күші өкілдерінің өз міндетін атқару тәсілдері. Жұмыс практикасы жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасындағы ресми келісім немесе қандай да бір ресми келісімсіз қалыптасқан әдет-ғұрыпқа сүйеніп белгіленуі мүмкін. Олар қандай функцияларды кім атқаратыны мен аталған міндетті атқаруға қанша адам жұмылдырылады деп күтіліп отырғанына қатысты алаң білдіреді. Алайда жұмыстағы артық шектеу тәсілдері тиімділікті айтарлықтай төмендетуі мүмкін.

жұмыс уақыты (hours of work) Қызметкермен келісімшарт бойынша келісілген күндік немесе апталық сағат саны. Бұл жеке немесе кәсіподақтардың саудаласуы арқылы шешіледі немесе заңмен шектелуі мүмкін. Бекітілген сағаттан артық жұмыс уақыты – артық жұмыс уақыты,

ал бекітілген уақыттан аз жұмыс істесе, уақытша немесе жарты күндік жұмыс кестесімен жұмыс істесе не тұрақты болса, бұл қысқамерзімді жұмыс уақытына жатады.

жұмыс іздеу (job search) Жұмыс іздеуге уақыт жұмсау әрекеті. Жұмыс іздеу *шала ақпаратқа және жұмыс іздеудегі қайшылықтарға байланысты жетілмеген еңбек нарығын модельдеу үшін қолданылады. Типтік модельде жұмыссыз (немесе жұмыспен қамтылған) адам жұмыс жайлы тізбекті ұсыныстарға тап келіп, белгілі критерийлерді, мысалы, жалақы және ішін-ара сақталатын еңбек шарттарын өзінің *алдын ала мөлшерленген жалақысымен (немесе ағымдағы жалақысымен) салыстыра отырып шешім қабылдауға тиіс. Бұл тәсіл бақыланатын жұмыс күші мобильділігі заңдылықтарын және тұрақты жұмыссыздықты түсіндіру үшін қолданылады.

жұмыс іздеуші жәрдемақысы (jobseeker's allowance) 1996 жылы Ұлыбританияда енгізілген жұмыссыздыққа байланысты төленетін жәрдемақының атауы. Жәрдемақы атауы төлем алушылар жәрдемақы алуды тоқтату үшін жұмысқа орналасу қажеттігі туралы идеяны баса көрсету мақсатында таңдалған.

Жұмыс істейтіндерге салық шегерімі (Working Tax Credit) Ұлыбританияда 25 жастан асқан табысы төмен қызметкерлерге және 16–24 жас аралығындағы баласы немесе мүгедектігі бар және аптасына белгілі бір сағат жұмыс істейтін адамдарға төленетін *салық шегерімі. Сондай-ақ БАЛА САЛЫҚ ЖЕҢІЛДІГІН қараңыз.

жұмыс істемейтін қарыз (non-performing debt) Пайыздар есептелетін және өтеу бойынша төлемдер шынымен

жасалмаған борыш. Несие мекемелері үшін жұмыс істемейтін қарыз қиын: олар тікелей қаржы шығындарын ғана емес, сонымен қатар қарыз алушыларды таңдағанда өз беделіне нұқсан келтіреді. Осылайша жұмыс істемейтін борышты бұрынғы соманы өтеу үшін жаңа несиелер беру жолымен жасыруға болады.

жұмыс істеп тұрған фирма (incumbent firm) Қазір нарықта жұмыс істеп жатқан компания. Әртүрлі фирмалармен өндірілетін тауарлар біртекті болып келетін және *төленбеген шығындар болмайтын *даулы (жарыс) нарықта жұмыс істеп жатқан фирма мен ықтимал қатысушылар арасында толық симметрия орын алады. Егер тауарлар сапасы жағынан ерекшеленуі мүмкін болса, онда бедел маңызды және қандай да бір шығынды өтеу мүмкін болса, қазіргі президенттің бәсекелік жағдайы ықтимал қатысушыларға қарағанда әлдеқайда күшті: ол нарықта байланыстар орнатып, бұрын-соңды болмаған шығынға ұшырады. Осы лауазымда қызметкер *тәжірибеде оқыту арқылы шығындарды үнемдеуге қол жеткізсе, қосымша бәсекелік артықшылық иеленеді: жұмыс істеп жатқан фирмада жаңа компаниямен жұмыс тәжірибесі бар, соған сүйеніп ол шығынын азайтады.

Жұмысқа қабылдау кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету комиссиясы (Equal Employment Opportunity Commission) 1964 жылғы азаматтық құқықтар туралы заң пәрменімен құрылған АҚШ Федералдық комиссиясы. Жұмысқа қабылдау кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету комиссиясы еңбек-ақы, жұмысқа алу, жұмыстан босату, кәсіби даярлау және жасына, нәсіліне, жынысына, дініне немесе этностық тегіне қарай кемсіту мәселелерімен айналысады.

жұмысқа қабылдау кестесі (job acceptance schedule) *Жұмыс іздеушіні қабылдауға әзір жұмыс орындары ерекшеліктерінің топтамасы. Ерекшеліктерді қабылдау төлем, келешек перспективалар, жұмыс шарты мен орнына байланысты. Жұмысшылар жұмыссыз бола тұра жұмыс іздесе, оларды жұмысқа қабылдау кестесі өзгеруі мүмкін, әдетте жұмыссыздар төмен жалақы мен нашар еңбек шартына көнуі, жұмыстың орны мен типіндегі өзгерістерді қабылдауы мүмкін, себебі жұмыссыздық олардың үміті мен өтімділігін төмендетеді.

жұмыспен қамту (employment) 1. Жалдау шарты бойынша сыйақы немесе жалақы үшін орындалатын қызмет.

2. Контракт бойынша ақылы қызмет көрсететін экономикадағы адамдар саны (бұл жеке, мемлекеттік, коммерциялық емес және үй секторларында толық жұмыс күнін, толық емес жұмыс күнін қамтиды), сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Сондай-ақ ЕҢБЕК ШАРТЫ; ТОЛЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ; ЖҰМЫС КҮШІНІҢ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІН қараңыз.

жұмыспен қамтудан табыс (income from employment) Басқа адамға, фирмаға немесе мемлекеттік органға жұмыс істеу арқылы алынған табыс. Оны тұрғын үй, компания автокөлігі немесе жұмыс берушілерден алынған тегін медициналық сақтандыру сияқты пайданы қосу не шегеру арқылы өлшеуге болады. Оны сондай-ақ зейнетақы жарнасын, табыс салығы мен әлеуметтік қамсыздандыру жарнасын қоса алғанда жұмыс берушілердің жалпы немесе таза үлесімен өлшеуге болады.

жұмыспен қамтуды қорғау (employment protection) Жұмыс берушілердің қызметкерлерді жұмыстан босатуына қатысты ережелер. Бұл ұстануға тиіс

рәсімдер, қызметкерлерді жұмыстан босатуға себеп болуы мүмкін жағдайлар және штатты қысқарту салдарынан жұмыстан босатылған немесе заңсыз жұмыстан шығарылған жағдайда алуға құқығы бар өтемақы сияқты мәселелерді қарастырады.

жұмыспен шала қамту (underemployment)

Білікті қызметкерлердің біліктілікті талап етпейтін жұмыс орындарында жұмыс істеуі немесе толық емес жұмыс күніне мәжбүрлі жұмысы. Сондай-ақ жасырын жұмыспен шала қамтуды қараңыз.

жұмыссыздық (unemployment) Адамның жұмыс істеуге ниет пен мүмкіндігі бола тұра жұмысқа орналаса алмауы. Мұны екі тәсілмен: табысты қолдаудың қандай да бір түрін жүзеге асыратын мемлекеттік органда ресми тіркелу және халықтың *кездейсоқ іріктемеге сүйеніп өзін-өзі бағалауы арқылы өлшеуге болады. Өзін-өзі бағалау әдетте жоғары көрсеткіштер береді. Сондай-ақ классикалық жұмыссыздық; циклдік жұмыссыздық; демографиялық жұмыссыздық; жасырын жұмыссыздық; фрикциондық жұмыссыздық; мәжбүрлі жұмыссыздық; кейнстік жұмыссыздық; ұзақмерзімді жұмыссыздық; жұмыссыздықтың табиғи деңгейі; инфляцияны үдетпейтін жұмыссыздық; қалдық жұмыссыздық; уақытша жұмыссыздық; маусымдық жұмыссыздық; құрылымдық жұмыссыздық; технологиялық жұмыссыздық; өтпелі жұмыссыздық; ерікті жұмыссыздықты қараңыз.

жұмыссыздық жәрдемақысы (unemployment benefit) Жұмыссыздарға жұмыссыз жүрген кезеңіне жәрдемақы төлеу. Ұлыбританияда бұл *жұмыс іздеушінің жәрдемақысы деп аталады. Елдер

тіркелген мөлшерлеме бойынша немесе алдыңғы жалақыға сәйкес мөлшерде жүргізілуі мүмкін осындай төлем деңгейі бойынша және олар жүргізілетін уақыт ұзақтығы бойынша ерекшеленеді. Жұмыссыздық жәрдемақысын алу құқығы жұмыссыздықтан сақтандыру қорына салынған бұрынғы жарналармен байланысты болуы мүмкін.

жұмыссыздық деңгейі (unemployment rate)

Еңбек күшінің тиісті жалпы санынан (экономика, өңір немесе кіші топ үшін) пайызбен берілген жұмыссыздардың жалпы саны (экономикада, өңірде немесе кіші топта жұмыс істейтіндердің және жұмыссыздардың барлық сомасы). Жұмыссыздық деңгейінің стандарт анықтамасын *Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) берген. ХЕҰ еңбек күшін жалпы халық саны ретінде емес, халықтың экономикалық белсенді бөлігі ретінде, ал жұмыссыздарды жұмысы жоқ, жақында және қазір жұмыс іздеп жүрген адамдар ретінде анықтайды. Жұмыссыздықтың бұл анықтамасы қазір еңбек нарығында жұмыс істемейтін, жұмыс істегісі келетін, бірақ белсенді жұмыс іздемейтін адамдарды қамтымайды. Жұмыс күшінің шектеулі мобильдігін және жұмысқа орналасу мүмкіндігі шектеулі екеніне сенімділікті қоса алғанда, жұмыс іздеуден бас тартуға түрлі себептер болуы мүмкін.

жұмыссыздықтың қалыпты деңгейі (natural rate of unemployment)

*Кейнстік экономикада жұмыссыздық деңгейі үнемі инфляция деңгейімен экономикада басым болады. Бұл – әртүрлі жасанды институттық факторлар, соның ішінде элеуметтік қамсыздандырудың салалық монополия дәрежесі, ең төмен жалақы туралы заңнама, кәсіптер мен кәсіподақ ұйымы арасындағы мобильдікке қатысты шектеулер. Мұның бәрі саясатқа әсер етуі мүмкін. Кез келген

уақытта жұмыссыздықтың қалыпты деңгейі жұмыссыздықтың әсері адамдарға аз әсер етсе, бұрынғы жұмыссыздық тарихына байланысты болады. Мұнда жұмыссыздық деңгейін *сұранысты басқару арқылы ғана азайтуға болмайтынын көрсету үшін «қалыпты» ұғымы қолданылады, мұның кез келген ықпалы үнемі өсіп келе жатқан инфляцияға әкеледі. Бұл жұмыссыздық деңгейінің қалуы немесе сөзсіз болуы дегенді білдірмейді.

жұмыстан әділетсіз шығару (unfair dismissal) Жұмыс беруші жұмысшыны жұмыстан босатуы әділ екенін көрсете алмайтын жағдай. Жұмыстан шығару үшін әділетсіз себептер: қызметкердің мінез-құлқына, қабілеті немесе білігі болмауына немесе олардың жұмысқа орналасуына тыйым салатын заңдарға қатысты немесе қызметкер лайық болғанымен, оның қызметі қажет болмауы себебінен олардың артық болуы. Ұлыбританияда жұмыстан әділетсіз шығарылдым деп санайтын қызметкерлер жұмысқа қайта қабылдану немесе өтемақы алу үшін өнеркәсіптік сотқа жүгіне алады, бірақ мұндай құқық қызметкерлердің барлық топтарына берілмеген.

жұмыстан заңсыз шығару (wrongful dismissal) Жұмыс берушінің еңбек шартына қайшы жұмыстан шығаруы. Жұмыстан босатудың келтірілген себептері негізсіз немесе еңбек шартында көзделген шарттар сақталмаған жағдайда жұмыстан шығару заңсыз болуы мүмкін.

жұмыстан өз еркімен шығу (job quits) ЖҰМЫСТАН ШЫҒУДЫ қараңыз.

жұмыстан шығару (sacking) Жұмыс берушінің жұмысшыны еңбектен босатуы. Бұған қызметкердің теріс іс-әрекеттері «себеп» болуы мүмкін; кей жағдайда

мұндай теріс әрекеттер болғаны дәлелденбей, қызметкерлер *жұмыстан әділетсіз шығарылғанда өтемақы алуға құқығы бар. Жұмыстан шығаруға сондай-ақ *қысқарту, яғни қызметкерді жұмысқа алғанда тапсырылған жұмысын орындау енді қажет емес, ал жұмыс беруші оған лайық, ол орындай алатын басқа тапсырма бере алмауы себеп болуы мүмкін. Мұндай жағдайда жұмысшы заңсыз іс-әрекеттер жасамағандықтан, осындай қысқартуға түскен жұмысшылардың өтемақы алуға құқығы бар. Жұмыстан шығару жұмысшының бастамасымен жұмыстан өз еркімен кету түрінен ерекшеленеді.

жұмыстан шығу (quits) Кез келген себеппен жұмыстан босау. Жақсы жұмысқа орналасу үшін қызметкердің өз қалауы бойынша немесе жұмыс беруші қызметкердің жұмысына разы болмай жұмыстан шығаруы. Қызметкердің өз еркімен жұмыстан шығуы көп жағдайда құлдырау кезеңіне қарағанда жаңғыру (өрлеу) жағдайында, ал жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан босату жаңғыру кезеңіне қарағанда құлдырау кезінде көп болады.

ЖҰӨ (GNP) ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ ӨНІМДІ қараңыз.

жұтылу (absorption) 1. Ұлттық шоттарда тұтынушылардың, инвесторлардың және үкіметтің нақты тауарлар мен қызметтерге жұмсаған шығынының жиынтық көлемі. Жұтылу – өнімді пайдалану: ол экспортты ескермей, тек импортты қамтиды. Бұл импорттан бұрын экспортты есепке алатын *өндіріске кереғар. *Девальвацияға қатысты жұтылу тәсілі оның түрлі шығын формасына әсерін қарастырады және өндіріс жұтылуға қатысты өскенде девальвация ағымдағы шоттың төлем балансын тек жақсартатынын көрсетеді.

2. Өнеркәсіптік ұйымда бұл *бірігуді білдіреді, яғни онда сатып алынған компанияның барлық *активі мен *міндеттемелері сатып алушы компанияның бағалы қағаздары мен ақша қаражатына айырбасталады.

жұтылу (takeover) Компанияның жаңа иелерге тиесілі болуы. Компания акцияларын жаңа иелері – әдетте басқа компания сатып алады. Төлем қолма-қол ақшамен немесе сатып алушының акцияларымен жасалуы мүмкін.

жұтылу ұсынысы (takeover bid) Компанияның барлық акцияларын сатып алу, сол арқылы оларды *бақылауға иелік ету туралы ұсыныс. Төлем қолма-қол ақшамен, сатып алушының акцияларымен немесе олардың қоспасымен ұсынылуы мүмкін. Жұтылу туралы ұсыныс оның қазіргі акцияларының негізгі иелері қабылдаған жағдайда ғана күшіне енеді. Бір тараптың бақылау акцияларының пакетін иелену *миноритар акционерлерді тиімсіз жағдайда қалдыратындықтан, қор биржасының ережелері әдетте барлық акциялар бірдей шарттармен сатып алынуын және бірде-бір тарап немесе топ жұтылу туралы ұсыныс жасамай, акциялардың белгілі бір үлесінен көп (Ұлыбританияда 30 пайыз) сатып ала алмауын талап етіп, еске салады.

жүйедегі қатер (systemic risk) Жүйедегі субъектілер арасындағы өзара тәуелділік пен көптеген байланыс болуы себебінен нарық немесе қаржы жүйесінің жеткілікті тұрақты болмауына байланысты қалыптасатын қатер, сондықтан бір немесе бірнеше субъектінің өз қызметін орындауға қабілеті болмауы басқа субъектілердің таусылмас іркілуіне және, сайып келгенде, бүкіл жүйенің күйреуіне алып келуі мүмкін. Мұны *жүйелі қатерден ажырату керек.

жүйедегі қауіп-қатер (systemic threat) Жүйенің қандай да бір бөлігіне емес, бүкіл жүйе үшін қауіп. Қаржы жүйесі қаржы компаниялары арасындағы көптеген байланыс себебінен жүйедегі қауіпке тап болады. Мысалы, бір қаржы компаниясы шығарған облигациялар басқа қаржы компаниясының активтері ретінде сақталуы мүмкін. Эмиссия бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда ұстаушы қиын қаржылық жағдайға тап болуы мүмкін, өз кезегінде, өзі байланысты қаржы компанияларының жағдайын нашарлатып, ол қаржы зақымдануын құруына, ақырында бүкіл жүйенің күйреуіне алып келеді. Мұндай жүйедегі қауіп-қатер үкіметтердің банк секторына қаржылай қолдау көрсетудің үлкен көлемімен қамтамасыз етуге дайындығын түсіндіреді. Сондай-ақ ҚАРЖЫ ДАҒДАРЫСЫ; ЗАҚЫМДАНҒАН АКТИВТЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ БАҒДАРЛАМАСЫН қараңыз.

жүйелік емес қатер (non-systematic risk) ҚАТЕРДІ қараңыз.

жүктелген әлеуметтік жарна (imputed social contributions) Жұмыс берушілер тікелей зейнетақы қорына немесе басқа арнайы қорға қосылмаған қызметкерлеріне, бұрынғы қызметкерлеріне немесе олардың асырауындағы адамдарға тікелей берілетін әлеуметтік жәрдемақының жүктелген құны. Жүктелген жарнаның құны бірдей құқық иелену үшін қажет болатын әлеуметтік жарнаға тең.

жүктелген табыс (imputed income) Меншік иесіне тиесілі активті пайдаланғанда, ақшалай табыс алу үшін біреуге жалға берілуі мүмкін табыс. Жүктелген табысқа мысал: *жекелеменшік тұрғын үйді жалға алу құны, бұл ұлттық кіріс ретінде де тұтыну кезінде

Ұлыбританияның ұлттық кіріс есебінде ескеріледі. Бұған дәлел – жалға алынған үйді жалға алушы сатып алғанда ұлттық кіріс азаятыны байқалуында. Кейбір елдерде, Ұлыбританияда болмаса да, жекеменшік тұрғын үйлерден алынатын жүктелген табыс салығы бар.

жүкті ауыстырып тиеу орны (entrepôt)

Тауарлар импортталатын және өндемей кері экспортталатын орын. Жүкті ауыстырып тиейтін орындарда сауданың жүзеге асырылуына тасымалдаудағы ауқымнан үнемдеу және мемлекеттерде арнайы шикізат өнімдері нарығы институты болуы себеп.

«жүктілік кезеңі» (period of gestation)

Инвестициялық жобаның басталуы мен оны өндіру мүмкін болатын уақыт аралығы. Осы кезең әдетте әсіресе ірі инвестициялық жобалар үшін ұзаққа созылады, жобаны аяқтағаннан кейін нарықтағы жағдайға қатысты күтілетін болжамдар белгісіз болуы мүмкін; ұзақ уақыт бойы инвестицияның жетілуі жобаға байланысты қатерді арттырады және оның нәтижесін болжау қиын болады.

жыл (year) БЮДЖЕТТІК ЖЫЛ; ҚАРЖЫЛЫҚ ЖЫЛ; САЛЫҚТЫҚ ЖЫЛДЫ *қараңыз*.

жыл сайынғы жалпы жиналыс (annual general meeting) Компаниядағы дауыс беру құқығы бар *акционерлер немесе қауымдастық мүшелері бас қосып, лауазымды тұлғалардың өткен жылғы қызметі туралы есебін қабылдайтын және бекітуге ұсынатын жиналыс. Бұл жалпы жиналыста әдетте компаниялардың басшылары мен директорлары, сондай-ақ қауымдастық комитетінің басшылары мен мүшелері сайланады. Ұлыбританияда жалпы жиналыстарда компанияға *аудиторлар тағайындалады. Заң бойынша компаниялар

жыл сайын жалпы жиналыс өткізуге, ал қауымдастықтар әдетте оны өз жарғысына сәйкес жасауға міндетті.

Жыл сайынғы халық арасындағы сауалнама (Annual Population Survey)

Ұлыбританияда білім беру, жұмыспен қамту, этнос және денсаулық мәселелері бойынша жеке тұлға және отбасылар деңгейінде өткізілетін зерттеу (сауалнама). Сауалнама 2004 жылдан бастап жүргізіледі және *Еңбек күшін зерттеуге қатысты негізгі айнымалыларды көрсетеді. www.ukdataservice.ac.uk/get-data/key-data/uk-survey-series – осы және Ұлыбританиядағы өзге сауалнамалар туралы мағлұмат беретін Ұлыбритания дерек қызметінің веб-сайты.

жылдық есеп және есептілік (annual report and accounts)

Компанияның немесе басқа ұйымның алдыңғы *қаржы жылындағы қызметі туралы жылдық есеп және осы кезеңді қамтитын *есептілік. Жылдық есепті әдетте акционерлердің немесе мүшелердің *жылдық жалпы жиналысында төраға, ал есептілікті – бухгалтер ұсынады. Бұл – компаниялар мен басқа да ұйымдар туралы ақпараттың негізгі көзі. Жылдық есеп пен есептіліктің көшірмелері әдетте акционерлер мен мүшелерге толық көлемде немесе қысқаша түрде жіберіледі.

жылдық пайыздық мөлшерлеме (annualized percentage rate of interest)

Несие келісімшарттарын түрлі шарттармен және төлем құрылымдарымен салыстыруға мүмкіндік беретін пайыздық мөлшерлеме. Жылдық пайыздық мөлшерлеме алынған қаражаттың дисконтталған құнын жүргізілген төлемдердің дисконтталған құнына теңестіреді. Несие келісімшарты қазір 120£ (0 уақыты) және екі жылдан кейін 120£ берілуін ұйғарады деп есептейік және ол алты айдан кейін 50£ мөлшерінде бес

рет екі жылдық төлемдермен өтеледі делік. r болып белгіленетін жылдық пайыздық мөлшерлеме былай есептеледі:

$$\frac{120}{(1+r)^0} + \frac{120}{(1+r)^1} = \frac{50}{(1+r)^{0,5}} + \frac{50}{(1+r)^{1,0}} + \frac{50}{(1+r)^{1,5}} + \frac{50}{(1+r)^{2,0}} + \frac{50}{(1+r)^{2,5}}$$

Бұл жағдайдағы жылдық пайыздық мөлшерлеме, яғни $r = 0,082$ (8,2 пайыз). Несие бөліп-бөліп өтелсе және номинал пайыздық мөлшерлеме бастапқы капиталдың пайыздық мөлшерлемесі ретінде көрсетілсе, онда жылдық пайыздық мөлшерлеме номинал пайыздық мөлшерлемеден едәуір жоғары болуы мүмкін. Ұлыбританияда несие берушілер ипотека, кредит картасы немесе басқа да несиелер бойынша несие алушыларды жылдық пайыздық мөлшерлеме туралы хабардар етуге заң алдында міндетті.

жылжымайтын мүлік компаниясы (property company) Жылжымайтын мүлікті иелену және дамыту жолында жұмыс істейтін компания. Ол өнеркәсіптік, коммерциялық немесе тұрғынжай болуы мүмкін. Жылжымайтын мүлік компаниялары жылжымайтын мүлік нысандарын жалға беру немесе сатуға және жалға беру немесе сату мақсатында жаңа жылжымайтын мүлік нысандарын салуға мамандануы мүмкін.

жылжымайтын мүлік нарығы (property market) Жер және ғимараттарды сатып алу және сату жүйесі. Бұл нарық үшін жылжымайтын мүлік агенттерінің бейресми желісі және басқа маманданған делдалдар арқылы жұмыс істейтін орталық мекеме жоқ.

жылжымайтын мүлік портфелі (property portfolio) Компанияға тиесілі жылжымайтын мүлік жинағы. Мұндай портфельді табыс үшін немесе даму үшін сақтауға болады. Жылжымайтын мүлік сатумен айналысатын компаниялар

жекелеген нысандарға қарағанда портфельдерге иелік етеді, бұл қатерді азайту үшін де керек, өйткені кез келген нақты нысанға *жоспарлауға рұқсат берілмеуі немесе жалға алушы табылмауы мүмкін.

жылжымайтын мүлікті дамытушы (property developer) Жылжымайтын мүлікті жақсарту, қолдану мақсатын өзгерту немесе жаңа жылжымайтын мүлік нысанын салу үшін сатып алатын жеке тұлға немесе фирма. Жылжымайтын мүлікті дамыту өз сипатына қарай қатерлі: бір себеп – жылжымайтын мүлік нарығындағы бағаның ішінара өзгеруі болса, енді бір себеп – пайдалану үшін өзгерістерді жоспарлау мен жаңа ғимараттарға рұқсат алудың белгісіздігі.

жылжымайтын фактор (immobile factors) Салыстырмалы түрде сыйақы немесе жұмысқа орналасу мүмкіндіктері өзгергенде секторлар, аймақтар немесе елдер арасында оңай қозғалып кетпейтін факторлар. Кәсіптер арасындағы еңбектің жылжымайтындығы білік немесе жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы жеткілікті мәлімет жоғына байланысты болуы мүмкін. аймақтар немесе мемлекеттер еңбек мобильділігі әлеуметтік байланыстармен және жиі көшетіндерге емес, тұрақтап қалатындарға артықшылық беретіндей ұйымдастырылған тұрғын үй нарығымен шектеулі. Елдер арасындағы мобильділікті, сондай-ақ тіл мен әлеуметтік әдет-ғұрыптардағы айырмашылықтар және жиі заңды шектеулер қиындатады. Капитал мобильділігі көбіне еңбекке қарағанда жоғары болса да, ақпарат жетіспеуімен, заңдар мен коммерциялық практикадағы елдер арасындағы айырмашылықтармен және көп жағдайда заң тұрғысынан шектеледі. Сондай-ақ ӨНДІРІС ФАКТОРЛАРЫНЫҢ МОБИЛЬДІГІН қараңыз.

жылжымалы облигация (мерзімінен ерте өтеу құқығы бар облигация; белгілі бір уақыт мезетінде өтеу құқығы бар облигация) (retractable bond) (puttable bond, put bond) Ұстаушыға эмитентті өтеу күніне дейін негізгі соманы төлем жасауға мәжбүр ету құқығын беретін *пут-опционы бар *облигация. Мұндай опцион пайыздық мөлшерлемелердің өсуімен, эмитенттің қарызды өтеу қабілетінен айырылу ытималдығымен немесе екінші ретгі нарықтардағы қолайсыз жағдайлармен байланысты облигация ұстаушысы үшін икемділікті арттырады және залал қатерін төмендетеді. Осы себептен облигациялар пут-опционсыз ұқсас борыштық кепілдемеге қатысты сыйақымен сатылады.

жылжымалы орта мән (moving average) Экономикалық және қаржылық уақыт серияларын талдауда қолданылатын *деректерді тегістеу әдісі. Қарапайым жылжымалы орта – алдыңғы деректер нүктелерінің арифметикалық орташа n мәні. Салмақталған жылжымалы орташа мән бұрынғы деректер нүктесіне жеңіл салмақ береді, салмақтар сызықтық немесе экспоненциал төмендейді; соңғы әдіс *экспоненциал тегістеу деп аталады.

жыныстар шайқасы (battle of the sexes) Координациядан және координацияға қол жеткізу қиындықтарынан алынатын артықшылықтарды көрсететін екі ойыншыға арналған ойын. Бұл ойынның қарапайым сипаттамасына кешкі операда немесе футбол ойынында өткізудің бірін таңдауға тиіс әйелі мен күйеуінің ойыны жатады. Күйеуі операның орнына футболды таңдаса, ал әйелі, керісінше, футболдың орнына кешкі уақытын операда өткізгісі келеді. Екеуі де іс-шараларға жеке қатысудан гөрі бірге болуды қалайды. Бұл ақпарат төлем матрицасында қысқаша қорытындыланады. Таза стратегияда

ойынның екі *Нэш тепе-теңдігі {Опера, опера} және {Футбол, футбол} бар. Ал *аралас стратегияда ойыншылар опера {Опера} және футбол {Футбол} арасында рандомдалады. Ойынның қызық ерекшелігі – барлық тепе-теңдікті сынауға болатынында. Негізгі ойын симметриялық болғанына қарамастан, таза стратегиялық тепе-теңдікте бір ойыншы басқа ойыншыға қарағанда үнемі төменірек ұтыс алады. Ал аралас стратегия тепе-теңдігінде ойыншылар бір іс-шараға қатыса алмауы ықтималдығы оң болады. Ойыншылар таңдауды анықтау үшін кездейсоқ құрылғыны (мысалы, тиын лақтыру) пайдаланса, онда екеуі де ұтыста болуы мүмкін.

жыртқыш баға (predatory pricing) Нарықтан бәсекелестерді ығыстырып шығару немесе жаңа фирмалардың кіруіне жол бермеу үшін төмен баға белгілеу. Бұл тұтынушылар үшін қысқамерзімді перспективада жақсы, бірақ ұзақмерзімді перспективада *монополия жағдайын орнату үшін шамадан тыс төмен баға қойып келген фирма бағаны кенет көтеріп жіберсе, нашар болуы мүмкін.

ЖІӨ дефляторы (GDP deflator) Жыл сайын *жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) нақты өсуін немесе төмендеуін бағалау үшін қолданылатын баға индексі. Базалық бағамен өлшенетін ЖІӨ индексіні алу үшін ағымдағы бағамен өлшенетін ЖІӨ ЖІӨ дефляторына бөлінеді. ЖІӨ дефляторы *бөлшек сауда бағасы индексіне (RPI) қарағанда тауарлардың неғұрлым кең санатына сүйенеді, өйткені ол инвестициялық тауарлар мен мемлекеттік сектор сатып алатын тауарлардың, сондай-ақ тұтыну тауарларының бағасын есепке алуы керек.

ЖІӨ-ге табыс тұрғысынан қарау (income approach to GDP) ТАБЫС ӘДІСІН *қараңыз.*

З

залал (ысырап) коэффициенті (sacrifice ratio) *Кейнстік экономикада инфляцияны төмендету үшін қажет жұмыссыздық деңгейі мен қол жеткізілген төмендету арасындағы қатынас. *Сұраныс инфляциясы моделі бойынша, белсенділік жоғары кезде сұраныс артуының инфляция өсуіне әсері, сәйкесінше, белсенділік төмен кездегі сұраныс кемуінің инфляция төмендеуіне әсеріне қарағанда жоғары болады, яғни экспансиялық саясат кезеңдері мен *тиімді сұраныс кезекті кенеттен қысқаруы арасында экономиканың өзгеруіне қарағанда дезинфляциялық қысым тұрақты қолданылса, онда кез келген экономика үшін залал коэффициенті төмен болады. Биліктің инфляцияны төмендету ұстанымы шынайы (сенімді) саналса, онда залал коэффициенті төмен болуы мүмкін.

залал үшбұрышы (triangle of loss) Шекті шығындар мен шекті пайда тең болмайтын шығарылым деңгейі себебінен туындаған шығын өлшемі. Өндіріс көлемі қисықтар қиылысатын деңгейден төмен болса, ұлғаймалы ұсыныс қисығы мен кемімелі сұраныс қисығы нарығындағы залал үшбұрышы нақты өндіріс көлемі мен ұсыныс қисығының жоғары және сұраныс қисығының төмен қиылысындағы өндіріс көлемі арасындағы аралықты білдіреді. Нақты және қиылысу арасындағы өлшем бірліктері өндірілсе, онда тұтынушылар үшін шекті пайда өндірушілер

үшін шығыннан көп болар еді. Ал өндіріс көлемі тепе-теңдік деңгейінен жоғары болса, залал үшбұрышы сұраныс қисығынан жоғары және ұсыныс қисығынан төмен нақты өндіріс көлемі мен тепе-теңдік арасындағы аралықты білдіреді. Бұл бірліктер өндірілсе, тұтынушылар үшін шекті пайда өндірушілер үшін шығыннан аз болады. Сондай-ақ ОРНЫ ТОЛМАЙТЫН ЗАЛАЛ; ХАРБЕРГ ҮШБҰРЫШЫН қараңыз.

залалды болашақ кезеңге көшіру (carry forward losses) Салық міндеттемесін есептеу бұрынғы шығынды ағымдағы пайдадан шегеру құқығы. Салық жүйелерінің көбі пайда табатын компаниялар мен акционерлік емес кәсіпорындардан салық жинайды, бірақ шығынға батқан компанияларға төлем жасамайды. Оған себеп – компаниялар үшін алаяқтықпен жалған залал көрсету оңай болуы. Пайда мен залалдың мұндай асимметриясы инвестицияны ынталандырмайды. Сондықтан инвестицияны ынталандыру үшін компанияларға залалды болашақ кезеңге көшіруге рұқсат етілген, яғни компания бір кезеңде залал шеккен болса, оған пайдаға кенелгенде *салық салынатын табысын есептеу барысында болашақ кезеңге көшірілген залалын өтеуге рұқсат етіледі. Осылайша ол табысты бизнесін негізгі активі салық салу үшін болашақ кезеңге көшірілген бұрынғы залалдан құралатын басқа бизнесті сатып алуға жұмсауы мүмкін.

залалсыз құн (break-up value) Бизнес операциясын толық тоқтатып және *активтерін сатқанда алатын сомасы. Көп компания үшін залалсыз құн компанияның жұмыс істеп тұрғандағы құнынан төмен болады. Сондықтан олар көбінесе бизнесін жалғастырады. Компанияның залалсыз құны оның жұмыс істеп тұрғандағы құнынан жоғары болса, онда кәсіпорынды тоқтатып, оның активтерін сату экономикалық тұрғыдан тиімді. Активтердің көбінің өтімді (ликвид) нарығы жоқ болғандықтан, компанияны жауып тастау процесі уақытты талап етеді. Ал бұл уақытта активтердің құны өзгеруі мүмкін. Сәйкесінше, залалсыз құн активтерді сатар алдында есептеледі.

залалсыздық (break-even) Өндіріс көлемінің *қауқарға қатынасы, ол бизнеске өз шығынын өтеуге мүмкіндік береді. Өндіріс көлемі залалсыздық деңгейінен төмен болғанда компанияны шығынға батырады, ал жоғары болғанда компания пайдаға кенеледі.

заңға сүйенетін монополия (statutory monopoly) Нарыққа бәсекелестер енуінен заңмен қорғалған *монополия. Мұндай монополиялар кейде әмбебап қызмет міндеттемесін қызметті қызметпен өтеу ретінде кепілдеу үшін құрылады; Ұлыбритания пошта қызметі осыған мысал.

заңды төлем құралы (legal tender) Кредитор қарызды өтеу кезінде заң бойынша қабылдауға міндетті *ақша формасы. Борыштарды өтеу мерзімі түсінікті болуы үшін бірқатар ереже болуы шарт. Ереженің қандай болуы ыңғайлылық мәселесіне байланысты. Кейбір жағдайларды қоспағанда тиындар мен банкноттар – заңды төлем құралы: үлкен көлемдегі ұсақ тиындар төлем құралы болмағандықтан, заң

бойынша ешкім енгізе алмайды, сондықтан үлкен банкноттар аз мөлшердегі сомалар үшін төлем құралы болып саналмайды. Ешкім чектерді қабылдауға міндетті емес. Көп жағдайда заңды төлем құралына жатпайтын, мысалы, төлемді қабылдаушы тараптың талабына қарай чек немесе электрондық төлем түрінде қабылданады.

зарарлы актив (toxic asset) Нарықта құны жоқ актив, себебі *екінші ретті нарықта оған сұраныс енді жоқ. Бұл актив иеленушісін шығынға ұшыратады. Термин 2008–2009 жылдардағы *қаржы дағдарысы кезінде *ипотекалық бағалы қағаздарға және *кепілдік берілген облигацияға қатысты кеңінен қолданылды. Сондай-ақ ЗАРАРЛЫ БОРЫШТЫ қараңыз.

зарарлы борыш (toxic debt) Дефолт қатері жоғары борыш, бірақ бұл оның құнында көрініс таппайды. Мысалы, қарыз алушының *несиелік рейтингі негізсіз жоғары болса, борышты актив зарарлы. Кепілзат құны кенеттен несие құнына қарағанда төмендеп кетсе, *кепілді борыш зарарлы болуы мүмкін.

зарарсыздандыру (sterilization) Орталық банктің жергілікті *ақша массасы ықпалынан *төлем балансы дефициті не профицитінің алдын алу әдісі. Ағымдағы шот операциясы мен капитал қозғалыс шотының жиынтығы бойынша төлем балансы профициті болуы *шетелдік валюта қоры мен ақша массасының артуына алып келеді. Орталық банк ақша массасын ұлғайтуды қаламаса, ол ішкі ақша ағынын зарарсыздандыру үшін бағалы қағаздарды сату жолымен алдын алуына болады. Осыған сәйкесінше, ағымдағы шот операциясы мен капитал қозғалыс шотының жиынтығы бойынша төлем балансы дефициті болуы валюта қоры

мен ақша массасының азаюына алып келеді. Орталық банк ақша массасының құлдырауын қаламаса, ол бағалы қағаздарды сатып алу арқылы сыртқы ақша ағынын зарарсыздандыра алады. Орталық банк валюта қорлары өзгерісінің барлық ақшалай ықпалын емес, кейбір зарарсыздандыру үлесін таңдауы мүмкін.

зарарсыздандырылмаған интервенция (unsterilized intervention) ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫ НАРЫҒЫНА АРАЛАСУДЫ қараңыз.

заттай жәрдемақы (benefits in kind) Мұқтаж адамдарды мемлекет тауарлармен қамтамасыз етуі және қызметтер көрсетуі. Азаматтарды нарық арқылы олардың қажетін өтеу үшін жеткілікті ақшалай табыспен қамтамасыз етуге балама. Өз азаматтарының негізгі қажеттіліктерін, соның ішінде күнкөріс, тұрғын үй, білім беру және медициналық қызметті қамтамасыз етуді қалайтын үкімет осы екі әдістің біреуін таңдауы керек. Адамдар өз талғамы және қажетіне қарай ерекшеленетіні табыспен қамтамасыз етуге аргумент саналады. Қол жеткізуге болатын ресурстарды ақшалай түрде беру оның тиімді пайдаланылуына әкеледі. Өйткені қаржы қажет тауарлар мен қызметтерге жұмсалады. Алайда заттай жәрдемақыны жақтайтын түрлі аргументтер бар. Медициналық және білім беру қызметтері жағдайында қажеттілікті бағалау және оны өтеу міндеттері өзара тығыз байланысты. Тұрғын үй, медициналық қызметтер және білім беру көбінесе *әлеуметтік маңызды игілік болып саналады: тұрғын үй жағдайын жақсарту, денсаулық сақтау және білім беру жалпы қоғамға, сондай-ақ жеке тұлғаға пайда әкелуге тиіс. Өздері немесе әсіресе балалары көмекке мұқтаж адамдарға өзі үшін жұмсауға қаржы берілсе, онда олар қаржының бір бөлігін немесе

барлығын түрлі тауарларға жұмсауды қалауы мүмкін. Әлеуметтік маңызы жоғары игіліктерді және заттай жәрдемақыны біріктіру әрекетінде мынадай ұсыныстар енгізілді. Мысалы, ата-аналарды тек қана білім беру қаржысын төлеуге жарамды, ал басқа қызметтерге төлеуге жарамсыз *ваучерлермен қамтамасыз ету.

заттай капитал (physical capital) Капитал физикалық тауарлар түрінде, не негізгі қорлар, не қорлар, сонымен қатар аяқталмаған жұмыстар түрінде келеді. Заттай капитал қаржылай және адами капиталмен теңеседі. Қаржы капиталы компания фирмаларының қаражатын және клиенттерге берілген таза сауда несиеcін қамтиды. *Адам капиталы *патенттерге, еңбек дағдыларына да қарамастан, техникалық ноу-хауды қамтиды. Экономиканың соғыс пен табиғи апаттардан жылдам қалпына келу қабілеті өнімділікті айқындайтын ұзақмерзімді фактор ретінде заттай капиталдың маңызы адам капиталынан кем емес екенін көрсетеді.

заттай көмек (aid-in-kind) *Көмек ақшалай емес, тауарлар немесе қызметтер түрінде ұсынылады. Заттай көмекті монетизациялау – көмек алушының көмек ретінде алған тауарларды немесе қызметтерді сатып, одан түскен табысты мемлекеттік шығынын қаржыландыруға жұмсауы.

заттай төлеу (payments in kind) Қызметкерге ақшамен емес, тауар немесе қызметтермен ақы төлеуі. *Әл-ауқат экономикасы үшін стандарт уәж, салық себептері болмағанда қызметкерлерге ақшаны төлеуге не сатып алуды таңдауға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Олар заттай ала алатын тауарларды таңдаса, одан жаман болмайды, ал кез келген басқа тауарлар жиынтығын

таңдаса, ақысын ақшалай бере салған дұрысырақ. Ұлыбританияда заттай жалақы төлеу заңсыз, бірақ көптеген *қосымша жәрдемақы түрінде беріледі. Бұл құны жағынан тең ақшалай төлемдерге қарағанда азырақ салық тартса, жекелеген жағдайда салық ережелері мұны пайдалы етуі мүмкін.

заттанған (іске асқан) техникалық прогресс (embodied technical progress) Жаңа жабдықтарға *инвестиция құю арқылы ғана техникалық білімді жетілдіру. Техникалық жақсарту жабдықтарды жетілдіреді. Заттанған техникалық прогресс жаңа білім өзгермейтін жабдықтар қолданылатын *материалдық заттанбаған техникалық прогрестен ерекшеленеді. Іс жүзінде көптеген инновация қолданыстағы жабдықтардың ішінара алмасуын талап етеді, сәйкесінше, заттанған техникалық прогресс тек дәреже мәселесі ғана. Сондай-ақ ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІ *қараңыз.*

зейнет жасы (pensionable age) Мемлекеттен немесе кәсіби зейнетақы жүйесінен зейнетақы төленетін жас. Бұл мамандық пен елге қарай әртүрлі болады, сондай-ақ Ұлыбритания мен басқа да көптеген елде ерлер мен әйелдер арасында ерекшеленеді.

зейнетақы (pension) Мемлекеттің зейнет жасына жеткен адамдарға, бұрынғы жұмыс берушілерге, зейнетке шыққан адамдарға немесе жеке зейнетақы қоры салымшыларына төлейтін тұрақты табысы. Мемлекеттік зейнетақы сақтандыру мерзімі ішінде сақтандыру қорына салынатын жарналарға тәуелді болуы мүмкін. Кәсіби зейнетақы жарналы немесе жарнасыз болуы мүмкін. Зейнетақы бағдарламалары әдетте өз мүшелеріне зейнетақы төлемдерін береді; ерлі-зайыптылардың тірі жүргеніне және басқа асыраушыларға қатысты

өз ұстанымдары бойынша ерекшеленеді. Жеке зейнетақыны сақтандыру компанияларында да сатып алуға болады. Сондай-ақ КӘСІБИ ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒУ; ТӨЛЕНГЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ; ЫҚШАМ ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ *да қараңыз.*

зейнетақы дағдарысы (pension crisis) Дамыған елдердегі қолданыстағы әзірленген зейнетақы жүйесіндегі болжанған тапшылық демографиялық және әлеуметтік өзгерістерге, қартаюға және қарттыққа қарай масылдық коэффициенті артуына байланысты. Зейнетақы дағдарысының үш факторы бар – туудың азаюы, өмір сүру ұзақтығы мен зейнет жасын төмендету үрдісі. ЖАСҚА ҚАРАЙ МАСЫЛДЫҚ КОЭФФИЦИЕНТІН *де қараңыз.*

зейнетақы жарнасы (superannuation) Зейнеткерлерге төленетін ақшаны қаржыландыруға көмектесу үшін әлі жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің еңбекақысынан алынатын шегерім.

зейнетақы қоры (pension fund) Зейнетақы төленетін қор. Зейнетақы қорлары жұмыс берушілерден, қызметкерлерден немесе екеуінен де жарна алады. Зейнетақы төлегенге дейін ақша қаражаты пайда табуға және капиталды өсіруге жұмсалады. Қордың актуарлық төлеу қабілеті бар болса – толық, ал уақытылы зейнетақы төлемдерін жүргізу үшін жұмыс берушілерге жүгінсе – жартылай қаржыландырылады. Зейнетақы қорларын қамқоршылар басқарады, бірақ оларды әдетте жұмыс берушілер тағайындайды және көбінесе жинақталған қаражаттың бір бөлігі немесе тұтастай жұмыс берушінің бизнесіне құйылады.

зейнетақы құқықтары (pension rights) Мемлекеттен немесе бұрынғы жұмыс берушілерден зейнетақы алу құқығы.

Зейнетақы құқығының құны, зейнеткердің жасы мен басқа жеке сипатын ескере отырып, күтілетін зейнетақы төлемдерінің актуарлық құнына байланысты. Әр жағдайда адам қандай зейнетақы алатыны оның қанша өмір сүретініне байланысты. Зейнетақы құқығы – қазіргі қоғамдардағы жеке байлықтың негізгі формаларының бірі. Дегенмен ол байлықтың өте нашар формасы: оларды қарыз алу үшін кепілзат ретінде пайдалану оңай емес.

зейнетақы сақтандыру келісімшарты (pension insurance contract) Зейнетақы жоспары, оған сәйкес зейнетақы жүйесі өз қаражатын сақтандыру компанияларына сақтандыру сыйлықақысын төлеу үшін пайдаланады, оларды нақты активке тікелей инвестициялауға болмайды. Сақтандыру компаниясы бұл сыйлықаларды инвестициялайды және зейнетақымен қамту жәрдемақысын төлеу үшін инвестициялық кірісті пайдаланады. Зейнетақы жоспарының жекелеген қатысушысы белгіленген зейнет жасына жеткенде жәрдемақы алады.

зейнетақы тәсімі (pension scheme) ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӘСІМІ; ЖАРНАСЫЗ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӘСІМІ; ШАЛА ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛҒАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӘСІМІ; ҚАРЖЫЛАНДЫРУСЫЗ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӘСІМІН қараңыз.

зейнеткерлерге арналған облигация (granpy bond) Төлеуге жататын пайыздар бойынша да, ол кез келген уақытта өтелуі мүмкін баға бойынша да мемлекеттік кепілдік беретін бағалы қағаз. Олар шағын байлығы және шектеулі қаржылай қиындықтары бар салымшылар үшін қолайлы активтер деп саналады. Мұндай кепілдіктерді беруді мемлекет қана жүзеге асыра алады. Осы түрдегі бағалы қағаздарға әдетте салыстырмалы түрде аз мөлшерде ұстаушылардың

шектелген топтары ғана қол жеткізе алады. Бұл шектеу кепілдіктерді орындау қымбат болуы мүмкін болғандықтан және мұндай бағалы қағаздарға еркін қол жеткізуге болса, көптеген кәсіпорын үшін қарыз алу мүлдем қиын болуына байланысты болды.

зерттеу мен әзірлемелер (ЗӘ) (research and development) (R&D) Ресурстарды жаңа білім құру, жетілдірілген және жаңа өнімдер ойлап табу, өндірістің неғұрлым үнемді әдістерін әзірлеуге пайдалану. Зерттеу – жаңа білімнің ашылуына арналған бөлім; әзірлеу – жаңа идеяларды нарықта өндіріс басталуы мүмкін кезеңге дейін жеткізуге арналған бөлім. Бұл өнімді дайындау әдістерін әзірлеуді, сондай-ақ олардың сенімді жұмыс істейтінін және денсаулыққа немесе қауіпсіздікке зиян төндірмейтінін тексеруді қамтиды. *Эндоген өсудің көптеген моделінде ЗӘ – дамудың қозғалтқышы.

зиянды әсер (contagion) Басқа фирмалар қиындыққа тап болғанда, инвесторлардың бір фирмалар немесе елдердің төлеу қабілетіне күмәндану үрдісі. Мысалы, бір банктің дефолтқа ұшырауы басқа банктердің өз міндеттемелерін орындамай, дефолтқа ұшырауына әкелуі мүмкін. Немесе бір төмен деңгейде дамыған мемлекеттің үкіметі өз қарызын төлей алмаса, бұл басқа мемлекеттерге қарыз алуды қиындатуы мүмкін. Зиянды әсер қауіп орталық банктерді қаржылай қиындықтарға тап болған, оларға қолдау көрсетпеген жағдайда жәрдемсіз қалатын мекемелерге қолдау көрсетуге мәжбүрлейді немесе кең таралатын қаржы дағдарысының ауыр салдарының алдын алу үшін *Халықаралық валюта қорын экономикалық саясаты толығымен қанағаттанарлық деп саналмайтын елдерге көмек көрсетуге

ынталандырады. Сондай-ақ ЖҮЙЕДЕГІ ҚАТЕРДІ қараңыз.

зияткерлік меншік құқығы (intellectual property rights) Идеяға жекеменшік құқығы. Бұл кітаптар немесе музыка сияқты материалдарды авторлық құқық иесінің рұқсатымен көшіруге болатын авторлық құқық немесе өнім процестері немесе конструкцияларын патент иесінің рұқсатымен ғана, оған алым төлей отырып пайдалануға болатын *патент формасында болуы мүмкін. Мұндай меншік құқығы авторларға немесе өнертапқыштарға немесе олардың жұмыс берушілеріне тиесілі, бірақ оларды сатып алуға, сатуға немесе мұраға алуға болады.

зоналау (сонымен қатар зоналық тарифтерді орнатуды да білдіруі мүмкін) (zoning) Әрекеттердің белгілі бір түрлері нақты белгіленген зоналарда ғана жүзеге асырылатынын айқындау жүйесі. Кейбір іс-әрекет түрлері *сыртқы салдарды, зиянды әсерді, шу, иістер мен шаң немесе көліктің қарқынды қозғалысын тудырады. Зоналау осындай әрекеттер келтіретін зиянды бәрінша азайтуға ұмтылады, оларды аз зиян келтіретін жерде шоғырландыруға және оларды тұрғын үйлерден, коммерциялық немесе тұрғын үйлі аудандардан алшақтатуға мүмкіндік жасайды.

И

игіліктер, тауар(лар) (good(s)) 1. Адамдар көбірек тұтынуды қалайтын заттар. Осылайша ластау жаман саналғанда, демалыс пен қауіпсіздік – игілік.

2. Үйлер немесе киім сияқты материалдық заттай формасы бар экономикалық активтер. Тауарлар тасымалдау сияқты қызмет көрсетуден ерекшеленеді. Қызмет көрсетуді тауар секілді сақтау немесе сақтандыру мүмкін емес. 1-анықтамадағы кейбір экономикалық тауарлар, мысалы, мейрамхана тағамдары 2-анықтамадағы қызмет көрсету мен тауар комбинациясын құрайды. КАПИТАЛ ТАУАРЛАР; ТҰТЫНУ ТАУАРЛАРЫ; ТҮПКІ ТАУАРЛАР; БОС ТАУАР; ГИФФЕН ТАУАРЫ; БІРТЕКТІ ӨНІМ; САПАСЫЗ ТАУАРЛАР; АРАЛЫҚ ТАУАР; ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ТАУАРЛАР; ҚАЛЫПТЫ ТАУАР; ӨНДІРУШІ ТАУАРЫ; ҚОҒАМДЫҚ ИГІЛІКТІ *де қараңыз*.

идиосинкреттік қатер (idiosyncratic risk)

Әр жеке жағдайға басқаларға тәуелсіз әсер ететін қатер түрі. Бұл кез келген уақытта болуы мүмкін кісі өлімі, үй өртенуі немесе автокөліктің жол апатына ұшырау қатеріне қолданылуы мүмкін. Қатер идиосинкреттік болса, сақтандыру компаниясы өзінің жалпы қатер дәрежесін салыстырмалы төмен деңгейде сақтай отырып, клиенттерді сақтандыра алады. Сондай аргумент инвестициялық портфельдерге қатысты: әртараптанған портфельдегі активтердің қайтарымында идиосинкреттік қатер жоқ болады. Бұл рецессия, тұмау эпидемиясы немесе дауыл сияқты көп адамға бірдей әсер ететін оқиғалармен

байланысты нарықтағы қатерге қайшы келеді.

иена (yen) (¥) Жапонияның валюта бірлігі.

изокванта (isoquant) Кез келген шығым шығару үшін қолданылатын әртүрлі кірім комбинацияларын көрсететін нүктелер жиынтығы. Изоквант тек техникалық тиімді комбинацияларды көрсетеді, яғни шығымның және басқа да кірімдердің берілген деңгейіне қажет әр кірімнің ең төмен деңгейі. Изоквант нүктелерінің қайсы экономикалық тұрғыдан тиімді екені *изокост қисығында көрсетілен факторлық қызметтер бағасына байланысты және кіріс туралы деректердің экономикалық тұрғыдан тиімді жиынтығы – изоквант изокост қисықтарының ең төменгісімен жанасатыны болады. Изоквант көлбеуі фактор кірім мандерді ауыстыру қаншалықты оңай екенін көрсетеді. Мысалы, екі кірімі бар модельде кірім өзара мінсіз алмастырғыштар болса, онда изоквантта түзу сызық; кірім мінсіз толықтырушы болса, онда изоквант L-пішінді форманы қабылдайды. Изоквант бастапқы деректерге қарай бейімделеді, себебі кірім деректері нашар алмастырғыштарға айналады.

изокост қисығы (isocost curve) Екі өндіріс факторы бар модельде тұрақты нарықтық шығыны бар кірім комбинациясын көрсететін қисық. Фирмалар фактор нарықтарындағы бағаны қабылдаушы ретінде әрекет етсе, онда изокост

қисығы – түрлі факторлар қызметтерінің салыстырмалы бағасын көрсететін түзу сызық. Пайданы барынша арттыратын фирма осы өнімді өндіру үшін қажет факторлардың құнын азайтады. Оңтайлы таңдау барлық кірім деректерінің қатаң оң мәндерін қамтығанда, кірім қоспасы *изокванттың изокост қисығына жанасатын ең төменгі нүктесіне сәйкес келеді.

изопрофит қисығы (isoprofit curve) Фирмаға бірдей деңгейдегі пайда әкелетін екі айнымалының комбинациясын көрсететін қисық. Өндіріске екі кірімі бар модельде бір фирма үшін кіріс сигналдарының балама комбинациясы үшін изопрофит қисық салынуы мүмкін. *Дуополиялық модельде изопрофит қисықтары фирманың біреуінің табысының тұрақты деңгейіне алып келетін екі фирманың шығым деңгейі комбинацияларын көрсете алады.

икемді (elastic) Басқа айнымалыға қатысты *икемділігінің абсолют мәні 1-ден жоғары болатын айнымалы. Сұраныс бағаға икемді болса, онда көлемнің пропорционал азаюы бағаның пропорционал өсуінен үлкен болады. Ал ұсыныс бағаға икемді болғанда, бағаның өсуі ұсынысты пропорционал өсіреді.

икемді айырбас бағамы (flexible exchange rate) ҚҰБЫЛМАЛЫ АЙЫРБАС БАҒАМЫН қараңыз.

икемді баға (flexible prices) Экономикалық ортада болған өзгерістерге жауап ретінде жылдам реттелетін баға. Ол нарықты тазалау үшін жасалынады.

икемді баға (flexprice) Мөлшер қысқамерзімді перспективада белгіленетін, ал бағалар мөлшерден тезірек түзетілетін экономикалық модель. Бұл бағалар

қысқамерзімді перспективада белгіленетін және мөлшер бағадан тезірек түзетілетін *тұрақты баға моделінен ерекшеленеді. Нақты әлем – бірнеше нарық жиынтығы, онда салыстырмалы бағалар мөлшерден тезірек түзетіледі, мысалы, шетел валютасы нарығы және қор нарықтары. Сонымен қатар онда салыстырмалы бағаларға қарағанда мөлшер жылдам түзетілетін нарықтар да бар: еңбек күші нарығы және өнеркәсіптік өнім нарығы.

икемді жалақы (flexible wages) Экономикалық ортада болған өзгерістерге жауап ретінде жылдам реттелетін жалақы. Ол жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты теңдестіру үшін жасалады. Кейбір экономикалық теориялар нақты жалақы икемді, бірақ номинал жалақы қысқамерзімді перспективада (жалақы туралы шарттар, кәсіподақ келіссөзі және т.б. бойынша) бекітіледі деп тұжырымдайды. Еңбек күші нарығындағы номинал қатаңдықтың бұл тұжырымдамасы мәжбүрлі жұмыссыздықты түсіндіру үшін қолданылады. БОЛЖАМДАРДЫ ЕСКЕРЕТІН ФИЛЛИПС ҚИСЫҒЫ; ЖАҢА КЕЙНСТІК ЭКОНОМИКАЛАР; ТЕЙЛОР КЕЛІСІМШАРТЫН да қараңыз.

икемді жұмыс кестесі (flexitime) Жұмысшыға белгілі бір сағат мөлшері көлемінде берілген жұмыстың басталу және аяқталу уақытын өзгертуге мүмкіндік беретін еңбек шарты.

икемділік (elasticity) Бір айнымалының пропорционал өзгерісі мен екінші айнымалының пропорционал өзгерісі арасындағы қатынас. Y айнымалысының x бойынша икемділігі $\varepsilon = (dy/y)/(dx/x)$ өрнегіне тең. Бұл тұжырымдама әділ, өйткені пропорционал өзгерістерді салыстыру айнымалылар өлшенетін баға немесе көлем секілді бірліктерге

тәуелді емес. $(dy/y)/(dx/x) = d(\log y)/d(\log x)$ болғандықтан, икемділік екі айнымалы логарифмінің өзгерістерінің қатынасына тең. Сондай-ақ ДОҒАЛЫҚ ИКЕМДІЛІК; НҮКТЕЛІК ИКЕМДІЛІКТІ қараңыз.

икемсіз сұраныс (inelastic demand)

*Сұраныс икемділігі 1-ден аз болған жағдай. Сұраныс икемсіз болса бағаның пропорционал төмендеуі сұратылған көлемнің азырақ пропорционал көбеюіне әкеледі. Осылайша жалпы табыс өндіріс көлемі көбейген сайын төмендейді, ал шекті табыс теріс болады. Демек, пайдасын барынша арттыруды көздейтін монополист сұраныс қисығының икемсіз бөлігіндегі бағаны таңдамайды, бірақ бәсекелі салада тепе-теңдік пайда болуы мүмкін.

икемсіз ұсыныс (inelastic supply) *Ұсыныс икемділігі 1-ден аз болуы. Тауар сатылуы мүмкін бағаның пайыздық өсуі ұсынылатын көлемнің азырақ пайыздық өсуіне әкелсе, өнім немесе қызмет ұсынысы икемсіз болады. Бағаның өсуі қолданыстағы фирмалар шығарған өнімнің шамалы өсуіне және салаға жаңа фирмалар кіруіне соқтырса, ұсыныс икемсіз саналады. Жұмыс істеп тұрған фирмалардағы өндірісті кеңейту немесе жаңа фирмаларды тарту оңай болса, ұсыныс икемді болады.

икемсіздік (inelastic) Реакция жоғы. Бір айнымалы x басқа айнымалы y -ке әсер еткен жағдайда қандай таңба тұрғанына қарамастан, x -тегі пропорционал өзгерістің y -тегі пропорционал өзгеріске қатынасы төмен болса, онда қатынас икемсіз болады. Бағаның түсуі көлем артқанда жиынтық табыс азаятын және шекті табыс теріс болатындай сұратылған көлемнің аз пропорционал артуына әкелсе, өнімге сұраныс икемсіз болады.

иммиграция (immigration) Шетел азаматтарын елде тұру үшін көшіру; бұл қысқа сапарда, бизнес, оқу бойынша немесе турист ретінде келген азаматтарға қатысты емес. Иммигранттар тұрақтап қалу ниетімен келуі мүмкін, ұзақ қалғаннан кейін үйге оралу ниетімен немесе қанша уақытқа келгенін білмей келуі мүмкін. Иммиграция «итеру» және «тарту» факторларының себебінен болады. Итеру факторлары мигранттар кетіп бара жатқан елде кедейлік немесе қудалау, ал тарту факторлары көшіп бара жатқан елдегі экономикалық мүмкіндіктер немесе еркіндік болуы мүмкін.

импорт (imports) Елдің резиденттері сатып алатын, бірақ резидент еместер ұсынатын тауарлар мен қызметтер. Көрінетін импорт – елге заттай әкелінетін тауарлар. Қызметтер импорты немесе көзге көрінбейтін импорт елге кіретін жабдықтаушыны, мысалға, мұнай ұңғымаларында өртті сөндіру қызметін немесе шетелге шыққандардың қонақүйі немесе ойын-сауық қызметтерін пайдалануын атауға болады. Патенттер бойынша роялти төлеу сияқты кейбір көрінбейтін элементтер үшін қызмет орны анықталмайды. Капиталды импорттау шетелден несие алу немесе резидент еместерге нақты ішкі активтерді сатуды білдіреді. Мұны өндіріс құралдарын импорттаумен шатастырмау керек. Шын мәнінде көп ел мұның екеуін де істейді, бірақ шетелден қарыз алмай автокөліктерді импорттауға немесе мемлекеттік шығынның бір парасын, мысалы, қару-жарақ сатып алуға жұмсалатын қаражатты қаржыландыру үшін капитал импорттамай қарыз алуына болады.

импорт бажы (import duty) ТАРИФТИ қараңыз.

импорт бажы (import surcharge) Төлем балансындағы проблемаларға жауап ретіне қалыпты тарифтерге қосымша уақытша енгізілген қосымша импорт салығы. Мұндай уақытша салық импортты қысқарту үшін өте тиімді болуы мүмкін, өйткені ол оны тоқтатылғанға дейін кейін қалдыра беруге тұрткі болады.

импорт бажы туралы заң (Import Duties Act) 1932 жылы Ұлыбритания Парламенті қабылдаған Заң, ол *еркін саудада қалыпты ұлттық сауда саясаты арқылы қабылданған дәуірдің аяқталуын белгіледі. Импорт бажы туралы заң азық-түлік пен шикізат қоспағанда, Достастыққа кірмейтін елдердің көпшілігі үшін 10 пайыздық тариф белгіледі және бұл еркін сауданы тоқтатып, империялық жеңілдіктер саясаты басталуына белгі берді.

импорт депозит (import deposit) Импортқа ақы төлеу үшін шетел валютасын алу шарты ретінде орталық банктегі депозитке алдын ала тыйым салу туралы талап. Мұндай салым импортқа салық енгізуге де, айналыстағы ақша массасын азайтуға да әсер етеді.

импорт тарифі (import tariff) ТАРИФТИ қараңыз.

импортқа бейімдік (import propensity) Импортқа жұмсалған ұлттық кіріс үлесі. Бұл орташа мәнде де, шекті де өлшенуі мүмкін. Импортқа қысқамерзімді шекті бейімдік, әсіресе халық шаруашылығындағы ұсыныс шектеулеріне байланысты жоғары сұраныс кезеңінде ортадан жоғары болуы мүмкін.

импортқа квота (import quota) Кейбір өнім түрлерінің импортына сандық шектеу. Ол мәнде немесе физикалық бірліктерде орнатылуы мүмкін.

Тариф-квота жүйесі – недәуір төмен тариф мөлшерлемесі көрсетілген көлемге немесе квотаға, ал жоғары мөлшерлеме осы квотадан асып кететін көлемге қолданылатын импортқа квота мен *тарифтер жиынтығы.

импортқа лицензия (import licence) Кейбір тауарларды импорттауға үкіметтің рұқсаты. Импортқа лицензия талаптары отандық өндірушілерді бәсекеден қорғау үшін импортты шектеу арқылы сауда балансын жақсарту немесе жарылғыш заттар сияқты қауіпті материалдарды мемлекеттік бақылауды жеңілдету үшін жасалуы мүмкін.

импортқа шектік бейімдік (marginal propensity to import) ИМПОРТҚА БЕЙІМДІКТІ қараңыз.

импортталатын тауарлар (importables) Іс жүзінде бола ма, жоқ па – белгісіз, бірақ импортталуы мүмкін тауарлар.

импортталған инфляция (imported inflation) Импорт бағасының өсуімен байланысты инфляция. Импортталатын түпкілікті өнім бағасы инфляцияның шығынға сүйенетін кез келген көрсеткішіне тікелей әсер етеді. Импортталатын отынның, материалдардың және компоненттердің жоғары бағасы отандық өндіріс шығынын арттырады және отандық өндірілетін өнімнің бағасын көтереді. Импортталған инфляция шетелдегі бағаның жоғары болуы немесе елдегі айырбас бағамының төмендеуі арқылы өтелуі мүмкін.

импортты алмастыру (import substitution) *Нашар дамыған елдердің индустрияландыру стратегиясы бастапқыда импорттың орнын отандық алмастырушылармен басуға бағытталды. Мұның артықшылығы – өнімдер үшін қандай нарықтар бар екені белгілі екенінде,

ал кемшілігі – оңай орын ауыстыратын импорт төмендеп, прогресс қиындап кететінінде. Ел аумағы шағын болса, өнімнің бүкіл ішкі нарығы отандық өндірушілерді *ауқымнан үнемдеу артықшылығынан айыруы мүмкін. Импортты алмастыру стратегиясы *экспортты ілгерілету стратегиясынан ерекшеленеді, өйткені нашар дамыған елдерде өнеркәсіп күші дүниежүзілік нарықта сатылатын өнімдерге бағытталған.

импортты бақылау (import control)

Импортқа әкімшілік реттеу және ресурс бөлу. Бұл төлем балансы, импорттың құнын төмендету немесе импорттық алмастырғыштарды отандық өндірушілерді қорғау үшін өнеркәсіптік саясат үшін белгіленуі мүмкін. Импортты әкімшілік бақылау экономикадағы бәсекені төмендетеді және сыбайлас жемқорлыққа жол ашады; Экономикалық ырықтандыру бағдарламалары әдетте импорттық бақылауды жою немесе оны *тарифтермен ауыстыруды қамтиды.

импортты шектеу (import restriction)

ИМПОРТТЫ БАҚЫЛАУДЫ қараңыз.

импорттық алым (import levy) ТАРИФТИ қараңыз.

импорттық кеден бажының төмендетілген мөлшерлемесі (peril point) Тарифті одан әрі төмендету, белгіленген тармақтан төмен, отандық салаға айтарлықтай зиян тигізеді. 1940 жылдардың аяғынан бастап 1960 жылдарға дейін АҚШ Тариф комиссиясы әр тариф бойынша қатер нүктесін заңды түрде міндеттеуге тиіс.

импорттың енуі (import penetration)

Импорт арқылы ұсынылатын белгілі бір өнім түрлеріне арналған нақты

нарық бөлігі. Импорттың өсуіне ішкі сұраныстағы көздерден қанағаттандыра алмайтын сұраныстың ұлғаюы, жергілікті жеткізушілердің *бәсекеге қабілетінің нашарлауы немесе импортты шектеудің әлсіреуі немесе жойылуы себеп болуы мүмкін.

импутация жүйесі (imputation system)

Ұлыбританияда 1972–1999 жылдары қолданылған *корпоративтік салық жүйесі. Акционерлер арасында таратылған дивидендтерге салық салынған, бірақ корпоративтік табыс салығы түрінде алынған *корпоративтік аванс салығы дивиденд алатын инвесторлар үшін *базалық мөлшерлеме бойынша салық шегерімдері ретінде тіркелді. Акционерлер алған дивидендтердің жалпы сомасы салық салынатын табыс ретінде тіркелді: негізгі салық мөлшерлемесі t болса, дивидендтердің жалпы сомасының $1/(1-t)$ -ге көбейтіндісі. Себебі базалық мөлшерлеме бойынша салық төленген болса, акционерлер базалық мөлшерлеме бойынша өзінің шекті салық мөлшерлемесінен асып кетуі үшін ғана жауапқа тартылады және олардың шекті салық мөлшерлемесі базалық мөлшерлемеден төмен немесе олар табыс салығына жатпаса, өтемақы талап етілуі мүмкін.

инвестиция (investment) 1. Нақты өндірістік активтерді қорларға қосу процесі. Бұл ғимараттар, қондырғылар немесе жабдық сияқты негізгі құралдарды сатып алу немесе қорларға қосылып жұмыс істеуді білдіруі мүмкін. Инвестициялық тауарлар – тұтынуға емес, инвестициялауға арналған тауарлар. Негізгі капиталға салынған жалпы инвестициялар – жаңа күрделі жабдықтарға арналған шығын; таза инвестиция – *капиталды тұтынды, тозудың, уақыт ағымының немесе техникалық ескірудің нәтижесінде

күрделі тауарлардың құнын жоғалтуды бағалауды шегергендегі жалпы инвестициялар. Инвестициялық жеңілдіктер инвестицияларды жүзеге асыратын компаниялардың пайдасына салық салуды төмендететін салық жеңілдіктері. *Тікелей шетелдік инвестиция – шетелде жүзеге асырылған инвестициялық шығын. Жаңа техникалық білім алу және жұмыс күшінің дағдыларын жетілдіру үшін *зерттеу және дамыту (R&D) сияқты келешектегі өнімділікті арттыруға бағытталған шығынның кейбір түрлері әдетте қорларды көбейтсе де, инвестиция ретінде қаралмайды. Дегенмен *адами капитал, қорына үлес қосқандықтан, қисынды болуы мүмкін.

2. Компанияның акциялары сияқты қаржылай активтерін сатып алу. «Инвестор» – осындай активтері бар адам; «Инвестиция» – оның қолындағы капитал. Актив тізімі мағынасында бұл – акциялар туралы түсінік. Инвестициялық трастар мен инвестициялық банктер қаржы мекемелері, олар әдетте бағалы қағаздарды инвестиция ретінде ұстайды, бұл мағынада өздері заттай инвестициялауды іске асырмайды. Қаржылай мағынада инвестиция заттай мағынада инвестицияны қаржыландыру үшін жиі пайдаланылады, мысалы, компаниялар жаңа зауыт құрылысын қаржыландыру үшін жаңа акциялар сатады. Дегенмен инвестицияның екі мағынасы әрдайым бір-бірімен байланысты емес: нақты инвестиция бөлінбеген пайда есебінен қаржы делдалдарының көмегінсіз төленуі мүмкін және фирмалар акция шығарудан түсетін табысын жеке инвестицияға ақша жұмсамай, борышты өтеу немесе басқа фирмаларды сатып алуды қаржыландыру үшін пайдалана алады. Инвестиция көбінесе *жинақпен бірге қарастырылады. Дүниежүзілік экономика деңгейінде, инвестициялар мен *ex post* жинақ

үнемдеуі кейбір анықтамалармен тең болуы керек. Жеке тұлға, фирма, үкімет немесе ел деңгейінде болса да, жинақ пен инвестициялардың *ex post* немесе *ex ante* тең болуына еш себеп жоқ. Сондай-ақ ДЕРБЕС ИНВЕСТИЦИЯ; ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯСЫ; ЖҮКТЕЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ; ІШКІ ИНВЕСТИЦИЯ; ЖОСПАРЛАНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ; ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ ИНВЕСТИЦИЯНЫ қараңыз.

инвестициядан алынатын кіріс (investment income) Мемлекеттік немесе коммерциялық облигациялар бойынша, үлестік қатысудан немесе құрылыс қоғамдарындағы және басқа да қаржы делдалдарының салымдарынан алынған кіріс. Жеке тұлғалар инвестициялық кірісті тікелей өз қаржылай активтер қорынан немесе жанама түрде зейнетақы қорлары мен сақтандыру компанияларынан төленетін төлем түрінде алады, бұл, өз кезегінде, осындай табысқа ие болудан кіріс әкеледі.

инвестициядан алынатын кіріске сыйлықақы (investment income surcharge) Инвестициядан немесе «алынбаған» табыстан алынатын қосымша табыс салығы.

инвестициялық банк (investment bank) Негізінен, кейде үкіметті не жалпы халықты емес, бизнесті қаржыландырумен айналысатын банк. Инвестициялық банктер борыш құралдары мен акция шығару және сату арқылы қаражат жинайды; сатып алуды және өндірісті қаржыландыруды қамтамасыз етеді; жаңа акция шығаруға бастама жасайды; бірігу және сатып алуды қаржыландыру бойынша кеңес береді және ұйымдастырады; мекемелер мен бай адамдарға арналған инвестицияларды басқарады.

инвестициялық бассейндер (investment pools) Қаржылай активтерін сатып алу

мақсатында жекелеген инвесторлар салымдарын жинақтайтын зейнетақы қорларын қоспағанда ұйымдастырылған қаржы келісімдері. Мысалдар – *инвестициялық сенімдер, *өзара қорлар және *өзара сенімдер.

Инвестициялық қызметті реттеу ұйымы (ИҚРҰ) (Investment Management Regulatory Organization) (IMRO) Ұлыбританиядағы инвестициялық басқаруды ұсынатын кез келген мекеменің қызметін реттеуге жауапты өзін-өзі реттеуші ұйым. ИҚРҰ осындай мекемелер үшін мінезқұлық кодексін әзірледі және енгізді; ол *Бағалы қағаздар мен инвестициялар жөніндегі кеңеске ұсынылды және берілді. ИҚРҰ 2001 жылы *Қаржы қызметтері органына кірді.

инвестициялық траст (investment trust) Акционерлерінің бағалы қағаздар портфеліне инвестициялайтын компания. Олар әдетте қор биржасында орналастырылады; трасттар белгілі бір салалардың немесе елдердің бағалы қағаздарына шоғырлануы мүмкін. Олар табыс пен капиталды өсірудің әртүрлі құрамаларын іздеуіне болады. Инвестициялық трасттарды пайдалану инвесторларға артық транзакция шығыны және кәсіпқой менеджмент қызметі жоқ түрлі портфельдің артықшылықтарын береді. Инвестициялық трасттар басқарушы қоржынның иелерінің мүддесіне сәйкес портфельді сақтайтын пай қорлардан ерекшеленеді.

инвестицияны ынталандыру (investment incentives) Инвестицияны көтермелеу немесе шығынды азайту жолымен инвестицияны ынталандыруға бағытталған іс-шаралар. Осындай көптеген ынталандыру салық жүйесі арқылы жұмыс істейді. Жылдамдатылған амортизация, фирмалар капиталдың нақты мөлшерлемесінен тезірек шығынды

есептен шығаруға мүмкіндік береді дегенді білдіреді, бұл өлшенген пайданы және инвестицияны жүзеге асырғаннан кейін алғашқы жылдары төленген салықты азайтады. Бастапқы резервтер инвестициялық тауарлардың бүкіл шығынын оларды сатып алғанда есептен шығаруға мүмкіндік береді. Инвестициялық қарымақы, олар құрылғанда инвестиция құнының бір бөлігін есептен шығаруға мүмкіндік береді, бірақ сол уақытта толық амортизациялық аударымды кейіннен төлеуге мүмкіндік береді; осылайша инвестициялық қарымақы – инвестицияға субсидия формасы. Инвестицияға салықтық емес ынталандыру материалдарды тарату, қаржы нарықтарына қол жеткізу немесе дамуды жоспарлау сияқты мәселелерге инвестиция құятын фирмалар үшін жеңілдетілген режимді қамтиды.

инвестицияның шекті тиімділігі (ИШТ) (marginal efficiency of investment) (MEI) Жобаның залалсыздығын күтуге болатын ең үлкен пайыздық мөлшерлеме. Бұл жобаның жұмысынан күтілетін тікелей пайдаға байланысты және жоспарлағандай өнімдердің нақты бағасының төмендеуіне байланысты төмендейтін мөлшерлеме немесе нақты жалақы, жанармай және материалдық шығынның артуына байланысты болады. Экономикадағы барлық мүмкін болатын жобалар ИШТ кему тәртібімен ұйымдастырылса, теорияның болжауы бойынша, инвесторлар ИШТ пайыздық мөлшерлемесінен жоғары, оған қоса тиісті қатер сыйақысымен жұмыс істеуді жалғастырады және ИШТ-дан төмен болғанын қабылдамайды.

инвестор қарым-қатынасы (relationship investor) Бизнесінің белсенді қатысушысы болатын, сондай-ақ капитал ұсынатын (қамтамасыз ететін) инвестор. Мұндай

қатысу директорлар кеңесінің кейбір мүшелерін тағайындау және тұрақты түрде бейресми кеңес беру арасында өзгеруі мүмкін. Бұл инвестор мен компания арасындағы ұзақмерзімді байланысты болжауды қамтиды; қарым-қатынастағы инвестор қысқамерзімді алыпсатарлық пайда алу үшін сатумен айналыспайды.

индекс нөмірлеріндегі салмақтар (weights in index numbers) Кез келген индекс нөміріне кіретін әртүрлі компоненттерге қатысты салыстырмалы маңыздылық беріледі. Индекс нөмірі пайдаланылатын деп күтілетін мақсатқа сәйкес салмақ таңдалады. *Тұтыну бағасы индексіндегі салмақтар, мысалы, орташа тұтынушы сатып алатын бағасы өлшенген тауарлар мен қызметтер жиынтығына сәйкес келетін етіп таңдалады. Бұл салмақ тұтынушылардың мінез-құлқын зерттеуге сүйенеді.

индекс нөмірі (index number) Берілген базаға қатысты айнымалы өлшемін көрсететін сан. Базаға кез келген мән берілуі мүмкін, бірақ әдетте 1 немесе 100-ге тең мән таңдалуы мүмкін. Уақыт сериясы үшін база берілген күні болуы мүмкін; көлденең қималы деректер үшін бұл таңдалған үлгіні немесе элементтердің орташа мәнін қамтуы мүмкін. Индекс нөмірі бағаның орташа мәні саналатын «баға деңгейі» немесе әртүрлі салалардың жинағы саналатын *жалпы ішкі өнім сияқты құрастырылған айнымалыны сипаттайтын болса, ол әртүрлі компоненттердің орташа өлшенген мәнін білдіреді. *Базалық өлшенген немесе Ласпейрес индексі базалық кезеңдегі түрлі нысандардың салыстырмалы мөлшерін өлшейді; *ағымдағы өлшенген немесе Паше индексі ағымдағы кезеңде компоненттің элементтерінің салыстырмалы өлшемдерін өлшейді.

индекске байланған (index-linked) Мәні индекс нөміріне байланысты экономикалық айнымалы. Индекске байланған мемлекеттік бағалы қағаздардың *бөлшек баға индексі (ББИ) сынды қолайлы баға индексімен байланысты пайыздық мөлшерлемесі мен өтеу төлемі бар. Индекске байланған бағалы қағаздар, жалақы мөлшерлемесі немесе зейнетақы ББИ немесе белгілі бір акциялар бағасының индексіне байлануы мүмкін. Бағалы қағаздардың немесе индекстің табыстылығының артықшылығы – ұстаушыны ақша құнының елеулі күтпеген өзгерістері әсерінен қорғауында. Экономикада индекстерді байланыстыру тетіктерін кеңінен пайдалану инфляцияны тоқтатуды қиындата алады, өйткені ол ақшалай мәнде белгіленген құны бар ақша қаражаты мен бағалы қағаздарды иеленетіндердің экономиканың қалған бөлігіне қойылатын нақты талаптарды қысқарту үшін бағаның көтеруінің салдарын жояды.

индексстеу (indexation) Қызметкерлердің жалақысы, баға немесе пайыздық төлемдері мен бағалы қағаздарды өтеу ақшалай түрде белгіленбейді, бірақ *бөлшек баға индексі сияқты қолайлы баға индексіне пропорционал түрде түзетіледі. Осылайша зейнетақылар бағаға немесе жалақы мөлшеріне байланысты болуы мүмкін. Бағалар мен жалақыны индексстеу нақты табыстарды және табыстардағы айырмашылықты тұрақтандыру үшін арналған; уақыттық кешіктіруді ескере отырып қолданғанда бұл шамамен ғана іске асырылады.

индексстеу (қорларды) (indexation) (funds) Акция бағамдарының индексін имитациялайтын инвестициялық немесе пай қордың тиімділігін қамтамасыз ететін жүйе. Бұл барлық тиісті акцияларды немесе олардың жеткілікті үлкен

таңдауын олардың индекстегі салмағына шамамен тең пропорцияларда ұстап тұру арқылы жүзеге асырылады.

индикативтік жоспарлау (indicative planning) Болжалға ықпал ету арқылы экономикалық өсуді ынталандыру жүйесі. Алдын ала жоспарлау орталықсыздандыру және орталықтан жоспарлаудың артықшылықтарын біріктіруге тырысады. Мысалы, экономикалық өсім пессимистік болжал салдарынан артта қалуы мүмкін: фирмалар басқа фирмалардың инвестиция салуын күтпейді және нарық перспективалары оларды инвестициялау үшін тиімді етеді деп ойлайды. Орталықтан жоспарлау компанияларды инвестициялауды талап етеді, бірақ бұл орындалуы өте қиын саналады. Индикативтік жоспарлаумен үкімет түрлі салалардағы қызметке арналған бірқатар болжам дайындауға ниеттеніп отырады, сенсеңіз, олар әр фирмаға өзінің инвестициялары тиімді болады деп сендіреді.

индикатор (indicator) *Саясат құралдарын пайдалануды анықтау үшін қолданылатын айнымалылар. Индикатор саясат қашан енгізілуі керектігін немесе қолданыстағы саясат құралының деңгейін қалай өзгерту керек екенін көрсетуде қолданылады. Саясат индикаторлары екі жағдайда да мақсат пен құралдардан ерекшеленеді. Экономикалық саясат мақсаты – жұмыспен қамтудың және өсудің жоғары деңгейі, инфляцияның төмен және тұрақты деңгейі немесе нақты валюта бағамын қолдау сияқты мәселелерді қамтиды. Саясат құралдары – үкіметтің немесе орталық банктің салық мөлшерлемелері немесе ақша массасы сияқты бақыланатын немесе кем дегенде әсер ете алатын айнымалылар. Саяси көрсеткіштердің өзі өзіне мақсат болуы мүмкін, бірақ бұл жиі кездеспейді. Олар шешім қабылдау

кезінде пайдалануға қолайлы, өйткені олар бұрын бар немесе мақсатты көрсеткіштерге қарағанда сенімді түрде өлшенуі мүмкін. Саяси құралдар оларды қабылдайтын орган үшін индикатор бола алмайды, бірақ шешім қабылдау орталықтанбаған жағдайда бір органның құралы екіншісіне көрсеткіш ретінде пайдаланылуы мүмкін. ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР; ЖЕТЕКШІ КӨРСЕТКІШТІ *де қараңыз.*

индукцияланған инвестиция (induced investment) Өндірістің өзгеруіне жауап ретіндегі инвестиция. Бұл микроэкономикалық емес, макроэкономикалық деңгейге қатысты. Компанияның инвестициялары қолда бар капиталмен жасалған бұрынғы нәтижеге техникалық жауап бола алмайды. Инвестициялар дегенмен пайдаға әсер ету арқылы өндірістің өзгеруіне байланысты болуы мүмкін. Өндіріс ұлғайғанда, үстеме шығындар кеңінен таратылуы мүмкін болатындықтан, пайданың өсуі артады және бұл сонымен бірге инвестиция үшін қаражатты қамтамасыз етеді және қарыз алуды жеңілдетеді. Инвестициялар фирманың өнімдеріндегі болашақ өзгерістермен анықталмайды: өндіріс және инвестиция жоспарлары бір мезгілде қалыптасады. Әр фирманың инвестициялары олардың клиенттерінің табысы өзгеруіне әсер ететін нарықтағы перспективаларға қатысты болжалдарды қанағаттандырады. Индукцияланған инвестициялар техникалық инновациялар сияқты кірістің қысқамерзімді өзгеруіне тәуелді ұзақмерзімді факторлармен анықталатын дербес инвестициялардан ерекшеленеді.

индустрияландыру (industrialization) Ресурстарды *өнеркәсіп секторына ауыстыру процесі. Бұл экономикалық дамудың ерте кезеңдерінде,

негізгі өндірістен ресурстардың алшақтауы кезінде жиі кездеседі. Индустрияландыру дамыған елдерде олардың дамуының ерте кезеңдеріндегі норма (қалыпты) болды және ол бұрынғы Кеңес Одағы мен Орталық және Шығыс Еуропаның бұрынғы жоспарлы экономикасы бар елдердің *нашар дамыған елдерімен және елдерімен белсенді түрде жүргізілді. Соңғы жылдары көптеген дамыған елде *деиндустриалдану жүріп жатыр; іс жүзінде бұл индустрияландыруға қайшы емес, өйткені ол, негізінен, ресурстарды тауар өндірісінен қызмет көрсету саласына ауыстырумен байланысты.

индустриялық экономика, өнеркәсіптік экономика (industrial economics) Фирмалардың шешім қабылдауы және нарықтағы фирмалардың өзара әрекеттесуін зерттеуге арналған экономика саласы. «Жаңа индустриялық экономика» – 1980 жылдарда берілген атау, бұл саладағы зерттеулер *ойын теориясын кеңінен қолдануға кірісті.

инерция әсері (ratchet effect) Айнымалының өзгерісіне оның өзінің ең үлкен алдыңғы мәні әсер ету тенденциясы. Мысалы, кез келген берілген табыстағы тұтыну алдыңғы тұтыну деңгейінен жоғары болуы мүмкін немесе кәсіподақтар талап ететін *нақты жалақы бұрын қол жеткізген ең жоғары нақты жалақының ұлғайтылған функциясы болуы мүмкін. Инерция әсері айнымалының басқа бағытқа қарағанда бір бағытқа инертті екенін көрсетеді. Инерция әсері инфляцияны тоқтатуды қиындатуы мүмкін, себебі түзетудің әртүрлі жылдамдықтары қоғамның барлық секторларындағы бұрынғы жоғары нақты жалақы сомасы қазіргі жалпы мүмкін болатын сомандан әлдеқайда үлкен болатын жағдайға алып келді.

инновация (innovation) Жаңа идеяның экономикалық тұрғыдан қолданылуы. Өнім инновациясына жаңа немесе өзгертілген өнім; ал инновация процесіне – өнімді жасаудың жаңа немесе өзгертілген әдісі жатады. Инновациялар кейде бизнесті ұйымдастырудың жаңа немесе модификацияланған әдісінен тұрады. **ИННОВАЦИЯЛАР ТАРАЛУЫ; ҚАРЖЫ ИННОВАЦИЯЛАРЫН да қараңыз.**

инновация процесі (process innovation) Инновация – қолданыстағы өнімнің жаңа және арзан жолмен жасалуы. **ӨНІМ ИННОВАЦИЯСЫН да қараңыз.**

инновацияларды тарату (diffusion of innovations) Инновацияларды экономикалар және мемлекеттер арасында тарату. Оны инновацияны жай ғана көшіріп алу жолымен, лицензия алып пайдаланумен немесе инновация идеясын өзгерту және бейімдеу арқылы экономиканың басқа салаларындағы мәселелерге қолдану арқылы жүзеге асыруға болады. *Тікелей шетелдік инвестициялар арқылы да мемлекеттер арасында инновациялар таралады.

инсайдерлер және аутсайдерлер (insiders and outsiders) Қазіргі уақытта жұмыс істейтіндер (инсайдерлер) және істемейтін адамдар (аутсайдер). Бұл айырмашылық көп елде тұрақты жұмыссыздықты түсіндіруде қолданылады. Инсайдерлер мен аутсайдерлер арасындағы жұмыссыздық теориясы мынадай болжамдарға сүйенеді: қазіргі жұмысшылар немесе инсайдерлердің кәсіподаққа мүшелік сынды нарықтағы билігі бар; фирмалар адам жалдауға шешім қабылдайды және еңбек шығындарын өтейді; өтініш берушілер немесе жаңа жалданған қызметкерлер фирмада ұзақ мерзімге қалса, жалақысын қайта қаратуы мүмкін. Мұның бәрі жұмыссыздарға немесе аутсайдерлерге

инсайдерлерді тоқтатуға тосқауыл болады, тіпті олардың бұрынғы еңбек-ақысы төмен және төмен еңбек жағдайында жұмыс істеуге дайын болса да.

инсайдерлік мәміле (insider dealing) «Инсайдерлердің» биржадағы операциялары. Бұл компаниялар өз позициясының арқасында немесе компаниялармен байланыстар арқылы пайда туралы деректер немесе жұтылуға ұсыныс туралы жаңалықтар сынды *бағаға әсер ететін ақпаратты толығырақ және нақты түрде, әсіресе жалпыға жария ақпаратқа ғана сүйенуге мәжбүр «бөтендерге» қарағанда ертерек ала алады. Инсайдерлер жақсы ақпараттың арқасында пайда таба алады: акция бағасы көтерілгенге дейін сатып алып, құлдырағанға дейін сатып жіберуге мүмкіндігі бар. Инсайдерлік мәмілеге көп елде биржалық ережелер және заңдармен шектеу қойылған.

инсайдерлік сауда (insider trading)
ИНСАЙДЕРЛІК МӘМІЛЕНІ *қараңыз.*

институттық акционер (institutional shareholder) Жеке тұлға емес, өзі компания болып табылатын акционер. Капиталдың аз мөлшері тек акция иелену немесе жоғары қатермен байланысты бірнеше бағалы қағазға шоғырлану үшін пайдаланылуы мүмкін болғандықтан немесе транзакция шығыны жоғары болуына байланысты өте аз мөлшерде акция сатып алу арқылы, институттар арқылы акция иеленгісі келетін жеке инвесторлар саны артып келеді. Бұл *пай қорлары, инвестициялық қорлар, зейнетақы қорлары немесе пайда беретін өмір полистерін сататын сақтандыру компаниялары бола алады. Институттық акционерлер *инвестор қарым-қатынасында бола алады, акциясына ие болып отырған компанияларды басқаруда дауыс

алуға тырысады, бірақ көбінесе пассив рөл атқарады және басқару шешімдеріне араласпайды.

институттық экономика (institutional economics) Экономиканы ол қалай жұмыс істейтінін анықтаудағы институттардың маңызын көрсететін тұрғыдан талдау. Мысалы, жерге орналастыру ережелері *нашар дамыған елдердің экономикалық дамуы үшін маңызды, ал нақты және мәжбүрлі *меншік құқығы болмауы жоспарланғаннан нарықтық экономикаға көшуге кедергі болды. Институттық экономикада институттық ережелердің өзіне экономиканың ықпалын талдауды қамтиды.

инструментал айнымалы (instrumental variable) Регрессиядағы түсіндірме айнымалы ретінде пайдаланылатын *эндоген айнымалымен өзара байланысты *экзоген айнымалы. *Қарапайым ең кіші квадраттарды бағалау *эндогендік мәселесінен зардап шеккенде, дәйекті бағалау алу үшін пайдаланылатын инструментал айнымалылар. АЛДЫН АЛА АНЫҚТАЛҒАН АЙНЫМАЛЫ; ЕКІ САТЫЛЫ ЕҢ КІШІ КВАДРАТТАРДЫ *да қараңыз.*

интеграция (integration) 1. Экономикалық белсенділіктің алуан түрін біртұтас бақылаумен үйлестіру. Бұл сатылы интеграцияны, яғни бизнесті оның кірім деректерін ұсынатын өзге бизнеспен үйлесетін кері интеграцияны немесе шығым деректерін ұсынатын бизнеспен үйлесетін ілгері интеграцияны қамтуы мүмкін. Бұл сондай-ақ бизнес тура сондай жеткізушілердің көмегіне жүгінетін немесе тура сондай нарықта сауда жасай алатын бизнеспен үйлесетін деңгейлес интеграция болуы да мүмкін. КЕРІ ИНТЕГРАЦИЯ; ІЛГЕРІ ИНТЕГРАЦИЯ; ДЕҢГЕЙЛЕС ИНТЕГРАЦИЯ; САТЫЛЫ ИНТЕГРАЦИЯНЫ *да қараңыз.*

2. Экономикалық әрекетті мемлекеттік шекаралар маңызды болмайтындай етіп ұйымдастыру. *Еуропалық одақ және *Солтүстік Америкада еркін сауда келісімі – интеграцияға мысал. Толық экономикалық интеграция барлық тауарлар мен қызметтерді *еркін саудалауды, мінсіз капитал мобильділігін, көшіп-қонудағы және кәсіпорын құрудағы толық еркіндікті және ақпарат пен идеялардың кедергісіз ағымын білдіреді. Бұл сондай-ақ салық салудағы, әлеуметтік қызметтерді қаржыландыруға, бәсекені реттейтін ережелер мен монополияға және қоршаған ортаны қорғауға қатысты ұлттық айырмашылықтарды жоюды және мүмкін бірыңғай валютаны білдіреді.

3. Уақыт қатарларын талдау кезінде, уақыт қатарлары процесіндегі стационарлық кадамдар. ИНТЕГРАЦИЯ ТӘРТІБІН *де қараңыз.*

интеграция тәртібі (order of integration) Стационар қатарды алу үшін стационар емес уақыт қатарының эралуандығы үшін қажет минимум рет саны. N рет саралануға тиіс қатарлар $I(n)$ болып жазылатын n рет интеграцияланады. Интеграция реті бөлшек түрінде болуы мүмкін. Бұл жағдайда процесс бөлшекті интеграцияланған деп аталады. Бөлшекті саралану дегеніміз – лаг коэффициенттерінде арнайы бейнесі бар лагтың шексіз ретінің математикалық ыңғайлы көрсетілімі. Сондай-ақ КОВАРИАЦИЯЛЫҚ СТАЦИОНАРЛЫҚ ПРОЦЕСТІ *қараңыз.*

интерполяция (interpolation) Жоқ деректерді іріктемеге кірістіру әдетте ол қол жеткізуге болатын деректерге сүйенетін болжамды есептеу арқылы жүзеге асырылады.

интракәсіпкер (intrapreneur) Мәртебесі компания қызметкерінен тәуелсіз

компания иесіне өзгеретін менеджер. Бұл өзгерісті бұрынғы жұмыс беруші ынталандырады және қаржыландыруы мүмкін, бұл автономияның өсуі және кәсіпкерге арналған ынталандырудың жақсаруы бас компанияның пайдасын арттырады деген үмітпен жасалады.

инфляция (inflation) Номинал бағаның өсуге тұрақты тенденциясы. Инфляция белгілі бір баға индексінің, әдетте тұтыну бағасы индексі немесе *ЖІӨ дефляторының уақытқа қарай пропорционал өзгеруімен өлшенеді. Шығын инфляциясы 1973–74 жылдары мұнай бағасының жарылуы сияқты кейбір шығын элементтерінің өсуінен басталады. Сұраныс инфляциясы тым көп жиынтық сұранысқа байланысты. Басталғаннан кейін инфляция инфляциялық спираль арқылы сақталады, онда басқа баға мен жалақы мөлшерлемелері көтеріледі, себебі өзгесі өсті. *Гиперинфляция – өте жылдам инфляция, онда баға жылдам өсетіні соншалық – ақшаның айырбас құралы ретінде ыңғайлылығы жоғалады. Сондай-ақ БАЗАЛЫҚ ИНФЛЯЦИЯ; ШЫҒЫН ИНФЛЯЦИЯСЫ; ИНФЛЯЦИЯНЫ КӨТЕРУ; СҰРАНЫС ИНФЛЯЦИЯСЫ; КҮТІЛЕТІН ИНФЛЯЦИЯ; ГИПЕРИНФЛЯЦИЯ; ИМПОРТТАЛҒАН ИНФЛЯЦИЯ; ИНФЛЯЦИЯНЫҢ БАҒАНЫ ӨЗГЕРТУ ШЫҒЫНЫ; ИНФЛЯЦИЯНЫҢ ТӨМЕНДЕУІ; ИНФЛЯЦИЯДАҒЫ «БЫЛҒАРЫ АЯККИМ ТОЗУЫ» ШЫҒЫНЫ; ИНФЛЯЦИЯНЫҢ БАЗАЛЫҚ ДЕНҒЕЙІ; КҮТПЕГЕН ИНФЛЯЦИЯНЫ *қараңыз.*

инфляция деңгейі (inflation rate) Көрсетілген *баға индексінің өсу қарқыны. Инфляция әдетте жылдық кезеңде өлшенеді, дегенмен ол кез келген уақыт кезеңі ішінде анықталуы мүмкін (мысалы, ай сайын немесе апта сайын). Егер p_0 уақытында баға деңгейі p_1 болса, деңгейдегі баға деңгейі, инфляция деңгейі $(p_1 - p_0)/p_0$ деп анықталады.

Ұлыбританияда инфляция *тұтыну бағасы индексі және *бөлшек баға индексі (ББИ) арқылы өлшенеді. Бұл көрсеткіштер арасындағы негізгі айырмашылық RPI индексі иеленуші-жалға берушінің тұрғын үй шығынына, оның ішінде ипотека бойынша пайыздарға қатысты баптарды қамтиды.

инфляция салығы (inflation tax)

Инфляцияның ақшаның нақты құнына және мемлекеттік қарызға ақшалай көріністе әсері. Мысалы, ел халқының *жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) 10 пайызы мен мемлекеттік жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 30 пайызы мөлшеріндегі мемлекеттік қарызы бар және жылдық инфляция 10 пайыз болса, оның нақты 1 пайызына тең ақшалай қаражаттың баланстағы құны мен олардың активтерінің нақты құны ЖҰӨ-нің 3 пайызына тең соманы құрайды. Бұл ЖІӨ бойынша 4 пайыз салыққа тең. Үкімет өз қарыздарының нақты құнын арттырмай, соның ішінде *қағаз ақшасын шығармай, инфляцияға салынатын салықтан түскен табысқа теңдей бюджет дефицитіне ұшырауы мүмкін.

инфляцияға қарай түзетілген бюджет дефициті (inflation-adjusted budget deficit)

Мемлекеттік шығын нақты, номинал емес, пайыздық мөлшерлемені ескере отырып анықталған болса, бюджет дефициті туындауы мүмкін. Мысалы, инфляцияға қарай түзетуден бұрынғы бюджет дефициті *жалпы ұлттық өнімнің (ЖҰӨ) 2 пайызы болатын үкіметті қарастырайық. Мемлекеттік қарыз ЖІӨ-нің жартысына тең және номинал пайыздық мөлшерлемелер 10 пайыз, ал инфляция 5 пайыз болса, онда қарыз бойынша номинал пайыздық мөлшерлеме ЖІӨ-нің 5 пайызы, ал қарыз бойынша нақты пайыздық мөлшерлеме 2,5 пайыз ғана болады. Бұл жағдайда ЖІӨ-нің 2 пайыз мөлшеріндегі

номинал бюджет дефициті ЖІӨ-нің ½ пайызына тең инфляцияға қарай түзетілген бюджет профицитіне сәйкес келеді.

инфляциядағы «былғары аяқкиім тозуы» шығыны (shoe-leather costs of inflation) *Күтілетін инфляцияның нақты шығындарының бірі – адамдарды өз ақша қорында үнемдеуге итермелеу арқылы транзакция шығынын арттырады деген қорытындыға келетін болжам. Былғары аяқкиім тозуы қолмақол ақшаның үлкен қорын қолда ұстамау үшін банкке жиі баруға тура келетін кезде туындайды. Басқа *транзакция шығындарына да осыған ұқсас әсер қолданылады.

инфляциялық алшақтық (inflationary gap)

Экономикадағы *Инфляцияны үдетпейтін жұмыссыздық деңгейінен жоғары экономикадағы нақты қызмет деңгейінің артуы. Инфляциялық алшақтық оң болса, инфляция үдеуге ұмтылады, ал инфляциялық алшақтық неғұрлым үлкен болса, инфляция жылдамырақ үдейді. Осылайша инфляция алшақтығы *сұраныс инфляциясын тудырады.

инфляциялық спираль (inflationary spiral)

Баға мен жалақыға қатысты үрдіс, өз кезегінде, *шығын инфляциясы кезінде басқа жалақы мен баға өсуіне жауап береді. Бұл процесте бағаның көтерілуіне отын немесе материалдар бағасының өсуі, сондай-ақ жанар-жағармай материалдары бағасының көтерілуі себеп болады. Шығынның өсуі ішінара жұтылса, онда спираль біртіндеп қысқарады; шығынның өсуін өтеуге ешкім келіспесе, онда инфляциялық спираль ол басталатын кезде шексіз жалғасуы мүмкін.

инфляцияны есептеу (inflation accounting) Инфляция тұрғысынан

елеулі корпоративтік шоттарды өндіру. Инфляция кезінде капитал тауарларына *амортизацияға бөлінген қаражаттың тарихи шығындарға сүйенетін шығыны оларды алмастыруды қарастырмайды және пайданы арттырып көрсетеді, ал тауар-материалдық қорлардың бағасын көтеру де нақты пайдадан асып түсетін «қағаз пайда» әкеледі. Екінші жағынан, пайыздық мөлшерлеме инфляцияға жауап ретінде өссе, номинал пайыздық төлемдерді шығын ретінде ескеріп, бірақ фирманың қарыздарының нақты құнының төмендеуін есептегенде, шынайы пайда кемиді. Сондай-ақ күрделі тауарлар бағасы, тауар-материалдық қорлар немесе фирманың өндіріс көлемі жалпы баға деңгейінен өзгерсе де қиындық туады.

инфляцияны үдетпейтін жұмыссыздық деңгейі (ИУЖД) (non-accelerating inflation rate of unemployment) (NAIRU) *Инфляция тұрақты болып қалатын жұмыссыздық деңгейі. Бұл инфляция деңгейі сұраныс қысымына байланысты Кейнстік модельдерге тән. Мұндай модельдерде сұраныс жоғары болса, фирмалар басқа бағаның көтерілуін күткеннен гөрі өз бағасын орташа деңгейге көтереді, бұл инфляцияны үдетеді. Сұраныс төмен болса, фирмалар басқа бағаның көтерілуін күткенімен, олардың бағасын орташа деңгейге көтереді, бұл инфляцияның баяулауына әкеледі. ЖЖИ – басқа жерлерде күгілетін бағаның өсуіне сәйкес өз бағасын көтеруге ұмтылатын фирмалардың орташа есеппен сұраныстың қысым деңгейіне сәйкес келетін жұмыссыздық деңгейі. Ол инфляция деңгейіне қазірдің өзінде қол жеткізілген деңгейде тұрақтандырылады.

инфляцияның бағаны өзгерту шығыны (menu costs of inflation) Инфляция-

ның нақты шығынының бір бөлігі бағаны қайта қарау шығынымен байланысты. Инфляцияға байланысты қосымша шығын инфляция болмағанда айтарлықтай қысқамерзімді баға құбылуына ұшырамайтын тауарлар үшін ғана маңызды болуы мүмкін.

инфляцияның базалық деңгейі (underlying rate of inflation) Ипотека бойынша пайыздық төлемдерді ескермей, бөлшек баға индексімен өлшенетін инфляция деңгейі (*RPIX). Бұл ипотека бойынша пайыздық төлемдерді қамтитын *бөлшек баға индексімен (RPI) өлшенетін Ұлыбританиядағы инфляция қарқыны «тақырыбына» қарама-қарсы. RPI басқа елдердің көбінде ипотекалық пайыздарды жоққа шығарады, сондықтан бұл айырмашылық Ұлыбританияға тән.

инфляциясыз өсу (non-inflationary growth) Баға инфляциясы тенденциясы жоқ экономикалық белсенділіктің өсуі.

инфрақұрылым (infrastructure) Қол жеткізуге болатын мемлекеттік қызметтерді, соның ішінде көлік және телекоммуникация, газ, электр қуаты мен суды өндіруге арналған негізгі жабдық. Олар қазіргі заманғы экономикадағы басқа экономикалық қызметке қажет негізді қамтамасыз етеді; оларға қол жеткізу немесе сенім білдіру мүмкін емес болуы *нашар дамыған елдерге тән және олардың дамуына кедергі келтіреді. Инфрақұрылымдық қызметтерді әдетте мемлекет қамтамасыз етеді немесе реттейді.

ипотека (mortgage) Несиеге *кепілзат ретінде үй немесе басқа ғимарат сияқты нағыз активті пайдалану. Кредитордың пайыздық мөлшерлемесі мен өтеуі жасалмаса немесе кепілдік берушінің кепілдікті өтеуі мүмкін

болса, яғни оны қабылдауға және оны қарыз өтеміне сатуға болады. Ипотека кез келген уақытқа: 20 немесе 25 жылға да беріледі. Негізгі сома ипотеканың мерзімі бойынша бірте-бірте төленеді. Ипотекалық несие бойынша негізгі сома кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін сақтандыру полисіндегі капитал сомасынан төленеді.

ипотека несие пайызын төмендету (mortgage interest relief at source) Ұлыбританиядағы салық жеңілдігі арқылы ипотекалық пайыз төлеушілерге табыс салығын есептегенде оның жартысын немесе толық төлеуге рұқсат берілді. Жеңілдік несие беруші институттардан беріледі, қарыз алушы кредиторға салық жеңілдігін шегеріп

тастағанда пайыз төлейді. 2000 жылдың сәуір айында салықтық жеңілдіктер алынып тасталды.

ипотекалық бағалы қағаздар (mortgage-backed security) Ипотекалық несие пулынан ақша ағынын талап ететін борыштық міндеттемелер. Ең жиі ипотека – тұрғын үй жылжымайтын мүлкі. СЕКЬЮРИТИЗАЦИЯНЫ *да қараңыз.*

Ислам банк ісі (Islamic banking) Ислам құқығы принциптеріне сәйкес келетін банк жүйесі. Негізгі принциптердің бірі – өсімқорлыққа тыйым салу (пайыз жинау және төлеу), сондықтан ислам банктері әдетте пайданы бөлісу тетіктерін пайдалану арқылы жұмыс істейді.

Й

Йохансен тәсілі (Johansen's approach) Стационар және стационар емес айнымалы мәндерден тұратын бірнеше *эндоген айнымалының *катені түзетудің векторлық моделін бағалауда қолданылатын *ең жоғары ақиқатқа

жақын бағалаушыға сүйенетін тәсіл. Процедура айнымалы мәндер (континтеграция векторлары) арасындағы көп *континтеграциялық қатынасты бағалау мен тестілеуден тұрады.

К

каботаж (cabotage) 1. Ел ішінде жүк тасымалдау. АҚШ-та және кейбір басқа елдерде мұны жергілікті тасымалдаушылар жүзеге асыруға тиіс. Мұндай шектеу *протекционизм формасы саналады.

2. Ел ішінде тауар тасымалдауға шетелдік тасымалдаушыға берілген құқық.

калибрлеу (calibration) Экономикалық модель параметрлерінің сандық мәндері мынадай: (1) басқа эмпирикалық және теориялық зерттеулерде алынған мәндерді кейбір параметрлерге қолдану; (2) басқа параметрлер үшін мәндерді табу мақсатында дәлелді пікір қолдану; (3) модель симуляциясын жасау және (4) болжамдарды эмпирикалық бақылаумен сәйкестендіру арқылы параметрлердің нақты мәндерін реттеу жолымен анықталады. Бұл рәсім көбінесе *бизнес-циклдерді бағалау кезінде жиі қолданылады.

Калман сүзгісі (Kalman filter) *Стохастикалық процесс туындататын жағдайды тиімді бағалау (*орташа квадрат катені) төмендету мен оның айнымалы мәндерін болжаудың рекурсив алгоритмі. Бағалау қазір қолда бар ақпаратқа сүйенеді және жаңа бақылау болған жағдайда бағаны жаңартуға мүмкіндік береді.

Кальво контракті (Calvo contract) *Жаңа кейнстік экономикадағы номинал баға икемсіздігін түсіндіреді. Бұл теорияны Гильермо Кальво ұсынған. Теория

фирмалардың біртіндеп баға белгілеуіне сүйенеді. Кальво контрактінің моделі фирмалар номинал баға белгілейді және кез келген уақытта әр фирма бұрынғы түзету сәтінен бері өткен уақытқа қарамастан, экзоген ықтималдықпен өзі белгілеген бағаны түзете алады деп болжайды. Номинал баға икемсіздігі нарықтарды тазарту үшін бағаны жылдам түзетуге жол бермейді. Сондай-ақ ТЕЙЛОР КОНТРАКТІН қараңыз.

каннибализация (cannibalization) Компанияның бір бөлігін басқа бөліктерінің сатылымын алу арқылы өсіру. Бұған мысал ретінде, өз желісінде жұмыс істеп тұрған дүкеннің саудасын алатын жаңа дүкені бар супермаркет желісін айтуға болады.

капитал (capital) 1. Өндірісте пайдалану үшін қолданылатын немесе пайдалануға болатын, адам жасаған материалдық ресурстар, мысалы, машиналар. Бұл сондай-ақ заттай капитал деп аталады.

2. Жеке тұлға немесе компания жинаған, табыс алуда пайдаланылатын материалдық немесе ақшалай байлық. Сондай-ақ АДАМИ КАПИТАЛДЫ қараңыз.

Капитал активтердің бағасын белгілеу моделі (Capital Asset Pricing Model) Қаржы нарықтарындағы тепе-теңдік моделі, ол қатері бар активтер бойынша кіріс құрылымы туралы өте дәл болжам жасайды. Капитал активтерінің бағасын белгілеу моделі активтердің шексіз бөлінгіштігін білдіреді. Сонымен қатар ол

транзакция шығыны мен салықты ескермейді. Ол сондай-ақ барлық инвесторлардың бір кезеңдік инвестициялық мүмкіндігі бар деген және активтер қайтарымына қатысты бірдей болжам ұстанады, *орташа дисперсиялы қалау бар және қатерсіз пайызбен несие алуға және беруге қабілетті деп топшылайды. Бұл жорамалдар аясында қаржы нарығындағы тепе-теңдік капитал нарығы сызығымен (CML) және бағалы қағаздар нарығы сызығымен (SML) сипатталады. p әр тиімді портфолио үшін капитал нарығы сызығы (CML)

$$\bar{r}_p = r_f + \left[\frac{\bar{r}_M - r_f}{\sigma_M} \right]$$

дегенді білдіреді. Мұндағы r_f – қатерсіз пайыздық мөлшерлеме, \bar{r}_p – портфельден күтілетін қайтарым, \bar{r}_M – нарық портфелінен күтілетін қайтарым және σ_M – нарық портфелі қайтарымының стандарт ауытқуы. Бағалы қағаздар нарығы сызығы (SML) жеке активтерге қатысты қолданылады және тепе-теңдікте i активінен күтілетін қайтарым мынаны қанағаттандыруды талап етеді:

$$\bar{r}_i = r_f + \beta_i [\bar{r}_M - r_f]$$

β_i i активінің *бета-коэффициенті активтің қатер өлшемі ретінде түсіндіріледі және $\beta_i = \frac{\sigma_{iM}}{\sigma_M^2}$ арқылы анықталады.

Мұнда σ_{iM} – i актив қайтарымының ковариациясы және нарық портфелінің қайтарымын білдіреді. Капитал активтердің бағасын белгілеу моделі инвесторлар өз қаражатын қатерсіз актив пен нарық портфелі арасында бөлуге тиіс деп тұжырымдайды. Одан басқа ешқандай қатері бар портфельдер ұсталмауға тиіс. Сондай-ақ АРБИТРАЖ БАҒА БЕЛГІЛЕУ ТЕОРИЯСЫН қараңыз.

капитал аударымдары (capital transfers)

Активтердің жеке тұлғалар арасында сыйға немесе мұраға берілуі. Мұнда қабылдаушы қабылдаған активін табысының бір бөлігі деп емес, капиталына қосымша деп қарастырады. Ұлыбританияда мұндай аударымдарға *капитал аударымы салығы салынады. Аз мөлшердегі аударымға ғана салық салынбайды. Капитал аударымы салығы 1986 жылы *мұраға салынатын салық деп өзгертілді.

капитал аударымы салығы (capital transfer tax)

Бір адамнан екінші адамға сыйға немесе мұраға берілген капитал аударымына салынатын салық. Үкімет капиталға салық салғысы келсе, онда *мүлік салығынан гөрі капитал аударымы салығын қолдануға екі себеп бар. Біріншіден, мүлік салығына қарағанда капитал аударымы салығы қаражат жинауға ынталандырады. Капитал аударымы салығы мүлік салығына қарағанда салық төлеушілердің наразылығын көп тудырмайды, сәйкесінше, оны төлеуден ешкім қашпайды. Екіншіден, мүлік салығы көбінесе активтерді сәйкестендіруді және бағалауды талап етеді. Ал капитал аударымы болғанда, әсіресе капитал мұраға берілгенде, қолданыстағы құқықтық процедуралар активтерді анықтауды жеңілдетеді. Өйткені активтер мұраға берілгенде міндетті түрде бағалануға тиіс.

капитал есебі (capital account) Табыс немесе шығынмен байланысты емес транзакциялар жазбасы (есептілігі). Бірақ ол активтерді сақтау формасын өзгертпейді. Мысалы, несие табысқа саналмайды. Ол болашақта пайызбен қайтаруды талап ететін ақша айырбасына жатады. Мемлекеттің *төлем балансында капитал есебі – халықаралық активтер мен міндеттемелер айырбасы туралы жазба. Сондай-ақ ҚАРЖЫ ЕСЕБІН қараңыз.

капитал жеткіліктілігі (capital adequacy) Фирмада өзі жүргізіп отырған бизнеске жеткілікті капитал бар болуы. Бұл фирманың өзі үшін маңызды: ол жеткілікті капиталдандырылмаса, жағдайдың аздаған қолайсыз өзгеруі оның төлеу қабілетін нашарлатуы мүмкін. Сондықтан капитал жеткіліктілігі фирманың кредиторлары үшін маңызды. Банктер және басқа да қаржы мекемелеріне қатысты да оның маңызы реттеуші ұйымдар үшін өте жоғары. Өйткені белгілі бір жеке қаржы фирмасының банкротқа ұшырауы жалпы қаржылық үрей тудыруы мүмкін. Капитал жеткіліктілігін *Халықаралық есеп айырысу банкінің Базель комитеті анықтайды. Ұлттық реттеуші органдар Базель ұсыныстарын өз басымдығына сәйкес өзгерте алады.

капитал жинақтау (capital accumulation)

*Капитал қорын ұлғайту процесі. Бұл қысқамерзімді және ортамерзімді перспективада *экономикалық өсудің негізгі көздерінің бірі саналады. Алайда капитал жинақталуы ұзақмерзімді өсуді ұлғайта алатыны анық емес. Бұған себеп – күрделі капитал қорын сақтау ескірген капиталды ауыстыруға елеулі инвестиция құю арқылы ғана мүмкін екенінде. Сонымен қатар ұзақмерзімді өсуге капитал сапасының өсуі немесе жаңа өндірістік күштерді енгізу себеп болады. Кейбір эмпирикалық зерттеулер капитал жинақтау экономикалық өсудегі рөлі елеусіз немесе ешқандай әсері жоқ екенін көрсетеді. Ал енді бір зерттеулерде ол ұзақмерзімді өсу қарқынына айтарлықтай оң әсер етеді делінеді.

капитал жұмсалуды (capital expenditure)

Компанияның пайдасын есептеу кезінде *шығын ретінде қарастырылмайтын капитал жұмсалуды. Сәйкесінше, ол салық төлегеннен қалған табыстан

немесе сырттан қаржы тарту арқылы төленуге тиіс. Капитал жаңа күрделі өнеркәсіп тауарларын жасауға немесе көбінесе оларды сыртқы жеткізушілерден сатып алуға жұмсалуды мүмкін. Ол сондай-ақ қолданыстағы кәсіпорындарды, патенттерді және тауар белгілерін сатып алуды қамтиды.

капитал залалы, активтердің нарық құнын төмендету шығындары (capital loss)

Актив бағасының төмендеуі. Капитал залалы актив бағасы оған төленген бағадан төмен болғанда және актив тең келетін құннан төмен бағаға сатылғанда көрініс табады. Неғұрлым төмен бағамен сату капиталдың номинал залалын білдіреді. Актив сатып алынғаннан кейін оның бағасы жалпы инфляция деңгейінен төмен өссе, онда нақты капитал залалы орын алады. Ол инфляциямен реттелген сатып алынған бағасынан төмен бағамен сатылады. Кейде салық міндеттемесін есептегенде капитал залалы ескеріледі. Әдетте кейбір активтер бойынша капитал залалы басқа капитал өсімімен өтеледі.

капитал келуі (capital inflow) КАПИТАЛ ҚОЗҒАЛЫСЫН қараңыз.

капитал көзі (sources of capital) Жеке, корпоративтік не мемлекеттік болсын, кәсіпорындар өз капиталын алатын көз. Негізгі көздің бірі – жеке кәсіпорын иелерінің жинақтары мен компанияның бөлінбеген пайдасы. Екінші ірі көз – облигацияны сату жолымен алынған қарыздар немесе банктер мен басқа да қаржы делдалдарынан қарыз алу жолымен алынған қаражат. Капиталдың тағы бір көзі – акциялардан үлес сату. Негізгі капиталға құйылатын инвестициялардың үлкен көлемі қолданыстағы құрал-жабдыққа жұмсалатын амортизациялық аударымдар есебінен қаржыландырылады.

Материалдар қоры көбінесе жеткізушілердің сауда несиесі есебінен қаржыландырылады. Сондай-ақ үкімет те – қаржыландырудың негізгі көздерінің бірі. Кейбір кәсіпорындар мемлекет меншігінде және олардың капиталын үкімет қамтамасыз етеді. Үкіметтер инвестицияны қаржыландыру үшін, мысалы, тұрғын үй қауымдастығынан кейбір капитал аударымдарын жүзеге асырады. Олар сондай-ақ көбінесе кәсіпорындарға салықты бизнеске салынатын салықты төмендететін ережелер бойынша салады: инвестиция қабылданса, инвестициялайтын компаниялар пайдасы тең, бірақ инвестициясы аз компанияға қарағанда салықты азырақ немесе кейін төлеуіне мүмкіндік береді.

капитал қалыптастыру (capital formation)

Нақты өндіріс жабдығын құрастыру немесе оны сыртқы жабдықтаушыдан сатып алу арқылы кәсіпорын қорына қосу процесі.

капитал қарқыны (capital intensity)

Пайдаланылатын капиталдың өзге де өндіріс факторларына, әдетте еңбек күшіне қатынасы. Бұл жағдайда ол негізгі жабдықтың жиынтық құнының жалдамалы еңбектің жиынтық сомасына қатынасы ретінде өлшенеді.

капитал қарымақысы (capital allowances)

Фирманың салық салынатын *пайдасынан инвестиция шығынын шегеру. Жалпы пайданың кез келген берілген деңгейі үшін фирма көбірек инвестиция құйса, фирма соғұрлым аз салық төлеуге міндетті болуынан. Бұл инвестицияны жандандырады.

капитал қатынасы (capital ratio) Банк капиталының оның *қатері өлшенген активтеріне қатынасы. Активтерге қатысты өлшемдер *Базель келісімінде

белгіленген қатерге сезімталдық коэффициенттерімен айқындалады. Капитал қатынасы банк капиталының мығымдығын өлшейді. Оны реттеуші ұйымдар банктің залалдарға қарсы тұрақтылығын және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкестігін бағалауда қолданады. Банктің капиталына түрлі жолмен анықтама беруге болады. 1-деңгей негізгі капиталды бағалайды және ол акционерлік капиталдан және ашылған резервтерден тұрады, сондай-ақ онда өтелуге тиіс емес, шоғырландырылмайтын артықшылықты акциялар да болуы мүмкін. 2-деңгей ашылмаған резервтер, қайта бағалау резервтері, жалпы резервтер, гибрид құралдар және мерзімді реттелген борыш сияқты қосымша капиталды қамтиды. Сондай-ақ БАЗЕЛЬ КЕЛІСІМІН *қараңыз*.

капитал қозғалысы (capital movements)

Капиталдың елдер арасында қозғалуы. Капитал кетуі (немесе капиталдың сыртқа жылжуы) жергілікті капиталдың сыртқа кетуін білдіреді. Ал капитал келуі (немесе капиталдың ішке жылжуы) шетелдік капиталдың елге келуін білдіреді. Капитал қозғалысы *тікелей шетелдік инвестиция түрінде жүзеге асуы мүмкін. Мысалы, нақты капитал активтеріне инвестиция, акцияларды немесе ұзақмерзімді не қысқамерзімді қарыздарды сатып алу. Осындай барлық капитал қозғалысы төлем балансының *капитал есебін құрайды. Сондай-ақ ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ КАПИТАЛ ҚОЗҒАЛЫСЫН *қараңыз*.

капитал қоры (capital reserves) Компанияның таза активтерінің бастапқыда акционерлер салған акционерлік капиталдан асып түсетін бір бөлігі. Капитал қоры жаңа акцияларды олардың номинал құнынан қымбатқа сатудан, пайданы ұстап қалудан, активтерді қайта бағалаудан немесе компания

капиталының өсуі нәтижесінде туындауы мүмкін. Әдетте капитал қоры дивиденд ретінде таратылмайды. Бұл табыстан жиналған қордан бөлек. Табыстан жиналған қорды ағымдағы пайда төмен болғанда дивиденд ретінде жұмсауға болады.

капитал қоры, капитал акция (capital stock)

1. Кәсіпорынның немесе мемлекеттің заттай капиталының жалпы құны. Оған *тауар-материалдық қор және стационар жабдықтар да кіреді. Мұны түрлі тәсілдермен өлшеуге болады: бұрынғы күн – осы жабдықты сатып алғандағы бастапқы құны; қалдық күн – пайдаланудағы тозуы шегерілген жабдықтың бұрынғы құны; ауыстыру құны – қолданыстағы жабдықты балама жаңа заттарға ауыстыру құны. Осы құнның кез келгені жабдықты сатып алған сәттен бастап инфляцияны ескере отырып өзгертілуі мүмкін. Өнеркәсіп саласы, аймақ немесе мемлекеттің капитал қоры ондағы кәсіпорындардың негізгі қорларының қосындысына тең.

2. Компанияның жарғыға сәйкес шығаруға құқығы бар акциялар саны. Оған қарапайым және артықшылығы бар акциялар кіреді.

капитал қорын түзету (capital stock adjustment)

Капитал-шығым қатынасына сүйенетін инвестиция теориясы. Фирманың көздеген капитал-шығым қатынасы бар деп есептелік. Қандай да бір сәтте нақты негізгі капитал осы көзделген қатынастан аз болса, фирма келесі кезең ішінде алшақтықтың бір бөлігін жабу үшін инвестиция құяды. Жартылай түзетуге белгісіздік пен түзету шығыны ескеріледі. Осыған сәйкес, Y – өндіріс көлемі, a қажет капитал-шығым қатынасы болса, онда негізгі мақсатты капитал қоры $K^ = aY$ болады. Егер K нақты негізгі капитал K^* -ге тең болмаса, онда инвестиция

$I = b(K^* - K) = b(aY - K)$ болады, мұнда $0 \leq b \leq 1$. *Акселератор моделінде, Y -тегі өсім K^* -ні ұлғайтады және ол инвестицияға әкеледі.

капитал құны (cost of capital) Кәсіпорын инвесторларды оған капитал беруге ынталандыру үшін ұсынуға тиіс кіріс нормасы. Қарыз капиталының құны – төленуге тиіс пайыздық мөлшерлеме. Акционерлік капитал құны – инвесторлардың акция сатып алуына түрткі болуға қажет күтілетін қайтарым. Фирма капитал тартудың екі әдісін пайдаланғанда, оның капитал құны екі әдіспен тартылған капиталдың орташа құнына тең болады. Капитал құны пайдаланылатын мақсаттың айқын қатеріне, кез келген несие бойынша ұсынылатын кепілзатқа және қарыз алушының жалпы қаржылай тұрақтылығы мен беделіне байланысты.

капитал құнының өсімі (capital appreciation)

Кәсіпорынға тиесілі активтер бағасының өсуі. Жер, ғимараттар, жабдықтар немесе қорлардың құны өсуі экономикадағы жалпы *инфляцияға сәл ғана пропорционал болғанда, олар бизнестің нақты құнын өсірмейді деген пікірталас бар. Сондықтан олар салық салынатын пайдаға немесе ұлттық кіріс есебіне енгізілмеуге тиіс.

капитал мобильділігі (capital mobility)

Капиталдың түрлі пайдалану мақсаттары арасында, соның ішінде әртүрлі мемлекеттер арасында ауысу дәрежесі. Бұл түрлі жолдармен шектеледі. Қолданыстағы капитал толық жоғалуы немесе тозуына байланысты ақырындап қолданыстан шығуы мүмкін. *Асимметриялық ақпарат капитал мобильділігіне кедергі келтіреді. Мысалы, инвесторларда түрлі өнеркәсіп салаларындағы немесе шетелдегі мүмкіндіктер туралы жеткілікті ақпарат болмауы

немесе бар ақпарат күмәнді болуы. Халықаралық капитал мобильділігін капиталды импорттаушы және экспорттаушы елдердегі мемлекеттік бақылау мекемелері шектейді. Сондай-ақ МІНСІЗ КАПИТАЛ ҚОЗҒАЛЫСЫН қараңыз.

капитал нарығы (capital market) Жылдық немесе одан да көп *өтеу мерзімі бар *бағалы қағаздар сатып алынатын және сатылатын *қор биржалары және басқа мекемелер. Бағалы қағаздарға компаниялардың акциялары мен жеке және мемлекеттік қарыздың түрлі формалары кіреді. Капитал нарығы фирмаларға, үкіметтерге және елдерге шығынын ағымдағы табысынан көбірек қаржыландыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ол жеке тұлғалар, фирмалар, мемлекеттер өзі тиімді қолдана алмайтын жинақтарын басқаларға қарызға беруіне мүмкіндік береді. Капитал нарықтарындағы кейбір транзакциялар жаңадан шығарылған акциялар мен борыштық міндеттемелерді сатуды қамтиды. Алайда басым көпшілігі *екінші ретті нарықтарда жүзеге асырылады. Ол нарықта ағымдағы акциялар мен борыштық міндеттемелердің иесін өзгертуге болады. Тиімді ұйымдастырылған капитал нарығы болмауы жинақтарды тиімді пайдалануға, ал ол, өз кезегінде, жалпы экономиканың дамуына кедергі келтіруі мүмкін. Бір жылдан аз өтеу мерзімі бар бағалы қағаздар *ақша нарығында сәудаланады.

капитал өсімі (capital gain) Актив құнының өсуі. Активтің ағымдағы бағасы мен сатып алынған бағасы арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Жалпы *баға деңгейі тұрақты болса, онда капиталдың нақты және номинал өсімі тең болады. Жалпы баға инфляциясы болған жағдайда олардың бағасы жалпы баға деңгейіне қарағанда пропорционал түрде жылдам өссе ғана және

тұрақты ақшалай құны бар активтер нақты күрделі залалдардан зардап шексе, онда капитал активтері нақты пайданы көрсетеді.

капитал өсіміне салынатын салық (capital gains tax) Активтердің құны өсуіне байланысты салынатын салық. Капитал өсіміне салынатын салық әдетте капитал өсімінен немесе мұрадан алынған табысты жүзеге асырудан алынады. Жүзеге асырылмаған капитал өсіміне салық салу үшін барлық активтерді тұрақты бағалап отыру қажет. Ұлыбританияда капитал өсіміне салық 1965 жылдан бастап алынады. Тек ең аз мөлшерлі сомадан (2016–17 салық жылында 11 100£ болды) асқан капитал өсіміне салық салынады. Осы уақытқа дейін ол актив иеленгеннен кейін *бөлшек сауда бағасы индексінен жоғары болып келген пропорционал өсімнен алынды. Ұлыбританияда активтердің кейбір түрлері капитал өсіміне салынатын салықтан босатылады. Оған кез келген салық төлеушінің негізгі тұрғылықты жері де жатады.

капитал салығы (capital tax) Капитал құнына қарай жеке немесе заңды тұлғаларға салынатын салық. Капитал салығының балама атауы – капиталға салынатын салық. Мұндай салық капиталды бағалауды талап етеді. Қысқа мерзімде капиталдан түскен табыстан капитал салығы төленбесе, онда оны жинау қиынға соғады. Сондықтан көп мемлекетте капиталдың өзіне емес, капиталдан түскен табысқа немесе жүзеге асырылған капитал өсіміне немесе капитал аударымдарына салық салады.

капитал салымдары (capital injections) Компанияға немесе ұйымға капитал инвестициялау. Әдетте капитал құйылатын компания немесе мекеменің жағдайы нашар болады, бірақ бұл термин

стартаптарға қатысты да қолданылады. Жеке секторда капитал құю әдетте акциядан үлеске айырбасталады. Үкіметтер сондай-ақ экономиканың маңызды секторларын тұрақтандыру үшін компанияларға капитал құяды. 2008 жылғы қаржы дағдарысы кезінде Ұлыбритания мен АҚШ үкіметтері банк секторының күйреуіне жол бермеу үшін банктерге капитал құюды жүзеге асырды.

капитал тауарлар (capital goods) Түпкілікті тұтынуға емес, басқа тауарлар мен қызметтерді өндіруге қолданылатын тауарлар. Электр станциялары мен бұрғылау жабдықтары сияқты кейбір тауарлар тек капитал тауарлар болуы мүмкін. Көп тауар өндірісте де, тұтытуда да қолданылады. Мысалы, автомобиль бизнесте әрі жеке мақсатқа да пайдаланылады. Сондай-ақ жиһаз жеке мақсатқа үйде немесе бизнес мақсатында қонақүйлер мен мейрамханаларда да қолданылады. Сондай-ақ ТҮПКІЛІКТІ ТАУАРЛАРДЫ *қараңыз.*

капитал ұлғаюы (capital deepening) Капитал кірісі еңбек кірісіне қарағанда жылдамырақ өскенде, сәйкесінше, бір адамға шаққандағы капитал (немесе бір сағатқа шаққандағы еңбек) көбейгенде өндірістегі *капитал қатынасының артуы. Сондай-ақ КАПИТАЛДЫҢ КЕҢЕЮІН *қараңыз.*

капиталға салынатын салық (capital levy) КАПИТАЛ САЛЫҒЫН *қараңыз.*

капиталды пайдалану шығыны (user cost of capital) КАПИТАЛ ҚҰНЫН *қараңыз.*

капиталды тұтыну (capital consumption) Ұлттық есептегі жалпы инвестицияның таза инвестициядан артық болуы. Басқаша айтқанда, бұл *орын басушы инвестицияға ұқсас. Пайда-

лану, тозу немесе *ескіру себебінен негізгі құрал-жабдықтар құнының жоғалуы. Кәсіпорынға тиесілі негізгі капитал құнының бір бөлігі пайдалану процесінде тозу нәтижесінде кез келген кезеңде жоғалуы. Уақыт өте келе оның күтілетін пайдалы қолдану мерзімі қысқарады және ол техникалық прогресс немесе өндіріс факторлары бағасының өзгеруі нәтижесінде ескіруі мүмкін.

капиталдың кеңеюі (capital widening) Негізгі капиталдың өсу көрсеткіші – еңбек күшінің өсу қарқынымен бірдей болатын жағдай. Сәйкесінше, капитал мен жұмыс күшінің арақатынасы тұрақты болады, ал жиынтық өндіріс көлемі өсе береді. Сондай-ақ КАПИТАЛ ҰЛҒАЮЫН *қараңыз.*

капиталдың мінсіз мобильділігі (perfect capital mobility) Капиталдың елдер арасында шығынсыз немесе шектеусіз қозғалу мүмкіндігі. Мұндай жағдайда қатерге қарай түзетілген салықтан таза капитал қайтарымы түзетілген елдер арасында теңестірілген. Капиталдың мінсіз мобильділігі, капиталды бақылауға кедергі келтіруі немесе шетелдер туралы ақпарат жетіспеуі мүмкін, бұл сіздің еліңіздегі қызмет қатерінен гөрі шетелге инвестициялау немесе несие беру қатерін тудырады.

капиталдың сыртқа кетуі (capital flight) Резиденттер немесе шетел азаматтары елден ірі көлемде және кенеттен капитал шығаруы. Капиталдың сыртқа кетуінің негізгі себептеріне қоғамдағы тәртіпсіздікке немесе қудалауға байланысты алаңдау, тәркілеу қаупі, валюта құнсыздануына алып келетін жылдам инфляция, салық салудың күрт өсуі жатады.

капиталдың сыртқа кетуі (capital outflow) КАПИТАЛ ҚОЗҒАЛЫСЫН *қараңыз.*

капитал-еңбек қатынасы (capital-labour ratio) Процесте, фирмада немесе индустрияда пайдаланылатын еңбек пен капитал қатынасы. Бұл – *капитал қатынасының белгілі бір кейсі.

капитализм (capitalism) Жекеменшікке және жеке кәсіпкерлікке сүйенетін экономикалық жүйе. Оны жүйеде экономикалық белсенділіктің барлық немесе елеулі бөлігінен пайда алуға ұмтылған жеке тұлғалар немесе ұйымдар жүзеге асырады. Сондай-ақ жер және өндірістің басқа да материалдық құралдары, негізінен, жекеменшікте болады. Капитализмде экономиканың бір бөлігі қоғамдық меншікте болуы мүмкін. Үкімет денсаулық сақтау және қоғамдық қауіпсіздік, бәсекені қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жеке сектордың қызметіне қатысты белгілі бір ережелерді белгілей алады. Алайда мұндай реттеу әдетте шектеу түрінде болады: ережелер жеке адамдар немесе фирмалар не істей алмайтынын бекітеді; бірақ осы ережелер аясында не істеуге болатынына қатысты бастама шеттен басқарылады.

капиталист (capitalist) Табысы немесе табысының елеулі бөлігі жекеменшігіндегі капиталынан келетін тұлға.

капитал-шығым қатынасы (capital-output ratio) Процесс, фирмада немесе өнеркәсіп саласында пайдаланылатын капиталдың өндірістің белгілі бір кезеңдегі, әдетте бір жыл ішіндегі өндіріс көлеміне қатынасы. Кез келген процесс үшін бұл қатынас түрлі ресурстардың салыстырмалы құнына байланысты. *Технологияның арқасында балама әдістерді жүзеге асыру мүмкін болғанда фирмалар ең арзанын таңдайды, сәйкесінше, капитал басқа ресурстармен салыстырғанда

арзан болса, капитал-шығым қатынасы жоғары болуы мүмкін. Фирма немесе өнеркәсіп саласы үшін капитал-шығым қатынасы түрлі шығарылған өнімдер көлемі мен түрлі қолданылған процестер үйлесіміне байланысты болады. Капитал-шығым қатынасы жиынтық негізгі капиталды жиынтық өндіріс көлемімен салыстырып, орташа коэффициент ретінде немесе қолданылған капиталдың ұлғаюын өндіріс көлемінің ұлғаюымен салыстырып, шекті коэффициент ретінде өлшенуі мүмкін. Орташа және шекті капитал-шығым қатынасының екеуі де жұмыстың қалыпты деңгейіне жатады: *рецессия кезінде өндіріс көлемі қалыпты емес деңгейден төмен болса, онда орташа капитал-шығым қатынасы ерекше жоғары болады. Алайда шекті капитал-шығым қатынасы ерекше төмен болады.

капитуляция (capitulation) Инвесторлардың қор нарығынан шығу және қаражатты қатері төмен активтерге аудару мақсатында акцияларын сату әрекеті. Капитуляция сауданың үлкен көлеміне және акция бағасының күрт төмендеуіне әкеледі.

кардинал пайдалылық (cardinal utility) Қалау тәртібін өзгертпей, позитив аффин түрленуіне ұшырауы мүмкін *пайдалылық функциясы. U бастапқы пайдалылық функциясына қолданылған позитив аффин түрленуі түрленген пайдалылық функциясын $U^* = a + bU$ тудырады. Мұнда $b > 0$. Егер U және U^* функциялары негізгі қалаудың бір жиынтығын білдірсе, онда U пайдалылық функциясы кардинал болады. Негізгі пайдалылыққа бір мысал: күтілетін пайдалылық функциясы. Сондай-ақ ТҰЛҒААРАЛЫҚ САЛЫСТЫРУ; РЕТТІК ПАЙДАЛЫЛЫҚТЫ қараңыз.

картель (cartel) *Бәсекені шектеу мақсатында саладағы бірқатар фирма арасындағы ресми немесе бейресми келісім. Картель келісімдері ең төмен баға белгілеуді, өндіріс көлеміне немесе қауқарға шектеу қояды, *бағасыз бәсекені шектеуді, нарықтарды фирмалар арасында не географиялық, не өнім тұрғысынан бөлуді, индустрияға кіруді шектеу жөніндегі келісілген шараларды көздеуі мүмкін. Алайда картельдер қызметін жүзеге асыруына көп кедергі бар, мұндай кедергілер картельдерді таратып жіберуі мүмкін. Картельдің басқа мүшелері келісімшарттары орындалуына байланысты наразылық білдірмесе, әдетте кейбір картель мүшелері пайдасын арттыру мақсатында жасырын баға жеңілдігін беріп немесе шектелген өндіріс көлемінен артық өндіріп, картельдің басқа мүшелерін алдайды. Үкіметтер картельдер қажет емес деп санап, олардың бар болуын немесе олардың саясатын заңды күші жоқ деп таныса, онда картель келісімшартын жүзеге асыру қиынға соғады. *Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы (ОПЕК) соңғы кездегі ең танымал және ең көне картель саналады. Сондай-ақ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КАРТЕЛЬ; ҮНСІЗ СӨЗ БАЙЛАСУДЫ қараңыз.

каскад салық (cascade tax) *Айналымға салынатын салық. Бұл жеткізу тізбегінің әр кезеңінде қолданылады, сонымен қатар алдыңғы кезеңдердегі төленген салықты ескермейді. Каскад салық салық алынуы мүмкін кезеңдер санын азайту үшін *сатылы интеграцияға түрткі болады. *Қосымша құн салығы ресурстарға төленген салықты қайтарып алуға мүмкіндік береді, осылайша сатылы интеграция туралы шешімді бұрмаламайды.

катаң үнемдеу өлшемі (austerity measures) Мемлекеттің шығынын азайту арқылы

*бюджет дефицитімен күреске бағытталған экономикалық саясат жинағы. Мұндай өлшемдер әдетте мемлекет борышының ЖІӨ-ге қатынасы ең тиімсіз деңгейге жеткенде және мемлекет облигациялық міндеттемелер бойынша дефолтқа ұшырауға жақын жағдайда болғанда қолданылады. Қатаң үнемдеу өлшемі шығынды азайту және салықты ұлғайтуды қамтуы мүмкін.

категориялық айнымалы (categorical variable) Мәндері әртүрлі бақылау санаттары үшін немесе әртүрлі сапалы нәтижелер үшін әріпті-сандық кодтар болатын айнымалы. Бұл айнымалылар саралануы немесе сараланбауы мүмкін. Мысалы, жыныс бойынша (еркек/әйел адам Е/Ә ретінде кодталады), тасымалдаудың қолайлы тәсілі бойынша (велосипед/автобус/такси 1/2/3 ретінде кодталады), сауалнамадағы пікірлер бойынша («мүлдем қарсымын», «қарсы», «бейтарап», «қолдаймын», «өте қолдаймын») 0/1/2/3/4 ретінде кодталады). Айнымалылар белгілі бір санатқа немесе 0-ге жатса немесе жатпаса, онда олар белгілі бір бақылау үшін 1 мәні бар, регрессияда қолданылатын кезде екілік айнымалыға жатады (кейде жалған айнымалы деп те аталады).

кәсіби (мемлекеттік емес) зейнетақы (occupational pension) Жұмыс берушінің бұрынғы қызметкерлеріне беретін зейнетақысы. *Жинақтаушы зейнетақы жүйесінде қызметкерлер жүйедегі шығынды жабуға көмектесу үшін өз жалақысының бір бөлігін жарна ретінде береді, ал *жарнасыз зейнетақы жүйесінде барлық төлемді жұмыс беруші өтейді. Толық қаржыландырылған зейнетақы тәсімі актуар күтілетін зейнетақы шығындарына сәйкес келуі үшін жеткілікті қор құрады. Қаржыландырылмайтын зейнетақы тәсімінде жұмыс беруші ағымдағы

кірісінен зейнетақы төлейді. Жартылай қаржыландырылатын зейнетақы тәсімінде қор болады, алайда ол болжанған зейнетақы көлемін толығымен жабуға жетпейді. *Белгіленген жарнасы бар тәсімде жұмыс берушілер мен жұмысшылардан бекітілген сомада зейнетақы қорына сома салу талап етіледі: зейнетақы қордың қаржы көрсеткіштеріне тәуелді болады. *Белгіленген жәрдемақысы бар тәсімде зейнеткер қанша зейнетақы алатыны бекітілген болады, ал жұмыс беруші қордағы қаржы жетіспеуін жауып отырады. Белгіленген төлемі бар зейнетақы тәсімінде төлемдер ақша қаражаты түрінде көрініс табады немесе баға мен ағымдағы табыс индекстеріне сүйенеді.

кәсіпкер (entrepreneur) Бизнесіне шешім қабылдау жауапкершілігін арқалайтын тұлға. Ол пайданы да, залалды да өзі көтереді. Кәсіпкер жұмыс күшіне немесе қаржылай капиталға үлес қосуы міндетті емес. Бірақ олардың мүмкін болатын залалға қатысты жауапкершілігі шынайы болса, олар осылардың біреуіне үлес қосуы немесе сенімге тұрарлық кепілдік беруі керек. Жеке кәсіпкер басқаратын бизнесте кәсіпкер кім екені анық белгілі. Біріккен бизнесте кәсіпкер рөлін директорлар мен акционерлер бөліседі.

кәсіпкерлік мәдениеті (enterprise culture) Кәсіпкерлік үшін қолайлы қоғамдық пікір ахуалы. Бұған қатерге дайын болу, бизнес жүргізудің жаңа тәсілдерін қабылдауға дайын болу, бизнесте табысқа жеткендерге құрмет көрсету және басқаларға бәсекелесуге еркіндік беруге және өз табысының басым бөлігін ұстап тұруға дайын болу жатады.

кәсіподақ (trade union) Жұмыс берушілермен жалақы, жұмыс уақыты, қызмет жағдайлары, жұмыспен қамту

кепілдіктері және штаттық персоналды жинақтау деңгейі туралы *ұжымдық келісім жасау мақсатында қызметкерлер құрған ұйым. Олар кәсіподақ мүшелеріне әділетсіз жұмыстан шығару туралы заң кеңестері сияқты қызметтерді қаржыландырады, соған байланысты қолхаттарды жинайды және ереуіл кезінде төлейді. Кәсіподақ бұрыннан өз мүшелеріне еңбекке жарамсыздығы және жұмыссыздық бойынша төлемдерді қамтамасыз ете отырып, *өзара көмек беру қоғамын ұсынады, сондай-ақ өз мүшелері үшін баға жеңілдіктері туралы келісе алады. Олар өз мүшелерінің мүддесін ілгерілету үшін, әсіресе жұмыспен қамту кепілдігін және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне ықпал ететін заңнама сияқты мәселелер бойынша саяси қызметке араласа алады. Одаққа мүше болу құқығы кәсіби дағдылардың анықталған шағын жиынтығымен шектелуі мүмкін немесе жалпы кәсіподақтардағы жұмыс күшіне кеңінен таралуы мүмкін. Ұлыбританияда кәсіподақтардың көбі *Кәсіподақ конгресі құрамына кіреді. АҚШ-тағы көптеген кәсіподақ *Америка еңбек федерациясы және Өнеркәсіптік ұйымдардың конгресіне кіреді. Ұлыбритания мен АҚШ кәсіподақтарының құқықтары мен міндеттері ауқымды заңнамамен басқарылады.

кәсіподақ мүшелері (organized labour) *Кәсіподақтарға тиесілі еңбек күшінің бөлігі. Кәсіподақтар өз мүшелері үшін жұмыс берушімен жалақыны, жұмыс сағаттары мен еңбек жағдайлары бойынша келіседі. Олардың мақсаты – жұмыс берушіден жұмысшы бір өзі жасайтын келісімшарттан жақсырақ шарттар жасасу. Кәсіподақтар тәртіп, денсаулық жағдайы бойынша жұмысқа қабілетсіздік немесе жұмыстан босатуға қатысты дауларда өз мүшелерінің құқықтарын

қорғайды. Кәсіподақ мүшелері саяси шараларға да, әсіресе әлеуметтік қамсыздандыру және құқықтық жүйелердің жұмыс берушілер емес, жұмысшылардың пайдасына бағытталып ұйымдастырылуына қатыса алады. Сондай-ақ инсайдерлер мен аутсайдерлерді қараңыз.

кәсіподақ/кәсіподақтық емес жалақыдағы айырмашылық (union/non-union wage differential) Кәсіподаққа мүше фирмалардағы қызметкерлердің жалақысы кәсіподаққа мүше емес фирмалардағы ұқсас білік деңгейі бар қызметкерлердің жалақысынан артық болуы. Оң айырмашылық, бірінші кезекте, кәсіподақтар өз мүшелеріне пайда әкелетінін дәлелдейді.

Кәсіподақтар конгресі (КК) (Trades Union Congress) (TUC) *Кәсіподақтардың басын қосатын Ұлыбритания кәсіптік орган ұлттық ұйымы. Оның негізгі қызметтері үкіметте жұмысшыларға қатысты мәселелер бойынша лобби жасау, нақты айтқанда, жұмыспен қамту және әлеуметтік қамтамасыз етуге қатысты қолданылатын заңнамаға қолдау көрсету және мүше кәсіподақтар арасындағы дауларды реттеу. КК маңызды моральдық ықпалы бар, бірақ құрамындағы мүшелері үшін заңды өкілеттігі жоқ. www.tuc.org.uk/ – Кәсіподақтар конгресі сайтының бас беті.

кәсіподақтар, кәсіподақ мүшесі (unionized) Жұмысшылардың *кәсіподақтарда ұйымдасқан кәсіп түрі немесе жұмыс орны, онда қызметкерлер жұмыс берушілермен жалақы және еңбек жағдайлары туралы саудаласып, мүддесін білдіреді. Жұмысшылар кәсіподақ мүшесі болуы да, болмауы да мүмкін.

кәсіпорын (enterprise) 1. Жеке немесе мемлекеттік бизнес кәсіпорны.

2. Бизнес жүргізу табысты болуы үшін қажет бастамалар, көрегендік пен тәуекелшілдіктің комбинациясы. Сондай-ақ жеке кәсіпорын; МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫНДЫ қараңыз.

Кәсіпорындарды инвестициялау тәсімі (КИТ) (Enterprise Investment Scheme) (EIS) Жаңа компаниялардың капиталына 1 000 000 фунтқа (2012 жылғы жағдай бойынша) дейін инвестициялайтын жеке тұлғаларға табыс салығына жеңілдіктер беру жолымен жаңа шағын компаниялар құруды ынталандырудың британ тәсімі. Сондай-ақ бұл тәсім *капитал өсіміне салынатын салықты төлеуден босатуды немесе оны төлеуді кейінге қалдыруды қамтиды. Кәсіпорындарды инвестициялау тәсімі 1994 жылы *Бизнесті кеңейту бағдарламасын алмастырды.

кәсіптік орган (professional body) Белгілі бір кәсіби білігі бар адамдарды ұйымдастыру. Мұндай ұйым кәсіптік құзырет стандарттарын белгілеуге, оның мүшелері кәсіптік стандарттарды ұстап тұруын қадағалау үшін мүшелердің мінез-құлқын бақылауға, стандарттарды бұзатындарды қатарынан шығарып жіберуге ұмтылады. Кәсіптік ұйымдар, сондай-ақ кәсіби қызмет көрсетуге қатыспайтын мүшелердің құқығына қатысты заңдық шектеулерді қамтамасыз ете алады. Ол жұртшылықты қабілетсіз немесе арсыз практиктер тигізуі мүмкін зияннан қорғауға; сондай-ақ кәсіби қызмет бағасын ұстап тұру үшін сандарды сақтауға және кәсіп мамандары арасындағы бәсекені шектеу үшін мінезқұлық кодекстерін қолдануға арналған.

квази-автоном үкіметтік емес ұйым (кванго) (quasi-autonomous non-governmental organization) (quango) Қызметі үшін мемлекеттік қаржыландырумен қамтамасыз етілетін, алайда күн сайынғы

операциялары егжей-тегжейлі тікелей саяси бақылауға жатпайтын және оларға жауапты үкімет министрлеріне жауапкершілік жүктемейтін ұйым формасы. Үкімет квази-автоном үкіметтік емес ұйымды басқару органын тағайындайды және олардың жалпы мақсаттарын белгілейді, бірақ одан кейін өз қалауы бойынша толық шешім қабылдауға сенім білдіреді. Мысалы, Ұлыбританияда квази-автоном үкіметтік емес ұйым формасында Өнер кеңесі мен түрлі зерттеу кеңестері бар.

квази-бекітілген факторлар (quasi-fixed factors) Өндіріс деңгейлері өзгергенде *реттеу шығыны саналатын өндіріс факторлары.

квази-рента (quasi-rent) Ортамерзімді перспективада өндіріс факторының қызметі үшін *жалға алу ақысына (рента) ұқсас ақы төлеу. Рента табиғат беретін жер қызметі үшін төленетінін ескере отырып, квази-рента сапа бойынша өткен инвестицияларға міндетті факторлар қызметі үшін төленеді. Квази-рента жалға алу ақысына ұқсайды, өйткені қысқамерзімді перспективада төлем азайғанымен, өндіріс факторлары жоғалмайды. Бұл төлем шынайы рента емес, өйткені ұзақмерзімді перспективада олар жаңа инвестиция, мысалы, ғимараттарды жаңарту немесе кәсіби даярлауға төлем тарту үшін жеткілікті болуға тиіс.

квантиль (quantile) 0-ден 1-ге дейінгі аралықта кез келген p саны үшін p -ші халық санының квантилі x мәнінен төмен мәннің пайда болу ықтималдығы p -ге тең x саны; басқаша айтқанда, халық саны квантилі таралудың кері кумулятивтік бөлу функциясы. N іріктемедегі p -ші квантиль дегеніміз – осы іріктемеге қарағанда шамамен Np бақылауға азырақ, ал $N(1-p)$ бақылауға

көбірек бақылау. p -ші квантиль сондай-ақ (100 p -ші) процентиль деп аталады. 0,5-ші квантиль – медиана, 0,25-ші және 0,75-ші квантильдер төменгі және жоғарғы квантильдер деп аталады. Төменгі және жоғарғы квантильдер арасындағы қашықтық квантиль аралық диапазон деп аталады және кейде *дисперсия өлшемі ретінде қолданылады.

квартиль (quartile) КВАНТИЛЬДІ қараңыз.

квартильаралық ауқым (interquartile range) Айнымалының статистикалық дисперсиясының өлшемі. Квартильаралық ауқым үшінші және бірінші квантильдердегі айнымалы мәндерінің айырмасына тең. Сондай-ақ КВАНТИЛЬДІ қараңыз.

квота (quota) Көлемдік (шамалық, сандық) бөлу. Ол минимум немесе максимум көлемде орнатылуы мүмкін. Қолайсыз жағдайдағы топтарға арналған жұмыс орындарына немесе мемлекеттік маркетинг ұйымдарына *жоспарлы экономикадағы бұрынғы фермерлердің міндетті жеткізуіне берілетін квота минимал болады. Автокөлік импортына және *Бірыңғай ауылшаруашылық саясаты шеңберінде сатылған сүт көлеміне шектеу бойынша квота максимал болады. Кей жағдайда квота жүйесінің көмегімен қол жеткізілген кез келген мақсатқа тиісті салық немесе субсидия арқылы *баға механизмін пайдалану арқылы аз шығынмен қол жеткізуге болады. Әдетте квота жекелеген өндірушілер арасында бөлінсе, квоталарды пайдалану бәсекені тікелей тежейді, сондай-ақ олар бірыңғай блокта бекітілсе, нарықта ортақ таратуға бағдарланған ұйымдарды қалыптастыруға септігін тигізе отырып, бәсекені жанама түрде тежейді.

квота (ОПЕК) (quota) (ОПЕС) *Мұнай экспорттаушы елдер ұйымының (ОПЕК) әр мүшесіне тағайындалған халықаралық мұнай сатылымының ең жоғары шегі. Ол ОПЕК мерзімдік мәжілістерінде тағайындалады. ОПЕК әр мүшесі өз квотасын арттыруға ынталы, өйткені оның нәтижесі әрқайсының ұлттық табысының нәтижелі өсуіне әсер етеді, ал дүниежүзілік мұнай бағасының төмендеуі барлық өндірушіні толық қамтиды.

квота (ХВҚ) (quota) (IMF) *Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) жалпы қорындағы әр мүше елдің үлесі. ХВҚ әр мүшесіне бөлінетін квота оның дауыс беру құқығын, алтын немесе халықаралық валютаның және оның о баста қабылдаған өз валютасының сомасын, сондай-ақ оның қарыз алудың түрлі механизмдеріне қол жеткізу мүмкіндігін анықтайды. Квотаның үлкен көлемі бедел және қарыз алу қабілеті тұрғысынан ХВҚ кез келген мүшесі үшін тартымды: мұның бағасы – үлкен бастапқы жарна мен қарыз алады қажет ететін елдерге несие берудегі жауапкершілік. Ұлттық квоталар кезек-кезеңімен қайта қаралады.

квота іріктеме (quota sample) Белгіленген пропорцияда іріктелген халықтың түрлі топтарының өкілдерін қамтитын іріктеме, бірақ халықтың жалпы санына пропорционал іріктеуге ұқсамайды. Бұл, мысалы, түрлі жыныс не жас бойынша топтардан адам іріктеуге қатысты. Бұл іріктемеде нақты топтар көрсетілуін қамтамасыз ету үшін қажет, бірақ іріктеме бүкіл халық үшін нақты көрініс бермеуі мүмкін. Сондай-ақ КЕЗДЕЙСОҚ ІРІКТЕУ; СТРАТИФИЦИРЛЕНГЕН (ТИПОЛОГИЯЛЫҚ) ІРІКТЕУДІ қараңыз.

кедейлік (poverty) Тиімді тұтыну деңгейін қамтамасыз ету мүмкін еместігі.

Нақты аштықты болдырмау үшін табыс жеткілікті болса, ол әр елде, әр кезеңде түрлі болуы мүмкін. Экономистер қайшылықты абсолют жағдайда тұтынудың белгіленген минимал деңгейінен төмендеуі деп қарастырған дұрыс па, әлде ол салыстырмалы түрде анықталуы керек пе дегенге келісе алмай келеді. Бұл жерде кедейлік деген тіпті орташа адамдар иеленетін игілікке қол жеткізе алмауды білдіреді. Егер абсолют стандарт қабылданса, ақыр аяғында, техникалық прогресс адамның бәрін кедейлік шегінен жоғары көтеруі мүмкін. Кедейлік салыстырмалы болса, онда кедейлікті жою қиын болады. Сондай-ақ КЕДЕЙЛІК ШЕГІ; КЕДЕЙЛІК ТҰЗАҒЫН қараңыз.

кедейлік тұзағы (poverty trap) Кедейліктің нашарлауы, қайыршылықтың себептері туралы сөз болған жағдай. Кедейлік тұзағын жеке үй шаруашылықтары деңгейінде немесе ұлттық деңгейде анықтауға болады. Жеке деңгейдегі кедейлік тұзағына мысал: жұмыссыздар жұмыспен қамтылудан бас тартатын жағдай, өйткені оның табысы оны жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға өтінім беру құқығынан айырады немесе салық міндеттемелерін арттырады, нәтижесінде оның таза табысы азаяды. Ұлттық деңгейде кедейлік тұзағын халықтың негізгі қажетін өтеу үшін қол жеткізетін ресурстар жеткіліксіз және инвестициялық ресурстар тапшылығы экономиканың дамуына басты кедергі болып отырған *нашар дамыған елдердегі жаппай кедейлікті білдіреді.

кедейлік шегі (poverty line) Лайықсыз тұтынуды болдырмау үшін табыс деңгейі жеткілікті болуы. Кедейлік шегі абсолют немесе салыстырмалы тұжырымдама ретінде анықталуы мүмкін. Абсолют кедейлік уақыт пен орынға

байланысты емес, тұтынудың ең төмен шегі бар деп болжайды. Ол – ең төмен күнкөріс минимумы деп аталатын тұтынудың *ең төмен деңгейі, денсаулық сақтауға жеткілікті тамақтану және баспана мен киім-кешек жетіспеуі. Осы минимал тұтыну деңгейінің құны кедейлік шегін анықтайды. Үй шаруашылықтарының табысы көбейсе, түптеп келгенде, ешқандай абсолют кедейлік болмайды. Салыстырмалы кедейлік белгілі бір уақытта қоғамның нормативтері бойынша анықталады, ал осы қоғамның табысы артуымен кедейлік деңгейі де артады. Салыстырмалы тұжырымдамамен кедейлікті жоюға әлдеқайда көбірек күш жұмсау керек болады. Салыстырмалы кедейлік қоғамға «атсалысу» қабілеті тұрғысынан да анықталады. Кедейлік үй шаруашылығының өз қоғамының қарапайым қызметіне араласуға жеткілікті ресурстары болмағанда туындайды.

Кедейлікті азайту және өсу механизмі (Poverty Reduction and Growth Facility)

*Халықаралық валюта қорының *үлкен қарызы бар кедей елдер бастамасы аясында жеңілдікті несие беру және кедей мүше елдердің берешегін жеңілдету жөніндегі кеңсесі.

кедейлікті арттыратын өсу (immiserizing growth)

Әл-ауқатты төмендететін ұлттық немесе аймақтық өндірістің өсуі. Бұл *сауда шарттары соншалық нашарлап, тіпті әл-ауқаттың шын мәнінде төмендеуіне әкелетін дүниежүзілік экономиканың бір бөлігінің өсуі нашарлағанда туындайды. Бұл жалғыз елге қатысты емес, өйткені экономикалық өсу сауда шарттарын нашарлатса, нәтижесінде пайда болған шығынның көбі ұқсас өнімдерді экспорттайтын басқа елдерге жүктеледі. Бұл *сұранысы икемсіз өнімдерді, мысалы, мұнай экспорттауға маманданған елдер

тобына қатысты болуы мүмкін. Бұл кем дегенде *нашар дамыған елдерге топ ретінде сілтеме жасауы мүмкін деп болжануда: олар экспортталатын тауарлардың кең ауқымын ескере алмайды, олардың көбі икемді жаһандық сұраныспен жасалады. Айта кетері, саудадағы ең нашар жағдай міндетті түрде шашыранды өсуді білдірмейді: сауда үлесі ұлттық кірістің 20 пайызын құраса, сауда-саттық мерзімі әр 1 пайызға өсуі үшін 5 пайыздан асуға тиіс.

кеден бажы (customs duty) Импорт тауарларға немесе *тарифтерге салынатын салық түрі.

кеден бажын қайтару (customs drawback)

Импорттан алынған баж салығын қайтару. Бұл тауарлар қайта экспортқа шыққанда төленеді.

Кеден және акциздер басқармасы (Customs and Excise)

2005 жылы НМ Revenue мекемесімен бірігіп, *Ұлыбританияның салық және кедендік алымдар басқармасын құрғанға дейін, ол Ұлыбританиядағы кеден баждарын, алкоголь ішімдіктері мен темекіге салынатын салықты, қосымша құн салығын қамтитын *жанама салық жинауға жауапты Ұлыбританиядағы салық мекемесі болды.

кеден одағы (customs union) Одаққа мүше-мемлекеттер арасында еркін сауда жүргізілетін, ал мүше емес мемлекеттермен *бірыңғай сыртқы тариф арқылы сауда жасайтын елдер тобы. Бұл сауда ережелері сауданың едәуір бөлігін реттейді, бірақ экономиканың ауыл шаруашылығы өнімдері секілді белгілі бір секторларына араласпауы мүмкін. *Еуропалық одақ – Кеден одағының жарқын үлгісі. Сондай-ақ ЕРКІН САУДА АЙМАҒЫН қараңыз.

кездейсоқ айнымалы (random variable) Кездейсоқ тәжірибе нәтижелерін нақты сандармен көрсететін функция. Мысалы, X кездейсоқ айнымалысын лақтырылған тиын бүк түссе – 0 мәнін, ал шік түссе – 1 мәнін қабылдайды деп анықтауға болады. Кездейсоқ айнымалы *ықтималдық таралуымен сипатталады, яғни ол қабылдауы мүмкін барлық ықтимал мәндердің жиынтығымен және сәйкес ықтималдықпен сипатталады. Кездейсоқ айнымалы шектеулі немесе шектелмеген аралықтан кез келген мәнді қабылдай алса, онда үздіксіз немесе үзіліссіз таралуы бар кездейсоқ айнымалы немесе тек есептік, соңғы және шексіз мәндерді қабылдай алса, онда ол дискрет немесе дискрет таралуы бар кездейсоқ айнымалы болады.

кездейсоқ әсер (random effects)

*Панельдік деректер регрессиясы моделінде панельдегі мәндер (әдетте фирмалар немесе тұтынушылар) бақыланбайтын гетероген кездейсоқ айнымалы деп тұжырымдалады. Бұл бақыланбайтын гетероген *қалдық мүшенің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады және түрлі топқа тән (әр кезеңде бірдей регрессияға кіретін әр көлденең қима үшін бірдей сызба) немесе уақыт үшін тән (әр кезеңде регрессия барлық субъектілер үшін бірдей бір сызба) болуы мүмкін. Сондай-ақ ТҰРАҚТЫ ӘСЕРЛЕРДІ қараңыз.

кездейсоқ кезу (random walk)

$Y_t = y_{t-1} + \varepsilon_t$ теңдеуімен сипатталатын *стохастикалық процесс, мұнда ε_t – *ақ шу. Бұл – *бірлік түбірлі процеске мысал. Жиі қарастырылатын нұсқа: $y_t = y_{t-1} + \delta + \varepsilon_t$, ауытқуы бар кездейсоқ кезу және $y_t = y_{t-1} + \delta + \gamma_t + \varepsilon_t$ – ауытқуы мен тренді бар кездейсоқ кезу.

кездейсоқ қате (random error)

Айнымалылардың бақыланатын мәні мен

оның шынайы мәнінің арасындағы сәйкессіздік, ол кездейсоқ немесе нақты емес өлшемге байланысты. Сондай-ақ ҚАЛДЫҚ МҮШЕНІ қараңыз.

кездейсоқ оқиға (random event) Нәтижесі пайда болғанға дейін белгісіз оқиға.

кездейсоқ процесс (random process) СТОХАСТИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТІ қараңыз.

кездейсоқ іріктеу (random sample)

Халықтың әр мүшесі таңдалуы мүмкіндігіне кепілдік беретін белгілі бір әдіспен таңдалған іріктеме. Сондай-ақ КВОТАЛЫҚ ІРІКТЕМЕ; СТРАТИФИЦИРЛЕНГЕН (ТИПОЛОГИЯЛЫҚ) ІРІКТЕМЕНІ қараңыз.

кезек (queue)

Тауарды немесе қызмет алуды күтіп тұрған клиенттер саны. Кезек тәртібі клиенттерге қызмет көрсету ретін сипаттайды: мұнда алдымен бірінші келгенге қызмет көрсетіледі, кездейсоқ тәртіппен немесе бірінші келген бірінші шығады немесе түрлі басымдық жүйесі қолданылуы мүмкін. Кезек моделі көбінесе кезек тәртібін сандық модельдеуді қолдана отырып талданады, сондай-ақ кезектер мәліметтерін өңдеудің тиімді тәсілдерін зерттейді.

кезеңдік монетаризм (gradualist monetarism)

Ақшаға сұраныстың өсу қарқынын біртіндеп экономиканың нақты өсу қарқынына жақындағанға дейін азайту арқылы *инфляцияны тұрақтандыру саясаты.

Кейнс жоспары (Keynes Plan)

1944 жылы соғыстан кейінгі валюта келісімдері бойынша *Бреттон-Вудс келіс-сөзі барысында Джон Мейнард Кейнс (1883–1946) ұсынған халықаралық валюта институттары жөніндегі балама ұсыныстар топтамасы. Кейнс жоспарына «банкер» деп аталатын халық-

аралық ақша бірлігін құру кірді. Жоспар қабылданбай, орнына АҚШ ұсынған қағидаттарға сүйеніп әрекет ететін *Халықаралық валюта қоры құрылды.

Кейнстік жұмыссыздық (Keynesian unemployment) Адамдар өндірісте пайдаланатын тауарлар мен қызметтерге *тиімді сұраныс болмауы салдарынан туындайтын жұмыссыздық. Кейнстік жұмыссыздықты тиімді сұранысты ұлғайту үшін монетарлық немесе фискалды саясатты қолдану арқылы төмендетуге болады. Кейнстік жұмыссыздық еңбек өнімділігіне қатысты жалақы мөлшерлемесі тым жоғары *классикалық жұмыссыздықтан, жұмыссыздардың жұмыс берушілерге қажет дағдылары жеткілікті болмауымен немесе фирмаларда жұмысшылардың көбірек бөлігін жұмысқа қабылдауға қажет жабдықтар болмауымен сипатталатын *құрылымдық жұмыссыздықтан ерекшеленеді.

Кейнстік экономика (Keynesian economics) Джон Мейнард Кейнстің (1883–1946) идеяларына сүйенетін, 1930 жылдары дамыған және мемлекет пен жеке сектордың басым рөлін айқындаған экономика теориясы. Бұл теорияның орталық элементтері – бағаның, әсіресе жалақының ашық нарықтарға бейімделуге қабілетсіздігі және жиынтық сұраныстағы өзгерістің нақты өндіріс көлемі мен жұмыспен қамтуға әсері. Кейнстік экономикада жиынтық сұраныс экономиканың қозғаушы күші ретінде айқындалады, атап айтқанда, рецессия кезінде үкімет өз шығындарын ұлғайтып, экономикалық белсенділік арқылы жеке тұтыну мен инвестицияларды ынталандыра алады. 1960–1970 жылдары басым болған посткейнстік экономика белгісіздіктің рөлін, *бұрын таңдалған даму бағдарына тәуелділікті, экономиканың нақты секторына ақшаның ықпалын баса

көрсетті. 1990 жылдардың басынан бастап Кейнстің идеялары микроэкономикаға сүйенетін *жаңа кейнстік экономикаға жалғасын тапты, атап айтқанда, экономикалық агенттер үшін *рационал болжалдар болжанды. Кейнстік экономиканың қалыпты рәсімделуі *IS–LM моделі және оның кеңейтілген түрлері ретінде беріледі. IS–LM моделі тауар және ақша нарықтарында бір мезгілде тепе-теңдікті білдіретін өндірілген өнімнің құны мен пайыздық мөлшерлеменің мәнін анықтау үшін ұлттық кіріс пен қарапайым мінез-құлық ережелерінің ұқсастығын біріктіреді. Бұл теңдікке бекітілген нақты жалақы жағдайында қол жеткізіледі, өйткені еңбек нарығында теңдік болмауы мүмкін. Жұмыссыздық жағдайында IS–LM моделі сұранысты басқару IS қисығын ауытқытып, өндіріс көлемін арттыруға болатынын болжайды. Бұл көзқарас 1950–1960 жылдардағы саясатты даярлау барысында басым болып, 1970 жылдардағы жұмыссыздық пен инфляцияның жоғары деңгейі сұранысты басқарудағы шектеулерді көрсеткенге дейін үстем болды. Теория тұрғысынан кейнстік экономика өз болжамдарының макроэкономикалық негіздемесі жоғы үшін үнемі сынға ұшырады. Бұл тұрғыда макроэкономикалық модельдер қазіргі таңда әлдеқайда дамыған. Саяси тұрғыда сұранысты басқарудың орнын экономикадағы ұсыныстың прагматикалық мәні және саясаттың негізгі құралы ретіндегі пайыздық мөлшерлемені пайдалану басты.

кейінге қалдыру (set-aside) Ауылшаруашылық өндірісінен жерді алып тастау. Фермерлер өз жерінің бір бөлігінің төлемін кейінге қалдыруға мәжбүр болуы мүмкін. Кейінге қалдыру – ауылшаруашылық саясатының, атап айтқанда, «Еуропалық одақтың

*бірінғай ауылшаруашылық саясатының» бір бөлігі. Қолданысы кейінге қалдырылған (бөлінген) жер, өңделмеген жер, орман шаруашылығы *құрылысқа рұқсат болғанда оңтайлы немесе тұрмыста пайдалануға берілуі мүмкін.

кейінгі (posterior) Байес эконометрикасында Байес жаңартуы арқылы алдыңғы мәнді немесе алынған деректерді іріктеуді ескере отырып, *алдыңғы бағаланған параметрді бөлу арқылы алынған қайта қаралған сенім немесе параметрді бөлу. Сондай-ақ БАЙЕС ҚОРЫТЫНДЫСЫН қараңыз.

келтірілген форма (reduced form) Ағымдағы барлық *эндоген айнымалылар *экзоген және *алдын ала анықталған эндоген айнымалылар түрінде көрсетілетін *бір мезгілдегі теңдеулер моделі тұжырымдамасы. Сәйкес көрсеткіштер келтірілген форма көрсеткіштері деп аталады. Сондай-ақ ЕҢ КІШІ КВАДРАТТАР ӘДІСІМЕН ЖАНАМА ЕСЕПТЕУ; ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТЕНДЕУЛЕРДІ қараңыз.

келісімнен бас тарту (gazumping) Балама сатып алушы ұсынған жоғары оферта себебінен сатушының мүлікті сату шартынан бас тартуы. Бұл сауда туралы келісім мен заңды түрде міндетті *келісімшартқа қол қоюдың кешігуі себебінен болуы мүмкін және жылжымайтын мүлік бағасының өсуіне байланысты болады.

келісімшарт, контракт (contract) Екі не одан көп тарап арасындағы заңды келісім. Бұл келісімде әр тарап жасайтын әрекеттер мен төлемдер көрсетіледі. Келісімшартта сондай-ақ оны интерпретациялауға қатысты кез келген дау қалай, мысалы, төрелік немесе сот талқылауы арқылы шешілетіні көрсетіледі. Контрактілер шартты болуы мүмкін, яғни онда іс-әрекеттер тек белгілі

бір көрсетілген жағдайда, мысалы, сақтандыру полистерін орындау секілді жағдайларда орындалады. Заңдық күші бар келісімшарт заңмен реттеледі. Сондай-ақ ФОРВАРД КЕЛІСІМШАРТ; ФЬЮЧЕРС КЕЛІСІМШАРТ; АЙҚЫН ЕМЕС КЕЛІСІМШАРТ; ЫНТАЛАНДЫРУ КЕЛІСІМШАРТЫ; ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕЛІСІМШАРТЫН қараңыз.

Кембридж теңдеуі (Cambridge equation)

*Ақшаның сандық теориясы $M = kPY$ болып тұжырымдалуы. Мұндағы M – ақша балансына сұраныс, P – баға деңгейі, Y – нақты ұлттық кіріс деңгейі және k – экономикалық құрылым мен ақша-несие әдеттерін көрсететін параметр, атап айтқанда, жалпы транзакциялардың табысқа және қажет ақша қалдықтарының жалпы транзакцияларға қатынасы. Кембридж теңдеуі – *сандық теңдеудің жаңартылған түрі. Ақшаның сандық теориясының теңдеуінде $MV = PT$, $k = T/(VY)$, мұнда V^* – айналым жылдамдығын, ал T транзакциялардың нақты көлемін білдіреді.

кемсітпеу, дискриминация жасамау (non-discrimination) Салыстырмалы жағдайларға тең қарау. Ол басқаша көзқарас маңызды емес деп саналатын *дискриминациядан ерекшеленеді. Мысалы, кемсітпеу жұмысқа өтініш бергенде осы сипаттар орындайтын міндеттерімен тікелей байланысы жоқ лауазымдарға қызметкерлерді жынысына, нәсіліне, дініне немесе жыныстық ориентациясына қарап таңдаудан бас тартуды білдіреді. Халықаралық саудада кемсітпеу – азаматтар жасайтын барлық мәмілеге тең қарау. Қандай айырмашылықтар маңызды емес екені туралы мәселе туындайды: кемсітпеу қағидаты актуар дәлелдерге қайшы келуі мүмкін. Мысалы, зейнетақыда актуар факт: әйелдер орташа есеппен ерлерге қарағанда ұзағырақ өмір сүреді;

мұндағы даудың мәселесі – олар тең жарна үшін төмен зейнетақы алуы керек пе?

кемімелі қайтарым заңы (law of diminishing returns) Тұрақты және ауыспалы бастапқы мәндері бар өндірістік жүйенің сипаттамасы, сол себепті белгілі шектен асатын кез келген бастапқы ауыспалы мәннің ұлғаюы мен бастапқы ауыспалы мәннің әр қосымша бірлігі өнім шығарудың біртіндеп азаюына (ауыспалы үлестер заңы атауымен белгілі) алып келеді.

кемімелі шекті өнім (diminishing marginal product) Өндіріс процесіне кез келген ресурстың қосымша бірліктерін қосу өндіріс көлемін сәл ғана арттырады. Басқа ресурстардың саны тұрақты болғанда, өндіріс процесінде қосымша бір ресурс бірлігін пайдалану мүмкіндігін қарастыру. Жалпы өндіріс көлемі өссе, онда ол ресурста оң шекті өнім бар екенін білдіреді. Өндіріс көлемі қосымша ресурс бірліктері қолданылуына байланысты кемімелі қарқынмен өссе, онда ресурс та кемімелі шекті өнім болады. Көп ресурс қолданылғанда жалпы өндіріс көлемі төмендеуі мүмкін. Бұл жағдайда шекті өнім теріс болады.

кемімелі шекті пайдалылық (diminishing marginal utility) ШЕКТІ ПАЙДАЛЫЛЫҚТЫ қараңыз.

Кеннеди раунды (Kennedy Round) *ГАТТ аясында 1964–1967 жылдары жүргізілген халықаралық *сауда келіссөзі раунды. Раунд АҚШ Президенті Джон Кеннедидің (1917–1963) құрметіне аталған. Келісім келіссөзден кейінгі бес жыл ішінде өнеркәсіп тауарларының дүниежүзілік саудасына белгіленген тарифтердің басым бөлігін, шамамен үштен бірін кемітті. Ауыл

шаруашылығын қорғау немесе саудадағы *тарифтік емес тосқауылдар жөніндегі келісімге қол жеткізілмеді.

кең ақша массасы (broad money) Ақшаның салыстырмалы түрде барлық түрін қамтитын анықтамасы. Бұған құрылысқа салымдарды қамтитын *М2 секілді анықтаманы немесе пайыздық банк салымдарын қамтитын *М3 анықтамасын жатқызудың болады. Кең ақша массасына *М0 немесе *М1 қатысы жоқ. Айналымдағы *ақша массасындағы кең ақша массасының көрсеткіштері тар ақша массасының көрсеткіштеріне қарағанда, *жалпы ішкі өнімге қатысты тұрақсыз келеді. ТАР АҚША МАСАСЫН да қараңыз.

кеңейтілген Дики-Фуллер тесті (augmented Dickey-Fuller) ДИКИ-ФУЛЛЕР ТЕСТІН қараңыз.

кеңейтілген Филлипс қисығы (augmented Phillips curve) ФИЛЛИПС ҚИСЫҒЫН қараңыз.

Кеңес беру, келістіру және арбитраж қызметі (Advisory, Conciliation and Arbitration Service) Ұлыбританиядағы *өнеркәсіптік дауларда кеңес беру, келістіру және арбитраж қызметін ұсынатын *кванго.

кеңесші (consultant) Кәсіпорын қызметінің нақты техникалық, коммерциялық немесе заңды аспектілері бойынша компанияға кеңес беруге жалданған бөгде маман. Кеңесші ретінде жалданған адамның немесе фирманың әдетте техникалық білімі мен тәжірибесі бар. Кеңесшілердің оларды жалдайтын ұйымдарда басқарушы өкілеттігі жоқ: олардың қызметі – басшылыққа кеңес беру және олар осы бағытта өзі жұмыс істеуі міндетті емес. Кеңесшілерге көбінесе ұйым қызметінің ішкі дауларын шешу барысында жүгінеді.

кеңістік моделі (spatial model) Өндірушілер бір немесе көпөлшемді *сипаты бар кеңістікте орналасатын *өнімді дифференттеу үлгісі. Мұнда тұтынушылардың орналасуы, яғни олардың мінсіз тұтыну нүктелері осы кеңістікте таралған. Әдетте бұл өнім сипаты тұтынушыдан қашықтығы және, сәйкесінше, тасымалдау шығынымен байланысты физикалық кеңістік болуы мүмкін. Мысалы, сызық бойындағы және айналмалы қала модельдері. Кеңістік модельдерінде әр фирма жергілікті, яғни тұтынушыларға ұқсас өнім ұсынатын фирмалармен ғана бәсекелеседі. Жеке жағдай – кеңістіктегі монополия. Сондай-ақ ГРАВИТАЦИЯ МОДЕЛІ; КЕҢІСТІКТЕГІ БАҒА ДИСКРИМИНАЦИЯСЫН *қараңыз*.

кеңістіктегі баға дискриминациясы (spatial price discrimination) Жетілмеген бәсекенің кеңістік моделіндегі әр фирма орналасқан орнына қарай пайдасын барынша арттыратын бағаны таңдауы. Сондай-ақ КЕҢІСТІК МОДЕЛІН *қараңыз*.

кеңістіктегі автокорреляция (spatial autocorrelation) *Кеңістіктегі деректердің кеңістіктегі тәуелділік өлшемі. Жиі пайдаланылатын кеңістіктегі автокорреляция индексі – Моранның автокорреляция коэффициенті не Моранның I-ы. Бұл нүктелер арасындағы қашықтыққа кері пропорционал өлшемі бар өлшенген корреляция коэффициенті ретінде есептеледі.

кеңістіктегі деректер (spatial data) Деректер кеңістіктегі тәуелділік және кеңістіктегі әралуандықпен сипатталады. Кеңістіктегі тәуелділік кездейсоқ шамалар арасындағы құрылымдық тәуелділік *желі не физикалық кеңістік болып табылатын базалық кеңістіктегі сәйкес бақылау жағдайымен анықталатын кездері пайда болады. Кеңістіктегі

тәуелділік дәрежесін *кеңістіктегі автокорреляциямен сипаттауға болады. Ерекше (анықталған) кеңістік құрылымы кеңістіктегі әралуандықтың *гетероскедастикалық, кеңістік құрылымындағы алшақтық немесе үлгінің кеңістікте өзгеретін параметрлері секілді нақты формасын ұсына алады.

кептеліс (congestion) Тым көп тұтынушы бір мезгілде *таза емес қоғамдық игіліктерді пайдалануға тырысатын және соның салдарынан осы қоғамдық игіліктің әр пайдаланушы үшін пайдасы азаятын жағдай. Кептелістен зардап шегетін квазикоғамдық игілікке мысал: саябақтар мен жолдар. Кептеліс теріс *сыртқы салдарға жатады. Мысалы: көлік көп жолда жүргізушілер өзіне қолайсыздық тудырып қана қоймай, олар сондай-ақ кідіріс, жанармайдың қымбаттауы және жол қозғалысының басқа қатысушылары үшін жол апаты болуы мүмкіндігін арттыруға әсер етеді.

кепіл ипотека (hypothecation) Бастапқыда мүлікті несие берушіге меншік құқығын берместен ипотекаға кепілдік ретінде кепілге беру. Қазір кепіл ипотека белгілі бір мақсатта жиналатын салықты сипаттау үшін де қолданылады. Сондай-ақ ҚАРАЖАТТЫ МАҚСАТТЫ БӨЛУДІ *қараңыз*.

кепілдеме (warrant) Опцион ұстаушыға негізгі активті белгіленген *атқару бағасы бойынша сатып алуға мүмкіндік беретін бағалы қағаз. Кепілдеме әдетте акция сатып алушылар үшін акцияларды неғұрлым тартымды ету мақсатында артықшылықты акция шығарумен байланысты. Көптеген кепілдеменің белгіленген әрекет ету мерзімі бар, бірақ мерзімсіз кепілдеменің әрекет ету мерзімі теория жүзінде шексіз. Кепілдемені жеке тұлғалар, брокерлер немесе биржалар емес, қаржыландыру

тарту кезінде корпорациялар беретіні оларды *опциондардан ерекшелейді.

кепілді несие (secured loan) Дефолт болған жағдайда несие беруші борышкер активтерінің белгілі бір бөлігін талап етуге құқылы болатын несие. Бұл төлем мерзімінде жасалмаған жағдайда несие беруші өзіне қандай да бір нақты актив алуға құқығы болмайтын *кепілсіз несиеге қарсы. Қарыз алушы банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болған жағдайда салық өкілеттігі кез келген алуға болатын активтер бойынша кепілдік берген кредиторларды кепілдік бермеген кредиторлардың алдына қояды. Осылайша *ипотека сияқты кепілді несиелер кепілдік берілмеген несиеге қарағанда қауіпсіз және пайыздық мөлшерлемесі төмен болады.

кепілдік (guarantee) Тауар тұтынушыны қанағаттандырмаса, ол жөнделеді не ауыстырылады немесе несие қайтарылмаса, кепілгер оны өтейді дейтін уәде. Кейбір кепілдіктердің заңдық күші бар. Ол кепілді ұстаушыға кепілгер төлемге қабілетті екенін білдіреді. Тіпті кепілдіктің міндетті заңды күші болмаса да, кепілдік орындалмаған жағдайда кепілгер абыройынан айырылуы қатері болады.

кепілдік (warranty) Тауар немесе қызметті жеткізушінің сапаға қатысты кепілдігі. Тұтынушылар үшін өндіруші кепілдігі тауардың немесе қызметтің заңмен талап етілетін ең төмен сипаттары аясынан шыққан жағдайда ғана құнды. Кепілдік тұтынушының заңды құқықтарын шектемейді.

кепілдік берілген облигация (collateralized debt obligation) Кепілдік берілген немесе кепілдік берілмеген облигациялар немесе кредиттер портфелімен кепілдік берілген бағалы қағаз

формасы. Кепілдік берілген облигациялардың түрлі қатер санаты немесе *транштары бар. Олардың ең үлкен санатының қатері бәрінен аз болып келеді. Пайыздық және негізгі төлемдер облигациялардан немесе қарыздардан түскен табысты пайдалана отырып, үлкендік кезегімен жүзеге асырылады. Сәйкесінше, кепілдік берілген облигацияның ең кіші санаттарының *дефолт қатері өте жоғары. Кепілдік берілген облигация 2008 жылы қаржы дағдарысының негізгі себептерінің бірі болды. Өйткені *кредит-рейтинг агенттіктері оларға қатысты қатерге мән бермеді деген жорамал бар.

кепілзат (collateral) Несиеге кепіл ретінде қойылған құнды зат немесе мүлік. Жер немесе ғимараттар *ипотека алу үшін кепілзат ретінде қолданылады; сақтандыруда өтеуін төлеп алу құны және акция сертификаттары *банк қарызы үшін кепілзат ретінде пайдаланылады; ломбард бизнесінде кепілзат ретінде кез келген құнды жылжымалы мүлік қолданылады. Егер несиенің пайыздарын және негізгі борышын өтеу мерзімінде жүргізілмесе, онда соңғы жағдайда несие беруші кепілзат активті сата алады. Сонымен, несие берушілер үшін кепілзат қойылған несие кепілзат қойылмаған несиеге қарағанда әлдеқайда қауіпсіз. *Асимметриялық ақпараттың себебінен нарық шала болса, кепілзат ұсына алмайтын жеке тұлғаларға немесе фирмаларға несие алу қиынға соғады.

кепілсіз қарыз (recourse loan) Ешқандай *кепілзат кепілге қойылмаған қарыз.

кепілсіз несие (unsecured loan) Борышкер қарызын өтемеген жағдайда несие беруші оның қандай да бір нақты активіне талап қоюға құқығы жоқ несие. Бұл төлем белгіленген мерзімде

жүргізілмесе, несие берушінің қандай да бір нақты активті иемдену құқығына *кепілдік беретін несиеге қарсы. Банкроттық немесе қарыз алушының банкроттығы жағдайында кепілсіз несие берушілер әдетте кез келген қол жеткізуге болатын активтер бойынша кепілді несие берушілерден рейтингі төмен болады. Осылайша кепілсіз несиелер кепілді несиеге қарағанда анағұрлым қатерлі және несие берушілерге қатерді өтеу үшін соғұрлым жоғары пайыздық мөлшерлемелерді талап етеді.

кепілхат, ваучер (voucher) Ақша орнына қолдануға болатын, бірақ нақты бір мақсатқа арналған сертификат. Мысалы, АҚШ-тың кейбір мектеп аудандарында ата-аналар немесе қамқоршылар өзі таңдаған мектебінде балаларын оқыту шығынын жабу үшін білім алу ваучерлерін алады. Мұндай жүйе білім беруді жалпыға бірдей мемлекеттік қаржыландырудың артықшылықтарын оны беруде бәсекемен біріктіруге бағытталған.

Кепілімен берілетін бағалы қағаздардың мерзімдік несие желісі (Term Asset-Backed Loan Facility) 2008 жылы АҚШ *Федералдық резерв жүйесі жариялаған *бағалы қағаздар активтерімен, студенттік кредиттермен, автокредиттермен, шағын бизнес әкімшілігі кепілдік берген кредит карталарымен және кредиттермен кепілдік берілген шығарылымды қолдау арқылы үй шаруашылықтары мен шағын бизнесті несиелендіруді ынталандыруға бағытталған қаржыландыру формасы.

кері жұтылу (reverse takeover) Шағын компания үлкен компанияны меншіктеп алатын немесе жеке компания өзіне мемлекеттік компанияны меншікке алатын жағдай. Соңғы жағдайда

меншік құқығы меншікті иеленуші компанияға беріледі. Бұл компанияға *қоғамдық меншікке неғұрлым жеңіл жолмен қол жеткізуге мүмкіндік береді.

кері икемділік ережесі (inverse elasticity rule) Сұранысқа бағаның тоғыспалы әсері болмағанда, бірыңғай тұтыну экономикасында тауарларға тиімді салық салуды сипаттайтын ереже. Кері икемділік ережесі мемлекеттің салық түсімдерінің талап етілетін деңгейіне қол жеткізген жағдайда жеке тұтынушының әл-ауқатын барынша арттыратын тауар салықтарының жиынтығын таңдау жолымен алынады. Ереже әр тауарға сұраныс тек өз бағасына байланысты болатынына сүйенеді, сондықтан тоғыспалы баға әсері жоқ. Тауарға салынатын салық мөлшерлемесі оған сұраныс икемділігінің абсолют мәніне кері пропорционал болуға тиіс деген қорытынды жасалды. Осылайша сұраныс икемділігі төмен тауарларға салыстырмалы түрде жоғары салық салынуға тиіс. Кері икемділік ережесі салық салудың тиімді құрылымын сипаттайды, сондықтан оның қорытындылары үлес *теңдігі қабылданғанда өзгереді. Сондай-ақ РЭМСИ БАҒАСЫ; РЭМСИ ЕРЕЖЕСІН қараңыз.

кері индукция (backward induction) Көп сатылы мәселелерді оңтайлы жолмен шешу процесі. Ең алдымен соңғы қадамда жасалуға тиіс оңтайлы әрекеттер анықталады, кейін қалған сатылардағы әрекет жоспары жасалады. Кері индукцияны жеке агенттің соңғы сатыда таңдау жасау мәселелеріне, сонымен қатар көп сатылы ойындарда, *Нэш тепе-теңдігін табуда қолдануға болады. Сондай-ақ ЖАБЫҚ ТЕПЕ-ТЕНДІК; АШЫҚ ТЕПЕ-ТЕНДІКТІ қараңыз.

кері интеграция (backward integration) Бұрын сырттан сатып алынған

қосымша материалдарды өндіріске қосу мақсатында компания қызметін кеңейту. Мысал ретінде, өз ингредиенттерін шығаратын, өз минералдық ресурстарын, өзіндік қуат көзін өндіретін немесе тіпті өз асханаларына арнап азық-түлікті өзі өсіретін компанияларды айтуға болады. Кері интеграцияны енгізілетін ресурстардың сапасын не сенімділігін жақсарту үшін немесе ресурстарды тікелей және ықтимал бақталастар қол жеткізе алмайтындай ету арқылы фирманың *монополиялық күшін арттыру мақсатында қолдануға болады.

кері иілген ұсыныс қисығы (backward-bending supply curve) Бастапқыда баға өсуі себебінен ұсыныс артып, бірақ кейін ол «кері бағытқа қисайып», баға әрі қарай өсуіне қарамастан, ұсыныс кемитін тауардың *ұсыныс қисығы. Жұмыс күші ұсынысының кері иілген қисығы едәуір жоғары жалақы есебінен болатын *табыс әсері нәтижесінен туындауы мүмкін. Табыс әсері *алмастыру әсеріне үстемдік етеді.

кері корреляция (inverse correlation) Айнымалы мәндері кері бағытта қозғалғанда екі айнымалы арасында кері корреляция болады деп айтылады. Яғни бір айнымалы өскенде, басқа айнымалы азаяды. Кері корреляция айнымалы мәндердің арасындағы *ковариация және *корреляция коэффициенті теріс болуына алып келуі мүмкін.

Киото хаттамасы (Kyoto Protocol)

*Жаһандық жылынумен күрес мақсатында * парник газдарын шығаруды азайтуға бағытталған, 1997 жылы қол қойылған халықаралық келісім. Кейбір сыншылар хаттаманы мәлім етілген мақсатқа мүлдем сай келмейтіні үшін сынға алды. Келісімді Еуропалық одақ ратификациялады, ал АҚШ тарапы ұсынылған

қысқартуларды орындау мүмкін емес деп санайды. 2011 жылы хаттамаға қатысушы тараптар келісімнің қатаң түрдегі жаңа нұсқасын 2015 жылға қарай аяқтауға уағдаласты, алайда 2012 жылы Хаттама 2020 жылға дейін ұзартылды.

классикалық дихотомия (classical dichotomy) *Классикалық экономикада және *неоклассикалық экономикадағы пікір. Оған сәйкес экономикадағы нақты айнымалылар ақшалай емес, нақты факторлармен ғана, ал, керісінше, номинал айнымалылар нақты емес, ақшалай факторлармен ғана анықталады. Бұл пікірді Кейнс және монетаризм экономикасының өкілдері теріске шығарды. Олардың негізгі аргументі *икемсіз бағаға сүйенеді. Олардың айтуынша, баға қысқамерзімді перспективада түзетуге келмесе, ақша массасының ұлғаюы жиынтық сұранысты арттырады және осылайша нақты макроэкономикалық айнымалыларды өзгертеді.

классикалық жұмыссыздық (classical unemployment) Жалақы өнімділікке қатысты тым жоғары болуынан туындайды. Сондықтан экономикадағы фирмалар осындай нақты жалақы мөлшерінде ұсынылған барлық жұмыс күшін тиімді қолдана алмайды. Жұмыссыздықтың бұл түрін нақты жалақыны төмендетуге бағытталған саясат көмегімен, мысалы, салық саясаты немесе еңбек өнімділігін арттыру жолымен не білім беру және кәсіби даярлау арқылы азайтуға болады.

классикалық модель (classical model) Баға, жалақы және пайыздық мөлшерлемелер икемді деп болжанатын, сәйкесінше, тепе-теңдік жағдайында барлық нарықтар еркін болатын экономика моделі. Мұндай экономикада факторлар толығымен қолданылады және өндіріс көлемінің артуы жеткізілетін

факторлардың көбеюіне байланысты болады.

классикалық экономика (classical economics) Томас Мальтус (1766–1834), Джон Стюарт Милль (1806–1873), Дэвид Рикардо (1772–1823) және Адам Смит (1723–1790) есімдерімен байланысты XVIII–XIX ғасырлардағы экономикалық талдау. Классикалық экономика жаңа экономикалық талдаудың генезисін көрсетеді; ол бәсеке тиімділігі, өсу процесі және құн теориясы туралы мықты түсінік қалыптастырды.

кластерлеу (clustering) Белгілі бір индустриядағы фирмалардың өзіне ұқсас, яғни типтес басқа фирмалары бар географиялық аудандарда шоғырлануы. Бұл оларға тауарлар мен қызмет ресурстарымен қамтамасыз ететін өзара байланысты индустриялардың қызметін пайдалануға және кластердегі басқа фирмалардың оқытқан қызметкерлерін өзіне тартып алу арқылы пайда табуға мүмкіндік береді. Бұл өнеркәсіп салаларының белгілі бір аймақтарда шоғырлануға ұмтылу үрдісімен түсіндіріледі, мысалы, электроника мен компьютер индустриясы Калифорнияда Кремний алқабында, сондай-ақ Англияда М4 дәлізінде шоғырланған. Экономиканы дамыту мәселелерімен айналысатын мекемелер көбінесе жаңа кластер құруға ұмтылады; кейде бұған қол жеткізу қиын, өйткені бұл түрлі индустриялар мен техникалық білім беру формаларына бір мезгілде инвестиция құюды талап етеді.

кластерлік талдау (cluster analysis) «Кластерлер» немесе ұқсас сипаты бар нысандарды топтастырудың түрлі әдістеріне арналған жалпы атау. Кластерлік талдау түрлі нысандарды сұрыптау жолымен, егер олар бір топқа тиесілі болса, екі нысан арасындағы байланыс

дәрежесі ең жоғары болатындай етіп топтастыру арқылы деректерді зерттеу үшін пайдаланылады. Ол дерек құрылымын анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін, бірақ құрылымға түсініктеме бермейді.

Клейтон заңы (Clayton Act) Монополияға қарсы федералдық заңнаманы кеңейту туралы 1914 жылғы АҚШ заңы. Ол келісілген шарт талаптары мен эксклюзив мәмілелерге, баға дискриминациясына, сондай-ақ монополияға немесе бәсекенің төмендеуіне әкеп соққан жағдайларда басқа корпорацияның акцияларын сатып алуға тыйым салды. Бұл заң монополияға қарсы заңнама бұзылуы салдарынан зардап шеккендерге үш есе зиян келтірді. Кәсіподақтар мен ауыл шаруашылығы қауымдастықтарына монополияға қарсы шаралар қолданылмады.

клептократия (kleptocracy) Сөзбе-сөз «ұрылар билігі» дегенді білдіреді. Билік басындағы шенеуніктердің жеке әл-ауқатын арттыруға бағытталған жемқорлықпен және ысырапшылықпен айналысатын үкіметті сипаттау үшін қолданылатын теріс (балағат) мәндегі термин. Клептократия мемлекет қаражатын билік басындағы элитаның пайдасына жарату үшін кең таралған жымқырумен сипатталады.

климат өзгеруі (climate change) Әртүрлі кезеңдер үшін есептелген, бірақ бір ауданға жататын метеорологиялық элементтердің статистикалық таралуының (мысалы, желдің жылдамдығы, температура, жауын-шашын) едәуір және ұзақмерзімді өзгерісі. Климат өзгеру мерзімі онжылдықтан миллион жылға дейін созылуы мүмкін. Климат өзгеруі күн белсенділігінің өзгеруі, жердің орбиталық элементтерінің ұзақмерзімді өзгеруі (эксцентриситет,

эклиптиканың еңістігі, күн мен түн теңелу прецессиясы) сияқты табиғи факторлардан немесе климат жүйесінің табиғи ішкі процестерінен туындауы мүмкін. Адамзат әрекетінің нәтижесінде болатын климат өзгеруі климаттың антропогендік өзгеруі деп аталады. Сондай-ақ **ЖАҒАНДЫҚ ЖЫЛЫНУДЫ ҚАРАҢЫЗ.**

Климат өзгеруі жөніндегі үкіметаралық топ (КӨҮТ) (Intergovernmental Panel on Climate Change) (IPCC) Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы мен Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым құрған халықаралық орган. КӨҮТ рөлі – *климат өзгеруі туралы жарияланған ғылыми әдебиетті шолу және бағалау. КӨҮТ бұл саясатты бейтараптық деп санайды, бірақ климаттың өзгеруі тұжырымдамасына ықпал ететін күн тәртібін жасағаны үшін сынға ұшырады. Ол тәуелсіз зерттеу жүргізбейді, сондықтан ол зерттеу нәтижелерін растай да, жоққа шығара да алмайды. Сондай-ақ **КЛИМАТ ӨЗГЕРУІ; ЖАҒАНДЫҚ ЖЫЛЫНУ; ХОККЕЙ ТАЯҚШАСЫН ҚАРАҢЫЗ.** www.ipcc.ch – КӨҮТ ресми веб-сайты.

клиометрика (cliometrics) Экономика тарихын талдауға сандық әдістерді қолдану.

клиринг (clearing) Бір банктен екінші банкке төлемдер бойынша есеп айырысу жүйесі. Көптеген *коммерциялық банк бар және көптеген транзакция жүргенде сатып алушы сатушының банктегі балансына аударым жасайды. Бұл жерде екі тараптың шоттары түрлі банктерде болады. Банкаралық клиринг процесі – барлық төлемдерді жүзеге асыру үшін аударылуға тиіс қаражат сомасын азайту жөніндегі уағдаластық. Барлық чектер *клиринг

палатасына жіберіледі. Онда әр банктің клиенттеріне төленетін және клиенттерінен алынатын сомалар жинақталады. Содан кейін әр банк клиенттерінің төлемдерінің жалпы мөлшері оларға төленетін жалпы төлемдерден асып кеткен жағдайда ғана төлем жүргізуге және клиенттерінің түсімдерінің жалпы мөлшері жалпы төлемдерден асып кеткен жағдайда ғана төлем алуға тиіс. Нақты есеп айырысу әдетте түрлі банктер балансын орталық банкке аудару арқылы күн сайын жүргізіледі.

клиринг банк (clearing bank) *Клиринг палатасына мүше банк. Ұлыбританиядағы ірі банктердің көбі клиринг палатасына мүше; мүше емес банктер өз чектерімен есеп айырысу үшін клиринг банкті агент ретінде пайдалануға тиіс.

клиринг палатасы (clearing-house) Өртүрлі банктердің бір-біріне қарсы талаптарын өзара есепке алатын мекеме. Бұл банктер арасында қаражат аудару қажетін айтарлықтай төмендетеді, өйткені әр банк жалпы төлемдер бойынша өзінің жалпы төлемдерінің таза артық мөлшерін ғана аударуға немесе төлемдер бойынша төлемдердің таза артық мөлшерін алуға тиіс.

клуб (club) *Қоғамдық игілікті қамтамасыз ету үшін құрылған мекеме. Клубтың басты ерекшелігі – өзіне мүше еместерді өз нысандарын пайдаланудан шеттей алады. Ал өзіне мүше болғандардан мүшелікке өткені үшін ақы алып, оларға қоғамдық игіліктерді тиімді пайдалануға рұқсат етеді. Клуб тұжырымдамасы спорттық клубтарды талдаудан НАТО сияқты халықаралық ұйымдарды зерттеуге дейін кеңінен қолданылады. Сондай-ақ **САМУЭЛЬСОН ЕРЕЖЕСІ; ТИБУ ГИПОТЕЗАСЫН ҚАРАҢЫЗ.**

коалиция (coalition) Жеке мақсаттары бар тұлғалар немесе фирмалар тобы, бірақ олар стратегия қабылдау немесе ережелерін қорғау үшін бірігеді. Коалициялық үкімет – екі немесе одан да көп саяси партияның қолдауына сүйенетін үкімет. Коалиция тұрақсыз болуы мүмкін және, ақырында, мүшелеріне әртүрлі әсер ететін жаңа жағдайлар немесе саяси проблемалар туындауынан ыдырауы мүмкін. Сонымен қатар коалиция мүшелері балама альянс оларға өз мақсатының көбіне қол жеткізуге мүмкіндік бере алатынын анықтағанда, коалиция таратылуы мүмкін.

Кобб-Дуглас функциясы (Cobb–Douglas function) Функционал форма түрі. Функцияны құрастырушылардың құрметіне аталған. Теориялық және қолданбалы экономикада *өндіріс функциясы және *пайдалылық функциясы ретінде кеңінен қолданылады. Жиынтық өндіріс көлемін – Y , капитал ресурстарын – K және еңбек ресурсын L деп белгілейік. Онда Кобб-Дуглас өндіріс функциясы мынадай болады:

$$Y = AK^\alpha L^\beta$$

мұнда A , α және β – оң тұрақтылар. Егер $\alpha + \beta = 1$ болса, бұл функцияның ауқымға тұрақты қайтарымы бар: егер K және L әрқайсы λ кез келген оң тұрақтыға еселенсе, онда Y шамасы да λ -ға еселенеді. Кобб-Дуглас өндіріс функциясы жеке фирма деңгейінде де қолданылады. Осы өндіріс функциясының көмегімен шығынын барынша азайтуға ұмтылған фирма өзінің жиынтық шығынының α пропорциясын капиталға, β пропорциясын еңбек күшіне жұмсайды. Кобб-Дуглас функциясы ресурстардың *пайдалылық функциясы ретінде қолданылғанда, K және L ресурстарының орнын X және Y

тауарларын тұтыну деңгейі басады. Бұл пайдалылық функциясымен пайдасын барынша арттыруға ұмтылатын тұтынушы өз бюджетінің α пропорциясын X тауарына, ал β пропорциясын Y тауарына жұмсайды. Кобб-Дуглас функциясы үш немесе одан да көп аргументті қамту үшін кеңейтілуі мүмкін.

ковариация (covariance) X және Y деп алынған екі кездейсоқ айнымалы арасындағы сызықтық байланыс дәрежесінің өлшем бірлігі. Ол былай анықталады:

$$\text{Cov}(X, Y) = E[(X - E[X])(Y - E[Y])].$$

Оң (теріс) ковариация X -тің үлкен мәндері Y -тің үлкен (кіші) мәнінде көрініс табады деп тұжырымдайды.

ковариациялық матрица (covariance matrix) $X = [X_1 \dots X_n]$ кездейсоқ айнымалылар векторы үшін негізгі диагональдағы әр компоненттің дисперсия матрицасы және диагональ емес элементтердегі барлық жұп компоненттер арасындағы ковариация. Ковариациялық матрица былай анықталады:

$$\Sigma = E[(X - E(X))(X - E(X))^T],$$

сондықтан

$$\Sigma_{ii} = \text{Var}(X_i) \text{ және } \Sigma_{ij} = \text{Cov}(X_i, X_j).$$

ковариацияның стационарлық процесі (екінші ретті стационарлық процесс, әлсіз стационарлық процесс) (covariance stationary process) Y_t уақыт қатарлары процесі үшін олардың шекті субсеквенциясының ортақ таралуының бастапқы екі сәті бар болады және олар уақыт өте келе тұрақты болады:

$$E(y_t) = \mu < \infty, \text{ var}(y_t) = \sigma^2 < \infty, t\text{-дің барлық мәні үшін } \text{Cov}(y_t, y_{t+k}) = \gamma_k < \infty.$$

коинтеграция (cointegration) Айнымалылардың бейстационар сызықтық комбинациясы болған жағдайда, екі немесе одан көп стационарлық емес кездейсоқ айнымалы сериясы өзара бірігеді. Біріккен сериялар ортақ стохастикалық трендті бөліседі. Егер X және Y серияларының екеуі де $I(b)$ деп белгіленетін b тәртібімен интеграцияланса және $Z = Y - \beta X$ болып белгіленсе, ол кейбір β тұрақтылар үшін $-I(d)$ $d < b$, онда X және Y өзара $(b - d)$ коинтеграция тәртібімен бірігеді; егер $(b - d)$ бөлшек болса, онда X және Y бөлшекті түрде өзара бірігеді.

Койк трансформациясы (Koyck transformation) Шексіз *геометриялық лаг моделін лагтік шектік тәуелді айнымалы мән моделіне түрлендіру үшін қолданылатын құрылғы. Түрлендірілген модельді бағалау мүмкін болғанымен, онда қателердің тізбекті корреляциясы болуы ықтимал.

коллинеарлық (collinearity) МУЛЬТИКОЛЛИНЕАРЛЫҚТЫ қараңыз.

колл-опцион (call option) Ұстаушыға алдын ала келісілген бағамен (орындалу бағасы) алдағы бір күні (орындалу күні) актив бірліктерінің нақты санын сатып алуға құқық беретін, бірақ міндеттемейтін келісімшарт. Еуропалық соңғы орындау күні ғана орындалуы мүмкін. Ал америкалық колл-опцион соңғы орындау күніне дейін кез келген уақытта орындалады. Активтің *спот бағасы келісімшарттағы орындалу бағасынан төмен болса, онда колл-опцион ешқашан орындалмайды. Колл-опциондарды *Блэк–Шоулз теңдеуін қолдану арқылы бағалауға болады.

Коломбо жоспары (Colombo Plan) Азия–Тынық мұхиты аймағындағы ынтымақтастық экономикалық және әлеуметтік

дамудың Коломбо жоспары 1951 жылғы 1 шілдеде Австралия, Үндістан, Канада, Пәкістан, Жаңа Зеландия, Ұлыбритания және Шри-Ланка құрған өңірлік үкіметаралық ұйым. Бұл ұйымға *Ұлттар достастығы елдерінен бөлек 26 мемлекет мүше болды. www.colombo-plan.org – Коломбо жоспары ұйымының веб-сайты.

комиссия (commission) Транзакция барысында делдал немесе агент қызметі үшін ақы төлеу. Бұл төлемнің сомасы бекітілген немесе транзакцияның құнына сәйкес өзгеріп отыруы мүмкін. Комиссиялық төлемдерді сатып алушы, сатушы немесе екеуі де төлеуі мүмкін. Комиссияға сүйеніп жұмыс істейтін агенттерге сату бөлімінің қызметкерлерін, жылжымайтын мүлік агенттерін, биржа брокерлері мен аукционшыларды жатқызуға болады.

коммерциялық банк (commercial bank) Халықпен жұмыс істейтін, депозит қабылдайтын және үй шаруашылықтары мен шағын фирмаларға несие беретін банк. Ұлыбританияда мұндай банктер бөлшек сауда банкі деп аталады. Бұл банктер салымшылар үшін түрлі қызметтер көрсетеді. Олардың қызметіне қолма-қол ақша мен несие карталарын беру, құнды заттар мен құжаттарды сақтау формаларын ұсыну, шетел валютасын айырбастау, ипотекалық қаржыландыру және қызметтерді ұсыну жатады.

коммерциялық банк (merchant bank) Негізінен, халықаралық фирмалардың қызметін қаржыландырумен айналысатын банк. Коммерциялық банктер вексель қабылдау және аккредитив шығару арқылы сыртқы сауданы қаржыландыруды қоса алғанда, елдер арасындағы ақша аударымын; саудаға қатысты жобаларға инвестициялар; сауда

бойынша кеңес беру сынды түрлі қызмет түрлерін жүзеге асырады.

коммерциялық вексель (commercial bill) ВЕКСЕЛЬДІ қараңыз.

коммерциялық емес капиталды тұтыну үшін айыппұл төлемі (imputed charge for consumption of non-trading capital) Пайданы көздейтін бизнеске жатпайтын мектептер немесе аурухана, кеңселер сияқты мемлекеттік активтерге қатысты *капиталды тұтынуды бағалау. Негізінде, бұл – мүліктің үнемі нақты қорын сақтау үшін жаңа ғимаратқа жұмсалуға тиіс сома.

коммерциялық емес ұйым (non-profit organization) Пайда табудан бөлек мақсаттар үшін құрылған және ұйымның табысы директорлар немесе лауазымды тұлғалар арасында таратылмайтын ұйым. Коммерциялық емес ұйымдарға шіркеулер, мемлекеттік мектептер, қайырымдылық қорлары, қоғамдық ауруханалар, ауруханалар, саяси ұйымдар, заңгерлік көмек ұйымдары, ерікті қызмет ұйымдары, кәсіподақтар, кәсіби қауымдастықтар, ғылыми институттар, мұражайлар және кейбір мемлекеттік мекемелер жатады. Коммерциялық емес кәсіпорын, негізінен, коммерциялық емес ұйымдармен бірдей, бірақ кейбір елдердің заңды және бухгалтерлік ережелері басқаша. Сондай-ақ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДЫ да қараңыз.

коммерциялық қағаз (commercial paper) Белгіленген *өтеу мерзімі бар, әдетте 270 күннен аз болатын кепілдендірілмеген вексель. Коммерциялық қағаздарды ірі банктер мен корпорациялар қысқамерзімді борыштық міндеттемелерін өтеуге ақша алу үшін шығарады. Ол әдетте номинал құнынан жеңілдікпен сатылады және пайыздық мөлшерлемесі сол эмитенттің *облигациясына

қарағанда айтарлықтай жоғары. АҚШ-та орналасқан корпорациялар үшін коммерциялық қағаздардың негізгі артықшылығы – олардың өтеу мерзімі 270 күннен аспаса, оларды *бағалы қағаздар мен биржалар комиссиясында тіркеудің қажеті жоқ.

коммерциялық қатысу (commercial presence) Компанияның шет мемлекетте өз кеңсесін, филиалын немесе еншілес компаниясын ашуы.

коммунизм (communism) Мүлік пен байлық ортақ иелікте болатын тапсыз қоғам және «әркімнен дағдыларына сәйкес, әркімге қажетіне сәйкес» қағидатына сүйенетін тарату және орталықтан жоспарланатын өндіріс теориясы.

Коммуникация басқармасы (КБ) (Office of Communications) (Ofcom) 2002 жылғы Коммуникация басқармасы туралы заңға сүйеніп құрылды. Бұл ұйым Ұлыбританиядағы коммуникация саласын реттейді және телевизия, радио, сұраныс бойынша видео, стационар және мобиль телекоммуникация, пошта қызметтері, сымсыз байланыс қызметтері арқылы жұмыс істейтін радио және телеэфирге жауап береді. www.ofcom.org.uk – Коммуникация басқармасының ресми веб-сайты.

компания (company) Заңды тұлға сипаты бар бизнесті ұйымдастыру формасы. Компания өзінде жұмыс істейтін жеке тұлғалардан ерекшеленеді. Бұл ірі және күрделі кәсіпорындарды ұйымдастыру кезінде маңызды деп танылды. Компанияларды қалыптастыруды мемлекет бақылайды. Ұлыбританияда түрлі уақытта компаниялар король жарғысымен, Парламент актімен немесе *Компаниялар тіркеушісінде ресми тіркелу арқылы құрылып келе жатыр. Компания активтер иеленуге, қарыз

алуға және *келісімшарт жасасуға құқылы, сондай-ақ жауапқа тартылуы және оларға салық салынуы мүмкін. Ол өз акционерлері алдында *шектеулі жауапкершілікте болуы немесе болмауы мүмкін: шектеулі жауапкершілік болмаған жағдайда акционерлер компанияның борышын өтеуге жауапты болады; ал шектеулі жауапкершілікте олар өз акцияларының баланс құнының төленбеген кез келген бөлігі мөлшерінде ғана жауапты болады. Компаниялар туралы Ұлыбритания заңында үш компания санаты қарастырылған. Олар: жауапкершілігі шектеусіз жеке компаниялар, жауапкершілігі шектеулі жеке компаниялар және *жауапкершілігі шектеулі ашық компаниялар. Жеке компаниялар өз акцияларын беруге шектеу қоя алады және оларды қалың жұртшылыққа ұсына алмайды. Британ компанияларының барлығы қаржы ақпаратын өз акционерлеріне, Компаниялар тіркеушісіне, сондай-ақ Ұлыбританияның салық және кедендік алымдар бойынша мемлекеттік басқармасына ұсынуға міндетті. Жауапкершілігі шектеулі ашық компаниялардың міндеттемелері ең қатаң болып келеді. Ақпаратты көрсету жөніндегі қосымша міндеттемелер компания акцияларын қор биржаларында сату мақсатында листингке құқық алу үшін қажет. Компанияны өзінің қарапайым акционерлерінің *жылдық жалпы жиалысында сайланатын *Директорлар кеңесі басқарады. Сондай-ақ ЖАБЫҚ КОМПАНИЯ; ХОЛДИНГ КОМПАНИЯ; АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ; ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ КОМПАНИЯ; МУЛЬТИҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯ; ЖЕКЕ КОМПАНИЯ; БАҒАСЫ БЕЛГІЛЕНЕТІН КОМПАНИЯ; ЖАЛҒАН КОМПАНИЯ; МЕМЛЕКЕТТІК КОМПАНИЯНЫ қараңыз.

компания директоры (company director) Компанияның *директорлар кеңесінің

мүшесі. Директорлар атқарушы, яғни компанияның штаттағы немесе толық емес қызметкерлері не атқарушы емес болуы мүмкін. Атқарушы емес директорлар арнайы білімі мен тәжірибесі үшін немесе олардың лауазымы немесе беделі компанияға деген құрметті арттыруы мүмкін болғандықтан сайланады. Директорлардың міндеттері заңда, ал олардың Ұлыбританиядағы құзыреті компаниялардың директорларын құзыреттен айыру туралы заңда белгіленеді.

компания менеджерлерінің сатып алуы (management buy-out) Компания басшыларының компанияның жарғы капиталын сатып алуы. Менеджерлердің оны сатып алуға жеткілікті қаражаты болса немесе қарызға алса, онда басқару тәжірибесі бар адамдардың иелігінде болу фирмаға артықшылық береді.

компанияға салық салу (company taxation) Компанияның *пайдасына салық салу жүйесі. Бұл салықтың екі тәсілі бар. Классикалық тәсімде компанияға дербес заңды тұлға ретінде салық салынады; кез келген *дивидендтер салық салынғаннан кейін компанияның табысынан төленуге тиіс және оларға акционерлердің табысы ретінде қайта салық салынады. Салықтарды *импутация жүйесінде, компания пайдасына олар акционерлердің табысы болғанына қарамастан салық салынады, бірақ та дивидендтерге қайтадан салық салынбайды. Классикалық жүйеге қарсы аргумент – ол компаниялар арасындағы капитал мобильділігіне кедергі келтіреді, өйткені табыс оны тапқан компанияда қалса, оған азырақ салық салынады. Ал табыстары дивиденд ретінде таратылып, содан кейін басқа компанияға қайта инвестиция ретінде құйылса, онда компанияға көбірек салық салынады. 1999 жылға дейін

Ұлыбритания импутациялау жүйесін қолданды.

компаниялар туралы заң (company law)

*Компания құру және қызметін жүргізуге қатысты заң. Мемлекет қамтамасыз еткен заң шеңберінде ғана құқықтары мен міндеттемелері бар заңды тұлғалардың өмір сүруі үшін заңдар өте қажет. Компаниялар туралы заң директорлар мен акционерлердің құқықтары мен міндеттерін белгілейді. Сонымен қатар ол компанияның қарыздары үшін *шектеулі жауапкершілік дәрежесін және компания өз акционерлеріне, *Компаниялар тіркеушісі мен салық органдарына беруге міндетті ақпараттың көлемін анықтайды.

Компаниялар тіркеушісі (Registrar of Companies)

Ұлыбританиядағы компанияларды тіркеу, тіркеу туралы куәлік беру, компаниялардың тізілімін жүргізуге және жылдық есеп алуға жауапты лауазымды тұлға. Бір тіркеуші Англияны және Уэльсті; ал басқа тіркеуші Шотландия мен Солтүстік Ирландияны қамтиды.

компьютерлендірген сауда (computerized trading)

Компьютерлік бағдарламаны акциялар немесе шикізат тауарларының бағасы сияқты нарық ақпаратының түрлі элементтерін қадағалау үшін және белгілі бір шарттар сақталғанда, белгілі бір мәміле жасау үшін пайдалану.

конвергенция (экономикалық) (convergence) (economic)

Екі немесе одан да көп экономиканың неғұрлым ұқсас болу үрдісі. Олар, мысалы, жан басына шаққандағы табыс, нақты өсу қарқыны, инфляция қарқыны, пайыздық мөлшерлемелер, экономикалық құрылым немесе әлеуметтік саясат әдістері бойынша ұқсас болуы мүмкін. Экономикалық

өсу контекстінде конвергенция кедей елдер бай елдермен өмір сүру деңгейінде алғашқылары екіншісіне қарағанда тезірек өсетініне байланысты ұқсас екенін білдіреді. Шартты конвергенция елдерде ұзақмерзімді перспективада жан басына шаққанда түрлі деңгейдегі табыс болуы мүмкін дегенді білдіреді, бірақ жан басына шаққандағы ұзақмерзімді табысты анықтаушыны есепке алғаннан кейін, неғұрлым кедей елдер әдетте неғұрлым бай елдерге қарағанда тезірек өседі. Конвергенция клубтарының тұжырымдамасы конвергенция кейбір мемлекеттер тобында, мысалы, бай мемлекеттер тобы немесе орташа табысы бар дамушы мемлекеттер тобында болатынын көрсетеді. Конвергенция өсудің бірқатар теориялық модельдері арқылы болжанады. Эмпирикалық деректер бірімәнді болмайды.

конвергенция критерийі (convergence criteria)

Еуропалық одаққа мүше елдер еуроны валюта ретінде қабылдар алдында 1993 жылғы *Маастрихт шарты бойынша *Еуропа валюта одағы үшін орнатылған төрт өлшем орындалуға тиіс болды. Бұл өлшемдер инфляция көрсеткішіне, одаққа дейінгі кезең ішінде валюта бағамдары өзгеруі айырмашылықтарына шектеу қояды. Сонымен қатар бюджет дефицитінің 3 пайыздық максимал көрсеткішін, мемлекеттің қарыздың *жалпы ұлттық өнімге қатынасын 60 пайыздық мөлшерін және үздік жұмыс істеп жатқан ең тиімді үш мүше-мемлекетпен салыстырған ұзақмерзімді номинал пайыздық мөлшерлемеден асқаны үшін 2 пайыздық мөлшерді орнатады.

конгломерат (conglomerate)

Бір-біріне ұқсамайтын түрлі индустрияларда қызмет жүргізетін кәсіпорын. Сондай-ақ КОНГЛОМЕРАТ БІРІГУДІ қараңыз.

конгломерат бірігу (conglomerate merger) Экономиканың түрлі секторларында жұмыс істейтін фирмалардың бірігуі. Мұндай бірігу қаржы тартуды есептемегенде, ауқымнан үнемдеуге әкелмейді. Бірақ әдетте ол қатерді төмендетеді, себебі біріккен кәсіпорындар пайдасының тербелістері тәуелсіз болып келеді.

Кондорсе парадоксі (Condorcet paradox) Жұптық көпшілік дауыс беру нәтижесінде туындаған қалау тәртібі өтпелі болмауы мүмкін дейтін бақылау. x , y және z деген үш нұсқа және A , B және C деген үш жеке тұлға бар және олар баламаларды былай саралайды делік (артық саналатын нұсқа бірінші берілген): $A: x, y, z$; $B: y, z, x$ және $C: z, x, y$. Егер x және y жұбына дауыс берілсе, онда x бір дауысқа қарсы екі көпшілік дауыспен ұтады. Сол сияқты y z -ті, ал z x -ті ұтады. Дауыс беру нәтижесінде алынған қалау реті циклді болады, сәйкесінше, өтпелі болмайды. Кондорсе парадоксі – *Эрроудың мүмкін еместік теоремасының бұрынғы мысалы. Сондай-ақ ҰЖЫМДЫҚ ТАҢДАУДЫ қараңыз.

Кондратьев циклі (Kondratieff cycle) 60 жыл және одан ұзақ мерзімге созылатын экономикалық қызметтің ұзақмерзімді болжалды циклі. Елдердің басым бөлігінің экономикалық көрсеткіштері бұл теорияны тиісті тұрғыда тексеру үшін сенім ұялатпайды. Бұл тұжырым дұрыс болса, онда 1950–1980 жылдар аралығындағы дүниежүзілік кірістер мен сауданың айтарлықтай ұлғаюын ұзақмерзімді циклдегі серпіліс ретінде есептеуге болады.

конкурстық басқарма (кіріс әкімшілігі) (receivership) Компания өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда компанияның кредиторлары алдындағы міндеттемелерін өз мойнына алып,

оны төлеу үшін компания активтерін пайдаланатын конкурстық басқарма тағайындалады.

консерватив әлеуметтік қамсыздандыру функциясы (conservative social welfare function) Экономикалық өзгерістерді бағалау әдісі. Ол әл-ауқаттың өсуіне қарағанда оның төмендеуіне көбірек мән береді. Осының бір экстремал формасы – ешкім ұтылуға тиіс емес Парето критерийі, бірақ бұдан неғұрлым төмен деңгейде экстремал формалар да кездеседі. Саяси шешім қабылдаушылар жараянға наразылық білдіру қызметке алғыс білдіргеннен гөрі қаттырақ болатынын анық біледі. Басқалардың көретін шығынын ескермей, белгілі бір топ залалын алдын алғандықтан, көптеген протекционистік саясат ақталады. Прагматик байларға зиян келтіретіннен гөрі кедей топқа неғұрлым үлкен пайда беретін кез келген өзгерісті жақтаған кезде әлеуметтік қамсыздандырудың консерватив функциясын ұстанатын саясаткер оған қарсы тұруы мүмкін.

консолидация, борыш мерзімін ұзарту (funding) Мемлекеттік борышты қысқамерзімді нысандардан немесе вексельдерден ұзақмерзімді нысандарға немесе облигацияларға өзгерту. Бұл ақшанесие саясаты формасы ретінде қарастырылады, өйткені вексельдер облигацияларға қарағанда өте өтімді және олар банктердің өтімді резервтерінің бір бөлігін құрайды, ал облигациялар құрамайды. Консолидация облигациялар сатылуға тиіс болғандықтан, ұзақмерзімді пайыздық мөлшерлемелерді арттырады және вексельдер сирек қолданыла бастауына байланысты қысқамерзімді пайыздық мөлшерлемелерді төмендетеді.

Консоль (Consols) Ұлыбритания үкіметінің өтеу мерзімі жоқ бағалы қағаздары.

Бұл – Шоғырландырылған аннуитеттер қорының қысқартылған атауы. Шоғырландырылған қор – салық төлемдері төленетін Англия банкіндегі үкіметтің шоты. Консольдер үкімет ұйғарымы бойынша номинал бағамен сатылуы мүмкін, бірақ оны ұстаушылардың қайта сатып алуы талап етуге құқығы жоқ. Консольдер бойынша номинал табыстылық өте аз, сондықтан оны қайта сатып алу мүмкіндігі өте төмен. Бұл уақыт жағынан шектелмегендіктен, Консоль бағасы $1/r$ -ге пропорционал болады және кері *ұзақмерзімді пайыздық мөлшерлемені білдіреді.

консорциум (consortium) Жобаны орындау үшін біріккен компаниялар немесе банктер тобы. Бұл әдіс бір компания үшін тым ірі немесе қатері көп болып келетін жобалар үшін қолданылады. Мысалы, Ла-Манш астындағы Туннель (Еуротоннель) консорциум арқылы салынды.

консьюмеризм (consumerism) Экономикалық өмір өндірушілердің емес, тұтынушылардың мүддесіне лайық ұйымдастырылуға тиіс деген пікір. Тұтынушылар – жеке тұлғалар, ал өндірушілер, негізінен, заңды тұлғалар болғандықтан, тұтынушылар көптеген фирма өндіргеннен әлдеқайда көп тауар мен қызметтің кең спектрін сатып алатындықтан тұтынушылар өндірушілерге қарағанда аз ақпарат алады және нашар ұйымдасқан. Консьюмеризм тұтынушылар мен өндірушілердің мүддесі қақтығысқан жерде заң фирмалардың пайдасын қорғауды немесе олардың қызметкерлерінің жұмыспен қамтылуына кепілдік беруден гөрі, *тұтынушыларды қорғау жағында тұруға тиіс.

контанго (contango) Тауардың *фьючерс бағасы (немесе *форвард бағасы) *спот

бағасынан жоғары болатын жағдай. Сондай-ақ БЭКВАРДАЦИЯНЫ қараңыз.

контрагент (counter-party) Кез келген транзакциядағы екінші тарап. Экспорттаушы үшін контрагент – шетелдік клиент; ал кредиторға контрагент – қарыз алушы. Кез келген транзакцияда контрагент қатері – өзге тараптың кез келген контракт немесе бейресми мәміленің өзіне қатысты талаптарын орындамау қатері. Көптеген нарықта *маркет-мейкерлер өзін сыртқы сатып алушылар мен сатушыларға балама контрагент ретінде көрсетіп, екі тарап үшін де контрагент қатерін азайтады. Сыртқы сатып алушылар мен сатушыларға нақты сауда серіктестің төлеу қабілеті немесе адалдығы туралы алаңдаудың қажеті жоқ, олардың тек «нарықпен» ісі болады.

контрагенттің несие қатері (counter-party credit risk) Несиеге алынған тауарларға төлем уақыты келгенде сатып алушы төлем жасай алмай қалуынан туындайтын қатер. Қысқа мерзімге несие сауда вексельдеріне сүйеніп берілуі мүмкін. Ол вексельдерді сатуға болады, осылайша сатушы ақшасын қайтарып, несие қатерін келесі сатып алушыға өткізеді. Ұзақ мерзімге берілетін несие – нi Ұлыбританияда *Экспорт несиеге кепілдік беру департаменті немесе АҚШ-та *Экспорт-импорт банкі сияқты ресми агенттік арқылы сақтандыруға болады.

контракт қисығы (contract curve) Айырбас экономикасындағы *Парето тиімділігі бөлінісі траекториясы. *Эджуорт диаграммасында контракт қисығы – екі тұтынушының талғамсыздық қисығының арасындағы жанасу нүктелерінің жиынтығы. Екі тұтынушы арасындағы сауда келіссөзі нәтижесінде контракт қисығына әсер ететін

келісімшарт («контракт») жасалғандықтан, ол контракт қисығы деп аталады. Экономиканың *бәсеке тепендігі әрқашанда контракт қисығында орналасады.

контракт теориясы (contract theory)

Тиісті *ынталандыруды қамтамасыз ету үшін контракт әзірлеуге ерекше назар аудара отырып, келісімшарттарды зерделеу. Сондай-ақ АЙҚЫН ЕМЕС КЕЛІСІМШАРТ; ЫНТАЛАНДЫРУ КЕЛІСІМШАРТЫ; ПРИНЦИПАЛ-АГЕНТ ПРОБЛЕМАСЫН қараңыз.

контрфактілік талдау (counterfactual analysis)

Эконометрикада саясатты бағалау жаттығуына жатады. Макроэкономикада, негізінен, уақыт қатарлары деректерін қамтиды. **Ex post* контрфактілік талдау жүзеге асырылған нақты нәтижені басқа саясат аясында алынатын нәтижемен салыстырады, мысалы, «Ұлыбритания 1999 жылы еуроны қабылдаса, оның экономикалық жағдайы 2009 жылы қандай болар еді?» **Ex ante* контрфактілік талдау балама саясат аясында жасалған болжам нәтижелерін салыстырады және саяси шешім жасауға көмектесу үшін қолданылады. Мысалы, «АҚШ 2020 жылы Мексикамен арадағы шекарасын жапса, 2026 жылы АҚШ экономикасының жағдайы қандай болмақ?». Микроэкономикада контрфактілік талдау тоғыспалы деректерді талдауда қолданылады. Экономикаға араласу әсері екі іріктеменің нәтижесін, яғни емделетін топ (экономикаға араласуды қажет ететін) және бақылау тобының (экономикаға араласуды қажет етпейтін) нәтижелерін салыстыру арқылы бағаланады.

кооперативтік қоғам (cooperative society)

Қызметкерлеріне немесе клиенттеріне тиесілі бизнес түрі. The Cooperative

Wholesale Society – Ұлыбританиядағы кооперативтер кооперативі.

кооперативтік ойын (cooperative game)

Ойыншылар тобы ойындағы пайдасын арттыру мақсатында коалициялар құратын стратегиялық ойын. Қандай да бір коалициядағы ойыншылар коалиция мүшелерінің мүддесін ілгерілету үшін бірлесіп әрекет етеді.

корнер (нарық) (corner) (a market)

*Фьючерс нарықта басқа адамдар нарықта қол жеткізуге болатын көлемнен көбірек өнім немесе бағалы қағаздар жеткізу жөнінде өзара келісімшарт жасасу жағдайын туындату. Алайда мұндай контракт алу үшін жоғары баға келісу қажетіне қарамастан, ұстаушы контракт бойынша жеткізуді жүзеге асыра алмайтын контрагенттерді өз контрактілерінен босатылуы үшін ақы төлеуге мәжбүрлей отырып, үлкен пайда таба алады. Тауар нарығында, тауардың үлкен мөлшерін сатып алу және жинақтау бағаға манипуляция жасау үшін жеткілікті. Жоғары баға жабдықтауды белгісіз көздерден әкелсе, корнер жасау әрекеті сәтсіз болуы мүмкін.

Король экономика қоғамы (Royal Economic Society)

1890 жылы Ұлыбританияда құрылған экономикалық бірлестік. Король экономика қоғамының үш мыңнан астам мүшесі бар, олардың 60 пайызы Ұлыбританиядан тыс жерлерде тұрады. Ол экономика ғылымын академиялық өмірде, мемлекеттік қызметте, банк ісінде, өнеркәсіпте және қоғамдық істерде зерделеуге ықпал етеді. Король экономика қоғамының ресми сайты – www.res.org.uk.

корпоративизм (corporatism) Экономикалық шешімдер топтардың мүддесін білдіретін орталықтандырылған

корпоративтік органдар арасындағы келіссөз жолымен қабылданатын саяси-экономикалық жүйенің тұжырымдамасы. Атап айтқанда, корпоративизмде жалақы жұмыс берушілер мен қызметкерлердің өкілдері арасындағы ұжымдық келіссөз арқылы айқындалады. Корпоративистік жүйе үлгісіне 1933–45 жылдардағы АҚШ-тағы «Жаңа бағыт» жатады. Корпоративизм идеясы жекеменшікті сақтай отырып коллективизм және әлеуметтік әділдік сынды *социализмге балама ретінде құрылды.

корпоративтік аванс салық (advance corporation tax) Британ компаниялары өз акционерлеріне *дивиденд бөлу кезінде пайда көзінен табыс салығын ұстап қалатын жүйе. 100t пайыз салық мөлшерлемесі кезінде компания акционерлерге бөлінген әр 1£ үшін $\text{£t}/(1 - t)$ ішкі табыс төледі. Бұл төлемдер компанияның жеке *корпоративтік салығы есебінен төлем ретінде қарастырылды. Корпоративтік аванс салық (ACT – KAC) 1999 жылы жойылды.

корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (corporate social responsibility) Бизнесінің заңды ұстануын қамтамасыз ету, жоғары этика стандарттарына қолдау көрсету және халықаралық мінез-құлық стандарттарына сәйкес болу ниеті. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бизнес *мүдделі тараптарға, қоршаған ортаға және қауымдастыққа оң әсерін тигізуін қамтамасыз ету үшін қабылданады.

корпоративтік басқару (corporate governance) Корпорация басқаруды жүзеге асыратын және бақылайтын ресми және бейресми процестер. Корпоративтік басқару корпорацияға қойылатын заңды талаптарды, корпорация қабылдаған саясатты және корпорацияның ішіндегі бейресми

әдет-ғұрыптарды қамтиды. Сонымен қатар корпоративтік басқару тұжырымдамасы корпорациядағы *мүдделі тараптар ретінде қарастырылатын директорлар, менеджерлер, акционерлер, қызметкерлер, клиенттер, банктер және реттеушілер арасындағы өзара іс-қимылды да қамтиды.

корпоративтік салық (corporation tax) Компанияларға салық салудың британдық жүйесі. Бұл салық барлық компаниялардың саудадан түскен пайдасынан алынады. Шағын компанияларға салынатын мөлшерлеме сәл төмен болады. Корпоративтік салық 1965 жылы енгізілді. Ол классикалық салық жүйесінің құрылымын пайдаланады, яғни компаниялар пайдасына салық салынады, ал акционерлер алынған дивидендтерінен табыс салығын төлейді. Корпоративтік салық 1973 жылы корпорациялар пайдасына салынатын салықты есепке алу жүйесіне ауыстырылды. Корпорация салық төлегендіктен, корпорациядан дивиденд алатын акционер табыс салығы бойынша жеңілдік алуға құқылы болды. 1999 жылы *корпоративтік аванс салық алып тасталып, классикалық жүйе қайта енгізілді.

корпоративтік сектор (corporate sector) Жеке пайдаға жұмыс істейтін компаниялар үйлестіретін экономиканың бір бөлігі. Сондай-ақ **ЖЕКЕ СЕКТОР; МЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДЫ қараңыз.**

корпоративтік табыс салығы (corporate income tax) Фирмалар мен корпорациялардың пайдасына салынатын салық, ол олардың иесінің табысына салық салудан ерекшеленеді.

корпорация (corporation) Экономикалық қызметті жүзеге асыратын, сотқа жүгінуге қабілетті және сот арқылы қудалануы мүмкін, сондай-ақ ұйым

ретінде салық төлейтін ұжымдық орган. Корпорацияларда жеке тұлғалар жалданып жұмыс істейді және корпорацияны басқарады. Көпшілік иелігіндегі корпорация мемлекеттік орган саналады; жеке корпорация көбінесе компанияға синоним ретінде пайдаланылады, бірақ ресми түрде компаниялардың барлығы корпорация емес. Сондай-ақ МУЛЬТИУЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАР; БҰҚАРАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯЛАРДЫ қараңыз.

корпорацияның акционерлік капиталы (corporate equity) Компанияның дебетура және артықшылығы бар акциялар ұстаушыларын қоса алғанда, барлық кредиторлар төлемін төлегеннен кейін қалған компанияның таза активтері. Бұл – қарапайым акционерлер қол жеткізе алатын таза сома.

корреляция коэффициенті (correlation coefficient) X және Y деп алынған екі кездейсоқ айнымалы арасындағы сызықтық байланыс дәрежесін өлшеу бірлігі. Ол былай анықталады:

$$\rho_{XY} = \frac{Cov(X, Y)}{\sqrt{Var(X)}\sqrt{Var(Y)}}$$

мұндағы $Cov(X, Y)$ – X пен Y арасындағы *ковариация. Корреляция коэффициенті 0 мен 1 арасында болады. Егер $\rho_{XY} = 1$ болса, бұл X және Y айнымалылары арасында мінсіз оң сызықты қатынас, ал $\rho_{XY} = -1$ болса, бұл – X және Y айнымалылары арасында мінсіз теріс сызықты қатынас бар екенін көрсетеді. Оң (теріс) корреляция X -тің үлкен мәні Y -тің үлкен (кіші) мәні болғанда көрініс табады дегенді білдіреді.

корсет (corset) Арнайы қосымша депозит жүйесінің ауызекі атауы. Бұл – банктегі депозиттер мен пайыздық міндеттемелердің өсуін

бақылайтын 1973 жылдан 1980 жылға дейін қолданылған Британ монетарлық құрылғысы. Белгілі бір мекемелердің қызметін кеңейту үшін квоталар енгізу бәсекеге қарсы деп есептелгендіктен, корсет жүйесі алып тасталды.

Коуз теоремасы (Coase theorem) Нарық *сыртқы салдарды түзете алады деген тұжырым. Ресми түрде бұл теорема симметриялы ақпарат және нөлдік транзакция шығыны бар бәсекелес экономикада құқық берудің заңдық ережелеріне немесе *меншік құқығына қатысты ресурс бөлу тиімді және тұрақты болады деп тұжырымдайды. Бұл теоремадан меншік құқығын нақты анықтау мен қорғауды қамтамасыз етуді есептемегенде, сыртқы салдарға қатысты саяси араласудың қажеті жоқ екенін түсінуге болады. *Саудаласу мен келіссөз белгілі бір меншік құқығы бөлінісін ескере отырып, тиімді бөлуді қамтамасыз етеді.

Коулз қоры (Cowles Foundation) Экономика саласындағы зерттеулер бойынша Коулз комиссиясы Колорадо-Спрингсте 1932 жылы құрылды. Ол 1939 жылы Чикаго университетіне, ал 1955 жылы Йель университетіне көшті. Сол жылы ол Коулз қоры деп аталды. Коулз комиссиясы эконометрика және жалпы тепе-теңдік теориясы саласына елеулі үлес қосты. Экономистердің көбі комиссияда атқарған жұмысы үшін Швеция банкінің сыйлығына (экономика бойынша Нобель сыйлығына) ие болды. www.cowles.econ.yale.edu – Коулз қорының ресми веб-сайты.

Кохрейн-Оркатт процедурасы (Cochrane-Orcutt procedure) Сызықтық регрессия моделінің екі сатылы бағалануы. Онда бірінші ретті қателер бойынша сериалы корреляция бар. Бірінші кезеңде бірінші кезекті *автокорреляция

коэффициенті негізгі регрессиялық теңдеуден алынған *қарапайым ең кіші квадраттар қалдықтарын қолдану арқылы есептеледі. Екінші кезеңде бұл есептеу айнымалыларды қайта масштабтау үшін қолданылады. Сәйкесінше, ол қайта масштабталған айнымалылар регрессиясындағы қателерде автокорреляция болмауы керек. Бұл – мүмкін болатын *жалпыланған ең кіші квадраттарды бағалауға бір мысал.

көзбояу тұтыну (conspicuous consumption) Ең алдымен табысты немесе әлауқатты көрсету үшін немесе белгілі бір әлеуметтік мәртебеге қол жеткізу үшін тауарлар мен қызметтерді сатып алу немесе тұтыну. Сондай-ақ ПОЗИЦИЯЛЫҚ ТАУАРДЫ қараңыз.

көк жағалылар (blue collar worker) Білікті немесе біліксіз қол еңбегін орындайтын қызметкер. Оларға нақты жазылған жұмыс сағатына сәйкес сағаттық өтемақы төленеді.

Көк кітап (Blue Book) Ұлыбританияның ұлттық кірісі мен шығыны туралы жиынтық немесе секторлар бойынша деректер беретін үкіметтік басымдылық (мұқабаның түсіне қарап аталған). «Ұлыбританияның жыл сайынғы Ұлттық есебін» Ұлыбританияның Ұлттық статистика бюросы (бұрынғы Орталық статистика бюросы) жариялайды. 1983 жылға дейін ол «Ұлттық кіріс пен шығын» деп аталды. Қазір Көк кітапқа онлайн қол жеткізуге болады.

көлем индексі (volume index) Бүкіл экономиканың немесе оның бір бөлігіндегі өндірістің не тұтынудың нақты деңгейінің индексі. Нақты (физикалық) көлем индексі – өндірістің немесе тауарлардың кейбір қолайлы жиынтығын тұтынудың орташа өлшемді

мәні. Салмақ – белгілі бір кезеңдегі баға. Мұнда 0 – базалық кезең және t – ағымдағы кезең, p_{it} – t кезеңінде өндірілген немесе тұтынылған i тауардың бағасы және q_{it} – оның көлемі. *Базалық өлшенген немесе Ласпейрес индексі былай анықталады:

$$q_B = \frac{\sum_{i=1}^n p_{i0} q_{it}}{\sum_{i=1}^n p_{i0} q_{i0}}$$

және *ағымдағы өлшенген немесе Пааше көлем индексі былай анықталады:

$$q_C = \frac{\sum_{i=1}^n p_{it} q_{it}}{\sum_{i=1}^n p_{it} q_{i0}}$$

көлемнен жеңілдік (сатып алынатын тауар көлеміне берілетін жеңілдік) (quantity discount) Төмен бағаға тек сатып алушылардың ең аз бөлігі қол жеткізе алуы. Мұндай төмендету көпшілікке жариялануы мүмкін немесе оған келіссөз арқылы қол жеткізуге болады. Сатып алынатын тауар көлеміне берілетін жеңілдік ірі тапсырыстарды жеткізудегі ауқымнан үнемдеумен, ірі сатып алушылардың монополиялық басымдығымен немесе *екінші дәрежелі баға дискриминациясымен байланысты анағұрлым аз шығын әкелуі мүмкін.

көлеңке баға (shadow prices) Тауарлар, қызметтер, ресурстардың экономикадағы кез келген *сыртқы салдарды ескере отырып, *балама шығынға пропорционал шынайы болатын бағасы. Барлық жеке тұлғалар мен фирмалар экономика үшін көлеңке бағаға пропорционал баға жиынтығымен төлемдерін барынша арттыруды таңдаса, алынған тепе-теңдік *Парето тиімділігі болар еді. Бәсекелі экономикада нарықтағы сәтсіздіктер болмаса, нарықтағы баға мен көлеңке баға балама болады. Экономикада *монополия, бағаларды заңды реттеу және сыртқы салдар сынды *нарықтағы сәтсіздіктер болса,

нақты және көлеңке баға сәйкес келмейді. Шектелген оңтайландыру мәселелерінде туындайтын *Лагранж көбейткішін көлеңке баға ретінде түсіндіруге болады. Сондай-ақ ПАРЕТО ТИІМДІЛІГІН қараңыз.

көлеңкелі банк (shadow bank) Коммерциялық банк ретінде несие беруге көмектесу қызметін ұсынатын, бірақ тіркелмеген және, сәйкесінше, қаржыны реттеу жүйесіне қосылмаған қаржы делдалы. Мысалы, *хедж-қорлар, тең құқықты несиелеу веб-сайттары және ломбардтар.

көлеңкелі экономика (shadow economy) ЖАСЫРЫН ЭКОНОМИКАНЫ қараңыз.

көмек (жәрдемақы) (aid) Бір елден өзге елге, әдетте *нашар дамыған елге берілетін экономикалық көмек. Ол әдетте төтенше жағдайларда гуманитарлық көмек көрсетуге немесе экономикалық дамуға жәрдемдесуге не әскери шығындарды қаржыландыруға арналады. Көмек байланған және байланбаған тікелей ақшалай сыйлықтар түрінде бола алады. Байланған көмекті тек донор елдің затын сатып алуға жұмсауға болады, ал байланбаған қаражатты кез келген мақсатта жаратуға болады. Көмектің *жеңілдетілген несие түрі де кездеседі. Ол несиенің шарттары дүниежүзілік капитал нарығындағы несие шарттарынан әлдеқайда жеңіл. Көмек сондай-ақ азық-түлік, қондырғылар мен жабдықтар, әскери керек-жарақ немесе техникалық көмек сынды материалдық түрде берілуі мүмкін. Екіжақты көмек донордан тікелей алушы елге беріледі; ал көпжақты көмек берілгенде дер мен нақты алушылар арасында тікелей байланыс болмайды. Ол операция халықаралық ұйымдар аркылы жүргізіледі. КӨМЕК ГРАНТЫ (ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК, СУБСИДИЯЛАР);

ШАРТТАСТЫРЫЛҒАН (ШАРТТАРМЕН ШЕКТЕЛГЕН) КӨМЕК; ШАРТТАСТЫРЫЛМАҒАН (ШАРТТАРМЕН ШЕКТЕЛМЕГЕН) КӨМЕКТІ қараңыз.

көмек гранты (grant in aid) Штат немесе жергілікті билік органдарына берілетін АҚШ Федералдық субсидиясы. Бұл субсидия кедей штаттарда немесе тоқырау кезінде мемлекеттік қызметтерді қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

көмек емес, сауда (trade not aid) Өнеркәсібі дамыған елдер *нашар дамыған елдердегі (НДЕ) прогреске жәрдемдесуі мүмкін деген көзқарасты қысқаша баяндайтын ұран, басым деңгейде олардың төлемдер бойынша *көмегіне қарағанда, НДЕ экспортының режимін либералдау есебінен жүзеге асыру. Дәлел – көмектің тиімсіз жұмсалуды мүмкін болуында, ал *Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының нарықтарына тоқыма бұйымдары секілді ТТДЕ өнімдеріне неғұрлым кең қол жеткізу елдердің *салыстырмалы артықшылықтарына сәйкес орнықты дамуға ықпал ететін ілгерілетуге алып келген болар еді.

көміртегін шығаруды азайту (carbon sequestration) Атмосфераға көмірқышқыл газының (CO₂) таралуын азайту. Оны қысқарту үшін CO₂ электр станциясының құбыры секілді шығу көздерінен таратпай, резервуарларда сақтау керек. Сонымен қатар *көміртек сіңіргіш жасап, оны жақсарту қажет. Секвестрациялау CO₂ шығарылуын және басқа да *парник газдарын азайтуды ынталандыратын экологиялық саясатта қолданылады. Жаңа электр станцияларына секвестрациялауды қолдану қымбатқа түсуі және электр өндірудің арзан балама жолдары болуы секвестрация жобаларын экономикалық тұрғыдан тартымсыз етті.

көміртек миграциясы (carbon leakage)

Бизнесер, әсіресе энергетика саласында жұмыс істейтіндер қатаң экологиялық саясат жүргізетін елдерден қоршаған ортаны қорғау саясаты әлсіз елдерге көшсе, онда ол * парник газдары шығарылуының жаһандық деңгейде өсуіне әкеледі. Осы жағдайды сипаттайтын термин көміртек миграциясы деп аталады.

көміртек салығы (carbon tax)

Көмірқышқыл газы (CO₂) шығарылуы деңгейіне тікелей байланысты салық түрі. Бұл – қоршаған ортаға теріс әсер етуі мүмкін CO₂ газын атмосферада артық жинақталуы жағдайында теріс *сыртқы салдарды түзетуге арналған *Пигу салығына бір мысал. Ұлыбританияда 2013 жылдың сәуірінде электр энергиясын өндіруде пайдаланылатын қазба отын түрлеріне «көміртегі бағасын қолдау» деп аталатын ұлттық салық енгізілді.

көміртек сіңіргіш (carbon sink) Қоршаған ортадағы көмірқышқыл газын (CO₂) ол қоршаған ортаға CO₂ бөлгеннен тезірек жылдамдықта сіңіретін табиғи немесе жасанды жүйе. Орман, мұхит және топырақ – ең маңызды табиғи көміртек сіңіргіштер. Жасанды көміртек сіңіргіштерге әдетте өндіріс процесінде пайда болған CO₂ сақтауға арналған қолданыстағы нысандар жатады. Көміртек сіңіргіштер *жаһандық жылынумен күресте маңызды құрал ретінде қарастырылады. Табиғи көміртек сіңіргіштердің тиімділігін жасанды түрде арттыруға болады. Мысалы, мұхиттардың кейбір аудандарын минерал коректендіргіш заттармен тыңайту биомассаның өсуіне әсер етеді. Ал ол, сәйкесінше, көмірқышқыл газын сіңіру жылдамдығын арттырады. Көміртек сіңіргіштерді жасау және жақсартуды немесе *көміртегін сіңіруді *көміртек

салығы секілді басқа да қоршаған орта саясатына технологиялық қосымша ретінде қарастыруға болады. Алайда олар жоғары экономикалық шығын немесе қоршаған ортада байқаусызда болатын ықтимал қауіпті әсерлерге аланды себебінен кең қолданылмай келе жатыр.

көміртек ізі алаңы (carbon footprint)

Белгілі бір уақыт кезеңі, әдетте 12 ай ішінде экономикалық бірліктер белсенділігінің нәтижесінде шығарылған *парник газдарының жалпы көлемі. Ол көміртегі диоксидіне (CO₂) тең тонна шамасымен өлшенеді. Ұлыбритания үкіметі жүргізетін Ұлыбританиядағы көміртек ізі алаңдарын ресми бағалау ішкі тұтыну үшін тауарлар мен қызметтердің жергілікті өндірісінде шығарылатын, Ұлыбританияға әкелінетін тауарлардың дүниежүзілік өндірісінде шығарылатын және Ұлыбритания үй шаруашылығының күнделікті қызметінде шығарылатын парник газдарының мөлшерін өлшейді. 2012 жылы импорт Ұлыбританиядағы көміртек іздерінің 45 пайызын, ал жергілікті өндіріс 38 пайызын құраса, үй шаруашылығынан келген тікелей зардап 17 пайыз болды.

көпмәнді деректерді талдау (multivariate data analysis)

Бір мезгілде бірнеше айнымалыны бақылауға және талдауға сүйенетін статистиканың кез келген әдісі.

көпөнімді фирма (multi-product firm)

Бірнеше түрдегі өнім шығаратын компания. Қарапайым мағынада көптеген фирма өнімнің немесе қызметтің бір түрін ғана, тіпті ауқым өте кең емес болса да, шығарады. Кейбір кішігірім фирмалар дүкендер сияқты тауарлардың кең ауқымын шығарады немесе сатады. «Көпөнімді фирма» термині әртүрлі өнім шығаратын фирмаларға

қатысты сипаты мен құрылымы мүлде бөлек өнім өндіретін, тіпті *стандарт өнеркәсіптік жіктеме немесе экономикалық қызмет түрлері жіктемесінің түрлі санаттарына жататын өнім жасайтын кәсіпорындар.

көпжақты (multilateralism) Халықаралық экономикалық қатынастар барлық азаматтардың тең құқылы емес екеніне сүйеніп жүргізілуі керек деген сенім. Бұл көпжақты сауда, көпжақты сауда-саттықты және сауда блоктарында артықшылығы жоқ механизмдерді, сондай-ақ халықаралық капитал қозғалыстарын көздейтін саудаға қатысты. Көпжақты қатынастар халықаралық сауда және инвестициялық келіссөз екіжақты негізде емес, көпұлтты органдар арқылы жүргізілуге тиіс екенін білдіреді.

көпжақты сауда (multilateral trade) Сауда екі ел арасындағы сауда балансын қажет етпейтін елдер тобында жүзеге асырылады. Бұл топтағы барлық елдерде *айырбасталатын валюта болса, бұл – қалыпты жайт.

көптүрлі регрессия (multiple regression) Екі немесе бірнеше түсіндірме айнымалысы бар регрессия. Мысалы, y айнымалысы x_i , $i = 1, 2, \dots, K$ айнымалыларымен түсіндіріледі. Содан кейін көптеген сызықтық регрессиялық теңдеу мына формада болады:

$$y_t = \alpha + \beta_1 x_{1t} + \beta_2 x_{2t} + \dots + \beta_K x_{Kt} + \varepsilon_t.$$

көптүрлі тепе-теңдік (multiple equilibrium) Экономикалық модельдің *тепе-теңдігін сипаттайтын теңдеулердің бірнеше шешімі болуы. Көптүрлі тепе-теңдік локал бірегей немесе континуум тепе-теңдік болуы мүмкін. Егер тепе-теңдік локал түрде бірегей болса, әдетте так сан болады. Бұл факт ойынға арналған

*Нэш тепе-теңдік жиынтығын есептеуде пайдалы, мысалы, екі таза стратегиялық тепе-теңдік болса, кем дегенде бір *аралас стратегиялық тепе-теңдік болуы керек.

көпшілік дауыс беру (majority voting)

Жеңімпазды көпшілік дауыспен таңдайтын дауыс беру әдісі. Таңдау тек екі нұсқадан жасалса, Мэй теоремасына сәйкес көпшілік дауыспен таңдау жасау – *жасырын (аноним)* (кез келген екі адамның есімінің орнын ауыстыру нәтижені өзгертпейді) жағдайды, *бей-тараптық* (барлық ықтимал нұсқалар симметриялы болып саналуы қажет), *батылдық* (шешімдер әрқашан жеңімпазды таңдауы керек) және *оң жауаптылық* (жеңімпаз нұсқасының дауыстары көбеюі жеңімпаз ретінде басқа нұсқаны жеңімпаз жариялауға әкелмеуі қажет) шарттарына сай жалғыз шешуші ереже. Нұсқалар екіден артық болса, қалаулы нұсқаның белгілі бір қасиеттері болмаған жағдайда *Кондорсе парадоксі көпшіліктің даусы табысты нәтижеге әкелмейтінін көрсетеді. Мысалға, қалау біртекті болса, көпшілік дауыс беру нәтижесі *медиан сайлаушы теоремасы арқылы сипатталады. Сондай-ақ ЭРРОУДЫҢ МҮМКІН ЕМЕСТІК ТЕОРЕМАСЫН *қараңыз*.

көпіршік (bubble) Актив бағасының жоғары қозғалысы. Ол *алыпсатарлар баға әлі де өседі деп сенгенде көрініс табады. Мұндай алыпсатарлық мінез-құлық, ақыр соңында, бағаны тұрақсыз деп танитын кезеңге дейін өсіреді. Бір сәтте көпіршік жарылды, бірақ бұл қашан болатынын болжау қиын. Тарихи мысал ретінде, 1720 жылы болған Оңтүстік теңіз көпіршігін келтіруге болады. Онда компаниялардың акциялары құлар алдында жылдам өсті. Сондай-ақ 1636–37 жылдардағы Голландиядағы қызғалдақ бағасы

қатты өсуін жатқызуға болады. 2008 жылғы *қаржы дағдарысы АҚШ тұрғын үй нарығындағы көпіршіктің жарылуына байланысты болды.

көреген мінез-құлық (forward-looking behaviour) Экономикалық агенттер экономиканың құрылымына және оның күтілетін болашағына сүйеніп болжам қалыптастыру кезінде көреген мінез-құлық көрсетеді. Агенттер болашаққа көрегендікпен қарағанда, саясаттағы келешек өзгерістер туралы хабарлау агенттердің болжамын өзгерте алады, олардың реакциясының арқасында экономика хабарландырудан кейін өткен уақытта қалай дамидыны өзгерту тек хабарландыруға сенуге болады деген шартпен ғана орындалады.

көрші елді кедейлендіру саясаты (beggar-my-neighbour policy) Бір ел үшін өзгелер есебінен пайда іздейтін саясат немесе әдетте елдегі экономикалық проблеманы өзге елдердің проблемаларын қиындату арқылы шешуге тырысу (кейбір авторлар «көршіні кедей қылу» деген терминді қолданады. Екі терминнің мәні бірдей). Бастапқыда бұл термин *тарифтер және импортқа *квота қою не *бәсекені девальвациялау жолымен импортқа тиімді сұранысты отандық тауарларға қарай жылжыту арқылы ішкі құлдырау мен жұмыссыздықты еңсеруге бағытталған саясатты сипаттау үшін әзірленді. Көрші елді кедейлендіру саясаты сондай-ақ *валюта бағамы өсуі арқылы ішкі инфляцияны төмендетті. Бұл сауда шарттарын жақсартады және осылайша бағаланып отырған елдегі инфляция қысымын төмендетеді, бірақ елдің сауда серіктестеріндегі *баға инфляциясын арттыру тенденциясы бар.

көрінбейтін (invisibles) Халықаралық сауда қызметтері. Көрінбейтін

экспорт – резидент еместерге қызмет көрсету; көрінбейтін импорт – резидент еместерден қызметтерді сатып алу. Көрінбейтін заттар авиакомпаниялар мен жүк тасымалдау қызметтерін, қонақүйлер мен басқа туристік нысандарды, банк қызметтерін, сақтандыруды, медициналық қызметтерді және білім беруді, сондай-ақ кеңес берудің алуан түрін қамтиды.

көрінбейтін баланс (invisible balance) *Көрінбейтін саудадағы баланс. Бұл – көлік, туризм және кеңес беру, көрінбейтін заттарды импорттау төлемінен тұратын қызметтерді сатудан түскен табыстың артуы.

көрінбейтін қол (invisible hand) Адам Смит ұсынған өрнек (1723–1790) *нарықтардың жұмысы экономикалық әрекеттің қандай да бір орталық ұйымсыз үйлестірілуіне мүмкіндік беретініне ұқсас. Нарықта жұмыс істеуге жеке мүдде адамдарға ешқашан кездеспеуі мүмкін және өзін жақсы ниетті деп ойламайтын өзге адамдардың қажетін өтеу үшін тауарлар мен қызметтерді өндіруге шақырады. Сол сияқты нарық жүйесі адамдарға өз қажетін басқа өнімдер есебінен өтеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ БӘСЕКЕ; ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІКТІ қараңыз.

көрінетін баланс (visible balance) САУДА БАЛАНСЫН қараңыз.

көріпкелдік (predictor) Бағаланатын регрессиялық тендеулермен берілген *тәуелді айнымалы мәнін бағалау.

КӨС (CGT) КАПИТАЛ ӨСІМІНЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚТЫ қараңыз.

көтерме баға (wholesale prices) Тауарлардың көтерме бағасы, негізінен, көтерме түрде сатылатын дайын өнім

емес, өндірістік тауарларға қатысты болды. Көтерме баға индексі, мысалы, бидай мен болат прокаттарының бағасын қамтиды, ал *бөлшек сауда баға индексі нан мен автокөлік бағасын қамтиды. Олар түпкілікті тауарлар өндіруге дейін өңделген және тауар-ресурс қоры ретінде сақталатындықтан, көтерме баға индексі әдетте бөлшек сауда баға индексіне қарағанда, экономикалық циклдерде бұрынырақ қозғалатын *жетекші индикатор.

көтерме сауда (wholesaling) Тауарды кең жұртшылыққа емес, дистрибьюторларға сату. Көтерме саудагерлер бөлшек сауда саудагерлеріне қарағанда, әдетте көп мөлшерде сатады: олар үлкен көлемді сатып алып, оны бөлшектеп, тұтынушыға өндірушілердікінен азырақ мөлшерде сатады. Көтерме сауда қызметі *ауқымнан үнемдеу мен қоймада сақтау көлемі және тасымалдау шығынынан үнемдеу есебінен өндірушілердің бөлшек саудагерлерге тікелей сату қызметімен бәсекелесе алады.

көші-қон (migration) Аймақтар немесе елдер арасындағы адамдар қозғалысы. Иммиграция мен эмиграция әдетте елдерге және елдерден қоныс аударуға арналған. Миграция болашақта немесе тұрақты түрде шыққан елге оралу ниетімен уақытша болуы мүмкін немесе мигранттар көшкенде осы баламалардың бірін таңдамауы мүмкін. Миграция ұстап қалу коэффициентіне және ревматикалық факторға байланысты. Әсер етуші факторларға адамдардың жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғы және адамдар елден шығатын жерлерде нәсіліне, дініне немесе саясатына қарай тәртіпсіздік немесе кудалаудан қорқу жатады. Тарту факторлары жұмысқа орналасудың қолайлы мүмкіндіктерін, жақсы медициналық және білім беру мүмкіндіктерін,

қоғамдық тәртіп пен еркіндік, сондай-ақ әсіресе адамдар қоныс аударатын аймақтарда зейнетке шығуға қолайлы ахуалды қамтиды.

креатив қирату (creative destruction) Ескі технологияларды немесе өнімдерді көнерген немесе ескі ететін, сапаны жақсартатын инновацияларға сүйенетін *экономикалық өсу моделі. Қазіргі инновациялар болашақ зерттеулер мен әзірлемелерге оң, ал жұмыс істеп тұрған өндірушілерге теріс *сыртқы салдарын тигізеді. Бұл жаңа технология енгізуге және жаңа институттар құруға кедергілер тудыруы мүмкін, сәйкесінше, ол кейбір қоғамдар басқаларға қарағанда жылдам дамып келе жатқанын түсіндіре алады. Бұл парадигмаға сәйкес, жеке мүддесіне байланысты ескі технологияларға маманданған өндірушілер мен зерттеушілер олардың *рентадан түсетін пайдасына зиян келтіруі мүмкін жаңа инновациялардың пайда болуына кедергі жасайды. Инновациялық күштер мен ескі технологиялармен жұмыс істейтіндердің жеке мүддесі арасындағы күрес стагнация кезеңі мен инновациялық фазалардың кезектесуіне алып келеді. 1930 жылдары Шумпетер алғаш рет креатив қирату арқылы өсу ұғымын енгізді. Ол 1990 жылдары *эндоген өсім туралы әдебиетте кең дамыды.

кредитор-ел (creditor nation) Таза шетелдік активтер бойынша оң төлем балансы бар мемлекет. Мемлекеттің шетелдік активтеріне сыртқа құйған тікелей шетелдік инвестициялары және шетелдіктерге берген несиелері жатады. Мемлекеттің сыртқы міндеттемелеріне елге құйылған тікелей инвестициялар, жергілікті банктердегі шетел депозиттері және шетелдіктердің жергілікті бағалы қағаздарды иеленуі жатады. Мемлекеттің сыртқы активтері оның

сыртқы міндеттемелерінен артық болса, онда ел кредитор саналады.

кредиторлар (creditors) Басқа тұлғалар алдындағы қарызды көрсететін баланс кестесіндегі бап. Бұл қарыздар бір жылға дейінгі төлемдер және басқа да қарыздар болып бөлінеді.

кредиторлық берешек (accounts payable) Фирманың *міндеттемелерінің бір бөлігі оның *баланс кестесінде көрсетілгендей жеткізушілерден алынған, төлем жасалуға тиіс, бірақ әлі іс жүзінде жасалмаған шоттардан құралады.

кредит рейтингі (credit rating) Жеке тұлғаның, фирманың немесе мемлекеттің қарызын төлеу қауқарын бағалау құралы. Мұндай бағалау субъектінің жалпы активтері мен міндеттемелері, қатерге ұшырағыштығы және пайыздар мен негізгі соманы белгіленген мерзімде уақтылы төлеуі туралы мәліметтеріне сүйенеді. Жақсы кредит рейтингі бар жеке тұлға, фирма немесе үкімет кредит рейтингі төмен тұлғаларға қарағанда тауарларды несиеге оңай және арзан алады. Сондай-ақ КРЕДИТ-РЕЙТИНГ АГЕНТТІГІН қараңыз.

кредит-рейтинг агенттігі (credit-rating agency) Жеке тұлғалардың немесе компаниялардың *несиені өтеу қабілетіне әсер ететін ақпаратты жинайтын және *кредит рейтингін мүдделі тараптарға сыйақыға сататын фирма. Сатып алушы компанияларға жеке тұлғаларға не компанияларға несие беру немесе оларға тауар мен қызметті несиеге ұсыну мүмкіндігін қарастыратын фирмалар жатады.

Кремний алқабы (Silicon Valley) Солтүстік Калифорниядағы компьютер және ақпараттық технология бизнесінің үлкен ауқымы шоғырланған аудан.

Бұл – ұқсас кәсіпорындардың жақын орналасуы нәтижесінде сыртқы экономика себебінен туындаған географиялық *мамандану үрдісіне мысал.

куанго, кванго (quango) КВАЗИ-АВТОНОМ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДЫ қараңыз.

Кузнец қисығы (Kuznets curve) Экономиканың дамуы барысында уақыттағы *теңсіздік өзгерісін бейнелейтін қисық. С. Кузнец (1901–1985) теңсіздік ең алдымен дамудың бастапқы сатысында туындайтыны туралы гипотеза ұсынды. Уақыт өткен сайын дамудағы ілгерілеу теңсіздікті азайтады. Көптеген дамыған елдегі теңсіздіктің соңғы кезде өсуіне дейінгі мерзімде дәлелдер гипотезаға сай келді.

кумулятивтік артықшылығы бар акция (cumulative preference share) Ұстаушыларына дивиденд төленуге тиіс акция. Бұл акция ұстаушыларына алдыңғы жылдар бойынша берешектер қарапайым акция ұстаушыларына дивиденд төленбес бұрын қайтарылады.

кумулятивтік таралу функциясы (cumulative distribution function) x нүктесіндегі X кездейсоқ айнымалының кумулятивтік таралу функциясы – X -тің осы нүктедегі немесе одан төмен мәндерді қабылдау ықтималдығы. Демек, $F(x) = P[X \leq x]$. Келесі қасиеттер кез келген кумулятивтік таралу функциясында орын алуға тиіс: ол кемімейтін үздіксіз оң функция болуы керек; ол минус шексіздік кезінде 0-ге және плюс шексіздік кезінде 1-ге ұмтылады.

купон (coupon) 1. Бағалы қағаздардан келетін дивидендтер. Ұстаушыға кепілдік беретін купонда оны ұстаушы құқық белгілеуші құжаттарға бекітілген нақты купондарды қолдану арқылы тиесілі төлем талап етеді.

2. Әдетте қағаз түрінде болатын жетондар. Олар *нормалау схемалары аясында құқықты растау үшін пайдаланылады.

Курно бәсекесі (Cournot competition) Жетілмеген бәсеке формасының бір түрі. Мұнда фирмалардың бәрі бір мезгілде қанша өндіру керегін шешеді. Нарықта екі-ақ фирма болса, ол Курно дуополиясы деп аталады. Курно бәсекесі бәсеке бағасынан жоғары және монополия бағасынан төмен бағасы бар тепе-теңдік жасайды. Өндірістің жалпы көлемі үшін осының кері мәні дұрыс. Фирмалар саны көп болған сайын және олардың тауарлары бір-бірін жақсы алмастырған сайын Курно тепе-теңдігі бәсеке тепе-теңдігіне қатты ұқсай береді.

Курно дуополиясы (Cournot duopoly) КУРНО БӘСЕКЕСІН қараңыз.

күн дақтары теориясы (sunspot theory) Экономикалық әрекетті экономикалық жүйеден тыс оқиғалар үйлестіруі мүмкін деп болжайтын теория. Күн дақтары теориясын Уильям Джевонс (1835–1882) ұсынды, ол экономикалық цикл күн тұтылуы немесе дақтардың тұрақты туындауымен байланысты болуы мүмкін екеніне дәлел ұсынды. Күн дақтары теориясы қазір жеке тұлғалардың экономикалық белсенділігі эндоген үйлестірілген болуы мүмкін деген болжамға сілтеме жасайды, демек, (мысалы, күн дақтары) кейбір сыртқы әрекеттермен үйлестірудің тікелей нақты экономикалық әсері жоқ.

күнкөріс минимумы индексі (cost of living index) Белгілі бір өмір сүру деңгейін ұстану құнының индексі. Бұл индексті анықтау үшін белгілі бір тұтыну себетіндегі тауарлар мен қызметтердің жиынтық құнын есептеу керек.

Себеттің құрамы әр кезең сайын өзгеруге тиіс. Ол үшін салыстырмалы баға өзгеруіне байланысты болатын түрлі тауарларға жұмсалатын табыс пропорциясының өзгерісі және талғам немесе технологиялардың өзгеруі нәтижесінде орын алатын сатып алынатын тауар мен қызмет түрлерінің өзгеруі ескерілуі керек. Ұлыбританиядағы негізгі күнкөріс минимумы индексіне *бөлшек сауда бағасы индексі жатады.

күнтізбе әсері (calendar effects) 1. Қаржы саласында акция ұсталатын уақыт кезеңі оның қайтарымына әсер етеді дегенде күнтізбе әсері болады. Күнтізбе әсері акциялар белгілі бір күндері немесе кейбір айларда жақсы немесе нашар жұмыс істейді деген сенімге сүйенеді. Мысалы, қазан айы акция сатып алуға қолайсыз ай саналады, өйткені қор нарығы 1929, 1987 және 2008 жылдары қазан айында құлаған болатын. Тағы мысал ретінде, «мамырда сат та кетіп қал» және Хэллоуиннің кері әсерін (қараша мен сәуір аралығында қайтарымының жоғары болуы) келтіруге болады. Күнтізбе әсері *тиімді нарық гипотезасына сәйкес келмейді және олардың қандай да бір статистикалық маңызы даулы.

2. Статистикада күнтізбе әсері – компоненті уақыт қатарларында күнтізбе вариацияларын көрсететін маусымдық компоненттің бір бөлігі. Бұған мысал ретінде, сауда күндері/жұмыс күндері, жылжымалы мерекелер және басқа да кібісе жыл сынды күнтізбе әсері жатады. Мерзімді ауытқу міндетті түрде анықталып, деректерден оқшаулануға тиіс. Өйткені ол недәуір фундаментал вариацияларды жасырмауды қамтамасыз ету үшін қажет. Мысалы, көптеген экономикалық уақыт қатары ай сайын немесе тоқсан сайын тіркелетін күнделікті іс-әрекетке жатады. Жұмыс күндерінің

саны ай сайын өзгеріп отырғандықтан, бұл уақыт қатарларында кейбір қысқармерзімді өзгерістер тудырады. Сондай-ақ МАУСЫМДЫҚ ТҮЗЕТУДІ қараңыз.

күрделі пайыздар (compound interest)

Неғұрлым кеш кезеңдерде өздері пайыз әкелетін депозит немесе несие пайыздары, яғни әр кезең үшін төленбеген пайыздар өтелмеген сомаға қосылады. Осылайша бір кезеңге пайыздық мөлшерлеме $100r$ пайыз болса, бір кезеңнен кейін A сомасының бастапқы депозиті $A(1 + r)$ жетеді; екі кезеңнен кейін $A(1 + r)^2$ және N кезеңнен кейін $A(1 + r)^N$ сомасына жетеді. Бұл ретті мәндер $(1 + r)$ геометриялық прогрессия еселігін құрады. Үздіксіз күрделі пайыздармен депозит сомасы уақыттың экспонентал функциясы Ae^{rt} болады.

күтілетін инфляция (anticipated inflation)

КҮТІЛЕТІН ИНФЛЯЦИЯНЫ қараңыз.

күтілетін инфляция (expected inflation)

Адамдар күтетін инфляция деңгейі; ол әртүрлі уақыт кезеңіне қарай әртүрлі болады. Адамдардың не күтетінін сұрайтын сауалнамадан басқа әдіспен күтілетін инфляцияны тікелей анықтау мүмкін емес. Мұны, мысалы, бірдей өтеу мерзімі бірдей индекстелген және индекстелмеген мемлекеттік бағалы қағаздар бағасының айырмашылығынан білуге болады. Күтілетін инфляция деңгейі жоғары болған сайын, индекстелген бағалы қағаздар бағасы индекстелмейтін бағалы қағаздар бағасынан асып түсуі жоғары бола береді.

күтілетін мән (expected value) X дискрет кездейсоқ айнымалының $P(x)$ ықтималдық таралуын ескере отырып, болашақ мәні немесе $f(X)$ функциясының (математикалық) болжамы былай анықталады:

$$E[f(x)] = \sum P(x)f(x)$$

мұндағы сома X қабылдауы мүмкін барлық ықтимал мәндерді қамтиды. $F(x)$ ықтималдық таралу функциясы бар үздіксіз кездейсоқ айнымалы X үшін $f(X)$ -тің күтілетін мәні былай анықталады:

$$\int f(x)dF(x)$$

мұндағы интеграл X -тің барлық ықтимал мәнін қамтиды. X -тің күтілетін мәні X үлестірімінің орташа мәні деп те аталады.

күтілетін пайдалылық (expected utility)

Қатерлі перспективаға кіруге қатысты пайдалылықтың болжамды мәні. Қатері бар перспективаның n ықтимал нәтижесі бар делік. I нәтижесі ықтималдығы p_i , ал i нәтижесі орын алғандағы төлемдер X_i болады. Егер X төлемінен туындаған пайдалылық $U(X)$ болса, күтілетін пайдалылық былай анықталады:

$$E[U] = p_1U(X_1) + \dots + p_nU(X_n).$$

Күтілетін пайдалылық теоремасы бойынша тұтынушы рационалдықты сипаттайтын аксиомалар жиынтығына сай болса, олар қатері бар жағдайларда өзін күтілетін пайдалылықты арттыратындай ұстауы керек. Егер пайдалылық X -тің сызықтық функциясы болса, $E[U] = U[E(X_i)]$, яғни күтілетін пайдалылық төлемдердің күтілетін мәнінің пайдалылығы екенін білдіреді. Пайдалылық төлемнің иілген функциясы болса, онда $d^2U/dX^2 < 0$ болады, сәйкесінше, қатерлі перспективаның пайдалылық функциясы күтілетін төлемдердің пайдалылығынан төмен болады – $E[U] < U[E(X_i)]$, демек, тұтынушы бірдей күтілетін мәндер болғанда қатерлі перспективадан гөрі

төлемдерді қалайды. Сондай-ақ АЛЛЕ ПАРАДОКСІН қараңыз.

кідірту (hold-up) Іс-әрекеттер агенттер арасындағы салыстырмалы *саудаласу күшіне әсер етуі мүмкін келісімшарттар мәселесі санаты. Агенттердің бірі инвестицияны өзіне алған жағдайдағы өзара пайда үшін бірге жұмыс істей алатын екі тарапты қарастырайық. Инвестиция жасамас бұрын екі агент симметриялы күйде болады. Бір агент инвестиция жасағаннан кейін екінші агенттің жағдайы оған қарағанда ұтымдырақ болады: олардың келіссөз жүргізу күші ұлғаяды, инвестиция жасаған агент келісімге қол жеткізе алмаса, ол көп нәрсені жоғалтады. Нәтижесінде агенттердің ешқайсы инвестиция жасамауы мүмкін және ынтымақтастықтан түсетін ықтимал пайда іске асырылмай қалады.

кіргізілген модельдер (nested models) Егер B параметрі B параметрлеріне бірқатар шектеу қою арқылы алынған болса, эконометрикада A моделі B моделіне кіргізілген деп аталады. Мысалы, $A1: y = \alpha + \beta x + \varepsilon$ B моделінде енгізілген: $y = \alpha + \beta x + \gamma z + \varepsilon$, бірақ модель $A2: y = \alpha + \beta x + \delta w + \varepsilon$ енгізілмеген. Бұл мысалда $A1$ $\gamma = 0$ кедергісін енгізу арқылы B -дан алуға болады; $A2$ -ден B алына алмайды, себебі олардың әрқайсында екінші болмайтын айнымалы бар.

кіру (entry) Жаңа жабдықтаушының нарыққа енуі. Кіруші жаңа фирма немесе бұрын басқа нарықтарда белсенді болған фирма болуы мүмкін. Жаңа нарыққа кірген фирма бәрін басынан бастауы мүмкін, бірақ өз қызметін жаңа нарықтарға шығу жолымен кеңейтуге ұмтылатын көптеген фирма нарықта конкуртілері бар фирмаларды сатып алады. *Кіру кедергілері дегеніміз – кіруді қиындататын факторлар. Нарық

табысты әрі жылдам өсіп жатқан кезде оған кіру тартымды және шектеуі аз болады. Сондай-ақ ЕРКІН КІРУ; НАРЫҚҚА БАСА-КӨКТЕП КІРУ; КІРУГЕ ЖАЗЫҚСЫЗ ТОСҚАУЫЛДАР; КІРУДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТЕЖЕУДІ қараңыз.

кіруге жазықсыз тосқауылдар (innocent entry barriers) Табиғи, техникалық немесе әлеуметтік жағдайлардан туындайтын, бірақ кіруге тосқауыл қою үшін арнайы әзірленбеген өнеркәсіпке кіруге қойылатын тосқауылдар. Мысалы, жұмыс істеп тұрған фирма жинақталған өндірістік тәжірибе есебінен шығын бойынша артықшылық алуы мүмкін немесе өндіріс әдісіне өндіріс басталғанға дейін үлкен жасырын шығын қажет болуы мүмкін.

кіруге тежеуші факторлар (deterrents to entry) КІРУГЕ ТОСҚАУЫЛДЫ қараңыз.

кіруге тосқауыл (barriers to entry) Жаңа фирмалардың кейбір *нарықтарға кіруін қиындататын немесе мүмкін емес ететін заңдар, институттар не практикалар немесе белгілі бір жұмыспен қамту формаларына бәсекелескен жаңа қызметкерлер. Кіруге тосқауылдың бірнеше түрі болады. Заң фирмаларға *монополиялық құқық бере алады немесе жаңа фирмалардың нарыққа кіруін қиындататын жаңа операторларды лицензиялауға қатысты білік талаптарын орната алады. Нарықта бар фирмалар маңызды ресурстарына, формасына немесе *патенттермен не коммерциялық құпиямен қорғалған техникалық ноу-хауына монополиялық бақылау жүргізуі мүмкін. Жаңа зауытқа қажет капитал өте үлкен болса, бұл нарыққа ықтимал кірушілер санын шектейді. Нарықтағы бар фирмалар жасайтын *баға шайқасынан қорқу кейбір жаңа фирманы индустрияға кіру әрекетінен тежеуі мүмкін. Кейбір нарықта

нарыққа кіруді болдырмау үшін айқын бандиттік (гангстеризм) қолданылады. Кіруге тосқауыл көбінесе ел азаматтарына қарағанда, шетелдік фирмаларға немесе жеке тұлғаларға қатысты қолданылады: *Еуропалық одақ өз резиденттеріне қатысты мұндай жағдайды болдырмауға тырысады Сондай-ақ КІРУДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТЕЖЕУДІ қараңыз.

кіруді стратегиялық тежеу (strategic entry deterrence) Фирма өз нарығына бәсекелестер кіруін тежеу үшін жасайтын әрекеттер. Мұндай іс-әрекеттер бәсекелестердің оны ығыстыруын екіталай ететін айтымсыз капитал инвестициясын немесе клиенттерге төмен бағамен ұзақмерзімді келісімшарттар ұсынуды қамтуы мүмкін. Бәсекелестер нарыққа кіру жөнінде кез келген шешім қабылдағанда, бұл саясат табыстың төмендеуіне не тіпті уақытша шығынға алып келуі ықтимал, бірақ оны кіруге тосқауыл қою арқылы өтеуге болады. Сондай-ақ КІРУГЕ ТОСҚАУЫЛДЫ қараңыз.

кіріктіріме тұрақтандырғыштар (built-in stabilizers) Нақты шешім қабылдау қажетінсіз, қайталанатын мінез-құлық арқылы экономикалық тербелістерді шектейтін экономиканың кез келген сипаты. Үкімет *бюджеті бұған маңызды мысал бола алады. Ұлттық кіріс кемісе, белгілі бір тікелей және жанама салық мөлшерлемесін қолдану табысты автоматты түрде азайтады. Жұмыссыздық өссе, белгілі бір жәрдемақы беру ережелерін қолдану табысты ұстауға кететін төлемдердің өсуіне әкеледі. Бұл бюджет дефицитін арттырады және кірістің азаюын шектейді. Дәл осылай ұлттық кіріс өскенде бюджет дефициті төмендейді. Кіріктіріме тұрақтандырғыштардың мақсатты саяси шаралардан артықшылығы – олардың автоматты және жылдам жұмыс

істеуі. Ал кемшілігі – олар тербелістерді тек азайтуы мүмкін, бірақ толығымен жоя алмайды. Кез келген одан арғы *тұрақтандыру саясатында мақсатты өзгерістер болуын талап етеді.

кірім бағасы (input prices) Өндіріс факторлары қызметтерін немесе отын, материалдар мен аралық өнімдер жеткізілімін алуға болатын баға. Капитал тауарларға келсек, бастапқы баға ретінде капиталдың өзіндік бағасы емес, оларды пайдаланудың пайыздық және амортизация шығыны қарастырылады.

кірімдер (inputs) Отын, материалдар мен аралық өнімдерді өндіру және пайдалану факторларының қызметі. Шығымның түрлі кірімді қолдануға қатынасы *өндіріс функциясымен көрсетіледі. Кірім деректері белгілі бір пропорцияда талап етілуі немесе бір-бірін алмастыруы мүмкін. Кірім алмастырылатын болса, пайданы барынша арттыру кез келген шығым жиынтығын шығаратын ең арзан жиынтықты пайдалануды талап етеді.

кірім-шығым (input-output) Экономиканың түрлі салалары арасындағы тауарлар мен қызметтер ағынын зерттеу. Кірім-шығым кестесінде тауардың шығу тегі мен факторлық функциясы арасындағы тауарлар мен қызметтердің барлық ағымы әдетте бағандармен ұсынылған аралық және соңғы пайдаланудың алуан түрлерін қоса алғанда, мақсаттағы сызықтар мен секторлар ретінде тағайындалады. Кірім мен шығымды талдауда әр іс-әрекеттің *ауқымға тұрақты қайтарымы бар және әр сектор үшін шығынның өндіріске қатынасы тұрақты деп болжанады. Осы болжамдарға сүйене отырып, түпкілікті өнімнің кез келген жиынтығы үшін қандай секторлардың жиынтық өнімі

қажет екенін және жиынтық кірім факторларын анықтауға болады. Содан кейін бұл қорытындыларды мұндай бағдарламаның мүмкін болатын-болмайтынын анықтау үшін қолда бар еңбек күшімен және өндіріс қарқынымен салыстыруға болады. Кейде кірім-шығым экономиканы орталықтан жоспарлау тетігінің бір бөлігі ретінде көтеріледі. Кірім-шығымды талдау тұрақты кірім пропорциялары және салалар бойынша біріктіру туралы болжамдармен шектеледі.

кіріс ТАБЫСТЫ қараңыз.

кірістірілген гипотеза (nested hypothesis)

Егер H' қанағаттандырылған шарттар жиынтығының тиісті жиынтығы H -ді қанағаттандырса, H' гипотезасы H гипотезасына енгізілген деп саналады. Сондай-ақ ГИПОТЕЗАНЫ ТЕСТІЛЕУДІ *де қараңыз*.

кішігірім алыпсатар сауда (shuttle trade) Саяхатпен байланысты сауда. Алыпсатар сауда мысалына әдетте тауар сатып алу үшін жеке кәсіпкер не шағын фирманың өкілі қолма-қол ақша ұстап шетелге шығып, сол тауарларды отанына немесе үшінші елге жеткізіп, көшедегі базар немесе бөлшек сауда дүкендері арқылы сатуы жатады; тағы бір мысал: трансшекаралық сауда. Соңғы кездері маңызды ауқымда алыпсатар сауда тек Шығыс Еуропа мен бұрынғы Кеңес Одағы елдерінде ғана болған, бірақ тарихи тұрғыдан бұл – дүниежүзіндегі сауданың бастапқы және жалғыз формасы. Алыпсатар сауданы пайдалану ресми сауда жүйесінің тұтынушы қажетін өтеуге қабілетсіздігі мен тиімсіз реттеумен құрылатын *мүмкіндіктерін ашады. Ірі көлемдегі алыпсатар сауда көп жағдайда тіркелмегендіктен немесе оның көлемі

азайтып көрсетілгендіктен, ол серіктес мемлекеттердің *төлем балансы статистикасын бұрмалайды.

Кэрнс тобы (Cairns Group) Ауылшаруашылық өнімін экспорттайтын жиырма ел коалициясы. Кэрнс тобы 1986 жылы ауылшаруашылық өнімдерінің саудасын ырықтандыру жөніндегі сауда келіссөзінің басым бағыттарының бірі болып қалуын қамтамасыз ету мақсатында қысым көрсету үшін құрылды. Кэрнс тобының мүшелері: Австралия, Аргентина, Боливия, Бразилия, Вьетнам, Гватемала, Индонезия, Канада, Колумбия, Коста-Рика, Оңтүстік Африка Республикасы, Малайзия, Таиланд, Уругвай, Филиппин және Чили. www.cairns-group.org/ сайтынан Кэрнс тобының қызметі және ауыл шаруашылығына қатысты сауда келіссөзі туралы ақпарат алуға болады.

кэрри-трейд (carry trade) Төмен пайыздық мөлшерлемесі бар валютаны сату және жоғары пайыздық мөлшерлемесі бар валютаны қорды пайдаланып сатып алуды қамтитын валюта сату стратегиясы. Пайыздық мөлшерлемелердегі айырмашылық – ұсталатын валюта құнсызданбаған жағдайда стратегияны табысты етеді.

кэш-дисконт (cash discount) Чек немесе кредит картасымен емес, қолма-қол ақшамен төлегенде ұсынылатын жеңілдік. Жылдам төлем оны қабылдау уақытын қысқартатындықтан, сатушылар көбінесе кэш-дисконт ұсынады. Сонымен қатар әкімшілік шығынын азайтып қана қоймай, кейінге қалдырылған төлемге қатысты болған дефолттан келетін залалды да азайтады және де салықтан жалтаруды жеңілдетеді.

К

қабылдау аймағы (acceptance region) Статистикалық қорытынды шығарғанда бұл – *нөлдік гипотеза қабылданғанда тест статистикасы берілген ықтималдықпен болуы мүмкін мәндер жиынтығы. Қабылдау аймағының қосымшасы есебіндегі жиынтық ауытқу аймағы деп аталады. АУЫТҚУ ЕРЕЖЕСІН қараңыз.

қабылдау, мойындау (acceptance)
*Айырбас вексельіне қол қою, яғни түпнұсқаға қол қойған бірінші мүдделі тарап талапты орындамаған жағдайда, вексельді төлеу *міндеттемесін мерзімінде өтеуге қол қоюшыны жауапты етуді білдіреді. Қаржы жағдайы жақсырақ, мысалы, *коммерциялық банк секілді мекеменің вексельді қабылдауы нәтижесінде вексельді сақтау неғұрлым қауіпсіз болады және осылайша оны сату да жеңілдейді. Қабылдаушы *қатерге тәуекел етеді және ол үшін ақы алады.

қабілет және табыс (ability and earnings)
ТАБЫС ФУНКЦИЯСЫН қараңыз.

қағаз ақша (fiat money) Ішкі құны жоқ, алайда айырбас құны бар ақша. Алғашқыда тұтынушылар ақшаны алтын немесе күміс сияқты құнды материалдардан жасалғандықтан қабылдады. Билеушілер олардың құрамын қуәландыру үшін монеталарға таңба соқты. Уақыт өте келе монеталардың құрамының құны төмендеді және үкімет монеталарды өзінің құнынан жоғары

бағамен қабылдауды талап етті. Кейін банкнот иелерінің банкнот құнына сәйкес көлемдегі монетаны алуға құқығы болды. Қазір ақша ішкі құндылығы азғантай қағаз банкноттардан, кітап немесе компьютерлік жазбалардан тұрады. Қазіргі ақша – қағаз ақша.

қажет және жеткілікті шарттар (necessary and sufficient conditions) Нақты нәрсе болуы үшін (қажет) болу үшін орындалатын шарттар, бірі орындалуы үшін бірі шынайы (жеткілікті) болуы керек дегенді білдіреді. B және C жағдайын қарастырайық. « $B - C$ үшін шын мәнінде шындық болса» – B рас болса, C әрқашан рас деген сөз. « $B - C$ үшін алғышарт» – B рас болмаса, C рас болуы мүмкін емес дегенді білдіреді. Жағдай жеткілікті болуы мүмкін, бірақ C B үшін жеткілікті шарт болса, B шын болғанда C ақиқат болмауы мүмкін, бірақ B рас болмағанда C рас болуы мүмкін. Осындай жағдай қажет және жеткілікті болуы мүмкін, яғни B (ол жазылған болса) рас болса, C рас болады. Осылайша, $B - C$ үшін қажет және жеткілікті шарт болса, онда $C - B$ үшін қажет және жеткілікті шарт болуы керек; екі өтініш балама болады.

қажеттілік (necessity) Жеке тұлғаның осы бағамен тұтынуы табысының ұлғаюына пропорционал түрде артып отырған өнім немесе қызмет. Бұл тауарларға *сұраныстың табысқа икемділігі бірден кем. Осылайша қажеттілік – кедей адамдар бай адамдарға қарағанда

кірісінің көп бөлігін жұмсайтын тауарлар. Мұқтаждар кірісі өсуіне пропорционал түрде көп тұтынатын өнім немесе қызмет саналатын қажеттіліктер *молшылыққа қарсы тұрады. Сондай-ақ ЭНГЕЛЬ ҚИСЫҒЫН қараңыз.

Қазынашылық (Treasury) ҰЛЫБРИТАНИЯ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІН қараңыз.

Қазынашылық вексель (Treasury bill) Қысқамерзімді үкімет кепілдігі. Қазынашылық вексельдер ресми түрде пайыздық мөлшерлемесі жоқ, бірақ олардың сатып алу бағасына жеңілдікпен шығарылған төлем бір жылдан кем қалғанда төлеу уәдесі. Олар банктер мен басқа да қаржы мекемелері тарапынан жоғары өтімді қаржы активтері ретінде қарастырылады.

Қазынашылық канцлері (Chancellor of the Exchequer) Ұлыбританияның бас қаржы министрі. Канцлер Министрлер кабинетінің мүшесі және *Патшайымның қазынасына, Ұлыбританияның қаржысына жауап береді. Канцлер монетарлық және фискалдық саясатты жалпы қадағалауға жауапты үкіметтің басты экономикалық өкілі және *бюджетті парламентке ұсынады.

қайта бағалау (ревальвация) (revaluation)

1. Компанияның шоттарындағы активтерін бағалауға сүйенетін өзгеріс. Бұл жалпы инфляцияға немесе активтердің нақты құнының өзгеруіне байланысты қажет болуы мүмкін.

2. Ұлттық валюта құнын көтеру. Сондай-ақ ВАЛЮТА БАҒАМЫНЫҢ ӨСУІН қараңыз.

қайта бөлу салығы (redistributive tax)

Табыстың және байлықтың таралуын өзгертуге арналған салық. Іс жүзінде қайта бөлу әдетте үлкен теңдік бағытында жүргізіледі, бірақ тарихта салық

салуды қайта бөлуді өзінің пайдасына, демек, теңсіздікті ұлғайту үшін пайдаланған билеушілер болған. Кейбір тұтынушылар оң салық төлейтін, ал басқалары субсидия алатын біржолғы салық салу жүйесі – қайта бөлуші жүйе: субсидияны табысы төмен тұтынушылар алса, ал оң салықты жоғары табысты тұтынушылар төлесе, онда ол табыс теңсіздігін азайтады. Салық жүйесіндегі қайта бөлу әсері барлық салықтың таза әсеріне қатысты ғана анықталуы мүмкін; мемлекеттік араласудың қайта бөлу әсері, тұтастай алғанда, барлық трансферлер мен салықтарды есепке алуға тиіс.

қайта есепке алу үшін қабылданатын вексель (eligible paper) Орталық банк қайта есепке алу үшін жарамды деп таныған бағалы қағаздар. Ұлыбританияда Англия банкі қазынашылық вексельді, қысқамерзімді бағалы қағаздарды және Ұлыбритания банктері мен дисконт-хаус қабылдаған кез келген бірінші санаттағы бағалы қағаздарды қайта есепке алады. Ал АҚШ-та қайта есепке алу үшін қабылданатын вексель – Федералдық резерв қайта есептейтін бағалы қағаздар. Қайта есепке алу үшін қабылданатын вексель банк портфеліне жарамды. Өйткені оны қолма-қол ақшаға айналдыру оңай.

қайта есептеу (double counting) Жиынтық соманы есептеу кезінде таза соманы есептеудің орнына жалпы соманы есептеуден туындайтын қате. Мысалы, экономиканың жиынтық өнімін анықтау үшін басқа фирмалардан сатып алынған ресурстарды шегермей, әр фирманың жалпы сатылымын қосу арқылы есептеу қайта есептеуді талап етеді. Фирмалар бір-бірінен отынның, материалдардың және қызметтердің көп мөлшерін сатып алуына байланысты фирмалардың жалпы өндіріс

көлемін жай ғана қосып есептеу дұрыс емес. Ол, сәйкесінше, қайта есептеуді қажет етеді. Егер әр фирма үшін *қосымша құнды алу үшін жалпы өндіріс көлемінен сатып алынған ресурстарды шегерсе, онда қайта есептеу жүргізудің қажеті жоқ. Ұлттық өнім жиынтық қосымша құнның қосылуынан қалыптасады.

қайта есептеу (rediscount) *Өтеу мерзімі жеткенге дейін ұстаушыдан *аудармалы вексельді сатып алу. Бастапқы иесі оны дисконттайды, яғни оның номинал құнынан аз алады. Егер ұстаушы вексельді өтеу мерзіміне жеткенге дейін қолмақол ақша алуға тиіс болса, онда ол басқа фирмаға тағы да оның номинал құнын азайта отырып сатылуы қажет.

қайта инвестиция (plough-back) Пайдасын сақтай отырып фирмаларға инвестицияларды қаржыландыру жүйесі. Бұл қарыз алу немесе жаңа *акционерлік капиталды шығару арқылы инвестицияны қаржыландыруға қайшы келеді. *Кері соққының артықшылығы – ол өткен уақытта қарызға алынған болса, бақылауды сақтап қалады және азайтады. Кемшіліктер, отандық қаржыға толық тәуелділік фирманың ықтимал өсу қарқынын шектейді және жаңа фирмаларда қолданыла алмайды.

қайта құру (perestroika) 1987 жылы Кенес одағында жаңа тағайындалған Михаил Горбачев (1931 жыл) және оның экономика кеңесшілерінің бастамасымен өндірісті қатаң орталықтан жоспарлауды әлсіретуге және кәсіпорындарды жекеменшікке таратып, үлестіріп беруге бағытталған экономиканы қайта құру немесе қайта құрылымдау жүйесі (орыс тіліндегі «перестройка»).

қайта орналастыру (redeployment) Өндіріс факторларын бір қолданыстан

екіншісіне ауыстыру. Жұмыс күші қайта бөлінгенде, бұл фирманың бір бөлігінде қажет емес қызметкерлер басқа бөлікте жұмыс таба алады дегенді білдіреді. Алайда көп жағдайда фирмада жаңа жұмыс орындарына қол жеткізу қиын және қайта орналастыру кейде қандай да бір балама жұмыстың нақты келешегі жоқ *қысқартудың эвфемизмі ретінде пайдаланылады.

қайта өңдеу (recycling) Бастапқы мақсаттары үшін қызмет еткен тауарларды, мысалы, бос бөтелкелер немесе тозған автокөлік құралдарын қайта пайдалану. Қайта өңдеу – шығын үнемдеу, сол сияқты қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан насихатталады, өйткені ол кен өндіру саласы мен өнім қалдықтарын тастау қажетін азайтады.

қайта реттеу (deregulation) Экономикалық қызметтегі мемлекеттік реттеуді алып тастау немесе бәсеңдету. ҚАРЖЫНЫ ҚАЙТА РЕТТЕУДІ *де қараңыз*.

қайта сақтандыру (reinsurance) *Сақтандыру полисінің эмитенттері оны өз бетінше қабылдай отырып, қатердің бір бөлігін өзгелерге тапсыратын жүйе. Қайта сақтандыру әдетте кейбір ең төмен сомадан асатын полис немесе полистер тобы бойынша талаптарға ғана қолданылады. Бұл полис бойынша талаптар күтілгеннен жоғары болған жағдайда сақтандырушының барынша мүмкін болатын залалдарын шектейді, осылайша бұл – қатерді бөлу әдісі.

қайта сату бағасын қолдау (ҚСБҚ) (re-sale price maintenance) (RPM) Дистрибьюторлар (таратушылар) арқылы қайта сатылуы мүмкін тауардың өндірушілер қойған ең төмен бағасы. Сонымен қатар ҚСБҚ бағаны міндетті түрде өндірушілер *картелі белгілейді

деген сөз емес, ол мұндай картельді ұйымдастыруды жеңілдетеді. ҚСБК 1964 жылғы «Бөлшек саудаға байланысты» және 1966 жылғы «Шектеулі тәжірибе» деп аталатын Ұлыбритания заңдарына сәйкес тоқтатылған, кейбір ерекшеліктерге сәйкес соның ішінде Net Book (Ұлыбритания мен Ирландия арасындағы тұрақты баға келісімі) келісіміне сай 1995 жылға дейін бұл жүйе құлдырамады. Өндірушілер *ұсынылған бөлшек сауда бағасын бұрынғыша белгілей алады, бірақ мұны заңға сүйеніп қамтамасыз ете алмайды.

қайталама рецессия (double-dip recession) Экономика қалпына келгеннен кейін қысқа мерзімде (бір немесе екі тоқсан) қайтадан *рецессияға ұшырауы. Бұл әдетте экономиканы қалпына келтірген экономикалық саясаттың жүзеге асырылуы тоқтағанда орын алады. Қайталама рецессия 1980 жылдардың басында АҚШ-та байқалды.

қайталанған ойын (repeated game) Болашақ кезеңдерде де бірнеше рет қайталанатын ойын. Қайталау саны шекті немесе шексіз болуы мүмкін. Саны алдын ала белгілі болуы мүмкін немесе ойын қайталанатынын күтуге болады. Ойынға қатысушылар әр ойында олардың әрекеті өз беделіне әсер ететінін ескере отырып, өз *стратегиясын таңдауға ынталы болады, яғни басқа қатысушылар келесі ойын кезеңдерінде олардың іс-қимылын күтеді. Осылайша бұл ойында беделі маңызды емес бірреттік ойында таңдалмаған стратегияны қолдану тиімді болуы мүмкін. Шекті рет саны қайталанатын кез келген ойында тепе-теңдік стратегиясын табу үшін *кері индукция пайдаланылуы мүмкін: *Нэш тепе-теңдігі бірреттік ойын үшін ойынның әр қайталауында орындалады. Сондай-ақ ХАЛЫҚ ТЕОРЕМАСЫН қараңыз.

қайтарылмайтын бағалы қағаз (irredeemable security) *Сатып алу не өтеу мерзімі белгіленбеген бағалы қағаз. Қайтарылмайтын бағалы қағаз бойынша пайыз мәңгі төленеді, бірақ бас-тапқы қарызға алынған сома ешқашан қайтарылмайды. Бағалы қағаздарды Ұлыбританияның *Консалс сияқты жағдайда сатып алу үшін қарыз алушының құқығы бар, бірақ міндеттемесі жоқ болса, өтелмейтін деп те атауға болады.

қайтарым (returns) АУҚЫМҒА ТҰРАҚТЫ ҚАЙТАРЫМ; АУҚЫМҒА ҚАЙТАРЫМНЫҢ АЗАЮЫ; АУҚЫМҒА ҚАЙТАРЫМНЫҢ КӨБЕЮІ; АУҚЫМҒА ҚАЙТАРЫМДЫ қараңыз.

қайтарым коэффициенті (rate of return) Белгілі бір уақыт кезеңі («қолда ұстау уақыты») үшін активтің бастапқы құнынан үлес ретінде көрсетілген актив құнының ұлғаюы. Мысалы, акцияларды сатып алу бағасы 2£, ал бір жылдан кейін құны 2,1£ болса, онда иелік ету кезеңіндегі жылдық қайтарым $(2,1 - 2)/2 = 0,05£$ болады. Қайтарым коэффициенті салықты шегергенге дейін немесе шегергеннен кейін және кез келген иелік ету кезеңі ішінде де есептелуі мүмкін. Сондай-ақ ҚАЙТАРЫМНЫҢ ІШКІ НОРМАСЫ; ҚАЙТАРЫМНЫҢ ТАЛАП ЕТІЛЕТІН НОРМАСЫН қараңыз.

қайтарым, кіріс (return) ҚАЙТАРЫМ КОЭФФИЦИЕНТІ; САЛЫҚ ҚАЙТАРЫМЫ; ҚҚС ҚАЙТАРЫМЫН қараңыз.

қайтарымның әділ мөлшерлемесі (fair rate of return) Федералдық немесе мемлекеттік басқарушы ұйымдар *пайдалылықтың қалыпты қайтарымы деп есептейтін пайда деңгейі. Қайтарымның әділ мөлшерлемесін мемлекеттік пайдалылық комиссиялары белгілейді. Пайдалылық тұтынушыларға қолайлы қызмет көрсетуге,

акционерлерге дивиденд төлеуге, өз облигациялары бойынша пайыз төлеуге, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету мен инвестицияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін деңгейде қайтарымның әділ мөлшерлемесі белгіленеді.

қайтарымның жеке ішкі нормасы (private internal rate of return) Білім беру және оқыту сияқты жеке қызметтің келешек нақты пайдасының таза ағымдағы құнын осы белсенділіктің нақты жеке шығынымен теңестіретін дисконттау мөлшерлемесі. Білім берудегі жеке жоғары ішкі табысы бар кәсіп басқалармен салыстырғанда жоғары таза қаржылай пайда береді. Сондай-ақ ҚАЙТАРЫМНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ІШКІ НОРМАСЫН қараңыз.

қайтарымның қоғамдық ішкі нормасы (social internal rate of return) Осы қызметтің қоғамдық нақты шығыны мен жеке қызметтен алынатын, келешекте нақты таза пайда болатын, қоғамның пайдасын теңестіретін дисконттау мөлшерлемесі. Қоғамның пайдасы мен шығыны жеке қызметтің кез келген ықтимал оң және теріс сыртқы салдарының құнын, сондай-ақ қоғамнан туатын шығынды да қамтиды. Мысалы, білім берудің қоғамға пайдасы неғұрлым қорғалған қауымдастықтың құндылығын, балаларға үздік тәрбие беруді, неғұрлым белсенді және білімді азаматтарды қамтығанда қоғамның шығынына үкіметтің білім беруге жұмсайтын субсидиясы да кіруі мүмкін. Сондай-ақ ҚАЙТАРЫМНЫҢ ЖЕКЕ ІШКІ МӨЛШЕРІН қараңыз.

қайтарымның ішкі мөлшерлемесі (ҚІМ) (internal rate of return) (IRR) Жобаның таза ағымдағы құны нөлге тең болатын пайыздық мөлшерleme. Жобадағы таза ақша ағымы теріс мәннен басталса және оң болғаннан кейін солай

болып қалса, ҚІМ бірегей, бірақ, ақыр соңында, ақшалай қаражат қозғалысы кәсіпорынның пайдалы қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жұмсалған теріс болса, ҚІМ бірегей болмауы мүмкін. Жобаның ішкі қайтарым нормасы қатерсіз пайыздық мөлшерлемеден және тиісті қатер сыйақысы мөлшерінен асып кетсе, жобаға инвестиция кұюға болады.

қайшы сауда (counter-trade) Бір ел өзге елден тауар мен қызметтерді ақшасыз сатып алатын халықаралық сауда формасы. Бұл басқа тауар мен қызметке айырбастауға (бартер) немесе нақты өнімді болашақта сатып алуға уәде беру (қайшы сатып алу) арқылы жүргізіледі. Қайшы сауданың тағы бір түріне кері сатып алу жатады. Мұнда мультиұлттық компания белгілі бір мемлекетте зауыт салу үшін жартылай төлем ретінде зауыттың өндіріс көлемінің бір бөлігін иеленеді. Қайшы сауданың бір мысалына Үндістан мен Ирак арасындағы мұнайды азық-түлікке айырбастау бағдарламасы жатады. Қайшы сауда көбінесе әскери сатып алу және тұрақты валютасы жоқ елдермен, мысалы, Шығыс Еуропаның бұрынғы жоспарлы экономикалы елдерімен арада жүргізіледі.

қалалар экономикасы (urban economics) Қала аумағының экономикасын зерттеу. Бұл салалар арасындағы *өзара толықтыру және нарыққа жақындықтың тартымдылығын қоса алғанда, қалалардың, содан кейін қала аудандарының өсуіне ықпал ететін факторларды қамтиды. Ол сондай-ақ қала агломерацияларының ерекше проблемаларын, соның ішінде кептеліс пен ластануды да қарастырады.

Қалалық-ауылдық кәсіпорындар (ҚАК) (Township and Village Enterprise) (TVE)

Қытайдағы ауылдық жерде орналасқан және әдетте жергілікті қауымдастыққа ұжымдық тиесілі өндірістік бөлімшені ұйымдастыру формасы, бірақ іс жүзінде қоғамдастықтың жергілікті билік органдарының бақылауында болады. *Қытай Экономикалық реформасына дейін ҚАК рөлі ұжымдық ауыл шаруашылығы өндірісін өнеркәсіп ресурстарымен қамтамасыз етумен шектелді және олар нарыққа қол жеткізе алмады. Реформа ҚАК-ке өз өнімінің бір бөлігін жергілікті нарықтарда сатуға және өзінің өндірісін ұйымдастырумен тәжірибе жасауға мүмкіндік берді. Нарық қажетіне икемділік және бейімделу 1990 жылдардың ортасына дейін ҚАК жылдам өсуіне әкелді; сайып келгенде, ҚАК едәуір үлесі қайта құрылымдалды және жекешелендірілді.

қалау (preference(s)) ҚАЛАУ АКСИОМАЛАРЫ; ӨТІМДІ ҚАЛАУ; ЖЕКЕ ҚАЛАУ; АНЫҚТАЛҒАН ҚАЛАУ; БІРЫҢҒАЙ ҚАЛАУ; УАҚЫТША ҚАЛАУДЫ қараңыз.

қалау аксиомасы (axioms of preference) Ұтымды таңдауды сипаттайтын жорамалдар жиынтығы. Стандарт аксиомаларға кемелдік (x және y берілген екі нұсқаны ескереді, онда x кем дегенде y секілді жақсы немесе y кем дегенде x секілді жақсы), транзитивтік (егер x кем дегенде y секілді жақсы, ал y кем дегенде z секілді жақсы болса, онда x кем дегенде z секілді жақсы) және рефлексивтік (x кем дегенде x секілді жақсы) жатады. Осы аксиомаларға сәйкес таңдау өзара қиылыспайтын *талғамсыздық қисықтары жиынтығымен ұсынылады. Бұл – стандарт таңдау теориясының бастамасы.

қалауды анықтау (preference revelation) Бақыланатын әрекет немесе жаңарту көмегімен қалауды анықтау. Мысалы, *қоғамдық игілік бәсеке нысаны емес

және айрықша да емес, сондықтан жеке рационал тұтынушы олардың қайсын шынымен артық көретінін анықтауына түрткі болмайды: тұтынушы сұранысты арттыруы (қосымша қоғамдық тауарлар еркін деп қабылданғанда) немесе кемітуі (қоғамдық тауарлардың құны болса, тұтынушы төлеуге шешім қабылдады деп үміттенеді) мүмкін. Кейбір жағдайларда *механизмнің тетігі әр тұтынушыға қоғамдық игілікке қатысты шынайы қалауын анықтауға ынталандыратын және осылайша тиімді деңгейде резервті қамтамасыз ететін төлем мен ұсыныс арасындағы байланыс орнату үшін пайдаланылуы мүмкін. *Жергілікті қоғамдық игілікке қатысты *Tiebout гипотезасы тұтынушылар ең қолайлы юрисдикциясына көшкенде қалауын ашатыны туралы айтады. Қалауды анықтау мәселесі қоршаған ортаны жеке бағалауды табу әрекеттерінде де туындайды; шығын жоқ кезде асырып айтуға түрткі бар.

қалаудың қосарлы сәйкес келуі (double coincidence of wants) ҚАЛАУДЫҢ СӘЙКЕС КЕЛУІН қараңыз.

қалаудың сәйкес келуі (coincidence of wants) Екі тараптың екеуінде де өзге тараптың қалаған тауарлары болуы. Бұл – *бартер мәміле жасасу шарты. Ақша болмаған жағдайда, агент A тауарын B тауарына айырбастағысы келсе, онда олар B тауарына A тауарын айырбастауға дайын басқа агент табуға тиіс. Қалау сәйкес келген жағдайда бартер жасалады. Бартердің қолайсыздығы – кәсіби сатушылардың көбеюіне әкелетіні. Олар өзіне қажет емес тауарларды сатып алып, ақшаны *айырбас құралы ретінде қолданып, тауарларды қайта сатады.

қалдық (residual) *Регрессияда бұл бақыланатын тәуелді айнымалы мәні мен оның болжамды регрессия теңдеуімен

болжанған мәні арасындағы айырма. Регрессия қалдықтары көптеген эконометриялық тестінің негізін құрайды.

қалдық вариация (residual variation) Регрессия моделімен түсіндірілмейтін және регрессия *қалдықтары ұсынған тәуелді айнымалыдағы өзгеріс.

қалдық жұмыссыздық (residual unemployment) Толық жұмыспен қамту кезінде сақталып қалатын жұмыссыздық, бұл негізінен жұмыс істеуді қаламайтын немесе еңбекке жарамсыз болғандықтан жұмыс істей алмайтын адамдардан құралады.

қалдық мүше (disturbance term) ҚАЛДЫҚ МҮШЕНІ қараңыз.

қалдық мүше (error term) Регрессиядағы тәуелді айнымалы мен регрессия функциясы арасындағы айырмашылық. Ол регрессия функциясындағы тәуелді айнымалы мен түсіндірме айнымалылар арасындағы байланыстың шынайы функционалдық формасының кез келген ауытқуының жиынтық әсерін көрсетеді. Сонымен қатар ол тәуелді айнымалы мен түсіндірме айнымалылардағы *кездейсоқ қателерді және тәуелді айнымалыға әсер ететін, бірақ регрессиялық функцияда болмайтын кез келген айнымалыларды көрсетеді.

қалпына келмейтін ресурстар (exhaustible resources) САРҚЫЛАТЫН РЕСУРСТАРДЫ қараңыз.

қалпына келтіру (RESET) РЭМСИ РЕГРЕССИЯЛЫҚ ТЕНДЕУІ СИПАТТАМАСЫНЫҢ ҚАТЕСІН ТЕКСЕРУДІ қараңыз.

қалпына келтіру құны (replacement cost) Фирмалар активтері бағаланатын және олардың ғимараттары мен жабдықтырын ауыстыруға жұмсалатын шығынды

пайдалана отырып, олардың амортизациялық аударымдары есептелетін бухгалтерлік есеп жүйесі. Ғимараттар мен жабдықтар дәл ауыстырылуы мүмкін жерде бұл тамаша есептеу әдісі болып көрінуі мүмкін. Алайда жабдыққа қатысты техникалық прогреске байланысты дәл ауыстыру бола бермейді және бар болса да, оларды орнатуға болмайды. Мұндай жағдайда сәйкес ауыстыру үшін қажет жабдықтың құнын есептеу өте маңызды.

қалпына келтіруге инвестиция (replacement investment) Қолданыстағы жабдықтың тозуы (*ескіру немесе тозу) арқылы және кәдеге жарату (толық шығару) нәтижесінде жоғалатын өндіріс қуатын жаңарту мақсатында өндірушінің машиналар мен жабдықтарды сатып алуы. Бұл – шын мәнінде технологиялық қажеттілік емес, өндіруші үшін экономикалық таңдау мәселесі.

қалпына келу, тұрақтандыру (recovery) *Бизнес-циклдің өндіріс пен жұмыспен қамту ең төмен нүктеден қалыпты деңгейге қарай жылжитын кезеңі.

қалыптан тыс ескіру (abnormal obsolescence) Қисынды болжауға қиын талғам, әдістер немесе шарттардағы өзгерістерге байланысты активтің, негізгі құралдардың немесе мүлік бөлігінің құнын жоғалтуы. Тұтынушылар өндірілетін тауарларды енді қаламайтындықтан немесе басқа салалардағы *техникалық прогресс ол өндіретін *аралық тауарларды енді қажет етпегендіктен, жабдықтар ескіруі мүмкін. Жабдықтар саладағы жаңа технологиялар аз жұмыс күшін, отынды немесе материалдарды пайдаланып өнім өндіруге мүмкіндік бергендіктен немесе еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының жетілдірілген ережелеріне сәйкес келмегендіктен ескіруі мүмкін.

Тіпті мүліктің өзі физикалық тұрғыдан зақымдалмаса да, сол аймақта болған табиғи апат салдарынан мүлік құнын жоғалтуы мүмкін. ҚАЛЫПТЫ ТОЗУДЫ қараңыз.

қалыптан тыс пайда (экономикалық рента, қалыпты емес пайда, таза пайда, үстеме пайда) (supernormal profit)

*Қалыпты пайдадан артық, яғни ағымдағы әрекеттегі кәсіпкерлік күш-жігерді сақтау үшін қажет деңгейден жоғары кез келген үстеме пайда.

қалыптасушы нарық және дамушы елдер (emerging market and developing economies)

*Халықаралық валюта қоры рейтингіндегі *алдыңғы қатарлы экономикалар ретінде жіктелмейтін барлық елдер. 2015 жылы 152 елден құралатын топ дүниежүзілік ЖІӨ-нің 57,6 пайызын өндірді, ал олардың халқы дүниежүзілік халықтың 85,4 пайызын құрады.

қалыптасушы нарықтар (emerging markets)

Экономикалық дамудың алдыңғы қатарына ұмтылған экономикалар. Бұларға, негізінен, Тайвань немесе Бразилия сияқты *жаңа индустриаландырылған елдер немесе жақында ғана *либералданған экономика қалыптастырған Венгрия немесе Польша сынды елдер жатады. Қалыптасушы нарықтардың ортақ сипаты – дамыған мемлекеттерге қарағанда экономикалық, қаржылық немесе саяси белгісіздік дәрежесі жоғары болуы.

қалыпты пайда (normal profit)

Пайданың деңгейі кәсіпкерлік күштің мүмкін болатын құнына теңестірілуі. Қалыпты пайда кәсіпкердің компанияны басқаруы және олар бел буған қатері үшін әділ сыйақы ретінде қарастырылады. Әдетте рентабельдік деңгейі өнеркәсіпке қол жеткізуді ынталандыруға

қарағанда жоғары және табыс деңгейінің қалыпты жағдайдан төмен болуы шығынға алып келеді.

қалыпты пайыздық мөлшерлеме (natural rate of interest)

Тұрақты баға деңгейімен, экономиканың экономикалық белсенділігінің тұрақты деңгейімен үйлесетін пайыздық мөлшерлеме. Нарықтағы пайыздық мөлшерлемені табиғи мөлшерлемеден төмен қысқа мерзімде белгілеу әрекеті нақты белсенділіктің тұрақты бағаға сәйкес келетін деңгейден жоғары болуына және ұзақмерзімді перспективада бағаның және ақшалай жалақының инфляциялық өсуіне әкеледі.

қалыпты таралым (Гаусс үлестірімі) (normal distribution) (Gaussian distribution)

Пішіннің ықтималдық тығыздығының функциясымен сипатталған кездейсоқ айнымалардың үздіксіз бөлінуі:

$$f(x) = \exp[-(x - \mu)^2 / (2\sigma^2)] / \sqrt{2\pi\sigma^2}, -\infty < x < \infty.$$

Қалыпты таралымның орташа мәні – μ , дисперсия – σ^2 және ортаға қатысты симметриялы. Стандарт қалыпты таралым нөлдік орташа және бірлік дисперсиясы бар қалыпты таралым ретінде анықталады; еркін орташа және дисперсия бар қалыпты таралым *орналасу-ауқым тобын құрайды. Қалыпты таралым *Орталық шекті теоремаға байланысты статистикалық тұжырымдарда маңызды рөл атқарады.

қалыпты тауар (normal good)

Тұтынылуы кірістің артуымен бірге өсетін тауар. Осылайша кез келген аралық сапасы төмен емес тауар қалыпты саналады. Бұл көптеген өнімге қатысты. Әдетте тауарлар *сұраныстың табысқа икемділігі бірден кем қалыпты тауарлар және сұраныстың табысқа икемділігі бірден артық люкс тауарлар болып бөлінеді.

қалыпты теңдеулер (normal equations)

*Ең кіші квадраттардың негізгі теңдеулері, яғни квадрат *қалдықтар қосындысын минимумға келтірудің бірінші кезектегі шарттары (азайтылған) қалдықтар ортогонал немесе регрессор матрицасына қалыпты болғанда түсіндірілуі мүмкін. Кәдімгі теңдеулердің шешімі ең кіші квадрат бағасын береді: $\hat{\beta} = (X'X)^{-1}X'Y$.

қалыпты тозу (normal obsolescence)

Активті сатып алушы сатып алу сәтінде *тозудың немесе уақыттың жоғалуы салдарынан күтілетін не болжанатын активтің, негізгі құралдың немесе мүліктің құнсыздануы. Сондай-ақ ҚАЛЫПТАН ТЫС ЕСКІРУДІ қараңыз.

қамту үлесі (take-up rate)

Жәрдемақы алуға құқығы бар және оны алуға үмітті адамдардың үлесі. Ол ақпарат жетіспеушілігінен, талап-арыз беру процедурасының қиындығынан немесе пайда стигматизация тудырса, әлеуметтік қиындық салдарынан шектелуі мүмкін. Әлеуметтік қамсыздандыру өкілеттігі мен ерікті қоғамдық ұйымдар жүргізетін ақпараттық кампанияларға қарамастан, көптеген жәрдемақы алушылар бойынша көрсеткіштер үлесі 100 пайыздан едәуір төмен.

қанағаттану (satisficing)

Шешім қабылдау стратегиясы оңтайлы нәтижеге емес, жеткілікті (барабар) мақсатқа қол жеткізуге бағытталады. Қанағаттану мысалына шығынға бекітілген үстеме белгілеу және апта сайын біркелкі тауар жинағын сатып алу жатады. Көп ретте қанағаттануға себеп ретінде оңтайландыру ақпарат жинақтау мен өңдеуде қымбатқа түсетіні аталады. Экономикалық теория ретінде ол неліктен оңтайландыру қосымша шығынды ескермейтінін түсіндіре алмайды.

қанықпағандық (non-satiation) Тұтынушы қосымша тұтынудан үнемі пайда табатыны туралы болжам. Кейбір өнімге сұраныс шектеулі болғанымен, тұтынушы пайда алатын кейбір өнім немесе қызмет болуы ықтимал.

«Қара аққу» (Black Swan) Сирек кездесетін оқиғаның метафора атауы. Қара аққу теориясын Нассем Николас Талеб ұсынды. Оның анықтамасына сәйкес, Қара аққу – үлкен әсері бар күтілмеген немесе болжанбаған оқиға. Ол жиі *ex post* ретінде түсіндіріледі. Оған 2001 жылы 11 қыркүйекте АҚШ-та болған терактілер мысал бола алады: стандарт қаржы теориясы террорлық шабуылдан кейінгі нарықтың күйреуін болжай алмады, өйткені мұндай оқиға бұрын болмаған.

Қара дүйсенбі (Black Monday) 1987 жылғы 19 қазанда дүниежүзілік қор нарықтары күйреген күн. Нью-Йоркте *Доу-Джонс индексі 23 пайыз төмендеді, сондай-ақ Лондонда және дүниежүзі бойынша басқа да ірі қор нарықтарында айтарлықтай құлдырау болды. Бұл күйреу дүниежүзілік тоқырау болады дейтін үрей тудырды, алайда дүниежүзілік *тоқырау нарықта көрініс таппады.

қара жұмыс (sweated labour)

Жұмысшылардың өте аз ақы төленетін және нашар еңбек жағдайында жұмыс істеуі. Кедей елдердің көбінде бұл жұмыс істейтіндердің барлығына дерлік қатысты. Мұндай жағдай айрықша шарттарға жататын недәуір дамыған елдерде осындай жұмысты еңбек нарығынан білімі төмен болуы немесе тілді нашар білуі, тіпті иммигрант болуы себебінен шеттетілген жұмысшылар атқарады.

қара нарық (black market) *Нормалау немесе *бағаны бақылау заңын, кейде

екеуін де бұзатын сауда. Анықтама бойынша қара нарықтар үкімет баға немесе нормалау көлемін бақылауға ұстауға ұмтылғанда пайда болады.

қара экономика (black economy) ЖА-СЫРЫН ЭКОНОМИКАНЫ *қараңыз.*

қаражат жұмсау функциясы (expenditure function) Тұтынушы белгілі бір пайдалылық деңгейіне қол жеткізу үшін жұмсайтын ең төмен шығыны. Пайдалылық деңгейіне байланысты тұтынушы шығынды азайту мақсатында екі тауардың: x_1 және x_2 көлемін таңдауын қарастыралық. Шығынды азайту мәселесін шешу:

$$\min_{\{x_1, x_2\}} p_1 x_1 + p_2 x_2 \text{ болса } U(x_1, x_2) \geq U.$$

Шешім екі *өтелетін сұраныс функциясы арқылы сипатталады: $x_1 = h_1(p_1, p_2, U)$ және $x_2 = h_2(p_1, p_2, U)$. Оңтайлы нұсқаны мақсатқа ауыстыру шығынның мынадай төмен деңгейін береді:

$$E(p_1, p_2, U) \equiv p_1 h_1(p_1, p_2, U) + p_2 h_2(p_1, p_2, U).$$

$E(p_1, p_2, U)$ функциясы – қаражат жұмсау функциясы. Шепардтың леммасы бойынша $\partial E / \partial p_i = h_i(p_1, p_2, U)$ – баға өзгерісінің элеуметтік салдарын есептеу үшін пайдалы болып келетін нәтиже. Сондай-ақ **ЖАНАМА ПАЙДАЛЫЛЫҚ ФУНКЦИЯСЫ; ШЫҒЫН ФУНКЦИЯСЫН** *қараңыз.*

қаражатты мақсатты бөлу (earmarking) Белгілі бір салық пен белгілі бір мемлекеттік шығын түрі арасындағы байланыс. Ұлыбританияда, мысалы, телевизиялық лицензиядан түскен кіріс Британ хабар тарату корпорациясын қолдауға жұмсалады. Ал кері жағдайда, Жол қоры лицензиясының түсімдері

жолдарды жөндеуге және оларды күтіп ұстауға жұмсалмайды. Сондай-ақ **ИПОТЕКАЛЫҚ КЕПІЛДІ** *қараңыз.*

қаражатты шығару (equity withdrawal) Кепілге салынған мүлікті сатып алу-дан немесе жақсартудан басқа кез келген мақсатта жаңа немесе ұлғайтылған *ипотека алу. Ол бизнес ашу немесе оны кеңейту үшін капитал тарту құралы ретінде немесе ол неғұрлым жоғары пайыздық мөлшерлемен алынған, кепілдендірілмеген қарыздарды өтеу үшін арзан, сенімді несие тарту құралы ретінде пайдаланылады.

қарақшылық (piracy) *Авторлық құқықты бұзудың жалпы атауы. Мысалы, онлайн қарақшылық – авторлық құқық иесінің рұқсатынсыз жүктеуге болатын музыка немесе видео сияқты авторлық құқықпен қорғалған материалдар жасау.

қарапайым баға индексі (elementary price index) Сатып алушының тұтыну себепіндегі әртүрлі тауарлардың салыстырмалы маңыздылығын ескермейтін өлшенбеген баға индексі. Қарапайым баға индексі шығындардың көлем немесе салмақтық көрсеткіштерінсіз жасалады. Мысалы, 0 уақытының орташа бағасына бөлінген t уақытының орташа бағасы – қарапайым баға индексі. Сондай-ақ **БАЗАЛЫҚ ӨЛШЕНГЕН ИНДЕКС; АҒЫМДАҒЫ ӨЛШЕНГЕН ИНДЕКС; ФИШЕРДІҢ МІНСІЗ БАҒА ИНДЕКСІН** *қараңыз.*

қарапайым ең кіші квадраттар (ordinary least squares) (OLS) *Қалдықтар квадраттары қосындысын минималдау арқылы *сызықтық регрессиядағы коэффициенттерді бағалау тәсілі.

қарапайым пайыздық мөлшерлеме (simple interest) N кезең өткеннен кейін

негізгі сомаға n пайызы қосылатын, бір кезең үшін сома төлеуді талап ететін жүйе. Негізгі капитал – P , ал кезеңдегі пайыздық мөлшерлеме r болса, онда n кезеңінің соңында $P(1+nr)$ төлемі талап етіледі. N өскен сайын қарыз беруші табысының пропорционал нормасы төмендейді, өйткені $(n+1)$ кезеңі үшін n кему функциясы болып табылатын $rP/[(1+nr)P]$ -ге тең. Қарапайым пайыз қысқамерзімді несиелерді қоспағанда өте сирек қолданылады.

қаржы бөлу (ассигнация) туралы билль (заң жобасы) (appropriation bill) Қаражат жұмсауға рұқсат беретін АҚШ Федералдық заң жобасы. Оны Конгрестің екі палатасы да мақұлдауға тиіс.

қаржы дағдарысы (financial crisis) Қаржы жүйесінің тұрақтылығына қауіп төндіретін қаржы институттарының күйреуі. Мұндай қаржы институттарына сауданы жалғастыруға қабілетсіз банк немесе өз міндеттемелерін орындауға қабілетсіз тәуелсіз мемлекет жатуы мүмкін. Қаржы дағдарысының негізгі ерекшелігі – оның жүйедегі сипатында. Мысалы, бір банктің күйреуі дағдарыс емес, бірақ күйреу басқа қаржы институттарының күйреуіне қауіп төндірсе, онда ол дағдарыс болады. Қаржы дағдарысы тұтынушылардың *банктен қашуына, ал ол банктердің жаппай банкроттығына, борыштық міндеттемелер бойынша айтарлықтай *дефолтқа, *өтімділіктің жетіспеуіне және қаржы секторындағы мамандардың қысқаруына әкеп соғуы мүмкін. Қаржы дағдарысы да нақты *экономикалық қызметке теріс әсер етуі мүмкін. Инвесторлар мен тұтынушыларға арналған несие ағындарының бұзылуы инвестициялық және тұтыну шығындарының қысқаруына алып келеді, бұл, өз кезегінде,

қаржылай активтерінің болашақ құнына қатысты белгісіздікті арттырады, сөйтіп, қаржылай қиындықтарды одан әрі ушықтырады. *НЕСИЕНІ ШЕКТЕУДІ ДЕ ҚАРАҢЫЗ.*

қаржы делдалы (financial intermediary) Негізгі функциясы адамдардың бір тобынан ақша алып, оны басқасына беретін фирма түрі. Қаржы делдалдары көптеген заңды немесе жеке тұлғалардан жинақтарды жинау, оларды ірі көлемде несие беру үшін қолдану, сондай-ақ көп ұсақ борышкерлер туралы немесе жекелеген ірі борышкерлерге несие беру қатері туралы ақпаратты білгендіктен табысты жұмыс істей алады. Үлкен соманы несиеге алуға ниет білдірген фирмалар көптеген шағын кредитормен келіссөз жүргізу қиындықтарын қаламайды, кредиторлар қатерді төмендету үшін, яғни өз ақшасын түпкілікті пайдаланушыларға көптеген жекелеген шағын несие жасаудағы жоғары транзакция шығынын болдырмау үшін қаржы делдалдарына жүгінеді. Қаржы делдалдарына жүгіну кредиторлар үшін де, қарыз алушылар үшін де қатер мен операциялық шығынды төмендетеді.

қаржы жылы (financial year) Кез келген ұйым есепті кезең ретінде пайдаланатын жыл. Бұл күнтізбелік жылға сәйкес келуі мүмкін, бірақ көбінесе олай емес.

қаржы инновациясы (financial innovation) Қаржы мекемелеріндегі, қаржы құралдарындағы немесе қаржы секторындағы бизнес-дағдылардағы өзгерістер.

қаржы коэффициенттері (financial ratios) Фирмалар арасындағы салыстыру үшін қолданылатын компания шоттарындағы түрлі көрсеткіштерден құралған коэффициенттер. Оларға *бағалауда катынасы (P/E), яғни нарықтағы

бағаның акция пайдасына қатынасы және баға–дивиденд қатынасы (P/D), яғни нарықтағы бағаның акцияға төленген соңғы дивидендке қатынасы жатады. Қаржы коэффициенттері түрлі компанияларға инвестициялаудың артықшылықтарын салыстыру үшін және компанияның болашақ қызметін болжаушы ретінде қолданылады.

қаржы қауіпсіздігі (financial security)
ҚАУІПСІЗДІКТІ қараңыз.

Қаржы қызметі туралы Заң (Financial Services Act) Ұлыбританиядағы қаржы жүйесі мен қаржы қызметтері үшін жаңа нормативтік базаны қалыптастырған 2012 жылы қабылданған Ұлыбритания заңнамасы. Бұл заңнаманың қабылдануына 2009 жылғы қаржы дағдарысын реттеу жүйесінің әсері түрткі болды. 2013 жылдан бастап Ұлыбританияның қаржы жүйесін *Қаржыны реттеу және бақылау басқармасы, *Пруденциал реттеу басқармасы және *Қаржы саясаты жөніндегі комитет реттейді.

қаржы нарығы (financial markets) Қаржылай активтер саудаланатын нарықтар. Оларға компаниялардың акцияларын және мемлекеттік қарызды сатуға арналған *қор биржалары, қысқамерзімді несиелерді сатуға арналған ақша нарығы, валюталарды сатуға арналған шетел валютасы нарығы, сондай-ақ қаржы деривативтерін сатуға маманданған бірқатар нарықтар жатады. Қаржы нарықтарының көбі қазіргі уақытта трейдерлердің жеке кездесулері арқылы емес, компьютерлік және телефон байланысы арқылы жұмыс істейді. Бірақ көптеген қатысушы әлі күнге дейін нарықтың басқа ірі қатысушыларының жанында болуды қалайды, сондықтан қаржы нарықтары әдетте Франкфурт, Лондон, Нью-Йорк

немесе Париж сияқты ірі бизнес-орталықтарда шоғырланған.

Қаржы саясаты комитеті (ҚСЖК) (Financial Policy Committee) (FPC) *Жүйедегі қатерді анықтау, мониторингілеу және жою немесе төмендету шараларын жасайтын, Ұлыбританияның қаржы жүйесін қорғауға және оның тұрақтылығын арттыруға жауапты *Англия банкінің тәуелсіз комитеті. Ол 2013 жылы *ақша-несие саясаты жөніндегі комитеттің аналогі ретінде құрылды. Қаржы саясаты комитеті қаржы жүйесіндегі өзгерістерді және мүмкін болатын саяси араласуды талқылау үшін тоқсан сайын отырыстар өткізеді. Ол *Қаржыны реттеу және бақылау басқармасына және *Пруденциал реттеу басқармасына нұсқаулар мен ұсыныстар бере алады. www.bankofengland.co.uk/financial-stability/Pages/fpc/default.aspx – Англия банкі веб-сайтындағы Қаржы саясаты комитетінің парақшасы.

қаржы секторы (financial sector) Ұзақ немесе қысқамерзімді несиелер берумен және қарыз алумен айналысатын экономиканың бір бөлігі. Бұған банктер, банктік емес қаржы делдалдары, мысалы, тұрғын үй құрылыс жинақтары (Ұлыбритания) немесе жинақ-несие қауымдастықтары (АҚШ), сондай-ақ сауда банктері, сақтандыру компаниялары, зейнетақы қорлары және бірқатар қаржы менеджерлері мен консультанттары жатады.

қаржы фьючерстері (financial futures) Валюта, пайыздық мөлшерлемелер немесе қор индекстеріндегі *фьючерс келісімшарттар. Форвард келісімшарттар сияқты фьючерс келісімшарттар екі тарапты да болашақта алдын ала келісілген бағамен мәміле жасауға міндеттейді. Фьючерс келісімшарттар *фьючерс нарықтарда ұйымдасқан биржаларда

саудаланады. Бұл келісімшарттар трейдерлер ұшырайтын қатерді азайту үшін *хеджирлеу ретінде немесе күтіліп отырған пайда үшін қосымша тәуекел алу арқылы *алыпсатарлық ретінде де қолданылуы мүмкін. Қаржы фьючерстері Ұлыбританияда *Лондон халықаралық қаржы фьючерстері және опциондар биржасында сатылады.

қаржы экономикасы (financial economics) Тұтыну мен қаржылай активтер арасындағы жеке ресурс бөлінісін, сондай-ақ жеке тұлғалар таңдауының тепе-теңдік салдарын талдайтын экономика саласы. Қаржы экономикасы банктер мен инвестициялық компанияларды қамтитын қаржы мекемелерінің іс-әрекетін талдайды.

қаржылай активтер (financial assets) Ақша мен талаптар. Олар жер, ғимарат немесе жабдық сынды заттай активтерден ерекшеленеді. Қаржылай активтерге ақша, вексельдер немесе облигациялар сияқты ақша алу туралы талапқа жататын бағалы қағаздар; компаниялардың заттай және қаржылай активтеріне жанама меншік құқығын беретін акциялар кіреді. Қаржылай актив ретіндегі талаптарға жеке тұлғалардың, ішкі және шетелдік компаниялар мен үкіметтердің міндеттемелері жатады. Қаржылай активтерге қаржы мекемелерінің акциялары және *опциондар секілді деривативтер жатады.

қаржылай бейтараптық (fiscal neutrality) Экономикада бұрмалануды болдырмайтын қаржы жүйесін әзірлеуді мақсат етеді. Мысалы, салық жүйесі фирмаларға жабдықтардың кейбір түрлерін дәл сондай қызмет көрсету мерзімі бар басқа жабдықтармен салыстырғанда жылдам есептен шығаруға мүмкіндік берсе, бұл инвестицияны көбірек артықшылық әкелетін жабдықтарға

құюға итермелейді. Қаржылай бейтараптық ынталандырудың осындай түрін болдырмауға ұмтылады және көбінесе салық жүйесінің пайдалы тұсы ретінде ұсынылады.

қаржылай қарсыласу (fiscal drag) Инфляция және салық салудың прогрессив жүйесі жағдайында салық түрінде жиналатын кірістер үлесінің өсу үрдісі. Бұл – табыс салығы төленуі керек шегі мен жоғары салық мөлшерлемесін ақшалай белгілеуді қолдану шегі. Осылайша инфляция тікелей салықтан түскен кіріс үлесін арттыруы мүмкін. Алайда кейбір *арнайы салықтың болуы баға өскенде жанама салықтан түсетін кіріс үлесін азайтуы мүмкін. Сонымен қатар берешектерден жиналатын салықтың көбі қаржылай қарсыласуды азайта алады.

қаржылай қысым шаралары (financial repression) Нарықты қолдану арқылы емес, несиелерді әкімшілік шаралар арқылы бөлу есебінен өтімділікке шектеу енгізу. Қаржылай қысым шаралары экономикадағы инвестицияларды бөлуге ықпал ету немесе қаражатты бөлуге жауапты тұлғаларға бопсалау арқылы ықпал ету ниетімен жасалуы мүмкін.

қаржылай тұрақтылық көрсеткіштері (financial soundness indicators) Халықаралық және ұлттық қаржы жүйелерінің құрылымдық, институционалдық және макроэкономикалық тұрақтылығын бағалауды қамтамасыз ету мақсатында *Халықаралық валюта қоры оның мүше елдерімен және *Халықаралық есеп айырысу банкі және *Еуропа орталық банкі сияқты халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта әзірлеген статистикалық шаралар кешені.

Қаржыны бақылау басқармасы (ҚББ) (Financial Conduct Authority) (FCA)

Ұлыбританияның қаржы саласын реттеуші тәуелсіз мекеме. Қаржыны бақылау басқармасы *Пруденциал реттеу басқармасымен бірігіп, 2012 жылы *Қаржыны реттеу және қадағалау басқармасының орнын басты. Қаржыны бақылау басқармасының негізгі міндеттері нарықтың тұтастығын қолдау және қамтамасыз ету, фирмалардың қаржы қызметтерін тұтынушыларға әділ мәміле ұсынатындай етіп реттеу, сондай-ақ қаржы қызметтері нарығының бәсекеге қабілетін арттыру. Қаржыны бақылау басқармасы қаржы министрлігіне есеп береді, бірақ оның қаржыландыру көзі ол реттейтін фирмалар төлейтін алымдардан тұрады. www.fca.org.uk/ – Қаржыны бақылау басқармасының ресми веб-сайты.

Қаржыны қадағалау басқармасы (ҚРҚБ) (Financial Services Authority) (FSA)

Ұлыбританиядағы қаржы қызметтері саласын реттеу үшін 2000 жылғы Қаржы қызметтері және нарықтар туралы Заңға сәйкес заңнамалық өкілеттіктер берілген тәуелсіз үкіметтік емес орган. Қаржыны реттеу және қадағалау басқармасын 2013 жылы *Қаржыны бақылау басқармасы, *Пруденциал реттеу басқармасы және *Қаржы саясаты комитет алмастырды.

қаржыны қайта реттеу (financial deregulation) Қаржы қызметін жүзеге асыратын фирмалар жүргізетін бизнес түріне, белгілі бір нарықтарда іс жүргізуге рұқсат етілген фирмалар түріне ықпал ететін ережелерді жою немесе жеңілдету. Жеңілдетілген реттеуге банктер несие немесе қарыз бере алатын пайыздық мөлшерлемелерді бақылау, тіркелген елінен тыс жерде жұмыс істеп жатқан банктердің операцияларын бақылау және нақты қаржы институттары жүзеге асыра алатын қызмет түрлерін шектеу жатады.

қарқын әсері (impact effect) Кез келген экономикалық оқиғаның бірден немесе қысқа уақыт ішінде әрекет ететін бөлігі. Мысалы, *мультипликатор-акселератор моделінде инвестицияның, мемлекеттік шығынның немесе экспорттың әсері жұмсалған бірлікке қосымша кірістің 1 бірлігі. Салық төлемдері, жинақ пен импорт шығып кеткеннен кейін екінші деңгейлі k квадраттар құрылды; содан кейін тағы бір раунды k^2 және тағы басқалар. $1/(1 - k)$ дейінгі ықтимал мультипликатор әсері 1-дің әсерінен артық. Кейбір экономикалық оқиғалар олардың жалпы әсерінен асып түседі, мысалы, жұптарға арналған британдық ипотекалық салықтан босату ережелерінің өзгеруі 80 жылдардың соңындағы тұрғын үй бағасының өсуі ретінде кеңінен танылады, бірақ бағаның ықтимал әсері аз болды.

қарқынды еңбекті талап ететін техникалық прогресс (labour-augmenting technical progress) Тиімді еңбек сыйымдылығын ұлғайтатын техникалық прогресс. Егер өндіріс L еңбекті және K капиталды қолданса, онда қарқынды еңбекті талап ететін техникалық прогресс $Y = F(A(t)L, K)$ өндіріс функциясында уақыт өте келе өсетін t арқылы A өлшенеді. Сондай-ақ ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІ қараңыз.

қарқынды шек (intensive margin) Қолданыстағы қызмет жүзеге асырылатын деңгейдегі өзгерістерге әсер ететін шек. Мысалы, бір аптадағы жұмыс сағатын 40-тан 41-ге дейін көбейту қарқынды шекте өзгереді. Сондай-ақ АУҚЫМДЫ ШЕКТІ қараңыз.

қарыз алу (borrowing) Ақша жұмсалуын қаржыландыру үшін қарыз алу. Мұны жеке тұлғалар, фирмалар мен үкімет жасайды. Қарыз алу пайыздық шығынға қарағанда тиімдірек болса, онда

қарыз алу дұрысырақ болады. Қарыз жеке шығынға қатты қажет болғанда немесе табыс кенеттен азайып кеткенде немесе ол фирма үшін жағымды инвестициялық мүмкіндік болғанда алынады. Дәл осылай үкімет те қарыз салық салудан арзанға түскенде қарыз алады. Өте көп қарыз алу *қарызды қайтаруды қиындатып жібереді. Елдер көбірек үнемдеуге қарағанда көбірек инвестициялауды қалағанда қарыз алады. Бұл инвестиция өте өнімді болса дұрыс саналады, өйткені өте көп қарыз алу төлем балансы мәселесін тудырады. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ҚАРЫЗ АЛУДЫ *қараңыз*.

Қарыз алу туралы жалпы келісім (General Agreement to Borrow) 1962 жылы *G-10, яғни үлкен ондық елдері жасаған халықаралық несие беру туралы келісім. Бұл келісім дұрыс емес, өйткені бұл елдер өз валютасын қорғау мақсатында, бір-бірінен қосымша резерв алу үшін *Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) арқылы қосымша несие беруге келісті. Кейінірек бұл келісім ХВҚ-ның басқа мүшелеріне де таралды.

қарыз ауыртпалығын жеңілдету (debt relief) Борышкерлерден төмендетілген немесе кейінге қалдырылған пайыздық және өтемдік төлемдерді қабылдауға рұқсат беретін қарызы бар фирманың немесе мемлекет кредиторының келісімі. Кредиторлар төлеу қабілеті жоқ үмітсіз борышкерлерге қарағанда қолайлы шоттарды төлеу үшін нақты күш жұмсайтын борышкерлерден үлкен үміт күтуге болады деп сенсе, онда кредиторлар қарыз ауыртпалығын жеңілдетуге мүдделі болуы мүмкін.

қарыз дағдарысы (debt crisis) Ірі борышкерлердің өз қарызын өтеуге қабілетсіздігі не қаламауы немесе осыған байланысты елеулі қорқынышы. Негізгі

борышкерлер өз қарызы бойынша пайызын және өтемдік төлемдерін төлеуге қабілетсіз болса немесе қаламаса және кредиторлар төлем жасалатынына сенімсіз болса, онда қарыз дағдарысы болады. Бір мемлекет немесе мемлекеттер тобы қарызын өтей алмағанда мемлекеттік борыш пайда болады.

қарыз дефляциясы (debt deflation) Адамдар мен фирмалардың қарызы тым көп болғандықтан, шығын азаятын жағдай. Бұл компанияларды немесе адамдарды шығынды азайтуға ынталандырады және одан әрі қарыз алуды шектейді. Борышкерлер өз кредиторларына қарағанда қаражатты жұмсауға неғұрлым бейім болса немесе борышкерлер өтімділік бойынша шектелген, ал кредиторлар шектелмеген болса, бұл жиынтық сұранысты төмендетеді.

қарыз залалының орнын толтыруға арналған резерв (loan-loss reserve) Қаржы институттарына тиесілі резерв қор, олар берілген қарыздың кейбірі *нашар қарызға айналуы мүмкін деп сенеді, бірақ борышкерлердің қайсы өз міндеттемелерін орындамайтынын білмейді немесе олардың төлей алмайтынын да айқындағысы келмейді.

қарыз капиталы (loanable funds) *Пайыздық мөлшерлемені айқындау теориясы қажет болған жағдайда, қолда бар жинақ ақшамен жабдықтауға арналған қаражатқа сұранысты теңестіреді. Бұл ұзақмерзімді ұсыныс факторларына байланысты ұлттық кіріс деңгейін белгілеу болжанған кезде алдын ала кейнстік ойлау әдісімен танымал болды. Бұл Кейнстің өтімділікті қалау теориясына қайшы келеді, онда пайыздық мөлшерлемелер ақша қаражатының қалдықтарына сұраныспен ұсынысты теңестіруі қажетімен

анықталады. Сондай-ақ ҰСЫНЫС ЭКОНОМИКАСЫН *қараңыз*.

қарыз қаражатын инвестициялау (leveraging) Инвестицияны қаржыландыру үшін қарызға алынған қаражатты пайдалану. Жаңа капиталды сатып алу үшін облигациялар шығаратын корпорация қаражат тартумен айналысады. Сол сияқты жеке инвестор *маржалық саудамен айналысады.

қарыздан бас тарту (repudiation of debt) Борышкердің борыш міндеттемелерінен біржақты бас тартуы. Егемен мемлекет сенім мен беделден айырылуды есептегенде, қарыздан жазалаусыз бас тарта алады. Кез келген басқа борышкерге заңды санкциялар түседі.

қарызды қайтару (debt service) Борыштық келісімшарт бойынша төленетін төлемдер. Бұл пайыздық төлемдер мен өтемдік төлемдерді қамтиды. Борыш ұзақмерзімді болғанда борыштық келісімшарт бойынша төленетін төлемдердің үлкен бөлігін пайыздық төлемдер құрайды. Ал борыш қысқамерзімді болғанда қарызды қайтару бойынша төленетін төлемдердің үлкен бөлігін өтемдік төлемдер құрайды.

қарызды қайтару қатынасы (debt service ratio) Мемлекеттің қарызды қайтару төлемдерінің оның жалпы экспорттан алатын табысына қатынасы. Әдетте ол пайызбен көрсетіледі. Мемлекеттің қарызды қайтару қатынасы жоғары болған сайын мемлекет экспорттан алатын табыстар немесе жаңа несие алу арқылы борышты өтеу барысында қиындыққа тап болуы мүмкіндігі жоғары болады.

қарыздың өтелу құны (redemption value)
*Өтеу мерзімі жеткенде бағалы қағаз өтелуге тиіс баға.

қасірет индексі (misery index) *Жұмыссыздық деңгейі мен *инфляция деңгейі артуы арқылы қалыптасатын жалпы экономикалық көрсеткіштер индексі. Индексті алғаш рет 1960 жылдары Артур Оукен енгізді, жұмыссыздық пен инфляция елдегі экономикалық және әлеуметтік шығынға әкеледі деген болжамдарға сүйенді. Индекстің өсуі экономикалық көрсеткіштер нашарлағанын білдіреді. 1999 жылы ұсынылған Роберт Барро нұсқасы пайыздық мөлшерлемені және ЖІӨ өсу қарқынын қамтиды.

қатал бәсеке (cut-throat competition) Тауар мен қызмет жеткізушілер арасындағы бәсеке. Қатал бәсекеде жеткізушілер бағаны төмендету немесе басқа әдістерді қолдану арқылы кейбір немесе барлық бәсекелесіне қауіп төндіреді.

қатаң ақша-несие саясаты (tight monetary policy) Шектеулі монетарлық саясат. Бұл төлей алатын сұраныс деңгейін шектеу арқылы несиелерді қымбат ету және қол жеткізуді қиындатуды білдіреді.

қатаң бюджеттік шектеу (hard budget constraint) Қандай да бір жекеменшік немесе мемлекеттік органдар тарапынан шығындарды шектеу, оны бұзудың салдары қатаң жазаланады. Мысалы, компаниясы шығынсыз қызмет етуге немесе пайданың қажет деңгейіне қол жеткізе алмаған менеджерлер жұмыс орындарын босатады немесе тіпті компания қызметін тоқтатады. Ұлыбританиядағы *жекешелендіру процесі басшылардың бюджеттік шектеулерге қатаң қарауының ішінара жалғыз тәсілі ретінде қабылданды. ЖҰМСАҚ БЮДЖЕТТІК ШЕКТЕУЛЕРДІ *қараңыз*.

қатаң қону (hard landing) Шамадан тыс көп сұраныс деңгейі мен инфляция

кезеңі аяқталып, арты *рецессияға ұлғасқан жағдай. Тиімді сұранысты жоғары деңгейде және инфляцияны төменгі деңгейде тұрақтандыру үшін қандай фискалдық және монетарлық шектеулер қажет екенін дәл айту қиын. Тым аз немесе тым кеш жүргізілген бақылау артық сұранысты емдеуге қабілетті емес. Тым қатаң бақылау іскерлік сенімге зиян келтіруі және рецессияға апаруы мүмкін. Бұл – қатаң қонудың қалыпты шектеулерін уақытылы пайдалану жұмыспен қамтудың жоғарғы деңгейі кезінде баға тұрақтылығына біртіндеп көшуге мүмкіндік беретін мінсіз *жұмсақ қону арасындағы белгілі айырмашылық.

қатаң несие (hard loan) Қарыз алушының несие рейтингіне, өтеу күніне, проценттер төленетін валютаға және өтеу мерзіміне сәйкес келетін қатерлер үшін сыйақыны қоса алғанда, проценттерге қатысты қалыпты нарық шарттары бойынша берілген несие. Бұл – қатаң несиенің пайыздық төлемдер мен капиталдың өтелуін жұмсақ валютаға оңай аударуға немесе жұмсақ валютада төлеуге болатын жеңілдетілген пайыздық мөлшерлеменен берілетін *жеңіл несиеден айырмашылығы.

қатаң стационарлық процесс (strongly stationary process) Егер $X_{t1}, X_{t2}, \dots, X_{tm}$ ортақ таралуы және $X_{t1+k}, X_{t2+k}, \dots, X_{tm+k}$ ортақ таралуымен бірдей, яғни аударғанда өзгеріссіз болса, онда x_t *стохастикалық процесс қатаң стационарлық процесс деп аталады. Қатаң стационарлық осал немесе *ковариациялық стационарлықты білдіреді; жалпы жағдайда керісінше болмайды.

қатаң фискалдық саясат (tight fiscal policy) *Төлей алатын сұранысты шектеу тенденциясы бар фискалдық саясат. Бұл жоғары салықты немесе төмен

мемлекеттік шығынды қамтуы мүмкін. Екі жағдайда да «жоғары» және «төмен» нақты белсенділіктің ағымдағы деңгейі үшін қалыпты деп саналатын ағымдағы деңгейлерді салыстыратын сәйкес терминдер.

қатені түзету моделі (error correction model) Ағымдағы айнымалының өзгерісі оның өткен кезеңдегі мәні мен оның ұзақмерзімді тепе-теңдіктегі құнының арасындағы қашықтыққа байланысты болатын динамикалық модель. Бұл модель коинтеграцияланған айнымалылар арасындағы қысқамерзімді динамикалық қатынастарды және олардың ұзақмерзімді тепе-теңдік қатынастарына бейімделу көрсеткішін бағалау үшін жиі пайдаланылады. Сондай-ақ ЙОХАНСЕН ТӘСІЛІ; ВЕКТОРЛЫҚ ҚАТЕЛЕРДІ ТҮЗЕТУ МОДЕЛІН қараңыз.

қатені түзетудің векторлық моделі (vector error correction model) Көп-өлшемді бейстационар уақыт қатарларын сипаттайтын теңдеулер жүйесіне *қателерді түзету моделін жалпылау.

қатер (risk) Белгісіздік формасы, онда іс-әрекеттің нақты нәтижесі белгісіз болса да, ықтималдық әр ықтимал нәтиже үшін тағайындалуы мүмкін. Бұл баламаға қарағанда артықшылықтарды көрсету үшін *күтілетін пайдалылық функцияны қолдануға мүмкіндік береді. Ықтимал нәтижелерді үлестіру *вариациясы көп жағдайда, әсіресе қаржы теориясында қатер өлшемі ретінде қолданылады. Сондай-ақ КОНТРАГЕНТТЕРДІҢ НЕСИЕ ҚАТЕРІ; ВАЛЮТА ҚАТЕРІ; ТӨМЕНДЕУ ҚАТЕРІ; ҚАТЕРГЕ ҰШЫРАУ; ИДИОСИНКРЕТТІК ҚАТЕР; ТӘУЕЛСІЗ ҚАТЕР; НАРЫҚТАҒЫ ҚАТЕР; ЕСЕПТІК ҚАТЕР; ЖҮЙЕДЕГІ ҚАТЕР; ЖҮЙЕЛІК ҚАТЕРДІ қараңыз.

қатер (тәуекел) құны (КҚ) (value at risk) (VaR) Берілген сенімділік интервалы

үшін белгілі бір кезеңдегі белгілі бір активтің немесе активтер портфелінің құнын ықтимал жоғалту шарасы. Мысалы, активтің ҚҚ 95 пайыз бір апта ішінде сенімді сенімгерлік деңгейде 10 млн £ болса, онда активтің құны осы аптада 10 млн фунттан артық түседі деген 5 пайыз ықтималдығы бар. Қатер құнын банктер портфель құнындағы ықтимал шығынды өлшеу үшін пайдаланады. Содан кейін банктің қатерге қатысты позициясын бағалау үшін шығынды қолда бар капиталмен және ақша резервтерімен салыстыруға болады.

қатер сыйақысы (премия) (risk premium) 1.

*Қатерден қашатын адам қатерді болдырмау үшін төлеуге дайын сома. W бастапқы байлығы бар және кездейсоқ болып келетін \tilde{W} соңғы байлығына әкелетін қатерлі перспективасы бар адамды қарастырайық. Қатер сыйақысы, яғни ρ былай анықталады:

$$U(W - \rho) = E[U(\tilde{W})]$$

осылайша ол $W - \rho$ белгілі бір байлық деңгейінің пайдалылығын \tilde{W} байлықтың қатер деңгейінің *күтілетін пайдалылығына теңестіреді. $E[\tilde{W}] = W$ болса, онда пайдалылық функциясы қатаң ойыс қисық болғанда $\rho > 0$ болады.

2. *Қатерден қашатын инвесторларды ынталандыру үшін *қатерсіз бағалы қағазбен төленгеннен артық төленуге тиіс қосымша табыс. Қатер сыйақысы қаржы нарықтарындағы тепе-теңдікпен эндоген сипатта анықталады. Мысалы, *капитал активтердің бағасын белгілеу моделінде i активі бойынша қатер сыйақысы $\beta_i(\bar{r}_m - r_f)$ ретінде анықталады, мұндағы β_i – i активінің бета-коэффициенті, \bar{r}_m – нарықтағы портфельдің күтілетін қайтарымы, ал r_f – қатерсіз бағалы қағаздың қайтарымы.

қатер, тәуекел (risk) Жіктеудің барлық жобаларына әсер ететін зақымданудан пайда болатын қатер. Қатердің бұл түрін әртараптандыру арқылы азайту мүмкін емес. Бұл әртүрлі жобаға әсер ететін бұрмалану тәуелсіз болып, активтер *портфелін бірнеше жоба арасында бөліп, азайтуға болатын жүйелі емес немесе *идиосинкреттік қатерге қарсы қойылады. Мысалы, қор нарығында қатер ішінара жүйелі: сол бағыттағы акциялар бағасының көпшілігіне әсер ететін нарық деңгейіндегі факторлары бар. Мұның сондай-ақ ішінара идиосинкреттік формасы бар: кез келген сала мен компания әртүрлі кездейсоқ бұрмалауға тап болады. Мұны *жүйедегі қатерден ажырата білу керек.

қатерге бейтарап (risk-neutral) Адам белгілі бір M ұтыспен және қауіпті перспективасы бар күтілетін M ұтысы арасындағы төлемдерге енжар болса, ол қатерге бейтарап болғаны. Бұл *байлықтың шекті пайдалылығы тұрақты болғанда әділ, сондықтан *пайдалылық функциясы тура сызықтық болады. Қатерге бейтарап тұлға актуарлық *әділ ойынға кіру не кірмеуге қатысты немқұрайлық танытады.

қатерге бейтарап бағалау (risk-neutral valuation) Қаржылай активтерді бағалау әдісі. Қатерге бейтарап бағалау болашақ төлемдер құнын дисконттау арқылы қатерсіз *қайтарым коэффициентін есептеуді білдіреді. Күтілетін мән әр төлемнің нақты ықтималдығын пайдалана отырып алынбайды. Оның орнына қатерге бейтарап бағалау барлық инвесторлар қатерге бейтарап болғанын болжай отырып, активтердің бақыланатын бағасын ұтымды ету қасиеті бар құрастырылған ықтималдықтарды («қатерге бейтарап ықтималдықтар») пайдалана отырып, болашақ төлемдердің күтілетін құнын есептейді.

қатерге бейім (risk-loving) Адам белгілі бір M ұтыстың орнына қауіпті перспективасы бар күтілетін M -ді таңдаса, онда ол – қатерге бейім адам. Бұл *байлықтың шекті пайдалылығы жағдайында әр кезде әділ болады, сондықтан *пайдалылық функциясы қатаң дөңес болады. Қатерге бейім жеке тұлға актуарлы *әділ ойынға кіру үшін жарна түрінде төлем жасауға дайын болады.

қатерге қарай түзетілген капитал қайтарымы (ҚТКҚ) (risk-adjusted return on capital) (RAROC) Түрлі инвестиция қайтарымын *қатерді ескере отырып салыстыру әдісі. Нақты қайтарым активтердің қатерге бейімдік дәрежесін өлшеу және қатері неғұрлым жоғары активтердің қайтарымын төмендету жолымен түзетіледі. ҚТКҚ қаншалықты пайдалы екені түрлі активтердің қатерін қаншалықты дәл бағалауға болатынына және қатері бар активтер үшін айыппұл қандай да бір инвестордың қатерді қабылдамау дәрежесін қаншалықты дәл көрсететініне байланысты. *Деривативтер сияқты активтердің жаңа түрлері үшін қатерге бейімдікті бағалау айтарлықтай дәрежеде анықталмаған болады, себебі олардың бағасы нақты тәжірибеге дейін алдын ала белгісіз болады.

қатерге салмақталған активтер (risk weighted assets) Банктік активтердің қатерге қарай түзетілген, бағаланған құны. Бұл банктің балансындағы барлық активтердің салмақталған сомасы ретінде есептеледі, мұнда әр базалық активтің салмағы оның қатеріне сәйкес келеді. Активтердің салмағы *Халықаралық есеп айырысу банкінің Базель комитеті әзірлеген тәсілмен анықталады.

қатерге ұшырау (exposure to risk) Жеке қарыз алушылар немесе қарыз алушылар тобы өз міндеттемелерін орындамаған

жағдайда қарыз беруші ұйымдардың зардап шегуі. Қатерге ұшырау дәрежесін дефолтқа ұшырауы екіталай саналатын елдерге мемлекеттік борыш беру секілді инвестициялаудың салыстырмалы қауіпсіз формаларын таңдау арқылы немесе бір қарыз алушыға активтердің үлкен пайызын инвестициялауды болдырмау арқылы төмендетуге болады.

қатерден қашу (risk-averse) Адам күтілетін M ұтысы бар қатерлі болашаққа қарағанда белгілі бір N ұтысты қаласа, онда ол қатерден қашады. Бұл жағдайда *байлықтың шекті пайдалылығы төмендейді, сондықтан *пайдалылық функциясы қатаң иілген болады. Қатерден қашатын тұлға актуарлық түрде *әділ ойынды қабылдамайды және төленетін төлем кездейсоқ болуын болдырмау үшін *қатер сыйақысын төлейді.

қатерді бөлісу (risk sharing) Экономикалық агенттер арасында қатерді бөлісу. Мысалы, фирма қатерлі жобаны қаржыландырғысы келеді деп болжайық. Ол өз ақшасын пайдаланса, барлық қатерді көтереді. Ол жобаның x пайызын (үлесін) қаржыландыру үшін *акционерлік капитал шығарса, қатердің x пайызын (үлесін) акцияларды сатып алатын адам (тұлға) алады. Осыған ұқсас мемлекет қатерді салық төлеушілер арасында бөледі. Үкіметтің қатерлі жобаға инвестицияларын қарастырайық. Жоба нашар орындалса, кез келген залалды (немесе бюджеттен тыс шығынды) салық төлеушілер өтейді. Үкіметтің қатерді бөлу қабілеті үкімет *қатерге бейтарап болған жағдайда әрекет етуге тиіс деп айту үшін пайдаланылды. Қатерді тиімді бөлу *қатерден қашатын агенттер арасында жүреді. Демек, қатерден қашатын қызметкер мен қатерге бейтарап фирманың

арасында қатерді бөлуде фирмаға төнетін барлық қатер бөлінеді.

қатерді біріктіру (risk pooling) Қайтарымы толық корреляцияланбаған екі немесе одан көп қатерлі жобаны біріктіру. Мұндай жобалардан күтілетін қайтарым сомасы жекелеген жобалардан күтілетін қайтарымға қарағанда аз дәрежеде бөлінген (бытыраңқылығы аз). Сақтандыру компаниялары бірқатар жекелеген жобалар бойынша қатерді біріктіре отырып жұмыс істейді, мысалы, көптеген үйдің кез келгенінің өртену ықтималдығы. Қатерді біріктіру сондай-ақ мінез-құлқы кем дегенде ішінара тәуелсіз бірқатар түрлі акцияларды иеленетін инвестициялар *портфеліне және *пай қорларына қатысты қолданылады. Қатерді біріктіру – шағын ұйымдармен салыстырғанда ірі ұйымдар үшін артықшылықтың бірі.

қатерді қабылдамау (risk aversion) Күтіліп отырған құны бар, бірақ қатерлі төлемді емес, нақты анықталған төлемді таңдау.

қатерді қабылдау (risk bearing) Болашақта анықталмаған оқиғалардың салдарына ұшырау. Қатерді қабылдау экономикалық қызметтің көптеген түрінің нәтижесінде туындауы мүмкін. Шағын фирманың иесі бола тұра сіз жоғары немесе төмен пайда қатеріне ұшырайсыз. Акцияларға инвестициялау қатерлі қайтарымға әкелуі мүмкін. Жеке тұлға немесе фирма алып жүруге тиіс қатер мөлшері экономикалық шешім қабылдау аясында таңдалады. Сондай-ақ ПОРТФОЛИО ТЕОРИЯСЫН *қараңыз.*

қатерді қабылдау (risk taking) Қауіпсіз балама болғанда кез келген белсенділікке қатыса отырып тәуекел ету. Бұл көп жағдайға қатысты, мысалы, жұмыс берушіге жалданып жұмыс істеуден гөрі

өз есебінен сауда жасау, қамтамасыз етілмеген қарыздар алу, өз үйін сақтандырмау қамтамасыз етілмеген несиелер беру. Тіпті *қатерден қашатын адамдар да қатерге бейімделуге дайын: орташа күтілетін қайтарым бірдей болған жағдайда, олар қауіпсіз баламаны қалайды, бірақ ол оларды өтеу үшін қауіпсізінге қарағанда, жеткілікті жоғары қайтарымды ұсынатын *қатерлі баламаны таңдауға мүмкіндік береді.

қатерді сақтау (risk retention) Қатерлі белсенділіктің қолайлы (тиімді) немесе қолайсыз (залалды) нәтижесін қабылдау. Сондай-ақ РИСК-МЕНЕДЖМЕНТТІ *қараңыз.*

қатерді төмендету (risk reduction) Қатерлі белсенділіктің қолайсыз нәтижесіндегі немесе ақиқатқа жақындығы кезіндегі залалды жеңілдетуге бағытталған стратегия. Сондай-ақ РИСК-МЕНЕДЖМЕНТТІ *қараңыз.*

қатердің алдын алу (risk avoidance) *Қатермен байланысты қызметке қатыспау стратегиясы. Сондай-ақ РИСК-МЕНЕДЖМЕНТТІ *қараңыз.*

қатерсіз актив (risk-free asset) Түрлі ықтимал қатер көздеріне тәуелді емес актив. Қатерсіз актив – қаржы теориясында кеңінен қолданылатын гипотезалық құрылым. Іс жүзінде қандай да бір активтің қатерсіз болуы екіталай, өйткені экономикалық ортада тіпті өте қысқамерзімді перспективада да күтпеген өзгерістер болып жатады. Көптеген актив тұрақты қайтарымды уәде етеді, бірақ бұл қайтарымның нақты құны анықталмаған. Борышкер дефолт жариялай алады деген қатер әрқашан бар; Ұлыбритания, АҚШ және басқа да көптеген елдің *мемлекеттік қарызы жағдайында бұл орын алмайды деп саналады. Екінші қатер – актив

сатылуға тиіс уақытта активтің нарықтағы бағасы төмен болуы мүмкін; бұл қатер *өтеу мерзімі ұзақ бағалы қағаздар үшін жоғары және өтеу мерзімінің жақындауына қарай ұдайы азаяды. Ұстаушының мемлекеттік міндеттемелерді кез келген уақытта өтеу мүмкіндігі болса, онда ақшалай мәнде ол қатермен ұштастырылмайды. *Нақты мәнде инфляцияға қатысты белгісіздік туындап отырғанына байланысты ол тиісті түрде индекстелген болмаса, онда бірде-бір бағалы қағаз қатерсіз болмайды. Кез келген адам ойы тұрғысында тиісті индекстің өзінің талғамына сәйкес келетін салмағы болады және ол үнемі жаңартылып отырады. Ұлыбритания үкіметінің нақты индекстелетін бағалы қағаздары бірнеше айда кешіктірілген *бөлшек баға индексі пайдаланады, сондықтан олар нақты мәнде қатерсіз емес. Қатердің үшінші көзі валюта бағамының ауытқуына байланысты. АҚШ-тың *қазынашылық вексельдері әдетте ұстаушы, ақыр соңында, долларға деноминантталған тауарларды сатып алғысы келеді деген шарттарда қатерсіз бағалы қағаздың ең жақын практикалық баламасы ретінде қарастырылады.

қатерсіз пайыздық мөлшерлеме (risk-free interest rate) *Қатерсіз активтің қайтарым деңгейі. Қатерсіз пайыздық мөлшерлеменің ең жақын практикалық баламасы – АҚШ пен Ұлыбританияның *қазынашылық вексельдері сияқты ірі үкіметтердің қысқамерзімді борыш құралдары бойынша қайтарым мөлшерлемесі.

қатері бар капитал (risk capital) Бұл айырылып қалу мүмкіндігі бола тұра, иесінің жаңа және сыналмаған жобаларға инвестициялауға дайын капиталы. Венчур капиталистер олардың орташа қайтарымын оң сақтап қалу үшін

кейбір залалдарға қарамастан, олардың жетістіктері айтарлықтай үлкен табыс алып келеді деген сеніммен дәл осы қатерге бел буады. *Венчур капиталды толық дерлік не толығымен *қатерге бейтарап тұлғалар немесе *қатерді біріктіру нәтижесінде оны қолайлы деңгейге дейін төмендету үшін өз инвестициясын жеткілікті түрде бөлу арқылы қамтамасыз ете алатын инвестициялық банктер немесе ірі компаниялар ұсынуы мүмкін.

қауқар (capacity) Фирма немесе экономика өндіре алатын тауарлар мен қызметтердің ең көп мөлшері. Сондай-ақ АРТЫҚ ҚАУҚАР; ҚОСАЛҚЫ ҚАУҚАРДЫ қараңыз.

қауқарды пайдалану (capacity utilization) *Қауқардың пайыздық өлшемімен берілген нақты өндіріс көлемі. Қауқарды пайдалану инфляциялық қысым индикаторы ретінде пайдаланылады.

қауіпсіздік шаралары (precautionary motive) Тосын оқиғаларға дайын болу үшін ақша сақтауға уәж. Сондай-ақ АҚШАҒА СҰРАНЫСТЫ қараңыз.

қиратушы бәсеке (destructive competition) Кейбір ағымдағы фирмаларды нарықтан ығыстыратын бәсеке процесі. Баға кейбір фирмалар пайда таба алмайтын нүктеге дейін төмендегенде қиратушы бәсеке пайда болады. Көмір және болат өнеркәсібінде, кейбір ауылшаруашылық салаларында және автомобиль өнеркәсібіндегі корпоративтік сәтсіздік эпизодтары қиратушы бәсеке салдары ретінде түсіндіріледі. ҚАТАЛ БӘСЕКЕНІ де қараңыз.

қисынды бағалау (consistent estimator) Бағаланатын параметрдің шынайы мәніне ықтималдығы бойынша сәйкес келетін бағалау.

ҚҚС (VAT) ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫН қараңыз.

ҚҚС қайтарымы (VAT return) ҚҚС бойынша тіркелген фирмалардан талап етілетін, *қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша тауарлар мен қызметтерді сататын фирманың тұрақты есебі.

ҚҚС тіркеу (VAT registration) Фирмаларды *қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша регистрге енгізу рәсімі. ҚҚС-ны төлеуден босату деңгейінен асып кетсе ҚҚС бойынша декларация құруға және сатудан ҚҚС төлеуге тиіс фирмалардың тізімі.

қоғамдағы әдет-ғұрып (social custom) Қабылданған, қалыптасқан не күтілетін мінез-құлық үлгісі. Қоғамдағы әдет-ғұрып мінез-құлықты бағыттайды және таңдау жасау қажетін алмастыра алады. Мысалы, көптеген елде қоғамдағы әдет-ғұрыпқа сәйкес ер адам әйел адамға есік ашуға тиіс. Екі адам есік алдында кездескенде әдет-ғұрып кім есік ашуы керек деген мәселені шамамен жартылай шешеді. Қоғамдағы әдет-ғұрып тұжырымдамасы басқа жағдайда жекелей алғанда ұтымды емес мінез-құлықты бақылауды түсіндіру үшін пайдаланылады. Мысал ретінде, кәсіподаққа мүше болу және салық төлеуден жалтаруды қарастыруға болады. Бірінші жағдайда кәсіп одаққа мүше емес тұлғалар да кәсіп одақ қамтамасыз ететін табыстан пайда алады және екінші жағдай салықты төлеуден жалтарудан күтілетін табыс оң болғанда ғана орнауы мүмкін.

қоғамға пайда (social benefit) Кез келген белсенділіктен алынатын жалпы пайда. Бұл қызметті жүзеге асыратын тұлғадан не фирмадан тікелей алынатын пайданы, сондай-ақ басқа адамдар немесе фирмалардан алатын

баға жүйесінен тыс сыртқы пайданы қамтиды.

қоғамға пайдалылық (public utility) ПАЙДАЛЫЛЫҚТЫ қараңыз.

Қоғамды түсіну (Understanding Society) 2009 жылы Ұлыбританияда үй шаруашылықтарын жыл сайын тігінен зерттеу басталды. Сауалнама экономикалық және әлеуметтік жағдайды, қарым-қатынасты, мінез-құлықты және денсаулықты қамтиды. Ол британ үй шаруашылықтарын зерттеу қорытындыларына сүйенеді және *Ұлыбритания шаруашылықтарынан панельдік сауалнама жинаған әкімшілік деректерді қоса алғанда, бірқатар басқа деректер жиынтығымен байланысты болуы мүмкін. www.understandingsociety.ac.uk – Сауалнама сайтының бас беті.

қоғамдық желі (public network) Барлық тұтынушылар үшін ашық, ақысыз немесе ақылы қол жеткізуге болатын *желі.

қоғамдық жұмыс (workfare) Жұмыссыздарға қолынан келетін қандай да бір жұмыс түрін орындау шартымен табыс табуына мүмкіндік беретін жүйе.

қоғамдық жұмыстар (public works) Үкімет қаржыландыратын құрылыс жобалары. Олар жана құрылысты да, жолдарды, көпірлерді, мектептерді, ауруханаларды, мемлекеттік мекемелерді және мемлекеттік тұрғын үйді де қамтуы мүмкін.

қоғамдық игілік, қоғамдық тауар (public good) Бір тұтынушының оны тұтынуы өзгелердің пайдалануына кедергі келтірмейтін және бір тұтынушының оны тұтынуы өзгелер пайдалануына болатын, көлемін азайтпайтын игілік. Сондықтан қоғамдық игілік айрықша

емес және бәсеке нысаны емес. Осы сипаттары себебінен қоғамдық игілік *нарықтағы сәтсіздікке әкеледі. Іс жүзінде екі шартқа да сай таза қоғамдық игілікті табу қиын. Тым көп тұтынушы оларды бір уақытта қолдануға тырысқанда олар алып тастауға болатын, бірақ бағадан немесе *жүктемеден зардап шеккен қоғамдық игілік деп аталатын *таза емес қоғамдық игіліктер, мысалы, парктар мен жолдар. Қоғамдық игілік міндетті түрде қалаулы емес, кейде қалаусыз қоғамдық игілік зұлымдық деп аталады, мысалы, ауаны ластау. Сондай-ақ КЛУБ, ЛИНДЕНГ БАЛАНСЫ; ҚАЛАУДЫ АНЫҚТАУ; САМУЭЛЬСОН ЗАҢЫН қараңыз.

қоғамдық капитал (social capital) Қоғамдық өзара әрекеттесу сапасын анықтайтын желілер, институттар, қатынастар мен *қоғамдағы әдет-ғұрыптар. Қоғамдық капиталдың мол қоры көптеген қалаулы нәтижеге, соның ішінде қылмыс деңгейінің төмендеуі, денсаулық жақсаруы, өмір сүру ұзақтығы ұлғаюы, білім берудің жақсаруы мен үкіметтегі жемқорлықтың азаюына алып келеді деп ұйғарылады. Қоғамдық капиталды нақты анықтау және тікелей өлшеу қиын.

қоғамдық компания (public company) ҚОҒАМДЫҚ ШЕКТЕУЛІ КОМПАНИЯНЫ қараңыз.

қоғамдық корпорация (public corporation) Ұлыбританиядағы мемлекет меншігіне өткен өнеркәсіпке арналған ұйымдастыру формасы. Қоғамдық корпорациялар қоғам мүддесін алған тарта отырып үкіметтің ұсынатын капиталын пайдалануы, бірақ күнделікті қызметтегі басқару дербестігімен әрекет етуі керек. Іс жүзінде әсіресе инвестиция шығыны мен баға белгілеу саясатына қатысты оларды басқаруға мемлекеттің араласуы айтарлықтай болды.

қоғамдық таңдау (social choice) Бүкіл қоғамның ұжымдасып жасаған таңдауы. Бұл – *ұжымдық таңдаудың ерекше жағдайы.

қоғамдық шектеулі компания (ҚШК) (public limited company) (PLC) Ұлыбританиядағы Компаниялар туралы Заңға сәйкес құрылған компания. Оның атауы «ҚШК» деп аяқталуы керек. Заңда капиталға қойылатын ең төмен талаптары анықталған және оның құрылтайшылық формасын белгілейді. Мұндай *жауапкершілігі шектеулі компаниялар қоғамға акциялар мен бағалы қағаздарды ұсына алады. Ашық компанияларды реттейтін ережелер жекеменшік компаниялардың ережелеріне қарағанда қатаңырақ.

қоғамдық экономика (public economics) Экономикалық тиімділік, тарату және мемлекеттік экономикалық саясатты зерттейтін экономика саласы. Атап айтқанда, біз *қоғамдық секторды және оның экономикамен өзара әрекеттесуін талдау, *сыртқы салдар, *қоғамдық игілік, салық салу, әлеуметтік қамсыздандыру жүйелері және т.б. бола тұра, *нарықтың істен шығуына реакция туралы айтып отырмыз.

қоғамның әл-ауқаты (social welfare) Мұны *әлеуметтік қамсыздандыру функциясымен өлшеуге болады. Сондай-ақ БАҚЫТ ИНДЕКСІН қараңыз.

қоғамның балама шығыны (social opportunity cost) Ресурстар белгілі бір нақты тауар өндіру үшін пайдаланылатындықтан бас тарту керек басқа игіліктер саны. Қандай да бір тауарлар не қызметтерді өндіруде қолданатын ресурстарды басқа мақсаттарда пайдалану мүмкін болмауы. Қоғамның балама шығыны кез келген *сыртқы салдарды, сондай-ақ өндірушілер үшін тікелей

шығынды да ескереді. Бұл кез келген сыртқы факторға қарамастан, тек өндірушілер үшін тікелей балама шығынды ескертін жеке балама шығынға қайшы.

қоғамның қазіргі қалауы (social time preference) Қоғам келешек тұтынуға қарағанда, қазіргі тұтынуға мән беретін құндылық. Қоғамның қазіргі қалауы мөлшерлемесі келешек пайда мен шығынды дисконттау үшін *шығын мен пайданы талдауда пайдаланылуы мүмкін. *Нарықтағы сәтсіздіктің бәсекелік тепе-теңдігінде қоғамның қазіргі қалауы мөлшерлемесі тепе-тең пайыздық мөлшерге тең.

қоғамның қарызы (public debt) Мемлекеттің отандық (ішкі қарыз) немесе шетелдік (сыртқы қарыз) кредиторлар алдындағы борышы. Үкімет үкімет бағалы қағаздарды (облигация) шығару арқылы қарыз алғанда мемлекеттің борышы кез келген уақытта айналымдағы мемлекеттік облигациялардың жалпы құнына тең. *МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАРЫЗЫН да қараңыз.*

қоғамның меншігі (public ownership) Кәсіпорындардың мемлекеттік немесе мемлекеттік бақылаудағы субъектіге тиесілі болуы. Бұған орталық үкімет тарапынан жасалатын тікелей операциялар, мысалы, әскери мекемелер немесе азаматтарға қызмет көрсету; жергілікті биліктің операциялары, мысалы, тұрғын үй қорлары; үкімет тағайындаған органдардың, мысалы, Ұлыбритания денсаулық сақтау ұлттық қызметінің әрекеті болуы мүмкін. Үкімет сондай-ақ компания акцияларының бір бөлігін немесе барлығын иеленуі мүмкін.

қоғамның мүддесі (public interest) Шешімге қатысатын жеке тұлғалардан немесе фирмалардан бөлек жұртшылықтың пайдасы. Мемлекеттік

кәсіпорындардың немесе монополияларды реттеуге тағайындалған органдар басшыларына арналған нұсқауларда көбінесе «қоғамдық мүддені көздеп әрекет ету» сияқты сөйлемдер болады. Қоғамдық мүддені айқындаудың объектив әдісі болмаса, мұндай нұсқаулар берілетін адамдар міндетті түрде өз пікірін пайдаланады немесе ұқсас органдар белгілеген прецеденттерге сүйенуге тиіс.

қоғамның таңдауы (public choice)

1. Бюрократтар мен саясаткерлердің мотивациясын көрсететін экономикалық саясатты талдау тәсілдері. Қоғамдық таңдау жөніндегі әдебиетте үкіметтің нарық нәтижелерін жақсарту қабілеті бекітілуі емес, дәлелденуі тиіс екені айтылады. Бұл бюрократтар мен саясаткерлер экономикалық тұрғыдан рационал және үкіметке өз мүддесін көздеп кіреді деген болжамдардан туындайды. Өз мүддесіне ұмтылу сайлау механизмі арқылы кемел емес түрде шектеледі. Үкіметтің мақсаттары кең қоғамның қажетін өтегенде ғана үкімет әрекеттері жалпыға пайдалы болады. 2. *Қоғамдық таңдауға балама атау.

қоғамның шекті пайдасы (marginal social benefit) Белсенділіктің шекті артуы нәтижесінде әлеуметтік жәрдемақының (төлемдер) көбеюі. Қоғамның шекті пайдасы барлық сыртқы салдарды қамтиды. Сондай-ақ ҚОҒАМҒА ПАЙДАНЫ *қараңыз.*

қоғамның шекті шығыны (marginal social cost) Белсенділіктің шекті артуы нәтижесінде қоғам шығынының көбеюі. Қоғамның шекті шығыны барлық сыртқы салдарды қамтиды. ҚОҒАМНЫҢ ШЫҒЫНЫН *қараңыз.*

қоғамның шығыны (social cost) Кез келген белсенділіктің жиынтық шығыны.

Бұл қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаға немесе фирмаға тікелей түсетін *жеке шығынды, сондай-ақ баға жүйесінен тыс басқа фирмалар мен адамдарға түсетін сыртқы шығынды қамтиды.

қоғамның шығыны (public spending)
МЕМЛЕКЕТТІК ШЫҒЫНДЫ *қараңыз.*

қолайлы валюта аймағы (optimum currency area) *Бірыңғай валютаны пайдаланудың артықшылықтарын барынша арттыратын мемлекеттер тобы. Валюта аймағын кеңейтуден келетін пайдаға мүше елдер арасындағы сауда-саттық және қаржы операциялары бойынша транзакция шығындарының азаюы және мұндай транзакцияларға әсер ететін валюта қатерінің төмендеуі жатады. Мұндай транзакциялардың ұлттық табысқа қатынасы үлкен болған сайын оңтайлы валюта аймағының пайдасы да көбірек болады. Мемлекеттерге асимметриялық *шоктар әсер етсе немесе мемлекеттердің тұрақты баға мен тұрақты нақты өндіріс көлемі арасындағы кез келген ымыраға қатысты қалауы әртүрлі болса, онда мемлекеттер арасындағы айырбас бағамы өзгерісін жоятын әрі тепе-теңдік орнататын механизм ретінде әрекет ететін бірыңғай валютасы болса, онда ол шығынға батырады. Транзакция шығынының берілген кез келген деңгейіндегі бірыңғай валютаның таза артықшылығы олардың қалауы мен олар төтеп беруге тиіс шоктардың ұқсастығы үлкен болған сайын артады. Ал олардың қалауы мен төтеп беруге тиіс шоктардың ұқсастығы төмен болған сайын бірыңғай валютаның таза артықшылығы кемиді. Бірыңғай валюта қажеттігі реттеудің қол жеткізуге болатын басқа шараларының тиімділігіне тәуелді. Баға неғұрлым икемді және өндіріс факторлары неғұрлым мобильді болса, айырбас

бағамын реттеу қажеті соғұрлым азаяды. Сәйкесінше, бірыңғай валютадан таза пайда соғұрлым көбейеді.

қолайлы міндеттемелер (eligible liabilities)
Банктер резерв активтердің белгілі бір пайызын ұстауын талап ететін міндеттемелер санаты.

қолайсыз ұсыныс шоктары (adverse supply shock) Ұсыныс қисығының кенет солға ауытқуы, яғни кез келген берілген бағамен ұсынылған көлемнің кемуі. Бұл су тасқыны немесе жер сілкінісі сияқты табиғи апаттар, адамдар, жануарлар немесе өсімдік аурулары немесе соғыс не төңкеріс сияқты ірі саяси күйзелістер салдарынан болуы мүмкін. *Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы (ОПЕК) 1970 жылдары мұнай бағасын кенет өсіруі мұнай импорттаушы елдер үшін қолайсыз ұсыныс шоктарын тудырды. Мұндай шок экономика өзінде бар ресурстарды толық пайдаланып, қамтамасыз ете алатын *нақты табысты төмендетеді. Ұсыныс шоктары жиынтық экономикалық қатерді көрсету үшін макроэкономикада модельдеу құралы ретінде қолданылады.

қолда бар таза кіріс (disposable income)
Жұмсауға болатын жеке кіріс. Таза кірісті есептеу үшін жиынтық кірістен тікелей салықтар мен әлеуметтік төлемдер алынады.

қолданбалы микроэкономика (applied microeconomics) *Микроэкономика аясында бірқатар маманданған білім беру саласы, яғни *өнеркәсіпті ұйымдастыру, *еңбек экономикасы, *қоғамдық сектор экономикасы, *денсаулық сақтау экономикасы және *қалалар экономикасы.

қолма-қол ақша ағыны, кэш-флоу (cash flow) Кэш-флоу, қолма-қол ақша ағыны – кәсіпорын немесе үй шаруашы-

лығына белгілі бір есеп кезеңінде кірген және жұмсалған қаржы мөлшерінің айырмасы. Бизнес үшін бұл ақша ағыны есебінде көрсетіледі. Бұл есепте бір кезеңнен келесі кезең арасында ақша қалай және қайда жұмсалғаны жарияланады. Ол сондай-ақ бизнестің қысқа мерзімді қаржы ахуалының көрсеткіші ретінде қызмет етеді. Кез келген кәсіпорындағы қаржы директорының негізгі міндеті – ағымдағы, сондай-ақ капитал есебі бойынша ақша ағындарын болжау және төлем мерзімі келгенде ақша жеткілікті болуын қамтамасыз ету. Сондай-ақ ДИСКОНТТАЛҒАН АҚША АҒЫНЫН қараңыз.

қолма-қол ақша қатынасы (cash ratio)

Қолма-қол ақшаның немесе олардың баламасының компанияның, банктің немесе басқа қаржы мекемесінің міндеттемелерінің жалпы сомасына қатынасы. Жұртшылықтың аталған институттардың депозиттерді өтеу қабілетіне сенімі төмендесе, қолма-қол ақшаның жоғары қатынасы олардың күйреуіне жол бермейді.

қолма-қол ақша, кэш (cash) Сөзбе-сөз банкноттар мен монеталар дегенді білдіреді; кэш сөзі экономикада, негізінен, ақшаның синонимі ретінде пайдаланылады. Сондай-ақ КЭШ-ДИСКОНТ; КЭШ-ФЛОУ; ҚАРЖЫ ШЕКТЕУЛЕРІ; ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША ҚАТЫНАСЫН қараңыз.

қолма-қол ақшаға шектеу (cash limits)

Қолма-қол ақшаның жалпы жұмсалуына қойылған шектеу. Атап айтқанда, мемлекеттік секторда қолма-қол ақшаға шектеу қойылуы мемлекеттік шығынды неғұрлым тиімді пайдалануға бағытталған. Қандай да бір үкімет немесе бизнес-ұйым өзінің шығын жоспарын құрғанда, ол бюджеттегі қаражаттың жұмсалуына жауап беретін менеджер тағайындайды. Бұл

бюджеттер нақты немесе номинал түрде көрсетілуі мүмкін. *Нақты жағдайда бюджет жасауға қарсылық білдіру ол менеджерлердің өз сатып алуы кезінде баға мен сапаның ең жақсы арақатынасын іздеуге, мердігерлермен сауда жасағанда бағаның өсуіне немесе кәсіподақтармен келіссөз жүргізгенде жалақыны арттыруға қарсы тұруға ынталандырмауы мүмкін. Қолма-қол ақшаға шектеу болған жағдайда менеджерлер нашар мәміле жасаса немесе жалақы туралы келіссөз барысында осалдық танытса, олар өз бөлімдері үшін нақты тауарлар мен қызметтерді аз алатын болады. Қолма-қол ақшаға шектеудің бір кемшілігі – баға немесе жалақы менеджерлердің бақылауынан тыс себептермен өзгергенде, нақты шығын деңгейі бюджет органдары көздегеннен жоғары немесе төмен болады.

қолма-қол ақшасыз төлемге сүйенетін экономика (cashless economy) Банкноттар мен монеталарсыз жұмыс істейтін экономика. Бұл тұжырымдаманы алғаш енгізгенде, чектер мен кредит карталары арқылы жүретін операциялар біртіндеп қолма-қол ақшаны алмастырады деп есептелді. Алайда бұл болжам орындалмады. *Электрондық ақшаның өсіміне қарамастан, қолма-қол ақша қаражатына және айналымдағы банкнот мөлшеріне сұраныс тұрақты болып қала берді.

қор (stockpile) Тауардың үлкен қоры. Бидай немесе қалайы сияқты тауарлар қоры соғыс немесе табиғи апаттар сияқты төтенше жағдайларда пайдалануға арналған стратегиялық қор ретінде сақталуы мүмкін. Олар сондай-ақ тауар бағасын тұрақтандыру үшін немесе әдетте тауар бағасын нарықтағы тепе-теңдік деңгейінен жоғары ұстап тұру әрекеттері нәтижесінде пайдалануы мүмкін.

қор биржасы (stock exchange) Компанияның акциялары мен мемлекеттік акциялар саудаланатын мекеме. Бастапқыда биржа трейдерлер жиналатын ғимаратты білдіретін және сауда жеке келіссөз жолымен не барлық трейдерлерге баға естілетін шекте және дауысталатын «*биржадағы еркін сауда-саттық» жолымен жүргізілетін. Қазіргі қор биржалары – трейдерлерді бір-бірімен компьютерлік желілер не телефон арқылы байланыстыратын мекемелер. Қор биржаларында компаниялар өз акцияларын, сауда жүргізуге рұқсат етілген тұлғалар немесе фирмаларды тізімге қосу үшін ұсынуға тиіс ақпаратқа, жүргізілген сауда мен есеп айырысу реті, яғни нақты акция жеткізілімі мен ақшалай төлемдер жөніндегі хабарландыруларға қатысты ережелер бар. Қор биржалары Мумбай (Бомбей қор биржасы), Франкфурт, Лондон, Нью-Йорк, Париж, Шанхай және Токио сынды барлық ірі дүниежүзілік сауда орталықтарында бар.

Қор биржасында баға белгілеудің автоматтандырылған жүйесі (ҚБББАЖ) (Stock Exchange Automated Quotation System) (SEAQ) Барлық трейдерлерге бір уақытта берілген акциялар бойынша барлық *маркет-мейкерлердің сатып алу және сату бағасын көрсетуге мүмкіндік беретін экрандағы дилинг жүйесі. Бұл жүйе 1986 жылы реттеу тоқтатылғаннан кейін енгізілді.

қор биржасындағы листинг (stock exchange listing) Компанияның өз акцияларын *қор биржасында саудалау құқығы. Листинг әдетте компанияның үлкен-кішілігіне, өз қызметі туралы ақпараттың қанағаттанарлық деңгейін қамтамасыз етуіне және кең жұртшылық үшін акциялардың жеткілікті үлесі ашық болуына тәуелді.

қор жинау құралы (store of value) Ақшаның бір функциясы. Активтердің бағасы тұрақты болса, ақша қор жинау құралы ретінде тартымды болмайды, себебі ол табыс әкелмейді, бірақ активтердің бағасы тұрақсыз болса, онда ықтимал жалпы активтердің бір бөлігін *қатерге қарсы кепіл ретінде ақшалай ұстаған дұрыс. Баға жалпы төмендейді, төмендеген сайын инфляцияның ықтималдығы арта береді деп күтілсе, ақша қор жинау құралы ретінде тартымды.

қор нарығы (stock market) ҚОР БИРЖАСЫН қараңыз.

қор нарығының күйреуі (stock market crash) Қор нарығындағы бағалы қағаздар бағасының кенеттен не күрт жалпы төмендеуі. Мысалы, 1987 жылғы 19 қазандағы *«Қара дүйсенбіде» Нью-Йорктегі *Доу-Джонс индексі бір күнде 23 пайызға төмендеген, ал негізгі құлдырау Лондон мен бүкіл әлемдегі басқа қаржы нарықтарында болды. Акциялардың ағымдағы бағасы келешектегі өзгерістер туралы пікірге қаты тәуелді болғандықтан, қор нарығының құлдырауы әрдайым мүмкін. Күйреу *бұқа нарығы акцияларды ұзақ мерзім жоғары *баға–табыс қатынасына көтергенде болуы ықтимал.

қор, капитал (stock) 1. Белгілі бір уақытта жинақталған жалпы көлем жиынтығы. Бұл берілген кезеңдегі қордың өзгерісіне қатысты *ағынға қарсы қойылады. Мысалы, капитал көлемі – қор, ал инвестиция көлемі – ағын.

2. Қорға синоним кәсіпорынға тиесілі тауарлар жиынтығы. *Қордың қымбаттауы – баға өзгеруіне байланысты акция құнының өсуі. Қорлар, мысалы, стратегиялық резерв ретінде үкіметтің қол астында болатын ірі тауар қорлары. Сондай-ақ БУФЕР ҚОР;

АКЦИЯЛАРҒА ЖӘНЕ АЯҚТАЛМАҒАН ӨНДІРІСКЕ ИНВЕСТИЦИЯНЫ *қараңыз.*

3. Акцияға синоним. Ортақ акциялар – қарапайым акцияларға қатысты қолданылатын америкалық термин. Мемлекеттік акциялар – мемлекеттік борыш құралдары. Сондай-ақ АЛЬФА АКЦИЯЛАР; БЕТА АКЦИЯЛАР; ОРТАҚ АКЦИЯЛАР; ГАММА АКЦИЯЛАР; БИРЖАДАН ТЫС НАРЫҚТЫ *қараңыз.*

қорғалған монополия (sheltered monopoly) Бәсекеден қандай да бір жолмен қорғалған монополия. Бұл бәсекелестердің кіруіне заңды шектеулер немесе тарифтік және шетелдік бәсекені шектеуші *бейтариф тосқауылдарды қамтуы мүмкін.

қорғаныс (protection) 1. Импорт тарапынан бәсекеге ұшырайтын салаларда пайда мен жұмыс орындарын арттыру үшін сауда саясатын қолдану. Қорғаныс *тарифтер, *импортқа квота немесе *ерікті экспортты шектеу және басқа *тарифтік емес тосқауылдар арқылы жүзеге асырылады. ШАРТТЫ ҚОРҒАНЫС; ТИІМДІ ҚОРҒАНЫС; НОМИНАЛ ҚОРҒАНЫСТЫ *да қараңыз.*

2. Тұтынушылардың, өндірушілердің немесе қоршаған ортаның мүддесін қорғауға бағытталған мемлекеттік саясат. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОРҒАУ; ТҰТЫНУШЫЛАРДЫ ҚОРҒАУДЫ *қараңыз.*

қорғанысқа жұмсалатын шығын (defence spending) Үкіметтің әскерге жұмсаған шығындары.

қорды бағалау, акциялар құнының қымбаттауы (stock appreciation) Бизнестің қолындағы акциялар құнының бір бөлігінің баға өзгеруі есебінен кез келген кезеңдегі өзгерісі. Шикізат тауарлары бағасының өсуі себебінен оң болады, ал шикізат тауарлары бағасының түсуі оны теріс етеді. Инфляция кезіндегі

акциялардың қымбаттауы табысты асыра көрсетуге алып келеді: фирмаларға салық салынатын табысты есептегенде оны шегеруге рұқсат етіледі, өйткені осы реттеу болмаса, олар номинал табыстан салық төлеп, ал нақты табыс іс жүзінде теріс болар еді.

қорларды және аяқталмаған өндірісті нақты (физикалық) ұлғайту құны (value of the physical increase in stocks and work in progress) Қорлардың және аяқталмаған өндіріс құнының жалпы өсімінің олардың саны өзгеруіне байланысты бөлігі. Бұл қорлардың жалпы құны мен аяқталмаған өндірістің өзгеруінің бір бөлігінен ерекшеленеді, ол баға өзгеруіне байланысты қорлардың қазіргі көлемін қайта бағалауға сүйенеді. Табиғи (физикалық) ұлғаю құны *нақты жалпы ұлттық өнімнің бір бөлігі, ал қорларды қайта бағалау есебінен ұлғайту ұлттық өнімнің бөлігі емес.

қоршаған орта экономикасы (environmental economics) Ұлттық немесе жергілікті экологиялық саясаттың экономикалық әсерлерін зерттеу. Бұған мысал ретінде, ауа ластануы, жаһандық жылыну т.б. күресетін қоршаған ортаның балама саясатының *шығын мен пайданы талдауы жатады.

қоршаған орта, орта (environment) Адамның өмірі мен дамуына әсер ететін сыртқы жағдайлар мен ресурстар.

Қоршаған ортаны қорғау агенттігі (ҚОҚА) (Environmental Protection Agency) (EPA) Ластануды және қоршаған ортаны зерттеу жөніндегі АҚШ федералдық агенттігі. Қоршаған ортаны қорғау агенттігі ауа мен судың қатты қалдықтармен, пестицидтермен, улы заттармен және радиациямен ластануын зерттейді. Ол басқа федералдық агенттіктермен ынтымақтасып, штаттар мен

жергілікті билік органдарының қоршаған ортаның ластануына қарсы күрес саясатын үйлестіреді.

қоршаған ортаны қорғау салығы (environmental taxes) Экологиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланылатын немесе ұсынылатын салықтар. Мысалы, мотор отынына салық секілді *энергия салығы шығарындылардың қысқаруына алып келеді және CO₂ мөлшерін бақылауға ықпал етеді. Қоршаған ортаны қорғау салығы мөлшерді тікелей бақылаудың орнына немесе онымен бірге қолданылады. Қоршаған ортаны қорғау салықтарын қолдануды *сыртқы салдар теориясы түсіндіреді, ол *Пигу салығының арнайы бөлімінде қарастырылады. Маңызды мысал: *жаһандық жылынумен күрес құралы ретінде ұсынылған *көміртек салығы. Сондай-ақ КӨМІРТЕК САЛЫҒЫ; ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЛЫҚТЫ қараңыз.

қосалқы қауқар (spare capacity) Ағымдағы өндіріс үшін қажеті жоқ күрделі жабдық. Фирмалар өз өнімдеріне сұраныстың күрт артуына ілесу үшін және жабдық бұзылған жағдайда өндірісті ұстап тұру үшін қосалқы қауқар болуын дұрыс көреді. Алайда қосалқы қауқарды сатып алу және қамтамасыз ету қымбатқа түседі, сондықтан оларды ұстайтын сомаға шектеу қолданылады. Ал фирмаларда өндірісті ұстап тұруға қажет емес жабдық бар болса, ол *артық қауқар саналады.

қосалқы мердігерлік (subcontracting) Тауарлар мен қызметтерді басты жеткізушілердің өз ресурстарының бір бөлігін өз еңбегімен өндіру үшін қызметкерлерді пайдаланбай, тәуелсіз фирмалардан сатып алу тәжірибесі. Қосалқы мердігерлік басты өндіруші толық жұмыс уақытында қажет етпейтін, тиісті жұмысқа маманданған білікті еңбек

күшін немесе жабдықты талап етуіне байланысты пайдаланылуы мүмкін. Бұл сондай-ақ басшының өз қызметкерлері еңбек заңнамасы немесе кәсіподақ қорғауында болса, жұмыспен қамту саласында үлкен икемділікке мүмкіндік береді.

қосалқы ойын (subgame) Әр ойыншы ойыншылардың әр нүктеде қозғалатын әрекетін білетін тораптан басталатын бірізді ойынның бөлігі немесе қосалқы жиынтығы.

қосалқы ойындағы мінсіз тепе-теңдік (subgame perfect equilibrium) Тізбекті ойындарда қолданылатын *Нэш тепе-теңдігін жетілдіру. Қосалқы ойындағы мінсіз тепе-теңдік – бастапқы ойынға әр *қосалқы ойыны үшін Нэш тепе-теңдігін құрайтын ерекшелігі бар стратегиялар жиынтығы (әр ойыншы үшін бірден). Қосалқы ойындағы мінсіз тепе-теңдік әдетте *кері индукцияны пайдалану арқылы табылады.

қосалқы өнім (by-product) Өзге өнімдерді өндіру процесінде өндірілетін тауар. Қосалқы өнімді сату оны лақтырып тастаудан немесе одан құтылуға ақша жұмсағаннан тиімдірек болып, өндірісті табысты етеді. Мысалы, шайыр және басқа да ауыр фракциялар – мұнайды жанармайға қайта өңдеудің қосалқы өнімдері. Бір негізгі өнімді (жанармай) өндіру барысында одан шығатын басқа да өнімдер (шайыр) пайдалы болғанның өзінде негізгі өнім өндіруді сипаттағанда қосалқы өнім термині қолданылады. Бұл екі тауарды да сатуға болатын жағдайда ғана пайдалы болатын *бірлескен өндірістен ерекшеленеді.

қосарлы бухгалтерлік есеп (creative accounting) Бухгалтерлік есептің көрсеткіштерін өз қалауынша өзгерту немесе

манипуляция жасау мақсатында балама, әдетте рұқсат етілген есептеу әдістерін қолдану дағдысы. Мысал ретінде, транзакцияларды бухгалтерлік баланста көрсетпеу үшін оларды тіркеуге арнайы шоттар ашуды келтіруге болады. Сонымен қатар кейде компаниялар активтерді сатып немесе жалға бере отырып, саудадан түскен қазіргі кірісті болашақта төленетін жалға алу ақысы міндеттемесіне алмастырады. Табысқа түрлі салық мөлшерлемесі немесе ережелері қолданылса, онда табысты айқын табыс пен айқын капитал өсуі арасында ауыстыру үшін қосарлы бухгалтерлік есеп қолданылады.

қосарлы дивиденд гипотезасы (double-dividend hypothesis) Теріс сыртқы салдар тудыратын қызметтен алынатын салық сыртқы салдар мәселесін азайтады және салық түсімдерін арттырады дейтін тұжырым. Бұл, сәйкесінше, басқа бұрмалаушы салықтың азаюына әкеледі. Мысалы, *көміртек салығы көміртекті азайтуға және кірісті арттыруға әкеледі. Бұл, сәйкесінше, табыс салығының мөлшерлемесін төмендетуге әкеледі. Қосарлы дивиденд гипотезасы өте қызықты, бірақ та оны ресми модельдерде қолдану өте қиын.

қосарлы салық салу (double taxation) Бір ағын бойынша салық жинау екі салық құралы арқылы жүзеге асырылуы. Бір мемлекетке тиесілі экономикалық актив басқа мемлекетке кіріс әкелсе, онда екі мемлекетте де қосарлы салық салу орын алады. Егер мемлекеттер өз аумағында жұмыс істеп жатқан фирмалардың пайдасына және де өз резиденттерінің кірісіне салық салса, онда қосарлы салық салу көрініс табады. Бұл жағдайды болдырмау үшін екі мемлекет арасында келісімшарт жасалуға тиіс. Өндіріс факторларының халықаралық қозғалысына кедергі келтіретіндіктен,

қосарлы салық салу қажетсіз саналады. Жинақтарға қосарлы салық салу еңбек кірісі мен пайыздан түсетін табысқа салық салуды білдіреді. Осы жағдайда қосарлы салық салу термині қолданылады. Алайда бұл терминнің қолданылуы даулы, өйткені бұл жағдайда екі ағын әртүрлі болып келеді.

қосарлы салық салуды болдырмау туралы келісім (double taxation agreement)

Екі ел арасындағы бір кіріске қосарлы салық салуды болдырмау туралы келісім. Өзі бір елдің резиденті саналатын тұлғаның активінен басқа елде өндірілген кез келген кірісіне салық мөлшерлемесі жоғары болып келетін елде бір-ақ рет қана салық салынады. Мұндай келісімдердің болмауы халықаралық инвестицияға кедергі келтіреді. Экономикасы дамыған елдердің көпшілігінде капитал құйылуы және капиталдың жылыстауы бар болғандықтан, қосарлы салық салуды болдырмау туралы келісім өзара тиімді болуы мүмкін.

қосарлы экономика (dual economy)

Қазіргі заманғы өндірістер, шахталар немесе плантациялық ауыл шаруашылығы артта қалған секторлары бар экономика. Олардың арасында аз ғана өзара әрекеттесу болады. Бұл жағдай *нашар дамыған елдерде шетелдік тікелей инвестиция және білікті жұмысқа экспатрианттарды пайдалануға байланысты орын алады.

қосвалюталы облигация (dual currency bond) Тұрақты кіріспен кепілдік берілген бағалы қағаз. Ол *купондық төлемдерді бір валютамен, ал *негізгі төлемдерді басқа валютада төлейді.

қосылған құн (value added) Басқа фирмалардан ресурс сатып алуды шегергендегі фирманың жалпы сату көлемі.

Қалғанын оның қызметкерлерінің жа- лақысы мен иесінің табысы үшін пай- далануға болады. *Ұлттық кіріс эконо- микадағы барлық кәсіпорындар- дың қосылған құн сомасын білдіреді. Барлық фирмалардың өнім нәтиже- сін қосу арқылы ұлттық кірісті есеп- теу әрекеті жаппай *қайта есептеуді талап етеді.

қосылған құн салығы (ҚҚС) (value-added tax) (VAT) Тауарлар мен қызметтерден олардың қосылған құнынан пайызбен алынатын *жанама салық. Тұтынушы әдеттегі бағаға қосымша сатып алу бойынша ҚҚС төлейді; содан кейін са- тушы сатып алынған ресурстар үшін төлеген ҚҚС-ны шегере отырып, са- тудан алынатын мемлекеттік ҚҚС тө- лейді. ҚҚС көп елде алынады: ол Ұлыбританияда 1973 жылы енгізіл- ді. Тауарларға қарай ҚҚС әртүрлі мөл- шерлеменен салынады. Кейбір тауар- лар, мысалы, Ұлыбританиядағы азық- түлік өнімдері салықтан босатылған және ҚҚС айналымы белгілі бір ми- нимал деңгейден төмен кәсіпорындар төлемейді. 2016 жылғы қыркүйекте ең төмен лимит 83 000£ болды.

қосылу критерийі (accession criteria) *Еуропалық одақтың мүшесі болу үшін үміткер ел орындауға тиіс шарт- тар. Оларға саяси және экономикалық критерийлер, сондай-ақ әкімшілік және институттық әлеуетке қатысты талап- тар жатады. 1993 жылы Копенгагенде Еуропа Кеңесі үміткер елдер демокра- тияға, құқық үстемдігіне, адам құқы- ғына, азшылық ұлттар топтарын құр- меттеу мен қорғауға, жұмыс істейтін нарықтық экономиканың болуына ке- пілдік беретін институттардың тұрақ- тылығына қол жеткізуге және «саяси, экономикалық және валюталық одақ- тың мақсаттарына сәйкес келуге тиіс» деп қаулы етті.

Қосымша жәрдемақы (Supplementary Benefit) Жалпы кірісі белгілі бір көз- делген деңгейден төмен болатын зей- неткерлерге немесе басқа да тұлғалар- ға қолда бар тексеруге сүйеніп беріле- тін Ұлыбританияның әлеуметтік кам- сыздандыру жәрдемақысы. Қосымша жәрдемақы қазір *табысты қолдаумен алмастырылды.

қосымша табыс салығы (surtax) Қосымша табыс салығы жоғары табыстан алынады.

қосып алу (компанияны) (acquisition) (company) *Компанияның басқа биз- несті сатып алу арқылы кеңеюі. Бизнес заңды тұлға ретінде тіркелмеген болса, онда талаптарды бизнес иелері өзара келіседі. Бизнес акционерлік компания болса, онда компанияның *акциялары сатып алынады. Басқа компания акция- ларының кейбіреуі, бірақ бәрі емес, са- тып алынса, онда компанияда арнайы ережелер қабылданады. Олар өз акция- ларын сатқысы келмеген акционерлер- мен қарым-қатынасты реттейді. ӨЗАРА ИЕМДЕНУДІ *де қараңыз.*

қосып алу тәсілі (acquisitions approach) Тұтыну берілген кезеңде тұтыну тауар- лары мен қызметтерді сатып алу- мен сәйкестендірілетін *тұтыну баға- сы индексін құру тәсілі. Кейбір тауар- лар үшін сатып алу мен тұтыну бірдей, бірақ ұзақ мерзім пайдаланылатын тауарлар үшін олар әртүрлі. Статистика агенттіктері мұндай тәсілді әдетте иесі өзі тұратын тұрғын үйлерден өзге бар- лық тауарға қатысты қолданады.

құбылмалы айырбас бағамы (икемді айырбас бағамы) (floating exchange rate) (flexible exchange rate) Валютаны тұ- рақты ұстау үшін үкімет немесе орта- лық банк араласпайтын айырбас баға- мы. Үкімет немесе орталық банк «таза»

құбылмалы айырбас бағамы кезінде шетел валютасы нарығына мүлдем араласпайды және валюта бағамын нарық күштері анықтайды. Ал басқарылатын құбылмалы айырбас бағамы кезінде бір немесе екі елдің қаржыны реттеу билігі шетел валютасы нарығына өз қалауы бойынша араласады.

құйма (bullion) Әдетте құйма түрінде сақталатын *алтын. Құйманы көбінесе өз елінің *шетелдік валюта қорының бір бөлігі ретінде орталық банктер ұстайды.

құлдырау (slump) ТОҚЫРАУДЫ қараңыз.

құлдырау (рецессия) (recession) Экономикалық белсенділіктің жалпы төмендеуі, негізінен, өндіріс пен жұмыспен қамтудың баяулауы ретінде байқалады. Бұл *депрессия сияқты қиын немесе ұзақ емес. Құлдырау көбінесе екі тоқсан қатарынан *нақты ЖІӨ төмендеуі ретінде анықталады. *Ұлттық экономикалық зерттеулер бюросы құлдырауды «нақты ЖІӨ-де, нақты табыс, жұмыспен қамтуда, өнеркәсіптік өндіріс және көтерме-бөлшек сатылымдарда әдетте көрінетін, бірнеше айдан астам уақыт бойы созылатын экономикадағы экономикалық белсенділіктің төмендеуі» деп анықтайды. Экономикалық құлдырау экономикалық белсенділік шыңына жеткеннен кейін басталады және экономикалық белсенділік өзінің ең төмен шегіне жеткенде аяқталады. Осындай ойпат пен шыңның арасында экономика кеңею жағдайында болады.

құмар ойын (gambling) Жағдайға, нақты нәтижеге сенімсіз болса да енуді таңдау. Бұл *әділ ойынға (немесе одан да көп әділ мүмкіндік) қатысты болуы мүмкін, бірақ ауызекі тілде кем әділ мүмкіндікті білдіреді. Ойыншы өзінің

мүмкіндіктерін біледі деген болжамға сәйкес, ойыншы өзінің ұтысқа жету мүмкіндігі әділ ұту мүмкіндігінен төмен болған жағдайда да құмар ойын ойнауының үш себебі бар. Олардың біріншісі – ойыншының ойыс емес *пайдалылық функциясы болуы мүмкін, бұл ретте шекті пайдалылық кейбір табыс ауқымында артады. Яғни күтілетін ұтылыс құны ұтыстан асып кетсе де, ұтыстан түскен пайда ұтылыстан шеккен шығыннан артық дегенді білдіреді. Екінші себебі – қазірдің өзінде төлеуге қабілетсіз немесе *төлеуге қабілетсіздікке жақын ойыншы үшін құмар ойындар ойнау дұрыс деп саналуы мүмкін, өйткені пайда сақталып қалады, ал несие берушілер шығынға ұшырайды. Құмар ойындардың үшінші себебі – адамдар шын мәнінде азартты ұнатады және құмар ойындарды рахат үшін ойнайды.

құн, мән (value) 1. Құн = баға × сан (көлем). Мысалы, екі жыл ішінде баға төрт есе, ал экономика көлемі 25 пайызға өссе, *жалпы ішкі өнімнің ақшалай құны бұрынғы деңгеймен салыстырғанда $4 \times 1,25 = 5$ есе өседі.

2. Бағаның синонимі. Құн теориясы тауарларға қатысты бағаны түсіндірумен байланысты.

3. «Жақсы құндылық» сияқты фразада қолданылатын мақтаудың жалпы термині. Бұл мағынада құндылық осындай баға дегенді білдіреді, бірақ неғұрлым маңызды және тұрақты. Жарнама берушілер өз тауарлары «баға мен сапа қатынасы» екенін айтады; саясаткерлер өз саясатына қатысты да осындай тұжырымдар жасайды.

4. Айнымалының немесе параметрдің шамасы.

құн индексі (value index) Ағымдағы бағамен кез келген экономикалық жиынтықтың жалпы құны индексінің нөмірі:

егер p_t – баға, ал $q_t - t$ уақытына сәйкес көлем болса, құн индексі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$V_t = p_t q_t / p_0 q_0$$

мұнда 0 – базалық күні. Жиынтықтармен жұмыс істегендегідей, егер p_t және q_t өздері индекс сан болса, мысалы, тұтынумен байланысты құн индексі V_t көлем индексі мен бағаның көбейтіндісі ретінде табылуы мүмкін; олардың біреуі базалық, ал екіншісі ағымдағы өлшенген болуға тиіс. Бұл ретте тауарлардың n ,

$$V_t = \frac{\sum_{i=1}^n p_{it} q_{it}}{\sum_{i=1}^n p_{i0} q_{i0}} = \left(\frac{\sum_{i=1}^n p_{it} q_{it}}{\sum_{i=1}^n p_{i0} q_{it}} \right) \left(\frac{\sum_{i=1}^n p_{i0} q_{it}}{\sum_{i=1}^n p_{i0} q_{i0}} \right),$$

яғни ағымдағы өлшенген немесе Пааше баға индексі және базалық өлшенген немесе Ласпейрес сандық индексі көбейтіндісі немесе балама

$$V_t = \left(\frac{\sum_{i=1}^n p_{it} q_{it}}{\sum_{i=1}^n p_{it} q_{i0}} \right) \left(\frac{\sum_{i=1}^n p_{it} q_{i0}}{\sum_{i=1}^n p_{i0} q_{i0}} \right),$$

яғни базалық өлшенген баға индексі мен ағымдағы өлшенген көлем индексінің көбейтіндісі.

құн төмендеуі қатері (downside risk) Жоба нәтижесі күтілетін қайтарымнан төмен болуы қатері. Жобаны қаржыландыратын кредитордың көзқарасымен қарастырсақ, құн төмендеуі қатері – жоба қарыз алушыға несиесін қайтаруға мүмкіндік беретін деңгейде табыс әкелмеуі.

құнары аз жер (marginal land) Ауылшаруашылық жерлерінің шеткері аумақтарындағы жер. Өнімнің бағасы сәл көтерілсе, мұндай жерлер

шаруашылыққа пайдалы болар еді, ал баға аздап төмендесе, өңделмес еді.

құнның еңбек теориясы (labour theory of value) *Маркс экономикасында тауарлар мен қызметтердің *құны оларды өндіруге қажет тікелей және жанама еңбек шығындарының көлемімен айқындалатыны тұжырымдалған. Еңбек құнның негізгі көзі деп айқындалған идея Маркске дейін пайда болды, тіпті оны ежелгі грек философы Аристотельдің еңбектерінде кездестіруге болады делінеді.

құпия келісім (collusion) Қандай да бір ресми келісімсіз келісілген іс-әрекеттер. Мысалы, фирмалар бір-бірінің тауарының бағасын төмендетуден немесе бір-бірінің нарығында сауда жасаудан бас тартуы мүмкін. Монополияға қарсы заңнама айқын келісімдерді заңсыз немесе заңдық күші жоқ деп танығанда құпия келісімдер көбірек жасалады. Оның бар екенін дәлелдеу өте қиын. Сондай-ақ ҮНСІЗ СӨЗ БАЙЛАСУДЫ *қараңыз*.

құрамдас шикізат өнім (composite commodity) Құрамдас тауар деп те аталады. Салыстырмалы бағасы өзгермейтін тауарлар жиынтығы, сондықтан оларды бір тауар ретінде сатуға болады. Құрамдас шикізат өнім тұжырымы сұранысты талдауда жеңілдетілген әдіс ретінде қолданылады.

құрастыру желісі (конвейер) (assembly line) Шығарылып жатқан өнімді, мысалы, автокөліктерді жұмысшылар тізбегі немесе машиналар арқылы өткізетін құрылғы. Әр жұмыс станциясынан өткенде белгілі бір тапсырма орындалады. Тапсырмаларға құрамдас бөліктер қосу, бұрыннан бар құрамдас бөліктерді өңдеу немесе ерте кезеңдердегі жұмысты тексеру жатады. Құрастыру

желісіндегі өндіріс жұмысшыларды немесе машиналарды бір тапсырмадан екінші тапсырмаға ауыстыруға кететін уақытты азайту арқылы *ауқымнан үнемдеуге мүмкіндік береді.

құрылымдалған инвестиция құралы (ҚИҚ) (structured investment vehicle) (SIV)

Инвестиция компаниясы банктен және ұқсас қаржы мекемесінен ақшаны қарызға арзанға алып, содан кейін ипотекалық облигациялар және жоғары пайыздық мөлшерлеме төлейтін *кепілдік берілген борыштық міндеттемелер немесе одан да күрделі құралдар сынды бағалы қағаздарды сату арқылы пайда алу үшін бөлініп шықты. 2007 жылы *несие дағдарысы кезінде SIV-тегі бағалы қағаздар құны түскенде қиындық туды.

құрылымдық алшақтық (structural break)

Уақыт қатары моделіндегі құрылымдық алшақтық – модель көрсеткіштерінің бірреттік өзгерісі. Макроэкономикалық уақыт қатарындағы құрылымдық алшақтыққа мысал: саясаттың өзгеруінен немесе экономика үшін мұнай бағасының жылдам өсуі секілді экзоген шоктан болуы мүмкін.

құрылымдық жұмыссыздық (structural unemployment)

Жұмыссыз қызметкерлер пайдалануы мүмкін негізгі құралжабдық жоғынан немесе нарық жұмыс істейтін өндіріске қажет жұмыссыздар арасында қажет дағдылар жетіспеуінен пайда болатын жұмыссыздық түрі. Бұл инвестиция еңбек күшінің өсуіне қарқынын сақтай алмағанда туындайды, жалпы *нашар дамыған елдерде таралған. Бұл сондай-ақ бұрын жұмыс орындарын қамтамасыз етіп отырған салалардың құлдырауына алып келген сұраныс өзгеруіне байланысты орын алуы мүмкін. Құрылымдық жұмыссыздық *Кейнстік жұмыссыздықты

қалпына келтіретін *тиімді сұранысты арттыру арқылы немесе *классикалық жұмыссыздықты қалпына келтіретін жалақыны азайту есебінен қалпына келуі мүмкін емес, оны қалпына келтіру үшін жаңа салаларға инвестиция немесе тоқыраған аудандардан ірі ауқымды миграция талап етіледі.

Құрылымдық қорлар (Structural Funds)

Мүше елдердің кедей аймақтарындағы экономикалық жағдайды жақсарту үшін *Еуропалық одақ (ЕО) басқаратын қорлар. Қаржыландырудың 1-мақсаты, мысалы, жан басына шаққандағы *жалпы ішкі өнімі Еуропалық одақтағы орташа көрсеткіштен үш ширек кем болатын өңірлерге бағытталады. Қорлардың мақсаты – Еуропалық одақтағы аймақтар арасындағы теңсіздікті қысқарту.

құрылымдық тепе-теңдік (structural equation)

Экономикалық агенттердің мінезқұлқын немесе экономикалық айнымалы мен екіжақты болатын қарапайым эндоген айнымалылар арасындағы маңызды қатынасты сипаттайтын *бір мезгілдегі теңдеулер моделі. Бұған баға мен көлем эндоген болатын сұраныс немесе ұсыныс тепе-теңдігі мысал бола алады. Құрылымдық тепе-теңдік көрсеткіштері құрылымдық көрсеткіштер деп аталды. Сондай-ақ ЖАНАМА ЕҢ КІШІ КВАДРАТТАР; КЕЛТІРІЛГЕН ФОРМАНЫ қараңыз.

құрылымдық түрлендіру (structural transformation)

Ел экономикасындағы елеулі өзгерістер процесі. Бұл көптеген *жаңа индустрияланған елдердегі сияқты ірі ауқымды ресурстарды бастапқы сектордан өнеркәсіп сектор қызметіне беруді қамтуы мүмкін. Ол сондай-ақ көптеген бұрынғы Кеңес Одағы мен Орталық және Шығыс Еуропа елдеріндегідей экономиканы ұйымдастырудың,

негізінен, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтуге сүйенетін әдістерін қамтуы мүмкін.

құрылым-мінез-құлық-өнімділік (structure-conduct-performance) 1950–1970 жылдардағы *өнеркәсіптік ұйымдардың басым парадигмасы. Нарық құрылымы – көбінесе *N фирманың шоғырлану индексімен өлшенетін монополиялық пәрмен дәрежесі. Мінез-құлық бұл жерде фирмалардың мінез-құлқы мен олардың бәсеке тәсілдері ретінде түсіндіріледі. Құрылым нәтиже алу үшін мінез-құлықпен үйлеседі. Нәтижелердің нәтижелілігі туралы олардың тиімділігіне қарап айтуға болады. Парадигма эмпирикалық деректермен расталмайтыны анықталғаннан кейін қолданыстан алып тасталды.

құрылыс қоғамы (building society) Ұлыбританияның қаржы мекемесі. Мекеменің негізгі қызметі – жеке тұрғын үйге *ипотека беру үшін қалың жұртшылықтан депозиттер қабылдау. Олар сондай-ақ коммерциялық жылжымайтын мүлікке несие берумен және басқа да қаржы қызметімен айналысады. Олардың кейбіреуі өз салымшыларына ағымдағы шоттың чек және электрондық аударым секілді функцияларын ұсынады. Жақында тұрғын үй құрылыс жинақ қоғамдарына компания болып өзгеруге рұқсат берілді және олардың кейбіреуі компанияға айналды, енді бірі әрі қоғам, әрі компания болып қалуды таңдады. Тұрғын үй құрылыс жинақ қоғамдарының көбі банктерге айналғанға дейін олар ипотекалық қаржыландырудың ең ірі көзі болды. ДЕМУТУАЛИЗАЦИЯНЫ *да қараңыз.*

құрылысқа рұқсат (planning permission) Жер учаскелерінің меншік иелеріне белгілі бір максаттарда пайдалану үшін

жергілікті немесе орталық үкімет берген рұқсат. Әдетте жерді пайдаланудағы өзгерістерге, мысалы, ауыл шаруашылығынан тұрғын үйге дейін немесе тұрғын үй-жайдан дүкендерге немесе кеңселерге дейін рұқсат сұрауға болады. Жерді тиімді емес пайдаланудан өткізу үшін жоспарлауға рұқсат жердің құндылығын арттыруы мүмкін.

құтылу (avoidance) Міндеттемені азайту үшін заңды түрде рұқсат етілген шараларды жасау. Мысалы, *салықтан құтылу – оффшорлық инвестициялар сияқты іс-әрекеттер арқылы салық міндеттемелерін азайту. Негізінде, құтылуды жалтарудан айыруға болады, жалтаруда міндеттемені азайту үшін заңсыз әрекеттер жасалады. Іс жүзінде құтылу және жалтару шегі анық емес және ол тек сот шешімімен анықталуы мүмкін.

құрылыс-несие қауымдастығы (building and loan association) Тұрғын үй иелерін ипотекалық қаржыландырумен қамтамасыз ететін АҚШ кооперативтік мекемесі. Ұлыбританияда бұл ұйым құрылыс қоғамы деп те аталады.

құтылуға болатын шығын (avoidable cost) Кез келген өнімнің бір бөлігін өндіреуден үнемделуі мүмкін шығын бөлігі. Кейбір, мысалы, капитал шығынынан құтылу мүмкін емес. Кейбір шығыннан бірінші тексеру барысында құтылуға болатындай көрінеді, бірақ шын мәнінде олай емес. Мысалы, өндірісті тоқтату отынды, материалдар мен жұмыс күшін үнемдеуге мүмкіндік береді, алайда отын мен материалдар ұзақмерзімді келісімшарт бойынша сатып алынған болуы мүмкін, ал жұмыстан босатылған қызметкерлер хабарламаның орнына төлем жасауды талап етуі мүмкін. Осылайша қысқамерзімді перспективада бұл шығыннан құтылу мүмкін емес.

ҚШК (PLC) ҚОҒАМДЫҚ ШЕКТЕУЛІ КОМПАНИЯНЫ қараңыз.

Қызғылт кітап (Pink Book) Ұлттық статистика басқармасының жыл сайынғы басылымы, Ұлыбританиядағы көрінетін және көрінбейтін сауда, капитал ағымы және шетелдік активтер мен міндеттемелер туралы дерек көзі. www.ons.gov.uk – Қызғылт кітаптағы статистикаға қол жеткізуді қамтамасыз ететін сайт.

қызмет көрсету ағыны (service flows) Ұзақ пайдаланылатын *тұтыну тауарлары беретін қызмет. Олар сатып алынған сәтте тұтынылған болып есептеледі, бірақ жиһаз, тоңазытқыш, көлік немесе қайық сияқты заттар ұзақ, тіпті ондаған жыл қызмет көрсетеді. Тұрғын үй туралы айтқанда ғана *ұлттық кіріс есебінде оларды сатып алу инвестиция ретінде қарастырылып, бұл жүзеге асқан кезде ағын қызметі кейінгі жылдарға *жүктелген табыс ретінде көрсетілетін рәсімге сүйенеді, яғни жеке не ұлттық тұтыну шығындары тоқырау немесе соғыс кезінде құлдырағанда, ұзақмерзімді тұтыну тауарлары қорының тозу шамасына қарай біртіндеп жинақталатын пайдалылықтың шұғыл құлдырау мөлшерін асыра көрсетуді білдіреді. Сол сияқты қалпына келтіру кезіндегі өмір сүру деңгейі тұтыну шығыны сияқты тез өспейді.

қызмет көрсету келісімшарты (service contract) Қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін *келісімшарт. Бұл инспекция тұрақты техникалық қызмет көрсету не жинау сияқты тұрақты немесе жоқ қызметкерлердің орнын білдірмеу үшін уақытша адам жалдау не бұзылған техниканы жөндеу сияқты шұғыл қызметтер болуы мүмкін. Қызмет көрсету келісімшарты фирмалар маманданған, басқару немесе техникалық дағдылармен байланысты

қызметтерді керек еткенде, бірақ оларды тұрақты түрде пайдалануға мұқтаж болмағанда пайдалы болуы мүмкін.

қызмет көрсету саласы (service industry)

Қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін экономиканың бір бөлігі. Бұл жеке тұтынушыларға көрсетілетін медициналық, ойын-сауық сияқты не кәсіпорындарға көрсетілетін, мысалы, архитекторлық, клинингтік, компьютерлік, инженерлік не заң жұмыстары сияқты қызмет болуы мүмкін. Мейрамхана секілді кейбір жағдайларда тауарлар мен қызметтердің үйлесімі көрсетіледі. Қызмет көрсету саласы үшінші сектор деп те аталады және экономикасы дамыған елдердегі жалпы қызметтің басым бөлігін құрайды. Сондай-ақ **ЖАҢА ЭКОНОМИКАНЫ қараңыз.**

қызмет мерзімі (service life) Өнім немесе актив қолданыста болатын уақыт кезеңі.

қызметкер (employee) Өзіне жұмыс істеу және өз тауары не қызметін сатудың орнына, басқа біреуге жалақы немесе еңбекақы үшін оның тауары мен қызметін сатуға жалданып жұмыс істейтін адам. Қызметкер еңбек шартына сүйеніп жұмыс істейді. Оған сәйкес жұмыс беруші қызметкер жасаған залалға немесе өз міндетін орындау барысында қызметкер ұшыраған зақымға жауапты болады. Ұлыбританияда жұмыс берушілер өзіне бағынышты қызметкерлер үшін табыс салығын және Ұлттық сақтандыру жарналарын төлеуге міндетті. Осыған ұқсас заңнама көптеген елде бар. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлер өзінің сақтандыру, салық және Ұлттық сақтандыру жарналарын өздері төлеуге жауапты.

қызметкер бақылайтын фирма (worker-controlled firm) Өз қызметкерлері

иелік ететін және өздері немесе өндірушілер кооперативі басқаратын фирма. *Капитал қажеті төмен салаларда қызметкерлер фирманың капиталын өздері қамтамасыз ете алады; капитал қажеті жоғары салаларда олар капиталды қарызға немесе ғимараттар мен жабдықтарды жалға ала алады. Фирмаларды қызметкерлер бақылауының артықшылығы – фирма басшылығы мен қызметкерлер арасындағы конфликтіні болдырмауы. Алайда бұл неғұрлым білікті аға қызметкерлер мен білігі төмен қызметкерлер арасындағы мүдде қақтығысын жоймайды. Қызметкерлер бақылайтын біршама табысты фирма бар. Қызметкерлердің бақылауындағы көп фирманың сәтсіздікке ұшырауы көп жағдайда өзге басқару формасы сәтсіз болып шыққаннан кейін ғана болады.

қызметкердің акцияларға иелік ету жоспары (employee stock ownership plan) АҚШ компанияларының өз қызметкерлеріне траст қорлары арқылы акция ұсыну туралы келісімі. Компанияның қызметкердің акцияларға иелік ету жоспарына салған жарнасына салық салынбайды. Қызметкерлердің акцияларға иелік етуі қызметкерлерді ынталандырады, жұмыс берушілердің бизнесі туралы хабардар етеді және компанияға адалдығын арттырады.

қызметкерлердің басқаруға қатысуы (worker participation) Қызметкерлердің фирмадағы шешім қабылдау процесіне араласуы. Бұл фирмалар арасында әралуан түрде кездеседі. Бір жағынан, қызметкерлер иелік ететін және директорларды өздері сайлайтын өндірістік кооперативтер немесе *қызметкерлер бақылайтын фирмаларды атауға болады. Екінші жағынан, бұл иелері мен қызметкерлері арасындағы бейресми қатынасты ескермегенде, жұмысшылар басқаруға араласпайтын

фирмалар және бұл басқару формасы шағын фирмаларда өте тиімді болуы мүмкін. Олардың арасында *кәсіпорын кеңесі құрылған фирмалар бар, онда жалпы ұйым ережелеріне қатысты мәселелер, мысалы, штатты толықтыру және қысқарту жөніндегі шешімдер талқылануы мүмкін, ал түпкілікті шешімді басшылық қабылдайды. Сондай-ақ қызметкерлердің кейде жеңілдетілген шарттармен акционер болуына мүмкіндік жасайтын фирмалар да бар. Фирмалар қызметкерлер сайлаған директорларды тағайындай алады, бірақ бұл – сирек жағдай. Сондай-ақ Германиядағы сияқты *екіденгейлі кеңес болуы мүмкін: қызметкерлер жалпы ережелерді анықтайтын жоғары деңгейге өкіл сайлайды, бірақ жедел шешім қабылдайтын төмен деңгейдегі басшыларды сайлай алмайды. Көп фирма қызметкерлердің бақылауға қатысуы қандай да бір дәрежеде акционерлердің мүддесіне сай деп санайды, өйткені бұл қызметкерлердің фирмадан ажырамауына, фирмаға адал болуына және қызметкерлердің іс-әрекеті, мінезқұлқында фирма мәселелеріне оң ниет танытуына жағдай жасайды.

қызметтер (services) Материалдық және заттай сақтау формасында болмайтын экономикалық тауарлар. Кей жағдайда олар клиенттің өзі қатысуын талап етеді, мысалы, шаштараз қызметтері, емдеу немесе жанды көңіл көтеру. Басқа жағдайда қызмет қашықта орындалуы мүмкін, мысалы, заңды өкілдік немесе сақтандыру.

Қызметтер саудасы жөніндегі бас келісім (General Agreement on Trade in Services) (GATS) *Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім (GATT) шеңберінде келіссөздің *Уругвай раунды аясында 1994 жылы жасалған қызметтер саудасы жөніндегі халықаралық келісім. Тарифтер

мен сауда жөніндегі бас келісімнің (ГАТТ) қолданылу аясы өте шектеулі: ол дүниежүзілік және «Ұлттық» нарықтарға қол жеткізе алуды қамтамасыз етуден алыс, яғни бұл шетелдік қызмет жеткізушілермен дискриминациясыз қарым-қатынас. Оның ережелері тек оң тізімге енгізілген мүшелердің қызметтеріне ғана қолданылады: бұл табыс деңгейі жоғары елдердегі барлық қызметтердің шамамен жартысы және басқа елдердегі қызметтердің өте аз үлесі. Тіпті осы оң тізімдерде көптеген ерекшелік бар. ГАТТ-қа қатысты жағдайдағыдай, қызметтердің еркін саудасына қол жеткізгенге дейін ұзаққа созылатын келіссөз сериясы қажет болуы мүмкін.

Қызыл кітап (Red Book) *Төлемдер және нарық инфрақұрылымы комитетіне мүше 25 орталық банктің төлем және есеп айырысу жүйелерін сипаттайтын *Халықаралық есеп айырысу банкінің мерзімді басылымы.

Қызыл қалпақ кәсіпорны (Red Hat enterprise) Қытайдағы іс жүзінде жекеменшік болғанына қарамастан, көбінесе *қалалық және ауылдық кәсіпорындар (ҚАК) немесе қалалық ұжымдық кәсіп орын ретінде ресми түрде мемлекеттік мекеме болып тіркелген және өндіріспен эксплуатация үшін мемлекеттік немесе ұжымдық лицензия айырбасына жергілікті үкіметке немесе ұжымдық бөлімшеге басқармашылық алым төлейтін кәсіпорын. Бұл стратегия 1990 жылдардың басында және ортасында таралды және 1997 жылы Қытайдың коммунистік көшбасшылары мемлекеттік емес секторды «социалистік экономиканың маңызды бөлігі» деп танығаннан кейін ресми жекеменшік пайдаланына қарай біртіндеп ығыстырылды.

«Қызыл сызық» (redlining) Нақты географиялық аудандардағы жеке тұлғаларға

немесе фирмаларға қатысты саясат жүргізу. Банктер мұны осы аймақтардағы несие немесе саясаттағы сәтсіз тәжірибе нәтижесінде ақтап алады. Бұл тәжірибе мұндай аудандарда шоғырланған этностық топтарға қатысты кемсіту формасы ретінде сынға ұшырады. АҚШ-тағы нәсілге, дінге, отбасы жағдайына, мүгедектікке немесе этностық шығу тегіне сүйенетін «қызыл сызық» ұстанымына 1968 жылғы Әділ баспана туралы Заңмен тыйым салынды.

қымбат ақша, қымбат несие (dear money) Қарыз алуды қымбат ететін жоғары пайыздық мөлшерлемелер. Қымбат несие қалыптастыру үшін пайыздық мөлшерлемелер қаншалықты жоғары болуы керегі инфляция көрсеткішіне байланысты. Инфляция деңгейінен жоғары пайыздық мөлшерлемелер ғана қарыз алуды *нақты жағдайда қымбат етеді. Орталық банк жиынтық сұранысты азайту үшін ақша-несие саясатын қолданса, онда несие қымбаттайды немесе несие алу қиындай түседі.

қысқа мерзім (short run) 1. Макроэкономикада экономикалық шешімдерге қатысы бар кейбір айнаымалы өзгертілмейтін, бірақ көбірек уақыт бөлінсе өзгертілуі мүмкін болатын уақыт масштабы. Қысқа мерзімде, мысалы, фирма көп материалды немесе отынды сатып ала алады және білігі жоқ жұмысшыларды жалдай алады, бірақ жаңа зауыт салуға не білікті жұмысшыларды немесе менеджерлерді оқытуға үлгермейді. Қысқа мерзім барлығын емес, бірақ көп нәрсе өзгертуге болатын орта мерзім мен бір кездері бәрі өзгертілетін және бәрі өзгеруі мүмкін *ұзақ мерзімге қарсы. Осылайша қысқа мерзімде қол жеткізілген оңтайлы нәтиже ұзақ мерзімдегідей жақсы болуы мүмкін.

2. Макроэкономикада қысқа мерзім *бизнес-циклмен немесе экономикалық айналыстардың ауытқуымен байланысты *трендке, ал тренд ұзақ мерзімді кезеңге қатысты. Сондай-ақ ТРЕНД ЦИКЛІ БОЙЫНША ЫДЫРАУДЫ қараңыз.

қысқа позиция (short position) Фирма немесе жеке тұлғада нақты жоқ санынан асатын болашақтағы тауарлар немесе бағалы қағаздарды болашақта сату мен жеткізу келісімшарты. Сайып келгенде, қысқа позиция ұстанушы келісімшартты орындау үшін жеткілікті тауарды не бағалы қағаздарды өндіру немесе сатып алуға не кері сауданы енгізе алуға қабілетті болуға тиіс. Жеткізу уақыты келгенде спот нарықтағы баға келісімшарттағы бағадан төмен болса, қысқа позицияны ұстанушы тауарды осы төмен бағамен сатып алып, пайда алады. Алайда спот нарықтағы баға келісімшартта келісілген бағадан жоғары болса, нәтижесінде оның мөлшері шектелмейтін шығын болуы мүмкін. Сондықтан қысқа позиция қатерлі және көп шығынға алып келуі мүмкін. Сондай-ақ ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ САТУДЫ қараңыз.

қысқамерзімді алыпсатар сауда (naked short-selling) Акцияларды қарызға алу-сыз немесе оларды қарызға алу мүмкіндігін қамтамасыз етусіз *кепілдік берілмеген бағалы қағаздарды сату практикасы. Ол АҚШ-та заңсыз және бірнеше басқа елде биржалар тарапынан тыйым салынған. Сатушы қажет уақыт кезеңі ішінде акция алмағанда нәтижесі «жеткізу міндеттемесі орындалмады» деп аталады.

қысқамерзімді бағалы қағаздар (short-dated security) Бірінші шығарылымда 5 жылға дейін *өтеу мерзімі бар бағалы қағаздар.

қысқамерзімді жұмыс (short-time working) Кейбір жұмысшыларды жұмыстан шығармай, қалыпты жұмыс аптасынан төмен жұмыс уақытын қысқарту есебінен фирмалардың еңбек күшін пайдалануды азайтуы. Мұның тиімділігі – фирма өзі барлық жұмысшыларымен байланыс орнатып, қажет болғанда еңбекті оңай иелену мүмкіндігі. Бұл жұмысшылар үшін балама жұмыс орындарын иелену қиын болғанда, *жұмыстан босатуға қарағанда қолайлы болуы мүмкін. Қысқамерзімді жұмыс сондай-ақ жұмысшылардың дағдылары сақталатындай тәжірибе алуда көмектеседі. Әдетте ол еңбек күшіне сұранысты қалпына келтіру күтілген кездері ғана пайдаланылады.

қысқамерзімді капитал қозғалысы (short-run capital movements) Мемлекеттер арасындағы жылдам кері қайтаруға болатын капитал қозғалысы. Бұл әдетте вексель, қысқамерзімді қаржылай активтер не банк депозиттері секілді *өтімді активтердің болуын білдіреді. Қаражатты қысқа мерзімде орналастыруға және ұзақмерзімді облигациялар мен акцияларды сатып алуға болады, бірақ мұның қатері де бар. Қысқамерзімді капитал қозғалысы инвесторлар қаражатты пайыздық мөлшерлемесі жоғары мемлекеттерге ауыстырғанда, пайыздық мөлшерлеменің айырмашылықтарынан немесе алыпсатарлар қаражатты құнсызданады деп күтілетін валютадан бағамы өседі деп күтілетін валютаға аударғанда, валюта бағамы өзгеруін күтумен байланысты туындауы мүмкін. Қысқамерзімді капитал қозғалысы сондай-ақ қоғамдық тәртіпті бұзу не қудалау қауіптерінен немесе *ақша шығарып әкету процесінің бір бөлігі болуынан туындауы мүмкін. Ірі ауқымды қысқамерзімді капитал қозғалысы валюта бағамы икемді болғанда

валюта бағамының тұрақсыздығына ықпал етеді деп есептеледі.

қысқамерзімді міндеттемелер (current liabilities) Алдағы 12 ай ішінде төленуге тиіс кредиторлар алдындағы берешек. Олар бухгалтерлік баланста ұзақмерзімді міндеттемелерден бөлек көрсетілуге тиіс.

қысқамерзімді пайда табу саясаты (short-termism) Ұзақмерзімді нәтижемен салыстырғанда қысқа мерзімді көбірек ескере отырып бизнес жүргізу. Өнеркәсіп үшін бұл *зерттеу мен әзірлемелерге, қызметкерлерді оқыту мен пайда табу үшін ұзақ уақытқа артта қалдырылатын жобаларды инвестициялауға тым аз қаражат жұмсауды, ал қаржы институттары үшін қысқамерзімді капитал өсіміне тым көп көңіл бөлуді білдіреді. Осылайша қысқамерзімді пайда табу саясаты *келешекті тым қатты дисконттауды білдіреді. Бұл тұжырымдама субъектив сипатта, өйткені келешектегі шығын мен пайданы дисконттаудың дұрыс мөлшерлемесін анықтаудың шынайы тәсілі жоқ.

қысқамерзімді сату (short selling) Өзіңіз иеленбейтін тауар не активті сату. Қазіргі иеленушіден тауар не активті қарызға алу арқылы қол жеткізуге болады. Қаржы және шикізат өнімдері нарығында биржа брокерлері активке не тауарға несие рәсімдей алады. Қысқамерзімді сату актив не тауардың теріс сандық мөлшерін ұстап тұруға теңестіріледі және бағаның төмендеуінен пайда алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ТАЗА ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ САТУ; ҚЫСҚА ПОЗИЦИЯНЫ *қараңыз.*

қысқамерзімді Филлипс қисығы (short-run Phillips curve) ФИЛЛИПС ҚИСЫҒЫН *қараңыз.*

қысқамерзімді шекті шығын (short-run marginal cost) ШЕКТІ ШЫҒЫНДЫ *қараңыз.*

қысқамерзімді шығын қисығы (short-run cost curve) ШЫҒЫН ҚИСЫҒЫН *қараңыз.*

қысқармалы қалдық әдісімен амортизация (reducing balance depreciation) Жыл сайын олардың қалдық құнының тұрақты пайызын есептен шығару арқылы негізгі құралдарды амортизациялау әдісі. Қалған негізгі бөлігі кейін олар, ақыр соңында, істен шыққан кезде есептен шығарылады. Қысқармалы қалдық әдісімен амортизация есептен шығарылатын сома жыл сайын азаяды. Керісінше, сызықтық амортизация кезінде берілген сома бірқатар жыл ішінде тең көлемде жыл сайын есептен шығарылып отырады.

қысқарту (redundancy) Қызметкерлердің қандай да бір кінәсі болмаса да, жұмыс берушіге жұмыс күші қажеті азаюы себебінен еңбек әрекетінің тоқтатылуы. Ұлыбританияда кейбір қызметкерлердің жұмыстан шығарылғаны үшін өтемақы алуға заңды құқығы бар. Жұмыс берушілер жұмысшыларға жұмыстан өз еркімен шығу ұсынысын қабылдау үшін жұмыстан шығарғанда Занда белгіленген талаптардан жоғары төлем жүргізуі мүмкін, осылайша міндетті жұмыстан босату қажетін болдырмайды.

қысқартылған іріктеме (truncated sample) Кейбір бақылау жүйелі түрде алып тасталатын іріктеме, басқаша айтқанда, бүкіл халықтан емес, халықтың шектеулі бөлігінен алынған іріктеме. Белгілі бір деңгейден төмен табысы бар үй шаруашылықтары іріктемеге мысал бола алады: көрсетілген деңгейден жоғары табысы бар үй шаруашылықтары іріктемеден жүйелі түрде алып тасталады. Бұл жағдайда тәуелді айнымалы табыс

болса, қысқартылған іріктемеге *қарапайым ең кіші квадраттар әдісін қолданудан бағалау ретсіз болып кетеді.

қысым жасаушы топ (pressure group) Зандарға немесе саясатқа өзгеріс енгізуге тырысатын ұйым. Ол өз мүшелерінің мүддесіне немесе қоршаған орта сияқты себептерге байланысты болуы мүмкін. Қысым жасаушы топтар *лоббидің алуан түрі не қоғамдық демонстрациялар немесе ұлттық және жергілікті билік органдарын үгіттеу арқылы әрекет етеді.

Қытай даму банкі (China Development Bank) Қытай Халық Республикасының үкіметіне тиесілі қаржы мекемесі. Бұл банк 1994 жылы құрылды. Штаб-пәтері Пекинде орналасқан. Оның негізгі функциясы – Ұлттық инфрақұрылыммен байланысты жобаларды және Ұлттық басымдығы бар Қытай үкіметінің басқа да жобаларын орта және ұзақмерзімді қаржыландыруды қамтамасыз ету. www.cdb.com.cn/english – Қытай даму банкінің ресми веб-сайты.

Қытай қорғаны (Chinese walls) Қаржы фирмалары түрлі клиенттермен жұмыс істейтін қызметкерлер арасында ақпарат алмасуды болдырмау талабы. Өйткені ол мүдделер қақтығысына немесе *инсайдерлік мәмілеге әкелуі мүмкін. Мысалы, *A* департаменті басқарудағы қоры бар клиенттеріне *B* компаниясына акция сату немесе ол жақтан сатып алуға кеңес беріп жатса, онда ол *C* департаменті *B* компаниясына акция құнына әсер ететін жұтып алу жөнінде қандай кеңес беріп жатқанын білмеуі керек.

Қытай Республикасының орталық банкі (Central Bank of the Republic of China) Тайванның ақша-несие саясатын реттеуші орган. 1924 жылы Кантонда

(қазіргі Гуанчжоу) құрылған кезден бастап, 2007 жылға дейін ол Қытайдың орталық банкі ретінде танымал болды. Банк Тайбэйге 1949 жылы көшіп, 1961 жылы қызметін қайта бастады. Ол қатерлерді мониторингілеу және бағалау, негізгі төлем жүйелеріне мониторинг жүргізу, шетел валютасын басқару, валюта эмитенті және орталық үкіметтің қаржы агенті рөлінде орталық мемлекеттік облигациялар мен қазынашылық вексельдерді ұстау арқылы қаржылай тұрақтылықты қамтамасыз етуге жауап береді. www.cbc.gov.tw – Қытай Республикасы орталық банкінің ресми сайты (Тайвань).

Қытай халық банкі (People's Bank of China) Қытай Халық Республикасының орталық банкі. Ол 1948 жылы Хуабей, Бейхай және Сібір фермерлер банктерін біріктіру арқылы құрылды, ал 1983 жылы орталық банк болды. Оның негізгі функциялары: ақша-несие саясатын дамыту мен жүзеге асыру, валюта шығару; қаржы нарықтарын реттеу; валюта және алтын қорларын басқару; мемлекеттің салық агенті ретінде әрекет ету және төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Банк сондай-ақ өз функцияларын орындауымен байланысты заңнаманы әзірлеуге және қолдануға жауап береді. www.pbc.gov.cn – Қытай халық банкінің ресми сайты.

Қытай экономика реформасы (Chinese Economic Reform) 1970 жылдардың соңында Қытайда жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшуді қолдау үшін әзірленген экономикалық реформалар кешені. Бұл реформалар бастапқыда колхоздарды таратуды, шетелдік инвестиция мен сауданы ынталандыруды, инвесторлар үшін салық жеңілдіктері бар арнайы экономикалық аймақтар құруды қамтыды.

Мемлекеттік өнеркәсіптік кәсіпорындар 1980 және 1990 жылдардың аяғында едәуір дәрежеде жекешелендірілді, ал қаржы секторы либералданды. 2000 жылдардың басында тарифтер мен сауда кедергілері төмендетілді. Реформалар кезеңінде Қытай экономикасы қарқынды өсуді көрсетті, ал 2014

жылы ол ірі дүниежүзілік экспорттаушы мемлекет атанды. 2015 жылдан бастап реформаның басты фокусы экспорт ынталандырған өсуден ішкі тұтыну мен қызмет көрсетуге сүйенетін «өсудің жаңа моделіне» ауысқаны жарияланды.

Л

лаг (ауытқу) операторы (lag operator) Лаг айнымалысын белгілеу үшін мына мәндер қолданылады: егер L лаг операторы болса, онда $Ly_t \equiv y_{t-1}$, $L^2y_t \equiv L(Ly_t) = y_{t-2}$, т.с.с. Қосу мен көбейтудің стандарт ережелері лаг операторларынан құралған өрнектерге қолданылады.

Лагранж көбейткіші (Lagrange multiplier)

Айнымалы шектеулі оңтайландырумен байланысты мәселені шешу мақсатында енгізілген $f(x, y)$ функциясы $g(x, y) \leq k$ шектеулерін ескере отырып, x пен y таңдау жолымен максималданады деп алайық. Шешімін Лагранж функциясын құру арқылы табуға болады:

$$L(x, y, \lambda) = f(x, y) + \lambda[k - g(x, y)]$$

мұндағы λ – Лагранж көбейткіші. Мұндағы $f_x - \partial f(x, y)/\partial x$, т.с.с. x , y және λ оптимал мәндері қажет жағдайларды шешуге арналған.

$$L_x \equiv f_x - \lambda g_x = 0, L_y \equiv f_y - \lambda g_y = 0, \lambda[k - g(x, y)] = 0, \text{ және } \lambda \geq 0.$$

Егер шектеу міндетті емес $\lambda = 0$ болса, $f_x = f_y = 0$ болғанда максимум орын алады. Егер шектеу міндетті және $\lambda > 0$ болса, оптимум үш теңдеуді шешу арқылы анықталады: $L_x = 0$, $L_y = 0$ және $g(x, y) - k = 0$. λ – Лагранж көбейткіші мақсатты функцияның $(f(x, y))$ ұлғаюын өлшейді. Бұл шектеудегі шекті жұмсарту (k кененюі) жолымен алынады. Сондықтан көп жағдайда Лагранж көбейткіші

*көлеңке баға деп аталады. Мысалы, $f(x, y)$ функциясы x және y -ке жалпы шығындар k табыстан кем немесе оған тең болады деген шектеулерін ескергенде максималданатын пайдалылық функциясы болса, онда λ табыстың қосымша бірлігі есебінен қамтамасыз етілген қосымша пайдалылық – *табыстың шекті пайдалылығын өлшейді.

Лагранж көбейткіші (LM) тесті (Lagrange multiplier (LM) test)

Белгісіз параметр немесе θ *ең жоғары ақиқатқа жақын бағалаушыға сүйенетін θ белгісіз параметрлер векторы шектеуінің үш өлшеміннің бірі (*ақиқатқа жақындық қатынасы тесті және *Вальд тесті). H_0 нөлдік гипотезасы $\lambda = 0$ болады, мұндағы λ – мақсат функциясы логарифмдік ақиқатқа жақындық функциясы болып келетін шектеулері бар максималдау міндеттері үшін Лагранж көбейткіштерінің векторы. Балама қарапайым тұжырымында LM статистикасы тесті $\hat{\theta}^R$ арқылы бағаланған, шектеулер арқылы алынған логарифмдік *ақиқатқа жақындық функциясының туындыларына, θ максимум ақиқатқа жақындықты бағалауға сүйенеді. Нөлдік гипотезада LM тесті статистикасының үлестірімі шектеулер санына тең, еркіндік дәрежесі бар асимптотикалық *чи-квадрат таралуына тең.

лайық бағаланбаған валюта (under-valued currency) Басқа валюталарға *сыртқы баланс үшін қажет деңгейден төмен

бағамен айырбасталатын валюта. Бұл әдетте ағымдағы операциялар бойынша елдің *төлем балансын жақсарттады, өйткені салыстырмалы түрде төмен баға экспортты сатуға жеңіл етеді және импортпен бәсекені жеңілдетеді. Осының арқасында нарық айырбас бағамының өсуін күткенде оңай қарыз алуға мүмкіндік береді. Валюта лайық бағаланбағаны туралы айту оңай емес, мысалы, айырбас бағамы тым жоғары болса да, ағымдағы шот белсенділікті қалпына келтіргеннен кейін сыртқы балансқа сәйкес келу үшін рецессия кезінде профицит көрсетуі мүмкін.

Ласпейрес индексі (Laspeyres index)
БАЗАЛЫҚ ӨЛШЕНГЕН ИНДЕКСТІ қараңыз.

ластанудың белгіленген деңгейі (optimal level of pollution) Қосымша ластанудың шекті шығындарын шекті пайдаға теңестіре отырып, *әлеуметтік қамсыздандыруды барынша көбейтетін ластану деңгейі. Оңтайлы деңгейдің тұжырымдамасы ластануды тазарту жағдайында кетуі мүмкін ластану деңгейіне рұқсат берудің пайдасы бар деп есептейді.

ластау (pollution) Лас, улы, радиоактив немесе патоген болуы мүмкін зиянды заттар шығарудан қоршаған ортаға келетін зиян. Бұл судың, ауаның немесе жердің бетіне, кей жағдайларда үлкен жерлерге әсер етуі мүмкін. Экономикалық белсенділік нәтижесіндегі ластау – теріс сыртқы салдардың негізгі көзі. Сондай-ақ ЛАСТАУҒА РҰҚСАТТЫ қараңыз.

ластаушы қалдықтарға рұқсаттың айнмалы квотасы (tradable emission permit) Ластаушылар арасындағы сатылуы мүмкін ластаушы шығарындыларға рұқсат (ластанудың белгілі бір деңгейіне мүмкіндік беретін лицензия).

Саудаға рұқсат беруге мүмкіндік беру олардың, сайып келгенде, қоршаған ортаны ластауға рұқсат беруден ең көп пайда алатындардың пайдалануын қамтамасыз етеді. Бұл ластау құқығын тиімді үлестіруді қамтамасыз етеді және *сыртқы салдарды бақылау мәселесінің нарыққа сүйенетін шешімі. Сондай-ақ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТАҒЫ ШЫҒАРЫНДЫЛАР САУДАСЫ ЖҮЙЕСІ; ЛАСТАУ ҚҰҚЫҒЫН қараңыз.

ластау құқығы (pollution rights) Компанияға белгілі бір ластайтын қалдықтар шығаруға құқық беретін үкіметтің рұқсаты. Ластау құқығын шығару реттеуші органға рұқсат саны бойынша ластау көлемін бақылауға мүмкіндік береді. Ластау құқығы саудасы зиянды заттар шығаруды азайтуға және рұқсатты сатудан пайда алуға (немесе рұқсат сатып алу қажеті жоғынан шығынын азайтуға) ынталандырады. КОУЗ ТЕОРЕМАСЫ; ЛАСТАУШЫ ТӨЛЕУГЕ ТИІС ПРИНЦИПІН де қараңыз.

ластау нормалары (pollution standards) Ластаудың үкімет белгілейтін ең жоғары рұқсат етілген деңгейі. Мысалы, фирмалар қалдықтарын өзендерге немесе кәріздерге төгер алдында, ең төмен стандарттарға дейін тазартуы қажет болуы мүмкін немесе жол көлік құралдарының рұқсат етілетін шығарындыларына белгіленген стандарттар болуы мүмкін. Нормалар – ластаушы заттар шығаруға салық салу арқылы ластауды бақылаудың баға механизміне балама. Зиянды заттар шығару нормаларының кемшілігі – олар фирмаларды ластауды одан әрі азайтуға ынталандырмайтынында. Сонымен қатар кейбір елдерде ластауды болдырмау құны да жоғары.

ластауға қарсы күрес шаралары (anti-pollution measures) *Ластауды азайту

немесе жою ережелері. Оған салық салу, сандық шектеулер немесе ластауға әкелетін қызметке тыйым салу; ластаушы қызмет түрлерін олар аз зиян келтіретін жерлерде оқшаулау үшін *аймақтарға бөлу ережелері; ластау салдарын зерттеуге қолдау көрсету және зиянды *жанама өнімдер аз шығарылатын өндіріс әдістерін ашу жатады. Өнеркәсіп фирмалары мен бұқара жұртшылықты ақпараттандыру ластауды ерікті түрде болдырмауға және оны азайтудың міндетті әдістерін не салық салу жолымен, не бақылау жолымен саяси тұрғыдан қолдауға ықпал ете алады. Ластауды болдырмауға *түрткі ластаушыларға заңды міндеттемелер беру арқылы немесе нақты құрбандарға өтемақы төлеу немесе тазарту жұмысының жалпы шығынын өтеу арқылы берілуі мүмкін.

ластауға рұқсат (permit to pollute) Атмосфераны, өзенді немесе теңізді белгілі бір деңгейде ластауға мүмкіндік беретін рұқсат. Ластау мөлшері ластауға рұқсаттың шектеулі санын беру арқылы және рұқсатсыз ластауды болдырмау арқылы шектелуі мүмкін. Рұқсаттар сатылса, ластауды болдырмау шығыны маңызды болатын фирмалар шектеулі мөлшерде рұқсат етілген ластауды ғана жүзеге асырады. Бұл – тиімді нәтиже. Рұқсатты сатуға болмаса, онда ластаудың шектеулі көлемі тиімдірек болады және рұқсаттар тиісті салаға кіруге шектеу ретінде әрекет етеді. Ластауға рұқсат – ластауға салыныатын салыққа балама және бұл екі құрал сауда-саттық жүргізілгенде және анықталмаған жағдайда бірдей нәтижеге қол жеткізе алады. Ластау нормалары күшейтілсе, фирмаларға сатылатын ластауға рұқсат олардың өткен шығарындыларына пропорционал болады және оларға неғұрлым қатаң стандарттар бойынша өтемақы береді. КОУЗ

ТЕОРИЯСЫ; ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТАҒЫ ЗИЯНДЫ ҚАЛДЫҚТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАР САУДАСЫ ЖҮЙЕСІ; ЛАСТАУДЫ БАҚЫЛАУДЫ да қараңыз.

ластауды азайту шығыны (abatement cost) Қоршаған ортаны ластау деңгейін төмендетуді қамтамасыз етуге жұмсалған шығын. Ластауды азайту шығыны бір бірлікке шаққандағы шығын немесе белгілі бір мақсатқа қол жеткізудің жиынтық шығыны ретінде көрсетіледі. Ластаудың тиімді азайтылуын анықтау үшін төмендетудің шекті шығыны шекті пайдамен теңесуге тиіс. Ластауды азайту шығыны ұғымы фирмалардың өндірістік қызметінен және тұтынушылардың тұтыну әрекетінен туындайтын ластануға қатысты қолданылады.

ластауды бақылау (pollution control) Ластауды азайту әдістері. Оларға ластаушы қызметке салық салу және ластауға сандық шектеу енгізу кіреді. Сандық шектеулер ластаушы әрекеттерге тыйым салу формасында болуы мүмкін, ластау нормаларын белгілейді, ол *ластауға рұқсат мөлшерін қызметтің бірлігіне шектейді немесе ластауға рұқсаттың шектеулі санын шығаруға немесе сатуға болмайды. Балама өндіріс әдісі болмаса, ластауға тыйым салу мүмкін емес. Ластауды азайтатын немесе болдырмайтын балама технологияларды зерттеуді қамтитын ұзақмерзімді ластауды азайту саясаты.

ластауды азайтудың шекті шығыны (marginal cost of abatement) Ластаудың соңғы бірлігін болдырмау нәтижесінде пайданың шекті залалы немесе шығымның белгілі бір деңгейінде ластаудың белгілі бір деңгейіне қол жеткізудің шекті шығыны. Ластаушы заттардың бірнеше көзі болғанда және олардың әрқайсында ластаушы қалдықтарды азайтудың шекті шығын қисығы бар кезде

ластаудың тиімді көлемі түрлі көздерден ластаушыларды азайтудың шекті шығынын теңестіруді талап етеді. Бұған зиянды қалдық төлемі немесе сатуға болатын рұқсат сияқты нарық құралдарының көмегімен қол жеткізуге болады. Сондай-ақ ЛАСТАУДЫ АЗАЙТУ ШЫҒЫНЫ; ЛАСТАУДЫҢ БЕЛГІЛЕНГЕН ДЕНГЕЙІ; ЛАСТАУ ҚҰҚЫҒЫН қараңыз.

ластаушы заттар шығарғаны үшін төленетін салық (effluent charge) Қоршаған ортаға ластаушы заттар шығаруға төленетін алым немесе салық. Төлем мөлшері шығарылатын ластаушы заттардың мөлшеріне немесе сапасына байланысты. Ластаушы заттар шығарындыларына төленетін салық қоршаған ортаны қалпына келтіруді қаржыландыру немесе ластаушы заттар шығаруды тоқтатуды ынталандыру үшін алынады. Сондай-ақ КӨМІРТЕК ҚАЛДЫҚТАРЫНА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ; ПИГУ САЛЫҒЫН қараңыз.

ластаушы төлеуге тиіс (polluter pays principle) Ластаушының қоғамға келтірген зиян мөлшеріне немесе ластаудың рұқсат етілген деңгейіне байланысты ластаушыларды азайту шараларының құны болуы керек.

Латын Америкасындағы дағдарыс (Latin American crisis) Латын Америкасы мен бірқатар *нашар дамыған елдердегі (НДЕ) 1980 жылдардағы сыртқы борыш (мемлекеттің қарызы) дағдарысы. 1982 жылғы тамызда Мексика сыртқы борыш бойынша дефолт жариялағаннан бастап, Латын Америкасының барлық 16 елі мен 11 НДЕ өз борыштарын қайта құрылымдауы қажет болатын. *Халықаралық валюта қоры, *Дүниежүзілік банк және белгілі бір деңгейде АҚШ-пен келісім бойынша әзірленген шаралар пакеті негізгі сома мен пайыздық төлемдерді төмендетуге

бағытталды. Бұл жеке кредиторлардың жалпы борышының шамамен үштен бірін қайтару арқылы елдерге қалған қарызын төлеуге мүмкіндік беретін экономика және салық реформаларын әзірлеуге алып келді.

лауазымдық жалақыдан бөлек кіріс (perquisites) Жұмысқа жарамды түрдегі төлемдер. Ол түрлі формада болуы мүмкін: компания көлігі; компанияның спорт нысандары; компанияның медициналық мекемелері немесе ортақ сақтандыру, тіпті операдағы брендті қораптар сияқты кейбір ерекше дүниелер де бар. Бұл жеңілдіктер ашық түрде беріледі, ал кейбіреулері салық түрінде салынады, басқалары салық органдарының мерзімді салық талабына жатады.

Лаффер қисығы (Laffer curve) Салық мөлшерлемесі мен салық түсімінің арақатынасын көрсететін қисық. Артур Лаффер АҚШ Президенті Дж. Фордтың әкімшілігіне таныстырған сәттен бастап Лаффер қисығы деп аталады. Қисық қызметтен түсетін салық түсімдері нөлдік салық мөлшерлемесінен, нөлден басталып, жүктеменің өсуіне байланысты артып отырады. Кейде салық қызметке тосқауыл болғандықтан, жалпы түсім кемуі мүмкін. Бұл үрдіс *салықтан заңсыз жалтаруға итермелейтін жоғары салық мөлшерлемесінің кесірінен ушыға түседі. Лаффер қисығының бұл қасиеті салық мөлшерлемесін ұлғайту құралы ретінде салықты қысқартуды негіздеу үшін қолданылады.

Леонтьев парадоксі (Leontief paradox) Василий Леонтьевтің (1906–1999) бақылауы бойынша, АҚШ әлемдегі капиталға ең бай ел болғанына қарамастан, ондағы экспорт көлемі импортқа қарағанда еңбекті көп қажет етеді. Халықаралық сауданың *Хекшер–Олин моделі адамдарды АҚШ-тағы

экспорт капиталды көп қажетсінетіні, импорт – еңбекті көп қажет ететіні туралы ойға жетелегендіктен, бұл оғаш болып саналды. Бұл қайшылықты екі себеппен түсіндіруге болады: біріншіден, Хекшер-Олиннің қарапайым моделі саудаға табиғи ресурстардың ықпалын ескермеді; екіншіден, *адами капиталға салынған аса ауқымды инвестиция салдарынан АҚШ-та қарапайым жұмысшылар арасында болжанғаннан да артық жоғары білікті еңбек күші ұсынысы пайда болды.

Лернер индексі (Lerner index) *МОНОПОЛИЯЛЫҚ БИЛІКТІ *қараңыз*. Лернер индексі $L = (p - c)/p$ арқылы анықталады, мұндағы p – фирма өнімінің бағасы, c – өндірістің шекті шығындары. Егер фирма бәсекелі нарықта жұмыс істесе, онда $p = c$ және $L = 0$ болады. Сол сияқты, керісінше, фирма монополист болса, онда $L = 1/|\varepsilon_d|$, мұндағы $|\varepsilon_d|$ – сұраныс икемділігінің абсолют мәні. ХЕРФИНАЛЬ ИНДЕКСІ; N ФИРМАНЫҢ ШОҒЫРЛАНУ КОЭФФИЦИЕНТІН *де қараңыз*.

либерал сауда саясаты (liberal trade policy)

Ел тұрғындарының халықаралық саудаға азғантай үлеспен араласуына бағытталған сауда саясаты. Бұл *тарифтерді төмендету, саудаға тарифтік бақылауды әлсірету немесе алып тастау, тәуелсіз бақылауды ережелермен алмастыру, сондай-ақ тарифтерге квота белгілеуді қамтиды. Бұл бақылаусыз төлем балансының қанағаттанарлық деңгейін қамтамасыз ету үшін бірнеше валюта бағамынан, айырбас бағамынан бас тартып, біртұтас жүйеге көшуді, сондай-ақ валютаны бақылауды, девальвацияның қажет деңгейімен алмастыруды көздейді.

либералданған экономикалар (liberalized economies) Жуық арада *либералдану кезеңін бастан өткерген экономикалар.

либералдану (liberalization) Нарықтық экономикаға бағытталған өзгерістер бағдарламасы. Әдетте бұл ішкі және сыртқы транзакцияларды тікелей бақылауды азайту, экономикалық қызметті үйлестіру үшін *баға механизмін қолдануға көшуден тұрады. Бағдарламада лицензиялар, рұқсаттар мен бағаны бақылау шаралары аз қолданылып, «ашық нарықтағы» бағаға тәуелділік жоғары болады. Сондай-ақ бұл валютаны бақылау мен әртүрлі валюта бағамынан *айырбасталатын валютаға көшуді көздейді. Либералдану мәселесінің дәрежесіне қарай экономикадағы либералдану деңгейі әртүрлі болуы мүмкін. САУДАНЫ ЛИБЕРАЛДАУДЫ *қараңыз*.

лизинг (leasing) Жабдықтау құралдарын тікелей сатып алмай-ақ жалға алу әдісі. Бұл фирмаларға барлық жабдықты сатып алуға кететін капиталдан да аз капитал жұмсауға жағдай жасайды. Бұл сондай-ақ *тозу қатерін меншік иелеріне жүктейді, бұл жалға алу ақысында көрініс табады. Фирма өзі сатып алатын жабдыққа салық жеңілдіктерін орнатудан пайда көрмесе, лизинг салықтан жеңілдік бере алады. Сондай-ақ бұл жергілікті билік органдарына ақша жұмсау кезінде қолма-қол ақшаны шектеуді болдырмауға мүмкіндік береді.

лимондар нарығы (market for lemons) ЛИМОНДЫ *қараңыз*.

Линдаль теңдігі (Lindahl equilibrium)

*Қоғамдық игілік қандай көлемде ұсынылуы керек және оның бағасы тұтынушылар арасында қалай бөлінуге тиіс екенін анықтау әдісі. Линдаль теңдігі әр тұтынушы төлеуге тиіс қоғамдық игілік құнының үлесін анықтау жолымен табылады. Тұтынушылар акция иеленгісі келетінін қоғамдық

игіліктердің мөлшерін жариялау арқылы жеткізеді. Барлық тұтынушылар қоғамдық игілікті бірдей мөлшерде талап еткенге дейін акциялар реттеле береді, бұл Линдаль тепе-теңдігі деп аталады. Тұтынушылар өз талаптарын адал жеткізсе, онда Линдаль теңдігі *тиімді Парето бөлінісін береді. Линдаль теңдігінің теориялық тұрғыдан әлсіз тұсы – тұтынушы жалған хабар жеткізу арқылы пайдаға кенелуі мүмкін. Тәжірибедегі әлсіздік – үлкен популяциядағы (ондағы үлестердің көпшілігі нөлге жақын) тепе-теңдік үлесін анықтау. САМУЭЛЬСОН БРЕЖЕСІН қараңыз.

Лиссабон келісімі (Lisbon Agreement)

*Маастрихт шарты мен *Рим шартын реттейтін және Еуроодақтың конституциялық негізін құрайтын *Еуропалық одақ (ЕО) елдері арасындағы халықаралық келісім. Ол ЕО мақсаттарына жетудің құқықтық негізін қамтамасыз етеді: Еуропадағы демократиялық және ашық демократия; Еуропалық және еуропалық құқықтар мен құндылықтар, бостандық, ынтымақтастық және қауіпсіздік; дүниежүзілік аренадағы актілер. Келісімге ЕО-ның 27 мүше-мемлекеті қол қойып, ратификациялады, ол 2009 жылғы 1 желтоқсанда күшіне енді.

листинг (listing) Компания акцияларын сатуға мүмкіндік беретін биржа келісімі. Бұл компания инвесторларға берілген ақпаратқа қатысты қор биржасының талаптарына сәйкес болуына байланысты. Аталған акциялар мәмілелер туралы биржа ақпаратына физикалық және электрондық түрде қосылған.

Лиффидегі Рейкьявик (Reykjavik-on-Liffey) 2008–2009 жылдары Ирландия экономикасы алты ай бойы дағдарысқа ұшырағанда *The Economist* журналы Дублиннің дәрежесін төмендетіп

(кемсітіп), таққан атағы. Себебі дәл осындай дағдарысқа соның алдында Исландия ұшыраған болатын.

лицензиялау (licensing) Өзге фирмаға төлем, негізінде, *патент немесе *сауда белгісін қолдануға рұқсат беру. Бұл – инновациялық идеяны жүзеге асыруға қажет қомақты қаржысыз-ақ патенттен пайда көру әдісі. Патентті сатар алдында лицензиялаудың артықшылығы өнертапқышқа меншік құқығын сақтауға мүмкіндік береді. Фирмалар лицензиялауды салық деңгейі жоғары юрисдикциялардағы еншілес компанияларға лицензиялық алым төлеу және алым алатын еншілес компанияны салық деңгейі төмен юрисдикцияда көрсету арқылы пайданы салық деңгейі төмен юрисдикцияларға аудару үшін қолданады. САЛЫҚ БАЗАСЫНЫҢ ЭРОЗИЯСЫ ЖӘНЕ ПАЙДАНЫ САЛЫҚТАН ЖАСЫРУ; САЛЫҚТАН ЖАЛТАРУДЫ қараңыз.

лишу (lishu) Қытайша «меншік» немесе «бағынышты» немесе «бақыланытын» дегенді білдіреді. Қытайдағы фирманың орталық, провинция, префектура, аудан немесе қала деңгейінде үкіметке қосылуы. Лишу қатынастары жеке және мемлекеттік кәсіпорындарға да қолданылады, ол әкімшілік бақылауды білдіреді, сондай-ақ мемлекеттік қолдау мен субсидияларды камтиды.

лобби (lobbying) Саясаткерлерге түрлі мүдделі топтардың пікірі туралы ақпарат беруге, оларды заңнама әзірлеуге немесе осы көзқарастардың пайдасына дауыс беруге ынталандыруға арналған іс-шаралар. Лоббиді көптеген мүдделі топ жүзеге асырады, әдістері әртүрлі. Кейбір лобби мазмұнды болады; бұған сүйенетін қарсылық болмауы керек, өйткені заң шығарушылар халықтың проблемаларын білуі керек және ұсынылған заңнама оларға қалай әсер

ететіні жөнінде білуге міндетті. Екінші жағынан, экстремал лоббистер паракорлық пен бопсалау сияқты қылмыстық әдістерді пайдаланады. Олардың арасында саяси шараларды қаржыландыруды қолдайтын әдістер бар, ол бірқатар елде заңға қайшы емес, бірақ реттеліп отыруға тиіс.

логарифмдік шкала (logarithmic scale)

Бастапқы қашықтығы айнымалы логарифмді көрсететін диаграмма ауқымы. Логарифмдік шкалалар, атап айтқанда, уақыты бар диаграммаларда көлденең, мысалы, *жалпы ішкі өнім немесе вертикаль ось бағасының деңгейі сияқты, ось және кейбір нақты немесе номинал ауыспалы кестелерде қолданылады. Мұндай диаграммадағы қисық сызық айнымалының пропорционал өсу қарқынын көрсетеді, ал тұрақты пропорционал өсу үрдісі түзу сызықпен берілген. Екі ось логарифмдік шкалаларды қолданса, қисықтың көлбеуі бір айнымалыға қатысты икемділікке пропорционал болып келеді. Логарифмдік шкалада теріс сандар немесе нөлдік сандар көрсетілмейді.

логистикалық қисық (logistic curve)

$a < x < b$, X айнымалының іс-әрекетін уақыт өте көрсететін қисық сызық және x өсуі $dx/dt = a(x - a)(b - x)$ ережесімен анықталады. Қисықтың бұл түрі жаңа өнімдерді қолданатын тұтынушылар үлесі немесе жаңа техниканы қолданатын фирмалар секілді экономикалық құбылыстарды жақындату ретінде қолданылады.

логистикалық үлестірім (logistic distribution) Ықтималдықтың кумулятивтік үлестірілу функциясымен сипатталған үздіксіз үлестірім:

$$F(x|\mu, \beta) = 1 / [1 + \exp(-(x - \mu)/\beta)]$$

$-\infty < x < \infty$ үшін және $\beta > 0$. Үлестірімнің арифметикалық ортасы $-\mu$ және дисперсиясы $-\pi^2\beta^2/3$. Бұл функция логистикалық функция ретінде белгілі, ол логистикалық регрессия немесе *логистикалық үлестірімнің ықтималдық моделінде пайдаланылады.

логистикалық үлестірімнің ықтималдық моделі (logit model)

Регрессия функциясының жиынтығы кумулятив *логистикалық үлестірім функциясына сүйенетін *дискрет таңдау моделі болады. Логистикалық үлестірім ықтималдық моделінде *категориялық айнымалы тәуелді айнымалы ретінде қолданылады.

локомотив қағидасы (locomotive principle)

Экономиканың немесе жаһандық экономиканың өсуі кейбір жетекші сектордың немесе жетекші елдердің өсуіне байланысты. Қолайлы инвестициялық мүмкіндіктері бар немесе күшті төлем балансы бар ел бола алатын жетекші кеңейту арқылы экономиканың немесе әлемнің неғұрлым динамикалық бөліктерін тартып алатын локомотив ретінде қызмет ете алады.

Ломей конвенциясы (Lomé Convention)

1975 жылы *Еуропа экономикалық қоғамдастығы Францияның шет елдердегі территорияларына ассоциацияланған мәртебе беру арқылы халықаралық келісімге қол қойылды.

Лондон қор биржасы (ЛҚБ) (London Stock Exchange) (LSE)

Еуропадағы ең ірі қор биржасы. Лондон қор биржасы ХХІ ғасырда Лондондағы кофеханалардан бастау алды және *City қаланың ең маңызды мекемесіне айналды. 2016 жылдың наурызында оның нарықтағы капиталдануы 9,45 млрд фунт болды. www.londonstockexchange.com – Лондон қор биржасы сайтының бас беті.

Лондон халықаралық қаржы фьючерстері және опцион айырбасы орталығы (ЛХҚФОАО) (London International Financial Futures and Options Exchange) (LIFFE) 1982 жылы Лондонда қаржы фьючерс нарығы сауда опциондары мен фьючерс келісімшарттар жасау үшін ашылды. Олар мемлекеттік облигацияларды, қор индекстерін, валюталар мен пайыздық мөлшерлемелерді қамтиды. 1992 жылы Лондон опцион сауда-саттық нарығы ЛХҚФОАО-мен бірікті; ЛХҚФОАО атауына опцион сөзін қосты, бірақ аббревиатурасын өзгеріссіз қалдырды. Қазір ЛХҚФОАО *Нью-Йорк қор биржасының Евронекст мүшесі.

Лондондағы банкаралық ұсыныс мөлшерлемесі (ЛБҰМ) (London Inter Bank Offered Rate) (LIBOR) Лондонның ақша нарығындағы қысқамерзімді көтерме қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлеме, яғни банктер бір-біріне қарыз беруге дайын болғандағы мөлшерлеме. LIBOR Ұлыбританияда және шетелде айнымалы несиелер бойынша нұсқаулық ретінде қолданылады. Ол Лондондағы жетекші банктердің басқа банктерден несие алуға үміттенетінін мәлімдеген пайыздық мөлшерлемелердің орташа құны ретінде қалыптасады. Есептерге сүйенетін факт пайыздық мөлшерлемелерді қасақана жалған хабарлармен байланысы арқылы манипуляцияға әкелді.

Лоренц қисығы (Lorenz curve) Теңсіздіктің графикалық көрінісі. Елдегі жеке табыс өсу тәртібімен ұйымдас-тырылады: жиынтық табыстың кумулятив үлесі кейінгі кезеңде халықтың кумулятив үлесіне байланысты жасалады. Осы қисықтың бұрышы халық үлестірімінің әр нүктесіндегі жан басына шаққандағы табысқа пропорционал. Толық табыс теңдігі үшін Лоренц қисығы түзу сызық болады; теңсіздік

ұлғайған сайын бұрмалана түседі. Мысалы, бірдей орташа табысы бар екі табыс үлестірімі үшін Лоренц қисығы жасалды. Екі Лоренц қисығы қиылыспайтын болса, түзу сызыққа ең жақын қисық теңсіздігі төменірек табыс үлестірімін білдіреді. Екі Лоренц қисығы қиылысса, екі табыс үлестірімі теңсіздігінің біржақты рейтингі берілмейді. *коэффициенті табыс үлестірімі бойынша Лоренц қисығы мен теңсіздік жоғын білдіретін Лоренц түзу сызығы арасындағы аумақтың жартысына тең.

Лувр келісімі (Louvre Accord) 1987 жылғы ақпанда G6 индустриялы елдері (Канада, Франция, Батыс Германия, Жапония, Ұлыбритания және АҚШ) арасында басқа валюталардың АҚШ долларына қатысты айырбас бағамы туралы келісім жасалды. Бұл кездесуде елдер «ағымдағы айырбас бағамының тұрақтылығын сақтау, берік байланыс орнату» туралы келісімге келді.

Лукас сын-ескертпесі (Lucas critique) Мемлекет саясатты таңдағанда жеке агенттердің шешім қабылдау ережелерін қабылдай алмауы мүмкін, бірақ оның орнына саясатты өзгерту кезінде шешім қабылдау ережелері қалай өзгеретінін ескеруі қажет. Сынақты сипаттаудың балама тәсілі мынадай: мысалы, үкімет өткен жылдардағы компаниялардың инвестициялары корпоративтік салық мөлшерлемесіне қалай байланысты екенін анықтау үшін эконометрикалық талдау жүргізеді. Лукас сын-ескертпесі бойынша, эконометрикалық талдаудың нәтижелері үкіметтің корпоративтік салық саясатын өзгертсе, болашақ инвестицияларды дұрыс болжай алмайды. Бұл фирманың жаңа саясатқа бейімделуіне байланысты және инвестиция мен корпоративтік салық мөлшерлемесі арасындағы қатынас өзгереді.

М

M2 Ақша массасының кең көрсеткішінің ықтимал анықтамасы. Ұлыбританияда M2 айналымдағы банкноттар мен монеталарды, банктердегі пайызсыз депозиттерді, тұрғын үй құрылыс кооперативтерінің салымдарын және *Ұлттық жинақ шоттарын қамтиды. АҚШ-та бұл агрегат, M1-ден басқа, ақша нарығындағы депозит шоттарын, ақша нарығындағы өзара қорлардағы қалдықтарды, сондай-ақ 100 000 долларға дейінгі сомадағы жинақ пен мерзімді депозиттерді қамтиды.

Маастрихт шарты (Maastricht Treaty) 1993 жылы *Еуропа қоғамдастығы мүшелері арасында жасалған шарт. Бұл Еуропа қауымдастығы атауын Еуропалық одаққа айналдырды және *Еуропа валюта одағына (ЕВО) қарай дамуды және *Еуропа орталық банкін құру туралы бағдарламаны анықтады. Келісім *конвергенция критерийі, оның ішінде бюджет дефицитін 3 пайыздық шектеуді және ЕВО-ға мүшелікке құқығы бар мүше-мемлекеттердің қарызының олардың жалпы ішкі өніміне қатынасын 60 пайызбен шектелуді қамтиды. Сондай-ақ келісімнің жұмыспен қамтудың әртүрлі ережелерін қамтитын *Әлеуметтік тарауы бар.

макроэконометрика (macroeconometrics) Макроэкономикалық деректерді талдауға арнайы құралдарды қолданатын *эконометрика саласы. Оларға құрылымдық *векторлық авторегрессия, тұрақты уақыт қатарлары бар

регрессиялар, *моменттерді бағалаудың жиынтық әдісі және болжау модельдері кіреді. Сондай-ақ МИКРОЭКОНОМЕТРИКАНЫ қараңыз.

макроэкономика (macroeconomics) Экономиканың жиынтық мөлшерін анықтауға қатысты экономиканың макроаспектілері. Макроэкономика жалпы жұмыспен қамтуды, өндірісті, тұтынуды, өндіріс қуатын ұлғайтуды, сондай-ақ елдегі импорт және экспорт көлемін анықтайтын мәселелерді қарастырады. Сонымен қатар қысқамерзімді перспективада қандай шоқтар мен серпіндер болатынын және ұзақмерзімді өсу қарқыны мен инфляция деңгейін анықтайды. Макроэкономика бұл мәселелер монетарлық және фискалдық саясат арқылы қалай басқарылуы және қалай әрекет етуі керек екені туралы мәселелерді қарастырады. Бұл экономикадағы жеке тұлғалар мен фирмаларға, өндірісті ұйымдастыру мен табысты бөлуге ықпал ететін ынталандыру сияқты бөлшектелген құндылықтармен байланысты *микроэкономикаға қарсы. Микроэкономика қағидаларына сүйенетін макроэкономикалық модельдер құруға назар аудару көп жағдайда олардың бірлестігіне әкелді. Сондай-ақ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТТЫ қараңыз.

макроэкономикалық саясат (macroeconomic policy) Экономиканың жай-күйін бағалауға және оның тиімділігін арттырудың практикалық тәсілдерін

жасауға бағытталған макроэкономика теориясының нормативтік аналогі. Мемлекеттік саясаттың немесе орталық жоспарлау аппаратының типтік мақсаттарына экономиканы өсіру, баға тұрақтылығы және толық жұмыспен қамту, сондай-ақ саясат құралдарына *фискалдық саясат (салық салу және мемлекеттік шығындар), *ақша-несие саясаты (ақша массасын басқару және пайыздық мөлшерлемелер), қарызды басқару саясаты (мемлекеттік бағалы қағаздарды саудалау), кейде баға және кіріс саясаты (реттелетін баға мен ең төмен жалақы) кіреді.

макроэкономикалық трилемма (macroeconomic trilemma) Бұл *ашық экономикадағы макроэкономикалық саясатты қалыптастыратын, саясаткерлер тап болатын *ақша-несие саясатының тәуелсіздігі, *айырбас бағамының тұрақтылығы және капитал нарығының ашықтығы арасындағы ымыра. Тұтастай алғанда, жоспарланған осы үш мақсаттың екеуіне қол жеткізу үшінші мақсатқа жетуден бас тартқызуы мүмкін.

максимин (maximin) 1. Максимин принципі – Джон Роулс (1921–2002) ұсынған дистрибутив әділдік теориясы. Негізінде, бұл принципке сәйкес әлеуметтік мақсат мұқтаж адамның (ең төмен қызметтік мүмкіндіктері бар адамның) пайдалылығын максималдау үшін керек. Бұл мақсат максимин теориясымен немесе Роулстың *әлеуметтік қамсыздандыру функциясы $W = \min \{U^h\}$ арқылы ұсынылған.

2. Шешімдер теориясы және ойын теориясында максиминнің мақсаты – ең аз жеңісті максималдау. Максимин стратегиясы консерватив ойын және *Нэш тепе-теңдігі стратегиясына сәйкес болуы міндетті емес. Терминология алғаш рет екі ойыншыға арналған *нөлдік сомалы ойынға қатысты пайда

болды. Мұндай ойында бір ойыншының ұтуы – екіншісінің ұтылуы. Сондықтан ойынға бір ойыншыға тек төлемдерді көрсететін төлем матрицасы ұсынылуы мүмкін. 1-ойыншы пайдасын барынша арттыру стратегиясын, ал 2-ойыншы оны азайту стратегиясын тандайды. Нәтижесінде туындайтын тепе-теңдік максимин деп аталады.

Мальтузиан проблемасы (Malthusian problem) Экономист Томас Мальтус (1766–1834) жасаған тезис халықтың жан басына шаққандағы табысы халық санының өндірістен жылдамырақ өсу үрдісі есебінен *ең төмен күнкөріс деңгейіне жеткізілетінін мәлімдейді. Халық саны геометриялық прогрессияда өсіп келе жатқанына қарамастан, тамақ пен тұрғын үй сияқты ресурстар ұсынысы (қоры) тек сызықты түрде өсуі мүмкін және бұл берілген аумақ қамти алатын халық санына шектеу (лимит) белгілейтініне дәлел. Бұл, шын мәнінде, ресурстардың өсуі мен таралуына қатысты мәселе.

мамандану (specialization) Өзгелер өндірмейді дегенге сүйене отырып, қамтамасыз ету үшін нақты бір тауарды өндіру және қызмет түрлерін көрсетуге бағытталу. Бұл барлық деңгейде болады: жеке тұлғалар нақты бір дағдыларды немесе кәсіби білікке ие болады; фирмалар нақты бір салаларға шоғырланады; аудандар, өңірлер және тұтас мемлекеттер нақты бір қызмет түріне маманданады. Мамандану жалпы немесе ішінара болуы мүмкін. Жалпы мамандану кезінде экономикалық агенттер пайдаланатын тауарлар мен қызметтерді толық өзгелер қамтамасыз етеді. Бұл жеке деңгейде де, корпоративтік деңгейде де өте кең таралған. Ішінара мамандану кезінде тауарлар мен қызметтердің барлығы емес, кейбірі ғана өзгелерден алынады. Бұл өңірлік және

ұлттық деңгейде таралған: көп мемлекет, мысалы, өзін отын немесе азық-түліктің тек кейбір түрімен қамтамасыз етеді.

маңыздылық деңгейі (level of significance) МАҢЫЗДЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН қараңыз.

маңыздылық деңгейі (өлшемі) (сынақ) (significance level) (of a test) (size) Сынақ статистиканың нөлдік гипотезаны жоққа шығару ытималдығы. Соңғысы шын болса, басқаша айтқанда, *I ретті қате жасау ықтималдығы.

маңыздылық сынағы (тексеру) (significance test) Параметрдің жеке маңыздылығы үшін *сызықтық регрессия мен H_0 нөлдік гипотезаның *екіжақты сынағы: H_1 баламасына қарама-қарсы $\theta_i = 0$: $\theta_i \neq 0$ немесе $H_0: \theta_i \leq 0$ біржақты сынамасына қарама-қарсы $H_1: \theta_i > 0$ (немесе $H_0: \theta_i \geq 0$ қарама-қарсы $H_1: \theta_i < 0$). Бұл – *t-сынағының (тестінің) нақты жағдайы. Мұнда нөлдік гипотеза сәйкес экзоген x_i айнымалысы регрессиядағы түсіндірме күші жоқ нөлдік болжамды көрсетуші ретінде түсініледі. Параметрлер жиынтығының бірлескен маңыздылығы үшін ішкі жиынтықтағы параметрлердің барлығы нөлге тең деген нөлдік гипотеза сынағын тексеру ішкі жиынтықтағы параметрлердің ең болмағанда біреуі нөлге тең емес деген балама гипотезаға қайшы; бұл – *F-тестінің жеке жағдайы.

маржа, өзіндік құн мен сату бағасы арасындағы айырмашылық (margin) Мәміленің аяқталуын қамтамасыз ету үшін трейдер биржа брокерімен немесе биржамен жасауға тиіс депозит. Акцияларды маржа бойынша сатып алу – қор биржасының қаражатын қарызға алып, инвестициялаудың бір бөлігін қаржыландыруға жұмсауды білдіреді. Брокерді қорғау үшін сатып

алушы процесті соңына дейін жеткізе алмаса, ол сатушыны шығыннан қорғау үшін жеткілікті бағаның бөлігі болатын салымды төлеуге міндетті.

маркетинг (marketing) Фирма өнімдерін сатып алуға тапсырыс берушілерді (клиенттерді) тарту процесі. Бұған ағымдағы өнімдерді тарату және жарнама шаралары кіреді. Сондай-ақ ол шығарылуы мүмкін жаңа өнімдерге тұтынушылардың ықтимал реакциясын анықтау үшін нарықты зерттеуді қамтиды және ағымдағы өнімдердің модификациясын жақсарту-жақсартпауын қарастырады.

маркет-мейкер (market-maker) Тауар немесе бағалы қағаздар қорына иелік ететін тауарларды немесе бағалы қағаздарды нарықта сатушы және алдын ала жарияланған бағамен сатып алғысы немесе сатқысы келетін саудагер. Бұл баға тек шектеулі көлемге ғана қатысты қолданылады, бірақ бұл шектеуге дейін олар сатып алғысы немесе сатқысы келетін басқа адамдарға немесе компанияларға *өтімділікті қамтамасыз етеді. Үлкен мәмілелер үшін маркет-мейкер баға жөнінде келіссөз жүргізеді. Маркет-мейкердің пайдасы олардың ұсыныстары мен сатылым бағасы немесе олар қойған мөлшерлеме мен сатып алу бағасы арасындағы айырмадан құралады. Сұраныс пен ұсыныс теңдестірілген болуы үшін бұл бағаны уақыт өте келе түзетуге тура келеді. Маркет-мейкерлер қойған баға бойынша сұраныс ұсыныстан тұрақты түрде асып кетсе, ол көбейеді, әйтпесе резервтер таусылады; ұсыныс нарықтағы маркет-мейкер қойған баға бойынша сұраныстан үнемі асып кетсе, онда ол құлдырауы керек, әйтпесе қорлар маркет-мейкерлер қаржыландыруға қабілетті және қаржыландыруға дайын деңгейден жоғары болады.

Маркет-мейкер ұсынысы мен ұсыныс бағасы арасындағы айырмашылық ағымдағы шығынды және олар қабылдайтын қатерді өтеуге арналған сый-ақының өтеміне жететіндей үлкен болуы керек.

Марков тізбегі (Markov chain) Бұл жай-күйдің соңғы санымен және осы жай-күйден басқа жай-күйге ауысудың белгілі ықтималдықтарымен сипатталатын стохастикалық процесс. Бұл ықтималдық тек ағымдағы күйге байланысты және бұрынғы тарихқа байланысты емес.

Маркстік экономика (Marxian economics) Экономикалық белсенділіктің философ Карл Маркс (1818–1883) теориясына сүйенетін түсіндірмесі. Бұл капиталистік құндылықты белгілеген *құнның еңбек теориясы және қосымша құнды капиталистер иеленетін пайдалану теориясын қамтиды. Соңғы аргумент неғұрлым дамыған елдердің *нашар дамыған елдерді пайдалануы үшін кеңейтілді. Теория монополиялардың өсуі, пролетариаттың тұрақсыздануы, тұтынудың жеткіліксіздігі және оны социалистік экономикамен алмастырумен байланысты капиталистік қоғамның ықтимал ыдырауын болжайды. Сондай-ақ СОЦИАЛИЗМДІ қараңыз.

Маршалл жоспары (Marshall Plan) Еуропа экономикаларын Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалпына келтіруге көмектесетін америкалық үлкен көмек бағдарламасы. Жоспарды АҚШ Мемлекеттік хатшысы Джордж Маршалл (1880–1959) ұсынды. 1948 жылдан 1951 жылға дейін АҚШ, Австрия, Франция, Батыс Германия, Италия, Нидерланды және Ұлыбританияны қоса алғанда, түрлі Еуропа елдеріне гранттар мен несиелер

беруде көмек көрсетті. Қалпына келтіруге атсалысудың басты рөлі қаржылай тұрақтылыққа деген сенімді қалпына келтіру және өндіріс пен бағаны ырықтандыру үшін айналым қаражатын қамтамасыз ету болды деп саналады.

Маршалл сұранысы (қалыпты сұраныс, өтелмеген сұраныс) (Marshallian demand) (ordinary demand, uncompensated demand) Тауарға сұраныс оның бағасына және табысқа байланысты қалыптасуы. Сондай-ақ ӨТЕЛГЕН СҰРАНЫСТЫ қараңыз.

Маршалл-Лернер шарты (Marshall-Lerner condition) *Девальвация елдің *сауда балансын жақсартуын қамтамасыз ететін шарт. «Маршалл-Лернер» шартына сәйкес, экспорт пен импортқа сұраныстың бағаға икемдігі (абсолют мәнде) 1-ден артық болса, девальвация *сауда балансын жақсартады.

Маршал-Эдджуорт баға индексі (Marshall-Edgeworth price index) Салмақты өлшеу үшін ағымдағы және базалық кезеңнің арифметикалық *орташа мәнін қолданатын индекс. Сондай-ақ БАЗАЛЫҚ ӨЛШЕНГЕН ИНДЕКС; АҒЫМДАҒЫ ӨЛШЕНГЕН ИНДЕКСТІ қараңыз.

масылдық коэффициенті (dependency ratio) ЖАСҚА ҚАРАЙ МАСЫЛДЫҚ КОЭФФИЦИЕНТІН қараңыз.

масылдық мәдениет (dependency culture) Әлеуметтік қамсыздандыру көп адамы еңбек нарығынан кетуге және үнемі мемлекетке тәуелді болуға әкеп соқтыратын жағдай. Масылдық мәдениетінің алдын алу шараларына әлеуметтік жәрдемақы таратуға уақытша шектеу белгілеу немесе жәрдемақы алуды тек шартты түрде, яғни оқып немесе *жұмыс істеп жүргенде беру жатады.

математикалық экономика (mathematical economics) Экономика мен қолданбалы математика тоғысындағы зерттеу саласы. Зерттеу теориялық экономика мәселелерін талдаудың математикалық әдістерін, сондай-ақ экономикалық талдаудың математикалық әдістерін дамытумен сипатталады.

материалдық активтер (tangible assets) Қолмен ұстауға болатын активтер. Бұл тек зауыт немесе құрал-жабдықтар сияқты нысандарды ғана қамтуға тиіс, бірақ олар, негізінен, материалдық активтердің құқығы саналатындықтан, жалға беру мен компанияның акцияларын қамту үшін де жиі қолданылады. Сондай-ақ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІ қараңыз.

материалдық емес активтер (intangible assets) Көзге көрінбейтін немесе қолға ұстауға келмейтін активтер. Бұған *гудвил, *патенттер, *сауда белгілері және *авторлық құқық жатады. Гудвилл бар болғанымен, оның бар екенін растайтын құжат болмайды. Осы жағдайлардың бәрінде материалдық емес активтер бар екені туралы куәліктер бар, өйткені олар кейде сатылып, сатып алынады, бірақ олардың тұрақты нарығы жоқ, әрі табиғатта біркелкі емес, сондықтан оларды бағалау тәсілдері анық емес.

материалдық емес артықшылықтар (non-pecuniary benefits) Ақшалай емес формадағы жеңілдік. *Икемді кесте бойынша жұмыс істеу мүмкіндігі жалдау үшін моральдық жағынан пайдалы.

материалдық емес техникалық прогресс (disembodied technical progress) Жаңа жабдықтарға инвестиция құймай, белгілі бір ресурстар есебінен өнімнің көп көлемін алуға мүмкіндік беретін техникалық білімді жетілдіру. Техникалық

прогресс материалдық емес, өйткені ол жабдықтардың кез келген бір бөлшегінің сипатымен анықталмайды. Ал материалдық-техникалық прогресте жаңа жабдықтар жақсартылған техникаларды қолдану арқылы күшейтіледі.

материалдық ресурстар (material resources) РЕСУРСТАРДЫ қараңыз.

материалдық сыртқы салдар (pecuniary externality) Санына қарай емес, баға арқылы сезілетін *сыртқы салдар. Мысалы, елдегі жұмысшылардың көші-қоны еңбек өнімділігін және жалақыны төмендетеді. Бұл – табыстың төмендеуінен зардап шегетін елдегі байырғы жұмысшыларға келетін материалдық сыртқы салдар. Бәсекелі нарықтар болғанда бұл көрініс тиімсіздікке әкелмейді, себебі баға шығымының *Парето тиімділігін қамтамасыз ету үшін түзетіледі.

маусымдық ауытқуларды ескермейтін деректер (deseasonalized data) МАУСЫМДЫҚ ТҮЗЕТУДІ қараңыз.

маусымдық жұмыссыздық (seasonal unemployment) Жұмыс күшіне сұраныстың маусымдық ауытқуынан болатын жұмыссыздық. Кейбір мамандықтарда, мысалы, ауыл шаруашылығы және туризмде маусымдық ауытқу үлкен болады. Мұндай ауытқу түрлері қаншалықты өзара бір-бірін толықтыратынына байланысты жиынтық жұмыссыздықтың маусымдық ауытқуы болуы мүмкін.

маусымдық компонент (seasonal component) Ауа райы сияқты табиғи факторлардың немесе әкімшілік шаралар, сондай-ақ белгіленген мерекелер секілді қоғамдағы әдет-ғұрыптар сияқты факторлар себебінен болатын жыл бойындағы айнымалының кезеңдік

өзгерісін сипаттайтын уақыт қатарының құрамдас бөлігі. Сондай-ақ КҮНТІЗБЕ ӘСЕРІ; МАУСЫМДЫҚ ТҮЗЕТУДІ қараңыз.

маусымдық түзету, маусымдық тербелістерге қатысты түзету (seasonal adjustment) Экономикалық белсенділіктегі ауа райы секілді табиғи факторлар, оқу жылының күндері сияқты әкімшілік шаралар және әлеуметтік немесе Крисмас сынды діни дәстүрлер мен белгіленген мерекелер сияқты факторлар себебінен пайда болатын маусымдық әсерлерді бағалау және жою арқылы жүзеге асатын *уақыт қатары деректерінің маусымдық үлгілерін өзгерту үшін реттеу.

машық, дағды (skills) Белгілі бір міндеттерді қанағаттанарлық деңгейде орындау қабілеті. Машық физикалық ептілікті, ақыл-ой қабілетін немесе екеуінде қамтуы мүмкін. Оларды ресми оқыту немесе оны жасай алатын адамның қол астында жұмыс істей отырып, шәкірттік жүйе арқылы үйренуге болады. Жеке тұлғалар машықты меңгеру қабілеті бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Сәйкесінше, тіпті машығы аз қызметкерлер әдетте мүлдем машығы жоқ қызметкерлерге қарағанда көбірек ақы төленетін және неғұрлым сенімді жұмыс алуы мүмкін.

маятниктік төрелік (pendulum arbitration) Тараптар өз ұсыныстары туралы мәлімдейтін және арбитр олардың арасынан таңдау жасауға тиіс болатын арбитраж. Тараптар кәсіподақтар, жұмыс берушілер немесе коммерциялық дауларға қатысатын фирмалар болуы мүмкін. Көп жағдайда арбитрлер тараптардың талаптары арасындағы айырманы бөлу арқылы жұмыс істейді, сондықтан әр тарап көбінесе шамадан тыс талаптарды төлейді. Маятниктік төрелік

бұл мәселеден аулақ болуға бағытталған, бұл ретте тараптардың әрқайсына екінші тараптың ұсыныстарына қарағанда әділ және ақылға қонымды деп санайтын ұсыныстар жасау үшін ынталандыру ұсынылады.

мәміле (dealing) ЭКСКЛЮЗИВ МӘМІЛЕ; ИНСАЙДЕРЛІК МӘМІЛЕНІ қараңыз.

медиан сайлаушы теоремасы (median voter theorem) Сайлаушылардың *көпшілік дауыс беруінің ең қолайлы нұсқасын көрсететін нәтиже. Таңдауды тек бір өлшемнен (мысалы, сол жақ оң спектр) ерекшеленетін баламалар жиынтығынан таңдау керек. Теореманың күшті формасы, барлық сайлаушылардың *бірыңғай қалауы бар болса, онда медианалық сайлаушы үшін ең қолайлы нұсқа – оппоненттің көпшілік дауыс беруінде кез келген басқа баламаны таңдау. Теореманың әлсіз формасы орташа сайлаушы әрқашан жеңімпаз балама үшін дауыс береді деп тұжырымдайды. АЗАМАТТЫҚ ҮМІТКЕР МОДЕЛІ; ДАУЫС БЕРУДІ де қараңыз.

медиана (median) Кездейсоқ X айнымалы үлестірімінің медианасы m мәні – $P[X \leq m] \geq 1/2$ және $P[X \geq m] \geq 1/2$ сияқты. Іріктеме медианасы – деректердің «орташа» мәнін беретін тәртіп статистикасы, яғни төменгі және одан жоғары мәндер іріктеме өлшемі тақ болса немесе іріктеме өлшемі тең болса, орташа мән екі орталық мән болады. Деректердің орталық тенденция өлшемі ретінде *орташа мән дұрысырақ, өйткені оған *аутлайер әсер етпейді.

медициналық сақтандыру (health insurance) Медициналық шығындардан және жазатайым оқиға немесе ауру салдарынан табыс көзін жоғалтудан сақтандыру. Бұл тек жеке тұлғаларға немесе олардың асырауындағы адамдарға

қатысты болуы мүмкін. Медициналық сақтандыру бағдарламалары міндетті немесе ерікті болуы және оның шығындарын жеке тұлғалар немесе олардың жұмыс берушілері көтеруі мүмкін. Міндетті сақтандыру бағдарламалары денсаулыққа келер қауіптің кез келген түрін қамтиды. Ерікті сақтандыру бағдарламалары бойынша мүшелер айқын қатерлер сыйақыны әдетте жасы, жынысы және кәсіп түрі сияқты факторларға байланысты төлейді. Мүшелер үшін айқын қатерге байланысты сыйақы алмайтын ерікті схема *жағымсыз іріктеуге ұшырайды: ол үлкен қатерге барған адамдарды қарастырады, сондықтан жоғары сыйақы төлеуге тура келеді. Бұл жоғары қауіп санатындағы адамдарға тартымсыз, себебі олар шығыны аз селектив схемалар таба алады. Ерікті схемалар сонымен қатар тұлға алғаш рет мүше болған кездегі барлық ауруларының емдеу шығындарын қамтымайды. Медициналық сақтандыру сондай-ақ жүктілік сияқты мүшенің жеке бақылауында болатын қауіп-қатерді қамтымайды.

мезгілдік айырмашылық (time lags)

Туындауына себеп болған іс-әрекет пен оқиға арасындағы уақыт бойынша кешіктіру. Мезгілдік айырмашылық бірнеше жолмен пайда болады. Біріншіден, экономикалық деректерді жинауда, салыстыруда және таратуда кешігу болады. Екіншіден, деректер қолда бар болған жағдайдың өзінде жауап қандай болуы керек деген келіспеушіліктерге қатысты немесе өзгерістер уақытша немесе тұрақты екенін бағалауға тырысу үшін экономикалық шешім қабылдайтын тұлғалар қосымша дерек алуға күте отырып, шаралар жасауды көбінесе кейінге қалдырады. Үшіншіден, шешім қабылдағаннан кейін де оларды жүзеге асыруға уақыт керек: кей жағдайда, мысалы, сұраныстың артуына

жауап ретінде жаңа зауыт ашу сияқты кешіктіру болуы мүмкін.

мезгілдік қайшылық (time-inconsistency)

Саясаткердің бұрынғы міндеттемелеріне қайшы келетін әрекеттерге ынта-сы болса, онда саясат уақыт бойынша қайшы (келіспеген) болады. Мысалы, үкімет инвестицияны ұлғайтуды ынталандыру мақсатында капиталдан түсетін табысқа салық салмайды деп жариялай алады. Қосымша инвестиция жүзеге асып, капитал бекітілгеннен кейін үкіметте пайданы арттыру үшін капитал табысына салық салуға ынта пайда болады. Сондықтан жарияланған саясат уақытпен келіспей, қайшы болады және фирмалар бастапқы хабарландыруға сенбеуге тиіс. *Сенімді саясаткер мезгілдік қайшы саясат туралы жариялай алады және жұрт оған сенеді. Жариялықты ұстануға ынта саясаткердің беделін сақтап қалуға ықыласымен байланысты. Бұл мезгілдік қайшы саясат жүргізуге мүмкіндік береді. Саяси өкілеттік сенім тудырмаған жағдайларда, олар жалғыз уақыт бойынша үйлесімді саясатты пайдалана алады; ешкім орындамайтын уәде берудің мәні жоқ. Сондай-ақ АБЫРОЙ САЯСАТЫН қараңыз.

Мейдофф (Madoff) Бернад Мейдофф (1938 жыл) Нью-Йоркте инвестициялық компанияны 1960 жылдан бастап 2008 жылы компания құлдырағанға дейін басқарды. Нәтижесінде ол тұтқындалып, түрмеге қамалды. Компания инвесторларға аз қатермен жоғары қайтарым беруге уәде еткен. Ақыр соңында, ол жаңа инвестициялар қазіргі инвесторлар пайдасын төлеу үшін пайдаланылатын *Понци тәсілін қолданып жұмыс істегені анықталды. Есептеулер бойынша, тәсім жойылғанда 18 млрд доллар жоғалғаны белгілі болды. Бұл тіркелген залалдың ең үлкені деп

бағаланған. Қазіргі уақытта он бір федералдық қылмыс, соның ішінде бағалы қағаздарға қатысты алаяқтық және ірі көлемде ақша ұрлағаны үшін 150 жылға абақтыға жабылды.

мемлекет меншігіне өткен өнеркәсіп сала (nationalized industry) Өнеркәсіпке меншік мемлекет иелігіне беріледі. Мемлекет меншігіне өткізу себептері түрлі болуы мүмкін: кей жағдайда салалар коммуналдық қызметтер сияқты *табиғи монополиялар болғандықтан, мемлекет меншігіне алынады. Оларды мемлекет меншігіне алу монополиялық билікті жүзеге асыруды тежеу есебінен экономикалық тиімділікті арттырады деп күтілуде. Кейбір өнеркәсіп салалары өндірістегі қысқарту мен жұмыспен қамтудың азаюын болдырмау үшін ірі субсидия қажет болғандықтан мемлекет меншігіне өтеді. Басқа жағдайларда, жекеменшік капиталистің ықпалын азайту және «экономиканың қолбасшы биіктеріне» қоғамдық бақылауды жасау мақсаты қойылады. Мемлекет меншігіне өткізудің ықтимал кемшіліктері: шектен тыс жұмыспен қамтылуға және тиімсіздікке әкеп соғатын *қатаң бюджеттік шектеу болмауы; тұтынушылардың қажеттіліктеріне ден қою қажетін шектейтін монополиялық билік және үкіметтің баға белгілеу мен инвестицияға қатысты менеджерлік шешім қабылдауға араласуы. Көп елде бұрын мемлекет меншігіне өткен салалар қайтадан жекешелендірілді, яғни жекеменшікке сатылды. Сондай-ақ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУДІ қараңыз.

мемлекет меншігіне өткізу (nationalization) Жекеменшік кәсіпорындар немесе жергілікті ұйымдар жүзеге асырған ресурстар мен іс-әрекеттер және оларды бақылау мемлекеттік меншік формасына өтуі. Бұл – *жекешелендіруге қарсы процесс.

Мемлекетаралық сауда комиссиясы (МСК) (Interstate Commerce Commission) (ICC) 1887 жылы құрылған, мемлекеттік шекаралар арқылы теміржол қозғалысын реттеуге арналған және кейіннен ішкі су жолдары, тас жолдар және құбырлар бойымен тасымалдау есебінен кеңейтілген АҚШ агенттігі. МСК монополиялық баға белгілеуді және көрсетілетін қызметтер деңгейін реттеуге арналған. МСК 1995 жылы жойылды.

мемлекеттік басқару мекемелері (general government) Орталық үкімет, жергілікті үкімет, Германия және АҚШ федералдық мемлекеттерінің штаттарындағы аралық деңгейдегі үкіметтер сынды мемлекеттік сектордағы барлық мекемелерді қамтиды.

мемлекеттік басқару мекемелерінің түпкілікті тұтынуы (general government final consumption) Инвестицияны есепке алмағанда, барлық деңгейдегі мемлекеттік басқару мекемелерінің нақты тауарлар мен қызметтерге жұмсаған шығыны. Мемлекеттік басқару мекемелерінің түпкілікті тұтынуына қорғанысқа, әкімшілік ұйымдастыруға, тәртіп, мектеп және ауруханаға кеткен шығын жатады. Бұл тізімге зейнетақы, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы, кірісті қолдау бойынша басқа да төлемдер, қарыздық пайызға кеткен мемлекеттік шығын жатпайды. Сондай-ақ бұған жол салуға немесе мемлекеттік тұрғын үйлерге жұмсалған мемлекеттік инвестициялық шығын да кірмейді.

мемлекеттік борыш (government debt) Кез келген деңгейдегі үкімет қарызы. Үкіметтің бір деңгейінің өзгесінің алдындағы кез келген берешегін, яғни, мысалы, жергілікті билік қаржылай резерв ретінде сақтаған орталық үкімет қарызын есептеу өте маңызды. Кейбір

фирмалардың немесе жеке тұлғалардың үкімет алдында, мысалы, жергілікті билік органдарының ипотекалық несиелері есебінен туындаған берешегі бар болса, онда мемлекеттік борыш жалпы немесе таза болып өлшенеді. Мемлекеттік кепілдігі бар, бірақ басқа мекемелер, мысалы, мемлекет меншігіне өткен салалар берген борыштың мәртебесі күмәнді болып келеді. Мұндай борыштар мемлекеттік борышты бағалауда тізімге енгізілуі немесе енгізілмеуі мүмкін. Мемлекеттік бағалы қағаздардың нарықтағы құны ауытқығанда мемлекеттік борыш олардың номинал құнын қолданып есептеледі.

Мемлекеттік бюджет туралы заң (Finance Act) Парламент Қаржы министрлігінің бюджет ұсыныстарын бекіту немесе оларға түзету енгізу кезінде сүйенетін Ұлыбритания заңнамасы.

Мемлекеттік жекеменшік серіктестік (МЖС) (Public Private Partnership) (PPP) Саясат, қызметтер және инфрақұрылымды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік-жекеменшік коллаборация туралы келісім. Мемлекеттік сектор МЖМӨ-ге әдетте гранттар, субсидия немесе салықтағы үзілістер түрінде, ал кейде қолданыстағы активтер немесе қызмет көрсету түрінде үлес қосады. Жекеменшік серіктес компания инфрақұрылымға (жеке қаржы бастамасы деп аталатын) инвестиция құяды немесе мемлекеттік қызмет көрсетіп, жобадағы қатерді қабылдайды.

мемлекеттік кәсіпорын (state enterprise) Мемлекеттің бастамасымен құрылған және мемлекет басқаратын фирма. Мемлекеттік кәсіпорындар әлеуметтік пайдалы болатын немесе *табиғи монополияны қамтитын табысты қызмет түрі болғанда жұмыс істейді, бірақ

жеке кәсіпкерлер үшін тартымды емес. Бірінші санатқа мысал: мүгедек адамдарды жұмысқа қабылдайтын кәсіп орын; екінші санатқа мысал: кәріз секілді негізгі коммуналдық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін кәсіпорындар. Мемлекеттік кәсіпорындардың кемшілігі – меншік иесі ретінде мемлекет тым *жұмсақ бюджеттік шектеуді қамтамасыз етеді және мемлекеттік кәсіпорын басқармасын қоғамның емес, өзінің жеке пайдасы үшін бизнесті басқаратын басшылары мен қызметкерлері басып алуы мүмкін.

мемлекеттік компания (state-owned company) Акциялары мемлекетке тиесілі компания. Бұл *жекешелендіруден бұрын басталуы мүмкін. Компания кезең-кезеңмен жекешелендірілсе, онда оның акцияларының бір бөлігі мемлекет меншігінде, ал қалған бөлігі жекеменшікте қалады.

мемлекеттік қаржы (public finance) Мемлекеттік қаржыландыруды зерттейтін экономика саласы. Бұл салық салуды, мемлекеттік органдардың нақты тауарлар мен қызметтерге қаражат жұмсауын, үкіметтік трансфер табысын, мемлекеттік кірістерді, мемлекеттің қарызы мен борышын, сондай-ақ үкіметтің түрлі деңгейлері арасындағы қаржы қатынастарын қамтиды.

мемлекеттік қаржыландыру (official financing) *Төлем балансындағы ресми элемент. Егер елдегі ағымдағы операциялар есебі мен капитал есебі сальдо-сының сомасы нөлге тең болмаса, билік органдары айырмашылықты жабуға тиіс. Сальдо сомасы дефицит болса, онда орталық банк дефицитті өзінің *шетел валютасы қорларын төмендету немесе басқа орталық банктерден немесе халықаралық институттардан, атап айтқанда, *Халықаралық валюта

қорынан қарыз алу арқылы толтырады. Ал ағымдағы және капитал есептері сальдосының сомасы артық болса, онда орталық банк бұрынғы қарыздарын өтей алады немесе валюта резервтерін көбейте алады.

мемлекеттік өндіріс (government production) Мемлекетке немесе жергілікті билік органдарына тиесілі агенттер қызметінен түсетін үкімет табысының бір бөлігі. Бұған мемлекетке тиесілі жерлер мен ғимараттардан, мысалы, жергілікті билік органдарына тиесілі тұрғын үйден алынған жалдау ақысы жатады. Мемлекет сондай-ақ коммуналдық қызметтер сияқты өндірістік қызметтерді тікелей немесе мемлекеттік корпорациялар арқылы басқара алады: олар алатын кез келген пайда – үкіметтің ұлттық өнімдегі үлесінің бір бөлігі. Әкімшілік қызмет көрсету, қорғаныс, құқық тәртібі, білім беру және денсаулық сақтау секілді мемлекеттік сектор халыққа қызмет көрсететін салаларда олар мемлекеттік өндірістің бір бөлігін құрайды.

мемлекеттік реттеу (government regulation) РЕТТЕУДІ қараңыз.

мемлекеттік сатып алу (public procurement) Мемлекеттік сектордың барлық деңгейлерінде тауарлар мен қызметтерді сатып алу. Бұған қорғанысты қамтамасыз ету, заң үстемдігі, денсаулық сақтау, білім беру және басқа да мемлекеттік қызметтер кіреді.

мемлекеттік сектор (public sector) Экономиканың жеке тұлғалар, ерікті ұйымдар немесе жеке компаниялар бақыламайтын бөліктері. Осылайша мемлекеттік секторға барлық деңгейлерде, ұлттық және жергілікті деңгейдегі үкіметтер; мемлекеттік фирмалар және *квази-автоном үкіметтік емес ұйымдар

кіреді. Үкімет қаражаты үкіметтік органдар тарапынан қатаң реттелетін қайырымдылық немесе тұрғын үй бірлестіктері немесе жеке коммуникациялар сияқты органдарға берілсе, мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы айырмашылық анық емес.

Мемлекеттік сектордың қарыз қаражатына мұқтаждығы (Public Sector Borrowing Requirement) Ұлыбритания үкіметі жыл сайын үкіметтің шығыны өз кірісінен артық болғанда қарызға алуы керек болатын, қазір *Мемлекеттік сектордың қолма-қол ақшаға мұқтаждығы ретінде белгілі. Мемлекеттік сектордың қарыз қаражатына мұқтаждығы үкіметтің фискалдық жағдайының маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылды. Бұл жекешелендірілген өндірістерді сатудан түсетін кірісті қамтымайды, сол себепті нақты мемлекеттік кіріс ретінде қарастырылады.

мемлекеттік сектордың қарызы (public sector debt) МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАРЫЗЫН қараңыз.

Мемлекеттік сектордың қарызын өтеу (Public Sector Debt Repayment) Ұлыбритания үкіметі қарызды кез келген кезеңде төлей алады. Бұл *Мемлекеттік сектордағы таза ақшалай қаражаттың кері талабы және бюджет профициті болса, онда мемлекеттік кірістің жалпы көлемі оның шығынынан асып кетеді.

Мемлекеттік сектордың қолма-қол ақшаға мұқтаждығы (Public Sector Net Cash Requirement) Мемлекеттің шығыны оның кірісінен артық болғанда Ұлыбритания үкіметі жыл сайын қарыз алуы керек. Бұрын мемлекеттік сектордың қарыз қаражатына мұқтаждығы ретінде белгілі. Мемлекеттік сектордың қолма-қол ақшаға мұқтаждығы

бағалы қағаздарды жұртшылыққа сатуға немесе пайыздық мөлшерлемелерді көтеруге немесе жеке инвестиция тартуға немесе банк жүйесінен қарыз алуға әкеледі, бұл ақша массасының инфляциялық өсуіне алып келуі мүмкін.

мемлекеттік трансфер төлемдер (government transfer payments) Ағымдағы көрсетілген қызметтерге айырбасталмайтын үкіметтің кірісінен жүргізетін төлемі. Бұл үкіметтің өзі немесе ұлттық сақтандыру қоры арқылы төлейтін мемлекеттік зейнетақы мен жұмыссыздық бойынша жәрдемақы және басқа да жәрдемақы түрлерін қамтиды. Мемлекет трансфер төлемдердің көбін қамтамасыз етсе де, кейбірін қайырымдылық ұйымдары мен жеке тұлғалар да жүзеге асырады.

мемлекеттік шығын (government expenditure) Кез келген деңгейдегі үкімет шығындары. Үкіметтің бір деңгейінің басқасының алдындағы төлемін, яғни мысалы, орталық үкіметтің жергілікті билікке берген гранттарын есептеу қажет. Мемлекеттік шығын сыртқы жеткізушілерден сатып алынған нақты тауарлар мен қызметтерге; әкімшілік, қорғаныс және білім беру сияқты мемлекеттік қызметтерге; жұмыспен қамтуға; зейнеткерлерге, жұмыссыздарға және мүгедектерге трансфер төлемдерге; субсидиялар мен өнеркәсіп гранттарына; қарыздың пайызын өтеуге жұмсалған шығыннан тұрады.

мемлекеттік шығын (public expenditure)
МЕМЛЕКЕТТІК ШЫҒЫНДЫ *қараңыз.*

Мемлекеттік шығынды зерттеу комитеті (МШЗЖ) (Public Expenditure Survey Committee) (PESC) Мемлекеттік шығынның жыл сайынғы есебінің Ақ кітабын әзірлейтін Ұлыбритания ведомстворалық комитеті. Жоспарларда алдағы

қаржы жылына да, кейінгі төрт жылға болжам да қамтылады. МШЗЖ-ын жұмыс комиссиясы 1984 жылы тоқтатты.

мемлекеттің нақты тауарлар мен қызметтерге жұмсаған шығыны (government spending on real goods and services) Тауарларды, мысалы, әскери техниканы сатып алуға немесе адамдарды, мысалы, полицейлерді жұмысқа орналастыруға жұмсалатын мемлекет шығыны. Бұл трансферлерге немесе пайыздық төлемдерге арналған мемлекеттік шығыннан ерекшеленеді. Мемлекеттің нақты тауарлар мен қызметтерге жұмсаған шығыны – жалпы ішкі өнімнің бір бөлігі, ал трансферлерге немесе пайыздық төлемдерге жұмсаған шығыны жалпы ішкі өнімнің бір бөлігі болып есептелмейді.

мемлекеттің қарызы (national debt) Мемлекет үкіметінің қарызы. Ол тұрғындарға (ішкі қарызға) немесе шетелдік кредиторларға (сыртқы борышқа) тиесілі болуы мүмкін. Егер мемлекеттік борыш шетелдіктерге тиесілі болса, онда өтеу бойынша барлық пайыздар мен төлемдер ұлттық ресурстарға қойылатын талаптар болады. Борыш елде сақталған жағдайда, қарыздың ауыртпалығы қызмет көрсету үшін қажет салықтар есебінен төленбеген орны толмайтын залал саналады. Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы – осы жылы түсімдер мен шығыстар арасындағы айырмашылық және мемлекеттің қарызының өсуіне тең.

Мемлекеттің табысқа қарай зейнетақы төлеу тәсімі (State Earnings-Related Pension Scheme) (SERPS) Ұлыбритания үкіметінің базалық зейнетақы тарифі мөлшерлемесіне қосымша табысқа қарай зейнетақы бағдарламасы. Қызметкерлер мойындалған кәсіби зейнетақы жүйесін немесе жеке зейнетақы жүйесін

таңдамаса, онда осы бағдарламаға қатысуы талап етіледі. SERPS бағдарламасының қызметі тоқтатылған, бірақ ол бойынша зейнетақы әлі де төленеді.

Мемлекеттің тегін медициналық көмек бағдарламасы (Medicaid) АҚШ-тың аз қамтылған адамдарға медициналық көмек беретін үкіметтік схемасы. Мемлекеттің тегін медициналық көмек бағдарламасын мемлекет пен федералдық үкіметтер бірігіп қаржыландырады, оны мемлекет басқарады.

менеджмент (management) 1. Ұйымдардағы шешім қабылдау рөлі. Менеджменттің рөлі – ұйым үшін стратегиялық жетекшілікті қамтамасыз ету.

2. Басқару міндеті жүктелген адамдар. Бұл кіші, салалық немесе басқарушы кадрлардың шектеулі басқаруын жүзеге асыратын иерархиядан тұрады, ал басқарушы директор ұйымды тұтас басқаруға жауап береді, жалпы саясат бағыттарын белгілейді, сондай-ақ шешімдерді орындау үшін басқарушы кадрларды жалдайды немесе қызметтен босатады.

3. Ұйымдарда шешім қабылдау рөлін талдайтын оқу пәні. Менеджмент нұсқаулық шешім қалай қабылданғанын түсінуге және жақсы шешім қабылдай алатын менеджерлер әзірлеуге бағытталған. Сондай-ақ СҰРАНЫС МЕНЕДЖМЕНТІН қараңыз.

меншік (ownership) Активті жеке-дара пайдалану құқығы. Активтің иесі әдетте оны қандай мақсатта қолданатыны жөнінде өзі шешім қабылдауға шешуге өзі құқылы және меншіктен айыру құқығы тек заңмен жүзеге асырылады. Алайда мемлекет көптеген активтің пайдаланылуын реттеуге және олардан түскен табысқа салық салу құқығын талап ете алады. Жер мен ғимаратты пайдалануға рұқсат алынуы керек,

ал олардан түсетін жалдау ақысына табыс салығы салынады. Мемлекеттің қоғамдық жұмыстарды жүргізуге қажет жерді мемлекет мұқтаждығы үшін сатып алу құқығы бар. Кейбір адамдардың жалға алу сияқты активтерге шартты құқығы болады; қоғамның да кейбір құқығы болады. Мысалы, жалпыға ортақ жолды пайдалану құқығы. Осылайша актив иесінің өз активтерін жеке-дара иемденуінің түрлі деңгейі болады. Сондай-ақ ҚОҒАМДЫҚ МЕНШІКТІ қараңыз.

меншік (property) 1. Жер және ғимараттар; Ұлыбританияда олар жылжымайтын мүлік деген заңды терминмен аталады. Меншік – елдегі негізгі капиталдың маңызды бөлігі.

2. Жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың активтерін иелену. Бұл активтер 1-мағынасындағы меншікті де, құнды қағаздарды және патенттер сынды интеллектуалдық меншікті де қамтуы мүмкін. Меншік кірісі – осындай активтерден алынатын табыс. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ; ЖЕКЕМЕНШІКТІ де қараңыз.

меншік құқығы (property rights) Мүлікке меншік құқығы. Меншікті иелену және өзгелердің оны иеленуін болдырмау құқығы. Меншік құқығы абсолют емес: активтерді пайдалануға заңды бақылау жүргізілуі жатуы мүмкін, мысалы, жерді пайдалану мен ғимараттардағы өзгерістерді *жоспарлауға рұқсат қажет. Заң сондай-ақ меншік иелерінің өз мүлкінен өзгелерді алып тастау әдістерін шектейді, мысалы, Ұлыбританияда тұрғын үй заңды иелеріне күшпен емес, сот арқылы қайтарылуы мүмкін. Меншік құқығы – ұйымдасқан экономикалық қызметтің негізгі шарты. Мүлік кімге тиесілі екені және оған кімнің қандай құқығы бар екені белгісіз болса, мүлікті

сатып алудан бас тартуға болады және жинақталған мүліктің ұрлануынан қорғайды. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН *да қараңыз.*

меншік пен бақылауды бөлу (separation of ownership and control) (КОМПАНИЯНЫ) БАҚЫЛАУДЫ *қараңыз.*

меншік табысы (property income) Жылжымайтын мүлікті (жер және ғимараттар) және жылжымалы мүлікті (материалдық және материалдық емес) қоса алғанда кез келген меншікті иеленуден алынған табыс. Бұған рента, дивидендтер және пайыздар кіреді. Бұл – алынбаған табыстың құрамдас бөлігі. Бұл еңбекпен келген табысқа қайшы. Өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыс көбінесе табыс пен меншік табысының қоспасы болады.

меңгеру, мойындау (adoption) Фирмалардың немесе тұтынушылардың жаңа технологияларды қабылдауы. Меңгерудің жоғары көрсеткіші экономикалық өсімге әсер етеді. Бүгінде табысты технологиялар өткен жылдармен салыстырғанда әлдеқайда жылдам меңгеріліп жатыр деген пікірлер бар. Мысалы, АҚШ-тағы отбасылардың 40 пайызы телефонды меңгеруі үшін 40 жыл қажет болды, бірақ смартфондар осындай деңгейге он-ақ жылда жетті.

мерзімді депозит (time deposit) Салымшы салымды қайтарып алу туралы хабарлауы талап етілетін немесе хабарламаның орнына пайыздық мөлшерлеме түрінде айыппұл салынатын АҚШ банкіндегі немесе басқа қаржы мекемесіндегі депозит. Ұлыбританиядағы баламасы – *депозит шоты.

мерзімдік несие (term loan) Белгілі бір күні өтелуге тиіс несие. Бұл – АҚШ-та пайдаланатын атау.

мерзімсіз (perpetuity) Сізге мәңгі табыс әкелетін бағалы қағаздар.

мерзімсіз бағалы қағаз (undated security)
*Акцияларды өтеу күні белгіленбеген бағалы қағаз. Мұндай бағалы қағаздарға қатысты қарыз алушының уағдаластық бойынша пайыздарды төлеу міндеттемесі ғана болады және оны сатып алуға тиіс емес. Мерзімсіз бағалы қағаз қайтарымыз болуы мүмкін және бұл жағдайда қарыз алушы оны сатып алуға құқығы жоқ немесе ол үкіметтің құқығы бар, бірақ кез келген уақытта номиналы бойынша оларды сатып алуға міндетті емес британдық «шоғырландырылған ренталар» (шоғырландырылған қор аннуитеттері) жағдайында қарыз алушының қалауы бойынша сатып алынуы мүмкін.

мерзімсіз облигация (perpetual bond)
Үнемі пайыздық мөлшерлеме ағынын әкелетін өтелмейтін *облигация немесе *мерзімсіз купондар. *Консольдер – мерзімсіз облигацияларға мысал.

Мерзімсіз пайыздық үлес әкелетін акция (МПУӘА) (Permanent Interest Bearing Shares) (PIBS) *Құрылыс қоғамдары шығарған *өтеу мерзімі жоқ бағалы қағаздар. МПУӘА әдетте тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар және оны шығарушы компанияға сатуға болмайды, бірақ белгілі бір МПУӘА шығарылымы белгілі бір уақытта шақырылуы немесе өтелуі мүмкін. МПУӘА *капитал жеткіліктілігін есептеу үшін капиталға есептелуі мүмкін. МПУӘА қажеті өзара институттардың қор нарығында қаражат жинауға мүмкіндігі болмағандықтан туындайды.

мерзімі ұзартылған акция (deferred share)
Дивиденд төлемдері кейінге шегерілуі мүмкін компания акциялары. Бұлай жасалса, кейінге шегерілген акция

төлемдері төмен дәрежелі акциялардың алдында жүргізіледі.

мерзімінен бұрын зейнетке шығу (early retirement) Занды түрде белгіленген зейнет жасына жетпей зейнетке шығу. Кейбір қызметкерлер артық бос уақыты болуы үшін зейнетке мерзімінен бұрын шығуды қалайды. Ал басқа қызметкерлерге мерзімінен бұрын зейнетке шығуды жұмыс беруші жұмыстан босатудың орнына ұсынуы мүмкін.

мета-талдау (meta-analysis) Бірдей зерттеу гипотезаларына қатысты бірнеше зерттеу нәтижесін ортақ қорытындыға, әдетте сандық әдеби шолу немесе қысқаша шолу түрінде біріктіру. Немесе, мысалы, ең қарапайым мета-талдау бұрынғы зерттеу нәтижелерін орташа есеппен алуы керек. Мета-талдау үшін бірқатар статистикалық әдістер жасалды.

механизм дизайны (mechanism design) Белгілі бір нәтижеге жететін стратегиялық өзара әрекеттесу ойыны. Ойыншылар ойында өзін құрастырушылар қалағандай ұстауы үшін ойынның құрылымы солай жасақталады. Бұл жетістікке қол жеткізілгенде ойын *қажет* нәтиже ретінде сипатталады. Мысалы, Кларк-Гросс механизмі адамдарға қоғамдық игілікті шынайы бағалауға, осылайша тиімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

мешеу елдер (least developed countries) Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы айқындаған мешеу елдер тобына 48 ел кіреді, оның 34-і Африкада, 13-і Азия-Тынық мұхиты аймағында және біреуі Латын Америкасы мен Кариб бассейнінде орналасқан. Бұл топқа Ауғанстан, Ангола, Бангладеш, Бенин, Бутан, Буркина-Фасо, Бурунди, Камбоджа, Орталық Африка

Республикасы, Чад, Комор аралдары, Конго Демократиялық Республикасы, Экваторлық Гвинея, Эритрея, Эфиопия, Гамбия, Гвинея, Гвинея-Бисау, Гаити, Кирибати, Лаос Халықтық-Демократиялық Республикасы, Лесото, Либерия, Мадагаскар, Малави, Мали, Мавритания, Мозамбик, Мьянма, Непал, Нигер, Руанда, Сан-Томе және Принсипи, Сенегал, Сьерра-Леоне, Сүлеймен аралдары, Сомали, Оңтүстік Судан, Судан, Тимор-Лешти, Того, Тувалу, Уганда, Танзания Біріккен Республикасы, Вануату, Йемен және Замбия кіреді. *Нашар дамыған ел статусын Ботсвана 1995 жылы, Кабо-Верде 2007 жылы, Мальдив аралдары 2011 жылы және Самоа 2014 жылы иеленді. Ангола, Экваторлық Гвинея мен Вануату ілгерілеуге үміткерлер қатарына кіреді.

МЖМӘ (PPP) САТЫП АЛУ ҚАБІЛЕТІ ПАРИТЕТІ; МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕМЕНШІК СЕРІКТЕСТІКТІ қараңыз.

мигранттардың ақша аударымдары (migrants' remittances) Басқа елдерден келген мигранттардың отанына жіберген ақшасы. Бұл ақша аударымдарының үш негізгі мақсаты бар: отбасын отанында ұстау; отбасы мүшелеріне жаңа үйге көшіп-қонуға көмектесу және өз үйіне оралып, зейнетке шығу немесе бизнес құруға дайындалу. Мигранттардың ақша аударымдары кейбір елдердегі ағымдағы шот бойынша төлем балансының *көрінбейтін бөлімдерінің бір бөлігін құрайды.

Мид шолуы (Meade Review) Джеймс Мид (1907–1995) төрағалық еткен Ұлыбританияның салық жүйесіне шолу. Сауалнама нәтижелері 1978 жылғы Мид есебінде жарияланды. Есептегі басты ұсыныс – жеке тұлғалардың салық базасын кірістен шығынға дейін өзгерту. МИРЛЕС ШОЛУЫН да қараңыз.

микрoэконометрия (microeconometrics)

Жеке тұлғалар, отбасылар және фирмалар үшін микрoэкономикалық немесе жеке деңгейдегі деректерді талдау үшін арнайы құралдар әзірлеген *эконометрика саласы. Әдістемелер стандарт сызықтық регрессиядан басқа, дискрет немесе цензурананған деректерді талдау үшін түрлі сызықты емес модельдерді, инструментал айнымалы мәндерді және себеп-салдар әсерін анықтау үшін «сан алуан айырмашылық» әдісін, емдеуді бағалауды және стратифицирленген және кластерлік іріктемелерді талдауды қамтиды, әдетте сауалнамаларды қоса алғанда, көлденең және панельдік деректерге қолданылады. Сондай-ақ МАКРОЭКОНОМЕТРИЯНЫ қараңыз.

микрoэкономика (microeconomics) Жеке тұлғалардың шешім қабылдауына байланысты экономиканың микро аспектілері. Микрoэкономика түрлі нарық жағдайындағы тұтынушылардың (жеке тұлғалар немесе отбасылар болуы мүмкін) және фирмалардың таңдауын талдайды. Оның мақсаты – таңдау жасау әдісін үйрену және жасалған таңдауға түсінік беру. Микрoэкономика сондай-ақ жеке шешім қабылдаушылардан тұратын экономикаларды қарастырады және экономикалық тепе-теңдіктің бар-жоғын және сипаттарын зерттейді. Мемлекет таңдауының тұтынушылар мен фирмаларға әсері экономикалық саясатты түсіну үшін талданады. ҚОЛДАНБАЛЫ МИКРОЭКОНОМИКАНЫ қараңыз.

миллиард (billion) АҚШ-та және қазіргі британ жүйесінде бір мың миллион (= 10^9). Дәстүрлі британ жүйесінде бір миллиард бір миллион миллион (= 10^{12}) болды, бірақ бұл қазір қолданылмайды.

минимакс (minimax) Шешім қабылдау теориясындағы максимум залалды

мейлінше төмендету мақсаты. Сондай-ақ МАКСИМИНДІ қараңыз.

минимакс шығындары (minimax regret)

Шешім қабылдау теориясында түрлі табиғат жағдайында немесе белгісіздікті әртүрлі іске асыру кезінде әр ықтимал әрекет бағыты үшін ықтимал жоғалту немесе өкініштің максимум санын барынша азайтатын белгісіздік жағдайында іс-қимыл бағытын таңдау ережесі.

миноритарлық акционерлер, акциялардың бақылау пакетіне ие емес акционер (minority shareholder)

Компанияның дауыс беретін акцияларының тек аз бөлігін иеленетін акционер. Акциялардың басым көпшілігі миноритарлық акционерлерге тиесілі. Көпшілік бірауыздан дауыс берсе, миноритарлық акционер қабылданады, бірақ әдетте бір ғана *басым акционер жоқ.

мирас салығы (inheritance tax)

Белгілі бір мұрагерлер алған мирасқа салынатын салық. Салық мөлшерлемесі мирасқордың қайтыс болған адаммен жақындығына байланысты өзгеруі мүмкін, мысалы, ерлі-зайыптылар салықтан босатылуы немесе алынған сомаға салық біртіндеп салынуы мүмкін. Ұлыбританиядағыдай, мирас салығын қатысушылардың өмір бойғы, яғни донор әлі тірі болған кезде, *капитал аударымы салығын қолданатын сыйлықтарға салынады.

Миррлис шолуы (Mirrlees Review)

Сэр Джеймс Миррлис (1936–2018) төрағалығымен фискалдық зерттеулер институты ұйымдастырған Ұлыбританияның салық жүйесіне шолу. Миррлис шолуы *Мид шолуынан 30 жыл өткеннен кейін басталып, 2011 жылы жарық көрді: Сауалнаманың ұсыныстары салық пен жеңілдіктерді жүйе ретінде

құрастыруға және бағалауға сүйенеді. Осы тұрғыдан алғанда, ол *бейтараптықты (салықты таңдауды бұрмаламауы керек) табыс салығы мен *корпоративтік табыс салығына қатысты *прогрессив табыс салығы жүйесімен қамтамасыз етуді ұсынды. Қосымша ұсыныстарға *қосылған құн салығы бойынша жеңілдіктер мен шегерімдердің алынуы, қаржы қызметтеріне қосылған құн салығының таралуы, тұрғын үй шығыны бойынша бірыңғай салық алу, барлық көздерден алынатын кіріс бойынша салық мөлшерлемелерін теңестіру, салық және жеңілдік жүйелерін біріктіру және капиталдан *қатерсіз мөлшерлемені алып тастау кірмейді. www.ifs.org.uk/mirrleesReview – Фермерлік зерттеулер институтының веб-сайтындағы Миррлис шолуының веб-парақшасы.

мода (mode) Кездейсоқ айнымалының жиі немесе ең ықтимал мәні. Дискрет ықтималдық таралуы үшін мода – пайда болу ықтималдығы жоғары мән. Үздіксіз үлестірім үшін мода – ықтималдық тығыздығы функциясының максимумына сәйкес келетін мән. Егер бірден көп жергілікті максимум болса, үлестірім мультимодаль деп аталады. Бақылау іріктемесі үшін мода – ең жиі байқалатын мән. Мысалы, отбасындағы бала саны 0 немесе кез келген бүтін сан, ал мода 2-ге тең болса, бала саны әртүрлі отбасына қарағанда екі балалы отбасы көп дегенді білдіреді.

модаль таңдау модельдері (таңдау модельдері, модель режимін жүргізу, режимін таңдау) (modal choice models) (mode choice models, travel mode choice models) Көлік түрін таңдауды талдау үшін пайдаланылатын *дискрет таңдау үлгісі.

модель (model) Нақты экономиканың кейбір аспектілерін модельдеу үшін

пайдаланылатын оңайлатылған жүйе. Модельдер экономикада қолданылуына себеп – эксперимент жүргізу мүмкіндіктері шектеулі, ал бұрынғы тәжірибе мәселелерге жауап бере алмайды. Модель – экономиканы немесе талдаудың маңыздылығын білдіретін экономиканың бір бөлігін оңайлатылған сипаттау. Экономикалық модельдердің жаратылыстанудағы модельдерден ерекшелігі – фирмалар, тұтынушылар, саясаткерлер мен үкімет құрамындағы шенеуніктерге қатысты бұл тәуелсіз шешім қабылдауды камтиды. Экономикалық агенттер бірден әрекет етпейді, бірақ жеке мақсатына берік және стратегиялық мінез-құлық көрсетеді. Осы кешенді мінез-құлықтың зардаптарын сенімді табу – табысты экономикалық модельдің негізгі сипаты.

Модильяни-Миллер теоремасы (Modigliani-Miller theorem) Мінсіз капитал нарығында фирманың құндылығы ол қолданатын қаржыландыру әдісіне байланысты емес дейтін теория. Қарыз алу, акция шығару немесе дивиденд төлеудің орнына табысты ұстап тұру арқылы капитал тартуға болады. Модильяни-Миллер теоремасы бойынша, мінсіз капитал нарығында борыш немесе меншік капитал саясатын қолданудың қай-қайсы да фирма үшін маңызды емес. Фирмалар шынымен де *левередж және дивиденд саясатына алаңдауы салық жүйесінің зардабын және капитал нарығы жетілмеуін көрсетеді.

молшылық (luxury) Кез келген бағамен тауар мен қызметті тұтыну табыстың өсуіне пропорционал болады. Осылайша люкс өнімдерге сұраныстың табысқа икемділігі ортақ тауарларға қарағанда жоғары. Демек, люкс – кедей адамдарға қарағанда бай адамдар өз табысының қомақты бөлігін жұмсайтын

тауар түрі. Кез келген белгілі бағамен тұтынудың өсуі табысқа пропорционал емес, азырақ болатын *қажеттілікке қайшы. Сондай-ақ ЭНГЕЛЬ ҚИСЫҒЫН қараңыз.

моменттерді бағалау әдісі (method of moments estimator) Теңдеулер жүйесін шешу жолымен табылған белгісіз бөлу параметрлерін бағалау – *үлестірім моменттерін өз іріктемесіне теңестіретін сәттер деп аталатын шарттар. Сондай-ақ МОМЕНТТЕРДІ БАҒАЛАУДЫҢ ЖАЛПЫ-ЛАНҒАН ӘДІСІН (GMM) қараңыз.

моменттерді генерациялау функциясы (мгф) (moment generating function) (mgf) X кездейсоқ айнымалы моментін генерациялайтын функция болжал орын алғанда $M_X(t) = E[e^{tX}]$, $t \in R$ ретінде анықталады. Ол $t = 0$ айналасында ашық интервалда болғанда, $m_n = E[X^n] = \frac{d^n M_X(t)}{dt^n} = 0$ X -ке тең *үлестірім моменттерін есептеу үшін пайдалануға болады. $t = 0$.

монета (coin) Қатты жетондардан, әдетте металдан жасалатын ақша. Монеталар бастапқыда қымбат бағалы металдардан, әдетте *алтыннан немесе күмістен жасалған. Монеталарда оның салмағы мен сапасын куәландыру үшін онда жоғары билік иелерінің портреті сияқты өрнектер салынған. Жоғары билік иелері монетаның сапасын нашарлату арқылы пайда табуға болатынын анықтады. Сәйкесінше, монетаға кеткен материалдың құны монетаның өз құнынан төмен болды. Бұл өзіндік құны болуын қажет етпейтін *айырбас ақшаның көп қолданылуына әкелді. Қағаз ақша пайда болғалы, монеталар ұсақ ақша ретінде кеңінен қолданылады. Қазіргі экономикада монеталар жалпы ақша массасының аз ғана бөлігін құрайды. Материалдық шығыны төмен болғанымен, номинал құны

төмен монеталарды өңдеуге кететін шығын олардың номинал құнынан артық болуы мүмкін.

монета үйі (mint) Тиын, монета шығаратын зауыт. Ұлыбританияда монета Корольдың Монета үйінде, ал Америка Құрама Штаттарында АҚШ Монета үйінде соғылады.

монетаризм (monetarism) Ақшалай табыстың басты факторы – ақша мөлшері деп қарастыратын экономика теориясы. Бұл көбінесе адамдар *рационал болжам қалыптастырады, ал нарықтар тазаруға бейім деген ұғыммен байланыстырылады. Теория саяси ұсыныста, үкімет тұрақты экономикалық өсуге қоса алатын ең үздік үлесі – ақша массасының жиынтық ұсыныс өсіміне тең, сонымен қатар нөлге тең болуы мүмкін кез келген инфляция көрсеткішінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету. Сонымен қатар теория, *сұранысты басқару әрекеті пайдалы болмайды және экономикалық сілкіністердің тағы бір көзін қосуы мүмкін. Сондай-ақ КЕЗЕҢДІК МОНЕТАРИЗМДІ қараңыз.

монетарлық ереже (monetary rule)

*Орталық банк ақша-несие саясатын таңдау үшін қолданатын жүйелі ереже. Ереже тиімділіктің мақсатты деңгейіне қатысты экономиканың макроэкономикалық көрсеткіштері туралы ақпаратты пайдаланатын саясатты анықтайды. Монетарлық ережеге мысал – *Тейлор ережесі. Сондай-ақ АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫН қараңыз.

монетарлық саясат АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫН қараңыз.

монетарлық экономика (monetary economics) *Ақша-несие саясатының қызметі мен институттарын және оның жұмыспен қамту, пайыздық

мөлшерлемелер, тұтыну бағасы және инвестиция шешімдері сияқты экономикалық айнымалыларға әсерін зерттейтін экономика саласы.

мониторинг (monitoring) Жеке тұлғалар немесе фирмалар өзін қалай ұстауы керегін тексеретін процесс. Бұл үкімет бекіткен заңдар мен басқарушы органдардың фирмаларға берген нұсқауларының орындалуын; жұмыс берушілердің өз қызметкерлеріне тапсырырған жұмысының орындалуы және тараптардың *келісімшарт талаптарын сақтауын қадағалайды. Мониторинг ауадай қажет, себебі заң мен заң актілеріне бағыну фирманың жеке мүддесіне, ал жұмыс берушілердің мүддесі жұмысшылардың жеке мүддесіне қайшы келуі мүмкін. Мониторинг өте қымбат: заңдарды әзірлеу және жеке тапсырыстарды шығару кезінде көзделген мақсаттар мен мониторинг шығыны деңгейі арасындағы ымыра бар.

монополия (monopoly) Бір ғана сатушысы бар нарық жағдайы. Монополистерекше үлес қосқанда немесе ауқымнан үнемдеуді қолданғанда табиғи монополия пайда болады, бірақ жаңадан фирма ашқан кірушілердің бірдебірі табысты бола алмайды. Басқа бәсекелестерге тыйым салынғанда, заңға сүйенетін монополия қалыптасады. Монополия – *нарықтағы сәтсіздіктің үлгісі, ол экономикалық тиімсіздікке әкеледі. Тиімсіздік дәрежесі жалпы *орны толмайтын залалмен өлшенеді. Монополияға *кіруге тосқауыл жасайтын ресурстарға жұмсаса, орны толмайтын залал арта түседі. ЗАҢҒА СҮЙЕНЕТІН МОНОПОЛИЯНЫ *да қараңыз.*

Монополияға қарсы қызмет басқармасы (МҚҚБ) (Office of Fair Trading) (OFT) 1973 жылдан бастап 2014 жылға дейін Ұлыбританияның бәсеке саясатын

басқаруға жауапты үкіметтік орган болды. Бұл ұйым шектеу келісімдері тізілімін жүргізуге, шектеу және бәсекеге қарсы практиканы бақылауға және тұтыну несиелерін реттеуге жауап берді. Ұйым жабылғаннан кейін, оның кейбір қызметтері *Бәсеке және нарық басқармасы және *Қаржыны реттеу және бақылау басқармасына берілді.

монополияға қарсы саясат (monopoly policy) Монополияларға қатысты мемлекет саясаты. Бұл монополия ресурстарды тиімсіз пайдалануға алып келуіне байланысты шыққан, екіншіден кейбір фирмаларда монополиялық билікке ие болуына әкеліп соқтырғанына қарағанда, табыстың тең бөлінуіне ықпал ету мақсатынан туындайды. Монополияға қарсы саясаттың екі негізгі тәсілі – нарық құрылымын бақылауға және монополистердің мінез-құлқын бақылауға әрекет жасау. Нарық құрылымы монолитті фирмаларды бөлінуге мәжбүрлеу немесе бәсекеге қарсы тәжірибесін бақылайтын *бірігуді іске асыру арқылы шешілуі мүмкін, бұл фирмалардың басқа нарықтағы монополияланған нарыққа шығуына кедергі келтіреді. Монополистердің мінез-құлқы оны қоғамдық меншікке беру арқылы немесе оларды бағаларды бақылауға және Ұлыбританияның телекоммуникациялық органы сияқты реттеуші органдар тарапынан қадағалаудың өзге де формаларына бағындыру жолымен басқаруға болады. Сондай-ақ АНТИТРАСТТЫ *қараңыз.*

Монополиялар және бірігу комиссиясы (Monopolies and Mergers Commission) (МБК) (ММС) Біріккен монополиялар, бірігу және бәсекеге қарсы әрекеттерді зерттеу үшін тағайындалған Британия органы, оны әділ сауда Бас директоры немесе Сауда және өнеркәсіп бойынша

Мемлекеттік хатшы деп атайды. МБК тергеу жүргізбеді, оның есептері үкіметтің заңнамадағы әрекеттеріне немесе оларды болдырмау үшін ерікті түрде сақталуына байланысты өзгерістерге әкелді. МБК 1999 жылы конкурстық комиссиямен, ол, өз кезегінде, 2015 жылы *Бәсеке және нарық басқармасымен алмастырылды.

монополиялық бәсеке (monopolistic competition) Әр фирма сұраныстың қисық сызығына тап болатын және баға белгілеуде *монополия ретінде әрекет ететін нарық. Дегенмен сол өнімнің әртараптанған нұсқаларын сататын көптеген фирмалар мен нарық қатысушылары бар. *Монополиялық пайда алынса, жаңа фирмалар нарыққа шығады. Бұл әр фирманың сұраныс қисығына ауысуына және пайданың төмендеуіне әкеледі. Барлық монополиялық пайда жойылғанда кіру тоқтатылады. Тепе-теңдік жағдайында барлық фирмалар шекті шығыннан жоғары бағаны ұстайды, бірақ тек пайдасы қалыпты болады. Индустриядағы фирмалардың көбі қызығатын монополиялық бәсеке модельдері жиі пайдаланылады.

монополиялық билік (monopoly power) Сатушының нарықты басқара алатын бақылау дәрежесі. Бұл әдетте саланың *шоғырлану дәрежесі немесе өндірістің шекті шығынынан жоғары баға белгілеу арқылы өлшенеді.

монополиялық пайда (monopoly profit) Табыс монополиялық билігін пайдалануға қабілетті фирма алған *қалыпты пайдадан асып түседі. Кәсіпорын монополиялық пайданы шекті шығыннан жоғары бағамен сатып алады. Осылайша монополиялық пайда *экономикалық тиімділіктің ауытқуын көрсетеді.

монополия (monopsony) Бір ғана сатып алушысы бар нарықтағы жағдай. Ұсыныс икемді болмаса, монополист сатып алынған тауарлар санын азайту бағаны түсіруге итермелейді деген дәйекті пайдаланады. Сұраныс тұрғысынан монополия нарықтағы ұсыныс тұрғысынан *монополияға ұқсас.

монополиялық билік (monopsony power) Сатып алушының нарықта қолданатын бақылау дәрежесі. Бұл әдетте саланың *шоғырлану деңгейімен өлшенеді. Бұл *монополиялық билікке ұқсас.

Монреаль хаттамасы (протоколы) (Montreal Protocol) 1987 жылы жоғарғы атмосферада *хлорфторкөміртектерді (ХФК) және *озон қабатын бұзатын заттардың галогендерін өндіруді және тұтынуды азайту туралы халықаралық келісім жасалды. 1990 жылы ХФК мен галондардан 2000 жылға дейін біртіндеп бас тарту үшін түзетулер енгізілді. Сондай-ақ келісімде ХФК мен ХФК-ны қолданатын өнімдер саудасына тыйым салу көзделген. ХФК, галон – инерт және улы емес заттар, тоңазытқыш техника, көбік, аэрозольдер және құрғақ тазалау, сондай-ақ өрт сөндіргіштерде кеңінен қолданылады.

Монте-Карло әдісі (Monte Carlo method) (Монте-Карло модельдеуі) (Monte Carlo simulations) Талдамалы шешімдер үшін тым күрделі экономикалық модельдердің әрекетін зерттеу әдісі. Жүйеде кездейсоқ таңдалған алғашқы позициялар көп мөлшерде ашылады, оның қалай дамығанын көру үшін біртіндеп цифрлық модельдеу шығады. Монте-Карло әдісі жүйеде *тепе-теңдік барын тексеру үшін немесе бастапқы нүкте немесе ықтимал бастапқы нүктенің шектеулі аумағы тұрақты екенін анықтау үшін қолданылады. Монте-Карло модельдеуі эконометрикада

модель параметрлерін *бағалаушы немесе сынақ статистикасы моделінің шынайы сипаттарын жақындату үшін қолданылады. Бұған қол жеткізу үшін тәуелсіз жасанды деректер жиынтығын құру арқылы және параметрлерді бағалау мен әр деректер жиынтығының статистикасы есептеледі. Мысалы, деректер жиынтығы бойынша параметрді бағалау параметрінің орташа мәні тиісті бағалаушы моделінің шынайы орташа үлестірімін жақындату үшін пайдаланылады.

моральдық қатер (moral hazard) Белгілі бір оқиғаның орын алуына байланысты төлем жасауға уәде берген келісімшарт осы оқиғаларды іске асыруға ұмтылған іс-әрекетті өзгертеді. Мысалы, моральдық қатер бойынша мүлік толық сақтандырылса, оның қожайындары оған дұрыс қарамайды, ал сақтандырылма-са, бейжай қарамас еді. Осының салдарынан сақтандыру компаниялары толық сақтандыруды ұсына алмайды. Моральдық қатер *асимметриялық ақпаратқа сүйеніп, *нарықтағы сәтсіздікке әкеледі. Сондай-ақ ПРИНЦИПАЛ-АГЕНТ ПРОБЛЕМАСЫН қараңыз.

мораторий (moratorium) Борыштық міндеттемелерді өтеуді тоқтата тұру: бұл негізгі пайызға немесе екеуіне де қатысты болуы мүмкін және барлық борыштар бойынша немесе тек белгілі бір борыш түріне қатысты қолданылуы мүмкін. Төлемдер кейінге шегеріледі, бірақ жойылмайды. Мақсат – белгілі бір нақты борышкерлердің міндеттемелерін қайта қаржыландыруға мүмкіндік беру. Олардың құлдырауы қаржы дүрбеленін тудыруы мүмкін деген қауіпке сүйенеді. Мораторийдің бір кемшілігі – кез келген адамға ықтимал несие берушілердің активтерін қатырып, болашақта несие нарығына араласудың ұқсас шараларына алаңдау

тудырып, кез келген жаңа несие алуы өте қиын ету.

мөлшерлеме (rates) Ұлыбританиядағы жергілікті салық салу жүйесі. Жылжымайтын мүліктің нормаланатын құнын аудандық бағалаушылар анықтап, су шаруашылығы компаниялары бар тұрмыстық үй-жайлардың алымы және *бизнес мөлшерлемесі негізі ретінде пайдаланылады. Бірыңғай бизнес мөлшерлемесі коммерциялық мекемелерде орталық үкімет айқындайтын деңгейде алынады. Тек үй шаруашылықтары төлем жасайтын ішкі мөлшерлемелер бір фунтқа тең деңгейде реттелетін құнда болады, фунт мөлшерлемесін жергілікті үкімет белгілейді. Ішкі мөлшерлеме 1990 жылы Англия мен Уэльсте (1989 жылы Шотландияда) *қоғамдық жарнамен алмастырылды.

мөлшерлемені қолдауға арналған грант (rate support grant) 1967 жылдан 1990 жылға дейін жұмыс істеген Орталық үкіметтің жергілікті билік органдарына берілетін Ұлыбританияның гранттар жүйесі. Атауынан көрініп тұрғандай, бұл гранттар өз шығынын өтеу үшін жергілікті салық *мөлшерлемелерін жеткілікті түрде жинай алмаған жергілікті билік органдарының табысын толықтыру үшін пайдаланылды. Жүйе кеңестерге шамадан тыс қаражат жұмсауға ынталандырды, өйткені ауыртпалықтың бір бөлігі орталық үкіметке жүктелетін.

МСҚ (IOU) Төлеуге кепілдік берілмеген уәде; «мен сізге қарыздармын» дегенді білдіреді.

мультиколлинеарлық (multicollinearity) *Көптүрлі регрессия жағдайында түсіндірме айнымалылар арасындағы күшті корреляция, көбінесе үлкен есептелген стандарт қателер мен

шағын бағалау коэффициенттеріне әкеледі. Шын мәнінде, бұл – бағалау әдісінің мәселесі емес, үлгі сипаты, кейде *ридж регрессиясы құрал ретінде пайдаланылады. Мінсіз мультикол-линеарлық түсіндірме айнымалылардың кейбірі ең жақсы түрде, яғни сызықтық тәуелді болғанда пайда болады; бұл жағдайда артық айнымалылар регрессиядан алынады.

мультипликатор, көбейткіш (multiplier)

Шығындардың бастапқы өзгерісін байланыстыратын формула нәтижеге әкелетін әрекеттің жалпы өзгеруіне байланысты. Мультипликатор – *кейнстік экономикада *сұранысты басқаруға дәлел. Ол мемлекеттің шығынын ұлғайту тұтынушылардың кірісін арттыратынына сүйенеді. Бұл кірістің бір бөлігі сақталады, ал бір бөлігі жұмсалады. Содан кейін цикл қайталанады, бұл шығынның бастапқы өсуін көбейтеді. БЮДЖЕТ БАЛАНСЫНЫҢ КОЭФФИЦИЕНТІ; АҚША МУЛЬТИПЛИКАТОРЫН *да қараңыз.*

мультипликатор-акселератор моделі (multiplier-accelerator model)

*Мультипликатор мен *акселератордың өзара әрекеттесуі экономикалық тербеліс тудыратын модель. Мультипликатор инвестицияны ұлғайтудан кейін өндірісті көбейтеді, ал акселератор өндірісті ұлғайта отырып, инвестицияны арттырады. Кеңейту басталғаннан кейін, акселератор әлсіз болған жағдайда, инвестицияны азайтатын және табыстың төмендеуіне әкелетін кеңеюді бәсеңдетеді. Содан кейін инвестиция кеміп, капитал төмендейтін рецессияға ұшырайды. Капитал өндіріс көлеміне байланысты жеткілікті болғаннан кейін, инвестиция қайтадан басталып, экономика кеңейеді. Бұл айнымалы дүмпулердің тұрақты *бизнес-циклдеріне әкелуі мүмкін.

мультиұлттық, көпұлтты (multinational) Кәсіпорын еншілес немесе тәуелді ұйымдар арқылы бірнеше елде бизнес жүргізу. Ірі фирмалардың көбі мультиұлттық корпорацияларға жатады, халықаралық сауданың көбі мультиұлттық корпорациялар мен олардың шетелдік филиалдары мен еншілес компаниялары арасында жүреді. Мультиұлттық операциялардың кейбір заңды және ұйымдық проблемалары болса да, көп фирма соған ұмтылады. Бұл оларды жабдықтаушылар мен нарықтарға жақындатады, олар ресурстар мен шығындағы халықаралық айырмашылықтарды пайдалана алады, зерттеулер мен әзірлемелердің артықшылығын кеңірек нарықтарда таратуға болады және бұл түрлі қатерге әкеледі. Мультиұлттық операциялар ұлттық жеткізушілермен және кәсіподақтармен сауда-саттық жасау мүмкіндігін арттырады.

муниципалдық салық (council tax)

Ұлыбританияда жергілікті биліктің тұрғын үй иелерінен алатын салығы. Муниципалдық салық аудандық бағалаушы есептейтін сегіз диапазонда (Уэльсте тоғыз диапазон) тұрғын үй құнын бағалау мөлшерлемесі бойынша төленеді. Муниципалдық салықты төмендетілген мөлшерлемені жеке үйде өзі ғана тұратындар төлейді, ал табысы төмен кейбір үй шаруашылығы салық төлеуден босатылады. Муниципалдық салық алынатын мөлшерлемені орталық үкімет белгілеген жоғарғы шектерді ескере отырып, жергілікті билік органдары айқындайды.

муниципалдық тұрғын үй (council housing)

Ұлыбританияда жергілікті билік органдары арқылы жалға берілетін мемлекеттік тұрғын үй. Бұл көп жылдан бері Ұлыбританиядағы тұрғын үй нарығында меншікті тұрғын үйлерден кейінгі

екінші үлкен тұрғын үй санаты болды. Жалға алынған тұрғын үйлер үшінші санатты құрады. Муниципалдық тұрғын үй қажеттілік, бала саны, ағымдағы тұрғын үйдің сапасы мен онда тұрып жатқан адам санын ескере отырып беріледі. Үйі жоқ азаматтарға басымдық беріледі. Жалдау ақысы әдетте маркет-клиринг деңгейінен төмен болады. Муниципалдық тұрғын үйді жалға алушылардың үлкен бөлігіне жалдау ақысына жеңілдіктер беріледі және төлемдерге көмек көрсету үшін *тұрғын үй жәрдемақысы да қарастырылған. Муниципалдық тұрғын үй алуға үміткерлер күту тізіміне тіркеледі.

Мұқтаж отбасыларға уақытша көмек (МОУК) (Temporary Assistance to Needy Families) (TANF) *Асырауында балалары бар отбасыларға көмек бағдарламасының ізін жалғастырушы ретінде 1997 жылы енгізілген АҚШ-тағы федералдық көмек. МОУК АҚШ Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет министрлігі арқылы асырауында балалары бар отбасыларды қолма-қол ақшалай көмекпен қамтамасыз етеді. Оның басты ерекшелігі – жәрдемақы алуға 60 айлық шектеу қоюында. 2015 жылғы МОУК бағдарламасының жиынтық шығыны 31,7 млрд доллардан астам болды, бұл ретте 4,1 млн адам көмек алды.

мұнай бағасы (oil price) Мұнайдың бағасы әдетте әр баррель үшін АҚШ долларымен есептеледі. Соғыстан кейінгі кезеңде мұнайдың нақты бағасы төмендеген еді. Бұл *Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы (ОПЕК) 1973–1974 жылдары мұнай бағасын төрт есе өсіргенге дейін жалғасты. Осы жайт бүкіл әлемде инфляцияның күрт өсуіне әсер етті және 1970 жылдардан бастап мұнайдың нақты бағасы елеулі дәрежеде ауытқыды. Бұл мұнай бағасын

белгілейтін картельдің тұрақсыздығын көрсетті. Ұйым мүшелерінің әрқайсында мұнай өндірісін кеңейтуге ұмтылыс болды және ұйымға мүше елдердің кейбірі қосымша табыс қажет болған жағдайда өндіріс көлемін ұлғайтты. Ал 2014–16 жылдардағы мұнай бағасының айтарлықтай төмендеуі балама отын технологиясының жетілуіне байланысты болды.

мұнай дағдарысы (oil crisis) Мұнай бағасының күрт төмендеуі және/немесе қымбаттауы орын алған жағдай. Өзінің энергия қажетінде, негізінен, мұнайға сүйенетін көптеген ел қол жеткізе алатын мұнай мөлшерінің азаюы нақты өндірістің айтарлықтай төмендеуіне алып келеді. Сонымен қатар мұнай импорттайтын елдер үшін мұнай бағасының күрт өсуі сол мемлекеттердің төлем балансына жылдам әрі әжептәуір қиындық тудырады. Бұл термин көбінесе 1973–1974 жылдардағы мұнай дағдарысына қатысты айтылады. Бұл дағдарысқа *Мұнай экспорттаушы елдер ұйымының (ОПЕК) мүшелері мұнай бағасын төрт есе қымбаттатуы және Таяу Шығыстағы кейбір мұнай өндіруші елдер 1973 жылғы араб–израиль соғысында Израильге тілектестік білдірген мемлекеттерге мұнай сатпайтынын, яғни бойкот жариялайтынымен қорқытуы басты себеп болды.

Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы (ОПЕК) (Organization of the Petroleum Exporting Countries) (OPEC) Мұнай өндіретін елдердің мұнай компанияларымен келіссөз жүргізуде өз саясатын үйлестіру үшін құрған ұйымы. 1973 жылдан бастап ОПЕК дүниежүзілік мұнай экспорттаушы *картельді басқаруға тырысып келеді. Олар мұнай бағасын келісіп белгілейді және мұнай экспортына квотаны бөледі. Қазіргі уақытта ОПЕК-ке мына елдер мүше: Алжир,

Ангола, Эквадор, Габон, Иран, Ирак, Кувейт, Ливия, Нигерия, Катар, Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ) және Венесуэла. Индонезия – ОПЕК ұйымының бұрынғы мүшесі. ОПЕК мүшелері бірлескен монополиялық саясатты келісу мен бақылауда қиындықтарға тап болды, ал мұнайдың шынайы бағасы 1970 жылдардан бері айтарлықтай өзгерді. www.opec.org – ОПЕК ресми веб-сайты. Мұнда мұнай нарығы мен мұнай өндірісіне қатысты деректерге қол жеткізуге болады.

мұнай эмбаргосы (oil embargo) Саясатын құптамаған елдерге мұнай жеткізуден бас тарту. Көп мөлшердегі мұнай, негізінен, құбырлармен және ірі танкерлермен тасымалданатындықтан, көп мөлшердегі құйылмалы мұнайдың эмбаргосын жүзеге асыру салыстырмалы түрде оңай болады. Мұнай отын ретінде кеңінен қолданылатындықтан, мұнай эмбаргосы бекітілген елдер ауыр экономикалық мәселелерге тап болуы мүмкін.

мұнай-валюта (petro-currency) Елдің валютасы мұнай экспортына өте тәуелді болуы. Дүниежүзіндегі мұнай бағасы мұнай валютасының айырбас бағамына қатты әсер етеді.

мұнай-доллар (petro-dollars) Шетелге инвестиция салған мұнай экспорттаушы елдердегі төлем балансы профициті, көбінесе АҚШ долларымен көрсетілген бағалы қағаздар.

мұра салығы (death duties) Адам қайтыс болғаннан кейін оның мүлкінен алынатын салық. Ол мұрагерліктен келетін байлықты азайту немесе қарапайым түрде мемлекеттік табысты арттырудың ыңғайлы көзі ретінде қолданылады. Ұлыбританияда мұра салығы түрлі формалардан өтті: мирасқа алынатын

мүлікке салық капитал аударымы салығына ауыстырылды, ал ол, өз кезегінде, *мирас салығы деп өзгертілді. Осының бәрі адам қайтыс болғанға дейін жүргізілуге тиіс деп кеңейтілді, өйткені адам қайтыс болғаннан кейін мирас салығын төлемеу оңайға түседі.

мүдделі тарап (stakeholder) Бизнесіне мүддесі бар кез келген адам. Сонымен қатар *акционерлермен бірге мұнда директорлар, менеджерлер, басқа қызметкерлер, клиенттер, қосалқы мердігерлер және фирманың қызметі қоршаған ортаға әсер еткен кездері, тіпті кең жұртшылық жатады. Осылайша мүдделі тарап – бизнес нашар жұмыс істей бастағанда ұтылуы мүмкін кез келген адам. Ресми түрде директорлар компанияны акционерлердің мүддесі үшін басқарады деп ұйғарылса да, көп жағдайда олар сонымен қатар басқа акционерлердің де мүддесін ескереді, көбінесе өзгелерден де соны күтеді және талап етеді.

мүлік салығы (estate duty) Ұлыбританияда қайтыс болған адамның мүлкінен алынатын салық. Ол кішігірім үйлерді қоспағанда, мүліктің жалпы құнына сүйенеді. Мүлік салығы ең бірінші рет капитал аударымы салығымен ауыстырылды, ал 1986 жылы оны мұрагерлік салығы алмастырды.

мүлік салығы (wealth tax) Жеке тұлғаның жеке байлығына салынатын салық. Мұндай салықты жинау жеке тұлғаның активтерін тұрақты бағалауды көздейді. Активтер әдеттегі нарықтарда сатылмайтыны немесе олардың нарықтағы бағасы тез құбылып отыратыны мәселе туғызады. Сондай-ақ зергерлік бұйым, сатылатын бағалы қағаздар немесе шетелде *салықтан жасырынған банк депозиттері сияқты оңай жасырып қалуға болатын активтерді бағалау

қиын. Мүлікке салынатын нақты салық әдетте шектеулі санаттағы активтерді консервативтік бағалауда төмен мөлшерлеме бойынша алынады.

мүлікке несие беру (property lending)

Жылжымайтын мүлікті сатып алуға несие беру. Мұндай несиелеу әдетте кепілге салынған мүлікті, яғни ипотека арқылы пайдаланады. Мүлікті бағалаудың жоғары пайызын қамтитын мүлікке несие беру қатерлі болуы мүмкін: жылжымайтын мүліктің бағасы төмендесе, кепілзаттың құны қарыздан төмен болуы мүмкін, нәтижесінде қарыз алушы *теріс капиталға ие болады.

мүше банк (member bank) *Клиринг жүйесіне кіретін банк. АҚШ-та қатысушы банк *Федералдық резерв жүйесіне кіреді.

мына шарт орындалса ғана (if and only if) (iff) Екі тұжырым арасындағы теңдік. «Егер A орындалса, онда B болады» деген – $A - B$ үшін жеткілікті шарт, ал $B - A$ үшін қажет шарт екенін білдіреді. «Егер B орындалса, онда A болады» – $B - A$ үшін жеткілікті, ал $A - B$ үшін қажет шарт екенін білдіреді. Екі тұжырым да рас болса, « A тек B орындалса» дегенді білдіреді (« A мына шарт орындалса ғана B деп жазылады»), бұл A және B – әрқайсы бір-бірі үшін *қажет және жеткілікті шарт екенін білдіреді; екеуі де дұрыс, не екеуі де жалған болады. Осылайша екі тұжырым да тең.

Мыңжылдық даму мақсаттары (Millennium Development Goals) Әлем көшбасшылары 2000 жылы белгілеп, 2015 жылы қол жеткізілуге тиіс сегіз мақсат:

1. Шектен шыққан кедейлік пен аштықты жою
2. Жалпыға бірдей бастауыш біліммен қамтамасыз ету.

3. Гендерлік теңдікке жәрдемдесу және әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту.
4. Балалар өлімін азайту.
5. Аналардың денсаулығын жақсарту.
6. АИВ/ЖИТС, безгек және басқа да аурулармен күресу.
7. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету.
8. Даму үшін жаһандық серіктестікті дамыту.

Мыңжылдықтың даму мақсаттары шектен шыққан кедейліктің көптеген мәселесін шешуге нақты сандық бағдар беру үшін жасалды. Прогресті сандық тұрғыдан бағалауды жеңілдету үшін сегіз мақсат 60 сандық көрсеткішпен өлшенген 21 сандық мақсатқа бөлінді. 2015 жылы жарияланған баяндамада мақсаттарға қол жеткізудегі елеулі жетістіктерге қарамастан, елдер мен өңірлер бойынша прогресс біркелкі болмады деген қорытынды жасалған.

Мыңжылдық раунды (Millennium Round)

*Дүниежүзілік сауда ұйымындағы сауда келіссөзінің соңғы сериясы. Бұл 1999 жылы Сизтлде басталған, бірақ келісім жасалмады және келіссөз 2001 жылы Дохада қайта басталды.

міндеттеме (commitment) Үкіметтің немесе орталық банктің болашақ саясат туралы уәдесі. Міндеттеме кейде алдын ала міндеттеме деп те аталады. Ол монетарлық немесе фискалдық саясат өзгертілмейтінін немесе саясатқа өзгерістер қажет болса, олар нақты формада болатынын уәде етеді. Болашақта экономикадағы өзгерістер үкіметтің өз уәдесінен бас тартуына түрткі болса, бұл әбден сенімді болмауы мүмкін. Сондай-ақ **СЕНІМДІЛІКТІ қараңыз.**

міндеттемелер (liabilities) Баланстың дебет бөлігінің мәндері. Оған жеткізушілердің төленбеген шоттары,

төленбеген салық, сондай-ақ түрлі сипаттағы кепілдік берілген және берілмеген борыштар жатады. Фирманың өз капиталының таза құны міндеттеме ретінде қосылады, себебі жалпы соманы активтің жалпы сомасына теңестіру қажет. *Шартты міндеттемелер фирма кепілдікті орындағанда пайда болады. АҒЫМДАҒЫ МИНДЕТТЕМЕЛЕР; ҚОЛАЙЛЫ МИНДЕТТЕМЕЛЕРДІ *де қараңыз.*

міндетті шығын бағдарламасы (mandatory spending programme) Мемлекеттің орындалуы заңмен талап етілетін мемлекеттік шығын бөлігі. Үкімет белгілі бір жолмен жұмсауға уәкілетті *дискрециялық шығынға қайшы келеді, бірақ шығынның егжей-тегжейлі құрылымы мен жалпы мөлшеріне қатысты олардың өз көзқарасы қалады. Мысалы, зейнетақы төлемдері немесе сот жалақысына жұмсалатын шығын әдетте міндетті, ал қорғаныс жабдықтары туралы келісімшарттар шығынның жалпы сомасына шектеуді ескере отырып, дискрециялық болады.

мінез-құлық теңдігі (behavioural equation) ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТЕҢДІКТІ *қараңыз.*

мінез-құлық экономикасы (behavioural economics) Экономикалық шешімдерді түсіндіру үшін адам мінез-құлқын психологиялық тұрғыдан түсінуге шақыратын экономикалық талдау тәсілі. Мінез-құлық экономикасы таңдаудың стандарт модельдерімен түсіндіруге келмейтін *ауытқуларды байқауға сүйенеді. Ол шешім қабылдау процесінде адами және әлеуметтік когнитивтік және эмоциялық теріс түсініктерді

қолдану арқылы ауытқуға түсінік береді. Көп жағдайда таңдау мінез-құлқы шектеулерді ескерген пайдалылықты барынша арттыру ретінде әлі күнге дейін модельденеді. Дәстүрлі және мінез-құлық экономикасының айырмашылығы – пайдалылық функциясы формасында. Сондай-ақ ПЕРСПЕКТИВА ТЕОРИЯСЫН *қараңыз.*

Мінез-құлықты түсіну тобы (Behavioural Insights Team) (BIT) «Nudge Unit» ретінде де белгілі BIT бұрын Ұлыбританияның үкіметтік институты болды, бірақ ол қазір ішінара Ұлыбритания үкіметіне тиесілі *әлеуметтік мақсаттағы компания. Бұл ұйым *мінез-құлық экономикасы сынды мінез-құлық ғылымы идеяларын қолдану мақсатында құрылды. Ұйымның қалаулы мінез-құлық реакциясын ынталандыру және, сәйкесінше, Ұлыбритания үкіметі үздік деп таныған жеке тұлғалардың таңдауына жағдай жасау мақсаттары да бар. Сондай-ақ ПАТЕРНАЛИЗМДІ *қараңыз.*

мінсіз алмастырушы (perfect substitute) Басқаларынан айырмашылығы жоқ өнім. Екі өнімнің мінсіз алмастырушысы бар болса, олардың екеуі де қолданылса, олардың бағасы (салыстырмалы бірлік үшін) бірдей болуы керек: олардың арасында *алмастыру икемділігі шексіз және бағадағы кез келген айырмашылық барлық тұтынушының арзан өнімді таңдауына әкеледі. Олардың арасындағы айырмашылық сызығы – *талғамсыздық қисығы. Өнімдер кейде мінсіз алмастырушы болуы мүмкін, бірақ үнемі қолдануға келмейді.

Н

нақты айнымалы (real variable) Қандай да бір түрдегі физикалық бірліктермен өлшенетін экономикадағы айнымалы, мысалы, жұмыспен қамту деңгейі немесе бір жылда өндірілген мұнай көлемі. Сондай-ақ **НОМИНАЛ АЙНЫМАЛЫНЫ қараңыз.**

нақты айырбас бағамы (real exchange rate)

Бір елдің нақты тауарлары мен қызметтері басқа елдің тауарлары мен қызметтеріне түрлендірілуі мүмкін жылдамдық. Ішкі баға деңгейі – p_h , ал шетелдегі баға деңгейі p_f болса және шетел валютасының бірлігіне қатысты ішкі баға ретінде өлшенетін номинал валюта бағамы e -ге тең болса, онда r нақты валюта бағамы $r = ep_f/p_h$ ретінде анықталады. Әр ел тек бір тауар түрін ішкі нарықта да, экспорт кезінде де бір бағамен сатылатындай өндірсе, онда нақты валюта бағамы *сауда шарттары сияқты болар еді. Ішкі нарықтағы сату әдетте сатылмайтын тауарларды қамтитын, ал экспорттың құрамы мен экспортталатын тауарлардың ішкі нарықтағы сатылымы әдетте өзгеше болғандықтан, нақты айырбас бағамы сауда шарттарынан өзгеше болуы мүмкін.

нақты ақша массасы (real money supply)

НАҚТЫ БАЛАНСТЫ қараңыз.

нақты баланс (real balances) *Ақша массасы қолайлы *баға индексін құрайды. Бұл сатып алынуы мүмкін нақты тауарлар мен қызметтер көлемін анықтайды. Нақты баланстағы өзгерістер – ақша

массасы мен баға деңгейі өзгеруінің функциясы: ақша массасы бағамен салыстырғанда пропорционал өссе, онда нақты баланс өседі. Адамдар қалайтын нақты баланс сомасы – олардың нақты табысының өсіп келе жатқан функциясы және пайыздық мөлшерлемелер мен инфляция қарқынының азаю функциясы болуы мүмкін.

нақты баланс әсері (real balance effect)

Ақша балансының нақты құны өзгеруінің шығынға әсері. Инфляция кезінде, яғни баға көтерілгенде адамдардың нақты сатып алу қабілеті төмендейді. Бұл болжам адамдарды көбірек жинақтауға және табысын азырақ жұмсауға бейім етуі мүмкін. Номинал ақша массасы тұрақты болса, инфляцияны тоқтатуға тиіс. *Пигу әсері депрессия кезінде нақты баланс әсеріне жатады: өйткені баға төмендегенде, ақша қорының сатып алу қабілеті артады, ол, өз кезегінде, ақша жұмсаудың артуына әкелуге тиіс.

нақты бизнес-цикл (real business cycle)

Циклдегі тербеліс көзі технология бойынша немесе өндіріс факторларының жалпы өнімділігі бойынша тұрақты кездейсоқ шоқтары болып табылатын *бизнес-цикл теориясы. Нақты бизнес-цикл модельдерінің негізгі месседжі – циклдік ауытқу экономиканың сыртқы күйзелістеріне тиімді жауап. Демек, үкіметтің контрциклдік араласуы қажет емес. Сондай-ақ эндоген бизнес-циклді қараңыз.

нақты жағдайлар (real terms) Баға деңгейінің өзгеруі сияқты номинал өзгерістер әсерін жою немесе азайту үшін экономикалық айнымалыларды өлшеу тәсілі. Алуға болатын тауарлар мен қызметтердің сапасы мен түріндегі тұрақты өзгерісіне байланысты ұзақ уақыт аралығындағы қарастыру нақты көріністегі өзгерістерді өлшеуде неғұрлым сенімсіз. Сондай-ақ НАҚТЫ БАЛАНС; НАҚТЫ ЖІӨ; НАҚТЫ ТАБЫС; НАҚТЫ ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ; НАҚТЫ ЖАЛАҚЫНЫ қараңыз.

нақты жалақы (real wages) Тиісті *баға индексімен дефляцияланған ақшалай жалақы. Қызметкердің көзқарасы бойынша, тиісті баға индексі деген – *бөлшек баға индексі сияқты тұтыну бағасы индексі; нақты жалақы қызметкерлердің тұтыну мүмкіндігін көрсетеді. Жұмыс берушінің көзқарасы бойынша, тиісті баға – фирма өнімінің бағасы: бағаға қатысты жалақының өсуі табыстылықты төмендетеді және жұмыспен қамтуға кедергі келтіреді.

нақты жалақы кедергісі (real wage resistance) *Нақты жалақыны төмендетудегі қиындықтар. Мұны *кәсіподақтардың жалақыны төлеу бойынша, ең болмағанда соңғы келісім жасағаннан кейінгі баға өсуінің орнын толтырмайтын есептеулерді қабылдауға қарсылығымен және жұмыс берушілердің қызметкерлердің өз нақты табысын азайтқысы келмейтінін білетіні арқылы түсіндіруге болады: нақты қысқартуды қамтитын жалақы туралы ұсыныс ақылақтық ахуал үшін жаман, сондықтан жұмыс берушілер оны жасамайды. Нақты жалақы кедергісі қажет болғанда сәйкес салыстырмалы жалақы құрылымын реттеуге кедергі келтіреді және инфляциялық бұралымды аяқтауды қиындатады.

нақты ЖҰӨ (real GNP) Нақты көрінісін көрсету үшін *жалпы ұлттық өнімді, сәйкесінше, *баға индексіне бөлу. Осы мақсат үшін пайдаланылатын баға индексі әдетте *ЖІӨ дефляторы саналады. Ол инвестициялық тауарлар мен мемлекеттік сатып алу бағасын, сондай-ақ тұтыну шығынын қамтитындықтан, *бөлшек баға индексіне қарағанда неғұрлым қолайлы.

нақты ЖІӨ (real GDP) Нақты көрінісін көрсету үшін *жалпы ішкі өнімді сәйкес *баға индексіне бөлу. Осы мақсат үшін пайдаланылатын баға индексі әдетте *ЖІӨ дефляторы саналады; ол инвестициялық тауарлар мен мемлекеттік сатып алу бағасын, сондай-ақ тұтыну шығынын қамтитындықтан, ол *бөлшек баға индексіне қарағанда неғұрлым қолайлы.

нақты опциондар теориясы (real option theory) Инвестициялық жоба *опционның құнын стандарт әдістермен есептеуді пайдалану арқылы бағалайтын инвестиция мүмкіндіктерін талдау тәсілі. Нақты опцион – инвестицияларды жүзеге асыру құқығы, бірақ қаржы *опционның бөлісетін ортақ міндеті емес. Бұл жағдайда инвестиция мүмкіндігі болашақтағы сыйақыны күтумен байланысты шығынды талап ететін қызметтің кең мағынасында пайдаланылады.

нақты пайыздық мөлшерлеме (real interest rate) Қаржы капитал несиесі бойынша алынған нақты пайыздық мөлшерлеме. Бұл – *инфляцияға қатысты түзетілген ақша қайтарымы. Номинал пайыздық мөлшерлеме – i , ал инфляция деңгейі p болса, онда r нақты пайыздық мөлшерлемесі былай анықталады. $(1 + r) = (1 + i)/(1 + p)$. Төмен пайыздық мөлшерлемелер мен инфляция деңгейі үшін $r \cong i - p$ жуықтауы өте дәл және жиі пайдаланылады.

нақты табыс (real income) Тұрақты бағамен өлшенетін табыс. Бұған ақшалай табысты *баға индексімен дефляциялау арқылы қол жеткізіледі. Қолжетімді тауарлар мен қызметтердің сапасы мен түріндегі тұрақты өзгеріске байланысты нақты табыстағы өзгерістерді өлшеу неғұрлым сенімсіз, себебі анағұрлым ұзақ уақыт кезеңіндегі салыстыру жүргізу көзделеді.

нақты тиімді айырбас бағамы (real effective exchange rate) Ел валютасы мен басқа валюталардың өлшенген комбинация немесе себеті арасындағы нақты мәндегі, яғни салыстырмалы тұтыну бағасына қатысты түзетілген айырбас бағамы. Валюта салмағы елдер арасындағы салыстырмалы сауда балансымен анықталады. Бұл елдің әлемнің басқа екі немесе одан да көп елімен сауда және инвестициялық қызметке қатысатын екіжақты *нақты айырбас бағамын айқындауға мүмкіндік береді және елдердің бір-біріне қатысты ортақ бәсекеге қабілетін көрсетеді. *Халықаралық есеп айырысу банкі 61 ел үшін номинал, сондай-ақ нақты тиімді айырбас бағамы туралы екіжақты номинал және нақты тиімді айырбас бағамына тиісті *геометриялық орташа есептелген ай сайынғы деректерді ұсынады.

нақты ұлттық кіріс (real national income) Тиісінше, *баға индексімен дефляцияланған *ұлттық кіріс. Бұл ел жұмсай алуы мүмкін нақты шығын деңгейін көрсетеді. Нақты ұлттық кіріс мөлшеріне нақты өнімділік өзгерісі, сондай-ақ *сауда шарттарындағы өзгерістер әсер етеді.

нақты шығын (real costs) Тауар немесе қызметті өндіруге жұмсалған нақты ресурстар немесе басқа да ықтимал нәтижелер тұрғысынан мүмкін болған

*балама шығын. Шығынға салық салынса немесе субсидияланса, сондай-ақ өндіріс үшін жауапты жекелеген адамға немесе ұйымға жүктелмейтін басқа да сыртқы шығын болған жағдайда нақты шығын жеке шығыннан ерекшеленеді.

нарық (market) Тауар немесе актив сатып алушылар мен сатушылар кездесетін орын немесе мекеме. Бастапқыда нарық физикалық орын болған және қазірдің өзінде бұрынғыдай мал немесе балық нарығы сияқты кейбір өнімдерге, сондай-ақ Lloyd's сақтандыру секілді кейбір қызметтерге арналған. Басқа жағдайларда нарық – телефон және компьютер арқылы байланысқан және жалпы сауда ережелері мен келісімдерін ұстанатын дилерлер желісі. Нарықтар *шикізат өнімдер нарығы тауарлар саудасын; мысалы, қор нарығындағы бағалы қағаздар саудасын; *капитал нарығындағы немесе *қор биржасындағы сауданы; *еңбек нарығындағы қызмет көрсетуді немесе *шетел валютасы нарығындағы шетел валютасы саудасын жеңілдетеді. Спот нарықтары тауар немесе қызметті дереу жеткізумен айналысады. Нарықтар сондай-ақ болашақ жеткізілімдерге арналған тауар, қызмет немесе активтер үшін, яғни форвард немесе фьючерс келісімшарттарда, сондай-ақ опциндар немесе нарық индекстері сияқты туынды құралдарды сатуға қызмет етеді. Соңғы жылдары арзан және жылдам Интернетке қол жеткізудің кеңінен таралуы сатып алушылар мен сатушылар Интернет-платформаларда сәйкес тауарлар мен қызметтердің бір рангті нарықтары пайда болуына әкелді.

нарық анықтамасы (market definition) Нақты нарықты құрайтын тұтынушыларды, фирмаларды және өнімдерді анықтау процесі. Нарық анықтамасы

*бәсеке саясатының негізін қамтамасыз етеді. Бұл фирмалардың *нарықтағы үлесін есептеу мен *нарықтағы билікті кейінгі талдаудағы алғашқы қажет қадам.

нарық күштері (market forces) Нарықтардағы тепе-тең мөлшерді және бағаны анықтайтын ұсыныс пен сұраныс күштері. Олар нарық күштеріне қандай да бір деңгейде әсер етуі мүмкін үкімет пен ақша-несие органдарына қарсы. Кейбір мәселелерде мемлекеттік билік маңызды, бірақ басқа мәселелер бойынша билік органдарында қуат аз, мысалы, *шетел валютасы нарығындағы жиынтық айналым көптеген *шетел валютасы қорына қарағанда әлдеқайда үлкен болғаны, айырбас бағамы нарық күштері белгілегеннен тым аз ерекшеленуі мүмкін.

нарық құрылымы (market structure) Нарықтағы фирмалар саны және нарықтағы үлесті солардың бөлісуі. Нарық құрылымын сипаттау үшін екі жалпы өлшем пайдаланылады: $*N$ фирманың шоғырлану индексі және *Херфиндаль индексі. Мысалы, бес фирманың шоғырлану қатынасы бес ірі фирманың нарықтағы жиынтық үлесін бүкіл нарықтағы үлес ретінде көрсетеді. Херфиндаль индексі барлық фирмалардың пропорционал үлесінің квадратын қосу арқылы жұмыс істейді. Нарықта N фирма болса, ең ірі фирма барлық сатылымдар мен аз көлемнің үлкен бөлігіне ие болса, Херфиндальдің ықтимал индексі 1 максимумын, ал барлық фирмалар нарықтан тең үлеске ие болса, $1/N$ минимумын ұстанады.

нарыққа баса-көктеп кіру (hit-and-run entry) Тез арада пайда табуды, мүмкін, кейін барлық қаражатты шығарып алуды көздейтін нарыққа ену түрі. Бұл – нарық

қатысушысының *өтемсіз шығыны болмаған жағдайда ғана орын алуы мүмкін. Өтемсіз шығыны бар болса, қатысушы олардың орнын өтеп, пайда табу үшін нарықта ұзақ уақыт болуы керек. Өтемсіз шығынның болмауы тек *ауқымнан үнемдеу жағдайында мүмкін: яғни әртүрлі мақсаттарда пайдаланылуға дағдылары немесе мүмкіндіктері бар фирмалар өзіне қажет нақты нарыққа сәтті енуге мүмкіндігі бар.

нарыққа кіру (market entry) КІРУДІ қараңыз.

нарыққа қол жеткізу (market access)

Нарықта сатып алу немесе сату еркіндігі. Нарыққа қол жеткізу табиғи немесе институттық себептерге байланысты болуы мүмкін. Табиғи кедергілер – нарық қашықтығы мен тұтынушылардың қажетін өтей алмау; институттық кедергілер – кіру тарифтері мен квоталар бойынша заңдық шектеулер, сондай-ақ ықтимал жеткізушілерді қоспағанда, мемлекеттік сатып алу ережелері. Баға бойынша бәсекеге қабілетсіздік табиғатқа немесе саясатқа байланысты болуы мүмкін; қайтарымы жоғары салаларда кейбір нарықтарға қол жеткізу мүмкін болмауы жалпы өндірісті шектейді және жоғары шығынға әкелуі мүмкін. Сол сияқты техникалық прогрестің дамуымен *үйрену әсеріне байланысты салаларда бұрынғы нарыққа қол жеткізу мүмкіндігі болмауы қазіргі нарықтардағы бәсекеге қабілетсіздікке әкеліп соғады. Онлайн сауданың, *е-коммерция мен тең-теңімен қамтамасыз етілетін интернет-нарықтардың үздіксіз дамуы жағдайында Интернетке қол жеткізудің маңызы сатып алушылар үшін де, сатушылар үшін де анағұрлым артып келеді.

нарықта сатылатын бағалы қағаз (marketable security) Екінші ретті нарықта

сатуға болатын бағалы қағаз. Бұған қарапайым акциялар мен облигациялар жатады. Бұл нарықта сатуға болмайтын бағалы қағаздарға, мысалы, бағалы қағазды эмитентке қайта сату арқылы қолма-қол ақшаға айналдыруға болатын Ұлыбританиядағы *Ұлттық жинақ сияқты бағалы қағаздарға қайшы келеді. Нарықта жеке сауда айналымына (нарықта саудаланбайтын) түспейтін ипотека сияқты активтер *секьюритизация арқылы, яғни оларды сатуға болатын пакеттерге біріктіру арқылы жеке айналымға түсетін тауарға айналуы мүмкін.

нарықтағы баға (market prices) 1. Нарықтағы тауарлардың қазіргі саудаланатын бағасы.

2. Тұтынушылар төлейтін бағаға қарап ұлттық кірісті өлшеу әдісіне сілтеме. *Жалпы ішкі өнім немесе ұлттық кірістің нарықтағы баға бойынша кез келген агрегаты тұтынушылар төлейтін бағаны, оның ішінде *жанама салық пен кез келген субсидия шегерімдерін қамтиды. Бұл *фактор шығынына, сатушылар қабылдаған тауар мен қызмет бағасына қарама-қарсы. Нарықтағы бағадан фактор шығынына көшу үшін жанама салық алып тасталады және тұтыну субсидиясы қосылады.

нарықтағы баға, тәуелсіз контрагенттер өзара келіскен коммерциялық операциялардың бағасы (arm's-length price) Байланыссыз екі тараптың еш мәжбүрсіз транзакция жасауға уағдаласқан бағасы. Транзакцияға қатысатын тауар бәсекелі нарықта саудаланса, онда *тепе-тең баға – нарықтағы баға. Тауар сатылмайтын болса, мысалы, бір фирманың екі еншілес компаниясы арасында берілетін *аралық тауар болса, онда нарықтағы баға осы аралық тауар сатылғанда пайда болатын тепе-тең бағаны көрсетеді. Нарықтағы баға

тұжырымдамасын салық органдары екі немесе одан да көп елде жұмыс істейтін мультиұлттық фирмаға қатысты салықтық міндеттеме бөлінісін анықтау үшін пайдаланады. **ТРАНСФЕР БАҒА БЕЛГІЛЕУДІ қараңыз.**

нарықтағы билік (market power) Экономикалық агенттің (компания немесе тұтынушы) нарықтағы тепе-тең бағаға ықпал ету мүмкіндігі. Нарықтағы билік (экономикалық агенттің) нарыққа қатысты үлкен болғандықтан, *N фирмалардың шоғырлану қатынасы көбінесе өкілетті көрсеткіш ретінде қолданылады. Монополист өнім жеткізушінің нарықта билігі бар: ол пайданы барынша арттыратын баға белгілей алады. Осындай ой-пікірлер нарықтағы сұраныс тұрғысынан нарықтағы билікке қатысты қолданылады. Көлеміне қоса, нарықтағы билікті анықтайтын бірнеше фактор бар. Бұған нарыққа *кіруге тосқауыл, *бренд танымалдығы және *өнімді дифференциациялау жатады.

нарықтағы клиринг (market clearing) Нарыққа ұсынылған көлем сұратылған көлемге тең жағдайға өту процесі немесе экономикалық күштер сұраныс пен ұсыныс теңдігін әрқашан қамтамасыз етеді деген тұжырым. Нарықтағы клиринг процесі таза нарықтағы бағаға қол жеткізгенге дейін бағаны түзетуді қамтиды. Кейбір қаржы нарығында мәмілелер әрдайым жүзеге асатынына кепілдік беру үшін сұраныс пен ұсыныс арасында делдалдық ететін *маркетмейкер бар. Нарықтағы клиринг *нарықтағы тепе-теңдік тұжырымдамасымен тығыз байланысты.

нарықтағы қатер (market risk) Ұзақ немесе қысқа позициясы бар нарықтағы кез келген трейдер баға өзгеру қатеріне тап болады. Фьючерстерді сату арқылы хеджирленбеген қорлардың,

бағалы қағаздардың немесе валюталардың иесі баға төмендегенде ұтылу қатеріне ұшырайды; тауар, бағалы қағаз немесе валюта фьючерстерін сатушы нарықтағы баға көтерілгенде ұтылу қатеріне ұшырамауы мүмкін. Кейбір нарықтардағы қатерді *хеджирлеу арқылы азайтуға болады. Басқа тарап (тауарды немесе қызметті) толық және жылдам жеткізсе де, нарықта қатер болады; бұл мәміленің екінші тарабы қойылған пункттерді уақытылы немесе жалпы орындай алмауы қатері болып келетін *контрагент қатеріне қарсы келеді.

нарықтағы мінез-құлық (market conduct) ҚҰРЫЛЫМ–МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ–ӨНІМДІЛІКТІ қараңыз.

нарықтағы орташа баға (mid-market price) Орташа баға – кез келген ең төмен баға арасындағы *маркет-мейкер қауіпсіздік кепілдігін сатуға дайын және кез келген сауда ұйымдастырушы оны сатып алғысы келетін ең жоғары баға.

нарықтағы сәтсіздік (market failure) *Экономика тепе-теңдігінде *Парето тиімділігі болмаған жағдай. Нарықтағы сәтсіздіктің негізгі көздері: *асимметриялық ақпарат, *сыртқы салдар, *жетілмеген бәсеке, *шала нарық пен *қоғамдық игілік. Нарықтағы сәтсіздіктің түрлі көздері – мемлекеттің экономикаға араласуы мәселесін қарастыруға жеткілікті себеп. Үкімет нәтижелерді жақсартпа алады, бірақ кей жағдайда оның әрекеті сол нарықтағы сәтсіздікке әкелетін экономикалық сипаттармен шектелуі мүмкін. Сондай-ақ ҮКІМЕТТЕГІ СӘТСІЗДІКТІ қараңыз.

нарықтағы тепе-теңдік (market equilibrium) Нарықтағы сұраныс пен ұсыныс басым бағада тең болған жағдай. Нарықтағы тепе-теңдік жалғыз

нарыққа жатады, ал *жалпы тепе-теңдік бір уақытта тепе-теңдікте болатын барлық нарықтарға жатады. Жалғыз нарық қарастырылғанда, тепе-теңдік сұраныс пен ұсыныс қисықтарының қиылысуымен анықталатын баға және көлем бойынша немесе ұсыныс сұраныспен анықталатын көлемде, нөлге тең бағада әрқашан сұраныстан жоғары болғанда анықталады. Қысқамерзімді перспективада нарықтағы тепе-теңдік *қалыпты пайдадан асатын (немесе төмен) фирмалармен үйлесімді болуы мүмкін. Ұзақмерзімді перспективада *шекті фирма *кіруге тосқауыл болмаған жағдайда қалыпты табыс түсіргенге дейін кіру мен шығу қатар жүреді.

нарықтағы үлес (market share) Белгілі бір фирманың нарықтағы үлесі. Оның көлемі, негізінен, нарық анықтамасына байланысты: географиялық және салалық тұрғыда кеңінен анықталатын кішігірім нарықта үлесі бар фирма оның жергілікті немесе өнімнің неғұрлым тар анықталған түрі өз нарығынан әлдеқайда үлкен үлеске ие болуы мүмкін. Монополиялық заңнама фирманың нарықтағы үлесін шешім қабылдауға негіз ретінде пайдаланса, бұл мәселе маңызды болуы мүмкін. Мысалы, Ұлыбританиядағы *Бәсеке және нарық басқармасына сілтеме нарықтағы үлеске байланысты.

нарықтан тыс қарыз (non-marketable debt) Екінші нарығы жоқ борыш. Мұндай қарызды ұстаушылар оны өтеуді күткенге дейін күту немесе қарыз алушы кез келген уақытта оны өтеуге қабілетті болуы мүмкін, бірақ кейбір жазаны көздейтін жағдайлар да бар. Бұл мысалға, Ұлыбританиядағы *Ұлттық жинақ қоры сертификаттарында бар ұстаным. Меншік иелері өз құқығын ешкімге сата алмайды, бірақ олар басқа қаржы институттарының қарыздары

үшін кепіл ретінде пайдаланылуы мүмкін.

нарықтан тыс экономикалық белсенділік (non-marketed economic activities)

Нарықтар арқылы таратылмаған тауарлар мен қызметтерді өндіру бойынша экономикалық белсенділік. Оларды жеке ұйымдар немесе мемлекет жүзеге асыра алады. Адамдар өзі немесе өз отбасы үшін төлейтін және төлейтін іс-әрекеттерді жүзеге асырады: балаларға күтім жасау, науқастар мен қарт адамдарға күтім жасау, үй шаруашылығына, көгалдандыру мен үйді жақсарту. Көптеген қайырымдылық ұйымдар, мысалы, қайырымдылық және шіркеу қызметтері тегін ұсынылатын және сатылмайтын қызметтер ұсынады. Көптеген мемлекеттік қызметтер, соның ішінде денсаулық сақтау және жеке әлеуметтік қызметтер, кем дегенде, кейбір алушыларға ақысыз беріледі. Олардың арасында нарықтық емес қызметтің осы түрлі формалары қазіргі заманғы экономиканың айтарлықтай үлесін құрайды.

нарықты капиталдау (market capitalization)

Компания шығарған акциялардың нарықтағы құны. Бұл – шығарылған акциялардың саны мен акциялар бағасының көбейтіндісі.

нарықтық экономика (market economy)

Тауарлардың едәуір бөлігі нарықтарды пайдалану арқылы бөлінетін экономика. Бұл көптеген тауар орталықтан шешім қабылдау органы арқылы таратылатын *жоспарлы экономикаға қайшы келеді. Нарықтық экономиканың артықшылығы – нарықтар анықтайтын баға әртүрлі тауарлар мен қызметтерге салыстырмалы қажеттілік пен оларды қамтамасыз етудің салыстырмалы құны туралы ақпарат береді. Баға сондай-ақ пайдалылықты арттыруға және

пайдасыз қызметті төмендетуге ынталандырады. *Нарықтағы сәтсіздік болмаса, нарықтық экономикадағы тепе-теңдік *Парето тиімділігі болады. Іс жүзінде көптеген экономика нарықтар мен мемлекеттік жоспарлаудың түрлі комбинацияларына сүйенеді.

нашар дамыған елдер (НДЕ) (less developed countries) (LDCs)

Дамушы елдер деп те аталады, олар табыс, сауат деңгейі және күтілетін өмір ұзақтығы сияқты түрлі көрсеткіштермен айқындалады. БҰҰ жіктеуі бойынша, Африканың барлық өңірлері, Азия (Жапонияды қоспағанда), Латын Америкасы мен Кариб бассейні, сондай-ақ Меланезия, Микронезия мен Полинезия елдері кіреді. Бұл ұғым кейде Оңтүстік Кавказ елдері мен бұрынғы Кеңес Одағының Орталық Азиядағы елдеріне де қатысты қолданылады.

нәсілге қарай кемсіту (racial discrimination)

КЕМСІТУДІ қараңыз.

негізгі мөлшерлеме (prime rate) Банктер қолданатын анықтамалық пайыздық мөлшерлеме. Дәстүрлі түрде бұл – несиелік қарыз алушыларға ұсынылған пайыздық мөлшерлеме. Кейбір айнымалы пайыздық мөлшерлемелер базалық мөлшерлемеден жоғары немесе төмен пайыздық тармақтарда көрсетіледі. Мысалы, *Wall Street Journal* негізгі бағамы – несиелік карталар, тұрғын үй заемдары және АҚШ-тағы жеке қарыздар үшін базалық мөлшерлеме. Сондай-ақ ЛОНДОНДАҒЫ БАНКАРАЛЫҚ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНДАҒЫ МӨЛШЕРЛЕМЕНІ қараңыз.

негізгі (базалық) сызба (baseline)

Ағымдағы *трендтер мен саясат өзгеріссіз калса экономика қалай дамидыны туралы болжам. Экономиканың *модельдері теорияға, *эконометрикаға

немесе олардың кейбір комбинациясына сүйенуі мүмкін. Табиғаттың, технологияның немесе экономикалық саясаттың кез келген аспекті өзгерту әсерін есептеу алдында базалық сызба проекциясын салу қажет. Табиғат құбылыстарындағы, технологиялардағы және экономикалық саясаттағы қазіргі деңгейлер немесе трендтер өзгермесе, бұл экономиканың болашағын қадағалайды. Мұнай кен орындарының ашылуы сияқты табиғаттың өзгеруі, жаңа материалдарды және озық технологияларды енгізу сияқты технологиядағы өзгерістер немесе салық мөлшерлемесі, тарифтер немесе пайыздық мөлшерлемелер сияқты ресми саясаттардағы өзгерістер секілді өзгерістердің болжанатын салдарын есептеуден кейін экономиканың базалық проекциядан болжанған ауытқуы анықталады.

негізгі валюта (vehicle currency) САУДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВАЛЮТАНЫ *қараңыз.*

негізгі капиталға құйылған инвестиция, ұзақмерзімді инвестиция (fixed investment) Ғимараттар, машиналар немесе көлік құралдары сияқты ұзақмерзімді күрделі жабдыққа салынған инвестициялар. Негізгі капиталға құйылған инвестицияның қызмет мерзімі бірнеше жылға созылады деп күтіледі, бірақ олар *амортизациядан зардап шегеді. Бұл қорларға құйылған инвестициядан ерекшеленеді. Қорларға құйылған инвестиция – амортизацияға ұшырамас бұрын қолданылып үлгеретін тауарлар.

негізгі компонентті талдау (principal components analysis) Көпөлшемді деректер жиынтығының негізгі компоненттер деп аталатын шоғырландырылмаған айнымалылардың кішігірім жиынына сызықтық түрлендіруге сүйенетін әдіс. Бірінші негізгі компонент деректердің

ықтимал өзгермелілігін ескереді және әр келесі компонент мүмкіндігінше қалған өзгермелілікті ескереді. Әдіс осы компоненттердің не екенін анықтайды; бұл деректердің негізінде жатқан трендтер туралы сыртқы білімдерден туындайды.

негізгі өнім (staple product) Өндіріске қатысты облыстың не елдің ең маңызды өнімі. Кувейт секілді кейбір ірі мұнай өндіруші елдер мен бірқатар *төмен деңгейде дамыған елдерден бөлек, экономикада бір өнімнің басым болуы – ерекше құбылыс. Кейбір жергілікті аудандар нақты өнеркәсіп саласына айтарлықтай деңгейде тәуелді болғанымен, қазіргі заманғы көптеген экономикада жалғыз негізгі (басым) өнім (өндіріс) жоқ. Тұтынуға келсек, негізгі өнімдерге азық-түлік және киім секілді тұрақты сатып алынатын және тұтынылатын тауарлар жатады. Әдетте бұл алғашқы қажеттілік өнімдері және олардың баламасы өте аз немесе мүлдем болмайды.

негіздер (fundamentals) 1. Микроэкономика теориясында экономиканы сипаттайтын қалау, жабдықтау және технологиялар.

2. Макроэкономика теориясында мемлекеттің экономикалық көрсеткіштерінің жиынтық көрсеткіштері. *Жалпы ішкі өнім, айырбас бағамы, инфляция деңгейі, пайыздық мөлшерлеме және жұмыссыздық деңгейі көрсеткіш ретінде жиі пайдаланылады.

3. Қаржы саласында фирманың қаржылай сипаты мен нарықтағы жағдайы туралы негізгі мәліметтер.

Неміс маркасы (Deutschmark) Батыс Германия валютасы. 1990 жылы Германия экономикалық және валюта одағы құрылғаннан кейін бүкіл Германияның валютасы атанды. 2002

жылы неміс маркасының орнын еуро басты.

неоклассикалық синтез (neoclassical synthesis) Экономикалық тұрғыда 1950 жылдардан бері дамып келе жатқан және негізін Джон Хикс (1904–1989) және Пол Самуэлсон (1915–2009) қалаған. Дамыған неоклассикалық микроэкономиканы, атап айтқанда, жеке сұраныстың тұтыну теориясы мен кейнстік макроэкономиканы біріктіреді.

неоклассикалық экономика (neoclassical economics) Экономикалық қызметті талдау барлық экономикалық агенттердің ұтымды артықшылықтары бар дейтін жорамалдарға сүйенеді, барлық тұтынушылар пайдалылығын барынша арттырады, барлық фирмалар пайдасын барынша арттырады және барлық таңдаулар тиісті шектеулерге байланысты жасалады. Бұл компоненттер шаруашылық агенттері өзара әрекеттесетін экономикалық орта туралы болжамдарға байланысты түрлі нәтижелер береді. Мысалы, барлық агенттер баға қабылдаушылар болса, онда бәсекелі экономика моделі алынады. Сонымен қатар егер фирма өнімнің жалғыз жеткізушісі болып саналса (және бұл фактіні танытын болса), бұл – монополия моделі. Неоклассикалық экономика – экономикаға жалпы қабылданған ортодокстық көзқарас.

несие, кредит (credit) 1. Тауар не қызметті дереу төлем емес, кейінге қалдырылған төлеммен ұсыну жүйесі. Несиені сатушы, банк немесе қаржы компаниясы бере алады. ТҰТЫНУ НЕСИЕСІ; ЭКСПОРТ НЕСИЕ АГЕНТТІГІ; БӨЛІП ТӨЛЕУГЕ САТЫП АЛУ; СУБСИДИЯЛАНҒАН НЕСИЕ; САУДА НЕСИЕСІН *де қараңыз*.

2. Жеке тұлғаларға немесе компанияларға қолма-қол төлемсіз тауар не

қызмет алуға мүмкіндік беретін қаржылай тұрақтылық беделі.

3. Шоттардағы активтерді көрсететін оң элемент.

несие алу құқығы (drawing rights) *Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) мүшелерінің ХВҚ-дан өз валютасына айырбастау арқылы шетел валютасын алу құқығы. Алынатын несие сомасы олардың квота мөлшерінің пропорционал көлеміне шектелді. 1970 жылдан кейін *арнайы несие алу құқығының құрылуы несие алу құқығын кеңейтті. Ол мүше-мемлекеттерге қосымша шетел валютасын алуға мүмкіндік берді.

несие дефолт свопы (credit default swap)

*Облигациялар немесе *ипотекалық бағалы қағаздар сияқты борыш құралдары бойынша дефолт қатерінен сақтандыруды қамтамасыз ететін қаржы құралы. Несие дефолт свопын сатып алушы *хедж-қор сатушыға әдетте сыйақы төлейді, ал дефолт жағдайында сатушыдан қарыз құнына тең біржолғы төлем алуға құқылы. Борыш қатері неғұрлым жоғары болса, талап етілетін сыйақы да соғұрлым жоғары.

несие есебінен акциялардың бақылау пакетін сатып алу (leveraged buy-out)

Негізінен, қарыз алу арқылы қаржыландырылатын фирманың меншікті капиталын сатып алу. Бұл сатып алушылар үшін қауіпті, себебі несие бойынша пайыздар кез келген операциялық пайданың көп бөлігін алады. Фирма нашар жұмыс істесе, акционерлерге ештеңе бұйырмауы мүмкін.

несие құру (credit creation) Банктер ұжымдасып қабылдайтын *базалық ақша мөлшерінен артық несие беретін процестің атауы. Базалық ақша мөлшері оң *төлем балансы немесе орталық банк жүргізетін *ашық нарықтағы

операциялары есебінен ұлғайса, онда базалық ақша, негізінен, біреудің коммерциялық банктегі шоты арқылы төленеді. Содан кейін мүдделес банк артық қаржыны несиеге береді, ал ол, өз кезегінде, басқа банктердегі депозиттерді арттырады. Банктер өз активтерінің 100*n* пайызын базалық ақшалай ұстаса, онда олар әр 1*£* базалық ақша мөлшеріне 1*£/n*-ге дейін несие мен депозиттерін арттыра алады. 1/*n*-ге несие мультипликаторы қаншалықты жақын екені банк клиенттері өз қаражатын банк балансында емес, өз қолында ұстайтын жалпы ақша мөлшері үлесіне байланысты болады.

несие одағы (credit union) Кооператив ретінде жұмыс істейтін қаржы мекемесі. Несие одағы иелері саналатын мүшелеріне тиесілі және оны осы мүшелері басқарады. Тек несие одағының мүшелері ғана одаққа депозит сала алады немесе одақтан несие ала алады.

несие рейтингі агенттігі (bond-rating agency) Облигациялар шығаратын үкімет, муниципалитет және корпорацияның несиені өтеу қабілетін бағалауға маманданған агенттік. *Standard and Poor and *Moody жетекші америкалық рейтингтік агенттіктер саналады.

несие циклі (credit cycle) *Бизнес-циклдер несиеледегі тербелістерден туындайды деген теория. Банктер және басқа кредиторларда несие беруде шамадан тыс оптимизм болғанда экономикалық бум пайда болады. Кейбір кезеңде олардың қатесі дефолтқа және сенімнің жоғалуына әкеледі, бұл, өз кезегінде, депрессияға соқтырады. Депрессия кезінде кредиторлар өте сақ болады және үмітсіз борыштар біртіндеп есептен шығарылады. Біраз уақыттан кейін банкирлер шоктан айығып, қайтадан

несие беруді бастайды. Бұл жағдайдың қайта қалпына келуіне әсер етеді. Осының барысында олар қайтадан шамадан тыс оптимизм танытып, жағдай келесі циклге ұласады.

несие, қарыз (loan) Қарызға алынған ақша әдетте пайыздық өсім қосып қайтарылуға тиіс. *Кепілзат қойылса несие берілуі мүмкін, яғни қарыз алушы ақшаны қайтара алмаса немесе қамтамасыз ете алмаса, кредитор оны ақшасын қайтару үшін сата алады. Борышкер барлық қарызын толық өтей алмаса, онда кепілдік берілмеген кредиторлардың рейтингі қолда бар активтер бойынша кепілдік берілген кредиторлардан төмен болады. Субсидияланатын (софт) несиелер қарыз алушы шарттарды төлеуден қиналса, төлемдерді қысқартуға немесе кешіктіруге мүмкіндік береді; тұрақты валютамен берілетін (хард) несиелер – шарттардың міндетті түрде орындалуы қатаң тексеріледі. БАНК НЕСИЕСІ; ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА БЕРІЛЕТІН НЕСИЕ; ЖАҢАРТЫЛАТЫН НЕСИЕ; НЕСИЕНІ ҰЗАҚ МЕРЗІМГЕ ЫСЫРУ; КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН НЕСИЕ; СУБСИДИЯЛАНАТЫН НЕСИЕ; СИНДИКАТАЛҒАН НЕСИЕ; ҰЗАҚМЕРЗІМДІ НЕСИЕ; БАЙЛАНЫСТЫРЫЛҒАН НЕСИЕ; КЕПІЛДЕНДІРІЛМЕГЕН НЕСИЕНІ *қараңыз*.

несиені азайту (credit squeeze) Несиені шектеу арқылы сұраныс көлемін тежеуге бағытталған саяси шаралар пакеті. Бұл ақша массасын шектеуді, пайыздық мөлшерлемелерді арттыруды, нақты банктердің немесе басқа да несие делдалдарының несие беру деңгейін немесе несие берілетін транзакция түрлерін шектеуді қамтуы мүмкін. Мысалы, *бөліп төлеуге сатып алынған тауарлардың бағасына қойылатын ең жоғары пайызға немесе ипотекамен алынатын үйлер бағасының ең жоғарғы пайызына шектеу қойылады.

несиені бақылау (credit control) 1. Несиеге қол жеткізуді шектеу арқылы жиынтық сұранысты реттеу саясаты. Бұл жай ғана ақша-несие саясаты құралдарын, яғни ақша мен пайыздық мөлшерлемені пайдалануды білдіреді. Бұл сондай-ақ несие берудің нақты түрлерін реттеуді қамтуы мүмкін, мысалы, бөліп сатып алуға шектеу, банктерді алып-сатарлық мақсатта несие бермеуге шақыру немесе нақты мекемелердің несие беруіне сандық шектеулер қою.

2. Ұлыбританияда қабылданған монетарлық бақылау жүйесі. Ол 1970 жылдары банктер мен депозиттерді қабылдайтын басқа да қаржы мекемелері резерв активтердің ең төмен коэффициенттерін қолдауға міндетті болғанда пайда болды.

3. Коммерциялық ұйымдар несиеге ұсынған тауар не қызметінің ақысын уақытылы алуын қамтамасыз ететін жүйе.

несиені нормалау (credit rationing)

Несиені бағасыз шектеу. Бұл несие берушілер, тіпті несие беру үшін жеткілікті қаражаты болса да, талап етілетін пайыздық мөлшерлемені төлеуге ниет білдірген барлық өтініш берушілерге несие бермегенде орын алады. Бұл кредиторлар қатері бар және қатерсіз қарыз алушылардың айырмашылығын айқындай алмағанда және қарыз алушылардың өтелмеген несиелер бойынша *шектеулі жауапкершілігі бар болғанда пайда болады. *Жағымсыз іріктеу себебінен пайда болған несиелерден нарықты тазарту мақсатында кредиторлар несиеге пайыздық мөлшерлемені арттырудың орнына несиені нормалау әдісін қолдануы мүмкін: жоғары пайыздық мөлшерлеме қатері жоғары жобалары бар қарыз алушыларды тартады. Осылайша ол үмітсіз борыштар санын азайтып, пайдалылықты төмендетеді. Ал төмен пайыздық

мөлшерлеме несиеге сұранысты арттырады.

несиені өтеу қабілеті (creditworthiness) Кез келген несие алушыға берілген несиенің қауіпсіздігі туралы ықтимал несие берушінің пікірі. *Кредит-рейтинг агенттіктері фирмалардың, банктер мен шетел мемлекеттері үкіметінің несиені өтеу қабілетін бағалау үшін құрылған. Олардың бағасы банктердің және басқа да несие ұйымдарының несие беру шешіміне әсер етеді. Сондай-ақ НЕСИЕ РЕЙТИНГІН қараңыз.

несиені ұзарту (roll-over of loans) Қарызды өтеу мерзімі келгенде оларды шын мәнінде нақты өтеуге емес, өтеу үшін қарыз алушыларға несиені қалпына келтіруге рұқсат беру. Көбінесе мынадай екі жағдай кездеседі. Көп жағдайда несие тауар сатып алу сияқты пайдалы мәмілелерді қаржыландыруға пайдаланылады: қарыз алушы несиені өтей алады, бірақ несие ұзартылған жағдайда ұқсас операциялардан пайда алуға жақсы мүмкіндік болады. Басқа жағдайда қарыз алушы несиені өтей алмайды және кредитор басқа нұсқаны таңдай алады: несие мерзімін ұзарту немесе оны үмітсіз борыш ретінде есептен шығару, бірақ бұл оның өз есебіне теріс әсер етеді. Қарыз алушы ақырында қарызын өтей алады деген қандай да бір мүмкіндік болса, мұндай жағдайда несие мерзімін ұзартуға зор ынта пайда болады.

несиені шектеу (credit crunch) Несиеге қол жеткізуді азайту. Ол несие беруге қажет шарттарды қатаңдату арқылы жүзеге асырылады. Несиені шектеуге бірнеше себеп әсер етеді. Бұл банк жүйесіндегі *өтімділікті азайтатын немесе *несиені бақылауды орнататын *ақша-несие саясатын қатаңдатумен байланысты болуы мүмкін. Олай істемесе,

банктер ағымдағы несиелер бойынша залалға ұшырауы немесе банк жүйесінің төлеу қабілетіне сенім жоғалуынан зардап шегуі мүмкін. Несиені шектеу 2008 жылғы қаржы дағдарысынан кейін жүзеге асырылды.

несиені шектеу (credit restriction) НЕСИЕНІ БАҚЫЛАУДЫ қараңыз.

Никкей индексі (Nikkei index) Жапониядағы акция бағасының негізгі индексі.

номинал айнымалы (nominal variable) Ақшалай өлшенетін экономикалық айнымалылар. Номинал айнымалы мәндер жұмыспен қамту немесе болат өндірісі секілді физикалық қондырғыларда өлшенетін нақты икемділікпен және икемділік пен пайыз сияқты өлшем бірлігі жоқ сандармен салыстырылады.

номинал зәкір (nominal anchor) Экономикадағы жалпы *баға деңгейін анықтау механизмі. Тауар нарықтарындағы тепе-теңдік қажеті мен фактор қызметтері салыстырмалы баға құрылымын анықтайды, бірақ бұған кез келген баға деңгейінде қол жеткізуге болады. Ақша билік органдары кейбір баға индексіні тұрақты ұстап тұру ниеті бар екенін мәлімдей алады, бірақ бұл уәде жеткілікті сенімді болмауы мүмкін. Номинал зәкір – мұндай уәделерді сенімді ету тәсілі. Ықтимал әдістер алтын немесе күміс тәрізді тауарларды ақша ретінде пайдалануды немесе тұрақты бағамен беделге ие болған АҚШ доллары сияқты басқа валюталармен белгіленген айырбас бағамын белгілеуді қамтиды.

номинал қорғаныс (nominal protection) Импортталатын тауарлардың тарифі бойынша бағаның пропорционал өсуі. Пропорционал t тариф бойынша, ел ішіндегі импорттың бағасы

$(1 + t)$ олардың сыртқы бағасын құрайды. Осылайша тариф номинал қорғанысты көрсетеді. Бұл өнім өндіретін салада өндірілген кез келген импортталатын ресурстардың тарифтерін ескере отырып, қосылған құнның пропорционал өсуін *тиімді қорғауға қарсы. Импортталатын ресурстардың неғұрлым көп мөлшеріне салық салынса, номинал қорғаныстың кез келген стандартында аз тиімді қорғау қамтамасыз етіледі.

номинал құн (par value) Қаржылай кепілдіктің мәлім етілген құны немесе номинал құны.

номинал пакеттер ұстаушы (nominee holding) Акция пакеті нақты иеленушіден бөлек, өзге адамның атымен тіркеледі. Кейде бұл ыңғайлылық үшін жасалады, мысалы, *пай қорлары меншік иелерінің меншігінде өз акциялары болғанда болады. Басқа жағдайларда бұл иеленушінің жеке басын ашуға жол бермеу үшін жасалады, мысалы, акцияларды сатып алу туралы ұсыныс алдында сатып алынған кезде.

норма (norm) ҚОҒАМДАҒЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТЫ қараңыз.

нормалау (rationing) Тапшы тауарларды бағаға емес, әкімшілік шешімге қарай бөлу. Мысалы, көп елде соғыс кезінде азық-түлік пен киім өнімдерін бөлу. Нормалаудың пайдасына дәлел әділдік пен тиімділік ұғымдарына сүйенеді: үкімет біреулер аш қалғанын қаламайды, әрі әскери өндіріске де лайық жұмысшылар қажет. Нормалау әдетте талғамы өте ерекшеленетін тауарларға қатысты тиімсіз болуы мүмкін. Тауар саны нормаланса, бірақ бағасы төмен болса, онда тапшы тауарлардан пайданы аз көретін тұтынушылардың одан үнемдеуге ынтасы төмен болады, ал

өндірушілердің ұсынысты арттыруға ынтасы болмайды. Тауарлар тұрақты түрде қажет болмаса, ал нормалау қажет жағдайдағы жеткілікті тауар мөлшерін сатып алуға мүмкіндік бермесе, әр пайдаланушы төтенше жағдай қорын қалыптастыру үшін өз рационның тұрақты түрде алуға ынтасы бар. Осылайша бытыраңқы шағын қорларда бір орталық резервке қарағанда көп талап етілуі мүмкін болғандықтан, нормалау іс жүзінде тұтынуды ынталандыруы және тапшылықты күшейтуі мүмкін. Нормалау тізбектерін басқарудың өзі шектеулі ресурстарды пайдаланады. Сондай-ақ **НЕСИЕНИ НОРМАЛАУДЫ ҚАРАҢЫЗ.**

норматив капитал (regulatory capital)

Орталық банк немесе халықаралық дағалау органы секілді ұйымдар реттейтін банктер мен басқа да қаржы мекемелерінің қызметі үшін қажет талап етілетін ең төмен капитал мөлшері. Сондай-ақ **БАЗЕЛЬ КЕЛІСІМІН ҚАРАҢЫЗ.**

норматив мәлімдеме (prescriptive statement) Әрекет барысын көрсететін мәлімдеме. Көп жағдайда формасы жағынан бір типке жататын мәлімдемелер басқасына зиянын тигізуі мүмкін. Мысалы, «темекі шегу сіздің денсаулығыңызға зиян» деген оң мағынада айтылғанымен, оның таза мәні: «темекі шегуге болмайды».

норматив экономика (normative economics) Экономиканы қалай басқару керек екені туралы мәселелерді қарастыратын экономика бөлігі. Негізгі мәселелер – *тиімділік пен *әділдік. Тиімділікке келсек, ол белгілі бір мақсатқа нақты қандай ресурстарды пайдалану арқылы жетуге болатынын сұрайды. Бұл мүмкін болғанда, ол басқа мақсаттарға қол жеткізу үшін көп ресурс бөлуге мүмкіндік берер еді.

Капиталға қатысты ол теңдік, күш-жігердің әділ сыйақысы және адамдардың ақылға қонымды күткен үмітін жоққа шығармай, шығындар мен жеңілдіктердің таралуы қаншалықты қажет екенін сұрайды. Бұл мақсаттар әрдайым өзара келісе бермейді және норматив экономика олардың арасындағы сауда-саттықты және әділдік пен кез келген уағдаластықтың тиімділігіне әсерін ескеруі керек.

нормативтік басып алу (regulatory capture)

Реттеушілер өздері реттеуге тиіс саланың мүддесімен өзін сәйкестендіру үрдісі. Бұл саланы қоғамның мүддесін де реттеуге өкілетті мемлекеттік ұйым қоғам мүддесін өз тұтынушыларының немесе қалың жұртшылықтың емес, саладағы өндірушілердің мүддесімен сәйкестендіре бастағанда болады.

ноу-хау (know-how) Фирмалардың нәтижеге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін практикалық экономикалық білім. Олардың кейбірінің техникалық сипаты бар және *патенттерді қолдану арқылы жекеменшікке айналуы мүмкін, бірақ оларды іске асыру күрделі болуы ықтимал. Алайда көптеген практикалық ноу-хау патенттер арқылы меншіктеуге келмейтін ұйымдастыру тәсілдерін, кәсіби стандарттар мен *ынталандыру жүйесін қолданады.

Ноу-хау қоры (Know-How Fund) Шығыс Еуропа және бұрынғы Кеңес Одағы елдерінде орталықтан басқарылатын жоспарлы жүйе жойылғаннан кейін нарықтық экономикаға өтуге техникалық көмек көрсету мақсатында құрылған Ұлыбритания үкіметтік агенттігі. Ұйым 1989–2000 жылдар аралығында қызмет атқарды; 2001 жылдан бұл елдердің кейбіріне көмек беру түрлі бағдарламалар шеңберінде жалғасты.

нөлдік базалық бюджеттеу (zero-base budgeting) Үкіметтер мен басқа да ұйымдардың *бюджетін басты қағидаларға сүйеніп, яғни ұйымның мақсаттарын анықтай отырып және оларға жетудің ең оңтайлы әдісін қабылдап әзірлеу туралы ұсыныс. Бұл өткен кезеңнің бюджетінен басталатын және елеусіз өзгерістер енетін әдеттегі бюджеттеу процедурасынан ерекшеленеді. Нөлдік базалық бюджеттеуге қол жеткізу қиын, себебі шынайы әлемдегі ұйымдар өзінің қызметкерлері мен жабдықтаушыларына контракт қатынастарын ұстанады және өздері көрсететін қызметтері мен төлем алуына байланысты жұртшылықтың бағаға қатысты болжамдарына тәуелді.

нөлдік гипотеза (null hypothesis) Статистикалық нәтижелерде шектеулер жиынтығы тексеріледі. Егер тест басқаша нәтиже көрсетпесе және бұл жағдайда балама гипотезаның пайдасына қабылданбаса, нөлдік гипотеза шын деп есептеледі. Сынақ әдетте нөлдік гипотезаның шынайы екенін ескере отырып, сынақ статистикасының таралуы белгілі (нөлдік бөлу) деп белгіленеді. Сынақ статистикасының сандық мәні нөлдік бөлуден кездейсоқ түрде төмен ықтималдықпен ғана алынуы мүмкін мәндер диапазонына түссе, нөлдік гипотеза баламада пайда болмайды. Сондай-ақ БІРЖАҚТЫ ТЕКСЕРУ; Р-МӘНІ; ҚҰНДЫЛЫҚ; ЕКІЖАҚТЫ ТЕСТ; I ЖӘНЕ II ТИПТІ ҚАТЕЛЕРДІ қараңыз.

нөлдік купонды облигация (zero coupon bond) Мерзімді түрде *купондық төлемдер жүргізбейтін облигация. Нөлдік купонды облигация оның номинал құнынан жеңілдікпен сатылады, бірақ *өтелген (жетілген) кезде номинал құнымен өтеледі. Мысалы, номинал құны 1 000£ және өтеу мерзімі бір жыл болатын нөлдік купонды облигация 909

фунтқа сатылуы мүмкін. Инвесторға қайтарым жеңілдік бойынша анықталады. Мысалы, облигацияға салынған 909 фунтқа жыл өткеннен кейін номинал құны 1 000£ сыйақы тағайындалады, бұл 10 пайыздық жылдық табысты құрайды. СТРИП КУПОНДЫ (КУПОН ЖӘНЕ НЕГІЗГІ СОМАСЫ ЖЕКЕ-ЖЕКЕ САТЫЛАТЫН ЖӘНЕ САТЫП АЛЫНАТЫН ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ОБЛИГАЦИЯ) қараңыз.

нөлдік өсу (zero growth) Экономиканың одан әрі кеңеймейтін жағдайы. Бұл термин екі контекстте кездеседі: кейбір кедей және артта қалған экономикаларда бұл факт *тоқырау деп аталады және күрделі мәселе саналады, алайда кейбір дамыған және өте бай экономикаларда *табиғи ресурстардың сарқылуы мен *ластану бойынша алаңдау салдарынан нөлдік өсім мінсіз саналады. Бұдан екі мәселе туындайды: бірінші, ресурстар шын мәнінде сарқылса, онда сарқылудың оң қарқыны тұрақты болмайды және дамыған экономикалар өмірін жалғастыру үшін дамуға тиіс; екіншіден, әлем халқының басым көпшілігі нөлдік өсімді жақтаушылардан әлдеқайда кедей. Олар нөлдік өсімнің мінсіздігін жақтаушыларға қосылуы кемінде қазіргіге қарағанда біршама бай болмай, неғұрлым көп ресурс тұтынбай және әлдеқайда көп ластануды болдырмай жатып орын алу ықтималдығы өте төмен жағдайда болады.

нөлдік пайыздық мөлшерлеме (zero interest rate) Номинал пайыздық мөлшерлемені нөлдік деңгейде ұстап тұрудың монетарлық саясаты. Нөлдік пайыздық мөлшерлемеге қол жеткізгеннен кейін пайыздық мөлшерлемені одан әрі төмендету арқылы экономиканы ынталандыру мүмкін емес. Бұл ақша-несие саясатының *сандық жұмсарту секілді басқа түрлерін қолдану қажет екенін

білдіреді. Алайда ерекше жағдайларда ақша-несие саясатын жүзеге асыратын институттар маңызды қысқамерзімді пайыздық мөлшерлемені нөлден төмендетуі мүмкін. ТЕРІС ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕНІ қараңыз.

нөлдік рейтинг (zero-rated) *Қосылған құн салығы (ҚҚС) жүйесіне енгізілген, қосылған құн салығы нөлге тең қызметтер мен тауарлар. Фирмалар нөлдік бағаланған тауарлар кірісінен ҚҚС қайтара алады. Олар ҚҚС жүйесіне кірмейтін, сол себепті кірістен ҚҚС қайтарылуы мүмкін болмайтын, ҚҚС салынбайтын тауарлар мен қызметтерден ерекшеленеді.

нөлдік сомалы ойын (zero-sum game) Ойыншыларға әр нәтиженің ұтыс сомасы нөлге тең болатын ойын. Екі ойыншыға арналған нөлдік сомалы ойында бір ойыншы үшін оң ұтыс екінші ойыншы үшін теріс ұтысты (абсолют мәнде өзара тең) білдіреді. Нөлдік сомалы ойындар ойыншылар мүддесі арасындағы тікелей қайшылықты көрсетеді және конфликт үлгісін модельдеу үшін пайдаланылады. Сондай-ақ МАКСИМИНДІ қараңыз.

нумератор (numeraire) Басқа тауарлар үшін анықтамалық мән ретінде пайдаланылатын тауар. Номинатор бағасы біреу болып анықталады. Кез келген өнім, негізінен, тепе-тең нақты бағаға ие бола отырып, нумератор ретінде пайдаланылуы мүмкін.

нүктелік икемділік (point elasticity) Бір айнымалының пропорционал өзгеруінің

нүктеге өлшенген қатынасы. Мысалы, p – баға және q көлем болса, сұраныстың икемділігі – ε_d , $\varepsilon_d = (p/q)(dq/dp)$ ретінде анықталады. Нүктелік икемділік – *доғалық икемділіктің шегі, себебі доғаның ұзындығы нөлге ұмтылады.

Нью-Йорк қор биржасы (НҚБ) (New York Stock Exchange) (NYSE) АҚШ-тың ең үлкен және ең ірі қор биржасы. 2007 жылдан бастап НҚБ *НҚБ Euronext Америка және Еуропа биржасының құрамына кірді. www.nyse.com – НҚБ сайтының бас беті.

Нэш келіссөзі (Nash bargaining) КЕЛІССӨЗДІ қараңыз.

Нэш тепе-теңдігі (Nash equilibrium) Стратегиядағы ойындар үшін тепе-теңдік концепциясы. Егер бірде бір ойыншыда басқа ойыншылардың таңдаған стратегияларын қарастыра отырып, өзінің стратегиясын өзгертуге ынтасы болмаса, стратегиялар жиынтығы (әр ойыншы үшін біреу) Нэш тепе-теңдігін білдіреді. Ресми түрде, s i ойыншының стратегиясы болсын, ал i $s - i$ – басқа ойыншылардың стратегияларының векторы. Егер әр ойыншы үшін i , $U(s_i, s - i) \geq U(\sigma_i, s - i)$ және ойыншының әр балама стратегиясы үшін σ_i i болса, стратегиялар Нэш тепе-теңдігіне сәйкес келеді. Нэш тепе-теңдігі *ойын теориясының тепе-теңдік туралы стандарт концепті. Нэш тепе-теңдігінің ерекше қасиеттері бар кейбір ойындар бар және Нэш тепе-теңдігінің бірнеше «нақтылығын» қарастырады. Олардың ешқайсы кең таралмаған.

О

облигация (bond) *Өтеу мерзімі бар, яғни ол шығарылған күнінен бір жылдан кейін болатын бағалы қағаз. Облигацияларды фирмалар, қаржы мекемелері немесе үкімет шығара алады. Олардың тиянақталған өтеу мерзімі болуы немесе қарыз алушыға белгілі бір кезең ішінде кез келген күні өтеу мүмкіндігі берілуі не мезгілсіз болуы мүмкін. Облигациялардың тиянақталған пайыздық мөлшерлемесі немесе қандай да бір қаржы индексімен байланысқан айнымалы мөлшерлемесі болады. Олардың пайыздық және өтеу төлемдері ақшалай түрде көрсетілуі мүмкін немесе сәйкес келетін баға *индекске байланған болуы мүмкін. Ақырында, олар қатер дәрежесі бойынша әртүрлі болуы мүмкін. Мемлекеттік облигациялар «алтын жалатылған» деп аталады және әдетте өте қауіпсіз деп саналады. Нарықта нық орныққан компаниялар қауіпсіз саналатын «инвестиция деңгейіндегі облигациялар» шығарады, ал қаржылай авантюра жасайтын фирмалар *арзанқол облигациялар шығарады. Бұл кезде қарыз алушы өз міндеттемелерін орындамауы мүмкін болатындай қауіп туындайды. Облигациялардың *өтеу мерзімі ұзақ болған кезде, олардың нарықтағы бағасы ағымдағы және күтілген пайыздық мөлшерлеме көрсеткішіне өте сезімтал болып келеді. Бұл болашақ өтеу төлемдері мен пайыздық төлемдердің *ағымдағы дисконтталған құнын бақылайды. Пайыздық мөлшерлеменің өсуі

ағымдағы дисконтталған құнды төмендетеді. Сондықтан тіпті өте қауіпсіз болып саналатын облигациялар, олар өтеу мерзіміне дейін ұсталса, пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне байланысты ол облигациялардың нарықтағы құны өзгеріске ұшырайды. Өтелуге тиіс облигациялардың өтеу мерзімі жақындаған сайын баға тербелістеріне қатысты бұл міндеттеме кеми береді. ӨКІЛДІК ОБЛИГАЦИЯСЫ; ҚАРТТАР ОБЛИГАЦИЯСЫ; СЫЙАҚЫЛЫ ОБЛИГАЦИЯ; МЕРЗІМСІЗ ОБЛИГАЦИЯ; ПУТ ОБЛИГАЦИЯСЫ; БӨЛІНГЕН ОБЛИГАЦИЯ; НӨЛДІК КУПОНДЫ ОБЛИГАЦИЯНЫ *қараңыз.*

облигация бойынша дефолт свопы (bond default swap) НЕСИЕ БОЙЫНША ДЕФОЛТ СВОПЫН *қараңыз.*

облигацияны орналастыру (put bond) ЖЫЛЖЫМАЛЫ ОБЛИГАЦИЯНЫ *қараңыз.*

овердрафт (overdraft) Банктері есебіндегі теріс баланс, сәйкесінше, клиент банкке ақша қарыз болады. Бұл көбінде алдын ала келісім бойынша ғана рұқсат етіледі, бірақ жақсы несие тарихы бар клиенттерге алдын ала келісімсіз овердрафт жасауға болады. Овердрафттар тек белгіленген лимитке дейін рұқсат етіледі, клиенттен пайыздар және қосымша қызметтік төлемдер алынуы мүмкін.

одақ (union) КЕДЕН ОДАҒЫ; ТӨЛЕМ ОДАҒЫ; КӘСПОДАҚТЫ *қараңыз.*

озон қабаты (ozone layer) Жер шарын зиянды сәуледен қорғайтын стратосфера қабаты. Бұл қабатын бұзылуына адамдардың іс-әрекеті, хлорфторкөміртектер (ХФК), галон және он жылға кешіктіріліп стратосфераға әсер ететін хлор молекуласынан бөлінетін түрлі химиялық элементтер себеп болды деп саналады. Ауаға шығарылатын зиянды заттарды бақылау жаһандық келісімді талап етеді. Өйткені хлорфторкөміртектерді пайдаланушы өз әрекетінен өзіне пайда табады, ал жалпы дүниежүзі оның зиянын көреді. 1987 жылы *Монреаль хаттамасында хлорфторкөміртектер мен галондарды ауыстыру туралы келісімге қол қойылды.

ойын ережелері (rules of the game) *Алтын стандарт қолданылуға тиіс болған ережелердің тарихи атауы. Ойын ережелеріне сәйкес, алтын жоғалтатын елдер пайыздық мөлшерлемені арттыруы және ақша массасын қысқартуы, ал алтынға ие болатын елдер пайыздық мөлшерлемені төмендетіп, ақша массасын арттыруы керек еді. Бұл ережелер төлем балансының тепе-теңдігін тез қалпына келтіруге арналған болатын. Алайда бұл ережелерді сақтау ынтасы алтын алатын елдерге қарағанда, *шетелдік валюта қоры сарқылуы қаупі төніп тұрған алтыннан айырылған елдер үшін әлдеқайда үлкен болды. Алтын алатын елдер өз экономикасын өзінің шетелдік валюта қорын арттыруын зарарсыздандыру жолымен инфляциялық салдардан өзін оқшаулай алады және көбінесе солай жасайды; қорынан айырылатын елдерде салдардың зардабын жоюға ұзақ уақыт бойы мүмкіндігі болмайды. Бұл, жалпы алғанда, алтын стандарт жүйесіне дефляциялық еңіс берді. Сондай-ақ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУДЫ қараңыз.

ойын теориясы (game theory) Бір агенттің әрекеті екінші тараптан алынған

төлемдерге әсер ететін стратегиялық жағдайларды талдау. Бұл шешім қабылдау процесінде *стратегиялық өзара әрекеттесуге әкеледі. Ойын теориясы – стратегиялық өзара әрекеттесудің ресми модельдеу құралы. Модельдеудің негізгі элементтері – әр агенттің мақсаты, стратегиясы мен ақпараты, сондай-ақ ойындағы *тептендік тұжырымдамасы. Ойынның алдыңғы раундында орнатылған беделі кейінгі әрекеттерге әсер ететін бірреттік ойындар мен қайталанатын ойындар арасында пайдалы айырмашылықтар жасалуы мүмкін. Сонымен қатар ойын тек бөлінген ресурстардың жалпы көлеміне әсер ететін нөлдік сома ойындарымен, бір ойыншылар басқа ойыншылар ұтылып қалған сомадан көп сома ұтып алатын оң сома ойындарымен және ресурстарға қарсы күрес секілді, өзара әрекеттесу, бөлісуге болатын соманы азайтуы мүмкін теріс сома ойындары арасында да пайдалы айырмашылықтар болуы мүмкін. Ойын теориясы – экономикалық талдаудың негізгі құралдарының бірі.

ойыншы (player) Стратегиялық жағдайдағы кез келген қатысушы үшін *ойын теориясында қолданылатын термин. Ойыншы – түрлі *стратегияны таңдауды қажет ететін жеке тұлға, фирма немесе үкімет.

Оккама ұстарасы (Occam's razor) «Мәндер (объектілер) қажетсіз көбейтілмеуге тиіс» дейтін қағида. Бұл принциптің ғылымдағы кең таралған интерпретациясы: «бірдей болжам жасайтын екі бәсекелес теорияның арасында қарапайымы үздік болады».

оқшаулау, ығыстыру (exclusion) Басқаларға өнімді пайдалануға жол бермеудің заңды құқығы және практикалық мүмкіндігі. Өнімді көпшілікке

сату мүмкіндігі берілсе, оның иесі орынды баға қою арқылы басқаларды оны пайдаланудан шектей алады. Оқшаулау бәсекедегі тепе-теңдіктің экономикалық тиімділігіне байланысты. Қоғамдық тауарларды оқшауламауға болады, *Тибу гипотезасының шарттары орындалмаса, мемлекеттің араласуынсыз тиімді тасымалданбайды.

олигополия (oligopoly) Бір фирманың таңдауы басқа фирмалардың пайда-сына әсер ететін фирмалардың шағын көлемінен тұратын нарық. Фирмалар стратегиялық өзара іс-қимыл арқылы бір-біріне тәуелді, сондықтан нарықтағы тепе-теңдік стратегиялық пайымдау нәтижесімен анықталады. Курно олигополиясында өндіріс көлемі әр фирманың стратегиялық айнымалысы болып келеді. Ал Бертран олигополиясында баға – стратегиялық айнымалы. Олигополиядағы фирмалар өнім сипаттамасы немесе жарнама арқылы *бағасыз бәсекеге қатыса алады. Олигополияны стандарт талдауда нарық ойын ретінде қарастырылады және *Нэш тепе-теңдігі ескеріледі. Нэш тепе-теңдігі сипаттары фирмалар қатысатын ойынның нақты сипаттамасына байланысты болады. Сондай-ақ БЕРТРАН БӘСЕКЕСІ; КУРНО БӘСЕКЕСІ; МОНОПОЛИСТИК БӘСЕКЕНІ *қараңыз*.

олигопсония (oligopsony) Сатып алушылар саны аз нарық. Бұл нарықта бір сатып алушының таңдауы басқа сатушының ұтысына әсер етеді. Бұл сұраныс тұрғысында *олигополияға, ал ұсыныс тұрғысынан – нарыққа жақын.

омбудсмен (ombudsman) Мекемелер әкімшілігіне қатысты шағымдарды қарауға жауапты лауазымды тұлға. Ұлыбританияда омбудсмен жүйесін қолдану мемлекеттік органдардан бастау алды. Оны парламенттің әкімшілік

мәселелер комиссары жүргізді. Содан кейін ол банк, қаржы және сақтандыру сияқты басқа салаларға тарады. Омбудсменнің қорытындыларының әдетте заңды күші жоқ, бірақ елеулі моральдық күші бар және оларды нақты жағдайларда елеулі заңға өзгеріс жасауға саяси қысым көрсетуі мүмкін.

онкольдық және қысқамерзімді несиесі (money at call and short notice) Ұлыбританиядағы қолма-қол ақшадан кейінгі ең өтімді банк активтері. Ақша басқа банктерге және банк емес қаржы институттарына сұраныс бойынша (телефон арқылы) немесе 14 күнге дейін (қысқа мерзімде) хабарлау арқылы өтелетін *дисконт-хаус сияқты беріледі. Бұл әдетте төмен мөлшерлеменен берілетін кепілді қарыз.

оң жақтағы айнымалы (right-hand-side variable) Регрессия теңдеуіндегі түсіндіруші айнымалыға қойылған лақап ат.

оңтайландыру (optimization) Экономикада үздік нәтиже беретін ресурстарды пайдаланудың барлық мүмкін болатын түрлері арасынан керегін таңдау. Бұл көбінесе пайданы барынша арттыру немесе шығындарды барынша азайту арқылы көрінеді; жалпы алғанда, мақсат функциясы оңтайландыру қажет нәрсені сипаттайды. Ықтимал таңдау жиынтығы ресурс тапшылығы, бюджет шектеулері немесе заңды кедергілер арқылы шексіз (шектеусіз оңтайландыру) немесе шектеулі (шектеулі оңтайландыру) болуы мүмкін.

оңтайлы басқару (optimal control) Үздіксіз уақытта қалыптасқан динамикалық оңтайландыру мәселесін шешу әдісі. Математикалық тұрғыдан алғанда, ол бақылау саясатымен ассоциацияланатын шығын функционалын барынша азайтатын басқару

айнымалыларының жолдарын сипаттайтын дифференциалдық теңдеулер жиынтығының шешімі. Бұл жерде шешім Понтрягин максимум принципі (қажет шарт) қолдану арқылы немесе Гамильтон–Якоби–Беллман теңдеуін (жеткілікті шарт) шешу арқылы шығарылады.

оңтайлы жанасу (tangency optimum) Екі қисық арасындағы жанасу нүктесінде пайда болатын оңтайландыру міндеттерінің шешімі. Мысалы, пайдалылықты барынша арттыратын тұтынушының оңтайлы жанасуы жоғары қолжетімді *талғамсыздық қисығы *бюджет сызығымен беттескенде пайда болады. Оңтайлы жанасуды градиент қисығы арасындағы теңдікпен сипаттауға болады.

оңтайлы өсу теориясы (optimal growth theory) Экономика өсуінің үздік жолын талдау. Оңтайлы өсу жолы ағымдағы тиімділіктің шығындарын теңдестіру (баланстау) арқылы анықталады. Өйткені болашақта тиімділікті арттыру үшін инвестиция құю салдарынан тұтыну азаяды. Үлкен инвестициядан келген пайда болашақта жұмсалады. Сондай-ақ АЛТЫН ЕРЕЖЕНІ қараңыз.

оңтайлы салық салу (optimal taxation) *Әлеуметтік қамсыздандыруды барынша арттыратын салық салу құрылымы. Мұнда салық түсімдерінің берілген деңгейіне қол жеткізілу тиіс және ынталандыру үйлесімі шектеулеріне сәйкес келуі керек. Сондай-ақ КЕРІ ИКЕМДІЛІК ЕРЕЖЕСІ; РЭМСИ ЕРЕЖЕСІН қараңыз.

оңтайлы тариф (optimum tariff) Сауда көлемін шектеуге қарсы бағытталған *сауда шарттарын жақсартуды өтей отырып, мемлекеттің әл-ауқатын арттыратын *тариф. Өзі сауда жүргізетін нарықтағы әлемдік бағаға ықпал ете

алмайтын экономикасы шағын мемлекеттердің оңтайлы тарифі нөлге тең. Өзінің экспорт нарықтарында монополиялық күші бар немесе импорт нарықтарында монополистикалық күші бар мемлекеттердің оңтайлы тарифі оң болады. Алайда сауданы толық жоярдай үлкен емес.

оңтайлылыққа шекті жағдайлар (marginal conditions for optimality) Шекті пайда мен шекті шығын теңдігін оңтайлы таңдау сипаты ретінде қарастыруға болады. Оңтайлылық шарты, тұтастай алғанда, бүкіл экономика бойында туындайды және мақсат функциясы қатаң ойыс, шектеулер жиынтығы қатаң дөнес, қатысушы функциялар дифференциал және оңтайлы таңдау көптеген шектеу үшін ішкі таңдау болғанда қажет және жеткілікті шарт. Шекті пайда мен шекті шығынды сәйкес анықтау арқылы ғана кеңінен қолдануға болады. Мысалы, монополист фирма үшін пайданы барынша көбейтетін өнім шекті пайда шекті шығынға тең болғанда пайда болады. Бұл мысалда пайда табыс арқылы өлшенеді.

Оңтүстік Америка елдерінің ортақ нарығы (Mercado Común del Sur) Оңтүстік Америка елдерінің ортақ нарығы (MERCOSUR) Латын Америкасы елдерінің ортақ нарығын 1991 жылы Аргентина, Бразилия, Парагвай, Уругвай және Венесуэла құрды. Боливия, Чили, Колумбия, Эквадор, Гайана, Перу және Суринамның қазіргі кезде қауымдасқан мүше мәртебесі бар, ал Жаңа Зеландия мен Мексика – бақылаушы елдер. Парагвайдың мүшелігі 2012 жылғы маусымнан 2014 жылғы шілдеге дейін уақытша тоқтатылды. Венесуэланың мүшелігі 2016 жылғы желтоқсанда тоқтатылды. MERCOSUR Латын Америкасы елдерінің көпшілігін қамтиды.

Оңтүстік банк (Banco del Sur) «Оңтүстік» банкі 2009 жылы Аргентина, Боливия, Бразилия, Эквадор, Парагвай, Уругвай және Венесуэла құрған Латын Америкасындағы даму банкі. Штаб-пәтері Венесуэла астанасы Каракаста орналасқан. Әлеуметтік бағдарламаларға және инфрақұрылымдық жобаларға несие беруші институт әрі *Халықаралық валюта қоры және *Дүниежүзілік банкке балама ұйым ретінде құрылған.

операциялық зерттеу (operational research)

Бизнестің алдында тұрған практикалық мәселелерге математикалық және статистикалық әдістерді қолдану. Бұл әдістерге *сызықтық бағдарламалау, *сыни жол талдауы, кезекті ұйымдас-тыру және қорды талдау жатады. Бұл әдістер қаржы, сатып алу, өндіріс, маркетинг, жеткізу жүйесі және қорларды басқару мәселелеріне қолданды.

оппортунизм (opportunism) Сауда келісімінде бір тараптың басқа тарап өзіне міндеттеме алғаннан кейін шарттарды өз пайдасына өзгертуге тырысуы. Мысалы, фирма тапсырысты орындау кезінде жабдықты орнату барысында қайтымсыз шығынға батса, онда клиент жабдықтаушының арнайы техниканы балама пайдаланусыз сатып алғанын біле тұра неғұрлым төмен бағаға келісуге тырысады. Сол секілді, жабдықтаушы да клиенттің балама нұсқасы жоғын біле тұра, неғұрлым жоғары бағаға уағдаласуға талпынады. Демек, оппортунизмнің алдын алу үшін қатаң және құқықтық санкциямен қамтамасыз етілетін *контрактілер жасасу керек немесе әділ саудагер репутациясы құнды болып келетін салада бір сауда серіктесімен бизнесті үздіксіз жүргізіп отыру қажет. Бұл жерде әділ сауда серіктесінен айрылып қалу қаупі оппортунизмді

болдырмайды. Сондай-ақ ТОҚТАТУДЫ қараңыз.

оптимизм индексі (optimism index) АҚШ-та сенім деңгейінің орташа көрсеткіші ТІРР сауалнама қызметі бүкіл ел бойынша шамамен 1 000 ересек адамнан алатын, ай сайын өткізетін телефондық сұхбатқа сүйенеді. Бұл сауалнамада үш сұрақ қойылады. Сауалнамаға қатысушылар экономикалық жағдайдың жақсару мүмкіндігі, жеке қаржы жағдайының жақсару мүмкіндігі және ағымдағы экономикалық саясатқа көңілі толу дәрежесі туралы сұралады. Индекс 0-ден 100-ге дейін созылады. Индексті жауап берілмеген сауалнамаларды (мысалы, «сенімді емес» немесе «жауап жоқ») ескермей, оң және теріс жауаптарды салыстыру жолымен алады. www.tradingeconomics.com/usa/economic-optimism-index – оптимизм индексі бойынша соңғы деректерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін веб-сайт.

опцион (option) Ұстаушыға алдын ала келісілген баға бойынша болашақтағы бір күні қандай да бір тауарды, акцияны немесе валютаны сатуға құқық беретін, бірақ міндеттемейтін келісім-шарт. Еуропалық опцион келісілген күні ғана жүзеге асырылуы мүмкін, ал америкалық опцион келісілген күнге дейін кез келген уақытта жүзеге асырылады. Пут-опцион ұстаушыға алдын ала келісілген баға бойынша сатуға құқық береді. Нақты активті ұстаушылар және активтің бағасы құлдырайды деп алаңдаушылар пут-опционды қатерді азайту үшін қолдануы мүмкін; бұл сонымен қатар бағаны құлдырату үшін алыпсатарлық мақсатында қолданылуы мүмкін. Ал колл-опцион өз иесіне алдын ала келісілген баға бойынша сатып алуға құқық береді. Болашақта активті қажет ететіндер және активтердің

бағасы сатып алғанға дейін өсіп кетеді деп алаң білдіргендер колл-опционды қатерді азайту үшін қолданады; бұл сонымен қатар бағаны шарықтату үшін алыпсатарлық мақсатта қолданылуы мүмкін. Опциондар нарығы – опциондар сатылатын нарық. Ол кеңінен сатылатын тауарлар, акциялар және валюталар үшін ұйымдастырылған. Акцияға опциондар болашақта алдын ала келісілген баға бойынша компания акцияларын сатып алуға құқық береді; оларды компаниялар өз басшыларын ынталандыру құралы ретінде пайдаланады. Опцион фьючерс келісімшарттарынан ерекше. Фьючерс келісімшарттарының міндеттемелері мен сауда жүргізу құқығы болады. Сондай-ақ КОЛЛ-ОПЦИОН; ПУТ-ОПЦИОН; АКЦИЯ ОПЦИОНЫН қараңыз.

опцион құны, балама нұсқа құны (option value) Шешім қабылдауды кейінге қалдыру қабілетінің құндылығы. Егер біреу жобаға қазір инвестиция құйса, оның капиталының мөлшері азаяды. Жобаны азды-көпті пайдалы ету үшін нарық шарттары кейде өзгеріп отыруы мүмкін. Шешім кейінге қалдырылса, нарық шарттары жақсарғанда келесі жылы жобаға инвестиция құюға немесе нарық нашарлағанда жобадан бас тартуға болады. Бұл жерде опцион құны – инвестициялық шешімді кейінге қалдырудан күтілетін пайда. Инвестициялауды кейінге қалдыру қабілетінің балама нұсқасының құны *өтімділікті қалаудың бар екенін түсіндіруге көмектеседі. Өйткені қолдағы ақша қаражаты болашақ шығынның қандай да бір нақты формасына міндеттемейді. Егер нарық жылдам жақсарады деп күтілсе немесе бәсекелестер оған бірінші кіруі мүмкін деген қауіп төнсе, онда балама нұсқаның құны негатив болуы мүмкін. Бұл жағдайда тез инвестициялау қажет.

Балама нұсқаның құнын анықтауда *колл-опциондар мен *пут-опциондар қолданылады.

опционды орындау бағасы (exercise price)

*Опцион акцияларды, тауар немесе валюта сатып алуға не сатуға құқық беретін баға, бұл «страйк» баға деп те аталады. Баға нарықтағы бағаға қарағанда иеленуші тарап үшін неғұрлым тиімді болған жағдайда ғана опцион іске асырылады. Пут-опциондар бағасы нарықтағы бағадан жоғары болғанда, активтерді сату үшін ғана пайдаланылады, ал колл-опциондар орындау бағасы нарықтағы бағадан төмен болғанда тек активтерді сатып алу үшін пайдаланылады.

орналастыру (placing) Британ компаниялары акцияларын тандалған тұлғаларға немесе мекемелерге сату, тікелей және көпшіліктің алдында ашық мәселе емес түрінде жүзеге асты. Орналастыру шығынды азайту немесе компанияның жаңа акционерлерді таңдауға мүмкіндік беретіндігінен артық болуы мүмкін.

орналасу орны (location) Компанияның географиялық орналасуы немесе оның өнімінің маркетингтік жағдайы. Географиялық орналасу аспектілері өте маңызды және бизнеске байланысты өзгеріп отырады. Мәселен, қонақүйлер табиғаты бұзылмаған немесе адам жасаған көрікті жерлердің жақындығынан пайда көреді. Дистрибуция мен сауда үшін көлік құралдарына оңай қол жеткізу маңызды. Кейбір қаржы фирмалары үшін басқа фирмалардың жақындығы өте маңызды: Уолл-стрит немесе Лондон қаласындағы банктердің және басқа қаржы кәсіпорындары агломерациясы соның дәлелі. Маркетинг тұрғысынан компания өнімінің орналасуы бренд имиджін,

бәсекелестерге қатысты сапаны қабылдауды және баға стратегиясын қамтиды. Бұл талаптарды орындау табыстылыққа әсер етеді. Фирманың орналасқан жерін өзгерту географиялық орны мен маркетинг тұрғысынан қымбатқа түседі, өндірістің орналасуына тарих ықпал етеді, оған жарқын мысал – Калифорниядағы Кремний алқабын құруға әсер еткен кездейсоқ факторлар.

орнатылған айнымалы (predetermined variable) Динамикалық эконометриялық модельде ағымдағы және кешіккен мәндері ағымдағы *қате мәнмен байланысты емес айнымалы. Неғұрлым жалпы мағынада, ағымдағы мәнге дейінгі мәнді анықтайтын айнымалы мән. Алдын ала анықталған айнымалылар көбінесе *эндогендік мәселесін шешу үшін *инструментал айнымалы ретінде пайдаланылады.

орны толмайтын борыш (deadweight debt) Қарызды қайтаратын кез келген нақты бір активтің құрылмауынан туындаған борыш. Бұл борыштарға тұтынушы қаржыландыруға жұмсалған жеке борыштар, операциялық шығындарды қаржыландыруға жұмсалған бизнес борыштар, жұмыссыздық бойынша жәрдемақыны немесе соғыс қимылдарын қаржыландыруға жұмсалған мемлекеттік борыштар жатады. Ол жеке борыштан және мемлекеттік борыштан ерекшеленеді. Жеке борыш – табыстылықты арттыратын оқытуды және пайдасы мол инвестициялық жобаларды қаржыландыру. Ал мемлекеттік борыш – тікелей қайтарым бермейтін, бірақ мемлекет экономикасының салық базасын ұлғайтатын салаларға, яғни инфрақұрылымды жақсартуға немесе білімге қаржы жұмсауды білдіреді.

орны толмайтын залал (deadweight loss) Нарықтағы тепе-теңдік *Парето

тиімділігі болмағанда жоғалатын әл-ауқат өлшемі. Монополиялар бағаны шекті шығыннан жоғары қойса немесе үкімет тауарға салық салғанда орны толмайтын залал келеді. Нарық бәсекеге қабілетті болғанда, монополия жағдайында кейбір *тұтынушы профитінің бір бөлігі – монополиялық пайда, ал басқа бір бөлігі шығын болады. Шығын болған бөлігі орны толмайтын залал саналады. Дәл осылай, тауарға салынған салық кейбір тұтынушы профитін және *өндіруші профитін мемлекеттік салық түсімдері ретінде, ал кейбіреуін шығын ретінде қарастырады.

орны толмайтын салық ауыртпалығы (deadweight burden of taxes) Салық келтірген жалпы зиянның жиналған табыс сомасынан асып кетуі. Жанама салық тұтынушы үшін салық салынатын тауар бағасын арттырады. Тұтынушылар салық қосылған бағадан артықшылығы асып түсетін тауар бірлігін ғана сатып алғандықтан, сатылған тауарлар саны төмендейді. Осылайша тұтынушы үшін пайдасы өнімнің өзіндік құнынан жоғары болатын, бірақ салық қосылған бағадан төмен болатын тауар бірліктері де бар. Осы бірліктерден жасалуы мүмкін *тұтыну артығы шығынға ұшырайды. Орны толмайтын салық ауыртпалығы дегеніміз – шығынға ұшыраған тұтыну артығы салықтан түсетін табыстан асып түсуі. Осыған ұқсас, тікелей салық күш-жігерді азайтуы мүмкін, өйткені еңбекшілер олардың құны таза салық төлемінен аз болғанда ғана күш-жігер жұмсайды. Жұмысшылар салығы алынбаған жалақы мөлшері аз болатын жерде жұмыс істемейді, ал салығы алынған жоғары жалақысы бар жерде жұмыс істегенді жөн көреді. Орны толмайтын ауыртпалық дегеніміз *өндіруші профиті залалы салық

түсімдерінің асып түсетін сомасын білдіреді. Көптеген салық орны толмайтын ауыртпалық жасайды: жақсы ойластырылған салық жүйесі кез келген жалпы салық түсімін көтеруге байланысты орны толмайтын ауыртпалықтарды барынша азайтуға тырысады.

орнықты баға (sticky prices) Сұраныс жағдайы мен шығында кішігірім өзгеріс болғанда өзгермейтін баға. Орнықты баға өзгерісіне және шығын немесе сұраныс жағдайы одан әрі қарай қалай өзгертетініне қатысты белгісіздікке байланысты әкімшілік шығындар арқылы онтайландырылуы мүмкін. Бәсекелестер олардың соңынан ермесе, фирмалар бағаның өсуінен клиенттерден айырылып қалу қаупі болады дегенге сенуі мүмкін. Өз кезегінде, бағаның төмендеуі *баға соғысы басталып кету қаупіне алып келуі мүмкін.

орнықты даму индикаторлары (sustainable development indicators) *Еуропалық одақ *Орнықты даму стратегиясын бағалау және мониторингілеу үшін атқаратын шаралар жиынтығы. Ағымдағы тізім 100-ден аса көрсеткішті қамтиды, олардың он бірі негізгі көрсеткіштер ретінде анықталған: *жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ өсу қарқыны; кедейлік немесе әлеуметтік оқшаулау қатеріне ұшыраған ресурс өнімділігі, қарт қызметкерлерді жұмыспен қамту деңгейі, салауатты өмір сүру жасы және туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы (жынысы бойынша), *парник газдары шығарындылары, энергия тұтынуындағы жаңартылатын энергия көздерінің үлесі, *жалпы ішкі өнімге қатысты көліктің энергия тұтынуы, қауіпсіз биологиялық аймақпен шектелген қорлардан тыс ауланған құс, балықтың жалпы индексі және жалпыұлттық кіріс үлесін дамыту мақсатында ресми көмек көрсету.

Орнықты даму стратегиясы (ОДС) (Sustainable Development Strategy) (SDS)

*Еуропалық одақтың өркендеуді, қоршаған ортаны қорғауды және әлеуметтік бірлікті қамтамасыз ете отырып, ресурстарды тиімді басқаратын және пайдаланатын және экономиканың экологиялық және әлеуметтік инновациялық әлеуетін пайдаланатын тұрақты қауымдастық арқылы азаматтардың өмір сүру сапасын тұрақты жақсартуға қол жеткізуге бағытталған саясаты. ТДС тиімділігін бағалау үшін *орнықты даму индикаторлары жиынтығына сүйеніп жасалатын екі жылдық есеп жасалады.

орнықты жалақы (sticky wages) Нарықтағы жағдайлар өзгерсе де, оңай өзгермейтін жалақы мөлшерлемесі. Бұл көбінесе номинал жалақыға қарсылық (төмен жалақы ақшасын қабылдағысы келмеу) немесе *нақты жалақыға қарсылық (нақты жалақыны азайтумен келіспеу, яғни жалақының инфляция деңгейінен төмен өсуін қабылдамау) формасында болады. Сондай-ақ жұмыс берушілер күтілетін уақытша еңбек күшінің тапшылығы секілді қиын жағдай қайталануына байланысты жалақыны арттырғысы келмейді, ал кәсіподақтар, білетініміздей, өздері келіспей қабылданған жалақының өсуіне қарсы шығады.

орта вариациялы қалау (mean-variance preferences) *Портфель таңдау үлгісінде бір кезеңдік горизонтпен бірге, олар балама портфельдің табыстылығы және вариациясы тұрғысынан бағалайтын инвестор қалауын білдіреді. Байлықтың пайдалылығы квадрат функция болса немесе барлық активтердің қайтарымы қалыпты үлестірілсе, орта вариациялы қалау *күтілетін пайдалылықтан алынуы мүмкін.

ортақ акциялар (common stock) Америкалық корпорацияның акционерлік капиталы. Ортақ акция иелері жалпы жиналыстарға қатысуға және дауыс беруге, жарияланған дивиденд алуға және бар болса, корпорация таратылған жағдайда қалдық активтерден үлес алуға құқылы. Ортақ акциялар Ұлыбританияда қарапайым акциялар ordinary shares деп аталады.

ортақ жер трагедиясы (tragedy of the commons) Пайдаланушылар өз іс-әрекетінің әлеуметтік әсерін ескермегенде, *ортақ ресурстар шамадан тыс пайдаланылуы факті. Балық аулау үшін пайдалануға болатын көлді қарастырайық. Әр балықшының балық аулауы жеке шекті шығынды (жабдық, уақыт және т.б.) жеке шекті пайдаға (балық сатудан түскен табыс) теңестіре отырып, пайданы барынша көбейтумен белгіленеді. Бұл балық аулау басқа балықшылардың табысын төмендететін балықтың азаюын есепке алмайды. Демек, жеке шекті пайда қоғамға келетін шекті пайдадан көп және пайданы барынша арттыратын балық аулау әлеуметтік тиімдіден басым болады. Мұндай шамадан тыс пайдалану ресурс пайдаланушылар арасындағы теріс сыртқы салдар болғанда және қолжетімді болуы бақыланбаған жағдайда орын алады.

ортақ игілік (commons) ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ РЕСУРС; БАРШАҒА ОРТАҚ ИГІЛІКТІ қараңыз.

ортақ нарық (common market) Капитал мобильділігі және ерікті еңбек күші және *кеден одағы секілді ішкі сауданың толық еркіндігі бар толық интеграцияланған нарық аймағы. *Еуропалық одақ – ортақ нарық үлгісі. Еңбек күшінің толық мобильділігі мүше елдерде тұру және жұмысқа қабылдау құқығын және жергілікті тіл талаптарына лайық

болса – кәсіби және техникалық білікті өзара мойындауды қамтиды. Толық *капитал мобильділігі бақылау болмауын және барлық елдерде компания құруға толық құқық қалыптастыруды талап етеді.

ортақ сақтандыру (co-insurance) Қатерді сақтандырушы мен сақтанушы арасында бөлу. Сақтандыру полисі жалпы залалдың тек бір бөлігін ғана сақтандырғанда ортақ сақтандыру қолданылады. Мұндай жағдайда сақтандырылған адам қандай да бір залал үшін толық өтемақы алмайды, сондықтан қатердің бір бөлігін өз мойнына алады. Бұл көп жағдайда қажетірек, өйткені барлық залалды сақтандыру *моральдық қатер тудыруы мүмкін. Мысалы, сақтандырылған адам өрт немесе жолкөлік оқиғалары секілді қауіптердің алдын алуда сақтық шараларын тым аз жасауы мүмкін.

ортақ салық (community charge) Англия және Уэльс үшін 1990 жылы (Шотландия үшін 1989 жыл) енгізілген жергілікті салық салудың Британ жүйесі. Әр жергілікті аймақтағы әр ересек азаматтың бірыңғай мөлшерлеменен төлейтін салығы. Ол салықты мүгедектер төлемейді, ал табысы төмен азаматтар төмен мөлшерлеменен төледі. Бұл салықтың қарсыластары оған «*сайлау салығы» деп лақап ат қойды. Бұл салық көпшілікте қолдау таппады және оны жинау қиын болып шықты, сондықтан 1993 жылы меншік құнына сүйенетін *муниципалдық салыққа ауыстырылды.

ортақ талғамсыздық қисығы (community indifference curve) Халықаралық сауда теориясында талғамсыздық қисықтары тобының бір мүшесі: мемлекеттің талғамын, кейде мемлекеттің әл-ауқатын көрсетеді. Жеке тұтынушылардың

табысы мен талғамына қатысты белгілі бір болжамдарды талап ететін қоғамдық талғамдар анық көрсетілсе, онда ортақ талғамсыздық қисығын қолдану заңды саналады.

ортақ шығын (joint costs) Екі немесе одан көп өнімге бөлінетін шығын. Фирма әр өнімнің *шекті шығынын жеке есептей алады, бірақ ортақ шығын болғанда әр өнімнің орташа шығынын есептеу мүмкін емес.

орталық банк (central bank) Елдегі ақша массасын және ақша-несие саясатын бақылайтын банк. Ол басқа банктерге банкир ретінде, сондай-ақ *түпкі қарыз беруші ретінде әрекет етеді. Кейбір елдерде, Ұлыбританияны қоса алғанда, орталық банк – басқа банктердің негізгі реттеушісі.

Орталық банктердің еуропалық жүйесі (European System of Central Banks) (ОБЕЖ) (ESCB) Жүйе *Еуропа орталық банкі мен Еуропалық одаққа мүше 28 мемлекеттің орталық банктерінен тұрады. Барлық мүше елдер *еуроны қабылдаған жоқ, содықтан ESCB *еуроаймақ үшін қаржы органы ретінде әрекет ете алмайды. Бұл міндет *Еурожүйе көмегімен жүзеге асады.

орталық банктің консерватор басшысы (conservative central banker) Ел халқына шаққандағы орта есепке қарағанда белсенділік деңгейіне қатысты баға тұрақтылығын жоғары бағалайтын орталық банк басшысы. Орталық банктің консерватор басшысының инфляцияға қарсы саясатты ұстанатын беделі болғандықтан, мұндай басшыны тағайындау елге жұмыспен қамту деңгейі мен баға тұрақтылығы арасында қолайлы баланс ұстауға мүмкіндік береді. Ал орталық банк басшысының қалауы елдегі орташа азаматтың қалауымен

сәйкес келсе, онда жоғарыдағы баланс деңгейі басқаша болады.

орталық банктің тәуелсіздігі (central bank independence) Орталық банктің өз мақсаттары мен операцияларын үкіметтің қысқамерзімді бақылауынан тәуелсіздігі. Бұған басқарма мүшелерін тағайындау сияқты кадрлық мәселелерде, сондай-ақ инфляцияға әсер ететін құралдарды таңдау мен бақылаудағы тәуелсіздік жатады. Өйткені орталық банктер әдетте саясаткерлерден гөрі ұзақ мерзімде жұмыс істейтіндіктен, тәуелсіз орталық банк монетарлық тұрақтылық үшін жақсы болады деп күтіледі. Себебі кейде үкімет қысқа мерзімде танымал болу үшін, мысалы, шығын мен жұмыс орындарын өсіру немесе пайыздық мөлшерлемелерді азайту арқылы инфляциялық саясат жүргізуі мүмкін.

Орталық Еуропадағы еркін сауда келісімі (Central European Free Trade Agreement) Алдын ала болжанатын ережелер мен *сауда кедергілерін жоюға сүйенетін, Батыс Балқан елдеріндегі сауда мен инвестицияларға қолдау көрсету келісімі. Бұл келісімге қазір Албания, Босния және Герцеговина, Хорватия, Македония, Молдова, Черногория, Сербия және БҰҰКМ/Косово қол қойды.

Орталық статистика басқармасы (Central Statistical Office) 1996 жылға дейін Ұлыбританиядағы көптеген негізгі статистикалық деректің жариялануына жауап берген мемлекеттік департамент. Ол деректерге *Ұлттық кіріс есебі, Экономиканың даму тенденциялары, Төлем балансы есебі* жатты. 1996 жылы ол *Ұлттық статистика бюросын құру мақсатында халық санағы және зерттеу басқармасымен біріктірілді.

орталық үкімет (central government) Кез келген елдегі басқарудың ең жоғарғы деңгейі. Германия немесе АҚШ сияқты федеративтік мемлекеттерде орталық, мемлекеттік және жергілікті басқару органдары бар, ал унитарлық мемлекеттерде тек орталық және жергілікті басқару органдары болады.

Орталық шектеу теоремасы (Central Limit Theorems) Белгілі бір жағдайлардағы, кездейсоқ айнымалылардың немесе кездейсоқ векторлардың іріктеме мөлшерінің шексіздікке өскендегі орташа іріктеме мәніне (дұрыс масштабталған) қатысты статистикалық теорияның бірқатар нәтижелері. Мысалы, Линдберг-Левидің орталық шектеу теоремасы x_1, \dots, x_N айнымалылары μ орташа мәні бар вектормен және Σ ковариациялық матрицасы бар бірдей үлестірілген кездейсоқ векторлар болса, онда $\sqrt{N} \bar{x}$ μ орташа мәні бар қалыпты кездейсоқ векторлардың және Σ ковариациялық матрицасының үлестірілуіне ұқсайды деп тұжырымдайды. Ол былайша беріледі:

$$\bar{x} = \frac{1}{N} \sum_{i=1}^N x_i$$

орталықсыздандыру (decentralization)

1. Шешімдер қабылдау жөніндегі өкілеттіктер мен міндеттерді орталықтан басқа мекемелерге бөлу. Мемлекеттік секторда бұл шешім қабылдауды орталық үкіметке емес, жергілікті немесе аймақтық үкіметке беруді білдіреді. Ал жеке секторда шешім қабылдауды штаб-пәтерде емес, фирмалардың бөлімшелеріне немесе еншілес компанияларына беру деген сөз. Орталықсыздандыру сондай-ақ тұрғын үй қауымдастықтары секілді жеке органдарға шешім қабылдауды беру немесе монополистік компанияларды тарату жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Бастапқы ресурстарды қайта бөлу және оларды бәсекелі жолмен сату арқылы таңдалған экономикалық бөлініске қол жеткізу. Орталықсыздандырудың маңыздылығы туралы аргумент қандай ресурстар қайта бөлінуі керегіне және нарықта сәтсіздік болмауына байланысты. ӘЛ-АУҚАТ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕОРЕМАЛАРЫН *да қараңыз.*

орталықтан жоспарлау (central planning)

Экономиканың орталықтан шешім қабылдауға сүйеніп жұмыс істеуі, оған сәйкес шешім орталықта қабылданады және кәсіпорындарға олардың өндірістік және инвестициялық жоспарына қатысты бұйрық шығарылады. Теориялық жағынан мұндай жүйе күшжігердің қайтадан тиімсіз жұмсалыуына жол бермей, экономикадағы барлық ресурстарды қоғам мүддесінде пайдалануға мүмкіндік беруге тиіс болғанымен, тиімділікке қол жеткізуге қажет ақпарат көлемі тым үлкен, ал орталықты сенімді ақпаратпен қамтамасыз етуге ынта тым аз болады. Нәтижесінде, орталықтан жоспарланатын экономикасы бар бұрынғы Кеңес Одағы және басқа да Шығыс Еуропа мемлекеттері орталықсыздандырылған жүйесі бар, тәуелсіз шешім қабылдаушылар арасында *бәсекеге сүйенетін мемлекеттер сияқты табысты болмады. Сондықтан олар 1980 жылдардың соңында *нарықтық экономикаға көшіп, орталықтан жоспарлаудан бас тартуға мәжбүр болды.

ортамерзімді бағалы қағаз (medium-dated security) Алғаш шығарылғанда *өтеу мерзімі 5 жылдан 15 жылға дейін болатын бағалы қағаз.

Ортамерзімді қаржы стратегиясы (ОМҚС) (Medium-Term Financial Strategy) (MTFS) 1980 жылы Ұлыбритания үкіметі мемлекеттік қарыз алу мен ақша

қорын өсіруге арналған ұзақмерзімді қысқарту бағдарламаларын енгізу арқылы инфляцияны бақылау үшін қабылданған саясат. Саясатты дамытуға осы ерікті шектеулер жыл сайын 1 пайызға төмендейтін *стерлинг МЗ өсуінің мақсатты ауқымын қамтыды. Саясат 1987 жылға дейін жалғасты және көлеңкелі неміс маркасымен алмастырылды.

орташа деңгейге оралу (mean reversion)

Айнымалының өз *орта мәніне белгілі бір уақыт өткенде немесе қайталанатын өлшемдерде оралу тенденциясы. Көптеген физикалық және экономикалық айнымалының орташа мәні бар. Мысалдар бойынша (балалардың бойы ата-анасына қарағанда орта бойға жақын) мен форманың *бета-коэффициентін (белгілі бір уақыт кезеңінде бета қоры жоғары болса, келесі кезеңде төмен бета бар) құрайды. Статистикалық құрал үшін «регрессия» сөзін пайдалануды сэр Фрэнсис Гальтон енгізді, ол алғаш рет теріс зерттеуді немесе регрессияны зерттеуде орташа мәнге ие болды.

орташа есептелген мән (weighted average)

Түрлі көрсеткіштердің маңыздылығына пропорционал салмақ беретін орташа мән. x_1, x_2, \dots, x_n сандарының n орташа есептелген мәні осы сандардың w_1, w_2, \dots, w_N салмағына көбейтінділерінің қосындысының салмақтар қосындысына қатынасы ретінде анықталады және мынадай болады:

$$\mu_w = \frac{\sum_{i=1}^n w_i x_i}{\sum_{i=1}^n w_i}.$$

Өлшенбеген орташа мән – $w_i = 1, i = 1, \dots, n$.

орташа жалақы тәсімі (average earnings scheme) ОРТАША КАРЬЕРА ТӘСІМІН қараңыз.

орташа карьера тәсімі (career average scheme) *Нақты бекітілген төлемі бар зейнетақы түрі. Мұнда зейнетақы мөлшері осы зейнетақы жүйесіне мүше болған кездегі орташа жалақы көлеміне қарай анықталады. Кәрілікке қарай жылдық зейнетақы мынадай формула бойынша тағайындалады:

$$\text{зейнетақы} = \text{орташа жалақы} \times \text{жинақ мөлшерлемесі} \times \text{зейнетақы қызметі көрсетілетін жылдар}.$$

Сондай-ақ жинақ мөлшерлемесі; ТІРКЕЛГЕН ЖАРНА; СОҢҒЫ ЖАЛАҚЫҒА ҚАРАЙ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘСІМІН қараңыз.

орташа квадрат қатесі (ОКҚ) (mean squared error) (MSE) Бағалаушы ОКҚ $\hat{\theta}$ E ретінде анықталады $[(\hat{\theta} - \theta)^2]$, мұндағы θ – бағалау параметрі. ОКҚ бағалау *вариациясы мен оны *ығыстыру квадратының қосындысына тең. ОКҚ көбінесе бір параметрдің балама бағасын салыстыру критерийі ретінде қолданылады: ОКҚ-сі төмені қолайлырақ болмақ.

орташа квадратталған қате (ОКҚ) (root mean squared error) (RMSE) *Орташа квадратталған қатенің квадрат түбірінің оң мәні.

орташа квадраттардағы конвергенция (convergence in mean squares) Егер $E[x^2]$ және $E[x_n^2]$ бар бол және x_n және x арасындағы квадрат қашықтық n шексіздікке ұмтылғандай: $\lim_{n \rightarrow \infty} E[(x_n - x)^2] = 0$ нөлге сәйкес келсе, онда x_1, \dots, x_n, \dots кездейсоқ айнымалыларының реттілігі орташа квадраттардан x кездейсоқ айнымалыға конвергенцияланады. Атап айтқанда, x тұрақты шама $x = \theta$ болуы мүмкін. Бұл жағдайда x_n -нің θ -ға орташа квадрат ауытқудың конвергенциясына және n шексіздікке ұмтылғандай

x_n вариациясы нөлге тең болу баламасына тең. Орташа квадраттағы конвергенция ықтималдықтағы конвергенцияны білдіреді. Бұл p -дің орташа мәніндегі (немесе L^p қалыптыдағы) конвергенцияның жеке жағдайы болып келеді. Онда $E[x^p]$, $E[x_n^p]$ және $\lim_{n \rightarrow \infty} E[(x_n - x)^p] = 0$ болып анықталады. P -дің орташа мәніндегі конвергенция әр $r \in (1, p)$ үшін r -дің орташа мәніндегі конвергенцияны білдіреді.

орташа мән (mean) Іріктемеде бұл – деректер нүктелері жиынтығының негізгі трендінің өлшемі. Көбінесе орташа мән деп аталады, бұл арифметикалық орта, яғни көптеген сан үшін салмақталмаған орташа. Басқа жиі қолданылатын шамалар: *геометриялық орта мән, арифметикалық-геометриялық орта мән, жалпыланған немесе дәрежелік орта мән, *гармониялық орта мән және орташа квадрат түбірі. *Кездейсоқ айнымалы үшін орта мән *күтілетін мәнге тең.

орташа салық мөлшерлемесі (average tax rate) Салық базасы пропорциясы ретіндегі салық міндеттемелері. ШЕКТІ САЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН қараңыз.

орташа тексерілген жеңілдік (means-tested benefits) Табысы немесе активтері белгілі бір шектен төмен үміткерлерге ғана берілетін жеңілдіктер. Олар белгілі бір санаттардағы барлық адам кол жеткізе алатын, мысалы, табысына немесе активтерге қарамастан жасы бойынша берілетін *эмбебап жеңілдіктерден ерекшеленеді. Қаражатты тексергенде, қаражат соған мұқтаж адамдарға жұмсалуды мүмкін, ал жеңілдіктер деңгейі осы шығынға арналған эмбебап пайдадан әлдеқайда жоғары болуы мүмкін. Орташа тексеруге қарсы дәлел сынақтардың интрузив және басқарылатын қымбат екенін алға тартады.

орташа тест (means test) Тест, мысалы, зейнетақы сияқты кез келген пайда алудың шарты ретінде қолданылады. Бұл адамның отбасына немесе шаңыраққа қатысты болуы мүмкін, ол табысы бар активтерді немесе екеуін де есепке алады.

орташа шығын (average cost) Өндірістің жиынтық шығынының өндірілген өнім санына қатынасы. Орташа шығын – орташа тұрақты шығын мен орташа айнымалы шығынның қосындысы. Орташа *тұрақты шығын өндіріс көлеміне қарай азаяды. *Қауқардың шектелуі тосқауыл болып, өндіріс көлемі кемігенде *айнымалы шығын азаяды, содан кейін өсуге бейім болады. Орташа айнымалы шығын орташа тұрақты шығынға қарағанда жылдам өссе, онда ол *орташа шығынның U-тәрізді қисығын қалыптастырады. Фирманың бірнеше өнімі болса, онда белгілі бір шығынды белгілі бір өнімдерге жатқызуға болатын жағдайда ғана орташа шығын анықталуы мүмкін.

орташа шығынға сүйеніп баға белгілеу (average cost pricing) Орташа шығынның орнын толтыру үшін баға белгілеу саясаты. Бұл өндірушінің *залалсыз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Бұл пайданы барынша арттыру саясаты болмаса да (ауқымнан тұрақты қайтарым болатын, сондықтан орташа шығын шекті шығынға тең болған жағдайларды есептегенде), бұл үкімет бақылайтын фирма немесе жеке, бірақ коммерциялық емес ұйым ұстанатын саясат болуы мүмкін. *Шекті шығынға сүйеніп баға белгілеу – қоғам мүддесіне жұмыс істейтін өндіруші үшін ең жақсы баға саясаты, бірақ бұл кез келген шығын экономиканың басқа секторларына қосымша шығын жұмсамай қаржыландырылуды талап етеді.

Тауарлар орташа шығынды жабу үшін ең төмен бағамен сатылғанда, орташа шығынға сүйеніп баға белгілеу әдісі қаржыландырылатын шығын жоғын қамтамасыз етеді, сондықтан *екінші үздік оптимум болуы мүмкін.

орташа шығынның U-тәрізді қисығы (U-shaped average cost curve) Орташа шығын қисығы үшін жиі қабылданатын форма. U-тәрізді форма өндіріс процесінде өндірістің төмен деңгейлерінде жоғары орташа шығынды қамтамасыз ететін кейбір үстеме шығын немесе тұрақты шығын бар деген тұжырыммен ақталады және қысқамерзімді перспективада шексіз ұлғайтылуы мүмкін емес кейбір шығын бар деп түсіндіреді. Өндіріс көлемі жоғары болғанда бұл ресурс жетіспеуі өндіріс көлемінің ұлғаюына ықпал ете алатын тиімділікті шектейді. Осылайша өндірістің жоғары деңгейінде шекті шығын әдетте жоғары, бұл орташа шығынның өсуіне әкеледі. Қандай да бір орта деңгейде немесе болуы мүмкін өндіріс ауқымында орташа шығын минимумға жетеді.

орын басу коэффициенті (replacement ratio) 1. Жұмыспен қамтудағы табыс үлесі ретіндегі зейнеткердің зейнетақысы. Орын басу коэффициенті жоғары болған сайын зейнетке шығуға түрткі күшті болады. Керісінше, қазіргі орын басу коэффициенті тым төмен болса, қызметкер зейнетке шығуды кейінге қалдыруы мүмкін. Таргет орын басу коэффициенті зейнетақыны жоспарлауда нұсқаулық ретінде пайдаланылады.

2. Жұмыссыз қызметкердің табысы жұмыс істеп жүрген кезіндегі табыс үлесі ретінде. Бұл қатынас тым үлкен болса, онда ол жұмыс туралы ұсынысты қабылдауға ықпал етеді: жұмыс орнына дейін жол жүру құнын және басқа да жұмыс шығынын, сондай-ақ бос уақыт құнын ескере отырып, еңбекке

ынталандыруды сақтау үшін 1-ден төмен орын басу коэффициенті қажет. Тым жоғары орын басу коэффициенті жұмыссыздықты мәңгі етуі мүмкін, ал тым төмен коэффициент жұмыссыздармен олардың отбасын тарығуға соқтырады. Іс жүзінде орын басу коэффициенттері өзгеріп отырады, себебі жұмыссыздарды табыспен қамтамасыз ету отбасы мөлшеріне байланысты, ал жалақыны қамтамасыз ету оған байланысты емес.

орындау бағасы (strike price) ОПЦИОНДЫ ОРЫНДАУ БАҒАСЫН қараңыз.

осал тұс (bottleneck) Максимал жылдамдықты немесе белсенділік деңгейін тиімді *тежеуші фактор. Оның экономикада қолданылуының физикалық аналогіне бөтелке аузынан сұйықтық төгілуі мүмкін ең жоғары жылдамдығы жатады. Өндіріс, көлік немесе басқару саласындағы тиімді тежеуші факторға күш немесе жабдықтың қандай да бір нақты түрінің тапшылығы жатады. Тиімді *менеджменттің негізгі рөліне осал тұсты байқалғаннан бастап бақылап, оны уақытылы жою немесе алдын ала болжап, оны болдырмау үшін шара жасау жатады.

Ост-Инд компаниясы (East India Company) 1600 жылғы 31 желтоқсанда «Шығыс Үндістанға сауда жасайтын Лондонның саудагерлік компаниясы» деген корольдік грамота берілген акционерлік қоғам. Компания өзінің сауда операцияларын үнемі кеңейтіп отырды, соның ішінде көп жағдайда өзінің жеке қауіпсіздік күштерінің көмегін қолданып, Қытайдағы елеулі үлесімен қатар, Үнді субконтинентінің едәуір бөлігіне бақылау орнатты. Бірқатар қаржылай қиындықтардан кейін компанияның Үндістандағы иеліктері 1859 жылы мемлекет меншігіне өткізіліді,

ал 1874 жылы олар мүлдем жабылды. Ост-Инд компаниясы көбінесе тұнғыш ірі трансұлттық корпорация ретінде қарастырылады.

отбасына жәрдемақы (family allowance) 1946 жылдан 1977 жылға дейін асырауында баласы бар ата-аналарға немесе қамқоршыларға төленетін Ұлыбританиядағы әлеуметтік жәрдемақы. Бұл жәрдемақының атауы 1977 жылы *жөргекпұл болып өзгертілді. Отбасына жәрдемақы төлеуге басты аргумент – балалар кедейлігінің алдын алу және деңгейлес тендікті қалыптастыру. Өйткені отбасылы адамдар бірдей табысы бар баласы жоқ адамдарға қарағанда көп кірісті қажет етті. Ұлыбританиядағы жөргекпұл жәрдемақысы 2013 жылға дейін бәріне ортақ әмбебап жәрдемақы болды, бұл оның дұрыс үлестірілмеуіне себеп болды. Қазір де, отбасында кемінде жоғары табысты бір азамат болса, ол отбасына жөргекпұл төленбейді. Ал бұл жәрдемақының АҚШ-тағы баламасы – *Мұқтаж отбасыларға уақытша көмек көрсету жәрдемақысының уақыт шектеі бар, ал жәрдемақыны алушылар жәрдемақы алғаннан кейін 24 ай ішінде жұмыс табуға міндетті.


Отбасы шығыны сауалнамасы (ОШС) (Family Expenditure Survey) (FES) 1957 жылдан 2001 жылдың наурызына дейін жүргізілген Ұлыбританиядағы отбасының шығыны мен кірісі туралы сауалнама. 2001 жылдан 2008 жылға дейін деректерді Отбасы шығыны

сауалнамасы мен Ұлттық азық-түлік сауалнамасының бірігуінен құралған *Шығын және күнкөріс сауалнамасы жинады. Бұл сауалнаманың орнын *Тұрмыстық шығын және күнкөріс сауалнамасы басты.

Оукен заңы (Okun's law) Циклдік ауытқу кезінде нақты өндіріс көлемінің ықтимал өндіріс көлеміне қатынасына жұмыссыздық деңгейінің төмендеген пайызынан жоғары пайызда өседі деген болжам. Артур Оукен (1928–1980) 1960–1980 жылдар аралығындағы АҚШ экономикасы туралы деректерге сүйене отырып, өндіріс көлеміндегі пропорционал өзгерістердің жұмыссыздық деңгейіне қатынасын 3-ке жуық шамада белгіледі. Бұл әсер жұмыспен қамтудан келетін қысқамерзімді қайтарымның өсуіне ішінара байланысты, кейбір қызметкерлердің жұмыссыздар қатарына қолсылғанның орнына, жұмыстан босатылғаннан кейін еңбек күшінің құрамынан шығып кетуімен ішінара түсіндіріледі деп саналады.

оффшор қор (offshore fund) Иесі сол елдің резиденті емес мемлекеттерде қызмет атқаратын қор. Оффшорды пайдалану *салықтан жалтару немесе *салықтан заңсыз жалтаруға көмектеседі.

оффшоринг (offshoring) Шығындарды төмендету, жаңа нарыққа шығу немесе нақты кәсіпкерлік қызметке ішкі шектеулерді болдырмау үшін бизнесті басқа елге ауыстыру.



өзара байланысты басқару элементтері (interlocking directorates) Екі немесе одан көп компанияның *директорлар кеңесінің ортақ мүшелері байланысқан жағдай. Бұл фирмалар қандай да бір ресми келісімдерді қажет етпестен бір-бірінің ұстанымдары туралы жақсы хабардар болуы мүмкін.

өзара иелену (cross-holding) (акцияларды) (of shares) Екі компания бір-бірінің акцияларын иеленетін жағдай. Мұндай иелену көлемі тым үлкен болса, онда ол екі компанияның акционерлеріне компаниялардың ағымдағы менеджментін ауыстыру қиынға соқтырады. Екі компания бір-бірінің акцияларының үлкен бөлігін иеленсе, екі тараптың келісімінсіз әр компанияның директорын сайлау мүмкін болмайды.

өзара көмек беру қоғамы (friendly society) Шағын жинақ жасауға және өмірді сақтандыруға арналған британдық мекеме. Өзара көмек беру қоғамы өзінің мүшелеріне тиесілі коммерциялық емес мекемелер. Олар Өзара көмек беру қоғамдары туралы заңмен реттеледі және олардың салықсыз инвестицияларды және өмірді сақтандыруды ұсынуға өкілеттігі шектеулі.

өзара қор (mutual fund) Инвесторлардың атынан акция иеленетін қаржы институты. Ұлыбританияда бұл *пай қорлары деп аталады. Инвесторлар акциялар мен пайды қордан сатып алады, ал қор олардың ақшасын компания

акцияларын сатып алуға пайдаланады. Акцияларды сататын инвестор қор портфелінің бір бөлігін сатудан түскен табысты алады. Өзара қор басшылығы қор акцияларының құнын көтеру арқылы пайда табады, бірақ басқару шығындарының пайыздық көрсеткіші портфельдің нарықтағы құнымен бірдей болуы керек.

өзара мақтау, өзара қызмет (log-rolling) Ұлттық және жергілікті деңгейдегі заң шығарушы органдардың өкілдері арасында өз мүшелерінің мүддесі үшін шара жасауға, билікке қол жеткізу үшін басқа мүшелердің мемлекеттік қаражатқа деген ұсыныстарын қолдау. Өзара мақтауға есепсіз мемлекеттік шығын жасағаны үшін айып тағылды: осыған сүйенген коалиция бірнеше өлшем легі арқылы итермелеу жасай алады, олардың көбі стратегиялық дауыс бермеген жағдайда, әр мүшеге қарсы болар еді.

өзара тәуелді пайдалылық (interdependent utility) Жеке тұлғаның субъектив әл-ауқаты басқа адамдардың әл-ауқатына байланысты болатын жеке қалау туралы болжам («бақылау тобы»), туысқандар, құрдастар және т.б. Мысалы, теріс (қызғаныш) немесе оң (*альтруизм) болуы мүмкін *тұтынудың сыртқы салдары.

өзара ықпалдастық (reciprocity) Мемлекет кез келген шет мемлекет азаматтарына өз елінің резидентіндей

қарайтын халықаралық экономикалық қатынас принципі. Мұны *көпжақты тәртіппен және барлық резидент еместер бірдей қабылданатын *ең қолайлы мемлекет принципімен салыстыруға болады. Өзара ынтымақтастықты қолдайтын тараптар, бұл әділ және өз экспорттаушылары үшін нарыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді деп сенеді; ал қарсыластардың айтуынша, импорт бәсекеде және арзан бағаға ықпал етеді, сондықтан әр ел өзінің сауда шектеулерін жоғалтады. Елдер симметриялы болмағанда өзара ықпалдастықты түсіндіру қиын.

өзгергіштік, тұрақсыздық, құбылмалылық (volatility) *Вариация сияқты. Қаржы тұрғысынан алғанда, өзгергіштік әдетте акция бағасы сынды қаржылық айнаымалының уақыт өте келе төмен немесе жоғары қозғалу жылдамдығына қатысты. Өзгергіштік (тұрақсыздық) *стандарт ауытқумен немесе кейде *вариациямен өлшенеді. Акция бағасының (абсолют) эмпирикалық өзгергіштігі әдетте бағаның күн сайын өзгеруінің жылдық стандарт ауытқуы ретінде есептеледі. Акцияның нарыққа қатысты өзгергіштігі көрсеткіші – оның *бета-коэффициенті.

өзек (core) 1. Экономикадағы орталық аймақ, онда оның өркендеуіне ықпал ететін жақсы коммуникациялар және халықтың жоғары тығыздығы бар. Өзек әдетте коммуникациясы жұтан және халқы шағын шалғай аймақтармен, яғни *перифериямен қоршалған. Дүниежүзілік деңгейде негізгі елдер шалғай орналасқан мемлекеттерге қарағанда неғұрлым жоғары даму деңгейімен және көлік пен саудаға қол жеткізу мүмкіндігімен сипатталады.

2. Ықтимал таралулар жиынтығы. Ол экономикадағы тұтынушылар тобы құрған коалиция арқылы жақсартуға

келмейді. Коалиция ішінде ресурстар қайта бөлінсе, мысалы, коалицияның барлық мүшесіне кем дегенде алдыңғысынан кем түспейтін, ал кейбіреуі үшін қатаң оңтайлы жаңа таралуға қол жеткізілсе, онда коалиция таралуын жақсартып алады. *Эджуорт диаграммасында экономиканың өзегі – барлық тұтынушылар бастапқы эндаумент қорының нүктесінде қалайтын *Парето тиімділігі таралуының жиынтығы. «Өзекті конвергенция теоремасы» экономикадағы тұтынушылар санының артуына қарай экономиканың өзегі бірнеше бәсеке тепе-теңдігіне қысқарады дегенді дәлелдейді. Өзек тұжырымдамасын *кооперативтік ойындарға да қолдануға болады.

өзін-өзі бақылау, салық бойынша өзін-өзі санау (self-assessment) (салық) (tax) Салық төлеуші табысы мен пайдасын барлық бап бойынша жариялауын талап ететін және қанша салық төлеу керек екені туралы мәліметтерді қамтитын салықты бағалау жүйесі. Содан кейін салық органдары бұл есепті тексереді. Салық төлеуші табысы және төлеуге тиіс жәрдемақы туралы есеп беретін, бірақ салықты бағалауға алып келетін есептеуді билік органдары жүргізетін балама салық жүйесі. Өзін-өзі бағалаудың кемшілігіне салық жүйесі мен арифметикалық білікті білу жатады: бұл *салық декларациясын кәсіби бухгалтерлер дайындайтын компаниялар үшін мүмкін, бірақ кәсіби салық органдарына қарайтын әуесқой шағын кәсіпорындар мен жеке тұлғалар үшін мүмкін емес.

өзін-өзі жетілдіру болжамы (self-fulfilling expectations) Адамдарды күтілетін жағдай туындауына алып келетін әрекетке итермелейтін *болжам. Мысалы, активтердің келешек бағасы мен ұзақ пайдаланылатын тауарларға қатысты

болжамның жағдайы осындай. Баға өседі деп күтілсе, бұл артық сұраныс пен бағаның өсуіне түрткі болатын алдын ала сатып алу мен сатуды кейінге қалдыратын ынталандыруға алып келеді. Баға төмендейді деп күтілсе, бұл артық ұсыныс пен бағаның төмендеуіне түрткі болатын алдын ала сату мен сатып алуды кейінге қалдыратын ынталандыруға алып келеді. Осылайша спекуляциялық нарықтағы қысқамерзімді келешектегі бағада күту басым болады. Тауар тапшылығы күтілсе, бұл оларға қол жеткізу мүмкін кездері қор жинауға ынталандырады, сондықтан тапшылық туралы қауесет тапшылықты тудырады. Өздігінен жүзеге асатын болжамдар өздігінен жүзеге аспайтын болжамдарға қарсы, мысалы, баға өседі деп күтетін өндіруші өнімді кеңейтіп, бағаның төмендеуіне, ал баға төмендейді деп күтетін өндірушілер өнімді азайтып, бағаның өсуіне алып келеді.

өзін-өзі жұмыспен қамту (self-employment) Жұмыс жалданып жұмыс істейтін қызметкер емес, бизнес (жеке) ретінде жүзеге асатын жағдай. Өзін-өзі жұмыспен қамтушы өз салығы, әлеуметтік қамсыздандыру және сақтандыру жарналары үшін өзі жауапты, ал өзгелер бұл мәселелерді жұмыс берушінің мойнына жүктейді. Сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтушы өз денсаулығы мен қауіпсіздігіне де өзі жауапты. Өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыс – еңбек үшін өтемақы, жұмысшының жеке капитал қайтарымы мен кәсіпкерлік үшін сыйақы қосындысы.

өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыс (income from self-employment) Жеке тұлғалардың жеке кәсіпкер немесе серіктес ретінде корпоративтік емес бизнес жүргізуден алатын табысы. Бұл – жалданып істеген жұмысқа немесе отбасы жұмысына төленген жалақы мен

бизнестегі жұмыс беруші капиталы қайтарымының үйлесімі болуы мүмкін. Оны фермадағы үй немесе дүкеннің үстіндегі пәтер сияқты қожайынның меншігіндегі мүліктің қызметі сияқты жүктелген табысты қоса есептеу немесе есептемеу арқылы өлшеуге болады. Бұл сондай-ақ жалпы немесе қолданылған күрделі құрал-жабдықтар амортизациясы төлемін шегеріп есептелуі де мүмкін.

өзін-өзі қаржыландыру (self-financing)

Қарызға қаражат алмай және акция шығармай бизнесті қаржыландыру. Бизнесті тек бастапқы капиталы бар адамдар өзін-өзі қаржыландыруға сүйеніп қана бастай алады. Содан кейін бизнесті тек *бөлінбеген пайданы қайтару есебінен кеңейтуге болады. Өзін-өзі қаржыландырудың артықшылығы – ол қауіпсіздікті бақылаумен ұштастырады: өзін-өзі қаржыландыратын кәсіпорын қарыз берушілердің немесе акционерлердің пікірін ескермей іске асырылуы мүмкін. Негізгі кемшілігі – кәсіпкердің бастапқы капиталы мен пайдасы *ауқымнан үнемдеу артықшылықтарын толық көлемде пайдалануға жеткіліксіз болуы.

өзін-өзі реттеу (self-regulation) Үкіметтің экономика секторын реттеудегі тәсілі жалпы мақсатты айқындаудан тұратын, бірақ егжей-тегжейлі ережелерді әзірлеу мен ұстануды қамтамасыз ету міндеті осы сектормен айналысатын органға жүктелетін жүйе. Осы сектордағы адамдар өзге (осы секторға қатысы жоқ) адамдарға қарағанда, түрлі шынайы бақылау әдістерін әзірлеу мен мәселелерді анықтау қабілеті жақсырақ болуының арқасында көбірек сұранысқа ие. Сектордағы белгіленген бар фирмаларды қорғау үшін тым көп, ал тұтынушы құқығын қорғау немесе саланың жаңа қатысушылары мен жаңашылдар

мүмкіндіктері мүддесінде тым аз әрекет ететіндіктен, өзін-өзі реттеу функциясы шектеулі болады.

өзін-өзі реттеу жүйесі (self-correcting system) Кез келген бастапқы жағдайдан ауытқу болғанда оны тепе-теңдікке қайтаруға болатын әсерге алып келетін жүйе. Өзін-өзі реттеуші немесе өзін-өзі тұрақтандырушы экономикалық жүйе монетарлық немесе фискалдық саясат көмегінен тепе-теңдікке оралады. Билік саясат шараларының көмегімен тепе-теңдікке оралуды тездетуі мүмкін.

өзің жаса (ӨЖ) (do it yourself) (DIY) Ақылы маман орындайтын үй шаруашылығындағы міндеттер. Термин, негізінен, сәндеу, үй жайластыру және қозғалтқышты жөндеуді қамтиды. «Өзің жаса» дүкендері осындай қызметтерге пайдалануға болатын материалдарды сатады. «Өзің жаса» қызметін салық жүйесі де ынталандырады, өйткені жалдамалы қызметкердің еңбегіне салық салынады, ал отбасылық еңбекке салық салынбайды.

өкіл фирма (representative firm) Таңдауы сол саланың ерекшелігін көрсететін жалғыз фирма. Мысалы, саладағы барлық фирмалар технологиядан бірдей ауқымнан тұрақты қайтарымы бар және әр фирма *баға қабылдаушы ретінде әрекет етеді деп ұйғарайық. Тепе-теңдікте әр фирма нөлдік пайда алуға тиіс және демек, өндірілетін өнім деңгейіне немқұрайлы болады. Керісінше, оңтайлы *капитал-еңбек қатынасы нақты анықталған. Осылайша сол технологиясы бар, сол капитал-шығым қатынасын таңдаған, сондықтан бүкіл сала секілді өнім өндіретін өкіл фирма сала үлгісін жасауы мүмкін.

өкініш (шешім қабылдауда) теориясы (regret theory) Адамдар дұрыс шешім

қабылданбаған жағдайда өкінуі мүмкін деген алғышартқа сүйенетін және шешім қабылдағанда осы күтілетін өкінішті ескеретін таңдау теориясы. Өкініш теориясы *күтілетін пайдалылыққа балама және кейбір экономикалық *ауытқуларды түсіндіре алады. Сондай-ақ МИНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ; МИНИМАКС ӨКІНІШІН қараңыз.

өлген мысықтың ыршуы (dead cat bounce) Тұрақты құлдыраудан кейін болатын акциялар бағасының шағын және уақытша өсуін сипаттау үшін қор нарығының трейдерлері қолданатын ұғым. Бұл термин тіпті өлген мысықты биіктен лақтырсаң, ол да ыршып түседі деген ойға сүйенеді.

өлшем бірлігінсіз өлшем (unit-free measure) Мысалы, пайыздар, нарықтағы үлес және икемділік. Пайыздық мөлшерлемелер мен өсу қарқыны өлшем бірлігі жоқ өлшеуге жатады, өйткені олар баға мен көлем өлшенетін бірліктерге байланысты болмаса да, уақыт бірлігімен өлшенеді (мысалы, бір айда немесе бір жылда) және сондықтан уақытты өлшеу үшін қолданылатын бірліктерге байланысты болады.

өлшемділік соры (curse of dimensionality) Кейбір математикалық модельдер айнымалылардың санының ұлғаюына байланысты талдау үшін жылдам қиындап кетуі. Өлшемділік сорын тұтынушылардың, фирмалардың немесе уақыт кезеңдерінің өсуіне байланысты экономикалық мәселелерде кездестіруге болады.

өлшенген ең кіші квадраттар (weighted least squares estimator) *Өлшенген ең кіші квадраттардың жалпыланған әдісінің нұсқасы. Бұл кездейсоқ қате-нің *ковариациялық матрицасы диагональ болғанда қолданылады. Мұндай

бағалау әр бақылау үшін стандарт ауытқудың кері шамасы бойынша өлшенген қалдықтар квадраттардың қосындысын азайтады. Осылайша неғұрлым сенімді бақылаулардың (салыстырмалы түрде төмен вариациямен) салмағы сенімсіздеуіне қарағанда төменірек.

өлшеу қатесі (measurement error) Санның шынайы мәні мен өлшенген мәні арасындағы айырма. Өлшеу қатесі жүйелі немесе кездейсоқ болуы мүмкін. Жүйелік қате өлшеу құралының дұрыс шындалуына байланысты туындайды. Кездейсоқ қате өлшеу құрылғысын қолданудың жетілмегендігіне байланысты.

өмір сүру деңгейі (standard of living)

Адамдардың әл-ауқатының экономикалық құрамдас бөлігі. Бұл көбінесе жан басына шаққандағы тұтынумен немесе балаларды ересектердің үлесі ретінде санай отырып, ересек адамның балама тұтынуымен өлшенеді. Шын мәнінде бұл әл-ауқаттың идеал өлшемі емес, ол жалпы әл-ауқатқа ықпал етуші кейбір маңызды факторларды ескермейді. Біріншіден, ол үкімет тарапынан тегін немесе субсидияланған бағамен ұсынылатын, кейде тұтынушылар өзі ұсынатын бағамен көрсетілетін денсаулық сақтау және білім беру секілді қызметтерді ескермейді. Екіншіден, ол қоршаған ортаның ластануы, жолдардағы кептеліс немесе қылмыс секілді *сыртқы салдарды, экологиялық факторларды есепке алмайды. Үшіншіден, үнемделген табыс әл-ауқатқа, сондай-ақ табысты тұтынуға ықпалын тигізеді деп айтуға болады, өйткені жинақталған активтер олардың иелері үшін келешектегі тұтынуға қатысты белгісіздікті азайтады, сол арқылы олар қатерден қашып, олардың субъектив әл-ауқатын жақсартыады.

өмірдегі цикл (life cycle) Табыс пен тұтынудың өмірлік құрылымы. Болжалды модельде бұл балалардың ата-анасынан қолдау көруі, жастардың төмен табыспен өмір бастауы және сол табыстың орта жасқа дейін көтерілмеуі, зейнетке шыққаннан кейін табыстың күрт төмендеп кетуі. Әдетте зейнетке шыққаннан кейін табыс төмен болады. Сонымен қатар үйге тауар алу және бала тәрбиелеуге байланысты ересек өмірдің бастапқы жылдарында тұтыну көлемі жоғары болады. Бұл нәтижелер жинақтау моделіне тән, ол, негізінен, ересек өмірдің бастапқы кезінде аз мөлшерде болып, балалар өскен соң арта түседі, зейнетке шыққаннан кейін теріс мәнге ие болады. Осылайша отбасы табысы зейнетке шыққанша өсе береді, одан соң төмендейді. Активтердің жоқтан пайда болуы немесе таусылуы мұрагердің қоғамдағы әдеттеріне байланысты: адамдардың көпшілігі қайтыс болғаннан кейін артына белгілі бір активтер қалдырады, тек бұл қашан орындалатынын ешкім білмейді. Өмірдегі цикл салымдары моделі олардың табысы мен өмірлік максаттары бірдей болған күннің өзінде отбасылар арасында актив бөлінісі әр алуан болатынын көрсетеді.

өмірді пайдалы сақтандыру (with-profits life insurance) Сақтанушылардың пайдасы сыйлықақыдан жинақталған қордың қаржы көрсеткіштеріне байланысты болатын *өмірді сақтандыру жүйесі. Бұл жағдай сақтанушы қордың қаржы көрсеткішіне байланыссыз тиісті кепілді жәрдемақы деңгейін алатын кездегі пайда алмай өмірді сақтандырудан ерекшеленеді. Сақтандырушы компания үшін пайда әкелетін сақтандыру полистері пайда әкелмейтін сақтандыру полистеріне қарағанда, қатері әлдеқайда аз, төлем жүргізгенде күтілетін пайда

деңгейі бірдей болғанымен, пайда алумен өмірді сақтандыруға қосылатын сыйақы пайда алмай өмірді сақтандыруға қосылатын сыйақыға қарағанда азырақ болады. Дегенмен сыйақысы тең бола тұра, пайда алмай өмірді сақтандыру саясаты алғашқы жылы артығырақ *аударым жасауға алып келеді. Пайда алатын полис пайда алмайтын полиске қарағанда, полистің бүкіл әрекет ету мерзімі бойы инфляциядан әлдеқайда жақсы қорғау ұсынады.

өмірді сақтандыру (life assurance) ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУДЫ *қараңыз.*

өмірді сақтандыру (life insurance) Адам қайтыс болған жағдайда немесе белгілі бір жаста қаражат беру туралы келісім. Өмірді сақтандыру полисі (немесе кепілдігі) – компания біржолғы немесе тұрақты сыйақыға айырбастап, сақтанушының мүлкіне келісілген соманы белгіленген уақытқа дейін өмір сүруіне немесе қайтыс болуына байланысты төлем жасайды. Өмірді сақтандыру полистері «пайда әкелмейтін», яғни белгілі бір ақшалай қаражат немесе «пайда әкелетін» болуы мүмкін, бұл жағдайда төленген сома сақтандыру компаниясының сыйақыны инвестициялау арқылы жасай алатын пайдасын көрсетеді. Өмірді сақтандыру полисі сақтандырылушыға зейнетке шыққаннан кейін белгілі бір уақыт кезеңінде аннуитетпен төленетін табыспен қамтамасыз ету үшін үйлестірілуі мүмкін, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың немесе басқа да асырауындағы адамдардың өмір сүру мүмкіндіктері мен жағдайларын қарастырады. ӨМІРДІ ПАЙДАЛЫ САҚТАНДЫРУДЫ *қараңыз.*

Өмірді сақтандыру және сенімгерлік басқару ұйымы (ӨССБҰ) (Life Assurance and Unit Trust Regulatory Organization) (LAUTRO) Ұлыбританияның өмірді

сақтандыру және қатысушылардың сенімгерлік инвестициялық пай қорларын басқаруын ұсынатын ұйымдарын реттеуге жауап беретін өзін-өзі реттеуші ұйымы. Бұл функция енді *Қаржы қызметін көрсету басқармасының құзыретіне кіреді.

өндіруші профициті (producer surplus) Сатудан түсетін табыстың жалпы көлемінен асатын өнім өндірушіге *өнімнің қисық сызығының аумағынан тыс орналасқан. Егер жеткізу қисығы толығымен серпінді болса, онда өндіруші профициті жоқ, ал егер қисықтың қисық сызығы жоғары болса, өнеркәсіпте қалатын өнімді ресурстар арзан болады.

өндіруші тауары (producer good) Бұл өнім тұтынушылар тікелей пайдалану үшін емес, өндірушілердің негізгі өнімі немесе аралық өнімі ретінде пайдалануға арналған. Кейбір тауарлар тұтыну тауарлары да, өндіруші тауарлары да бола алады, мысалы, автокөліктерді жеке тұлғалар да, фирмалар да сатып алады, ал отын жеке және коммерциялық тұрғыда қолданылады.

өндіріс (production) Тауар немесе қызмет өндіру үшін ресурстарды пайдалану. Өндіріс фирмаларда немесе үйде ұйымдастырылуы мүмкін. Екі жағдайда да ресурстар кірімі өнім шығымын алу үшін пайдаланылады. Фирмалар сатуға және пайдаға арналған өнімдер шығарады. Отбасы отбасының қажетін өтеу үшін өнім шығарады. Кірім мен шығым қатынасы өндірістік технологиямен анықталады. Өндіріс және *айырбас – экономикалық белсенділіктің екі негізгі компоненті. БҰҚАРАЛЫҚ ӨНДІРІС; ӨНДІРІС САНАҒЫ; ӨНДІРІС ФАКТОРЫ; МЕМЛЕКЕТТІК ӨНДІРІС; ҮЙ ШАРУАШЫЛЫғындағы ӨНДІРІС; БІРЛЕСКЕН ӨНДІРІС; ЖАППАЙ ӨНДІРІСТІ *де қараңыз.*

өндіріс жиынтығы (production set)

Жекелеген фирма немесе, тұтастай алғанда, экономика үшін технологиялық ықтимал кірім-шығым комбинациясы жиынтығы. Өндіріс функциясы – *өндіріс жиынтығының жоғарғы шегі және тиімді кірім-шығым комбинациясын білдіреді. Өндіріс жиынтығындағы нүктелер тиімсіз. Дөңес өндіріс жиынтығы – үздіксіз қайтарым беретін технологияны көрсетеді.

өндіріс мүмкіндіктері жиынтығы (production possibility set)

Экономиканың пайдалануға болатын факторларын қолдана отырып өндірілуі мүмкін тауарлар мен қызметтерді өндірудің барлық жағымсыз емес нәтижелерінің жиынтығы. Осы жиынтық шегіндегі шығым комбинациясы өндіріс факторларының *Парето тиімділігі бойынша бөлінуіне, яғни мүмкін болмаған жағдайда, өндіріс факторларының жалпы санын ескере отырып, басқа өндірушілердің өндірісін төмендетпестен бір өнімнің өндірісін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

өндіріс мүмкіндіктері шегі (ӨМШ) (production possibility frontier) (PPF)

Пайдалануға болатын ресурстарды қолдана отырып, тауарлар мен қызметтердің максимал мүмкін болатын көлемін көрсететін нүктелер. Екі тауарлы экономика үшін өндіріс мүмкіндіктері шегін екі өлшемді диаграммада көрсетуге болады. Бір өнім шығымы горизонталь осьте және екінші өнімнің шығымы вертикаль осьте орналасады. Әдетте ӨМШ төмен көлбеуді: оның көлбеуі әр элементтің *балама шығынын көрсетеді. Өндірістің нақты факторларын шектеу және салалар арасындағы факторлар пропорциясындағы айырмашылықтар әдетте ӨМШ бас нүктесіне айналады. Бір немесе екі салада пайданың артуы әдетте оның бастапқы нүктесіне жетеді.

ӨМШ фирмаға, салаға, елге немесе, тұтастай алғанда, дүниежүзіне қатысты анықталуы мүмкін. ӨНДІРІС МҮМКІНДІКТЕРІ ЖИЫНТЫҒЫН; ӨНДІРІС ЖИЫНТЫҒЫН қараңыз.

өндіріс санағы (census of production)

Өндірістік кәсіпорындарға жүйелі түрде жүргізілетін санақ. Санақты фирмаларды сауалнамаға жауап беруді міндеттеу арқылы ресми ұйымдар жүргізеді. Әдетте кәсіпорындардан олардың өнімдерінің сипаты, қолданылатын ресурс саны мен түрлері, қызметкер саны мен типтері және қосылған құны сияқты тақырыптар бойынша ақпарат жиналады. Өндіріс санақтарының нәтижесін экономика бойынша *кірім-шығым кестелерін жасау үшін пайдалануға болады.

өндіріс фактор(лар)ы (factor(s) of production)

Тауарлар немесе қызметтерді өндіруде пайдаланылатын кез келген ресурс. Өндіріс факторлары үш негізгі топқа бөлінеді: еңбек күші немесе адами қызмет; капитал немесе жасанды өндіріс құралдары; жер немесе табиғи ресурстар. Өндіріс факторларының осы топтарының әрқайсы әртүрлі тәсілмен бірнеше топқа бөлінеді, мысалы, адам капиталының түрлі мөлшері қолданылатын еңбек немесе түрлі пайдалы қазбалары бар жерлер. ТҰРАҚТЫ ӨНДІРІС ФАКТОРЛАРЫ; ЖЫЛЖЫМАЙТЫН ФАКТОРЛАРДЫ да қараңыз.

өндіріс факторларының жиынтық өнімділігі (ӨФЖӨ) (total factor productivity) (TFP)

Өндіріс процесіне енгізілетін ресурстардың өлшенген сандық мөлшерімен түсіндірілмейтін шығарылымның бір бөлігі. ӨФЖӨ (сондай-ақ көп факторлы өнімділік деп аталатын) әдетте технология деңгейінің көрсеткіші ретінде түсіндіріледі, сондықтан ӨФЖӨ ұлғаюы технологиялық

ілгерілікті көрсетеді. Мысалы, *Кобб-Дугластың өндірістік функциясының Y шығыны K капиталмен және L еңбекпен байланысты болса, онда $Y=AK^{\alpha}L^{\beta}$ бойынша A – ӨФЖӨ мәні. ӨФЖӨ өсу қарқыны (технологиялардың өсу қарқыны) өндіріс факторлары нарығындағы бәсеке туралы болжамына сүйеніп отырып, *Солоу қалдығымен өлшенеді.

өндіріс факторларының мобильділігі (factor mobility) Еңбек, капитал, жер, табиғи ресурстар және т.б. сияқты өндіріс факторларының экономика секторлары арасында (отандық өндіріс факторларының мобильділігі) немесе мемлекеттер арасында (халықаралық өндіріс факторларының мобильділігі) қайта бөлуді оңайлату дәрежесі. *Жаһандану және бірыңғай еуропалық нарық құру өндіріс факторларының мобильділігін арттырды.

өндіріс факторының тиімділігін арттыратын техникалық прогресс (factor-augmenting technical progress) ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІ қараңыз.

өндіріс функциясы (production function) Кез келген мүмкін кірім жиынтығынан барынша мүмкін өндіріс қуатын көрсететін функция. Өндіріс мүмкіндіктерін өндіріс функциясы арқылы өрнектеу ресурстар тиімді пайдаланылуын болжайды, сондықтан өндіріс функциясы *өндіріс жиынтығының жоғарғы шегі болады. Өндіріс функциясы «Inada шарттарына» сай келеді, әр кірімнің шекті өнімі кірім нөлге ұмтылғанда шексіздікке ұмтылады және кірім саны шексіздікке ұмтылғанда нөлге ұмтылады. Бұл жағдайлар көбінесе модельдерге сүйенеді, өйткені олар әр кірімнің оң мөлшерін кірім бағасы түпкілікті болғанда қолданатынын білдіреді.

өндіріс шығыны кестесі (cost schedule) ШЫҒЫН ҚИСЫҒЫН қараңыз.

өндіріске субсидия (production subsidy) Үкіметтің өндірушілерге әр өндірілген тауар немесе қызмет бірлігіне бекітілген баға бойынша жасайтын төлемі. Оған импорттаушылар емес, тек отандық өндірушілер қол жеткізе алады. Өндіріске субсидияға мысал: Еуропалық одақтың *Бірыңғай ауылшаруашылық саясаты шеңберінде фермерлерге қолдау көрсетуі.

өндірістік дау (industrial dispute) Қызметкерлер мен жұмыс берушілердің еңбекақы, жұмыс уақыты, еңбек жағдайлары, кадрлармен қамтамасыз ету немесе жұмысқа орналасуға қатысты мәселелер бойынша келіспеушілігі. Еңбек дауларын келісу арқылы шешуге болады; арбитраж арқылы кез келген үшінші тарап арқылы екі тараптың келісімі бойынша немесе заңмен белгіленген немесе өнеркәсіптік іс-қимылдар, соның ішінде артық жұмыс уақытын шектеу, кешіктіру немесе төтенше жағдайларда, ереуілдер немесе локауттар. Жұмысшылар кәсіподақтарға ұйымдасуы мүмкін; жұмыс берушілер жеке-жеке немесе жұмыс берушілер бірлестіктері арқылы келіссөз жүргізе алады.

өндірістік сыртқы салдар (production externality) Өндірушіден өзге біреуге зиян немесе пайда келтіретін өндірістің сыртқы салдары. Өндірістің теріс сыртқы салдарына – шу және ауаның ластануы; оң сыртқы салдарына омартадағы аралардың жақын маңдағы бақтарды тозандандыруы мысал бола алады. Әдетте өндірістің теріс сыртқы салдары өндірілген тауарлардың шамадан тыс артық, ал оң сыртқы салдар *элеуметтік оптимумға қатысты жеткіліксіз қамтамасыз етілуіне әкеледі.

өнеркәсіп (industry) 1. Фирмалар ұқсас өнімдер тобын құру үшін ұқсас факторларды қолданатын экономика секторы. *Стандарт өнеркәсіптік жіктеу – индустрияны секторларға және субсекторларға бөлу.

2. Әдетте қызметтер емес, заттай тауарлар шығаратын, негізінен, өндіріс пен құрылыс саласындағы секторлар тобы. *Британ индустрия конфедерациясы – осы секторлардағы фирмалардың басын қосатын ұйым, ал олардың жұмысы үшін жауап беретіндер – Ұлыбритания үкіметінің негізгі бөлімі *Бизнес, энергетика және өнеркәсіптік стратегия департаменті. Сондай-ақ ҚАРАПАЙЫМ ИНДУСТРИЯ; ӨНЕРКӘСІПТІҢ ЖАҢА САЛАЛАРЫ; МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ӨТКЕН ӨНЕРКӘСІП; ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫН қараңыз.

Өнеркәсіп өндірісі индексі (Index of Industrial Production) Экономиканың өнімді секторларын қамтитын өндіріс көлемінің индексі. Бұл – өндіру, тау-кен өнеркәсібі және карьер қазу, коммуналдық қызметтер мен құрылыс индекстерінің орташа өлшенген көрсеткіші. Ол, негізінен, заттай көлем өлшемдеріне сүйенеді; бұған жеке және мемлекеттік қызметтер кірмейді.

өнеркәсіптегі демократия (industrial democracy) Компанияда жұмыс істейтін барлық қызметкерлер оны басқаруда дауыс беру құқығына ие болуға тиіс принцип. Бұл әртүрлі формаларда болады. Капитал талаптары салыстырмалы түрде төмен болған жағдайда фирма онда жұмыс істейтіндерге тиесілі болуы мүмкін. Бұл жағдайда жұмысшылар директорлар мен менеджерлерді таңдап, қабылдаған барлық шешімдерді бақылай алады. Бұл тым көп капитал қажет болса немесе қызметкерлер өзінің иелік етуіне байланысты қатерге бәс тіккісі келмеген жағдайда,

олар кейбір директорларды таңдау арқылы шешім қабылдауға қатыса алады. Балама ретінде фирманың іс жүзіндегі басқарушысы оның иелері тағайындаған менеджерлер болуы мүмкін, бірақ қызметкерлер шешімдеріне қатысты қызметкерлер сайлайтын *жұмыс кеңестері арқылы немесе олардың кәсіподақтары арқылы кеңес алуға болады.

өнеркәсіптегі шпионаж (industrial espionage) Бір кәсіпорынның қызметі туралы ақпаратты басқа кәсіпорынның заңсыз алуы. Мұндай ақпарат формулаларды, жобаларды, бизнес-жоспарларды немесе қызметкерлер туралы ақпаратты қамтуы мүмкін. Өнеркәсіптегі шпионаж әдістеріне, мысалы, құжаттарды ұрлау, телефонды тыңдау және бақыланатын компанияның жемқор қызметкерлерінің көмегімен немесе көмегінсіз компьютерлерді бұзып, ақпарат ұрлау жатады.

өнеркәсіптік қатынастар (industrial relations) Кәсіпорынның басшылығы мен еңбек ресурстары арасындағы, соның ішінде, *кәсіподақтар арқылы жүретін қарым-қатынас. Бұл, негізінен, ақы төлеу, еңбек сағаттары мен жағдайлары, қосымша жеңілдіктер, жұмыспен қамту, жұмыс күшінің артықшылығы және қызметтен босағанда төленетін жәрдемақы, сондай-ақ тәртіптік және шағымдарды қарастыру процедураларына қатысты. Олар жалпы экономикалық заңнама шеңберінде немесе мүмкіндігінше фирмада немесе салалық деңгейде келіссөз арқылы, кейде кәсіподақтар арқылы анықталуы мүмкін.

өнеркәсіптік лицензиялау (industrial licensing) ЛИЦЕНЗИЯЛАУДЫ қараңыз.

өнеркәсіптік саясат (industrial policy) Экономиканың жеке бөліктеріне экономикалық белсенділікті бағыттау

жөніндегі ресми саясат. Көп жыл бойы үкіметтер индустрия мен бастапқы өндіріс арасындағы экономиканың бөлінуіне алаңдады; индустриясы нашар дамыған елдер жергілікті индустрияның өсуін ынталандыруға тырысты, ал анағұрлым индустрияландырылған елдер өз ауыл шаруашылығы мен кеніштерін қорғады. Соңғы жылдары алдыңғы қатарлы технологияларды пайдаланып, экологиялық проблемаларды шешу арқылы жоғары технологиялық секторлардың өсуін ынталандыруға ұмтылыс жасалды. Саясат *зерттеу және әзірлемелерді ынталандыру үшін салық салу ережелері мен қоғамдық ақшаны пайдалануды, инвестиция қаражатын басым секторларға бағыттау үшін қаржы нарықтарында араласуды және ауқымнан үнемдеуге қол жеткізу үшін жеткілікті ірі фирмаларды тарту мақсатында бірігу нарығына араласуды қамтиды.

өнеркәсіптік сектор (industrial sector)

Табиғи ресурстар жұмсамай тауар өндірумен айналысатын экономиканың бір бөлігі. Бұл екінші ретті сектор негізгі өндіріс секторынан, яғни ауыл шаруашылығынан, балық шаруашылығынан, орман шаруашылығынан, сондай-ақ табиғи ресурстардың елеулі тікелей салымымен тауар өндіретін тау-кен өндіру салаларынан, сонымен қатар қызмет көрсетумен айналысатын көлік, тарату, қаржы, денсаулық сақтау, білім беру және әкімшілік сияқты үшінші ретті сектордан ерекшеленеді.

өнеркәсіптік ұсыныс қисығы (industry supply curve) ҰСЫНЫС ҚИСЫҒЫН *қараңыз.*

өнеркәсіптік шоғырлану (industrial concentration) ШОҒЫРЛАНУДЫ *қараңыз.*

өнертабыс (invention) Жаңа өнім идеясы немесе қолданыстағы өнімді шығарудың жаңа әдісі. Бұл өнертабысты

пайдалану экономикалық тұрғыдан тиімді болған кезеңге өнертабысты дамыту саналатын *инновациядан ерекшеленеді.

өнім (product) Жеке компания, өндіріс немесе экономика тұтастай өндіріледі. ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ; ШЕКТІ ӨНІМ; ҰЛТЫҚ ӨНІМ; ӨНІМДІ ДИФФЕРЕНТТЕУ; ӨНІМ ИННОВАЦИЯСЫ; ӨНІМНІҢ ӨМІРЛІК ЦИКЛІ; НЕГІЗГІ ӨНІМДІ *де қараңыз.*

өнім инновациясы (product innovation) Жаңа немесе жетілдірілген өнім енгізілген инновация. Өнім инновациясы – *экономикалық өсудің көзі. ИННОВАЦИЯ ПРОЦЕСІН *де қараңыз.*

өнімге қатысты жауапкершілік (product liability) Бастапқы өндірушінің, сондай-ақ тікелей сатушының өнімінің зақымдануы үшін жауапкершілігі.

өнімді дифференциялау (product differentiation) Бірдей қажеттіліктерге жауап беретін, бірақ міндетті түрде бірдей емес өнімдерді ұсынатын фирмалар арасында *бағасыз бәсеке формасы. Әдетте түрлі *брендтер ұсынудан көрінеді. Дифференцияланған өнімдер бір компанияның ішінде шығарылуы және тұтынушылар түрлі топтарына бағытталуы мүмкін. Өнімдерге сапасына қарай тапсырыс беруге болса, дифференциялау сатылы (төменнен жоғарыға дейін), ал өнімдердің айырмашылығы оларды ажыратуға мүмкіндік бермейтін, мысалы, түсінде болса – деңгейлес болады.

өнімді пролиферациялау (product proliferation) Өндірушінің бір өнімнің бірнеше түріне жүргізетін маркетингі. Кейде бұл ресурсты босқа жұмсау және *кіруге тосқауыл саналады, өйткені жұмыс істеп тұрған фирма нарықтағы жаңа кіруші фирма алуы мүмкін бос орынның бәрін толтырып тастайды.

өнімділік (productivity) Фирма, өнеркәсіп немесе ел қол жеткізген кірім бірлігіне шаққандағы шығым көлемі. Бұл белгілі бір өндіріс факторының, мысалы, жұмыс күшінің немесе ауыл шаруашылығында жердің немесе түрлі факторлардың бірігуін қамтитын «өндіріс факторларының жалпы өнімділігі» бірлігіне байланысты болуы мүмкін. *Ауқымнан қайтарым тұрақты болмаса, өнімділік шығым деңгейімен анықталады.

өнімділік тиімділігі (productive efficiency) ТИІМДІЛІКТІ қараңыз.

өнімділікке қарай төлеу (performance-related pay) Жұмыс берушінің өнімділігіне немесе пайдасына байланысты төлем. Фирма табысты болса, әдетте бұл белгілі бір мөлшерлеме бойынша бонус түрінде болады. Егер жалақы фирманың бірлігінің немесе бір бөлігінің өнімділігімен өлшенсе, топтың немесе жеке адамдардың өнімділігімен байланысты болуы мүмкін. Өнімділікке қарай ақы төлеу фирманың нәтижелерін барынша арттыру үшін күш пен ынтымақтастықты ынталандырады және пайда жоғары кезде қызметкердің табысы да жоғары болғаны ұждандық ахуалға да жақсы. Бұған қарсы дәлел, ол қатерге жол бермейтін болса, орташадан аз, бірақ одан да қауіпсіз болатын табысты таңдауы мүмкін қызметкерлерге қатер төндіреді.

өнімнің өмірлік циклі (product life cycle) Уақыт өте келе өнім қалай сатылатынын көрсететін модель. Бұл модельде жаңа өнімдер инноватор жасаған шағын өнімдер ретінде басталады. Өндіріс ауқымы шағын болғандықтан, шығын үлкен болуына байланысты және новаторлар *ноу-хау, жабдықтар және ықтимал *патент артықшылықтарына ие болғандықтан, олардың

квазимополистік жағдайын қамтамасыз ететін баға бастапқыда жоғары болады. Жаңа өнім туралы білімдердің кеңеюі, ауқым өсуі және тәжірибе артуына байланысты шығынның азаюы, басқа өндірушілердің нарыққа шығуы бағаны төмендетеді. Өнім жетілдіріліп, қазір стандарт саналатын техника көмегімен өндіріс ауқымы ұлғайған соң, көбінесе жаңа дамып келе жатқан елдерде өндіріс еңбек шығыны төмен аудандарға көшеді. Нәтижесінде өнімнің орнын жаңа нәрсе басады және ол экономикадан шығып кетеді.

өрлеу, өсу (take-off) Экономика жан басына шаққандағы табыстың тұрақты өсуіне қабілетті бола бастайтын экономикалық даму кезеңі. Өрлеуге жетпеген экономикада жан басына шаққандағы табыстың төмен және тұрақты деңгейлерінде халықтың өсуімен қатар жүруі үшін жинақ пен инвестиция жеткіліксіз. Өрлеу кезеңі инфрақұрылым мен өндіріс жабдықтарын, сондай-ақ дұрыс несиелеу мен банк жүйесін, білім беру мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қабілетті институттарды инвестициялауға қажет жеткілікті жинақты талап етеді.

өрмектер (cobweb) Бір айнымалының басқа айнымалыдағы өзгеріске реакциясындағы уақыттық кешеуілдеу экономикадағы ауытқуға әкелуі мүмкін жағдайды бейнелеу үшін қолданылатын модель. Өрмектор «шошқа циклі» деген атпен де белгілі. Ол атау шошқа еті бағасының бақыланған сипатын түсіндіру мақсатында қолданғаннан кейін қолданысқа енді. Модельдің параметрлеріне байланысты, кезеңнен кезеңге ауытқу өсуі (тұрақсыз өрмектор), төмендеуі (тұрақты өрмектор) немесе тұрақты (тривиал цикл) болуы мүмкін. Мұндай мінез-құлықтың негізгі болжамына экономикалық агенттердің

*рационал болжамдары емес, *бейімделетін болжамдары жатады.

өсу қарқыны (growth rate) Кез келген экономикалық айнаымалының бір кезең ішінде, әдетте бір жыл, пропорционал немесе пайыздық өсу қарқыны. Дискрет уақыт аралықтарында өлшенген айнаымалы 1-ден $1 + x$ -ке дейін өссе, бұл x пропорционал өсу жылдамдығы немесе $100x$ пайыздық өсу жылдамдығы. Үздіксіз уақыт кезеңінде жұмыс істегенде тұрақты үздіксіз өсу қарқыны g , айнаымалы 1-ден бастап өсетінің 0 уақыт мезеттен бастап e^{gt} дейін t уақыт мезетінде өсетінің білдіреді. Егер $y_t = y_0 e^{gt}$ болса, $dy_t/dt = g y_0 e^{gt}$ және $(dy_t/dt)/y_t = g$. Өйткені $\ln(y_t) = \ln(y_0) + gt$ болғанда, $d \ln(y_t)/dt = g$ тең; кез келген айнаымалы табиғи логарифмнің өзгеру жылдамдығы оның өсу жылдамдығына тең. ТАБИҒИ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ; ӨСУДІҢ КЕПІЛДІ ҚАРҚЫНЫН да қараңыз.

өсу қарқыны (rate of growth) ӨСУ ҚАРҚЫНЫН қараңыз.

өсу циклдері (growth cycles) Өсу қарқыны жоғары және төмен кезеңдер арасындағы қайталанатын өзгерістер.

өсудің кепілді қарқыны (warranted growth rate) Өсу тұрақты болуы үшін оның жылдамдығы *Харрод-Домар моделіндегідей болуға тиіс. Ұлттық кіріс – Y , жинақ – S , ал инвестициялар I болса, жинақ кірістің тұрақты үлесін құрайды деп болжанады, сондықтан $S = sY$. Инвестиция үдеткіш моделімен белгіленеді, мұнда инвестиция $I = v(dY/dt)$ ретінде анықталады, мұндағы t – уақыт. *Күтілетін* жинақ пен инвестиция тең болуы үшін $sY = v(dY/dt)$ болуға тиіс. Бұл Y -тің өсу жылдамдығы мынадай болуы керек деген сөз:

$$w = \left(\frac{1}{Y}\right) \left(\frac{dY}{dt}\right) = \frac{s}{v}.$$

Бұл s жинақ коэффициенті және v капитал-шығым қатынасы тіркелген деп танылған жағдайда тепе-тең өсімнің мүмкін болатын жалғыз жылдамдығы.

өсім (growth) ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМДІ қараңыз.

өсімқорлық (usury) Несие бойынша шамадан тыс *пайыздық мөлшерлеме есептеу. Бұл термин бұрын кез келген пайыздық мөлшерлемені есептеу үшін қолданылған, бірақ енді қатердің ұқсас сипаты бар басқа несие бойынша нарықтағы мөлшерлемені ескере отырып, шамадан тыс саналатын пайыздық мөлшерлемелерге қатысты.

өсімқорлық туралы заңдар (usury laws) Несие үшін алынатын немесе төленетін *пайыздық мөлшерлеме деңгейін шектейтін заңдар. Мұндай заңдардың мақсаты – несие берушілердің мұқтаж тұлғаларды қанауын шектеу. Ең жоғары рұқсат етілген пайыздық мөлшерлеме инфляцияны өтеу және дефолт қатерін немесе төлемдерді кідірту үшін тым төмен болса, бұл несиелерге артық сұраныс қалыптастырады. Бұлар ең қауіпсіз қатерлерге жетелейді, сондықтан *кепілзаты жоқ адамдар өзіне қажет болғанда несие ала алмайды.

өте сенімді (бағалы қағаз) (blue chip) Ірі және беделді компаниялардың акциялары. Мұндай компаниялардың әдетте үлкен *нарық капиталы және акцияларының өтімді нарығы болады.

өтелген пайыздық паритет (covered interest parity) *Арбитраж пайданың болмауынан туындаған пайыздық мөлшерлемелер мен айырбас бағамдары

арасындағы байланыс. Инвестор жергілікті экономикаға жылына r_a пайыздық мөлшерлеменен немесе шетелдік экономикаға r_b пайыздық мөлшерлеменен инвестициялай алады. Шетелге инвестиция құю ұлттық валютаны шетел валютасына айырбастауды талап етеді. Ағымдағы айырбас бағамы e_0 және *форвард айырбас бағамы e_1 тең деп қарастырайық. Үйде инвестицияланған байлықтың бір бірлігі бір жылдан кейін түпкі байлықты $(1 + r_a)$ береді. Балама ретінде, бірліктерді шетел валютасына конвертациялау және қайта конвертациялау үшін форвард келісімшарт жасасу $(1 + r_b)e_0/e_1$ түпкі байлықты қамтамасыз етеді. Бұл екі инвестиция да қатерсіз (инфляция қатерін есептемегенде). Себебі инвестициялау кезінде барлық шығын белгілі болады. Онда арбитраж болмаса, олар, сәйкесінше, бірдей қайтарым беруі мүмкін. Демек, $(1 + r_a) = (1 + r_b)e_0/e_1$ – өтелетін пайыздық паритет қатынасы. Мерзімі әртүрлі инвестиция үшін осы аргумент қайталануы мүмкін. Осылайша ол *пайыздық мөлшерлеменің мерзімдік құрылымын форвард айырбас бағамымен байланыстырады. Сондай-ақ ӨТЕЛМЕГЕН ПАЙЫЗДЫҚ ПАРИТЕТТІ қараңыз.

өтелетін бағалы қағаз (redeemable security) Қарыз алушы белгілі бір күні өтеуге тиіс бағалы қағаз. Бұл қарыз алушы несиені өтеуге міндетті болмайтын өтелмейтін бағалы қағазға қарсы қойылады. Өтелетін бағалы қағазды өтеу мерзімі жақындауына қарай оның бағасы сатып алу құнына, яғни өтелуге тиіс сомаға жақындай түседі.

өтелетін өзгеріс, ауытқу (compensating variation) Экономикалық орта өзгергеннен кейін жеке тұлға пайдалылығының бастапқы деңгейін қалпына келтіруге қажет қосымша табыс мөлшері. Мысалы, экономикалық ортаның

өзгерісіне тауар бағасының өсуі немесе жергілікті паркпен қамтамасыз ету жағдайы. Бірінші жағдайда өтелетін ауытқу оң, ал екінші жағдайда (тұтынушы тауарға және паркке қанағаттанған жағдайда) теріс болады. Ресми түрде бастапқы бағаны p^0 , кейбір өзгерістен кейінгі бағаны p^1 және бастапқы пайдалылықты U^0 деп белгілейік. Онда, *шығын функциясын қолданатын өтелетін ауытқу – CV , былай беріледі:

$$CV = E(p^1, U^0) - E(p^0, U^0).$$

Сондай-ақ БАЛАМА ӨЗГЕРІСТІ қараңыз.

өтелетін сұраныс (compensated demand) Тауарға сұраныс оның бағасы мен пайдалылығына байланысты болады. Белгілі бір пайдалылық деңгейіне қол жеткізу үшін шығынды барынша азайту арқылы өтелетін сұраныс функциясын алуға болады. x_1 және x_2 мөлшерде p_1 және p_2 бағасымен тұтынылатын екі тауар бар деп есептелік. Тұтынушының талғамын *пайдалылық функциясының көмегімен $U(x_1, x_2)$ көрсетіңіз. Екі тауарға өтелетін сұраныс функциясы шешім ретінде былай алынады:

$$\min p_1x_1 + p_2x_2 - U(x_1, x_2) \geq U$$

мұнда U – қол жеткізілуге тиіс пайдалылық деңгейі. Минималдау құрылымы өтелетін сұраныс функциясы $x_i = h_i(p_1, p_2, U)$, $i = 1, 2$ түрінде жазылады деп көрсетеді. Сондай-ақ МАРШАЛЛ СҰРАНЫСЫН қараңыз.

өтелмеген пайыздық паритет (uncovered interest parity) *Форвард валюта нарығы валюта қатерін хеджирлеуге пайдаланылмайды деген болжамда алынған ішкі және шетелдік пайыздық мөлшерлемелер арасындағы өзара байланыс. Өтелмеген пайыздық паритет мына шартты талап етеді:

$$(1+r_a) = (1+r_b) e_0 / E(e_1)$$

мұндағы r_a – ішкі пайыздық мөлшерлеме, r_b – шетелдік пайыздық мөлшерлеме, ағымдағы бағам – e_0 және болашақ айырбас бағамы – $E(e_1)$. Сондай-ақ ЖАБЫЛҒАН ПАЙЫЗДЫҚ ПАРИТЕТТІ ҚАРАҢЫЗ.

өтелу табыстылығы (redemption yield)

Өтеу мерзімі жеткенше ұсталатын бағалы қағаздар бойынша пайыздық түсім мен төлемдердің ағымдағы құны нарықтағы бағаға тең болуы үшін дисконтталуы қажет пайыздық мөлшерлеме.

өтем (cover) 1. Сақтандыру полисінің сақтанушыны қатерден қорғауды қамтамасыз етуі. Олар өтелетін қатер түрлеріне байланысты шектеледі. Мысалы, көлікті сақтандыру саясаты тек үшінші тараптың қатерін қамтиды немесе өрттен, ұрлықтан және кездейсоқ зақымданудан сақтандырады. Сонымен қатар өтеу деңгей бойынша да шектеледі. Мысалы, кейбір ең төмен деңгейден жоғары немесе ең жоғары деңгейден төмен залалдарды өтейді.

2. Кәсіпорынның жалпы пайдасының дивиденд төлемдеріне қатынасы. Жоғары дивиденд өтемі пайда азайғанда дивиденд азаюы екіталай екенін, ал төмен дивиденд өтемі компания таршылық көрген жағдайда инвесторлардың дивиденді азаятынын білдіреді.

өтемақы баж салығы (countervailing duty)

Кейбір сыртқы саясаттан туындайтын теріс салдарды өтеу үшін салынатын *тариф. Оған мысал ретінде, жергілікті өндірушілердің пайымдауынша, шетелдік бәсекелестерге әділетсіз артықшылық беретін *экспортқа субсидияны жатқызуға болады.

өтемақы принципі (compensation principle) Ұтқандар ұтылғандарға өтемақы беруге қабілетті болса, онда ресурс бөлінісіндегі өзгеріс пайдалы болады дейтін әл-ауқат критерийі. Бұл принцип өзінің негізін қалаған Хикс-Калдор принципі ретінде де белгілі. Бұл принципке қатысты мынадай сын айтылады. Ұтқандар ұтылғандарға өтемақы беруге қабілетті болса, бірақ шын мәнінде мұны жасамаса, сондай-ақ нақты табыстың жаңа бөлінісі және салыстырмалы баға құрылымы ескісінен өзгеше болады. Дәл осындай қағида ескі жағдайға қайта өзгеру арқылы кейде қабылдануы мүмкін.

өтемақы төлемі (deficiency payment)

Белгілі бір тауарлар мемлекеттік саясаттың таргет бағасынан төмен сатылуы мүмкін жағдайларда, фермерлерге төленетін субсидия.

өтемсіз шығын (sunk costs) Кәсіпорын қызметін тоқтатқан жағдайда, тіпті ұзақмерзімді перспективада өтелуі мүмкін емес шығын бөлігі. Олар шахта немесе туннель құрылысына немесе өнеркәсіп процестерін әзірлеу сынды жұмысқа жұмсалған шығынды қамтиды. Өтемсіз шығын болуы экономикада *гистерезис тудырады және *бәсекелі нарықтар сирек екенін түсіндіруге көмектеседі.

өтеу күні (redemption date) Қарыз алушы бағалы қағазды өтеуге тиіс күн. Бұл қарыз алушы өз қалауы бойынша өтеу қашан болатынын таңдай алатын бір күн немесе күндер аралығында болуы мүмкін.

өтеу мерзімі (maturity) Акциялар бойынша төлем жасалуға тиіс күн. Мысалы, 91 күндік қазынашылық вексель шығарылғаннан кейін 91 күн өткен соң

етеледі. Қарапайым акциялардың өтеу мерзімі жоқ.

өтеу мерзімі (pay-back period) Фирма инвестициялауды қаласа, жаңа жабдықтың құнын пайдаға сатып алуды талап ететін уақыт кезеңі. Өтеу мерзімі экономикалық тұрғыдан ұтымды инвестициялық критерий емес, мысалы, мақсат N жыл болса, ол алғашқы N жылда оның құнының 101 пайызын әкелетін жоба арқылы өтеді, содан кейін *ағымдағы дисконтталған құны пайда 100 пайыздан әлдеқайда төмен және ол алғашқы N жылда оның құнының 99 пайызын ғана төлейтін жобадан сәтсіздікке ұшырады, бірақ ол осыдан кейін көп уақытты күтеді, себебі оның қазіргі дисконтталған құны – шығыннан 200 пайыз.

өткен-кеткен (bygones) Қазіргі ұтымды шешім қабылдауда ешқандай рөл атқармайтын бұрын болған оқиғалар. Фирманың өткен-кеткеніне *өтемсіз шығын, бұрынғы операциялық пайда мен залал жатады. Бұлар болашақ болжам қалыптастыруда әсер етсе, өткен-кеткенге жатпайды.

өткізу қабілеті (bandwidth) Осы нүктедегі функцияның параметрлік емес бағалауын қолданатын нүкте аймағының масштабы. Мысалы, *гистограмма ықтималдық тығыздығын параметрлік емес бағалау ретінде қолданылса, онда өткізу қабілеті жәшіктің (әр категориядағы мәндер диапазоны) көлемі болып келеді. Сондай-ақ ядролық РЕГРЕССИЯНЫ қараңыз.

өтпелі кезеңдегі жұмыссыздық (transitional unemployment) Экономиканы ұйымдастырудағы елеулі өзгерістерге байланысты пайда болған жұмыссыздық. Бұл соғыс кезіндегі экономикадан бейбіт уақыт экономикасына, *нашар

дамыған елдерді индустрияландыруға немесе орталықтан жоспарлаудан нарықтық экономикаға өтуге қатысты болуы мүмкін. Кез келген ірі өзгерістер кезінде, ең алдымен, жаңа жүйе мен өндіріс нысандар орнату үшін оларды басқаратын білігі аз жұмысшыларға қарағанда, менеджерлер мен білігі жоғары жұмысшылар қажет болады. Осылайша білігі төмен мамандар өтпелі кезеңде жұмыссыздықтан зардап шегуі мүмкін.

өтпелі экономика (transitional economy) Экономиканы ұйымдастыру тәсіліндегі басты өзгерістер процесіндегі экономика. Ол бұрынғы Кеңес одағындағы және Шығыс Еуропаның көптеген еліндегі сияқты орталықтан жоспарланатын экономикадан нарықтық экономикаға өтуі мүмкін. Ол сондай-ақ көптеген дамушы елдердегі сияқты айтарлықтай мемлекет араласуымен саяси тәсілден барынша либералдауға өту болуы мүмкін. Өтпелі экономикасы бар елдер ерекше микроэкономикалық қиындықтармен кездеседі, өйткені оларға өз институттарын, мысалы, меншік туралы нақты заңдар құру және банкроттық рәсімдерін енгізу жолымен реформалау қажет болуы мүмкін. Олар сондай-ақ ерекше макроэкономикалық мәселелермен кездеседі, өйткені оларға өз салық жүйесін реформалау қажет болуы мүмкін, ал олардың ақша-несие өкілеттігін өз саясатына сүйеніп әзірлейтін жеткілікті тәжірибесі болмауы мүмкін. Өтпелі экономикасы бар көптеген елдерде нақты өндірістің құлдырауы мен өтпелі кезеңнің ерте кезеңдерінде инфляцияның күрт өсуі байқалады.

өтімді активтер (liquid assets) *Ақшаға немесе аз кідірту және шығын кәтері бар ақшаға айырбасталуы мүмкін активтер. Қысқамерзімді бағалы

қағаздар, мысалы, қазынашылық вексельдер өтімді активтерге жатады. Пайыздық мөлшерлеме өзгеруіне қарай құны өзгеруі мүмкін неғұрлым ұзақмерзімді бағалы қағаздар, сондай-ақ оңай сатылса да, бағасы өзгеруі мүмкін акциялар немесе тауарлар өтімді емес. Нақты активтер, мысалы, бейкоммерциялық кәсіпорындар немесе үйлер өтімді емес: олар жылдам сатылмайды және олардың бағасы тұрақсыз.

өтімді тауарлар; сұранысқа ие тауарлар; сатылатын тауарлар (tradables)

Халықаралық деңгейде саудалануы мүмкін тауар мен қызмет түрлері. Бұл нақты тауарлар саудасы жүзеге асырылуы не асырылмауына қарамастан қолданылатын термин. Туристердің, студенттердің және шетелдік клиенттердің денсаулық сақтау саласындағы тауарлар мен қызметтерді шет елдерде сатып алу қабілетін ескере отырып, тауарлардың көпшілігі қандай да бір дәрежеде «өтімді тауар»; осылайша тауарлардың өтімді тауар болуы немесе болмауы туралы мәселе дәрежесі.

өтімділік (liquidity) 1. Активтердің өте тиімді баға бойынша тез арада оңай ақшаға айналуы. Тұрғын үй құрылыс жинақтары сияқты банктік емес қаржы фирмаларындағы ақша мен депозиттерден басқа, қазынашылық вексельдер сияқты қысқамерзімді бағалы қағаздар осы формадағы негізгі активтерге жатады. Бұл *өтімсіздікке қайшы келуі мүмкін. Кейбір активтер өтімді емес, себебі оларды оңай саудалайтын нарық жоқ: банктің клиенттеріне берген кепілсіз тұтыну несиелері – соған мысал. Әсіресе жылдам сатылым қажет болса, басқа активтер өтімсіз болады, өйткені олардың сатылып кетуінен гөрі сатып алынатын бағасын болжау өте қиын. Бұл компаниядағы үлеске немесе үйлерге қатысты.

2. Өтімді актив ұстаудың ерекшеліктері. Онсыз да бизнесте өз міндеттемелерін орындауға байланысты қиындықтар туындауы мүмкін, себебі бизнес өзін төлем жасауға қабілетті деп санайды, дегенмен кредит беруші ұйымдар бұл пікірмен келіспейді. Төлем жасауға қабілетін дәлелдейтін ақпарат, мысалы, жаңа өнім ойлап табу – жабық ақпарат болғандықтан, кредиторлар оны дәлел ретінде қабылдамайды.

өтімділік жоғы (illiquidity) 1. Ақшаға айналдырудың қиындығын білдіретін сипат. Кейбір активтер өтімді емес, себебі оларды оңай саудалайтын нарық жоқ: банктің клиенттеріне берген кепілсіз тұтыну несиелері – соған мысал. Басқа активтер өтпейді, себебі олар сатылуы мүмкін болса да, сатуға болатын бағаны, әсіресе тез сатылым қажет болса, болжау қиын болуы мүмкін. Бұл компаниядағы үлеске немесе үйлерге қатысты. Бұл ақшаға тез және болжалды бағамен жылдам айналу сипатын білдіретін *өтімділікке қарсы. Ақшаның өзінен басқа қысқамерзімді бағалы қағаздар немесе вексельдер – осы түрге жататын негізгі активтер.

2. Өтімділігі жоқ активтер болуы. Бизнес өз міндеттерін орындауда қиындыққа кезігуі мүмкін, себебі ол мәселені өзі шеше алатынына сенімді болса да, оның активтері өтімді емес. Оның төлеу қабілеті туралы өз көзқарасы несие ұйымдарының бірімен сай келсе, ол өтімділікті несиеге ала алады, бірақ оның төлеу қабілетіне әкелетін ақпарат құпия болуы мүмкін, мысалы, жаңа өнімдерге деген сенім және бұл кредиторларға сенімсіз болуы мүмкін. Өтімділік жоғынан таратуға мәжбүр болатын кәсіпорындар ақырында қарызын кредиторларына толығымен төлейді, бұл – олардың шын мәнінде төлеуге қабілетті екенін көрсету тәжірибесі. Екінші жағынан, төлеуге қабілетсіз

кәсіпорын активтері қаншалықты өтімді болса да, жабылуға тиіс.

өтімділік қатынасы (liquidity ratio) Өтімді активтер мен жалпы міндеттемелері бар банк немесе басқа қаржы институттары арасындағы қатынас. Ең төмен өтімділік қатынасы заң немесе конвенция арқылы немесе коммерциялық ескерту үшін өз еркімен қабылдануы мүмкін.

«өтімділік тұзағы» (liquidity trap) *Нақты пайыздық мөлшерлемелерді қаржыны басқару органдарының көмегімен азайтуға келмейтін жағдай. Бұл баға күтілгендей төмендегенде болуы мүмкін. Бағаның жалпы құлдырауы күтілсе, ақшаны ұстап қалу дефляция деңгейіне тең келетін нақты күтілгендей табыс әкеледі. Нақты пайыздық мөлшерлемені ақша массасы қаншалықты көбейгеніне қарамастан, номинал пайыздық мөлшерлеме нөлге дейін төмендейтін нүктеден тыс төмендетуге болмайды. Осылайша қаржыны басқару органдары нақты пайыздық мөлшерлемелерді төмендету арқылы инвестицияны ынталандыра алмайды, тіпті сондай жағдай болса да, инвестиция нақты пайыздық мөлшерлеменің төмендеуіне жауапты болар еді. Сондай-ақ нөлдік пайыздық мөлшерлемені қараңыз.

өтімділікке қатер (liquidity risk) Экономикалық агенттерге тиесілі активтер үшін белсенді нарық болмай қалуынан туындайтын қатер. Нарықтың болмауы активтердің *өтімділігін төмендетеді. Мысалы, елде *дефолттың ақиқатқа жақындығы жоғары болғанда, ешкім де елде шығарған облигацияларды сатып алғысы келмейді. Олай болу

ықтималдығы – облигация ұстаушы үшін өтімділік қатері. ӨТІМДІЛІКТІ ҚАЛАУДЫ қараңыз.

өтімділікті қалау (liquidity preference) 1. Активтерді сақтаудың артықшылығы – оларды қолма-қол ақшаға оңай айналдыруға болады. Активтер өтімділік деңгейіне байланысты өзгеруі мүмкін. Мысалы, ірі *кор биржасында сауда жасайтын ірі компаниядағы қарапайым акциялардың тімділігі жоғары болады. Керісінше, нашар дамыған елдерде алысқатарлық инвестициялық жобаны қаржыландыру үшін шығарылған *бағалы қағаздар кез келген ұйымдастырылған нарықта сатыла алмайды, сондықтан олар акцияларға қарағанда әлдеқайда өтімділігі аз болып келеді. Инвесторларды ұстап тұруға ынталандыру үшін өтімді активтердің *табыстылығы неғұрлым жоғары болуы керек.

2. *Ақшаға сұранысты анықтайтын факторлар.

өтімділікті шектеу (liquidity constraint) Адам немесе компания қарыз ала алатын соманы ерікті түрде шектеу. Жеке тұлға келешекте табысы өсетінін және қазіргіге қарағанда қажеттіліктері аз болатынын болжаса, қазір тұтынып, ақшасын кейін төлеуді қалауы мүмкін. Фирмалар қарыз алу арқылы қаржыландыруға болатын жобаларға инвестиция құю олжаға кенелтеді деп ойлауы мүмкін. Екі жағдайда да, уақыт өте келе ресурстарды оңтайлы бөлу үшін қарыз алу қажет. Қарызды қалаған азғантай сомаға шектейтін өтімділік шектеулері уақытты оңтайландыруды болдырмау арқылы тиімсіздік тудырады.

П

Пааше индексі (Paasche index) АҒЫМДАҒЫ ӨЛШЕНГЕН ИНДЕКСТІ *қараңыз.*

пай қоры (unit trust) Ұлыбританиядағы шағын инвесторлар әртараптанған *портфельдер көмегімен пайда таба алатын жүйе. Пай қорлары пайларды инвесторларға сатады және бұл қаражатты қор басқаратын және *сенімгер басқарушы ретінде банк ұстап қалатын бағалы қағаздар портфелін сақтау үшін пайдаланады. Пай қорларындағы үлестер нақты секторға немесе елге кеңінен таралуы немесе шоғырлануы мүмкін. Олар табыс пен капитал өсуінің түрлі комбинациясына бағытталуы мүмкін. Инвесторлар жоғары операция шығынсыз кәсіби басқару мен әртараптанған портфель алады. Олар кез келген уақытта жарияланған бағамен қор арқылы көбірек бірлік сатып алады немесе өз бірліктерін сата алады. Пай қорлары инвесторлар қор компаниясының акцияларын сатып алатын инвестициялық қорлардан ерекшеленеді.

пайда (profit) Кез келген кезең ішінде бизнестің шығынынан асып түсетін табыс. Бұл несиелік операцияларды және активтерді қайта бағалауды, сондай-ақ касса операциялары мен нақты активтердегі өзгерістерді қамтиды. Кезең ішіндегі пайда табыс бойынша дивидендтер мен салықтарды, сондай-ақ кезең соңындағы таза активтердің кезең басындағы таза активтерден асып кетуін қамтиды. Бизнес жұмыс істеп

тұрған кәсіпорын болса, оның пайдасы нақты фактімен емес, бағалаумен анықталады. Тек бизнес жойылғаннан кейін ғана және оның активтері ақшаға айналдырылғанда, пайданы объектив бағалауға болады. Оған дейін заттай және қаржылай активтерді, әсіресе олар ликвид нарықтарда айналмаса, сондай-ақ несиелі клиенттердің қарызының сапасына қатысты бағалау қажет. АРТЫҚ ПАЙДА; ЖАЛПЫ ПАЙДА; МОНОПОЛИЯЛЫҚ ПАЙДА; ТАЗА ПАЙДА; ҚАЛЫПТЫ ПАЙДА; САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА; АСА ҚАЛЫПТЫ ПАЙДА; ҮЛЕСТІРІЛМЕГЕН ПАЙДАНЫ *да қараңыз.*

пайда алу (profit-taking) Активтерді есептелген *капитал өсімін алу үшін сату. Кез келген активтің иесі оны ұстап тұру не сатуға шешім қабылдауы керек. Сату – капитал құнының өсуі, бұл *капитал өсімінен салық төлеуді білдіреді. Ұстап тұру баға төмендеп кетіп, соның салдарынан капитал өсімін сату мүлде мүмкін болмай қалу қатерін де қамтиды. Бұл нарықта сатылатын-сатылмайтынына қарамастан, мысалы, қорларға немесе арнайы келіссөзге қатысты. Пайданы қайдан алуды білу – *спекуляция өнерінің бөлігі.

пайда мен залал есебі (profit-and-loss account) Ұйымға кірген және жұмсалған қаражат туралы әдетте бір жылдық есеп. Есептің екі жағында несиелік операциялар мен активтерді қайта бағалау, сондай-ақ касса операциялары

және нақты активтердегі өзгерістер жа-тады. Жұмсалғаннан артық кірген та-быс – пайда, ал кірген табыстан артық жұмсалған қаражат – залал. Пайда мен залал есебі есептің өзге компонентте-рі – активтер мен міндеттемелерді бел-гілі бір күнге тіркейтін *баланс кесте-сіне қайшы келеді.

пайда мотиві (profit motive) Экономи-калық белсенділіктің негізі ретінде пайданы көздеу. Пайда мотиві фирма-лардың пайдасын барынша арттыруға тырысқанымен ғана емес, сонымен бір-ге ол қоғамға зиян келтіретін әрекет-тердің өзіншіл негіздемесін көрсету үшін кемсіту мағынасында қолданы-луы мүмкін. Экономикалық теорияда бәсекелес фирмалардың *Парето тиім-ділігі үшін қажет жағдайларды таңдау-ға кепілдік беретін пайдасы бар. Адам Смиттің (1723–1790) түсінігі мынада: *баға механизмі арқылы жеке шешім қабылдайтын таңдау да қоғамға тиімді.

пайда принципі (benefit principle) Мемлекеттің шығыны одан пайда кө-ретіндер есебінен өтелуге тиіс дейтін принцип. Бұл – *төлеуге қабілет қағи-дасына балама. Пайда принципі қол-даныс барысында бірқатар қиындыққа тап болады. Өзін-өзі қамтамасыз ету үшін табысы жоқ азаматтар мемлекет-тік қолдауды қажет ететін топтар қата-рына жатады. Анықтама бойынша пай-да принципі бұл жағдайға қолданыл-майды. Пайданы өлшеу әсіресе артық-шылықтары анық емес, ашық көрсетіл-меген *қоғам игілігі үшін өте қиын.

пайда туралы ескерту (profit warning) Компанияның нарыққа пайда күтіл-геннен төмен болуы мүмкін екенін хабарлауы.

пайдаға байланысты төлем (profit-related pay) Жалақы жүйесі жұмыс берушінің

пайдасына байланысты. Бұл әдетте жа-лақы мөлшерінің ұлғаюы немесе *бо-нустар ретінде пайда болғанда қосым-ша төлем түрінде болады. Бонустар жиі кездеседі, себебі пайда деңгейі үнемі өзгеріп отырады және әдетте-гі төлем алынғанша белгілі болмай-ды. Жұмыс берушілер пайда мен тө-лем қатынасы қызметкерлерге пай-дасын арттыруға, қызметкер тұрақта-мауын азайтуға және, тұтас алғанда, моральді жақсартуға мүмкіндік бере-ді деп үміттенеді. *Қатерден қашатын қызметкерлер кішігірім, бірақ қауіпсіз табысты қалауы мүмкін.

пайдадағы кері алшақтық (reverse yield gap) Мемлекет облигациялары қайта-рымының *қарапайым акциялар қай-тарымынан артық болуы. Бұл жоғары инфляция кезеңінде туындауы мүмкін, себебі инфляцияны өтеу үшін облига-циялар емес, қарапайым акциялар ка-питалдың өсуін қамтамасыз етеді деп күтіледі. Тұрақты баға кезеңдерінде пайдадағы алшақтық әдетте оң бола-ды: инвесторларға олардың салыстыр-малы қатерін өтеу үшін акциялардың үлкен пайдалылығы қажет.

пайдакүнемдік (mercantilism) XVI–XVIII ғасырларда танымал экономикалық теория, елдегі капиталды әл-ауқат-тың айқындаушы факторы ретінде қа-растырған. Бұл көзқарас дүниежүзілік саудадағы жалпы құндылық бекітіл-геніне байланысты болғанда, капитал ағындарын көбейтуге және осы мақсат-қа жету үшін *протекционизмді дамы-туға жәрдемдесуге арналған артық тө-лем балансын іздеу саясатын білдіреді.

пайдалылық (utility) 1. Жеке *әл-ауқат синонимі. Пайдалылықты тек жеке адамның бақыты ретінде немесе адам таңдау жасағанда неге сүйенетінін түсіндіретін экономист тұжырымы

ретінде неғұрлым функционалдык түрде түсіндіруге болады. XIX ғасыр экономистері еңбектерінің бірінші интерпретациясында пайдалылықты өлшеуге арналған құрылғы психологиялық зерттеулер нәтижесінде пайда болады деп болжалды. Бұл әлі іске асырылған жоқ, бірақ көбінесе ми қызметінің мониторингі неврология, психология және экономика салаларындағы бірлескен зерттеулердің бөлігі. Екінші интерпретацияда пайдалылық жеке тұлғаның пайдалылықты барынша арттыру үшін шешім қабылданатындай әрекет ететіні туралы дәлелге сүйеніп жеке таңдау моделін құру құралы ретінде қолданылады. Сондай-ақ ТҮБЕГЕЙЛІ ПАЙДАЛЫЛЫҚ; КҮТІЛЕТІН ПАЙДАЛЫЛЫҚ; ШЕКТІ ПАЙДАЛЫЛЫҚ; РЕТТІК ПАЙДАЛЫЛЫҚТЫ қараңыз.

2. Коммуналдық қызмет, яғни қоғамдық қызмет көрсету үшін инфрақұрылымға қызмет көрсететін және осы инфрақұрылымды пайдалана отырып қызмет көрсететін компания. Коммуналдық қызметке электр қуаты, су, газ және көлік кіреді.

пайдалылық мүмкіндіктері шегі (utility possibility frontier) Экономика мен технологияның қамтамасыз етілуін есепке ала отырып, экономикадағы тұтынушылар үшін пайдалылықтың барынша қол жеткізуге болатын деңгейлері. Пайдалылық мүмкіндіктері шегі әр *Парето тиімділігі бойынша таралуды қабылдау және тұтынушылардың пайдалылық деңгейін құру жолымен қалыптасуы мүмкін. Таралудың өзгеруі шекараны бақылайды. Шекарадан төмен нүктеде Парето тиімділігі жоқ. *Әлеуметтік оптимум – таңдалған *әлеуметтік қамсыздандыру функциясын барынша арттыратын шекарадағы нүкте.

пайдалылық функциясы (utility function) Жеке адамның *пайдалылығын нақты

бағалау немесе экономист жеке адам *қалауын түсіндіруге қолданатын функция. Адам пайдалылық функциясының көмегімен әртүрлі нәтижелердің пайдалылығын бағалай алмауына себеп жоқ. Олай болса, бірінші түсіндірме қолданылады. «Жеке тұлға» сөзін ұйым ретінде кеңінен түсіндіруге болады және ұйым шешім қабылдау процесін басқару үшін пайдалылық функциясын қолданады. Экономистер математикалық талдау жүргізуге мүмкіндік беретін қалауды ыңғайлы ұсыну үшін пайдалылық функциясын пайдаланады. Пайдалылық функциясының мәні у тұтыну пакетіне қарағанда, x тұтыну пакеті үшін жоғары болса және x пакеті ғана у тұтыну бумасына қарағанда артығырақ жиынтығын білдіреді. Олар ұсынатын пайдалылық функциясы бар екенін қамтамасыз ету үшін қалауға қойылған шектеулер өте әлсіз. Сонымен қатар рационал ойлайтын жеке адам пайдалылық функциясын максималдайтындай әрекет етеді. Сондай-ақ ЖАНАМА ПАЙДАЛЫЛЫҚ ФУНКЦИЯСЫ; ПАЙДАЛЫЛЫҚТЫҢ АЖЫРАТЫЛАТЫН ФУНКЦИЯСЫН қараңыз.

пайдалылықты барынша арттыру (utility maximization) Адам қалауы барынша арттыруға ұмтылатын *пайдалылық функциясы ұсынуы мүмкін деп тұжырымдайтын таңдауды модельдеу әдісі. Қатер жағдайында таңдау жасауда негізгі мақсат – *күтілетін пайдалылықты барынша арттыру. Пайдалылықты барынша арттыру жекелеген тұтынушыларды, ұйымдарды және үкіметтерді модельдеу үшін (пайдалылық функциясын *әлеуметтік қамсыздандыру функциясымен алмастыру жолымен) пайдаланылуы мүмкін. Пайдалылықты барынша арттыру бүкіл экономикада кеңінен қолданылады және таңдау теориясын формалдауға негіз болады.

пайдалылықтың ажыратылатын функциясы (separable utility function) Пайдалылық функциясын былайша жазуға болса, ол ажыратылатын болады:

$$u = U(v_1(x^1), v_2(x^2), \dots, v_m(x^m))$$

мұндағы x^1, \dots, x^m қол жеткізуге болатын өнім бөлімін құрайды (үш тауар бар деп есептейік және i тауарын тұтынуды x_i арқылы белгілейміз, $i=1, 2, 3$). Сонда $x^1 = (x_1, x_2)$, $x^2 = (x_3)$ бөлімнің мысалы болады. x^j -дегі кез келген екі тауар арасындағы алмастырудың шекті нормасы x^j -де жоқ кез келген тауарды тұтыну деңгейіне байланысты емес дегенді білдіреді. Тұтынушының ажыратылатын қалауы болса, онда x^j -дегі тауарға сұраныс x^j -дегі барлық тауарларға бөлінетін шығын мен x^j -дегі тауарлардың бағасына тәуелді болады. Бұл екі кезеңді бюджеттеу формасы: тұтынушы алдымен тауардың әр санатына (яғни бөлімнің әр элементіне) қанша жұмсайтынын шешеді, содан кейін шығынын санат ішіндегі тауарлар арасында бөледі. Мына жағдайда пайдалылық функциясы қосымша ажыратылады:

$$u = v_1(x^1) + v_2(x^2) + \dots + v_m(x^m).$$

Бұл – ажыратылудың ерекше жағдайы. Аддитив ажыратымдық көбінесе түрлі уақыт кезеңдеріндегі тұтынудан тыс қалауды білдіру үшін қолданылады.

пайданы барынша арттыру (profit maximization) Бизнесітегі ең үлкен пайда алу акті. Экономикалық теорияда фирманың іс-әрекеттері пайданы барынша арттыруды мақсат етеді деп саналады. Бұл бәсекелі нарықтарда жұмыс істейтін фирмаларға, сондай-ақ нарықта билігі бар фирмаларға да қатысты. Бұл сценарий фирманың бақылауындағы айнымалыларға және басқа

фирмалармен *стратегиялық өзара әрекеттесу формасына байланысты ерекшеленеді. Фирмалар өз акционерлерінің мүддесін өтеу үшін жұмыс істесе, пайданы барынша арттыру болжамын ақтайды: акция бағасы пайда ағынының дисконтталған құнына тең. Фирмадағы меншік пен басқару арасындағы айырмашылық *агент проблемасын тудырса, онда пайданы барынша арттыру фирманың мақсаты бола алмайды.

пайданы бөлісу (profit-sharing) Қызметкерлерге компания пайдасына үлес беру. Мұны пайдаға қарай төлеу немесе қызметкерлерге акция не жеңілдікті шарттармен акция таңдауын бере отырып, акционер болуға мүмкіндік беру арқылы жүзеге асыруға болады. Пайданы бөлісу компания қызметкерлерінің мүддесіне байланысты мотивацияны арттырады. Ол өзге қызметкерлерге қарағанда менеджментке қатысты көбірек қолданылады, бұған себеп – менеджерлер өзге қызметкерлерден гөрі пайдалылыққа көбірек ықпал ететіні болса керек, оның үстіне бұл *қатерді азайтады; сондықтан пайданы бөлісуді ынталандыру тәсімі оларға тартымдырақ болады.

пайданы бөлісу келісімі (profit-sharing arrangement) Бизнесітегі пайданы бөлісу жөнінде екі немесе одан көп тараптың арасындағы ресми келісім. Тараптар іскери серіктес немесе кәсіпкер және қаржы провайдері бола алады.

пайданы бірлесіп арттыру (joint profit maximization) МӘМІЛЕНІ қараңыз.

пайдасыздық (disutility) «Жаманды» тұтынудан пайдалылықтың жоғалуы. Мысалы, бос уақыттан туындайтын пайдалылық еңбектен туындайтын пайдасыздықпен өзара алмасады.

пайыз (interest) Негізгі қарыз сомасына қосымша төлем. Пайыздық мөлшерлеме әдетте несие бірлігіне қосымша жылдық мөлшерлеме ретінде есептелетін төлем. Пайыз қосылған бағалы қағаз иесіне пайыз әкеледі; кейбір пайыздық несиелер ақша орнына жүреді. Пайыздық төлемдерді қарыз алушылар кредиторларға береді. Қарапайым пайыз пайыздар іс жүзінде төленбесе, әр кезеңге несие берушіге қосылады, онда қосылған сома әр кезең үшін бірдей. Күрделі пайыз қайтадан кредиторға сыйақы төленбесе, әр кезең үшін қарызға қосылатын сома жинақталған борыштың сол пайыздық мөлшерлемесін білдіреді: осылайша күрделі пайыздар алдыңғы пайыздың үстіне есептеледі. Пайыздық мөлшерлемелерді сұрату бойынша өтелетін мерзімнен бастап кез келген кезеңге несие бойынша табуға болады. Бес жылға дейінгі несиелер бойынша мөлшерлеме әдетте қысқамерзімді, 5 жылдан 15 жылға дейінгі қарыздар бойынша ортамерзімді және мерзімі 15 жылдан астам қарыздар бойынша мөлшерлемелер ұзақмерзімді деп аталады; бірақ бұлардың қолданылуы біркелкі емес. Пайыздық мөлшерлемелер әдетте номинал түрде көрсетіледі. *Нақты пайыздық мөлшерлеме – инфляцияға қарай түзетілген кез келген кезең үшін номинал пайыздық мөлшерлеме. Сондай-ақ КҮРДЕЛІ ПАЙЫЗ; ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ; ҚАРАПАЙЫМ ПАЙЫЗДЫ ҚАРАҢЫЗ.

пайыз алмасу операциялары (interest-rate swaps) Екі қаржы мекемесі пайыздық төлемдердің бір ағынын екіншісіне айырбастау операциялары. *Алмасу операциялары бекітілген мөлшерлеме мен өзгермелі мөлшерлеме қарызы немесе түрлі валюталарда көрсетілген қарыздар арасында болуы мүмкін.

пайыздарды теңестіретін салық (interest equalization tax) Америка Құрама Штаттарындағы шетелден алынған қарызға салынатын АҚШ салығы. 1963 жылы енгізілген және 1974 жылы жойылған, ол АҚШ-тан капиталдың сыртқа ағуын азайтуға арналған.

пайыздық мөлшерлеме (interest rate) ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ; ТАБИҒИ ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ; ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ; НАҚТЫ ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ; ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕНІҢ УАҚЫТША ҚҰРЫЛЫМЫН ҚАРАҢЫЗ.

пайыздық мөлшерлеме (rate of interest) Кредит үлесі түрінде көрсетілген қаржы капитал несиесі үшін төлем. Қарыз алушы әдетте кредиторға несие берілген сомадан артық төлеуге міндетті. Несие бойынша төлемдердің асып кетуі – пайыз ауыртпалығы. Пайыздық мөлшерлеме – несие үлесі ретінде көрсетілген белгілі бір уақыт кезеңі үшін төлем сомасы. Мысалы, 100£ мөлшеріндегі несие екі жылға берілсе және жылына 10£ мөлшерінде пайыз есептелсе, жылына пайыз мөлшерлемесі $10/100 = 0,1$ құрайды. Әдетте пайыздық мөлшерлеме жылдық мөлшерлеме түрінде көрсетіледі, бірақ ол сондай-ақ жартыжылдық, айлық, апталық, күнделікті немесе тіпті үздіксіз болуы мүмкін. Несие міндетті түрде өтелсе, таза пайыздық мөлшерлеме кредиторға өтімділік шығынын өтейді. Несие өтелуге міндетті болмаса, пайыздық мөлшерлеме таза пайыз мөлшерлемесіне қарағанда жоғары, себебі ол несие берушіге дефолт нәтижесінде жоғалтқанының жартысын қайтару үшін *дефолт сыйақысын және *қатерден қашатын несие берушіге мұндай шығын қаншалықты үлкен болатыны туралы белгісіздік үшін төленетін *қатер сый-

ақысын қамтиды. Сондай-ақ КҮРДЕЛІ ПАЙЫЗДЫ қараңыз.

пайыздық мөлшерлеме фьючерстері (interest-rate futures) Келісімшарт бойынша төлем пайыздық мөлшерлеме бойынша анықталатын қаржылай фьючерс формасы. Бұл фьючерстер хеджирлеуге, яғни қатерді азайтуға немесе болжалды табыс алу үшін қосымша қатерлерді алып тастауға пайдаланылуы мүмкін. Пайыздық мөлшерлеме фьючерстері Ұлыбританияның *Лондондағы халықаралық қаржы фьючерстері мен Опцион биржасында сатылады.

пайыздық мөлшерлеменің мерзімдік құрылымы (term structure of interest rates) Қаржылай бағалы қағаздармен төленетін пайыздық мөлшерлемелері мен бағалы қағаздарды *өтеу мерзімі арасындағы қатынас. Мерзімдік құрылым әдетте жоғары көлбейді, сондықтан өтеу мерзімі ұзақ бағалы қағаздарға жоғары пайыздық мөлшерлеме төленеді. Орташа алғанда, пайыздық мөлшерлеменің құлдырауы күтілсе, бұл көлбеу кері айналуы мүмкін.

пайыздық төлемдер (interest payments) Несие бойынша сыйақы төлеу. Олар жеке тұлғаларға, фирмаларға немесе үкіметке байланысты болуы мүмкін. Көп жағдайда жеке пайыздық төлемдерге салық салынбайды, мысалы, АҚШ-тағы ипотекалық несиелер бойынша пайыздарға қатысты кейбір ерекшеліктер бар. Фирмалардың пайыздық төлемдері жалпы пайда алу үшін коммерциялық пайдадан алып тасталуы, ал алынған пайыздар қосылуға тиіс. Үкіметтің пайыздық төлемдері – мемлекеттік шығынның маңызды бөлігі, әсіресе мемлекеттің қарызының *жалпы ішкі өнімге қатынасы жоғары елдерде.

панельдік деректер (panel data) Деректер жеке бірліктер сериясы үшін бірнеше уақыт кезеңі ішінде жиналады. Уақыт белдеуінің барлық ескертулері көлденең қиманың барлық бөліктері үшін қолжетімді болса, панельдік деректер жиынтығы теңгерілген саналады; әйтпесе, теңгерілген саналмайды. Жиі қолданылатын панельдік деректерді талдау әдістері: *біріктірілген ең кіші квадраттар, *тіркелген әсерлер және *кездейсоқ әсерлер. Уақыт қатарлары мен көлденең қимылдарды біріктіретін барлық емес деректер жиынтығы панельді сипаттайды; мысалы, әртүрлі үй шаруашылықтары, әртүрлі толқындарда сауалнама жүргізілген үй шаруашылықтарын зерттеу, тікелей айтқанда, панельдік емес.

Панчайати Радж (Panchayati Raj) Үндістандағы өзін-өзі басқаруға сүйенетін жергілікті әкімшілік жүйесі. Жүйе жергілікті билік органдарына қатысуды ұлғайту арқылы ауылдық жерлерді дамыту бағдарламаларын жүзеге асыруда орталық рөлді атқарады. Атауы «бес топ» дегенді білдіретін, Оңтүстік Азиядағы ақсақалдар ауылдық жерлердегі дауларды шешудің дәстүрлі органы. www.panchayat.gov.in – Үндістандағы Панчайати Радж министрлігінің ресми сайты.

параметр (parameter) Экономикалық модельдегі, шешімді қабылдау процесінде экономикалық агент қабылдайтын мөлшер. Кез келген параметрдің кішігірім өзгерісіне жауап ретінде нәтиженің өзгеруі *салыстырмалы статика тәсілімен талданады.

параметрлік емес регрессия (non-parametric regression) Түсіндірме айнымалыға қызығушылық айнымалыларының тәуелділігі қандай да бір функционалдық форманы қабылдаусыз

бағаланатын және деректермен толығымен анықталған деректерді сандық талдау құралы. Белгіленген нүктеде тәуелді айнымалы мәннің болжамды мәні осы нүктенің белгілі бір төңірегінен оның мәндерін жұмсарту арқылы бағаланады. Бұл әдіс *сызықтық немесе *сызықтық емес регрессиямен салыстырғанда үлкен икемділікті қамтамасыз етеді, бірақ үлкен көлемдегі деректер мен қарқынды есептеулерді талап етеді. Сондай-ақ ЯДРОЛЫҚ РЕГРЕССИЯНЫ қараңыз.

параметрлік емес статистика (non-parametric statistics) Статистикалық емес модельдерге қатысты статистика саласы. Параметрлік емес модельдерде құрылым құрылымы кез келген нақты функционалдық формада болмай, деректерден анықталады. Мысалы, гистограмма – ықтималдық таралуының параметрлік емес бағалануы. Параметрлік емес модельдер де таратылымсыз немесе параметрлері жоқ деп аталады.

Парето әсері (Pareto efficient) Термин *Парето тиімділігі үшін қажет жағдайларды қанағаттандыратын бөлуді сипаттау үшін қолданылады. Парето тиімділігін пайдалану стандарт болғаны сонша – бөлуді квалификаторсыз «тиімді» деп сипаттаудың өзі Парето тиімділігін білдіреді.

Парето заңы (80–20 заңы, өмірлік маңызы бар нәрселер заңы) (Pareto law) Заңда салдардың 80 пайызына себептердің 20 пайызы арқылы қол жеткізілетіні айтылады. Заң экономист Вильфредо Паретоның (1848–1923 жылдары) Италиядағы жердің 80 пайызы халықтың 20 пайызына иелік етеді деген байқауына сүйенеді. Парето заңының кең әлеуметтік-экономикалық қолданылуы бар делінеді. Парето заңы

практикалық тұрғыдан былай түсіндіріледі: белгілі бір шектен кейін жағдайды жақсартудың шекті шығыны тым қымбатқа түседі.

Парето таралуы (Pareto distribution) Формалардағы үздіксіз таралу:

$$f(x) = \beta \alpha^\beta / (x^{\beta+1})$$

$\alpha < x < \infty$ және $\alpha > 0, \beta > 0$ үшін. Ол көбінесе халық арасында байлықтың таралуын модельдеу үшін қолданылады; бұл жағдайда β Парето индексі деп аталады және $G = 1/(2\beta - 1)$, *Джини коэффициентіне кері байланысты, осылайша β шамасы аз теңсіздікке сәйкес келеді. Парето таралуының орташа мәні $\beta > 1$ болса және $\beta > 2$ болса, онда соңғы вариация болады.

Парето тиімділігі (Pareto efficiency) Экономикадағы үлестіру үшін тиімділік формасы. Қандай да бір экономикалық агенттің әл-ауқатын кемітпей, өзге экономикалық агенттің әл-ауқатын арттыра отырып қайта үлестіру мүмкін болмаса, қайта үлестіру *Парето тиімділігі деп аталады. Парето тиімділігі тұжырымы сауда-саттық, саудаласу, стратегиялық өзара әрекеттесу немесе үкіметтің араласуы нәтижесінде туындайтынына қарамастан, кез келген экономикалық таралуда қолданылуы мүмкін. Әл-ауқат экономикасының бірінші теоремасы *бәсекелік экономиканың тепендігі Парето бойынша тиімді дейді. Бұл көбінесе тұтыну тиімділігі (тұтынушылар арасындағы тауар тарту), өндіріс (фирмалар арасында ресурс бөлу) және өнім қоспасы (фирмалардың шығым құрылымы) тұрғысынан түсіндіріледі. *Асимметриялық ақпарат бар болса, саудаласу нәтижесі Парето бойынша тиімді болуы міндетті емес, бірақ Парето тиімділігі әдетте жақсы саудаласу механизмінің сипаты ретінде анықталады. Стратегиялық

ойында *Нэш тепе-теңдігі де Парето бойынша тиімді болуы шарт емес. Бұл жеке және әлеуметтік ұтымдылық арасындағы қақтығыс салдарынан *тұтқындар дилеммасы сияқты ойындарда болады. Айта кетері, тіпті тепе-теңдік Парето тиімділігі болса да, ол әділ болмайды.

Париж клубы (Paris Club) ҮЛКЕН ОНДЫҚТЫ қараңыз.

парник газдары (greenhouse gases) Жер атмосферасындағы газдар (көміртегі диоксиді (CO_2), метан (CH_4), азот тотығы (NO), перфторкөміртегілер (ПФК), гидрофторкөміртегілер (ГФК), хлорфторкөміртегілер (ХФК), күкірт гексафториді (SF_6) және су буы (H_2O)). Олар жер бетінен шағылысқан күн сәулесінің бір бөлігін сіңіреді және атмосферада жылуды ұстайды; бұл парник әсері деп аталады. парник газдары концентрациясының артуы жердің орташа температурасының жоғарылауына немесе *жаһандық жылынуға алып келуі мүмкін. Климат жүйесінің табиғи түрде өзгеруіне және парник газдары шығарындыларына реакциясына қатысты белгісіздікті ескере отырып, кез келген байқалатын өзгерістердің қай бөлігін адам қызметіне жатқызуға болатынын анықтау қиын.

патент (patent) Өнертапқыштарға экс-клюдив құқық беру арқылы *өнертабысты көтермелеу және марапаттауға арналған заң құралы. Көп елде жаңа өнім немесе процестің авторы патент алуға өтініш беріп, өнім шығаруға немесе бірнеше жыл бойы процесті пайдалануға айрықша құқық алады. Бұл құқықты өз бизнесі аясында немесе басқа пайдаланушыларға лицензия беру арқылы жүзеге асыруға болады. Патент монополиялық билікке пайда алу ағыны жеткілікті болатынын ескеріп,

инноваторды марапаттап, жаңа өнертабыстардың туындауына ынталандырушы күш береді. Патенттер беру монополияның статикалық тиімсіздігін инновацияны арттырудың динамикалық пайдасына өзгертеді.

патернализм (paternalism) Адамдардың іс-әрекетін бақылап, олардың игілігі үшін көп қалауын болдырмайтын заңдар мен саясаттың пайдасына деген көзқарас. Мысалға, орталықтан жоспарлауды атауға болады, оның пайдалылығы немесе әл-ауқат функциясы, жеке агенттердің пайдалылық деңгейіне емес, шешімдерінің айнымалыларына байланысты. *Ұрпақтар тоғысындағы экономикада кезінде ата-ананың патерналистік альтруизмі, мысалы, оның функциясында ұрпағының пайдалы деңгейін емес, тұтырудың пайдасы немесе оның ұрпақтарының табысын қосу арқылы модельденеді; соңғы ұстаным – бейпатерналистік альтруизм.

периферия (periphery) Байланыссыз және оның гүлденуіне кедергі келтіретін шағын тұрғындары бар экономиканың шалғай ауданы. Периферия коммуникациясы жақсы және халық тығыз орналасқан *орталық аймақтардан ерекшеленеді. Шеткі аймақтардағы нашар жағдайлар шетелге *көші-қон туғызады және инвестицияны тоқтатады, бұл саяси араласуды өтемеген жағдайда шеткі және орталық арасындағы айырмашылықты арттырады. Кішігірім топтар сондай-ақ шеткі аймақтарға дауыс беру құқығын береді, бұл мемлекеттік саясаттың негізгі қажеттіліктерден гөрі, шеткі емес екеніне жауапты етеді.

перспектива теориясы (prospect theory) *Қатер бар жағдайдағы таңдау теориясы. Перспектива теориясы адамдар болу ықтималдығы төмен нәтижелерге

көбірек салмақ беріп, аз пайдадан гөрі, аз шығынға мән беретінін эмпирикалық жолмен бақылаған. Перспектива теориясы бойынша өтемақы функциясы залал үшін дөңес және пайда үшін ойыс, ал залал мен пайда қалау нүктесіне қатысты өлшенеді. Перспектива теориясы – *күтілетін пайдалылық теориясына балама.

песо дағдарысы (peso crisis) (Мексика песосы дағдарысы, текила дағдарысы) (Mexican peso crisis, Tequilla crisis) Мексикадағы қаржы дағдарысы 1994 жылы желтоқсанда песо АҚШ долларына қатысты 50 пайызға жуық құнсыздануынан басталды. Бұдан кейін терең құлдырау болды: 1995 жылы ЖІӨ 6,2 пайызға төмендеді. АҚШ үкіметі ұйымдастырған және *Халықаралық валюта қоры басқаратын көмек пакеті арқылы экономика, негізінен, 1998 жылы қалпына келтірілді.

песо проблемасы (peso problem) Жоғары инфляция тарихы бар елдерде пайыздық мөлшерлемелердің шетелден жоғары болу тенденциясы байқалады. Бұл мәселе инфляция мен валютаның құнсыздануы практикасында пайда болады, болашақта бірдей болатыны күтіледі. Тіпті мұндай мемлекет баға деңгейін және валюта бағамын тұрақтандыруға тырысса да, нарықтағы болжамдар осы жаңа тұрақтылыққа бейімделмейінше, пайыздық мөлшерлеме тұрақты валютасы бар елдерге қарағанда жоғары болады. Пайыздық сыйақы ішкі және шетелдік инвесторларға тұрақтылықты қамтамасыз етпейтін, валюта пайда болу кезінде пайда болатын қатерге өтемақы төлеу үшін қажет. «Песо проблемасы» Мексикамен байланыстырылады, бірақ көптеген басқа ел, соның ішінде Ұлыбритания сол проблемадан зардап шекті.

Пигу әсері (Pigou effect) Бағаның төмендеуі нақты байлықты және жиынтық сұранысты арттырады деген уәж (*нақты баланстың әсері). Пигу әсері күрт құлдырау кезінде баға шұғыл төмендесе, нақты баланс әсерінің нәтижесінде толық жұмыспен қамту қалпына келеді дейді. Бұл аргументке қатысты бірнеше кемшілік бар. Ақшалай қарызы бар экономикада бағаның айтарлықтай төмендеуі фирмалардың көбінің төлеу қабілетіне нұқсан келтіруі және кейбір қаржы институттарының күйреуіне әкелуі мүмкін. Мінсіз икемді баға мен жалақы экономикадағы нақты тұрақтылықты қамтамасыз ете алады, алайда баға мен жалақы біртіндеп төмендеп кетсе, кейінгі құлдыраудың болашағы нақты шығынға кері әсерін тигізетін *өтімділік тұзағын тудырады, сондықтан баға мен жалақы икемділігін арттырудың көтерудің қысқамерзімді салдары дағдарысты күшейтеді.

Пигу салығы (Pigouvian tax) Тауарды өндіру немесе тұтынудың *сыртқы салдары кезінде *нарықтағы сәтсіздіктерді түзету үшін алынатын салық. Теріс сыртқы салдардың тиімділігін арттыру үшін оң Пигу салығы талап етіледі; оң сыртқы салдарға қатысты – керісінше. *Кептеліс алымдары және *лас су төккені үшін алынатын төлемдер – Пигу салықтары.

пикет (picketing) Ереуілшілер жұмыс орындарынан тыс жерде жұмыс істейтін *ереуілдер кезінде басқа да қызметкерлерге дау-жанжал болып жатқанын хабарлау үшін және басқа қызметкерлерді, жеткізушілер мен клиенттерді пикет сызығын өтуге ынталандыруға тырысады. Нақты пикеттер бейбіт демонстрациядан бастап, өз жұмыс орнынан тысқары ереуілшілерге дейін, фирмалардағы ереуілге қатыспаған адамдардың көпшілігін

зорлық-зомбылықпен қорқыту («жанама пикет») жатады. Ұлыбритания заңында жанама пикетке тыйым салынады, пикет саны алтыдан асып кетсе, сотқа шағымдануға болады.

пирамида схемасы (pyramid scheme) Инвесторларға жоғары қайтарым мөлшерлемесі ұсынылатын, бірақ ол нақты өндіріс немесе инвестициялық қызметтен емес, осы жоғары мөлшерлеменен тартылған жаңа мүшелер есебінен төленетін қаржы пирамидасы. Мұндай схемалар шын мәнінде алаяқтық; олар уәде етілген қайтарымды қатысушылардың жалпы саны жеткілікті жылдам өссе ғана төлей алады, ал жаңа кірушілер саны азайса, олар өз міндеттемесін орындай алмайды.

Плаза келісімі (Plaza Accord) АҚШ долларының құнсыздануына бағытталған экономикалық саясат туралы халықаралық келісім. Келісімге 1985 жылы Нью-Йорктегі Plaza қонақүйінде Франция, Жапония, Ұлыбритания, АҚШ және Батыс Германия үкіметтері қол қойды. Келісімнің мақсаты АҚШ-тың ағымдағы шотындағы дефицитті төмендету, оның экспортын арзандатып, құлдырауды тоқтату болды. Екі жылдан кейін АҚШ долларының құны неміс маркасына және жапон иеніне қарсы 50 пайыздан астамы төмендеді. Кейінгі келісім, Лувр келісіміне, АҚШ-қа АҚШ долларын тұрақтандыру және одан әрі бақыланбайтын құлдырауына жол бермеу үшін Канадада 1987 жылы қосылған елдер қол қойған.

позитив іс-әрекет (affirmative action) Жұмыспен қамту және білім беру саласында барлық адамдарға тең мүмкіндік беруге бағытталған қағидат. Ол ұйымда мақсатқа жету жолында нәсіл, этнос, дін, гендер және жыныстық бағдарлану белгісі бойынша кемсітуге жол

бермейді. Уақыт өте келе, кәсіпорын немесе мекеме өз қызметкерлерін немесе студенттерін жинайтын түрлі топтардың болуы құптарлық іс болуы қажет.

позитив экономика (positive economics) Экономикадағы процестерді сипаттайтын және түсіндіретін, институттың немесе саяси өзгерістердің нәтижелерін құндылықтарды бағалаусыз болжайтын сала. Позитив экономика «не болуы керек» емес, «нені білдіреді» деп сипатталады. Сондай-ақ **НОРМАТИВ ЭКОНОМИКАНЫ қараңыз.**

позиция (position) Ұзын ПОЗИЦИЯ; АШЫҚ ПОЗИЦИЯ; ҚЫСҚА ПОЗИЦИЯНЫ *қараңыз.*

позициялық тауар (positional good) Өнім тұтынушы үшін басқа тұтынушылардың өтініші бойынша немесе тұтынылатын өнімнің басқа тұтынушыларының сұрауы бойынша, өнімнің бағалануына немесе орнына байланысты. Әлеуметтік мәртебесі, салтанатты демалыс немесе беделді университеттің дипломы позициялық тауарлардың мысалдары болып саналады.

позицияны жабу (unwind) Инвестициялық позицияны жабу. Мысалы, активті сатуға *фьючерс келісімшарт жасасқан инвестор кері мәміле: активті сатып алуға фьючерс келісімшарт жасай отырып позицияны тарқатады. Содан кейін екі позиция жойылады және инвестор нөлдік таза позиция алады.

полярлау (polarization) 1. Төмен деңгейде және ақы төленетін жұмыс орындарымен салыстырғанда орташа білікті талап ететін жұмыс орындарының саны азаюын білдіретін термин. Америка Құрама Штаттарында полярлау басқа елдердегі өндіріс көлемінің артуына байланысты өсті және табыс теңсіздігіне ықпал етті.

2. Британ бағалы қағаздар және инвестициялар кеңесі ұсынған ереже: банктер мен құрылыс қоғамдары сияқты органдар *өмірді сақтандыру және *пай қорлары бойынша барлық тәуелсіз консультация таңдайды немесе өнімдерді тек бір компанияға сатуға шектейді. Бұл ұсыныс шын мәнінде тәуелсіз болғанын немесе тұтынушылар бұл жағдайдың жоқ екенін білуді көздеді.

Понци схемасы (Ponzi scheme) Қазіргі инвесторларды олардың өз инвестициясын немесе кейінгі инвесторлардың қаражатын пайдаланып өтеп алуға тырысатын жалған инвестициялық схема. Понци схемасы инвесторларды балама инвестициямен салыстырғанда артық шығатын ықтимал қайтарыммен тартады. Ұсынылған қайтарымды тек жаңа инвестиция ағыны жеткілікті үлкен болған жағдайда ғана төлеуге болады. Бұл ұзақмерзімді перспективада тұрақты қолданылуы мүмкін емес болғандықтан, Понци схемасы құлайтыны сөзсіз. Бернард *Мадофф басқарған Понци схемасы шамамен 18 миллиард доллар жоғалтты.

портатив зейнетақы (portable pension)

*Зейнетақы құқығын жоғалтпастан жұмыс берушіні ауыстыруға мүмкіндік беретін *кәсіби зейнетақы. Зейнетақы қызметкер фирмдан шыққан кезде екі жолмен тасымалдануы мүмкін. Мұның бір түрі – қызметкердің *зейнет жасына жеткенше зейнетақы қорында бұрынғы жұмыс берушінің зейнетақы қорында жұмыс істейтін қызметкердің жинақталған зейнетақы жарналарын төлеуі. Тағы бір әдіс – бұрынғы жұмыс берушіге бекітілген зейнетақы құқығының дисконтталған құнын жаңа жұмыс берушінің зейнетақы қорына немесе кез келген жұмыс берушіге тәуелсіз сақтандыру компаниясы басқаратын жеке зейнетақы жоспарына

теңестірілген жиынтық капитал сомасын аудару.

портфель (portfolio) Жеке тұлғаға немесе фирмаға тиесілі әртүрлі *активтер жиынтығы. Әртүрлі активтер бірнеше себеп бойынша активтердің бір түрінен жақсырақ болуы мүмкін. Әртүрлі активтерді иелену қатерді азайтуы мүмкін және табысы жоғары, бірақ *өтімділігі төмен кейбір активтерді табысы төмен, бірақ өтімділігі жоғары активтермен біріктіруге мүмкіндік береді. Үлкен мекемелер түрлі активтер иеленуі мүмкін, өйткені кейбір тартымды активтер олардың барлық қаражатын игеру үшін жеткіліксіз немесе олар бірде-бір активке инвестиция жасаған болса, нарыққа қарағанда оларды иелену тым үлкен болар еді. **НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ; ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ПОРТФЕЛІН де қараңыз.**

портфель таңдау (portfolio selection) Кез келген байлық қорынан максимал күтілетін пайда алу үшін түрлі активтер пропорциясын таңдау. Таңдалған пропорция түрлі активтер сипатына және оларға иелік ететін адамның немесе мекеменің мақсаттарына байланысты болады. Активтер олардың *қайтарымы мен қатеріне қарай ерекшеленеді. Күтілетін қайтарым *вариациясы және *ковариациясы көбінесе портфельді таңдағанда пайдаланылады, бірақ бұл қатердің жалғыз ықтимал өлшемі емес. Қатердің тиіс өлшемі ретінде вариация қолданылса, кез келген күтілетін орташа қайтарымымен қолжетімді вариация немесе вариацияның кез келген деңгейін қабылдайтын максимал қайтарым беретін портфель тиімді саналады. Әртүрлі бағалы қағаздар бойынша қайтарым толық корреляция болмағандықтан, портфельдің қайтарым вариациясы әртүрлі бағалы қағаздарды ұстап тұру арқылы азайтылуы

мүмкін. Алайда шектелген санынан кейін шағын холдингтердің операция шығыны өсуі одан әрі әртараптандыру өтелмейтінін көрсетті. Активтердің тиімді портфельін таңдау инвестордың *қатерден қашу дәрежесіне байланысты. Жеке зейнеткер немесе зейнетақы қоры капитал құнының қысқамерзімді тербелістеріне аландамай, қауіпсіз кіріс үшін күшті артықшылық иеленуі мүмкін. Банк немесе басқа қаржы делдалдары тіпті айнаымалы кірістің есебінен, тұрақты капитал құны артықшылығына ие болуы мүмкін.

портфель теориясы (portfolio theory)

Қатері мен қайтарымды барынша қолайлы ұштастыруға қол жеткізу үшін портфельге жеке активтерді қалай таңдауға болатынын талдау. Портфель теориясы портфельге кіргенде жеке активтердің қайтарымы мен қатердің өзара әрекеттесуін зерттейді. Теорияның іргелі нәтижелері – портфель шегіні сипаттау (қатердің белгілі бір деңгейі үшін қайтарымды барынша арттыратын портфельдер жиынтығы) және ең аз вариациясы бар портфельді анықтау. Қатерден қашатын кез келген инвестор қатерден құтылу дәрежесіне сәйкес тиімді шектерден портфель таңдайды. Қатерден қашу дәрежесі неғұрлым жоғары болса, таңдалған портфель вариациясы ең төмен портфельге жақын болады. Сондай-ақ ОРТА-ВАРИАЦИЯЛЫ ҚАЛАУДЫ қараңыз.

поштадағы жинақтама қоры (Post Office Savings) «ҰЛТТЫҚ ЖИНАҚ» БӨЛІМІН қараңыз.

Пребиш тезисі (Prebisch thesis) Шикізат өнімдер мен өнеркәсіп тауарлары арасындағы сауда шарттары уақыт өте келе нашарлайды, сондықтан шикізат өнімдерін экспорттайтын елдер сауда шарттарындағы өзгерістердің

теріс әсерін болдырмау үшін өңдеуші өнеркәсібін жандандыруға тиіс дейтін тұжырым.

Президенттің экономикалық есебі (Economic Report of the President) АҚШ-тағы экономикалық жағдайды қарастыратын *Экономист кеңесшілер алқасының төрағасы жазатын жыл сайынғы баяндама.

преференциялардың жалпыланған жүйесі (Generalized System of Preferences) (GSP)

*Тарифтер және сауда жөніндегі бас келісім (қазіргі уақытта *Дүниежүзілік сауда ұйымы) мүшелерінің *нашар дамыған елдер нарығына экспорт тауарларын қалыпты деңгейден төмен тарифтермен жеткізуге арналған келісімі. GSP келісімдері түрлі Еуропа елдері мен Жапониямен 1971–1972 жылдары, Канада 1974 жылы және АҚШ-та 1976 жылы жасалды. GSP-дің тоқыма өнеркәсібі сияқты сезімтал секторларға қатысты әртүрлі ерекше шаралары болды және халықаралық саудаға ешқашан елеулі әсерін тигізбеді. Олардың құндылығы соңғы онжылдықта келісілген тарифті төмендету арқылы жойылды.

принципал (principal) 1. Өзінің агенті ретінде әрекет ету үшін басқа адамды жалдаған тұлға немесе фирма. Мысалы, жылжымайтын мүлік агентін үйді сатуға пайдаланатын адам – принципал; жылжымайтын мүлік агенті – агент. *Принципал-агент проблемасы агенттердің өз мүддесіне емес, бастығының мүддесіне сай әрекет етуіне байланысты туындауы мүмкін.

2. Қарыздың басында тартылған ақша сомасы. Қарыз алушы несие бойынша пайыз төлеуге міндетті және, ақыр соңында, негізгі соманы өтейді.

принципал-агент проблемасы (principal-agent problem) А адам В адамды А

адамның мүддесіне сай әрекет етуге ынталандыру проблемасы. *A* – агент және жұмыс беруші, ал *B* қызметкер болуы немесе принципал – акционер, ал агент – компания директоры болуы мүмкін. Проблема – агенттерді өзі тап болған фактілерді және өз әрекеттерін принципалға хабарлап отыруға және принципалға мүддесіне сай әрекет етуге ынталандыруда. Ынталандыруға бонус немесе сыйақы сияқты марапат, сондай-ақ айыпкердің мүддесі үшін әрекетсіздіктің төмендеуі немесе жұмыстан босатылуы сияқты айыппұлдар жатады. КОНТРАКТ ТЕОРИЯСЫ; МЕХАНИЗМ ДИЗАЙНЫН *да қараңыз.*

проблемалық активтер банкі (bad bank)

Нашар немесе *залалды активтерді сақтау үшін құрылған арнайы қаржы институты. Проблемалық активтер банкі құрудағы мақсат – басқа банктердің балансындағы проблемалық активтерді алып тастап, сол арқылы банктерге әдеттегі қызметіне оралуға мүмкіндік беру. Проблемалық активтер банкі қалыптастыру банк дағдарысының алдын алу әдісі ретінде қолданылады.

Проблемалық активтерге көмек көрсету бағдарламасы (Troubled Asset Relief Program)

2008 жылғы экономиканы төтенше түрде тұрақтандыру туралы Заңның құрамдас бөлігі болған АҚШ үкіметінің бағдарламасы. Бағдарлама АҚШ Қаржы министрлігіне мемлекеттің қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен өтімділігін жақсарту мақсатында 2008–2009 жылдары *қаржы дағдарысынан зардап шеккен қаржы мекемелерінен *ипотекалық бағалы қағаздарды және басқа да қаржы құралдарын сатып алуға өкілеттік берді.

прогрессив салық (progressive tax) Салық алынатын табыс салық салынатын

сомаға пропорционал емес болғанда немесе жүктеме төлеу қабілетіне барабар көбейеді. Ұлыбританиядағы *табыс салығы табысы төмендерге жеңілдік жасалуына, салық салынатын кірістің бірінші бөлігінің төмен мөлшерлемесіне және ең көп табыстың неғұрлым жоғары мөлшерлемесіне байланысты екі жағынан да прогрессив болды. Бұл құрылым типтік саналады. Екінші жағынан, *жанама салық кедей адамдар қарқынды тұтынатын тауарларға жеңілдік немесе төмен салық мөлшерлемелері болса, мысалы, Ұлыбританияда азық-түлікке қосылған құн салығы бойынша төмен және байлар көп тұтынатын люкс бұйымдарға жоғары тарифтер болса, прогрессив болуы мүмкін.

прокси айнымалы (proxy variable) Пайыздық мөлшерлеме айнымалысын тікелей өлшенуі мүмкін болмағанда соның орнына қолданылатын айнымалы. Мысалы, жан басына шаққандағы ЖІӨ өмір сүру деңгейінің көрсеткіші ретінде пайдаланылуы мүмкін. ЖАСЫРЫН АЙНЫМАЛЫНЫ *да қараңыз.*

пропорционал салық (proportional tax)

Алынған табыс салық салынатын сомаға пропорционал түрде көбейтілетін салық. Салық жүйесінің бірыңғай салық мөлшерлемесі болса және артықшылықтары болмаса, онда пропорционал болады.

проспект (prospectus) Жақында шығарылған *акцияларды немесе *дебен-тураны жұртшылыққа сатуға ниет білдірген компания берген құжат. Проспектіде мақсаттар, алдыңғы қаржы тарихы және кәсіпорынның капитал құрылымы туралы ақпарат болуы керек және пайда болжамы болуы мүмкін. Ұлыбританиядағы проспектілер Компаниялар тіркеушісіне берілуге

тиіс және проспектіде жалған талап қою үшін айыппұлдар бар.

протекционизм (protectionism) Отандық өндірістегі жұмыссыздықты немесе капиталдың жоғалуын болдырмау мақсатында халықаралық сауданы шектейтін саясат ішкі импортты дамытудың жекелеген түрлерін көтермелеу, отандық табысты үлестіруге ықпал ету немесе оның халықаралық монополиялық күші арқылы елдің сауда жағдайын жақсарту. ҚОРҒАНЫС ҚҰНЫ; ЖАҢА ПРОТЕКЦИОНИЗМДІ *да қараңыз.*

протекция шығыны (cost of protection) Экономика үшін протекционистік сауда саясатын қабылдаудың жалпы шығыны. Қысқамерзімді перспективада бұл арзан немесе сапалы импорттың орнына қымбат жергілікті өнімді сатып алуға жұмсалатын шығынды қамтиды. Бұл әдетте жергілікті өндірушілердің жеке пайдасын арттырады. Ұзақмерзімді перспективада протекционизмнің басқа да шығыны бар. Оларға импортпен бәсеке жоғына байланысты техникалық жақсартуға көңіл бөлмеу және бизнес қауқарын өндірісті жақсартудан гөрі *рента қуалайтын өндіріске жұмсау жатады. Қысқамерзімді перспективада протекция қорғалған өндірістік секторда жұмыспен қамтуды қамтамасыз ете алатынымен ұзақмерзімді перспективада ол елдегі жұмыссыздықтың табиғи деңгейін төмендетпей алмайды: ол жай ғана жұмыс күшін ықтимал экспорт саласынан импортпен бәсекелес салаларға аударады.

процентиль (percentile) КВАНТИЛЬДІ *қараңыз.*

Пруденциал реттеу басқармасы (ПРБ) (Prudential Regulation Authority) (PRA) Ұлыбританияның қаржы жүйесін пруденциал қадағалау мен реттеуге жауапты агенттік. 2012 жылы *Қаржы қатынастары жөніндегі орган *Қаржыны реттеу мен қадағалау басқармасының орнына құрды. ПРБ – *Англия банкінің еншілес ұйымы. Оның жарғылық мақсаттары банктердің, құрылыс қоғамдарының, кредиттік серіктестіктердің, сақтандырушылар мен инвестициялық фирмалардың қауіпсіздігі мен тұрақтылығын, сондай-ақ полис ұстаушылардың қорғалуын қамтамасыз ету ретінде тұжырымдалады. www.bank-of-england.co.uk – Англия банкінің веб беті.

пункция үлгісі (probit model) Регрессия функциясы кумулятивтік қалыпты бөлу функциясына сүйенетін *дискрет таңдау моделі.

пут-опцион (put option) Келісімшарттың бірінші кезегінде белгіленген баға бойынша кез келген келешекте тауарды, бағалы қағазды немесе валютаны сату құқығын беретін келісімшарт. Спот нарықтағы баға опцион бағасынан төмен болса ғана пут-опцион күні келгенде өтеледі; ал нарықтағы баға опцион бағасынан жоғары болса, онда оны спот нарығында сатып жіберген дұрыс. Пут-опционды өнімді ұстап тұруға мәжбүр болған адамның қатерін азайту үшін немесе нарықтағы төмен бағаны күтетін адам манипуляция жасау үшін қолдана алады.

Р

Радж лицензиясы (Licence Raj) Сондай-ақ Пермит Радж деп аталады. Үндістанда 1951 жылы жаппай жоспарланған индустрияландыру аясында қабылданған жеке секторды реттеуші «Өнеркәсіп салалары туралы (дамыту және реттеу)» туралы нормативтік актілер жүйесінің кемсітетін атауы. Осы жүйеге сәйкес өндірістік секторда жеке операциялар жүргізуге ресми лицензия талап етілді. 1980 жылдардың соңы, 1990 жылдардың басында Үндістан үкіметінің бастамасымен қолға алынған экономиканы либералдау реформасы барлық өнеркәсіп саласындағы лицензиялауды жойды.

рангке байланысты күтілетін пайдалылық теориясы (rank dependent expected utility theory) *Күтілетін пайдалылық теориясын жалпылау. Балама нәтижелер ең төменнен ең жоғарыға қарай сараланады, ал нәтижелердің ықтималдығы төмен экстремалдық нәтижелердің артуын қамтамасыз ететіндей болып өзгертіледі. Егер (x_1, \dots, x_n) ранжирленген нәтижелер және (p_1, \dots, p_n) олар орын алатын ықтималдықтар болса, онда рангке байланысты күтілетін пайдалылық функциясы

$$U = \sum_{i=1}^n w_i(p_1, \dots, p_n) U(x_i),$$

мұнда $w_i(p_1, \dots, p_n)$, $i = 1, \dots, n$ – үстемелі функциялары. Бұл конструкция үшін уәж – *Алле парадоксі мен басқа да ұқсас *ауытқуларда байқалған іріктелулерді түсіндіруге мүмкіндік беретін өтелу функциясын анықтау.

рангтер корреляциясы (rank correlation) СПИРМЕННИҢ РАНГТІК КОРРЕЛЯЦИЯ КОЭФИЦИЕНТІН *қараңыз.*

рандомдалған жауап (randomized response) Тиісті сезімтал топқа жататын халықтың белгісіз үлесін бағалау үшін пайдаланылатын сауалнама барысында сезімтал сұрақтарға шынайы жауап алу әдісі. Мысалы, зерттеуші тиым салынған есірткіні қолданатын студенттер үлесін аптасына кемінде бір рет бағалауға мүдделі. «Сіз аптасына кемінде бір рет тыйым салынған есірткі қолданасыз ба?» деген сұраққа «иә» немесе «жоқ» деген жауап бермес бұрын, іріктелген студенттер тиын лақтырып, бүк түссе, дұрыс жауап беруі керек; кері жағдайда тиын қалай түсетінін анықтай алмай, «иә» деп жауап береді. Сонда есірткі қолданбайтындардың шынайы үлесін бағалау «жоқ» деп жауап берген респонденттердің үлесінен екі есе артық болып шығады.

Раунд, келіссөз туры (Round) *Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім аясындағы 1986 жылы басталып, 1994 жылы аяқталған сауда келіссөзі раунды. Осы раунд барысында *ауыл шаруашылығын қорғауды шектеуге қатысты қарапайым шара атқаруға және жаңа *Қызмет саудасы жөніндегі бас келісім жасауға алғаш рет қол жеткізілді. Ол сондай-ақ тоқыма бұйымдарының халықаралық саудасы туралы *Талшықтардың көп түрі бойынша келісім реформасын және *зияткерлік

меншік құқығы туралы мәселені қамтыды.

рационал болжалдар (rational expectations) Модельге сәйкес келетін болжалдар оларды қалыптастыру кезінде пайдаланылатын экономика моделімен үйлесімді мінез-құлыққа алып келеді. Белгісіздік жағдайында рационал болжал нақты нәтижемен сәйкес келуі қажет емес (ол *мінсіз болжал емес), бірақ оны орташа есеппен қол жеткізуге болатын кез келген ақпаратты пайдалану арқылы жақсарту мүмкін емес. Ақпаратты алу және талдау шығынды қажет етпеген жағдайда рационал болжалдарды пайдалану жекелеген тұлғалардың, фирмалар мен үкіметтің, олар экономиканың қолда бар ең жақсы үлгісін қамти отырып, қолда бар барлық ақпаратты пайдаланбаса, пайдалылық тұрғысынан қарағанда пайда және саяси мақсатқа жету шығын алып келуі мүмкін деген дәлелге сүйенуі мүмкін. Ақпаратпен қамтамасыз ету және оған манипуляция жасау ресурс пен күш-жігер тұрғысынан қымбат болса, шығынға қарсы болжалдардың нақтылығымен сауда жасау ұтымды бола бастайды.

рационал немқұрайлық (rational ignorance) Ақпаратты қолданудың пайдасы оны алу шығынына қарағанда аз болады деп болжанғанда ақпарат алудан бас тартудың оңтайлы таңдауы.

рационалдау (rationalization) Тиімділігі мен пайдасына қарай өндірісті қайта ұйымдастыру. Ол әдетте шекті емес өзгерістерді қамтиды, мысалы, өндірісті бұрын шашыраңқы орналасқан аз зауыттар санына шоғырландыруға немесе бұрын шоғырланған жерлерінде шашыратып орналастыруға болады.

рационалдық (rationality) Қолда бар дәлелдерге сүйеніп, логикалық себеп-

терді пайдалану арқылы қорытынды жасау. Процесс нәтижесі емес, шешім қабылданатын процестің өзі рационалдықты сипаттайды. ШЕКТЕЛГЕН РАЦИОНАЛДЫҚ; ТҰТЫНУШЫ РАЦИОНАЛДЫҒЫН *қараңыз.*

реакция қисығы (reaction curve) Ойындағы бір ойыншының оңтайлы стратегияны таңдауы басқа ойыншылардың стратегиялық таңдауына байланысты тәуелділікте көрініс табады. Мысалы, *Курно бәсекесінде бір фирманың реакция қисығы пайданы барынша арттыратын өндірісті басқа фирмалардың өндіріс деңгейінің функциясы ретінде сипаттайды. Ал *Нэш тепе-теңдігі ойыншылардың реакция қисықтары қиылысқанда орын алады, сондықтан ойыншылардың таңдауы өзара келісілген деп саналады.

регрессив салық (regressive tax) Салық салынатын сома үшін төленген салық қатынасы салық салынатын соманың ұлғаюына қарай салық азаятын немесе *төлеу қабілеті ауыртпалығы төмендейтін салық. Регрессив салық жүйесі байлықты қоғамның неғұрлым кедей мүшелерінен неғұрлым бай мүшелеріне қарай қайта таратады. Салық жүйесін регрессив етудің көптеген жолы бар. Табысына тәуелсіз жоғары тікелей салық алымы бар салық екі мағынада да регрессив. Кедей адамдар қарқынды тұтынатын тауарлардан салыстырмалы түрде жоғары мөлшерлемен алынатын *жанама салықтың болуы – екінші мағынада регрессив.

регрессия (regression) Бір немесе бірнеше тәуелсіз (түсіндіруші) айнымалы функциясы түрінде көрініс табатын қызығушылық тудырушы айнымалы немесе тәуелді айнымалы болатын деректер жиынтығында теңдеу түріндегі айнымалылар арасындағы қатынас

қосындысын бейнелейтін деректерді сандық талдауға арналған құрал. Регрессия атауы 1870 жылы Фрэнсис Гальтон (1822–1911) сипаттаған балалар бойының орташа өсуі олардың ата-анасының өсуімен салыстырғандағы регрессия құбылысынан бастау алады. Сондай-ақ **СЫЗЫҚТЫҚ РЕГРЕССИЯ**; **ЕСЕЛІ РЕГРЕССИЯ**; **СЫЗЫҚТЫҚ ЕМЕС РЕГРЕССИЯНЫ қараңыз.**

регрессия квантили (quantile regression) Түсіндірмелі айнымалылардың функциясы («шартты квантиль функция» деп аталады) ретінде *тәуелді айнымалының *шартты таралуының *квантильдерін бағалау әдісі.

регрессиялық сынық дизайны (regression kink design) Саясат айнымалысы бірінші туындыда немесе қисықта «сынығы» болған кездегі себеп-салдарлық әсерін іздеуге арналған бағалау әдісі. Тәуелді айнымалымен өлшенетін саясатқа жауаптың да сынығы болуы мүмкін. Бұған мысал: түрлі топтағы табысқа арналған түрлі мөлшерлемелер себебінен туындаған сынығы бар алдыңғы жалақыға сүйенетін формуламен анықталатын жұмыссыздық бойынша төленетін жәрдемақының жұмыссыздық ұзақтығына әсерін бағалау.

резерв активтер қатынасы (reserve asset ratio) Банктің резерв активтері және оның депозиттері мен басқа да міндеттемелері арасындағы талап етілетін ең аз пропорция. Резерв активтер қатынасы резерв активтер мөлшерін немесе банк жүйесінің төлеу қабілетін қамтамасыз ететін *реттеу шеңберін бақылау үшін *ашық нарықтағы операцияларды пайдалану жолымен банк несиесінің жалпы көлемін бақылауға мүмкіндік беретін орталық банктің монетарлық саясаты аясында белгіленуі немесе өзгертілуі мүмкін.

резерв валюта (reserve currency) Басқа елдер *шетелдік валюта қоры ретінде пайдаланатын валюта. Резерв ретінде пайдалануға жарамды болуы үшін валюта *айырбасталатын және төмен инфляциялық беделі бар үлкен елге тиесілі болуы қажет. Қазір резерв валюта ретінде пайдаланылатын негізгі валюта – АҚШ доллары. Өткен кезеңдерде, негізінен, *стерлинг аймағы елдері арасында фунт-стерлинг резерв валюта ретінде пайдаланылды, ал французтілді елдер резерв валюта ретінде, негізінен, француз франкіні пайдаланды. Еуро неғұрлым танымал резерв валютаға айналып келе жатыр. Елдер өз валютасын резерв ретінде пайдаланудан ұтатын-ұтпайтыны туралы пікір әр алуан. Резерв валютасы бар елдер жүйе жұмыс істеп тұрғанда ұстаушылардан арзан несие алады, бірақ оларға деген сенім төмендесе, олардың валютасы күшті спекуляциялық қысымға ұшырап, монетарлық саясаттағы тәуелсіздікке кедергі келтіреді.

резерв қатынасы (reserve ratio) Резерв ретінде ұсталатын банктің немесе басқа қаржы мекемесінің жиынтық активтерінің үлесі, яғни ақша балансы немесе өтімділігі жоғары активтердің өзге формасында болады. Ең төмен резерв қатынасы монетарлық саясат құралы ретінде де, төлеу қабілетін қамтамасыз ету талпынысын реттеуші әдістері ретінде де пайдаланылды.

резерв несиелерге қатысты келісімдер (standby arrangement) Орталық банктердің қажет болған жағдайда валюта бағамы алыпсатарлық қысымға төтеп беруі үшін резервтерін бір-біріне қарызға беру туралы келісімі. Орталық банк топтары арасындағы резервтік келісім болуы олардың валюталары арасындағы алыпсатарлық капитал қозғалысының ықтималдығы болғанда, олардың

өзара ұстауы қажет жалпы *шетел валюта резерві сомасын азайтады.

резерв талаптары (reserve requirements) Банктер немесе басқа да қаржы мекемелері ақша балансында немесе *өтімді активтер формасында ұстауы талап етілетін жиынтық актив көлемінің ең төмен пайызы. Ең аз резерв талаптары монетарлық саясат құралы немесе мекемелердің төлеу қабілетін қамтамасыз ету әдісі ретінде пайдаланылуы мүмкін. Олар төлеу қабілетінің кепілі ретінде қанағаттанарлық емес, өйткені мекемелердің басқа активтерінің қатері де, олардың капиталының жеткіліктілігі де ескерілмейді. Активтері оның борыштарына қарағанда аз тұратындай құнсызданатын қаржы мекемесі оның қалған активтерінің өтімділігі жоғары екеніне қарамастан, төлеуге қабілетсіз болады.

резерв транш (ХВК) (reserve tranche) (IMF)

*Халықаралық валюта қорының кез келген мүшесіне қажет болғанда сөзсіз ұсынылатын қол жеткізуге болатын *квотаның бірінші ширегі. Бұл бастапқыда алтын немесе *айырбасталатын валютада депозитке салынған әр мүше квотасының бөлігіне сәйкес келеді.

резервация саясаты (reservation policy)

Үндістанның Мемлекеттік жұмыс орындары мен жоғары оқу орындарында кедей және төмен тап өкілдеріне орын үлесін сақтап қалуы туралы Заңы. Бұл топтар, негізінен, кастаға немесе асыл тұқымға сәйкестікпен анықталады; ескертпелердің кейбір ережелері жыныспен дінге де қатысты. Кейбір жеке фирмалар осы топтарға жататын қызметкерлерді жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін ерікті шаралар жасайды.

резервтер (reserves) КАПИТАЛ РЕЗЕРВТЕРІ; ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТА ҚОРЫ; ҚАРЫЗ ЗАЛАЛЫН ӨТЕУ РЕЗЕРВТЕРІН қараңыз.

Рейганомика (Reaganomics) Нақты өсуді ынталандыру мақсатымен инфляцияны және әлсіз мемлекеттік қаржыны ұстап тұру үшін қатаң ақша-несие саясатын үйлестіру. Саясаттың бұл үйлесімі АҚШ Президенті Рональд Рейган (1911–2004) тұсында пайдаланылған және оның атымен аталған. Бұл саясат АҚШ-тың ағымдағы операциялары бойынша мемлекеттік бюджет пен төлем балансының үлкен дефицитіне алып келді.

рекапиталдау (қайта капиталдау) (re-capitalization) Компания капиталының құрылымында борыш пен меншік капитал қатынасының өзгеруі. Рекапиталдауға мысал: компанияның борыштық бағалы қағаздарын сатып алу үшін акциялардың жаңа шығарылымынан түсетін түсімдерді пайдалану, осылайша компания *левереджі төмендейді.

рекурсив модель (recursive model) Ағымдағы *эндоген айнымалылар коэффициенттерінің матрицасы үшбұрыш болатын және теңдеулер арасындағы біртектілік *кездейсоқ түзетулері болмайтын *біртектілік теңдеулер моделі нұсқасы. Бұл шарттар жүйенің барлық теңдеулеріндегі параметрлер рекурсив есептелуі мүмкін, яғни барлық теңдеулер сәйкестендірілгеніне кепілдік береді.

рента қуалау (rent-seeking) Уақыт пен ақшаны нақты тауар мен қызмет өндіруге емес, өз кәсібін неғұрлым тиімді ету үшін ережелерді өзгертуге мәжбүр ету әрекеттеріне жұмсау. Бұл түрлі формада болады, соның ішінде өнімге немесе кәсіпорынның енгізілген ресурстарына субсидия іздеу, үкіметті ережелерді өзгертуге көндіру, сол арқылы бәсекелестер арасында ымыраға келуге немесе көтермелеуге жол бермеу үшін немесе

кәсіби қызметтерді пайдалануды заңды түрде міндеттеу.

ренталық төлем (rental payment) Жалға алынған жабдықты пайдаланғаны үшін төленетін ақы. Бұл, мысалы, қрандар немесе ормандар немесе ұзақ пайдаланылатын тұтыну тауарлары секілді өндіріс жабдықтары болуы мүмкін. Мұндай төлемдер *квази-рента сипатында болады: жалға алу ақысы пайыз бен амортизацияны өтеуге жеткілікті болса, ұзақмерзімді келешектегі жабдық тозғанда ғана ауыстырылады.

ресурс соры (resource curse) ГОЛЛАНД АУРУЫН қараңыз.

ресурстар (resources) Экономикалық белсенділікке ықпал етіп, үлес қосатын кез келген фактор. Бұл табиғи ресурстарды, оның ішінде жер үстіндегі, сондай-ақ теңіздегі немесе оның астындағы ресурстарды; әртүрлі еңбек білігі мен дағдыны қоса алғанда адами ресурстарды; капитал құралдарын немесе өндірістің жасанды құралдарын қамтиды. Экономиканы ресурстар қалай бөлінетінін немесе қалай бөлінуі керек екенін зерттеу ретінде анықтауға болады. Сондай-ақ САРҚЫЛАТЫН РЕСУРСТАР; ТИІМДІ БӨЛІНІС; ТАБИҒИ РЕСУРСТАР; ЖАҢАРТЫЛАТЫН РЕСУРСТАРДЫ қараңыз.

реттелетін ақша айналымы (managed currency) ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫ НАРЫҒЫНА АРАЛАСУДЫ қараңыз.

реттелетін баға (administered price) Баға нарықтағы тепе-теңдік жағдайымен емес, әкімшілік процестердің белгілі бір формалары ретінде анықталады. Реттелетін баға деңгейі және олардағы өзгеріс көбінесе үкіметтің немесе қандай да бір ресми реттеуші органның келісімін талап етеді. *Мөлшерлемені реттеу жағдайында реттелетін баға

максимал болады немесе *ең төмен жалақы заңы және фермерлерге табыс деңгейіне кепілдік беретін ауыл шаруашылығы саясаты жағдайында минимал болады. Сандық шектеулер, субсидиялар және мемлекеттік қорлар сияқты басқа да қолдау өлшемдері реттелетін бағаға қолдау көрсету үшін пайдаланылады.

реттелетін бекіту (бағамы) (adjustable peg) Елдер өзінің *айырбас бағамын өзгертуге өзі ғана құқылы болатын *номинал құн деңгейіне тұрақтандыру жүйесі. Осы жүйеге сәйкес мемлекет өз валютасын белгілі бір шекте ұстау үшін шетел валютасы нарығына араласуға міндетті. Мысалы, шек кейбір айырбас бағамы паритетінің 1 пайызы көлемінде болуы мүмкін. Мемлекет паритеттерді, яғни валюта бекітуді өзгерту құқығын өзіне алады. Бұл 1950 және 1960 жылдардағы *Бреттон-Вуд жүйесінде азды-көпті кездесті. Бекіту шамасы өзгеруге тиіс, бірақ әлі өзгермеген жағдайда бұл жүйе *алыпсатарларға мүмкіндік береді. Бекітілген шаманы сақтап қалу орталық банк үшін тым қымбатқа түсуі мүмкін. Алыпсатарлар валюта құнсызданады деп есептесе, онда олар қолындағы валютаны сатады және банк бекітуді сақтау үшін валюта сатып алуға тиіс. Ал алыпсатарлар валюта құны өседі деп сенсе, онда банктер керісінше әрекет етуге тиіс.

реттелетін құбылмалы айырбас бағамы (managed floating exchange rate) Елдегі айырбас бағамы бекітілмеген жүйе, бірақ монетарлық органдар бағамның нарықтың қалауына қарай реттелуіне жол бергеннен гөрі, өзі бақылап отыруға тырысады. Бұл екі жолмен жасалуы мүмкін. Біріншіден, айырбас бағамының сәл ауытқуын ел валютасын сатып алатын және сататын билік органдары реттей алады. Олай істемеген

жағдайда оның бағасы түсіп немесе көтеріліп кетуі мүмкін. Екіншіден, билік органдары айырбас бағамына өз макроэкономикалық саясаты арқылы ықпал ете алады. Жоғары пайыздық мөлшерлемелер әдетте ішкі капитал ағындарына әкеледі және олардың отандық қызметке әсер етуіне байланысты сауда балансын жақсартады; төмен пайыздық мөлшерлемелердің кері әсері бар. Айырбас бағамын басқарудың бұл түрі кейде «әділетсіз құбылмалы» деп аталады.

реттелетін сауда (managed trade) Халықаралық сауда мемлекеттік органдармен келісілген жоспарларға сәйкес жүзеге асырылуы. Бұл – жоспарлы экономика үшін сауда жасаудың табиғи тәсілі, бірақ *нарықтық экономика үшін ыңғайлы емес. Нарықтық экономикадағы елдердің үкіметі өзі мақұлдамайтын сауда-саттықты болдырмау үшін жеткілікті өкілеттігі барына қарамастан, жеке фирмаларды экспортқа ынталандыруға немесе импортты сатып алып беруге және қамтамасыз етуге уәде еткен жеткілікті құралдары жоқ.

реттелетін, ұзақмерзімді бағалы қағаздар (adjustable long-term putable security) Қалқымалы пайыздық мөлшерлемесі және *пут-опционы бар *қос валюталы облигация.

реттеу (regulation) Жеке тұлғалар немесе фирмалар ұстануға міндетті ереже немесе шешім қабылдау тәртібі мен осы ережелердің сақталуын қамтамасыз ету. Қазіргі экономика реттеудің көптеген формасына бейім. Олар халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін жақсарту үшін әзірленуі мүмкін, мысалы, тамақ өнімдерінің гигиенасы және электр сымдарын кодтау ережелері. Олар бәсекені көтермелеуге және әділетсіз сауда практикасының алдын алуға

бағытталуы мүмкін, мысалы, *монополиялар мен *бірігу көптеген қоғамда бақылауға алынған, ал *өзара мәмілеге көп елде тыйым салынады. Ережелерді мемлекеттік органдар немесе *квазиавтоном үкіметтік емес ұйым (кванго) орнатуы және орындауы мүмкін. Ақыр соңында, реттеу заңды ықпал шараларға сүйенеді, бірақ тиімді реттеудің ең көп үлесін стандарттарды белгілейтін реттеуші органдар жүзеге асырады, содан кейін ұйымдар оны өз тәртібімен сақтауға тырысады. Сондай-ақ БАНКТЕРДІ РЕТТЕУ; ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУДІ қараңыз.

реттеу (regulation) Реттелетін монополистер алатын бағаны бақылау жүйесі. Пайда нормасын реттеу монополистерге өз капиталына нарықтан пайда алуға мүмкіндік беретін деңгейде баға белгілейді. Пайда нормасын реттеу шығынның өсуін ынталандыруы түрінде жағымсыз салдары болады, себебі олар *Аверч-Джонс әсерімен табыстылық есептелетін капитал базасын анықтайды. Пайда нормасын реттеу, негізінен, шекті бағаны реттеумен алмастырылды. Сондай-ақ ПАЙДАЛЫЛЫҚТЫ қараңыз.

реттеу (settlement) Тауарлар, бағалы қағаздар немесе валютаны төлеу немесе жеткізу үшін *келісімшартта талап етілетін мәмілені аяқтау акті. Көп мәміле құжаттамаларға, пошта және кеңсе кідірістеріне байланысты бірден жүзеге асырылмайды, бірақ біраз уақытқа рұқсат етіледі. Бұл белгілі бір кезеңде жасалған барлық келісімшарттың белгіленген күні немесе әр мәмілені реттеуге бірнеше күн рұқсат етілетін «жылжымалы реттеу» түрінде болуы мүмкін. Жылдам және сенімді реттеу – тауарлар мен бағалы қағаздар нарығының басты тартымдылығы. Ірі қаржы мекемесінің мәселені реттеуге қабілетсіздігі басқа фирмалар арасындағы

сәтсіздік тізбек реакциясын тудыруы мүмкін; қаржыны *реттеуге бір себеп – жағдайдың алдын алу.

реттеу қатері (settlement risk) Басқа тараптар мәміленің өзіне қатысты бөлігін орындай алмауы қатері. Реттеудегі кідіріс қолайсыздық тудырады, бірақ толық бас тарту одан да үлкен залал келтіруі мүмкін. *Қарсы тарапқа төнетін қатерді азайту үшін көптеген тауар және қор биржасы нақты трейдерлер үшін сағушыларға төлем жасап және сатып алушылардан төлем ала отырып, контрагент есебінде әрекет етеді.

реттеуші ұйым (regulatory agency) Шешім қабылдау және *реттеудің сақталуын қамтамасыз ету үшін құрылған ұйым. Кей жағдайда үкімет мұны өзі жасайды; Ұлыбританияда, мысалы, қала құрылысын жоспарлау және салмақтық нормалары мен шараларды реттеуді орталық үкімет белгілейді және жергілікті билік ұйымдары қолданады. Көп жағдайда реттеу міндеті тапсырылатын *квази-автоном үкіметтік емес ұйым (кванго) құрылады. Бұл айтарлықтай дәрежеде қамтитын бөлшектердің үлкен көлемі себебінен, сондай-ақ саясаткерлерді егжей-тегжейлі шешім қабылдау әсерінен алып тастау талпынысынан және олар нәтижесіне жауап бермеуімен байланысты болады. Ұлыбританияда реттеуші ұйымдарға *Бәсеке және нарық басқармасы және жекешелендірілген қоғамдық кәсіпорындардағы баға мен басқа да ережелерді реттеу үшін құрылған *Коммуникация басқармасы сынды түрлі ұйымдар жатады. Реттеуші ұйымдар саладан тыс құрылуы немесе саладағы фирмаларды білдіретін *өзін-өзі реттейтін ұйымдар пайдаланылуы мүмкін. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың артықшылығы – саладағы мамандар олардың мәселелерінен хабардар

екенін күтуге болады, ал қаупі – саладағы қолданыстағы фирмаларды қорғау үшін қоғам мүддесін анықтауды қатаңдатуы мүмкін.

реттік корреляция (serial correlation)

*Автокорреляция сияқты.

реттік пайдалылық (ordinal utility) Пайдалылық функциясы ұсынатын қалауын өзгертпей кез келген позитив қатаң монотонды трансформацияға ұшыраса, онда ол реттік пайдалылық функциясы болып келеді. Талғамсыздық қисығының жиынтықтарымен бейнеленген тұтынушының талғамын қарастырайық. Осы талғамдарды көрсететін пайдалылық функциясы әр қисыққа нөмір беру арқылы құрастырылуы мүмкін. Ондағы нөмірлердің сипаты былай болуы керек: егер x y -пен салыстырғанда жақсырақ болса, онда x -ке тиісті талғамсыздық қисығына y -ке тиісті талғамсыздық қисығына қарағанда жоғары нөмір беріледі. Сәйкесінше, құрастырылған пайдалылық функциясы реттік болып келеді. Талғамсыздық қисықтарына берілген нөмірлер кез келген әдіспен өзгеріске ұшырауы мүмкін. Ол үшін нөмірлер диапазоны сақталуға тиіс. Бір талғамсыздық қисығының өзгеріске ұшырау алдында жоғары нөмірі болса, онда оның нөмірі өзгеріске ұшырағаннан кейін де жоғары болуға тиіс. Реттік пайдалылық талғамсыздық қисығындағы бар ақпараттан көп мәлімет бермейді. x -ті таңдаудан туындаған пайдалылық y -ті таңдаудан туындаған пайдалылықтан жоғары болады деген шарт x y -ке қарағанда жоғары талғамсыздық қисығында жатқанын білдіреді. Сондай-ақ **КАРДИНАЛ ПАЙДАЛЫЛЫҚ; ТҮЛҒААРАЛЫҚ САЛЫСТЫРУДЫ қараңыз.**

рефляция (reflation) Экономиканы ынталандыруға және ақша массасын

ұлғайту немесе салықты азайту жолымен *дефляцияны болдырмауға бағытталған фискалдық немесе монетарлық саясат.

реформа (reform) ВАЛЮТА РЕФОРМАСЫ; БАҒА РЕФОРМАСЫН қараңыз.

ридж-регрессия (ridge regression) Түсіндіруші айнымалылардағы *мультиколлинеарлық регрессияны бағалаудың практикалық тәсілі. Нәтиже беруші баға ығыстырылған, бірақ *қарапайым ең кіші квадраттар бағасына қарағанда оның дисперсиясы төменірек.

Рикардо эквиваленттігі (Ricardo Equivalency) Тепе-теңдікті өзгеріссіз қалдыру үшін мемлекеттік саясаттағы өзгеріс жеке мінез-құлықтың өзгеруі есебінен өтелуі мүмкін деген аргумент. Мысалы, үкімет *толық қаржыландырылған зейнетақы енгізеді делік, оған сәйкес зейнетақы төлеу үшін әр адамға t сомасында салық салынады. Зейнетақы тәсімі мен жеке жинақтардан түсетін қайтарым бірдей болса, онда жеке жинақтардың t сомасына қысқаруы зейнетақы тәсімінің тиімділігін өтейді де, тепе-теңдікті өзгеріссіз қалдырады. Бұдан бөлек, зейнетақы тәсімі енгізілгенге дейін жинақтау деңгейі әр адам үшін оңтайлы болса, онда бұл деңгей зейнетақыны өтеу үшін қажет дәл сол сомаға дейін қысқарту үшін тиімді болуға тиіс. Рикардо эквиваленттігі экономиканың көптеген саласында орын алады. Бастапқы мәлімдеме қарыз туралы болды. Мысалы, үкімет жеке тұлғаларға облигациялар береді делік. Әлауқаттың артуына байланысты шығын өсе ме? Рикардо эквиваленттігіне сүйенсек, олай емес: ақырғы нәтижеде облигация бойынша қарыз өтелуге тиіс, бұл – келешекте салықтан міндеттемелер болады деген сөз. Салық

міндеттемесінің дисконтталған құны дәлдеп алғанда облигация құнына тең. Таза байлық артпайды, ал тепе-теңдік өзгермейді. Экономикада адамдар арасында байланыстар болған жағдайда өтеуге болатын процедуралар көкжиегі кеңейеді. Әр ата-ана өз балаларының пайдалылығы туралы ойласа, онда әр буындағы жекелеген тұлғалар өзара байланысты болады және уақыт-аралық үкіметтік саясаттың бірқатары мұрадағы өзгерістер есебінен өтелер еді. Баламасын айтсақ, жекелеген адамдар бір ұрпақ бойы, мысалы, неке арқылы өзара байланысты болса, онда ұрпақ ішінде қайта бөліп үлестіруге тырысатын саясат трансфердегі өзгерістер есебінен өтелуі мүмкін.

Рим клубы (Club of Rome) Жаратылыстанушылар, экономистер, іскер адамдар, жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер, мемлекет басшылары және бұрынғы мемлекет басшыларын қамтитын жаһандық талдау орталығы. Клубтың негізгі идеясы: «әр адам біздің қоғамымызды жақсартуға үлес қоса алады».

Рим шарты (Treaty of Rome) *Еуропа экономикалық қауымдастығын құрған, 1957 жылы Римде қол қойылған шарт. Сонымен бірге қол қойылған екінші шарт Еуропадағы атом энергиясы жөніндегі қауымдастықты құрды. Шартқа Бельгия, Франция, Германия Федеративтік Республикасы, Италия, Люксембург және Нидерланды өкілдері қол қойды. Сондай-ақ ЕУРОПА ОДАҒЫН қараңыз.

риск-менеджмент (risk management) *Қатердің теріс салдарын жою немесе жұмсарту. Бұл қатерді анықтауды, талдауды және бағалауды, сондай-ақ сәйкес шаралар әзірлеуді және атқаруды көздейді. Риск-менеджмент

стратегияларын *қатердің алдын алу, *қатерді біріктіру, *қатерді төмендету, *қатерді сақтау және *қатерді бөлісу деп топтастыруға болады.

p-мәні (p-value) *Нөлдік гипотезаға сәйкес тест статистикасын бөлуден кездейсоқ экстракцияның кем дегенде үлгіден есептелген сынақ статистикасының мәнімен бірдей болатын мәнге ие болуы ықтималдығы; сынақтың ең төмен *маңыздылық деңгейі.

Роулстың әлеуметтік қамсыздандыру функциясы (Rawlsian social welfare function) Қоғамның мұқтаж мүшесінің пайдалылығын *әлеуметтік қамсыздандыру шарасы ретінде пайдаланатын *әлеуметтік қамсыздандыру функциясы. Роулстың әлеуметтік қамсыздандыру функциясын ынталандыру үшін мына аргументті пайдалануға болады. Экономикаға әлі енбеген («білімсіздік пердесінің артында»), сондықтан жағдайы қандай болатынын әлі білмейтін адамдар тобын елестетіңіз, яғни олар болашақта экономиканың бай мүшесі немесе кедей мүшесі болуы мүмкін. Олардан экономикада қатерден қашатын адам бар болғанда әлеуметтік қамсыздандыру функциясы қандай формада болғанын қалайтынын сұраса, қоғам Роулс функциясын ұсынар еді.

роялти (royalties) Шахта операторлары өндіретін пайдалы қазбалар немесе мұнай сияқты *табиғи ресурстардың меншік иесіне берілетін төлемдер. Меншік иесі көбінесе егемен ел немесе мемлекет болуы себебінен мұндай төлемдер роялти деп аталады. Роялти өндірілген өнім бірлігіне шаққандағы сомада немесе түсім пайызымен көрсетілуі мүмкін келісімдермен реттеледі. Бұл термин баспагерлер авторларға және дыбыс жазу компаниялары

композиторларға төлем жасауы үшін де пайдаланылады.

Рыбчинский теоремасы (Rybczynski theorem) Тек бір өндіріс факторын арттыру нәтижелеріне қатысты тұжырым. Авторының есімімен аталған теорема өндірістің өзге де факторлары мен техникасын өзгеріссіз қалдыра отырып, өндірістің тек бір ғана факторының ұлғаюы нәтижесінде *ауқымға тұрақты қайтарымы бар екітауарлы және екіфакторлы экономиканы және экономикалық өсуді қарастырады. Бұл тұрақты *салыстырмалы баға кезінде көлемі ұлғайған қарқынды факторлы тауар өндірісінің артуына, бірақ меншігінде жоқ факторды пайдалана отырып, өнеркәсіп өндірісінің төмендеуіне алып келеді. Бір қарағанда, бұл нәтиже таңғаларлық көрінеді, бұған дәлел – әр салада қолданылатын әдістер баға тұрақты болғанда өзгеріссіз қалуы керек. Өсіп келе жатқан фактордың қосымша қорын пайдалану үшін өнеркәсіпте өндіріс көлемі қарқынды пайдаланылады; бірақ ол басқа да кейбір факторларды қолданады, сондықтан екінші сала үшін аз қалады, демек, оның өндірісі төмендейді. Сондай-ақ **ФАКТОР ҚАРҚЫНЫН ҚАРАҢЫЗ.**

Рэмси баға белгілеуі (Ramsey pricing) Фирмалар пайда мақсаттарына қол жеткізген жағдайда экономикалық әлауқатты барынша арттыратын баға саясаты. Фирмалардың барлығы *ауқымнан тұрақты қайтарым алса және тіпті шығынсыз болса, онда Рэмси баға белгілеуі *шекті шығынға қарай баға белгілеуден төмендейді. Фирмаларда *ауқымға қайтарымның артуы және тіпті шығынсыз болғанда, шекті шығындар бойынша Рэмси бағасының үстеме бағасы сұраныс икемділігімен байланысты болады. Рэмси баға белгілеуі мемлекеттік сектордағы монополия және

реттелетін жеке сектор *табиғи монополия контексінде зерттелді. Рэмси баға белгілеуі тауарларға *оңтайлы салық салу үшін *Рэмси ережесімен тығыз байланысты. Сондай-ақ КЕРІ ИКЕМДІЛІК ЕРЕЖЕСІН қараңыз.

Рэмси ережесі (Ramsey rule) Бір ғана тұтынушы бар экономикадағы оңтайлы тауар салығын сипаттайтын формула. Рэмси ережесі үкіметке салық түсімінің қажет деңгейін қалыптастыратын таңдап алынған салыққа бағынышты бір тұтынушының пайдалылығын арттыруға арналған тауар салығын тағайындау деп есептеледі. Бұл оңтайландыру тауар салығының ең тиімді жиынтығын анықтайды (олар тиімді, өйткені жалғыз тұтынушы туралы болжам *әділдік түсінігі жоғын білдіреді). Рэмси ережесі (шамамен)

оңтайлы салықтар барлық тауарларға тең пропорционал *өтелетін сұраныстың кемуіне мәжбүр етеді. Сондай-ақ КЕРІ ИКЕМДІЛІК ЕРЕЖЕСІН қараңыз.

Рэмси регрессиялық теңдеуі сипаттамасының қатесін тексеру (PPTCQT) (Ramsey regression equation specification error test) (RESET) *Сызықтық регрессия моделіне арналған жалпы сипаттық тест. Ол түсіндірме айнымалылардың сызықтық емес комбинациялары, атап айтқанда, олардың дәрежелері тәуелді айнымалыны түсіндіруге көмектесетінін тексереді. Тест тәуелді айнымалының болжамды мәнін регрессия арқылы \hat{y} түсіндірме айнымалыларға, сондай-ақ \hat{y} деңгейін, содан кейін соңғы коэффициенттердің бірлескен маңыздылығын тексереді. Бұл маңызды болса, сызықтық модель қате анықталған.

С

сайлау салығы (poll tax) Әр азаматқа табысына немесе байлығына қарамастан бірдей мөлшерде салынатын *бір-жолғы салық. Сайлау салығы міндетті түрде регрессив, себебі жоғары табыстыларға қарағанда төмен табыстылар үлесіне түседі. 1989–93 жылдардағы британ *ортақ салығын сынаушылар «сайлау салығы» деп атағанымен, олай емес еді, өйткені кейбір азаматтар үшін жеңілдіктер және кейбір салық төлеушілерге олардың төмен табысын ескере отырып төмендетілген мөлшерлеме қарастырылған.

сақтандыру (insurance) *Қатерді азайту және қайта бөлу үшін келісімшарттарды пайдалану. Сақтандыру шартында сақтандырушы белгіленген төлемді немесе сыйақыны сақтанушыдан алады және, өз кезегінде, белгілі бір оқиға болған жағдайда төлем жүргізуге келіседі. Өмірді сақтандырудағы сақтандыру жағдайы – сақтанушының қайтыс болуы немесе оның белгілі бір жасқа дейін өмір сүруі. Өрттен және тонаудан сақтандыру кезінде сақтандыру жағдайы – сақтандырылған тұлғаның өрттен немесе мүлкі ұрлануынан шектен зияны. Автокөлік сақтандырудағы сақтандыру жағдайы – «үшінші тұлғалар», яғни сақтанушы мен сақтандырушыдан бөлек кез келген адамның өртенуінен, ұрлануынан немесе бүлінуінен болған залал. Медициналық сақтандырудағы сақтандыру жағдайы – медициналық шығындар және/немесе денсаулығы нашар болғандықтан табыстың

жоғалуы. Әр сақтандыру шартында сақтандырушы қатерді азайтады. Сақтандырусыз үлкен шығын болуы екіталай; сақтандырылғанда сақтандыру жағдайының залалы сақтандыру сомасынан асып кеткен жағдайда белгілі бір кішкене шығын, яғни сыйақы және қосымша шығын болуы мүмкін. Сақтандырушы сыйақы үшін жаңа қатерді қабылдап, кері айырбасты жүзеге асырады. Сақтандырушылар екі себеп бойынша қатерді осылай қабылдайды. Біріншіден, олар *қатерге бейтарап немесе, кем дегенде, сақтандырылған адамдарға қарағанда *қатерден қашады. Сақтандырушыларды қатерді қабылдауға шақыратын тағы бір фактор – олар бірдей жалпы типтегі қатері көп қатерді қабылдаса, онда табысының пропорционал түрде таралуы олар қабылдаған жеке қатердің орташа деңгейінен аз болады. Осылайша сақтандыру қатерді азайтады және қатерді қабылдайтын салыстырмалы артықшылығы бар тұлғаларға ауыстырады. ДЕПОЗИТТЕРДІ САҚТАНДЫРУ; МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ; ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ; ҮШІНШІ ТАРАПТЫ САҚТАНДЫРУДЫ *да қараңыз.*

сақтандыру (андеррайтинг) (underwriting) Коммерциялық банктер *жаңа шығарылған акциялар үшін кепілді нарық ұсынуы. Жаңа акциялар шығаратын фирмалар мемлекеттік немесе институттық инвесторлар шығарылған бағасымен ұсынатын акцияларға жеткілікті сұраныс болатын-болмайтынын алдын

ала біле алмайды. Андеррайтер нарық ала алмайтын қандай да бір сатып алуға уәде бере отырып, акциялар сатыла ма дегенге қатысты белгісіздікті жояды. Содан кейін бұл акциялар сатылуға тиіс, бұл төмен бағаны қабылдау немесе ұзақ күтуді қамтуы мүмкін. Бұл қызмет үшін комиссия алынады.

сақтандыру компаниясы (insurance company) Негізгі қызметі ретінде сақтандыруды жүзеге асыратын компания. Бұл өмірді сақтандыру, өрттен сақтандыру, денсаулықты сақтандыру және көптеген басқа түрін қамтуы мүмкін. Полис сыйақысы шағым туындағанға дейін төленетіндіктен, ұзақ өмір сүру саясатына байланысты жиналған қаражат онжылдықтар бойы жинақталған, сақтандыру компанияларының ірі активтер қоры бар. Бұл оларды мемлекеттік облигациялар, акциялар, коммерциялық және тұрмыстық несие және ипотека нарығының негізгі қатысушылары етеді.

сақтандыру франшизасы (deductibles) Сақтандырылған тарап ұстауға тиіс кез келген сақтандыру залалының бір бөлігі. Ұлыбританияда бұл термин excess деп аталады. Сақтандырылушыны кез келген залалдың бір бөлігін өтеуге мәжбүрлеу оларды барынша ұқыпты етіп, *моральдық қатерді азайтады. Сонымен қатар ол көптеген шағын наразылықты қарастырудан туындайтын әкімшілік шығынды болдырмайды.

сақтандырушы (андеррайтер) (underwriter) 1. Қаржы саласында корпорацияның бағалы қағаздарын немесе оны берген басқа мекеменің бағалы қағаздарын шығаруды және сатуды жүзеге асыратын компания немесе басқа заңды тұлға. Сақтандырушы бағалы қағаздар қандай бағамен ұсынылатынын анықтайды, эмитенттен акцияларды

сатып алады, содан кейін оларды инвесторларға сатады. Сақтандырушылар клиенттерден сыйақы алады және әдетте сақтандырушы бағалы қағаздарды сатудан қосымша пайда табады. Алайда эмиссия бағасы өте жоғары болса, сақтандырушыда жүзеге асырылуы немесе шығынға сатылуға тиіс сатылмаған бағалы қағаздар ғана қалады.

2. Сақтандыру бизнесінде сақтандыру андеррайтері сақтандыруды ұсынуы керек және ол ұсынылса, оған кепілдік беру дәрежесі және алынуға тиіс *сыйақыны анықтау үшін ықтимал клиенттердің қатерге ұшырауын бағалайды. Сақтандырушының рөлі – сақтандыру компаниясының табыстылығын қамтамасыз ету және оны шамадан тыс қатерден қорғау.

сақтық әділ мүмкіндіктер (actuarially fair odds) ӘДІЛ МҮМКІНДІКТЕРДІ қараңыз.

сақтық болжам, тұжырым (actuarial assumption) Сыйақы немесе пайданы анықтау үшін қаржы есептеуде пайдаланылатын кездейсоқ шаманы бағалау. Мысалы, өмірді сақтандыру полисі үшін алынатын сыйақы адамның қалған өмірін оның жеке сипаттарын (жасы, жынысы, денсаулығы және жұмыс түрі сияқты) ескере отырып бағалауды талап етеді. *Сақтық болжамды бағалау өткен деректерді пайдалана отырып жасалады.

салааралық сауда (inter-industry trade) Экспорт пен импорт түрлері әртүрлі тауарлардан тұратын елдер арасындағы сауда. Мұндай сауда *қауіпсіздік факторындағы айырмашылыққа сүйенеді. Елдер әдетте оларды өндіруде қарқынды пайдаланылатын көп факторы бар тауарларды экспорттайды және импортталатын тауарларды өздері өндіре алмайтын немесе тек қарқынды пайдаланылатын факторлар тапшылығына

байланысты жоғары шығынмен өндіре алатын тауарларды импорттайды. Елде бірдей жіктелетін тауарларды импорттау мен экспорттау тән емес. Салааралық сауда-саттық *салаішілік саудаға қарсы, бұл *жетілмеген бәсекеден туындайды және көбінесе ұқсас факторлық ресурстары бар елдер арасында орын алады.

саладағы еңбекке сұраныс (industry demand for labour) Өнеркәсіпте жалақы мөлшеріне байланысты жұмыс күшіне деген сұраныс. Жалақының кез келген деңгейінде саладағы еңбекке сұраныс өндіріс көлеміне байланысты болады. Жалақы мөлшерлемелері құлдыраса, ол саладағы еңбекке сұранысты үш жолмен көтере алады. Біріншіден, еңбек ресурстарын басқа ресурстармен алмастыруға болады; екіншіден, шығындарды төмендету өндіріс өнімдеріне сұраныстың артуына және бағаның төмендеуіне әкелуі мүмкін және үшіншіден, ұзақмерзімді перспективада пайда өсуі жаңа фирмаларды индустрияға енгізуге және қосымша қызметкер тартуға ынталандыруы мүмкін. Саладағы еңбекке сұраныс еңбек және басқа да ресурстарды алмастыру мүмкіндігі жоғары болған сайын икемдірек болады, өндіріс өнімдеріне сұраныс және ықтимал жаңа енушілердің ұсынысы әлдеқайда икемді болады.

саланы ұйымдастыру (industrial organization) Нарық құрылымын және фирмалардың стратегиялық мінез-құлқын зерттейтін, жетілмеген бәсекеге ерекше назар аударатын экономика саласы. Онда қандай қызмет фирмалар ішінде үйлестірілетінін, ал қайсы – нарықтар арқылы үйлестірілетінін анықтайтын факторлар; *принципал-агент проблемасымен байланысты мәселелерді еңсеру үшін фирмаларға ынталандыру ұсынуға байланысты мәселелер;

салалар құрылымы мен олардың өнімділігі арасындағы байланыс және монополияны, бірігу мен бәсекені мемлекеттік реттеу талданады.

салаішілік сауда (intra-industry trade) Бірдей жіктелетін тауарлар импортталатын және экспортталатын сауда. Салаішілік сауда – *жетілмеген бәсеке нәтижесі: монополиялық билігі бар фирмалар пайда маржасы бар барлық елдерге сағады. Салаішілік сауда елдер арасында ресурс айырмашылығынан туындайтын *салааралық саудаға қайшы келеді. Сондықтан тауар түрі әдетте экспортталады немесе импортталады, бірақ екеуі қатар жүрмейді.

салық (tax) Үкімет (орталық, мемлекеттік немесе жергілікті) немесе үкімет функциясын атқаратын баламасының жеке тұлғалардан немесе фирмалардан міндетті түрде алатын төлемі. Қазіргі қоғамда салық ақшалай төленеді, бірақ бұрын тауар түріндегі төлем де болған. Қолданыстағы қазіргі салық заңнамасы салық төлемдерінің деңгейін салық жинаушы өз еркімен белгілемей, салық төлемдерінің көлемі шынайы объектив өлшемдермен анықталуын талап етеді. Әрдайым бұлай болған емес. Негізінде, салықтың көп түрі экономикалық сипаттарға немесе операцияларға сүйенетінімен, салық кез келген бірегей сипат (мысалы, адамның қарашығының түсі) бойынша алынуы мүмкін. Соңғы бірыңғай жағдай ретінде 1990 жылдан 1993 жылға дейінгі алынған Ұлыбританиядағы *жан басына салынатын салықты айтуға болады. Бұл барлық ересектер төлеуге тиіс бекітілген салық болды, яғни оның түпкі мәні күнкөріс салығы десе де болады. Үкімет салықты кірісті арттыру үшін қолданады. Сонын салдарынан соңғы 100 жылда экономикаға қатысты үкіметтер санының артуы

салық салудың орташа деңгейінің өсуіне алып келді. Сондай-ақ ОҢТАЙЛЫ САЛЫҚ САЛУДЫ *қараңыз*.

салық айлағы (tax haven) Шетелдік резиденттерге бизнес жүргізе отырып, өзінің салық төлемдерін төмендету мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін ел. Салық міндеттемелері заңды түрде шетелдік қаржы делдалдарының көмегімен азайтылуы мүмкін кезде салық айлағы *салықтан жалтару үшін пайдаланылуы мүмкін. Олар сондай-ақ, мысалы, табысты жасыру және *ақшаны жылыстатуды жеңілдету үшін банктегі құпия шоттарды пайдалану арқылы *салықтан заңсыз жалтаруы мүмкін.

салық алшақтығы (tax gap) АҚШ-тағы Ішкі кірістер қызметі салық алшақтығын «салық төлеушілер төлеуі қажет салық сомасы мен уақытылы және ерікті түрде төленетін сома арасындағы айырмашылық» ретінде анықтайды. Ұлыбританиядағы салық және кеден басқармасы (ҰСКБ) «барлық жеке тұлғалар мен компаниялар заңды түсіндіру мен ҰСКБ заң орнату барысындағы түсінік беру ниетін орындаса, онда салық алшақтығы ретінде жиналған салық пен жиналуға тиіс салық арасындағы айырмашылық қолданылады». Салық алшақтығы салық заңнамасын сақтамау шарасы ретінде пайдаланылады. Сондай-ақ САЛЫҚТАН ЖАЛТАРУ; САЛЫҚТАН ЗАҢСЫЗ ЖАЛТАРУДЫ *қараңыз*.

салық ауыртпалығы (tax burden) Экономика үшін салық төлеу міндетінің жиынтық құны. Ол салық түрінде жиналған нақты соманы ғана емес, сонымен қатар әкімшілік шығындарды да, норматив талаптарды сақтау шығындарын да, таза шығынды да қамтиды. Әкімшілік шығын, соның ішінде, мысалы, салық инспекторларын жалдау секілді шығындар түсімін

жинауды агенттік көтереді. *Ережені сақтау шығыны – салық жүйесінің ережелерін сақтауға байланысты фирмалар мен тұтынушылар көтеретін шығын. Олар салық міндеттемелері себебінен қосымша есеп жүргізуді талап ететін шығын мен *салықты жоспарлау бойынша бухгалтерлік есепке арналған қосымша шығынды қамтиды. *Орны толмайтын залал салық салу себебінен туындаған экономикалық ауытқулар нәтижесінде пайда болады. Жиынтық орны толмайтын залал – *тұтынушы профициті мен *өндіруші профициті залалдарының қосындысы. Салық *сыртқы салдар себебінен туындайтын әрекеттерге салынса, онда салық салудың орны толмайтын залалы болуы мүмкін.

салық ауыртпалығын жүктеу (tax shifting) *Салық ауыртпалығының бір экономикалық агенттен екіншісіне берілуі. Мысалы, ресми түрде фирмадан алынатын сату салығының ауыртпалығы жоғары баға түрінде тұтынушыларға берілуі мүмкін. Әдетте салық ауыртпалығы сұраныс пен ұсыныс икемділігімен анықталатын нақты таралуға сүйеніп, экономикалық агенттер арасында бөлінеді.

салық базасы (tax base) *Тікелей салық пен *жанама салық салынатын операциялардан алынатын табыс жиынтығы. Салық базасы барлық жеңілдіктер мен шегерімдер есебінен төмендейді, мысалы, Ұлыбританиядағы салық базасы зейнетақы жарналарын табыс салығынан босату есебінен, сондай-ақ азық-түлік пен балалар киіміне *қосылған құн салығын салық базасына енгізбеу есебінен төмендейді. Салық базасы кең болған сайын салық түсімдерінің кез келген берілген сомасын арттыруды талап ететін салық мөлшерлемелері соғұрлым төмен болады.

Салық базасын ыдырату және пайданы аудару (Base Erosion and Profit Shifting)

Мультиұлттық компаниялар жүзеге асыратын салық төлеуден жалтару стратегиясы әрекеті (пайданы аудару) мен салдары (базаның ыдырауы). Салық ауыртпалығын төмендету үшін мультиұлттық компаниялар пайдасын жоғары салық юрисдикциясы бар жерлерден төмен салық юрисдикциясы бар жерлерге аударады. Пайданы бірнеше жолмен аударуға болады. Мысалы, кіріс бір юрисдикцияда жасалса және басқа юрисдикцияның соңғы өнімі өндірісінде қолданылса, онда фирма пайданы ауытқыту үшін *трансфер баға белгілеуді қолдана алады: кіріс салығы төмен (салығы жоғары) юрисдикцияда өндірілсе, онда фирма жоғары (төмен) трансфер баға белгілейді. Келесі мысал: мультиұлттық компания меншік құқығын (мысалы, «бренд имиджі») иеленуді төмен салық юрисдикциясында жұмыс істейтін компаниясына береді және барлық еншілес компаниясынан сауда жасауға рұқсат етпестен бұрын меншік құқығын (жоғары бағамен) сатып алуды талап етеді. Пайданы аудару жоғары салық юрисдикциясы бар жерлерде корпоративтік *салық базасын жояды және салық түсімін төмендетеді. Халықаралық сауданың қолданыстағы ережелеріне сәйкес мультиұлттық компаниялар пайданы аударумен заңды түрде айналысады.

салық декларациясы (tax return) Салық төлеушінің салық органдарына өзінің табысы туралы және *салық жеңілдіктерін алу құқығына әсер ететін фактілер туралы есебі. Салық органдары салық декларациясын өткізбегендерге заңды айыппұл салуы мүмкін. Балама ретінде *шегерілген салық жүйесі әрекет ететін кездері салық төлеушілерге олардың құқығы бар кез келген салық қайтарымын талап ететін жағдай

ретінде салық декларациясын ұсынуға құқық берілуі мүмкін.

салық демалысы (tax holiday) Салық салынбайтын қызметтің немесе арнайы азайтылған салық салудың шектеулі кезеңі. Ол шетелдік фирмаларды елге немесе отандық фирмалардағы мемлекет арнайы ынталандырғысы келетін сала не өңірге инвестициялауды ынталандыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Салық демалысының сызбасы демалысты пайдаланатын фирмалар кез келген жағдайда, тіпті онсыз да инвестиция салса, жоғалған табыс тұрғысынан өте қымбат болуы ықтимал.

салық жеңілдігі (tax relief) Салық төлеушінің сипаты немесе әрекетіне сүйеніп, жеке тұлғаның не фирманың салық міндеттемесін азайтуды қамтамасыз ететін салық кодексінің ережесі. 65 жастан асқан адамдар үшін табыс салығының шекті мөлшерлемесін төмендету – сипаттамаға сүйеніп салық жеңілдігін беру мысалы. Әрекетке сүйенетін салық жеңілдігі мысалына салық салынатын пайданы азайтатын энергия үнемдегіш құрал-жабдыққа инвестициялаудың жоғары амортизация мөлшерлемесін жатқызуға болады. Сондай-ақ САЛЫҚ ШЫҒЫНДАРЫН қараңыз.

салық жинаушы (Collector of Taxes)

Ұлыбританиядағы жеке және заңды тұлғалардан *тікелей салық жинауға жауапты ресми тұлға. Салық жинаушы төленетін соманы белгілемейді; ол шешімді *салық инспекторы қабылдайды.

Салық инспекторы (Inspector of Taxes)

*Ұлыбританияның салық және кедендік алымдар басқармасының жеке тұлғалар мен компаниялардан салық декларациясын алатын және төленуге тиіс салықты бағалайтын мемлекет

қызметкері. Нақты төлем кейіннен басқа лауазымды адамға, *салық жинаушыға беріледі.

Салық кестесі (Schedule A tax) Ұлыбританияда алынатын табыс салығының бұрынғы бөлімі, жер мен үйді иеленетін меншік иелерінің жалға беру төлемінен алынатын төлем. Бұл салық Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін қолданылған; соғыс кезінде салық мөлшерлемесі қайта қарастырылмады, бұл оның нақты табыстылығын төмендетті және нәтижесінде ол жойылды.

салық қарымақысы (tax allowance) Жеке тұлғаның немесе фирманың *салық салынатын табысын азайту үшін салық заңнамасында рұқсат етілген жалпы табыстан шегеру. Салық жеңілдіктері қызметтің белгілі бір түрлерін ынталандыру үшін берілуі мүмкін, мысалы, фирмаларға инвестициялауды ынталандыру үшін салық жеңілдіктері беріледі және жеке тұлғалар да, фирмалар да кейбір қайырымдылық көмек бергені үшін салық қарымақысын алады. Бұл *әділдікке сүйенуі мүмкін, себебі сол жиынтық табыспен, бірақ салыстырмалы міндеттемесіз шегерілетін соманы төлеу қажеті салық төлеушілерге қатысты төлеу қабілетін төмендетеді. Әр салық қарымақысы *салық базасын азайтады, бұл кез келген жиынтық салық түсімдерін алу үшін қажет салық мөлшерлемелерін арттырады.

салық реформасы туралы заң (Tax Reform Act) АҚШ салық жүйесін федералдық реформалау туралы 1986 жылғы федералдық Заңы. Заң мақсаты – АҚШ Салық кодексін жеңілдету, *салық базасын кеңейту және көптеген *салықтан жалтаруды және басқа да жеңілдіктерді жою. Есте қаларлық ерекшелігі – жоғары салық мөлшерлемесінің 50 пайыздан 28 пайызға төмендеуімен қатар

төменгі мөлшерлеменің 11 пайыздан 15 пайызға өсуі.

салық салу деңгейі (incidence of taxation) Салық ауыртпалығын үлестіру. Ол екі түрлі тұжырымдаманы қамтиды. Салық салудың ресми деңгейі салық төлеу бойынша заңды жауапкершілікке жатады. Мысалы, корпоративтік салықтың заңды жауапкершілігі корпорацияға тиесілі. Бұл салық енгізу салдарынан әл-ауқаты төмендеп кеткен экономикалық агенттерге қатысты экономикалық жағдайдан ерекшеленеді. Мысалы, корпоративтік салықтың экономикалық таралуының бір бөлігі азайтылған дивиденд алатын акционерлерге, ал бір бөлігі жоғары баға төлейтін клиенттерге тиесілі. Бұл экономикалық қамтудың салық әсері үшін экономикалық салдары арқылы айқындалатын айырмашылықтың маңызы бар. Бәсекелі нарықта өндірістегі салықтың экономикалық таралуы, ұсыныс икемділігінің сұраныс икемділігіне қатысты шамасымен анықталады. Сұраныс абсолют икемді болса, экономикалық таралу жеткізушілерге түседі; сұраныс абсолют икемсіз болса, экономикалық таралу тұтынушыларға түседі. Басқа жағдайлардың бәрінде экономикалық таралу ортақ. Осындай принцип кез келген салықтың экономикалық таралуы үшін қолданылады. САЛЫҚ АУЫРТПАЛЫҒЫН ЖҮКТЕУДІ ҚАРАҢЫЗ.

салық салу сомасын бағалау (tax assessment) Кез келген жеке немесе заңды тұлға төлеуге міндетті салық сомасын анықтау. Мұны екі тәсілдің бірімен жасауға болады: 1) салық төлеушілер түрлі көздерден алатын табысын және салық жеңілдіктерін алу құқығына әсер ететін кез келген фактілерді тізіп, *салық декларациясын құрады. Содан кейін салық органы нақты баға береді; 2) *өзін-өзі бағалау әдісі – өз

табысы мен жеңілдік алу құқығы туралы ақпаратты ұсынудан бөлек, салық төлеушілер салық ережелерін қолдана отырып, өзінің сандық мәліметтеріне жеке бағалау жүргізеді; кейін бұл өзін-өзі бағалауды салық органдары тексереді. Ұлыбританияда салық декларациясы шектелген мерзімде жасалса, онда бағалауды салық инспекторы жүргізеді; осыдан кейін салық төлеушілер өзін-өзі бағалауды жүргізуге тиіс. Өзін-өзі бағалау АҚШ-тағы табыс салығын төлеуге міндетті барлық жеке тұлғаларға қатысты қолданылады.

Салық салудан босатылған арнайы жинақ шоты (СБАЖШ) (Tax Exempt Special Savings Account) (TESSA) Жеке тұлғалардың жыл сайын құрылыс қоғамына шектелген соманы инвестициялай алуын ынталандыруға арналған британдық жүйе. Бұл ретте пайыздарға салық салынбайды. Бұл жүйе жаңа инвесторлар үшін жабық болды және қазір орнына *жеке жинақ шоттары (ЖЖШ) қолданылады, бірақ жетілген СБАЖШ капитал бөлігі жеке тұлғаның рұқсат етілген жылдық жиынтығында ескерілмейтін ЖЖШ-ға қайта инвестициялануы мүмкін.

салық салудың бастапқы принципі (origin principle of taxation) Халықаралық сауда саясаты. Бұл саясатқа сәйкес тауарлар мен қызметтерге салық ол тұтынылған елде емес, өндірілген елде салынады. Мұның артықшылығына салықтан жалтарудың неғұрлым төмен болу мүмкіндігі және экспортқа салық салынбағандықтан, сауда ағындарын шекаралық бақылау қажеті болмауы жатады. Ал кемшіліктеріне салық жүйесінің жергілікті тауарлар мен импорт тауарлар арасында дискриминация жасауы мүмкіндігі жатады. Сондай-ақ САЛЫҚ САЛУДЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ПРИНЦИПІН қараңыз.

салық салудың жергілікті принципі (destination principle of taxation) Халықаралық салық салу режимі оған сәйкес тауарға тұтыну салығы тауар тұтынылған жерде салынады. Ал ҚҚС және акциз салықтары тауарды соңғы пайдаланатын елде салынады және барлық табыс сол елдің бюджетіне түседі. Бұл жүйе тауардың бейтараптығын қамтамасыз етеді, өйткені жанама салық шетелдік және отандық өндірушілер арасында дискриминация жасамайды және экспорт ішкі салық салудан босатылады. Мұның басты кемшілігіне трансшекаралық сауда ағындарына мониторинг жүргізуді қажет етуі жатады. САЛЫҚ САЛУДЫҢ БАСТАПҚЫ ПРИНЦИПІН де қараңыз.

салық салудың төменгі шегі (tax threshold) Салық салынбайтын қызмет шегін анықтайтын мән. Табыс салығы салынатын жүйелердің көбінде табыс деңгейі салық шегіне жетпейінше салық төленбейді. Салық шегінен жоғары табысқа салық салынады. Шек мәні *капитал өсіміне салынатын салық және *мирас салығы сияқты басқа да көптеген салық түріне қолданылады.

салық салынатын мүлік (rateable value) Жергілікті салық салу мақсатында Ұлыбританиядағы үйлерге салынған құн. Бастапқыда бағалау мәндері жылжымайтын мүлік үшін төленетін жалға алу ақысының бағалауы болуға тиіс деп күтілді, бірақ уақыт өте келе олар онымен аз байланысты болды. Салық салынуға тиіс мүлік әлі де *бизнес-тариф және суға салынатын ішкі мөлшерлемелер үшін негіз ретінде пайдаланылады, бірақ тұрғын үй салығы *муниципалдық салықпен алмастырылды.

салық салынатын табыс (taxable income) Салық салынатын табыс жиынтық

ақша түсімдерінен бірнеше жолмен ерекшеленеді. Кейбір түсімдер капитал сипатында қарастырылады: оларға табыс салығы бойынша емес, міндетті *капитал өсіміне салынатын салық салынуы мүмкін. Салық салынатын табыс меншік иесі жалға беретін үй (Ұлыбританияда емес) құны секілді *жүктелген табысты қамтуы мүмкін. Жиынтық табыс салық салу мақсаттары үшін әртүрлі үстемелермен не барлық салық төлеушілер үшін жеке жеңілдіктермен, не нақты бір санаттарға, мысалы, асырауындағы адамдарға, қайырымдылыққа көмек беруге немесе зейнетақы жарналарына қатысты жеңілдіктермен азайтылуы мүмкін.

салық салынғанға дейінгі пайда (pre-tax profits) Компаниялардың *корпоративтік салықты шегергенге дейінгі немесе корпоративтік емес бизнестің *табыс салығын шегергенге дейінгі пайдасы. Әр жағдайда салық салынғанға дейінгі пайда бизнеске төлейтін басқа салықтарды шегергеннен кейін есептеледі, соның ішінде *қосылған құн салығы, *бизнес-тарифтері және әлеуметтік жарналар бар.

салық салынғанға дейінгі табыс (before-tax income) Жеке тұлғаның немесе компанияның *тікелей салықты шегергенге дейінгі табысы.

салық сынасы (tax wedge) Салық себебінен туындаған таңдаудағы бұрмалану түйіні. Салық сынасы екі тауардың салыстырмалы бағасын ұтымдылық құнынан ауытқуға мәжбүрлейтін салық салу себебінің дәрежесін өлшейді. Мысалы, табыс салығынан туындайтын жаңақы мөлшерлемесіне қатысты тұтыну бағасы тұтыну мен еңбек арасындағы өзгерудің шекті жылдамдығы арасындағы бұрмалануды тудырады. Бұл бір тауар бағасының басқа

тауар бағасына қатысты және тиісті шекті өзгеріс жылдамдығы арасындағы бұрмаланудың туындауын болдырмайды. Екінші мысал: жинақ мөлшерлемесі салығы бүгінгі еңбек пен бүгінгі тұтыну арасындағы таңдауда емес, бүгінгі тұтыну мен ертеңгі тұтыну арасындағы таңдауда бұрмалану туындатады.

салық төленгеннен кейінгі табыс (after-tax income) Жеке тұлғаның немесе компанияның *тікелей салық төлегеннен кейін қалған кірісі. Салық төлегеннен кейінгі табысты есептегенде кіріс жұмсалғандағы *жанама салық бойынша міндеттемелер есепке алынбайды.

салық шегерімі (tax credit) Жеке тұлғаға немесе отбасына мемлекеттен берілетін төлем. Салық шегерімін төлеудің сүйенетін белгілі бір сипаттары бар. Қазір Ұлыбритания үкіметі 16 жас-тан асқан, табысы белгілі бір деңгейден төмен, ең болмағанда бір балалы және осы бала үшін бастапқы күтімге жауапкершілігі бар адамдарға *бала салық жеңілдігін және аптасына 16 сағаттан артық жұмыс істесе де, табысы белгілі бір деңгейден аспайтын адамдарға *жұмыс істейтіндерге салық шегерімін ұсынады. Осы екі несие бойынша төлем деңгейі табысқа байланысты болады.

салық шкаласы (tax schedule) Салық салу қызметі мен салық міндеттемесі арасындағы өзара байланыс. Сондай-ақ ПРОГРЕССИВ САЛЫҚ; РЕГРЕССИВ САЛЫҚТЫ қараңыз.

салық шығындары (tax expenditure) Үкімет ресми шығын шығармай қызметтің нақты түрлерін ынталандыра алатын құрал. Үкімет салық төлеушілер, мысалы, жеке медициналық сақтандыруды алғанын қаласа, ол мемлекеттік шығын ретінде жұмсалатын осы

мақсаттарға ерекше гранттар бере алады немесе тең сомаға төленіп, таза салықты азайтатын *салық қарымақысын қамтамасыз ете отырып, айқын емес төлем жасай алады. Осы екі жүйенің нақты экономикалық салдары табыс салығын төлеуге кедей адамдарды қоспағанда – бірдей. Алайда салық шығындары жүйесі аясында мемлекеттік түсім мен шығындар жиынтығы грант жүйесі шеңберіндегі жиынтықтан төмен. Салық шығындары үкіметке айқын мемлекеттік шығындар деңгейін төмендеті отырып, экономикалық мінез-құлыққа әсер етуге мүмкіндік береді.

салыққа сүйенетін табыс саясаты (tax-based incomes policy) *Инфляцияны оның ынталандыру әсері арқылы төмендету үшін салық жүйесін пайдалану саясаты. Бұл *төлей алатын сұранысты қысқартуда неғұрлым жоғары салықтың макроэкономикалық әсерінен ерекшеленеді. Мұндай саясат себебі – табыстың кенеттен өсуі айыппұл салатын жоғары салық мөлшерлемесіне алып келсе, онда фирмалар жалақы мен бағаның азырақ өсуін таңдайды. Кемшіліктері – монополиялық билікке ие фирмалар салық төлеуге мүмкіндік беру үшін бағаның одан да көп өсуін таңдайды және мұндай салық саясаты *косарлы бухгалтерлік есеп пен жасырын және салық салынбайтын арналар бойынша экономикалық қызмет жүргізуді ынталандыруда.

салықтан жалтару (tax avoidance) Төленуге тиіс салық сомасын азайту үшін шара жасау. Салықтан жалтару *салықтан заңсыз жалтарумен салыстырғанда – заңды. Себебі салықтан заңсыз жалтаруда жалған салық декларациясын ұсыну жолымен іс жүзінде заңды салықты қасақана төлемейді. Теория жүзінде салықтан жалтару және салық

төлеуден заңсыз жалтару мүлдем бөлек болса да, тәжірибе жүзінде соттың кез келген жиынтық операцияларына қандай арнайы әдіс қолданатынына қатысты шешім шығаруын талап етеді. Сондай-ақ САЛЫҚТАН ЖАЛТАРУҒА ҚАРСЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІ қараңыз.

Салықтан жалтаруға қарсы арнайы ереже (Special Anti-Avoidance Rule) (SAAR) САЛЫҚТАН ЖАЛТАРУҒА ҚАРСЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІ қараңыз.

Салықтан жалтаруға қарсы жалпы ережелер (General Anti-Avoidance Rule) (GAAR) Салық кодексінде қабылданған кең және жалпы ереже теріс пайдаланудың алдын алуға немесе қарсы тұруға бағытталған *салық төлеуден жалтарудың тетіктері мен мүмкіндіктері. Ұлыбританияның салық және кендік алымдар басқармасының ресми құжаттарында бұл теріс пайдалануға қарсы жалпы ереже деп аталады. Салық төлеуден жалтару әрекеті қызметтің төленген салық сомасын азайтуға басқа ешқандай экономикалық негіздеме болмағанда орын алады. GAAR режимдері әр елде ерекше; GAAR-дың маңызды мақсатты салаларының бірі – *салық базасын ыдырату және пайданы аударудың салық салу аясынан тысқары шығуы. Теріс пайдалануға қарсы ережеде ерекше жағдайларға арналған ережелер бар. Мысалы, *трансфер баға белгілеуде Салықтан жалтаруға қарсы арнайы ереже деп аталатын ережелер қолданылады. SAAR ережелері әдетте салық салудан босату не жеңілдіктерден немесе шығынға батуға қатысты салық қарымақысынан бас тартуға арналған.

салықтан заңсыз жалтару (tax evasion) Заң бойынша тиесілі салықты төлеудегі сәтсіздік, мысалы, жалған салық декларациясын өткізу немесе салықты

мүлдем төлей алмау. Осылайша салықтан жалтару заңсыз; заңды негізде төленуге міндетті салықты азайту үшін шара жасайтын *салықтан жалтаруға қарсы қойылады. Салық төлеуден заңсыз жалтаруды таңдаған жеке тұлға салық төлемдерін азайтудан түсетін пайданы оны салықтан заңсыз жалтару әшкере болған жағдайдағы жазалауға қарсы қойып, пайданы салыстыруға тиіс. Бұл – *қатермен таңдау экономикасының стандарт үлгісі.

салықты жоспарлау (tax planning) Салық міндеттемелерін азайту мақсатында жеке немесе заңды тұлғаның шаруашылық және қаржы қызметін заңды жолмен ұйымдастыру іс-шаралары. Үкімет қалайтын мінез-құлықты қалауы бойынша өзгерту үшін салық салынбайтын жинақ шоттары сияқты ынталандырумен салықты жоспарлады көтермелейді. Сондай-ақ САЛЫҚТАН ЖАЛТАРУДЫ қараңыз.

салықты қайтару (tax refund) Салық органының алдын ала жиналып, артық төленген салықты қайтаруы. Бұл шағымдану кезінде түзетілетін бастапқы *салықты есептеудегі қатенің себебінен болуы мүмкін. Ол сондай-ақ салық бастапқыда алынып және кейіннен салық төлеуші ұсталынған салыққа қарағанда, аз салыққа жауапты болғанда болуы ықтимал. Ұлыбританиядағы секілді *ағымдағы кіріске салынатын табыс салығы тәсімін қолданғанда салық жылы ішінде ішінара жұмыссыз қалған салық төлеуші салықтың қайтарылуынан үміттенеді.

салыстырмалы артықшылық (comparative advantage) Басқа елмен немесе бүкіл әлеммен салыстырғанда белгілі бір тауарды өндірудегі *балама шығын неғұрлым төмен болса, ел тауар өндіруде салыстырмалы артықшылығы бар

деп есептеледі. Елдер салыстырмалы артықшылығы бар тауарларды өндіруге маманданған болса, онда еркін сауда жиынтық өндіріс көлемін бірдей ресурстар көлемінде ұлғайту және тұтынушылар үшін таңдауды кеңейту есебінен өндіріс пен тұтыну тиімділігін арттырады. Сондай-ақ АБСОЛЮТ АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ қараңыз.

салыстырмалы баға (relative price) i тауарының бағасы j тауарының бағасына қатысты p_i/p_j ретінде анықталады. Бұл қатынас i тауарын j тауарына қандай жылдамдықпен айырбастауға болатынын өлшейді және бұл экономикалық таңдау үшін маңызды. Мысалы, нақты жалақы тұтыну бағасына қатысты төленетін еңбекақыны білдіреді және тұтынушы үшін тұтыну мен еңбек арасындағы ымыраны анықтайды. Бір баға жиынтығын әр бағаны λ тұрақты шамасына көбейте отырып басқасына өзгертуге болса, онда екі баға жиынтығы салыстырмалы бір баға жиынтығын ұсынады. Бұл бақылауда барлық бағаның *өлшем бірлігі бағаға қатысты берілуіне мүмкіндік беру үшін өлшем бірлігі ретінде тауар пайдаланылады.

салыстырмалы стандарт ауытқу (relative standard deviation) *Вариация коэффициентінің абсолют мәні.

салыстырмалы стандарт қате (relative standard error) *Стандарт қатенің пайызбен көрсетілген статистиканың іріктеме бағасына қатынасының абсолют мәні ретінде анықталатын өлшем бірлігінсіз статистиканың сенімділігін өлшеу.

салыстырмалы статика (comparative statics) Экономикалық модельдің экзоген тіркелген параметрлерінің мәндері өзгертілсе, осы экономикалық модельдегі *тепе-теңдік жағдайы қалай өзгертінін

талдау. Мұндай өзгерістер экзоген белгілі бір өлшемдерді, мысалы, елдегі халық саны, мінез-құлықты сипаттайтын параметрлер немесе жинақтауға бейімдікті қамтиды. «Салыстырмалы» – экономиканың екі немесе одан да көп тепе-теңдік жағдайы салыстырылады дегенді, ал «статика» – әр жағдай жай ғана тепе-теңдік ретінде қарастырылатынын және тепе-теңдік арасындағы ауысу талданбайтынын білдіреді.

салыстырмалы табыс гипотезасы (relative income hypothesis) *Жинақтау мінез-құлқына адамның табысты таратудағы салыстырмалы жағдайы әсер етеді дейтін теория. Осылайша берілген *нақты табыс деңгейінде адам салыстырмалы түрде бай қауымдастықтың кедей мүшесі немесе кедей қауымдастықтың бай мүшесі болуы мүмкін. Бай қауымдастық мүшелері көп тұтынады және аз үнемдейді деп күтіледі, өйткені әлеуметтік қолайлы ең төмен тұтыну деңгейі туралы түсінік олардың достары мен көршілері үшін үйреншікті екенінің ықпалына байланысты. Бұл талдау түрлі елдер немесе өңірлер немесе сол бір ел арасындағы түрлі уақыт ішіндегі салыстыруда қолданылады.

салыстырмалы шығын (comparative costs) Шығын ретінде көрсетілген *салыстырмалы артықшылық. Тауардың салыстырмалы шығыны тауар өндірісінде салыстырмалы артықшылығы бар елде төмен, ал салыстырмалы артықшылығы жоқ елде жоғары болады.

салыстырмалылық (comparability) ТҮЛҒААРАЛЫҚ САЛЫСТЫРУДЫ қараңыз.

Самуэльсон ережесі (Samuelson rule) *Қоғамдық игілік экономикасындағы *Парето тиімділігі бар үлестіру жиынтығын сипаттайтын теңдеу. Бір

қоғамдық игілік, бір жекеменшік игілік және H тұтынушысы бар экономикада Самуэльсон ережесі мынаны талап етеді:

$$\sum_{h=1}^H MRS_{G,x}^h = MRT_{G,x}$$

мұндағы $MRS_{G,x}^h$ – x тұтынушы үшін G қоғамдық игілік және x – жекеменшік игілік арасындағы *алмастырудың шекті нормасы және $MRT_{G,x}$ – G және x арасындағы *трансформацияның шекті нормасы. Алмастырудың шекті нормасы – шекті пайда өлшемі, ал трансформацияның шекті нормасы шекті шығын өлшемі ретінде түсіндірілуге тиіс. Шекті пайда жинақталады, себебі қоғамдық игіліктің қосымша бірлігі тұтынушылардың барлығына пайда әкеледі.

санақ (census) Берілген аудан халқының саны мен сипаты туралы ресми сауалнама. Санақты әдетте міндетті түрде жауап берілуге тиіс сауалнамалар көмегімен ресми органдар жүргізеді. Ұлыбританияда санақ әдетте он жыл сайын өткізіледі, соңғысы 2011 жылы болды. Адамдардың жасы, жынысы, отбасы жағдайы және жұмысы секілді жеке сипаттар туралы ақпарат жиналады. Санақ барысында тұрғын үй жағдайлары, мобильділік, тіл, этностық топ немесе дін сияқты басқа да тақырыптар бойынша ақпарат жиналуы мүмкін.

санаулы ақша массасы (narrow money) Ақшаның айырбас құралы ретіндегі мәні. Бұл *M0 және *M1 қатысты қолданылады. Сондай-ақ КЕҢ АҚША МАСАСЫН қараңыз.

сандық бәсеңдету (сандық жұмсарту) (quantitative easing) Орталық банк ақшаны жасап, оны *ашық нарықтағы операцияларға қатысу үшін

қолданатын ақша-несие саясатының шекті формасы. Ашық нарықтағы операциялар облигациялардың қолма-қол ақшаға сатып алынуын ұйғарады, бұл қаржы мекемелеріндегі ақша қорларын көбейтеді және өтімділігін арттырады. Сандық бәсеңдетудің мақсаты – экономиканы ынталандыру. Бұл әдіс төмендетілген пайыздық мөлшерлеме құралы арқылы қарапайым ақша экспансиясы қолданыла алмайтын жағдайда пайдаланылады. Себебі пайыздық мөлшерлеме нөлге жақын немесе тең болады.

сандық теңдеу (quantity equation)

$MV=PT$ теңдеуі *баға деңгейі мен *ақша массасын байланыстырады. Мұндағы M – ақша массасы, V – айналым жылдамдығы, P – баға деңгейі, T – транзакциялар көлемі. Сандық теңдеу – *ақшаның сандық теориясының негізі.

Санкт-Петербург парадоксі (Петербург ойыны) (St Petersburg paradox)

Бақылау бойынша эксперименттік субъектілер күтілетін ұтысы шексіз болатын тиын лақтыру ойынына кіру үшін тек шағын төлем жасауды ұсынады. Сізге тиын не бүк, не шік түскенше бірнеше рет лақтырылатын ойынға қатысу мүмкіндігі ұсынылды деп ойлаңыз. t -ші рет лақтырғанда тиын бүк түссе, ұтыс 2^{t-1} болады. Ойынға кіргенде күтілетін ұтыс:

$$EP = \frac{1}{2}2^0 + \frac{1}{4}2^1 + \frac{1}{8}2^2 + \dots = \frac{1}{2} + \frac{1}{2} + \frac{1}{2} + \dots = \infty$$

Көп субъектінің аз ғана төлем жасап ойынға қатысуын ақшаның кемімелі шекті пайдалылығымен түсіндіруге болады. Тек шекті пайдалылық немесе *мінез-құлық экономикасымен ғана түсіндіруге болатын күшті парадокстер бар. АУЫТҚУЛАРДЫ қараңыз.

сапа сатысы (шкаласы) (quality ladder)

Фирмалар өз өнімдерінің сапасын үнемі арттырып отыратын өндіріс моделі. Сапа сатысымен жоғары қозғалуға өнімге сенімділікті арттыру және өнімнің техникалық сипаттамасы мен дизайнын жақсарту кіреді. Процесс барысында өнім нарықтың төмен деңгейіне бағытталған арзан сызықтық қатардан неғұрлым жоғары және ауқатты тұтынушыларға арналған мінсіз тауарға айналады. Бұл процесс *жаңа индустрияланған елдердің дамуымен байланысты. Сапа сатысы – кейбір модельдерде *эндоген өсудің негізгі элементі.

сапа стандарттары (quality standards)

Мемлекеттік органдар немесе сауда қауымдастықтары орнататын тауарларға арналған ең төмен стандарттар. Бұл стандарттар төзімділік пен қауіпсіздіктің қанағаттанарлық деңгейін қамтамасыз ете отырып, тұтынушыларды қорғайды.

сапалық деректер (qualitative data)

Өлшемі емес, тек сипаты мен ерекшеліктеріне сәйкес санаттар мен топтар бойынша топтастыруға болатын деректер. Кей жағдайда деректерді зерттеу контексіне қарай сапалық немесе сандық деректер ретінде де қарастыруға болады. Мысалы, білім туралы деректерді жеке адамның білім алған жылдарына қатысты сандық немесе білім алу барысында жеткен жоғары жетістіктерін сипаттағанда сапалық түрде қарастыруға болады. КАТЕГОРИЯЛЫҚ АЙНЫМАЛЫНЫ қараңыз.

сапалық таңдау модельдері (qualitative choice models) ДИСКРЕТ ТАҢДАУ МОДЕЛІН қараңыз.

сапаны бақылау (quality control) Өнімді сатуға дейін және/немесе өндірістің ерте сатысында жүзеге асырылатын

өнімнің сапасын тексеру жүйесі. Тексерістің өзі өнімді жойып немесе оған зиян келтірер болса, онда сапаны бақылау өнімдердің ортақ сипаты болуына, мысалы, белгілі бір күні, бір машинада өңделу секілді белгілерге қарай таңдап алынған өнім партияларының сынамаларын іріктеу арқылы жүзеге асырылуға тиіс. Сапаны бақылауға өндіріс деңгейіне сапа беделін ұстап тұратын коммерциялық пайымдау мен ақаулы өнім үшін салынатын айыппұл мен келетін залал, яғни құқықтық тосқауылдар ықпал етеді.

сапасыз тауарлар (inferior good) Оған деген сұраныс төмен, белгілі бір табыс диапазонында кез келген бағада сұраныс бар тауарлар. Осылайша сапасы нашар тауарларға *сұраныстың табысқа икемділігі кез келген табыс диапазонында – теріс. Тауардың жақын недәуір сапалы алмастырушысы болса, ол нашар болуы мүмкін. Сондай-ақ ЭНГЕЛЬ ҚИСЫҒЫН қараңыз.

сарқылатын ресурстар (depletable resources) Ресурс қолданғанда оның қоры азаятын және экономикалық шешімдер қабылдау үшін қажет уақыт көлемінде ұлғаймайтын ресурс. Бұл ресурс мысалдарына көмір, мұнай немесе минерал кен орындарын келтіруге болады. Сарқылатын ресурстарды реттеу қарқыны өте төмен болады, сәйкесінше, оларды бір-ақ рет пайдалануға болатындай етіп модельдеуге болады.

сарқылу теориясы (trickle-down theory) Байлардың байлық жинақтауы нәтижесінде кедейлердің өмір сүру сапасының жақсаруына алып келеді деген тұжырым. Байлық халықтың кедей топтарына таралуы мүмкін механизмдерге мысал: капитал нарығында қарыз алу және несие беру – капитал нарығы жетілмегенде экономикада капиталдың

жинақталуына қарай аз қамтылғандарға инвестициялық мақсаттар үшін көбірек қаражатқа қол жеткізуге болады.

сату салығы (sales tax) Бизнестегі сатуға салынатын салық. Сатуға салынатын салық әдетте кейбір санаттағы тауарлар мен қызметтерді сатудың жалпы көлемінің бекітілген бір бөлігін білдіреді. Сату салығы түсімдерді арттыру үшін пайдаланылады. Негізінде, экономикалық тиімділік үшін *қосылған құн салығы жақсы болғанымен, қызметі бірнеше мемлекетте (штаттарда) таралған фирмалар жүргізетін бизнеске салынатын сату салығын әкімшілік тұрғыдан реттеу жеңілдірек.

сату шығыны (selling costs) Өнімді өткізу процесінде жұмсалған шығын. Бұған жарнама тақтасы немесе бұқаралық ақпарат құралдары, сауда жәрмеңкесіне қатысу немесе «есіктен есікке» сауда өкілдері мен сатушыларды жұмыспен қамту шығыны кіреді. Әдетте ол жобалау және сапаны бақылау шығындарын өтемейді, дегенмен ол сұранысқа ие өнімді жасау үшін сату шығындарынан да маңызды болуы мүмкін.

сатудан кейінгі қызмет көрсету (after-sales service) Тауарды сатқаннан кейінгі қызмет көрсетуді ұсыну тұтынушыларға пайдалы болды. Бұл өнімді қолдану туралы кеңес беру және оқытуды; ағымдағы қызмет көрсету, сервис және бұзылған жағдайда жөндеуді; материалдар мен қосалқы бөлшектер ұсынуды; жеткізілген тауар бұзылған жағдайда *кепілдік бойынша ауыстыруды және өнімді одан әрі дамытқан жағдайда тауарды жаңартуды қамтиды. Сатудан кейінгі арзан және тиімді қызмет көрсетуге қатысты клиенттердің үміті өнімдердің бәсекеге қабілетін қамтамасыз етуде маңызы жоғары. Сондай-ақ сатудан кейінгі қызмет көрсетудің

сапасы мен бағасына клиенттің сенбеуі өнімдерді сатуды қиындатады. БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ қараңыз.

«сатушы» (shop steward) Басшылықпен талқылауға қатысуға әріптестері атынан цех деңгейінде таңдалған жұмысшы. «Сатушылар» әдетте кәсіподақ мүшесі болғанымен, кәсіподақ қайраткері бола бермейді. Олар *өндірістік қарым-қатынас мәселелерін ерте сатысында анықтауы мүмкін және олардың *өнеркәсіптік дауға ұласуының алдын алуға көмектеседі.

сатушы мен тұтынушы бағасы арасындағы айырмашылық (bid-ask spread) Активті дереу сатқанда алынуы мүмкін баға (сатып алу бағасы) мен осы активті дереу сатып алғанда төленуге тиіс баға (сату бағасы) арасындағы айырмашылық. Айырмашылық – дилерге арналған пайда маржасы.

сатушылар нарығы (seller's market) Сатып алушыларға қарағанда, сатушыларға жақсырақ жағдай жасалатын нарыққа қатысты бейресми термин. Сатушылар жеткіліксіз болса және олар өз активтерін басқаруға асықпаса, ал сатып алушылар саны көп және өз қажетін өтеу үшін күшті қысымда болса, онда қазіргі сауда бағасы өткен кезеңдегі орташа бағамен салыстырғанда жоғары және сатушылар үшін сату шарттары қолайлы болуы мүмкін.

сатушылардың шоғырлануы (seller concentration) Нарықтағы сатушылардың саны мен олардың нарықтағы үлесі. Сондай-ақ *N* ФИРМАНЫҢ ШОҒЫРЛАНУ КОЭФФИЦИЕНТІН қараңыз.

Сатылмайтын (биржа айналымына кіргізілмеген, биржада бақыланбайтын) бағалы қағаздар нарығы (СБҚН) (Unlisted Securities Market) (USM) Шағын

компаниялардың акцияларымен айналысатын *Лондон қор биржасының бір бөлігі. USM негізгі нарыққа қарағанда қатандығы төмен талап қойды және компаниялардың әлдеқайда аз акцияларын саудалайды. Ол 1995 жылы таратылды.

сатылы бірігу (vertical merger) Біреуі екіншісінің негізгі жабдықтаушысы болатын екі фирманың қосылуы. Мысалы, сыра қайнату мен көпшілікке арналған ойын-сауық орындары желісі немесе баспа мен кітап дүкені. Бұл өндірістің бір сатысында жұмыс істейтін екі фирманың *деңгейлес бірігуінен өзгеше.

сатылы интеграция (vertical integration) Бір фирмада екі немесе одан да көп өндіріс кезеңінің комбинациясын әдетте жеке фирмалар жүзеге асырады. Бір тәуелсіз фирма басқа фирмаға сата алатын аралық тауарлардың сапасы мен сенімділігін үйлестіруге көмектессе, сатылы интеграция фирмалар үшін пайдалы болуы мүмкін. Екінші жағынан, бұл салаға кіруге және онда бәсекелесуге кедергі келтіруі мүмкін.

сатылы теңдік (vertical equity) Тиімді жағдайдағы адамдар қоғамға көбірек үлес қосуға тиіс деген пікір. Бұл тұжырымдаманы қолданудың қиындығы – ұтымды жағдайды анықтауда. Салық салуға қатысты сатылы теңдік кіріс артықшылықтың тиісті шарасы ретінде қаралса, төленген салық сомасы кіріске сәйкес ұлғайтылуға тиіс дегенді білдіреді. Алайда теңдей дәрежеде негізі бар балама көзқарас артықшылық табыс табу қабілетімен өлшенуге тиіс. Сатылы теңдік кезінде табыс табу мүмкіндіктерін қолдану керек пе деген жеке шешімдерге қарамастан, қабілеті төмен адамдарға қарағанда қабілеті жоғары адамдардың көбірек үлес қосуы талап етіледі. Сатылы теңдік шамамен тең

табысы бар адамдар арасындағы *теңдікке байланысты *деңгейлес теңдіктен ерекшеленеді.

сатып алу (procurement) Тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу. Ірі ауқымды мемлекеттік сатып алу мемлекеттік ықтимал қаржы ағындарын сатып алудың тиімсіздігін қамтамасыз етеді және *сыбайлас жемқорлық ресурстардың тиімсіз бөлінуіне әкелуі мүмкін. Сондай-ақ мемлекеттік сатып алу үшін жергілікті жеткізушілерге шетелдік жеткізушілерге қарағанда артықшылық берілуі әдеттегідей: бұл ұлттық қауіпсіздік үшін қажет болмаса, онда бұл тиімділіктің маңызды көзі – *протекционизмнің бір түрі.

сатып алу қабілеті (purchasing power) Әр ақша бірлігіне сатып алуға болатын нақты тауарлар мен қызметтер саны. Осылайша сатып алу қабілеті тиісті *баға индексінің кері бағыты болады: баға өссе, ақшаның сатып алу қабілеті төмендейді.

сатып алу қабілеті паритеті (СҚП) (purchasing power parity) (PPP) Валюталардың *айырбас бағамы ұзақмерзімді перспективада әрқайсы сатып алатын кез келген тауар мен қызмет санымен анықталады дейтін теория. Тасымалдау шығыны мен *тарифтер болмаған жағдайда, сатылатын тауарлардың бағасы басқа елдегіден төмен болса, трейдерлер оларды арзанға сатып алуға және басқа бір елге сатуға болатын елде тауар сатып алу арқылы жеңіп шығуы мүмкін, осылайша салыстырмалы баға деңгейі тепе-тең айырбас бағамын анықтайды. Барлық тауарлар саудаға жатпайды, тіпті тауарлар сатылса, тасымалдау шығыны мен тариф бағасы бірдей болмауға тиіс, бірақ бірдей арбитраж күштері олардың айырмашылығын шектейді және сол арқылы СҚП айырбас

бағамының ауытқуын шектейді. Сатып алу қабілеті паритетіне балама форма – тепе-тең айырбас бағамының өзгеруін *салыстырмалы баға деңгейінің өзгеруімен анықтау.

сатып алу құқығынан айыру (foreclosure) Қарыз алушының *ипотека шарттарын сақтамауынан кредитордың кепілге салынған мүлікті өзіне қайтарып алуы. Бұл сәтсіздік әдетте мерзімінде пайыздық және амортизациялық төлемдер жасауға қабілетсіз болғаннан туындайды. Кредиторлар сатып алу құқығынан айыру процесіне қомақты берешек қордаланғанда ғана жүгінеді, бұл сот шешімінсіз орындалмайды. Бұл терминді Ұлыбританияда «қайта иемдену» деп атайды.

сатып алу салығы (purchase tax) Ұлыбританиядағы тұтынушыларға салынатын салық, тауарлар мен уақыт аралығында өзгеріп отырады. 1973 жылы оның орнын *қосылған құн салығы басты.

сатып алушы (buyer) Әдетте ақшаға зат сатып алатын адам. Тұтынушы ретінде бар адам сатып алушы болып келеді, алайда фирмалар маманданған сатып алушыларды жалдайды. Сапасы, дизайны немесе сипаттамасы бойынша ерекшеленетін тауарлар болса немесе жеткізушілерді бақылау қиын болғанда қызметі фирма үшін өте маңызды сатып алушы жоғары білікті сарапшы саналады.

сатып алушы тарту үшін тауар бағасын төмендету (loss leader) Төмен бағамен тауар, тіпті құны да төмен, басқа пайдалы өнімдерді сатып алуды жоспарлап отырған сатып алушыларды тартады. Тұтынушылар басқа тауарларға қарағанда кейбір тауарлардың бағасына салыстырмалы түрде есеп берсе,

сатып алушы тарту үшін тауар бағасын төмендету әдісін қолдану өте пайдалы болуы мүмкін. Бұл жағдай солай болар еді, егер тауарлардың ұқсамауы олардың сапасы қаншалықты оңай тексерілуіне және олардың қаншалықты жиі сатып алынуына байланысты болса. Аз хабардар болған басқа өнімдердің сатып алушына тарту үшін тұтынушылар жақсы хабардар етілген арзан өнімдерді сату методін пайдалануға болады, сондықтан кең қолданыста жүруіне болады.

сатып алушылар келісімі (concert party)

Инвесторлар тобының бір компанияны *иемдену үшін акцияларын сатып алуға қор биржасында бірлесіп жасаған әрекеттері. Бұл назар аударуды болдырмау және ашық болу талаптарын айналып өту үшін жасалуы мүмкін.

сатып алушылар нарығы (buyer's market)

Сатушыларға қарағанда сатып алушыларға жақсырақ жағдай жасалған нарық. Бұл, мысалы, сатушылар көп болғанда және тез ақша жинау үшін қысымда болғанда, сондай-ақ сатып алушылар аз болғанда және олар күте алатын болғанда көрініс табады. Мұндай жағдайда баға өте төмен, ал сату шарттары сатып алушылар үшін ерекше қолайлы болады.

сатып алушылардың шоғырлануы (buyer concentration)

Нарықтағы сұраныс мөлшеріне нарық пәрменінің ықпалын өлшеу. Сатып алушылардың шоғырлану коэффициенті * N фирмасының шоғырлану коэффициентіне ұқсас анықталады, яғни N – ірі сатып алушылар сатып алған тауардың нарықтағы жалпы сатылымының пропорциясы. ХЕРФИНАЛЬ ИНДЕКСІН *де қараңыз*.

сатып алушының жылжымайтын мүліктің келісілген бағасын түсіруі (gazundering)

Жылжымайтын мүлікті сатып алушы сатып алу-сату шартынан бас тартқанда және бұрын келісілгеннен төмен баға ұсынғанда орын алады. Бұл әдетте баға төмендеп және жылжымайтын мүлікті сату қиындағанда болады. Сатушы төмен бағаға келіспесе, сатып алушы оның жаңа сатып алушыны іздеуге байланысты жоғалтатын уақыты мен шығынын ескере отырып, мүлікті қазіргіден де төмен бағамен сатуға тура келуі мүмкін жағдайды пайдаланады.

сауалнама деректері (survey data) Жеке тұлғалардан немесе фирмалардан сауалнама алу барысында жиналған деректер. Сауалнама аймақтық, мемлекеттік немесе мемлекеттен жоғары бола тұрып, оларды ортақ қамтуы, *санақ кезінде немесе тиісті халық санағы іріктелмесіне сүйеніп жасалуы мүмкін. Оларды осы мақсат үшін арнайы құрылған Ұлыбританияның Ұлттық статистика бюросы секілді не олардың әдеттегі жұмыс барысында мемлекеттік органдар жүргізуі мүмкін. Мысалы, Ұлыбританиядағы табыс туралы деректер *Ұлыбританияның табыс пен кеден қызметі басқармасында, ал кәсіподақтар туралы мәліметтер *Бизнес, энергетика және өнеркәсіп стратегиясы департаментінде жиналады. Сондай-ақ нарықты зерттеуші фирмалар сияқты жеке коммерциялық мекемелер және *Британ өнеркәсіп конфедерациясы секілді жеке ұйымдар және академиялық мекемелер жүргізуі мүмкін.

сауда (trade) 1. Екі жеке тұлға немесе мемлекет арасындағы тауар айырбасы. Сауда – экономикалық қызметтің негізгі құрамдас бөлігі және өзара пайда мүддесінде жүзеге асырылады.

2. Кәсіп түрі, мысалы, ағаш ұстасы немесе сутартқыш. Бастапқыда *кәсіподақ ұқсас дағдылары бар жұмысшылардың бірігуі болды.

3. Тарату процесі, мысалы, автокөліктер саудасы. Сондай-ақ САУДА БАЛАНСЫ; ЕКІЖАҚТЫ САУДА; ӘДІЛ САУДА; ЕРКІН САУДА; САУДАДАН ТҮСЕТІН ПАЙДА; САЛААРАЛЫҚ САУДА; САЛА ІШІНДЕГІ САУДА; КӨРІНБЕЙТІН САУДА; БАСҚАРЫЛАТЫН САУДА; КӨПЖАҚТЫ САУДА; САУДА ЕРКІНДІГІН ШЕКТЕУ; КІШІГІРІМ АЛЫПСАТАР САУДА; САУДА ШАРТТАРЫ; САУДАДАҒЫ ДЕФИЦИТТІ қараңыз.

сауда ауытқулары (trade diversion) *Кеден одағына мүше емес елдер арасындағы сауданың мүше елдер арасындағы саудаға айырбастау әсері. Бұл мүше елдер тауарларының тарифтік емес бағасының бұрын тауарларды ұсынған мүше емес елдердің баға тарифтеріне қарағанда төмен болуы себебінен болды. Сауда ауытқулары импорт көздерінің арзан жеткізушілерден қымбат жеткізушілерге ауытқуын камтиды және әдетте ол әл-ауқаттың төмендеуіне алып келеді. Ол тарифтердің күшін жою нәтижесінде мүше елдер арасындағы жаңа немесе өсіп келе жатқан *сауда байланыстарын құрудан ерекшеленеді, әдетте әл-ауқатты арттырады. Сауда ауытқуының шығыны сауда байланыстарын құру пайдасына қарағанда төмен болса, онда Кеден одағы оның мүшелеріне қысқамерзімді келешекте тиімді.

сауда байланыстарын құру (trade creation) *Кеден одағына мүше елдер арасындағы сауданы құруға немесе ұлғайтуға әсері. Бұл жаңа сауда мүшелер арасындағы тарифтерді төмендету нәтижесі және жалпы әл-ауқаттың артуына ықпал етеді. Сауда байланыстарын құру мүше емес елдер арасындағы сауда айырбасын білдіретін *сауданы қайта бағдарлаудан ерекшеленеді. Әдетте сауданы қайта бағдарлау әл-ауқаттың төмендеуіне алып келеді. Сауда байланыстарын құрудан түсетін пайда сауданы қайта бағдарлаудан болатын

шығыннан асып кетсе, онда Кеден одағы өз мүшелеріне қысқамерзімді келешекте тиімді.

сауда балансы (balance of trade) Көрінетін экспорттың көрінетін импорттан артық болуы. *Ағымдағы шоттағы төлем балансының жалғыз болмаса да негізгі компоненті.

сауда балансының тапшылығы (trade gap) САУДАДАҒЫ ДЕФИЦИТТІ қараңыз.

сауда валютасы (trading currency) Халықаралық сауда операциялары бойынша шоттарды шығару үшін пайдаланылатын валюта. Сатып алушының немесе сатушының валютасы жиі пайдаланылса да, кейбір жағдайларда шоттар үшінші елдің валютасында беріледі; бұл тараптардың бірде-бірінің ортақ өз валютасы кеңінен пайдаланылмағанда кеңінен қолданылады. АҚШ доллары мен еуро жиі сауда немесе тасымалдау валютасы ретінде пайдаланылады.

сауда векселі (trade bill) АУДАРМАЛЫ ВЕКСЕЛЬДІ қараңыз.

сауда келіссөзі (trade talks) Халықаралық сауда тетіктері бойынша келісімдерді талқылау. Олар екіжақты негізде елдердің шектеулі топтары арасындағы немесе дүниежүзілік ауқымда жүргізілуі мүмкін. Екіжақты келіссөз ұсақ дауларды реттеу жөніндегі күшжігерде ортақ. Елдер топтары *Еуропа одағы немесе *Солтүстік Америка еркін сауда келісімі сияқты сауда блоктарын құру және олардың жұмыс істеу мәселелерін талқылау үшін келіссөз жүргізеді. *Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім шеңберінде дүниежүзілік сауда бойынша келіссөз жүргізілді. Алдыңғы серия *Уругвай раунды 1994 жылы қазіргі уақытта *Мыңжылдық

раундын өткізіп жатқан *Дүниежүзілік сауда ұйымының құрылуымен аяқталды. Сауда келіссөзіне қатысушылар әдетте мемлекеттер, бірақ *экспортты шектеу туралы ерікті келісімдер құру бойынша ұсыныстары жеке сауда қауымдастықтарын да қамтуы мүмкін.

сауда қауымдастығы (trade association)

Нақты бір бизнес түрімен айналысатын фирмаларды біріктіретін ерікті орган. Сауда қауымдастықтары ақпарат жинау мен айырбасты ілгерілетеді және техникалық стандарттарды талқылауға жәрдемдеседі; олар сондай-ақ салаға ықпал ететін заңнамаға және ол үшін мүмкін болатын субсидияларға қатысты үкіметтер мүддесіне қолдау көрсетеді.

сауда несиесі (trade credit) Жеткізушілердің өз клиенттерін несиенен қамтамасыз етуі. Әдетте клиенттерге жеткізілетін тауарлар үшін төлем жасау бірден талап етілмей, әдетте тұтыну тауарлары үшін апталардан ұзақмерзімді күрделі тауарлар үшін жылдарға дейінгі жеңілдікті кезең ішінде төленеді. Сауда несиесін есепке алуды қамтамасыз ету қажеттігі көптеген салаларға қажет капиталдың маңызды бөлігін құрайды.

сауда санкциясы (trade sanctions) Әрекеті мен саясатын мақұлдамайтын бір елдің басқа елмен сауда байланысын жасауға шектеу қоюы немесе тыйым салуы. Санкциялар жалпы сипатта болуы немесе нақты тауарларға, әсіресе қару-жарақ пен мұнайға қатысты қолданылуы мүмкін. Дегенмен санкциялардың толық сақталуын қамтамасыз ету қиын, себебі сауда контрабанда немесе жанама бағыттарды пайдалану жолымен жүзеге асырылуы мүмкін, санкциялар саудаға байланысты шығындардың ұлғаюын қамтиды және сондықтан

санкция құрбандарына белгілі бір қысым көрсетілуі мүмкін.

сауда саясаты (commercial policy) Сыртқы саудаға ықпал ететін мемлекеттік саясат. Бұл *тарифтерді, саудаға субсидияны, *квоталарды, *экспортты ерікті түрде шектеу келісімдерін пайдалануды және саудадағы басқа да *тарифтік емес тосқауылдарды, шетелдік кәсіпорын құру құқығын шектеуді және сақтандыру сияқты халықаралық қызметтер саудасын реттеуді қамтиды. Үкіметтер арасындағы сауда саясаты мәселелері көбінесе *Дүниежүзілік сауда ұйымы немесе *Еуропалық одақ немесе *Солтүстік Америка еркін сауда келісімі секілді өңірлік топтар арасында келісіледі. Сонымен қатар оны тікелей, екіжақты немесе көпжақты келісім аясында шешуге болады. Сондай-ақ ПРОТЕКЦИОНИЗМДІ қараңыз.

сауда саясаты (trade policy) ЛИБЕРАЛ САУДА САЯСАТЫ; СТРАТЕГИЯЛЫҚ САУДА САЯСАТЫН қараңыз.

сауда соғысы (trade war) Елдер бір-бірінің саудасына зиян келтіруге тырысатын жағдай. Сауда соғысының құралдары басқа елдің импортына тарифтер, квоталық шектеулер немесе тікелей тыйым салуды, сондай-ақ бәсекелес қарсылас саналатын үшінші елдерге экспорттау, елдерге экспорт үшін субсидия немесе субсидияланған несие беруді қамтиды. Сауда соғысы кезінде мұндай әдістер қарсылас жасаған шаралар үшін «балама есе қайтару» үшін бірқатар жауап әрекетімен күшейтілуі мүмкін.

сауда тосқауылдары (trade barriers) Елдер арасындағы сауданы ел ішіндегі саудаға қарағанда қиын немесе қымбат ететін заңдар, институттар немесе тәжірибе. Олардың кейбіреуі саудаға

кедергі келтіру үшін арнайы әзірленген: бұл айдарға *тарифтер, яғни импортқа салынатын арнайы салықтар жатады. Көптеген елде *Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімге сәйкес тарифтер қысқартылды, сондай-ақ түрлі топ елдерде, соның ішінде *Еуропалық одақ (ЕО) және Канада, Мексика мен АҚШ арасындағы еркін сауда туралы *Солтүстік Америка еркін сауда келісіміне мүше елдерде олардың арасындағы сауда тарифтері қысқартылды немесе алынып тасталды. Алайда басқа квоталық шектеу және *ерікті экспортты шектеу туралы келісімдер секілді *тарифтік емес тосқауылдар соңғы жылдары неғұрлым кең тарап келеді. Саудадағы тосқауылдар, сондай-ақ денсаулық сақтау мен қауіпсіздік стандарттары, таңбалауға қойылатын талаптар, сонымен қатар жүзеге асырылатын шаралар мен таразыларды реттеу нормалары сияқты мәселелердегі ұлттық айырмашылықтарға шартталған. Олар саудадағы тосқауылдар болуы міндетті емес болғанымен, жергілікті талаптарға сәйкес өнімді өзгерту қажеттілігі және бұл жасалғанын растау үшін қажет құжаттаманы талап ету, әдетте халықаралық саудаға ішкі саудадағы осы тәжірибеден асатын шығындар мен кешіктіруді жүктейді. Тиімді сауда тосқауылдары, сондай-ақ заңды талаптардың нәтижесінде саяси актілер арқылы немесе ішкі дереккөз туралы ақпаратты жақсарту жолымен отандық өнім берушілерге шетелдік талаптармен салыстырғанда жиі артықшылық режим беретін мемлекеттік *қамсыздандыру процесі саясатымен жүктеледі. ЕО мүше елдерге қатысты осы мемлекеттік сатып алуға қатысты ішкі теріс түсініктің алдын алуға талпыныс жасайды, алайда шектеулі табыспен болды. Сондай-ақ САУДАДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ТОСҚАУЫЛДАРДЫ қараңыз.

сауда циклі (trade cycle) Экономикалық белсенділіктегі циклдер туралы Джон Хикс (1904–1989) моделі. Қазіргі уақытта бұл термин *бизнес-циклге ауыстырылды.

сауда шарттары (terms of trade) Мемлекеттің экспорт бағасы индексінің оның импорт бағасы индексіне қатынасы. Бұл қатынастар өссе, экспорттың әр бірлігі импорт үшін артық төленеді, сауда шарттары жақсарады және бұл арақатынас төмендесе, онда экспорттың әр бірлігі импорттан аз сатып алады, сауда шарттары нашарлайды деп айтады. Бұл терминология негізгі экономикалық жағдайды көрсетпеуі мүмкін. Елдің сауда жағдайы оның экспортына сыртқы сұраныстың өсуіне байланысты жақсарса, бұл – оның экономикалық шарттарының жақсаруы. Алайда сауда шарттары ішкі инфляцияның шетелдегі инфляциядан асып кетуіне байланысты жақсарса, онда нәтижесінде экономикалық жақсару ретінде қарастыруға келмейтін *сауда балансына қатысты мәселелер туындауы мүмкін. Жоғарыда анықталған тауар немесе «бартер» сауда шарттарын фактор функциясы бірлігімен сауда нәтижесінде алынуы мүмкін импорт көлемін білдіретін «факторлы» сауда шарттарымен салыстыруға болады. Кез келген мемлекет саудасының салалық шарттары сауданың бартер жағдайларын жақсарту немесе өнімділікті арттыру себебінен жақсаруы мүмкін. Сын есімсіз аталған «сауда шарттары» әдетте сауда-саттықтың бартер шарттарына жатады.

Саудаға байланысты зияткерлік меншік құқығы (СЗМК) (Trade-Related Intellectual Property Rights) (TRIPS) Мемлекеттердің басқа елдердің *авторлық құқықтарын, *патенттері мен *тауар белгілерін құрметтеуге қатысты *Уругвай раунды

шенберінде 1995 жылы жасалған келісім. *Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы осы елдердің көп бөлігіне тиесілі СЗМҚ сақталуына өте мүдделі болды; көптеген *нашар дамыған ел оған үлкен күмәнмен қарады, бірақ өз патенттерін әзірлейтін *жаңа индустрияланған елдердің кейбірі оны қолдады.

саудаға қарай өлшенген индекс (trade-weighted index number) Ел саудасындағы әртүрлі елдердің үлесіне пропорционал үлесі бар индекс нөмірі. Индекснің мұндай нөмірі басқа елдердің бір-бірімен айырбас валюта бағамы бар кезде елдің *тиімді валюта бағамын есептеу үшін пайдаланылады. Өлшем импортқа, экспортқа немесе осы екеуінің сомасына сүйенуі мүмкін.

Саудаға қатысты инвестиция өлшемі (СҚИӨ) (Trade-Related Investment Measures) (TRIMS) *Уругвай раунды барысында қол жеткізілген халықаралық саудаға елеулі әсер ететін инвестицияға субсидия сияқты ұлттық саясатты бақылауға әрекет ету туралы келісім.

саудаға салынбайтын (non-tradables) Халықаралық деңгейде сатылмайтын тауарлар мен қызметтер.

саудада стратегиялық есе қайтару (strategic trade retaliation) Ең алдымен алдағы шектеулерді болдырмау үшін енгізілетін сыртқы сауда шектеулеріне байланысты жауап шаралары. Егер *A* елі өзіндегі *тарифтерді көтерсе немесе *B* тауарына *квотаны азайтса, *B* елі жауап шара жасау-жасамау мәселесін шешуі керек. Егер *B* алдағы уақытта *A* ешқандай әрекет жасамайтынын болжай білсе, онда ең дұрыс жауап әрекетсіздік болар еді, бірақ *A*-ның іс-әрекеті зиянды болса да, есе қайтару жағдайды тек нашарлатар еді. Алайда *B* мұны

алдағы шектеулер кезінде *A* қарсылық болмайды деген белгі ретінде түсінеді деп есептегендіктен, *A*-ға одан әрі жүруге тиіс емес екенін түсіндіру үшін *B* белгілі бір формада жауап қайтаруға әрекет етуі мүмкін.

саудадағы дефицит (сауда балансының тапшылығы) (trade deficit) (trade gap) Импорттың экспорттан асып кетуі.

саудадағы техникалық тосқауылдар (technical barriers to trade) Отандық өндірушілерді қорғау құралы ретінде ұлттық өнім стандарттары мен реттеуді пайдалану. Саудада техникалық тосқауыл құру саудадағы техникалық тосқауылдар туралы келісіммен немесе *Дүниежүзілік сауда ұйымының СТТ жөніндегі келісімімен тыйым салынған. Сондай-ақ САУДА ТОСҚАУЫЛДАРЫН қараңыз.

саудадан түсетін пайда (gains from trade) *Автаркия саясатына қарағанда, сауда жасау арқылы мемлекеттер өзінің әлауқатын жақсарты алады. Саудадан түсетін пайда екі негізгі көзден келеді. Олардың біріншісі – *фактормен жабдықталудағы айырмашылық, яғни елдерде табиғи ресурстар және түрлі типтегі еңбек пен капитал қорының арасындағы арақатынасы да әртүрлі. Осылайша елдер өзінің салыстырмалы түрде өндіріс үшін жақсы бейімделген тауарларын экспорттап және өндіріс мүмкіндіктері жоқ немесе нашар дамыған тауарларын импорттап, *салааралық саудадан пайда таба алады. Саудадан пайда табудың басқа көзі – *ауқымнан үнемдеу: дифференциалданған өнімнің *салааралық саудасы елдерге көп ауқымда өнім өндіруге мүмкіндік береді, ал олардың тұтынушылары өнім түрлерінің алуантүрлілігінің артықшылықтарын пайдалана алады. Салааралық саудадан түсетін

пайда, негізінен, елдің өндіріс факторларының молдығына байланысты болса да, ал оның шектеулі факторлары сауда нәтижесінде жоғалуы мүмкін, ал салааралық сауда пайдасына барлығы қол жеткізе алады. Осылайша сауданың екі көзі де елеулі болған жағдайда, экономикадағы барлық факторлар саудадан пайда көруі мүмкін.

саудаласу (bargaining) Сауда шарттарын келісу процесі. Саудаласу ресми экономикалық контекстінде (мысалы, жалақы мөлшерлемесі бойынша фирма мен кәсіподақ арасында) және бейресми жағдайда (мысалы, отбасы ішінде үй шаруасын бөлуге қатысты) жүзеге асады. Бұл сондай-ақ саяси процесте маңызды рөл атқарады. Экономикалық теория саудаласуға позитив және норматив көзқарас ұсынады. Позитив теория саудаласуды стратегиялық ойын ретінде қарастырады және нәтижесін болжауға әрекет етеді. Ең ықпалды талдауға екі шыдамсыз тұлға арасындағы саудаласу нәтижесін талдайтын Рубинштейннің саудаласу моделі жатады. Рубинштейн моделі саудаласу артық заттарды қалай бөлу керегіне қатысты балама ұсыныстар формасын ұсыну арқылы жүреді деп болжайды. Тепе-теңдік шешімі әр тараптың алған үлесі оның шыдамсыздығының салыстырмалы дәрежесімен анықталатынын көрсетеді. Саудаласудың норматив теориясы саудаласу процесінің қажет нәтижесін сипаттауға баса назар аударады. Нәштің саудаласу моделі екі адамның саудаласуының нәтижесі үшін қажет қасиеттерді сипаттайтын аксиомалар жиынтығына сүйенеді. Бұл аксиомаларға лайық бір ғана нәтиже бар: саудаласудан әр тарап пайдасын барынша арттыруға тиіс. Саудаласу тұжырымдамасы *Коуз теоремасында сипатталатын сыртқы проблемаларды шешуде маңызды орын алады.

саудаласу күші (нарықтағы пәрмен) (bargaining power) Кез келген келісімнен туындайтын ықтимал бірлескен пайдадан үлкен үлес алу мүмкіндігі. Саудаласу кезіндегі күш келіспеуден туындаған шығынға ішінара байланысты болады. Келіспеуден туындаған шығын түрлі тарапты келіссөз жасауға итермелейді. Келісім болмаған жағдайда әр тараптың балама позициясы болады: бұл позицияның ыңғайсыздығы аз болса және қандай да бір тарап ұзақ уақыт бойы сол позицияны ұстануы мүмкін болса, онда олардың саудаласу күші соғұрлым күшті болады. Өте ыңғайсыз балама позициясы бар және келіссөз жасауға аса мұқтаж тараптың саудаласу күші өте төмен болады. Бірлік, қаржы резервтері мен беріктік репутациясы саудаласу күшін арттырады, ал бөлініс, тұрақсыз қаржы және ымыраға келу репутациясы саудаласу күшін әлсіретеді. Сондай-ақ САУДАЛАСУДЫ қараңыз.

сауданы либералдау (trade liberalization) Халықаралық саудаға деген шектеулерді қысқарту немесе алып тастау процесі. Бұл *тарифтерді төмендету мен жоюды, импорттық *квоталарды кеңейту мен жеңілдетуді, *бірнеше валюта бағамын жоюды және импортқа немесе шетелдік валютаны үлестіруге деген әкімшілік рұқсатқа қойылатын талаптардың жойылуын ең болмағанда, оларға өтінім беру процесін жеңілдетуді қамтуы мүмкін. Сауданы либералдауға басты дәлел – халықаралық бәсекенің ел экономикасына ықпал етуі тиімділікке алып келуінде.

сауданы шектеу (restraint of trade) *Контрактінде адамның сауданы жүзеге асыру немесе бизнес жүргізу құқығын шектейтін термин. Мұндай жағдай жалпы, мысалы, бизнесті сату кезінде сатушы сатып алушымен бәсекеге

түспеуге келіскенде кенінен таралады. Еңбек шарттары көбінесе қызметкерлер жұмыс орнынан кеткеннен кейін белгілі бір кезең ішінде фирманың бәсекелестеріне жалданып жұмыс істеуге тыйым салатын жағдайды қамтиды: бұл алдыңғы жұмыс орнындағы құпия коммерциялық немесе техникалық ақпаратты қорғау үшін керек. Оларға тиесілі тарап шектеулер негізсіз емес екенін немесе қоғамдық тәртіпке қайшы келетінін дәлелдей алмаса, сауданы шектеу келісімдері Ұлыбританияда жарамсыз.

саясат құралдары кешені (mix of policies)

*Саясат құралдарын араластырып қолдану. Үкіметтің бір ғана мақсаты болса, оған бір ғана саяси құралды қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Бірнеше саясат құралы бар болса, нашар емес және әрқашан жақсы нәтижеге қол жеткізе алады. Үкіметтің бірден көп мақсаты болса, жеке n мақсатқа қол жеткізу үшін кемінде n дербес саясаттың жеке құралдары қажет. Ол сондай-ақ саясат құралдары кешенін қолдануды талап етеді. Құралдар n -нен көп болса, бәрін араластырудың нәтижесі нашар болмайды. Саясат құралдарын аралас пайдалану әр құралдың кішірек болуы мүмкін екенін білдіреді. Мысалы, жоғары мөлшерлемелерді тар базаға қолдануға қарағанда, төмен салық мөлшерлемелері кең базаға қолданылуы мүмкін. Бұл жағымсыз әсерлерді азайтудың артықшылығы болуы мүмкін.

саясат құралы (policy instrument) Монетарлық немесе фискалдық билік органдарының бақылауындағы саясатты қадағалауы. Бұл ақша массасының немесе салық мөлшерлемесінің өзгеруі немесе баға немесе сандық бақылауды енгізу сияқты шара болуы мүмкін. Саясат құралдары саяси мақсаттар мен

саясат көрсеткіштерінен ерекшеленеді. Саясаттың мақсаты – жоғары жұмыспен қамту және төмен инфляция; билік оларды шеше алмайды, олар тек саяси құралдар көмегімен ықпал етуге тырысады. Саяси көрсеткіштер саяси шешім қабылдау кезінде пайдаланылады; индикаторлар міндетті түрде өзіне мақсат қоймайды, бірақ көзделген көрсеткіштерге қарағанда саясатты анықтау кезінде пайдаланылуы мүмкін, өйткені индикаторлар көзделген көрсеткіштерден сенімді немесе ертерек өлшенуі мүмкін. Сондай-ақ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТТЫ қараңыз.

саясатты үйлестіру (policy coordination)

Екі немесе бірнеше саясаткердің бірлескен саясатты таңдауы. Елдер арасындағы саясатты үйлестіру елдердің ынтымақтастығы кезінде ұлттық фискалдық және монетарлық саясаты жақсы нәтиже беретінін дәлелдей алады. Бұл әр елде жүргізілетін фискалдық және монетарлық саясат шетелде де, ел ішінде де әсер етеді. Бұл елдер өз бетімен әрекет етсе, бұл *сыртқы салдар әсері саясатты таңдағанда еленбейді. Сыртқы салдарды есепке ала отырып саясатты үйлестіру жақсы нәтиже береді.

саясаттың сенімділігі (robustness of policies)

Экономикалық саясаттың сипаты. Оның артықшылығы – экономиканың базалық моделінің нақты ерекшелігіне қатысты сезімтал емес екенінде.

саяси бизнес-цикл (political business cycle)

Экономикалық тербелістердің кейбірі үкіметтердің сайлау алдында экономиканы кеңейте отырып, саяси артықшылық иеленуге ұмтылуынан болады дейтін теория. Сонымен қатар үкімет сайлаудан кейін дереу ауыр реформалар жүргізуге шешім қабылдауы мүмкін, ол сайлаушыларға қиындықты

ұмыттырып, келесі сайлауға дейін ұпай жинауға мүмкіндік береді.

саяси экономика (political economy) Қазір біз экономика деп білетін нәрсенің атауы. Бұл атау экономикалық саясаттың саяси мотивациясына назар аударатын «Жаңа саяси экономикада» қайта пайда болды: саясаткерлер мен лоббистер көбінесе саясаттың тиімділігінен гөрі өз сайлаушылары арасында табысты бөліп таратуға көбірек көңіл бөледі.

сәйкес тиындар (matching pennies) Екі ойыншы үшін таза стратегиялық тепе-теңдігі жоқ, бірақ бірегей аралас стратегиялық балансы бар ойын. Ойыншылар бір мезетте үстелге бір тиын қояды. Егер тиынның беті әртүрлі (бүк, шік) шықса, 1-ойыншы 2-ойыншыдан 1£ мөлшерінде төлем алады. Ал екі тиын да бірдей түссе, 2-ойыншы 1-ойыншыдан 1£ мөлшерінде төлем алады. Бұл төлемдер төлем матрицасында көрсетілген. Мұнда стратегиялық баланс жоғын оңай көруге болады. Тек таза стратегиялық тепе-теңдік бар делік. Екі ойыншы бірдей стратегияны таңдаса, онда 1-ойыншы ауытқуды қалайды. Екі ойыншы әртүрлі стратегия таңдаса, онда 2-ойыншы ауытқуды қалайды. Бұл – әр таза стратегияны жарты ықтималдықпен ойнайтын бірегей аралас стратегия.

сәйкессіздік (mismatch) Жұмыссыздардың қайда тұратыны және қолынан не келетіні мен бос жұмыс орындарына қол жеткізу мүмкіндігі арасындағы айырмашылық. Бұл *жұмыссыздықпен қатар еңбек күшіне де сұраныс өтелмегенін түсіндіреді. Сәйкессіздік еңбек нарығына жаңа қосылғандардың, оқуын жаңа бітіргендер мен иммигранттардың қайда тұратыны және қолынан не келетіні зейнетке шығу

немесе эмиграцияға кету себепті еңбек нарығынан шығып кеткендердікіне сәйкес келмеуінен туындауы мүмкін. Ол талғам немесе технологиялардағы өзгеріс нәтижесінде еңбекке сұраныс құрылымындағы жылдам өзгерістерге байланысты артады. Сәйкессіздікті төмендету әдістері: қайта даярлау; көші-қонды реттеу; басқа секторларға көшу және түрлі мамандықтардың салыстырмалы жалақысына өзгеріс енгізу.

сәйкестендіру проблемасы (identification problem) Тек тепе-теңдік жағдайында *құрылымдық теңдеулердің параметрлерін бағалау проблемасы. Мысалы, белгілі бір өнім үшін нарықта сұраныс шарттары өзгеріп, ал ұсыныс шарттары өзгермесе, баға мен көлемді әртүрлі уақытта салыстыру ұсыныс теңдеуін анықтауға мүмкіндік береді; ұсыныс шарттары өзгеріп, сұраныс шарттары өзгермесе, сұраныс теңдеуін бағалай аламыз; бірақ сұраныс та, ұсыныс та өзгерген жағдайда көлемді бағаға регрессиялау бізге ештеңе айтпайды. Белгілі бір түсіндіруші айнымалылар нарықтың бір жағына әсер ететінін көрсететін теория немесе басқа зерттеулердің нәтижелері болса ғана бағалау міндеті орындалуы мүмкін.

сәйкестік (matching) 1. Экономикада агенттер арасында нарық немесе әлеуметтік институттар арқылы өзара әрекеттесу моделі. Онда тиісті агенттердің бірлескен өнімділігі немесе, жалпы алғанда, төлемдері екі тараптың жеке сипатына байланысты болады. Сәйкес модельдер әдетте еңбек нарығын эмпирикалық зерттеуде пайдаланылады.

2. БЕЙІМДІК БАҒАСЫН САЛЫСТЫРУДЫ қараңыз.

себептілік (causality) (Грейнджер мәні бойынша) (in Granger's sense) ГРЕЙНДЖЕР СЕБЕПТІЛІГІН қараңыз.

сегменттелген нарық (segmented market)

Түрлі сатып алушылар немесе түрлі жабдықтаушы арасында шектеулі байланыс болатын нарық. Түрлі сатып алушылар өзгелер қандай баға төлейтінін білмесе немесе оларға тауарлар мен қызметтерді қайта сата алмаса, онда нарықтың әртүрлі бөлігіне ұсынылатын қызмет көрсету деңгейі мен бағада өзгешелік мүмкіндігі пайда болады. Сол сияқты түрлі жеткізушілер бір-бірінен оқшауланған болса, онда дискриминацияланған бағамен сатып алуға болады. Бұл еңбек нарықтарына да қатысты қолданылады: азшылық топтар әлеуметтік немесе тілдік айырмашылықтарға қарай сегменттелген болса, мысалы, жұмыс берушілер жекелеген топтарға ұқсас жұмыс үшін түрлі жалақы төлей алады, көп мемлекетте мұндай практика дискриминацияға қарсы заңнамаға сәйкес заңсыз саналады.

сезімтал секторлар (sensitive sectors)

Импорт тарапынан болатын бәсеке нәтижесінде нарық пен жұмыс орындарының жоғалуына ерекше алаңдайтын экономика секторлары. Бұл әсіресе *нашар дамыған елдердің салыстырмалы артықшылығы бар секторларына қатысы ерекше. Ауыл шаруашылығы, тоқыма және киім өнеркәсібі, темір және болат, негізгі химиялық заттар өнеркәсібі осы санатқа жатады. Экономикасы алдыңғы қатарлы елдердегі сезімтал секторлар әдетте *сауданы либералдаудың жалпы шараларынан босатылу үшін лобби алатын.

сезімталдықты талдау (sensitivity analysis)

1. Болжанған модель вариациясындағы болжам моделінің сенімділігін бағалау әдісі. Эконометрикадағы сезімталдықты талдауға мысал ретінде, көптеген тәуелсіз айнымалы вариациясындағы тәуелді айнымалымен әр тәуелсіз

айнымалы арасындағы қатынастың болжанған теориялық белгісі мен маңызының сенімділігін зерттеу жатады.

2. Есептеулерде факторлар бірінен кейін бірі өзгертін жобаның құнын анықтайтын макроэкономикалық және жобалық ерекше факторлар үшін ықтимал бірқатар іске асыруға сүйенетін қатерлі инвестициялық жобаны бағалау әдісі. Әдетте әр фактор үшін жүзеге асырылатын үш: пессимистік; ең ықтимал және оптимистік жоба қарастырылады. Сондай-ақ СЦЕНАРИЙДІ ТАЛДАУДЫ қараңыз.

сектор (sector) Экономиканың бір бөлігі. Секторлар түрлі тәсілдермен бөлінуі мүмкін. Секторларды бөлу тәсілдерінің бірі – ақша жұмсалудың ұйымдастыратын орган: осылайша экономика *мемлекеттік сектор, яғни түрлі деңгейдегі үкімет пен ол бақылайтын органдар және компаниялардан құралатын *корпоративтік секторлар және жеке тұлғалар мен корпорацияланбаған кәсіпорындардан тұратын *жеке сектор арасында бөлінеді. Ұлттық кірісті есепке алу мақсатында дүниежүзі кейде сектор ретінде қарастырылады. Сондай-ақ секторларды өнім түрі бойынша ажыратуға болады: *негізгі сектор, яғни ауыл шаруашылығы мен тау-кен өнеркәсібі; екінші деңгейдегі сектор немесе өңдеуші өнеркәсіп және үшінші сектор немесе қызмет көрсету секторы. Сондай-ақ ӨНЕРКӘСІП СЕКТОРЫ; ҰЙЫМДАСТЫРУ СЕКТОРЫ; СЕЗІМТАЛ СЕКТОРДЫ қараңыз.

секьюритизация (securitization) Ипотекалық несиелер сияқты нарықтық емес бірнеше активті нарықта сатуға мүмкін болатындай пакеттерге рәсімдеу. Әдетте жеке ипотекалық несиелер нарықтық емес, себебі олардың кез келгеніне қатысты тым көп *идиосинкреттік қатер бар. Бірнеше ұқсас ипотекалық

несие пакеті мұндай пакетті сатуға мүмкіндік беретін қатерді төмендетеді. Ипотекалық несиелердің нарықтық болуы оларды неғұрлым төмен пайыздық мөлшерлеменен қаржыландыруға мүмкіндік береді.

сенім, траст (trust) 1. *Асимметриялық ақпарат бар ойында агенттің басқа бір агенттен белгілі бір мінез-құлық пен белгілі бір әрекетті орындауын күтетін жағдай. Мысалы, өнім сапасы сатып алушыға емес, сатушыға белгілі болатын, сатып алушы сатушы жоғары сапалы өнімді ұсынады деп күтетін немесе сенім артатын жағдай. Сенім тепетең статикалық ойында болмауы мүмкін, бірақ қайталанған ойында туындауы мүмкін. Мысал ретінде, кооперативтік емес ойында шексіз қайталанатын *жазалау стратегиясындағы тепеңдікті атауға болады.

2. Басқа жеке немесе заңды тұлға үшін тұрақты пайданы қалыптастыру мақсатында жеке тұлға құрған қор. Мысалы, ата-ана өз балаларына төлем жасайтын траст қорын құра алады. Траст ақша қаражатын, мүлікті, акцияларды, облигацияларды немесе қаржы құралының кез келген басқа түрін, бірқатар активтерді қамти алады. Траст қорын траст қорының иелігіндегі ресурстарды алушының мүддесі үшін қолданылуын қамтамасыз етуіне жауап беретін сенімгерлік жөніндегі қамқоршы басқарады. Сондай-ақ инвестициялық траст; ҮЛЕСПҰЛДЫҚ ТРАСТТЫ қараңыз.

3. Біріктіру арқылы құрылған ірі немесе монополистік бизнеске арналған АҚШ термині. Сондықтан АҚШ-тың монополияға қарсы саясаты трасттарға қарсы саясат деп аталады.

сенімгерлік ұйымдар немесе тұлға (trustee) Бенефициардың атынан басқаратын мүліктің заңды меншік иесі

болатын жеке немесе заңды тұлға. Бенефициар ретінде, өз кезегінде, жеке тұлға, қайырымдылық ұйым, борышқордың кредиторлары немесе *үлеспұлдық траст болуы мүмкін. Сенімгер өз қызметтеріне ақы алуы мүмкін, бірақ ол өз пайдасына емес, бенефициарлардың мүддесі үшін трасты басқаруға міндетті.

сенімді ақша (sound money) Тұрақты *сатып алу қабілетін сақтайтын ақша. Бұл – тек ақша шығаратын өкілеттік, өз кезегінде, нарықтағы баға тұрақтылығын болжау секілді басым саясат арқасында беделі орнығып, өз саясатында оның құнының сақталуына басымдық бергенде ғана жүзеге асады. Ақылға қонымды ақша саясаты монетарлық биліктің бастапқы жауапкершілігі *тиімді сұраныстың тұрақты деңгейін сақтау керек деген кейнстік көзқарасқа қайшы. *Сұранысты басқару үшін басымдық саясаты инфляцияны ілгерілетуге тікелей жетекшілік етпесе де, бұл *бейімделгіш ақша-несие саясаты нәтижесінде болатын, өз кезегінде, нарықтағы инфляция ықтималдығын күтуге айналдыратын кез келген инфляцияны өкімет көтере алатынын білдіреді.

сенімді дерлік салыстыру (almost sure convergence) Егер c сәйкес келмейтін тізбекті бақылау ықтималдығы n үшін жеткілікті бұзылса, онда x_n кездейсоқ айнымалы c тұрақтысына сенімді дерлік сәйкес келеді. Ресми түрде n шексіздікке ұмтылады, $\lim \text{Prob}[|x_i - c| > \varepsilon, \text{ барлық } i \geq n \text{ үшін}] = 0$ барлық $\varepsilon > 0$ үшін. Сенімді дерлік конвергенция *ықтималдықтағы конвергенцияны білдіреді.

сенімділік (credibility) Саяси мәлімдемелердің сенім дәрежесін көрсетеді. Адамдар билік өзі жариялаған

саясатты шын мәнінде жүргізеді деп пайымдаса, онда монетарлық немесе фискалдық органдардың саяси мәлімдемелері сенімді болады. Осылайша билік болашақта мәлімдеген саясатынан бас тартуына түрткі болмаса, онда мұндай саясат сенім ұялатады. Ал мәлімдеген саясатынан бас тартуға түрткі пайда болса, онда сенімділік биліктің біршама көп уақыттан бері келе жатқан абыройы немесе өз уәдесін әрдайым орындайтын әдеті болғанда орнайды. Сондай-ақ АБЫРОЙ САЯСАТЫН қараңыз.

сенімділік интервалы (confidence interval) Белгісіз бір параметрдің шынайы мәнін қамтитын интервалдарға қолданғанда, белгілі бір ықтималдықтан жасалатын бағалау ережесі. Осылайша іріктеме-лердің үлкен бөлігі бірдей жиынтықтан алынса және әрқайсына x пайызды сенімділік интервалы жасалса, онда осы сенімділік интервалының x пайызы бағаланатын параметрдің шынайы мәнін қамтиды.

сенімділік эквиваленті (certainty equivalent) Ойынға кірген кездегі *күтілетін пайдалылыққа тең пайдалылық деңгейін беретін айқын нәтиже. Сондай-ақ КАТЕР СЫЙАҚЫСЫН қараңыз.

сенімхат бойынша дауыс беру (proxy vote) Бір адам өзге адамның атынан дауыс беретін тәжірибе. Әдетте компаниялар жиналысында сенімхат арқылы дауыс беруге рұқсат етіледі. Әдетте акционерлер өз орнына дауыс беру үшін өзге адамды не белгілі бір тәртіппен сенім білдірілген адамның өз қалауына қарай тағайындай алады. Әдетте қамқоршылар компанияның директорлар кеңесі төрағасына сенім артады. Көп жағдайда дауыс беретіндердің көпшілігі – жиналысқа қатысқан акционерлер емес, сенімді тұлғалар.

сеньораж (seigniorage) Ақша шығарудан мемлекеттің алатын пайдасы немесе «инфляциялық салық». Бастапқыда өзіндік құнынан асатын номинал құны бар монеталарды шығарудан түскен пайда туралы сөз болған. Қазір сеньораж үкіметтің жаңа шығарылған ақшаның қайтарымына тауарлар мен қызметтер алу қабілетіне жатады. Дамушы экономика қосымша ақшаны қажет етеді, бірақ үкімет тым көп мөлшерде шығарса, ол осыған дейін шығарылған ақшаның нақты *сатып алу қабілетін төмендететін инфляцияға алып келеді.

сериялы өндіріс (batch production) Өндіріс көлемі дискрет мөлшерде шығарылатын өндіріс әдісі. Ол көбінесе белгілі бір өнімнің формасы мен сапасы бірдей болуы керек деген талап болғанда, бірақ қажет сипаттар түрлі тапсырыстар арасында ерекшеленгенде пайдаланылады.

серпіліс (boom) Оптимизм, экономикалық белсенділік жоғары және жұмыссыздық салыстырмалы түрде төмен болатын кезең. Серпіліс кезеңінде баға әдеттегі кезеңге қарағанда тез өседі және өңделмеген шикізат бағасы өнеркәсіп өнімдеріне қатысты өседі.

серпімділік (resilience) Экономиканың, қоғамның немесе жеке тұлғаның табиғи апат, террорлық шабуыл немесе ауқымды экономикалық дағдарыс сияқты төтенше жағымсыз шоктардан туындаған экономикалық залалдарды еңсеру қабілеті. Серпімділік тұжырымдамасы технологиялық, институттық және мінез-құлық компоненттерін қамтиды және шок салдарын жұмсарту үшін белсенді әрекет етуді көздейді.

серіктестік (partnership) Кем дегенде екі меншік иесі бар, бірақ тіркелмеген бизнес. Әр серіктес бизнестің қарызы

үшін толық жауапкершілік арқалайды. Барлық серіктестер тең болмауы керек: кәсіби серіктестіктер – аға серіктес жас серіктеске қарағанда әдеттегі сыйақыдан көп үлес алады және күнделікті жұмыстың аз бөлігін атқарады. Аға әріптестердің үлесі – олардың өз капиталы, тәжірибесі және беделі. Серіктестер белсенді бизнес-қатысушылар немесе капитал, абырой-бедел немесе кепілдік ұсынатын «ұйқыдағы серіктестер» бола алады, ал жұмыстың басым бөлігін басқа серіктестер атқарады.

Сёгун облигациясы (Shogun bond)

Жапониядағы бейрезидент фирма шығарған және жапон иенінен өзгеше де-номинацияланған валютамен шығарылған *облигация.

симметриялы таралу (symmetrical distribution) Ықтималдық масса (дискрет айнымалы үшін) функциясымен немесе осы айнымалының орташа мәніне қатысты симметриялы болатын ықтималдық тығыздығы функциясымен (үздіксіз айнымалы үшін) сипатталатын кездейсоқ шаманың таралуы. Мысалы, *біркелкі таралу және *қалыпты таралу.

симуляция (simulation) Экономика жұмысын қарастыру үшін сандық модельдерді пайдалану. Экономика қалай жұмыс істейтіні туралы болжамды ескере отырып, экономикалық модельдеу осы болжамдардағы өзгерістерге экономика қалай жауап беретінін, стохастикалық шок бөлу өзгерістеріне немесе экономикалық саясаттағы өзгерістерде модельдеу қалай қолданылатынын көру үшін пайдаланылады. Симуляциялық модельдеуде көбінесе сандық әдістер қолданылады, өйткені олардың құрамы күрделі болғандықтан, қалай өзгеретіні туралы сараптамалық қорытынды алу

қиын. Сондай-ақ МОНТЕ-КАРЛО ӘДІСІН қараңыз.

синдикат (syndicate) (at Lloyd's) Сақтандыруды қамтамасыз ету үшін біріктірілетін *Lloyd's атаулы топ. Синдикаттың әр мүшесі белгілі бір капитал сомасын қамтамасыз етеді; синдикат шығарған полистерден пайда тапса, онда синдикаттың барлық мүшесі пайдаланылған капитал үлесіне барабар пайда алады. Синдикат шығынға ұшыраса, онда синдикаттың әр мүшесі шығынның дәрежесіне қатысты шектелмеген жауапкершілікпен капиталдағы үлесіне барабар жауап береді. Басқа мүшелер өз міндеттеме үлесін орындамаса, онда сондай-ақ синдикаттың әр мүшесі шығын үшін шектеусіз дәрежеде жауапкершілік береді.

синдикатталған несие (syndicated loan)

Банктердің немесе басқа да несие мекемелерінің синдикатымен берілген несие. Мұндай несиелерді көбінесе *мешеу елдерге әдетте бір банк немесе бірнеше несие беруші несиенің аз бөлігін өзіне алуға көндіретін және шарттары туралы келіссөз жүргізетін жетекші банктердің шағын тобы береді. Несие берушілерге бірнеше синдикатталған несие қатарына қатысу нақты қарыз алушылармен өздері үшін қарыздар туралы келіссөз жүргізуге қарағанда қатері төмен портфель береді, қарыз алушылар ақша жинау мүмкіндігі үшін синдикатқа қосылу мақсатымен басқа несие берушілерді тарта отырып, өздері сенім білдіретін бір органмен шарттар туралы келіссөз жүргізе алады.

синергия (synergy) Түрлі кәсіпорындарды біріктіруден алынатын пайда. Мысалы, А компаниясын дамыту үшін жетілген жақсы идеялар бар, бірақ өндіріс мүмкіндігі мен қаражаты аз, ал В компаниясының өнімдері нарықтың

құлдырауына тап болып, үлкен жинақталған резервтелген қоры мен зауыты болса, онда екі компания өз кәсіпорындарын біріктіре отырып, пайда таба алады. Синергия пайдасын көбінесе *бірігуді ұйымдастырушылар талап етеді.

сипаттама теориясы (characteristics theory) Әр тауарды сипаттар жиынтығы ретінде қарастыратын сұраныс теориясы. Бұл теория тұтынушылар пайдалылықты тікелей тауардан емес, оның сипатынан алады деп тұжырымдайды. Жеке тауарлар сипаты тұтынылатын сипаттар жалпы санына біріктіріледі. Бұл теория өнім сипатындағы өзгерістер мен жаңа өнімдерді енгізу сұранысқа қалай әсер ететінін түсіндіруге тырысады. Сондай-ақ ГЕДОНИСТІК БАҒА БЕЛГЛЕУДІ қараңыз.

СИТЕС (CITES) ҚҰРЫП КЕТУ ҚАУІП ТӨНГЕН ЖАБАЙЫ ФАУНА МЕН ФЛОРА ТҮРЛЕРІМЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА КОНВЕНЦИЯСЫН қараңыз.

Сити (City) Лондондағы қаржы ауданы немесе «квадрат миль». Бұл ауданда *Англия банкі, *Лондон қор биржасы, *Lloyd's және басқа көптеген британ банктерінің, сақтандыру компанияларының және басқа да қаржы мекемелерінің штаб-пәтерлері орналасқан. Онда сондай-ақ көптеген шетелдік және халықаралық банктер мен қаржы институттарының филиалдары бар. Сонымен қатар «The City» атауы сол ауданда қаржы секторында жұмыс істейтін адамдарды атау үшін де қолданылады.

сити кодексі (City Code) Бірігу және қосып алу процесін жүргізу ережелері жинағы. Бұл кодекс 1968 жылы *Англия банкінің бірігу және қосып алу комитетінің қамқорлығымен пайда

болды. Ол *қосып алу және *бірігу процесін жүргізу ережелерін бекітеді. Мақсаты – барлық инвесторлар толық ақпарат пен әділ кеңеске тең дәрежеде қол жеткізуін қамтамасыз ету. Кодекс іс жүзінде заң емес, бірақ Жолда жүру ережесі сияқты дұрыс City практикасын дәріптейді.

скрининг (процедура, іріктеу) (screening) Бейхабар тарап жеке ақпарат иеленетін өзге тараптарды әшкерелеу үшін іске асыратын процесс. Тепе-тең жағдайда бейхабар және хабардар тараптар өз іс-әрекетінің ақпараттық салдарын түсінеді. Бейхабар тарап бастаманы өз мойнына алған жағдайда скрининг қолданылады. Хабардар тарап өзін белгілі бір түр ретінде анықтау бастамасын алған жағдайда бұл *сигнал деп қарастырылады. Осылайша скрининг пен сигнал арасындағы айырмашылық хабардар немесе бейхабар тараптың қайсы бірінші болып әрекет етуінде тұрады. Сондай-ақ АСИММЕТРИЯЛЫҚ АҚПАРАТТЫ қараңыз.

Слуцкий теңдеуі (Slutsky equation) Баға өзгеруінің тауарға сұранысқа әсерін *пайдалылықтың өзгеріссіз деңгейінде салыстырмалы баға өзгерісі әсері болатын *алмастыру әсеріне және бағаны тұрақты ұстап тұратын нақты табыстың өзгерісі болып табылатын *табыс әсеріне жіктелуін көрсететін теңдеу. i тауарына сұранысты x_i арқылы, j тауарының бағасын p_j арқылы, M арқылы табысты және U арқылы пайдалылықты белгілесек, Слуцкий теңдеуі мынадай болады:

$$\frac{\partial x_i}{\partial p_j} = \frac{\partial x_i}{\partial p_j} \Big|_U - x_j \frac{\partial x_i}{\partial M}$$

мұнда $\frac{\partial x_i}{\partial p_j} \Big|_U$ – алмастыру әсері және $-x_j \frac{\partial x_i}{\partial M}$ – табыс әсері.

Смитсон келісімі (Smithsonian Agreement) Тіркелген валюта бағамының *Бреттон-Вуд жүйесін қалпына келтіру үшін 1971 жылы қол жеткізілген келісім. Келісім жасалған конференцияны өткізу орны – Колумбия округі, Вашингтондағы Смитсон институтының атымен аталған. Жаңа *Смитсон паритеті бірнеше ай ғана өмір сүрді.

Смитсон паритеті (Smithsonian parities) Дүниежүзілік валюталардың жаңа паритеттері Смитсон конференциясында 1971 жылы келісілді. Олар бұзылған *Бреттон-Вуд жүйесінің орнын басуы керек болды. Жаңа келісілген паритеттер тез арада лайықсыз болып қалды.

Солоу қалдығы (Solow residual) Еңбек және капитал өсуімен түсіндіруге келмейтін ұлттық кіріс өсімінің бір бөлігі. Солоу қалдығы еңбек пен капиталдың ақысы шекті табыс көбейтіндісіне тең сомада өтеледі деген болжамға сүйене отырып есептеледі. Өндіріс құнынан факторларға төленген соманы шегергеннен кейін қалған қалдық *техникалық прогреске жатқызылады. Сондай-ақ ӨСУДІ ЕСЕПКЕ АЛУДЫ *қараңыз.*

Солтүстік Америка еркін сауда келісімі (НАФТА) (North American Free Trade Agreement) (NAFTA) 1993 жылы Канада, Мексика және АҚШ арасында қол жеткізілген келісім бұл үш елге *еркін сауда аймағы мүмкіндігін берді.

Солтүстік теңіз мұнайы (North Sea oil) Солтүстік теңізде өндірілген мұнай. Мұнай технологиясының жетістіктері мен мұнай бағасының көтерілуі 1970 жылдары Ұлыбританиядағы мұнай өндірудің күрт өсуіне алып келді. Өндіріс 1973 жылы нөлден шамамен 1979 жылға қарай өңдеу өнеркәсібіндегі өндірістің 9 пайызына тең деңгейге дейін өсті. Бұл Ұлыбританиядағы төлем балансын

айтарлықтай жақсартты: 1974 жылы жанармай импорты *жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 3,5 пайызын құрады, ал 1983 жылы жанармай экспорты ЖІӨ-нің 4 пайызын құрады. Солтүстік теңіздегі мұнай өндіру 1999 жылы ең жоғары деңгейге жетті және содан бері бұл көрсеткіш төмендеді. 2020 жылға қарай ең жоғарғы өнімділік үштен бірі бөлігіне дейін төмендейді деп күтілуде.

соңғы жалақыға қарай зейнетақы төлеу тәсімі (final salary scheme) *Белгіленген жәрдемақысы бар зейнетақы жүйесі. Бұл жүйеге сәйкес жылдық зейнетақы мөлшері зейнетке шығар алдындағы жақын мезгілдегі зейнетақы табысының пропорциясына тәуелді. Бұл пропорция әдетте зейнетақы жүйесіне зейнетақы төлемдері салынған жыл санымен анықталады. ОРТАША КАРЬЕРА ЖҮЙЕСІ; БЕЛГІЛЕНГЕН ЖАРНАНЫ *да қараңыз.*

соңынан келіп бірінші шығу (СКБШ) (last-in, first-out) (LIFO) 1. Қордан алынған кез келген тауар соңынан сатып алынады деп санайтын қорларды есепке алу жүйесі. Сондай-ақ БІРІНШІ КЕЛІП, СОҢЫНАН ШЫҒУДЫ *қараңыз.*

2. Кез келген құлдырау кезінде соңғы уақытта жұмысқа қабылданған жұмысшыларды бірінші болып жұмыстан босату көзделетін кадр саясаты.

социализм (socialism) Жер және капитал сынды материалдық ресурстарды жеке иесінің өз қалауынша пайдалануына мүмкіндік бермей, экономиканың ресурстарын барлық азаматтардың мүддесіне жұмсау қажет деген идея. Социалистік экономика ерікті түрдегі ынтымақтастық пен *орталықтан жоспарлауды талап етеді. Бұл «әркімнен – қабілетіне, әркімнің еңбегіне қарай» деген қағидатпен тұжырымдалған. Идеяны КСРО және одақтас

мемлекеттер 1930 және 1990 жылдар аралығында жүзеге асырды. Одан кейін елдер, ең алдымен, жеке ынталандырудың жетіспеуінен, біртіндеп экономикалық құлдырауға алып келген басқа да факторлар салдарынан идеядан бас тартып, *нарықтық экономика жолын таңдады.

спецификация қатесі (specification error)

Эконометрикалық модельдегі жалған болжам себебінен бағалау не қорытындылаудағы қате. Спецификация қатесі көбінесе модель параметрлерін бағалау ығыстырылған және қарама-қарсы болуына алып келеді. *Жіберілген (өлшеуге қосылмаған) айнымалы – бұрмалану және бұрыс функционал формалар спецификация мысалы немесе қатесі. Сондай-ақ РАМСИ РЕГРЕССИЯЛЫҚ ТЕНДЕУІНІҢ СПЕЦИФИКАЦИЯ ҚАТЕСІ ТЕСТІН қараңыз.

Спирменнің ранг корреляция коэффициенті (Spearman rank correlation coefficient)

Екі айнымалы арасындағы байланыстың монотон дәрежесін бөлмей-ақ өлшейтін статистика. Айнымалылар былай анықталады:

$$r = 1 - 6 \sum_{i=1}^N d_i^2 / (N(N^2 - 1))$$

мұнда N – бақылау жұптарының саны және d – әр жұптағы екі айнымалының статистикалық дәрежесінің айырмашылығы.

спот баға (spot price) Дереву жеткізу үшін белгіленетін тауар, бағалы қағаз және валюта бағасы.

спот нарық (spot market) Дереву жеткізу нарығы (кейбір жағдайларда жеткізу үшін қысқа уақыт рұқсат етіледі). Тауарлар, бағалы қағаздар мен валюталардың спот нарығы бар. Олар

саудаланатын тауарларды жеткізу келешекте келісілген күні жүзеге асырылатын *форвард және фьючерс нарықтардан ерекшеленеді. Терминология дереу арада қосымша еңбек күшін қажет ететін жұмыс берушілерді іріктеу үшін таңертең ертемен белгілі кездесу орнында жиналатын немесе «спот» білігі жоқ жұмысшылар тәжірибесінен туындаған.

спрэд (spread) Ұсыныс бағасы мен *маркет-мейкер ұсынған баға арасындағы айырмашылық. Маркет-мейкер сатып алуға дайын бағадан жоғары, олар сатуға дайын бағалы қағаздардың бағасы. Спрэд маркет-мейкерлердің ағымдағы шығынын жабуы және пайданы қамтамасыз етуге тиіс. Ол сондай-ақ қандай да бір нақты клиенттің бағалы қағаздармен сауда жасайтын білімі болған жағдайдағы қатерлерге қарсы сыйақыларды қамтиды. Кең сатылатын бағалы қағаздарға спрэдтер әдетте аз болады.

стагфляция, құлдырау, тұралау (stagflation) Елдің үнемі жоғары *инфляция мен жоғары *жұмыссыздықтан зардап шегетін жағдайы.

стандарт ауытқу (standard deviation)

Бақылау таңдамасында әдетте таңдаманың орташа мәнінен бақылау ауытқуының орташа квадрат мәнінің квадрат түбірі ретінде анықталатын *дисперсия өлшемі қолданылады. Халық саны – таралу *ауытқуының квадрат түбірі.

Стандарт және Пуэрз (Standard and Poor's)

(S&P) АҚШ-тың негізгі *кредит-рейтинг агенттіктерінің бірі. Ол Нью-Йорк қор биржасында (NYSE) сатылатын 500 басты акцияның бағасына сүйенетін S&P 500 қор бағасы индексін шығарады. Бұл сатылатын акциялардың

жалпы құнының шамамен 80 пайызын құрайды. S&P 100 индексі көптеген ірі корпорацияның акцияларын қамтып, Нью-Йорк қор биржасы нарығының шамамен 60 пайызын құрайды. www.standardandpoors.com – Standard and Poor’s кредит-рейтинг қызметтері мен басқа өнімдеріне қол жеткізуді ұсынатын веб-сайт.

стандарт қате (статистикада) (standard error) (of a statistic) Статистиканың квадрат түбірін бағалау дисперсиясы; осы статистиканың сенімділік өлшемі халық саны көрсеткіші іріктемесін бағалау сапасы.

стандарт мөлшерлеме (standard rate) Ұлыбританиядағы табыс салығының ескірген атауы, табыстың көбіне қатысты қолданылады. Енді ол *базалық мөлшерлеме деп аталады. Әдетте *салық салынатын табыстың бірінші бөлігіне кейбір төменгі шектен де төмен мөлшерлемелер мен табысқа кейбір жоғарғы шектен асатын жоғарғы мөлшерлемелер бар. Ұлыбританияда стандарт мөлшерлеме табысқа салынатын салықтың негізгі бөлігіне қатысты қолданылады.

Стандарт салалық жіктеме (ССЖ) (Standard Industrial Classification) (SIC) Экономикалық қызметті салалық жіктеу әдісі Ұлыбританияның ресми статистикасында қолданылады. Бұл БҰҰ шығарған Халықаралық стандарт өнеркәсіптік жіктеме мен Еуропалық одақта қолданылатын Еуропа қауымдастығы қызметтер тізімімен келісіледі. Мұндай салалық жіктеудің артықшылығы – салалардың құрамы мен тиімділігін халықаралық салыстыруды жеңілдетуге жәрдемдесуінде.

Стандарт халықаралық сауда жіктемесі (СХСЖ) (Standard International Trade

Classification) (SITC) Халықаралық айқын *сауданы жіктеу үшін пайдаланылатын жүйе. Негізгі бөлімдер бірмәнді сандармен белгіленеді, мысалы, 0 – азық-түлік және тірі жануарлар, 1 – сусындар мен темекі өнімдері және т.б. Одан жан-жақты жіктелімдер бестаңбалы деңгейге дейін қосымша сандармен белгіленеді.

стандартталған тауар (standardized commodity) Бірқалыпты сипаты бар, сондықтан әртүрлі бірліктері өзара орын алмастырушы тауарлар болып келетін тауарлар. Стандартталған тауар *ауқымнан үнемдеу арқылы өндіріс шығынын төмендетуге мүмкіндік береді, бірақ тұтынушылардың таңдауына белгілі шектеулер қояды. Тек стандартталған тауарлар ғана *форвард және фьючерс нарықтарға қолайлы, мысалы, көп жағдайда белгілі бір сұрыпты бидай немесе шикі мұнай.

статикалық тепе-теңдік (static equilibrium) Сыртқы күштер болмауынан экономикалық ауыспалы мәндер өзгермейтін тепе-теңдік, мысалы, Вальрас нарық тепе-теңдігі. Сондай-ақ ДИНАМИКАЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕҢДІК; УАҚЫТША ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІ қараңыз.

статистика (statistic) Бақылау іріктемесінің функциясы. Әртүрлі статистикалық мәліметтер іріктеме сипаттарын жинақтау (сипаттық статистика), халық санының белгісіз көрсеткіштерін бағалау (бағалау) немесе статистикалық болжамды тексеру (тестілік статистика) үшін құрылуы мүмкін.

статистика (statistics) Математиканың тұрғындардың бақыланбайтын сипаттарын немесе қасиеттерін шығару үшін пайдаланылатын мәлімет іріктемелерін талдау мен жинақтау әдістеріне қатысты бөлімі.

статистикалық түзету (statistical adjustment) ТЕҢГЕРУШІ ЭЛЕМЕНТТІ қараңыз.

статистиканы қажет нәтижеге сәйкес түзету (massaging statistics) Қате есептеулермен немесе есептеудегі қателермен байланысты болуы мүмкін айқын айырмашылықтарды жою үшін статистикалық ақпаратты түзетудің дискриминациялық сипаты. Сандарды қажет нәтижеге сәйкес түзету экономика қалай жұмыс істейтіні туралы теорияларға сәйкестендіру немесе кейбір пайдаланушыларға, көбінесе үкіметтің саяси ыңғайлылығы үшін нәтижелерді өңдеу үшін жүргізуге болады.

стационарлық емес процесс (nonstationary process) Статистикалық қасиеттері уақыт өткен сайын өзгеретін *стохастикалық процесс. Мысалы, *тренд уақытпен және *кездейсоқ кезуде өзгеретін орташа мәнге ие, уақыт өте келе дисперсия болады.

стационарлық процесс (stationary process) КОВАРИАЦИЯЛЫҚ СТАЦИОНАРЛЫҚ ПРОЦЕСС; КАТАҢ СТАЦИОНАРЛЫҚ ПРОЦЕСТІ қараңыз.

стерлинг (sterling) Ұлыбритания валютасы. Атауы бұрын Балтық жағалауы елдерімен сауда жасауда пайдаланылған истерлинг фунтынан шыққан. Стерлинг аймақ келісімі – *Достастықтың бірқатар елдері өз валютасының бағамын стерлингке байлап, Лондонда өз валюта қорларын ұстауы: бұл жүйе 1950 жылы төмендеді. *Стерлинг МЗ өлшемі Лондондағы балансты қоспағанда Ұлыбритания ақша массасының барлық валютада болуын дәлелдейді.

стерлинг аймағы (sterling area) Ең алдымен *Достастықта өз валютасын стерлингке байлап, Лондонда өз валюта

қорларын ұстаған елдер тобы. Бұл топ соғыс жылдары және тікелей соғыстан кейінгі кезеңдерде өте маңызды болды, бірақ, негізінен, Ұлыбританияның дүниежүзілік сауда мен қаржыдағы үлесінің кемуіне байланысты 1950 жылдары төмендеді.

стерлинг МЗ (sterling M3) Мына компоненттерді қоса қамтитын Ұлыбританиядағы кең ақша көрсеткіші: 1) М0, яғни валюта, оған қоса ақшаға дейінгі банк шоттары, Англия банкіндегі баланс; 2) Ұлыбританиядағы жеке сектордың банктегі депозиттері; 3) Ұлыбританиядағы жеке сектордың мерзімді депозиттері және мемлекеттік стерлинг сектор депозиті. Бұл өлшем қазір тек МЗ ретінде белгілі.

стильденген фактілер (stylized facts) Эмпирикалық бақылау экономикалық теория құру үшін бастапқы нүкте ретінде пайдаланылады. Стильденген фактілер әр жағдайда міндетті түрде емес, бірақ жалпы дұрыс болуы керек. Ұлттық кірістегі капитал мен еңбек үлесі уақыт өте келе тұрақты болуы стильденген фактіге мысал бола алады. Бұл көп ел үшін жобамен дұрыс, бірақ қандай да бір нақты ел үшін дұрыс емес немесе барлық елдер үшін жобамен дұрыс.

Столпер-Самуэльсон теоремасы (Stolper-Samuelson theorem) *Ауқымға тұрақты қайтарым мен өндірістің екі факторы бар бәсекелі дүниежүзілік экономикада тауардың *салыстырмалы бағасы көтерілуі осы тауарды өндіруде неғұрлым қарқынды пайдаланылатын фактордың қайтарымы ұлғаюына және басқа фактордың қайтарымы азаюына алып келетін нәтижесі бар жағдай. Теорема оның негізін қалаушы адамдардың атымен аталған, сауда қорғанысын енгізу немесе экономиканың

саудаға ашылуының салдарын түсіндіру үшін қолданылады. Кез келген жағдайда тауарлардың салыстырмалы бағасы өзгереді және теорема осы өзгерістердің табыс бөлінісіне ықпалын болжайды.

стохастикалық құбылмалылық (stochastic volatility) Қаржы жағдайында *стохастикалық процеске сүйенетін, уақытқа қарай өзгертін *құбылмалылық туралы теориялық болжам. Стохастикалық құбылмалылық моделі қаржы *деривативтеріне баға белгілеуде кеңінен қолданылады.

стохастикалық процесс (stochastic process) Уақытқа қарай индекстелген кездейсоқ шамалар жиынтығы немесе тобы. Индекс тек бүтін мәндерді (әдетте 0, ± 1 , ± 2 , ...) және үздіксіз трендті немесе үздіксіз уақыт процесін, уақыт индексі нақты мәндердің үздіксіз қатарын (соңғы немесе шексіз) қабылдаса, онда бұл дискрет процесс немесе уақытқа қарай дискрет процесс деп саналады.

стратегия (strategy) *Ойын теориясындағы ойын барысында әр шешім торабында ойыншы жасайтын егжей-тегжейлі әрекет жоспары. Ойыншының бір әрекетті таңдауы басқа ойыншылар қандай әрекетті таңдағанына қарамастан, әрқашан жақсы болса, онда бұл *басым стратегия болады. *Аралас стратегияда екі не одан көп әрекеттің бірін таңдау үшін монета лақтыру секілді рандомдаушы құрылғы қолданылады: рандомдаушы ойыншының таңдау әрекетін болжау мүмкін болмағандықтан, оның артықшылығы бар, өйткені соңғы ойыншы рандомдаушы құрылғы пайдаланылғаннан кейін не болатынын білмейді. Ашық циклдік стратегия – ұстанатын ережелер алдын ала белгіленетін және ойын барысында өзгермейтін стратегия; жабық циклді

стратегия – «кері байланысты», яғни жинақталған тәжірибе аясында ережелерді өзгерту туралы ережелер енгізуді қамтиды. Сондай-ақ ЖАЗАЛАУ СТРАТЕГИЯСЫН қараңыз.

стратегиялық дауыс беру (strategic voting) Ең жақсы нәтижені күту мақсатында өзінің ең қолайлы таңдауынан ерекшеленетін балама үшін дауыс беру. Стратегиялық дауыс беру дауыс екі баламаға да берілгенде пайда болуы мүмкін. Сондай-ақ ҰЖЫМДЫҚ ТАҢДАУДЫ қараңыз.

стратегиялық мінез-құлық (strategic behaviour) Қайтарым басқа агенттердің таңдауына тәуелді екенін түсініп және таңдау әрекеті өзгелерге әсер ететінін ескере отырып таңдау жасау әрекеті. Сондай-ақ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУДІ қараңыз.

стратегиялық өзара әрекеттесу (strategic interaction) Бір экономикалық агентке төленетін төлем өзгелердің таңдауына тәуелді болатын жағдай. Мысалы, дуополистік салада әр фирманың табысы өзге фирманың таңдауына (көлеміне не бағасына) тәуелді болады. Стратегиялық өзара әрекеттесу нәтижесі *ойын теориясын пайдалана отырып талданады.

стратегиялық сауда саясаты (strategic trade policy) Басқа елдердің сауда саясатына ықпал ететін сауда саясаты. Саясаттың стратегиялық сипаты бар деп саналады, алайда басқа елдердің саясаты солай болуға тиіс деп қабылданса, оны ұстану жөнсіз болар еді, ал ол басқа елдерді сауда саясатын өзгертуге мәжбүр етсе, оны қабылдау пайдалы болуы мүмкін. Мысалы, барлық экспорттаушы елдер нақты бір тауарды дүниежүзілік нарыққа ұсынуды жалғастыра берсе, экспортқа субсидия шығын

алып келуі мүмкін, бірақ субсидиялау туралы хабарлама шетелдік бәсекелестердің кейбірінің немесе барлығының нарықтан кетуіне түрткі болады.

Стюденттің t-таралу (Student's t-distribution) $-\infty < x < \infty$ және $v = 1, 2, \dots$ үшін

$$f(x) = \frac{\Gamma((v+1)/2)}{\sqrt{\pi v} \Gamma(v/2)} \left[1 + \frac{x^2}{v} \right]^{-(v+1)/2}$$

формасының ықтималдық тығыздығы функциясымен сипатталатын үздіксіз таралу. V көрсеткіші еркіндік дәрежесінің саны деп аталады. Ол $v > 1$ үшін нөлдің орташа мәні мен $v > 2$ үшін $v/(v-2)$ дисперсиясына ие болады. V үлкен болған жағдайда t-таралуы стандарт *қалыпты таралуға келеді. t-таралуы және v еркіндік дәрежесі бар айнымалы квадраты $(1, v)$ еркіндік дәрежесі бар *F-таралуға ие болады. Коши таралуы $-v = 1$ бар t-таралудың нақты жағдайы. t-таралуы үшін туынды кезеңнің функциясы анықталмаған, өйткені $t = 0$ аяқталған айналасында интервал жоқ.

субсидарлық (subsidiarity) Саясат мәселелері бойынша шешімдер тиімділігіне сәйкес орталықтандырылмаған деңгейде қабылдануға тиіс қағидат. Жаһандық атмосфераға ықпал ететін, айталық, хлорфторкөміртекті пайдалануды шектеу туралы шешімдер халықаралық деңгейде қабылдануы қажет. Көлік құралдарының қауіпсіздік нормаларына қатысты шешімдер мемлекеттік немесе тіпті мемлекеттен жоғары деңгейде қабылдануы қажет. Қазіргі заманғы экономикада жергілікті билік органдарынан ұлттық үкіметтерге дейін және ұлттық үкіметтен *Еуропалық одақ секілді мемлекеттен жоғары органдарында орталықтандырылған саяси шешімдер үлесі ұлғаюы

үрдісі байқалады. Субсидарлық пайдасына шешілетін басты дәлелдер, біріншіден, орталықты егжей-тегжейлі мәселелермен басып тастамау үшін көп шешім қабылдануы керек; екіншіден, мемлекеттік және жергілікті табыс деңгейінде, әдет-ғұрып пен әлеуметтік көзқарастарында айырмашылық болуы, сондықтан бір облыста байқалған белгіленген әдеттерді рәсімдейтін ортақ ережелер басқа аудандарда өзгеше көрінгені сонша – тіпті орындау мүмкін емес болып келеді.

субсидия (subsidy) Өндірушілер тұтынушылардан алатын фактор шығыны нарықтағы бағадан жоғары болуы нәтижесінде үкіметтің тұтынушыларға не өндірушілерге төлемі. Субсидия өндірушілердің табысын арттыру немесе тұтынушылардың әл-ауқатын жақсарту үшін табыс бөлуге сүйеніп берілуі мүмкін. Олар әдетте кез келген мақсат үшін ұтымды емес, тіпті тұрмысы нашар адамдар тұтынатын тауарларды ауқатты адамдар да қолданатындықтан, субсидия жәрдемақысының көп бөлігі оны қажет етпейтін адамдарға жұмсалады. Сондай-ақ ЭКСПОРТҚА СУБСИДИЯ; АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА СУБСИДИЯ; АЗЫҚ-ТҮЛІККЕ СУБСИДИЯНЫ қараңыз.

субсидияланған несие (subsidized credit) Несие нарықтағы қалыпты мөлшерлемеден төмен сыйақымен қамтамасыз етілуі. Субсидияланған несие нақты бір формадағы белсенділікті ынталандыру үшін берілуі мүмкін, мысалы, экспорт, *тұрғын үй қауымдастықтарына арзанға жалға беру немесе азшылық топтар арасында кәсіпкерліктің өсуін қамтамасыз ету. Ол сондай-ақ саяси ықпалы бар адамдарға немесе фирмаларға сыбайлас жемқорлық ретінде ұсынылуы мүмкін. Несиелер үкімет тарапынан субсидиялануы мүмкін немесе несиелік мекемелер қарыз алушыларды

басқа несиеден алынатын пайдасы есебінен айқас субсидиялай алады.

субстандарт ипотекалық несие (sub-prime mortgage) Әдетте тұлғаға төмен *несие рейтингі мен жоғары *дефолт қатерімен берілетін *ипотека. Бұл ипотека бойынша пайыздық мөлшерлеме кредитордың жоғарғы дефолт қатерін өтеу үшін жоғары несие рейтингімен жеке тұлғаға берілген ипотекадан жоғары болады.

сукре (sucre) 2009 жылы АҚШ долларын ығыстыру ниетімен Латын Америкасы елдер тобы қол қойған шартта енгізілген ортақ сауда операцияларында валюта ретінде қолданылатын аймақтық валюта.

сұраныс (demand) 1. Тауарды немесе қызметті сатып алу ниеті мен қабілеті.

2. Экономикалық агенттер белгілі бір бағамен сатып алуға дайын тауар немесе қызмет саны. ЖИЫНТЫҚ СҰРАНЫС; СҰРАНЫСТЫҢ БАҒАҒА ТОҒЫСПАЛЫ ИКЕМДІЛІГІ; ТУЫНДЫ СҰРАНЫС; ТӨЛЕЙ АЛАТЫН СҰРАНЫС; АРТЫҚ СҰРАНЫС; СҰРАНЫСТЫҢ ТАБЫСҚА ИКЕМДІЛІГІ; ИКЕМСІЗ СҰРАНЫСТЫ *да қараңыз.*

сұраныс заңы (law of demand) Тауарға немесе қызметке сұраныс деңгейі оның бағасымен кері байланыста болатыны туралы тұжырым. Сұраныс заңы әуелде экономикадағы негізгі заң ретінде қабылданған, алайда тұтыну теориясындағы прогресс табыс пен алмастыру әсері аталған заңды бұза алатынын көрсетті. Сонымен қатар *жалпы-теңдік теоретиктері экономикалық теорияның стандарт болжамы сұраныс функциясының формасына шектеу қоймайтынын дәлелдеді. Заң бақыланатын артықшылықтар пен табысты бөлуде қолданылатын статистикалық заңдылық ретінде қайта жанданды.

сұраныс икемділігі (elasticity of demand) Сұратылған көлемнің пропорционал өзгерісі мен бағаның пропорционал өзгерісі арасындағы қатынас. Икемділіктің жалпы анықтамасына қарамастан, анықтамаға минус белгісі жиі қойылады, сәйкесінше, q көлемді, ал p бағаны білдіргенде сұраныс икемділігі былай анықталады:

$$\varepsilon_d = - \left(\frac{dq}{q} \right) / \left(\frac{dp}{p} \right) = - \left(\frac{p}{q} \right) \left(\frac{dq}{dp} \right)$$

Минус таңбасы сұраныс икемділігін оң етеді. Ол үлкен немесе кіші икемділікті талқылау кезінде шатасуға жол бермейді. Егер сұраныс икемді, яғни $\varepsilon_d > 1$ болғанда көлемнің пропорционал өсуі бағаның пропорционал төмендеуіне қарағанда көбірек, сондықтан бағаның төмендеуіне қарай жалпы шығын ұлғаяды. Бұл икемсіз сұраныстан ерекшеленеді. Икемсіз сұраныс кезінде $\varepsilon_d < 1$ болады. Бұл баға төмендегенде жалпы шығындар да төмендейтінін білдіреді. Сондай-ақ СҰРАНЫСТЫҢ БАҒАҒА ТОҒЫСПАЛЫ ИКЕМДІЛІГІ; СҰРАНЫСТЫҢ ТАБЫСҚА ИКЕМДІЛІГІН *қараңыз.*

сұраныс инфляциясы (demand inflation) Артық сұраныстан туындайтын инфляция. Ресурстар экономиканың түрлі аймақтары мен секторлары арасында мінсіз бейімделгіш болмаса, онда сұраныс инфляциясы тіпті егер экономикадағы төлей алатын сұраныс деңгейі, тұтастай алғанда, жұмыспен қамтудың қалыпты деңгейіне қажет деңгейден төмен болған жағдайда да болуы мүмкін. Белсенділіктің жиынтық деңгейі жоғары болған сайын, әртүрлі тауарлар мен еңбек күшіне артық сұранысты бастан кешірген аймақтар мен салалардың үлесі неғұрлым көп болған сайын сұраныстан туындайтын инфляциялық қысым да өте қатты болады.

Сұраныс инфляциясы *баға инфляциясынан ерекше. Баға инфляциясы баға мен жалақының өсуі бір сектордан екінші секторға өткенде болады. Инфляцияның бұл екі формасын жалпы инфляция процесінің түрлі аспектілері ретінде қарастыру керек.

сұраныс инфляциясы (demand-pull inflation) СҰРАНЫС ИНФЛЯЦИЯСЫН *қараңыз.*

сұраныс кестесі (demand schedule) СҰРАНЫС ҚИСЫҒЫН *қараңыз.*

сұраныс қисығы (demand curve) Тауарға немесе қызметке сұранысты оның бағасымен байланыстыратын кесте. Тауар бағасы әдетте вертикаль осьте, ал әр баға деңгейінде сұратылған көлем горизонталь осьте көрсетіледі. Сұранысқа әсер ететін өзге де факторлар, яғни кіріс, басқа да тауар бағасы және сән, ауа райы секілді факторлар тұрақты деп болжанады. Сұраныс қисығы жеке тұтынушының немесе жалпы нарықтағы сұранысты көрсетеді. Тауарға сұраныс қисығы әдетте төмен көлбеуді. Бұл тауардың бағасы төмен болғанда, оған сұраныс жоғары болатынын білдіреді. Тұтынушылардың кірісі немесе тауарлар бағасы өзгерсе немесе мүлдем басқа факторлар, мысалы, жаңа тауардан бәсеке туындаса, онда сұраныс қисығы да өзгеруі мүмкін. ӨТЕЛЕТІН СҰРАНЫС ҚИСЫҒЫ; ТӨМЕН КӨЛБЕУ СҰРАНЫС ҚИСЫҒЫ; СЫНЫҚ СҰРАНЫС ҚИСЫҒЫ; НАРЫҚТАҒЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІК-ТІ *де қараңыз.*

сұраныс функциясы (demand function) Кез келген тауар немесе қызметке сұраныс негізгі айнымалыға қалай байланысты екенін көрсететін функция. Қарапайым сұраныс функциясы (немесе *Маршалл сұранысы функциясы) кіріс пен бағаға, ал *өтелетін сұраныс функциясы баға мен пайдалылыққа

тәуелді. ЖИЫНТЫҚ СҰРАНЫС; АРТЫҚ СҰРАНЫСТЫ *да қараңыз.*

сұранысқа қарай өндіріс көлемі (demand-determined output) Төлей алатын сұраныс өндірістің жалғыз шектеуі болатын жағдай. Бұл терең құлдырау кезінде ғана болуы мүмкін. Тіпті кейбір экономика салаларында өндіріс көлемі сұраныспен анықталса да, көп жағдайда экономиканың кейбір салаларында өндірісті шектейтін нақты дағды немесе жабдық түрлерінің жетіспеуі байқалады. Жұмыс күшінің жекелеген түрлерінің ішкі миграциясын және импортты қолдану арқылы тапшылықтың орнын толтыру ашық экономика жабық экономикаға қарағанда өзінің өндіріс көлемін сұраныспен анықтауға қабілеттірек екенін білдіреді.

сұранысты басқару (demand management)

1. Экономикадағы жиынтық нақты төлей алатын сұраныс деңгейіне әсер ету үшін ақша-несие және фискалдық саясатты пайдалану. Сұранысты басқаруда мынадай мақсаттар қойылуы мүмкін: белсенділік пен жұмыспен қамтудың жоғары және тұрақты деңгейін, инфляцияны еңсеруге сүйенетін төменгі деңгейді немесе төлемдер балансын жақсартуды қамтамасыз ету. Сұранысты басқаруды пайдалану *кейінгік экономика идеяларына сүйенеді. Ол 1960 және 1970 жылдардағы макроэкономикалық саясаттың орталық элементі болды, бірақ одан кейін 2008 жылғы *қаржы дағдарысы ұзаққа созылған рецессияны тоқтату үшін сұранысты арттыруды қажет еткенге дейін ол мүлдем қолданылмады.

2. Өз өнімдері мен қызметтеріне деген сұранысты болжауға және басқаруға бағытталған фирманың қызметі. Сұранысты басқару – бизнес-жоспарлаудың жалпы процесінің бір бөлігі.

сұраныстың бағаға тоғыспалы икемділігі (cross-price elasticity of demand) Тауарға сұраныстың пропорционал өзгерісі мен түрлі тауарлар бағасының пропорционал өзгерісі арасындағы қатынас. Бұл тауардың бағасын тұрақты деп жорамалдау арқылы есептеледі. Осылайша $q_x - x$ тауарының саны, ал p_y, y тауарының бағасы болса, онда сұраныстың бағаға тоғыспалы икемділігі былай өлшенеді:

$$\varepsilon_{xy} = \frac{\partial q_x}{q_x} / \frac{\partial p_y}{p_y} = \frac{p_y}{q_x} \frac{\partial q_x}{\partial p_y}$$

Егер $\varepsilon_{xy} > 0$ болса x пен y бірін-бірі алмастырушы, $\varepsilon_{xy} < 0$ болса, онда x және y бірін-бірі толықтырушы тауарлар болады.

сұраныстың табысқа икемділігі (income elasticity of demand) Сұратылған көлемнің пропорционал өсуінің табыстың пропорционал өсуіне қатынасы, мұнда баға тұрақты болып қалады. Егер M – кіріс, ал X сұратылған көлем болса, онда ε_M сұраныс икемділігі былай анықталады:

$$\varepsilon_M = \left(\frac{M}{X} \right) \left(\frac{\partial X}{\partial M} \right)$$

Люкс өнімдерге сұраныстың табысқа икемділігі бірден жоғары: табыс артқан сайын, оның көп бөлігі люкс өнімдерге жұмсалады. Бастапқы қажет тауарларға сұраныстың табысқа икемділігі оң, бірақ бірден төмен: табыс артқан сайын бастапқы қажет тауарларға сұраныс артады, бірақ оларға қаражат аз жұмсалады. Аралық өнімге сұраныстың табысқа икемділігі теріс: табыс артқанымен, аралық өнімге аз жұмсалады. Сондай-ақ ЭНГЕЛЬ ҚИСЫҒЫН қараңыз.

сұратылған көлем (quantity demanded) Берілген бағамен талап етілетін тауар саны. Сұратылған көлем берілген баға өзгерісі бойынша *сұраныс қисығы бойымен жылжуды бақылайды.

сценарий (scenario) Экономиканың даму болашағын анықтау үшін қолданылатын саясатты таңдау жорамалдарының және *экзоген айнымалы мәндердің жиынтығы. Мысалы, балама сценарийлер әзірлеу үшін салық салу және шығын бойынша мемлекеттік саясатқа қатысты болжамдар әртүрлі болуы мүмкін. Балама сценарий құру түрлі саясаттың әсері мен экзоген айнымалылардың балама мәндеріне қатысты қорытындылардың тұрақтылығын ескеру үшін пайдаланылады.

сценарийлерді талдау (scenario analysis) Қатерлі инвестициялық жобаларды бағалау әдісі. Бұл әдіс жобаның құнын анықтайтын кейбір немесе барлық макроэкономикалық және ерекше жоба факторларының іске асу ықтималдығы туралы ақпаратқа сүйенеді. Сценарийді талдаудың бір нұсқасы – әр фактор ықтимал ең жақсы және ең нашар мәнді қабылдайтын ең жақсы/нашар жағдайды талдау; екі жағдайдағы жоба мәндері арасындағы айырмашылық оның қатерін бағалау үшін пайдаланылады. Тұтастай алғанда, бірнеше сценарийді талдау факторлардың жүзеге асуының түрлі үйлесімі үшін кейде әртүрлі факторлардың ықтимал үйлесімін ескерудегі жоба құнының есебін қамтиды. Барлық мүмкін нәтижелердің ықтималдығы белгілі болса, жобаның күтілетін құнын есептеуге болады.

сыбайлас жемқорлық, коррупция (corruption) Лауазымды тұлғалардың іс-әрекетіне ықпал ету мақсатында пара беру. Жалпы айтқанда, сыбайлас жемқорлық – пара, бопса және мемлекет

қаржысын жымқыру арқылы мемлекеттік қызметтен жеке пайда көру.

Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (Corruption Perception Index) Бұл индекс мемлекеттерді (территорияларды) нөлден (жемқорлық деңгейі өте жоғары) 100-ге дейінгі (жемқорлық деңгейі өте төмен) шамадағы шкала бойынша бағалайды. Индекс мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықтың болжамды ауқымын көрсетеді. Бұл индексті Берлинде орналасқан Transparency International *үкіметтік емес ұйымы құрастырады.

сызықты ықтималдық моделі (linear probability model) *Дискрет таңдау моделі, онда регрессия функциясы сызықты деп есептеледі. Бұл модельдің негізгі кемшілігі – сызықты функционал форма болжамды мәндердің ықтималдықты интерпретациялауға, 0-ден 1-ге дейінгі мәндерді қабылдайтын тәуелді айнымалыларға кепілдік бермейді. *Логистикалық үлестірімнің ықтималдық моделі және *пробит моделі – жиі қолданылатын балама ерекшеліктері.

сызықтық Log функциясы (log-linear function) Тәуелді айнымалының логарифмі оның дәлелінің логарифмінде сызықты болатын функция. Осылайша $x \ln(y) = \alpha + \beta \ln(x)$ -та, y сызықтық \log болып табылады.

сызықтық аппроксимация (linear approximation) Еркін функцияның сызықтық функцияға жуықтауы. Бұл экономикалық теорияда талдауға болатын, экономикалық модельді сипаттайтын күрделі теңдеудің немесе теңдеулер жүйесінің шешімін табу үшін қолданылады. Тұрақты немесе ұзақмерзімді тепе-теңдікке тікелей жақын жерде экономика моделі тәртібінің сипатталуы – динамикалық теңдеулер жүйесінің

линарлануына тән мысал. Тағы бір мысал: мәліметтерді сандық талдауда сызықтық регрессия моделін қолдану. Математикалық тұрғыдан, сызықтықтан жоғары тәртіптің маңызы елеусіз болса, сызықтық аппроксимация Тейлор функциясын кеңейтуге сүйенеді.

сызықтық бағдарламалау (linear programming) Сызықтық шектеулерді есепке ала отырып, сызықты мақсатты функцияның максимал немесе минимал мәнін табудың математикалық әдісі.

сызықтық емес ең кіші квадраттарды бағалау (nonlinear least squares estimator) Бұл шарттар параметрлердің сызықты емес функциялары болғанда *ең кіші квадраттар параметрлерін бағалау үшін бірінші кезектегі шарттарының сызықтық жүйесін шешетін бағалаушы. СЫЗЫҚТЫҚ ЕМЕС РЕГРЕССИЯНЫ *да қараңыз.*

сызықтық емес регрессия (nonlinear regression) Пайыздық мөлшерлеменің ауыспалы моделі параметрлерінде сызықтық емес және айнымалыларды түрлендіру арқылы сызықтық түрге айналуға болмайтын түсіндірме айнымалылар функциясы ретінде модельденетін *регрессия. Регрессиялық функция параметрлері бойынша үздіксіз дифференциалданған болса, сызықтық емес регрессия *сызықтық емес кіші квадраттар көмегімен бағалануы мүмкін.

сызықтық құрылғы (Nudge Unit) Сондай-ақ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ТҮСІНУ ТОБЫН *қараңыз.*

сызықтық регрессия (linear regression) Белгісіз параметрлердің сызықтық функциясы ретінде айнымалылар арасындағы қатынасты модельдейтін сандық деректерді талдау әдісі.

Эконометрикадағы сызықтық регрессияны талдаудың ең танымал әдістерінің бірі – *қарапайым ең кіші квадраттар әдісі; басқа жиі қолданылатын әдістерге ең аз абсолют девиация, ортогонал регрессия және квадраттардың ең кіші медианасы немесе робасты регрессия жатады.

сыйақы (premium) 1. Сақтандыру полисі үшін төленетін баға. Бұл полис үшін ай сайын, жылдық төлем немесе біржолғы төлем болуы мүмкін.

2. Акцияның шығарылған кездегіден жоғары бағасы. Шығарылғандағы бағасынан жоғары бағамен сатылатын акция сыйақы бойынша төленеді.

3. Кредиторлардың қатерін өтеуге қажет пайыздық мөлшерлемеге қосымша. Сондай-ақ ҚАТЕР СЫЙАҚЫСЫН қараңыз.

сыйлық облигациялар (premium bond) Ұлыбританияның Мемлекеттік қауіпсіздік қызметінде пайыздық мөлшерлеме қорға барып түседі, ол облигация ұстаушылардың бәрі қатысатын тұрақты мерзімдік лотереялар өткізеді. Ұлыбританияда сыйлық облигациялар схемасында сыйлыққа қатысты салық салынбайды.

сыйлыққа салынатын салық (gift tax) *Tipi* кезінде берілген сыйлыққа салынады. Бұл мұраға өтетін заттарға салынатын салықтан ерекшеленеді. Адамдар тірі кезінде өзіне тиесілі мүлікті туысқандарына немесе достарына аудару арқылы мирас салығын төлемейді. Осы төленбеген салықты өтеу үшін сыйлыққа салынатын салық әзірленді. Сыйлыққа салынатын салықтың әдетте кейбір ерекшеліктері бар, мысалы, жылына белгілі бір сомаға рұқсат етілген сыйлық мөлшері бар. Ол қандай да бір донордың нақты бір бенефициарға берген немесе жеткізген соманың мөлшеріне

байланысты немесе бір бенефициардың сыйлық және өсиет түрінде алған сомасына қарай прогрессив болуы мүмкін.

сынақ күші (power of a test) Статистикалық нәтижелерде сынақ жалған *нөлдік гипотезаны жоққа шығаруы ықтималдығы. Сондай-ақ I ЖӘНЕ II ҚАТЕРІ қараңыз.

сыни жол талдауы (critical path analysis) Компоненттері уақытты талап ететін және жоспарланған іс-әрекеттің ең ұзын жолын жоба соңына дейін есептеу және ең ерте және ең соңғы, әр ісшара жобаны ұзақ жасамай-ақ, бастау және аяқтау арқылы берілген ретпен орындалуға тиіс күрделі процестерді жоспарлау жүйесі. Сыни жол әдісі арқылы талдау – бос уақыты немесе белгілі бір кідірісі жоқ реттілік. Сондықтан жол бойындағы кез келген компонентте кідіріс бүкіл жобаның кідіруіне әкеледі; бұл жоба аяқталуы мүмкін ең қысқамерзімді анықтайды.

сыни мән (critical value) Белгілі бір *маңыздылық деңгейінде тест нөлдік гипотезаны қабылдамайтын тест статистикасының мәні. Сондай-ақ ГИПОТЕЗАНЫ ТЕКСЕРУДІ қараңыз.

сынық сұраныс қисығы (kinked demand curve) *Сұраныс қисығы фирма бағаны көтерген жағдайда бәсекелестері оларға ілеспейтінін, керісінше, фирма бағаны төмендеткен жағдайда бәсекелестер өз бағасын төмендететінін көрсетеді. Осылайша сұраныс қисығы бағаның кемуіне қарағанда бағаның өсуіне анағұрлым икемді екені көрінеді. Бұл қолданыстағы өндірістің шекті түсімін тоқтатуға әкеп соқтырады, ол, сәйкесінше, шекті шығын қисығын фирма бағаны өзі қалағандай өзгертуге жеткілікті деңгейде ауытқыта алмайды.

Күтудің бұл түрі бағаның бастапқы деңгейде қалуына алып келуі мүмкін.

сырғымалы инфляция (creeping inflation)

Ұзақ кезең бойы сақталып тұратын орташа деңгейдегі инфляция. Бұл әдетте көптеген елде байқалады.

сыртқы ақша (outside money) Ұстаушылар үшін актив болып келетін ақша, алайда ол экономикадағы басқа біреулер үшін міндеттеме болмайды. Бұл алтын монеталарға қатысты, бірақ оның банк баланстарына қатысы жоқ. Сыртқы ақша *ішкі ақшадан ерекшеленеді. Ішкі ақшада ұстаушының активі ақшаны шығарушы банктің міндеттемесімен теңдестіріледі. Мемлекеттің міндеттемесі болып келетін ақшаны ішкі не сыртқы екенін анықтау оған берілген анықтамаға байланысты.

сыртқы баланс (external balance) Әлем мемлекеттерімен тұрақты транзакция жасау. Статикалық экономикада капитал қозғалысы болмаған жағдайда сыртқы баланс ағымдағы шот бойынша нөлдік төлем балансын талап етеді. Өйткені ағымдағы шоттар дефициті болғанда валюта резервтері таусылып кетуі мүмкін, ал егер ағымдағы шоттар профициті болғанда, валюта резервтері еш шектеусіз арта береді. Капитал қозғалысынсыз дамып келе жатқан экономика валюта қорын жеткілікті мөлшерде арттыру үшін ағымдағы шот профициті қажет. Ал капитал қозғалысы бар сыртқы баланс кем дегенде ортамерзімді перспективаға дейін жеткілікті деңгейде екенін білдіреді. Жақсы ішкі инвестициялық мүмкіндіктері және жинақтары аз экономикада капитал келуі (ағыны) мен ағымдағы шоттың дефициті сыртқы балансты білдіреді. Керісінше, ішкі инвестициялық мүмкіндіктері әлсіз және жинақтары көп экономикада капитал жылыстауы

мен ағымдағы шот профициті оң сыртқы балансты білдіреді. Сондай-ақ ІШКІ БАЛАНСТЫ қараңыз.

сыртқы еңбек нарығы (external labour market) Ұйымда басшылық лауазымдарға қабылдау, негізінен, ашық бәсекеге сүйеніп жүзеге асырылатын жүйе. Сыртқы еңбек нарығы басшылық лауазымдарға қызметкерді тағайындау ең алдымен фирманың ағымдағы төмен лауазымдағы қызметкерлерін басшылыққа көтеру есебінен жүргізлетін *ішкі еңбек нарығынан ерекшеленеді. Сыртқы еңбек нарығының негізгі артықшылықтары – ашық бәсеке басшылық лауазымдарға неғұрлым көп үміткер ұсынады; бөгде адамдар ұйымға жаңа идеялар әкеледі. Ішкі еңбек нарығының негізгі артықшылықтары – фирма сырттан келушілерге қарағанда өзінде жұмыс істейтін қызметкерлердің мықты және әлсіз тұстарына қанық; компания стратегиясындағы ішкі карьералық өсу жұмысқа алу мен компанияда ұстап қалуға көмектеседі.

сыртқы қызметкер (outworker) Кәсіпорын белгілі бір тапсырманы немесе белгілі бір тауарды немесе қызметті жеткізу мақсатында жұмысшы жалдайды. Екеуінің арасында контракт жасалады. Бірақ жұмысшының жұмыс орны тапсырыс беруші кәсіпорыннан тыс орналасады. Сонымен қатар жұмысшының жұмыс жағдайы мен жұмыс уақыты тапсырыс беруші кәсіпорынның бақылауында әрі жауапкершілігінде емес.

сыртқы мердігер ұйымға жұмыстың (контракттер) белгілі бір бөлігін беру (contracted-out) (services) Қызмет үшін ақы бір мекемеге, мысалы, Ұлыбританияның жергілікті билігіне төленіп, бірақ қызметті басқа сыртқы компания жеткізуді. Бұл жергілікті билік мекемесінің

*тікелей жұмысына жалданған жұмысшылар көрсететін қызметтен ерекшеленеді. Сыртқы мердігер ұйымға жұмыстың белгілі бір бөлігін беру бойынша ұсынылатын қызмет мысалдарына қоқыс жинау, кеңселерді тазалау және мектепті тамақтанумен қамтамаңыз ету жатады.

сыртқы салдар (externality) Қызметті жүзеге асыратын тұлғаға немесе ұйымға аударылмайтын шығын немесе пайда. Бизнес жүргізетін тұлғалар өтеуге міндетті емес залал – радиация, өзеннің немесе ауаның ластануы немесе шу секілді теріс немесе негатив сыртқы салдар адамдарға, кәсіпорындарға немесе қоршаған ортаға зиян келтіреді. Оң немесе позитив сыртқы салдар – қызметтен туындаған жағымды немесе пайдалы әсер, бірақ ол үшін ешқандай ақы төленбейді. Мысалы, аралардың жеміс ағаштарын тозаңдандыруы немесе жекеменшік ғимараттар мен бақтарға тамсану. Сыртқы салдар технологиялық немесе материалдық болуы мүмкін. Технологиялық сыртқы салдар басқаларға нарықтық емес тәсілдермен әсер етеді, мысалы, су жолдарын ластау, тиімділікті арттыру мақсатында ол дәлелсіз араласуды қажет етеді. Ал материалдық сыртқы салдар нарық арқылы көрініс табатынын білдіреді, мысалы, жаңа индустрияның пайда болуы басқа жұмыс берушілер үшін еңбек шығынын арттыруға немесе олардың клиенттерін тарту арқылы олардың капиталының құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Материалдық сыртқы салдар *Парето тиімсіздігіне әкелмейді. Сәйкесінше, табыстың таралуы себебінен басқа жағдайларда араласудың еш қажеті болмайды. Сондай-ақ **СЫРТҚЫ САЛДАР ӨТЕМАҚЫСЫ; ТҰТЫНУДЫҢ СЫРТҚЫ САЛДАРЫ; СЫРТҚЫ САЛДАРДЫ СІҢІРУ; СЫРТҚЫ САЛДАР ЖЕЛІСІ; ӨНДІРІСТІК СЫРТҚЫ САЛДАРДЫ қараңыз.**

сыртқы салдар желісі (network externality) Басқа экономикалық агенттермен, мысалы, телефон арқылы байланысудан алынған *сыртқы салдар. Концепт әлеуметтік желілерге де таралады. Осындай желіге қосылған халықтың үлесі неғұрлым көп болса, олардың әрқайсына пайдасы артады.

сыртқы салдар өтемақысы (compensation for externalities) Сыртқы салдардан зиян көргендерге теріс *сыртқы салдарға себепшінің өтемақы төлеуі. Мұнда екі түрлі жағдай бар. Теріс сыртқы салдардың алдын алу өте қымбат болмаса, онда ластағаны үшін жасалған төлемнің экономикалық пайдасы ол ластануды болдырмауға ынталандырады. Бұл ластаушы ластаған теріс әрекеті үшін зардап шегушіге төлем жасағанына немесе жасамағанына қарамастан, экономикалық тиімділікті арттырады. Ластанудан зардап шегушілер көп болса, оларды анықтау және оларға өтемақы төлеу мүмкін емес немесе тым қымбат болады. Зардап шегушілерге өтемақы төлеу *әділдікке сүйенсе, дұрыс болуы мүмкін, бірақ тиімділік тұрғысынан басқаша. Бұл шын мәнінде тиімсіздікке әкелуі мүмкін: зардап шегушілер өз мінез-құлқын өзгерту арқылы өзіне келетін залалдың алдын алса, онда нақты келген залал үшін өтемақы алу тым елеусіз алдын алу шараларын жасауға әкелуі мүмкін. Тиімділік тұрғысынан алғанда, сыртқы факторлардың құрбандары толық өтемақы алса, онда олар алдын алуға мүмкін болмайтын залалдар үшін ғана өтемақы алуға тиіс. Сондай-ақ «**ЛАСТАУШЫ ТӨЛЕЙДІ**» ПРИНЦИПІН *қараңыз.*

сыртқы салдарды сіңіру (internalizing externalities) Сыртқы шығынды немесе пайданы жасайтындарды шешім қабылдағанда оларды ескеруге мәжбүрлеудің кез келген тәсілі. Мысалдар

жеке шығын мен пайда қоғамның шығыны мен пайдасын көрсету үшін біртұтас ұйымға біріккен немесе салық алатын біріктіру агенттерін қамтиды. Сіңіру – *шала нарықта да жұмыс істей алатын сыртқы салдар проблемаларының шешімі. КОУЗ ТЕОРЕМАСЫН қараңыз.

сыртқы сауда (foreign trade) Мемлекеттік шекаралар арқылы тауарлар мен қызметтер саудасы. ЭКСПОРТ; ИМПОРТТЫ да қараңыз.

сыртқы сауда операциялары бойынша есептерді жеделдету немесе кешіктіру (leads and lags) Трейдерлердің транзакциялар мерзімін өзгерту немесе кешіктіру қабілеті. Ел валютасының құнсыздануы күтілсе, импорттаушылардың импорттық баға өспей тұрып, дереу тауар сатып алуға аса мүдделі болуы, ал жақын арада қымбаттау күтілсе, экспорттаушылардың тауар сатуды және тауар үшін алатын шетел валютасын айырбастауды кейінге қалдыруы. Мерзімді осылай қолдан ұзарту *валюта айырбасын бақылау ережелері қатаң елдерде де валютаның алыпсатарлық қысымға ұшырау ықтималдығын білдіреді.

сілкі (shake-out) Экономиканың қандай да бір секторынан ресурстарды алып тастау процесі. Бұл фирмалар санының азаюы нәтижесінде фирманың

не өнеркәсіптің ішінде болуы мүмкін. Сілкі қиын кездері орын алуы мүмкін: сұраныстың кемуі фирмаларды өз қауқарын, сондай-ақ еңбек күшін қысқартуға итермелейді, ал пайданың азаюы салдарынан фирмалар күш-жігерін ұйымдық *әлсіздікті жоюға жұмсауға, тіпті саладан кетуге мәжбүр болады.

Сэй заңы (Say's law) Әдетте «ұсыныс өз сұранысын қалыптастырады» деген пікірді жалпылайды. Сэй заңының аргументі: өнім жабдықтаушысы алынған табысын жұмсайды, осылайша ұсыныс сұранысты қалыптастырады. Жан Батист Сэйдің (1767–1832) айтуынша, «өнім өз құнының толық мөлшерінде басқа тауарлар үшін өткізу нарығын ашатын мезеттен бұрын жасалмайтынын атап өту керек». Өндіруші өнімге қолы жеткенде оның қолда тұрғанда арзандап кетпеуі үшін тезірек сатып жіберуге тырысады. Сондай-ақ ол саудадан алуы мүмкін ақшадан да тезірек құтылуға тырысады, өйткені ақшаның да құны тұрақты емес, тез арада жоғалуы мүмкін. Бірақ ақшадан құтылудың жалғыз жолы – тура сол не басқа өнімді сатып алу. Осылайша бір өнімді жасаудағы қарапайым жағдайлар дереу басқа өнімдер үшін жол ашады (Ж.Б.Сэй, 1803, A Treatise on Political Economy, or the Production, Distribution and Consumption of Wealth, 138–139 бб.).

T

табандылық (persistence) Уақыт қатарларын талдауда күшті тізбекті корреляция немесе *автокорреляция болуы.

табиғи активтер (natural assets) Жер, су және ауа, биосфера және экожүйе сияқты табиғи ресурстар, сондай-ақ органикалық және бейорганикалық минералдар.

табиғи ластаушы (natural pollutant) Табиғи көзден ластаушы. Тозаң мысалдары: жабайы өрттен, вулкан күлінен және шаң бұлтынан шыққан түтін. Табиғи ластаушылар елеулі экономикалық зардаптар әкелуі мүмкін, бұған Исландиядағы *Eyjafjallajökull* вулканынан шыққан күл ұшып жүруіне байланысты 2010 жылы бүкіл Еуропада әуе қатынасы тоқтап қалуы дәлел.

табиғи монополия (natural monopoly) Табиғи монополия өндіріс технологиясы *ауқымға қайтарымның артуымен сипатталады, ал сұраныс деңгейі тек бір фирмада пайдалы болуы мүмкін. Жоғары тұрақты шығындар қайтарымның өсуін түсіндіре алады. Мысалы, электр энергиясын жеткізушілердің екеуі электр қуатын орнатудың тұрақты шығынын арттырса, бір қалаға қызмет көрсете алмайды. Табиғи монополияның болуы мемлекеттің араласуын ақтайды, әйтпесе тиімді болмас еді. Бұл қазіргі президенттің позициясы ықтимал бәсекелестерді ойыннан шығаратын заңдарға сүйенетін *заңды монополияға қайшы келеді. Заңды

монополия мысалына айрықша *патент иеленуге байланысты қажет технологияға қол жеткізуді айтуға болады.

табиғи өсу қарқыны (natural growth rate) Ұлттық кірістің өсу қарқыны тұрақты жұмыссыздық деңгейін сақтап қалады. Техникалық прогресс болмаса және еңбек күшінің жылдамдығы g өссе, табиғи өсім болады. Техникалық прогресс жылдамдығы p болса, табиғи өсу қарқыны $n = g + p$ ретінде анықталады. *Экономикалық өсудің Солоу моделінде нақты өсу қарқыны сақтаудан түскен табысқа қарамастан, табиғи мөлшерге жақындайды. *Харрод-Домар өсу моделінде кепілдік берілген өсім қарқыны табиғи мөлшерден асып кетсе, экономика толық жұмыспен қамтылғанға дейін кеңейтіледі. Осы кезде нақты өндірістің өсуі кепілді деңгейден төмен түсіп, рецессия болады. Кепілдік берілген өсім қарқыны табиғи мөлшерден төмен болса, онда жұмыссыздықтың өсуі байқалады.

табиғи ресурстар (natural resources) Табиғаттан алынатын өндіріс факторлары. Оған ауыл шаруашылығын жүргізуге жарамды жер және электр энергиясын өндіру, көлік және суғару үшін пайдаланылатын су кіреді. Ол сондай-ақ балық және теңіз минералдары сияқты теңіз ресурстарын қамтиды.

табиғи түрде қайта үлестіру (in-kind redistribution) Ақшалай емес, тауар не қызмет ұсыну формасындағы қайта

үлестіру. Қайта үлестірудің артықшылығы – алушылардың таңдауын жоққа шығарады және ұсынылатын тауарлар мен қызметтерді тұтынатынына кепілдік береді. Мысалы, аз қамтылған отбасыларға арналған азық-түлік ваучерлері олардың тамақтануына кепілдік береді, ал ақшалай көмек азық-түлікке емес, басқа тауарларға жұмсалуды мүмкін. Осы бақылаулардың негізі – *әлеуметтік маңызды тауарлар уәжі.

табиғи шығын (natural wastage) Жыл сайын жұмыс берушінің жұмыстан шығаруынан басқа себептермен жұмыстан кететін еңбек күші үлесі. Оған зейнеткерлер және жеке себептер бойынша жұмыстан кеткен қызметкерлер жатады. Фирманың еңбек күшінің айтарлықтай бөлігі кез келген жылы кетуі мүмкін, бұл көбінесе *қысқартуды қажет етпей, еңбек күшін біртіндеп жұмыстан шығаруға мүмкіндік береді.

табиғи эксперимент (natural experiment) Табиғи эксперимент экзоген өзгеріс бір айнымалы өзгерісінің әсерін бағалауға мүмкіндік бергенде пайда болады. Мысалы, Америка Құрама Штаттарының бір штаты өз саясатын өзгертеді, ал басқа көрші штат өзгертпейді. Өзге өзгерістер болмаған жағдайда бұл саясаттың өзгеруінің әсерін анықтауға мүмкіндік береді. «Табиғи эксперимент» деген атау саясаттың өзгеруі зерттеушінің бақылауында емес, бірақ бақыланатын эксперименттің мүдделі айнымалыны өзгерту сияқты әсері бар екенін көрсетеді. Зерттеуші үшін құндылық – табиғи эксперименттер әдетте барлық табиғи реакциясы бар ірі популяцияларда жүргізіледі. Стандарт терминология – саясаттың өзгерісіне және бақылау тобына ұшырамаған адамдарды өзгертуге әкелуі. Табиғи эксперименттерде саясаттың өзгеруі шын мәнінде экзоген болса,

онда емдеудің немесе бақылау топтарының арасында субъектілерді бөлудегі іріктеудің алдын алмауы керек. Даладағы эксперименттердің сенімділігі зерттелетін жүйедегі айнымалылар арасындағы корреляциядан зардап шегеді. ДАЛАДАҒЫ ЭКСПЕРИМЕНТТІ *де қараңыз.*

табыс (earnings) Еңбек күші жалданып жұмыс істегені үшін алатын ақы. Табысқа үстеме жұмысқа берілетін төлем, бонус және негізгі төлем жатады. Бұл бонустарды ескермейтін тек қана қалыпты жұмыс уақытына ғана қатысты болатын жалақы мөлшерлемесінен ерекшеленеді. Табыс экономикалық белсенділік артқанда жалақы мөлшерлемесіне қарағанда жылдам өседі, керісінше, экономикалық белсенділік төмендегенде кемиді. Сондай-ақ ТРАНСФЕР КІРІСТІ *қараңыз.*

табыс (компанияның) (earnings) (company) Борыштық міндеттемелер бойынша пайыздарды шегергеннен кейін акционерлер кол жеткізе алатын компания пайдасының бір бөлігі. Компаниялар бұл табысты дивидендтерге, салық төлеуге немесе бизнесті кеңейтуге жұмсайды. Компания акциясының бағасы оның пайдасына байланысты деп есептеледі. Сондай-ақ БӨЛІНБЕГЕН ТАБЫСТЫ *қараңыз.*

табыс әдісі (income method) Экономиканың түрлі қатысушылары алған *табыс факторын қосу арқылы ішкі өнімді өлшеу тәрізін. Мұндай тәсіл, негізінен, салық жүйесінен алынған ақпаратқа сүйенеді. Оның нәтижелері экономиканың әртүрлі секторларынан, соның ішінде тұтынушылардың, инвесторлардың және үкіметтің шығындары туралы ақпаратты пайдаланатын *өндіріс әдісімен және экономиканың түрлі секторларынан келетін таза өнімдер

туралы ақпаратты пайдаланатын *шығын әдісімен алынған көрсеткіштермен салыстырылады.

табыс әсері (income effect) Бағасы өзгерген тауарларға сұраныстың өзгеруі баға қалай өзгерсе де, тұтынушылардың табысы да тура сол деңгейде өсіп не төмендеп, әл-ауқат бәрібір сол күйінде қалуына әкелуі мүмкін. АЛМАСТЫРУ ӨСЕРІН қараңыз.

табыс салығы (income tax) Табысқа салынатын салық. Жеке тұлғаның салық салынатын табысы қайырымдылық, асырауындағы адамдар үшін жауапкершілік, жасына байланысты жәрдемақы, медициналық сақтандыру және зейнетақы қорына жарналарды қамтитын түрлі баптар бойынша түрлі жеңілдіктерді шегергеннен кейін есептеледі. Табысқа салық салу мақсатына табыс иесінің меншігіндегі үй қызметтері сынды уақытша баптар кіруі не кірмеуі мүмкін. *Капитал өсімі де табыс ретінде қосылуы, алып тасталуы немесе оған табыстан бөлек салық салынуы мүмкін. Табыс салығы қарызы бар жеке тұлғалардан, Ұлыбританиядағыдай *тапқаныңа қарай төлеу арқылы немесе Америка Құрама Штаттарындағыдай жұмысқа орналасу салығы және дивидендтерді салықтан босату арқылы алынады. Көптеген елде прогрессив табыс салығы жүйесі бар, оған сәйкес салықтың орташа мөлшерлемесі табыспен бірге өседі. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ; ТЕРІС ТАБЫС САЛЫҒЫН да қараңыз.

табыс салығы (withholding tax) Жеке тұлғаның салық міндеттемесіне қарамастан, жалақы немесе дивидендтерден түсетін барлық кірісінен стандарт мөлшерлеме бойынша алынатын салық. Осыдан соң салық төлеушілер *салық міндеттемелерін анықтау

мақсатында салық декларациясын тапсырады. Табыс салығын аз төлеуге міндетті, мысалы, жалпы табысы төмен адамдардан алынған *артық салық қайтарылады, сондай-ақ көп төлеуге міндетті адамдардан артық төленген салық үшін міндеттеме талап етіледі. Бұл жүйе салық органдарына табыс салығын жинауын, ал өтем алуға құқығы бар салық төлеушілер өзінің салық декларациясын уақытында беруін ынталандырады. Бұл артық төлегенін қайтарып алатын салық төлеушілер үшін тиімсіз, алайда бұл жүйе оларды салық жөнелтпе құжаты келіп түскенге дейін табысынан артық жұмсау қаупінен қорғайды. АҚШ-тағы табыс салығы жүйесі табыс салықтарын пайдаланады.

табыс табу қауқары (earning capacity) Жеке тұлғаның ақысы төленетін жұмыспен айналысу нәтижесінде табатын ықтимал табысы. Табыс табу қауқары білім мен қабілетке байланысты. Қабілетке туа біткен дағдылар мен физикалық төзімділік жатады. Осылайша мүгедектік, әлсіз немесе ауруға шалдыққан денсаулық берілген кезеңнің кез келген уақытында жұмыс істей алатын уақыт ұзақтығын шектей отырып, табыс табу қауқарын азайтуы мүмкін. Бұл жұмыс ұсынысына қатысты жеке тұлғаның таңдауы болатын нақты табыстан ерекшеленеді.

табыс теңсіздігі (income inequality) Жеке тұлғалар немесе отбасылар, әртүрлі топтар, аймақтар немесе елдер арасындағы табыс айырмашылығы. Адамдар арасындағы теңсіздік себебін табыс табу қабілеті мен меншік мүлкі арасындағы айырмашылықпен түсіндіруге болады. Жасы өтіп кеткен, денсаулығы нашар немесе жұмыс табуға қабілетсіз болғандықтан экономикалық тұрғыдан белсенді емес адамдардың

табысы әдетте әлеуметтік төлемдерді есепке алғаннан кейін де төмен болады, ал жұмыс істей алатындар түрлі жалақы алады. Жылжымайтын мүлік те біркелкі бөлінбейді: еңбекпен келген табыс пен мүліктен түскен табыстың корреляциясы жоғары, оның үстіне табысы жоғары адамдарда некеге тұру үрдісі де бар, яғни отбасылар немесе үй шаруашылықтары да үлкен табыс теңсіздігін көрсетеді. Теңсіздікті тікелей салық пен әлеуметтік төлемдерді есепке алғанға дейін немесе одан кейін өлшеуге болады: олар табыс теңсіздігін төмендетуге бейім, бірақ оны толық жоймайды. Теңсіздік өлшемдеріне *Аткинсон индексі мен *Джини коэффициенті жатады. Аймақтық және ұлттық деңгейде табыс айырмашылығы да табыстың және ұлттық капиталдың айырмашылығымен байланысты. ЛОРЕНЦ ҚИСЫҒЫН *да қараңыз.*

табыс функциясы (earnings function)

Еңбек нарығындағы табыс пен жеке тұлға жинаған адам капиталы арасындағы өзара байланыс. Стандарт гипотеза «адам өмірлік циклде *адами капиталға позитив таза инвестиция тізбегін жасайды, сондықтан табыс уақыт өте келе артады» деп тұжырымдайды.

табыс, кіріс (income) 1. Адам белгілі бір кезеңде өз капиталын өзгертпей жұмсай алатын сома. Активтері де, қарызы жоқ тұлға үшін жеке табыс жалақыдан немесе тапқан табысына қоса зейнетақы сияқты трансфер түсімдер ретінде анықталуы мүмкін. Салық салынатын табыс – кез келген салық жеңілдіктерін шегергеннен қалғаны. Таза немесе бірреттік пайда – тікелей салық төлегеннен кейінгі табыс. Нақты табыс – тұрақты бағамен сатып алу қабілетін табу үшін тұтыну бағасы индексіне дефляцияланған ақшалай кіріс. Активтері немесе қарыздары бар тұлғалар үшін

рента, дивидендтер мен пайыздар не еңбексіз келген табыс еңбекпен келген табысқа немесе трансфер табысқа қосылуға тиіс. Төленетін пайыздарды қисынды түрде шегеру керек, бірақ іс жүзінде салық жүйесі әдетте мұндай шегерімдерді шектейді. Нақты немесе қаржылай активтері бар тұлғалар үшін *капитал өсімі деп есептелетін табыс пен табыс ретінде қарастырылатын кіріс арасындағы айырмашылық – тым техникалық және көбінесе ерікті мәселе. Қаржылай активтері ақшадан немесе ақшалай формада көрсетілетін бағалы қағаздардан құралатын тұлғалар үшін алынған пайыздардың нақты табысты өлшегенде шегерілетін инфляцияға байланысты нақты сатып алу қабілетінде шығыны болуға тиіс. Салық жүйесі әдетте бұл ұстанымды елемейді және ақшалай түсімді кіріс ретінде қарастырады.

2. Фирмалардың немесе мемлекеттік корпорациялардың сатудан немесе пайыздық төлемдерден және басқа фирмалардан дивидендтерден түскен табысы. Олар кіріс пен шығын есебінде табыс бөлігі ретінде көрінеді. Бұл шоттар бойынша кез келген таза пайда тек жеке кіріспен салыстыруға болатын табыс ретінде қарастырылуы мүмкін.

3. Макроэкономикалық жиынтық, еңбекпен келген және еңбексіз келген жеке табыс, компаниялардың бөлінбеген пайдасы және мемлекеттің меншігінен алатын табысының қосындысына тең. Сондай-ақ АЙНАЛЫМДАҒЫ КІРІС АҒЫНЫ; БІРРЕТТІК ТАБЫС; ЕҢБЕКПЕН КЕЛГЕН ТАБЫС; ТАБЫС ФАКТОРЫ; ЖҮКТЕЛГЕН ТАБЫС; ТҰРАҚТЫ ТАБЫС; НАҚТЫ ТАБЫС; САЛЫҚ САЛЫНАТЫН ТАБЫС; ЕҢБЕКСІЗ КЕЛГЕН ТАБЫСТЫ *қараңыз.*

табыс, түсім (revenue) 1. Сатудан алынатын түсім. Жиынтық табыс жиынтық түсімге тең; орташа табыс – сатылған өнім бірлігінен түсетін табыс;

ал шекті табыс – сатылған көлемнің азырақ артуынан түскен, көлем артқан бірлікке шаққандағы жиынтық табысқа қосымша.

2. Үкімет салық салудан алған жиынтық сома.

табысқа қолдау көрсету бағдарламасы (income maintenance programme) Аз қамтылған отбасылардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған экономикалық көмек бағдарламасы. Бұл тікелей ақша немесе *салық шегерімі түрінде немесе азық-түлік маркалары немесе субсидияланған медициналық көмек сияқты нағыз жәрдемақы алу құқығына ие.

табысты бөлу (income distribution) Жиынтық табысты түрлі алушылар арасында бөлу. *Функционал табысты бөлу – түрлі өндіріс факторлары иелері арасында табысты бөлу. *Жеке табысты бөлу – мөлшері бойынша жіктелетін табысты бөлу. Табысты бөлу тікелей салықты шегергенге дейін және трансферлерді қосудан бұрын және кейін өлшенуі мүмкін.

табысты кеңейту жолдары (income expansion path) Табыс пайдаланудың алуан, мысалы, импортталатын және экспортталатын түрлері арасында қалай үлестірілетінін көрсететін график (екі тауардың санын білдіретін осьтер бар). Әрқайсына сұраныстың табысқа икемділігін ескере отырып, табысты кеңейту жолы – бас нүкте арқылы өтетін сәуле; табыс артқан сайын тұтыну импортқа қарай ауытқыса, табысты кеңейту бірге-бір икемділік пен импорт осі арасында көлбейді.

табысты қайта бөлу (income redistribution) Нақты табысты бөлуді өзгерту үшін салық салуды, мемлекеттік шығынды және бақылауды қолдану. Салық салу көп немесе аз прогрессив

болуы мүмкін. Мемлекеттік шығын бағдарламалары жалпыға ортақ немесе салыстырмалы түрде мұқтаж жан-дарға жәрдемақыны шоғырландыруға бағытталған мақсатты болуы немесе сынақтан өтуі мүмкін. Табыс бөлінісін бақылауда түрлі элементтер пайдаланылуы мүмкін, мысалы, рента ны бақылау шаралары бастапқыда тұрғын үй тапшылығына байланысты табыс жалға алушылардан жалға берушілерге өтуінің алдын алу үшін әзірленді, ал ең төмен жалақы туралы заңнама табысы төмен жұмысшыларға жұмыс берушілер есебінен пайда әкелуге арналған. Табыс салығын салық жүйесі арқылы қайта бөлу дәрежесі салық салынғанға дейінгі және кейін табыс бөлінісіндегі теңсіздікті салыстыру арқылы өлшенуі мүмкін. Мемлекеттің табысты қайта бөлу қабілеті еңбек, жинақ және кәсіпкерлік арқылы табыс табу үшін ынталандыруға тым көп зиян келтірмеу қажетімен шектеледі.

табысты қолдау (income support) Ауру, кәрілік, мүгедектік немесе жұмыссыздық жағдайында жеке адамның табысын белгілі бір минимал деңгейде ұстап тұруға арналған мемлекеттік төлемдер, бұл олардың жеткілікті табыс алу мүмкіндігін тудырмайды. *Теріс табыс салығы – табысқа қолдау көрсету салық салу мен әлеуметтік қамсыздандырудың бірлігі арқылы жүзе асырылатын жүйе, мұнда табыс белгілі бір деңгейден жоғары болса – салық алынады, ал төмен болса – төленеді.

табысты салықтан жасырып қалу (tax shelter) Жеке тұлға табысының бір бөлігін салықтан қорғауды ұйымдастыру шаралары. Ұлыбританияда, мысалы, *жеке жинақ шоттары салымшыларға кейбір салық жеңілдіктерін алуға мүмкіндік береді.

табыстылық алшақтығы (yield gap) *Қор нарықтары бойынша орташа дивидендік табыстылық пен ұзақмерзімді мемлекеттік облигациялар бойынша орташа табыстылық арасындағы айырма. Тұрақты баға кезеңінде акциялардың пайдалылығы әдетте инвесторларға олардың салыстырмалы қатерін өтеу үшін жоғары болады, сондықтан табыстылық алшақтығы оң болып келеді. Жоғары инфляция кезеңінде акциялар инфляцияның орнын толтыру үшін *капитал өсімін қамтамасыз етеді, ал облигациялар қамтамасыз ете алмайды деп күтіледі, бұл акцияға қарағанда мемлекеттік облигациялар бойынша пайдалылық жоғары болуына, яғни кері табыстылық алшақтығына алып келуі мүмкін. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ПАЙДАЛЫЛЫҒЫНЫҢ КЕРІ АЛШАҚТЫҒЫН қараңыз.

табыстылық қисығы (yield curve) *Өтеу мерзімі бойынша *пайыздық мөлшерлемесі белгіленген бағалы қағаздардың табыстылығын көрсету кестесі. Ұзақмерзімді бағалы қағаздар пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі әсерінен бағаның құбылмалығына анағұрлым ұшырайды, сондықтан өтеу мерзімі қысқа бағалы қағаздарға қарағанда өтімсіз, негізінде, пайыздық мөлшерлеме бірдей ықтималдықпен көтерілетін немесе түсетін болса да, табыстылық қисығы жоғары көлбейді, яғни ұзақмерзімді бағалы қағаздар қысқамерзімді бағалы қағаздарға қарағанда жоғары пайдалылығы бар екені аңғарылады. Пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуі күтілетін жағдайда бұл жоғарылау уақытша жойылуы мүмкін, өйткені ұзақмерзімді бағалы қағаздар бойынша неғұрлым жоғары *капитал өсімін күту оларды ұстап тұруға тартымды етеді. ӨТІМДІ АКТИВТЕР; ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРДІҢ МЕРЗІМДІК ҚҰРЫЛЫМЫН қараңыз.

табыстылық, өнімділік (yield) *Пайыздық мөлшерлемесі белгіленген бағалы қағаздың бағасынан пайыздық кіріс. Номинал табыстылық – жылдық пайыздық мөлшерлеменің *номинал құнға қатынасы. Ағымдағы табыстылық – пайыздық мөлшерлеменің нарықтағы бағаға қатынасы. (Борышты) өтеу бойынша табыстылық – бағалы қағаздар *өтеу мерзіміне дейін ұсталған болса, нақты пайыздық төлемдерге капиталдың көбеюінде қосылған (немесе капиталдың азаюы шегерілген) пайыздық балама. *Табыстылық қисығы өтеу уақытына қатысты бекітілген пайыздық мөлшерлемесі бар бағалы қағаздардың пайдалылығын көрсетеді. ТАЗА ТАБЫСТЫЛЫҚ; (БОРЫШТЫ) ӨТЕУ БАРЫСЫНДАҒЫ ТАБЫСТЫЛЫҚ; АҒЫМДАҒЫ ТАБЫСТЫЛЫҚ; ТҰРАҚТЫ ТАБЫСТЫЛЫҚТЫ қараңыз.

табыстылықтың әркелкілігі (yield spread) Екі облигация арасындағы *табыстылық бойынша айырмашылық. Облигациялардың түрлі сипаттағы қатері, эмитенттерге байланысты әртүрлі өтеу мерзімі, сондай-ақ түрлі негізгі сомасы немесе купондық төлемдер түрі болуы мүмкін.

табыстың шекті пайдалылығы (marginal utility of income) Бірлікке шаққанда табыстың шамалы өсуіне байланысты адамның жеке пайдалылығына қосымша. Адам *қатерден қашатын болса, табыстың шекті пайдалылығы табыстың кемімелі функциясы болады. Табыстың шекті пайдалылығы *қатерге бейтарап адам үшін тұрақты және *қатерге бейім адам үшін артады. Бір кезендік талдауда табыстың шекті пайдалылығы мен *байлықтың шекті пайдалылығы арасында айырмашылық қарастырылмайды. Көп кезенді талдауда табыс – ақша ағыны, ал байлық – қор. Демек, екі шекті пайдалылық әртүрлі болады.

табыстың шеңберлі ағыны (circular flow of income) Тұтынушылар мен өндірушілер арасындағы өзара табыс айналымы: тұтынушылар жұмыспен қамтудан және пайдадан табыс табады және бұл табысты фирмалардың өнімдеріне жұмсайды. Осы айналымға жаңа сатып алу қабілетін күшейту мақсатында қаражат кірмесе немесе одан қаражат шықпаса, әр кезеңдегі жиынтық табыс кезеңдердегі табыстан туындайтын шығынға тең болар еді және жиынтық табыс тұрақты болып қала берер еді. Табысқа байланысты емес, жаңа сатып алу қабілетіне қаражат кіруі инвестиция, мемлекеттік шығын немесе экспорт есебінен болуы мүмкін. Шеңберлі ағыннан қаражат шығуы үнемдеу, салық төлемі немесе импортқа байланысты болуы мүмкін. Қаражат кіруі мен шығуы тең болса, табыс тұрақты болады; қаражат кіруі шығуынан артық болса, онда табыс уақыт өте келе өседі; сәйкесінше, қаражат шығуы кіруінен артық болса, табыс төмендейді.

табысыңнан төле (pay as you earn) (PAYE) Британиядағы салық көзінің кірісінен *табыс салығын жинау жүйесі. Заңнамаға сәйкес, жұмыс берушілер жұмысшылардың еңбекақысынан жеке табыс салығы мен Ұлттық сақтандыру жарналарын төлем жасау кезінде шегеріп алып, жиналған салық пен жарналарды *Ұлыбританияның салық және кедендік алымдар басқармасына бағыттап отыруға тиіс. Бұл мемлекеттік салық түсімінің жиналу жылдамдығын және сенімділігін арттырады. PAYE жүйесі Ұлыбританияның салық және кедендік алымдар басқармасының салық салудың әкімшілік ауыртпалығының бір бөлігін жұмыс берушілерге аударады.

тағылымдама (apprenticeship) Фирмалар қызметкерлерді, әдетте жастарды

жұмыспен қамтудың бастапқы кезеңінде қолданатын жүйе. Қызметкерлер уақытының бір бөлігін оқуға (білім алуға, үйренуге, дайындыққа) жұмсайды. Тағылымдамадан өтушілерді *оқыту фирма немесе сыртқы институттар ұсынған ресми оқу курстарында жүргізіледі. Жұмыс барысындағы оқыту фирманың тәжірибелі қызметкерлерінің бақылауымен жүреді. Оқу аяқталғаннан кейін тағылымдамадан өтушілер белгілі бір ресми кәсіби білікке ие болады. Тағылымдамадан өтушілерге әдетте толық білікті қызметкерлерге қарағанда аз төленеді және оқуды аяқтағаннан кейін жұмысқа қабылданатынына кепілдік берілмейді.

таза ағымдағы құн (net present value)

Қауіпсіздік немесе инвестициялық жобаның ағымдағы, шығындар мен кірістерді ескеретін құны. Таза ағымдағы құн барлық ағымдағы және болашақ түсімдер мен шығындардың дисконтталған құны бойынша есептеледі. Есептелген таза ағымдағы құны он болса, ол жобаға инвестициялауға немесе бағалы қағаздарды сатып алуға тұрарлық. Ал түсім немесе шығын белгісіз болса, онда тиісті дисконттау мөлшерлемесі қатер дәрежесін көрсететін қатер сыйақысын қамтуға тиіс.

Таза ауа туралы заң (Clean Air Act)

Атмосфераны ластау стандарттарын белгілейтін заңнама. АҚШ-та бұл *Қоршаған ортаны қорғау агенттігінен ластаушы заттар үшін ауа сапасының стандарттарын орнатуды және зиянды заттар шығарындыларын бақылау нұсқаулықтарын шығаруды талап етеді.

таза байлық (net wealth) Кез келген қарызды өтегеннен кейінгі адамның байлығы оның жиынтық жалпы активтеріне тиесілі.

таза емес қоғамдық игілік (impure public good) *Қоғамдық игіліктің белгілі бір сипаты бар, бірақ мүлдем бәсеке нысаны емес немесе айрықша емес өнім. Таза емес қоғамдық игілік айрықша болмауы, бірақ шамадан тыс жүктелуі мүмкін немесе бәсеке нысаны емес, бірақ ерекше жағдай болуы мүмкін. ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ РЕСУРС; КЛУБТЫ *да қараңыз.*

таза инвестиция (net investment) Капитал көлемінің таза өсімі. Бұл *капитал тұтынуы шегерілген *жалпы инвестицияға тең. Таза инвестицияларды жалпы инвестицияға қарағанда өлшеу қиын, өйткені жалпы инвестициялар, негізінен, күрделі тауарларды сатып алу үшін нақты нарықтағы операцияларға сүйенеді, бірақ мониторингтің нарықтағы мәмілелеріне сүйенбейтін және *тозу, уақыт пен *қалыптан тыс тозу нәтижесінде қолданыстағы негізгі капитал құнсыздануы мүмкін.

таза капитал қалыптастыру (net capital formation) ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯНЫ *қараңыз.*

таза кіріс (net yield) Пайыздар немесе дивидендтер бойынша салықты, яғни қалыпты табыс салығының мөлшерін олардың бағасының пайыздық мөлшерлемесін шегергеннен кейінгі салық. Салық төлеушілерге жеке шекті табыс салығының мөлшерлемесі белгіленген таза кіріс нормасынан жоғары болғаннан төмен; сол сияқты салық төлеушілерге жеке табыс салығының мөлшерлемесі қалыпты мөлшерден асып кеткен жағдайда таза пайда көрсетілгеннен төмен болады.

Таза кітап бағасы туралы келісім (Net Book Agreement) Баспагерлерге өз кітаптарына арналған бөлшек бағаны қалыптастыруға мүмкіндік берген британдық келісім. Бұл *қайта сату бағасын

қолдауға жалпы тыйым салудың алдын алу еді. Келісім шағын және маманданған кітап дүкендерін бизнесте ұстауға көмектесті, сондықтан оқырмандар үшін пайдалы болды. Таза кітап бағасы туралы келісімі 1995 жылы тоқтатылды.

таза құбылмалы айырбас бағамы (clean floating exchange rate) ТАЗА ҚҰБЫЛМАЛЫ АЙЫРБАС БАҒАМЫН *қараңыз.*

таза құбылмалы айырбас бағамы (pure floating exchange rate) Орталық банктардан немесе үкімет тарапынан ешқандай араласусыз нарық белгілейтін *құбылмалы айырбас бағамы. Таза құбылмалы айырбас бағамы болғанда алыпсатарлар тек айырбас бағамына сенеді. Осылайша айырбас бағамының шамадан тыс ауытқу қатері бар және осы себепті өз валютасына мүлдем таза құбылмалы айырбас бағамын беретін ел өте аз. Көп ел шетел валютасы нарығын тұрақтандыруға бағытталған ресми араласуды қолдануға тырысады. ҚҰБЫЛМАЛЫ АЙЫРБАС БАҒАМЫН БАСҚАРУДЫ *қараңыз.*

таза құн (net worth) Кез келген міндеттемелерді шегергеннен кейінгі мекеме активтерінің таза құны. Активтер дұрыс бағаланса, таза құн тек сенімді түрде өлшенуі мүмкін, әдетте бұл баланс есебі сызбалар көмегімен ғана жасалмайды. Активтер сатылмаса және іскерлік бедел сияқты *гудвилл активтер маңызды болса, онда таза құн сенімсіз болуы мүмкін.

таза материалдық активтер (net tangible assets) Мекеменің ағымдағы міндеттемелерін шегергендегі материалдық активтері. Ол жиынтық міндеттемелер шегерілгеннен кейінгі жиынтық активтерден ерекшеленеді. Активтердің құрамында *гудвилл сияқты материалдық

емес активтер, сондай-ақ міндеттемелер бойынша қарыздар келесі қаржы жылында төленбейді.

таза пайда (net profit) Мекеменің барлық шығындардан кейін қалатын пайдасы. Оны төлеуге тиіс салықтарды шегергенге дейін немесе одан кейін өлшеуге болады.

таза сома (net) Құрамдасқаннан кейін алынған мөлшер кең концептіден алынып тасталды. Бұл сөз экономикада түрлі контекстінде қолданылады. Таза инвестиция – *капиталды тұтынуды есептен шығарғаннан кейінгі жиынтық немесе жалпы инвестиция. Таза ұлттық өнім жалпы ұлттық өнімге теңестірілмеген экономикадағы барлық қосылған құн сомасына тең. Таза экспорт – жиынтық импорттың жалпы экспорты. Фирманың таза активтері оның жиынтығы немесе жиынтық активтері. Таза баға – жылдам төлем үшін қандай да бір жеңілдіктерді шегергеннен кейін немесе басқа тәсілмен төленетін баға. Таза салмақ – қаптауды қоспағандағы өнімнің салмағы.

таза технология (clean technology) Табиғи ресурстарды пайдалануды азайту үшін жанартылатын материалдар мен энергия көздерін пайдаланатын немесе зиянды заттардың шығарылуын азайтуға арналған кез келген технология. Таза технология мысалдарына күн энергиясы, жел энергиясы және сәуле шығаратын диод жарығы жатады.

таза ұлттық өнім (net national product) Елде немесе шетелде жұмыс істеп жүргеніне қарамастан, елдің резиденттеріне тиесілі өндіріс факторларының пайдасынан түсетін кіріс мөлшері *капитал тұтынуды шегергеннен кейін өлшенеді. Осылайша таза ұлттық өнімге резиденттерге тиесілі және шетелде

жұмыс істейтін факторлар кіреді және ішкі нарықта жұмыс істейтін, бірақ резидент еместерге тиесілі факторлар кірісі есептелмейді.

таза шетелдік активтер (net foreign assets) Елдің резиденттеріне тиесілі, бірақ шетелде орналасқан активтердің жалпы саны, аз ғана ел ішінде, бірақ резидент еместерге тиесілі. Елдің сыртқы активтері шетелдік тікелей инвестиция ретінде, сондай-ақ шетелдік бағалы қағаздар қорлары мен отандық активтердің шетелдік қорларына тікелей шетелдік инвестиция ретінде де, отандық бағалы қағаздардың шетелдік қорларын да қамтиды. Осылайша таза шетелдік активтер оң және теріс болуы мүмкін.

таза ішкі өнім (net domestic product) Кімнің иелігінде екеніне қарамастан, елде жұмыс істейтін өндіріс факторлары өндірген және *капиталды тұтынуды есептен шығарғаннан кейінгі табыс мөлшері.

таза экономикалық әл-ауқат (net economic welfare) Жан басына шаққандағы табыстан гөрі экономикалық әл-ауқаттың кең көлемді тұжырымдамасы. Бұған кіріс баптарының әдеттегі көрсеткіштеріне қосымша мыналар жатады: күш жұмсау құны; үй шаруашылықтарының құны, соның ішінде балаларды күту және науқастар мен қарттарға күтім жасау сияқты қызметтер; табиғи ресурстардың сарқылуы; табиғи ортадағы өзгерістердің маңызы. Қарапайым әл-ауқаттың осындай өлшемі үлкен қызығушылық тудыра тұра, компоненттерді бақылау және бағалау соншалықты күрделі, бұл ұсынылған өлшем жоғары деңгейлі болып қалады. Сондай-ақ БАҚЫТ ИНДЕКСІН *қараңыз*.

таза экспорт (net exports) Импорттың төмен жалпы көлемін немесе тауарлар

мен қызметтердің кез келген санатын экспорттау. Мәселен, импорт экспорттан асып кетсе, ол теріс болады.

талап еткенге дейін қарыз беру (call money) Лондон қаржы нарығынан қарызға алынған, қысқа мерзімде қайтарылуға тиіс ақша. Бұл – британ банктері мен басқа да қаржы мекемелері үшін жоғары *өтімді актив. Транзакция шығыны себебінен бұл шарттармен ақшаны несиеге көп мөлшерде ғана беруге болады.

талап етуші (claimant) Мемлекеттен қандай да бір жәрдемақы алуға үміткер тұлға. Жәрдемақы, мысалы, жұмыссыздық, ауру немесе мүгедектік бойынша жәрдемақы сияқты төлемдер екі ықтимал себеппен ғана талап етіледі. Кей жағдайда адамның жәрдемақы алуға нақты заңды құқығы бар, бірақ *жәрдемақы жүйесін басқаратын қызметкерлер ол фактілер туралы хабардар болуға тиіс. Басқа жағдайда жәрдемақы төлеу-төлемеуді үкімет өзі шешеді, бұл жағдайда талап етуші фактілерді анықтап, сондай-ақ әкімшіні оның жәрдемақы алуға дәлелді негізі бар екеніне сендіруге тиіс. Талап етушілерге олар қандай жеңілдік ала алатыны немесе үміткер бола алатынын түсіндіретін және оларға осы жеңілдікті алу рәсімдері бойынша кеңес беретін талап етушілер қауымдастықтары бар.

талап етілетін пайда нормасы (required rate of return) Бизнеске қолайлы ету үшін қажет инвестицияға арналған ең төмен пайда нормасы.

талғам (tastes) *Қалау сөзінің баламасы немесе ресми емес терминология. Талғамдағы айырмашылықтар барлық бақыланатын сипаттамалары бойынша бірдей екі тұтынушы бірдей сатып алмайтынын түсіндіруі мүмкін.

талғамсыздық қисығы (indifference curve) Тұтынушы бірдей жақсы санайтын өнімдер жиынтығының графикалық көрінісі. Егер x және y тауар белгілері бірдей талғамсыздық қисығында болса, онда тұтынушы x пен y екеуіне де бейжай қарайды және $U(x) = U(y)$ тұтынушы қалауын білдіретін кез келген *пайдалылық функциясы үшін қолданылады. Өтпелі және қанықпаған қалауды білдіретін талғамсыздық қисықтары қиылысуы мүмкін емес. Кез келген нүктеде талғамсыздық қисығындағы көлбеу тауарлар арасындағы алмастырудың шекті мөлшерлемесін көрсетеді және *алмастыру икемділігі қисықтықты өлшейді. Тұтынушы әр тауардан азырақ алғанды қалайды делік. Сонда талғамсыздық қисығынан жоғары тауар жинақтары одан төмен тұрған тауар жинақтарына қарағанда неғұрлым қалаулы. Талғамсыздық қисығы да төмен көлбейді. Тұтынушы әр тауар түрінен гөрі әралуандықты артық көрсе, талғамсыздық қисығы шығу тегі бойынша дөңес болады, бірақ бұл қисынды қажеттілік емес. Ал тұтынушы тауарлардың орнына біреуін, мысалы, еңбекті артық көрсе, талғамсыздық қисықтары жоғары көлбейді. **ОРТАҚ ТАЛҒАМСЫЗДЫҚ ҚИСЫҒЫН да қараңыз.**

талқылау (talk down) Құзырлы орган тарапынан талқылау арқылы экономикалық айнымалы құнды төмендету әрекеті. Сәйкес айнымалы мысалына инфляция немесе валюта бағамы жатуы мүмкін. Талқылау орталық банктердің басшылары немесе қаржы министрлері сияқты ықпалды адамдардың саяси хабарландырулары арқылы жүргізіледі. Негізгі саяси шараларды алмастыруда билікте *сенімділік болса, мұндай ұстаным ең сәтті болады. Сондай-ақ *саясат құралдарын тәжірибе жүзінде пайдалануға қосымша ретінде талқылау қандай нәтижеге жету

болжанғанын түсіндірмей, тек монетарлық немесе фискалдық саясатты ғана пайдалануға қарағанда, реттеуге жылдам әсер ететін және нақты қызмет тұрғысынан аз шығынмен ықпал ете алады.

Талшықтардың көп түрі бойынша келісім (Multi-Fibre Arrangement) 1973 жылы жасалған халықаралық келісім және бұл – тоқыма мен киім-кешек экспорттайтын/импорттайтын елдер арасында бірнеше рет жаңартылды. Сыртқы істер министрлігі бұл өнімді *нашар дамыған елдерден (НДЕ) индустриялы елдерге экспорттауды шектеді. Бұл импорттаушы елдердегі тоқыма өнеркәсібінде жұмыспен қамтудың төмендеуін бәсеңдетуге бағытталған, сондай-ақ дамыған елдердегі киім құнының айтарлықтай артуына әкелді. СИМ *Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің және *Дүниежүзілік сауда ұйымының нұсқауларына қайшы келеді. Тоқыма өнеркәсібі протекционистік қысымның салдарынан болды, себебі ол жоғары еңбек қарқынын және салыстырмалы қарапайым технологияны біріктіргендіктен және осы салада салыстырмалы артықшылықтары бар НДЕ индустрияландыруды енгізудің негізгі жолдарының бірі болды. СИМ 2005 жылғы 1 қаңтарында аяқталды.

таңғы рейд (dawn raid) Бір фирманың алдын ала ескертусіз басқа фирманың акцияларының едәуір санын сатып алу. Қор биржаларының көбі *жұтылу туралы ұсынысты алдын ала ескертпей сатып алуға болатын акция санына шектеу қояды. Таңғы рейд көп жағдайда ресми ұсынысқа кіріспе болып келеді.

тапсырыс кітабы (order book) Өнімі сөрелерде сатылмайтын, негізінен, тапсырыс бойынша өндірілетін белгілі

бір секторларда, құрылыс және машина жасау салаларында фирмалар алған, бірақ әлі орындамаған тапсырыстардың құны. Индустрияның тапсырыс кітабының көлемі ақшалай түрде немесе айлық өндіріс көлемімен өлшенуі мүмкін. Тапсырыс кітаптарындағы өзгерістер жетекші *экономикалық көрсеткіш болып келеді.

тапшы валюта ескертпесі (scarce currency clause) *Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) кез келген нақты валюта қоры таусылуы мүмкін болатын мәселені шешуге байланысты бастапқы ережелеріндегі жағдай. Бұл бөлімде ХВҚ-да елдер валютасының қоры таусылса, бұл қор мүшелерінің «валюта тапшылығын» жариялау мүмкіндігіне деген құқығын қамтамасыз етеді және күтілетіндей өзінің сауда саясатында мемлекет тауарларын дискриминациялайды. 1940 жылдардың соңында АҚШ доллары тапшы болады деп күтілген, бірақ *Маршалл жоспары мен басқа да АҚШ-тың екіжақты көмек бағдарламалары арқасында оған жетпеді. Сондай-ақ ДИСКРИМИНАЦИЯНЫ қараңыз.

тапшылық (shortage) Тауар мен қызметке сұраныс қолда бар ұсыныстан асып кететін жағдай. Бұл нарықты тазарту үшін баға түзетілмеген жағдайда ғана болуы мүмкін. Тауарға сұраныс кенет артса немесе ұсыныс кемісе, заң немесе әлеуметтік келісім нарықты тазалау үшін бағаның айтарлықтай өсуіне келдергі келтіру мүмкіндігі арқылы тапшылық тудырады. Мұндай кезде қолда бар тауар қоры ресми не бейресми *нормалау немесе кезек ұйымдастыру сынды бағаға қатысы жоқ әдістермен бөлінуге тиіс.

тапшылық, дефицит (scarcity) Нәлдік баға бойынша сұраныстың ұсыныстан артық болу сипаты. Тепе-теңдікте тапшы

тауардың не фактордың бағасы оң болуға тиіс дегенді білдіреді.

таралудағы конвергенция (әлсіз конвергенция) (convergence in distribution) (weak convergence) $F_1(x), \dots, F_n(x)$ сәйкес үлестіру функциялары бар x_1, \dots, x_n, \dots кездейсоқ айнымалыларының реттілігі. Сәйкес үлестіру функцияларының реттілігі F -тің барлық үздіксіз нүктесінде F -ке сәйкес келсе, онда кездейсоқ айнымалылардың реттілігі $F(x)$ үлестіру функциясы бар x кездейсоқ айнымалыға таралу (немесе әлсіз таралу) бөлініс бойынша конвергенцияланады.

$$x_n \xrightarrow{d} x \Leftrightarrow \lim_{n \rightarrow \infty} |F_n(x) - F(x)| = 0 \Leftrightarrow |F_n(x) - F(x)| < \varepsilon$$

кейбір n -нен басталатын әр $\varepsilon > 0$ үшін. $F(x)$ -пен берілген таралу шекті немесе x_n -нің асимптотикалық таралуы деп аталады. Бұл тұжырымдама бағалаушының $F_n(x)$ белгісіз таралуын немесе $F(x)$ белгілі асимптотик таралуы бар тест статистикасын аппроксимациялауға мүмкіндік береді. Егер x тұрақты шама болса, онда шекті таралу жойылады, яғни бір нүктеге құлайды. Бұл жағдайда (бірақ жалпы жағдайда емес) таралудағы конвергенция ықтималдықтағы конвергенцияны да білдіреді.

таралымның орналасу-ауқым тобы (location-scale family of distributions) Кез келген $f(x)$ таралым функциясы үшін μ (орналасу параметрі) және σ (ауқым параметрі) параметрлерімен индекстелген, $(1/\sigma)f((x - \mu)/\sigma)$ түріндегі таралым функциясы тобы. Мысалы, қалыпты отбасын қарастырайық: *қалыпты таралым μ арифметикалық аралығымен және тұрақсыздық σ^2 стандарт қалыпты таралымнан ықтималдық тығыздығы функциясының ауқым параметрімен кестесін созу ($\sigma > 1$) немесе тарылту (σ

< 1) арқылы алынады ($\sigma < 1$) және содан кейін 0-ден жоғары нүкте енді μ -дан асатындай етіп, график орналасу параметрі бойынша ығысады.

тарату, тарқату, жұмысты тоқтату (winding up) Бизнесті жауып, қарыздарды өтеу және қалған активтерді *акционерлер арасында бөлу. Тарату немесе тарқату қожайынның отставкаға кетуі немесе шығынын азайту мақсатында ерікті түрде немесе кәсіпорын өз қарыздық міндеттемелерін орындамаған жағдайда сот шешімімен болады.

таргет аймақ (валюта бағамының) (target zone) (exchange rates) Ел өз валютасының *айырбас бағамын сақтауға тырысатын ауқым. Ауқым кең немесе тар болуы және қандай да бір шетел валютасы шартымен немесе шетел валютасының қандай да бір сәйкес қоржыны тұрғысынан анықталуы мүмкін. Таргет аймақ қатаң немесе босаңсыған түрде түсіндірілуі мүмкін. Қатаң таргет аймағы бола отырып, елдің орталық банкі нарық бағамы таргет аймақ шегінде болғанда араласуға қатысты еркіндігін сақтай отырып, нарық бағамының таргет аймақ шегінен тыс қозғалысының алдын алу үшін араласады. Босаңқы таргет аймағы бар орталық банк ол ауқымнан кездейсоқ тыс шықса, нарық мөлшерлемесін таргет аймаққа қайтаруға есептелген саясатты қабылдауға уәде етеді, бірақ бұл нәтижеге дереу қол жеткізу үшін нарыққа араласу міндетті емес.

таргет, мақсат (target) Саясаттың ұмтылыс нысаны. Экономикалық саясат мақсаты – жұмыспен қамтудың және өсудің жоғары деңгейі, инфляцияның төмен және тұрақты деңгейі немесе нақты валюта бағамын қолдау сияқты мәселелерді қамтиды. Саяси мақсаттар құралдар мен индикаторлардан

ерекшеленеді. *Саясат құралдары – үкімет немесе орталық банк бақылап отыратын, кем дегенде оларға ақша қоры не салық мөлшерлемесі арқылы ықпал ететін айнымалылар. Саясат құралдары өздері мақсат бола алады, бірақ көбінесе олай емес, себебі инфляция деңгейі секілді мақсаттар анық құралдарға жатпайды. Саясат құралдарын қолдану жөнінде шешім қабылдауда қолданылатын саясат *индикаторлары айнымалы саналады; бұл өздігінен таргет индикаторларға жатпайтын, таргет индикаторларға қарағанда өлшенуі дәл және ерте қол жеткізу мүмкін болғандықтан, осы тапсырма үшін таргет индикаторлардан сенімдірек болуы мүмкін. Сондай-ақ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТТЫ қараңыз.

таргеттеу (targeting) Белгілі бір сипаттар бойынша сәйкестендірілген адамдардың нақты бір тобы қол жеткізе алатын пайда беру. Мысалы, Ұлыбританиядағы табысы белгілі бір деңгейден төмен, 16 жасқа дейінгі балалары бар ата-аналарға баласы үшін жәрдемақы төленеді. Таргеттеу саяси мақсатқа қол жеткізудің жиынтық шығынын төмендету мен лайық адамдарға пайданы шоғырландыруға бағытталған. Таргеттеуді екі тәсілмен жүзеге асыруға болады: нақты бір топтарға ғана арналған тартымды *заттай жәрдемақыны қамтамасыз ету немесе қолма-қол ақша немесе заттай жәрдемақыға қол жеткізу мүмкіндігін әкімшілік шектеу.

тариф (tariff) Бағалау шкаласы. Экономикада тарифтер бастапқыда импортқа салынатын салықтар кестесі саналатын; енді ол нақты импорт баждарына жатады. Адвалорлық тариф импорт тауар бағасының пайызына қатысты белгіленеді. Арнайы кедендік тариф импортталатын тауардың бағасына тәуелді емес және импортталатын

тауардың бірлігіне ақша түрінде белгіленеді. Дискриминант емес тариф барлық елдердің импортына бірдей дәрежеде салық салады; тарифтік артықшылықтар түрлі елдердің ұқсас импортына түрлі салық мөлшерлемесі бойынша салық салынатынын білдіреді. Сондай-ақ ОҢТАЙЛЫ ТАРИФ; ТЫЙЫМ САЛЫНАТЫН ТАРИФ; ТҮСІМ ТАРИФІ; ЕКІ БӨЛІКТЕН ТҰРАТЫН ТАРИФТІ қараңыз.

Тариф туралы Смут-Хоули заңы (Smoot-Hawley Tariff Act) АҚШ-та 1930 жылғы протекционистік тариф режимін белгілеген акт. Бұл акт пен ұқсас шаралар Германия мен Ұлыбританияны қоса ірі сауда елдерін алғанда 1930 жылғы *Ұлы тоқыраудың пайда болуына ықпал етті деген пікір кең тараған.

Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім (ТСБК немесе ГАТТ) (General Agreement on Tariffs and Trade) (ГАТТ) 1948 жылы халықаралық саудаға жәрдемдесу мақсатында құрылған Женевадағы Біріккен Ұлттар Ұйымының агенттігі. 1995 жылға қарай агенттікке жетекші сауда елдерінің көпшілігін қоса алғанда, 100-ден астам ел мүше болды. ГАТТ дүниежүзілік тарифтерді төмендету бойынша көпжақты келіссөздің бірнеше раундын сәтті аяқтады, бірақ ерікті экспортты шектеу сияқты саудадағы *тарифтік емес тосқауылдар таралуының алдын ала алмады. ГАТТ жүргізген келіссөздің соңғы *Уругвай раунды 1994 жылы аяқталды. Олардың қатарына ауылшаруашылық өнімдері мен қызметтері саудасына қатысты шаралар, сондай-ақ зияткерлік меншік құқығы жатады, олардың барлығы алдыңғы раундтарда алып тасталған. Бұл сондай-ақ *Дүниежүзілік сауда ұйымы ГАТТ-тың орнын басуына әкелді.

тарифтік емес тосқауылдар (non-tariff barriers) Халықаралық саудадағы

*тарифтерден бөлек экономикалық тосқауылдар. Тарифтік емес тосқауылдарға мыналар жатады: тыйым салу және квоталар; импортты бағыттау және құжаттандыру үшін репрессив және деструктив процедуралар; денсаулық пен қауіпсіздікке қатысты ережелер; бөгелген банк шоттарына импорттың құнын алдын ала несиелендіруге қойылатын талаптар; лицензияларды немесе шетел валютасында нақты бөлуді талап ететін; шетелдік экспорттаушылардың *экспортты ерікті түрде шектеу келісімшарттары.

тасымал шығыны (transport costs)

Тауарларды бір орыннан басқа бір орынға ауыстыру шығындары. Олар әдетте оның құнымен салыстырғанда үлкен немесе ауыр жүктер үшін, сондай-ақ мұқият қарауды талап ететін тез сынатын немесе тез бұзылатын, сондықтан жылдам тасымалдауды талап ететін жүктер үшін жоғары болып келеді. Тасымал шығыны жоғары болғанда өнімді нарыққа жақын жерде өндіру экономикалық жағынан тиімді, ал аймақаралық және халықаралық сауда салыстырмалы түрде маңызды емес. Тасымалдау шығыны төмен жерде әдетте өндіріс еркін болады. Соңғы ғасырда тасымал шығыны едәуір төмендеді, бұл сауда мен табыс арақатынасының артуына ықпал етті. Арзан әуе тасымалы дамуы жаңа гүлдер мен көкөністер сияқты жылдам бұзылатын өнімдердің халықаралық саудасын тез ұлғайтуға мүмкіндік берді. Орташа алғанда, елдер арасындағы тасымалдау шығыны жалпы дүниежүзілік сауда құнының 5 пайыздан аз үлесін құрайды.

татуласу (conciliation) Барлық тараптар үшін қолайлы келісім жасау жолымен дауларды шешу. Бұл функция тараптардың өзі немесе Ұлыбританияның

*Кеңес беру, татуластыру және арбитраж қызметі секілді бейтарап делдал арқылы жүзеге асады. Кейбір тараптарды олардың талаптары мүмкін еместігіне немесе басқа тараптардың қауіпсіздігіне қонымды екеніне сендіру арқылы татуластыруға болады. Әр тарап өзі үшін үлкен маңызы жоқ мәселелер бойынша қарсы тараптың айтқанына көніп, ал өзі үшін өмірлік маңызы бар деп санайтын мәселелер бойынша үстем позициясы болуы арқылы татуласу процесін іске асыруы мүмкін. Әр тарап әртүрлі қабылдайтын ауызша формула жасау жолымен татуласуды жүзеге асыра алады. Алайда бұл нақты дауларды шешпейді және проблемаларды болашаққа қордалайды.

тауар белгісі (trademark) Жұртшылыққа тауар жеткізушісін анықтауға мүмкіндік беру үшін пайдаланылатын таңба, логотип немесе атау. Ұлыбританияда және басқа да көптеген елде тауар белгілері тіркелуі мүмкін, ол иесіне оларды пайдалануға айрықша құқық береді. Тауар белгілері өндірушілер, дистрибьюторлар немесе импорттаушылар тарапынан тіркелуі мүмкін. Олар сатылуы мүмкін және коммерциялық мүліктің маңызды нысаны.

тауар есебі (merchandise account) *Төлем балансының бөлігі тауардың көрінетін сауда немесе импорты мен экспортына жатады.

тауар жинақтамасы (bundle of goods) Тауарлар мен қызметтердің әртүрлі түрлерінің белгілі бір саны мен сапасының коллекциясы. *Баға индексі құрамы индекстің мақсатына байланысты болатын тауарлардың белгілі бір жинақтамасын сатып алудың жалпы құнының өзгерісін өлшеу жолымен құрылады.

Тауар-несие корпорациясы (Commodity Credit Corporation) АҚШ федералдық агенттігі. Ол 1933 жылы америкалық фермерлерге баға жөнінен қолдау көрсету үшін құрылды. Федералдық қазынашылық қаражат фермерлерге өз егіс алқаптарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін беріледі. Несиелер мен жинақталған пайыздар егінді қолдау көрсетілген бағамен жеткізу арқылы өтеледі. Тауар-несие корпорациясы жинақталған қорды баға өскен кезде са-тады. www.fsa.usda.gov/about-fsa/structure-and-organization/commodity-credit-corporation/index – Тауар-несие корпорациясының ресми веб-сайты.

тауық (chicken) Қақтығыстың ықтимал салдарын көрсететін, екі ойыншыға арналған ойын. Ойынға тар жолда бір-біріне қарсы тікелей жүретін екі жүргізуші қатысады. Әр жүргізуші өз жүйкесін немесе ашуын тізгіндеп, тіке жүруін жалғастырып, басқа жүргізушіні бағыттан бұруға (қақтығыстан шығарып жіберуге итермелейді) мәжбүрлейді. Екі жүргізушінің біреуі бағытын бұрмаса, онда апаттың алдын алу мүмкін емес. Бұл ақпарат төлем матрицасында қысқаша қорытындыланады. Бұл ойында *Нэш тепе-теңдігінің екі таза стратегиясы: {Ауытқу, Тура жүру} және {Тура жүру, Ауытқу} бар. Ойыншыларға қиындық тудыратын және ойынның қызық ерекшелігі болып келетін тұсы – ойыншыларда осы тепе-теңдіктің қайсы кез келген ойында пайда болатынын анықтайтын тәсіл жоғы. Анти-координация ойыншылар үшін пайдалы болады (түрлі стратегияны қолданған екі ойыншы), алайда ойында оған жету үшін механизм жок. Бұған балама жол – тепе-теңдік жағдайында аралас стратегиямен ойнау. Өйткені ол ойыншылар арасында симметриялы болып келеді. Дегенмен одан кейін ең нашар нәтиже {Тура

жүру, Тура жүру} туындау ықтималдығы оң.

Тафт-Хартли заңы (Taft-Hartley Act) 1947 жылғы АҚШ-тағы Еңбек қатынастарын басқару туралы заң. Бұл заң АҚШ-тың *кәсіподақ құқығын, оның ішінде, *«жабық дүкенге» тыйым салуды түрлі жолмен шектеді және мемлекеттің «жұмыс құқығына қатысты» заңдарды іске асыруына өкілеттік берді.

тәжірибе жүзіндегі эксперимент (field experiment) Зертханада емес, «нақты әлемде» жүргізілетін эксперимент. Тәжірибе жүзінде эксперимент ұйымдастыру зертханалық эксперимент ұйымдастыруға ұқсас, бірақ субъектілер өз табиғи ортасында шешім қабылдайды. ТАБИҒИ ЭКСПЕРИМЕНТТІ қараңыз.

тәжірибе қисығы (learning curve) Оқудың ұзақтығы мен жинақталған білімнің немесе дағдылардың саны немесе тәжірибе мен тиімділік арасындағы қатынас. Тәжірибе қисығының әсері тапсырма көбірек орындалғандықтан, тапсырманы орындау құны төмендейтінін көрсетеді.

тәжірибе тобы (treatment group) БАҚЫЛАУ ТОБЫН қараңыз.

тәуелді айнымалы (dependent variable) Экономикалық модельде, мінез-құлқы модельді түсіндіруге және/немесе болжауға тырысатын айнымалы. Басқаша айтқанда, регрессия теңдеуінің сол бөлігіндегі айнымалы. Эконометрикалық модельде, айнымалының мінез-құлқын түсіндіру немесе болжау үшін қолданылатын айнымалыларды түсіндірме айнымалы немесе тәуелсіз айнымалы деп атайды. Бұл айнымалылар регрессия теңдеуінің оң бөлігінде орналасады. Кешеуілдеген тәуелді айнымалы

динамикалық модельде түсіндірме айнымалы ретінде қолданылуы мүмкін.

тәуелсіз қатерлер (independent risks) Бір-бірінің нәтижесі арасында байланыс жоқ жобалардың қатерлері. Екі жобаның нәтижесі x және y кездейсоқ шамалармен, ал олардың орташа мәндері μ_x және μ_y -пен белгіленеді деп ұйғарайық. Егер қатерлер тәуелсіз болса, онда $E[(x - \mu_x)(y - \mu_y)] = 0$.

тегін акциялар шығарылымы (scrip issue) БОНУС АКЦИЯ ЭМИССИЯСЫН қараңыз.

тегін жүруші (билетсіздер) (free rider)

*Қоғамдық игіліктен пайда алатын, бірақ оған үлес қоспайтын тұлға немесе ұйым. Сәйкесінше, олар басқалардың есебінен тегін жүреді. Тегін жүру мәселесі бойынша жеке қамтамасыз ету қоғамдық игілік ұсынысының жеткіліксіз болуына әкеп соқтырады. Бұл үкіметтің қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етудегі рөлін көрсетеді. Үкіметтер дүниежүзілік қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық мекемелердің қымбат шараларын, жаһандық жылынды тежеу немесе озон қабатының бұзылуын азайтуға жұмсалған қомақты соманы өтеу шығындарын басқа мемлекеттерге жүктегенде дәл осы мәселе халықаралық деңгейде де туындайды.

тегін тауар (free good) Тапшы емес тауар, оның еркін сатылуы экономикалық белсенділіктің тиімді шектеуі емес. Бұл тауардың еркін болуына себеп – оның нарықтағы құны нөлге тең емес екені. Тіпті ол шын мәнінде өте тапшы болуы мүмкін, алайда ол тауарларға жеке иелік құқығының болмауы тауар бағасын төмендетеді. Нағыз тегін тауардың нөлдік *балама шығыны бар.

тегін түскі ас (free lunch) «Тегін дүние жоқ» деген ойдан туындаған тұрақты

тіркес. Тегін түскі ас болса, ол жоқтан пайда табуы білдіреді. Бұл тіркес кез келген нәрсенің өзіндік бағасы, сұрауы болатынын ескертеді. Өнімді өндіруге қажет ресурстың *өндіріс жиынтығы тегін түскі ас болмайтынын түсіндіреді.

тежеуші факторлар (disincentives) Белгілі бір іс-әрекетті жасауға ынтаны әлсірететін экономикалық келісімдер. Мысалы, жоғары шекті салық мөлшерлемесі ұсынысты тежейді, ал төменгі пайыздық мөлшерлеме жинақ жасауға ынталандырмайды. Тежеуші факторлар белгілі бір саяси мақсаттарға жету үшін қолданылады: темекіге жоғары салық – темекі шегу үшін тежеуші фактор және салауатты өмір салтын ынталандыру үшін пайдаланылады.

Тейлор ережесі (Taylor rule) *Инфляция деңгейінің (π) немесе *өндіріс алшақтығының (y) олардың таргет мәнінен ауытқуына жауап ретінде пайыздық мөлшерлемені (айталық, r) реттейтін *орталық банктің мінез-құлқын жалпылайтын *монетарлық ереже. Джон Тейлор ұсынған бастапқы теңдеудің түрі $r = \pi + 0,5y + 0,5(\pi - 2) + 2$ болды, сондықтан инфляцияның таргет деңгейі 2 пайызды құрады, ал өндіріс көлеміндегі таргет алшақтық нөлге тең болды. Сондай-ақ АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫН қараңыз.

Тейлор контракті (Taylor contract) *Жаңа кейінгілік экономикадағы номинал қатандық немесе жылжымалы баға моделі. Тейлор контракті номинал баға екі немесе одан да көп фирмалармен кезеңдердің бірдей соңғы санына орнатылады, ал әртүрлі фирмалар бағаны әртүрлі кезеңдерде түзетеді деп болжайды. Бұл модельді бастапқыда Джон Тейлор кәсіподақтардың жалақыны белгілеуі үшін тұжырымдады, содан кейін фирмалардың баға белгілеуі үшін

жалпыланып кетті. Сондай-ақ КАЛЬВО КОНТРАКТІН қараңыз.

Телекоммуникация басқармасы (Office of Telecommunications) (OfTel) British Telecom жекешелендірілгеннен кейін Ұлыбританияның телефон индустриясын реттеу үшін құрылған ресми орган. 2002 жылы Телекоммуникация басқармасының міндеттері *Байланыс басқармасына берілді.

тендер (tender) Жобаны жүзеге асыруға өтінім. Өтінім компания немесе тендерді жеке орналастырушы туралы ақпараттан, жоба қалай жүзеге асатыны және жобаны аяқтау бағасынан тұрады. Сондай-ақ БАЙҚАУ ТЕНДЕРІН қараңыз.

тендерлік шығарылым (tender issue) Өтінімге шақыру немесе берілген көлемге қатысты тендер және жоғары баға ұсынушылардың өтінімдерін қабылдау жолымен *қазынашылық вексельдерді шығару. Нақты сату клиринг нарықтағы бағамен қазынашылық вексельдерге ұсыныстар үшін жеткілікті немесе одан жоғары баға бойынша жүзеге асады. Сондай-ақ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ШЫҒАРЫЛЫМЫН қараңыз.

Теннеси аңғары ресурстары басқармасы (TAMБ) (Tennessee Valley Authority) (TVA)

*Жаңа бағыт аясында 1933 жылы құрылған АҚШ мемлекеттік корпорациясы. Оның қызметі қуат көздерін, су тасқындарын бақылау, табиғи ресурстар мен туризмді дамыту, сондай-ақ кадрлар даярлауды қамтиды. Оның электр қуатымен қамтамасыз ету саласындағы қызметі өзін-өзі қаржыландыру негізінде іске асады; ал қалған қызметтері федералдық үкімет қаржыландырады. www.tva.gov – Теннеси аңғары ресурстары басқармасының ресми сайты.

тең құрбандық (equal sacrifice) Салық ауыртпалығы жеке тұлғалар арасында барлығына теңдей салмақ салатындай етіп бөлінуге тиіс деген принцип. Құрбандықты анықтау және өлшеу осы принциптің қолдануын қиындатады. Бір ықтимал әдіс: тұтыну құрбандығы тең болуы керек, бірақ бұл абсолют немесе пропорционал түрде болуы мүмкін деп болжайды. Ал баламасы – құрбандықты пайдалылық мәнімен өлшеуге болады, бірақ бұл пайдалылықты *тұлғааралық салыстыру туралы қиын мәселе тудырады деп саналады. Сондай-ақ ТӨЛЕУ ҚАБІЛЕТІН қараңыз.

тең төлем (equal pay) Ұлыбритания заңнамасының 1970 жылғы Тең еңбекақы төлеу туралы заңында көрсетілгендей, әйел адам өз еңбек келісімшартында ер адаммен бірдей жұмыс көлемін орындаса немесе әйел адамның жұмыс көрсеткіші ер адамдікімен бірдей болса, ерлер мен әйелдер арасында теңдей еңбекақы төленуін көздейтін қағида. Бұл заңға 1983 жылы өзгеріс енгізілді. Дәл осыған ұқсас заңдар көп мемлекетте кездеседі. Жалпы айтқанда, белгілі бір жұмысқа төленетін жалақы мөлшері жынысқа, нәсілге, дінге, жасына немесе қызметкердің жеке мінезіне тәуелді болмауға тиіс.

теңгеруші бап (balancing item) Бірдей бап үшін екі түрлі көрсеткіш арасындағы сәйкессіздікті өтейтін *есептер жиынтығындағы жазба. Бұл екі өлшеу әдісі көрсеткіштер үшін түрлі нәтиже бергенде қолданылады. Өйткені екі әдісте толығымен дұрыс болса, онда олар бірдей нәтиже көрсетуге тиіс. Осындай жағдайда бір көрсеткішті екінші көрсеткішке сәйкестендіру үшін өзгертудің орнына статистиктер теңгеруші бапты қолданады.

теңгеруші күш (countervailing power) Жеке тұлғалар тобынан құрылған ұйымды оларды өзгелердің монополиялық пайдалануынан қорғау үшін қолдану. Мысал ретінде, тұтынушыларды жабдықтаушылардан қорғайтын кооперативтер мен жұмысшыларды монополиялық жұмыс берушілерден қорғайтын *кәсіподақтарды атауға болады. Монополистерді бақылаудың тағы бір баламасы – мемлекеттік бақылау органдары.

теңгерілген бюджет (balanced budget)

Теңгерілген бюджет жалпы мемлекеттің кірісі мен шығыны тең болғанда қалыптасады. Осылайша қосымша мемлекеттік қарыз алудың қажеті жоқ болғандықтан, *мемлекеттің қарызы тұрақты болады. 1997–2010 жылы Ұлыбританияның лейбористік үкіметі бюджетті жыл сайын теңгеру қажет емес, алайда ағымдағы кіріс пен шығын экономикалық *цикл ішінде орташа деңгейде теңгерілуге тиіс дейтін *алтын ережені енгізді.

теңгерілген бюджет мультипликаторы (balanced budget multiplier)

Бұл – *кейінгі экономиканың аргументі. Бұл аргумент нақты тауарлар мен қызметтерге мемлекеттік шығынды салықпен ұштастыра отырып, тең көлемде ұлғайту әрі бюджет дефицитін немесе профицитін өзгеріссіз қалдыру ұлттық өнімді жұмсалған сомаға дәл көлемде ұлғайтуға тиіс деп мәлімдейді. Ұлттық табыстың базалық бірегейлігі былайша сипатталады: $Y = C + I + G$. I – нақтыланған және $C = a + b(Y - T)$ тұтыну функциясы деп есептейік, мұндағы T табыс салығын білдіреді. Онда $Y = a + b(Y - T) + I + G$ және Y, T мен G вариациялары $dY = b(dY - dT) + dG$ -ді қанағаттандыруға тиіс. Бюджет теңгерілген болса, онда $dT = dG$, демек, теңгерілген бюджет мультипликаторы $dY = dG$ болады.

теңгерілген бюджетті түзету (balanced budget amendment) АҚШ үкіметін одан әрі мемлекеттік қарыз алуға тыйым салатын конституциялық түзетумен өз бюджетін теңгеруге мәжбүр ету ұсынысы. Мұндай түзету шығынды ұлғайтуды қажет ететін *рецессияны немесе саяси дағдарысты жеңуге мүмкіндік беретін дискрет өкілеттікті болдырмайды. Іс жүзінде кез келген түзету бюджет жағдайындағы қысқамерзімді тербелістерді ескеруге тиіс, оларды кірістердің белсенділік деңгейінің ауытқуына тәуелді болғаны үшін жоққа шығаруға болмайды. Сондай-ақ теңгерілген бюджетті қамтамасыз етуді қиындататын бюджеттік емес, бірақ үкімет бақылайтын арнайы қорлар құру немесе *креатив есептеу сынды белгілі бір мүмкіндіктері бар.

теңгерілген өсу жолы (balanced growth path)

Өндіріс көлемі және капитал қоры секілді негізгі жиынтық экономикалық айнымалылар уақыт ағымымен бірдей жылдамдықпен өсетін, ал нақты пайыздық мөлшерлеме тұрақты болатын тепе-теңдік. Бұл дамыған елдердегі пайыздық мөлшерлемелердің ұзақмерзімді тұрақтылығы мен капитал мен өндіріс көлемі көрсеткіші арақатынасын тарихи бақылауын көрсетеді. Экономикасы дамыған елдерде теңгерілген өсу жолына экономиканың бірнеше секторын бір мезгілде және үйлестірілген түрде кеңейту жағдайы (сондай-ақ ол *үлкен түрткі ретінде де белгілі). Бұл теңгерілмеген өсу тұжырымдамасына қайшы. Онда дамушы экономиканың бір секторындағы ірі инвестициялар кері және ілгері байланыс есебінен өзге секторлардың кеңеюіне мүмкіндік тудырады.

теңдестіру мақсатындағы гранттар (equalization grant) Ортақ үкіметтің салық төлеу қабілеті төмен өңірлердегі

жергілікті кедей билік органдарына беретін гранты.

теңдік және адам құқықтары жөніндегі комиссия (Equality and Human Rights Commission) 2007 жылғы 1 қазаннан бастап әрекет ететін Ұлыбританиядағы тәуелсіз мемлекеттік орган. Оның мақсаты – дискриминацияны болдырмау, теңсіздікті жою, адам құқықтарын қорғау және әркімнің қоғам өміріне қатысуына әділ мүмкіндік беретін жақсы қарым-қатынас құру. Ол теңдік мәселелері бойынша алдыңғы үш комиссияның, яғни Тең мүмкіндіктер жөніндегі комиссия, Нәсілдік теңдік жөніндегі комиссия және Мүгедектер құқығы жөніндегі комиссиялардың функцияларын алмастырды және біріктірді. Теңдік және адам құқықтары жөніндегі комиссия сондай-ақ адамның құқықтарына және жасы, жыныстық бағдары, діні немесе сенімге қатысты теңдікке жауап береді. www.equalityhumanrights.com – Теңдік және адам құқықтары жөніндегі комиссиясының ресми веб-сайты.

теңдік, әділдік (equity) *Әл-ауқат экономикасында қолданылатын бөлініс әділдігінің тұжырымдамасы. Теңдік – формализация кезінде балама мән беруге болатын жалпы түсінік. Жалпы тұжырымдама бойынша экономикалық әл-ауқат дистрибуциясы маңызды, ал дистрибуция теңдігін арттыру жақсы көрсеткіш деп пайымдалады. Саясатты айқындайтын тұлғалар ұмтылған теңдік дәрежесі теңдікке қол жеткізу үшін қандай тиімділік құрбандыққа шалынатынына және *әлеуметтік қамсыздандыру функциясында көрсетілген әлеуметтік артықшылықтарға тәуелді. Формализацияның бір түрі – *деңгейлес теңдік тұжырымдамасы, яғни өзара тең дүниелерге бірдей қарау керек. Мысалы, деңгейлес теңдікті

салық салуға қолдансақ, ол тең қабілеті бар тұтынушылар бірдей салық мөлшерін төлеуі керек екенін білдіреді. Формализацияның екінші түрі – *сатылы теңдік. Ол әл-ауқат төлеу қабілеті жоғары адамдардан (жоғары табыс табу мүмкіндігі бар) төлеу қабілеті төмен адамдарға тасымалдануы керек деп тұжырымдайды. Мысалы, төлеу қабілеті жоғары тұтынушылар салыстырмалы түрде көп салық төлеуге тиіс.

теңсіздік (inequality) Экономикалық агенттер арасында экономикалық қорлар мен ағындарды бөлудегі айырмашылықтар. Мысалы, байлық теңсіздігі байлық қорларын бөлуді, ал *табыс теңсіздігі табыс ағынын үлестіру болып саналады. Теңсіздік жеке тұлғалар, экономикалар немесе елдер арасында туындауы мүмкін. Теңсіздік графикалық түрде *Лоренц қисығы арқылы көрсетіледі немесе *Аткинсон индексі мен *Джини коэффициентін қоса алғанда бірқатар көрсеткіштермен өлшенеді.

тепе-тең баға (equilibrium price) Жеткізілетін тауардың көлемі тұтынылатын тауардың көлеміне тең болатын баға. Егер ұсыныс қисығы жоғары, ал сұраныс қисығы төмен көлбесе, бұл баға бірегей болып келеді.

тепе-тең көлем (equilibrium quantity) Белгілі бір баға деңгейінде ұсынылған және сұранысқа түскен тауарлардың көлемі тең болуы, сәйкесінше, нарықта тепе-теңдіктің орнауы. Жоғары көлбейтін ұсыныс қисығы және төмен көлбейтін сұраныс қисығы барда баға тепе-тең бағадан жоғары болғанда, ұсынылған көлем тепе-тең көлемнен жоғары болады. Бұл, өз кезегінде, сұратылған көлемнен артық болады.

тепе-теңдік (equilibrium) Тепе-теңдік экономикадағы теңдік жағдайы

ретінде не экономикадағы бірде-бір агенттің өзі таңдаған стратегиясын өзгертуге ынтасы жоқ жағдай ретінде анықталады. Бірінші анықтама ұсыныс күші сұраныс күшімен теңестірілген жағдайда пайда болатын тепе-теңдіктен туындады. Ал екінші анықтама ойын теориясынан туындады. Ол барлық фирмалар бәсекелестерінің таңдауын ескере отырып, өзі таңдаған өндіріс көлеміне қанағаттанатын олигополистік нарықтағы тепе-теңдік арқылы көрсетіледі. *Тепе-теңдіктің болуын дәлелдеу және әл-ауқат тепе-теңдігінің сипаттарын көрсету – экономикалық модельді талдаудағы маңызды қадамдар. Тепе-теңдіктің бірегейлігі мен тұрақтылығын талдау, сондай-ақ экзоген параметрлердің өзгеруі тепе-теңдікке қалай әсер ететінін анықтауда маңызды (*салыстырмалы статика). Тепе-теңдікке көңіл бөлудің бірнеше түсіндірмесі бар. Бұрындары экономика өзін-өзі реттейді деп қарастырылды, өйткені ол бір кездері тепе-теңдіктен айырылған болса, оны тепе-теңдікке қайтаратын күштер бар болатын. Ал тепе-теңдікке көңіл бөлетін қазіргі дәлелдер прагматикалық болып келеді. Модельді талдау бір жерде басталуы керек, ал бастапқы табиғи нүкте – тепе-теңдік. Екінші жағынан, тепе-теңдікті негізгі ойындарды дұрыс ойнаудың нәтижесі ретінде көрсету арқылы оған көңіл аударуды дәлелдеуге болады. Сонымен қатар тіпті соңында тепе-теңдіктің бұзылуына көңіл бөлгеннің өзінде де, теңсіздік нүктелерінің сипаттарын тепе-теңдік сипаттарымен салыстыруға болады. Ақырында, тепе-теңдік жағдайынан басқа бірде-бір жағдайда керемет жағдай орын алмайды. Сондай-ақ БӘСЕКЕЛІК ТЕПЕ-ТЕНДІК; ЖАЛПЫ ТЕПЕ-ТЕНДІК; НАРЫҚТАҒЫ ТЕПЕ-ТЕНДІК; КӨПТЕГЕН ТЕПЕ-ТЕНДІК; НЭШ ТЕПЕ-ТЕНДІГІ; ЖАРТЫЛАЙ ТЕПЕ-ТЕНДІК; ҚОСАЛҚЫ

ОЙЫН БОЙЫНША ЖЕТІЛГЕН ТЕПЕ-ТЕНДІКТІ қараңыз.

тепе-теңдіктің болуы (existence of equilibrium) Экономикалық модель немесе ойын үшін тепе-теңдік бар екенін көрсету. Оның бар екенін дәлелдеу тепе-теңдікті сипаттайтын теңдеулер жүйесін бір мезгілде шешуді талап етеді. Мысалы, *Эрроу-Дебре экономикасының тепе-теңдігін сипаттайтын теңдеулер нарықтағы баға тепе-теңдігі шарттарынан алынады. Экономикалық модельдердің барлығында тепе-теңдік бола бермейді: *жағымсыз іріктеуі бар бәсекеге қабілетті сақтандыру нарығында *біріктіруші тепе-теңдік немесе *ажыратушы тепе-теңдік те болмауы мүмкін.

тепе-теңдіктің бұзылуы (disequilibrium) Жоспарланған экономикалық әрекеттер жүзеге асырылмайтын жағдай. Сатуға және сатып алуға немесе өндіруге және тұтынуға **Ex ante* жоспарлары бір-бірімен үйлеспесе, жүзеге асырылмайды. Мысалы, тауарға сұраныстың *ex ante* деңгейі ұсыныс деңгейінен артық болса, онда бүкіл сұранысты қанағаттандыру мүмкін емес. Тепе-теңдіктің бұзылуы жеке нарықтарда немесе мемлекеттер арасындағы сыртқы қатынастарда көрініс табады. Ол *ex ante* жоспарлары мен **ex post* нәтижелері арасында айырмашылық жасайды. Ал бұл, өз кезегінде, өзгерістің динамикалық процесіне әкеледі. Экономикалық *динамикалық тепе-теңдіктің бұзылуына реакция өзінің деңгейін төмендетуге немесе арттыруға бейім екенін үйретеді. ТЕПЕ-ТЕНДІКТІҢ ТҮБЕГЕЙЛІ БҰЗЫЛУЫН да қараңыз.

тепе-теңдіктің заңсыздығы (non-uniqueness of equilibrium) Экономикалық модельде тепе-теңдікті сипаттайтын теңдеулер жүйесін қанағаттандыратын

бірнеше нәтиже бар жағдай. Модельде бірнеше оқшауланған тепе-теңдік немесе тепе-теңдік сақталуы мүмкін. Тепе-теңдік оқшауланғанда әдетте тақсан болады (біркелкі сан болуы мүмкін, бірақ экономикадағы шағын өзгеріс тақсанды қалпына келтіреді). Тепе-теңдік континуум болжау *көреген мінез-құлқы бар елдерде болуы мүмкін.

тепе-теңдіктің түбегейлі бұзылуы (fundamental disequilibrium) Төлем балансының жағдайы, соның салдарынан *Халықаралық валюта қорының (ХВК) бастапқы ережелері елдерге өз валютасын девальвациялауға мүмкіндік берді. Тепе-теңдіктің түбегейлі бұзылуына Халықаралық валюта қоры ресми анықтама берген жоқ, алайда бұл төлем балансының девальвациясыз шешілуі мүмкін емес ауыр мәселелерін білдіреді деген пікір кең тараған. Бұл жағдайда ережелердің орындалуы мүмкін емес.

теріс капитал (negative equity) Құны кепілзатпен қамтамасыз етілген *ипотека сомасынан аз болатын активті иеленуші позициясы. Мысалы, нарықтағы құны 90 000£ болатын үйге 100 000£ ипотекасы бар үйдің иесі теріс капиталы 10 000£. Ипотекалық несие берушілерге қауіпсіздік тұрғысынан қарағанда несие берілмейді, бірақ 90 жылдардың басында және 2000 жылдардың соңында Ұлыбританияда болғандай ипотека бергеннен кейін тұрғын үй бағасы төмендеген жағдайда немесе қарыз алушылар төлемдер бойынша қарыз алса теріс капитал болуы мүмкін.

теріс пайыздық мөлшерлеме (negative interest rate) *Орталық банктердің коммерциялық банктердегі депозиттерден алатын комиссиясы, кейде белгілі бір мөлшерден асатын қалдықтар үшін ғана алынады. Теріс пайыздық

мөлшерлемені Дания (2012 жыл), Жапония (2016 жыл), Швеция (2009 жыл), Швейцария (2014 жыл) орталық банктері және *Еуропа орталық банкі (2014 жыл) пайдаланады. Орталық банктер *валюта бағамын нығайту, *инфляцияны төмендету немесе *дефляцияға қарсы тұру үшін теріс пайыздық мөлшерлемені пайдаланады.

теріс себептермен жұмыстан шығару (dismissal for cause) Жұмыс берушінің жұмысшыларды қанағаттандырмайтын әрекеттеріне байланысты жұмыстан босатуы. Теріс себептермен жұмыстан шығаруға қабілетсіздік, нұсқауларға бағынбау, жұмыста болмау, алаяқтық, жұмыста мас болу немесе денсаулықпен қауіпсіздік ережелерін бұзу негіз бола алады. Теріс себептермен жұмыстан шығару жұмыс күшінің *артық болуынан жұмыстан шығарудан ерекшеленеді. Жұмыс күші артық болғаннан жұмыстан босату кезінде жұмыс берушінің жұмысшыға ешқандай наразылығы болмайды, тек жұмыс берушінің еңбек күшіне сұранысы өзгереді. Жұмыстан босату үшін көрсетілген себептердің растығына немесе маңыздылығына дауласатын Ұлыбритания қызметкері өндірістік сотқа заңсыз жұмыстан босату туралы шағым жасай алады.

теріс табыс салығы (negative income tax) *Табыс салығын және *әлеуметтік төлемдерді бір жүйеге біріктіру ұсынысы. Осы жүйеге сәйкес барлық азаматтар салық салынғанға дейін табысы туралы есеп береді; Содан кейін олар табысы белгілі бір шекті деңгейден асатын кез келген жеңілдіктерді шегеріп тастаса және олардың кірісі жоғары деңгейден төмен болса, төлем алады. Мұндай жүйенің артықшылығы, ол салық және әлеуметтік қауіпсіздік жүйелерін біріктіреді.

техникалық алмастыру (technical substitution) ТЕХНИКАЛЫҚ АЛМАСТЫРУ ИКЕМДІЛІГІ; ТЕХНИКАЛЫҚ АЛМАСТЫРУДЫҢ ШЕКТІ НОРМАСЫН қараңыз.

техникалық алмастыру икемділігі (elasticity of technical substitution) Фирма қолданатын екі ресурстың салыстырмалы көлеміндегі пропорционал өзгерістердің олардың жалпы өндіріс көлемін тұрақты етіп ұстап отырған салыстырмалы бағасындағы пропорционал өзгеріске қатынасы. Тұтынушылар үшін *алмастыру икемділігінің рөлі қандай болса, техникалық алмастыру икемділігінің фирмаларға рөлі соған ұқсас болып келеді. Ол үлкен болса, онда екі фактордың салыстырмалы бағасындағы кішкене өзгеріс шығынын азайтуға ұмтылған фирма қолданатын салыстырмалы көлемдегі үлкен өзгеріске әкеледі. Ал ол төмен болса, салыстырмалы фактор бағасындағы үлкен өзгеріс шығынын азайтуға ұмтылған фирманы фактор пропорцияларына кішкене өзгеріс жасауға итермелейді.

техникалық алмастырудың шекті нормасы (marginal rate of technical substitution) Табыстың бір түрі азайғанда табыстың басқа түрінің қосымша бір мәні тұрақты шығымды ұстап тұруға қажет болатын жағдай. Кірімнің белгілі бір деңгейінде техникалық алмастырудың шекті нормасын *изоквант градиентінің теріс мәні анықтайды. Бұл кірімнің екі түрі үшін шекті өнімдер қатынасы. $F(K, L)$ дифференциалын өндіріс функциясы үшін K және L кірімдері арасында техникалық алмастырудың шекті нормасы мынадай:

$$MRT_{X,Y} = \frac{\partial G}{\partial X} / \frac{\partial G}{\partial Y}$$

техникалық прогресс (technical progress) Өндіріс технологиясы туралы білімді

жетілдіру. Мұндай прогресс өзгермейтін кірім ресурстар есебінен өнімнің көп көлемін, сондай шығым көлемін енгізілетін ресурстардың аз көлемі есебінен немесе бұрын мүмкін болмаған өнім шығарудың жаңа формалары есебінен алуға мүмкіндік береді. Техникалық прогресс жүзеге асырылуы немесе сәтсіз болуы мүмкін. Ол материалдық емес болса, онда еңбек өнімділігін арттыру қандай да бір жаңа жабдықты қажет етпей, жаңа білім немесе жетілдірілген дағдылар есебінен ғана жүзеге асады. Ол материалдық болған жағдайда жаңа технологияларды игеру жаңа күрделі жабдыққа немесе жаңа аралық өнімге инвестициялауды талап етеді. Сондай-ақ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСС; МАТЕРИАЛДЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСС; ХАРРОД-БЕЙТАРАП ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСС; ХЕЙКС-БЕЙТАРАП ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІ қараңыз.

техникалық стандарт (technical standard) Нақты тауарлар немесе құрамдас бөлік құрылымының ерекшелігі. Мысал ретінде, сомындағы және бұрандамалардағы бұрама сезбегінен электронды аппаратураның ток кернеуіне дейін стандарттарды айтуға болады. Үйлесімді қамтамасыз ету үшін техникалық стандарттар қажет. Әр адам өз жабдығын басқа адамдардың жабдығымен үйлестіргенде пайда алуы техникалық стандарттарды қолданудың *сыртқы салдар желісіне мысал болады. Жаңа өнім пайда болуының алғашқы күндері фирманың айтарлықтай бәсекелік артықшылығы болады, сондықтан ол өз дизайнын техникалық стандарт ретінде қабылдауы мүмкін.

техникалық талдау (technical analysis) Бағалы қағаздардың болашақ бағасын болжау үшін бағалы қағаздардың

бағасы туралы өткен ақпаратты пайдалану. Баға заңдылықтарын анықтау үшін көбінесе диаграммалар қолданылады. Техникалық талдауды пайдаланатын нарық қатысушылары кейде *чартистер деп аталады. Техникалық талдауды пайдалану жеткілікті түрде кең таралғанына қарамастан, оның шектеулі эмпирикалық негіздемесі бар: сауда шығынын есепке алса, анықталған заңдылықтарды табысты пайдалану мүмкін емес. Сондай-ақ **ТИІМДІ НАРЫҚ ГИПОТЕЗАСЫН қараңыз.**

техникалық тиімділік (technical efficiency) Бұл *тиімділік аспектілері енгізетін ресурстардың берілген саны үшін барынша ықтимал өнім деңгейін алумен немесе берілген өнімді алу үшін енгізетін ресурстардың ең аз ықтимал көлемін пайдалануға қатысты болады. Бұл – өндірістегі тиімділік. Өндіру үшін тиімді таңдау жиынтығының нәтижесі мен әртүрлі пайдаланушылар арасындағы нәтижелердің таралуымен байланысты айырбас тиімділігімен ерекшеленеді. Техникалық тиімділік экономиканың жалпы тиімділігі үшін қажет шарт. Бірақ ол жеткіліксіз, өйткені экономика толық техникалық тиімділігі бар жарамсыз тауарлар жиынтығын өндіруден гөрі, тауарлардың дұрыс үйлесімін техникалық тиімсіз әдістермен өндіргені тиімдірек болуы мүмкін.

технология (technology) 1. Ғылыми қолдануға сүйенетін материалдар, өндіріс техникалары және жабдықтарды пайдалану туралы білім жинағы.

2. *Өнімнің жиынтығында сипатталғандай, кірім ресурстарды шығымға айналдыру үшін экономиканың мүмкіндіктерін анықтайтын түйіндеме.

технология трансфері (technology transfer) Технологиялары анағұрлым дамыған

елдерден технологиялары аз дамыған басқа елдерге технологиялар (әдістердің) трансфері. Технология трансфері *тікелей шетелдік инвестицияларды, неғұрлым дамыған мемлекеттерден дағдыланған қызметкерлерді жіберуді, аз дамыған мемлекеттерден қызметкерлерді даярлауды немесе лицензиялау мен патенттерді қамтуы мүмкін. Технология трансфері *нашар дамыған елдер үшін үлкен маңызға ие, бірақ ол барлық елдер үшін пайдалы.

технологиялық алшақтық (technology gap) Екі мемлекет арасындағы пайдалануға болатын өндіріс технологияларындағы айырмашылық. Технологиялық алшақтық ғылыми білім, білім беру, кәсіби дайындық және еңбек күшін мотивациялау деңгейіндегі айырмашылықтарға, сенімді қуат көзі мен телекоммуникация және нарық ауқымы секілді инфрақұрылымға қол жеткізу мүмкіндігі мен сапасына байланысты болады.

технологиялық жұмыссыздық (technological unemployment) Техникалық прогреске байланысты туындайтын жұмыссыздық. Бұл әдетте олардың қызметін машиналармен алмастыру арқылы, өндіріс әдістеріндегі өзгерістер себебінен дағдысы жоғалатын қызметкерлердің нақты түрлеріне қатысты қолданылады. Техникалық прогресс міндетті түрде жалпы жұмыссыздықтың өсуіне алып келе бермейді. Өндірістің жаңа әдістері олар шығынды азайтатын жағдайда, сәйкесінше, өнімнің анағұрлым үлкен көлемін неғұрлым төмен бағамен сатуға мүмкіндік беретін жағдайда ғана экономикалық тұрғыдан тиімді. Сұраныс икемділігі жеткілікті деңгейде жоғары болса, тиісті саладағы жалпы жұмыспен қамту машина жасау өндірісіндегі жұмыспен қамту сияқты өсуі мүмкін. Алайда құрылатын жаңа

жұмыс орындары неғұрлым төмен деңгейдегі жұмыс орындары болса немесе оларда жоқ дағдыларды талап етсе, технологиялық жұмыссыздық дағдылары ескірген қызметкерлерге ауыр тиеді.

Тибу гипотезасы (Tiebout hypothesis)

Гипотеза бойынша, экономикалық тиімділікке *жергілікті қоғамдық игіліктері бар экономикада қол жеткізіледі. Чарльз Тибу (1924–1968) тұтынушылар қоғамдық игілікті шынайы бағалауға кедергі келтіретін ақпарат алуға қиындықтар салдарынан *қоғамдық игіліктерге қатысты нарықтағы сәтсіздікке ұшырайтынын байқады. Егер тұтынушы тұрғылықты жерін таңдай алуы мүмкін бірқатар балама қоғамдастықтар (немесе құзіреті) болса және олар жергілікті қоғамдық игіліктерді ұсынуда өзгеше болса, онда тұтынушының тұрғылықты жерін таңдау талғам туралы нақты белгі беруін қамтамасыз етеді. Таңдалған орын – тұтынушы идеалына ең жақын жергілікті қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етуді ұсынады және қауымдастықты таңдау арқылы қалауды ашып көрсетеді. Бұдан шығатыны – қоғамдастықтардың жеткілікті түрлі типтері және әр қалау типі бойынша жеткілікті тұтынушылар бар болса, онда барлық тұтынушылар өзіне оңтайлы қоғамдастыққа бөлінеді және әр қоғамдастықтың оңтайлы мөлшері болады. Бұл нарықтағы нәтиженің ұтымдылығына кепілдік береді. Тұтынушылар өз қалауын «наразылық білдіру» арқылы ашып көрсетеді деп айтуға болады және бұл рационал қауымдастық құруды қамтамасыз етеді. Тибу гипотезасының практикалық маңызы кеңінен талқыланды. Көзқарастың бірі – ресурс бөлудің нарықтағы сәтсіздігінің тағы бір көрінісі. Балама көзқарас – шынайы емес болжамдарда ғана мүмкін болатын жай ғана бос көрініс. Болжам

ұқсас тұтынушыларды қоғамдастықтарға ішінара сұрыптау дәлелі арқылы кейбір эмпирикалық қолдауға ие болды. Қалай болғанда да, бұл гипотеза қоғамдық игілікті қамтамасыз етуді орталықсыздандыру туралы талқылаудың қалыптасуына үлкен әсер етті.

тик (tick) Қаржы нарығындағы *бағалы қағаздар бағасының минимал қозғалысы. Нақты нарықтағы тик өлшемін осы нарықтың ережелері реттейді. Қор нарықтары үшін тик өлшемі 0,01 тең, ол әртүрлі фьючерс нарықтарға қарағанда өзгеше. Тик мөлшері өлшемінің ақшалай құны тиктің нарық құны деп аталады. Осылайша АҚШ-тың қор нарықтарындағы тик құны 1 цент, ал Ұлыбританияда 1 пенни.

типтік іріктеме (stratified sample) Халықтың әр топшасынан таңдау жолымен алынатын іріктеме. Халық біртекті емес және кейбір факторларға сәйкес топшаларға жіктелуі мүмкін. Содан кейін әр топша бүкіл халықтың жиынтық үлесіндегідей іріктемеде ұсынылады. Типтік іріктеме мүддені өлшеудің күтілетін нәтижесі топшаларға қарай өзгергенде орынды. Сондай-ақ КВОТА ІРІКТЕМЕНІ; КЕЗДЕЙСОҚ ІРІКТЕМЕНІ қараңыз.

тиімді айырбас бағамы (effective exchange rate) Басқа валюталарға қатысты ел валютасының екіжақты номинал айырбас бағамы орташа мән салмағы ретінде есептелетін мемлекеттің айырбас бағамы. Оның салмағы әдетте басқа мемлекеттермен саудаласу құнына тәуелді. Тиімді айырбас бағамы нақты емес, номинал айырбас бағамына жатады. Бірақ бір валютаға ғана қатынасына қарағанда елдің бәсекеге қабілетіне айырбас бағамы өзгерістерінің үлесін түсіндіруге көмектеседі, мысалы, АҚШ долларына қатысты жағдайда

нақты алынған валютаға тән вариация-мен бұрмаланады.

тиімді активтер нарығы (efficient asset markets) ТИИМДІ НАРЫҚ ГИПОТЕЗАСЫН қараңыз.

тиімді бағалау (efficient estimator) Барлық ығыспаған (ауытқымаған) баға санатындағы ең аз ықтимал дисперсиясы бар баға. Екі ығыспаған бағаны салыстырғанда төмен дисперсиялы баға басқаларына қарағанда тиімдірек болады.

тиімді бөлініс (efficient allocation) Экономикалық ресурстардың мүмкін болатын бөлінісі. Оған сәйкес кем дегенде бір экономикалық агент жақсы жағдайда болып, ал басқа агент жаман жағдайда болатын балама бөлініс жоқ. Сондай-ақ ПАРЕТО ТИИМДІЛІГІН қараңыз.

тиімді жалақы (efficiency wages) Өз қызметкерлерінің өнімділігін немесе тиімділігін арттыру мақсатында жұмыс берушілер төлейтін нарықтағы деңгейден жоғары жалақы. Жалақы тиімділігінің басқа да себептеріне тамақтану негіздемесі (әсіресе дамушы елдерде), жұмыстан жалтару, кадрлардың тұрақтамауын төмендету, жағымсыз іріктеу мәселесі және дәстүрлер жатады.

тиімді қорғаныс (effective protection) Импортталатын ресурстар мен өндірістің көлемін ескере отырып, өнеркәсіптің *қосылған құнына әсер ететін *тариф жүйесі. Өндіріс көлеміне t тарифі 100 пайызды және импортталатын ресурстарға s тарифі 100 пайызды құрағанда және импортталатын a ресурстары өндіріс көлемінің әр бірлігіне шаққандағы көлемде қолданылғанда өндіріс көлемінің бірліктері мен импортталатын ресурстар бағасы еркін сауда кезінде 1-ге тең болатынын анықтау. Ал өндіріс көлемінің

әр бірліктеріне шаққандағы қосылған құнның нөлдік тарифтері $(1 - a)$ тең болады. Тарифтерді ескергендегі әр бірлікке шаққандағы қосылған құн $[(1+t) - a(1+s)]$ болады. Ал тиімді қорғаныс мөлшерлемесі e былай анықталады:

$$(1 + e) = \frac{(1 + t) - a(1 + s)}{(1 - a)}$$

демек, $e = (t - as)/(1 - a)$. Өндіріс көлеміне қойылған жоғары тарифтер тиімді қорғанысты арттырады, ал импортталатын ресурстарға қойылатын жоғары тарифтер тиімді қорғанысты төмендетеді.

тиімді нарық гипотезасы (efficient markets hypothesis) Ұйымдастырылған нарықтарда сатылатын активтер бағасы барлық алуға болатын ақпаратты ескереді, тиісінше кейбір активтердің басқаларына қарағанда қатері ескерілген қайтарымы жоғары болатынын болжау мүмкін емес деп тұжырымдайтын теория. Мұны болжау мүмкін емес, өйткені ол жаңалықтарға, яғни әлі қолға тимеген және қазіргі кезде қолда бар мәліметтерден шығарылуы мүмкін емес ақпаратқа тәуелді. Тиімді нарық гипотезасының бірнеше нұсқасы бар. Әлсіз формадағы тиімділік артық кіріс беретін сауда стратегиясын құру үшін акциялардың тарихи бағасын пайдалану мүмкін емес деп тұжырымдайды. Ал орташа формадағы тиімділік артық кіріс қоғамдық ақпаратқа сүйеніп алынуы мүмкін емес дейді. Жоғары нысандағы тиімділік артық кірісті жеке ақпарат, негізінде, сауда жолымен алуға болмайтынын көрсетеді. Эмпирикалық деректер нарықтардың сипаты ретінде әлсіз формадағы тиімділікті қолдайды.

тиімді сұраныс (effective demand) **Ex ante* шығыны, яғни ол төлеуге қабілетті

тұтынушының сатып алу жоспары. Тиімді сұраныс барлық нарықтар тепе-тең жағдайда болатын кезде ғана орын алатын шартты сұраныстан ерекшеленеді. Демек, жұмыссыз жүрген адамдар жұмысы болған кезде, олар сатып алуы мүмкін қосымша тауарлар немесе несиеге шектеулі кәсіпкерлер қаржы алған кезде, олар сатып алуы мүмкін қосымша тауарлар тиімді сұранысқа кірмейді.

тиімділік (efficiency) Берілген ресурстардан мейлінше көп өнім алу. Тұтынудағы тиімділік – тауарларды тұтынушылар арасында бөлу. Алайда қайта бөлу кезінде тұтынушылардың бір бөлігінің жағдайын жақсартып отырып, өзгелерінің жағдайын қиындатуға жол берілмеуі керек. Ал өндірістегі тиімділік – өнеркәсіптер арасында алуға болатын ресурстарды бөлу. Ол кейбір тауарларды көбірек өндіру үшін басқа тауарларды аз өндіру керек екенін көрсетеді. Өндіретін тауар таңдаудағы тиімділік – тұтынушылардың бір бөлігінің жағдайын жақсартып отырып басқаларының жағдайын қиындатуға жол берілмейтіндей тауар жиынтықтарын таңдауды білдіреді. *Парето тиімділігі тұжырымдамасы экономикалық бөліністің тиімділік тесті ретінде қолданылады. Сондай-ақ ТЕХНИКАЛЫҚ ТИИМДІЛІК; X-ТИИМДІЛІКТІ қараңыз.

тиімділік аудиті (efficiency audit) Ұйымның қаншалықты тиімді жұмыс істеп жатқанын тексеру процесі. Менеджмент табыстылықты арттыруға тырысқанда ішкі аудит немесе сырттан реттеуші органдар, мысалы, Ұлыбританияда жекешелендірілген мемлекеттік қызметтерді қадағалауға жауапты мекемелер компанияны тексеруге келгенде сыртқы аудит жүргізіледі. Тиімділік аудитінің екі стандарт әдісі бар. Біріншісі – инженерлік әдіс.

Ол теория ұсынғанды практикамен салыстырады. Ал екіншісі – статистикалық әдіс. Ол компанияның өнімділігін басқа мемлекеттердегі ұқсас компаниялармен салыстырады.

тиімділік пен теңдік арасындағы ымыра (efficiency–equity trade-off) Экономикалық тиімділікті қамтамасыз етуге бағытталған саясат көбінесе әділ таратуға теріс әсер етеді деген байлам. Мысалы, сұраныс икемділігі төмен тауарларға жоғары мөлшерлемен салық салу, ал сұраныс икемділігі жоғары тауарларға төмен мөлшерлемен салық салу тиімді саналады. Тауарлардың күнделікті қажет болуы себебінен олардың икемділігі төмен болса, күнделікті қажет тауарлар бюджетінің үлкен бөлігін қамтитын табыс деңгейі төмен топтарға салық ауыртпалығы қатты байқалатын болады. Саясат бөліп тарату әсерін жақсарту мақсатында өзгертілсе, оның тиімділігі төмендейді. Тиімділік пен теңдік арасындағы оңтайлы ымыра *элеуметтік қамсыздандыру функциясын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

тиімділік шегі (efficiency frontier) ӨНДІРІС МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕГІН қараңыз.

тиімсіздік (inefficiency) Ресурстарды пайдаланудан барынша максимал пайда таппау Экономиканың тиімсіздігі қымбатқа түседі. Формальді түрде, тиімсіздік мағынасы экономикалық тепе-теңдікте *Парето тиімділігі жоқ дегенді білдіреді. Тиімсіздік үш деңгейде туындауы мүмкін. Біріншіден, өндіріс факторлары фирмалар арасында осы ресурстардан максимал қайтарымды қамтамасыз етпейтіндеу бөлінуі мүмкін. Екіншіден, өнім сұрыптамасындағы тиімсіздік ресурстар тауарлар мен қызметтердің дұрыс емес

комбинацияларын жасау үшін пайдаланылатынын білдіреді. Үшіншіден, тұтынушылар арасында тауарлар мен қызметтерді таратуда бөлу тиімсіздігі орын алуы мүмкін. Бұл тиімсіздік түрлеріне қоса, *Х-тиімсіздігі немесе ұйымдық әлсіздік болуы мүмкін, бұл компаниялар дұрыс нәтиже алады, бірақ шығынның артық деңгейін пайдаланады дегенді білдіреді.

Тобин салығы (Tobin tax) 1981 жылғы Нобель сыйлығының лауреаты Джеймс Тобин ұсынған трансшекаралық валюта айырбасынан *акциздік алым. Мұндай салық қысқамерзімді саудаға тосқауыл қоя отырып, валюта бағамдарының ауытқуын азайтады деп болжанады; сонымен қатар валюта нарықтарындағы операциялардың үлкен көлеміне салынатын салық адамның және қоршаған ортаның негізгі кәжестін өтеу үшін пайдаланылуы мүмкін елеулі пайда әкеледі. Термин көбінесе қаржы аударымындағы кез келген салықты сипаттау үшін жалпы мағынада пайдаланылады.

Тобинстің q коэффициенті (Tobin's q) Акционерлердің фирмаға активтердің нарықтық құнына қоятын құн қатынасы. Маржадағы акционерлердің үлесі акция бағасын акция санына көбейтіп көрсетіледі. Теорияның мәні мынада: егер $q > 1$ болса, онда фирма инвестициялауы керек, ал $q < 1$ болса, онда фирма банкротқа ұшырауы немесе өзінің капитал жабдығын сатуы қажет.

Тобит моделі (Tobit model) *Цензурананған іріктемеден белгісіз параметрлерді бағалау үшін пайдаланылатын регрессиялық модель, онда түсіндіруші айнымалылар бақыланады, ал тәуелді айнымалы қандай да бір *жасырын айнымалы нақты бір диапазонда мәні болғанда ғана бақыланады.

тоғыспалы деректер (cross-section data) Бір уақыт кезеңіне жататын жеке тұлғалар, фирмалар, салалар немесе елдер секілді бірқатар бірліктер бойынша деректер. Сондай-ақ ПАНЕЛЬДІК ДЕРЕКТЕР; УАҚЫТ ҚАТАРЛАРЫ ДЕРЕКТЕРІН қараңыз.

тоғыспалы субсидия (cross-subsidization) Тауар мен қызмет жеткізу барысында залалға ұшырауы. Бұл залалды жабдықтаушы басқа тауар мен қызметтен көрген пайдасы есебінен жабады. Тиісті тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бірлескен шығыны болса немесе олар сұранысты толықтырса, онда тоғыспалы субсидия көлемін анықтау қиын.

Тодаро моделі (Todaro model) Дамыған экономикаларда жоғары қалалық жұмыссыздық болған кездегі ауыл-қалалық *көші-қон моделі. Қазіргі заманғы қалалық сектордағы жалақы ауыл шаруашылығындағы табыспен салыстырғанда жоғары болса, тіпті жұмыс табу мүмкіндігі төмен болса да жеке мигрант үшін қоныс аудару экономикалық тұрғыдан тиімді шешім. Тодаро моделінің даму стратегияларына қатысты елеулі саяси салдары бар. Атап айтқанда, қазіргі заманғы қалалық секторда жұмыс орындарын құруды ынталандыру арқылы қалалық жұмыссыздықты азайту бойынша күш салу ауылдық көшіп-қонушылар ағынының ұлғаюына алып келуі мүмкін, бұл қалаларда жұмыссыздықтың одан әрі өсуіне алып келеді, сондықтан оның орнына ауылдық аудандардың дамуын көтермелеу қажет.

Токио раунды (Tokyo Round) 1973–1979 жылдары болған *Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім шеңберіндегі халықаралық сауда келіссөзінің раунды. Раунд Жапониядағы конференцияның ашылуына орай аталды. Онда

келесі бес жыл ішінде іске асырылған өнеркәсіп тауарларының дүниежүзілік саудасының басым бөлігіне тарифтерді шамамен үштен бірге төмендету туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Ол *ауыл шаруашылығын қорғау немесе саудадағы *тарифтік емес тосқауылдар жөніндегі қандай да бір келісімге қол жеткізе алмады.

тоқсан сайынғы деректер (quarterly data)

Деректер әр жылдың төрт тоқсанының әрбірі үшін жасалады (яғни қаңтар-наурыз, сәуір-маусым, шілде-қыркүйек және қазан-желтоқсан). Тоқсан сайынғы деректер *ұлттық кіріс шоттарының көптеген компоненті бойынша әзірленеді. Олар көбінесе *маусымдық түзетулерге дейін де, одан кейін де, яғни маусымдық факторлардың мүмкін әсері жойылғаннан кейін де ұсынылады.

тоқырау (depression) Ұзаққа созылған экономикалық белсенділіктің қалыптан тыс төмен және жұмыссыздықтың қалыптан тыс өте жоғары деңгейі. Депрессия кезінде баға құлдырайды немесе баға кем дегенде әдеттегіден гөрі баяу өседі және шикізат тауарларының бағасы өндірістік тауарлар бағасымен салыстырғанда төмендейді. РЕЦЕССИЯНЫ *да қараңыз.*

тоқырау (stagnation) Пайданың деңгейі мен әдістерінде өзгеріс аз не мүлдем болмау жағдайы. Бұл әдістердің дамуы мен табыс деңгейі өскен кездері дамуға қарсы қойылады.

тоқырау (trough) *Бизнес-циклдегі нақты кіріс немесе белсенділік үшін ең төмен кезең. Күрделі циклде тоқырау абсолют шамада минимум болуы мүмкін. Өндірістің өсу қарқыны оң тенденциялаған экономикадағы жұмсақ циклде тоқырау абсолют мәнде емес, тенденцияға сәйкес минимум болуы мүмкін.

толеранттық интервалы (tolerance interval) Бақылауларды іріктеуді ескере отырып, берілген ықтималдықпен туындататын тіркелген халық үлесі бар аралықты қамтитын бағалау ережесі. Толеранттық интервалының соңғы нүктелері толеранттық шегі деп аталады.

толық ақпаратқа сүйенетін ең жоғары ақиқатқа жақын бағалаушы (бағалау) (full information maximum likelihood) ((FIML) estimation) Құрылыммен шектелетін шектеулерді ескере отырып, ақиқатқа жақындық функциясын барынша арттыруға сүйенетін *бір мезетте әрекет ететін сызықтық тендеулер сызықты емес бағалау әдісі. FIML бағалау барлық тендеулерді және барлық белгісіз параметрлерді бірге бағалайды және қателерді қалыпты үлестіру кезінде асимптотикалық тиімді. ШЕКТЕУЛІ АҚПАРАТҚА СҮЙЕНЕТІН ЕҢ ЖОҒАРЫ АҚИҚАТҚА ЖАҚЫН БАҒАЛАУШЫНЫ *да қараңыз.*

толық аяқталған жоба (turnkey project)

Инвестициялық жоба шеңберінде шетелдік фирма зауыт салуға, жабдыктар орнатуға және жергілікті еңбек күшін даярлауға келісімшарттар жасасады, сондай-ақ оны өндірісті бастауға дайын жұмыс істеп тұрған кәсіпорын ретінде тапсырады. Бұл жүйе жабдықтаушының басқа жерлердегі ұқсас қондырғыларға қатысты тәжірибеге қол жеткізуге болатынын білдіреді және күтпеген мәселелер қабылдаушы мемлекет жоба үшін жауапкершілікті мойнына алғанға дейін шешілуге тиіс. Бұл сөз жабдықтаушы жоба аяқталғанда дайын жобаның тек кілтін ғана береді деген ұғымнан шыққан.

толық емес жұмыс (part-time work) Елде толық уақыт жұмыс істейтін қызметкерлер және тиісті мамандыққа сәйкес аптасына бірнеше сағаттан көп жұмыс істеу. Ол жұмыс берушілердің немесе

қызметкерлердің қалауын өтей алады. Жұмыс берушілер еңбек күші қажеттігі уақытқа тәуелді болғандықтан немесе көбірек икемділік беретіндіктен, толық жұмысқа қарағанда толық емес жұмыс уақытын таңдауы мүмкін. Сондай-ақ жұмыс берушілер толық емес жұмыс істейтін қызметкерлерді таңдауына тағы бір себеп – олар толық жұмыс істейтін қызметкерлерге қарағанда қатаң құқықтық қорғауды пайдалануы немесе олардың есебіне төленетін салық және әлеуметтік аударымдар төмен болуы. Қызметкерлер уақыттың өзге де талаптарын ескере отырып толық емес жұмыс күнін таңдауы мүмкін, мысалы, кішкентай баласы бар ата-аналар, студенттер және ерікті жұмысшылар.

толық есептен толық шығару (write-off) Шоттарға белгіленген транзакция құнын нөлге дейін төмендету. Есептен толық шығару ішінара есептен шығаруға қарағанда өте маңызды. *Есептен шығару сондай-ақ актив құнын нөлге дейін төмендетуі мүмкін елеулі залалдан кейінгі актив жағдайын сипаттау үшін пайдаланылады. *Амортизация – уақыт өте келе активтерді біртіндеп есептен шығару процесі.

толық жұмыспен қамту (full employment) Еңбек нарығы жұмыс табуға қабілетті, басым жалақы мөлшерлемесімен жұмыс істегісі келетін және жұмыс істей алатын белсенді еңбек күшімен тепе-теңдікке қол жеткізген жағдай. Бұл жағдайда *циклдік жұмыссыздық немесе *жеткіліксіз сұраныс салдарынан болатын жұмыссыздық болмайды, тек *уақытша жұмыссыздық болады.

толық қаржыландырылған зейнетақы (fully funded pension) Жинақтар есебінен қаржыландырылатын зейнетақы. Мемлекет басқаратын толық қаржыландырылған зейнетақы тәсімі әр

қызметкерден зейнетақы салығын (АҚШ-та, «әлеуметтік сақтандыру» жарнасы) ұстап отырады. Содан кейін салық түсімдері зейнетақы жүйесіне инвестицияланады. Қызметкер зейнетке шыққан кезде, инвестициялар мен жинақталған пайыздар зейнетақы төлемдерін қаржыландыру үшін пайдаланылады. PAY-AS-YOU-GO ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӘСІМІН қараңыз.

толық тізбекті мәжбүрлі қолдану (full line forcing) Дистрибьюторлар фирманың барлық өнім ассортиментін тасымалдайтын жағдайда ғана оларды тауарлармен жабдықтау практикасы. Бұл монополиялық инструмент ретінде пайдаланылуы мүмкін, мысалы, кейбір автомобиль бөлшектері көліктің кейбір маркалары үшін ерекше болса, ал басқалары бәсекелес жеткізушілерден арзанға алуға болатын әмбебап өнімдер болса, толық тізбекті мәжбүрлі қолдану практикасы автомобиль өндірушілерін басқа өндірушілер жасай алатын бөлшектерге бағаны төмендетуден қорғайды. Басқаларға сататын қосалқы бөлшектер сапасы төмен алмастырғыштар екенін түсінбеуі мүмкін клиенттер алдында өз беделімізді қорғауымыз керек деген себеппен автомобиль өндірушілер толық тізбекті мәжбүрлі қолдануды қорғайды.

толық шығынға баға белгілеу (full cost pricing) Баға қою практикасы. Оған сәйкес өндірістің қалыпты көрсеткішіндегі орташа шығынға дәстүрлі үстеме баға қосылады. Өндіріс көлемі төмен кезеңдерде нақты орташа шығын өндірістің қалыпты көлемі кезіндегі нақты орташа шығыннан асып түседі. Өйткені тұрақты шығын өндіріс көлемінің төмен деңгейіне таратылуға тиіс. Толық шығынға баға белгілеуге қатысты бір аргумент: фирма өндірістің жалпы көлемін және кейбір шығындарын

білмей тұрып, өз өнімдерінің көп бөлігіне баға белгілеуге тиіс. Бұл жағдайда толық шығынға баға белгілеуді қолдану өзіндік құннан төмен баға қою қатерін азайтады.

топтар арасындағы бағалау (between-groups estimator) Панельдік деректері бар сызықтық регрессиядағы параметр векторын бағалау *қарапайым ең кіші квадраттарды бағалау деп аталады. Ол кросс-секциялық бірліктер үшін уақыттың орташа мәні деректерін қолданады. Жиынтық деректердегі қарапайым сызықтық регрессия жүйелі болса, онда топтар арасындағы бағалау да жүйелі, алайда ол *жалпыланған ең кіші квадраттарға қатысты тиімсіз болады. Сондай-ақ ПАНЕЛЬДІК ДЕРЕКТЕР; ТОП ШІНДЕГІ БАҒАЛАУДЫ қараңыз.

топтық (когорталық) зерттеу (cohort study) Белгілі бір кезең ішінде ортақ тәжірибесі не сипаты бар адамдар тобын ұзақ мерзімде зерттеу формасы. Мысалы, бір күнде немесе белгілі бір кезеңде тұрған адамдар тобы жасы бойынша когорта құрайды. Когорталық зерттеудің мақсаты – тәжірибенің топқа әсерін анықтау. Бұған қол жеткізу үшін салыстыру топтарын қалыптастыру қажет. Алынған топтар когорта таңдалған жалпы халықты немесе қарастырылмаған, бірақ өзге сипаты ұқсас адамдар тобын білдіреді. Сондай-ақ ПАНЕЛЬДІК ДЕРЕКТЕРДІ қараңыз.

торап теоремасы (turnpike theorem) Өсу теориясында әл-ауқатты оңтайландыратын немесе барынша арттыратын экономиканың өсу жолдарының сипаттамасы. Торап – ортағасырда Англиядағы жолдардың атауы болған. Ол жолға қол жеткізу саяхатшыларға даму үшін бір жағына қарай ауытқуға мүмкіндік берген жүзді ұштыққа (найза түрі) сарбаздар бақылау жасаған

деген деректен алынды, атау қалалар арасындағы ең жылдам қозғалысты қамтамасыз ететін АҚШ-тағы негізгі тас жолдар үшін қабылданды.

тосын инфляция (unexpected inflation) Қарқыны күтілгеннен жоғары немесе төмен болатын *инфляция. Жалақы туралы келісімдер мен несие шарттарын жасағанда инфляцияның күтілетін деңгейі ескерілсе, онда күтілгеннен асатын инфляция қызметкерден жұмыс берушілерге немесе кредит берушілерден қарыз алушыларға сатып алу қабілетін береді; күтілгеннен төмен инфляция жұмыс берушілерден қызметкерлерге немесе қарыз алушылардан кредиторларға сатып алу қабілетін береді.

тосын ұтыс (windfall gain) Күтілмеген қосымша табыс. Мысалы, алыс туысынан мұра алу немесе лотерея ұтысы. Сол сияқты тосын пайда фирма табысының да күтпеген жерден өзгеруі. Тосын ұтыс/пайда көбінесе салық салу үшін жақсы мақсат деп тұжырымдалады, өйткені оларға салынатын салық бұрмалаушы емес.

«тот басқан» белдеу (rust belt) Питсбургтен Сент-Луиске дейін созылатын АҚШ-тың дәстүрлі, бірақ құлдырап келе жатқан ауыр өнеркәсібінің үлкен көлемі шоғырланған аумағы. «Тот басқан» белдеу жоғары деңгейде моральдық *тозудан және экономикалық белсенділіктің оңтүстік және батысқа жылжуына ықпал етуші еңбек күшінің салыстырмалы түрде күшті бірігуінен зардап шегеді. «Тот басқан» белдеу бөліктері халық санының азаюы мен қалалардың айтарлықтай құлдырауына ұшырады. Мысалы, Детройт қаласында халық саны ең көп болған 1950 жылдан 2012 жылға дейін 62 пайызға азайды.

төлем балансы (balance of payments) 1. Белгілі бір кезеңдегі, көбінесе бір жыл ішіндегі бір елдің өзге елдермен арадағы экономикалық транзакциялары туралы жалпы мәлімдемесі. Төлем балансы кестесінде әлемнің басқа елдерінен алынған және шетелде жұмсалған сомалар көрсетіледі. *Ағымдағы есеп экспорт пен импортты қамтиды. Импортқа көрінетін сауда және туризм секілді қызметтерге жұмсалатын шетел экономикасына кеткен шығын жатады. Бұған сондай-ақ шетелдегі мүліктен табыс түсімі және шетелге мүлік табысы аударымдары, сондай-ақ халықаралық аударым, яғни сыйлықтардың түсімі мен төлемдері кіреді. Төлем балансының *капитал есебіне ішкі және сыртқы *тікелей шетелдік инвестициялар, сондай-ақ резиденттердің шетелдік бағалы қағаздарды, ал резидент еместердің жергілікті бағалы қағаздарды сатуы мен сатып алуы кіреді. Төлем балансындағы үшінші элемент – ресми *шетел валютасы қорындағы өзгерістер. Сондай-ақ ҚАРЖЫ ЕСЕБІН қараңыз.

2. Кез келген төлем санаты бойынша жиынтық түсім мен шығын арасындағы айырма. Жалпы төлемдер, валюта қорындағы өзгерістерді қосқанда, теңгеру жүргізуге тиіс, бірақ бұл ешқандай төлем санатына қатысты емес. Ағымдағы есеп бойынша төлем балансы – ағымдағы есеп бойынша жиынтық түсім мен шығын арасындағы айырма: түсім шығыннан артық болса, ағымдағы есепте профицит болады, ал шығын түсімнен артық болса – дефицит туындайды. Капитал есебі бойынша төлем балансы – басқа елдермен арадағы капитал транзакциялары бойынша түсім мен шығын арасындағы айырма. Түсім бағалы қағаздарды немесе нақты капитал активтерді резидент еместерге сатудан түседі; ал шығын резидент еместерге несие беру немесе шетелден жылжымайтын мүлік сатып

алудан туындайды. Валюта қорларының өзгеруі ағымдағы және капитал шоттарындағы профициттер қосындысына тең. Төлем балансындағы проблема немесе дағдарыс төлем балансының жағдайы тұрақты емес дегенді білдіреді. Бұл валюта қорларының саркылуына немесе шетелдік кредиторлар несиені көбірек беру үшін өз несиесінің қауіпсіздігіне алаңдамайынша ұзақ кезеңге созылуы мүмкін емес мөлшерлемелі бойынша шетелден қарызға алу есебінен ғана олардың сақталып тұруына байланысты болуы мүмкін. *Төлем балансындағы дағдарыс проблемадан тек қана валюта қоры немесе қарыз алу қабілеті таусылуы жақындап келе жатқан жылдамдық бойынша ғана ерекшеленеді. Проблема қандай да бір сәтте іс-қимылды талап етсе, дағдарыс дереу іс-қимылды талап етеді.

төлем балансы қисығы (BP curve) *IS-LM моделіндегі төлем балансы тепе-теңдігін бейнелейтін қисық. *BP* қисығы *IS* және *LM* қисықтары бейнеленген диаграммаға сызылады. Ол жалпы төлем балансы тепе-теңдікте болатын *Y* (*жалпы ішкі өнім) және *r* (пайыздық мөлшерлеме) комбинацияларын көрсетеді. Бұл ағымдағы және капитал есебіндегі төлем балансы нөлге тең екенін білдіреді. *Y* неғұрлым жоғары болған сайын ол ағымдағы есеп дефицитін туырады. Ал *r* неғұрлым жоғары болған сайын ол капитал есебінің профицитіне әкеледі. Бұл кезде *BP* қисығы жоғары көлбейді. Халықаралық капитал мобильдігі жоғары болса, онда *BP* қисығы *LM* қисығына қарағанда тегіс немесе түзу келеді.

төлем балансындағы дағдарыс (balance-of-payments crisis) *Төлем балансы тұрақсыз болғанда дағдарыс орнайды. Бұл *шетелдік валюта қорлары жылдам азайып жатқанын немесе келесі

қарыз алуда қиындық тудыратын деңгейдегі шетелдік қарыз көрсеткіші бар деген сөз. Төлем балансындағы дағдысты ағымдағы есеп бойынша төлем балансын жақсарту, ішкі іс-әрекетті рецессиялау немесе *девальвация жолымен еңсеруге болады. Оны еңсерудің балама жолына *капиталдың сыртқа кетуіне жол бермейтін және елге капитал кіруін ынталандыратын саясаты қабылдау жатады. Сондай-ақ ағымдағы есеп балансын жақсартуға мүмкіндік беру үшін шетелден несие алуға болады.

төлем ведомості (payroll) Компания қызметкерлерінің немесе оларға төленген сома тізімі.

төлем матрицасы (pay-off matrix) Екі ойыншы ойынындағы әр ойыншыға төлемдерді көрсететін матрица. Әдетте «бір қатардағы ойыншы» қол жеткізе алатын стратегиялар матрицаның сол жағында және «бағандағы ойыншы» қол жеткізе алатын стратегиялар матрицаның үстінде көрсетіледі. Ойыншы қатарына және ойыншы бағанына арналған стратегияны таңдау матрицаның ұяшығын бірегей түрде анықтайды. Төлем матрицасындағы әр ұяшықта екі сан бар. Сол жақтағы нөмір – қатардағы ойыншының жетістігі және оң жағындағы нөмір – бағандағы ойыншының пайдасы. Осы сипаттамаға сәйкес төлем матрицасы төменде көрсетілген. Бір ойыншыға *нөлдік төлем сомасы бар ойынның ерекше жағдайында, бір ойыншыға берілетін төлем екіншісіне берілетінге тең немесе керісінше, сондықтан екі таңдаудың біреуін айқын көрсету керек.

төлем одағы (payments union) Екі немесе одан көп елдің *шетел валютасы қорларын шоғырландыру жөніндегі келісімі. Мұның артықшылығы – олар

сақтауға қажет жалпы резервтерді азайтады және олардың қорға әсеріне алаңдамай бір-бірімен еркін сауда жасауға мүмкіндік береді. Қолайсыздығы – олардың ақша-несие саясатын біріктірілген орталық банкке тапсыруы немесе келісілген ақша-несие саясатын келісуі қажет. Бұл жасалмаса, жеке және топтық ынталандыру арасында ықтимал қақтығыс болады.

Төлемдер және нарық инфрақұрылымы комитеті (Committee on Payments and Market Infrastructure) *Халықаралық есеп айырысу банкінің тұрақты орталық банк комитеті. Бастапқыда *үлкен ондықтың орталық банктерін қамтыды. 2009 жылы басқа мүшелерді қатарына қосып, орталық банктердің санын 25-ке жеткізді. Комитет бірінші кезекте төлемдердің тиімділігі мен тұрақтылығы, клиринг, есеп айырысу және ақша-несие саясатына қатысы бар қаржы нарықтарына олардың байланысы мәселелерімен айналысады. 2014 жылдың 1 қыркүйегіне дейін ол Төлем және есеп айырысу жүйелері комитеті ретінде белгілі болды.

төлемді бақылау (pay control) *Баға және табыс саясатының бөлігі ретінде жалақы мөлшерлемелерін бақылау. Әртүрлі жалақы мөлшерлемесі болғандықтан, бақылаушы орган оларды бірінші қағидалардан анықтай алмайды: төлемді бақылау, әдетте белгілі бір пайыздық шекті өсімді немесе белгіленген мөлшерлемедегі кейбір өсімді бақылаумен шектелді. *Төлемді тоқтату – көзделген өсу қарқыны нөлге тең болғанда төлемді бақылаудың ерекше радикал формасы.

төлемді тоқтату (pay freeze) *Баға және табыс саясатының бөлігі ретінде енгізілген жалақы мөлшерлемесі деңгейіндегі жалпы тоқтату. Бұл уақытша

болуы мүмкін. Тоқтату кезінде жалақы мөлшерлемесі құрылымы ауытқуды (тоқтату алдындағы кезеңдегі *жалақы-баға спиралінің нақты уақытына байланысты) өзгертуге әкелуі мүмкін. Сонымен қатар жалақы құрылымы экономикадағы әдістер мен күйдің өзгеруіне тұрақты түрде бейімделуді қажет етеді.

төленетін зейнетақы (pay-as-you-go pension) Зейнеткерлерге зейнетақы ағымдағы жарналардан төленетін зейнетақы тәсімі. Төлемді қызметкерлерден зейнеткерлерге тікелей аударуды көздейді. Зейнетақы тәсімінде ешқандай актив жоқ және қаражат ағынын тәсімдегі ақша ағынына сәйкес келуге тиіс. Керісінше, *толық қаржыландырылған зейнетақы тәсімімен қазіргі зейнетақы зейнеткерлердің еңбекақысынан немесе олардың жұмыс берушілерінің жинақталған қорынан төленеді. Мемлекет төленетін зейнетақы тәсімінен бастаса, жинақтаушы тәсімге өтуі қиын болады, өйткені жұмыс өтілі өтпелі кезеңде құлдырайтын адамдар алдыңғы буынға зейнетақы төлеуге бір рет төлеп, қайтадан өз зейнетақысын төлеуге арналған қор құруға тиіс.

төлеу қабілеті (ability to pay) Бұл принцип кез келген *салық оны төлей алатын адамдарға жүктелуге тиіс дегенді білдіреді. Іс жүзінде төлеу қабілетін есепке алу салық төлемдері салық төлеушілердің бақыланатын кірісі немесе активтерімен бірге ұлғаятынын білдіреді. Негізінде, *табыс табу қауқары да ескерілуі керек. Төлеу қабілеті өлшеміне қатысты негізгі қарсылық – табыс табу қауқары бақыланбайтынында және табысқа салық салу жұмысқа деген ынтаны азайтатынында жатыр. Алайда салық төлеуге қабілетсіздерден салық жинау көп кездесе бермейді, қымбатқа түседі әрі кейде мүмкін емес.

Төлеу қабілеті – қандай да бір мемлекеттік шығыннан пайда көретін адамдарға ғана салық салынуға тиіс деп санайтын *пайда принципіне балама. Үкімет *қоғамдық игілік пен *табысты қайта бөлу үшін салық төлеуді талап етеді. Қазіргі заманғы қоғамды басқару үшін қажет табыс деңгейін ескере отырып, салық салуда төлеу қабілеті критерийін қолдану сөзсіз маңызды.

төлеу қабілеті (solvency) Фирманың не тұлғаның өз міндеттемесінен асатын активтерді иеленуі. Активтер қолма-қол қаражат немесе нарықтағы бағалы қағаздар болатын жағдайда фирма не тұлға төлеуге қабілетті екені айқын болады. Өзінің төлеуге қабілетті емес екенін біле отырып саудаға салу қылмыс, бірақ активтер нарықтан тыс болса, онда төлеуге қабілет туралы мәселе айтарлықтай дәрежеде сот арқылы шешіледі. Жеке тұлғалар келешектегі табысынан өтейтініне сүйене отырып, *кепілсіз несие алуы мүмкін. Компаниялар төлеуге қабілетсіз болғанда мерзімінен бұрын тарауға мәжбүр болады, олар көбінесе табысты сауда жасап өзінің барлық қарызын өтейді. Мұндай жағдайларда активтер сатуға болмайтын, бірақ жұмыс істейтін компания ретінде ұстаса, табыс алып келуі мүмкін *патенттерден, *ноу-хау немесе байланыстардан құралады.

төлеуге дайындық (willingness to pay) Экономикалық агент белгілі бір тауарды немесе қызметті сатып алу үшін мүмкін максимал соманы төлеуге дайын болуы. Төлеуге дайындық – жеке ақпарат, бірақ оны *анықталған қалау немесе *шартты бағалау әдістерін пайдалана отырып алуға болады.

төмен көлбеу сұраныс қисығы (downward-sloping demand curve) Баға өскен

кезде сұратылған көлем азаятынын көрсететін сұраныс қисығы. Сұраныс қисығының әдетте төмен көлбейтін сипаты бар, бұл сұранысқа жүргізілген эмпирикалық зерттеулер нәтижесіне сәйкес келеді. Бұл логикалық талап емес. *Гиффин тауарлары бар болуы теория жүзінде мүмкін. Мұндай тауарлардың оң кіріс әсері болады. Ол баға өсімінің балама теріс әсерін өтейді. Осылайша ол жоғары көлбеу сұраныс қисығын қалыптастырады. СҰРАНЫС ЗАҢЫН *да қараңыз.*

төменгі жолақ (bottom line) Қызметтен келген пайда немесе шығын. Бұл сөз пайда немесе шығын *есептің соңында көрсету дәстүрінен туындаған.

төменгі шек (floor) *Сауда циклі теориясында сауда циклінің құлдырау кезіндегі нақты ұлттық өнімнің ең төмен деңгейі. **ЖОҒАРҒЫ ШЕКТИ** *де қараңыз.*

төменгі шекті баға (floor price) Шикізат тауарларын тұрақтандыру схемасына мүмкіндік беретін ең төмен баға. Баға осы шектен төмен түспейтініне кепілдік берудің ең оңай жолы – тауарды ең төмен бағамен сатып алуға дайын болу: бұл тұрақтандырушы орган барлық ұсынылатын жеткізілімдерді сатып алу үшін жеткілікті қаражаты болған жағдайда ғана сәтті жүзеге асады. Екінші әдіс – нарықтағы баға ең төмен деңгейге жақындағанда ұсынысты шектеуге шара жасау.

төмендету (abatement) Белсенділік көлемін, дәрежесін немесе қарқынын азайту. *Қоршаған орта экономикасында төмендету ұғымы ластаушы заттарды шығаруды азайтуды сипаттайды. Техникалық төмендету ұғымы фирманың өндірістік қызметімен байланысты шаралар, яғни жаңа технология енгізу немесе ағымдағы технология мен

процестерді өзгертуге қатысты. Мінезқұлықтағы төмендету ұғымы тұтынушылардың тұтыну әрекетін немесе өмір салтындағы өзгерісті меңзейді. **ЛАСТАУДЫ АЗАЙТУ ШЫҒЫНЫН** *қараңыз.*

төраға (chairman) Комиссия мәжілістерінде төрағалық етуге сайланған немесе тағайындалған комитет не *директорлар кеңесінің мүшесі. Төрағаның көбінесе шешуші дауысы бар.

төрелік (arbitration) Дауларды екі тарап үшін қолайлы делдалдардың қарауына беру жолымен шешу жүйесі. Төреші (арбитр, төрелік етуші арбитр) тәуелсіз тұлға немесе құрамында екі тараптың да өкілдері және тәуелсіз төрағасы бар комитет бола алады. Төрелік көбінесе (дауларды арбитраж арқылы шешу) коммерциялық және еңбек дауларында қолданылады, өйткені әдетте ол *өндірістік дауларды сотта шешуге қарағанда жылдамырақ және арзан. Екі тарап заң немесе келісімшарт бойынша нәтижелерді қабылдауға мәжбүр болса, оның міндетті күші болуы мүмкін. Тіпті ол міндетті болмаса да, құқықтық немесе өндірістік дауларды шешу шараларын жасауға байланысты кідіріс, шығын және қатер зардабын шекпеу үшін тараптар нәтижені қабылдауы мүмкін. **МАЯТНИКТИК ТӨРЕЛІКТИ** *қараңыз.*

транзакция уәжі (transaction motive) Қаржыландыру транзакцияларын жүзеге асыру үшін ақшаны ұстау ықыласы. Қаржыландырылуға тиіс транзакциялар ағымдағы шот және капитал қозғалысының шоты бойынша төлемдерді қамтиды. Талап етілетін ақша сомасы – транзакцияның әр түрінің ұлғаймалы функциясы. Операциялар мен ақша қалдықтары арасындағы тіркелген қатынас жоқ; *несиені пайдалану қолма-қол есеп айырысу мерзімдерін

кейінге қалдыруға мүмкіндік береді және кейбір шығынды кассалық бюджеттеуді ұйымдастыру мен мұқият есепке алу есебінен ақша қаражатын үнемдеуге болады. Операцияларға қатысты қалаулы ұмтылыс пен қолма-қол ақшаның арақатынасы пайыздық мөлшерлеме мен күтілетін инфляцияның ықпал етуіне тәуелді болуы мүмкін. Сондай-ақ АҚШАҒА СҰРАНЫСТЫ *қараңыз.*

транзакция шығындары (transaction costs) Экономикалық айырбас жүргізу шығындары. Транзакция шығындарына практикалық мысалдары акциялармен келісім жасағаны үшін биржа брокеріне төленетін *комиссияны және концерт билеттерін сатып алу үшін броньдау төлемі жатады. Сапар шығыны және айырбасты аяқтау уақыты да – транзакция шығынына мысал. Транзакция шығыны болуы байқалып отырған көптеген экономикалық институттардың көбі үшін түсініктеме ретінде ұсынылды. Мысалы, өндірісті нарық арқылы келісімшарттар жасасу жолымен емес, фирмалар жүзеге асырады деп айтылды, себебі бұл транзакция шығындарын барынша азайтуға алып келеді. Транзакция шығындары, сондай-ақ нарық неліктен *сыртқы салдар мәселелерін шешпейтінін түсіндіру үшін пайдаланылады. Сондай-ақ КОУЗ ТЕОРЕМАСЫ; ТРАНЗАКЦИЯ ШЫҒЫНДАРЫ ТЕОРИЯСЫН *қараңыз.*

транзакция шығындары теориясы (transaction cost economics) Институттарды экономикалық түсіндіруде қолданылатын тәсіл. Бұл ретте фирманың ішінде және нарықты пайдаланатын әртүрлі фирмалар арасындағы операцияларды жүргізудің салыстырмалы артықшылықтары қарастырылады. Ол *шектеулі рационалдықты, ақпараттандыру мәселелерін, контракт жасасудағы

шығындары мен оппортунизмді есепке алады.

транзитив қатынас (transitive relation) $A R B$ және $B R C$ осылайша $A R C$ қатынасын білдіретін, R деп белгіленетін қатынас. « \Rightarrow » деп белгіленген тең және « \gg » деп белгіленген үлкенірек қатынастар транзитив болып келеді. Транзитив қатынас ең болмағанда әдеттегі тұтыну теориясының *аксиомасы секілді жақсы қабылданады.

Транс-Атлант мұхиты сауда және инвестиция серіктестігі (ТАМСИС) (Transatlantic Trade and Investment Partnership) (TTIP) *Еуропалық одақ пен АҚШ арасындағы сауда және инвестициялық мәмілелердің келіссөз сатысы. Мәміле мақсаты – Еуропадағы фирмалардың Еуропадан тыс нарықтарға неғұрлым кең қолжеткізуіне көмектесу, ЕО және АҚШ реттеуші органдарын экспорт ережелері мен стандарттарымен бірге жұмыс істеуге мәжбүр ету және, сайып келгенде, орнықты даму қағидаттарына сүйенетін импортты, экспортты және инвестицияны жеделдететін жаңа ережелер жиынтығын жасау.

трансмиссия механизмі (transmission mechanism) Секторлар, өңірлер немесе елдер арасындағы бөлінген табыстарды, бағаны, пайыздық мөлшерлемені және т.б. өзгеріс енгізу тәсілдері. Ол тауарлар мен капитал нарықтарының да, олардың арасындағы қатынастардың да жұмысын қамтиды. Мысалы, өнеркәсібі дамыған елдердегі серпіліс *нашар дамыған елдерге (НДЕ) бірнеше арна арқылы ықпал етеді: өндірістің неғұрлым жоғары көлемі олардың *сауда жағдайын жақсарту үшін НДЕ экспортының көлемін ұлғайтады және шикізат тауарларының бағасын арттырады, бірақ неғұрлым жоғары пайыздық мөлшерлеме

борышқор мемлекеттердің төлем балансын нашарлатады.

трансплантация (transplant) Экономикада өткен кездері елге импортталған, бірақ қазір елде өндірілетін өнім. Трансплантация әдетте шетелдік фирмалармен немесе отандық фирмалармен шетелдік жеткізушілермен ынтымақтастықта жүргізіледі. Олар ортақ, мысалы, автокөлік өнеркәсібінде кенінен таралған, онда америкалық және еуропалық фирмалар Бразилияда және басқа да *нашар дамыған елдерде өнім шығарады, ал жапон фирмалары АҚШ пен Еуропада өнім шығарады.

Транс-Тынық мұхит серіктестігі (ТТМС) (Trans-Pacific Partnership) (TPP) 2016 жылы қол қойған 12 мемлекет (Австралия, Бруней, Канада, Чили, Жапония, Малайзия, Мексика, Жаңа Зеландия, Перу, Сингапур, АҚШ және Вьетнам) арасындағы еркін сауда туралы келісім. Келісім ратификацияланғаннан кейін түгел дерлік өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы тауарларына тарифтер төмендетіледі немесе алып тасталады және кейбір салалардағы қызмет саудасы либералданады. 2017 жылы АҚШ ТТМС бойынша келіссөзден ресми түрде шықты, қалған 11 мемлекет процесті жалғастыруға ниет білдірді.

трансулттық корпорация (transnational corporation) МУЛЬТИҰЛТТЫҚ КОРПОРАЦИЯНЫ қараңыз.

трансфер баға белгілеу (transfer pricing) Кез келген ұйымның бір бөлігінің басқа ұйымды қамтамасыз ететін тауарлары мен қызметтерінің бағасы. Ол әсіресе фирмалар мен олардың филиалдары, еншілес компаниялар немесе басқа филиалдар арасындағы операцияларға қатысты қолданылады. Сондай-ақ ол

бір бизнестің түрлі бөліктері арасындағы жалпы пайданы орналастыру үшін, сәйкесінше, пайдаланылатын трансфер баға көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. Салық мөлшерлемелері мен ережелері түрлі елде ерекшеленгенде тиімді болуы мүмкін. Басқа елдегі тең пайдаға қарағанда, бір елдегі пайдаға реттеуші органдардан сын айтылса немесе көбірек назар аударылса, саяси тұрғыдан тиімді болуы мүмкін. Ұқсас өнімдердің бәсеке нарығы болғанда реттеуші орган трансфер баға манипуляциясын анықтау үшін тиісті трансфер бағаны айқындауы және пайдалануы мүмкін. Салыстырмалы транзакциялар үшін *нарық орнататын баға болмағанда әділ трансфер бағаны айқындау – нақты мәселе.

трансфер табыс (transfer earnings) Кез келген *өндіріс факторын үздік балама пайдаланудан күтуге болатын сома. Кірім факторларына қол жеткізу үшін сала факторларға кем дегенде трансфер табыс төлеп отыруы қажет. Факторларға сұраныс жоғары болса, бәсеке жұмыс берушілерді олардың трансфер табысынан артық төлеуге мәжбүрлеуі мүмкін; қосымша төлемдер – *экономикалық рента болады.

трансфер төлемдер (transfer payments) Ағымдағы фактор қызметтерімен қамтамасыз еткені үшін қайтарым болмайтын табыстарды төлеу. Көптеген елде мемлекет әсіресе зейнеткерлерге, мүгедектерге және жұмыссыз адамдарға ірі ауқымды трансфер төлемдерді жүзеге асырады. Мемлекеттер сондай-ақ трансфер төлемдерді шетелдерде жүзеге асырады. Кейбір трансфер төлемдерді, сондай-ақ жеке қайырымдылық ұйымдар жүзеге асырады. Трансфер төлемдер *ұлттық өнімнің бөлігі емес; атауы айтып тұрғандай, олар жай ғана бір адамдар

тобынан екіншісіне сатып алу қабілетін береді.

трансформация (transformation) ТРАНСФОРМАЦИЯНЫҢ ШЕКТІ НОРМАСЫ; ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫ қараңыз.

трансформация қисығы (transformation curve) ӨНДІРІС МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕГІН қараңыз.

трансформацияның шекті нормасы (marginal rate of transformation) Жалпы кірім саны тұрақты болуын қамтамасыз ете отырып, бір шығым мөлшері кішігірім көлемге азайтылған бірлікке азайтылған болса, онда бірінші шығым – ұлғайтылуы мүмкін шама. Трансформацияның шекті нормасы фирма, сала өнеркәсібі, ел немесе дүниежүзі деңгейінде есептелуі мүмкін. Ол *балама шығынды өлшейді және *өндіріс мүмкіндіктері шегінің градиентімен анықталады. Өндіріс мүмкіндіктері шегі $G(X, Y) = 0$ ретінде айқын емес анықталса (мұнда $G(X, Y)$ дифференциал), онда трансформацияның шекті нормасы былай анықталады:

$$MRT_{X,Y} = \frac{\partial G}{\partial X} / \frac{\partial G}{\partial Y}.$$

транш (tranche) Облигацияларды орналастыру шеңберіндегі *облигациялардың ерекше класы. Облигациялар қатер дәрежесіне қарай транштарға бөлінген.

тренд циклінің жіктелуі (trend-cycle decomposition) Ұзақмерзімді қозғалыс немесе *тренд әдетте *экономикалық цикл және *маусымдық құрамдастармен байланысты қысқа кезеңдер ішіндегі вариациядан жіктелетін *уақыт қатары деректерін талдау тәсілі. Бұл тәсіл экономикалық айнымалылардың ұзақмерзімді және қысқамерзімді өзгерістері түрлі күштерге байланысты

деген идеяға сүйенеді. Тренд циклі жіктелуінің нәтижесі эконометриялық модельді таңдауға сезімтал.

тренинг (training) Жұмыс күшінің білігін арттыру, жақсарту процесі. Ол жұмыс берушілер немесе оқу орындары қамтамасыз ететін ресми оқу бағдарламалар көмегімен жұмысқа алғанға дейін немесе жұмыспен қамту кезінде өткізілуі мүмкін. Мұндай бағдарламалар толық немесе жарты күндік болады. Сондай-ақ тренинг анағұрлым тәжірибелі қызметкерлердің бақылауымен жұмыс істей отырып, жұмыс орнында өткізілуі мүмкін. Фирмалардың көбі екі әдісті де ұсынатын тренингті пайдаланады. Жалпы тренинг, мысалы, кез келген жұмыспен қамту нысанында қызметкердің есептеу дағдыларын арттырып, икемін жақсартады. Арнаулы тренинг арнайы жабдықтарды пайдалану саласында қолданылады, тренингті өткізетін фирма қызметкерінің ғана біліктілігін арттыруға бағытталады. Сондай-ақ ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ТРЕНИНГТІ қараңыз.

триллион (trillion) Мың миллиард = миллионның миллионы = АҚШ-та және қазіргі британ жүйелерінде 10¹²; дәстүрлі британ жүйесінде 10¹⁸.

тропик орман (rainforest) Жауын-шашыны көп тропик ормандар аймағы. Экологтар тропик ормандарға биоэралуандықтың қайнар көзі ретінде және үлкен көлемдегі көміртек диоксидін сіңіруші рөліне байланысты алаңдайды. Ғылыми деректер тропик ормандардың жойылуы атмосфера құрамындағы көмірқышқыл газының артуына, сәйкесінше, *парник газдары мен *ғаламдық жылынудың артуына әкеп соқтыруы мүмкін екенін меңзейді. Бұзылу, сондай-ақ қатты эрозия мен өзеннің

төменгі ағысындағы сиреп қалған тропик орман аймағында жаңбыр суы жиналуын тудырады.

ТТТ (РАУЕ) ТАБЫСТАН ТӨЛЕУДІ қараңыз.

туынды сұраныс (derived demand) Өндіріс процесінде ресурстарға салынған сұраныс. Бұл сұраныс өндірілетін тауар немесе қызмет көлеміне тәуелді болады. Сонымен қатар туынды сұраныс кірім бағасына және басқа да балама немесе қосымша ресурстардың бағасына тәуелді. Басқа ресурстар жақсы балама ресурс болса, онда туынды сұраныстың икемділігі жоғары болуы мүмкін. Ал басқа ресурстар әлсіз балама ресурс болса, әсіресе ресурсқа жалпы шығынның аз ғана үлесі тисе, онда туынды сұраныстың икемділігі төмен болуы мүмкін.

туынды, дериватив (қаржы) (derivative) (financial) Құны кейбір базалық активтің нақты немесе күтілетін бағасынан туындайтын сатуға жарамды бағалы қағаз түрі. Деривативтер фьючерс келісімшарттарды, қор нарығы индекстеріне фьючерстерді, *опциондар мен своптарды қамтиды. Деривативтер қатерді азайту немесе алыпсатарлық үшін хедж ретінде қолданылады. Деривативтер нарығы – *Лондон халықаралық қаржы және опциондар биржасы секілді деривативтер сатылатын нарықтың бір түрі.

тұзақ (trap) ӨТІМДІЛІК ТҰЗАҒЫ; КЕДЕЙЛІК ТҰЗАҒЫН қараңыз.

тұйық циклді тепе-теңдік (closed-loop equilibrium) Ойыншылар бұрынғы шешім түйіндерінде қарсыластардың стратегиялық таңдауы туралы хабардар болатын көп сатылы ойындағы тепе-теңдік. Ресми түрде, барлық бұрынғы ойындар әр кезеңнің басында

*жалпыға мәлім ақпарат саналады. Тұйық циклді тепе-теңдікте ақпарат құрылымы шешім қабылдау торабында ойыншының таңдау жасауына мүмкіндік береді. Бұл қарсыластары осы сәтке дейін ойынды қалай ойнағанына байланысты. Сәйкесінше, ойын кезеңдерінде прогресс болса, стратегиялық таңдаулар дамиды. Саяси ойындарда бұл жағдайға қарай шешілетін іс деп аталады. Бұл басқа ойыншылардың алдыңғы таңдауы бақыланбайтын *ашық циклді тепе-теңдік идеясына қайшы.

тұлғааралық салыстыру (interpersonal comparisons) Екі адамның әл-ауқатын салыстыру. Адамның әл-ауқаты *пайдалылық функциясымен өлшенеді. Пайдалылық қарапайым болуы мүмкін, сондықтан ол талғамсыздық қисықтарының саны ғана. Қарапайым пайдалылық функциясын оның f өзгерісін өзгертпей, кез келген монотонды ұлғайтуға болады: U функциясының бастапқы функциясы және $U^* = f(U)$ түрлендірілген пайдалылығы балама болады. U бастапқы пайдалылық функциясы тек аффинді трансформация кезіндегі $U^* = a + bU$ түрлендірілген функциясына тең болғанда пайдалылық функциясы – негізгі. Негізгі пайдалылыққа бір мысал: күтілетін пайдалылық функциясы. Салыстыруға келмейтіні түрлі тұтынушыларға түрлі түрлендіруді қолдануға болатынын білдіреді. U^1 – 1-тұтынушының, ал U^2 – 2-тұтынушының пайдалылық функциясы болсын. f^1 және f^2 арасындағы қатынасыз, f^1 және f^2 U^2 түрлендіруіне қолданылуы мүмкін, сондықтан f^1 пен f^2 қолайлы таңдау бастапқы және қайта құрастырылған пайдалылықтың U^1 (яғни $U^1 > U^2$ айналады $f^1(U^1) < f^2(U^2)$), сондықтан пайдалы ақпарат әлеуметтік қамсыздандыру рейтингін қамтамасыз етпейді. Пайдалылық функцияларына қолданылатын конверсия шектеулі

болғанда пайдалылық салыстырылады. Ретті пайдалылықпен салыстырудың жалғыз формасы – реттік деңгеймен салыстыру: бір түрлендіру барлық тұтынушылардың да пайдалылық функцияларына қолданылуға тиіс. Егер $U^1 \geq U^2$ болғанда f арқылы түрлендірілгенде ол $f(U^1) \geq f(U^2)$ болуы керек: түрлендіру түрлі тұтынушылар арасында пайдалылық рейтингін сақтайды. Пайдалылықтың базалық функциялары негізгі болса, онда салыстырудың екі маңызды түрі бар. Негізгі блоктарды салыстыру үшін түрлендіру кезінде тұрақты көбейту пайдалылығы барлық тұтынушылар үшін бірдей болуы керек, бірақ қосылған тұрақты өзгеше болуы мүмкін. Екі тұтынушы үшін түрлендірілген пайдалылық $U^{1*} = a_1 + bU^1$ және $U^{2*} = a_2 + bU^2$ болады. Бұл түрлендіру бір тұтынушының пайдасын басқа тұтынушының шығынына қатысты өлшеуге мүмкіндік береді. Негізгі толық салыстыру түрлендіру кезінде екі тұтынушы үшін де бірдей болатын a тұрақтысын қосымша шектейді. Барлық тұтынушылар үшін түрлендірілген пайдалылық $U^{h*} = a + bU^h$ болады және пайдалылықтың өзгерістерін де, пайдалылық деңгейлерін де салыстыруға болады. Сондай-ақ ЭРРОУДЫҢ МҮМКІН ЕМЕСТІК ТЕОРЕМАСЫ; ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ФУНКЦИЯСЫН қараңыз.

тұмша (smog) Классикалық тұмша – көмір жағу нәтижесінде пайда болады және түтін мен күкірттің қос тотығы қоспасы себебінен туындайды. Фотохимиялық тұмша – көлік құралдары пайдаланылған көмірсутек пен азот оксидтерін шығаруы себебінен туындайды. Түтін мен тұман қоспасы ұқсастығынан аталған тұмша денсаулыққа зиян келтіреді. Лондондағы 1952 жылғы Ұлы тұмша шамамен 4 000 адамның өліміне және тағы бірнеше

мың адамның денсаулығына зиян келуіне себеп болды. Тұмша әдетте бетке жақын ластаушы өнімдерді сезіну температурасы өзгеруге бейім қатты урбандалған аудандарда туындайды. Айқын және көзге түсетін тұмша – теріс *сыртқы салдарға мысал.

тұрақтандыру саясаты (stabilization policy) Ауытқуларды азайту үшін экономикалық саясатты пайдалану. Бұл нақты табыс, жұмыссыздық, инфляция мен валюта бағамының ауытқуын немесе нақты тауарлар бағасының ауытқуын азайту үшін макроэкономикалық деңгейде қолданылуы мүмкін. Жүйе стохастикалық *шоқтарға болжанған дәрежеде ұшыраса, тұрақтандыру саясаты олардың алдын ала немесе өтей отырып әрекет етуі мүмкін. Шоқтарды уақыт кідіруінсіз болжау не өтеу мүмкін болмағанда кейбір ауытқулар сөзсіз орын алады және тұрақтандыру саясаты тек оларды азайтуға немесе олардың жағымсыз салдарын жеңілдетуге бағытталуы мүмкін.

тұрақты айырбас бағамы (fixed exchange rate) Ел валютасының айырбас бағамы тұрақты болатын жүйе. Әдетте ел валютасы мен қандай да бір басқа валюта немесе валюта қоржыны арасындағы айырбас бағамы тұрақты номинал құны айналасында ауытқудың шағын диапазоны шегінде болады. Тұрақты айырбас бағамындағы шағын айырмашылықтарды ұстап тұру үшін елдің шетел валютасы нарығында интервенциялар үшін пайдаланылатын жеткілікті *шетел валютасы қоры болуы талап етіледі. Монетарлық және фискалдық саясат осы айырмашылықтарды азайтуда қарқынды қолданылады.

тұрақты әсер (fixed effects) *Панельдік деректердің регрессия моделі, онда бақыланылатын гетерогендік көлденен

қиманың әр бірлігі үшін уақыт бойынша тұрақты (топтық тіркелген әсерлер) немесе әр уақыт кезеңінде барлық бірліктер үшін тұрақты (уақытша тіркелген әсерлер) деп болжанады. Бұл бақыланбайтын әртектілікті байқаудан орташа мәнді (бірінші және екінші бірлік уақытында) шегеру арқылы немесе соңғы жағдайда бірінші немесе уақыт кезеңіндегі көлденең қиманың бірлігін көрсететін екілік айнымалы мәндерді енгізу жолымен жойылуы мүмкін. **ТОПТАР АРАСЫНДАҒЫ БАҒАЛАУ; КЕЗДЕЙ-СОҚ ӘСЕРЛЕРДІ қараңыз.**

тұрақты баға (constant prices) Тізбекті кезеңдерде фирманың немесе экономиканың өндіріс көлемін бағалау үшін пайдаланылатын жалпы баға жиынтығы. Кәсіпорынның немесе экономиканың нақты қызметіндегі өзгерістер оның нақты жұмсаған ресурстарын және өндірген өнімдерін жыл сайын бір тұрақты бағамен бағалау жолымен өлшенеді. Пайдаланылатын баға белгілі бір күнге немесе белгілі бір кезеңдегі орташа бағаға қатысты болуы мүмкін.

тұрақты валюта (hard currency) Басқа валюталарға айырбасталатын және басқа валюталар тұрғысынан қарағанда құны тұрақты болып қалатын немесе артатын валюта. Тұрақты валюталар жекеменшік байлықты немесе ұлттық валюта резервтері ретінде сақтау үшін тартымды. Сондай-ақ **ЖҰМСАҚ ВАЛЮТАНЫ қараңыз.**

тұрақты емес кіріс (transitory income) Жеке тұлғаның нақты (ағымдағы) табысы мен оның тұрақты табысы арасындағы айырмашылық.

тұрақты жағдай (steady state) Экономикада кейбір сипаттар уақыт өткен сайын өзгермейтін серпінді экономика жағдайы. *Неоклассикалық

экономикада бұл *капитал мен еңбектің тұрақты арақатынасы бар мемлекет. Атап айтқанда, бұл өндіріс көлемі мен халықтың жан басына шаққандағы тұтынуы тұрақты дегенді білдіреді, ал негізгі капитал, өндіріс пен тұтыну деңгейі халық санының өсу қарқынымен тұрақты жағдайда артуы.

тұрақты кіріс (permanent income) Тұтынушы күтетін және жоспарлаған өмір сүру ұзақтығының құрамдас бөлігі. Бұл тұтынушының жеке және адам капиталы арқылы анықталады, өйткені бұл факторлардың екеуі тұтынушының өмір бойы кіріс табу қабілетіне әсер етеді. Күтілмеген және/немесе жоспарланбаған табыстың кез келген бөлігі *тұрақты емес кіріс саналады. *Тұрақты кіріс гипотезасы тұтыну тұрақты табыстың тұрақты бөлігі екенін («тұтынуды тегістеу» процесі) және табыстың уақытша өзгеруі ұзақмерзімді кезеңдегі ақша жұмсау мінез-құлқына әсер етпейтінін болжайды.

тұрақты кіріс гипотезасы (permanent income hypothesis) Тұтыну деңгейі *тұрақты кіріс деңгейіне байланысты дейтін гипотеза. Тіпті табыс ағыны болмаса да, тұрақты кіріс гипотезасы идеясы тұтыну ағынының уақыты тегіс болатынын көрсетеді. Екінші жағынан, кірісті тұрақты компонент пен өтпелі компонент ретінде қарастыруға болады. Тұтыну уақытша компоненттің өзгеруіне емес, тұрақты құрамдас өзгерістерге ғана жауап береді.

тұрақты өндіріс факторлары (fixed factors) Талданатын уақыт кезеңі ішінде саны өзгеруі мүмкін емес өндірістің кез келген факторлары. Қысқамерзімді перспективада тұрақты өндіріс факторларының саны ортамерзімді перспективаға қарағанда көп болады. Мысалы, жұмыс күшінің саны және капиталды

пайдалану қарқыны қысқамерзімді перспективада өзгеруі мүмкін, ал капитал жабдықтардың саны ортамерзімді перспективада өзгереді, бірақ капитал мен жұмыс күшін орналастыруға арналған фабриканың ауқымы ұзақмерзімді перспективада ғана өзгереді. Ұзақмерзімді перспектива дегеніміз – өндірістің барлық факторлары ауыспалы болатын уақыт кезеңі.

тұрақты өнім (sustained yield) Кез келген пайдаланылатын *табиғи ресурстардың келешек өнімділігіне нұқсан келтірмей, шексіз тұрақты жалғасуы мүмкін өндіріс деңгейі. Бұл қамтылған ресурстардың өндірістік әлеуетін азайтатын немесе жоятын шектен тыс өңдеу мен ресурс өндіруге қарсы қойылады. Мысалды жақсы тәжірибе топырақты жақсарта алатын, ал шектен тыс егіс немесе жайылым оған зиян келтіретін ауыл шаруашылығында; ағаштарды тұрақты кесу циклі мен өсімдікті қайта егу тұрақты болатын орман шаруашылығында немесе шамадан тыс балық аулау асыл тұқымды қорларды жоятын шектеулі өнімнің шексіз жалғасуы мүмкін балық шаруашылығында кездестіруге болады. Сондай-ақ **САРҚЫЛАТЫН РЕСУРСТАР; ЖАҢАРТЫЛАТЫН РЕСУРСТАРДЫ қараңыз.**

тұрақты түгендеу әдісі (perpetual inventory method) Елдің жиынтық *капитал қорын бағалаудың өткен жылдың әр нақты инвестиция деңгейіне сүйенетін әдістемесі. Инвестиция ғимараттар, машиналар мен жабдықтар, сондай-ақ көлік құралдары сияқты өндіріс құралдары түрлеріне қарай жіктеледі. Капиталдың әр түрі үшін әртүрлі тауарлардың болжамды ресурстарына сүйенетін жыл сайын тиісті *есептен шығару мөлшерлемесі қолданылады. Ағымдағы жарғылық капитал осындай жолмен өткен инвестициялар

қосындысына тең деп есептеледі. Үздіксіз түгендеу әдісі экономикадағы түрлі өндіріс құралдарының нақты деңгейін тікелей өлшеу әрекетіне қарсы қойылады.

тұрақты шығын (fixed cost) Ағымдағы өндіріс деңгейіне байланысты емес жалпы шығынның бір бөлігі. Тұрақты шығын қысқа мерзімде өндіріс деңгейіне әсер етпейді, алайда ұзақ мерзімде өзінің тұрақты шығынын өтей алмайтын фирма төлеуге қабілетсіз болады және нарықтан шығып кетеді.

тұрақты ЭКЮ (hard Ecu) Бастапқыда еуропалық валюталар пакетіне тең болатын, бірақ кейіннен кез келген мүше елдің валютасына қатысты девальвацияға ұшырамайтын *Еуропадағы валюта бірлігін (Ecu) туралы ұсыныс. Бұл ұсыныс ЭКЮ-ді тұрақты валюта қатарына кіргізеді, кем дегенде валютасы тұрақты мүше елдің валютасы секілді және басқа елдердің валютасына қарағанда тұрақтырақ етеді. Сондай-ақ бұл валюта және осы валютамен алынған қарыздар жеке инвесторларға актив ретінде, ал мемлекеттік билік органдарына валюта резервтерінің формасы ретінде тартымды болар еді. Тұрақты ЭКЮ тұжырымдамасы *еуроны қабылдаған соң ауыстырылды.

тұрақтылық шарттары (stability conditions) Бұзылудан кейін жүйенің бастапқы қалпына оралу жағдайы. Конвергенция процесі тербелістерді қамтуы мүмкін, ал жүйенің *тепе-теңдік жағдайына оралуы стационарлық жағдай, өсудің тұрақты жолы немесе қандай да бір шекті цикл формасы болуы мүмкін. Жүйе сызықтық тендеулер жиынтығымен сипатталуы мүмкін кездері сызықтық ерекшелік тендеулер жүйесі үшін тұрақтылық шарты абсолют мәнде барлық сипаттамалық түбірдің 1-ден

аз болуында: сызықтық дифференциалдық теңдеулер жүйесінде тұрақтылық шарты – барлық сипаттамалық түбірдің нақты бөліктің теріс болуында.

тұрақтылық, орнықты даму (sustainability) Экономикалық немесе әлеуметтік жүйенің келешек ұрпақтың өз қажетін өтеу қабілетіне нұқсан келтірместен өзінің қазіргі қажетін өтеу қабілеті.

тұрғын үй жәрдемақысы (housing benefit) Ұлыбританиядағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі шеңберінде табысы төмен отбасыларға жалға алынған тұрғын үй шығынын жабуға көмектесуге арналған төлемдер. Аудандар мен тұрғын үйдің әртүрлі типтері арасындағы тұрғын үй шығынының айтарлықтай айырмашылықтары жеке тұрғын үй жәрдемақысын алуға себеп бола алады. Осы себепті тұрғын үй жәрдемақысын жергілікті билік органдары төлейді.

тұрғын үй қауымдастығы (housing association) Өзі меншік иесі бола алмайтын немесе меншікті тұрғын үйді сауатты басқара алмайтын адамдарды арзан тұрғын үймен қамтамасыз ететін коммерциялық емес орган. Тұрғын үй жалға немесе тиімді шарттармен сатып алынуы мүмкін. Ұлыбританиядағы тұрғын үй қауымдастығы қайырымдылықтан жиналған қаражат, мемлекеттік қаржыландыру және коммерциялық қарыздар есебінен қаржыландырылады.

тұрғын үйді иелену кепілдігі (security of tenure) Үйді, пәтерді немесе коммерциялық үй-жайларды жалға алатын немесе беретін кейбір жалға алушылар келісілген төлем мен жалға алу шартын сақтағанда жалға алушы болып қалу құқығы. Тұрғын үйді иелену кепілдігі қазіргі жалға алушылар үшін өте тиімді, өйткені ол қоныс аударудың қиындықтары мен шығынынан,

олар мұны қаламаса және олардың жалға алу үшін басқа орын таба алмау қаупі болуы мүмкіндігінен қорғайды. Алайда тұрғын үйді иелену кепілдіктері жылжымайтын мүлікке инвестициялауға кедергі келтіруі және қазіргі меншік иелерін оны жалға беруге мәжбүрлеуі мүмкін, бұл қазір жалға алушы емес, бірақ тұрғын үй немесе коммерциялық мекемелерді жалға алғысы келетіндерге зиян.

Тұрмыс шығындары мен азық-түлік сауалнамасы (ең төмен жалпы фактор) (Living Costs and Food Survey) (lowest common factor) (LCF) Отбасылардың күнделікті шығыны мен күнкөріс құнына үздіксіз шолу, Ұлыбританияның бүкіл аумағындағы отбасылық бюджетті көрсетеді. Зерттеудің негізгі мақсаты – *тұтыну бағасы индексі, сондай-ақ азық-түлік тұтыну және тамақтану бойынша шығын құрылымы туралы ақпарат беру. LCF-дің басқа қолданысы – *ұлттық кіріс есебі бойынша тұтыну шығынын бағалау және салық-пайда модельдеуіне енгізу ретінде бағалауды қамтиды. Бұл – Ұлыбританиядағы тұтынушыларға жүргізілген ең үлкен сауалнама, мемлекеттік және ғылыми мекемелер үшін экономикалық және әлеуметтік деректердің маңызды көзі. <https://discover.ukdataservice.ac.uk/series/?sn=2000028> – Сауалнамаға қол жеткізу мүмкіндігі бар Ұлыбритания деректер сервисінің веб-беті.

Тұрмысы төмен отбасыларға жәрдемақы (ТТОЖ) (Family Income Supplement) (FIS) Отбасылық жауапкершілігі бар жалақысы төмен кейбір қызметкерлердің кірісін арттыру үшін қолданылатын британ мемлекеттік жәрдемақы жүйесі. Бұл жүйе кейін отбасылық несиенен, ал ол, өз кезегінде, жұмыс істейтін отбасыларға салық несиесімен ауыстырылды. Қазіргі жүйе *Бала

салық жеңілдігіне және *Жұмыс істейтіндерге салық шегеріміне сүйенеді.

тұтқындар дилеммасы (prisoners' dilemma) Жеке және әлеуметтік ынталандыру мен міндетті міндеттемелерді орындаудан пайда болатын жеңілдіктер арасындағы қақтығысты суреттейтін екі ойыншы бар ойын. Атауы екі тұтқынның жағдайына байланысты, олардың әрқайсы «Мойындау» және «Мойындамау» стратегиясының бірін таңдауы керек және бірі екіншісінің не таңдайтынын білмейді. Ойынның маңызды ерекшелігі – мойындаған тұтқын жеңілірек жаза алады. Ойын төлем матрицасында жинақталады, онда теріс төлемдер қорытындыдан пайдасыз ретінде түсіндірілуі мүмкін. Ойындағы *Нэш тепе-теңдігі: {Мойындау; Мойындау}. Бір қызығы, бұл тепе-теңдік *Парето тиімділігі емес: екі ойыншы да {Мойындамау; Мойындамау} ойнаған болса, екеуінің де пайдасы жоғары болар еді. Алайда егер бір ойыншы {Мойындамауды} таңдаса, онда басқа ойыншының {Мойындауды} таңдауын дұрыс деп санауға болады. Міндеттейтін міндеттемені қабылдайтын құрылғы болмаса {Мойындамау; Мойындамау} тепе-теңдігі болуы мүмкін емес.

тұтыну (consumption) Экономикада экономикалық агенттердің өз қажетін өтеу үшін тауарлар мен қызметтерді түпкі пайдалануы. Ұлттық кіріс есебінде тұтыну жеке тұтыну және мемлекеттік органдардың тұтынуы деп бөлінеді. Жеке тұтыну тез арада пайдалануға арналған тауарлар мен қызметтер саналатын ұзақ пайдаланылмайтын тұтыну тауарларына және бірнеше жыл бойы қызмет көрсететін автокөліктер секілді ұзақ пайдаланылатын тұтыну тауарларына ақша жұмсау болып бөлінеді. Сондай-ақ ДЕРБЕС

ТҰТЫНУ; КАПИТАЛДЫ ТҰТЫНУ; КӨЗБОЯУ ТҰТЫНУДЫ қараңыз.

тұтыну бағасы индексі (consumer price index) Тұтыну тауарларының бағасын қамтитын баға индексі. Ұлыбританияда тұтыну бағасы индексі макроэкономикалық мақсаттар үшін пайдаланылатын инфляция көрсеткіші және ол таргет инфляция көрсеткішіне негіз. Тұтыну бағасы индексі халықаралық салыстыру үшін де қолданылады. Сондай-ақ ЖІӨ ДЕФЛЯТОРЫ; БӨЛШЕК САУДА БАҒАСЫ ИНДЕКСІН қараңыз.

тұтыну несиесі (consumer credit) Тауар мен қызмет жеткізушілердің тұтынушыларға берген несиесі. Өнім жеткізушілер тұтынушыдан төлемді бөліп төлеу арқылы немесе кредит карталарын және басқа да жүйелерді пайдалана отырып қабылдай алады. Кредит карталары бойынша жеткізушіге бірреттік төлемді несие ұйымы жүзеге асырады. Несие ұйымы содан кейін өзінің төлемін тұтынушыдан бөліп-бөліп алады.

тұтыну несиесі бойынша қарыз (consumer debt) Бұрынғы алған тұтыну несиелерінің нәтижесінде туындаған тұтынушының қарыз сомасы. Тұтыну несиесі бойынша қарыз сомасы жыл сайын несиеге жаңа дүние сатып алу, ағымдағы несиеге төленетін пайыз қосылуы арқылы өседі. Әр сайын төлем жүргізу, жинауға үмітін үзген, яғни қарыз алушылар қайтыс болған, банкрот болған немесе із-түзсіз жоғалғанда *үмітсіз борыштарды есептен шығару арқылы тұтыну несиесі бойынша қарыз кемиді.

тұтыну салығы (consumption tax) ШЫҒЫН САЛЫҒЫН қараңыз.

тұтыну тауарлары (consumer goods) Түпкілікті тұтынушылардың пайдалануына арналған тауарлар. Бұларды

көбінесе тұтынушылар сатып алады, бірақ кейбір тауарларды, мысалы, іскерлік автокөліктерді кәсіпорындар сатып алып, оларды тұтыну үшін пайдаланады. Тұтыну тауарларының көбі дүкен және көтерме сауда орындарының қорында сақталады.

тұтыну тауарлары (consumption goods)
ТҰТЫНУ ТАУАРЛАРЫН қараңыз.

тұтыну функциясы (consumption function)
Жеке адамның немесе жалпы елдің тұтынуы қалай анықталатынын көрсететін функция. Жеке тұтыну – табысын сыртқы факторлар анықтайтын жеке тұлғалар табысының өспелі функциясы. Қанша жұмыс істейтінін өзі таңдай алатын жеке тұлғалар үшін тұтыну мен табыс қоса анықталады, сондай-ақ оның бірге өсу және бірге құлдырау сипаты бар. Тұтынуға көптеген басқа фактор әсер етеді. Оған асырауға мұқтаж отбасының көлемі, жалпы активтер мен жұмыспен қамту кепілдігі және зейнетақы алу перспективалары секілді *тұрақты табысқа әсер ететін факторлар да жатады. Жиынтық тұтыну – қолдағы бар жалпыұлттық кіріс мөлшерінің өспелі функциясы. Оған сонымен қатар жалпы активтер, халықтың жас бойынша таралуы әсер етеді. Кедейлер байларға қарағанда өз табысының аз үлесін сақтауға қабілетті болса, онда табыстың таралуы да жиынтық тұтынуға әсер етеді.

Тұтыну шығынын зерттеу (Consumer Expenditure Survey) АҚШ тұтынушыларының ақша жұмсауы мен табысы туралы, сондай-ақ олардың жеке және тұрмыстық сипаттары туралы ақпарат беретін зерттеу. Ол екі компоненттен тұрады: тоқсан сайынғы интервью сауалнама және күнделікті сауалнама. Бұл сауалнама АҚШ-тың еңбек күші статистикасы бюросы үшін 1980

жылдан бастап үздіксіз және он жылдық аралықпен жиналған. www.bls.gov/cex/home.htm – Тұтыну шығынын зерттеу ұйымының ресми веб-сайты.

тұтыну шығыны (consumer expenditure)
Жеке тұтынуға ақша жұмсау. Бұл азық-түлік, тамақ және темекі өнімдері сияқты ұзақ пайдаланылмайтын; автокөліктер мен жиһаз сияқты ұзақ пайдаланылатын тұтыну тауарларына; саяхат және ойын-сауық сияқты қызметтерге; сондай-ақ жалға алу немесе шартты рента сияқты тұрғын үйге ақша жұмсау болып бөлінеді.

тұтынуға бейімдік (propensity to consume) Адамдар тұтынуға жұмсағысы келетін шығын үлесі. Тұтынуға орташа бейімдік тұтастай алынатын кіріс үлесі ретінде жалпы қалаулы шығын; Тұтынуға шекті бейімдік – адам тұтынуға жұмсайтын қосымша кіріс үлесі. Тұтынуға шекті бейімдік әдетте 1-ден аз. Орташа және шекті бейімдік мөлшері де жалпы тұтыну активтері, өтімділік және инфляцияны күту сияқты факторларға әсер етуі мүмкін.

тұтынуға шекті бейімдік (marginal propensity to consume) ТАБЫСТАҒЫ ТҰТЫНУ ҮЛЕСІН қараңыз.

тұтынудың сыртқы салдары (consumption externality) Бір немесе бірнеше адамның пайдалылық деңгейіне әсер ететін *сыртқы салдар. Тұтынудың теріс сыртқы салдарына мысал ретінде көршінің теледидарынан шыққан шу немесе жақын тұрған адамнан келетін темекі түтінін атауға болады. Ал тұтынудың оң сыртқы салдарына мысалға жақсы күтілген бақ көрінісін келтіруге болады.

тұтынушы (consumer) Өзінің немесе өз отбасының басқа да мүшелерінің жеке

қажетін өтеу үшін тауар мен қызмет сатып алушы. Олар тауарды қосымша пайда табу үшін қолданбайды.

тұтынушы борышы (consumer borrowing) ТҰТЫНУ НЕСИЕСІ БОЙЫНША ҚАРЫЗДЫ қараңыз.

тұтынушы мінез-құлқы (consumer behaviour) Тұтынушы өз табысын қалай пайдалануы керегін таңдауы. Экономикалық теорияда әдетте әр тұтынушы өз қажетін және оны өтеу тәсілдерін біледі және тұтынушылар тауарлар мен қызметтерді тұтынудан алынатын пайданы барынша арттыруға ұмтылады деп болжанады. Осылайша тұтынушылар өз талғамы мен *пайдалылық функциясын барынша арттыруға әрекет етеді. Балама көзқарасқа мыналар жатады: тұтынушы *қанағаттану мақсатында әлдене сатып алады. Бұл сатып алу бір мәселе туындағанша жалғасады. Сонымен қатар тұтынушы бір жаңа нәрсені көру үшін өзінің бұрын қолданып көрмеген тауарға реакциясын зерттеу үшін де сатып алады. Тұтынушылардың сатып алуына тұтынушылар бекітілген пайдалылық функциясын белгілі бір шектеулерді мақсат ете отырып арттырады деген пікірден гөрі, *жарнама көбірек ықпал етеді.

тұтынушы сенімі (consumer confidence) Экономиканың ағымдағы және күтілетін жай-күйіне қатысты тұтынушылардың оптимизм деңгейі. Сенім деңгейі олардың шығын және жинақ шешімдерін анықтайды. Тұтынушы сенімін сауалнама көмегімен өлшеуге болады. The Conference Board тәуелсіз зерттеу ұйымы АҚШ-та 5 мың үй шаруашылығына жүргізілген сауалнамаға сүйенетін тұтынушы сенімі индексын жариялайды. Ал Ұлыбританияда мың үй шаруашылығына жүргізілген сауалнамаға сүйенетін тұтынушы

сенімі туралы баяндаманы Nationwide Building Society ұйымы әзірлейді. Сауалнама сұрақтары ағымдағы және болжамды (айталық, алты айдан кейін) экономикалық және еңбек жағдайлары мен отбасы табысына баға береді.

тұтынушы таңдауы (consumer choice) ТҰТЫНУШЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН қараңыз.

тұтынушы ұтысы (consumer surplus) Тұтынушы тауарды сатып алудан алатын пайда тауар үшін төленген сомандан артық болуы. Жеке тұлғаның сұраныс қисығы тұтынушының тауардың тізбекті бірліктеріне берген құндылық бағасын сипаттайды. Тауардың құндылығы оның бағасынан жоғары болса, онда тауар сатып алынады. Ал тауардың шекті пайдалылығы бағаға көбейтілген табыстың шекті пайдалылығына тең болса, онда сатып алу тоқтайды. Сұраныс қисығының төменгі, ал бағаның жоғарғы жағы арқылы тұтынушы ұтысын өлшеуге болады. Бір тауарларды сатып алудан туындайтын жеке тұтынушы ұтысы тұтас нарық үшін ортақ мәнге келтірілуі мүмкін. Екі немесе одан көп айрықша тауардан туындайтын жалпы тұтынушы ұтысын есептесек, жалпы алғанда, табыстың шекті пайдалылығы тұрақсыз болса, онда тұтынушы ұтысын анықтау қиынға соғады.

тұтынушыларды қорғау (consumer protection) Тұтынушыларды қорғауға арналған заңдар. Бұл заңдар еңбекті қорғаудың және қауіпсіздік техникасының ең төмен стандарттарын, ақпараттандыру мен таңбалауға қойылатын талаптарды, тұтынушыларға кеңес беруді және тұтыну несиесін беруді реттеуді қарастырады. Тұтынушылар құқығын қорғауға қатысты АҚШ-тың негізгі ресми агенттіктеріне Азық-түлік және дәрі-дәрмек басқармасы мен Тұтыну тауарларының

қауіпсіздігі жөніндегі кеңес жатады. Ұлыбританияда тұтынушылар құқығын қорғайтын заңдарға Тауар сату туралы заң, Сауда сипаттамалары туралы заң және Тұтыну несиесі туралы Заң жатады. Ұлыбританияның мемлекеттік корпорацияларында шағымдарды қарайтын тұтынушылар кеңесі де бар.

тұтынушының егемендігі (consumer sovereignty) Тұтынушы – өз мүддесінің үздік төрешісі дейтін тұжырым. Бұл тұтыну сипаттарын нарық қалауына беруге уәж; тұтынушылар өндіріс шығынын көрсететін тауар мен қызметтің тұрақты бағасына тап болады және тұтынушылар өзіне үздік сәйкес келетін тауарлар мен қызметтердің қандай да бір комбинациясын таңдап, өз пайдалылығын барынша арттыруға ұмтылады. Позитив тұжырым ретінде ол тұтынушыларға не рұқсат етілгенін сипаттайды, ал норматив тұжырым ретінде қандай тұтынушыларға рұқсат берілгенін көрсетеді.

тұтынушының рационалдығы (consumer rationality) 1. Талғамға сүйеніп таңдау жасау. Тұтынушы өзі қалаған үздік мүмкін баламаны үнемі таңдағанда ол рационалдық көрсетеді. Ал үздік емес баламаны таңдау – иррационалдық белгісі.

2. *Аксиомалар жиынтығын қанағаттандыратын қалауға ие болу. \succeq белгісі «кем дегенде, сол сияқты жақсы» дегенді білдіреді делік. Айқындық жағдайында таңдау үшін тұтыну теориясының стандарт аксиомалары мынадай: *Толықтық*: кез келген x және y екі балама үшін $x \succeq y$ немесе $y \succeq x$; *Рефлексивтік*: кез келген балама x үшін $x \succeq x$ және *Транзитивтік*: кез келген x , y және z үш балама үшін егер $x \succeq y$ және $y \succeq z$ болса, онда $x \succeq z$ болады. Тұтынушының қалауы осы аксиомаларға сәйкес болса, онда оны рационал

деп атауға болады. Бұл мүмкін болатын аксиомалардың жалғыз жиынтығы емес, сондықтан бұл жағдайда «рационалдык» бір мағынада айқындалмаған.

түзету (adjustment) ЦИКЛДІК ТҮЗЕТУ; ШИНАРА ТҮЗЕТУ; МАУСЫМДЫҚ ТҮЗЕТУДІ қараңыз.

түзету бағдарламасы (adjustment programme) *Төлем балансындағы проблемаларын шешуге бағытталған ережелер жиынтығы. Қанағаттанарлық түзету бағдарламасын қабылдау – *Халықаралық валюта қоры тарапынан көмек көрсетілуінің шарты. Төлем балансындағы проблемаларды шешу өндіріске қатысты *жұтылуды (абсорбция) азайтуды талап етеді. Бұған жұтылуды азайту, мемлекеттік шығынды азайту және/немесе салықты ұлғайту жолымен қол жеткізуге болады. Оған сондай-ақ ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалану есебінен өндірісті ұлғайту арқылы жетуге болады; бұл көбінесе нарық механизмін кеңінен пайдалануды және асыра бағаланған валютаны *девальвациялауды қамтиды.

түзету шығыны (adjustment costs) Экономикалық *айнымалыларды өзгерту шығыны бақыланады. Кез келген экономикалық агент, жеке тұлға, фирма немесе үкімет айнымалыларын еш шығынсыз реттей алса, онда олардың бақылауындағы айнымалылардың оңтайлы деңгейін айқындайтын *ерекше қалауы болады. Нақты деңгейлер осы оңтайлы деңгейлерден өзгеше болса, онда түзету шығыны ескерілуі қажет. Түзету шығыны бір мезгілдік болса немесе кез келген уақыт кезеңінде жасалған өзгерістерге пропорционал өссе не кемісе, онда ол кез келген қажет өзгеріс үшін бірреттік төлем жасайды. Алайда түзету шығынының өзгеріс мөлшеріне пропорциясы өссе, онда түзетуді тек

бірте-бірте жүргізу керек. Фирма өзінің еңбек күшін түзету барысында, мысалы, қызметкерлер санының аздаған өсімі жұмысшы алуда ешқандай мәселелер тудырмайтынын және сәл ғана кему *табиғи шығын, яғни зейнетке шығу және өз еркімен жұмыстан кету секілді себептерден болуы ықтимал екенін байқауы мүмкін. Ал қызметкерлерді жылдам жұмысқа алу іріктеу және оқытумен байланысты проблема тудырады. Сондай-ақ жылдам азаю мәселесі қызметкерлерді *қысқартуды қамтиды. Ол, өз кезегінде, ұйымдағы мінез-құлыққа зиянын тигізеді және қымбатқа түседі. БАҒАНЫ ӨЗГЕРТУ ШЫҒЫНЫН қараңыз.

түзетілген R-квадрат (adjusted R-squared)

Еркіндік дәрежесіне қатысты түзетілген *детерминация коэффициентінің (R-квадрат) бір нұсқасы. Регрессияға айнымалы қосу кезінде R-квадрат ешқашан азаймаса да, жаңа айнымалының регрессияны түзетуге қосқан үлесі қосымша еркіндік дәрежесінің жойылуы үшін ауытқуды түзетуге қарағанда үлкенірек болуына байланысты түзетілген R-квадрат ұлғаяды немесе азаяды. Нақты айтқанда, ол келесі жағдайда ғана өседі, қосылған айнымалының жеке мәнділігін анықтайтын *t-test-тегі тест статистикасы (немесе қосылған айнымалы топтарының жалпы біріккен мәнділігін анықтайтын *F-test-тегі статистика) бірден жоғары болғанда. Модель үйлесімі өте нашар болса, түзетілген R-квадрат теріс болуы мүмкін.

түпкі іріктемені үлестіру (статистикада) (finite sample distribution) (of a statistic) Статистиканы іріктеу процесіне сәйкес бір бас жиынтықтан алынған бірдей өлшемдегі барлық ықтимал іріктеулер бойынша бөлу. АСИМПТОТИКАЛЫҚ ҮЛЕСТІРІМДІ қараңыз.

түпкілікті жиынтық шығын (total final expenditure) Тұтыну шығындарының, мемлекеттік басқару органдарының түпкілікті тұтынушының, жалпы капиталдың ішкі жинақталуы мен экспорттың жалпы көлемі. Осылайша түпкілікті жиынтық шығын жалпы ішкі шығынды да, экспортты да қамтиды. Бұл капиталды тұтыну немесе импорттау үшін бір нәрсені шегергенге дейін өлшенеді.

түпкілікті қарыз беруші (lender of last resort) Дағдарыс уақытында банк жүйесінің *өтімділігін қамтамасыз ету функциясы. Бұл – *орталық банк міндеттерінің бірі. Банктерден депозиттерді жаппай қайтару немесе өзге қаржы дүрбелеңі жағдайында орталық банк қаржы жүйесінің жалпы құлдырауын болдырмау үшін банктерге немесе өзге қаржы ұйымдарына кредит беруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ ақша массасын қалыпты шектеу мен кепілдік беруді шектеу формаларын уақытша тоқтата тұру қажет болады. Қиын жағдайдағы мекеме сенімсіз болса, орталық банк түбегейлі шешім қабылдауға мәжбүр: тым жеңіл несиелеу өзге банктерге «банкрот болу үшін тым ауқымды» және орталық банк оларға әрдайым көмектеседі деген ойға және аса күрделі қатерлерге жетелейді, сонымен қатар орталық банк көмектесуді доғарса, басқарылуы қиын мекемелердің құлдырауы озық мекемелердің де жағдайын қиындатуы ықтимал.

түпкілікті тауарлар (final goods) Аралық тауарларға қарағанда тұтынушыларды, инвесторларды, үкімет пен экспорттаушыларды қоса алғанда түпкілікті тұтынушыларға бағытталған тауарлар. Отын сияқты кейбір өнімдерді тұтынушылар түпкілікті тауар ретінде немесе өндірушілер шикізат ресурсы ретінде пайдалана алады.

түрткі ЫНТАЛАНДЫРУДЫ қараңыз.

***түсім тарифі (revenue tariff)** Негізінен, мемлекеттік табыс көзі ретінде белгіленетін тариф. Бұл, негізінен, импортпен бәсекеде отандық өндірушілерге көмек көрсету құралы ретінде енгізілген қорғау тарифіне қарсы қойылады. Көптеген нақты тарифтің екіжақты салдары бар, бірақ ел өндірмейтін тауарларға тариф белгілеу табыс алуға ғана арналған, ал *тыйым салынатын тариф тек қорғаныс тарифі болуы мүмкін, өйткені ол табыс алып келмейді. Түсім тарифтері, негізінен, бейресми ішкі экономикадан салық жинау кезінде қиындық көретін көптеген *нашар дамыған елдер үшін маңызды.

тыйым салынатын тариф (prohibitive tariff) Қандай да бір өнімді саудалау мүмкін болмайтындай жоғары деңгейде белгіленген тариф.

тізбекті баға индексі (chain price index) *Баға индексінің бір түрі. Ол алдыңғы уақыт кезеңдеріне жататын және өлшеу жүйесіне кезеңнен кезеңге түрленуге мүмкіндік беретін жарым-жарты индекстер комбинациясынан алынады. Сәйкесінше, 0 және t арасындағы бағаны салыстыру әр кезеңдегі субиндекстер көбейтіндісі ретінде жанама түрде жасалады. Сонымен қатар ол тек 0 және t кезеңдері арасындағы деректерді тікелей қолданбайды. Салмақтардың өзгеруіне рұқсат беруге мотивация – жаңа тауарлардың тұрақты енгізілуін қамтамасыз ету.

тік сызықты амортизация (straight-line depreciation) Болжанған қызмет ету мерзімін қабылдау жолымен активтің *амортизациясын есепке алу жүйесі, айталық, n – жыл және оның $(1/n)$ жыл сайынғы құнының мөлшерлемесі бойынша амортизацияны есептеу. Қалған мән

графикте уақытқа қарсы сызылса, онда нәтиже төмен көлбеу түзу сызық болғандықтан, жүйе осылай аталған.

тікелей жұмыс (direct labour) Ұлыбританияның жергілікті билік органдарының өз қызметкерлерін қоқыс шығару немесе өз тұрғын үйлерін жөндеу сияқты жұмысқа пайдалануы. Бұл – осындай жұмыстарды орындауға тәуелсіз фирмаларды жалдауға балама.

тікелей салық (direct tax) Салықты төлеуші тараптың салықты тікелей төлеуі. Мысал ретінде табыс салығы, капитал салығы, мүлік салығын айтуға болады. Ал *жанама салық делдалдар арқылы (мысалы, *қосымша құн салығы) төленеді. Егер *шектеулі рационалдық немесе *мінез-құлық экономикасы салық төлеушілердің іс-әрекетін түсіндірсе, онда салық салудың қамту аймағын талдаудың шектеулі мәні болады.

тікелей шетелдік инвестиция (foreign direct investment) Ел резиденттерінің шетелде нақты активтерді сатып алуы. Бұл жерді, жабдықтарды сатып алуға, шахта немесе ғимарат салуға немесе нарықта бар шетелдік кәсіпорындарды сатып алуға шетелге ақша аудару арқылы жүзеге асырылады. Ішкі тікелей шетелдік инвестициялар дегеніміз – резидент емес тұрғындардың ел ішінде нақты активтерді сатып алуы.

тіркелген жұмыссыз (registered unemployed) Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алатын жұмыссыз адамдар, (сондай-ақ «өтініш беруші» ретінде белгілі). Бұл адамның жәрдемақы төлеуге жауап беретін ресми мекемелер көзқарасы бойынша жұмыссыз екенін білдіреді. Бұл жұмыссыздықтың анықтамасы өзін жұмыссыз деп қарастыратын адамдар санын тіркейтін еңбек күшін зерттеуге сүйенетін анықтамадан

ерекшеленеді. Ұлыбританиядағы тіркелген жұмыссыздар саны әдетте 1% көлемінде, бұл еңбек күшін зерттеу нәтижесінде туындаған көрсеткіштен төмен.

тіркелген коэффициенті бар өндіріс функциясы (fixed coefficient production function) Шығындардың тіркелген пропорцияда бірігуін талап ететін процесті сипаттайтын *өндіріс функциясы. Негізгі экономикалық ерекшелігі – тіркелген коэффициенті бар өндіріс функциясы ресурстарға қатысты баға өзгергенде бір факторды басқа фактормен алмастыруға мүмкіндік бермейді.

Тэтчеризм (Thatcherism) Ұлыбританиядағы 1979 жылдан 1990 жылға дейін Тэтчер үкіметінің саясаты сүйенетін экономикалық қағидаттардың қысқартылған атауы. Олар экономикалық ынталандыруды нығайту мақсатында бәсекені көтермелеу, қайта реттеу және жекешелендіру жолымен үкіметтің рөлін төмендету, инфляцияны жою мақсатында ақша-несие саясатын қолдану, мысалы, муниципалдық үйлерді жалға алушыларға сату және кәсіподақтардың билігін қысқарту арқылы жеке таңдауды кеңейтуді қамтиды.

У

Уайттың Т-критерийі (White's test)

*Гетероскедастикалық баламаға қарсы *гомоскедастикалық нөлдік гипотезаны тексеру, бұл гетероскедастика орын алған жағдайда *ковариациялық матрицаның қарапайым ең кіші квадраттарының әдеттегі бағасы қарсы болады деген фактіге сүйенеді. Тест барлық тәуелсіз айнымалылар, олардың квадраттары мен айқас көбейтінділері, сондай-ақ константа бойынша негізгі регрессиядан ЕККӨ қалдықтары квадраттарының регрессия жолымен орындалады. Тест статистикасы NR^2 -мен беріледі, мұндағы N – іріктеме көлемі, ал R^2 – тестілік регрессия бойынша анықтау коэффициенті. Нөлдік мәнде бұл статистика *чи-квадрат асимптотикалық таралуға ие. Мұндағы таралудың еркіндік дәрежесі константаны қоспағанда тестілік регрессияның регрессорлар санына тең.

уақыт бойынша дисконттау (time discounting)

Жылдам жүзеге асатын тең төлемдерге қарағанда, келешекте төлеуге тиіс төмен құнмен орналастырылатын түсімдер мен төлемдер. Бұл жерде анық уақыт аралығындағы қалау ескерілуі мүмкін, түсімдерден немесе төлем жасағаннан пайда табу үшін біреу аман қала ма деген белгісіздік немесе жоғары табыс келешекте ақшаның шекті пайдалылығын қазіргі уақытқа қарағанда төмен етеді дегенге қатысты болжамдар. Сондай-ақ БОЛАШАҚ КІРІСТІ ДИСКОНТТАУ; ҚОҒАМНЫҢ УАҚЫТША ҚАЛАУЫН қараңыз.

уақыт көкжиегі (time horizon) Экономикалық шешімдерді қабылдауда ескерілетін алыстағыкелешек кезең, мысалы, инвестициялық жобаны жүзеге асырудың мақсаттылығы туралы шешім қабылдағанда есепке алу. Көптеген экономикалық үлгілер шексіз уақыт көкжиегін қабылдайды. Бұл көбінесе іс-тәжірибеге сәйкес келеді деген болжамнан гөрі шарттылық және көптеген шексіз қосындылар белгілі шешімдерге ие болғандықтан жеңілдетілген болып келеді. Мысалы, дисконт пайыздық мөлшерлеме r -ге тең болған кездегі жыл сайынғы шексіз келешекте B сомасын алудың дисконтталған құны $\sum_{t=0}^{\infty} \frac{1}{(1+r)^t} B = \frac{1+r}{r}$ ретінде анықталады. Кез келген жағдайда *дисконттау келешек төлемдердің салыстырмалы құнын төмендетеді, сондықтан үлкен, бірақ шегі бар көкжиек пен шексіз көкжиек арасындағы айырмашылық іс жүзінде білінбейді.

уақыт қатары (time-series data) Бір айнымалы үшін әртүрлі уақыттағы деректер, әдетте тұрақты кезеңмен, мысалы, жылдық, тоқсандық, апталық, күнделікті немесе тіпті акцияның бағасы үшін минуттық болуы мүмкін. Эконометриялық теория уақыт қатары мәндерін талдаудың бірқатар арнайы әдісін әзірледі. Сондай-ақ ТОҒЫСПАЛЫ ДЕРЕКТЕР; ПАНЕЛЬДІК ДЕРЕКТЕРДІ қараңыз.

уақытаралық алмастыру (intertemporal substitution) Уақыттың белгілі бір

мезетінде өнімді немесе қызметті тұтынуды басқа уақытта тұтынуға алмастыру. Бұл тұтынушы қалауын *пайдалылық функциясы арқылы сипаттағанда, *уақытаралық алмастыру икемділігін пайдалана отырып, сандық тұрғыдан бағалауға болады.

уақытаралық алмастыру икемділігі (elasticity of intertemporal substitution) Тұтынушының уақыт кезеңдері арасында тұтынуды алмастыруға дайындық өлшемі. ε_s уақытаралық алмастырудың икемділігі былай анықталады:

$$\varepsilon_s = - \left(\frac{d(c_i/c_j)}{c_i/c_j} \right) / \left(\frac{d(U_{c_i}/U_{c_j})}{U_{c_i}/U_{c_j}} \right) = - \frac{d \ln(c_i/c_j)}{d \ln(U_{c_i}/U_{c_j})}$$

мұндағы $c_i - i$ уақыт кезеңіндегі тұтыну, ал U_{c_i} i кезеңіндегі тұтынудың шекті пайдалылығы.

уақытаралық бюджеттік шектеу (intertemporal budget constraint) Динамикалық экономикада бұл шығын мен кіріс ағынын, сондай-ақ екі немесе одан да көп кезеңде байлық қорын шектеу. Мысалы, жетілген несие нарықтары бар экономикадағы тұтынушының уақытаралық бюджеттік шектеуі оның өмір бойы тұтынуының келтірілген құндылығы оның өмірлік кірісінің келтірілген құны және оған қоса оның бастапқы байлығынан аспауын талап етеді. Мемлекеттің уақытаралық бюджеттік шектеуі ағымдағы және келешектегі салықтардың келтірілген құны ағымдағы және болашақтағы мемлекеттік шығынның ағымдағы құнын, сонымен қатар мемлекеттің қарызының алғашқы қорын жабу үшін жеткілікті болуын талап етеді. Басқаша айтқанда, уақытаралық бюджеттік шектеу қарыз алу мен несиелендіру кезінде ағымдағы шығын

ағымдағы байлықпен шектелмеуі керек екенін көрсетеді.

уақытша босату (layoffs) Тұрақты жұмыстан босату немесе фирманың жұмыс күшін толықтай не бір бөлігін жалға алу жөніндегі қызметін уақытша тоқтату. Фирма жұмыс орындарын құру жөніндегі қызметін тоқтатса, жұмысшылар тұрақты негізде қызметтен босатылады немесе фирма шығаратын өнімге сұраныс төмен болып, қайта қалпына келуі күтілсе, уақытша босатылады.

уақытша жұмыссыздық (frictional unemployment) Адамдар жұмысын өзгертіп, экономиканың кейбір секторлары өсіп, енді біреулері қысқарғанда пайда болатын жұмыссыздық. Толық жұмыспен қамту кезінде уақытша жұмыссыздық жалпы жұмыссыздықтың елеулі бөлігін құрауы мүмкін.

уақытша қалау (time preference) Келешектегі тең мөлшердегі тұтырудан гөрі қазіргі сәтте дереу тұтынуға артықшылық беру. Уақытша қалау бұл мағынада әртүрлі кезеңдеріндегі тұтынуды тартуға қатысты жеке тұлға (немесе қоғамның) қалауының салдары. Сондай-ақ БОЛАШАҚ КІРІСТІ ДИСКОНТТАУ; ҚОҒАМНЫҢ УАҚЫТША ҚАЛАУЫН қараңыз.

уақытша тепе-теңдік (temporary equilibrium) *Қиылысатын буын моделі секілді жеке қысқа кезеңдер тізбегінен тұратын динамикалық экономикалық модельдегі агенттердің болашақ кезеңдерде экономикалық айнымалылар мәндеріне қатысты ауыспалы мәндерге қатысты күтулері бар болған осы жеке кезеңдегі *статистикалық тепе-теңдік. Егер келешекке қатысты белгісіздік болмаса, бұл күту (*жетілген болжал) дұрыс болуы мүмкін. Белгісіздік бар болса, онда болжал

әдетте болжамды *рационал болжалдар ретінде модельденеді.

уақытылы (just-in-time) Жеткізушілер қажет болған жағдайда минимал қорды пайдаланып, материалдар мен олардың құрамдас бөліктерін жылдам әрі жиі жеткізуіне сүйенетін өндіріс жүйесі. Бұл жүйе сондай-ақ қойма иелерінің қолда бар қорлар туралы жылдам әрі сенімді есептілігіне сүйенеді. Оның басты артықшылығы – тауар-материалдық қорларды сақтауға қажет бос кеңістік пен оны қаржыландыруға қажет шығын үлесін азайтуда. «Уақытылы» жүйе қорларды сақтау ауыртпалығын жеткізушілерге жүктеуі мүмкін және тасымалдау келісімшарттары бұзылса, оны бұзу да жеңіл.

унимодаль үлестіру (unimodal distribution) Бірегей *режим немесе шегі бар үлестіру, мысалы, қалыпты үлестіру. Екі бөлінген шекпен сипатталатын үлестіру бимодаль деп аталады және жалпы жағдайда мультимодаль үлестірудің бірнеше бөлінген шегі болады.

Уолдтың жіктеу теориясы (Wold's decomposition theorem) Нәтижесінде әр нөлдік орташасы бар Y_t *ковариант стационар стохастикалық процесі детерминацияланған және детерминацияланбаған бөліктерге жіктелуі мүмкін; детерминацияланған бөлік бұл кешіккен мәндерге сүйенетін Y_t онтайлы сызықтық *предикторы және ол детерминацияланбаған бөлікпен корреляцияланбайды. Детерминацияланбаған бөлік, өз кезегінде, шексіз тәртіпті *сырғыма орташа процесс түрінде келтірілуі мүмкін.

Уолл-стрит (АҚШ қаржы орталығы) (Wall Street) Нью-Йорктің Манхэттен ауданындағы басты қаржы аймағы, Америка Құрама Штаттарындағы үлкен қаржы нышаны.

утил (util) Оны өлшей алатын құрылғы анықталса, *пайдалылық өлшенетін өлшем бірлігі үшін сирек қолданылатын бірлік атауы.

утилитаризм (utilitarianism) Жалпы пайдалылыққа қосқан үлесі арқылы іс-әрекеттің маңызын бағалайтын этикалық доктрина. «Ең үлкен санының ең үлкен игілігі» ұранымен осы мектептің негізін қалаушы – Джереми Бентам (1748–1832) болды. Утилитарист мемлекет қандай дәрежеде *жеке меншікті бақылап, қандай дәрежеде құрметтеуге тиіс деген мәселені шешуге тырысады, оның пайдалылығы мен кемшіліктерін діни өсиеттерімен немесе «табиғи құқықтармен» байланысты ережелер ретінде сұрамай, экономикалық әрекеттің негізі ретінде қарастыра отырып қамтиды. Утилитарлық *әлеуметтік қамсыздандыру функциясы әлауқатты жеке пайдалылық сомасы ретінде бейнелей отырып осы доктринаны көрсетеді:

$$W = \sum_{h=1}^H U^h$$

мұндағы U^h – h жеке тұлғаның пайдалылығы, ал H – популяциядағы индивидтер саны.



ұжымдық келісу, ұжымдық саудаласу (collective bargaining) Жалақы мөлшерлемесі, жұмыс уақытының ұзақтығы және фирмадағы немесе индустриядағы жұмыс шарттары қызметкерлер атынан өкілдік ететін *кәсіподақтар мен жұмыс берушілер немесе жұмыс берушілер бірлестіктерінің арасындағы келіс-сөз жолымен белгіленетін жүйе.

ұжымдық таңдау (collective choice) Баламалар жиынтығынан әлеуметтік (немесе ұжымдық) таңдау жасау үшін жеке қалауды қоғамдық қалауға біріктіру процесі. Ұжымдық таңдаудың ең жиі кездесетін процесі – *көпшілік дауыс беру. Көпшілік дауыс беруге балама ретінде *Борда әдісін (n балама болса, онда әр сайлаушының бірінші таңдауына n ұпай, екінші таңдауына $n - 1$ және т.с.с беріледі; ең көп ұпай саны бар балама таңдалады) және мақұлданған дауыс беруді (әр сайлаушы нұсқалардың кез келген санына дауыс бере алады; ең көп дауыс санын алған нұсқа таңдалады) қарастыруға болады. Ұжымдық таңдаудың осы процестердің сипатын зерттейтін экономика саласына да қатысы бар. Екі негізгі нәтижеге *медиан сайлаушы теоремасы және Мэй теоремасы жатады. Соңғысы таңдау екі баламадан ғана жасалуға тиіс кезде бірқатар қажет жағдайларға сәйкес келетін жалғыз процесс – көпшілік дауыс беру деп тұжырымдалады. Екіден көп балама болғанда *Кондорсе парадоксі көпшілік

дауыс беру өтпелі емес қоғам пайдасына әкелуі мүмкін екенін көрсетеді. Бұл жағдайда қолайлы балама таңдау мүмкін емес. Көпшілік дауыс берудің барлық жағдайда мінсіз жұмыс істеуге қабілетсіздігі ұжымдық таңдау процестерінің жалпы сәтсіздігін көрсетеді. *Эрроудың мүмкін еместік теориясы кез келген жағдайда барлық мүмкін болатын жеке пайданы немесе қалауды біріктіре алатын тамаша ұжымдық таңдау процесі жоқ екенін дәлелдейді. Балама көзқараста аргументтер ретінде жеке пайдалылық деңгейі бар *әлеуметтік қамтамасыз ету функциясы арқылы жасалған ұжымдық таңдау қарастырылады. Ұжымдық таңдау баламаларды әлеуметтік қамсыздандыру функциясымен салыстыру және әл-ауқаттың ең жоғары деңгейін қамтамасыз ететін нұсқаны таңдау жолымен жүзеге асырылады. Егер пайдалылыққа *тұлғааралық салыстыру жасалмаса, онда әлеуметтік қамсыздандыру функциясын құру ұжымдық таңдаудың кез келген басқа процесін құру сияқты мүмкін емес болады. Сондай-ақ **ДАУЫС БЕРУ ПАРАДОКСІ; ДАУЫС БЕРУДІ қараңыз.**

ұзақ мерзім (long run) Бұл – барлық айнымалылардың өзгеруі үшін жеткілікті мерзім. Қысқа мерзімде пайда болатын кейбір айнымалылар өзгеруі мүмкін. Компания ұзақ мерзімде жаңа ғимараттар салып, ғылыми-зерттеу және даму бағдарламаларын іске асырады, сондай-ақ қызметкерлер мен білікті

қызметкерлерді жалдайды немесе оқытады. Қысқа мерзімде бұл әрекеттердің орындалуы мүмкін емес: фирма көп мөлшерде жанармай мен материалдарды сатып ала алмайды, арнайы кәсіби тренинг өтпеген жұмысшыларды жұмысқа жалдай алмайды. Ұзақмерзімді сұраныс пен ұсыныс қисығы қысқамерзімді қисықтардан гөрі *икемді.

ұзақ пайдаланылатын тауар (durable good) Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде пайдалылық беретін тауар түрі. Мысалға ғимараттарды, тұрмыстық техниканы немесе зергерлік бұйымдарды келтіруге болады. Ұлттық кіріс есебінде типтік қызмет мерзімі үш жыл немесе одан да көпке созылатын тауарлар ұзақ пайдаланылатын тауарлар ретінде жіктеледі.

ұзақ пайдаланылатын тұтыну тауарлары (consumer durables) Түпкілікті тұтынуға арналған ұзақ уақыт қолданылатын тауарлар. Олардың қызметі ұлттық кіріс есебінде көрсетілген кезеңнен (әдетте жыл) асатын кезең ішінде пайдаланылады деп күтіледі. Мысалы, жиһаз және тұрмыстық техника секілді тұрмыстық заттар, жеке автокөліктер және қайықтар. Бірнеше жыл қолдану үшін жасалғанымен, аяқ киім мен киім әдетте ұзақ пайдаланылатын тұтыну тауарлары ретінде қарастырылмайды. Үй сатып алу әдетте ұзақ пайдаланылатын тұтыну тауарын сатып алу шығыны емес, инвестиция ретінде қарастырылады.

ұзақ пайдаланылмайтын тұтыну тауарлары (consumer non-durables) Түпкілікті тұтынушылардың пайдалануына арналған тамақ өнімдері, сусындар немесе темекі сияқты ұзақ пайдаланылмайтын тауарлар. Олардың кейбірін, мысалы, асханаларға арналған азық-түлікті іс жүзінде бизнес кәсіпорындары сатып алады. Ұзақ пайдаланылмайтын

тауарлар тез бұзылатын тауарлар деген сөз емес. Шарап секілді кейбір ұзақ пайдаланылмайтын тауарларды сақтау мерзімі шын мәнінде өте ұзақ. Олар «ұзақ пайдаланылмайды» деп тек бір рет пайдалануға жарайтынына қарап айтылады.

ұзақ позиция (long position) Делдалдар тауар, валюта немесе бағалы қағаздар нарығындағы өнімнің немесе активтің жеткілікті мөлшерін қолда ұстап отыруы және сатуға арналған жоспары жоғы, өйткені олар бағаның көтерілуінен пайда көреді. *Фьючерс келісімшарттағы ұзақ позиция актив немесе тауар жеткізілімін қабылдап алатын тарапты көрсетеді.

ұзақмерзімді бағалы қағаздар (long-dated security) Бірінші рет жарық көргенде бағалы қағаздарға он бес немесе одан да көп жыл бойы *өтеу мерзімі берілуі. Ағымдағы пайыздық мөлшерлемелер өзгергенде, мұндай бағалы қағаздардың нарықтағы бағасы да өзгереді.

ұзақмерзімді вексельдерді сатып алу бағамы (long rate) ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРДІ қараңыз.

ұзақмерзімді жұмыссыздар (hard-core unemployed) Ұзақ уақыт бойы жұмыс істемеген немесе жұмыс таба алмаған еңбекке қабілетті жастағы адамдар. Ұзақмерзімді жұмыссыздардың көбіне жұмысқа орналасуға мүмкіндік беретін қажет дағдылары мен білігі жоқ. Кейбір елдерде ұзақмерзімді жұмыссыздар белсенді жұмыс іздеушілер қатарына жатпайды, сондықтан олар ресми жұмыссыздар тізіміне кірмейді.

ұзақмерзімді жұмыссыздық (long-term unemployment) Бір жылдан астам жұмыссыздық. Бұл жұмыссыздықтың

қысқа кезеңдерінен гөрі күрделі проблемаларға әкеп соқтырады, себебі қызметкер жұмыссыз болған сайын жұмысқа орналасу мүмкіндігі төмендейді. Ұзақмерзімді жұмыссыздық қайта даярлау немесе басқа жаққа көшуге итермелейді.

ұзақмерзімді медициналық сақтандыру (ҰМС) (long-term care) (LTC) Қолдау шаралары мен жеке күтім қызметтері, әдетте медициналық көмек ұзақ уақыт бойы қажет болады. Ұзақмерзімді медициналық сақтандыру төленбейтін немесе төленетін қамқоршылар арқылы үйде немесе арнайы көмек беретін мекемелерде ұсынылады. Күтім көрсету формалары негізгі жеке күнделікті шаруаны немесе шомылу, тамақтану сияқты күнделікті іс-әрекетті орындауға көмектеседі, сондай-ақ күнделікті шаруаны орындаумен қатар ақшаны басқару немесе азық-түлік сатып алу сияқты маңызды шаруаларды қамтиды. Демографиялық өзгерістерге байланысты қазіргі қоғамда ұзақмерзімді медициналық сақтандыру өзекті мәселе болып отыр: халықтың санының өсуі сұранысты арттыруда, халық санының өсу төмендігі мен жалғызбасты отбасылардың көбеюі отбасы мүшелерінің ақы төленбейтін күтімін азайтты. Ұлыбританияда ұзақ мерзімге медициналық сақтандырудың біразын *Ұлттық денсаулық сақтау қызметі мен жергілікті билік органдары қаржыландырады. LTC нарықты толық қамти алмайды, сондықтан нарықтың шешімі шектеулі. 2014 жылы Британдық Сақтандырушылар Қауымдастығы мен Ұлыбритания үкіметі адамдарға ақпарат беруге, ұзақмерзімді медициналық сақтандыру өнімдері нарығын кеңейтуге және жетілдіруге бағытталған шараларды ұсынатын бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

ұзақмерзімді облигациялар бойынша сыйақы (term premium) Ұзақмерзімді облигациялар бойынша қайтарым *ығыспаған болжалдар гипотезасы болжамдаған мөлшерлемесінен жоғары болатын сома. Ұзақмерзімді облигациялар бойынша сыйақы *өтімділік артықшылығы өлшемі ретінде түсіндіріледі.

ұзақмерзімді орташа шығындар (long-run average cost) Орташа шығынды қараңыз.

ұзақмерзімді өтімділік индикаторы (loans-to-deposit ratio) Банктік несиенің жалпы құны – оның депозиттерінің жалпы құнының пайыздық үлесі. Бұл коэффициент көбінде банк *өтімділігінің көрсеткіші ретінде пайдаланылады.

ұзақмерзімді сыйақы мөлшерлемесі, ұзақмерзімді пайыздық мөлшерлеме (long-term interest rate) Мемлекеттік бағалы қағаздарды он жыл немесе одан жоғары өтеу мерзімі бойынша сыйақы мөлшерлемесі.

ұзақмерзімді Филлипс қисығы (long-run Phillips curve) Инфляция мен жұмыссыздық арасындағы ұзақмерзімді байланысты бейнелейтін қисық. Бұл тиісті қысқамерзімді Филлипс қисығының инфляцияға сәйкес келетінін ескертін болжам және нақты және күтілетін инфляция ұзақмерзімді Филлипс қисығы шартына тең болып келеді. *Инфляцияны үдетпейтін жұмыссыздық деңгейі моделі дұрыс болса, ұзақ мерзімде Филлипс қисығы ИҰЖД үшін тік сызық болады. Мұндай модельдер дұрыс болмаса, онда қысқамерзімді ілімдерге қарағанда тік болатын, негізінде, вертикаль әлі болмаған, ұзақмерзімді вертикаль емес Филлипс қисығы болуы мүмкін. Ұзақ мерзімде Филлипс қисығы тік болған жағдайда, инфляция мен жұмыссыздық

арасындағы ұзақ мерзімде болмайтын ымыраға толысу қалдырар еді.

ұзақмерзімді шекті шығын (long-run marginal cost) ШЕКТІ ШЫҒЫНДЫ *қараңыз.*

ұйым (organization) КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДЫ *қараңыз.*

ұйымдастырылған сектор (organized sector) Деректерді ресми статистикаға енгізетін институттар арқылы жұмыс істейтін экономиканың бөліктері. Бұған компаниялар ретінде ұйымдастырылған фирмалар, банк жүйесі арқылы жүргізілген төлемдер, салық органдарына хабарланған табыс, қосылған құн салығын реттейтін ұйымдарға хабарланған сауда мәліметтері және ұлттық сақтандыру мекемелеріне хабарланған жұмыспен қамту туралы мәліметтер кіреді. Олар экономикасы дамыған елдердегі жалпы экономикалық белсенділіктің басым бөлігін құрайды. Ұйымдастырылған сектор бейресми немесе *көлеңкелі экономикадан ерекшеленеді. Көлеңкелі экономикада жеке тұлғалар, ерікті мекемелер және қылмыстық ұйымдар сауда жүргізгенде ақша жасауды басты орынға қойып, сауда туралы салық мекемелеріне айтпайды. Жұмыс беруші мен жұмысшы да ақша үшін өз кірісін салық немесе элеуметтік қорғау мекемелеріне жария етпейді.

ұйымдық тоқырау (organizational slack) ТОҚЫРАУДЫ *қараңыз.*

ұлт байлығы (national wealth) Ұлттың азаматтарына тиесілі активтердің жалпы құны. Бұл үй шаруашылықтарының жеке әл-ауқатын, сондай-ақ жер және табиғи ресурстардың бағаланған құнын қамтиды. Сондай-ақ ҰЛТТЫҚ КІРІСТІ *қараңыз.*

Ұлттар достастығы (Commonwealth) Ұлттар достастығы бұрын Британ империясының (Мозамбикті есептемегенде) мүшесі болған 53 мемлекеттің конфедерациясы және бұрын Британ Ұлттар достастығы ретінде белгілі болды. Достастықтың тағайындалған басшысы – II Елизавета патшайым. 1971 жылы қабылданған Достастық қағидағтары декларациясында халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті, демократияны, жеке адамның бостандығы мен барлығына тең құқықтарды нығайту қажеті, сондай-ақ кедейлікті, надандық пен ауруларды жоюдың маңызы атап өтілді; ол нәсілге қарай кемсітудің барлық түріне қарсы шығады.

Ұлттық денсаулық орталығы (ҰДО) (National Health Service) (NHS) Ұлыбританияда мемлекет қаржыландыратын медициналық жалпыға ортақ жүйе, оған жалпы дәрігерлік практика, дәрі-дәрмек, фармацевтикалық препараттар, ауруханалар мен стоматология қызметтері кіреді. ҰДО арқылы емделуге барша халық қол жеткізе алады; емделудің кейбір түрлеріне балаларға, зейнеткерлерге және өте төмен табысы бар адамдарға жеңілдік беріледі. Ұлттық денсаулық орталығы ішкі нарықты қолдана отырып, отбасы дәрігерлері практикалық базасына сүйенетін отандық нарықты пайдаланады.

ұлттық есептер (national accounts) ҰЛТТЫҚ КІРІС ЕСЕБІН *қараңыз.*

Ұлттық жинақтар (National Savings) Негізгі сомасы мен пайыздар бойынша Ұлыбритания үкіметінің кепілдігі бар облигациялар. Олар белгілі бір ақша сомасына немесе бөлшек баға индексіне байланысты болуы мүмкін. Ұлттық жинақтар және инвестициялар – жеке тұлғаларға сенімді бағалы қағаздарды ұсынатын Ұлыбритания институты.

Олар кеңінен таралған: олар толығымен қауіпсіз, бірақ басқа инвестицияларға қарағанда мөлшері біршама төмен қайтарым қамтамасыз етеді. Кез келген адам ұстай алатын Ұлттық жинақтар облигацияларының саны шектеулі. www.nsandi.com – Ұлттық жинақтар және инвестицияларға арналған веб-сайт.

ұлттық кіріс (national income) *Капиталды тұтырудан кейінгі *фактор шығынымен өлшенетін мемлекет резиденттерінің жиынтық кірісі. Бұл жалпы ұлттық өнімнің фактор шығыны мен капитал тұтынылуы айырмасына тең. Бұл мағына ұлттық кіріс есебі тұжырымдамаларын техникалық талқылауда қолданылады. Ұлттық кіріс құрамында төлемдердің бір тобынан екіншісіне аударылатын ұлттық кірістің бір бөлігі болатын *трансфер төлемдер қамтылмайды. Трансфер үлкен болса, салық салынғанға дейінгі жеке кіріс көлемі жалпыұлттық кіріс деңгейінен асуы мүмкін. Ұлттық кіріс екі негізгі түзетуді пайдалана отырып, фактор шығыны бойынша *жалпы ішкі өнімнен алынады. Біріншіден, капиталды тұтыну көрсеткіші шегерілуге тиіс; бұл елдегі негізгі капитал қорын өзгеріссіз сақтап қалу үшін *инвестицияларды ауыстыруға жұмсалуға тиіс соманың есептік бағасы. Екіншіден, шет елден келетін мүліктен түскен таза табысты қосу қажет, себебі ұлттық кіріс елдегі немесе шетелде жүзеге асырылатын қызметтің нәтижесі екеніне қарамастан, резиденттер кірісіне жатады. Табыс көзқарасы жалпы экономикалық белсенділікті өлшеу үшін ұлттық кіріс есебінде қолданылатын үш әдістің бірі: бұл әдіс экономиканың барлық секторларының кірісін біріктіру арқылы жұмыс істейді. Басқа көзқарастар – түрлі салалардың нәтижелерін және экономиканың

түрлі секторларына жұмсалатын шығынды қосатын *шығын әдісін ескеретін *шығым әдісі. Сондай-ақ ҰЛТТЫҚ КІРІСТЕГІ ТОЛЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ДЕҢГЕЙІН *қараңыз.*

ұлттық кіріс есебі (national income accounts) Ұлттық кіріс пен оның құрамдас бөліктеріне қатысты негізгі жиынтықты көрсететін есеп; олар *жалпы ішкі өнім, *жалпы ұлттық өнім, *капиталды тұтыну және *тұтыну, *таза инвестиция және *жалпы инвестиция, *мемлекеттік шығын, *экспорт және *импорт сынды компоненттерді шегергендегі ұлттық кірісті қамтиды. Ұлттық кіріс есебінде көбінесе *қорлар туралы ақпарат, сондай-ақ *ағымдар, яғни ішкі өндірістік капиталы резервтері, сыртқы активтер мен міндеттемелер туралы ақпарат бар. Ұлттық кіріс есебі әдетте баға деңгейіндегі өзгерістер туралы ақпаратты қамтиды және ағымдағы және тұрақты бағаның түрлі жиынтығын, яғни номинал және нақты көрсеткіштерде көрсетеді. Деректер әдетте барлық жылдарға қатысты; олар қысқа мерзімде берілсе, маусымдық түзетілуі не түзетілмеуі мүмкін.

ұлттық кірістегі толық жұмыспен қамту деңгейі (full employment national income) Толық жұмыспен қамтумен сәйкес келетін нақты *жалпы ішкі өнім деңгейін сипаттайтын кейінгі экономика тұжырымдамасы.

Ұлттық мемлекеттік ипотека қауымдастығы (ҰМИҚ) (Government National Mortgage Association) (GNMA) АҚШ-тағы Федералдық тұрғын үй шаруашылығы басқармасы және ардагерлер істері басқармасы шығарған бағалы қағаздарға кепілдік беретін мекемесі. Ұлттық мемлекеттік ипотека қауымдастығы «Джинни Мэй» ретінде танымал. www.ginniemae.gov – Ұлттық

мемлекеттік ипотека қауымдастығының ресми веб-сайты.

ұлттық өнім (national product) Елдің резиденттеріне тиесілі өндіріс факторлары өндірген табыстың жалпы құны. Ол шетелде жұмыс істейтін резиденттерге тиесілі факторлардан кірістерді қамтиды және ел ішінде әрекет ететін, бірақ резидент еместерге тиесілі факторлардың құнын ескермейді. Мұны меншік формасына байланысты емес, ел ішінде өндірілген кірістің құнын білдіретін *ішкі өніммен салыстыруға болады. *Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) капиталды тұтыну бағасын шегергенге дейін есептеледі; *Таза ұлттық өнім ЖҰӨ мен *капиталды тұтынудың айырмасына тең.

ұлттық режим (national treatment) Сауда келісімдері көбінесе үкіметтердің шетелдік фирма өнімдерін жергілікті фирма өнімдерімен тең қарастыру талаптарын қамтиды. Бұл тауарларға *тарифтер мен *квоталар сияқты шекара шараларын қолданғаннан кейін, оларға салық пен акциздер сияқты мәселелерде отандық тауарлармен тең қарау керек дегенді білдіреді.

Ұлттық сақтандыру жарналары (National Insurance contributions) Әлеуметтік қамсыздандыру төлемдеріне көмек көрсету мақсатында Ұлыбританияда жұмысшылардан, жұмыс берушілерден және өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлерден алынатын алым. Бұл жарналар, өте төмен кірісті қоспағанда, жалақыдан белгіленген пайыз ретінде есептеледі. Ұлттық сақтандыру жарналары жұмыс берушілердің еңбекақы шығыны мен қызметкерлер жұмысына ақшалай төлемдер арасындағы *салық бұрмалануы бөлігі.

Ұлттық статистика қызметі (ҰСҚ) (Office for National Statistics) (ONS)

Ұлыбританияның экономикалық статистикасын жинауға және жариялауға жауапты үкіметтік агенттігі. ҰСҚ 1996 жылы Орталық статистика басқарма мен Халық санағы және сауалнамалар қызметінің бірігуінен құрылды. www.ons.gov.uk – Ұлттық статистика қызметінің ресми веб-сайты.

Ұлттық экономика кеңесі (National Economic Council) 1. АҚШ Ұлттық экономика кеңесі 1993 жылы АҚШ-тағы экономикалық саясатты қалыптастыру және үйлестіру үшін құрылды. Бұл Ақ үйдің саясат бөлімінің бөлігі. Ол АҚШ президентіне экономикалық саясатты қалыптастыру форумын ұсынады.

2. Ұлыбританияның Ұлттық экономика кеңесін 2008 жылы Гордон Браун құрды, бірақ 2010 жылы консерватив-либерал-демократиялық коалиция үкіметінің күші жойылды.

Ұлттық экономикалық зерттеулер бюросы (ҰЭЗБ) (National Bureau of Economic Research) (NBER) 1920 жылы Америка экономикасына объектив сандық талдау жүргізуге арналған Америкадағы жеке коммерциялық емес ұйым. ҰЭЗБ АҚШ экономикасының микро, макро және халықаралық аспектілерін жоғары сапалы талдаудың бас провайдері. ҰЭЗБ-тегі зерттеулер *бизнес-цикл теориясына үлкен үлес қосты. www.nber.org – ҰЭЗБ сайтының бас беті.

Ұлы депрессия (Great Depression) 1920 жылдардың соңында басталып, 1930 жылдардың ортасына дейін жалғасқан дүниежүзілік экономикадағы құлдырау. АҚШ-та Ұлы депрессия 1929 жылғы 29 қазанда қор нарығының құлдырауынан басталды. Ұлы депрессия халықаралық сауда мен ұлттық кірістің қысқаруына әкелді. Ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының айтарлықтай төмендеуінен фермерлер айтарлықтай

қатты зардап шекті. Еуропадағы фашизмнің өсуі көбінесе Ұлы депрессияға реакциямен және кейіннен басқарудың экстремал емес түрлеріне деген сенімнің жоғалуымен түсіндіріледі.

Ұлыбритания деректер қызметі (UK Data Service) Зерттеушілердің, оқытушылар мен студенттердің мүддесі үшін Ұлыбритания *Экономикалық және әлеуметтік зерттеулер кеңесі (ESRC) ұсынған сандық және сапалық экономикалық және әлеуметтік, мульти-медиалық деректер жиынтығының және сандық емес материалдардың кешенді қайнар көзі. Олардың қатарына Ұлыбритания үкіметінің еңбек күшін зерттеу және өмір салтын жалпы зерттеу, Ұлыбритания бойынша тігінен зерттеу, сондай-ақ көптеген деректер банкі сияқты ірі ауқымды зерттеулер жатады. www.ukdataservice.ac.uk – Ұлыбритания деректер қызметі сайтының бас беті.

Ұлыбритания Қаржы министрлігі (ҰҚМ) (HM Treasury) (НМТ) Ұлыбританияның экономика және Қаржы министрлігі. ҰҚМ – қаржы және экономика саясатын әзірлеуге және іске асыру мен мемлекеттік шығынды бақылауға жауапты. www.hm-treasury.gov.uk – Ұлыбритания Қаржы министрлігінің ресми сайты.

Ұлыбританияның салық және кедендік алымдар басқармасы (HM Revenue and Customs) (HMRC) Бірқатар тікелей және жанама салық жинауға, сондай-ақ балаларға арналған жәрдемақылар мен салық шегерімдерін төлеуге жауап беретін Ұлыбританияның үкіметтік департаменті. Ұлыбританияның салық және кедендік алымдар басқармасы (HMRC) 2005 жылдың сәуір айында Салық басқармасы мен Кеден және акциздер басқармасының бірігуі нәтижесінде құрылған. www.hmrc.gov.

uk – Ұлыбританияның салық және кедендік алымдар басқармасының ресми сайты.

ұпайлар (индексті өзгерту) (points) (change in index) Өлшем бірліктерінде индекстің өзгеруі. Мысалы, қор индексі 500-ден 505-ке ауысса, ол 5 пунктке артады. Бұл $5/500 = 1$ пайыз болатын пайыздық артуға қарсы.

ұрпақаралық капитал (intergenerational equity) Түрлі ұрпақтың әділ қарау тұжырымдамасы. Ұрпақтар арасындағы теңдік проблемаларына мысал: уақытаралық фискалдық саясат (борыштарды бөлу және уақыт бойынша салық салу), саясаттың тұрақтылығы және ұзақмерзімді экологиялық мәселелер.

ұрпақаралық мобильділік (intergenerational mobility) Ата-аналар мен балалар арасындағы әлеуметтік мәртебенің өзгеруі. Баланың әлеуметтік мәртебесі ата-аналардың әлеуметтік мәртебесінен асып түскен кезде жоғары қарай мобильділік орын алады. Төмен қарай мобильділік – бұған кері құбылыс. Көп қоғамда әлеуметтік мәртебе экономикалық мәртебеге сәйкес келеді. Мұндай Ұлыбритания сияқты, басқа әлеуметтік мәртебесі – экономикалық жағдай мен әлеуметтік тап элементтерін қамтитын кең түсінік. Ұрпақтар арасындағы кеңінен қолданылатын мобилділік көрсеткіші – табыс бөлінісіндегі ата-аналар мен балалар арасындағы қатынас. Ұрпақаралық мобильділіктің жоғары деңгейі көбінесе мүмкіндіктер теңдігі көрсеткіші түрінде кездеседі. Солтүстік елдерде мобильділік деңгейі жоғары, ал Ұлыбритания мен АҚШ-та – төмен.

ұрпақтар тоғысындағы экономика (overlapping generations economy) Жеке агенттердің шектеулі өмірі бар, алайда

әрқайсы бір кезеңнен көп өмір сүретін, дискрет уақыты бар динамикалық экономикалық модель. Әр кезеңде бұрын онда болмаған агенттердің жаңа буыны болады. Сонымен қатар сол кезеңде өмірінің соңғы кезеңдерін өткізіп жатқан ескі буындар да болады. Экономика шексіз жалғасады деп болжасақ, онда ұрпақтар тоғысындағы экономиканың ерекше сипаты болады. Ол сипат экономиканың тұтас өмір сүру ұзақтығын ескере отырып, тұтынушылар саны және (ескірген) тауарлар саны шексіз болатынын білдіреді. Осы қосарлы шексіздік салдарынан ұрпақтар тоғысындағы экономикадағы бәсеке тепе-теңдігі Парето тиімсіздігі болу мүмкін. Жинақ мінезқұлқын, зейнетақы жүйесін, бағалы қағаздар нарығын талдау кезінде тоғыспалы ұрпақ моделі кеңінен қолданылады. Сондай-ақ ДИНАМИКАЛЫҚ ТИІМСІЗДІК; АЛТЫН ЕРЕЖЕНІ қараңыз.

ұстаушылар облигациясы (bearer bond)

Меншік құқығы туралы куәлігі бар тұлғаға немесе ұйымға кез келген пайыздық және сатып алу төлемін алуға құқық беретін *бағалы қағаз. Мұндай бағалы қағаз ұстаушылардың орталық тізімі жоқ; осылайша иеленушілердің бағалы қағазды ұрлық немесе жазатайым оқиға салдарынан жоғалту қатері қаупі бар. Ұстаушылар облигациясы салық салуды, капитал қозғалысын бақылауды немесе қылмыстық әрекеттен алынған ақшаны сыртқа шығаруды заңды тұрғыдан тексеруді болдырмау үшін жасырын болуға ұмтылатын барлық адамдар үшін тартымды. Сондықтан олар Ұлыбритания сынды кейбір елдерде заңсыз.

ұсынылған бөлшек сауда бағасы (recommended retail price) Тауарды өндіруші ұсынатын баға түпкілікті тұтынушылардан алынуға тиіс деген ұстаным.

Ұлыбританияда мұндай ұсынымдардың әдетте заңды күші жоқ.

ұсынылған көлем (quantity supplied)

Берілген баға деңгейінде жеткізілетін тауар көлемі. Ұсынылған көлем баға өзгерісіне байланысты *ұсыныс қисығы бойымен жылжиды.

ұсыныс (supply) 1.

Тауар немесе қызметтің сатуға ұсынылатын саны не мөлшері. Ұсыныс функциясы ұсынысты оның деңгейін анықтайтын факторлармен байланыстырады. Олар тауар бағасы, қызмет факторларының бағасы және оны өндіруге пайдаланылатын аралық өнімдер, оны өндіруге араласатын фирмалар саны және олардың негізгі құрал-жабдықтары деңгейін қамтиды. Сондай-ақ ҚОЛАЙСЫЗ ҰСЫНЫС ШОҚТАРЫ; ЖИЫНТЫҚ ҰСЫНЫС; ҰСЫНЫС ИКЕМДІЛІГІ; ИКЕМСІЗ ҰСЫНЫС; БІРЛЕСКЕН ҰСЫНЫС; ЕҢБЕК ҰСЫНЫСЫ; АҚША ҰСЫНЫСЫ; ҰСЫНЫСТАН БАС ТАРТУДЫ қараңыз.

2. Тауар немесе қызмет ұсыну акті.

ұсыныс икемділігі (elasticity of supply)

Ұсынылатын тауар көлемінің пропорционал өсуінің сол тауарлар бағасының пропорционал өсуіне қатынасы. Егер q – ұсынылған көлем, ал p баға болса, ұсыныс икемділігі былай анықталады:

$$\epsilon_s = \left(\frac{p}{q}\right) \left(\frac{dq}{dp}\right).$$

Ұсыныс икемділігі тұжырымдамасын фирмалары бағаны қабылдаушы болған индустрияға ғана қолдануға болады. Бағаны қабылдаушы фирма – нарық бағаны белгілеп, фирманың сол бағаны қабылдауы. Кез келген бір фирма үшін ұсыныс икемділігі қысқа мерзімге қарағанда ұзақ мерзімде көбірек болады. Ұзақ мерзімде көптеген жабдық орнатуға, көп қызметкер жалдауға

және оқытуға болады, ал қысқа мерзімде өнімділікті білігі не дайындығы нашар болуы мүмкін қызметкерлерді көптеп тарту есебінен ғана арттыруға болады. Индустрия үшін ұсыныстың ұзақмерзімді икемділігі ағымдағы фирмалардың ұсыныс икемділігіне ғана емес, сонымен қатар нарыққа кіру мен шығуға байланысты болады. Ұзақмерзімді ұсыныс икемділігі неғұрлым үлкен болған сайын, соғұрлым фирмаларға арзан баға себебінен индустрияға кіру немесе төмен баға себебінен индустриядан шығу оңайырақ болады.

ұсыныс қисығы (offer curve) Сауда жоспарларының локусы салыстырмалы бағаның өзгеруіне қарай өзгереді. Кез келген салыстырмалы баға жиынтығы үшін оңтайлы сауда жоспары бар. Салыстырмалы баға өзгеруіне қарай оңтайлы жоспар өзгереді. Ұсыныс қисығы – оңтайлы жоспарлардың локусы, салыстырмалы бағаның әр ықтимал жиынтығын ескере отырып құрылады. Бір тұтынушы үшін ұсыныс қисығы сызылады. Салыстырмалы баға жиынтығы бюджеттік шектеуді анықтайды. Сонымен қатар оңтайлы таңдау дегеніміз – берілген бюджеттік шектеуге сүйеніп, тиімділікті мейлінше арттыратын тұтыну жоспары. Тұтынушының ұсыныс қисығы – бюджеттік шектеу өзгергенде таңдау пайдалылығын мейлінше арттыратын локус. *Эджуорт диаграммасы аясында екі тұтынушысы бар екі тауарлы экономика үшін тепе-теңдік тұтынушылардың ұсыныс қисығының қиылысында пайда болады. Ұсыныс қисығы мемлекет үшін де сызылады. Бұл жағдайда ол салыстырмалы бағаның өзгеруіне байланысты болады, ол халықаралық сауда жоспарларын көрсетеді. Екі ел арасындағы сауда моделінде тепе-теңдік мемлекеттердің ұсыныс қисықтарының қиылысында пайда болады.

ұсыныс қисығы (supply curve) Саладағы фирмалар әр ықтимал баға бойынша ұсына алатын сандық мөлшерді көрсететін қисық. Ұсыныс қисығы фирмалар өзі белгілей алатын бағаға өз өндірісінің ықтимал әсерін есептемейтін баға қабылдаушы болса ғана анықталады. Баға вертикаль ось бойында болғанда кез келген бағадағы ұсыныс қисығы саладағы фирманың шекті шығын қисығының көлденең қосындысын білдіреді. Саладағы ұсыныс қисығы кем дегенде жеке фирмалардың ұсынысы секілді икемді және бағаның өсуі салаға басқа фирмалардың енуіне немесе бағаның төмендеуі кейбір қазіргі қолданыстағы фирмалардың шығуына итермелесе, онда ол недәуір икемді деген сөз. Сондай-ақ КЕРІ ИЛГЕН ҰСЫНЫС ҚИСЫҒЫН қараңыз.

ұсыныс саясаты (supply-side policy) Экономикадағы қол жеткізуге болатын жиынтық ұсынысты арттыруға бағытталған саясат. Ұсыныс саясаты ұсыныстың күш-жігерін ынталандыру мақсатындағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін реформалауды, еңбек күшінің өнімділігін арттыру мақсатында білім беру мен кәсіби даярлықты жетілдіру, шектеу тәжірибесін реформалау мен тиімділікті арттыру мақсатында нарыққа кіру шектеулерін алып тастау немесе өндірістегі белсенді қатысуды ынталандыру мақсатында салық жүйесін реформалауды және салық төлеуді азайту мен жалтаруды қамтуы мүмкін. Мұндай саясат *тиімді сұранысты бақылау жолымен жиынтық өндірісті тұрақтандыру мен арттыруға ұмтылатын *сұранысты басқару саясатына қайшы келеді.

ұсыныс экономикасы (supply-side economics) Экономиканың нақты өсімі айтарлықтай деңгейде *тиімді сұраныстан емес, тіпті қысқамерзімді

перспективада және толық дерлік ұзақмерзімді ұсыныс факторларының әсеріне тәуелді деген көзқарас. Экономикалық өсу қарқынын арттыруға бағытталған ұсыныс инвестиция мен инновацияны ынталандыру мақсатында салық жүйесінің реформасы, шектеу тәжірибесін реформалау, көлік және коммуникация инфрақұрылымын жетілдіру, даярлық деңгейін арттыру және жұмыссыздардың мобильділігі үшін көмек көрсетуді кеңейту, еңбек ұсынысын ынталандыру мақсатында әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін

реформалау сынды шараларды қамтуы мүмкін. Бұл экономикалық өсудің басты факторы тиімді сұраныс деңгейі болатын *кейінгі экономика көзқарасына қайшы келеді.

ұтылып бара жатқанда бәсті екі есе арттыру (martingale) Қазіргі кездегі қолда бар ақпаратқа байланысты айнымалының болашақ мәнін күтуге болатын, ағымдағы мәнді қоса алғанда айнымалы мәннің ағымдағы мәніне тең келетін стохастикалық процесс.

Ү

үздік сызықты ығыспаған баға (best linear unbiased estimator) Сызықты ығыспаған баға санатындағы ең кішкентай дисперсиясы бар баға. *Гаусс-Марков теоремасы жағдайында *қарапайым ең кіші квадраттар бағасы (BLUE) болады.

үздік эмпирикалық қисық (best-fit line) Кейбір критерийлер, мысалы, *ең кіші квадраттар әдісі бойынша өлшенген екі айнымалы арасындағы өзара қатынасты үздік көрсететін нүктелердің *шашыранды диаграммасындағы қисық.

үздіксіз есептелетін күрделі пайыздар (continuous compounding) Тұрақты түрде пайызды есептеу немесе болашақ түсімдерді дисконттау. Жыл сайын қосылатын $100r$ пайыздық мөлшерлемеді, T жылдан кейін несие өзінің бастапқы құнынан $(1 + r)^T$ есе өседі. Пайыздар жылына ν рет қосылса, онда ол $(1 + r/\nu)^{\nu T}$ -ге дейін өседі. Бұл ν ұлғайған сайын өсіп отырады. ν шексіздікке ұмтылғанда $(1 + r/\nu)^{\nu T}$ экспоненциал константасы e болып келетін e^{rT} шегіне ұмтылады. Дәл осылай, T жыл ішінде төленуге тиіс болашақ түбіртек оның r үздіксіз мөлшерлемесіндегі ағымдағы құнын анықтау үшін дисконтталады. Түбіртектің үздіксіз дисконтталатын ағымдағы құны T жыл аяғында төленуге тиіс e^{-rT} есені құрайды.

үздіксіз кездейсоқ айнымалы (continuous random variable) Кездейсоқ айнымалы

үздіксіз диапазонынан кез келген мән қабылдай алса, онда ол үздіксіз деп аталады немесе үздіксіз таралуға ие болады. Диапазон шексіз болуы мүмкін. Үздіксіз кездейсоқ айнымалының таралу функциясы (cdf) өзінің аумағында үздіксіз болып келеді. Сондай-ақ ДИСКРЕТ КЕЗДЕЙСОҚ АЙНЫМАЛЫНЫ *қараңыз.*

үздіксіз таралу (continuous distribution) ҮЗДІКСІЗ КЕЗДЕЙСОҚ АЙНЫМАЛЫНЫ *қараңыз.*

үздіксіз уақыт (continuous time) Динамикалық экономикалық модельдерде уақытты үздіксіз айнымалы ретінде түсіндіру. Үздіксіз уақыттағы процестер дифференциал теңдеулермен сипатталады. Бұл процестер айырымдық теңдеулермен сипатталатын, уақытты дискрет айнымалы дейтін түсіндірмеден ерекшеленеді.

үздіксіз уақыт процесі (continuous time process) СТОХАСТИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТІ *қараңыз.*

үзілісті регрессия дизайны (regression discontinuity design) Үзік өңдеудің себеп-салдарлық әсерін табуға арналған бағалау әдісі, яғни тағайындалған айнымалы деп аталатын белгілі айнымалы (немесе мәжбүрлеу немесе орындау) белгілі шектен асып кеткен кезде қолданылатын өңдеу. Марапат сынақ балына сүйеніп берілетін кейінгі академиялық

нәтижелерге сіңірген еңбегі үшін марапат әсерін бағалаудың классикалық үлгісі. Шекті мәннен сәл төмен ұпай алған адам шекті мәннен сәл жоғары ұпай алған адамнан айтарлықтай айырмашылығы жоқ деп болжасақ, онда нәтижедегі айырмашылықты марапат алу әсерімен түсіндіруге болады.

үй шаруашылығы (household) Бір үйде бірге тұратын және тұрмыс шығыны ортақ болатын адамдар тобы. Үй шаруашылығы әдетте туыстық қатынасы бар немесе бірге тұратын адамдардан құралады, дегенмен әрдайым олай болмауы мүмкін. Жеке тұлғалар табыс алушылар болса да, үй шаруашылықтары көптеген тұтыну шығынын шешетін бірлік. *Тұрмыс шығыны мен азық-түлік сауалнамасы – Ұлыбританиядағы үй шаруашылық шығындарының құрылымы туралы егжей-тегжейлі ақпарат көзі, ал АҚШ-та бұл – *Тұтыну шығынын зерттеу ақпараты.

үй шаруашылығы өндірісі (household production) Ресми немесе бейресми нарық ұйымдары арқылы емес, үй шаруашылығы ішінде жүретін тауарлар мен қызметтер өндірісі. Индустрияға дейінгі қоғамдарда және кейбір *нашар дамыған елдерде экономикалық қызметтің едәуір бөлігі осындай формада жүреді. Қазіргі заманғы экономикада бұл аса маңызды емес, бірақ ішінара бұл – бухгалтерлік конвенциялар мәселесі. Экономикасы дамыған елдердің өзінде адам уақытының едәуір бөлігі ас әзірлеу, үй жинау, бала күтімі, бағбандық, көлік жүргізу және техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ өз қолымен салынған құрылыс және үй безендіру жұмыстары сияқты міндеттерге жұмсалады. Мұның бәрі кейбір үй шаруашылықтарында коммерциялық негізде және арнайы қызметкерлерді жалдау арқылы жүзеге асуы мүмкін. Бұл қызмет

түрлері әдетте Ұлттық кіріс есебінде ескерілмейді.

үй шаруашылығы туралы шешім қабылдау (household decision-making) Үй шаруашылығы ішіндегі тұтыну және еңбек ұсыну жөнінде ұжымдық шешім қабылдау моделі. Онда ортақ пайдалану ережелері және ортақ бюджет отбасы мүшелері арасында қалай бөлінетіні анықталады. Мүшелердің бәрі жалпы мақсатты функцияны максималдауға ұмтылса, үй шаруашылықтарының шешім қабылдауы бірлескен болады. Мүшелер жеке мақсаттарды көздесе және басқа үй шаруашылығы мүшелерімен *стратегиялық өзара әрекеттесу болса, онда бұл бірлескен шешім қабылдау болып саналмайды.

үйдегі өндіріс (home production) ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН *қараңыз.*

үйлестіру (harmonization) Экономикалық блокқа кіретін елдердің салық мөлшерлемесі мен реттеу ережелері уақыт өте келе конвергенциялану процесі. *Еуропалық одақ (ЕО) салық мөлшерлемесін үйлестіру саясатын белсенді жүргізді. Бұл мүше елдерде *қосылған құн салығының стандарт мөлшерлемесінің ең аз мөлшерін енгізуге алып келді. Қазір ЕО «конвергенция» процесін қолдайды, бұл үйлестіруді қажет етпей жақынырақ жақындасуды білдіреді.

үйлестіру іркілісі (coordination failure) Тараптардың өз жоспарларын үйлестірудегі іркілісіне байланысты, екі немесе одан да көп тарапқа пайда әкелетін іс-әрекеттер жүзеге аспайтын жағдай. Мысалы, біреу пайдалы қазба табуы мүмкін, бірақ оны таситын көлік жоғы себебінен өндірісті бастамайды. Ал біреу таситын ештеңе жоқ деп ойлап, теміржол салмауы мүмкін. Екі

жоба да жүзеге асырылса, екеуі де табысты болар еді. Алайда екеуі де ештеңе білмеуі не бір-біріне сенбеуі себебінен жобаны бастамады. Дәл осындай мәселе үкіметтерге де әсер етеді: бірқатар елдер өзінің төлем балансына төнетін қауіпке байланысты өз саудасын либералдаудан бас тартуы мүмкін. Алайда олардың бәрі бір мезгілде либералдауды бастауға келіссе, оның пайдасын барлығы көрер еді. Бірнеше тепе-теңдік болса және экономикалық агенттер қандай тепе-теңдік пайда болатынын білмесе, үйлестіру іркілісі болады. Олар тіпті тиімді тепе-теңдік болғанның өзінде де, тиімсіз тепе-теңдікте, мысалы, шахтаны ашпай немесе темір жолды салмай) үйлестірілуі мүмкін.

үйрену әсері (learning by doing)

Қызметкердің еңбек өнімділігін тәжірибе арқылы арттыруы. Бұл тұжырымдама адами капиталдан түсетін табыстың артуын түсіндіру үшін кейбір *эндоген өсу модельдерінде қолданылады. Бүкіл әлемде *жанама әсерлер пайда болған жағдайды қоспағанда, үйрену әсері жаңа қатысушыларға қарағанда тәжірибелі өндірушілерге бәсеке артықшылығын береді. Үйрену әсері көбінесе өнімнің жиынтық көлемінің өндірісіндегі өнімділіктің артуымен сипатталады.

үкімет (government) Кейде тек орталық үкіметті, ал басқа жағдайларда *мемлекеттік басқару мекемелерін білдіреді. Бұл үкіметтердің барлық деңгейін қамтиды. Оған орталық және жергілікті үкімет, сондай-ақ Германия немесе АҚШ сияқты федерациялық елдердегі Штаттар үкіметі жатады. Орталық ҮКІМЕТ; МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МЕКЕМЕЛЕРІ; ЖЕРГІЛІКТІ ҮКІМЕТТІ *де қараңыз.*

үкіметтегі сәтсіздік (government failure) *Нарықтағы сәтсіздікті реттеу

мақсатында экономикаға араласу *Парето тиімділігін тудырмаса, онда үкіметте сәтсіздік туындайды. Кейде үкіметтің араласуы нәтижені одан бетер ушықтырады. Кейде бұл үкімет экономикаға араласу керек кезде араласпағанын да білдіреді.

үкіметтік емес ұйым (ҮЕҰ) (non-governmental organization) (NGO) Қоғамдық лауазымға қол жеткізуді, пайда табуды немесе заңсыз қызметке қатысуды қамтымайтын, жалпы мақсатқа жету үшін бірлесе жұмыс істейтін адамдардың ерікті тәуелсіз бірлестігі. Oxfam және Médecins Sans Frontières – ҮЕҰ мысалдары. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДЫ *да қараңыз.*

Үкіметтің есеп беру басқармасы (ҮЕББ) (Government Accountability Office) (GAO)

Конгресс дауыс беріп бекіткен қаражаттың заңға сәйкес жұмсалуына Конгресс алдында жауапты АҚШ-тың тәуелсіз, партиясыз агенттігі.

үкіметтің қарызы (sovereign debt)

Тәуелсіз мемлекет үкіметінің қарызы. Жеке тұлғаның не корпорация қарыз алғанда әдетте оларды тиесілі пайыздық өсім мен өтем төлемдерін төлеуге міндеттейтін заңды рәсімдерді қолдануға немесе төлемеген жағдайда активтерін қарыз берушіге беруге болады. Мұндай заңды санкциялар үкіметтерге қатысты, олар өз еркімен құқықтық рәсімдерге бағынғысы келмесе қолданылмайды. Осылайша мемлекеттің қарызы жойылуы, пайыздық мөлшерлеме азайтылуы немесе мәжбүрлі түрде қайта қаралуы мүмкін деген қатер бар. Мемлекеттік қарыз алушыларға қарыз беретіндердің жалғыз қорғанысы – қарыз алушылардың абыройына алаңдау: дефолт келешекте олардың қарыз алуын қиындатады немесе қымбаттатады. МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАРЫЗЫН *да қараңыз.*

үлескер (sharecropper) Жерді жалға алу ақысын келісілген ақша сомасымен емес, өндірілген өнімнен белгіленген үлес ретінде төлейтін жалға алушы. Бұл жүйе салыстырмалы түрде артта қалған өңірлерде және *дамушы елдерде таралған. Үлескерліктің жер иесі мен жалға алушы арасында қатерді бөлу әсері бар, бірақ суару мен тұрақты жақсартуға инвестициялауда жалға алушыларды абдыратады.

үлестірім сәті (moment of distribution) Әр бүтін n саны үшін X кездейсоқ айнымалы үлестірімінің n -сәті X^n *күтілетін мәні болады.

үлкен жарылыс (big bang) 1. Реформалар мүмкіндігінше тезірек жүргізілуге тиіс деген пікірдің қысқартылған көрінісі. Бұл өзгерістер бірте-бірте енгізілуге тиіс деп санайтын *градуализм теориясына қайшы келеді. Бұл көзқарастар *либералдау немесе *құрылымдық трансформацияны жүзеге асыратын елдерде қайшылық тудырады. Жылдам өзгерістерді қолдайтын аргументке оларды саяси түрде қайтымсыз ету үшін өзгерістерден пайда тапқандардың айтарлықтай үлкен тобын құратыны жатады. Ал біртіндеп өзгеру оппозицияны қолдайды, өйткені көбінесе ұтылғандар ұтқандар пайда тапқанға дейін зардап шегеді.

2. 1986 жылы *City-де тіркелген комиссиялар алып тасталғанда, Лондон қор биржасының сауда практикасында болған басты өзгерістер.

Үлкен жетілік (Group of Seven) (G7) Жетекші индустриялы елдердің бейресми тобы, олардың көшбасшылары экономикалық мәселелер мен саясатты талқылау үшін ауық-ауық кездесіп отырады. G7 елдері – Канада, Франция, Германия, Италия, Жапония, Ұлыбритания және АҚШ.

үлкен қарызы бар кедей елдер (heavily indebted poor countries) Бұл *Халықаралық валюта қоры мен *Халықаралық қайта құру және даму банкі (Дүниежүзілік банк) анықтағандай, борышын есептен шығаруға құқығы бар 39 елден тұратын топ, олардың көбі Африкада Сахараның оңтүстігіне қарай орналасқан елдер. Мемлекет борыш ауыртпалығын жеңілдетуге үміткер болуы үшін ол үш критерийге сай болуға тиіс: берешектің тұрақсыздығы, кедейліктің жоғары деңгейі және болашақ борыш дағдарыстарын болдырмауға бағытталған реформалардың қалыптасқан тәжірибесі.

Үлкен қоғам (Big Society) Ұлыбритания үкіметіндегі консерватив-либерал-демократиялық коалицияның 2010 жылы әзірлеген бағдарламасы. Бағдарлама жергілікті билік органдарына үлкен билік беруге, мемлекеттік қызметтерді ашуға және адамдарды өз қауымының өміріне белсенді қатысуға ынталандыруға бағытталған.

Үлкен ондық (Group of Ten) (G10) Жетекші индустриялы елдердің бейресми тобы, олардың көшбасшылары экономикалық мәселелер мен саясатты талқылау үшін ауық-ауық кездесіп отырады. G10 сондай-ақ Париж клубы ретінде де белгілі. G10 елдері – Бельгия, Канада, Франция, Германия, Италия, Жапония, Нидерланды, Швеция, Ұлыбритания және АҚШ.

үлкен өтемақы алып жұмыстан шығу (golden handshake) Компания атқарушы директорына компаниядан кеткен кезде үлкен бонусқа құқық беретін келісім-шарттағы ереже.

үлкен сандар заңы (law of large numbers) Бірқатар статистикалық нәтижелер кездейсоқ тәжірибе сынақтары санын

ұлғайтқан сайын тиімді нәтижелердің нақты және күтілетін сандары арасындағы пайыздық айырмашылығы нөлге тең деген идеямен байланысты. Үлкен сандардың әлсіз заңы бойынша, *n* тәуелсіз бірдей үлестірілген кездейсоқ айнымалылар кезектілігінің іріктемелік орташа мәні *n* шексіздікке ұмтылған жағдайда ортақ орташа мәнге жуықтайды.

Үлкен сегіздік (Group of Eight) (G8) Сегіз жетекші экономикалық елдің үкіметтері үшін бейресми форум. Ол елдерге Германия, Италия, Канада, Ресей, Ұлыбритания, АҚШ, Франция және Жапония жатады. 2014 жылы Ресей Қырым аннексиясына жауап ретінде G8-ден шеттетілді.

Үлкен секіріс (Great Leap Forward) 1958 жылдан 1960 жылға дейін қолданыста болған экономикалық және әлеуметтік жоспар. Жоспар құрлықтағы Қытайды Ауылшаруашылық экономикасынан индустриялы коммунистік қоғамға жылдам трансформациялауға бағытталды. Ауа райы қолайсыздығымен ұштасқан ауыл шаруашылығын ұжымдастыру процесі шамамен 20 миллион адамның аштан өлуіне себеп болды. 1960 жылы Үлкен секіріс жоспары тоқтатылып, жерге жекеменшік құқығы қайта берілді.

үлкен серпін (big push) *Даму экономикасындағы доктрина. Доктринаға сәйкес кедей елдердің дамуы көптеген секторды үйлесімді (синхрон) кеңейтуге сүйеніп жүргізіледі. Норматив тұрғыдан алғанда ол үкімет көптеген секторда жаңа капитал инвестициялады қалай бөлетінін жоспарлауы керегін білдіреді. Позитив тұрғыдан алғанда ол капиталдың қалыптасуы міндетті түрде теңгерілген өсу арқылы пайда болады дегенді білдіреді.

үлкен төрттік (big four) Ұлыбританияның Хай-стрит көшесінде орналасқан төрт ірі банкті, атап айтқанда, Barclays, Lloyds, HSBC (бұрын Midland) және NatWest-ті сипаттау үшін қолданылған термин. Қазір бұл термин көбінесе төрт ірі бухгалтерлік фирмаға қатысты қолданылады: PricewaterhouseCoopers, Deloitte, Ernst and Young және KPMG.

үміткер азамат (citizen candidate) Кез келген азамат саяси қызметке кандидат бола алатын өкілдік үкімет моделі. Бұл модель барлық сайлаушылардың саясаткерлер арасында өз қалауы бар екенін және сайлауда жеңімпаз тіркелген үміткерлер арасынан дауыс беру арқылы анықталатынын білдіреді. Үміткер сайланғаннан кейін өзі ұсынған бағдарламасын іске асырады. Бұл модель экономикалық саясат саяси процестен қалай пайда болатынын түсіндіреді және белгілі бір тұжырымдарда дауыс беру нәтижелері тиімді екенін көрсетеді. Сондай-ақ МЕДИАН САЙЛАУШЫ ТЕОРЕМАСЫН қараңыз.

үмітсіз борыш (bad debt) Өтелуі мүмкін емес немесе екіталай екені белгілі *борыш. Қарыз алушының қарыздың негізгі сомасын немесе пайыздарын белгіленген мерзімде төлеуге қабілеті жоғы – борыш үмітсіз екеніне дәлел. Бірақ қарыз алушы төлей алмайтыны алдын ала белгілі болса, ешқандай төлем жүргізілмей тұрып-ақ борыш үмітсіз болуы мүмкін. Төлемдер кешіктірілсе, төлем, ақыр соңында, бәрібір төленеді деп ойлайтын кредиторлар *борышты қайта жоспарлауға дайын болады немесе ешқандай ресми келісімсіз төлем жасалғанын күтеді. Қай кезеңде үмітсіз борышты *есептен шығару керек екені, яғни кредиторлар оларды өз есебіндегі активтер ретінде тіркеуді тоқтатуы керегі сот шешімінен кейін белгілі болады. Көп қарызы бар

институттар, қандай борышты үмітсіз санайтынын көрсетпестен, шығынды жабуға резерв жасай алады.

үмітсіз борыш резерві (bad debt provision)

*Үмітсіз борыштардың қайсын есептен шығару керек, яғни оларды өз есебіндегі актив ретінде тіркеуді тоқтатуы керегін көрсететін кредитор есебіндегі мәлімдеме. Үмітсіз борышы бар фирма, ақыр соңында, оны есептен шығаруға шешім қабылдауға тиіс. Оның уәде етілген төлемін төлей алмайтын қарыз алушылары көп болса, ол нақты қандай борыш үмітсізге айналатынын көрсетпей, тек есептен шығаруды көздейтін несие борыштары сомасын көрсетіп, «үмітсіз борыштар резервін» жасай алады.

Үндістанды трансформациялау ұлттық институты (National Institution for Transforming India) Бұл мемлекеттік мекеме 2015 жылы Жоспарлау комиссиясының ізбасары ретінде құрылған. Мекеме мақсаты – экономикалық прогресс пен даму саясаты мен бағдарламаларын қалыптастыру және олардың орындалуын бақылау үшін ұлттық даму бағдарламасының жалпы негізін қамтамасыз ету. niti.gov.in – Үндістанды трансформациялау ұлттық институты ресми сайты.

Үндістанның резерв банкі (Reserve Bank of India) Калькуттада 1935 жылы құрылып 1937 жылы Мумбайға көшіп келген Үндістанның *орталық банкі. Бастапқыда бұл жекеменшік банк болды, бірақ 1949 жылы ол мемлекет меншігіне өтіп, қазір толығымен Үндістан үкіметіне тиесілі. Банкті үкімет төрт жылдық кезеңге тағайындайтын орталық директорлар кеңесі басқарады. Ол ақша-несие өкілеттігін жүзеге асырушы, қаржы жүйесін реттеуші және бақылаушы, шетел валютасын айырбасын

басқарушы және валюта шығарушы ретінде әрекет етеді. Оның басқа қызметтері орталық және штаттардың үкіметтері мен барлық жоспарланған банктер үшін банк ісін, сондай-ақ Үндістанның ұлттық даму мақсаттарын қолдау жөніндегі бірқатар қызметті қамтиды. www.rbi.org.in – УРБ ресми сайты.

Үндістанның ұлттық қор биржасы (National Stock Exchange of India) 1992 жылы құрылған және штаб-пәтері Мумбайда орналасқан қор биржасы биржалық акциялар, деривативтер және қарыз құралдарын ұсынады. 2016 жылдың қаңтарында компанияның нарықтағы капиталдануы 1,35 трлн долларды құрады. www.nseindia.com – Үндістанның Ұлттық қор биржасы сайтының бас беті.

үнемдеу (жинақ) функциясы (savings function) Детерминанттарды сақтаумен байланысты функция. Жеке тұлғалар үшін бұл табысты (ағымдағы және тұрақты), жас, отбасы жағдайын, активтері мен, мүмкін, *өтімділігін қамтиды. Жиынтық деңгейде жинақ функциясы табыс әсерін, қоғамның жасқа қарай бөлінуін және барлық активтерді қамтиды.

үнемділік (thrift) Ақша жинақтауға дайындық және жұмсаудағы үнемділік. Сондай-ақ ҮНЕМДІЛІК ПАРАДОКСІН қараңыз.

үнемділік парадоксі (paradox of thrift) **Ex ante* сақтап қалуға бейімдікті арттыратын дәлел, яғни сақтап қалғысы келетін табыс үлесі бұрынғы жинақ **ex post* инвестициялардың деңгейін арттырмауы, керісінше, тіпті төмендеуі мүмкін. Тоқыраған экономикада ағымдағы кірістен көбірек үнемдеу әрекеті тұтынуды, осылайша табыстың шығу деңгейін төмендетеді деген дәлелдің

негізі. Табысты азаюы *ex post* инвестицияға кедергі келтіреді, сондықтан нақты жинақ пен инвестициялар құлдырайды: бұл – үнемділік парадоксі. Қарсы дәлел айтушылардың ойынша, экономика дамып келе жатқанда, кез келген деңгейде жинақталған қаражаты бола тұра, инвестицияны қаржыландыру үшін қарызды жеңілдетеді немесе арзанырақ етеді; *нәтижесінде* тұтыну төмендейді, бұл салықтан кейінгі кіріс өзгеріссіз қалады және жинақ пен инвестиция өсуі үшін инвестицияның «жинақталуына» әкеп соғады деген сөз. Кей жағдайда үнемділік парадоксіне қатысты дәлелдер мен қарсы дәлелдер дұрыс болуы мүмкін, нақты жағдайда нақты қолданылатыны факт болады.

үнемшіл адам (economic man) Таңдау шектеулерін ескере отырып, ең қолайлы нәтижеге қол жеткізу үшін ұтымды шешім қабылдайтын адам. Үнемшіл адам моделі көзқарасы таңдау процесіне келгенде өте ерекше, бірақ ол таңдау жасауға немесе *қалауы мен таңдауына шектеу қоймай-ақ ортақ келісімге келеді.

үнсіз сөз байласу (tacit collusion) *Құпия келісім қатысушы тараптар арасында нақты қарым-қатынассыз жүзеге асады. Мысалы, екі фирма бір-бірінің бағасын төмендетпеу үшін жасырын келісуі мүмкін.

үрдіс, тренд (trend) *Уақыт қатарлары деректерінде жоғары немесе төмен жүру тенденциясы бар ұзақмерзімді қозғалыс. *Эконометрикалық модельде детерминделген тренд көбінесе сызқтық немесе жалпы жағдайда, полиномиал түрде уақытты экзоген айнымалы ретінде қамту жолымен енгізіледі. Стохастикалық тренд кейбір тәртіп интеграцияланған тренд көрсететінін

білдіреді, яғни стационарлықты алу үшін оны саралау қажет.

үстем жағдайды асыра пайдалану (abuse of dominant position) Басымдығы бар фирманың нарықтағы үлесін сақтау немесе ұлғайту үшін тауар нарығында не географиялық нарықта бәсекеге жат практиканы пайдалануы. Еуропалық одақтың бәсеке туралы заңнамасы Одаққа мүше-мемлекеттер арасындағы саудаға қатысты мәселелерде үстем жағдайды теріс (асыра) пайдалануға тыйым салады. **БӘСЕКЕ САЯСАТЫН қараңыз.**

үстем стратегия (dominant strategy) Ойында бір ойыншы үшін оның қарсыластары қабылдаған стратегияға қарамастан, кем дегенде, кез келген басқа стратегия сияқты жоғары пайда әкелетін стратегия. Ойыншының басым стратегиясы болса, ойыншы соны таңдайды. Егер *A* стратегиясы *B* стратегиясынан үстем болса, онда *B* стратегиясын қолданудың мәні жоқ. Сәйкесінше, *B* стратегиясын ықтимал тепе-теңдік стратегиясы ретінде алып тастауға болады. Ойында тепе-теңдікті іздеу жетекші стратегияларды рекурсив жою арқылы қарапайым бола бастайды.

үстем фирма (dominant firm) Белгілі бір нарықтан елеулі үлес және келесі бәсекелесіне қарағанда нарықтан едәуір үлкен үлес алып жатқан фирма. Әдетте нарықтағы үстем фирманың үлесі 40 пайыз немесе одан көп болады. Фирма осындай позицияға ауқымнан үнемдеу, маңызды патенттерге ие болу немесе нарыққа кіруге заңды шектеулер болуы арқасында жетеді. Монополияға қарсы әрекет немесе шағын бәсекелес фирмалардың технологиялық инновациялары жетекші фирманың жетекші позициясын жоғалтуына әсер етуі мүмкін.

үстеме жұмыс уақыты (overtime) Еңбек шартында көрсетілген апталық жұмыс уақытынан асатын жұмыс уақыты.

үстеме жұмыстан бас тарту (overtime ban) Қызметкерлердің қалыпты жұмыс уақытынан артық жұмыс істеуіне тыйым салынуы. Бұл *еңбек даулары арқылы қолайсыздық тудырған жұмыс берушілерге қолданылады. *Жұмыстан босатуды болдырмай, жұмысшылардың санын арттыру талап етіледі. Үстеме жұмыстан бас тарту жұмысшылардың жалақы мөлшерін азайтқанымен, ол ереуілге шыққаннан әлдеқайда тиімдірек, өйткені жұмысшының табысын салыстырмалы түрде аз ғана кемітеді.

үстеме пайда (abnormal profit) ҚАЛЫПТЫДАН ЖОҒАРЫ ПАЙДАНЫ *қараңыз.*

үстеме пайда (excess profit) Кәсіпкерді ағымдағы қызмет бағытында ұстап қалуға қажет деңгейден жоғары пайда. Пайданың шектен тыс екені туралы пікірлер әдетте капиталдың табыстылығын қатер деңгейі бірдей болған басқа салада табуға болатын табыс деңгейімен немесе сол компанияның өткен уақыттағы табысымен салыстыруға сүйенеді. Сондай-ақ ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕНТАНЫ *қараңыз.*

үстеме шығын (overhead costs) Бизнес өндірісті жүргізу үшін жұмсауға тиіс тұрақты шығын. Шығым уақытша нөлге дейін қысқартылса, онда қысқамерзімді перспективада үстеме шығынның алдын алуға болады. Ал болашақ өндірістің ықтималдығы мүлдем жоқ болса, онда ұзақмерзімді перспективада үстеме шығынды болдырмауға болады. Олар фирма толық жабылғанның өзінде де үнемдеуге келмейтін, өтелмеген немесе қайтпайтын шығынды да қамтуы мүмкін.

үстемақы (fringe benefits) Жалақыдан, бонустан және зейнетақыдан басқа жәрдемақы. Оларды жұмыс берушілер қызметкерлеріне береді. Мұндай жәрдемақыға қызметтік автомобильдер, спорт ғимараттары, тегін немесе субсидияланған тамақтану, медициналық қызметтер немесе сақтандыру, балалар мекемелері, тегін немесе субсидияланған тұрғын үй немесе арзан ипотекалық кредиттерді жатқызуға болады. Жұмыс берушілер әртүрлі себептер бойынша қосымша жәрдемақы ұсынады. Оларға денсаулықты, моральдық жағдайды жақсарту, осылайша өз қызметкерлерінің еңбек өнімділігін арттыру, фирмаға адалдықты ынталандыру, сондай-ақ өз қызметкерлерінің жеке және бірлескен салық міндеттемелерін төмендету жатады.

үшінші әлем елдері (third world) Кедей немесе *мешеу елдер. Термин *экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының, алдыңғы қатарлы капиталистік блок немесе бұрынғы Кеңес блогының бөлігі болмаған елдерді қамту үшін пайда болды.

үшінші дәрежелі баға дискриминациясы (third-degree price discrimination) Сатушылар клиенттердің түрлі типтерін анықтап және әртүрлі типтерге түрлі контрактілерді ұсынуы мүмкін болған кездегі баға дискриминациясы. Мысалы, студенттер немесе зейнеткерлерге арнайы баға ұсынылуы мүмкін. Мұндай баға дискриминациясы тауар немесе қызметті қайта сату қымбат немесе мүмкін болмаған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін; қайта сату шығынмен байланысты болмаса, онда әр сатып алушы төмен саналатын бағамен ұсынылатын түрін сатып алар еді. Сондай-ақ БІРІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ БАҒА ДИСКРИМИНАЦИЯСЫ; ЕКІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ БАҒА ДИСКРИМИНАЦИЯСЫН *қараңыз.*

Үшінші жол (Third Way) *Капитализмді *орталықтан жоспарлаумен үйлестіруге тырысатын экономиканы ұйымдастыру көзқарасы. Сондай-ақ ӘЛЕУМЕТ-ТІК НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ қараңыз.

үшінші тарап алдындағы жауапкершілікті сақтандыру (third-party insurance)

Өлім, жарақат немесе мүлкі бүлінген жағдайда сақтандырушы компания мен полисті ұстайтын сақтандырушыдан басқа үшінші тарап, яғни жеке

тұлғалар немесе басқа компаниялар алдындағы өтеу құнынан сақтандыру. Ұлыбританияның автокөлік жүргізушілері заңды түрде үшінші тарап алдындағы жауапкершілікті сақтандыруға тиіс, ал олар өрттен, ұрлықтан және жазатайым жағдайдан сақтандыру кергін өздері шешеді. Бұған қарағанда, АҚШ-тың кейбір штаттарында автокөлік жүргізушілерінен қандай да бір сақтандыру талап етілмейді.

Ф

фактор бағасы (factor prices) *Өндіріс факторы қызметтерінің бағасы. Өртүрлі еңбек үшін фактор бағасына тиісті жалақы мөлшерлемесі; жер үшін төленген рента; капиталға төленетін пайыздық мөлшерлеме жатады. Жер мен капитал тауарларын сатып алу бағасы бұл жағдайда фактор бағасына жатпайды. Бәсекелік тепе-теңдік жағдайында фактор бағасы әр фактордың шекті табысына тең болады. Тауарлар немесе фактор нарықтары бәсекеге қабілетсіз болса немесе кейбір факторлардың бағасы алдын ала келісімшарттармен бекітілсе, онда фактор бағасы мен шекті өнімдер арасындағы байланыс анық болмайды.

фактор бағасын теңестіру (factor price equalization) Шикізат тауарларының халықаралық саудасы елдердегі *өндіріс факторларының бағасын теңестіретіні туралы теорема. *Салааралық сауданы түсіндіретін *Хекшер-Олин теориясында мемлекеттер өзінде мол өндіріс факторларынан салыстырмалы түрде аз ресурсты талап ететін тауарларды өндіру мен экспорттауға, ал өзіндегі азғантай өндіріс факторынан көп ресурсты талап ететін тауарларды импорттауға маманданады. Өндіріс факторлары тапшылығы қарқынды болатын тауарларды импорттау оларға сұранысты азайтады, сәйкесінше, олардың фактор бағасын да төмендетеді. Ал экспорт оларға деген сұранысты арттырады және, сәйкесінше, фактор бағасын да өсіреді. Тасымал шығыны

болмаса және халықаралық саудаға ешқандай шектеу қойылмаса, өндіріс факторларының бағасы толық теңеседі. Ал тасымал шығыны және *саудаға тосқауыл болса, сауда тек халықаралық өндіріс факторлары бағасындағы айырмашылықты азайтады.

фактор бағасының шері (factor price frontier) Шығынын азайтуға ұмтылған фирмаға әр өндіріс бірлігіне белгілі бір бағаны орнатуға мүмкіндік беретін *өндіріс факторлары бағасы комбинациясы. Дәл осылай өндіріс факторлары бағасы комбинациясы бәсекеге қабілетті, пайдасын арттыруға ұмтылған фирмаға пайданың белгілі бір деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

фактор кірісі (factor incomes) *Өндіріс факторларының қызметін сатудан түскен кіріс. Еңбек жағдайында, бұл жалақы және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың кірістерінің бір бөлігінің қосындысын білдіреді. Жерден түсетін кірісті рента деп атайды. Ол өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың кірісінің бір бөлігін және үй иелерінің шартты есептелген кірісінің бір бөлігін қамтиды. Капитал және кәсіпкерліктен түскен кірістер дивидендтер, пайыздар, компаниялардың бөлінбеген пайдасы, өзін-өзі жұмыспен қамтушылардың капиталы мен кәсібінен түскен кірісі ретінде қарастырылады.

фактор қарқыны (factor intensity) Тауарлар мен қызметтерді өндіруде

қолданылатын әртүрлі *өндіріс факторларының салыстырмалы пропорциялары. Шығынын азайтуға ұмтылған фирма таңдаған өндіріс әдістерінің фактор қарқыны әртүрлі өндіріс факторларының салыстырмалы бағасына тәуелді. Кез келген салыстырмалы фактор бағасының жиынтығы үшін кейбір тауарлар еңбек-капитал қатынасын пайдаланып өндіріледі. Мұндай тауарлар көп еңбек күшін, яғни қарқынды еңбекті талап етеді. Ал басқа тауарларды өндіруге жоғары еңбек-капитал қатынасы керек. Мұндай тауарлар көп капиталды қажет етеді, яғни капитал қарқынын талап етеді. Ауыл шаруашылығы тауарлары едәуір жер ресурстарын, басқа ресурстарды керісінше аз мөлшерін пайдалана отырып өндірілуі мүмкін. Мұндай тауарлар үлкен жер көлемін талап етеді.

фактор нарығы (factor market) Еңбек, капитал немесе шикізат сияқты *өндіріс факторлары нарығы. Көптеген елде өндіріс факторлары нарықтарының түрлі ұйымдық формалары бар. Мұнай мен болат секілді басқа да шикізат тауарлары халықаралық бәсекелі нарықтарда сатылады. Еңбек нарығы бәсекелі болуы мүмкін, бірақ ол жұмыс берушілер немесе жұмыс беруші топтары мен *кәсіподақтар арасындағы келіссөзді қамтиды. Кәсіби дағдылар үшін кейбір еңбек нарығы монополиялық болып келеді. Жер телімдерін жалдау туралы және фирмаларға капитал беру шарттары туралы келіссөз орталықтан басқарылмайды.

фактор өнімділігі (factor productivity) Бір фактор ресурсына шаққандағы зауыттың, фирманың немесе индустрияның өндіріс көлемі. Қарастырылып отырған фактор еңбек немесе жер секілді нақты фактор болуы мүмкін. *Өнімділік сөзі көбінесе еңбек өнімділігін көрсету

үшін қолданылады. Еңбек өнімділігі – әр қолданылған еңбек бірлігіне шаққандағы өндіріс көлемі. Ол түрлі себептермен ұлғаяды немесе азаяды. Оларға ауқымнан қайтарым тұрақты болмағандағы қолданылатын еңбек күшінің сапасындағы, басқару тиімділігіндегі, техникалық білімдегі, еңбек бірлігі ретінде пайдаланылған капитал сынды өзге де факторлар мөлшеріндегі немесе өндіріс көлеміндегі өзгерістер жатады. **ӨНДІРІС ФАКТОРЛАРЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚ ӨНІМДІЛІГІН де қараңыз.**

фактор шығыны (factor cost) Сатып алушы сатып алғандағы тауар немесе қызметтің құны. Сатып алушы төлеген нарықтағы баға одан шегерілген кез келген жанама салық және осыларға қосылған үкімет беретін кез келген субсидиядан құралады. Фактор шығыны аталуы себебі – фактор шығынындағы өнімнің құны сатып алынған ресурстар мен өндіріс факторларын қолданып қызметтерге төлеуге болатын сомаға тең. Сәйкесінше, фактор шығыны фактор ресурстарға төленетін фирманың кез келген пайдасын құрайды.

факторинг (factoring) Тауарды ешбір өңдеусіз қайта сату үшін сатып алу. Бoryш факторингі – басқа бизнес клиенттерінің қарыздарын сатып алу және оларды өндіріп алу.

фактормен жабдықтау (factor endowment) Елдегі өндіріс факторлары қоры. Бұған жер, еңбек, капитал және шикізат кіреді. Өндіріс факторларының жоғары мөлшердегі жиынтығын қамтамасыз ету экономикалық өркендеудің қажет шарты (бірақ өндіріс факторлары жиынтығын табысты пайдалану да маңызды).

Федералдық резерв жүйесі (ФРЖ) (Federal Reserve System) (Fed) АҚШ-тағы

Орталық банк. Бұл он екі аймақтық резерв банк үшін жауап беретін Басқарушылар кеңесінен тұрады (аймақ мұнда штаттар тобын білдіреді). Басқарушыларды Президент Сенаттың мақұлдауымен тағайындайды. Олар ашық нарық жөніндегі Федералдық комитет арқылы резервтік және шекті талаптар мен дисконттау мөлшерлемелерін белгілейді, он екі аймақтық резерв банктің директорларын тағайындайды. Аймақтық банктер өз аймағындағы мүше банктерді бақылайды: мүше банктерге басқа банктерге қарағанда қатаң резерв талаптары қойылады, бірақ оның орнына Федералдық резерв жүйесінен арзан қызметтер ала алады. ФРЖ салық жинаушы және федералдық үкіметтің борышын басқарушы агент ретінде әрекет етеді, Федералдық резерв жүйесінің банкноттары америкалық валютаны қалыптастырады.

Федералдық салық жүйесі (federal fiscal system) Штат үкіметтерін және федералдық үкіметтерді қамтитын федеративтік салық жүйесі. Бұл жүйеде екі деңгейде де салық алынуы мүмкін. Германия мен АҚШ – Федералдық жүйеге мысал. Сондай-ақ ФИСКАЛДЫҚ ФЕДЕРАЛИЗМДІ *де қараңыз*.

Федералдық салымдарды сақтандыру корпорациясы (ФССК) (Federal Deposit Insurance Corporation) (FDIC) Банктердің жарғыда көрсетілген қызметіне және салымшыларды банктердің банкроттығынан сақтандыруға жауапты АҚШ реттеуші органы. Кепілдік бірінші 250 000 долларлық депозиттерді қамтиды. Депозиттерді сақтандыру жөніндегі федералдық корпорация, негізінен, банктік алымдар есебінен қаржыландырылады.

Федералдық сауда комиссиясы (ФСК) (Federal Trade Commission) (FTC) Бәсеке

саясатын әзірлеумен және кәсіпорындардың бәсекеге қабілетіне қолдау көрсетумен айналысатын АҚШ федералдық агенттігі. Федералдық сауда комиссиясы сауданы шектеу мен баға дискриминациясының алдын алуға, несие шығыны туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге ұмтылады. Ол заңсыз, әділетсіз және агрессив бәсеке практикаларын тергеуге және жариялауға уәкілетті. Ол мүмкін болса ерікті келісімге сүйеніп әрекет етеді, ал мүмкін болмаған жағдайда сот күшіне сүйенеді.

фермер субсидиясы (farm subsidies)

Фермерлерге берілетін субсидия. Фермерлік шаруашылықтардың кірісін өнім бірлігіне арттыру үшін бағаны қолдау төлемдері немесе жерді өңдеуден алу үшін өтемақы ретіндегі фермерлерге төленетін тікелей төлемдер түрінде болады. Мұндай субсидиялар фермерлік шаруашылықтардың кірісін арттыруға және қазіргі заманғы экономикадағы фермерлердің жерін тастап кету процесін бәсеңдетуге арналған.

Фермерлік несие жүйесі (ФНЖ) (Farm Credit System) (FCS)

Фермерлер мен ранчо-ларға несие беру үшін құрылған америкалық банктер мен фермерлердің несие қауымдастықтары федерациясы. Фермерлік несие жүйесінің облигацияларына АҚШ Федералдық үкіметі кепілдік береді.

фидуциарлық ақша шығару (fiduciary issue)

Орталық банктің алтын резерв қорынан тыс шығарылған *жоғары қуатты ақшаның көлемі. XIX ғасырда Ұлыбританияда фидуциарлық ақша шығаруды басқару Англия банкінің өкілеттігінде болды. Банктер дағдарысы кезінде Англия банкі Банктер туралы заңның қолданылуын тоқтата тұру арқылы осы шектен аспауға тиіс болатын. XX ғасырда барлық жоғары

қуатты ақша фидуциарлық эмиссиядан тұратын болды.

Филлипс қисығы (Phillips curve) Инфляция мен жұмыссыздық арасындағы кері байланыс. Бастапқыда Филлипс қисығы жұмыссыздықпен салыстырғандағы номинал жалақының өсу қарқынын бейнелеген. Модель инфляция болжамын есепке алу үшін кеңейтілді: инфляция *күтілетін инфляцияға қатысты төмен немесе жоғары саналады, ал жұмыссыздық инфляция күтілетін инфляциямен тең болатын *табиғи жұмыссыздыққа қатысты төмен немесе жоғары саналады. Қысқамерзімді *болжамдарды ескеретін Филлипс қисығы инфляцияға қатысты болжамдар бар жұмыссыздыққа қарсы нақты инфляцияны көрсетеді. Ұзақмерзімді перспективада *рационал болжалдар инфляцияның күтілетін деңгейі нақты деңгейге тең болатынын болжайды, сондықтан ұзақмерзімді Филлипс қисықтары *жұмыссыздықты үдетпейтін инфляция деңгейімен (ЖҮИД) өте тік немесе тіпті тік болады.

фирма (firm) Өндірістік қызметті ұйымдастырудың негізгі бірлігі. Фирманы оның технологиялық білімдерінің шектеулерін (*өндіріс жиынтығында көрсетілген) және фирманың мақсаттарын ескере отырып, фирмаға құйылған ресурстарды өнеркәсіп өніміне айналдырушы ретінде қарастыратын экономикалық теория. Фирма теориясы фирманың мақсаттарын ескере отырып, оның мінез-құлқын модельдейді. Фирманың мақсаттарына барынша пайданы арттыру, қатердің алдын алу, ұзақмерзімді өсімді қамтамасыз ету жатады. Көптеген фирманы жеке кәсіпкерлер басқарады, ал басқалары серіктес болады; ірі фирмалар әдетте компания ретінде ұйымдастырылады. Бір фирманың фабрикалар немесе дүкендер

секілді көптеген филиалы болуы мүмкін. ҮСТЕМ ФИРМА; ФИРМАНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ; ЖҰМЫС ІСТЕП ТҮРҒАН ФИРМА; ФИРМАНЫ БАСҚАРУ ТЕОРИЯСЫ; ШЕКТІ ФИРМА; МУЛЬТИУЛТТЫҚ ФИРМА; ӘРТАРАПТАНҒАН ФИРМА; КӨП ӨНІМДІ ФИРМА; ӨКІЛ ФИРМА; ҚЫЗМЕТКЕР БАҚЫЛАЙТЫН ФИРМАНЫ *да қараңыз.*

фирма көлеміне қарай бөлу (size distribution of firms) Әртүрлі өлшемдегі фирмалар саны. Фирма көлемін түрлі тәсілдермен өлшеуге болады. Әдетте өлшем үшін жұмыспен қамту, айналым және қор биржасының капиталдануы сынды көрсеткіштер қолданылады. Кез келген жағдайда бөлу үрдісінде ауытқу болады: көптеген шағын фирмалар мен саны аз болып келетін салыстырмалы түрде ірі фирмалар кез келген салада, ауданда не тұтас мемлекеттерде бар.

фирмаға тән адами капитал (firm-specific human capital) Тек бір нақты жұмыс беруші үшін құндылығы бар кәсіби дағдылар, тәжірибе немесе білік. Фирма жұмыс істейтін жабдықтар бірегей болса, дағдылар фирмаға тән болуы мүмкін. Ал фирма индустрияда монополист болса, дағдылар индустрияға тән болады.

фирманың басқару теориялары (managerial theories of the firm) Компанияның мінез-құлқы менеджерлердің мотивациясы тұрғысынан түсіндірілуі керек теория. Мұндай теориялар – фирмалар қалай әрекет ететіні туралы түсініктеме ретіндегі *пайданы барынша арттыруға балама. Қолда толық ақпарат болса және фирмалар өз акционерлерінің мүддесіне жұмыс істесе, пайданы барынша арттырудың маңызы зор. Бұл ақпарат пен мотивацияға сүйенетін екі негізгі қарсылыққа ашық. Ақпаратқа келсек, *қанағаттану теориялары фирмаларда пайданы

барынша көбейтуге қажет ақпарат жоқ деп мәлімдейді: олар нәтижелер төзерлік болғанша ережелерге немесе әдеттерге сәйкес жұмыс істейді, ал қолданыстағы ережелер нашар нәтиже берсе, олар ең жақсы нәтиже іздеу үшін сынақтар мен қателер әдісін пайдаланады. Ынталандыруға келсек, акционерлер рұқсат берсе, шешімді өз байлығын мейлінше арттыруға мүдделі директорлар қабылдайды. Бұл – *принципал-агент проблемасының әдеттегі жағдайы. Топ-менеджменттің мүддесі – компанияның өсуі, басқару төлемдері мен бонустар, сондай-ақ жеңіл өмір сүру. Ал акционерлер мүддесі мұны тек шектейді. Директорлардың дербестігіне қатысты ықтимал шектеулер – шоғырландырылған меншік және акционерлерге анағұрлым жақсы мәміле ұсынатын бәсекелес басқару топтарының *басып алу қаупі.

фирманың мақсаты (firm objective)

Нарықтық экономикада фирма пайдасын арттыруды көздейді деген тұжырым. Алайда фирмалардың жекеменшік екенін ескере отырып, фирманың негізгі мақсаты фирманың құнын акционерлеріне қатысты барынша көбейтуді көздейді. Кей жағдайда, ақша ағынын қалыптастыру үшін жасалуға тиіс инвестицияның шығынын шегере отырып, ақша ағымының күтілген ағымдағы құнын барынша арттыру (амортизация мен салықты шегергеннен кейінгі пайда) мақсаты қойылады. Белгілі бір жағдайларда басқару мақсаттары фирма акционерлерінің мақсаттарынан ерекшеленуі мүмкін. Бұл әсіресе акционерлері компания қызметіне аз немесе мүлдем әсер етпейтін ірі корпорацияларда жиі байқалады. Компанияның меншік иесінің компанияны бақылау құқығы болмаса, басшылық әрқашан акционерлердің мүддесіне сай әрекет ете бермейді.

Менеджерлер кейде «максимизаторлар» емес, «қанағаттандырушылар» деп аталады, өйткені тәуекел етуді қаламай, өнімділіктің тиімді теңгейіне ұмтылады, акционерлер үшін фирма құнын арттыруға қарағанда жеке өмірін сақтауға көбірек көңіл бөледі. Дегенмен ұзақмерзімді перспективада аман қалу үшін менеджмент акционерлердің байлығын барынша арттыруға тырысуы керек. АГЕНТТІК ТЕОРИЯСЫ; ПАЙДАНЫ БАРЫНША АРТТЫРУ; ҚАНАҒАТТАНУДЫ *да қараңыз.*

фирманың мінез-құлық теориясы (behavioural theories of the firm)

Фирмалар ішіндегі жеке тұлғалар мен топтардың мақсатын ескеруге сүйенетін фирмалардың мінез-құлық теориясы. Фирманың ортодокс модельдері *пайданы барынша арттыруға, қатерді азайтуға сүйенсе, фирманың мінез-құлық модельдері фирма ішіндегі менеджерлер мен басқа топтардың уәжін қарастырады. Шағын фирмаларда жеңіл өмірді артық көру немесе өз-өзіне басшы болу ниеті амбицияларды шектеуі мүмкін. Ірі фирмаларда билік пен беделге деген сүйіспеншілікке сүйенетін империя құру немесе менеджерлік артықшылықтарға ұмтылу пайданы емес, айналымды арттыруға әкеледі. Сондай-ақ ақпарат тапшылығы фирманы *қанағаттануға сүйеніп таңдау жасауға мәжбүр етеді.

фирманың эволюциялық теориясы (evolutionary theory of the firm)

фирманың қиын жағдайда аман қалуы эволюциялық процесс екені туралы көзқарас. Эволюциялық тәсілдің ерекшелігі – инновациялар мен табиғи іріктеудің өзара байланысы арқылы фирмалардың өзгермелі нарық жағдайларына бейімдік мінез-құлқын түсіндіреді.

фискалдық иллюзия немесе қазыналық елес (fiscal illusion)

Салық ауыртпалығын

салық төлеушілердің жүйелі түрде дұрыс түсінбеуі. Ол үкімет табысы дұрыс бақыланбай, қаржы мәселелері бойынша демократиялық шешімдерге теріс әсер еткенде байқалады. Фискалдық иллюзия гипотезасы кейде соңғы жүз жылда көптеген елдерде ұлттық кіріс үлесі ретінде мемлекеттің шығыны елеулі ұлғаюын түсіндіру үшін пайдаланылады.

фискалдық реттеу (fiscal stance) Экономиканың кеңеюіне немесе қысқаруына бағытталған мемлекеттік бюджетте жүзеге асырылған салық және шығын саясатының тенденциясы. Фискалдық реттеуді жұмыспен қамту бюджетінің толық профицитін немесе дефицитін кейбір қалыпты деңгеймен салыстыру жолымен табуға болады.

фискалдық саясат (fiscal policy) Экономикаға әсер ету үшін салық салу мен мемлекеттік шығынды пайдалану. Бұл салық мөлшерлемелерін немесе салық алдындағы міндеттеме туралы ережелерді өзгерту арқылы немесе нақты тауарлар мен қызметтерге, трансфер төлемдерге арналған мемлекеттік шығынды өзгерту арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Фискалдық саясат экономикадағы жиынтық сұраныс деңгейіне әсер ету үшін және белгілі бір қызмет формаларына ынталандыру, кедергі жасау үшін фирмалар мен жеке-леген тұлғалардың алдында тұрған ынталандыруларды өзгерту үшін қоланылуы мүмкін. ҚАРАПАЙЫМ ФИСКАЛДЫҚ САЯСАТ; ҚАТАҢ ФИСКАЛДЫҚ САЯСАТТЫ да қараңыз.

фискалдық федерализм (fiscal federalism) Түрлі билік деңгейлері арасында табыс жинау және жұмсау жауапкершілігінің бөлінісі. Орталық немесе федералдық үкімет әдетте салық құралдарын таңдауды өзі шешеді және оның

жауапкершілігі ұлттық қорғанысқа, құқық тәртібін қамтамасыз етуге, инфрақұрылымға және трансфер төлемдерге бағытталған. Жергілікті билік органдарына шектеулі салық түрін алуға рұқсат етіледі және олардың жауапкершілігі әдетте білім беру, денсаулық сақтау және жергілікті инфрақұрылымды дамытуға бағытталған. Мемлекеттік басқару деңгейлері бір-бірімен қиылысатын жауапкершілікпен және өз арасында жасалатын трансфер төлемдермен байланысады.

фискалдық ынталандыру (fiscal stimulus) *Экономикалық белсенділікті жедел арттыруға бағытталған мемлекеттік шығынды ұлғайту және салықты төмендету саясаты. ҚАРАПАЙЫМ ФИСКАЛДЫҚ САЯСАТТЫ да қараңыз.

фитосанитария шаралары (phytosanitary measures) Саудаға қатысты шектеулер адамдардың, жануарлардың немесе өсімдіктердің денсаулығын қорғауға арналған. Кейбір сауда шектеулері ірі қара малдың немесе аусыл сияқты аурулардың таралуын болдырмау үшін қажет болса да, отандық тауар өндірушілерді тиісті тауарларды қорғау үшін фитосанитария шектеулері қолданылатын қауіп бар.

Фишер әсері (Fisher effect) Инфляция деңгейінің өзгеруіне байланысты номинал пайыздық мөлшерлеменің және керісінше өзгеруі. Тұрақты инфляция күтілетін елде нақты пайыздық мөлшерлеме ақша айналымынан, атап айтқанда, номинал пайыздық мөлшерлемеден тәуелсіз деп тұжырымдалады.

Фишердің мінсіз баға индексі (Fisher's ideal price index) Сол кезеңдегі *базалық өлшенген немесе Ласпейрес индексінің және *ағымдағы өлшенген индекстің (Пааше индексі) орташа геометриялық

мәні. Америкалық экономист Ирвинг Фишер (1867–1947) оны мінсіз деп атады, себебі оның екі кезеңдегі үйлесім сипаты бар: егер s және t кезеңдері арасындағы индекс мәні I_{st} тең болса, онда t -дан s -ге дейінгі кері бағыттағы индекс мәні $I_{ts} = 1/I_{st}$ теңдеуін қанағаттандырады. ДРОБИШ БАҒА ИНДЕКСІН қараңыз.

флагман (flag carrier) Ұлттық қауіпсіздікке және/немесе ұлттық беделге үлес қосады деп қарастырылатын бизнес түрі. Үкіметтер көбінесе ұлттық авиакөлік компаниялар секілді флагман компанияларға олардың экономикалық өміршеңдігіне қарамастан, қолдау көрсету керек деп есептейді.

форвард (forward) Активті немесе тауарды болашақта жеткізуге шарт жасасу. ФОРВАРД ЖӘНЕ ФЬЮЧЕРС; ФОРВАРД КЕЛІСІМШАРТТЫҢ да қараңыз.

форвард айырбас бағамы (forward exchange rate) Болашақтағы белгіленген күні валютаны жеткізу үшін бүгін көрсетілген *айырбас бағамы. Валюта үшін төлем сол белгіленген болашақтағы күні жүргізіледі.

форвард баға (forward price) Тауарлар, бағалы қағаздар немесе валюта форвард келісімшарт бойынша жеткізілуге тиіс баға. Форвард баға және спот бағасы, яғни дереу жеткізу бағасы әртүрлі болуы мүмкін және тауардың форвард бағасы оның жеткізілу мерзіміне байлынысты әр кезде әртүрлі болады. Осы бағалар арасындағы алшақтық ақтау құнымен және мезгілралық алмастыру мүмкіндіктерімен шектеледі.

форвард валюта нарығы (forward exchange market) Болашақта валюта бағамын тұрақты бағамен жеткізу туралы келіссөз жүргізе алатын нарық.

Сондай-ақ ФОРВАРД ЖӘНЕ ФЬЮЧЕРСТІ қараңыз.

форвард және фьючерс (forward and futures) Тауарды, қаржы активін немесе қаржы индексін болашақта жеткізуге арналған келісімшарттар. *Форвард келісімшартта екі тарап болашақта көрсетілген күні жеткізілетін тауарға төленуге тиіс бағаны белгілейді. Мысалы, алты ай ішінде жеткізілетін Brent маркалы мұнайдың бір баррелін 50 АҚШ долларына алу туралы уағдаластыққа қол жеткізуге болады. Форвардта «ұзақ» болатын тарап «қысқа» болатын тараптан жеткізуді қабылдайды. Форвард келісімшарт болашақ жеткізу бағасын белгілейді және хеджирлеу немесе алыпсатарлық үшін пайдаланылуы мүмкін. Фьючерстер тұжырымдамалар бойынша ұқсас, бірақ биржа арқылы ұйымдастырылады және реттеледі. *Фьючерс келісімшарт сондай-ақ маржаны енгізуді талап етеді және дефолт ықтималдығын шектеу үшін күн сайын есептеледі. Кейбір фьючерс келісімшарттарының біразы ғана жеткізуге дейін орындалады. Көптеген позициялар кері мәмілемен жабылады. ЧИКАГО САУДА ПАЛАТАСЫ; ЧИКАГО ТАУАР БИРЖАСЫ; CME GROUP-ТЫ да қараңыз.

форвард келісімшарт (forward contract) Болашақта жеткізілетін тауарлар, бағалы қағаздар немесе валюталар бағасы келісілетін келісімшарт. Ақы жеткізілгеннен кейін төленеді, сондықтан шарт жасасқан кезде ақша алмастырылмайды. Форвард келісімшартты белгілі бір контрагент жасайды және форвард келісімшартқа отырған жеке немесе заңды тұлға контрагенттің мәміленің өз бөлігін орындамай қоюы қатеріне ұшырайды. Форвард келісімшарттар хеджирлеу, қатерді төмендету немесе күтілетін пайдаға төнетін қатерді

өз мойнына ала отырып, алыпсатарлық ретінде қолданылуы мүмкін.

форвард нарық (forward market)

*Форвард келісімшарт жасалатын, яғни белгілі бір мерзімде тауарлар, бағалы қағаздар немесе валюта жеткізу туралы шарттар жасалатын нарық.

франк форт (franc fort) Валюта бағамын инфляцияға зәкір ретінде пайдалану саясаты. Бұл саясат инфляция деңгейі төмен елдің валютасына валютаны байланыстыру жолымен инфляцияны тежеуге бағытталған. Франк форт (күшті франк) саясатын 1980 және 1990 жылдардың басында Франция, сондай-ақ Бельгия қолданды, олар күтілетін инфляцияны тежеуге тырысып, өз валютасын неміс маркасымен байланыстырды.

франшиза (franchise) 1. Тәуелсіз фирмалардың ортақ бизнес жүйесін пайдалануға құқығы бар жүйе. Бұл фирма атауы, үлгілер, патенттер және операциялық жүйелерді пайдалануды, сондай-ақ жабдықтар, оқыту, капитал немесе франчайзерге кредит беруді қамтуы мүмкін. Бұл жүйе жұмыс істеп тұрған фирмалар үшін ынталандыру артықшылықтарын береді, франчайзерге зерттеулерде, әзірлемелерде және жарнамада ауқымнан үнемдеуге мүмкіндік береді. Франчайзинг иелері франчайзинг өнімінің беделін қолдау мақсатында өз қызметіне бақылау жасайды.

2. Азаматтардың дауыс беру құқығы. Сондай-ақ сайлау құқығы ретінде белгілі. Жалпыға бірдей сайлау құқығы әлі де салыстырмалы түрде жақында пайда болған құбылыс ретінде қала береді. Ұлыбританияда тек 1928 жылы ғана барлық әйелдерге дауыс беру құқығы берілді. Жалпыға бірдей сайлау құқығы 1920 жылы АҚШ-та

қабылданды, бірақ 1964 жылғы азаматтардың құқықтары туралы Заң күшіне енгенге дейін қолданылған жоқ.

фрикциондық жұмыссыздық (search unemployment) Жұмыссыз адам еңбек нарығында өзіне қолайлы ұсыныс іздегенде болатын жұмыссыздық түрі. Кейбір мамандық қызметкерлері жұмыстан өз еркімен кетуі мүмкін, себебі басқа жұмыс іздеу жұмыстан тыс уақытта тиімді жүргізіледі. Көптеген кәсіби мамандықта бұл орындалмайды, өйткені жұмыссыздық болуының өзі ұсыныс тартуға кедергі: оңтайлы жұмыс тапқысы келетін жұмысшылар оны жұмыс істеп жүріп те іздей алады. Алайда олар жұмыстан еріксіз шығып қалып, кез келген жұмысқа өтінім жасамай және кез келген ұсынысты қабылдамай жүрген жағдайда фрикциондық жұмыссыздық болады. Жұмыс іздеп жүрген жұмыссыздар *резерв жалақы, яғни ең аз қолайлы еңбекақы алады және олар орындауға дайын жұмыс түрі үшін үзілістер бар. Олар жұмысқа қатысты қолайлы ұсыныс алмаса, резерв жалақысы азаяды және ең төмен жұмыс сипаты да өзгереді. Табыс жетіспеуі олардың өтімділігін төмендетуі мүмкін және қолайлы жұмыс орнын табуға қабілеті жоғы ықтимал ұсыныс таралуына қатысты үмітін үзеді.

фундаментал талдау (fundamental analysis) Компаниялардың қаржылай жағдайы мен нақты қызметін зерделейтін бағалау әдісі. Компанияның құны – компания өндіретін болашақ пайда ағынының дисконтталған құны. Бұл фундаментал талдау үшін бастапқы нүкте. Одан кейін, фундаментал талдау болашақ пайданы болжау үшін активтер, бәсекелестер, қарыздар, кірістер, өсім, басқару және өнімдер туралы деректерді зерделеуді қамтиды. ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫ да қараңыз.

функционал табыс бөлінісі (functional income distribution) Кірісті өндірістің түрлі факторларының иелері арасында бөлу. Жалақы еңбекке, жалдау ақысы меншік иесіне және пайыздар, дивидендтер және компаниялардың бөлінбеген пайдасы – капиталға төленеді. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың табысы функционал табысты үлестіруде қиындық тудырады. Өйткені олар көбінесе еңбек, жер, капитал және кәсіпкерлік үшін сыйақы элементтерін алады. Функционал табыс бөлінісі жалпы табысты жеке тұлғалар арасында бөлетін *жеке табыс бөлінісінен ерекшеленеді. Функционал және жеке табыс бөлінісі арасындағы байланыс мүлік меншігі бөлінісіне тәуелді болады. Қазіргі заманғы экономикада адамдарда өмірінің бір бөлігінде өзі тапқан және мүліктен тапқан табысы бар.

фунт (pound) (£) Ұлыбританияның валюта бірлігі; көбінесе фунт стерлинг деп аталады. Бұл атау бірнеше басқа елдің, оның ішінде Кипр, Египет, Ливан және Сирияның ақша бірлігі үшін де қолданылады. Фунт түрін көрсетпесе, валютадағы контекст бірлікте болмаса, әдетте жергілікті фунт стерлингке сілтеме жасалады.

Фурье талдауы (Fourier analysis) Мерзімді функцияны әртүрлі жиілікте синустар мен косинустардың шексіз қосындысына бөлу, сондай-ақ бұл гармониялық тербеліс талдауы немесе спектрлік талдау ретінде белгілі. Фурье талдауына сүйенетін әдістер, негізінен, уақыт қатары эконометриясында қолданылады. Сондай-ақ ЖИЛІК САЛАСЫН ТАЛДАУДЫ *қараңыз.*

фьючерс (futures) ҚАРЖЫ ФЬЮЧЕРСІ; ФЬЮЧЕРС КЕЛІСІМШАРТ; ПАЙЫЗДЫҚ ФЬЮЧЕРСТІ *қараңыз.*

фьючерс келісімшарт (futures contract) Болашақта тауарды, акцияларды немесе валютаны алдын ала келісілген баға бойынша сатып алуға немесе сатуға арналған келісімшарт. Фьючерс келісімшарт әр тарап үшін сауда жасау құқығын да, міндеттемесін де жүктейді; бұл саудаласу құқығын тек бір тарапқа, ал міндеттемені екінші тарапқа жүктейтін *опционнан ерекшеленеді. Тауарды сақтауға мәжбүр, сондықтан төмен бағадан сақтанатын немесе тауарды сатып алуға мәжбүр, сондықтан жоғары бағадан сақтанатын трейдерлер қатерді төмендету үшін фьючерс келісімшарттарды пайдалануы мүмкін. Фьючерс нарықта басым баға қозғалысы өзгертетініне сенетін трейдер фьючерс келісімшартты алыпсатарлық үшін де қолданады. Фьючерс келісімшарттар биржада саудаланады. Биржа сатып алынатын және сатылатын келісімшарттарды теңестіреді, күнделікті реттеуді қамтамасыз етеді және тараптар өз келісімшарттарын орындай алатынына кепілдік беру үшін әр тараптан шекті төлем алады.

фьючерс нарық (futures market) Фьючерс келісімшарттар саудаланатын нарық. Бұл келісімшарттар екі тарапты да келісімшарт жасасу кезінде белгіленген баға бойынша алдағы күнге тауарларды, акцияларды немесе валютаны сатып алуға және сатуға міндеттейді. Екі тарап мәміленің өз бөлігін орындай алуы үшін нақты келісімшарттар әр тарап пен нарықтағы ұйымдар арасында жасалады. Бұл екі тараптан келісімшарттың нарықтағы бағасының белгілі бір пайызын ескере отырып, шекті депозиттер төлеуді және күнделікті реттеуге келісуді талап етеді. Фьючерс нарықтардың көбінде нақты жеткізілім жүргізілмейді: келісімшарттың уақыты келгенде келісімшарт бағасы мен спот бағасы арасындағы айырманы

бір тарап нарық ұйымын және нарық ұйымы арқылы басқа тарапқа төлейді. Спот бағасы келісімшарт бағасынан жоғары болса, фьючерсті сатып

алушы пайда табады, ал фьючерсті сатушы шығынға ұшырайды. Ал спот бағасы келісімшарт бағасынан төмен болса – керісінше.

X

хабарландыру әсері (announcement effect) Саясаттағы өзгеріс туралы хабарландырудың тіпті іс жүзінде ол күшіне енгенге дейінгі әсері. Мысалы, үкіметтің келесі жылы жанама салықты көтеру уәдесі тұтыну шығындарының дереу ұлғаюына әкелуі мүмкін. Саяси хабарландырудың мұндай салдары саясаткерге халық сенім білдірген жағдайда ғана болуы мүмкін.

хавала (hawala) Стандарт банк немесе қаржы арналарымен қатар жұмыс істейтін ақша аударымы жүйесі. Бұл жүйе Үндістанда пайда болған, кейін батыстың банк практикасы басты. Хавала ақша аударымының басқа жүйелерден айырмашылығы – ол сенімге сүйенеді және отбасы қарым-қатынасы мен аймақтық байланыстарды кеңінен пайдаланады. Ақша аударымы айналым құралдарын барынша аз пайдалана отырып, хавалалар (хавала дилерлері) желісі мүшелерінің арасындағы байланысқа сүйеніп жүзеге асырылады.

халық санағы (population census) САНАҚТЫ қараңыз.

халық теоремасы (folk theorem) Шексіз қайталанатын ойында әр ойыншы кем дегенде өз қауіпсіздігіне кепілдік алатын кез келген нәтиже тепе-тең болуы мүмкін деген тұжырым (яғни ұтыстар *Нэш тепе-теңдігі арқылы құрастырылатын стратегиялар бар деген мағынада). «Халық теоремасы» атауына

ие болу себебі – ойын теоретиктерінің қауымдастығы нәтижені шынайы ретінде қандай да бір формальды дәлелдер берілгенге дейін қабылдады. Өйткені халық тарихы ақиқатты еш дәлелсіз қабылдау тарихы ретінде белгілі.

халықаралық бәсекеге қабілет (international competitiveness) БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ қараңыз.

Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары кеңесі (ХБЕСК) (International Accounting Standards Board) (IASB) Халықаралық қаржы есебі стандарттарын әзірлеуге және осы стандарттарды пайдалану мен қолдануға жәрдемдесетін тәуелсіз жеке орган. ХБЕСК 2001 жылдғы сәуірде Халықаралық қаржы есептілігі стандарттары комитетінің құқықтық мирасқоры ретінде құрылды.

халықаралық валюта жүйесі (international monetary system) Халықаралық сауда және капитал ағындары қаржыландырылатын және *айырбас бағамдары белгіленетін шетел валютасы нарығы жүйесі. Ұлттық валюта қорлары мен жаһандық орталық банк болмаса, валюта бағамдары шетел валютасы нарығында толық анықталады. Шын мәнінде көптеген елде валюта резервтері бар орталық банктер бар, олар кем дегенде қысқа мерзімде айырбас бағамдарын тұрақтандыру үшін қолданылады. Ұзақ мерзімде орталық банктер

мен үкіметтер монетарлық және фискалды саясат құралдарын пайдалана алады, бұл төлем балансы профициті мен дефициті тұрақты айырбас бағамдарына қолдау көрсету мүмкін болмайтындай артуына жол бермейді. Дүниежүзілік орталық банк жоқ, бірақ *Халықаралық валюта қоры ұлттық орталық банктер үшін қосымша өтімділікті қамтамасыз етудің орнына әрекет етуі және валюта қорлары таусылмайтындай экономикалық саясатты үйлестіруі керек болды. *G10 орталық банктері арасындағы *Жалпы кредит келісімі де ұлттық валюта қорларының тиімді мөлшерін арттырды.

Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) (International Monetary Fund) (IMF) 1946 жылы халықаралық тұрақтылық пен ынтымақтастыққа жәрдемдесу мақсатында құрылған БҰҰ халықаралық агенттігі. ХВҚ мүше елдерден, ішінара алтынға немесе айырбасталатын валютаға және ішінара өз валютасына *квота абонементтер арқылы қаржыландырылады. Ол халықаралық саудаға жәрдемдесу үшін тұрақты айырбас бағамдарын ынталандыру және халықаралық өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында, елдердегі сауданы шектеуден және валютаны бақылау қажетінен аулақ бола алады. Ол 1971 жылы құлағанша *Бреттон-Вудс жүйесімен айырбас бағамы жүйесі жасалды. Ол төлем балансында проблемалары бар елдерге несие берді. Қосымша өтімділік 1970 жылдан кейін *арнайы қарыз алу құқықтарын енгізу арқылы қамтамасыз етілді, содан бері түрлі ерекшеліктер енгізілді. 1980 жылдан бері ХВҚ несиелері *нашар дамыған елдерге берілді. ХВҚ жаһандық валюта проблемаларын талқылау үшін үнемі кездесулер ұйымдастырады және несиеге мұқтаж адамдарға олардың төлем балансы проблемалары бойынша сарапшылық

кеңес береді, кейде бұл осы шартты қабылдаудың талабына да айналады. www.imf.org/external/index.htm – ХВҚ сайтының бас беті.

Халықаралық даму қауымдастығы (ХДҚ) (International Development Association) (IDA) *Халықаралық даму және қайта құру банкінің (ХДҚБ немесе Дүниежүзілік банк) 1960 жылы құрылған еншілес компаниясы, ол кедей *нашар дамыған елдердің елдерге даму мақсаттарында көмек көрсету және кеңес беру үшін құрылған. Халықаралық даму қауымдастығын Халықаралық даму және қайта құру банкі қаржыландырады және ХДҚБ өзіне қарағанда қатандығы төменірек шарттармен қарыз беруге дайын.

Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) (International Labour Organization) (ILO) Біріккен Ұлттар Ұйымының Еңбек мәселелерімен айналысатын арнайы мекемесі. Ол әлеуметтік әділдікті ілгерілетуге, адам және еңбек құқықтарының халықаралық деңгейде мойындалуына жәрдемдесуге тырысады. www.ilo.org – ХЕҰ ресми сайты.

Халықаралық есеп айырысу банкі (Bank for International Settlements) Базельде орналасқан халықаралық банк, 1930 жылы Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін репарация төлемдерін үйлестіру үшін құрылған. Оның басты халықаралық банк ретіндегі рөлі 1945 жылдан кейін *Халықаралық валюта қорына берілді. Халықаралық есеп айырысу банкі *Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы және Еуропадағы валюта келісімі үшін қамқоршы ретінде, сондай-ақ *Еуропа валюта бірліктері үшін есеп айырысу палатасы ретінде әрекет етті. Ол Еуропа банктері үшін жеткілікті капитал коэффициентін белгілейді және халықаралық

борыш бойынша статистиканы жинайды. Канада, Жапония және АҚШ, сондай-ақ Еуропа орталық банктерінің көбі Халықаралық есеп айырысу банкіне мүше. www.bis.org – Халықаралық есеп айырысу банкінің ресми сайты. Мұнда жұмыс құжаттарына және экономикалық статистикаға сілтеме жасалған.

халықаралық картель (international cartel) Бәсекені төмендету арқылы жеке-леген мүшелердің пайдасын арттыру мақсатында баға, нарықтан үлес, тұтынушы бөлісу, пайданы бөлісу және т.б. туралы екі немесе одан көп ел фирмалары арасындағы келісім немесе сөз байласу. Олигополистік өнеркәсіпте бірыңғай өніммен бар болуы мүмкін. Халықаралық монополияға қарсы органдар картельдерге тыйым салады. Сондай-ақ БӘСЕКЕГЕ ҚАРСЫ ІС-ӘРЕКЕТ; МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ; КАРТЕЛЬДІ қараңыз.

халықаралық компания (international company) МУЛЬТИҰЛТТЫҚ КОРПОРАЦИЯНЫ қараңыз.

Халықаралық қайта құру және даму банкі (ХҚДБ) (Дүниежүзілік банк) (International Bank for Reconstruction and Development) (IBRD) (World Bank) 1946 жылы Бреттон-Вудс конференциясынан кейін экономиканы қалпына келтіру мен дамытуға жәрдемдесу үшін құрылған халықаралық орган. Бастапқыда ХҚДБ Екінші дүниежүзілік соғыстан зардап шеккен Еуропа мен Азия елдерін қайта құруға көмектесуге арналған. Содан бері ол *нашар дамыған елдерге қаржылай, техникалық және экономикалық кеңес ұсынушы болып келеді. ХҚДБ мүше елдердің, ішінара алтынға және ұлттық валютаға, бірақ көбінесе талап етілмеген капиталға жазылу квоталары арқылы қаржыландырылады, қажет болған

жағдайда, ХҚДБ несиелері бойынша жеке несиелерге кепілдік беруді қолдауға мүмкіндік береді. ХҚДБ меншік несиелері үкіметтік немесе үкімет кепілдік берген жобаларға ғана беріледі, бірақ жеке сектордың қарыз алушыларына несие беретін және кепілдік бере алатын *Халықаралық қаржы корпорациясы филиалы бар. Оның тағы бір филиалы – *Халықаралық даму қауымдастығы – несие беруді жеңілдететін, нашар дамыған елдерге несие беруге маманданған. www.worldbank.org – Дүниежүзілік банк сайтының бас беті.

Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК) (International Finance Corporation) (IFC) 1956 жылы жеке секторға кредит беру үшін құрылған *Халықаралық қайта құру және даму банкі (ХҚДБ немесе Дүниежүзілік банк) құрамына кіретін Халықаралық инвестициялық банк. ХҚК ХҚДБ ауқымын кеңейту үшін құрылған, ол тікелей мемлекеттік сектордағы жобаларға немесе мемлекеттік кепілдіктер бойынша несиелер береді, бірақ ХҚК-ға жекеменшік секторға несие беру үшін қаржы ұсынады.

халықаралық қарыз (international debt) Үкіметтің немесе бір елдің резиденттерінің үкіметке немесе басқа елдің тұрғындарына немесе халықаралық ұйымға қарызы. Мұндай қарыздың түрлі формасы бар: ол ұзақмерзімді немесе қысқамерзімді болуы; борыштық міндеттеменің пайыздық мөлшерлемесі белгіленген немесе өзгермелі болуы және қарыз берушінің валютасы, қарыз алушының валютасы немесе үшінші валюта сияқты АҚШ долларымен немесе евро сияқты халықаралық валюта бірлігінде көрсетілуі мүмкін. Қарыз алушы жекеменшік сектор немесе үкімет болуы мүмкін: үкімет оған бағынбайтын болса, үкіметтік немесе егеменді қарыз ешбір заңды

процесс арқылы талап етілуі мүмкін емес. Облигациялары бар жеке тұлғалар немесе инвестиция ұйымдары, қысқамерзімді қарыздарды ұсынатын банктер, ұлттық үкіметтер немесе мемлекет қаржыландыратын институттар немесе *Халықаралық қайта құру және даму банкі (немесе Дүниежүзілік банк) сияқты халықаралық ұйымдар кредиторлар болуы мүмкін. Кредиторлар әртүрлі портфельдерді тандағандықтан, көптеген ел халықаралық деңгейде несие ұсынады және қарыз алады.

халықаралық қарыз дағдарысы (international debt crisis) Сондай-ақ ҚАРЫЗ ДАҒДАРЫСЫН қараңыз.

Халықаралық несие және коммерция банкі (Bank of Credit and Commerce International) Көп мемлекетте операция жүргізген халықаралық банк. 1991 жылы банктің миллиардтаған фунт жетіспеуінен күйреуі жалған бухгалтерлік есеп жүргізді және ақшаны сыртқа шығарды деген күмәнді кеңінен таратты және халықаралық банктерді қадағалау шаралары жеткілікті ме деген алаң туғызды.

халықаралық резервтер (international reserves) ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫ ҚОРЫН қараңыз.

халықаралық сауда (international trade) САУДАНЫ қараңыз.

Халықаралық стандарт мамандықтар жіктемесі (International Standard Classification of Occupations) Тапсырмалар мен міндеттерге сәйкес топтар жиынтығында жұмыс орындарын жіктеу. Халықаралық есеп беру және салыстырудың негізін қамтамасыз ету үшін *Халықаралық еңбек ұйымы дайындаған. Сондай-ақ СТАНДАРТ ӨНЕРКӘСІПТІК ЖІКТЕМЕНІ қараңыз.

халықаралық тауар келісімі (international commodity agreement) ТАУАР КЕЛІСІМІН қараңыз.

халықаралық төлемдер (international payments) Төлемдер түрлі елдердің тұрғындары арасында немесе резиденттер мен халықаралық ұйымдар арасында жүргізіледі. Ол тауарлар мен қызметтер экспорты үшін төлемдер, мүліктен алынатын табысты төлеу, сондай-ақ халықаралық аударымдар немесе сыйлықтарды қамтиды. Бұл – ағымдағы шоттар бойынша операциялар. Олар сондай-ақ бағалы қағаздарды сатуды және сатып алуды, сондай-ақ күрделі салымдар бойынша операция саналатын қарыз беруді және өтеуді; орталық банктер мен үкіметтер арасында валюта резервтерін аударуды қамтиды. Шетелдіктер оны ұстап алғысы келсе, халықаралық төлемдер елдің өз валютасында; еуро немесе АҚШ доллары сияқты екі тарап үшін де қолайлы ұлттық валютада немесе *Халықаралық валюта қоры шығарған арнайы *қарыз алу құқығы сияқты халықаралық ақшамен жасалуы мүмкін.

халықаралық экономика (international economics) Елдер арасындағы қатынастарға қатысты экономиканың бөліктері. Бұған тауарлар мен қызметтер саудасы, факторлар қозғалысы, соның ішінде көші-қон, капитал ағымы және технологиялар трансфері, сондай-ақ валюта айырбастау бағамдары мен валюта резервтерін қоса алғанда, халықаралық валютаға қатысты келісімдер кіреді. Ол сондай-ақ саудаға, факторлар қозғалысы мен ақша механизмдеріне, халықаралық келіссөзге, *Еуропалық одақ пен *Солтүстік Америка еркін сауда келісіміне, сондай-ақ *Дүниежүзілік сауда ұйымы мен *Халықаралық валюта қоры сияқты халықаралық институттарға қатысты мәселелерді зерттейді.

халыққа тұзақ (population trap) Тұрғындардың өмір сүру деңгейін жоғарылату мүмкін емес жағдай, өйткені тұрғындар қарқынды дамып келе жатқандықтан, қолданыстағы жинақ үнемі қолданыстағы *капитал-еңбек қатынасын сақтау үшін қажет. Бұл *нашар дамыған елдердің, әсіресе Сахарадан оңтүстік Африканың позициясы. Тұзақтан шығу үшін жинақ ақшаны көбейтуді, халық саны өсуін қысқартуды немесе екеуін де талап етеді.

Халықтың ағымдағы жағдайын зерттеу (Current Population Survey) (ХАЖЗ) (CPS)

Санақ бюросының АҚШ Еңбек статистикасы үшін үй шаруашылықтарына ай сайын жүргізетін сауалнамасы. Ол еңбек күші, жұмыспен қамту, жұмыссыздық және еңбек күшінің құрамына кірмейтін адамдар туралы толық деректерді қамтиды. www.census.gov/cps – АҚШ Еңбек статистикасы бюросының және АҚШ Санақ бюросының халықтың ағымдағы жағдайын зерттеу және дерек көздері бойынша бірлескен техникалық құжаттарды дайындау орталығы.

хаос теориясы (chaos theory) Бастапқы жағдайларға сезімталдықпен сипатталатын анықталған сызықтық емес динамикалық жүйелердің мінез-құлқын сипаттайтын теория. Сезімталдық жүйенің бастапқы жағдайларындағы аздаған айырмашылықтар жүйенің шекті уақыт аралығында қол жеткізілетін жүйе позицияларында үлкен айырмашылықтарға алып келетінін білдіреді. Хаос ұзақмерзімді болжауды мүмкін емес етеді: тіпті бастапқы жағдайларды анықтаудағы аздаған қателік нақты нәтижеден болжамның үлкен ауытқуына алып келеді.

Харбергер үшбұрышы (Harberger triangle) *Нарықтағы сәтсіздік немесе *үкімет сәтсіздіктерінен туындаған

экономикалық әл-ауқат шығындарының геометриялық көрінісі. Баға вертикаль ось бойында, ал сан горизонталь ось бойында орналасқан және баға p^* , сан q^* мәндерімен берілген бағасан диаграммасында тиімді тепе-теңдік экономикалық қызметтің *қоғамға шекті пайда (MSB) және *қоғамның шекті шығынын (MSC) білдіретін қисықтардың қиылысу нүктесінде орналасқан. Басқа шамадағы q_0 тепе-теңдік, тиімді тепе-теңдік ұштары бар және тік сызықта q_0 нүктесінде MSB және MSC қисықтарымен қиылысатын, Харбергер үшбұрышының ауданы арқылы өлшенетін *орны толмайтын залал ретінде сипатталады. *Монополияны талдау кезінде MSB қисығы нарықтағы сұранысты, MSC қисығы-монополист өндірушінің шекті шығын қисығын, ал q_0 – монополиялық пайданы барынша арттыру мөлшерін көрсетеді. Бұрмаланған тұтыну салығын талдау кезінде, MSB және MSC қисығы салық есептелмеген ұсыныс және сұраныс қисықтары және q_0 – салық есептелген кездегі тепе-теңдіктің сандық мөлшері. Соңғы айтылған жағдайда жеңілдетілген тәсіл *Маршалл сұранысын пайдаланады. Харбергер тұтынушыларға салық түсімдерінің біржолғы шегерімінен кейін алынған сұранысты пайдалануды ұсынды, кейде ол Харберг сұранысы деп аталады. Және де кеңінен қолданылатын *Хикс сұранысының *өтеу вариациясы және *балама вариациялары шығындар мөлшерінің әртүрлі, бірақ салыстырмалы түрдегі бағасын береді.

Харрод – Домар өсу моделі (Harrod-Domar growth model) Ол модельді ашқан ғалымдардың есімімен аталатын өсу моделі негізгі капитал мен жұмыс күшінің және жинақтауға бейімдіктің арақатынасы салдарын қарастырады. Бұл модельде техникалық прогресті есепке

алу үшін тиімділік бірліктерімен өлшенген еңбек күші n экзоген табиғи өсу жылдамдығымен өседі. Тіркелген капитал шығару v коэффициенті және тұрақты жинақтауға бейімдік коэффициенті s бар. Егер ұлттық кіріс Y -ке тең болса, жинақ sY -ке тең. Қалаулы жарғылық капитал vY -ке тең, егер ол тұрақты пропорционал мөлшерде өссе g , онда қалаулы инвестиция gvY -ке тең болады. Алдын ала жинақ пен инвестициялар тек $sY = gvY$ немесе $g = s/v$ болғанда ғана тең болады. Бұл мүмкіндікті жасайтын жалғыз өсу қарқыны $w = s/v$, бұл *өсудің кепілді қарқыны. Егер $w = n$ болса, өсу еңбек күшінің тұрақты үлесі кезінде мүмкін болады. Егер $w < n$, яғни өсудің кепілді қарқыны табиғи өсімнен аз болса, онда ұлттық табыстың тепе-тең өсуі жұмыссыздық тұрақты өсетінін білдіреді. Егер $w > n$ болса, тепе-тең өсу толық жұмыспен қамтылғаннан кейін мүмкін болмайды және өсудің баяулауы нәтижесінде құлдырау болады. Харрод – Домар өсу моделі *Солоу өсу моделінің ерекше жағдайы, мұнда v кез келген s және n комбинациясына бейімделеді.

Харрод-бейтарап техникалық прогресі (Harrod-neutral technical progress) Еңбек күші тиімділігі бірліктер түрінде қызметкерлердің санына қарағанда тезірек артатын еңбек өнімдігін көрсететін техникалық прогресс. Осылайша осы формадағы техникалық прогресс еңбек күшін үнемдейді. Бұл барлық факторлардың тиімділігі бірдей пропорцияда өсетін *Хикс-бейтарап техникалық прогрессіне қайшы келеді. Сондай-ақ ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІ қараңыз.

Хаусман тесті (Hausman test) Түрлі әдістермен бағаланатын модельдерді салыстыруға арналған тест. Олардың біріншісінде ұсынылған бағалау

параметрі нөлдік гипотезада *қисынды әрі *тиімді болса, балама гипотезада қисынды болмайды. Ал сол ұсынылған бағалау параметрі нөлдік және балама гипотезада қисынды болады, бірақ нөлге сәйкес тиімсіз болады. Маңызды қосымшалар *кездейсоқ әсерлер қарсы *тұрақты әсерлерге және экзогендікке арналған (*инструментал айнымалы қарсы *қарапайым ең кіші квадраттарға) тестілерді қамтиды.

хедж қоры (hedge fund) Акциялар немесе валюта нарықтарында алыпсатарлық позицияларға маманданған инвестициялық қор. Бұл қысқа мерзімде сатудың, яғни іс жүзінде қорда жоқ акцияларды немесе валютаны сатуды қамтуы мүмкін. Хедж қорлары сондай-ақ қаржы *деривативтері (туынды қаржы құралдары) нарықтарында жұмыс істейді. АҚШ-та тек аккредиттелген инвесторларға (өтэ бай деп танылған) ғана туындайтын қатерге байланысты хедж қорларына инвестициялау рұқсат етілген және қорлар тікелей реттеуден босатылады.

хеджирлеу (hedging) Басқа қызмет түрлерімен байланысты қатерлерді азайтуға бағытталған іс-шаралар. Бизнес тауар акцияларын ұстап тұруға тиіс болса, ол баға құлдыраған жағдайда, шығынға ұшырайды. Бұл шығынды хеджирлеу жолымен болдырмауға болады. Ол жақсы фьючерс сату, яғни тауарлар келісілген баға бойынша болашақта жеткізу немесе *фьючерс келісімшарттар бойынша қысқамерзімді келісімшарттар жасасу арқылы жүзеге асырылады. Бизнес сататын нақты тауарға келісілген келісімшарт бар болса, хеджирлеу арқылы қатерді толығымен алып тастауға болады. Ал жоқ болса, онда нақты ұсталатын тауардың бағасы форвард немесе фьючерс нарықтарда сатылатын стандарт тауар сияқты

қозғала алмайды, бірақ осы екі баға арасында кейбір корреляция бар болса, хеджирлеу қатерді азайтады. Акция ұстаушының қатерін хеджирлеудің балама әдісі – тауарды келісімшарт бағасы бойынша сатуға мүмкіндік беретін, бірақ мәжбүр етпейтін *пут-опционы сатып алу. Сол сияқты болашақта тауар сатып алуға тура келетінін білетін фирма, уақыт өте келе, өзіне қажет тауарлардың құны өте жоғары болып кету қатерінен өзін қорғағысы келеді. Ол форвард сатып алу немесе фьючерс келісімшартты сатып алу немесе оған келісімшарттың бағасы бойынша сатып алуға міндеттеме емес, құқық беретін колл-опционын сатып алу арқылы бұл тәуекелді хеджирлеуге болады.

Хекшер-Олин моделі (Heckscher-Ohlin model) Негізін қалаушылардың құрметіне аталған *салааралық сауда теориясының стандарт моделі. Бұл модель бойынша елдерде бірдей өндіріс функциялары әрі әр тауар көлемінің тұрақты қайтарымы бар, бірақ капитал көлемі олардың жұмыс күші ұсынысына қатысты әртүрлі. Сауда болмаған жағдайда капиталға қатысты үлкен мөлшерде жұмыс күшін талап ететін тауарлар жұмыс күші көп елдерде салыстырмалы түрде арзанырақ және үлкен капиталы бар елдерде салыстырмалы түрде қымбат болады. Егер сауда мүмкін болса, елдер өзінің қарқынды түрде пайдаланатын, қоры бай тауарларды экспорттайды және дефицит факторларды қарқынды пайдаланатын тауарларды импорттайды. Бұл әдетте түрлі елдердегі салыстырмалы бағаны және факторлардың салыстырмалы бағасын теңестіреді. Егер еркін сауда болса және тасымал шығыны болмаса, онда бұл салыстырмалы баға мен *фактор бағасын толық теңестіруге әкеп соқтырады. Бұл модель *салалық сауда теориясын түсіндіруге тырыспайды.

Херфиндаль индексі (Herfindahl index) Фирманың нарық көлеміне қатысты көлемінің мөлшері нарықтағы биліктің индикаторы ретінде пайдаланылады. Херфиндаль индексі нарықта жұмыс істейтін фирмалардың нарықтағы үлесінің квадраттарының қосындысы ретінде анықталады, $H = \sum_i s_i^2$, мұнда s_i – i фирманың нарықтағы үлесі. Егер N фирма болса, H ең аз мәнді барлық N фирманың үлесі тең болғанда қабылдай алады, сондықтан $s_i = 1/N$ барлығы үшін i және $H = 1/N$. H қабылдай алатын ең үлкен мәні 1-ге тең, себебі ірі фирманың нарықтағы үлесі 1-ге ұмтылады, ал қалған фирмалардың нарықтағы үлесі 0-ге ұмтылады. H осылайша концентрацияның ұлғаюына қарай артады. Херфиндаль индексінің * $1/N$ фирманың шоғырлану коэффициентімен салыстырғандағы артықшылығы ол фирмалар арасында нарық үлесінің бөлінуіне сезімтал. Сондай-ақ ЛЕРНЕР ИНДЕКСІН қараңыз.

Хикс сұранысы (Hicksian demand) ӨТЕЛГЕН СҰРАНЫСТЫ қараңыз.

Хикс-бейтарап техникалық прогресс (Hicks-neutral technical progress) Бұл техникалық прогресс бойынша факторлардың кез келген коэффициенті барлық факторлардың орташа және шекті өнімдері бірдей пропорцияда өседі. Осылайша, $Y = F(K, L)$ болса, мұнда Y – тауар шығарылымы, K – еңбек, ал L – капитал, ал $F(K, L)$ функциясы ауқымнан тұрақты қайтарымы бар болса, онда Хикс-бейтарап техникалық прогрестен кейін шығарылған әр фактордың өнімділігі алдыңғы деңгейге $\lambda > 1$ есе артып, оның алдыңғы деңгейі

$$Y^* = F(\lambda K, \lambda L) = \lambda F(K, L) = \lambda Y$$

арқылы беріледі. ХАРРОД-БЕЙТАРАП ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІ қараңыз.

хлорфторкөміртектөр (chlorofluorocarbons) Тоңазытқыш және ауа кондиционерлерінде салқындату сұйығы ретінде кеңінен пайдаланылатын улы емес химикаттар. Ол аэрозольдерде отын ретінде де қолданылады. Бірнеше хлорфторкөмірсутегі үшін Дюпон бренд атауы – фреон. Хлорфторкөмірсутегінің стратосфераға әсері *Озон қабаты бұзылуына әкеледі. Бұл күн сәулесі радиациясының артуына жол беріп, дүниежүзіне қауіп төндіреді. 1987 жылы *Монреаль хаттамасында хлорфторкөмірсутекті пайдалануды азайту туралы халықаралық келісімге қол жеткізілді; содан бері бүкіл дамыған әлемде хлорфторкөмірсутегін шығару, негізінен, тоқтатылды.

хоккей таяқшасы (hockey stick) *Климат өзгеруі жөніндегі үкіметаралық топ бағалауы туралы үшінші баяндамада атап өтілді. Хоккей таяқшасында индустриаландыру басталғанға дейінгі кезеңде шамамен тұрақты температураны көрсететін ұзын, тегіс тұтқа болған. XX ғасырда оның деңгейінің күрт өсуі байқалды, бұл жаһандық жылынудың дәлелі ретінде қарастырылады. Хоккей таяқшасы прокси-деректердің (ағаш сақинасы және мұз ядросы сияқты) *негізгі компонентті талдаудан құралған. Жоғары санаттағы бағалаушылар, негізінде, құрылыс материалдары жатқан әдістеме күмәнді деп айтуы мүмкін. Кейінгі жүргізілген талдауларда деректермен, статистика әдістерімен және статистикалық мәндермен байланысты проблемалардың анықтанғанын ескерсек, қазіргі уақытта ол талдау әдісінің беделі түскені айтпаса да түсінікті. Хоккей таяқшасының тарихы бойынша үлкен ықпал еткен кітап жазған А.У. Монтфорд оны «ғылым жемқоры» деп сипаттаған. КЛИМАТ ӨЗГЕРУІ; ЖАҒАНДЫҚ ЖЫЛЫНУДЫ *қараңыз.*

холдинг компания (holding company) Корпоративтік топты қалыптастыру мақсатында басқа компаниялардың акцияларын иелену жалғыз функциясы болып табылатын компания. Холдинг компания тауар немесе қызмет өндірмейді.

Хотеллинг заңы (Hotelling's law) Минимал дифференциал туралы заң. Бастапқыда Хотеллинг екі бәсекелес өнім жеткізушінің орналасқан жерін талдады, кейін ол екі бәсекелес бір-біріне ең минимал дифференциалмен жақын орналасқанда тепе-теңдікте болады деген қорытындыға келді. Заңды фирмалардың орналасуы, өнімді таңдау және саяси экономикада кеңінен қолданылады. Мұны дәлелдеу үшін орналасу орнын сол және оң жақ спектрде таңдаған екі саяси партияны қарастырайық. Сайлаушылардың таңдауы осы спектр бойынша біркелкі бөлінген делік. Егер бір тарап шеткі сол позицияны таңдаса, онда екінші тарап оның оң жағында орналасқан көпшілік дауысты ала алады. Орталықтан басқа кез келген жерге кері тұжырымдама дұрыс келеді, сондықтан тепе-теңдіктің екі жағы да орталықта орналасқан.

Х-тиімсіздігі (X-inefficiency) Фирманың немесе басқа ұйымның пайдаланатын ресурстарынан барынша мүмкін болатын нәтиже алуға немесе ресурстарын барынша аз пайдаланып, өз өнімін өндіруге қабілетсіздігі. Х-тиімсіздігі ұйымда *әлсіздік бар екенін көрсетеді. Оның болуы екі ықтимал жолмен көрсетілуі мүмкін. Бірі – инженерлік әдіс, бұл ең оңтайлы болатын әрекеттер жоспарын құру әдісі. Екіншісі – статистикалық немесе стандарт (эталон) әдіс, бұл басқа фирмалар немесе ұйымдық басқару теңдей ресурстардан жоғарғы өнімділік алатын немесе аз көлемді ресурстардан бірдей өнім алатын жағдайларды көрсетеді.

Ц

цензурананған іріктеме (censored sample)

Тәуелсіз айнымалы бойынша бақылау жоқ болатын немесе тәуелсіз айнымалы мәндердің белгілі жиынтығы үшін бір мән ретінде баяндалатын іріктеме түрі. Мысалы, белгілі бір концерт залында концерт билетіне сұраныс сатылған билет санымен өлшенсе, онда барлық билет сатылып кеткен жағдайда нақты сұраныс көлемін бақылай алмаймыз. Өйткені барлық осындай жағдайда сатылған билеттің бірдей жалпы саны хабарланады, қосымша сұранысты анықтай алмаймыз. Сондай-ақ **ТОБИТ МОДЕЛІН қараңыз.**

цикл (cycle) Сондай-ақ **БИЗНЕС-ЦИКЛ; НЕСИЕ ЦИКЛ; КОНДРАТЬЕВ ЦИКЛ; ӨМІРДЕГІ ЦИКЛ; ҮНТАЛАНДЫРУ МЕН ТЕЖЕУ ЦИКЛ; САУДА ЦИКЛІН қараңыз.**

циклге қарай түзетілген бюджет дефициті (cyclically adjusted budget deficit)

Экономика белсенділіктің қалыпты деңгейінде болса, мемлекеттік бюджет дефициті қанша болатынын есептеу. Бұған шығын мен салыққа қатысты ережелер мен мөлшерлемелер өзгеріссіз қалған жағдайда қол жеткізіледі. Салық түсімі ұлттық табыстың өспелі функциясы, ал мемлекеттік шығындар – кемімелі функциясы болғандықтан, белсенділік құлдырағанда циклге қарай түзетілген бюджет дефициті нақты дефициттен аз болады. Ал нақты дефицит циклге қарай түзетілген бюджет профицитіне сәйкес келуі мүмкін. Мұндай реттеулер әдетте ұлттық табыстағы өзгерістің мемлекеттік борыш бойынша пайыздық шығынға

ықтимал әсерін ескермейді. Сонымен қатар бюджет дефицитінің өзі мемлекеттік саясаттың мақсаты болса, онда белсенділік көрсеткіштері өзгеруі мемлекеттік салық және шығын саясатындағы дискрециялық өзгерістермен қатар жүруі мүмкін екенін де ескермейді.

циклге қарай түзетілген МСҚМ (cyclically adjusted PSBR)

Экономика белсенділіктің қалыпты деңгейінде болғанда *мемлекеттік сектордың қарыз қаражатына мұқтаждығы қанша болатынын есептеу. Әдетте бұл салық мөлшерлемесі және мемлекеттік шығын үшін бұлжымас ережелерді қабылдау жолымен жасалады.

циклдік жұмыссыздық (cyclical unemployment)

*Экономикалық циклдің рецессия кезінде болатын жұмыссыздық. Бұл келесі экономикалық дүмпу кезінде жоғалады деп күтіледі.

циклдік реттеу (cyclical adjustment)

Жалпы белсенділік өзінің трендінде немесе өзінің қалыпты деңгейінде болғанда *жалпы ішкі өнім, мемлекеттік шығын немесе бюджет дефициті сияқты көрсеткіштер қандай болатынын көрсету үшін аталған көрсеткіштерді түзету. Әдетте бұл нақты модель аясында жасалады. Модель агрегаттар белсенділік деңгейімен және белсенділіктегі ұзақмерзімді тренд моделімен қалай байланысты екенін көрсетеді. Осылайша түрлі модельдерді пайдалана отырып алынған нәтижелер өзгеше болуы мүмкін.

Ч

чартист (chartist) Қаржы нарықтарындағы трейдердің жаргон атауы. Ол нарық айнаымалыларының мінез-құлқындағы қайталанатын сипаттарды олардың болашақтағы қозғалысын болжау үшін қолданады. Атауы акциялар бағасы секілді айнаымалының бұрынғы мінез-құлқын көрсететін диаграммалар немесе графиктерді қолданудан туындаған. Активтердің бұрынғы бағасы ағымдағы бағаны болжауға көмектеспейтінін дәлелдейтін көптеген эмпирикалық дерек бар. Бұл чартистер әдісін қолдайтын ешқандай ғылыми дәлелдеме жоқ екенін көрсетеді. Сондай-ақ **ФУНДАМЕНТАЛ ТАЛДАУДЫ қараңыз.**

чек (cheque) Клиенттің банкке қолмақол ақша төлеуге немесе ақшаны басқа шотқа депозитке аударуға жазбаша өкімі. Банк осы мақсат үшін ұсынған чек формасын пайдаланған ыңғайлы, бірақ заңды түрде міндеттелмеген. Клиенттің жеткілікті несие балансы немесе келісілген *овердрафты болмаса, банк чектерді әдетте төлемейді. Бір кездері чектер ыңғайлы және өте кең таралған болды, бірақ олар *заңды төлем құралы емес және оларды қабылдауға ешқандай мәжбүрлеу жоқ. Кредит және дебет карталары барынша кең таралғандықтан, кәсіпорындардың көп бөлігі чектерді қабылдамайды.

Чеккини баяндамасы (Cecchini Report) Еуропа қауымдастығының ішкі нарығын біріктірудің *1992 бағдарламасын

жүзеге асыру нәтижесінде күтілетін жетістіктер туралы баяндама. Баяндама 1988 жылы *The European Challenge, 1992* деген атпен жарық көрді.

Чикаго мектебі (Chicago School) 1970 жылдары Чикаго университетімен байланысы бар экономистердің жалпы атауы. Олар барлық экономикалық іс-қимылдарды, еркін нарықтың артықшылықтарын, үкіметтің экономиканы бақылау әрекеттері зиян екенін және инфляцияны анықтаудағы ақша массасының маңызын жеке мүддемен түсіндірді.

Чикаго сауда палатасы (Chicago Board of Trade) 1848 жылы құрылған, *фьючерстер және *опциондар сататын жетекші фьючерс биржа. Бастапқы мақсат ауыл шаруашылығы индустриясына жүгері, бидай, сұлы және соя сияқты ауыл шаруашылығы тауарларын сату арқылы қатерд басқаруға көмектесу болды. Уақыт өте келе сақтауға келмейтін ауыл шаруашылығы тауарлары мен ауыл шаруашылығы емес өнімдерге фьючерс келісімшарттар енгізілді. Қазіргі уақытта палатаның 50 түрлі фьючерс және опцион өнімдер сататын 3 600 мүшесі бар. Сондай-ақ **СМЕ GROUP**-ті *қараңыз*. www.cmegroup.com/company/cbot.html – осы веб-сайттан Чикаго сауда палатасы және онда сатылатын өнімдер туралы ақпарат алуға болады.

Чикаго тауар биржасы (Chicago Mercantile Exchange) 1898 жылы ауыл шаруашылығы тауарларын *фьючерс келісім-шарттар арқылы сату үшін құрылған. Биржа 1972 жылғы мамырда алғашқы қаржы фьючерстерін енгізді. Сондай-ақ CME GROUP-ті қараңыз. www.cme.com – бұл веб-сайттан Чикаго тауар биржасы және онда сатылатын өнімдер туралы ақпарат алуға болады.

Чикаго-бойз (Chicago Boys) Чили экономистерінің бір тобы. Олар Чикаго университетінде еркін нарықтар және бақыланатын ақша экспансиясы туралы Арнольд Харбергер мен Милтон Фридман дәстүрінде дәріс алды. 1970 жылдардың басында, 1980 жылдардың аяғында генерал Пиночеттің әскери режимі кезінде Чикаго-бойз Чилиде экономикалық реформаларды әзірлеп, жүзеге асырды. Реформа инфляцияны тұрақтандыру үшін қатаң монетарлық бақылау орнатуды, қайта реттеуді және мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіруді қамтыды. Чили мемлекеті демократияға оралғаннан кейін, Чикаго-бойз өкілдерінің көбі үкіметте басты лауазымдарды иеленді.

чи-квадрат таралуы (chi-square distribution) Үздіксіз таралу. Ол $\chi^2_{(n)}$ арқылы белгіленеді. Тығыздық функциясымен былайша сипатталады:

$$f(x) = \frac{1}{\Gamma(n/2)2^{n/2}} x^{n/2-1} e^{-x/2}, 0 \leq x < \infty,$$

$$n = 1, 2, \dots$$

және функция тудыратын сәт:

$$M(t) = (1 - 2t)^{-n/2}, t < \frac{1}{2}$$

n параметрі еркіндік дәрежесі деп аталады. Бұл *гамма таралудың арнайы жағдайы ($\alpha = n/2, \beta = 2$). Бұл таралу

қалыпты таралудан туындайды және ол белгілі бір кездейсоқ айнымалылар қосындысының таралуы ретінде эконометрикада да көрініс табады. Атап айтқанда, z – стандарт қалыпты кездейсоқ айнымалы болса, онда z^2 айнымалысы $\chi^2_{(1)}$ таралуына ие болады. Егер z_1, \dots, z_n тәуелсіз стандарт қалыпты кездейсоқ айнымалылар болса, онда $z_1^2 + \dots + z_n^2$ қосындысы $\chi^2_{(n)}$ таралуына ие болады. $\chi^2_{(n)}$ – кездейсоқ айнымалының n орташа мәні және $2n$ дисперсиясы бар. Ол масштабталған * F -таралуының шекті таралуы және ол көптеген эконометриялық қосымшада гипотезаларды тексеру үшін қолданылады.

Чоу тесті (Chow test) Екі түрлі деректер іріктемесінде екі сызықтық регрессияда бағаланған коэффициенттер теңдігін тексеретін тест. Мұнда нөлдік және балама гипотеза қолданылады. Нөлдік гипотезада екі регрессиядағы коэффициенттер бірдей болады, ал балама гипотезада кем дегенде бір түсіндірме айнымалы басқаша болып келеді. Тест статистикасы үш: екі іріктемедегі екі жеке регрессия мен біріккен іріктемедегі бір регрессияның қалдық квадраттарының қосындысын қамтиды. Нөлдік гипотезада тест статистикасының F -таралуы бар. Уақыт қатарларындағы тест коэффициенттердің тұрақтылығын бағалау, яғни модельде *құрылымдық алшақтық бар-жоғын бағалау үшін қолданылады; ықтимал алшақтық нүктелері экзоген саналады және олар алдын ала ескертілуге тиіс. Алшақтық уақыты деректерге тәуелді немесе эндоген болса, онда тест жарамсыз деп танылады.

Ш

шағын және орта кәсіпорындар (ШОК) (small and medium enterprises) (SME)

*Еуропа кеңесінің анықтамасына сәйкес қызметкерлер саны (50–249 аралығында орташа өлшемге, 10–49 аралығында шағын және 1–9 аралығында микро) критерийіне және екі белгінің біреуіне сәйкес келсе, онда кәсіпорын ШОК саналады: орта, шағын және микро кәсіпорындар үшін, сәйкесінше, айналымы 50, 10 немесе 2 млн еуродан көп болмаса немесе баланс есебі 43, 10 немесе 2 миллион еуродан аспайды. ШОК ЕО-дағы барлық кәсіпорындардың 99 пайызын құрайды және ЕО заңнамасы мен ЕО мүше елдердің ұлттық заңнамасына сәйкес қолайлы салық режимін және басқа да артықшылықтарды қолданады. Артықшылықтар, режимі, мақсаты үшін ұқсас жіктелімдер ЕО-дан тыс көптеген елде де бар. Мысалы, АҚШ-тағы шағын кәсіпорындар істері жөніндегі әкімшілік оның бағдарламасына қандай кәсіпорындардың құқығы бар екенін анықтау үшін түрлі салаларға жеке өлшемдер стандартын белгілейді.

шала ақпарат (incomplete information)

Экономикалық агенттер барлық қажет ақпаратты білмейтін жағдай. Жария ақпаратты жеке ақпараттан ажырата білген жөн. Барлық агенттер қол жеткізуге болатын ақпарат алғысы келетінін біледі немесе біле алады деп болжауға болады. Әр агент өзінің жеке мәліметтерін біледі. Бұл ақпаратты басқа

агенттер бақыламайды, бірақ осы ақпаратқа сүйенетін әрекеттерді бақылау арқылы ғана қабылдануы мүмкін. Шала ақпаратпен қамтылған стратегия ойындарында қатысушылар оңтайлы стратегияны есептеу үшін өзінде жоқ жеке ақпаратты жүзеге асыруға сүйенетін ықтималдық таралуын қалыптастырады. Кей жағдайда басқа агенттердің жеке мәліметтерін білу маңызды емес. Мысалы, бәсекелі экономикада тұтынушы басқа тұтынушылардың қалауы мен талғамын білуі міндетті емес: нарықтағы баға – шешім қабылдауға қатысты тек жалғыз және барша адам қол жеткізе алатын ақпарат саналады.

шала шарт (incomplete contract) Мүмкін болатын *әлем елдерінің бәрінде емес, кейбірінде нәтижені айқындайтын келісім. Келісімнің нашар тұжырымдамасы немесе әртүрлі мемлекеттер арасындағы кейбір айырмашылықтарды қоғамның бақылауы мүмкін еместігіне байланысты шала болуы мүмкін. Мысалы, еңбек шарты бойынша командадағы қызметкерге жұмсаған күш-жігеріне қарай сыйақы төленбейді, өйткені жеке жұмысшының командаға қосқан үлесі оқшауланбайды. Шала шарттардан туындаған дау келіссөз немесе сотта талқылау арқылы шешіледі. АГЕНТТІК ТЕОРИЯСЫН *да қараңыз.*

шала нарықтар (incomplete markets) Сауда жасауға ыңғайлы нарық ұйымдастырылмағандықтан, белгілі бір тауарлар

немесе қызметтер сатылуы мүмкін болмайтын жағдайлар. Нарықтар шала болуына түрлі себептер бар. Олардың бірі – тиісті тауарлар әлі ойлап табылмағаны, сондықтан оларды сату туралы шартты көрсету мүмкін емес. Тағы бір себеп – сауда келісімінің шарттары көрсетілсе де, бұл күрделі болатыны сонша, заң жобалары пайдадан асып түсуі. Тағы бір себебі тауарлардың жекелеген түрлерін сатуға мүдделі адам тым аз, бұл оларды сататын нарықты оның эксплуатация шығынын ақтайтындай етіп ұйымдастыруды қиындатады. Шала нарықтар – *нарықтағы сәтсіздік көзі. Сондай-ақ ЭРРОУ-ДЕБРЮ ЭКОНОМИКАСЫ; КОУЗ ТЕОРЕМАСЫН қараңыз.

шамадан тыс өтініш (over-subscription)

*Жаңа шығарылған акцияларда жарияланған акциялар саны ұсынылып отырған акциялар санынан асып кететін жағдай. Бұл кейбір өтініштер қабылданбауға тиіс дегенді білдіреді және нарық ашылғанда акциялардың бағасы шығарылғандағы бағасынан қымбатырақ болуы мүмкін.

шамадан тыс сауда қызметі (overtrading)

Фирма өзінің капиталынан тым жоғары шамада бизнес жүргізуі. Фирма уақытша қиындыққа тап болған жағдайда, фирма үшін үлкен қатер тудырады. Ол қатер фирма өзінің міндеттемелерін орындай алмауына байланысты болады. Мысалы, қарыз берушіге төлемді кешіктіреді. Сондай-ақ оған, бәлкім, несие алғанда жоғары пайыздық мөлшерлемелерді төлеуге тура келеді. Өйткені капитал аздығы фирмаға несие берудің қатерін арттырады. Жеке фирмалар үшін шамадан тыс сауда қызметі зиянды және оны банктер мен несие берушілер қолдамайды. Банктер және басқа кейбір қаржы делдал компаниялары үшін шамадан тыс сауда

қызметінің әсері орасан зор. Өйткені бір институттың күйреуі жұқпалы болып, жалпы қаржыға қатысты үрей туғызуы мүмкін. Сондықтан банк қызметін реттеушілер меншік *капитал жеткіліктігінің ең төмен деңгейін талап ете отырып, шамадан тыс сауда қызметін болдырмауға тырысады.

шамадан тыс ынталандыру (over-stimulation)

*Кейінгі экономикада бұл *тиімді сұраныс деңгейін арттыратын монетарлық және фискалдық саясаттың қабылдануы. Ол тиімді сұраныс деңгейін инфляция деңгейі жылдам өскенге дейін немесе сауда балансында айтарлықтай дефицит пайда болғанға дейін арттырады.

Шанхай қор биржасы (Shanghai Stock Exchange)

1990 жылы Шанхайда құрылған қор биржасы. Ол нарықты сауда жасауға қажет акциялар, облигациялар, қорлар және туынды қаражат құралдарымен қамтамасыз етеді. 2016 жылы ақпанда Шанхай қор нарығында бағаланатын компания акцияларының жалпы нарықтағы капиталдануы 3,5 трлн доллар болды. www.sse.com.cn – SSE сайтының бас беті.

шартсыз грант (unconditional grant)

Орталық үкімет жергілікті үкіметке берген, жергілікті үкіметтің қалауы бойынша кез келген тәсілмен жұмсалуды мүмкін грант. Бұған керісінше, шартты грант белгілі бір мақсатқа жұмсалуға тиіс.

шартсыз көмек (untied aid)

Басқа елдерге, әдетте *нашар дамыған елдерге кез келген елдің тауарлары мен қызметтеріне жұмсау үшін берілетін көмек. Бұл донор елдің тауарлары мен қызметтеріне жұмсалатын *шартты көмекке қарсы. Шартсыз көмектің құндылығы шартты көмекке қарағанда үлкен

болуы мүмкін, өйткені шарттау алушының ашық таңдауын шектейді, бірақ алушы донордан көп импорттаған жағдайда шарттау артық болуы мүмкін. Шартсыз көмек донор үшін төлем балансына қатысты проблемалар тудыруы мүмкін болғандықтан, шартсыз негізде ұсынылса, көмектің көлемі аз болуы мүмкін.

шартсыз меншік құқығы, фрихолд (freehold) Ешқандай міндеттемесіз меншік иесінің пайдалануына арналған Ұлыбританиядағы жер немесе мүлік. Шартсыз меншік құқығы немесе фрихолд жалға алудан, яғни лизхолдтан ерекшеленеді. Меншік құқығын жалға алу барысында жерді жалға алушы жерді жалдау құқығына ие болады және жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін мүлікті қайтаруға міндетті, ол жылжымайтын мүлікті пайдалануға шектеулер қоюға құқылы. Шартсыз меншік құқығы мүлікті пайдалану жоспары туралы заңдар және қоғамдық жол құқықтары секілді басқа да шектеулер арқылы заңмен қорғалады.

шартты актив (contingent asset) Төлемі осы активке ие компанияның бақылауынан тыс болашақ оқиғаларға байланысты болатын актив. Болашақ оқиғалардың белгісіздігі бұл активтер компания балансында емес, қаржы есебіндегі ескертпелерде көрсетілетінін білдіреді. Сондай-ақ ШАРТТЫ ШИКІЗАТ ӨНІМДІ қараңыз.

шартты бағалау (contingent valuation) Табиғи орта сияқты нарықтық емес тауардың экономикалық бағасын алу үшін қолданылатын әдіс. Шартты бағалауда тұтынушыларға сауалнама жүргізу әдісі қолданылады. Сауалнамада тұтынушы нақты экологиялық ерекшелікке қанша ақша төлеуге дайын немесе ерекшелікке залал келсе қанша

өтемақы талап ететіні сұралады. Бұл әдіс шартты деп аталу себебі – сауалнама жауаптары сценарийдің нақты сипаттамасына байланысты болуында.

шартты жинақ ақша (contractual savings) Жинақтар шартқа сәйкес тұрақты түрде жасалады. Бұл өмірді сақтандыру полистері немесе ипотекалық несие арқылы жүргізілуі мүмкін. Адамдар бұл жинақ формаларын өзіндік тәртіп ретінде пайдаланады. Олардың басты кемшілігі – шартты орындамау қаржылай айыппұлға әкеп соқтырады. Мысалы, жұмыссыздықтан табыс төмендесе немесе ерекше қажеттіліктер пайда болса, проблемалар тудыруы мүмкін. Шартты жинақ жеке тұлғаның таза салымшы екенін білдірмейді, өйткені олар басқа активтердің сарқылуы немесе жеке несие немесе несие карталарын пайдалану арқылы қарыз алу есебінен қаржыландырылуы мүмкін.

шартты комиссия (contingent fee) Әрекет (қызмет) табысты болғанда ғана төленетін комиссия. Мысалы, Ұлыбританияда жылжымайтын мүлік агенті мүлік сатылғанда ғана комиссия алады және кейбір оқу орындары «түсе алмасаң комиссия алмаймыз» деген қағиданы ұстанады. Бұрындары Ұлыбритания адвокаттарына клиенттерінің ісінде жеңіске жеткенде ғана комиссия алуға рұқсат етілді. Алайда 1998 жылдан бастап заңгерлерге шартты гонорар алуға рұқсат берілді. Америкалық заңгерлер де шартты гонорармен жұмыс істей алады. Шартты комиссия ресурстары шектеулі тараптарға сотқа талап-арыз беруге мүмкіндік береді.

шартты көмек (tied aid) Басқа елдерге әдетте *нашар дамыған елдерге донор елдің қызметтері мен тауарларына жұмсалатын көмек. Ол кез келген

тәсілмен жұмсауға болатын *шартсыз көмекке қарсы. Шартты көмек реципиент үшін ашық таңдауды шектейді, реципиент донордан көп мөлшерде импорт алғанның өзінде, қалай болғанда да шарттау артық болуы мүмкін, сондықтан тең көлемдегі шартты көмектің құндылығы шартсыз көмекке қарағанда аз болуы мүмкін. Шартты көмек донор үшін көмек көрсетуде төлем балансы мәселелері себебінің мүмкіндігін азайтатындықтан, көмек шартты түрде берілсе, онда көмек көлемін ұлғайтуға болады.

шартты күнкөріс минимумы индексі (conditional cost of living index) Белгілі бір *күнкөріс деңгейін (ресми түрде *пайдалылықтың тұрақты деңгейі) сақтау шығынындағы өзгерісті өлшейді. Ол индекске кіретін тауарлардың бағасын есептемейді және күнкөріс деңгейіне әсер ететін барлық факторлар тұрақты болып қалады деп болжайды. Сондай-ақ КҮНКӨРІС МИНИМУМЫ ИНДЕКСІ; БАҒА ИНДЕКСІН қараңыз.

шартты қарыздар (tied loans) Әдетте қарыз беруші елдің тауар игіліктері мен қызметтеріне жұмсалатын *нашар дамыған елдерге берілетін шетелдік қарыздар. Ол кез келген тәсілмен жұмсауға болатын шартсыз қарызға қайшы қойылады. Шартты (байланысқан) қарыз шартсыз (байланыспаған) қарызға қарағанда, құндылығы төмен болуы мүмкін, өйткені шарттастыру қарыз алушыға ашық таңдауды шектейді, қарыз алушы қарыз берушіден көп импорттаған жағдайларда шарттастыру артық болуы мүмкін. Шарттастырылған қарыз қарыз берушіге оларды ұсынуда төлем балансы қиындықтары мәселелері себебінің мүмкіндігін азайтатын болғандықтан, қарыз шартты негізде берілсе, қарыз көлемі ұлғайтылуы мүмкін.

шартты қорғаныс (contingent protection) Импортты шектеу құралдары. Оларшын мәнінде қажет деп есептелмесе қолданылмайды, ал импорттың күрт ұлғаюы отандық өнеркәсіпке қауіп төндірсе, онда ол жүзеге асырылады. Бұған *демпингке қарсы баж салығы секілді шаралар жатады. Өнеркәсібі дамыған мемлекеттерге инвестиция құйып жатқан *нашар дамыған мемлекеттерге шартты қорғаныс тежеуші фактор болып келеді.

шартты міндеттеме (contingent liability) Тек белгілі бір жағдайларда пайда болатын міндеттеме. Мысалы, бөтен адамға берген қарыз кепілдігін олар қарызды өтемегенде ғана өтеу қажет болады. Сақтандыру компаниялары өрттен немесе жазатайым оқиғалардан сақтандыру полистерін бергенде шартты міндеттеме алады: олар сақтандыру жарнасын сақтандырушылар өрттен немесе жазатайым оқиғалардан зардап шеккен жағдайда ғана төлеуге тиіс болады. Шартты міндеттеме кәсіпорындарды бағалау кезінде, әсіресе ақиқатқа жақындағын бағалау қиын болатын күтпеген жағдайларда бухгалтерлер үшін проблема туғызады.

шартты нарық (contingent market) *Шартты шикізат өнімдерді сатуға арналған нарық. Шартты шикізат өнімдер нарығы көп емес. Өйткені кейбір жағдайларда ондай тауарларды сатуға аз ғана сатушылар тобы қызығады. Басқа бір жағдайларда шартты нарықтың қалыптаспауына тағы бір себеп – қазіргі күні елестетуге қиын тауардың пайда болуы секілді болжанбаған жағдайларды анықтау мүмкін еместігі.

шартты оптимум (constrained optimum) Бір немесе бірнеше шектеулер міндетті болатын шектеулі оңтайландыру

мәселесін шешу. Оптимизация мақсатты функцияны максималдауды (минималдауды) қамтыса, онда ол шартты максималдау (минималдау) деп те аталады. $F(x)$ функциясы $g_i(x) \geq 0$, $i = 1, \dots, m$ шектеулерін ескере отырып максималдануы қажет деп есептелік, мұндағы $x = (x_1, \dots, x_n)$. Содан кейін, максимум Лагранж функциясының *ершік нүктесінде орын алады:

$$L \equiv f(x) + \sum \lambda_i g_i(x)$$

мұнда L әр x_i үшін максималданады және әр λ_i үшін минималданады. Ершік нүктесінде кем дегенде бір шектеу тепе-теңдік ретінде қарастырылса, онда оптимум шартты болады. Шартты оптимумдар мысалына ешқашан қанағаттанбайтын тұтынушының бюджеттік шектеуіндегі пайдалылығын барынша арттыру және тек оң бағасы бар өндіріс факторларын қолданатын фирмалар үшін өндіріс шектеулеріндегі шығынын барынша азайту жағдайы.

шартты таралу (conditional distribution) X және Y екі кездейсоқ шаманың ортақ таралуы үшін X -ті ескере отырып Y -тің шартты таралуы – X белгілі бір мәнді қабылдағандағы Y бөлінісі. Дискрет кездейсоқ айнымалы үшін ол былай беріледі:

$$P[Y = y|X = x] = P[X = x,$$

$$Y = y]/P[X = x].$$

Үздіксіз кездейсоқ айнымалы үшін тығыздықтың шартты функциясы былай беріледі:

$$f_{Y|X}(y|X=x) = f_{X,Y}(x,y)/f_X(x)$$

мұнда $f(x,y)$ – ортақ тығыздық функциясы, ал $f(x)$ – X -тің шекті тығыздық функциясы.

шартты шикізат өнім (contingent commodity) Белгілі бір оқиға (немесе «әлемдегі ахуал») кезінде ғана қол жеткізуге болатын тауар. Мысалы, күн жарқырап тұрғанда ғана сатылатын балмұздақ. Шартты өнім белгісіздіктің *жалпы тепе-теңдік модельдері негізін құрайды. Сонымен қатар қаржы нарықтарын модельдеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Өйткені қаржы қауіпсіздігі шартты өнімнің толық спектрін жеткізуші ретінде модельденуі мүмкін. Сондай-ақ ЭРРОУ-ДЕБРЕ МОДЕЛІН қараңыз.

шарттылық (conditionality) *Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) қарыз алушы елге несие берер алдында бекітілген *түзету бағдарламасы немесе елдің экономикалық саясатында жасалатын іс-шаралар кешенін қабылдауға шарт қою дағдысы. Шарттылық ХВҚ жалпы ресурстары шектеулі болуы және қарыз алушы елдің сауда немесе макроэкономикалық саясаты елдегі төлем балансы проблемаларын ХВҚ қарызының көмегімен де шеше алмауы жағдайында бөлінетін қаражатты пайдалану мәні жоқ екеніне уәж келтіреді.

шашыранды диаграмма (дисперсия диаграммасы) (scatter diagram) Бақылау жиынтығының екі сипаты арасындағы байланысты көрсететін диаграмма. Диаграммада белгіленген әр нүкте екі сипатты бақылауды көрсетеді, мысалы, екі ось арқылы өлшенген жеке тұлғаның жасы мен табысы. Бұл осы екі сипат арасындағы қандай да бір маңызды статистикалық байланыстың ақиқатқа жақындығын және функцияның қай түріне сәйкестендіруге тырысу керек екенін болжауға көмектеседі. Ол сондай-ақ арнайы зерттеуге лайық болатын кез келген сыртқы (жеке) ескертулерге назар аударады.

шегерімді өнеркәсіп (value-subtracting industry) Өндірілетін өнім құны сатып алынған ресурстардың құнынан аз, сондықтан *қосылған құн теріс болатын сала. Мұндай жағдай екі тәсілмен: тиісті сала үкімет тарапынан елеулі субсидия алғанда, не сол фирмалардың пайдалы бөліктерін *тоғыспалы субсидиялау арқылы; кіріс пен шығын іс жүзінде қолданыстағыдан өзгеше баға бойынша бағаланғанда туындауы мүмкін.

шегерімділік (deductibility) Салық міндеттемесін төмендету мақсатында белгілі бір баптарды кірістерден шегеру. Көптеген елдерде, АҚШ-ты қоса алғанда, жеке тұлғалар салық салынатын табысты бекіту алдында жалпы табыстан қайырымдылық қорларына белгілі бір жарналар төлейді. Осындай шегерімділік жасаудың себебі – лайық мақсаттарға қайырымдылықты ынталандыру, сондай-ақ қандай мақсаттар қолдау алу керегін анықтауда шешімдерді орталықсыздандыру. Осыған ұқсас, көптеген корпоративтік салық салу жүйелерінде фирмалар салық салынатын пайданы қалыптастыру алдында жалпы пайдадан пайыздық төлемдерді шегереді. Пайыздар – коммерциялық шығын, сондықтан оларға басқа шығын сияқты қарау керек деген тұжырымдама шегерімділік жасауға экономикалық негіздеме болып келеді.

шектелмеген жауапкершілік (unlimited liability) Жеке немесе заңды тұлға қарыздар үшін өз мойнына алатын шектеусіз жауапкершілігі. Бұл жауапкершілігі шектеулі қоғам акционерлері толық төленген акцияларды иеленген жағдайда қоғам қарыздары үшін жауапты болмаған кездегі *шектеулі жауапкершілікке кереғар. Бизнес борыштары үшін шектелмеген жауапкершілік ірі және күрделі кәсіпорындар үшін капитал тартуды қиындатады, өйткені

жауапкершілігі шектеулі қорғаусыз ұсақ инвесторлар ақшаны олар толық түсінбейтін және бақылай алмайтын бизнеске салғысы келмейді. *Lloyd's кейбір мүшелерінің соңғы тәжірибесі шектелмеген жауапкершілік қаупін көрсетеді. Ірі инвесторлар кейде шектелмеген жауапкершілікпен әрекет етуді қалайды, өйткені олардың беделі осыған сүйеніп жұмыс істейтін кәсіпорындардың несие алуын жеңілдетуге және салыстырмалы түрде арзан етуге мүмкіндік береді.

шектен төмен (below-the-line) Фирманың *пайда мен залал есебіне немесе *ұлттық кіріс есебінің табыс бөліміне жатпайтын баптар. Фирмалар үшін шектен төмен баптар пайда қалай жұмсалып жатқанын немесе шығын қалай қаржыландырылып жатқанын көрсетеді. Ұлттық кіріс есебінде олар транзакциялардың капитал есебі болып келеді. Екі жағдайда да шектен төмен баптар активтердің сақталған формасындағы өзгерістеріне қатысты. Ал *табыстың өсуіне әсер ететін транзакцияларға қатысы жоқ.

шектеу (constraint) Экономикада, бұл кез келген экономикалық қызмет мүмкін болуы үшін орындалуға тиіс шарт. Шектеулер табиғат фактілеріне байланысты туындауы мүмкін, мысалы, елде жердің белгілі бір көлеміне ғана қол жеткізуге болады. Олар адамның алдыңғы іс-әрекеті нәтижесінде пайда болуы мүмкін: елдің негізгі капиталы оның алдыңғы инвестициясына байланысты, ал еңбекке қабілетті халық – оның алдыңғы демография және иммиграция саясатымен анықталады. Мұндай шектеулі ресурстар адам қызметінің нәтижесінде біртіндеп өзгеруі мүмкін. Технологиялық шектеулер технологияларға қол жеткізу мүмкін болмауынан туындауы және зерттеулер

мен әзірлемелерді жүзеге асыру нәтижесінде біртіндеп жақсаруы ықтимал. Интенсив үйлесімге шектеу өзгелерді ынталандыру мақсатында агенттерге салынады. Шектеулер әдетте теңсіздік түрінде көрінеді. Өйткені экономика өзінде бар ресурстан артық ресурсты қолдана алмағанымен, кейбір ресурстар пайдаланылмай қалуы мүмкін. Қанағаттандыратын шектеулердің әрқайсы тиімді болса не тиімді болмаса, онда экономикалық проблемалар әдетте кейбір мақсатты функцияларын арттыруды немесе кемітуді көздейді. Сондай-ақ БЮДЖЕТТІК ШЕКТЕУ; ӨТІМДІЛІК ШЕКТЕУЛЕРІН *қараңыз.*

шектеу практикасы (restrictive practices) 1. Фирмалардың нарықтағы өз өнімдері мен ресурстары үшін еркін бәсекелесу қабілетіне ықпал ету практикасы. Бұл жабдықтаушылар тарапынан, эксклюзив сауда келісімдерін, сондай-ақ нарықтарды бөлу мақсатымен келісімді немесе сөз байласуды, не географиялық, не өнім бойынша бөлісуге қатысты клиент арасындағы дискриминацияны қамтиды. Шектеу сауда практикасын қамтитын келісімдер заңсыз деп танылуы мүмкін немесе оларды реттеуші органға беруге болатындай тіркеуді талап етуі мүмкін.

2. Еңбекті тиімді пайдалануға әсер ететін практика. Мысалдар әртүрлі қызметкерлер арасындағы жұмысты шектеуді, кез келген нақты міндетті орындауға қажет еңбек күшін немесе уақытша ынтымақтастықтан немесе білігі жоқ жұмысшылардан бас тартуды қамтуы мүмкін. Мұндай практика көбінесе қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне немесе қалың жұртшылыққа қажет ретінде ақталады: қиындықтар бір жағдай дұрыс болмаса, осы мәселені шешу үшін жұмысты жеткілікті түрде білігі жоқ немесе жеткілікті емес қызметкерлер құрамы

орындайтындықтан туындауы мүмкін екені анық. Алайда олар «өз адамдары (инсайдерлер)» үшін көбірек және қауіпсіз жұмыс орнын құруға түрткі болуды қалағандықтан және «сырттан келгендер» тарапынан бәсекені шектейтіндіктен сынға ұшырайды. Еңбек саласындағы шектеу практикасын қысқарту немесе жою – көбінесе еңбек өнімділігі туралы келісімнің бір бөлігі. Сондай-ақ ИНСАЙДЕРЛЕР МЕН АУТ-САЙДЕРЛЕРДІ *қараңыз.*

шектеу, тыйым салу (sequestration) 1. Ұлыбританияда қолданылатын рәсім. Сот шешімімен активтерге уақытша тыйым салынуы мүмкін.

2. АҚШ-та бюджеттегі шығынды міндетті түрде қысқарту термині тапшылық туралы *Грэм-Рудман-Холлингс Заңына сәйкес ұсынылады.

3. Сондай-ақ КӨМІРТЕКТІ СІңІРУДІ *қараңыз.*

шектеулері бар ең кіші квадраттар моделі (restricted least squares estimator) Тексеру үшін гипотезаны құрайтын шектеулер жиынтығын ескере отырып, қалдық квадраттар сомасын азайту жолымен алынған бағалау. Содан соң гипотезаны тексеру гипотезаның шынайы екені туралы тұжырым үйлестірудің елеулі жоғалуына алып келетін-келмейтінін анықтауға алып келеді және шектелген және шектелмеген регрессиядан қалдық квадраттар қосындысын салыстыруға сүйенеді.

шектеулі ақпараттағы ең жоғары ақиқатқа жақын бағалаушы (ШАЖАЖБ) (limited information maximum likelihood (LIML) estimation) Құрылымға сәйкес шектеулерді ескере отырып, ақиқатқа жақындық функциясын максималдауға сүйенетін *бір мезетте әрекет ететін сызықтық тендеулер моделіндегі бір тендеуді бағалау әдісі. ШАЖАЖБ

құралы – қателер тең үлестірілген бір теңдеулік бағалау құралдарының ішіндегі ең тиімдісі. АҚПАРАТТАҒЫ ЕҢ ЖОҒАРЫ АҚИҚАТҚА ЖАҚЫН БАҒАЛАУШЫНЫ қараңыз.

шектеулі жауапкершілік (limited liability) Акционерлер үшін өз акцияларының номинал құнынан артық борышына жауапкершілік жүктелмейтін жүйе. Акциялар толық өтелсе, онда шектеулі жауапкершілігі бар акционерлер қосымша табыс алуға тартылмайды. Акциялар ішінара өтелсе, шектеулі жауапкершілік акционерлерге олардың акцияларының номинал құнының төленбеген бөлігі шегінде жауапкершілік жүктелетінін білдіреді. Шектеулі жауапкершілік шектелмеген жауапкершілік шеңберінде қаржы ұсынуға дайын инвесторлар үшін қатері жоғары мақсаттарға капитал тартуға мүмкіндік береді.

шектеулі рационалдық (bounded rationality) Адам миы сақтауға және өңдеуге болатын ақпарат саны шектеулі болуы себебінен шектеулі рационалдық туындайды. Ұжымдық жұмыс пен компьютерлер жинауға болатын ақпарат көлемін және орындалуы мүмкін есептеулерді айтарлықтай арттыра алса да ақпаратты пайдалану және есептеу салдарын түсіну елеулі шектеуге ұшырайтын жағдайлар бар. Мүмкін болатын баламаларды қарастырып, неғұрлым қолайлы нұсқаны таңдау арқылы оңтайландыратын экономикалық тұтыну моделіне шектеулі рационалдық күмәнмен қарайды. *Қанағат теориясы жеке тұлғалар мен ұйымдар көбінесе баламалардың аз ғана санын қарастырады және олар ықтимал ең жақсы баламаны іздеудің орнына қолайлы бағыт әрекетін тапқаннан кейін іздеуді тоқтатады деп топшылайды. МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЭКОНОМИКАСЫН қараңыз.

шектеулі тәуелді айнымалы (limited dependent variable) Шектеулі топтаманың мәндерін ғана қабылдай алатын тәуелді көрсеткіш. Белгілі мәннен жоғары немесе төмен қиылу арқылы бөлінетін айнымалы, мәндері белгілі диапазонда өзгертін кездейсоқ айнымалы немесе бір мәнге айналатын цензуралық айнымалыны ерекше мысал ретінде атауға болады. ЦЕНЗУРАЛЫҚ ІРІКТЕМЕНІ қараңыз.

шекті әсер (marginal effect) A -ның сәл артуының B мәніне әсері. Ресми түрде, BA -дан туындаған дифференциал функция болса, шекті әсер A -ға қатысты, яғни dB/dA B туындысы ретінде анықталады.

шекті баға белгілеу (limit pricing) Жұмыс істейтін фирма нарыққа жаңа фирманың шығуына кедергі келтіру мақсатында қолдануы мүмкін саясат. Басқа фирмалардың нарыққа кіруі тиімсіз болуы үшін төмен баға, яғни шекті баға белгілеу. Шекті баға белгілеу қауіп төндірмейді: нарыққа жаңа ойыншы кірген соң шекті баға белгілеу ұтымды стратегия емес, әрі жұмыс істейтін фирма үшін жаңа ойыншыны қабылдаған абзал.

шекті жеке пайда (marginal private benefit) Белсенділіктің шекті өсуі нәтижесінде *жеке пайданың ұлғаюы. Шекті жеке пайда кез келген сыртқы әсерді ескермейді.

шекті жеке шығын (marginal private cost) Белсенділіктің шекті артуы нәтижесінде *жеке шығынның ұлғаюы. Шекті жеке шығын кез келген сыртқы салдарды ескермейді.

шекті заттай өнім (marginal physical product) ШЕКТИ ӨНІМДІ қараңыз.

шекті өнім (marginal product) Кірімнің шамалы артуы нәтижесінде өндірілетін тауарлардың (шығымның) артқан қосымша көлемі. Ресми түрде сараланған *өндіріс функциясы үшін бұл – кірім мөлшеріне қатысты осы функцияның жеке туындысы. Ендеше, $f(K, L)$ өндіріс функциясы үшін K капитал және L еңбек, капиталдың шекті өнімі $\partial f(K, L) / \partial K$ және еңбектің шекті өнімі $\partial f(K, L) / \partial L$ болады. Шекті өнім шығым көлемінің өзгеруі оны сатуға болатын өнімнің бағасына қандай да бір әсерін ескермейтін физикалық тұрғыдан өлшенеді және сондықтан кейде капиталдың шекті табысы деп анықталады. *Шекті табыс әкелетін өнім шекті заттай өнімнің сатылған өнім бірлігіне көбейтіндісіне тең. Сондай-ақ КЕМИМЕЛІ ШЕКТІ ӨНІМДІ қараңыз.

шекті пайда (marginal benefit) Белсенділікті арттырудың қосымша пайдасы. Бұл пайда дискрет түрде өзгергенде бірліктерді көбейту нәтижесінде немесе пайда үздіксіз өзгеріп отыратын кезде көбейген бірлікке шаққандағы алынатын жалпы пайдаға қосымша шекті жеке пайда – кез келген сыртқы пайдадан басқа қызметтің ауқымын айқындайтын жеке немесе заңды тұлға алған шекті пайда; қоғамның шекті пайдасы – сыртқы пайданы, сондай-ақ шешім қабылдайтын тұлғаның жеке пайдасын да қамтиды.

шекті пайдалылық (marginal utility) Бірлікке шаққандағы кез келген өнімді тұтынудың кішкене өсуінен адамның жеке пайдасына қосылатын қосымша. Пайдалылықтың *кардиналистік немесе *реттік екеніне байланысты шекті пайдалылық жөніндегі ақпараттың мазмұны. Пайдалылық «реттік» болса, онда оң шекті пайдалылық тиімді және теріс шекті пайдалылық тиімсіз дегенді білдіреді. Бір өнімнің

шекті пайдалылығы басқа өнімнің шекті пайдалылығына қарағанда жоғары деген тұжырымның маңызы зор. Пайдалылық кардиналистік мәнге ие болса, онда реттік пайдалылық туралы пайымға қосымша тауардың шекті пайдалылығы осы тауардың көп тұтынылуына қарай төмендейді деп мәлімдеудің мәні бар. Шекті пайдалылықтың төмендеуі деп аталатын соңғы сипат *қатерді қабылдамау ұғымымен байланысты. Екі жағдайда да екі тауардың шекті пайдалылығының қатынасы (*алмастырудың шекті нормасы) тұтынушының бір өнімді екіншісіне алмастыру жылдамдығын өлшейді.

шекті салық мөлшерлемесі (marginal tax rate) Салық міндеттемесі салық салынатын қызмет құнының арту бірлігіне ұлғаятын сома. Заңнамалық шекті салық мөлшерлемесі жарияланған салық ережелерінен алынады. Шегерімдер мен оқшаулаудың әсері тиімді шекті салық мөлшерлемесінің бекітілген шекті салық мөлшерлемесінен өзгеше болуына итермелейді. Мысалы, *салық шегерімінен біртіндеп бас тарту тиімді шекті салық мөлшерлемесін бекітілген салық мөлшерлемесінен арттырады. Шекті салық мөлшерлемесінің маңызы – оның ынталандыруға тигізетін әсерінде. Мысалы, тұтынушы қосымша еңбектің шекті пайдасын шекті шығынға теңестіру арқылы еңбек ұсынысын айқындайды. Шекті пайда $w(1 - t)$ болады, мұндағы t – шекті салық мөлшерлемесі, w – жалақы мөлшерлемесі.

шекті сауда (margin trading) Қарыз қаражатымен ішінара қаржыландырылатын қаржылай активтерге инвестициялар. Брокердің шекті шоты активтерді сатып алу үшін шектеулі қарыз алуға мүмкіндік береді. Бастапқы маржа талабы – инвестордың өз қаржысы есебінен қамтамасыз етілуге

тиіс инвестициялардың ең кіші үлесі. Шекті шот нақты маржаны анықтау үшін әр сауда-саттық күнінің соңында нарықтағы құн бойынша қайта бағаланады. Нақты маржа көлемі инвестор шотында жатуға тиіс ең аз сомандан төмен түссе, инвестордан шекті шотқа ақша немесе бағалы қағаз қосу талап етіледі. Шекті сауда тікелей ақшалай қаражаттың сатып алуымен салыстырғанда табысты инвестициядан қайтарымды арттырады, сонымен бірге залалды жоғарылатады. Бұл инвестиция қатерін арттырады.

шекте табыс (marginal revenue) Сатылған өнім сатылым көлемінің бірлігіне қарай өлшенген, аз мөлшерде ұлғайтылғанда жалпы табыстың артуы. Сатушы бағаны қабылдаса, шекте табыс бағаға тең. Сатушы теріс дөңес сұраныс қисығы сызығына тап болса, p – баға және y – сатылған көлем және сұраныстың икемділігі $\varepsilon_d = - (p/y)(dy/dp)$ ретінде анықталса, онда шекте табыс мынадай болады:

$$MR = \frac{dR}{dy} = y \frac{dp}{dy} + p = p \left[1 - \frac{1}{\varepsilon_d} \right].$$

Демек, оң шекте табыс $\varepsilon_d > 1$ болуын қажет етеді.

шекте табыс әкелетін өнім (marginal revenue product) Бірлікке шаққандағы кез келген кірім факторының кішігірім артуы есебінен жиынтық табысқа қосылатын шама. Өндірілген көлемді көбейтуге қосқан қосымша салым (қор) әсері ескеріледі және оны сатуға болатын бағамен сатылатын көлемнің ұлғаю әсері де ескеріледі. Шекте табыс әкелетін өнім сатылған өнімнің әр бірлігіне шаққандағы шекте табысқа көбейтілген *шекте өнімге тең. Ресми түрде, табыс былай болсын делік:

$$R = p(y)y = p(F(K, L))F(K, L)$$

мұндағы y K және L кірім факторлары болатын $y = F(K, L)$ өндіріс функциясымен анықталған шығым деңгейі. Шекте табыс әкелетін өнім мынадай болады:

$$MRP_K = \frac{dR}{dK} = \frac{dp}{dy} y \frac{\partial F}{\partial K} + p \frac{\partial F}{\partial K} = \left(\frac{dp}{dy} y + p \right) \frac{\partial F}{\partial K}$$

мұндағы $\frac{dp}{dy} y + p$ *шекте табысты білдіреді және еңбек былай анықталады:

$$MRP_L = \frac{dR}{dL} = \frac{dp}{dy} y \frac{\partial F}{\partial L} + p \frac{\partial F}{\partial L} = \left(\frac{dp}{dy} y + p \right) \frac{\partial F}{\partial L}$$

шекте талап, маржа шарты (margin requirement) Сатып алушы немесе сатушы *маржа ретінде енгізуге (төлеуге) міндетті мәміле құнының пайызы. Маржа көптеген қаржылық операция, соның ішінде *қысқамерзімді сату және *деривативтер саудасына талап етіледі. Маржа брокерді қорғау үшін немесе инвестордың дефолтқа ұшырауы жағдайында шығын алмасу үшін қажет. «Маржа бойынша сатып алу» – бағалы қағаздарды сатып алу бөлігін қаржыландыру үшін брокерден қарыз алу акті. Инвестор инвестицияның бір бөлігін қаржыландыруға тиіс, ал сатып алынған активтер брокерде *кепілзат ретінде сақталады.

шекте фирма (marginal firm) Пайдалылықтың аздап өсуіне байланысты салаға кіруге немесе нарықтағы жағдайдың шамалы нашарлауына байланысты саладан кетуге мәжбүр болатын фирма.

шекте шығын (marginal cost) Белсенділіктің өсуінен туындайтын қосымша шығын. Бұл шығын дискрет түрде өзгергенде бірліктерді көбейту нәтижесінде немесе шығын үздіксіз өзгеріп отыратын кезде көбейген бірлікке

шаққандағы шығатын жиынтық шығынға қосымша. Шекті шығын кейбір табыс деректері өзгертілсе қысқамерзімді немесе барлық табыс деректерін түзете алса ұзақмерзімді болуы мүмкін. Шекті жеке шығын – кез келген сыртқы шығынды қоспағанда, қызмет ауқымын анықтайтын адамға немесе фирмаға тиесілі шекті шығын; қоғамның шекті шығыны сыртқы шығынды, сондай-ақ шешім қабылдайтын тұлғаның жеке шығынын қамтиды.

шекте шығынды есептеп баға белгілеу (marginal cost pricing) Тауар немесе қызмет бағасын белгілеу саясаты. Мұнда тауардың немесе қызметтің бағасы оны өндірудің шекте шығынына тең. Шекте шығын мен бағаның теңдігі – *экономикалық тиімділікті сипаттайтын шарттардың бірі. Алайда қызмет немесе өнім өндіруде ауқымнан қайтарымның көбеюі болса, шекте шығын орташа шығыннан төмен болады да, компания шығынға батады. Бұл шығынды төлеу үшін мемлекет тарапынан субсидия немесе фирма жүзеге асыратын пайдалы қызметтен *тоғыспалы субсидия талап етіледі. Мұндай субсидияны қаржыландыруға қажет салық орны толмайтын залалға ұшыратады, сондықтан шекте шығын әдетте орташа шығыны төмен салаларда қолданылмайды.

Шепли векторы (Shapley value) Кооперативтік ойында әділ бөлуді анықтау процесі. Шепли векторы әр ойыншы қосылуы мүмкін әр коалицияға қандай үлес қосатынын анықтау арқылы есептеледі. Ойыншы қосымша ойыншысы бар коалиция төлемі мен қосымша ойыншысы жоқ коалиция төлемі арасындағы айырмаға қосымша ретінде қарастырылады. Екіншіден, бұл төлемдердің салмақталған қосындысы әр коалицияның қалыптасу

ықтималдығының салмағы деп есептеледі. Салмақталған сома – Шепли мәні.

Шерман заңы (Sherman Act) АҚШ-тың монополияға қарсы федералдық заңнамасы. 1890 жылы осы заңмен сауданы шектеу мақсатындағы барлық сөз байласу мен комбинацияларға, барлық шарттар мен мемлекетаралық және сыртқы саудадағы монополияға тыйым салынды. Шерман Заңы 1914 жылғы *Клейтон заңын қамти отырып, ары қарай түзетулер енгізуді қажет етті.

шетел валютасы (foreign exchange) Басқа елдердің ақшасы. Шетел валютасы бағамы – бір елдің валютасын басқа елдің валютасына айналдыруға мүмкіндік беретін бағам. Валюта қорлары – орталық банктер немесе үкіметтерге айырбас бағамына ықпал ету үшін шетел валютасы нарығына араласуға мүмкіндік беретін өз иелігіндегі алтын немесе айырбасталатын шетел валютасы қорлары.

шетел валютасы бағамы (foreign exchange rate) ВАЛЮТА БАҒАМЫН қараңыз.

шетел валютасы қорлары (foreign exchange reserves) Шетел валютасы нарығына араласу мақсатында ел үкіметі немесе орталық банкі иемденген өтімді активтер. Оларға алтын немесе айырбасталатын шетел валютасы, мысалы, АҚШ-тан басқа елдер үшін АҚШ доллары немесе *еуроаймаққа кірмейтін елдер үшін еуро және осы валюталармен берілген мемлекеттік бағалы қағаздар жатады. Шетел валютасы қорлары халықаралық мекемелердегі, атап айтқанда, *Халықаралық валюта қорындағы қаражат қалдықтарын да қамтуы мүмкін. Бірақ оған шетел валютасының жұмыс қалдықтары немесе елдің банктеріндегі немесе

басқа фирмалардағы қысқамерзімді шетелдік бағалы қағаздар жағдайды. Төтенше жағдайда олардың кейбірі елдің шетел валютасы қорларына қосылуы мүмкін.

шетел валютасы нарығы, валюта нарығы (foreign exchange markets) Шетел валютасы сатылатын нарықтар. Бұл дәреу жеткізуге арналған спот нарықтарды да, алдағы күндерге алдын ала келісілген баға бойынша қамтамасыз етуге арналған фьючерс нарықтарды да қамтиды. Компьютер және телефон байланысы арқылы жұмыс істейтін осы нарықта бірде-бір бос орын жоқ. Дүниежүзілік шетел валютасы нарығының жиынтық айналымы өте үлкен; бұл тауарлар мен қызметтердің халықаралық саудасының жалпы көлемінен бірнеше есе артық. 2016 жылғы сәуірдегі *Халықаралық есеп айырысу банкінің зерттеуі шетел валютасы нарығындағы күн сайынғы айналым 5,1 трлн доллар құрағанын мәлімдеді.

шетел валютасымен қарыз алу (foreign currency-denominated borrowing) Қарыз алушының еліндегі валютасынан өзге валютамен алынған қарыз. Мемлекеттің қарызы шетел валютасымен алынса, бұл үкіметтің қарыз ауыртпалығын жеңілдету үшін ішкі инфляцияны тудыру ойын жоққа шығарады. Кредиторлар елде бұрынғы инфляция көрсеткіші жалғасады деп күтсе, онда шетел валютасымен алынған қарыз ұлттық валютамен қарыз алудан арзан болуы мүмкін. Өйткені ұлттық валютамен қарыз алу кредиторларға инфляция қатерін өтеу үшін жоғары пайыздық мөлшерлеме беруді талап етеді.

шетел валютасын бақылау (foreign exchange control) ВАЛЮТА АЙЫРБАСЫН БАҚЫЛАУДЫ қараңыз.

шетел инвестициясы (foreign investment) Ел резиденттерінің шетел активтерін сатып алуы. Бұл активтер тікелей шетелдік инвестиция немесе шетелдік бағалы қағаздарды немесе банк депозиттерін сатып алған жағдайда, қаржы жағдайында нақты активтер болуы мүмкін. Шетел инвестициясын мемлекет немесе жеке сектор жүзеге асыра алады, ал сатып алынған шетелдік бағалы қағаздар жеке немесе мемлекеттік борышты құрауы мүмкін. Шетелдік резиденттер елдегі нақты немесе қаржылай активтерге инвестиция құя алады: бұл – ішкі шетелдік инвестиция. Таза шетелдік инвестиция – сыртқы шетел инвестициясының ішкі шетел инвестициясынан асып түсуі.

шетелдегі жылжымайтын мүліктен таза табыс (net property income from abroad) Резидент еместерге төленген мүліктен түскен, шетелден алынған мүліктен түскен кірістерден асып түсуі. Мүліктік кіріс шетелден алынатын дивидендтер мен пайыздарды, сондай-ақ шетелде тікелей инвестицияны жүзеге асыратын компаниялардың бөлінбеген пайдасын қамтиды. Іс жүзінде шетелден алынған және қайта инвестицияланатын компаниялардың табысы жылжымайтын мүлікке салынатын табыспен капитал ағынынан кіріс ретінде есепке алынуы әдетте төлем балансының статистикасы кезінде есепке алынбайды, сондықтан шетелден мүліктен түскен таза табыс қате болуы мүмкін.

шетелдегі мүліктен табыс (property income from abroad) Ел резиденттерінің шетелден алынған рента, дивиденд және пайыздан алынатын табысы. Шетелдегі жылжымайтын мүліктен таза табыс резиденттердің резидент еместерге төлейтін меншік табысының ұқсас баптарын қоспағанда, осы табысты білдіреді.

шетелден келген фактор кірістері (factor incomes from abroad) Ел резиденттерінің шетелдегі қызметіне алған ақысы. Бұған шетелде жұмыс істейтін мигранттардың ақша аударымдары, шетелде жұмыс істейтін отандық компаниялардың тапқан пайдасы және шетелге берілген несиелерден түскен пайыздар кіреді. Жалпы шетелден түсетін фактор кірісі – осылай алынған табыстың жалпы сомасы; шетелден түсетін таза фактор кірісі – осы төлемдерден шегерілген ел ішіндегі резидент емес азаматтардың осы заттарға жұмсаған шығындары. Осылайша таза шетелден келген фактор кірісі теріс мәнде болуы мүмкін.

шетелден келетін көмек (foreign aid) КӨМЕКТІ қараңыз.

шетелден келетін таза трансфер кірісі (net transfer income from abroad) Резиденттер шетелден елге аударған қаражаттың елден шетелге аударылған қаражаттан артық болуы. Аударымдарға шетелдік ұйымдарға және жеке қайырымдылық көмекке бағытталған мемлекеттік субсидиялар кіреді.

шетелдік банк (overseas bank) Ұлыбританияда, әдетте Лондонда филиалы немесе еншілес компаниясы бар шетелдік банк үшін қолданылатын британдық термин.

шетелдік инвестиция (overseas investment) ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯНЫ қараңыз.

шетелдің тікелей инвестициясы (direct investment abroad) ТІКЕЛЕЙ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯНЫ қараңыз.

шеттік шешім (corner solution) Шектеулі оңтайландыру тұрғысынан бұл – кем дегенде бір бағытта өзгермейтін шешім. Ол оптимумдағы мақсатты

функцияның градиентіндегі кез келген аз наразылыққа жауап ретінде қолданылады.

шешім қабылдау ағашы (decision tree) Шешім қабылдау процесіндегі таңдаудың графикалық көрінісі. Ағаш түйіндерден, бұтақтардан және соңғы нүктелерден тұрады. Әр түйін шешім қабылдауда қажет нүктені көрсетеді. Түйіндерден шығатын бұтақтар – таңдау жасалатын баламалар. Ағаштың әр соңғы нүктесі тиісті мәнге ие.

шешім қабылдау теориясы (decision theory) Рационал шешім қабылдауды талдау. Рационал шешім қабылдаушы қолдануға болатын баламалар арасында олардың салдарын ескере отырып таңдайды. Таңдау барысында әр баламаның шешім қабылдайтын тұлғаның мақсаттары тұрғысынан бағалануға тиіс салдары болуы қажет. Көп жағдайда мақсаттарды *пайдалылық функциясына жалпылауға болады. Шешім қабылдау теориясы оңтайлы таңдау бар жағдайларды сипаттайды және ол оңтайлы таңдауға сипаттама береді. Шешім қабылдау барысында қатер бар кезде, әр балама таңдау мүмкін болатын салдарды бөледі және шешім қабылдаушы ықтималдық таралуының біреуін таңдауға тиіс. Шешім қабылдаушы *күтілетін пайдалылық функциясын қолдану арқылы таңдау жасайды. Ықтималдық таралуы белгісіз болса, онда таңдау белгісіздік жағдайында жасалады. Шешім қабылдаушы баламалардың салдарын бағалау үшін субъектив ықтималдықты қолдануға тиіс. Таңдау жасаудағы эмпирикалық және эксперименттік зерттеулерде *ауытқулардың ашылуы шешім қабылдау теориясының кейбір негізгі болжалдарына қатысты күмән тудырды. Сондай-ақ АЛЛЕ ПАРАДОКСІН қараңыз.

шикізат материалдары (raw materials) Өндіріске енгізілетін ресурстар ретінде пайдалануға арналған *бірінші сектор салаларының өнімі. Шикізат материалдарының негізгі топтары – мақта, жүн және тері сияқты жануарлардан алынатын өнімдер, сондай-ақ алюминий өндіру үшін пайдаланылатын боксит кені сияқты түрлі минерал өнімдер. Шикізат материалдарының халықаралық саудадағы үлесі жоғары және олар әлі де *нашар дамыған елдер үшін өте маңызды.

шикізат өнім (commodity) Көтерме саудада сатылатын және бірліктері өзара алмастырылатын стандартталған шикізат өнімдер. Мұндай тауарлар көбінесе ауыл шаруашылығы және тау-кен өнеркәсібі немесе жартылай фабрикалар секілді *шикізат секторының шикізат өнімі болады. Бұл тауарлар стандартталғандықтан, шикізат өнімдер нарығы споттық тауарларды іріктеме бойынша және тауарларға *фьючерс және *форвард келісімшартын сата алады. Сондай-ақ СПОТ НАРЫҚ; СТАНДАРТТАЛҒАН ШИКІЗАТ ӨНІМДЕРІН қараңыз.

шикізат өнімдер бағасы индексі (commodity price index) Негізінен, көтерме саудамен сатылатын ауыл шаруашылығы және минерал өнімдерінің баға индексі. Шикізат өнімдер бағасы индексі экономикадағы тербелістердің *жетекші индикаторлары ретінде қолданылады.

шикізат өнімдер биржасы (commodity exchange) ШИКІЗАТ ӨНІМДЕР НАРЫҒЫН қараңыз.

шикізат өнімдер бойынша келісім (commodity agreement) Өндіруші елдер арасындағы немесе өндіруші елдер мен тұтынушы елдер арасындағы нақты

(шикізат) өнімнің өндірісі мен бағасын реттеу туралы және/немесе осы (шикізат) өнімдердің жаһандық нарығының жұмысын жақсарту мақсатында тиісті ақпарат беру туралы келісім. Өндірушілер квота белгілеу, қор жинақтау немесе өндірісті немесе егістікті қысқарту арқылы экспортты шектеу жөнінде келісе алады. Мұндай келісімдерді *Біріккен Ұлттар Ұйымының сауда және даму жөніндегі конференциясы қадағалайды.

шикізат өнімдер нарығы (commodity market) Шикізат өнімдері саудасы жүзеге асырылатын орын немесе институт. Ең басында *нарық трейдерлер жиналатын әрі тауарлардың бағасы мен сапасын салыстыруды жеңілдететін орын немесе ғимараттар болды. Физикалық тексеруді қажет ететін балық және жаңа піскен көкөністер сияқты стандартталмаған тауарлар көбінесе осындай нарықтарда сатылады; ал ескі физикалық орталықтарды еске салатын «Астық биржаларын» телефон және компьютермен байланысқан трейдерлер жүйесі алмастырды. Шикізат өнімдер нарығы дереу сатылатын *спот нарықтарды және болашақта жеткізілетін өнімге баға алдын ала келісілетін *форвард және фьючерс нарықтарды да қамтиды. Мұндай сауданы жеңілдетуге сатылатын тауарлардың сипаты мен сапасы туралы нарық конвенциялары мен дауларды шешу жүйелері ықпал етеді. Мұндай нарықтар сатып алушылар алып жатқан заттарын ұстап тексере алмайтын спот сауда үшін және әлі өсірілмеген дақылдарды немесе әлі де өндірілмеген минералдарды тексеру мүмкін емес форвард және фьючерс сауда үшін өте маңызды.

шоғырлана бірігу (concentric merger) Сатып алушы және сатушы ретінде немесе жеткізу қатынастары арқылы

өзара байланысты емес, бірақ бірдей индустрияда немесе ұқсас индустрияларда әрекет ететін компаниялардың *бірігуі. Ол тектік бірігу ретінде де танымал.

шоғырландырылған шоттар (consolidated accounts) Бір топтағы компаниялардың барлық мүшелерінің біріктірілген *шоттары. Мұндай шоттар мүшелер арасындағы кез келген пайда мен залалды шегере отырып, топтың жалпы пайдасы мен шығынын, активтері мен міндеттемелерін көрсетеді. Топтың бас компаниялары шоғырландырылған шоттар жасауға және тіркеуге міндетті.

шоғырлану (concentration) Шектеулі фирмалардың нарықтағы үстемдік дәрежесі. Шоғырлануды өлшеудің ең көп таралған әдістеріне *N фирманың шоғырлану көрсеткіші және *Херфиндаль индексі жатады. Сондай-ақ ЭКСПОРТТЫҢ ШОҒЫРЛАНУЫН қараңыз.

шоғырлану қатынасы (concentration ratio) N ФИРМАЛАРДЫҢ ШОҒЫРЛАНУ КӨРСЕТКІШІН қараңыз.

шок (shock) Экономикадағы экономикаға оң не теріс әсер ететін күтпеген және болжанбаған оқиға. Шоктың әсері ұзақмерзімді болса, ол тұрақты, мысалы, ірі географиялық жаңалықтардың немесе ірі техникалық әзірленімдердің экономикалық салдары немесе өтпелі, мысалы, монетарлық немесе фискалдық саясаттағы өзгерістер нақты табысқа ұзақмерзімді әсер етпеуі мүмкін. Сондай-ақ ЖАҒЫМСЫЗ ҰСЫНЫС ШОҒИН қараңыз.

шоттарды жіктеу (qualification of accounts) *Аудиторлардың белгілі бір себептерге байланысты *есептер ұйымның істері туралы шынайы және нақты түсінік беретінін растай алмайтыны туралы

есебі. Бұл қаржыға қатысты ауыр қылмысты немесе ұйымның есеп-қисабында болған олқылықтарды айқындайды.

Штакельберг дуополиясы (Stackelberg duopoly) Бір фирма көшбасшы, ал екіншісі – ізбасар болатын *дуополия. Көшбасшы ізбасардың күтілетін жауабын ескере отырып оңтайлы *стратегияны таңдайды деп ұйғарылады. Ізбасар көшбасшының таңдауын ескере отырып оңтайлы стратегияны таңдауға тиіс.

шуыл (noise) 1. Сигналдың *ақпараттық мазмұнына керісінше. Эконометрикалық модельде шуыл деректерді генерациялау процесінің кездейсоқ құрамдас бөлігіне жатады.

2. Қоршаған ортадағы шуыл – көлік пен өндірістік қызметтің шуылы. Еуропалық одақта қоршаған орта шуылын бағалау және мониторинг жүргізу жергілікті шараларды әзірлеуге негіз болатын бірқатар директивалармен реттеледі.

шығару (issue) 1. Қолда бар акциялардың немесе айналыстағы банкноттардың саны.

2. Жаңа акциялар таратылатын процесс. *Бонус акция шығаруда (Ұлыбритания) немесе бағалы қағаздар шығарылымында (АҚШ) қосымша акционерлерге беріледі. *Акция шығару құқығында, жаңа акциялар акционерлерге қолайлы шарттармен сатылады. Жаңа акция шығарылымдарын түрлі тәсілмен сатуға болады: *тендер жариялағанда ең жоғары бағаны ұсынған қатысушыларға жүгінеді; қоғамдық шығарылымда сатуға ұсыныс жасалады немесе компания *орын белгілейді, ал акциялар инвестициялық институттарға немесе жұртшылыққа ұсынылады. Акция шығаратын үй, әдетте коммерциялық банк – барлық мәселені

келісілген бағамен сатып ала алады, содан кейін оны сатады немесе ол мәселеге қол қоюға, яғни ол ешкімге тиесілі болмайтын кез келген акцияларды сатып алуға кепілдік бере алады.

шығарылған капитал (issued capital)

Акционерлерге нақты шығарылған компанияның жарғылық капиталының бір бөлігі. Кез келген рұқсат етілген, бірақ шығарылған капиталды қажет болған жағдайда шығаруға, мысалы, басшыларға акцияларға опциондарды пайдалануға мүмкіндік беруге болады.

шығарындылар (emissions) Адамдар әрекетінен немесе өндірістік процестер салдарынан бөлінетін улы заттар. Шығарындылар өзендер мен көлдерге шөккен қатты немесе сұйық түрде, атмосфераға таралатын қатты және газ түрінде кездеседі. Қоршаған ортаға қатысты экономикалық саясат адамдарға, жануарларға немесе өсімдіктерге қолайсыз сыртқы салдары бар шығарындыларды қарастырады. *Ластану қысқамерзімді перспективада зиянды шығарындыларға байланысты салық салу немесе қызметті шектеу есебінен, ал ұзақмерзімді перспективада – зиянды шығарындыларды аз мөлшерде шығаратын өндірістің балама әдістерін зерттеу есебінен қысқартылуы мүмкін.

шығарындыларға рұқсат (emission permit)

Мүлік иесіне белгіленген деңгейге дейін ластаушы шығарынды тастауға берілген рұқсат. Ластануды бақылау әдісі ретінде рұқсат әдісін қолдану берілген рұқсаттар саны есебінен шығарындылардың жалпы деңгейін бақылауға мүмкіндік береді. Ластауға рұқсатты сату оны шығарындыларды ең көп бағалайтын тарап пайдаланатынына кепілдік береді және бұл, демек, тиімді бөлініске әкеледі. Рұқсат

беру – ластануды бақылау әдісі. *Пигу салығы соның баламасы. Олар *Еуропалық одақтың шығарынды саудасы жүйесінің негізін құрайды.

шығарындыларға салынатын салықтар (emission taxes)

Азот тотығы немесе көмірқышқыл газы секілді өнім шығарындыларын азайтуға ынталандыру арқылы қоршаған ортаға келетін зиянды азайту үшін әзірленген салық түрі. Шығарындыларға салынатын салықтар шығарынды көлемін сандық бақылауға балама немесе оны толықтырушы ретінде пайдаланылады. Бұл салықтар шығарындыларды азайтуға төмен шығынмен қол жеткізу мүмкін жерлерде шығарындыларды азайтуға және ол табысты арттырып, сәйкесінше, басқа зияндыбұрмалаушы салықтарды азайтуы бұл салықты пайдалануды құптайтын басты аргумент болды. Сондай-ақ КӨМІРТЕК САЛЫҒЫ; ҚОСАРЛЫ ДИВИДЕНД ГИПОТЕЗАСЫ; ПИГУ САЛЫҒЫН қараңыз.

шығу (exit) 1. Фирманың индустриядан шығып кетуі. Әдетте бұл компания шығынға ұшырағанда немесе нарықтың қалпына келу перспективаларын көрмеген жағдайда орын алады. Жұмыспен қамтуды қорғау туралы заңнама немесе басқа да мемлекеттік заңдар саудаласа отырып, өз бизнесінің бір бөлігін тоқтатуға тілек білдірген фирмаға кедергі келтіруі мүмкін. Егер фирма төлем жасауға қабілетсіз болса, оның экономикадан толық шығып кетуіне заң кедергі бола алмайды, бірақ мемлекет салық төлеушінің есебінен бизнесті жүргізуге дайын болса, жағдайды өзгертуге болады. Егер кәсіпорын шынымен табысты болса, ал оны иеленген фирма артық борыштық міндеттемелеріне байланысты табысты болмаса, онда фирма индустриядан шығып кетеді, бірақ кәсіпорын жаңа меншік иесімен жұмысын жалғастыра береді.

2. Қолайсыз жағдайлар шығу үшін қалауынды білдіру: акцияларды сату, жұмыс орнын ауыстыру, аймақтар мен елдерге көшіп-қонуға қатысты болуы мүмкін. Ол дауыс беру, қолдау, шағым жасау немесе сот процестерін пайдалану арқылы өзі тұрған жағдайды өзгертуге тырысатын «дауыстан» ерекшеленеді.

шығу ережесі (rules of origin) Тауарлардың бажсыз әкелу талаптарына сәйкестігін анықтау үшін *еркін сауда аймағында қолданылатын ережелер. Әдетте мұндай ережелерде мүше елдерден түсуге тиіс енгізілетін ресурстардың ең аз пайызы көрсетіледі.

шығу құны (бағасы) (exit price) Фирманың индустриядан шығу бағасы. Бұл залалсыздық бағасынан сәл төмен болуы мүмкін. Өйткені индустриядан шығу кезінде *өтемсіз шығынды болдырмау мүмкін емес.

шығу тегі сертификаты (certificate of origin) Тауардың көрсетілген елде жасалғанын растайтын құжат. Мұндай сертификаттар бірыңғай сыртқы тарифтері жоқ *еркін сауда аймақтарында өте қажет. Бұл сертификаттар мүше елдерде өндірілетін тауарларды бажсыз әкелуді шектеу үшін мүше емес елдерден төмен сыртқы тарифтері бар мүше елдер арқылы еркін сауда аймағына тауар енгізуге және жоғары сыртқы тарифтері бар мүше елдерге кері экспорттауға жол бермеу үшін қажет.

шығуға тосқауыл (barriers to exit) Бұл кедергілер фирманың нарықтан шығуын қымбат етеді. Шығу жолындағы тосқауылдар нарықтағы бәсекені күшейтеді, өйткені жұмыс істеп тұрған фирмаларда «қалу және күресуден» басқа өзге таңдау жоқ. Шығуға тосқауыл мысалына активтерді *есептен шығару,

артық төлемдер, келісімшартты бұзғаны үшін салынатын айыппұл және гудвилден айырылу шығыны жатады.

шығым алшақтығы (output gap) Нақты өндіріс көлемі мен *ықтимал өндіріс көлемі арасындағы айырмашылық. Нақты өндіріс көлемі ықтимал өндіріс көлемінен асып түскенде шығым алшақтығы позитив болады (бұл өндіріс факторлары қалыпты көрсеткіштен жоғары, әрі тұрақты инфляцияға сәйкес келген жағдайда жұмыс істеп жатқан кезде мүмкін болады), ал кері жағдайда, яғни нақты өндіріс көлемі ықтимал өндіріс көлеміне сәйкес келмеген жағдайда шығым алшақтығы негатив болады. Инфляцияға жасалған қысымның индикаторы ретінде шығым алшақтығы бақыланады.

шығым әдісі (output method) Экономиканың түрлі секторларындағы таза өндіріс көлемі туралы ақпаратты пайдалана отырып, ішкі өнімді есептеу әдісі. Бұдан бөлек екі әдісіне тұтынушылардың, инвесторлардың және үкіметті қоса алғанда, экономиканың түрлі секторларының шығыны туралы ақпаратты пайдаланатын *шығын әдісі және өндірістің түрлі факторларының табысын жинақтауға сүйенетін *табыс әдісі жатады.

шығым әсері (output effect) Тұтыну көлемі бағасын тұрақты ете отырып, кез келген белгілі бір тұтыну көлеміне қатысты шығым көлемінің өсуінің әсері. Тұтыну көлемі өндіріс көлеміне сәйкес өзгертін экономикалық пропорция кезінде шығымның өсуі кейбір тұтыну көлемі өзгелеріне қарағанда көбірек пропорционал өсуіне себеп болады.

шығым, өндіріс көлемі (output) Басқа жерде сатуға немесе пайдалануға болатын өнім немесе қызметті өндіру үшін

ресурстарды пайдаланған экономикалық процестің нәтижесі. Сондай-ақ СҰРАНЫСҚА ҚАРАЙ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ; ЫҚТИМАЛ ӨНДІРІС КӨЛЕМІН *қараңыз.*

шығын (loss) Шығын кірістен асып кеткен кездегі бизнес-операцияның нәтижесі. Коммерциялық шығын өндіріс шығындарын өтеу үшін нарықтың сатып алу қабілетінің жеткіліксіздігіне немесе басқа банктердің шоттарын төлеуге немесе қарыздарды өтеуге қабілетсіздігіне байланысты пайда болуы мүмкін. Шығын бизнес капиталын азайтады. Шығын көлемі өскен сайын, кәсіпорынның жиынтық активтері өз міндеттемелерінен аз болса, кәсіпорын төлеуге қабілетсіз болып қалады және ол жабылуы немесе жаңа капитал енгізу арқылы сақталуға тиіс. Сондай-ақ АКТИВТЕРДІҢ НАРЫҚТАҒЫ ҚҰНЫН ТӨМЕНДЕТУ ШЫҒЫНЫ; ОРНЫ ТОЛМАЙТЫН ЗАЛАЛ; ҮШБҰРЫШ ШЫҒЫНЫН *қараңыз.*

шығын әдісі (expenditure method) Тұтынушылар, инвесторлар және үкіметті қоса алғанда экономиканың түрлі секторларының шығыны туралы ақпаратты пайдалана отырып, ішкі өнімді есептеу әдісі. Бұл *нарықтағы баға бойынша көрсеткішті баяндайды. Шығын әдісі экономиканың әртүрлі секторларының таза өндірісінің көлемін қосу арқылы есептелетін *шығым әдісінен және әртүрлі секторлардың табысын қосу арқылы есептелетін *табыс әдісінен ерекшеленеді.

шығын есебі (cost accounting) Экономикалық іс-әрекеттің шығынын есептейтін бухгалтерлік есептілік бөлігі. Ол жасалған іс-әрекеттің шығынын есептеуді қамтиды. Сәйкесінше, оның пайдалылығын да бағалайды. Сонымен қатар болашақ іс-әрекеттің шығынын да есептейді. Бұл менеджментке контрактілерді жоспарлауға

көмектеседі. Әдетте онда тек жеке шығын қарастырылады.

Шығын және азық-түлік зерттеуі (ШАЗ) (Expenditure and Food Survey) (EFS) Ұлыбританиядағы отбасы шығындары, азық-түлік тұтыну және табысты үздіксіз зерттейтін сауалнама. Ол 2001 жылдың сәуірінде *Отбасы шығыны сауалнамасын және Ұлттық азық-түлік сауалнамасын біріктірді. Оның басты мақсаты – *бөлшек баға индексінің, сондай-ақ тұтыну мен тамақтануға жұмсалатын ақша құрылымы туралы ақпарат беру. 2008 жылдың қаңтар айында Шығын және азық-түлік зерттеуінің орнын *Тұрмыс шығындары мен азық-түлік зерттеуі басты.

шығын инфляциясы (cost inflation) *Кейінгі экономикада, инфляция белгілі бір баға немесе экономикадағы *жалақы мөлшерлемесі өсуінен туындайды. Шығынның өсуі өндірушілерді бағаны көтеруге; бағаның өсуі қызметкерлерді неғұрлым жоғары жалақы талап етуге мәжбүрлейді; ал бір кәсіп бойынша жалақының өсуі айырмашылықты қалпына келтіру үшін басқа мамандықтардың жалақысын да өсіруді талап етеді. Осы процестердің бәрінің кумулятив әсерін тоқтату өте күрделі шығын-инфляция шиыршығына әкеледі. Сондай-ақ СҰРАНЫС ИНФЛЯЦИЯСЫ; ЖАЛАҚЫ МЕН БАҒА ШИЫРШЫҒЫН *қараңыз.*

шығын инфляциясы (cost-push inflation) ШЫҒЫН ИНФЛЯЦИЯСЫН *қараңыз.*

шығын қисығы (cost curve) Шығынды өндірілген өнім санымен байланыстыратын қисық. Жалпы шығын қисығы өндірістің әр деңгейіндегі жиынтық шығынды көрсетеді; орташа шығын қисығы жиынтық шығынның өндірілген өнім санына қатынасымен; ал

шекті шығын қисығы өндіріс көлемінің кез келген өсуінен туындаған жиынтық шығынға қосылған қосымша шығынмен көрсетіледі. Осылайша шекті шығын қисығы өндіріс көлемінің кез келген деңгейіндегі жиынтық шығын қисығының көлбеуін көрсетеді. Осы қисықтардың кез келгені тұрақты шығын, айнымалы шығындар үшін немесе екеуіне де сызылуы мүмкін. Шығын қисығы қысқа мерзім үшін сызылуы мүмкін. Ол аралықта кейбір элементтер өзгертілуі мүмкін. Сонымен қатар оны ұзақ мерзім үшін сызуға болады. Бұл жағдайда оның барлық элементтері түзетілуі мүмкін. U-тәрізді орташа шығын қисығы өндіріс көлемінің төменгі деңгейінде өндіріс көлемі артқан сайын орташа шығын азаятынын көрсетеді. Алайда біраз уақыттан кейін орташа шығын қайтадан өсу тенденциясына ие болады. Қысқа мерзімнің орташа шығын қисығы шамамен U-тәрізді болады. Өйткені өндіріс көлемінің төменгі деңгейінде тұрақты шығын бірнеше бірлікке бөлінуге тиіс. Ал өндіріс көлемі өндіріс қуатына қарағанда жоғары болғанда, шекті шығын әдетте жоғары болады. Ұзақ мерзімнің орташа шығын қисығы U-тәрізді болмауы мүмкін.

шығын мен пайданы талдау (cost-benefit analysis) Саясаттың немесе жобаның қоғамға әкелетін шығыны мен пайдасын сандық тұрғыдан бағалау. Әдетте ол ақшалай түрде көрсетіледі. Шығын мен пайда тікелей ақшалай шығын мен пайданы ғана емес, сонымен қатар *сыртқы салдарды, яғни нарықтарда саудаланбайтын сыртқы факторларды да қамтиды. Мысалы, сыртқы шығынға ластану, шу және тұмса табиғаттың бұзылуы, ал сыртқы пайдаға саяхат уақытын қысқарту немесе жол-көлік оқиғаларын азайту жатады. Шығын мен пайданы талдау көбінесе балама

ұсыныстарды салыстыру үшін қолданылады. Іс-әрекеттің қоғамға әкелетін жиынтық пайдасы жиынтық шығынынан артық болса, онда ол жеке пайда әкелмейтін жобаларды субсидиялауды ақтауы мүмкін. Ал жобаның қоғамға әкелетін жиынтық шығыны жиынтық пайдасынан артық болса, онда ол жеке пайда әкелсе де жобаларды болдырмауды ақтауы мүмкін. Сондай-ақ **КӨЛЕҢКЕЛІ БАҒАНЫ қараңыз.**

шығын орталығы (cost centre) Кәсіпорынның немесе ұйымның шығынды арттыратын және тікелей пайда әкелмейтін бөлімі. Бірақ бұл жанама түрде табысқа әсер етеді. Бұл бөлімдер мысалына зерттеу және дамыту, клиенттерге қызмет көрсету және маркетинг бөлімшелері жатады.

шығын салығы (expenditure tax) Шығын құнынан алынатын салық түрі. Тұтыну салығы деп те аталады. Шығындар жеке салық салудың негізі ретінде табысқа балама болады. Табыс салығы мен шығын салығының теориялық айырмашылығы – жинақтан түскен табысқа салық салынбайды. Сәйкесінше, шығын салығы ағымдағы және болашақ тұтыну арасындағы таңдауға әсер етпейді, ал табыс салығы кері әсер етеді. Табыс салығын шығын салығымен ауыстыру жинақ көлемін ұлғайтады және экономикалық өсім көрсеткішін арттырады деген тұжырымға негіз болды. Табыс пен шығын салықтары арасындағы таңдау айқын емес: салықсыз жинақтың болуы біраз айырмашылықты жояды.

шығын тиімділігі (cost-effectiveness) Нәтижеге ең үнемді тәсілмен қол жеткізу. Бұл тәсіл тиімділікті өлшейді. Ол белгілі бір нәтижеге жету үшін қолданылып жатқан ресурстар ба-рынша мүмкін төмен шығынмен

пайдаланылып жатқанын бағалайды. Қол жеткізілген нәтиженің ақшалай құнын өлшеу қиын. Қорғаныс, білім беру, денсаулық сақтау, полиция немесе қоршаған ортаны қорғау сынды салаларда шығын тиімділігі тұжырымдамасы өте орынды.

шығын функциясы (cost function) 1.

Ресурс бағасының функциясы болып көрсетілген белгілі бір өндіріс көлемін өндіруге қажет ең төмен шығын. Екі ресурс бар деп есептелік: капитал K және еңбек L және, сәйкесінше, олардың әр бірлікке шығыны r және w болады. Ресурстарды өндіріс көлемімен байланыстыратын өндіріс функциясы Y деп белгілесек, онда $Y = f(K, L)$ болады. Шығын функциясы минималдау мәселесін шешуден алынады:

$$f(K, L) \geq Y \text{ болған жағдайда } \min rk + wL$$

Минималдау мәселесін шешу өндіріс факторларына сұраныс функциясын қамтамасыз етеді $K = K(r, w, Y)$ және $L = L(r, w, Y)$. Оларды қайтадан мақсат функциясына алмастыру шығын функциясын береді:

$$C(r, w, Y) \equiv rK(r, w, Y) + wL(r, w, Y).$$

2. Тұтынушыға белгілі бір пайдалылық деңгейіне қол жеткізуге қажет ең төмен шығынды көрсетеді. Сондай-ақ ҚАРАЖАТ ЖҰМСАУ ФУНКЦИЯСЫН қараңыз.

шығын(дар) (cost(s)) Қандай да бір тауар не қызметті өндіруге қажет ресурс құны. Ол бірлікпен, санмен, әдетте ақшамен өлшенеді. Сондай-ақ РЕТТЕУ ШЫҒЫНЫ; ОРТАША ШЫҒЫН; ҚҰТЫЛУҒА БОЛАТЫН ШЫҒЫН; САЛЫСТЫРМАЛЫ ШЫҒЫН; ЕРЕЖЕНІ (ЗАҢДЫ) САҚТАУ ШЫҒЫНЫ; ФАКТОР ШЫҒЫНЫ; ТҰРАҚТЫ ШЫҒЫН; БАСТАПҚЫ ҚҰНЫ; ОРТАҚ ШЫҒЫН;

БАЛАМА ШЫҒЫН; ҮСТЕМЕ ШЫҒЫН; ЖЕКЕ ШЫҒЫН; НАҚТЫ ШЫҒЫН; ОРНЫН ТОЛТЫРУ ШЫҒЫНЫ; САТУ ШЫҒЫНЫ; ӘЛЕУМЕТТІК ШЫҒЫН; ӨТЕМСІЗ ШЫҒЫН; КӨЛК ШЫҒЫНЫ; АЙНЫМАЛЫ ШЫҒЫНДЫ қараңыз.

шығын, сақтандыру және фрахт (cost, insurance, and freight) (c.i.f.) Импортты елге кіргізу шығыны. Шығын, сақтандыру және фрахт құны тауарлар баратын еліне кіру портына келген кездегі құны: оған тауардың өндірілген еліндегі сату бағасы, фрахт және шетел портына жеткізудегі сақтандыру шығыны кіреді. Шығын, сақтандыру және фрахт барған ел ішіндегі импорттық бажды немесе көлік шығынын қамтымайды.

шығын, тұтыну шығыны (expenditure)

Тұтынушылар, инвесторлар немесе үкіметтің жұмсаған қаржысы. Тұтыну шығыны нақты тауарлар мен қызметтерді сатып алумен шектеледі; активтерді иемдену немесе жеке тұлғалардың басқа тұлғаларға ақша аударуы шығын ретінде қарастырылмайды. Мемлекеттік шығындар әртүрлі болады: кейбір мемлекеттік шығындар нақты тауарлар мен қызметтерге қатысты, бірақ мемлекеттік зейнетақы төлемдері сияқты жеке тұлғаларға аударым төлемдері мемлекеттік шығын ретінде тіркеледі, ал мемлекеттік шығындар ажыратуы қиын болғандықтан ағымдағы шот пен капитал шоттар арасында анық бөлінбейді. Ұлттық шығын дегеніміз – мемлекеттің жұмсаған қаражаты. Сондай-ақ КАПИТАЛ ЖҰМСАЛУЫ; ТҰТЫНУШЫ ШЫҒЫНДАРЫ; ШЫҒЫНДАРДЫ ҚЫСҚАРТУ; МЕМЛЕКЕТТІК ШЫҒЫНДАР; САЛЫҚ ШЫҒЫНДАРЫН қараңыз.

шығынға сүйенетін дефлятор (expenditure-based deflator) Баға индексінің салмағы өндірістегі үлесті емес, шығын көлеміндегі түрлі тауарлар мен қызметтер үлесін көрсетеді. Бұған

импорт бағасы кіреді, ал экспорт бағасы кірмейді.

шығынды барынша азайту (cost minimization) Кәсіпорынның міндеті – барынша мүмкін аз шығынмен өнім өндіру. Әдетте бұл белгілі бір сападағы тауар не қызметті ұсыну шығынына қатысты, бірақ стандарттарды төмендету есебінен неғұрлым төмен шығынға қол жеткізу деген сөз емес. Шығынды барынша азайту – пайданы барынша арттырудың қажет шарты. Нарық өндіріс көлемін қабылдамаса, онда ол U-тәрізді шығын қисығының ең төменгі нүктесінде жұмыс істеуді білдірмейді. *Ауқымнан үнемдеу үлкен болса, қалаған өндіріс көлемі шығын қисығындағы ең төменгі нүктеден де аз болуы мүмкін: бұл қоғамға қажет – ешкімге қажет емес заттар өндіру арқылы төмен орташа шығынға жеткенше, қажет заттарды ең төмен шығынмен өндіруі керек.

шығынды қысқарту (cuts in expenditure) Мемлекеттік шығындарды қысқарту. Бұл қазірдің өзінде болып жатқан немесе әдетте жоспарланған қысқарту туралы хабарландыруға арналған нақты мемлекеттік шығындағы өзгерістерге қатысты. Нақты шығынның азаюы өзгермелі жағдайларда қаражат жұмсаудың өзгермейтін ережелерін қолданумен байланысты болуы мүмкін, мысалы, экономикалық бум кезінде жұмыспен қамту артқанда жұмыссыздарға берілетін жәрдемақыны қысқарту. Мұның пайда болуының басқа себебіне шығынға қатысты саясаттың өзгеруі жатады. Мысалы, жеңілдік алу құқығына арналған тестілерді қаталдату. Осыған ұқсас, шығынды қысқарту бойынша жарияланған жоспарлар осы шығын қажеті төмендеуі күтілуіне немесе саясаттағы өзгерістерге әкелуі мүмкін. Мемлекеттің жұмсаған қаражаты нақты мәнде тұрақты

болып қалуға тиіс болса, инфляциялық экономикада олар ақшалай түрде өсуге тиіс; «қысқартулар» жұмсалатын қаражаттың күтілетін ұлғаюынан азырақ артық ақшалай формада болуы мүмкін.

шығынды қайта бағыттау (expenditure switching) Шығынның ағымдағы деңгейін бір сауда нүктесінен басқасына ауыстыруға бағытталған саясат. Мысалы, тарифтер немесе импорттық квоталар импортқа жұмсалған ағымдағы шығынды отандық тауарларға ауыстыру үшін қолданылады. Бұл жалпы шығынды арттыру немесе төмендетуге бағытталған *шығынды өзгертуден ерекшеленеді. Осы ерекшеліктер аталған саясаттың ықпалына қатысты қолданылады: шығынды қайта бағыттау саясаты табысты болса, онда ол жалпы шығынды да өзгертетін мультипликатив әсер тудырады. Сондай-ақ СЫРТҚЫ БАЛАНС; ІШКІ БАЛАНСТЫ қараңыз.

шығынды өзгерту (expenditure changing) Жалпы шығындарды өзгертуге бағытталған экономикалық саясат. Бұл фискалдық саясат арқылы, яғни салықты қысқарту немесе ақша-несие саясаты, яғни төмен пайыздық мөлшерлемелер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл шығынды бір сауда нүктесінен басқасына ауыстыруға бағытталған *шығынды қайта бағыттау саясатынан ерекшеленеді. Мысалы, шығынды ауыстыру саясатында тарифтер немесе импорттық квоталар импортқа жұмсалған шығынды отандық тауарларға ауыстыру үшін қолданылады.

шығынның кірістен асып кетуі (dissaving) Шығынның кірістен асып түсуінен таза активтердің азаюы. Ол банк балансынан алынған ақшаны немесе сатылған активтерден түскен ақшаны жұмсау арқылы жүзеге асады. Таза активтері көп адамдар оңай шығынын кірісінен

асыра алады: тіпті олардың активтері өтімді болмаса да, оларды несиеге кепілзат ретінде пайдалануға болады. Таза активтері аз жеке тұлғалар үшін шығынды кірістен асыру қиынға соғады: Оларға несие беру өте қауіпті, өйткені олардың таза активтерінің жағдайы жақсы емес.

шығынның үстіне баға белгілеу (cost-plus pricing) Баға өлшенген шығынға тең болатынын және қосымша ретінде пайдаға келісілген пайыздық үстеме баға қосылатынын көрсететін контракт. Бұл рәсім өндірушіні шығынын азайтуға емес; керісінше, қажетсіз шығынын ұлғайтуға, осылайша қайтарымды арттыруға ынталандыратыны үшін сынға ұшырады. Шығын қосып баға белгілеу мемлекеттік контрактілерде жиі қолданылады. Мысалға тұтынушы тез арада өнім алуды қалайтын, бірақ оның шығыны қандай екенін білмейтін әскери шығынды келтіруге болады. Мұндай жағдайларда шығын қосып баға белгілеу бекітілген баға контрактілеріне қарағанда неғұрлым төмен күтілетін баға ұсына алады. Өйткені кез келген келісілген бекітілген баға өндіруші үшін елеулі қатер сыйақысын қамтиды.

Шығыс Азия жолбарыстары (East Asian tigers) Шығыс Азияның төрт елі, атап

айтқанда: Гонконг, Сингапур, Оңтүстік Корея және Тайвань. Олардың табысы мен сауда көлемі 1950 жылдар кезеңінен бастап өте жылдам өсіп келе жатыр.

шынайы және әділ көзқарас (true and fair view) *Есептер компанияның жағдайы туралы дұрыс түсінік беруге тиіс деген идея. *Аудиторлардың рөлі – бухгалтерлік есептіліктің сенімді және әділ көзқарас беретінін тексеру мен растау. Шоттарда жалған көшірім болмауға тиіс; бұл – шынайы бөлім. Алайда олар қате салдарынан жаңылуға алып келмеуі керек; бұл – әділ бөлім. Есептердің шынайы екеніне қарағанда, олардың әділ екеніне көз жеткізу үшін көп ақпарат талап етіледі.

Шэньчжэнь қор биржасы (Shenzhen Stock Exchange) 1990 жылы Қытайдың Гуандун провинциясының бас қаласы Шэньчжэнде құрылған қор биржасы. Ол нарықты сауда жасауға қажет акциялар, облигациялар, өзара қорлар мен туынды қаржы құралдарымен қамтамасыз етеді. 2016 жылы ақпанда Шэньчжэнь қор биржасы нарығында бағаланатын компания акцияларының жалпы нарықтағы капиталдануы 2,7 трлн долларды құраған. www.szse.cn – ШҚБ сайтының бас беті.

Ы

ығысқан айнымалылардағы қателер (errors in variables bias) Мәліметтерді өлшеудегі қателерден туындаған бағалаудағы ығысу.

ығыспаған болжалдар гипотезасы (unbiased expectations hypothesis)

*Форвард бағасы болашақ *спот бағасының объектив предикторы деген гипотеза. *Уақыт құрылымы төмен қарағанда, жоғары жиірек көлбейтіні туралы эмпирикалық бақылау. Әдетте гипотеза мінсіз түсініктеме емес екеніне дәлел ретінде келтіріледі.

ығыстыру (crowding out) Қаражат жұмсаудың бір формасын арттыру өзге форманың құлдырауына әкелуі немесе қандай да бір экономикалық белсенділікті ынталандыру осы белсенділік үшін ішкі мотивацияны азайтуы ықтималдығы. Ығыстыру әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, мемлекеттің *қоғамдық жұмыстарға жұмсалатын шығыны артып келеді делік. Ол білікті инженерлер секілді шектеулі ресурстарды пайдалануы мүмкін. Бұл оларды балама инвестициялық жобаларды қоя тұруға, сәйкесінше, жобалардың кейінге қалуына әкеледі. Сұраныс артуы инфляция тудырса, бұл ақша-несие саясатын күшейтуге алып келуі мүмкін. Нәтижесінде, ол қаражат жұмсаудың басқа формасын қысқартады. Ақыр соңында, жеке инвесторлар мемлекеттің қарызы артуын ұнатпаса, қоғамдық жұмыстардың көбеюіне жеке

инвестицияның құлдырауына алып келуі мүмкін. Егер қоғамдық жұмыстардың көбеюі кезінде басқа шығындар 100 пайыз қысқарса, онда ол толық ығыстырудың пайда болуына әсер етеді. Егер басқа шығындардың азаю деңгейі мемлекеттік шығындардың өсу деңгейінен төмен болса, онда ішінара ығыстыру орын алады. Кейнстік *мультипликатор жұмыс істейтіндей жағдай болғанда немесе жеке инвесторлардың сеніміне жұмсалатын шығынның жалпы өсуінің қолайлы ықпалы арқылы тығыздық артуы, яғни басқа шығын іс жүзінде өсуі мүмкін.

ықтимал бәсеке (potential competition) Мүмкіндігі бар және нақты бәсекелестермен сайыс. Өнеркәсіп көлеміне *ауқымға тұрақты қайтарым және кіріс еркіндігі бар болса, онда ықтимал бәсеке қазіргі кезде фирмалардағы монополист мінез-құлқына, тіпті қазірде жақсы шоғырланған құрылымы болса да, күшті кедергі болады. Бұл пікірталас *наразылық нарық теориясында зерттеледі.

ықтимал қауіп-қатер (credible threat) Өндіруші тарапынан туындайды деп күтілетін қауіп-қатер. Егер B белгілі бір жолмен әрекет етсе, A -ның B -ға қауіп-қатері бар, онда A B -ға зиянын тигізеді. Егер B бұл қатер A тарапынан туындайды деп сенсе онда қауіп-қатер ықтимал деп саналады. Ал қауіп-қатері бар әрекет A -ға да зиянын тигізсе, онда қауіп-қатер B -ға ықтимал болып көрінбейді. Егер B A -ның қауіп-қатер жасау

сәтсіздігінен туындайтын ықтималдықты жоғалтуды сезіну іс әрекеттің тікелей әсерінен де жаман екеніне сенбесе, онда бұл әділ деп саналады. Қатігез немесе тіпті иррационал болу қауіп-қатер ықтималдығын арттырады.

ықтимал өндіріс көлемі, шығым (potential output) Өндірістің барлық факторлары тұрақты инфляцияға сәйкес мөлшерлемелерде жұмыс істесе немесе *инфляцияны үдетпейтін жұмыссыздық деңгейі болмағанда өндірілсе, өндірістің максимал өнімділігі ретінде анықталатын экономиканың өндірістік әлеуетінің өлшемі. Осы екі анықтамаға нақты шығым ықтимал өндіріс көлемінен асып кетуі мүмкін, бұл жағдайда *шығым алшақтығы оң болады.

ықтимал тұтыну сызығы (consumption possibility line) БЮДЖЕТ СЫЗЫҒЫН қараңыз.

ықтималдық (кездейсоқ оқиғаның) (probability) (of a random event) Кездейсоқ оқиға ықтималдығының сандық көрсеткіші 0-ден 1-ге дейінгі сандар. Ықтимал оқиға болмаса, ықтималдық 0-ге, ал нақты болса, 1-ге тең.

ықтималдық таралуы (кездейсоқ айнымалының) (probability distribution) (of a random variable) Кездейсоқ ауыспалы қандай да бір мәнді немесе мәндер диапазонында болуы мүмкін ықтималдық сипаттамасы.

ықтималдық таралуын бөлу (joint probability distribution) Екі немесе одан көп кездейсоқ айнымалы векторының *ықтималдық таралуы.

ықтималдықтағы конвергенция (convergence in probability) Әр ε оң сан үшін ε -ден асып түсетін x_n және x арасындағы арақашықтық ықтималдығы n шексіздікке ұмтылғандай нөлге

конвергацияланса, онда x_1, \dots, x_n кездейсоқ айнымалыларының реттілігі x кездейсоқ айнымалыға ықтималдық бойынша конвергенцияланады:

$$x = p \lim x_n \Leftrightarrow x_n \xrightarrow{p} x \Leftrightarrow \lim_{n \rightarrow \infty} P[|x_n - x| \geq \varepsilon] = 0 \Leftrightarrow \lim_{n \rightarrow \infty} P[|x_n - x| \leq \varepsilon] = 1$$

әр $\varepsilon > 0$ үшін. Бұл мынаны білдіреді: $P_n = P[|x_n - x| \geq \varepsilon]$ ықтималдықтар реттілігін қарастырсақ, онда белгілі бір n_0 -ден басталатын осы реттегі әр ықтималдық аз ғана болып келеді. Атап айтқанда, x тұрақты шама болуы мүмкін. Ықтималдықтағы конвергенция таралудағы конвергенцияны білдіреді.

ықшамдау (unbundling) 1. Бизнестің негізгі қызметіне шоғырлану үшін оның шеткері бөліктерін сату. Бизнес-империяның алыс бөліктері олар тәуелсіз болып түрлі топтарға қосылса немесе борышты өтеу үшін ақша жинаса, неғұрлым пайдалы жұмыс істей алады деп саналады.

2. Өнімді бөлек компоненттерге бөлу және әр компонентті бөлек сату процесі. Мысалы, арзан авиакомпаниялар рейске билет сатады, содан кейін жүк, тамақтану, орын таңдау және т.б. үшін бөлек ақы алады.

ымыра (trade-off) Басқа бір затты (нәрсені) көбірек алу үшін бір тауардан немесе бір мақсаттан бас тарту талабы. Бір-біріне қарсы тауарлар немесе мақсаттарды айырбас жасау қажеті *экономикалық тиімділіктің белгісі, басқасынан кем түспейтін біреуден көп игілік қабылданған болса немесе басқа мақсатты құрбан етпей бір мақсатқа қол жеткізу мүмкін болса, экономикада *Парето тиімділігі болмайды.

ынталандыру, стимул (incentives) Экономикалық агенттердің бір

жиынтығын басқа, экономикалық агент қажет ететін нәтижелерге қол жеткізуге әрекет ету үшін жасауға болатын марапаттар немесе айыппұлдар. Жақсы нәтижеге қол жеткізгені үшін марапаттау ретінде көтермелеу жалақыны арттыруды, жұмыс жағдайын жақсартуды, жұмыс орнының қауіпсіздігін, карьера мүмкіндіктерін немесе беделін арттыруды қамтуы мүмкін. Нашар нәтиже көрсеткені үшін жаза ретінде төмен еңбекақы төлеу, еңбек жағдайын нашарлату, нашар карьера мүмкіндіктері, қызметін төмендету, жұмыстан шығарып жіберу немесе абыройынан айыру түрткі болуы мүмкін. Ынталандыру өнімділік немесе пайда сияқты іс жүзіндегі нәтижелерге немесе жұмыстан қалу және тәртіп есебі сияқты басқарушылық деректерді қабылдауға жауап ретінде қолданылуы мүмкін. Ынталандыру басшылық бақылайтын кіріс немесе шығын айнаымалыларына сүйене алмайды. ЭКСПОРТТЫ ЫНТАЛАНДЫРУ; ЫНТАЛАНДЫРУ ШАРТЫ; ИНВЕСТИЦИЯНЫ ЫНТАЛАНДЫРУДЫ *да қараңыз.*

ынталандыру келісімшарты (incentive contract) Қажет міне-құлықты тудыру мақсатында қалыптасқан *ынталандыруды қамтитын келісім. АГЕНТТІК ТЕОРИЯСЫН *да қараңыз.*

ынталандыру мен тежеу циклі (stop-go cycle) *Тиімді сұранысты кеңейту не қысқарту талпыныстары мен ресми саясаттың кезектесу бірізділігі арасындағы *кейнстік экономика терминологиясы. Экономика жалғыз қалып бірізді құлдырау кезеңдері мен шамадан тыс сұранысты туындата алса, ынталандыру-тежеу саясатын тұрақтандырушы ретінде қорғауға болады. 1950 және 1960 жылдардағы Ұлыбританиядағы «ынталандыру-тежеу» саясатын сынаушылар монетарлық және фискалдық саясат тежеуіш пен акселераторды кезекпен,

бірақ әр жағдайда екпінмен, кейде тым кеш қолданатынын айтып өткен. Бұл экономиканы тұрақсыздандыра отырып, әр бағыттағы асыра сілтеу үрдісіне алып келді. Осылайша ынталандыру-тежеу саясаты өсімді тұрақсыз етеді деп айыпталды.

ынталандыру үйлесімі (incentive compatibility) Бұл механизм экономикалық агенттердің жеке ақпаратты ашуына түрткі болса, ынталандырумен үйлеседі. Табыс салығы жүйесін енгізуді қарастырайық. Жеке қызметкердің жұмыс орнындағы жеке ақпараты – дағды-машық деңгейі немесе өнімділігі. Жария ақпарат – адамның дағды-машығы мен жұмыс істеген сағаттарының өнімімен анықталатын бақыланатын табысы. Экономиканы оңтайлы бөлу кез келген машық деңгейіне сай табыс пен тұтыну деңгейімен анықталады. Табыс салығы әр адамның не үкіметтің өзінің шеберлік деңгейі үшін алғысы келетін табыс табуға түрткі болса, табыс салығы жүйесі ынталандырумен үйлесімді болады. Қажет табыс ала отырып, адам өзінің дағды-машық деңгейін анық көрсетеді. Ынталандыру үйлесімі қандай да бір *ынталандыру келісімшартын қанағаттандыруға тиіс шарт ретінде белгіленеді.

ынтымақтастық (cooperation) Екі немесе одан көп адам, фирма немесе үкіметтік органның бірге жұмыс істеу жөніндегі келісімі. Экономикалық қызметтерді үйлестірудің бір тәсілі саналатын ынтымақтастық *бәсекеден ерекшеленеді. Бәсекеде жекелеген тұлғалар, фирмалар немесе үкіметтер тәуелсіз, ал кейде бір-біріне қарсы әрекет етеді. Экономикалық жүйелердің барлығы осы екі механизмнің кейбір үйлесімін пайдаланады. Көбінесе фирмалар немесе елдер өндіріс стандарттарын зерттеу немесе белгілеу сияқты қызметтің

кейбір түрлерінде ынтымақтасады, ал қызметтің басқа түрлерінде, әсіресе ағымдағы сатуда бәсекелеседі.

ынтымақты зейнетақы жүйесі (unfunded pension scheme) Зейнетақы қоры жоқ зейнетақы жүйесі. Қазіргі бенефициарлардың зейнетақысын бұрынғы жұмыс беруші ағымдағы кірістерден немесе еңбекақы төлеу, негізінде, қазіргі қызметкерлердің жарналарынан төлейді. Мұндай зейнетақы жұмыс беруші төлем жасауға қабілетсіз бола алмайтын немесе сауданы тоқтата алмайтын жағдайда ғана қауіпсіз; бұл үшін әдетте мемлекеттік меншік не мемлекеттік кепілдік талап етіледі.

ыңғайлы ту (flag of convenience) Нақты иесіне сәйкес келмейтін кемеңің ұлттық тіркеуі. Иелері өз елінде басым болатын қызметкерлердің қауіпсіздігі мен жинақталуын қатаң бақылаудың алдын алу үшін немесе өз азаматтарына төленетін сомадан төмен сома төлеуді қажет ететін шетелдік экипаждарды қолдануға рұқсат беру үшін осыны салық себептері бойынша таңдайды.

«ыстық ақша» (hot money) Ақша ұстаушылар валюта құнсызданады деп күмәнданғанда, басқа елдерге тез экспортталуға тиіс банк шоттарындағы немесе өтімді бағалы қағаздардағы ақша. «Ыстық ақша» ағыны елдің төлем балансын қанағаттанарлық етіп қана қоймай, сонымен бірге оның кенет нашарлауына әкеп соқтыруы мүмкін.

ысыну немесе экономикалық бум (overheating) *Кейнстік экономикада бұл – артық сұранысқа алып келетін белсенділік деңгейі. Өндіріс қауқарымен салыстырғанда кейбір маңызды секторлардағы шығымның жоғары деңгейі өндіріс факторларының тапшылығына және импорттың ерекше жоғары деңгейіне алып келеді. Экономиканың ысынуы ішкі инфляциялық қысымды және сауда балансының сыртқы нашарлануын тудырады. Ол валютаның девальвацияға ұшырауына себеп болады. Ал бұл, өз кезегінде, инфляцияның одан бетер өсуіне серпін береді.

іздеу (search) Экономикада кідіріс қымбатқа түсетін кезде, кездейсоқ төлем нұсқаларын таңдауға тап болатын агенттің оңтайлы шешім қабылдауы үшін ұсынылатын модель. Бұл жағдайда агент таңдауды кідірту шығыны мен келешекте пайда болатын үздік ықтимал мүмкіндіктер арасындағы ымыраға тап болады. Іздеу теориясы ең көп қолданылатын тұсы – еңбек экономикасындағы *жұмыс іздеу және *тұтыну теориясындағы өнім іздеу. Сондай-ақ РЕЗЕРВ ЖАЛАҚЫНЫ қараңыз.

ілгері интеграция (forward integration)

«Апстрим» қызметінің өнімдерін пайдаланатын немесе тарататын фирмаға «даунстрим» қызметін қосу. Оған мысал: мұнай компанияларының жанаржағармай станцияларына иелік етуі. Ілгері интеграция өндірістің түрлі деңгейлерін үйлестіруді жақсарту үшін немесе бір деңгейде монополиялық артықшылықтарды пайдалану жолымен тиімділікті арттыру үшін екіншісінде бәсекені төмендету мақсатында жасалуы мүмкін.

іркіліс, тоқырау (slack) Пайдаланылмайтын немесе жеткілікті дәрежеде пайдаланылмаған ресурстар. Ұйымдық іркіліс фирмаларда не үкіметтік ұйымдарда шын мәнінде қажетінен артық қызметкер, құрал-жабдық немесе ғимараттар болғанда туындайды. Көп ұйымда кейде іркіліс болады: сұраныс өзгергенде, іркілісті қажет *қосалқы қауқардан ажырату қиын.

ірі банк (банкаралық) операциялары, көтерме банкинг (wholesale banking) Басқа қаржы институттарымен, ірі фирмалармен және бай адамдармен жұмыс істеуге маманданған банк ісі мекемелері. Ірі банк (банкаралық) операциялары үшін *бөлшек банкингті сипаттайтын филиалдардың қалың желісі қажет емес.

іріктеме таңдалуының ауытқуы (sample selectivity bias)

Іріктемедегі қолда бар деректер кейбір айнымалыларды тәуелді айнымалылар түзетуіне сәйкес қысқартқанда туындайды. Мысалы, жекеменшік мектептің оқушылары әдетте ауқатты отбасынан шыққан. Мектеп бітіргеннен кейінгі жетістік осы мектеп берген білім сапасының көрсеткіші ретінде қолданылады деп есептейік. Ауқатты отбасынан шыққан адамдар өз білімінен гөрі басқа себептермен жоғары жетістікке бейім болса, онда бұл іріктемені елемеу отбасының шыққан тегі мен нақты жекеменшік мектепте алынған оқыту әсерінің шатасуына алып келеді. Мұндай жағдайларда *қарапайым ең кіші квадраттар әдісімен бағалау бұрмаланған және қайшы келеді. ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ІРІКТЕМЕНІ қараңыз.

іріктеме, мысал (sample) Бүкіл санат немесе халық саны бойынша қорытынды жасау үшін қолданылатын нысан санаттары мысалының іріктемесі. Іріктеу толық халық санын тексеру тым қымбат немесе өте баяу не орындау мүмкін емес кездері қолданылады. Іріктемеге сүйеніп халық саны

бойынша қорытынды жасау – статистика пәні. КВОТАЛЫҚ (ТОПТЫҚ) ІРІКТЕМЕ; КЕЗДЕЙСОҚ ІРІКТЕМЕ; ТИПТІК ІРІКТЕМЕНІ қараңыз.

іріктемелерді үлестіру (sampling distribution) ТҮПКІ ІРІКТЕМЕНІ ҮЛЕСТІРУДІ қараңыз.

ішкі ақша (inside money) Оны иеленетін адамға немесе компанияға тиесілі актив, сонымен қатар экономикадағы өзге біреулер үшін жауапкершілік саналатын ақша. Меншік иесінің активі басқа тараптың алдындағы міндеттемелерімен теңгерілмесе, ішкі ақша сыртқы ақшамен қарама-қарсы болады. Мысалы, банк баланстары ақшаның ішінде, ал алтын монеталар сыртында екені анық. Ішкі ақшаның нақты құнының өсуі экономикадағы жиынтық әл-ауқатты арттырмайды, бірақ оны эмитенттер мен ақша иелері арасында қайта бөледі. Үкіметтің жауапкершілігі саналатын ақша ішкі бола ма, сыртқы бола ма дегенді анықтау мәселесі бар.

ішкі бағалаушы (within-groups estimator) Әр көлденең қима бірлігі үшін деректердің уақыт бойынша орташа мәнінен (топтық орташа ауытқу) ауытқуын пайдаланып, *қарапайым ең кіші квадраттар әдісімен бағаланған *панельдік деректер моделіндегі параметрлер векторын бағалау. Бұл әр бірлік үшін жалған айнымалысы бар модельді бағалауға тең (ең кіші квадраттар немесе LSDV моделі бойынша жалған айнымалы). Сондай-ақ ТОПАРАЛЫҚ БАҒАЛАУДЫ қараңыз.

ішкі баланс (internal balance) Экономикадағы белсенділік деңгейі инфляцияның тұрақты деңгейіне сәйкес келетін жағдай. Белсенділіктің жоғары деңгейінде инфляция ұлғаяды, ал

төмен деңгейде жұмыссыздық өте жоғары. Ішкі балансты сақтау – *экономикалық саясат мақсаттарының бірі. Ішкі баланс *сыртқы балансқа, яғни экономиканың ағымдағы және капитал есебімен бірлесе отырып, ортамерзімді перспективада тұрақты төлем балансы болған жағдайға қарсы. Монетарлық және фискалдық саясаттың үйлесуі ішкі және сыртқы балансты сақтауға мүмкіндік береді.

ішкі еңбек нарығы (internal labour market) Ұйымдағы басшы лауазымдарға, негізінен, төмен лауазымдарда жұмыс істейтін қызметкерлерді алуға болатын жүйе. Ішкі еңбек нарығының негізгі артықшылығы – фирма жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің күшті және осал тұстары туралы көбірек білетіні, ал жаңа қалаулы стратегия ретіндегі ішкі ілгерілету қызметкерлер құрамын іріктеу мен ұстап қалуға көмектесуі мүмкін. СЫРТҚЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫН да қараңыз.

ішкі инвестиция (inward investment) Резидент еместердің елге инвестициясы. Бұл елдегі резидент еместердің активтері бойынша капиталды жалпы тұтыну немесе тұтынуды шегергеннен кейінгі өлшем ретінде және резидент еместердің өз активтерін резиденттерге сатуы бойынша да өлшенуі мүмкін.

ішкі нарық (internal market) *Еуропалық одаққа (ЕО) барлық мүше елдердің аумағы бірыңғай интеграцияланған нарық ретінде қарастырылады. Ішкі нарық тауар, жұмыс күші, қызмет және капитал еркін қозғалатын экономикалық аймақ құру мақсатында ЕО саясатының басты бағыты болды.

ішкі нарық (денсаулық сақтау қызметіндегі) (internal market) (health service) Ұлыбританияның Ұлттық денсаулық

сақтау қызметінің басқа бөлімдері ұсынатын құралдарды пайдаланатын бір бөлімі олар үшін ақы төлеуге тиіс жүйе. Ол шығындарды үнемдеу және барлық ресурстарды барынша тиімді пайдалану тұрғысынан бәсекеден пайда алуға арналған. Бұл пациенттердің емделуге жұмсалатын шығынға үлес қосуына қатысты мәселеге байланысты емес.

ішкі несиенің ұлғаюы (domestic credit expansion) Төлем балансының профицитімен байланысты емес ақша массасының артуы. Ақша массасы банк жүйесінің мемлекеттік және жеке секторға несие беруі есебінен өсуі мүмкін. Банкердің қосымша ішкі қарыз беруі ішкі несиенің ұлғаюына мысал.

ішкі өнім (domestic product) Елде жұмыс істейтін кәсіпорындардың жалпы өнімінің құны. Ол кәсіпорындар кімге тиесілі екенін ескермейді. Ішкі өнім ұлттық өнімнен ерекшеленеді. Ұлттық өнім – резиденттерге тиесілі кәсіпорындар өнімі. Ол кәсіпорындар қайда жұмыс істеп жатқанын ескермейді. Ішкі өнімнен ұлттық өнімді шығару үшін резиденттерге тиесілі, бірақ шетелде жұмыс істейтін кәсіпорындардың пайдасын қосу және елде жұмыс істейтін, бірақ резидент еместерге тиесілі кәсіпорындардың пайдасын шегеру қажет.

Ішкі табыс қызметі (ІТҚ) (Internal Revenue Service) (IRS) Жеке және коммерциялық федералдық салықты бағалайтын және жинайтын АҚШ федералдық үкіметтік мекемесі. Бұл *Ұлыбританияның салық және кедендік алымдар басқармасы рәсімдеріне параллель етеді. www.irs.gov – Ішкі табыс қызметі сайтының бас беті.

ішкі шешім (ішкі оптимум) (interior solution) (interior optimum) Шектеулі

оңтайландыру мәселесі тұрғысынан, бұл шешім оңтайлы режимде объектив функция градиентінің кез келген шағын наразылықтарына жауап ретінде өзгереді. Оңтайлы шешім осындай наразылықтың кем дегенде бір бағыты бойынша өзгермесе, ол бұрыштық шешім немесе бұрыштық оптимум деп аталады.

ішінара автокорреляция коэффициенті (partial autocorrelation coefficient) K лагы үшін барлық аралық лагтардың әсерін жойғаннан кейін, айнымалы коэффициент және оның k лагы арасындағы *корреляция коэффициенті. Үлгіде ол Y_{t-1}, \dots, Y_{t-k} арналған Y_t сызықтық регрессиясының соңғы коэффициенті ретінде бағаланады.

ішінара автокорреляция функциясы (partial autocorrelation function) Лаг ұзындығының функциясы ретінде *ішінара автокорреляция коэффициенттері тізбегі.

ішінара банктік резервтеу (fractional reserve banking) Депозит бойынша міндеттемелердің белгіленген пайызына тең ақшалай қаражаттың немесе жоғары өтімді активтердің минимал қорлары бар банк жүйесі. Резервтердің ең аз пайызы ерікті түрде коммерциялық сақтықпен, заңмен немесе конвенцияның талаптарына сәйкес қабылдануы мүмкін. Кез келген жағдайда ең төменгі резервтік талаптардың мақсаты банктердің өз міндеттемелерін орындау қабілетін қамтамасыз ету.

ішінара корреляция (partial correlation) Өзге айнымалылардың әсерінен кейін екі айнымалы арасындағы сызықтық қатынас дәрежесі жойылды.

ішінара тепе-теңдік (partial equilibrium) Экономиканың қалған бөлігіндегі жағдайға осы бөліктің өзгеру ықтимал

салдарын әдейі елемей, экономиканың бір бөлігіне қатысты талдау әдісі. Белгілі бір өнімге сұраныс пен ұсыныстың өзгеруінің оның тепе-тең бағасы мен көлеміне әсерін зерттегенде, ішінара тепе-теңдікті талдауда экономиканың қалған бөліктеріндегі өзгерістер, мысалы, табыс бөлудің кейінгі өзгеруіне байланысты, ескерілмейді. Ішінара тепе-теңдікті талдау, зерттелген сектордағы оқиғалар экономиканың қалған бөлігіне аз әсер еткенде пайдалы болады. ЖАЛПЫ ТЕПЕ-ТЕНДІК-ТІ *де қараңыз.*

ішінара түзету (partial adjustment) Шешім қабылдайтындар кез келген кезең үшін нақты деңгей мен олар бақылайтын айнымалылардың көзделетін деңгейі арасындағы қандай да бір сәйкессіздіктің бір бөлігін ғана жоюға тырысатын түзету процесі. Ішінара түзету

қабылдануына екі себеп бар: түзету шығыны мен белгісіздік. Түзету шығыны түзету жылдамдығына пропорционал емес көп болса, онда бірнеше кезеңде қажет түзетуді тарату арзанырақ. Кейбір түзету шығыны мына формада болады, мысалы, еңбек күшін қысқартуға *табиғи шығын арқылы біртіндеп қол жеткізуге болады, ал жылдам қысқарту қымбатқа түсетін жұмыстан шығаруды қажет етеді; еңбек күшін біртіндеп көбейту кенет көбейтуге қарағанда қызметкерлерді іріктеу мен оқытуға байланысты мәселелерді азайтады. Ішінара реттеуге тағы бір себеп – белгісіздік. Кез келген айнымалыға арналған мақсат қолда бар ақпаратқа сүйенуге тиіс. Бірте-бірте түзету жағдайдың айқын өзгерісі тұрақты немесе тек уақытша екенін тексеру үшін қосымша ақпарат жинауға уақыт береді.

Э

Эджуорт баға индексі (Edgeworth price index) МАРШАЛ-ЭДЖУОРТ БАҒА ИНДЕКСІН қараңыз.

Эджуорт диаграммасы (Edgeworth box)

Екі тұтынушысы, екі тауары бар экономикада ресурстардың бөлінісін бейнелеуге арналған график. Диаграмманың ені 1-тауардың экономикаға қосқан үлесін, ал диаграмманың биіктігі 2-тауардың экономикаға қосқан үлесіне сәйкес келеді. Диаграмманың төменгі сол жақ бұрышы бірінші тұтынушыны, ал жоғарғы оң жақ бұрышы екінші тұтынушыны сипаттайды. Екі тұтынушы арасындағы үлес бөлінісі диаграммадағы нүктелермен көрсетіледі. Диаграммаға тұтынушылардың қалауын қосу бөліністегі *Парето тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Бағаны енгізу бәсекелі сауда нәтижесін мақсатты капитал тұрғысынан түсіндіруге мүмкіндік береді, ол тауардың бастапқы бөлінісін көрсетеді. Сондай-ақ Эджуорт диаграммасы екі түрлі тауарды өндіру арасында екі ресурстың тұрақты қорының бөлінісін талдау үшін қолданылады. Диаграмманың ені мен биіктігі екі ресурстың қорына сәйкес келеді, ал диаграммадағы нүктелер екі тауарды өндіру процесіндегі ресурстардың бөлінісі. Парето тиімділігіне сәйкес ресурстар бөлінісінде бір тауардың өндіріс көлемін қысқартпай басқа тауардың өндіріс көлемін арттыру мүмкін емес. Сондай-ақ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК; ЖАЛПЫ ТЕПЕ-ТЕНДІКТІ қараңыз.

Эйлер теоремасы (Euler's theorem) Егер $f(x_1, \dots, x_n)$ біртекті дәрежелі λ болса, онда

$$x_1 \frac{\partial f}{\partial x_1} + \dots + x_n \frac{\partial f}{\partial x_n} = \lambda f(x_1, \dots, x_n)$$

болады. Теореманың қолдануының бір мақсаты – ауқымнан және өндіріс факторларының бәсеке нарығынан тұрақты қайтарым алу кезінде факторларға төленетін жалпы төлем фирманың кірісіне тең екенін көрсету. Екі фактор: капитал K және еңбек L бар деп қарастырайық. Ауқымнан тұрақты қайтарым алу – өндіріс функциясы бірінші дәрежеде біртекті болады дегенді ұйғарады, сондықтан Эйлер теоремасы

$$K \frac{\partial f}{\partial K} + L \frac{\partial f}{\partial L} = f(K, L)$$

береді. Егер өнімнің бағасы p -ге тең болса, онда

$$Kp \frac{\partial f}{\partial K} + Lp \frac{\partial f}{\partial L} = pf(K, L)$$

болады. Өндіріс факторлары нарығындағы бәсеке $r = p(\partial f / \partial K)$ және $w = p(\partial f / \partial L)$ екенін қамтамасыз етеді. Сондықтан

$$rK + wL = pf(K, L)$$

Ендеше, факторлар бойынша жалпы төлем түсімге тең. Бұл дәлел үлестіру теориясының негізі ретінде қолданылды.

Эйткеннің бағалау теориясы (әдісі) (Aitken estimator) Жалпы атауы – *ең кіші квадраттарды жалпылама бағалау.

эквивалент өзгеріс (equivalent variation)

Экономикалық органы өзгерту арқылы адам қол жеткізе алатын пайдалылық деңгейін анықтауға қажет қосымша табыс мөлшері. Мысалы, тұтынушы сұранысындағы тауарлардың бағасы төмендеп кетсе, тұтынушыға пайдасы тиеді. Сол сияқты баға төмендеуінің эквивалент өзгерісі оң болады: өйткені тұтынушының әл-ауқатын көтеру үшін оған қосымша кіріс берілуі керек еді. *Қаражат жұмсау функциясын $E(p, U)$ колдану арқылы эквивалент өзгеріс EV былай анықталады:

$$EV = E(p^1, U^1) - E(p^0, U^1)$$

мұндағы p^0 бастапқы бағаны, p^1 соңғы бағаны және U^1 түпкілікті пайдалылықты білдіреді. Баға өсімінің эквивалент өзгерісі – оң, ал баға төмендеуінің эквивалент өзгерісі – теріс. Бұл – *өтелетін өзгерістің баламасы. Өтелетін өзгеріс – кез келген тұтыну тауарларының бағасы өзгерген жағдайда, жеке тұлғаның бастапқы пайдалылық деңгейін қалпына келтіруге қажет қосымша кіріс сомасы.

эквиваленттік шкаласы (equivalence scale)

Демографиялық құрамдағы айырмашылықтарды ескере отырып, отбасылардың табысын реттеу әдісі. Эквиваленттік шкаласы бойынша реттелген үй шаруашылықтарының табысын әл-ауқатты салыстыру кезінде тікелей пайдалануға болады.

экзоген айнымалы (exogenous variable) Себеп-салдарлық байланыс арқылы қарастырылатын жүйедегі басқа экономикалық айнымалыларға қатысы жоқ айнымалы. Бірақ ол

жүйеден тыс факторлармен анықталады. Эконометрикада экзоген айнымалы регрессиядағы *қалдық мүшемен корреляцияланбайды.

экзоген болжал (exogenous expectations)

Экономикалық жүйенің параметрлерімен анықталмайтын және жүйелі түрде қайта қаралмайтын күтімдер.

экологиялық қате (ecological fallacy)

Жиынтық деңгейде екі айнымалы арасындағы бақыланатын байланыс, жекедара деңгейде осындай байланыс бар болуы туралы қате түсінік. Екі айнымалы арасындағы жиынтық деңгейдегі жоғары таңдамалық корреляция жеке деңгейде әлсірейді. Бұл экологиялық корреляция деп аталады. Бұл жиынтықтау (*агрегация проблемасы) нәтижесінде болған жеке вариациялардың жоғалуымен байланысты.

экологиялық мәселелер (green issues)

*Қоршаған ортаға қатысты алаңдауға байланысты туындайтын саяси мәселелер. Әртүрлі экологиялық проблемалар экономикалық қызмет, атап айтқанда, экономикалық өсім нәтижесінде туындайды. Оларға қазба отынды шамадан тыс пайдаланудан туындаған климат өзгерісі, орман кесу, топырақ эрозиясы, өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің жойылуы және биоалуантүрліліктің жоғалуы, сондай-ақ ауа мен судың ластануы салдарынан туындаған денсаулыққа байланысты мәселелер, тыңайтқыштар мен пестицидтерді радиациялау және оларды шамадан тыс пайдалану жатады.

эконометрика (econometrics) Математикалық және статистикалық әдістерді әзірлейтін, оларды экономикалық модельдерді бағалауға колданатын және экономикалық мәліметтердің мазмұнына сандық талдау жүргізетін пән.

Эконометрика теориясы, негізінен, бағалаушылардың статистикалық сипаттарын белгілеуді және тестілер әзірлеуді қарастырады, ал қолданбалы эконометрика экономика теорияларын тестілеу және бағалау үшін статистикалық әдістерді пайдаланады, сондай-ақ экономикалық айнымалылардың болашақ мәндерін болжайды. Сондай-ақ **АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЭКОНОМЕТРИКА; БАЙЕС ЭКОНОМЕТРИКАСЫН қараңыз.**

эконометрикалық модель (econometric model) *Экономикалық модельді статистикалық теңдеу немесе деректерді талдаудың статистикалық әдістерін бағалауға және қорытынды жасауға пайдалану, мысалы, модельдерді тестілеуге, модель параметрлерін бағалауға және болжамдарды есептеуге мүмкіндік беретін теңдеулер жиынтығы түрінде көрсету.

экономика (economics) Өз қалауы мен қажетін өтеу үшін шектеулі ресурстарды қалай пайдаланатыны туралы жеке және топтық шешімді зерттейтін қоғамдық ғылым. Сондай-ақ **МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ; ДАМУ ЭКОНОМИКАСЫ; ҚОРШАҒАН ОРТА ЭКОНОМИКАСЫ; ӨНЕРКӘСІПТІК ЭКОНОМИКА; ИНСТИТУТТЫҚ ЭКОНОМИКА; ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКА; КЕЙНСТІК ЭКОНОМИКА; ЕҢБЕК ЭКОНОМИКАСЫ; МАРКСТІК ЭКОНОМИКА; НЕОКЛАССИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКА; ЖАҢА КЛАССИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКА; НОРМАТИВ ЭКОНОМИКА; ПОЗИТИВ ЭКОНОМИКА; ҰСЫНЫС ЭКОНОМИКАСЫ; ТРАНЗАКЦИЯ ШЫҒЫНДАРЫ ТЕОРИЯСЫ; ҚАЛАЛАР ЭКОНОМИКАСЫ; ӘЛ-АУҚАТ ЭКОНОМИКАСЫН қараңыз.**

экономика (economy) Өңірдің, елдің немесе басқа да (міндетті түрде географиялық емес) аймақтардың тауарлары мен қызметтер өндіруге, сатуға және тұтынуға байланысты қызмет жүйесі.

Сондай-ақ **ЖАБЫҚ ЭКОНОМИКА; ҚОСАРЛЫ ЭКОНОМИКА; ЕРКІН НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА; КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКА; НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА; АРАЛАС ЭКОНОМИКА; АШЫҚ ЭКОНОМИКА; ЖОСПАРЛЫ ЭКОНОМИКАНЫ қараңыз.**

экономика теориясы (economic theory)

*Экономикалық модельдерді құруға және оларды талдау үшін қолайлы математикалық әдістерді әзірлеуге бағытталған экономикалық зерттеулердің бір бөлігі. Ол деректерді сандық талдау және саясат бойынша практикалық ұсыныстар сынды эмпирикалық қосымшалармен айналысатын қолданбалы экономикадан ерекшеленеді.

экономикаға қатысу деңгейі (participation rate)

Кез келген таңдалған жас тобындағы экономикалық белсенділігі бар халық үлесі, оған жалданып жұмыс істейтіндер де, жұмыс болса жұмыспен қамтылуы мүмкін жұмыссыздар да кіреді. Экономикаға қатысу деңгейі жұмысшылардың түрлі санаттары үшін есептелуі мүмкін. Экономикаға қатысу деңгейі жасқа қарай өзгеріп отырады: көпшілігі әлі күнге дейін толық күндізгі білім алып жүрген жастар мен зейнет жасындағы адамдар арасында төмен; ал 20–50 жастағы адамдар арасында жоғары.

экономикаға сай келмейтін валюта бағамы (overshooting)

Экономикалық *шоктан кейін кейбір айнымалылардың ұзақмерзімді перспективада өзгеруі қажет. Алайда олар қысқамерзімді перспективада өзгереді. Бұл түрлі айнымалыларды реттеу жылдамдығындағы түрлі айырмашылықтарға байланысты пайда болады. **ВАЛЮТА БАҒАМЫН ШАМАДАН ТЫС АРТТЫРУДЫ қараңыз.**

экономикалық белсенді халық (economically active population) Біріккен Ұлттар

Ұйымының Ұлттық есептер жүйесі анықтаған тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін белгілі бір уақыт кезеңі ішінде жұмыс күшін ұсынатын адамдар саны.

экономикалық белсенділік (economic activity) Тауарлар мен қызметтерді өндіру және тұтыну. Бұл ұйымдастырылған нарықтар немесе *үй шаруашылығы өндірісі сияқты нарықтық емес қызметтер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Елдегі экономикалық белсенділік дәрежесі *ұлттық табыспен өлшенеді, ал белсенділіктің артуы *экономикалық өсуде көрініс табады; аталған екі өлшем де үй шаруашылығы өндірісінің барлық формасын қамтымаса, онда олар толық емес деп танылады. Экономикалық белсенділіктен түсетін пайда *әлеуметтік қамсыздандыру немесе *бақыт индексында көрсетіледі. Сондай-ақ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ қараңыз.

экономикалық белсенділікті жіктеу (economic activity classification) Деректерді уақыт немесе елдер арасында салыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін *экономикалық белсенділікті түрлі санатқа бөлу. Ұлттық және халықаралық статистика басқармалары бірнеше жіктеу схемасын пайдаланады. Сондай-ақ СТАНДАРТ ӨНЕРКӘСІПТІК ЖІКТЕМЕНІ қараңыз.

экономикалық белсенділіктің шыңы (peak) Бизнес-циклдің ең жоғары нүктесі. Экономикалық белсенділіктің шыңы бизнес-циклдің кеңею кезеңі аяқталып, төмендеу басталғанын білдіреді. Тренді бар экономикалық айнымалы үшін абсолют оқшау максимум мағынасындағы шың мен трендке қатысты максимум мағынасындағы шың, яғни ауытқуы бар деректердегі шың арасында айырмашылық бар.

экономикалық бұрмалану (distortions) Баға қоғамның шекті шығынын көрсетпейтін экономиканың кез келген ерекше сипаты. *Нарықтағы сәтсіздіктері жоқ *бәсекелі экономикада, тиімділікті және пайдалылықты немесе пайданы барынша арттыру кез келген тауарлар үшін барлық тұтынушыларға тең болатын *алмастырудың шекті нормасына және барлық өндірушілер үшін теңдей болатын *трансформацияның шекті нормасына тең болуын қамтамасыз етеді. Максималдау процесі кез келген тауар үшін алмастырудың шекті нормасы және трансформацияның шекті нормасы осы тауарлардың коэффициенттеріне тең болуын қамтамасыз етеді. Сәйкесінше, баға әлеуметтік құнды көрсетеді және тиімді бөліністі қамтамасыз ету үшін таңдауды басқарады. Экономикалық бұрмалану болған жағдайда, бұл процесс орын алмайды. Экономикалық бұрмалану сыртқы факторлардан, салықтардан немесе монополиялық биліктен туындауы мүмкін. *Екінші үздік теориясы кейбір экономикалық бұрмалану азайтылып, енді біреуі азаймағанда не істеу керек деген мәселені шешуге ұмтылады.

экономикалық география (economic geography) Экономикалық белсенділіктің кеңістіктегі аспектілерін зерттейтін пән. Экономикалық география саласындағы зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі – *жаһандану және оның түрлі елдердегі экономикалық белсенділікке әсері.

экономикалық даму (economic development) Халқының әл-ауқаты мен экономикалық қабілеттерін жақсартуға әкелетін елдің немесе аймақтың экономикалық трансформация жасауы. Сондай-ақ МЫҢЖЫЛДЫҚТЫҢ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ; ДҮНИЕЖҮЗЛІК ДАМУ КӨРСЕТКІШІН қараңыз.

Экономикалық және әлеуметтік зерттеулер кеңесі (Economic and Social Research Council) Экономика және қоғамдық ғылымдардың басқа да пәндері бойынша ғылыми зерттеулер мен магистратура оқытуды қаржыландыру үшін құрылған Ұлыбританиядағы *квази-автоном үкіметтік емес ұйым. Бұл ұйым бұрындары әлеуметтік ғылымдар бойынша зерттеулер кеңесі болып аталды. www.esrc.ac.uk – Экономикалық және әлеуметтік зерттеулер кеңесінің ресми веб-сайты.

Экономикалық және әлеуметтік зерттеулер ұлттық институты (ЭЭЗҰИ) (National Institute of Economic and Social Research) (NIESR) Ұлыбританияның тәуелсіз органы экономиканың макроэкономикалық және микроэкономикалық аспектілері бойынша зерттеулер жүргізеді. ЭЭЗҰИ 1938 жылы құрылған және қазір 26 ғылыми қызметкері бар. Қызметінің маңызды бөлігі – тоқсан сайын экономикаға болжам жасау. www.niesr.ac.uk – ЭЭЗҰИ сайтының бас беті.

экономикалық жүйе (economic system) Тауарлар мен қызметтерді өндіруге, таратуға және тұтынуға байланысты институттар мен әдет-ғұрыптардан тұратын әлеуметтік жүйенің бір бөлігі. Экономикалық жүйенің маңызды сипаттарына меншік заңдары мен *экономикалық жоспарлау дәрежесі жатады; Оған мысал: дәстүрлі, капиталистік, социалистік және аралас жүйелер.

экономикалық империализм (economic imperialism) Отар елдердің экономикасына олардың билеушілері, шетелдік немесе мультиұлттық компаниялардың саяси тәуелсіз елдерге үстемдік етуі.

экономикалық көрсеткіштер (economic indicators) Экономика туралы статистикалық ақпарат жиынтығы. Елдің ең жиі

пайдаланылатын экономикалық көрсеткіштеріне *жалпы ішкі өнім, секторлар бойынша өндіріс көлемі, жеке тұтыну, бөлшек сауда көлемі, жұмыспен қамту, жұмыссыздық, орташа табыс, инвестициялар, өнімділік, инфляция, өндіріс шығыны мен шығым бағасы, ағымдағы шот, тауарлар мен қызметтер саудасының көлемі, экспорт, импорт, мемлекеттік борыш және пайыздық мөлшерлемелер жатады. Сондай-ақ **ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕРДІ қараңыз.**

экономикалық күйреу (economic meltdown) Бұқаралық ақпарат құралдарында құлдырап бара жатқан экономикалық жағдайды сипаттау үшін кеңінен қолданылатын бейресми термин. Бұл процесс ядролық реактордың негізгі аймағының күйреуіне ұқсас болғандықтан, сондай атау қойылған, яғни ядролық реактордың негізгі аймағы балқығанда ол өзін-өзі қамтамасыз етеді, өте қауіпті және салдарымен күресу үшін төтенше әрекеттерді талап етеді. Бұл бейресми термин болғандықтан, күйреуді құрайтын нақты сипаттар жиынтығын санау мүмкін емес, бірақ бұл бола қалса, оларды анықтау өте оңай.

экономикалық қызмет (economic activities) ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ *қараңыз.*

экономикалық модель (economic model) Сандық және логикалық әдістерді қолдана отырып, экономикалық агенттердің мінез-құлқын талдауға арналған теориялық құрылым. Модельдер вербал және/немесе тендеулер және/немесе диаграммалар түрінде тұжырымдалуы мүмкін, олар экономикалық агенттерді және экономикалық ортаны сипаттайтын айнымалылар тізімінен және олардың өзара іс-қимылы

туралы болжамдар тізімінен тұрады. Модель экономикалық агенттерге мақсат қояды және таңдауға шектеулерді белгілейді. Экономикалық модель – әрдайым нақты әлемнің қарапайым көрінісі, ал қарапайымдау дәрежесін таңдау зерттеудің бағытымен және тиісті ақпараттың болуымен түсіндіріледі. Сондай-ақ АГЕНТТІК МОДЕЛЬДЕУ; ЭРРОУ-ДЕБРЕ ЭКОНОМИКАСЫ; ЖАЛПЫ ТЕПЕ-ТЕНДІКТІҢ ЕСЕПТЕЛЕТІН МОДЕЛІ; ЖАЛПЫ ТЕПЕ-ТЕНДІКТІҢ ДИНАМИКАЛЫҚ СТОХАСТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ; НАҚТЫ БИЗНЕС-ЦИКЛІН қараңыз.

экономикалық одақ (economic union)

Ортақ нарық және ортақ *экономикалық саясаттың кейбір түрлерін, атап айтқанда, макроэкономикалық саясатпен реттеу саясатын бірыңғайлау туралы ережелерді қамтитын халықаралық келісім. Басты мысал – *Еуропалық одақ.

Экономикалық өзара көмек кеңесі (ЭЭК) (Council for Mutual Economic Assistance) (СМЕА, COMECON) Жоспарлы экономикасы бар КСРО және оның одақтастарының халықаралық ұйымы. Экономикалық өзара көмек кеңесі 1949 жылы құрылды. Кеңес КСРО, Орталық және Шығыс Еуропадағы Болгария, Чехословакия, Шығыс Германия, Венгрия, Польша және Румыния, сондай-ақ Куба, Моңғолия және Вьетнам елдерін қамтыды. Экономикалық өзара көмек кеңесі мүшелері әдетте бір-бірімен салыстырмалы түрде қарқынды сауда жасады. 1991 жылы КСРО және онымен бірге орталық жоспарлауға сенім жоғалғаннан кейін, ұйым да тарқап кетті.

экономикалық өсу (economic growth)

Жан басына шаққандағы жиынтық өндіріс көлемінің және экономикадағы бір қызметкерге шаққандағы

жиынтық капиталдың тұрақты өсуі. Экономикалық өсу экономикасы жоғары деңгейде дамыған және *нашар дамыған мемлекеттерде жүз жылдан астам уақыт бойы эмпирикалық түрде бақыланған. Алайда жан басына шаққандағы өндірістің өсім көлемі мемлекеттер арасында айтарлықтай ерекшеленді. Экономикалық өсуге қатысты басқа да *стильденген фактілерге капитал қайтарымының тұрақты мөлшерлемесін бақылау, физикалық капиталдың өндіріс көлеміне тұрақты қатынасы, ұлттық табыстағы еңбек және физикалық капиталдың тұрақты үлесі жатады. Экономикалық өсу ауыл шаруашылығынан қызмет көрсетуге көшу, урбанизация, үй қызметкерінен жалдамалы қызметкерге көшу, орта білім рөлін арттыру, сыртқы сауда рөлін арттыру, техникалық прогресс арқылы табиғи ресурстарға тәуелділікті төмендету және үкіметтің өсіп келе жатқан маңызы секілді құрылымдық қайта құрумен де сипатталады. Өсудің алғашқы теориялары капитал жинақтауға сүйенеді, бірақ басты кемшілік – жан басына шаққандағы ұзақмерзімді өсу көрсеткішінің экзоген техникалық прогреспен анықталуы. Эндоген өсу теориялары экзоген прогреске жүгіну қажетінсіз үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін бірнеше арнаны анықтады. Мұндай арналарға *үйрену әсері, инвестициялардың төмендемейтін қайтарым көзі ретінде қарастырылатын адами капитал, мақсатты ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижесінде болған технологиялық прогресс және технологиялардың таралуы жатады. Эндоген өсім теориясы үкіметтік іс-әрекеттердің рөлін, атап айтқанда, инфрақұрылымдық қызметтерді ұсыну мен *зияткерлік меншік құқығын қорғаудағы рөлін атап көрсетеді. Өсудің соңғы теориялары түрлі елдердегі бір қызметкерге жиынтық шығарылымның ұзақмерзімді

деңгейлеріндегі айырмашылықтарға және институттар сапасының рөліне немесе *элеуметтік капиталдың рөліне көңіл бөледі.

экономикалық өсу кезеңдері (stages of economic growth) Елдер экономикалық ұйымның бірқатар режимдері арқылы дамиды және олардың әр кезеңі келесі кезеңге алып келеді деген теория. Мысалы, феодализм–капитализм–социализм немесе аңшылық–терімшілік–мал шаруашылығы–ауыл шаруашылығы–қызмет көрсетуге сүйенетін экономика секілді бірізділік түрлері ұсынылды. Әр жағдайда бірнеше экономика осындай бірізділікті ұстанатынын байқауға болады; барлық экономика мұны жасауға тиіс пе, әлде тәртібін өзгертуге бола ма немесе кейбір деңгейді алып тастау керек пе деген пікірталас әлі толастамай келеді.

экономикалық өсудің Солоу моделі (Solow growth model) *Экономикалық өсуді капитал жинағы арқылы түсіндіретін модель. Солоудың өсу моделі өнім шығару *ауқымнан тұрақты қайтарым ала отырып капитал мен еңбекті пайдалану арқылы жүзеге асырылады деп тұжырымдайды. Өнім сақталады немесе тұтынылады. Капитал қоры – амортизацияны шегергендегі алдыңғы кезеңдерде жинақталған үнем. Еңбек күші ұсынысы бекітілген, ал жинақтау – шығымның бекітілген үлесі. Экономика аз капитал қоры бар бастапқы жағдайда деп болжаймыз. Әр кезеңде жинақтар капитал қоры өз капиталын тұрақты жағдайға қол жеткізіп, амортизацияға тең болғанша ұлғайта береді. Тұрақты жағдайға жету жолында жан басына шаққандағы тұтыну ұлғаяды және экономика өсу жағдайына жетеді. Тұрақты жағдайға қол жеткізілгеннен кейін жан басына шаққандағы тұтыну тұрақты болып қалады және

сондықтан өсім тоқтайды. Одан кейінгі өсім тек қандай да бір кез келген берілген ресурстарды енгізу үшін өндіріс деңгейін арттыратын технологиялық жетілдіру сияқты сыртқы өзгерістер салдарынан ғана болады.

экономикалық өсім есебі (growth accounting) Өндіріс көлемінің өсіміне әсер ететін әр *өндіріс факторының үлесін анықтау үшін пайдаланылатын әдіс. Факторлар өсімімен түсіндірілмеген кез келген өсім техникалық прогрестің нәтижесі ретінде қарастырылады. $Y = F(A, K, L)$ өндіріс функциясын қарастырайық, мұнда Y – өндіріс көлемі, A – техникалық білім деңгейі, K – пайдаланылатын капитал саны және L жұмыспен қамтылған қызметкер санын білдіреді. Әр айнымалы уақыт функциясы t , сәйкесінше,

$$Y(t) = F(A(t), K(t), L(t)).$$

Уақытқа қатысты дифференциалдау мына нәтижені береді:

$$\frac{dY}{dt} = F_A \frac{\partial A}{\partial t} + F_K \frac{\partial K}{\partial t} + F_L \frac{\partial L}{\partial t}.$$

Факторлар нарығы бәсекелі болғанда, шекті өнімдер факторлық сыйақыға тең болады, сондықтан $F_K = r$, пайыздық мөлшерлеме және $F_L = w$ жалақы мөлшерлемесі. Демек,

$$\begin{aligned} \frac{dY}{dt} &= F_A \frac{\partial A}{\partial t} + r \frac{\partial K}{\partial t} + w \frac{\partial L}{\partial t} = F_A \frac{\partial A}{\partial t} + \\ &+ rK \frac{1}{K} \frac{\partial K}{\partial t} + wL \frac{1}{L} \frac{\partial L}{\partial t}. \end{aligned}$$

Өндіріс көлемінің уақыт деривативін Y -ге бөлу арқылы

$$\frac{1}{Y} \frac{dY}{dt} = \frac{rK}{Y} \frac{1}{K} \frac{\partial K}{\partial t} + \frac{wL}{Y} \frac{1}{L} \frac{\partial L}{\partial t} + \frac{F_A}{Y} \frac{\partial A}{\partial t}$$

аламыз. Енді өндіріс көлемінің, капиталдың және еңбек күшінің өсім мөлшерін былай анықтаймыз:

$$g_Y = \frac{1}{Y} \frac{\partial Y}{\partial t}, g_K = \frac{1}{K} \frac{\partial K}{\partial t}, \text{ және } g_L = \frac{1}{L} \frac{\partial L}{\partial t}$$

беру үшін,

$$g_Y = \alpha_K g_K + \alpha_L g_L + SR$$

мұнда $\alpha_K = rK/Y$ – ұлттық кірістегі капиталдың үлесі, ал $\alpha_L = wL/Y$ – ұлттық кірістегі еңбек күшінің үлесі және SR – *Солоу қалдығы. Солоу қалдығы бұл капиталдың немесе жұмыс күшінің өсуі есебіне байланысты болмайтын өсудің бөлігі. Бұл *техникалық прогреске байланысты өнімділіктің айтарлықтай өсуі ретінде түсіндірілуі мүмкін.

экономикалық өсім моделі (growth model) ЭНДОГЕН ӨСУ; ХАРРОД–ДОМАР ӨСУ МОДЕЛІ; ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ СОЛОУ МОДЕЛІН қараңыз.

экономикалық пайда (economic profit) Өнімді сатудан алынған табыс пен оған жұмсалған ресурстардың балама шығыны арасындағы айырмашылық. Сондай-ақ ПАЙДАНЫ қараңыз.

экономикалық рента (economic rent) Экономикалық ресурстардың ағымдағы қолданысына қажет төлемнен асатын төлем түрі. Экономикалық рента монополиялық биліктің, желілік эсерлердің, саяси шешімдер мен жұлдыздар ықпалының нәтижесінде туындайды. Орналасқан жеріне байланысты құнды саналатын өңделмеген жердің рентасы оның тұтынушы үшін құндылығына тікелей байланысты болады. Демек, жалға берушіге төленетін ақы – экономикалық рента. Ал дренаж арқылы өңделген жерге төленетін рентаның

бір бөлігі өңдеуге қажет ынталандыру болып есептеледі. Егер жердің иесі жерді өңдеу үшін қосымша рента алмаса, жер өңделмейді.

экономикалық санкциялар (economic sanctions) САУДА САНКЦИЯЛАРЫН қараңыз.

экономикалық саясат (economic policy) Экономикалық белсенділікті реттеу үшін үкімет пайдаланатын бақылау шараларының кешені. Экономикалық саясат тұтастай алғанда үш бөлікке жіктеледі: салық саясаты (салық салуға, мемлекеттік шығындарға және мемлекеттегі дефицитке байланысты мәселелер), ақша-несие саясаты (пайыздық мөлшерлемелер мен инфляция) және сауда саясаты (тарифтер мен сауда келісімдері). Сондай-ақ ЭКОНОМИКАНЫ ЖОСПАРЛАУДЫ қараңыз.

экономикалық статистика (economic statistics) Фирмалар мен үкімет сияқты жеке және заңды тұлғалардың экономикалық белсенділігіне қатысты деректер. Сондай-ақ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІ қараңыз.

Экономикалық талдау бюросы (Bureau of Economic Analysis) АҚШ сауда министрлігінің АҚШ-тың ұлттық кіріс есебін жинайтын және жариялайтын филиалы. www.bea.gov – бұл веб-сайт АҚШ-тың ресми экономикалық деректерімен қамтамасыз етеді.

экономикалық тиімділік (economic efficiency) Қолда бар ресурстарды толық пайдалануды сипаттайтын термин. Бұл мағынада экономикалық тиімділік таза сипаттық мәнге ие және нақты анықтама бермейді. *Парето тиімділігі – тиімділікті тестілеу әдісін қамтамасыз ететін экономикалық тиімділік тұжырымдамасы.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) (Organization for Economic Co-operation and Development) (OECD) Мүше-мемлекеттерге тұрақты экономикалық өсу мен қаржылай тұрақтылыққа ықпал ететін экономикалық және әлеуметтік саясатты әзірлеуде көмек көрсету үшін құрылған халықаралық ұйым. ЭЫДҰ мүшелері, негізінен, индустриялы дамыған еркін нарық елдері болып келеді. Оларға Еуропадағы Австрия, Бельгия, Венгрия, Германия, Грекия, Дания, Израиль, Ирландия, Исландия, Испания, Италия, Латвия, Люксембург, Нидерланды, Норвегия, Польша, Португалия, Словакия, Словения, Ұлыбритания, Финляндия, Франция, Чех Республикасы, Швейцария, Швеция және Эстония жатады. Еуропа құрлығынан тыс ЭЫДҰ мүше-мемлекеттеріне Австралия, Канада, Чили, Жапония, Мексика, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея, Түркия және АҚШ жатады. www.oecd.org – ЭЫДҰ ұйымының веб-сайты. Бұл сайтта мемлекеттердің есептері мен үлкен көлемдегі статистикалық мәліметтеріне сілтеме берілген.

экономиканы жоспарлау (economic planning) Экономикалық қызметті бақылайтын мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі. Бұл нормалау және баға, рента мен жалақыны шектеу сынды тікелей бақылау немесе ақша-несие және салық-бюджет саясаты сынды жанама бақылау түрлерін қолдануды қамтуы мүмкін. Сондай-ақ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТТЫ қараңыз.

Экономиканы қалпына келтіруге ынталандыратын салық туралы 1981 жылғы заң (Economic Recovery Tax Act of 1981) «Жеке табыс салығы мөлшерлемесін және амортизацияланатын мүлікке арналған шығынды төмендету, шағын

бизнесті ынталандыру және жинақтарды ынталандыру арқылы экономикалық өсуді ынталандыру үшін» 1981 жылы қабылданған АҚШ заңнамасы Заң салық мөлшерлемелерінің айтарлықтай төмендеуіне әсер етті, бірақ кіріс пен өсімнің салдары әлі де даулы.

Экономист кеңесшілер алқасы (Council of Economic Advisers) АҚШ президентіне экономика жағдайы туралы кеңес беру үшін құрылған үш эксперт ғалымнан құралған корпус. Олар Президенттің Конгреске жыл сайынғы экономикалық баяндамасын дайындауға, сондай-ақ мемлекеттік экономикалық саясатты әзірлеуге көмектеседі.

экс-дивиденд, дивидендсіз (ex dividend) Сатушы жарияланып қойған, бірақ әлі төленбеген дивидендтердің құқығын өзіне қалдыра отырып, оларды сататын акциялар. Бұл «дивидендті қосқандағы» жағдайға қайшы, ол бойынша сатып алу нәтижесінде сатып алушы жарияланған, бірақ әлі төленбеген дивидендтерге ие болады.

экслюзив мәміле (exclusive dealing) Өндіруші мен белгілі бір тауарлардың дистрибьюторы арасындағы тек бір-бірімен сауда жасау туралы келісімі. Бұл жалпы әлемде немесе белгілі бір елде немесе бір ауданда қолданылуы мүмкін. Кейбір жағдайларда ритейлер тек бір өндірушінің тауар белгілерін ғана сатып алуға келіседі, басқа жағдайларда өндіруші тек осы аймақта бір ғана сауда нүктесі арқылы сатуға келіседі. Шектеулердің екі түрін де қатар қолдануға болады. Мұндай тәжірибелер сауданы шектеу ретінде сынға алынған.

эксперименттік экономика (experimental economics) Экономикалық модельдерді сынау және/немесе бағалау үшін бақыланып эксперименттерді, сонымен

қатар зертханаларды пайдаланатын экономика саласы.

экспоненциал таралу (exponential distribution) Тығыздық функциясы бар *гамма үлестірімінің арнайы жағдайы:

$$f(x|\beta) = \frac{1}{\beta} e^{-x/\beta}$$

$0 \leq x < \infty$ және $\beta > 0$ үшін және кез келген $t < \beta$ үшін сәт тудырушы функция-

сы $M(t) = \frac{\beta}{\beta-t}$ болады. Экспоненциал кездейсоқ айнымалының β орташа мәні және β^2 вариациясы бар. Осы үлестірімнің есте сақтамау сипаты бар және ол өмір сүру уақытын және кезек мәселелерін модельдеуге қолданылады.

экспоненциал тегістеу (exponential smoothing) Айнымалының бұрынғы мәндерінің өлшенген орташа мәніне сүйенетін болжам түрі. Оның бұрынғы мәндеріне берілген өлшемдері лаг немесе кешеуілдеу ұзындығына байланысты экспоненциал төмендейді. Бұл рәсім *деректерді тегістеу үшін де қолданылады және ол өлшенген *жылжымалы орта мән әдісінің бір нұсқасы.

экспорт (exports) Елде өндірілетін және резидент еместерге сатылатын тауарлар мен қызметтер. Көрінетін экспорт – шетелге жіберілген тауарлар; ал көрінбейтін экспорт – резидент еместерге көрсетілген қызметтер. Кейбір көрінбейтін экспорт түріне әуе және теңіз тасымалы, шетелде жүзеге асырылатын қызметтер жатады. Ал басқа көрінбейтін экспорт жағдайында резидент емес азамат бір елге келіп, сол елдің қонақүйін, ауруханасын, университетін немесе казиносын пайдаланады. Сақтандыру сияқты қызмет көрсету жағдайында қызметтің орындалатын жері анықталмаған. Капиталды

экспорттау резидент еместерге несие беру немесе шетелден нақты активтер сатып алуды білдіреді. Ол капитал тауарларды экспорттаумен бірдей емес. Бірқатар мемлекеттер екеуін де жасайды. Мысалы, кейбір мұнай экспорттайтын елдер капиталды капитал тауарларды өндімей-ақ экспорттайды. Ал көптеген индустриялы елдер өндірістік тауарды шетелден қарызға алып, оның экспорттаушысы да, капитал импорттаушысы бола алады. Сондай-ақ ТАЗА ЭКСПОРТТЫ қараңыз.

экспорт несие (export credit) Экспортты қолма-қол қаражатқа емес, несиеге сату жүйесі. Шикізат және тұтыну тауарлары экспортты көбінесе сауда вексельдерімен немесе қысқамерзімді несиелермен қаржыландырылады. Олар әдетте 3 немесе 6 ай ішінде төленеді, бұл сатып алушыға тауарларды жіберуге және қайта сату үшін оларды таратуға уақыт береді, сол арқылы шоттың төлемақысын шығарады. Сатушы дереу қолма-қол ақшаға мұқтаж болса, вексельдер дисконт хауспен сатылуы мүмкін. Өнімді өндірушілер әдетте ұзақмерзімді несиені қажет етеді. Бұл сатушылар немесе делдал қаржы мекемелері арқылы беріледі. Мүмкін болатын несие мерзімі – капитал тауарлар экспортының бәсекеге қабілетіне әсер ететін маңызды фактор. Көп ел өз экспортын нарыққа қарағанда неғұрлым тиімді шарттармен кепілдік беру немесе субсидияланатын экспорт несие беру арқылы жүзеге асырады. Экспорт несие *Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдер арасындағы халықаралық келісіммен реттеледі.

экспорт несие агенттігі (export credit agency) Экспортты тұтынушыларға несие беру немесе экспорттаушыларға берілген несиелерге кепіл болу үшін

құрылған орган. Кепілдік бойынша алынатын сыйақы немесе несие бойынша алынатын пайыздың мөлшерлемесі нарықтағы ұқсас қызметтерден төмен болса, несие агенттіктеріне берілетін мемлекеттік субсидия экспортқа субсидияның бір түріне айналады.

Экспорт несиеге кепілдік беру департаменті (ЭНКД) (Export Credits Guarantee Department) (ECGD) Ұлыбритания үкіметінің департаменті. Қазір ол UK Export Finance ретінде танымал. Ұйымның мақсаты – экспорттаушыларды қатерден сақтандыру арқылы Ұлыбританияның экспортын ынталандыру. Бұған экспортты сатып алушылар тарапынан болатын дефолт қатері және импорттаушы елдердің импортты лицензиялау немесе валютаны бақылауды енгізу салдарынан болатын залал қатері де жатады. Экспорт несиелер он жылға дейін кез келген мерзімге берілуі мүмкін; берілген сыйақы қатердің толық құнын көрсете алмаса, айқын емес субсидия ретінде қарастырылады. www.gov.uk/government/organisations/uk-export-finance – UK Export Finance ұйымының ресми веб-сайты.

экспорт профициті (export surplus) Экспорттың импорттан асып кетуі.

Экспорт-импорт банкі (Эксимбанк) (Export-Import Bank) (Eximbank) АҚШ саудасын жүргізу үшін құрылған АҚШ Федералдық үкіметінің агенттігі. Эксимбанк америкалық экспортты қаржыландыру немесе оларға кепілдік беру немесе оларды қаржыландыру үшін жек еменшік несиелерді кепілдендіру арқылы АҚШ экспортына көмектеседі.

экспортқа субсидия (export subsidy) Экспортқа берілетін субсидия. Ол экспорт өндірушілерінің әр өндірген өнім

бірлігіне алатын бағасын шетелдік тұтынушы беретін бағадан жоғары етеді. Экспортқа тікелей субсидияға халықаралық келісіммен тыйым салынған, бірақ осыған ұқсас әсерлері бар басқа да үкімет шаралары көп кездеседі. Экспорттаушыларға өз ресурстарына бекіткен тарифтеріне жұмсалған қаржысын қайтарып алуға, субсидияланған несиелерге, экономикадағы қарапайым несиелерге жеңілдікпен қол жеткізуге рұқсат етілген. Сонымен қатар оларға негізгі және үйрену шығындарына көмек көрсетіледі. Валютаны немесе импортты тікелей бақылайтын елдерде экспорттаушыларға тапшы материалдарды немесе шетел валютасын бөлу кезінде басымдық берілуі мүмкін. Экспортқа субсидия алған импортпен бәсекелесетін фирмалар осы субсидияның зардаптарын өтеу үшін импорттық баж алуына болады.

экспортқа сүйеніп өсу (export-led growth) Ұлттық шығындардың басқа компоненттеріне қарағанда экспорт жылдам артатын өсу түрі. Бұл шетелдегі табыс жергілікті табысқа қарағанда тез өсіп; отандық өнімдердің бағасы төмен, сапасы жақсы болып, таңдау көбейгенде дүниежүзілік нарықтарда бәсекеге қабілеті артып, өсу байқалады.

экспортталатын тарау (exportables) Экспортталуына немесе экспортталмауына қарамастан, экспортталуы мүмкін тауарлар мен қызметтер түрі.

экспортты бақылау (export control) Мысалы, қорғаныс немесе жергілікті шикізатты қайта өңдеуде отандық өндірісті ынталандыру мақсатында үкімет тарапынан экспортты шектеу саясаты.

экспортты ерікті түрде шектеу (voluntary export restraint) (VER) Экспорттаушылардың немесе ел үкіметінің қандай да

бір басқа елге экспортын шектеу туралы келісімі. Орнатылған шектеу көлем, құн немесе нарықтағы үлесі тұрғысынан белгіленуі мүмкін. Экспортты ерікті түрде шектеу тарифтер қатерін немесе басқа да сауда кедергілерін болдырмау үшін «ерікті» болуы мүмкін. Алайда экспорттаушы фирмалар экспорт сатылымдардың неғұрлым жоғары бағасынан көбірек пайда табуы көздесе, олар шын мәнінде ерікті. Экспортты ерікті түрде шектеу 1970 және 1980 жылдары кеңінен таралған, бірақ 1992 жылы Халықаралық келісім жасалғаннан кейін біртіндеп тоқтатылды.

экспортты қолдау (export promotion) 1.

Үкіметтің отандық экспортты ынталандыру және шетелге өнім экспорттаушыларға түрлі қолдау көрсету арқылы экспортты жандандыру үшін іске асыратын шаралары. Оларға жергілікті сауда заңнамасы мен практикасы мәселелері бойынша консультация беру, тиімді шарттармен экспорт несиелер немесе кепілдіктер беру, экспорт сауда-саттықты жүргізуге мәжбүрлеу секілді дипломатиялық қысым жатады.

2. *Нашар дамыған елдерде экономикалық дамуды жүзеге асыруға бағытталған саясат. Бұған экспортқа сүйеніп өсуді қамтамасыз ету үшін шетел нарықтарына бағытталатын ашық экономиканы ұстану жатады. Бұл стратегияны Шығыс Азияның жаңа индустрияланған елдерін қоса алғанда, бірқатар елдер табысты ұстанып келе жатыр. Аталған стратегия мемлекеттер жергілікті өнеркәсіпті импорттан қорғау арқылы индустрияландыруды көздейтін *импорт алмастыру стратегиясынан ерекшеленеді.

экспортты ынталандыру (export incentives)

Экспортты ынталандыру үшін мемлекеттер қолданатын шаралар. Оларға

экспорттаушыларға монополияға қарсы заңнаманың әдеттегі ережелерінен босататын салықтан жеңілдіктер, капитал нарығына қол жеткізуде берілетін артықшылықтар, материалдар бөлінісінде артықшылық беру, экспорттаушыларға экспорттан алатын табысын сақтауына мүмкіндік беру, табысты экспорттерлерге ресми марапат беру жатады.

экспорттың шоғырлануы (export concentration)

Экспорттың тауарлар мен қызметтердің белгілі бір түріне немесе мемлекеттердің белгілі бір санатына бағытталуы. Экспорттың шоғырлану дәрежесі қаншалықты жоғары болса, онда шоғырланған дүниежүзілік экономика секторларындағы ауытқулар себебінен елдің сауда мен ұлттық кіріс балансы бұзылуы мүмкін. Неғұрлым кең ауқымды нарықтарда қатер деңгейі төмен болады. Экспорттың шоғырлануы мұнай экспорттайтын елдерде және негізгі шикізат өнімдерін өндіретін шағын елдерде жоғары болып келеді. Ал индустриялы елдерде экспорттың шоғырлану деңгейі төмен.

экс-пост (ex post) Латыннан тікелей аударғанда «кейін» деген мағынаны білдіреді. Айнымалының немесе қабылданған шешімнің мәні. Бұл кездейсоқтық нәтижесі көрінгеннен кейін, яғни іс жүзінде болғаннан кейін пайда болады. *Ex post* ұғымы заттарға оқиғаның алдында қарауды білдіретін **ex ante* ұғымынан ерекшеленеді.

экстенсив маржа (extensive margin)

Әрекет жүзеге асырылатын деңгейдегі дискрет өзгеріс әсер ететін шек. Мысалы, жұмыссыз жүріп, бірден аптасына 40 сағат жұмыс істеуге көшу экстенсив маржаға жатады. Сондай-ақ ИНТЕНСИВ МАРЖАНЫ қараңыз.

экстенсив форма (extensive form) Ойын ағаш ретінде беріледі, мұнда шешім қабылдау бұтақтары, стратегиялар, ақпарат жиынтықтары және төлемдер ағаш ретінде көрсетіледі. Экстенсив форма *төлем матрицасы түсіндіре алмайтын кейбір ойынның мәнін ашуға көмектеседі.

экстраполяция (extrapolation) Ағымдағы деректер нүктесінің белгілі бір жиынтығынан тыс жаңа деректер нүктесін құру. Оның танымал әдістеріне сызықтық және полиномдық экстраполяция жатады. Сызықтық экстраполяцияда регрессия секілді әдістер қолданылады және ол сызықтық болжамға ұқсас болып келеді. Экстраполяцияның сенімділігі болжамдағы қатемен немесе сенімділік интервал болжамымен өлшенеді.

экстраполяциялық болжалдар (extrapolative expectations) Байқалған сипаттар сақталатын жағдайда, осы айнымалылардың ағымдағы және өткен мәндеріне сүйенетін *экстраполяцияны қолдану арқылы жасалған экономикалық айнымалылардың болашақ мәндері туралы болжал. Экстраполяциялық болжалдар кері бағытта жүреді.

экссесс (kurtosis) Ықтималдықтың таралуы орташа мән және вариацияның *қалыпты таралуымен салыстырғанда қаншалықты «шектелгендігін» білдіретін өлшем. μ орташасы бар x айнымалы эксцесінің мәні $K = E [(x - \mu)^4] / [E(x - \mu)^2]^2$ арқылы анықталады. Қалыпты үлестірудегі айнымалы $K = 3$ болады. $K > 3$ үлестірілуі жіңішке әрі ұзын, ортасында және жиектерінде салмақ коэффициенті бар және ортадан кейінгі бөліктерде қалыпты үлестірілуге қарағанда орташа салмақты. $K < 3$ үлестірілуі жуан әрі қысқа, ортасында және жиектерінде аз салмақ коэффициенті бар және ортадан кейінгі бөліктерде

қалыпты үлестіруге қарағанда орташа салмақты.

электрондық ақша (electronic money) Компьютер желілері арқылы тек электрон түрде аударылатын ақша. E-money ретінде де белгілі. Сондай-ақ ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАСЫЗ ЭКОНОМИКАНЫ қараңыз.

электрондық ақша (e-money) ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚШАНЫ қараңыз.

электрондық коммерция (e-commerce) Интернет арқылы тауарлар мен қызметтерді жарнамалау және сату. Бұл қалыпты бизнес тәжірибе ретінде жылдам қалыптасты.

электрондық сауда (electronic trading) Компьютерлік желіні пайдалана отырып қорлар мен акцияларды немесе тауарларды сату. Компьютерлік желі жүргізілген саудалар туралы мәліметтерді және *маркет-мейкер және басқалар жасаған сауда ұсыныстары туралы ақпаратты тасымалдайды. Бұл кейде нақты сауда жүргізу үшін де жасалуы мүмкін. Алайда ол үшін көбінесе телефон қолданылады. Электрондық сауда дәстүрлі нарықтан ерекшеленеді. Дәстүрлі нарықта жеке дилерлер кездесіп, еркін биржада сауда-саттық жүргізеді. Бұл саудаласу әдісінде сатып алушы мен сатушы арасындағы сауда процесі вербал жүргізіледі. Нарықтың екі жағындағы бәсекелестер не болып жатқанын біле алады.

электрондық үкімет (e-government) Үкіметтің адамдармен, бизнеспен және қайырымдылық ұйымдарымен (және әртүрлі үкімет департаменттері арасында) онлайн қатынас орнатуы. Электрондық үкімет интернетті жаппай қолданумен қатар дамыды, қазір ол – үкіметпен байланыс жасаудың стандарт тәсілі.

эмбарго (embargo) 1. Бір елмен жалпы немесе жекелеген нақты тауарларға сауда жүргізуге тыйым салу. Жалпы эмбарго, мысалы, Оңтүстік Африкадағы апартеид секілді практикаларды қолдамайтынын көрсету үшін қолданылады. Ал нақты тауарларға салынған эмбарго озық қару-жарақтардың таралуын болдырмау үшін қсақтық шараларына сүйенеді. 1980 жылдардағы Ирак-Иран соғысы кезіндегі эмбаргоны мысалға алуға болады.

2. Жарияланған материалдарды белгілі бір мерзімге дейін басуға немесе дәйексөз жасауға тыйым салу. Әдетте бұл әртүрлі арналар бойынша ақпарат шығаруды синхрондау жолымен инсайдерлік сауда жүргізуге мүмкіндіктер бермеу немесе саяси қиыншылықтарды тудырмау үшін жасалады.

Энгель қисығы (Engel curve) Табыс деңгейі мен кейбір тауарды белгілі бір баға бойынша тұтыну арасындағы байланысты көрсететін қисық. Тұтыну горизонталь осьте, ал табыс вертикаль осьте бейнеленген диаграммада *сұраныстың табысқа икемділігі бірге тең тауардың Энгель қисығы – координат басынан өтетін сәуле болады. Бірден төмен табыс бойынша икемді тұтыну үшін Энгель қисығы координаттар басынан өтетін сәуледен тігірек; табысқа икемділігі бірден жоғары қымбат тауарлардың Энгель қисығы тегіс болып келеді.

эндоген айнымалы (endogenous variable) Мәні жүйедегі тепе-теңдікпен анықталатын айнымалы. Бұл жүйеге сырттан белгіленетін экзоген айнымалыдан ерекшеленеді Мысалы, экономиканың ресурстық үлесі экзоген, ал тепе-тең баға эндоген болады. Эконометрикада эндоген айнымалыны регрессиялық теңдеудегі *қалдық мүше корреляциялайды. Сондай-ақ ЭНДОГЕНДІК МӘСЕЛЕСІН қараңыз.

эндоген бизнес-цикл (endogenous business cycle) Ауытқу себептері болып келетін экономикалық агенттердің кездейсоқ шок сенімдері ауытқуларға себеп болатын *бизнес-цикл моделі. Экономиканың кейбір секторларындағы немесе жиынтық деңгейдегі ауқымнан қайтарымның көбеюі немесе агенттің таңдауына сыртқы салдар әсер етуі себебінен бұл сенімдер жүзеге асырылуы мүмкін. Сондай-ақ НАҚТЫ БИЗНЕС-ЦИКЛДІ қараңыз.

эндоген қалау (endogenous preferences) Қоршаған ортаның экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және мәдени құрылымдары әсерінен қалыптасатын жеке тұлғаның қалауы және олар айналасындағы өзгерістерге қатысты өзгеруі мүмкін. Мысалы, белгілі бір тауарға деген тұтынушылардың талғамына жарнама әсер етуі мүмкін немесе инвесторларға тәуелділікті болдырмауға нарық механизмдері әсер етуі мүмкін. Әсіресе жеке тұлға қалауы эндоген болса, мемлекеттік саясат жеке экономикалық агенттердің қалаулы мінез-құлқын ынталандыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Қалаудың эндогендігі туралы болжамда орта мен қалау өзара тәуелді және тепе-теңдікте бірге анықталады.

эндоген өсу (endogenous growth) Өсу көрсеткіші экономикалық агенттерді таңдаумен анықталатын экономикалық өсу. Фирмалар ресурстарын пайдалы инновация жасау үшін зерттеулер мен әзірлемелерге жұмсайды. Тұтынушылар адам капиталын дамыту және жалақыны арттыру үшін білім беруге инвестиция салады. Үкімет мемлекеттік ресурстарды қамтамасыз ету, тікелей шетелдік инвестицияларды ынталандыру және білім беру саласындағы мүмкіндіктерді кеңейту жолымен өсім көрсеткішін арттырады. Бұл

іс-әрекеттің барлығы өсу деңгейін арттыра алады. Эндоген өсу ұзақмерзімді өсу көрсеткіші жүйеден тыс белгілі бір *техникалық прогресс көрсеткішімен анықталатын экзоген өсуден ерекшеленеді. Кез келген жағдайда қысқамерзімді өсу қосымша инвестициялар есебінен ұлғайтылуы мүмкін. Экзоген өсуде бұл ұлғаю уақытша болып келеді: экзоген анықталған ұзақмерзімді көрсеткішке қарай өсу баяу төмендейді. Эндоген өсуде жоғары инвестиция немесе зерттеулер мен әзірлемелерге көп ресурс бөлу белгісіз мерзімге дейін өсу көрсеткішін арттыра алады.

эндоген өсудің екі секторлы моделі (two-sector endogenous growth model) Түрлі секторларда капитал игіліктерінің екі түрі – заттай капитал және адами капитал өндірілетін *эндоген өсу моделі. Кобба–Дугластың өндіріс функциясы бар стандарт нұсқаулығы әр секторда екі өндірістік қызмет екі капитал шығынының сандық көлеміндегі ауқымнан тұрақты қайтарымын көрсетеді. Осылайша модель халықтың жан басына шаққандағы тұтыну, өнім шығару, заттай капитал қоры және адами капитал қоры бірдей тұрақты қарқынмен өсіп келе жатқан эндоген тұрақты өсуді көрсетеді.

эндогендік мәселесі (endogeneity problem) Түсіндірме айнымалы ретінде қолданылатын *эндоген айнымалы және *тәуелді айнымалы арасындағы бірізгілік себепті байланыс. Эндоген *қарапайым ең кіші квадраттарды біржақты және үйлесімсіз етеді. *Инструментал айнымалылармен регрессияны қолдану немесе барлық сәйкес келетін эндоген айнымалылардың регрессиялық теңдеулер жүйесін бағалау арқылы үйлесімді бағалауды алуға болады. Сондай-ақ БІР МЕЗЕТТЕ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН СЫЗЫҚТЫҚ ТЕНДЕУЛЕР;

ВЕКТОРЛЫҚ АВТОРЕГРЕССИЯЛЫҚ (VAR) МОДЕЛЬДІ қараңыз.

энергия салығы (energy tax) Қазба отыннан алынатын энергияны тұтынуға салынатын салық. Энергия салығы қазба отынның шектеулі дүниежүзілік қорының сарқылуын баяулатуы және бұл жаһандық жылынуды азайтуы мүмкін. Сондай-ақ КӨМІРТЕК САЛЫҒЫН қараңыз.

Энрон (Enron) Техас штатының Хьюстон қаласында орналасқан америкалық энергетикалық, шикізат және сервистік компания. Ол 2001 жылдың желтоқсанында банкрот болғанын жариялады. Кейінірек Энрон компаниясының бұған дейін жарияланған қаржылай жағдайы жүйелі бухгалтерлік алаяқтыққа сүйенгені анықталды. Энрон компаниясының көптеген тіркелген активтерінің құны жасанды түрде тым жоғары, ал кейбір активтері мүлдем жоқ болды. Қарыздар мен залалдары (шығыны) «оффшорларда» құрылған компанияларға орналастырылды, сондықтан олар қаржы есебіне енгізілмеді. Бухгалтерлік рәсімдерді асыра пайдалануға сүйеніп жасалған банкроттық «Энрон жанжалы» деген ұғымды дүниеге әкелді.

Эрроу-Дебре мемлекеттік бағасы (Arrow-Debreu state price) Әлемнің болашақ жағдайындағы тұтыну бірлігінің ағымдағы бағасы. Сондай-ақ ЭРРОУ-ДЕБРЕ МОДЕЛІН қараңыз.

Эрроу-Дебре моделі (Arrow-Debreu Economy) Жекелеген тұтынушылар мен фирмалардың тізбекті шешім қабылдауын қамтитын экономикалық модель. Эрроу-Дебре моделі *бәсеке-лі экономикада *тепе-теңдік болуын көрсетуге арналған зерттеу бағдарламасының шарықтауы болды. Адам

Смит (1723–1790) бәсекенің «көрінбейтін қолы» экономикалық белсенділіктің тиімділігін қалайша көрсететінін анықтады. Көп ұзамай бәсекелі экономиканың тиісті ресми моделінсіз бұл бақылаудың құндылығы шектеулі екені анықталды. Тұтынушылардың пайдалылығын барынша арттырудан нарықта сұраныс қалыптастыру және фирмалардың пайдасын барынша арттырудан нарықта ұсыныс қалыптастыру үшін ресми модель қажет. Сонда тепе-теңдік бір мезгілде барлық тауарлар үшін бірдей сұраныс пен ұсынысты қамтамасыз ететін баға жиынтығынан құралады. Леон Вальрас (1834–1910) салыстырмалы баға саны сұраныс пен ұсыныстың тәуелсіз теңдеулері санына тең екенін көрсететін модель әзірледі. Бірақ ол теңдеулердің бір мезгілде болатын шешімі бар екенін дәлелдей алмады. Кеннет Эрроу (1921–2017) мен Жерар Дебре (1921–2004) тепе-теңдік бар екенін дәлелдейтін бәсеке моделін көрсету арқылы үлес қосты. Олардың талдауы тепе-теңдік бар болуы туралы мәселені түпкілікті шешуге мүмкіндік берді. Ол сондай-ақ экономистер үшін көптеген жаңа құрал ұсынды (атап айтқанда, дөңес аргументтердің рөлі, тепе-теңдік аргументтеріндегі қозғалмайтын нүкте теориясының мәні). Сонымен қатар Эрроу мен Дебре, Адам Смиттің *Әл-ауқат экономикасындағы негізгі екі теореманың тиімділігі аргументін қалыптастырды. Эрроу-Дебре моделі жалпыланған және мерзімді тауарларды (түрлі уақытта алуға болатын тауарлар) және *шартты тауарларды (әлемнің түрлі елдерінде алуға болатын тауарлар) қамтиды. Бұл модельге уақыт және белгісіздікпен байланысты экономикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік берді. Бұл кеңейту қаржы теориясын ресми түрде жетілдіруге негіз болды. *Эрроу-Дебре мемлекеттік

бағасы – қаржы құралдарын бағалаудың қазіргі негізгі құралы. Эрроу-Дебре талдауы экономикадағы қаталдықтың жаңа стандарттарын белгіледі, ал Эрроу-Дебре моделі экономика мен қаржы саласындағы көптеген формальды модельдеуге негіз болып келеді. ЭДЖУОРТ ЖӘШПІН; ТЕПЕ-ТЕНДІК БОЛУЫ; ЖАЛПЫ ТЕПЕ-ТЕНДІКТІ қараңыз.

Эрроудың мүмкін еместік теоремасы (Arrow's impossibility theorem) Баламалардың жеке рейтингтерін ұжымдық (немесе қоғамдық) рейтингке біріктірудің мінсіз процесі жоқ екенін дәлелдейтін теория. Біріктіру процесіне мысалға *көпшіліктің дауыс беруі жатады. Алайда *Кондорсе парадоксі оның неліктен пайдалы нәтиже алып келмейтінін көрсетеді. Мінсіз процесс қалаулы аксиомалар жиынтығына сай келетін процесс ретінде анықталады. Эрроу теоремасы ұжымдық рейтингті қанағаттандыруға тиіс аксиомалар жиынтығына сүйенеді. Осы аксиомаларды көрсетудің бірнеше балама тәсілі бар: Сәйкес емес баламалардың тәуелсіздігі: жаңа нұсқа қосу ескі нұсқаның бастапқы ранжирленуіне әсер етпеуге тиіс, сондықтан ескі нұсқа бойынша ұжымдық ранжирлеу өзгеріссіз қалуға тиіс. Диктатуралық емес: ұжымдық рейтингтеу бір тұлғаның қалауымен айқындалмауға тиіс. Парето критерийі: әр тұлға нұсқалардың рейтингіне келіссе, онда қоғам да келісуге тиіс. Демек, ұжымдық рейтинг жалпы жеке тұлға рейтингімен сәйкес келуге тиіс. Шексіз аймақ: ұжымдық таңдау әдісі кез келген жеке тұлға рейтингтерінің нұсқаларын ескеруі керек. Транзитивтік: А нұсқасы әлеуметтік рейтингте В-дан және В нұсқасы С-дан артық болса, онда С нұсқасы А нұсқасынан артық бола алмайды. Мүмкін еместік теоремасы аталған бес аксиоманы бір мезгілде

қанағаттандыратын агрегаттау процесі жоқ екенін дәлелдейді. ҰЖЫМДЫҚ ТАҢДАУ; ТҰЛҒААРАЛЫҚ САЛЫСТЫРУ; ДАУЫС БЕРУДІ қараңыз.

эскалатор шарт (escalator clause)

Келісімшарттағы басқа бағаға немесе тұрмыс құнына төленуге тиіс баға мен жалақыны байланыстыратын пункт.

Бұл шарт шығынның барлық өсіміне немесе шекті деңгейден асатын шығынға ғана қолданылуы мүмкін. Эскалатор шарттар келісімшарттарда немесе жалақы бойынша мәмілелерде кеңінен қолданылса, ол шарттар *шығын инфляциясын тудырады және инфляцияны тежеуді қиындатады.

Ю

Юл-Уокер теңдеулері (Yule-Walker equations) Авторегрессия процесінің *автокорреляция коэффициенттерін лаптағы коэффициенттермен байланыстыратын айырмашылық теңдеулер.

Я

ядро (kernel) 1. Эконометрикада ядро ұғымы орташа мәнді анықтау үшін берілген нүктеге, көршілес орналасқан нүктелерге салмақ беретін функцияны білдіреді. Сондай-ақ ядролық РЕГРЕССИЯНЫ қараңыз.

2. *Кооперативтік ойында әр ойыншы жұбы тепе-теңдікте болатын төлемдердің рационал конфигурациясы (яғни коалициядағы әр ойыншының ұтысы бір адам коалициясындағы ұтыстан кем емес) ойынның ядросы рөлін атқарады. Мұнда тепе-теңдік екі ойыншы, j және k бір коалицияға жататын жағдайда, j (k) ойыншысы k 's (j 's) келісімін талап етпейтін кез келген коалицияға ауыса отырып, k (j)-дан артық ала алмайтын жағдай ретінде анықталады.

ядролық регрессия (kernel regression) Тәуелді айнымалының болжамды мәні, салмақ коэффициенттері ядро функциясына сәйкес белгіленетін

мәліметтердің орташа салмақталған мәні ретінде есептелетін *параметрлік емес регрессия әдісі. Әдетте ядро функциясы немесе ядро симметриялы болады және мәліметтер нүктелерінің арақашықтығына тәуелді. Қашықтаған сайын салмақ коэффициенті азаятын жылдамдық «өткізу жолағы» деп аталатын деңгейлестіру параметрі арқылы бақыланады: өткізу жолағы кеңейген сайын салмақ коэффициентінің төмендеу қарқыны баяулайды және регрессияны тегістеу анағұрлым бірқалыпты болады. Іс жүзінде ядролық регрессияның сәйкестігі ядро үшін нақты функционал форманы таңдауға қарағанда өткізу қабілетін таңдауға әлдеқайда сезімтал.

Яунде конвенциясы (Yaoundé Convention) Бұрынғы француз колонияларының біразы *Еуропа қауымдастығы мүшелігіне кіруі жөніндегі халықаралық келісім.

АУДАРЫЛМАЙТЫН ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР

1992 Еуропа қоғамдастығы (ЕК) бағдарламасы 1992 жылы Еуропаның *ішкі нарығын біріктіруге бағытталған. ЕҚ мақсаты – аумағындағы адамдар мен капитал қозғалысы үшін барлық тосқауылдарды алып тастау. Бұған шекаралық бақылауды жою, қаржы нарықтарын ырықтандыру, ҚҚС мөлшерлемелерін үйлестіру, өнеркәсіптік нормаларды стандарттау және барлық ЕО мүшелеріне мемлекеттік сатып алуды ашу кірді.

1-деңгейлі капитал (tier 1 capital) КАПИТАЛ КОЭФФИЦИЕНТІН *қараңыз.*

1-мақсат ауданы (Objective 1 region) Еуропалық одақтағы (ЕО) аймақ. Бұл аймақтағы жан басына шаққандағы орташа табыс ЕО халқының жан басына шаққандағы орташа табысының 75 пайызынан төмен, *әлеуметтік салаға жұмсалған капиталын және жұмыспен қамту перспективаларын жақсарту үшін ЕО бюджетінен қаржылай көмек алуға құқылы. 1-мақсат ауданы аймақтардағы шалғайда орналасқан жеті аймақты (Азор аралдары, Канар аралдары, Француз Гвианасы, Гваделупа, Мадейра, Мартиника және Реюньон) және халық тығыздығы өте төмен Швеция мен Финляндия аймақтарын, сондай-ақ Солтүстік Ирландияны қамтиды.

2-деңгейлі капитал (tier 2 capital) КАПИТАЛ КОЭФФИЦИЕНТІН *қараңыз.*

AAA рейтингі (AAA rating) ТРИПЛ-А РЕЙТИНГІН *қараңыз.*

AAA рейтингі (triple-A rating) *Несиелік рейтинг агенттіктері пайдалана алатын ең жоғары бағалау. AAA рейтингі (AAA) бастапқы соманы төлеудегі немесе, сәйкесінше, бағалы қағаздың

пайыздық мөлшерлемесіне қатысты кешігу немесе дефолт болуы екіталай екенін білдіреді. AAA рейтингі бар кез келген мекеме өзінің бағалы қағаздары бойынша оңай және тиімді шарттар бойынша несие ала алады.

BBB *Standard and Poor ұйымы белгілейтін қатер дәрежесі орташа саналатын бағалы қағаздар рейтингі.

caveat emptor Латын тілінен аударғанда «сатып алушы сақ болсын» дегенді білдіреді. Бұл сатып алушы өзінің сатып алған өнімінің сапасы нашар болуы мүмкін деген қатерді өзі көтеруге тиіс деген принципті қолдайды. Бұл құқықтық принцип, ол сатып алатын барлық өнімдер бойынша сарапшы болуы міндетті емес сатып алушыларды қорғау арқылы халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған көптеген қазіргі заманғы заңнамалық және нормативтік актілерге қайшы келеді.

ceteris paribus Латын тілінен аударғанда: басқа тең жағдайларда дегенді білдіреді. Бұл өзгеруі мүмкін басқа нәрселер қазір тұрақты дегенді білдіреді. Ceteris paribus түсінігі қызығушылық тудыратын шектеулі айнымалы жиынтықтарындағы өзгерістер әсеріне назар аудару үшін экономикалық дәлелде жасалған.

CME Group Бұл биржа 2007 жылы *Чикаго сауда палатасы мен *Чикаго тауар биржасының бірігуі нәтижесінде құрылды. Ол *фьючерс және *опцион өнімдердің кең спектрін ұсынады. www.cmegroup.com – CME Group ұйымының ресми веб-сайты.

DDD *Standard and Poor компаниясының несиеге қабілет рейтингі. Ол

бағалы қағаз дефолтта немесе қарызда екенін көрсетеді.

Diamond–Mirrlees өндіріс тиімділігі леммасы (Diamond–Mirrlees production efficiency lemma) Масштабтан немесе ауқымнан тұрақты қайтарымы бар бәсекелі экономикада тауарға салынатын салық фирмаларға ресурс таңдауда зиян тигізбеуге тиіс деп тұжырымдайтын нәтиженің бір түрі. Тауарға салынатын салық өндіріс ресурстарына емес, түпкі тұтыну тауарына салынуы керек деген тұжырымдама – лемма саясатының мәні. Өндірушілердің ресурстарына төлеген салығын қайтаруға құқық беретін *қосымша құн салығы жүйесін қолдануды бұл лемма құптайды.

Euronext Нью-Йорк қор биржасы (NYSE Euronext) Парижде орналасқан, Бельгия, Франция, Нидерланды, Португалия және Ұлыбритания елдерінде филиалдары бар жалпы Еуропа қор биржасы. Биржа қорлары мен деривативтер үшін нарықты қамтамасыз етеді. 2015 жылдың аяғында Euronext Нью-Йорк қор биржасында нарықтағы капиталдануы 3 трлн еуроға тең келді. 2006 жылы «Euronext» панъеуропалық қор биржасы мен Нью-Йорк қор биржасы біріктірілгенде, Euronext Нью-Йорк қор биржасы құрылды. www.euronext.com – Euronext Нью-Йорк қор биржасы сайтының бас беті.

Financial Times жариялайтын акция индекстері (Financial Times Share Indexes) Лондондағы *Financial Times* жариялайтын түрлі акциялар индексі. Бұған *Financial Times жариялайтын өндірістік қарапайым акция индексі, *Financial Times жариялайтын қор нарығының 100 акция индексі (Футси) және басқа да кең қолданылатын акция индекстері кіреді.

Financial Times жариялайтын акциялардың актуарлық индексі (Financial Times Actuaries Share Indexes) *Лондон қор

биржасының әртүрлі секторлары бойынша қор индекстері: ең кең қамту 24 елдің 2 400 акциясының бағасына сүйенетін FTA акцияларының дүниежүзілік индексі. Ең кең қамтуы бар Британдық индекс 800 компанияның акциялар бағасына сүйенетін *Financial Times жариялайтын барлық акциялардың актуарлық индексі.

Financial Times жариялайтын барлық акциялардың актуарлық индексі (Financial Times Actuaries All-Share Index) Қарапайым акциялар мен тіркелген пайызы бар акцияларды, сондай-ақ қаржы секторын, өнеркәсіпті қамтитын *Лондон қор биржасында сатылатын акция бағасының индексі. Бұл индекс Лондон нарығындағы сауданың көп бөлігін қамтиды.

Financial Times жариялайтын қор нарығының 100 акция индексі (FT-SE 100, Футси) (Financial Times–Stock Exchange 100 Share Index) (FT-SE 100, Footsie) *Лондон қор биржасында сатылатын 100 акция индексі. 1984 жылы 1 000 базасы болған бұл индекс нарықтағы капиталдануы 1 млрд фунттан астам компаниялар тізімін қамтиды және Ұлыбританияның фьючерс келісімшарттарына негіз ретінде пайдаланылады.

Financial Times жариялайтын өндірістік қарапайым акция индексі (FT 30) (Financial Times Industrial Ordinary Share Index) *Лондон қор биржасындағы Ұлыбританияның 30 жетекші өнеркәсіптік және коммерциялық компаниясының акция бағасының индексі. Бұл индекске банк және сактандыру акциялары мен мемлекеттік акциялар кірмейді. Бұл 1935 жылы жүздік базадан басталды.

free on board (f.o.b.) Елден кетуге дайын кемеге, жүк көлігіне немесе ұшаққа сатушы тиеген тауардың белгіленген бағасын көрсету үшін қолданылатын

ұғым. Оған өндіріс және тиеу портына дейін тасымалдау шығыны кіреді, бірақ өнімді тасымалдау және шетелге жеткізуге сақтандыру шығыны кірмейді. Сондай-ақ ол *шығын, сақтандыру және фрахтан ерекшеленеді. Шығын, сақтандыру және фрахт – шетелдік портқа келген тауардың фрахт пен сақтандыруды қамтитын құны.

F-тест (F-test) Нөлдік гипотезада *F үлестірімі болатын F-статистикасына сүйенетін *жалпы сызықтық гипотеза тестінің бір түрі. Мысалы, F-тест регрессия теңдеуінің көлбеу коэффициенттері нөлге тең екенін тексеру үшін қолданылады.

F-үлестірім (Снедекордың F-үлестірімі) (F-distribution) (Snedecor's F-distribution)

Ықтималдық тығыздық функциясымен сипатталатын үздіксіз үлестірім.

$$f(x) = \frac{\Gamma\left(\frac{p+q}{2}\right)}{\Gamma\left(\frac{p}{2}\right)\Gamma\left(\frac{q}{2}\right)} \left(\frac{p}{q}\right)^{p/2} \frac{x^{p-1}}{\left(1 + \frac{p}{q}x\right)^{(p+q)/2}}, 0 < x < \infty$$

мұнда p және q еркіндік дәрежесін білдіреді. Оның *уақытты генерациялау функциясы жоқ. Бұл үлестірім сызықтық регрессиялық модельдің шекті үлгісінің болжамында қолданылады. Ол болжам негізгі кездейсоқ қатенің *қалыпты үлестірімі бар деп тұжырымдайды. Үлкен q үшін (pF) өрнегінің p еркіндік дәрежесі бар асимптотикалық *чи-квадрат таралуы бар.

GARP Жалпыланған анықталған артықшылық аксиомасы. WARP-ты қараңыз.

giro Тіпті банкте шоты жоқ адамдар да қол жеткізе алатын ақша аудару жүйесі. Ұлыбританияда Girobank жүйесі пошта бөлімшелері арқылы жұмыс істейді және ол банк өз клиенттеріне giro арқылы төлем жасайды. Еңбек және зейнетақы департаменті жәрдемақы төлеу үшін giro чектерін пайдаланады.

Hang Seng индексі (Hang Seng index)

Гонконг акциялары бағаларының негізгі индексі.

I және II типті қателер (type I and II errors) *Нөлдік гипотезаны қабылдамауға шешім қабылдағанда жасалуы мүмкін қатенің екі түрі. I типті қате шынайы нөлдік гипотезаны теріске шығарады; I типті қате жасау ықтималдығын тестінің *маңыздылық деңгейін таңдай отырып бақылауға болады. II типті қате жалған нөлдік гипотезаны қабылдамай тастай алмайды; II типті қатені жасау ықтималдығы жалпы жағдайда есептелмейді. II типті қатені жасамау ықтималдығы, яғни жалған нөлдік гипотезаны дұрыс қабылдамау критерий қуаты деп аталады.

IS қисығы r пайыздық мөлшерлеме мен Y ұлттық табыстың комбинациясы, ол үшін S жинақ *ex ante және инвестициялар I -ге тең. Ex ante жинақ пен инвестициялар теңдігі – кейнстік экономиканың *IS–LM үлгісіндегі тауар нарығы тепе-теңдігінің шарты. Әдетте кіріс өскенде жинақтар айтарлықтай ұлғаяды, ал инвестиция аз өзгереді деп болжанады. Пайыздық мөлшерлемелер өскенде инвестиция күрт құлдырап, ал жинақтар өте аз өзгереді. Осы болжамдарды ескере отырып, күтілетін жинақ пен күтілетін инвестиция арасындағы теңдікті қолдау үшін Y жоғарыласа, r төмендейді; осылайша IS қисығы Y горизонталь осінде диаграммада төмен, ал вертикаль осьте r төмендейді.

IS–LM моделі Модель көбінесе *кейнстік экономикадағы негізгі түсініктердің көрінісі ретінде қолданылады. *IS қисығы Y ұлттық табысының және тауар нарығындағы балансты қамтамасыз ететін r пайыздық мөлшерлеменің комбинациясын білдіреді. *LM қисықтары ақша нарығындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін Y және r

комбинацияларын білдіреді. *IS* және *LM* қисығының қиылысы тауар мен ақша нарықтарындағы бір мезгілдегі тепе-теңдікті анықтайды. Үлгі параметрлік өзгерістердің (мысалы, мемлекеттік шығынның немесе ақша массасының өсуі) экономикаға ықпалын болжау үшін пайдаланылуы мүмкін. *IS* және *LM* қисықтары тұрақты баға мен жалақыға байланысты кейнстік идеяларды көрсетеді. Тауар және ақша нарығы қиылысу нүктесінде баланс жағдайында болғанымен, еңбек нарығы сияқты нарықтарда модельде ұсынылмайтын баланс болуы мүмкін.

J қисығы (J-curve) *Сауда балансындағы *девальвацияның баяу әсер ету моделі. Девальвация шетелге экспорттау бағасын төмендетуге, ішкі импорт бағасын көтеруге мүмкіндік береді. Алайда экспорт көлемін арттыру мен импорт көлемін қысқартуға дейін тапсырыстар алу мен келісімшарттар жасасу үшін уақыт қажет. Демек, девальвациядан кейін сауда балансы түзелгенге дейін *J*-дің жоғарылаушы бөлігі – сауда балансының бастапқы бұзылуын – *J*-дің төменгі бөлігін күтуге болады.

J-тесті (J-test) *Жалпылама моменттер әдісі (GMM) моделіндегі шектеулерді қайта анықтауға арналған тест. Тест статистикасы GMM бағалауы бойынша бағаланған іріктеме моменттердегі ауытқу квадратының қосындысын береді, шектеулердің нөлдік гипотезасында ол тестілеуден өткен шектеулер санына тең, еркіндік дәрежесінің саны бар асимптоталық *чи-квадрат таралуы бар.

Lloyd's Лондондағы ұйым, оның мүшелеріне дүниежүзі бойынша *сақтандырудың барлық түрлері ұсынылады. Lloyd's-та жеке инвесторлар немесе «танымал адамдар» шектеулі қолма-қол ақша ұсынады және сақтандыру полистеріне шектелмеген

жауапкершілік алады. Саясаткерлер *синдикаттар атынан, яғни атаулар тобының басшылары тарапынан ұйымдастырылады. Компаниялар жақында Lloyd's компаниясына кіруге рұқсат алды. Lloyd's – компания емес, ол – нарық, сондықтан сақтандыруды өзі қамтамасыз етпейді. Оның Lloyd's беделіне нұқсан келтіретін, әйтпесе дефолтқа жол бермейтін орталық синдикат қолдау қоры бар. 1980 жылдарға дейін ғасырлар бойы Lloyd's тиімді жұмыс істеді, бірақ 80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басында кейбір синдикаттар миллиардтаған фунт жоғалтты. Бұл шығын Lloyd's-ты қомақты ақшалай шығынға әкеліп соқтырды және дұрыс емес басқару мен сот процестеріне қатысты айыптауға ұрындырды.

LM қисығы (liquidity preference-money supply) *Кейнстік экономикада қисық ақша нарығындағы тепе-теңдік жағдайларын көрсету үшін қолданылады. *LM* қисығы *Y* – ұлттық табыстың және пайыздық мөлшерлемелерінің комбинациясын көрсетеді, *r* пайыздық мөлшерлеме олардың *L* ақшалай резервтеріне деген *күтілетін* сұраныс *M* ақшалай қаражат қалдықтарының *күтілетін* ұсынысына тең болады. Ол әдетте ұлттық кіріс өсіп, пайыздық мөлшерлемелер көтерілгенде төмендейді, ал ақша массасы экзоген болып саналады. Осы жорамалдармен *Y* ұлғайғанда *r* ұлғайтылуға тиіс, сондықтан *LM* горизонталь осінде *Y*-пен диаграммада және вертикаль осьте *r*-де сызылғанда қисық жоғары көлбейді. Сондай-ақ *IS-LM* МОДЕЛІН қараңыз.

log қалыпты үлестірім (log-normal distribution) Кездейсоқ айнымалының ықтималдық таралуы логарифмі қалыпты үлестірілген сияқты болады. Бұл – үлестірім дисперсиясының көптеген тәуелсіз мультипликатив көзінің

ықпалының нәтижесі. Ол көптеген тәуелсіз қосымша вариация көздері бар *қалыпты үлестірімге қайшы келеді. Логарифмдік қалыпты үлестірім медианасы арифметикалық ортасынан үлкен бола тұра жоғары қисайған, ал қалыпты үлестірім оның арифметикалық ортасынан қарағанда симметриялы.

M3, M4 және M5 ақша агрегаттары (M3, M4, and M5) Ақша массасының M1 және банктердегі, басқа да қаржы құралдарындағы түрлі депозиттерінің жалпы массивтерін анықтайтын өзге де көптеген балама анықтама.

Moody агенттігі (Moody's) АҚШ-тың негізгі *кредиттік-рейтингтік агенттіктерінің бірі.

N фирманың шоғырлану көрсеткіші (N-firm concentration ratio) Өнеркәсіптің N ірі компаниялары шығаратын өнімдердің жиынтық нарығының үлесі. Шоғырлану коэффициенті нарықтың монополиялану дәрежесі ретінде пайдаланылады. N фирмасының шоғырлану көрсеткішінің төмен деңгейі нарықтың жоғары коэффициентіне қарағанда бәсекеге қабілетті.

Obamacare АҚШ-тағы денсаулық сақтау саласының реформасы. Ресми атауы – «Науқасты қорғау және қолжетімді денсаулық сақтау туралы Заң». «Қолжетімді денсаулық сақтау туралы Заң» ретінде де танымал. Бұл заңға 2010 жылы Президент Барак Обама қол қойды. Реформа бәсекеден сақтандыру нарығын құру және тұтынушылар үшін артықшылықтар, қорғау және құқықтар жиынтығын енгізу арқылы жеке және мемлекеттік медициналық сақтандыруға қол жеткізу мүмкіндігін жақсартуға бағытталған. Республикалықтар бұл заңға қатты қарсылық көрсетті. Ал Дональд Трамп президентті сайлау науқанында

Obamacare заңының күшін жоюға уәде берді. Алайда ұсынылған заң жобасы Өкілдер палатасында республикандардан қолдауды жеткілікті деңгейде жинай алмағандықтан, 2017 жылдың наурыз айында алып тасталды.

RPIX Ипотека бойынша пайыздық төлемдерді есепке алмағандағы бөлшек баға индексі. Бұл ипотека бойынша пайыздық мөлшерлемені қамтитын британ *бөлшек баға индексінен (ББИ) ерекшеленеді. Басқа елдердің көбінде әдетте пайдаланылатын бөлшек баға индексі ипотека пайыздық мөлшерлемесін есепке алмай есептеледі, сондықтан ол RPIX болады. Ұлыбритания жүйесінде RPIX-ті пайдалануға негізгі уәж – бағаның өсуі сұранысты басу үшін пайыздық мөлшерлеме артуын тудырса, онда *импакт әсер – инфляцияның өлшенетін деңгейінің артуы болады. ББИ-ге ипотека бойынша пайыздық мөлшерлемені қосуға басты уәж – ипотекасы бар адамдар оны төлеуге тиіс және бұл жағдайда ипотека олардың жеке табысының елеулі бөлігін алады.

q ретті сырғымалы орта мән процесі $MA(Q)$ Бірөлшемді уақыт қатарларының процесі u_t -мен сипатталған: $u_t = \varepsilon_t - \beta_1 \varepsilon_{t-1} - \dots - \beta_q \varepsilon_{t-q}$, мұндағы β_1, \dots, β_q – тұрақты және ε_t – *ақ шу. Сондай-ақ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ОРТАШАНЫҢ АВТОРЕГРЕССИЯЛЫҚ МОДЕЛІН қараңыз.

R-квадрат (R-squared) ДЕТЕРМИНАЦИЯ КОЭФФИЦИЕНТІН қараңыз.

Sonia Келесі жұмыс күні басталғанға дейін жасалған мәміле бойынша стерлингтің банкаралық орташа мөлшерлемесі. Мөлшерлеме – жұмыс уақытынан тыс уақытта орындалып, келесі жұмыс күні басталған уақытқа дейін жасалған мәміле бойынша стерлингпен қаржыландыру мөлшерлемесін қадағалайтын және нарықтағы пайыздық

мөлшерлемесін күтуге арналған уәкілеттік беретін индекс.

Treuhandanstalt 1990 жылы Германияның экономикалық және валюта одағынан кейін Шығыс Германия мемлекеттік фирмаларын жекешелендіру мен оңтайландыру үшін құрылған неміс мекемесі. Бұл активтерді бұрынғы иелеріне немесе олардың мұрагерлеріне беру немесе олардың активтерін жаңа немесе қазіргі қолданыстағы компанияларға сату жолымен жасалды.

t-таралу (t-distribution) СТЬЮДЕНТТІҢ Т-ТАРАЛУЫН қараңыз.

t-recti (t-test) *Сызықтық регрессиядағы $H_1: f(\theta_1, \dots, \theta_K) \neq 0$ (*екіжақты сынақ) немесе $H_1: f(\theta_1, \dots, \theta_K) < 0$ (*біржақты сынақ) баламасына қарсы қарапайым $H_0: f(\theta_1, \dots, \theta_K) = 0$ сызықты гипотезасын тексеру, мұнда $\theta (K \times 1)$ – регрессия параметрлерінің векторы және $f(\cdot)$ – скалярлы сызықтық функциясы. Қалыпты таратылған кездейсоқ қателерді болжайтын нөлдік гипотезасы $t=f(\theta)/(s.e.(f(\theta)))$ тест статистикасы $(N-K)$ еркіндік дәрежесі бар *Стьюденттің t-таралуына ие. Бұл жерде θ – θ -нің *қарапайым ең кіші квадраттарын бағалау және $s. e.$ *стандарт қатені білдіреді.

UNASUR Оңтүстік Америка ұлттарының одағы, *Еуропалық одақ үлгісі бойынша құрылған Оңтүстік Америка елдерінің өңірлік ұйымы. Алғашында 2004 жылы Оңтүстік Америка ұлттар қауымдастығы ретінде құрылып, 2007 жылы атауы өзгерді. Құрамына 12 ел кіреді: Аргентина, Боливия, Бразилия,

Венесуэла, Гайана, Колумбия, Парагвай, Перу, Суринам, Уругвай, Чили және Эквадор, бақылаушы ретінде Мексика мен Панама. www.unasur.org/en – UNASUR ресми сайты (ағылшын тілінде).

u-v қисығы (u-v curve) БЕВЕРИДЖ ҚИСЫҒЫН қараңыз.

Wirtschaftswunder Неміс тілінен аударғанда «экономикалық ғажайып» дегенді білдіреді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс Германияның экономикасын жақсы қалыпқа жылдам келтіруіне қатысты термин ретінде қалыптасты. 1945 жылы Батыс Германия соғыстан кейін алапат жағдайда қалды және шығыстан келген миллиондаған босқынды қабылдауға мәжбүр болды. 1960 жылдарға қарай Батыс Германия әлемдегі ең гүлденген және өнімді өндірістік салалары қалыптасқан елге айналды, сондай-ақ оның валютасы қуатты валюта болды.

X-тиімділігі (X-efficiency) Кез келген жағдайдан барынша өнімділікті қамтамасыз ететін немесе техникалық тұрғыдан өндірістен кез келген мүмкін өнім алуда ең аз кірісті пайдаланатын жалпы *тиімділіктің бөлігі. Сол себепті X-тиімділігі өндірістегі өнімділіктің *әлсіздігін толық жоюды білдіреді. X-тиімділігін дәлелдеудің екі формасы бар. Бірі – теориялық, бұл, негізінен, жақсы нәтижелерге қол жеткізе алмауды көрсетеді. Екіншісі – эмпирикалық, бірде-бір басқа фирма немесе ұйым үлкен табысқа жетпейтінін көрсетеді.

1-ҚОСЫМША

ЭКОНОМИКА БОЙЫНША НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ

«Экономика бойынша Нобель сыйлығы» Альфред Нобельді еске алу құрметіне экономика ғылымдары бойынша Свериджес Риксбанк сыйлығы деп аталады. Марапатты Свериджес Риксбанк (Швеция орталық банкі) 1968 жылы Нобель сыйлығының негізін қалаушы Альфред Нобельді еске алу құрметіне тағайындаған. Экономика саласы бойынша алғашқы сыйлық 1969 жылы берілді. 2011 жылы сыйақыға 10 миллион швед кроны (SEK) белгіленді.

1969 ж. Рагнар Фриш пен Ян Тинберген – экономикалық процестерді талдауға арналған динамикалық модельдер құрғаны және оларды қолданғаны үшін;

1970 ж. Пол А.Самуэльсон – экономикадағы статистикалық және динамикалық теорияны дамыту жөніндегі ғылыми жұмысы және экономикалық ғылымда талдау деңгейін көтеруге үлес қосқаны үшін;

1971 ж. Саймон Кузнец – экономикалық және әлеуметтік құрылым мен даму процесі туралы жаңа және тереңірек түсінік беретін экономикалық өсуді эмпирикаға сүйеніп түсіндіргені үшін;

1972 ж. Сэр Джон Ричард Хикс пен Кеннет Дж. Эрроу – жалпы экономикалық тепе-теңдік теориясы мен әл-ауқат теориясына қосқан жаңашыл үлесі үшін;

1973 ж. Василий Леонтьев – кірім-шығым әдісін дамытқаны және оны маңызды экономикалық мәселелерде қолданғаны үшін;

1974 ж. Гуннар Мюрдаль мен Фридрих Август Фон Хайек – ақша теориясы мен экономикалық тербелістер теориясындағы жаңашыл жұмысы және экономикалық, әлеуметтік және институттық құбылыстардың өзара тәуелділігіне терең талдау жасағаны үшін;

1975 ж. Леонид Витальевич Канторович пен Тьяллинг С.Купманс – ресурстарды оңтайлы бөлу теориясына қосқан үлесі үшін;

1976 ж. Милтон Фридман – тұтынуды талдау және ақша тарихы мен теориясы саласындағы жетістіктері, сондай-ақ тұрақтандыру саясатының күрделілігін көрсеткені үшін;

1977 ж. Бертиль Ойлин мен Джеймс Э.Мид – халықаралық сауда мен капитал қозғалысы теориясына қосқан үлесі үшін;

1978 ж. Герберт Саймон – экономикалық ұйымдар шеңберінде шешімдер қабылдау процесіндегі жаңашыл зерттеулері үшін;

1979 ж. Теодор Шульц пен сэр Артур Льюис – дамушы елдердің проблемаларын ерекше ескере отырып, экономикалық дамуды зерттеу саласындағы жаңашыл зерттеулері үшін;

1980 ж. Лоуренс Р. Клейн – эконометриялық модельдер құруға және оларды экономикалық тербелістер мен экономикалық саясатты талдауда қолдануға қосқан үлесі үшін;

1981 ж. Джеймс Тобин – қаржы нарықтары және олардың шығыстар туралы шешімдерге, жұмыспен қамтуға, өндіріс пен бағаларға қатысын талдағаны үшін;

1982 ж. Джордж Дж. Стиглер – индустриялық құрылымдар, нарықтар жұмысы және мемлекеттік реттеудің себептері мен салдары туралы семиналдық зерттеуі үшін;

1983 ж. Джерард Дебре – экономикалық теорияға жаңа талдау әдістерін енгізгені және жалпы тепе-теңдік теориясын нақты қайта құрғаны үшін;

1984 ж. Сэр Ричард Стоун – ұлттық шоттар жүйесін дамытуға түбегейлі үлес қосқаны және эмпирикалық экономикалық талдаудың негізін жетілдіргені үшін;

1985 ж. Франко Модильяни – жинақ және қаржы нарықтары туралы жаңашыл талдаулары үшін;

1986 ж. Джеймс М. Бьюкенен – экономикалық және саяси шешім қабылдау теориясының шарттық және конституциялық негіздерін жасағаны үшін;

1987 ж. Роберт М. Солоу – экономикалық өсу теориясына қосқан үлесі үшін;

1988 ж. Морис Алле – нарықтар теориясына және ресурстарды тиімді пайдалануға қосқан үлесі үшін;

1989 ж. Тригве Хаавелмо – эконометриканың ықтималдық теориясы негіздерін және бір уақыттағы экономикалық құрылымдарды талдағаны үшін;

1990 ж. Гарри М. Марковиц, Мертон М. Миллер және Уильям Ф. Шарп – қаржы экономикасы теориясындағы жаңашыл жұмыстары үшін;

1991 ж. Рональд Х. Коуз – транзакция шығындары мен мүлік құқықтарының институттық құрылымдар мен экономика жұмысының маңыздылығын ашып, түсіндіргені үшін;

1992 ж. Гэри С. Беккер – микро-экономикалық талдау саласын адам мінез-құлқы мен өзара әрекеттесуінің кең спектріне, оның ішінде нарықтан тыс мінез-құлыққа таратқаны үшін;

1993 ж. Роберт В. Фогель және Дуглас С. Норт – экономикалық және институционалды өзгерістерді түсіндіру үшін экономикалық теория мен сандық әдістерді қолдана отырып, экономика тарихындағы зерттеулерді жаңартқаны үшін;

1994 ж. Джон Харсаньи, Джон Ф. Нэш және Рейнхард Сельтен – кооперативтік емес ойындар теориясындағы тепе-теңдікті жаңашыл талдауы үшін;

1995 ж. Роберт Лукас – рационал болжалдар гипотезасын жасап, қолданғаны және сол арқылы макроэкономикалық талдауды өзгерткені, экономикалық саясат туралы түсінігімізді тереңдеткені үшін;

1996 ж. Джеймс А. Миррлис және Уильям Викри – асимметриялық ақпарат шегінде экономикалық ынталандыру теориясына қосқан үлесі үшін;

1997 ж. Роберт С.Мертон және Майрон С.Скоулз – өндіріс құралдарының құнын анықтайтын жана әдіс ойлап тапқаны үшін;

1998 ж. Амартия Сен – әл-ауқат экономикасына қосқан үлесі үшін;

1999 ж. Роберт А. Манделл – валюта бағамдарының түрлі режимдеріндегі монетарлық пен фискалдық саясатты және валютаның оңтайлы саласын талдағаны үшін;

2000 ж. Джеймс Дж. Хекман – таңдаулы модельдерді талдау теориясы мен әдістерін жасағаны үшін және Даниэль Л. Макфадден – дискретті таңдауды талдау теориясы мен әдістерін жасағаны үшін;

2001 ж. Джордж А. Акерлоф, А. Майкл Спенс және Джозеф Е. Стиглиц – асимметриялық ақпаратпен нарықтарды талдағаны үшін;

2002 ж. Дэниель Кейнеман – психологиялық зерттеулерден экономика ғылымына, әсіресе адамның белгісіздік жағдайында шешім қабылдауы мен адами пікіріне қатысты түсініктер бергені үшін және Вернон Л. Смит – эмпирикалық экономикалық талдаудың құралы ретінде, әсіресе балама нарықтық механизмдерді зерттеуде зертханалық эксперименттер жасағаны үшін;

2003 ж. Роберт Ф. Энгл – экономикадағы уақыт қатарларын талдау әдістері үшін;

2004 ж. Фин Э. Кидланд және Эдвард С. Прескотт – динамикалық макроэкономикаға қосқан үлесі – экономикалық саясат пен бизнес-циклдердің қозғаушы күштерінің уақыт сәйкестігін зерттегені үшін;

2005 ж. Роберт Дж. Ауман және Томас С. Шеллинг – ойын теориясын талдау арқылы қақтығыс пен ынтымақтастық туралы түсінігімізді жетілдіргені үшін;

2006 ж. Эдмунд С. Фелпс – макроэкономикалық саясаттағы аралық келісімді талдағаны үшін;

2007 ж. Леонид Хурвиц, Эрик С. Маскин және Роджер Б. Майерсон – механизмдерді жобалау теориясының негізін қалағаны үшін;

2008 ж. Пол Кругман – сауда үлгілері мен экономикалық қызметтердің орналасуын талдағаны үшін;

2009 ж. Элинор Остром – экономикалық басқаруды, әсіресе қоғамдық жерлерді басқаруды талдағаны үшін және Оливер Э. Уильямсон – экономикалық басқаруды, әсіресе фирма шекараларын басқаруды талдағаны үшін;

2010 ж. Питер А. Даймонд, Дейл Т. Мортенсен және Кристофер А. Писсаридес – іздеу қайшылықтары бар нарықтарды талдағаны үшін;

2011 ж. Томас Дж. Сарджент және Кристофер А. Симс – макроэкономикадағы себеп-салдар туралы эмпирикалық зерттеулер жүргізгені үшін;

2012 ж. Элвин Рот пен Ллойд С. Шепли – тұрақты бөлу теориясы және нарықты жобалау тәжірибесі үшін;

2013 ж. Евгений Фама, Ларс Питер Хансен, Роберт Дж. Шиллер – активтер бағасына эмпирикалық талдау жүргізгені үшін;

2014 ж. Жан Тироль – нарықтағы билік пен реттеу туралы талдауы үшін;

2015 ж. Ангус Дитон – тұтыну, кедейлік және әл-ауқатқа талдау жасағаны үшін.

2-ҚОСЫМША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР АТАУЛАРЫ

ААААБЖ Америка автокөлік, аэроғарыш және ауылшаруашылық салаларының бірлескен жұмысшылары, Детройд, АҚШ (UAW United Automobile, Aerospace and Agricultural Implement Workers of America, Detroit, USA)

ААШҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы, Рим, Италия (FAO Food and Agriculture Organization, Rome, Italy)

АДБ Америкааралық даму банкі, Вашингтон, АҚШ (IDB Inter-American Development Bank, Washington DC, USA)

АДБ Африка даму банкі, Абиджан, Кот-д'Ивуар (AFDB African Development Bank, Abidjan, Côte d'Ivoire)

АЕФӨҰК Америка еңбек федерациясы және өнеркәсіп ұйымдарының конгресі, Вашингтон, АҚШ (AFL-CIO American Federation of Labor and Congress of Industrial Organizations, Washington DC, USA)

АО Африка Одағы, Аддис Абеба, Эфиопия (AU African Union, Addis Ababa, Ethiopia)

АОБК Африка орталық банктері қауымдастығы, Дакар, Сенегал (AACSB/ ABCA Association of African Central Banks/ Association des Banques Centrales Africaines, Dakar, Senegal)

АТАЭЫ Азия-Тынық мұхит аймағындағы экономикалық ынтымақтастық, Сингапур (APEC Asia-Pacific Economic Cooperation, Singapore)

АЭЖ Америка экономика қауымдастығы, Нашвилл, АҚШ (AEA American Economic Association, Nashville, USA)

ӘББ Әкімшілік және бюджет басқармасы, Вашингтон, АҚШ (OMB Office of Management and Budget, Washington DC, USA)

БДҰААК Биржалық дилерлердің ұлттық ассоциациясының автоматты котировкасы, Нью-Йорк, АҚШ (NASDAQ National Association of Securities Dealers Automated Quotations, New York, USA)

БЖБ Бюджеттік жауапкершілік басқармасы, Лондон, Ұлыбритания (OBR Office for Budget Responsibility, London, UK)

БИН Балама инвестиция нарығы, Лондон, Ұлыбритания (AIM Alternative Investment Market, London, UK)

БЭӨД Бизнес, энергетика және өнеркәсіптік стратегия департаменті, Лондон, Ұлыбритания (BEIS Department for Business, Energy and Industrial Strategy, London, UK)

БҚБК Бағалы қағаздар және биржалар комиссиясы, Вашингтон, АҚШ (SEC Securities and Exchange Commission, Washington DC, USA)

БҚКХҰ Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы, Мадрид, Испания (IOSCO International Organization of Securities Commissions, Madrid, Spain)

БНБ Бәсеке және нарық басқармасы, Лондон, Ұлыбритания (CMA Competition and Markets Authority, London, UK)

БӨФК Британ өнеркәсіптік фирмалар конфедерациясы, Лондон, Ұлыбритания (CBI Confederation of British Industry, London, UK)

БҰҰДБ Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы, Нью-Йорк, АҚШ (UNDP United Nations Development Programme, New York, USA)

БҰҰСДК Біріккен Ұлттар Ұйымының сауда және даму жөніндегі конференциясы, Женева, Швейцария (UNCTAD United Nations Conference on Trade and Development, Geneva, Switzerland)

ГЭЗИ Германия экономикалық зерттеулер институты, Берлин, Германия (DIW Deutsches Institut für Wirtschaftsforschung, Berlin, Germany)

- ДДСҰ** Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, Женева, Швейцария (WHO World Health Organization, Geneva, Switzerland)
- ДСҰ** Дүниежүзілік сауда ұйымы, Женева, Швейцария (WTO World Trade Organization, Geneva, Switzerland)
- ЕБҚ** Еуро банк қауымдастығы, Париж, Франция (АВЕ/ЕВА Euro Banking Association, Paris, France)
- ЕБФ** Еуропа банк федерациясы, Брюссель, Бельгия және Майн Франкфурты, Германия (EBF/FBE European Banking Federation, Brussels, Belgium, and Frankfurt am Main, Germany)
- ЕДБК** Еуропа даму банкі кеңесі, Париж, Франция (СЕВ Council of Europe Development Bank, Paris, France)
- ЕЕСҚ** Еуропадағы еркін сауда қауымдастығы, Женева, Швейцария (EFTA European Free Trade Association, Geneva, Switzerland)
- ЕҚДБ** Еуропа қайта құру және даму банкі, Лондон, Ұлыбритания (EBRD European Bank for Reconstruction and Development, London, UK)
- ЕО** Еуропалық одақ, Брюссель, Бельгия (EU/UE European Union/Union Européenne, Brussels, Belgium)
- ЕОБ** Еуропа орталық банкі, Майн Франкфурты, Германия (ЕСВ/ВСЕ European Central Bank/Banque Centrale Européenne, Frankfurt am Main, Germany)
- ЕЭЗО** Еуропа экономикалық зерттеулер орталығы, Мангейм, Германия (ZEW Centre for European Economic Research/Zentrum für Europäische Wirtschaftsforschung, Mannheim, Germany)
- ЕЭЖ** Еуропа экономикалық қауымдастығы, Милан, Италия (ЕЕА European Economic Association, Milan, Italy)
- ЖТМҚК** Жұмысқа қабылдау кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жөніндегі комиссия, Вашингтон, АҚШ (ЕЕОС Equal Employment Opportunity Commission, Washington DC, USA)
- КБ** Коммуникация басқармасы, Лондон, Ұлыбритания (Ofcom Office of Communications, London, UK)
- КБКАҚ** Кеңес беру, келістіру және арбитраж қызметі, Лондон, Ұлыбритания (ACAS Advisory, Conciliation and Arbitration Service, London, UK)
- КК** Кәсіподақтар конгресі, Лондон, Ұлыбритания (TUC Trades Union Congress, London, UK)
- КӨҮТ** Климат өзгеруі жөніндегі үкіметаралық топ, Женева, Швейцария (IPCC Intergovernmental Panel on Climate Change, Geneva, Switzerland)
- КЭҚ** Корольдік экономика қоғамы, Сент-Эндрюс, Шотландия (RES Royal Economic Society, St. Andrews, Scotland)
- ҚББ** Қаржыны бақылау басқармасы, Лондон, Ұлыбритания (FCA Financial Conduct Authority, London, UK)
- ҚЗИ** Қаржы зерттеулері институты, Лондон, Ұлыбритания (IFS Institute for Fiscal Studies, London, UK)
- ҚКҚХҰ** Қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің халықаралық ұйымы, Вашингтон, АҚШ (SEIU Service Employees International Union, Washington DC, USA)
- ҚҚА** Қаржы қызметтері агенттігі, Токио, Жапония (FSA Financial Services Agency, Tokyo, Japan)
- ҚОҚА** Қоршаған ортаны қорғау агенттігі, Вашингтон, АҚШ (EPA Environmental Protection Agency, Washington DC, USA)
- ҚСҚ** Қаржы саясаты комитеті, Лондон, Ұлыбритания (FPC Financial Policy Committee, London, UK)
- ЛҚБ** Лондон қор биржасы, Лондон, Ұлыбритания (LSE London Stock Exchange, London, UK)
- ЛЭМ** Лондон экономика мектебі, Лондон, Ұлыбритания (LSE London School of Economics, London, UK)
- МҚХИ** Мемлекеттік қаржы жөніндегі халықаралық институт, Мюнхен, Германия (IPPF International Institute for Public Finance, Munich, Germany)
- МЭЕҰ** Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы, Вена, Австрия (ОПЕС Organization

of Petroleum Exporting Countries, Vienna, Austria)

НКБ Нью-Йорк қор биржасы, Нью-Йорк, АҚШ (NYSE New York Stock Exchange, New York, USA)

ОАОН Оңтүстік Америка елдерінің ортақ нарығы, Монтевидео, Уругвай (MERCOSUR/MERCOSUL Mercado Común del Sur/Mercado Comum do Sul, Montevideo, Uruguay)

ӨИ Өнеркәсіп инвесторлары, Лондон, Ұлыбритания (3i Investors in Industry, London, UK)

ПРБ Пруденциал реттеу басқармасы (PRA Prudential Regulation Authority)

САЕСК Солтүстік Америка еркін сауда келісімі, АҚШ, Канада, Мексика (NAFTA/ALÉNA/ТLCAN North American Free Trade Agreement/Accord delibere-échange nord américain/Tratado de Libre Comercio de América del Norte, USA/Canada/Mexico)

САКУ Солтүстік Атлантика келісімі ұйымы, Брюссель, Бельгия (NATO North Atlantic Treaty Organization, Brussels, Belgium)

ССКИ Салық салу жөніндегі кәсіби институт, Лондон, Ұлыбритания (CIOT Chartered Institute of Taxation, London, UK)

СІДІМ Сыртқы істер және достастық істері жөніндегі министрлік, Лондон, Ұлыбритания (FCO Foreign and Commonwealth Office, London, UK)

ТНК Тауар-несие корпорациясы, Вашингтон, АҚШ (CCC Commodity Credit Corporation, Washington DC, USA)

ҰДҚ Ұлыбритания деректер қызметі, Эссекс, Ұлыбритания (UKDS United Kingdom Data Service, Colchester, Essex, UK)

ҰДСО Ұлттық денсаулық сақтау орталығы, Лондон, Ұлыбритания (NHS National Health Service, London, UK)

ҰКМ Ұлыбритания қаржы министрлігі, Лондон, Ұлыбритания (HMT HM Treasury, London, UK)

ҰСБ Ұлттық статистика басқармасы, Ньюпорт, Уэльс (ONS Office for National Statistics, Newport, Wales)

ҰСКАБ Ұлыбританияның салық және кедендік алымдар басқармасы, Лондон, Ұлыбритания (HMRC HM Revenue and Customs, London, UK)

ҰСЭЗИ Ұлттық статистика және экономикалық зерттеулер институты, Париж, Франция (INSEE Institut National de la Statistique et des Études Économiques, Paris, France)

ҰЭЗБ Ұлттық экономикалық зерттеулер бюросы, Кэмбридж, АҚШ (NBER National Bureau of Economic Research, Cambridge, USA)

ҰЕББ Үкіметтің есеп беру басқармасы, Вашингтон, АҚШ (GAO Government Accountability Office, Washington DC, USA)

ФКК Федералдық коммуникация комиссиясы, Вашингтон, АҚШ (FCC Federal Communications Commission, Washington DC, USA)

ФСК Федералдық сауда комиссиясы, Вашингтон, АҚШ (FTC Federal Trade Commission, Washington DC, USA)

ФССК Федералдық салымдарды сақтандыру корпорациясы, Вашингтон, АҚШ (FDIC Federal Deposit Insurance Corporation, Washington DC, USA)

ФТСК Фьючерс тауар саудасы жөніндегі комиссия, Вашингтон, АҚШ (CFTC Commodity Futures Trading Commission, Washington DC, USA)

ХӘТҚ Халықаралық әуе тасымалы қауымдастығы, Монреал, Канада (IATA International Air Transport Association, Montreal, Canada)

ХБЕСК Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары кеңесі, Лондон, Ұлыбритания (IASB International Accounting Standards Board, London, UK)

ХВҚ Халықаралық валюта қоры, Вашингтон, АҚШ (IMF International Monetary Fund, Washington DC, USA)

ХДА Халықаралық даму агенттігі, Вашингтон, АҚШ (USAID US Agency for International Development, Washington DC, USA)

ХДҚ Халықаралық даму қауымдастығы, Вашингтон, АҚШ (IDA International Development Association, Washington DC, USA)

ХЕҰ Халықаралық еңбек ұйымы, Женева, Швейцария (ILO International Labour Organization, Geneva, Switzerland)

ХКҰ Халықаралық көші-қон ұйымы, Женева, Швейцария (IOM International Organization for Migration, Geneva, Switzerland)

ХҚДБ Халықаралық қайта құру және даму банкі, Вашингтон, АҚШ (IBRD International Bank for Reconstruction and Development, Washington DC, USA)

ХҚК Халықаралық қаржы корпорациясы, Вашингтон, АҚШ (IFC International Finance Corporation, Washington DC, USA)

ХСП Халықаралық сауда палатасы, Париж, Франция (ICC International Chamber of Commerce, Paris, France)

ХЭА Халықаралық энергетика агенттігі, Париж, Франция (IEA International Energy Agency, Paris, France)

ЧСП Чикаго сауда палатасы, Чикаго, АҚШ (CBOT Chicago Board of Trade, Chicago, USA)

ЧТБ Чикаго тауар биржасы, Чикаго, АҚШ (CME Chicago Mercantile Exchange, Chicago, USA)

ШБФ Шағын бизнес федерациясы, Блэкпул, Ұлыбритания (FSB Federation of Small Businesses, Blackpool, UK)

ІТҚ Ішкі табыс қызметі, Вашингтон, АҚШ (IRS Internal Revenue Service, Washington DC, USA)

ЭЭЗИ Экономикалық және әлеуметтік зерттеулер институты, Дублин, Ирландия (ESRI Economic and Social Research Institute, Dublin, Ireland)

ЭЭЗК Экономикалық және әлеуметтік зерттеулер кеңесі, Суиндон, Ұлыбритания (ESRC Economic and Social Research Council, Swindon, UK)

ЭЭЗҰИ Экономикалық және әлеуметтік зерттеулер ұлттық институты, Лондон, Ұлыбритания (NIESR National Institute of Economic and Social Research, London, UK)

ЭБК Экономикалық білім жөніндегі кеңес, АҚШ (CEE Council for Economic Education, USA)

ЭЗОЭЗИ Экономикалық зерттеулер орталығы және экономикалық зерттеулер институты, Мюнхен, Германия (CESifo Centre for Economic Studies and Institute for Economics Research, Munich, Germany)

ЭНКД Экспорт несиеге кепілдік беру департаменті, Лондон, Ұлыбритания (ECGD Export Credits Guarantee Department, London, UK)

ЭСЗО Экономикалық саясат зерттеу орталығы, Лондон, Ұлыбритания (CEPR Centre for Economic Policy Research, London, UK)

ЭТБ Экономикалық талдау бюросы, Вашингтон, АҚШ (BEA Bureau of Economic Analysis, Washington DC, USA)

ЭЫДҰ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Париж, Франция (OECD/ODCE Organization for Economic Cooperation and Development/ Organisation de Coopération et de Développement Économiques, Paris, France)

ЭИА Экономикалық істер институты, Лондон, Ұлыбритания (IEA Institute of Economic Affairs, London, UK)

МАЗМҰНЫ

А.....	7
Ә.....	56
Б.....	63
В.....	110
Г.....	115
Д.....	121
Е.....	138
Ж.....	158
З.....	199
И.....	205
Й.....	219
К.....	220
Қ.....	266
Л.....	308
М.....	316
Н.....	341
О.....	356
Ө.....	371
П.....	388
Р.....	402
С.....	412
Т.....	454
У.....	503
Ұ.....	506
Ү.....	516
Ф.....	525
Х.....	535
Ц.....	543
Ч.....	544
Ш.....	546
Ы.....	568
І.....	572
Э.....	576
Ю.....	593
Я.....	593
Аударылмайтын терминдер	
мен ұғымдар	594
1-қосымша	600
2-қосымша	603



ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТАПСЫРЫСЫМЕН АУДАРЫЛЫП БАСЫЛДЫ







Редакторы – Н. Қожабекова
Корректоры – Ж. Иманәлиева
Дизайнын әзірлеп, беттеген: А. Жұмағалиев, Н. Тлеумбеков

Басуға 28.10.2019 ж. қол қойылды.
Пішімі 70x100/16. Қаріп түрі «Times».
Офсеттік басылым. Көлемі 38 б.т.
Таралымы 10 000 дана.
Тапсырыс № 711

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz






ҰЛТТЫҚ АУДАРМА
БЮРОСЫ
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

A DICTIONARY OF ECONOMICS

OXFORD
UNIVERSITY PRESS



ISBN 978-601-7943-75-2



9 786017 943752